



# СЕМЕЙ ҚАСИРЕТІ

МЕДЕУ СӨРСЕКЕ

Медеу СӘРСЕКЕ

# СЕМЕЙ ҚАСІРЕТІ

Деректі тарихи хикаят

*Осы кітаптағы картиналардың авторы –  
радиация зардабынан жарық дүниеге екі қолсыз келген,  
әуесқой суретші Кәріпбек Күйіков*

«Қазығұрт» баспасы

Алматы

2019

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ 63.3 (5 Каз)  
С 34

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

**СӘРСЕКЕ М.**


**С34 Семей қасіреті:** деректі тарихи хикаят. Соңғы нұсқа, толықтырылған. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. — 688 б.

ISBN 978-9965-22-559-8

52269.1X

«Семей полигонынан зардап шегуші ретінде маған берілген 02-00191 санды куәлікте ядролық жарылыс астында 37 жыл 2 ай болғаным ресми расталған. Демек мен осы кітапта сөз болатын шерлі оқиғалардың бәріне де тірі куәгермін. «Толған ел тарихын жақпар тасқа жазады. Тозған ел басынан кешкенді көз жасымен жуады» деген уәже бағып, туған еліммен бірге басымнан кешкен ғасырлық қасіретті шертпей өмірден аттансам – жер басып жүргеніне мәз тоғышардың бірі болмайын деген жегі ой мені жиі мазалап, әсіресе полигон зардабынан тап болған ауыр дерттен дәрігерлер жәрдемімен сауыққан кезімде жазу үстеліне шегендегені анық...» – деген жүрекжарды сырын М. Сәрсекені осы кітаптың алғысөзінде бекерге жазбаған.

Осы ойдың жетегімен туған «Семей қасіретінде» шертілетін ащы ақиқат кешегі XX ғасырда адамзат қауымына ел билеушілері жасаған аса ауыр қастандық жайында деректі эссе түрінде өрілген кітапты оқыған кезде иланасыз.



ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 Каз)

ISBN 978-9965-22-559-8

© Сәрсекен М., 2017  
© «Фолиант» баспасы, 2017  
© Сәрсекен М., 2019  
© «Қазығұрт» баспасы, 2019

## **СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫН ЖАБУ ТУРАЛЫ**

### **Қазақ КСР Президентінің 409-санды ЖАРЛЫҒЫ**

Қазақ КСР-і Семей облысының аймағында 1949 жылдан беріде ядролық қаруды сынау тежеусіз жүзеге асты. Осы мерзімде бес жүзге жуық атомдық және ядролық қарулар сыналып, мыңдаған адамдардың денсаулығы мен өміріне шектеусіз зор залал келтірді.

КСРО мен АҚШ арасындағы стратегиялық әскери төпе-теңдікті қамтамасыз еткен ядролық қаруларды сынау жөніндегі өз борышын Қазақ КСР-і аста-төк атқарғанын ескеріп және республика жұртшылығының заңды талабын орындау мақсатымен қаулы етемін:

1. Семей ядролық сынақ полигоны жабылсын.

2. Қазақ КСР Министрлер Кабинетіне КСРО-ның Қорғаныс және Атомдық энергетика министрліктерімен келісіп, Семей сынақ полигонын одақтық-республикалық ғылыми зерттеу орталығы етіп қайтадан құру міндеті жүктелсін. 1991 жылы сол кешеннің құрылымы мен қызметтік міндеті нақтыланып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты анықталсын.

3. 1949-1962 жылдарда ауада және жер бетінде жасалған сынақтарда Семей полигонына ұрымтал орналасқан аудандар тұрғындарының денсаулығына келтірген залал салдары ескеріліп, одақтық органдармен бірлесе отырып, Қазақ КСР азаматтарына берілуге тиіс өтемақының мөлшері мен төлеу тәртібі белгіленсін.

4. Қазақ КСР Министрлер Кабинеті одақтық министрліктер мен республика аймағында сыналған атомдық және ядролық сынақтарды жасаған ұжымдармен бірлесе отырып, Семей, Қарағанды және Павлодар облыстарында сол жарылыстардан зардап шеккен аудандардағы халықтың социальды-экономикалық жағдайын жедел сауықтыруға тиіс игі шараларды жобалап, тұрмыс ахуалын жақсартып, медициналық қызмет керсетуді үрдіс оңдауға тиіс. Сол мақсат үшін арнайы жоба әзірлеп, осы шараларға одақтық көмек кездерін де тарту белгілесін.

Осы Жарлық қабылданған сәттен, яки бүгіннен бастап күшіне енеді.

Қазақ КСР-ның Президенті **Н. НАЗАРБАЕВ**

Алматы, 29 тамыз 1991 жыл





Осы туындымды екі жастың біріне келмей демі үзілген семейлік, қарауылдық, абыралылық, долондық, саржалдық һәм семейтаулық үлкенкішіге, өздері тап болған гасырлық қасірет зардабын отбасымен бірге тартқан шерменде жерлестеріме арнаймын.

Есімдерін білгенімше атадым, арада көп уақыт өтуі себепті түстей алмағаным қаншама. Бәрінің де рухынан кешірім сұраймын, бақыл болыңдар!

Сендерді елің ұмытқан жоқ, ешқашан да ұмытпайды.

Шерлі жұрттың шынайы тарихы енді ғана жазылуда, көзден жас ағызып, көңілді қарадай қарайтар оқиғалар жария болар мезгіл әлі алда, мына кітап солардың беташар біреуі ғана, қымбатты ағайын...

**Медеу СӘРСЕКЕ,**  
Семей, 24 қазан 2015 жыл



# БІР ҮМІТ, БІР ТІЛЕК, БІР БІЛЕК ЕЛ ЕДІК

*Әр адамның жүрегін жадыратар іңкәр жері – туып-өскен мекені. Мен үшін сондай ынтық жер бітімі дара, әр сайынан қайнар бұлақтар құлаған. Жақсы Абыралы тауының түстік баурайы: осы атырапты қоныс еткен елді алты айға созылатын аязы қақаған қыста жұтатпас үшін теріскейден соғатын тентек желді үнемі үдетіп, төрт таудың ортасындағы (Мәремік, Жаңғызтау, Жаман Абыралы, төртіншісі өзі) мал өрісін қалың қардан аршуы – алғашқы ерекшелігі; екіншісі, әр сайдан бастау алатын арынды бұлақтарды жағалай қоныс еткен жұртқа береке-құт дарытудан жаңылмауы; сол қайнарлардың атауы да тұнған тарих – Сұтбай, Қалыбай, Шынқожа қуыстары, Атарқан, Үштөбе, Қызылшілік баурайы; үшінші, әр бұлақтың төріндегі тал-шілікте қарақат, күнгей бетінде дала бүлдіргені қаулап өседі. Төртінші ерекшелік ұшар басы бір мың метрден астам, аумағы да жиырма-отыз шақырымдай еңселі таудың әр тұсынан жоғарыға өрлесең – тасжарған мен тікенекті бұта жыңғылына, тас бетін көмкерген аршануына кезігесің. Бәрі де – дайын отын. Біз, естияр балалар, жаз шыға сол нуды үйімізге тасимыз. Абыралының қойны-қонышындағы шілігі, сай төріндегі тобылғы мен бұталар жыңғылы, күнбатыс бөктеріндегі сулы, нулы өлкелердің қалың талы – отырықшы тұрмысқа кенеттен көшкен дала тұрғындарын қызулы отыннан ешқашанда тарықтырған емес.*



*Иә, қысы қатаң, жазы жайсаң Абыралы өңірінің берері көп, суы да, нуы мен қуы да, жер оты да мол және сан алуан; жарата білсең — қаншама ұрпаққа сан ғасыр құт-береке болар байлық еді, амал қанша?!..*

Дала халқын отырықшы ел етуді көздеген Кеңес үкіметінің 1926-28 жылдарда үрдіс жүргізген саясатының бірі — мындаған қожалыққа бөлінген қазақ шаруаларын аудандарға біріктіру болғаны — тарихи шындық. 1931 жылдың жазында жедеғабыл ұйымдасқан аудандар саны 130-ға жеткен. Солардың бірі — Абыралы ауданы, 1928 жылы шаңырақ көтерген.

*Сол кездегі ел басшылар осы ауданның әкімшілік орталығына Жақсы Абыралы тауының Қалыбай қуысын таңдаған. Төрт болыс елдің кіндік ортасында. Теріскейдегі Киікқашқан, Қаратау, Дін таулары, Жұман шиі, одан бергі сулы, нулы өңірді жайлаған ауылдарға ұрымтал. Күнбатыста ну тоғайы, аңы мен малы аралас жайылатын, егінге қолайлы жері мол — Көкшетау мен Айғыржал, түстіктегі Шыңғыстауға дейінгі бұйратты, шалғыны мол қоныстар. Үш таудың ортасындағы Қараөлең мен Келдібай өлкесі, Мәремік пен Бөрліні мекендеген қалың ел, одан арғы Дуана мен Дегелеңнің алды-арты, Мыржық тауының түстік бөктері — халық жиі қоныстанған шұрайлы өңір. Бәрі де бір тілек, бір үміт, бір білекпен өмір сүрген қыруар жұртқа құтты қоныс болған. Солар енді Абыралы ауданы атанбақ. Бір ғана олқылық — Шығыс Қазақстан атанған облыстың әкімшілік орталығы Семейден көлікпен аттанған жолаушы жеті тәулікті ұзатып Абыралыға әрең ілігеді.*

*XVIII ғасырдың батагөй қарты Үмбетей Абылай ханға арнаған толғауында: «Баянаула, Қызылтау, Абыралы мен Шыңғыстау, Қозымаңырақ пен Қоймаңырақ, Арасы толған көп қалмақ. Қалмақты қуып қашырдың, Ақшәуліге қос тігіп, Қазақты жиып алдырдың. Қара Ертістен өткізіп, Өр Алтайға асырдың. Арғын менен найманға, Қоныс қылып қалдырдың», — деген сөзі бізге жетті. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада», яғни 1723 жылы күнбатыс қиырға жаяу шұбырған қалың ел бес-он жылда есін жиып дарабоз батырларымыз жүргізген қиян-кескі ұрыстардан соң ежелгі атақонысына ауып, Орта жүздің Арғын тайпасынан тарайтын болатқожа (қаракесек) бұтағының Бес бошан атанған тармағы түпкілікті тұрақтаған ежелгі қоныс осы — ақар-шақар Абыралы, нулы-сулы Кіші Көкшетау, оқшау түстіктегі Ақбастау, ұзынынан жантайған Мыржық пен тақиядай дөңгеленген Дегелең. XIX ғасырда осы аймақтағы елге Кіші жүздегі Жағалбайлы руының бір бұтағы Шөптеміс руы ауып келіп, Дегелеңнің бауырындағы Дуана бұйратына қоныстанған. Ресейдің санақшы ғалымы Щербина экспедициясы жариялаған 13 том субелі жинақтың «Қарқаралы уезі» аталған, 1902 жылы Воронеж баспасынан жарық көрген ғылыми кітабында менің төртінші атам тарайтын Ақан аулы Матай адырына 1860 жылы көшіп келгені нақты жазылған. Ал, олар тарақтылардың Әлі мен Сары атанған Қармыс балаларының бергі ұрпақтары. Сірә, адам саны едәуір болған, өйткені Дегелең атырабындағы ауылдар әуелде Тарақты-Жағалбайлы болысы атанған.*

*Бес Бошан мен жалықпас, қамбар рулары және осы елге кірме жұрттардан құралған Абыралы ауданында 1931 жылы 28812 жан иесі болыпты. Басты қорегі —*

төрт түлік мал. Екіншілік аса өрістемеген. Өзге қажеттерін қолындағы малдың жүні мен етін, терісін, майын сатып өтеумен тірлік еткен.

Жақсы Абыралының Қалыбай қуысын Байтөре атағасы иеленген. Қыстамаға бір қос жылқы шығарған. Қара шаңырағы қуыстың төрінде болыпты. Қайнар көздің мол сулы бұлағы сол жерден бастау алады. Мен ес білген кезде оның суы кент үйлерінің екі шақырымдай шеткергісіне дейін баратын-ды. Жақпар тасты тауға иық тіреген Сұлушоқы биігінің етегінен екінші бұлақ шығады. Ұзын көшемен күнбатысқа қарай қозыкөш жер жүрсеңіз — былқылдаған батпағы жаз ортасына дейін кеппейтін көгалға кезігесіз. Осы жерде қаулап өскен бойшаң тал аудан орталығы орнаған кезде аттылы кісі көрінбейтін қалың жыныс болған. Ойпаңнан әріде тағы бір ауыл ірге тепкен. Ауыл желкесіндегі тау жотасының етегінде үшінші және төртінші қайнар көздер бар. Аудан орталығына жер таңдаушылар бір өзінен осыншама бұлақтар тасқындаған сулы мекенді ҚАЙНАР атаған.

Сол кент көше түзеп салынса да өзара дараланып, Бас Қайнар, Орта Қайнар, Аяқ Қайнар деген атауларға ие. Төртінші ауыл — Қызыл Қайнар. Сол жердегі кәу-сар бұлақ мен туған үйдің шөп қорасын жанай ағатын-ды. Тереңдігі шелек батқандай таяз көзден шыққан мол су қанша алсаң да тартылмай, тайқазандай ернеуінен лықылдап асып төменге жоңкіледі. Еңіске құлаған суды арықпен сүйресең — жетелеген жерге өз ағынымен барады. Ылдиға жайылған су аяз қатайған кезде мұз айдынын түзейді. Сол айдында Қызыл Қайнардың естияр жүгірмектері коньки тебеміз. Қыздар шанамен сырғанайды. Ылдиға зымырап желмен жарысу — біз үшін қызығы таусылмас ермек. Қазірде мен сол күндерді қамыға аңсаймын. Өйткені, конькиші достарымның бірі жоқ, бәрі де жетпіс түгілі алпыс жасқа жете алмай өлім құшты... Өткен ғасырдың 50-жылдарында Қайнарда бес мыңдай, күллі Абыралы ауданында жеті мыңға таяу тұрғын болды. Жә, сонда, 1931 жылғы 29 мың адамның 24-25 мыңы жиырма жылдан соң қайда кеткен, өсудің орнына неліктен үшті-күйлі жоғалды? Абыралының әйелдері нәресте тумаған ба?

Бұл жұмбақтың күрмеуін мен алдағы тарауларла деректер арқылы тарқатамын. Дәт-төзіміңіз жетіп оқуға шыдаңыз тек.

Таңданарлық гәп: Қайнар кентінің даңқы, іргелі елдің айтулы мекені атанған дақпырты, әсіресе білімдарлық үлгісі ересен еді. Бұл енді социализм шапағына бөленген бақытты мекеннің бірі дескен сол күндегі қызыл үгіттің нәтижесі. Естияр үлкендер: «Орнында бар оңалар деген осы. Азайып қалсақ та азған жоқпыз, біз бастан кешкенді балаларымыз көрмесін!» — десе — біз, жастар, естияр егделерге есінен тандыра тойтарыс беретінбіз. Қайран кеңесшіл, комсомолшыл, бәлшебекшіл өжеттік десеңші!

Амал қанша, қыр елін торлаған қасірет бұлты төрт жылға созылған ауыр соғыстан кейін де тарқамады. Күллі Семей халқы, Павлодар мен Қарағанды облыстарының бізбен іргелес аудандары және қазақтың байырғы атақонысы Құлынды даласын мекендеген Алтай өлкесінің тұрғындары басынан кешкен ауыр тауқымет Ертіс жағасындағы қалың елге 1947 жылы қайыра төнді. 1949 жылғы 29 тамызда осы өңірде жасалған алғашқы атомдық сынақ төбемізден дүрсілдеді. Сенесіз бе, сол тарсыл артық-кемі жоқ 42 жылға созылды.



Адамзат қауымы Еуропада отыз жыл ұдайы жүрген соғысты басынан кешкен. Бірінші дүниежүзілік қырғын бес жылға созылды. Екінші алапат соғыс жеті жыл ұдайы жүріп, соның соңғы төрт жылы Кеңес Одағы халықтарының пешенесіне тиді. Оның қисапсыз зор тауқымет қыр елін де аяусыз титықтатты. Бес мыңға жетер-жетпес тұрғыны бар Абыралының 1300 азаматы майданға аттанып, солардың сегіз жүзден астамы туған еліне мүлдем оралмағанына не дейсіз? Орыс патшасы XIX ғасырда Кавказды иемдену мақсатымен байырғы таулықтарға 100 жылға созылған лаң салған. Семей полигонындағы атомдық тарсылдың залалы солардың бәрінен де асып түскені — күллі әлемге мәлім қырғын. Рас, бұл майданда мылтық кезену болған жоқ. Оның есесіне әрбір жан иесін — еркек-әйел, бала-шаға, иә кәрі-құртаң демей, ұзақ жылдар бойы жүздеп, мыңдап жусатты.

Қазақтың бұрынды-соңғылы тарихына үңілсеңіз, біздің елдің екі жарым ғасыр бойы Ресей патшасының басыбайлы отары болғанын көреміз. Соны да «Ұлы орыс еліне өз еркімен қосылу» деп бұрмалап түсіндірдік. Орыс империясының губернаторларының шақыруымен иен даламызға құмырысқаша қаптаған Ресей мүжықтары ең шұрайлы, сулы, нулы жерімізді иеленіп, жергілікті тұрғындарды жел қыдырған тақырларға зорлап кошіргені — кешегі заманның аяусыз зұлымдығы. Столыпин реформасымен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ жерінің үштен бірі орыс иелігіне көшті. Қазақты қорлау саясаты Кеңес заманында да тыйылған жоқ. Соны да социализм құру мадағымен жүргізіп, момын қазақты қанау, байларды тәркілеу, аштықпен қыру науқандары біріне-бірі жалғасты. Сол озбырлықтың сорақысы, меніңше, 1947 жылы Қазақ даласынан 18500 шаршы шақырым жерді әскери зонаға кесіп беру ісінде жүзеге асқан. Әлбетте сол жер Отан қорғанысын күшейту үшін алынды. Ол болса осы атыраптағы жан-жануарды жойып, сонымен бірге күллі тіршілікті құртатын атомдық сынақтар жасау. Жә, сонда, сондай аса қатерлі сынаққа қажет жер ұлан-байтақ Ресей аймағынан табылмаған ба?..

Шынтуайтын айтқанда, жантүршігерлік осы оқиғаларды тарқатар деректерді мен 1990 жылдан әріде тірнектеп жинағанмын (Қайсыбірін 1989-1990 жылдарда Абыралы ауданын қайта құру күресі өрбігенде мерзімді баспасөзде жарияладым). Содан беріде ширек ғасыр өтті. Әр уақыттың өзіне тән салмағы мен алмағы болмағы — өмір заңы. Бертінде жариялылық заманы туғандағы яки 1953-1955 жылдардағы босуды басынан кешкендер немесе солардың естияр ұрнағы ішінде сүрленіп жатқан өкініш-нала жайында қыруар естеліктер жариялады. Қысқасы, мен жетпіс бес жастың өріне көтерілген соң-ақ жадым түкпірінде жатқан сол оқиғалар ұйқымды қашырып, қалам тербеуге мәжбүрледі. Иә, ағайын, жазушылық өнердің қыры мен сырында осындай да жайттар болады. Көкейде қордаланған хаттамалар, мұрағаттардан суырылған деректер «Мені енді жеті құлып астында сақтама» дейтін мезгіл туды. Қысқасы, полигон тарихының қаттаулы деректерін шкафтан суырдым. Әскери зонаның тіршілік күйіне байланысты ғылыми айғақтар Мәскеудің, Алматының, Астананың, Семей және Қарағандының баспалары жариялаған мұрағат деректері (естеліктер, дәрігерлер жазбалары, альбомдар), ғылыми кітаптар мен газет жарияланымдары, кейбірін ғаламтордан алып, ақырында жазуға отырдым.

*Жабық мұрағаттардан алынған, бертінде жарияланған ғылыми кітаптар мен полигон мамандарының есептері мен естеліктерінен суырылған оқиғалар жанымды түршіктірді. Бақсам, қазақтың зиялы қауымы Ертіс бойындағы қалың ел тап болған ғасырлық қасіреттің не екенін білгенде, әлбетте бәрі емес, ат төбеліндей азақ тобы ештеңе көрмегенсіп тыныш отырмалты. Шерлі елінің дәрменсіз халін жаны ауыра түсініп, төтенше зауалды ахуалды өзгертпек болған: Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Бахия Атишбаров – үшеуі де Қазақ КСР ҒА-ның мүшелері, Қазақ КСР-ның Денсаулық сақтау министрі Сибұғатулла Қарынбаев, Қазақстан КП Семей облыстық комитетінің бірінші секретары Мұхамедғали Сужиков. Осы жайсаңдардың 1958-61 жылдардағы өздері опық жеген күресін отыз жылдан соң Кешірім Бозтаев пен Олжас Сүлейменов жалғастырып және пәрмендірек жүргізін, сол айқас 1991 жылғы 29 тамызда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған көкейкесті жарлықпен – Семейдегі ядролық сынақ полигонын біржола жабылғаны жұртшылыққа мәлім. Рас, жан тыныштығын, биік мансабын сақтауды ойлаған бейшара мүскіндер де аз болмаған. Немесе радиациядан зардап шеккендердің ахуалын тексеруге шығып, дәрігерлік парызын адал өтеудің орнына көзбояушылық жасап, жылаулы ел мүддесін бір күнгі жан тыныштығына, жылтырақ ордендер мен оңғақ атақтарға айырбастағандар да болыпты. Атом ошағын сөндіруге белсене қатыстым деп бертінде ұнай түгендегендер де аз емес. Бәрі-бәрін түстемеймін, оғаш әрекетімен ел мүддесін сатып, ұлт мәртебесін тәрк еткен кейбір қуыскеуделердің сатқын қылықтарын ашып, есімдерін атаймын...*

*Имандай шыным: осы кітапты толғауға кірісердегі бастапқы ойым шектеулі еді; жас күнімнен ғұмыр тарихы мәлім Абыралының шерлі тарихын баяндап, соны оқыған жұрт «Ойпыр-ай, бейнет-соры жүз батпан мына ел қалайша тірі қалған?» дерлік хикметін қайыра жаңғырту ғана болатын. Алайда сол тарих жаза келе тереңге тартты. Абыралы ғана емес, Ертіс өңіріндегі халық басынан кешкен оқиғалар коз алдымда көлбеңдеп, науат болған қайран жердің атом күлінің үймесіне айналған шерлі тағдыры, әскерилердің шектеусіз зұлымдығы қалам ұшына ілікті. Деректі жанрды машық еткен қаламгер болғандықтан қиялға ерік бермедім, кімді және қандай сұмдықты жазсам да ақиқаттан айнымадым. Ескерту парыз: қасаң тілмен, сансыз көп қайталаумен жазылған кейбір естеліктерді ықшамдап, әдеби үрдіске түсірдім, тек естелік иелерінің түпкілікті ойына қиянат жасағам жоқ.*

*«Абыралы, Жалаулы, Сары қиың қалаулы. Бір түп көде-жусаның, Бір тоқтыға балаулы» деген сөзді желмаясына мініп, жерұйықты іздеген Асан Қайғы жарықтық айтыпты-мыс деген аңыз жыр бүгінде бұрынғы мәнінен айрылды. Осы жайында семейлік ақын інім Тыныштықбек Әбдікәкімұлы: «Қасқыр да жоқ ол жақта, арқар да жоқ, құрыған; Тек иттері мияулап, мысықтары ұлыған... Жер төсіне сол жақта Атом сына қаққан-ды. Мекендейтін халқы да – қараң халық, аққанды...» дегені көз жасыңды көлдетер ащы шындық. Әрбір семейліктің шектеусіз тарсылға айтар лағынеті. Иә, қоғам мен заманға, сол қасіретті жүздеген рет жүзеге асырған кешегі «күн-көсемдер», – Сталинге, көрсоқыр надандығына өркөкіректігі паранар хрущевтер мен брежневтерге айтар Семей елінің, күллі Қазақстан халқының ашулы қарғысы демеске шарамыз жоқ!..*

Сөз соңында тағы бір шындықты ескертуге мәжбүрмін. Семей облысында 1987-93 жылдардағы Облыстық партия комитетінің бірінші секретары Кешірім Бозтаев бастаған әскери полигонның зұлымдығы мол әрекетіне қарсы күрестен сәл кейін, Қазақстан тәуелсіздігіне қолымыз жеткен айшықты уақытта, 1992 жылы «Семей ядролық полигонында зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау» деп аталған заң қабылданып, күллі Қазақстанда 1,5 миллион адам сол тізімге ресми тіркелген. Семей қаласы бойынша осы тізімде 176135 адам болды. Солардың қазірде 90 пайызы жер жастанды. Ядролық сынақтан зардап шегуші семейліктердің бірі – мен, осы кітапты толғаушы. Маған берілген 02-001916-санды куәлікте ядролық жарылыс астында 37 жыл және 2 ай болғаным ресми расталған. Демек мен осы жазбаларда сөз болатын шерлі оқиғалардың бәріне дерлік куәгермін. «Толған ел тарихын жақпар тасқа жазады, Тозған ел басынан кешкенді көз жасымен жуады» деген уәжге бағып, «Семей қасіретін» толғау туралы ой маған сол кезде туды. Ел-жұртыммен бірге басымнан кешкен ғасырлық қасіретті жазбай өмірден аттансам – жер басып жүргеніне мәз тоғышардың бірі болмайын деген жегі ой мені жиі мазалап, полигон таратқан ауыр дерттен дәрігерлер жәрдемімен сауыққан кезімде-ақ (2013 жылдың басы) жазу үстеліне шегенделгенім имандай шыным.

Медеу СӘРСЕКЕ,

3.01.2013–30.12.2016 жж. Семей – Астана  
Соңғы түзету 2019 жылғы наурызда жасалды



Хиросима.  
6 тамыз 1945 жыл



БІРІНШІ ТАРАУ

# ЖАПОН ХАЛҚЫНА

## ҚЫМБАТ

## «СЫЙЛЫҚ»



**А**дамзат қауымының неше мың жылдық тарихына үнілсеңіз, тағы жануарларды үй қайуанына айналдырып, ат, түйе, піл, ит, бұғы, өгіз, есек жегумен қоса механикалық көлік түрлерін әжетіне жаратқанын көресіз. Сөйте жүрін от жағу күпиясын меңгерді. Суды буға айналдырып, күш-қайратын еселеп арттырды. Электр энергиясын игерді. Айшылық жерден әп-сәтте хабар алатын болды. Қалта телефоны арқылы Австралия құрлығындағы танысымен қасында отырғандай тілдесу — күнбе-күнгі әдетке айналды. Паровоз донғалағынын тарсылы, соның құлақ қабын жарар ашы айғайы күні кеше таң еді, солар да жүйрік электровоздарға жол берді. Аспан әлеміне күміс канат ұшақтар ғана емес, ұшқыр зымырандар самғады. Ғұлама жампоздары ғасырлар бойы іздеп, адам күшін еселеп арттырудың, тұрмыс күйтін жеңілдетудің тиімді жолдарын тапты.

Солардың ең ғажабы һәм аса зоры — екінші мыңжылдықтың ХІХ-ХХ ғасырларында энергия қуатының сарқылмайтын тың көзін ойлап табуы!..



Орыс химигі Д.И. Менделеев колданысқа енгізген химиялық элементтер кестесінде уран элементі атомдық салмағы бойынша 72-ші орынға орналасқан. Дат химигі М. Клапротом оны 1789 жылы ашып, Күнді айналатын планеталардың қашықтығы жөнінен жетінші реттегі Уран есімімен атаған. Уран металын француз химигі Э. Пелиго 1841 жылы жеке дара бөлген. Алайда, ХІХ ғасырдың аяғына дейін уран қоспаларының таттанбайтынын ескеріп, кемелердің сыртын бояуға ғана қолданған. Иә, сонсоң кәдуілгі шыныға мөлдірлік дарытуға пайдаланған.

Неміс физигі Вильгельм Рентген 1895 жылы барий тұзы арқылы электр тогын өткізгенде ерекше қасиетке ие сәуле түзіліп, жолындағы кедергілерді бөгеусіз жарып өтетінін байқаған. Сол сәулелерді дәрігерлер қауымы іле-шала әжетіне жаратқан: «Рентген жарағы» атанған аппараттар медиктердің «көреген» көмекшісіне айналып, адам денесіндегі кінәраттарды қолмен ұстағандай анықтап, емдеу шараларын оңды жасауға дәнекер болған. Француз физигі Анри Беккерель 1896 жылы неміс әріптесі ашқан таңғажайып сәулелерді уран элементі күні-түні түзейтінін анықтайды.

Осы жайт француз оқымыстылары Мария Склодовская мен Пьер Кюриді ерекше қызықтырады. Өздері тәжірибе жасайтын суық атқорада екі жыл бойы сынақ жүргізген ерлі-зайыптылар уранға ілескен екі элементті тыңнан ашады. Склодовская солардың біреуін өз отаны Польшаның құрметіне полоний, екіншісін сәуле шығаратын қасиетіне орай радий деп атайды. Олар бұл құбылысты радиоактивтілік деп даралаған (Бұл да ғажап көрегендік: осындай қасиетке ие металдарды бертінде «радиоактивті элементтер» дейтін болдық; түп негізі – радий, яғни ерекше белсенді). Радиоактивті сәулелер жолындағы кедергіні жарып өтетіні әрі тасқаранғыда «көргіштігі» зерттеуші ғалымдарды ерекше таңғалдырған...

Кюрилердің осы құбылысты шұқшия зерттеуіне екі түрлі оқиға түрткі болған: радийдің сәуле шығарымпаз қасиеті Анри Беккерельді қызықтырғаны сонша – өзі дәріс оқитын политехникалық мектептің шәкірттеріне көрсетпек болып, шөкімдей тұзды бірнеше тәулік бойы қалтасына салып жүрген; күндердің күнінде ғалымның бүйірі қарауытып, жаракат пайда болған... Пьер Кюри де сол жұмбаққа таңданып, радий сәулесінің жолына бір алақанын ұзақ мерзім ұстайды. Сол қолында қызғылтым таңба пайда болып, бітеу жараға айналады...

Бес жыл ұдайы суық қорада жаурап отырып тәжірибе жасаған ерлі-зайыпты физиктер 1903 жылы радий сақталған ыдыстың ішіндегі қызу сырттағыдан едәуір жылы екенін аңғарады. Сол құбылысты зерттеу екеуін таңғажайып жаналыққа жолықтырған: бір грамм радий сағатына 140 калория жылу бөледі; әжетіне жарата алсаң – мыңдаған жылдар бойы үйінді жылытатын арзан да сенімді жылу көзі...

Қос зерттеуші 1904-1906 жылдарда осы құбылысты одан әрі зерттеп, магнит өрісіне орналасқан кезде радийдің екі түрлі радиоактивті сәулелер түзей-

тінін байқайды. Солардың молырақ шоғырын Кюрилер секундына 300 мың шақырым жылдамдықпен ұшатын электрондарға балап, екіншісін адам денесіне тікелей әсер ететін, көбірек алсаң – аса зиянды, аз мөлшерде пайдалансаң – шипасы мол сәулелер шоғырына жатқызып, солардың көлемі алғашқыдан гөрі азаң екенін шүбәсіз анықтаған.

Алайда, осы құбылысты кемеңгерлікпен аңғарған ерлі-зайыптылар зерттеуді өздері жобалаған деңгейге жеткізе алмаған. Жеткізер ме еді, амал не, 1906 жылы 51 жасында Пьер Кюри кенеттен опат болмаса?..

Ғылыми ізденістің бүге-шігесін үнемі ойлап, Сена өзенінің жағасында серуендеп жүрген ғалым сыра тасушы фургонның астына түсіп, оқыста қайтыс болған. Ерлі-зайыпты ғалымдар жадау тіршілікте өмір сүріп, ғылыми жаңалықтарымен тапқан қаражатты өздері жұмыс істеген атқораны бүтіндеп, жабдықтар алуға жұмсаған; ең ғажабы, зерттеулерін адамзат қадесіне жаратуды көздеген зиялылар әрқайсысы миллиондаған франк тұратын таңғажайып жаңалықтарын патентпен қорғамаған; өздерін құрметті төрге көтеретін биік мансапқа да қызықпаған; Францияның мәртебелі марапаты «Құрметті легион» орденін ел президенті ұсынбақ болғанда, Пьер Кюри: «Маған орден емес, құрал-жабдықтары оңды зертхана сыйлаңыз», – деп сол марапаттан бас тартқан («Құрметті легион» орденін алудан Мария Склодовская да қажетсінбей, «Сол марапатты ескі сарайда отырып иеленуді – ерімнің аруағын сыйламау деп білемін. Президент мырза, мені ондай маскараға душар етпеңіз!..» – деген. Екі мәрте қайталанған сол уәж ел басшысын ойландырған тәрізді, Кюрилер отбасына ол жаңа зертхана салуға қыруар қаржы босатқан-мыс...

Нәтижесінде Мария Склодовская-Кюри ғылыми ізденісті одан әрі үдеткен. Көздеген максаты – бір грамм радийді қайткен күнде бөлу (құны бір миллион доллар). АҚШ-тың әйелдер қоғамы бертінде қымбат радийді өздері тірнектеп жинаған қаржыға сатып алып, Мария ханымға сыйлағанда, өмірінің қыраулы құзінде ғана қолы жеткен аса қымбат металды ол бас пайдасына жаратпай, өзі жұмыс істейтін институт қорына откізіпті. Кемеңгер ғалым аса мәртебелі халықаралық Нобель сыйлығын екі рет иеленген (алғашқысын ерімен бірге). Соны және көптеген қоғамдар берген алтын медальдарын да бірінші дүниежүзілік соғыста жараланған жауынгерлерді емдейтін француз емханасына сый еткен.

Ата-анасының зерттеушілік ерен ерлігін, ғылымға деген гуманистік пиғылын Кюрилердің ғалым перзенті Ирен де қайталаған. Жиырма сегіз жасында ғылым докторы атанған ару әке-шешесінің зертханасында танысқан физик Фредерик Жолиомен 1926 жылы тұрмыс құрған. Кюрилер әулетінің екінші ұрпағы – ерлі-зайыпты Кюри-Жолиолардың атомдық физиканы тың зерттеулерімен жоғары деңгейге көтеріп, 1935 жылы екеуі де Нобель сыйлығының иегері атанды. Бұл болса тарихта әзірше қайталанбаған, Кюрилер әулетіне ғана тән таңғажайып ерлік! Ескерту парыз: Швеция Ғылым академиясының аса мәртебелі және мол көлемді халықаралық сыйлығы даңқты физиктердің екінші әулетіне атом ядросынан бөлінетін заттарды тежеп немесе үдету құпиясын ашқаны үшін берілген; өйткені, кіші Кюри мен Жолио – атом ядросын атқылайтын бөлшектерді қолдан жасап, реакцияның қуатын күшейтеу, яғни тежеу әдісін тұңғыш ойлап табушылар...

Атом КТОГА ІСКЭН С

Уранмен, одан бөлінетін радиоактивті элементтермен тәжірибе жасау әлем ғалымдарын ерекше қызықтырып, атом ядросының құпиясын ашуға ынтызарлық туғызып, көптеген елдердің, әсіресе физика ғылымы өркендеген жұрттың ғалымдары арасында өзара «жарыс» өрбін, бәсеке сынақтар жасауға мәжбүрлеген. Неге? Бір кило радийді ыдырата алсаң – 1590 жыл бойы үздіксіз ыдырап, ақырында жарты кило қорғасынға айналады. Уран ядросын ыдыратуға одан да ұзағырақ уақыт керек. Жә, сонда осы құбылыс әлем физиктерін не себепті қызықтырған? Ыдырау реакциясы орасан зор жылумен жүреді; ал, егер сол реакцияны ең арзан, ең қуатты энергия көзіне айналдырсаң?.. Мысалы, жер-жаһандағы ең жанғыш зат – көміртегі, одан түзілген сұйық мұнайдың бір килосын отқа жақсаң – 11,6 киловатт қуат бөлінеді, ал, бір кило ураннан – 22900 киловатт энергия қуатын алуға болады!..

Сондықтан да әлем физиктерінің XX ғасырда жаппай жанталасқан ізденісі – осы кілттипанның құпиясын ашып, содан түзілетін ең арзан қуат көзін игеруге жұмсалған. Осы «жарыстан» өрбіген зор өкінішті де ескертуге мәжбүрмін: ақыл-ойы сұңғыла сол ғұламалардың бірде-бірі атом ядросына шұқшия үңілу ақыр аяғында адамзат қауымын ауыр кесепатқа жолықтыратынын сірәда ойламаған; амал не, бәрі де жерік зерттеуін адамзат қауымын арзан да иен байлыққа шаш етекпен кенелтіп, ауыр тұрмысты оналтып, аштық пен әртүрлі дерттер дендеген Жер шарын жедеғабал әрі тиімді жолмен сауықтыруды мақсат етіп, еңбек еткен!..

\* \* \*

XX ғасырдың бас кезіндегі біліктілердің мойындауынша, ағылшын ғалымы Эрнест Резерфорд атом құрылысын шұқшия зерттеушілердің алдыңғы легінде болған-мыс. Анығында ол – дара физик қана емес, теория сомдаушы, қандайда физикалық құбылыстың табиғатына, себеп-салдарына өзгеше оймен үңіледі, қажет деп білсе – соны түсіндіретін теорияны да өзі ойлап табады. Оған қоса Резерфорд – үздік экспериментатор, өзі сомдаған теорияны сынақпен дәлелдегенше әстілі жарияламайды. Мысалы, ерлі-зайыпты Кюрилер ашқан радиоактивтілік құбылысты зертханасында қайталаған кезінде ол радий элементі түзейтін сәулелерді магнит өрісі арқылы өткізген. Кюрилер ашқан таңғажайып құбылысты ағылшын физигі де көреді, Мария мадам радиоактивті деп атаған сәулелер шоғыры аса күшті магнит өрісіне тап болғанда солардың екіге бөлінетінін де бірден аңғарады. Алайда? Сәулелердің азаң бөлегі магнит өрісінде қалып, молырақ шоғыры ядроның айналасындағы электрондарға қарай ауатынына ол ұзақ ойланған. Ақырында сол сәулелердің екіге емес, үшке бөлінетінін анықтап, латын әліппесінің бастапқы үш әрпі – альфа, бета, гамма таңбаларымен даралайды. Сенесіз бе, біз бір ауыз сөзбен сипаттаған физикалық құбылысты зерттеуге ағылшын ғалымы 15 жыл уақытын сарп еткен. 1919 жылы жариялаған, планетарлық деп танылған классикалық еңбегінде ғалым атом құрылысының тұңғыш моделін жасап, қарапайымдап түсіндірген: әрбір элементтің атомы кіндік ядродан тұрады, оң зарядқа ие, оның сыртында Күнді торыған планеталар тәрізді, теріс зарядты электрон-

дар шоғыры шыр айналып жүреді-мыс; сол электрондардың саны — ядро зарядымен бірдей; сол себепті атом үнемі тепе-теңдік жағдайда болады...

Шынтуайтын айтқанда, осы тұжырым физиктер ғана емес, химиктері де аң-таң етіп, атом ядросын жер-жерде жабыла зерттеп, жаңа ізденістер жасауға құлшындырған. Эрнест Резерфорд жұмыс істеген Кембридж университетінің Кавендиш зертханасы әлем физиктерінің Мәккәсіне айналады.

Ғажапты қараңыз: атом заряды XIX ғасырда Д.И. Менделеев ұсынған элементтердің периодтық кестесіндегі орналасу ретімен бірдей екендігі анықталады; мысалы, сутегі элементі бірінші орында тұр; ядролық заряды — бірге тең, яғни сутегі атомында бір ғана электрон бар; ең ауыр элемент уран металы 92-орында, әлем физиктері жүргізген зерттеулер нәтижесінде заряды 92 екені анықталған, оны шыр айналып жүретін теріс зарядты электрондардың саны да сонша.

Осы құбылысты зерттеу 12 жылға созылған. Резерфорд мектебінің дарынды шәкірті, ағылшын оқымыстысы Джеймс Чедвик атом ядросын атқылау кезінде бұған дейін ешкім байқамаған өзгеше бөлшектер бөлінетінін дәлелдеп, соны нейтрон деп атайды (яғни заряды жоқ, бейтарап зат). Нейтрон ешбір элементпен қосылмайды, сөйте тұра жолындағы калка атаулыны опонай тесіп өтетін ерекше қабілетке ие. Ағылшын физиктері атом ядросынан оң зарядты иеленіп, массасы мен заряды электронға тең бөлшек бөлінетінін де анықтап, позитрон деп атаған. Сөйтіп, оң зарядты 92 протонға ие уран ядросында 146 нейтрон барлығы мәлім болған. Уран элементі тегінде 238 бөлшектен тұрады. Оның Менделеев кестесінде көрсетілген атомдық салмағы — 238. Яки 92 зарядқа ие уран кіндігінің атомдық салмағы Резерфорд болжаған тепе-теңдікке сәйкес еместігін зерттеген әлем физиктері ақырында бұл жұмбақтың да кілтін анықтайды. Сол құпияны алғаш түсіндірген Кеңес Одағының физик ғалымдары Д.Д. Иваненко мен Е.Н. Гапон екен. Ескертер мәнді жайт: атом ядросына зерттеу өткен ғасырдың 40-жылдарына дейін барлық елде ашық түрде жүрген; әрбір зерттеуші өзі ашқан жаңалықты тезірек жариялауға тырысқан...

Жер шарын мекендеген елдерді капиталистік, феодалдық немесе социалистік деп аражік қоюдың мәні мен қажеттігін мен түсінбеймін. Сол жіктеуді біз көптеген жылдар бойы данышпандық тұжырым санап, дүйім жұрт жаппай табынған маркстік-лениндік, бертінде маоцендундық пәлсафа ретінде өзімізге нұсқа еттік. Анығында әлем жұрты қабылдаған ғылыми топшылау ондай жіктеуді білмейді. Ал, ғылыми ізденістердің бәрі де адамзат қауымына қызмет ету үшін туады. Атом ядросының құпиясына үнілушілер де сол ділгерлікке мойынсұнып, әжетіне жаратқан: атомдық қондырғылар — циклотрон (1930 жылы оны алғаш ойлап табушы — АҚШ ғалымы Лауренс), 11 жылдан соң сол елде бетатрон дүниеге келген, Мәскеудегі физика-техника институтының зерттеушісі В.И. Векслердің жобасы бойынша, 1944 жылы жасалған синхротрон мен фазотрон қондырғыларын Кеңестер Одағы да іске қосқан; бәр-бәрінің міндеті — атом ядросының құпиясын ашу...

Әлем физиктері әр елде жапа-тармағай шұғылданған зерттеудің нәтижесі мынадай: уран элементінің екі изотопы – уран-238 және уран-235 ядросының ыдырауға ерекше бейімдігін неміс ғалымдары Ган мен Штрассман анықтаса, Жюлио Кюри мен Италия физигі Энрико Ферми әлгі изотоптарды нейтрон бөлшектерімен атқылағанда әуелі екі-үш нейтрон түзіліп, сонынан олар қауырт көбейіп, миллиондаған бөлшекке айналатынын аңғарады; дат физигі Нильс Бор осы құбылысты шұқшия зерттеуден соң «тізбекті реакция» деп атаған.

Бұл енді зор бүліншілік туғызатын жойқын жарылыс...

Сөйтіп, уақыт 1940 жылға ауғанда атом ядросын зерттеуде көңілді көншітер жетістіктерге қол жеткен. Осы іспен шұғылданған әлем физиктерінің түп мақсаты – уран ядросы бөлетін жылуды энергия қуатына айналдыру. Ғұламалардың болжауыша, әлемнің алты құрлығында салынбақ, атом қуатын өндіретін стансалар бірін-бірі сүйемелдеп жұмыс істесе – адамзат қауымы ең арзан, шектеусіз мол, мың жыл бойы тоқтаусыз істейтін қуат көзіне ие болады-мыс. Бұл болса жер байлығын сақтап, табиғат сыйын тиімді пайдаланып, аштық жайлаған, жетімсіздік қинаған кедей елдердің тұрмысын оңдап, өркениет жаналықтарынан мақрұм қалған жұрттың білімдарлық денгейін ілкі көтеруге шектеусіз зор мүмкіндіктер туғызатын игі іс...

Сұлбасы алыстан қол бұлғаған күрделі ізденістің бүге-шігесі анықталып әрі жедеғабыл жүзеге асуына анығында Еуропаның батыс шебінде бұрқ еткен екінші жиһангерлік соғыс айтарлықтай әсер еткен. Төменде біз сол істің қалай өрбіп, кімдердің қатысуымен өмірге келгенін деректер арқылы баяндаймыз. Әсілі, бұл – адамзат тарихының аса шерлі кезені. Жер жүзін түгел қамтып, соның тауқыметі Ертіс атырабын да қисапсыз зор қасіретке душар еткені де – әлем жұртына мәлім күйкі шындық...

\* \* \*

Резерфорд әпенде өзін ерекше қызықтырған гипотезаны тексеру мақсатымен азот ядросын радий сәулелерімен атқылайды. Азот элементі кенет сутегіге айналыпты. Түсініксіз құбылыс? Орта ғасырдағы жалған альхимиктердің жылтыраған металды алтынға айналдырмақ болған әуресі. Алайда? Эрнест Резерфорд – нағыз ғалым және физиктердің данышпаны. Әккі экспериментатор өзі байқаған таңғажайып құбылысқа күмәнданып, азотпен тәжірибені жүз мәрте қайталап, жүз мәрте сутегі элементін алыпты. Көзі көрген өзгеріске таңғалғаны сонша, азотты дереу оттегіге айналдырған. Сол гәпті тек теория жүзінде түсіндіре алмаған (Резерфорд тобы ғана емес, басқа елдердің физиктері де). Шүбәсіз жайт: радиоактивті элементтер түзген сәулелермен кез келген ядроны атқылауға болады; одан жаңа элемент түзіледі, ең ғажабы, әрбір реакция жылу бөледі. Бұл болса арзан жылу көзін іздеуге бірден-бір оңтайлы жол..

Атом ядросына үнілу Францияда басталып, Норвегия, Дания, Нидерланды, Италия, Ресейде, Швейцарияда өрістеп, Эрнест Резерфордтың үздік зерттеулерімен Кавендиш зертханасы әлем физиктеріне ғылыми мектепке

айналған. Ақиқатты мойындау лазым: неміс ғалымдарының білімі мен танымы өзімен деңгейлес елдердің физиктерінен кем емес; солардың таңдаулы және қарамды тобы осы елдің Кайзер-Вильгельм институтының физика бөлімінде жұмыс істеп, атом ядросын ыдыратумен шұғылданған. Францияның ғалым-физигі Б. Гольдшмидт «Атом проблемасы» және «Атомдар және адамдар» атты деректі кітаптарында сол ғұламалардың таңдаулы өкілдерінің есімдерін даралап атайды (сол топтың үш зерттеушісі соғысқа дейін-ақ атом ядросы саласындағы үздік еңбектері үшін Нобель сыйлығын иеленіпті. Резерфорд, Чедвик, кіші Кюрилер ашқан ұлы жаңалықтарды үшеуі де қайталап әрі ілгері дамытқан. Осы институтта неміс ұлтының үстемдігін қару күшімен әлемге мойындатуды ертелі-кеш көксеген химиктер де зерттеу жүргізген. Гитлердің ұлттық үндеуін қолдаған сол шіркіндер Германияға қарулы қарсылық көрсеткен елді үрім-бұтағымен жоятын неше түрлі улы заттар ойлап тауып, соны тонналап өндіретін өндірістердің жедеғабыл салынуына қолғабыс еткен; мұнай өнімдеріне ділгерлік ерекше күшейгенде Рур бассейіндегі қоңыр көмірдің қисапсыз мол қорын әжетке жаратып, отандық өндірістер мен әскер қажетін миллиондаған тонна дизель отыны мен бензиннің оннан жеті бөлігін өндіретін зауыттарды іске қосқан. Осыдан-ақ Германияның физиктері мен химиктерінің осал емесін аңғаруға болады, инженер-техниктері де Екінші дүниежүзілік соғыста адамдарды мың-мыңдап қырған қару-жарактың жойқын түрлерін көптеп әрі әскездеп шығаруда ерекше шеберлік көрсеткені – тарихи шындық. Егерде қанқұмар үкіметтен әмір түссе – Кайзер институтының ғалымдары атом ядросына үнілуді жеделдетіп, ураннан, иә ауыр элементтердің ыдырауынан туатын орасан зор энергия қуатын бүлдіргіш қаруға айналдыруы әбден ықтимал еді деген ойды физик Гольдшмидт кітабында даралап ескерткен...

Адольф Гитлер «Майн кампф» кітабында өзінің бұзық ойын ашық мәлімдеп, алғашқы кезекте «жебірейлерді жер бетінен біржола жою мәселесін түпкілікті шешетінін» жасырмаған. Еуропаның Собибор, Треблинк, Белжец, Освенцим-Биркенау қалаларында неше мың жепірейді бір мезгілде қабылдайтын концлагерьлер ашып, күні-түні жұмыс істеген газ пештерінде солардың 2,2 миллион адамы, сәбилеріне дейін ажал құшқаны (ақыр аяғында Еуропаны мекендеген 6 миллион жепірейдің көзін жойған) – адамзат тарихында қара әріппен жазылған шерлі ақиқат. Бұл зұлматты жепірейлер «Холокост» деп атап, әрбір 29 қаңтарда (Кенес әскері Освенцим концлагерін сол күні азат еткен) шерменделерді еске алуды синагогада өткізеді.

Гитлердің «Майн кампфта» жария еткен жантүршігерлік басты ұстанымының адамзат қауымын қандай қасіретке душар еткеніне көз салыңыз: шетел тарихшысы Лиддел Харттың «Екінші дүние жүзілік соғыстың тарихы» атты деректі еңбегінде келтірілген кестеде Еуропа жұртын және Ресей халқын бағындырмақ болған жеті жылдық қырғында немістер 6 850000 адамынан айрылған (Германияның сол кездегі халқының 9,5 пайызы, яғни солардың 3810000 адамы – бейбіт еңбеккерлер); осы қырғында Германиямен одақтас болған Италия 410000, Венгрия 420000, Румыния 460000, Чехословакия 400000, Австрия-

нын 480000 адамы жер жастанған; ең зор шығынды Кеңес Одағы тартып, 21300000 адамын жоғалтқан (күллі халықтың 11 пайызы, бейбіт еңбек иелерінен жер жастанғаны – 7700000 адам. Қызыл Армияның 3,8–3,9 миллион жауынгері тұтқынға түсіп, солардың да елу пайызы адам қатарына қосылмаған. Алайда, РФ-ның Мемлекеттік думасы 2017 жылғы 14 наурызда құпиялығы бертінде ашылған деректерді ескеріп, Кеңес Одағы осы қантөгісте 42 миллион адамынан айрылды деген ақпарды ресми бекітті (солардың 26,9 миллионы, тарихшы Б.В.Соколовтың анықтауынша, КСРО Қарулы күштерінің шығыны). Польшаның жоғалтқаны – 6123000 адам (күллі халқының 17,2 пайызы, ал бейбіт тұрғындарының 6 миллион жан иесі, сол бейбақтардың 2,9 миллионы – жергілікті жебірейлер); Ұлыбританияның шығыны – 388000 адам, Франция 810000, Югославия 1708000; АҚШ Тынық мұхиттағы шығынын қоса есептегенде небәрі 295000 жауынгерінен айрылған. Л. Харттың есебінше, Еуропа елдері осы соғыста 40 миллион жан иесін жоғалтқан. Әлбетте КСРО жоғалтқан, нақты шығыны бертінде анықталған сандарды ескерсек, адам шығынын қосымша 20 миллионға, тіпті одан көбірек болмағы айқын...

Жебірей халқын жер бетінен мүлдем жою туралы Гитлердің сорақы ұстанымы неміс мамандарының атомдық зерттеуді сәтті жүргізуіне де зиянын тигізген. Кайзер-Вильгельм институтында зерттеу жүргізген физик жебірейлер Германия ғана емес, неміс армиясы уақытша иемденген Еуропа елдерінен жедеғабыл жылыстап кетуге мәжбүр болған. Солардың бірі – адамзат қауымының білгірі атанған Альберт Эйнштейн Германиядан Екінші дүниежүзілік алапат соғыс басталар қарсаңда АҚШ-қа өз қалауымен қоныс аударған; екінші білгір – Берлиндегі жебірей ұлтының аса дарынды перзенті Лиза Мейтнер институттың физика бөлімінде ұзақ жылдар зерттеу жүргізген ғалым, ол да кейбір әріптестерінің ойына келмеген қатерді көрегендікпен болжап, 1938 жылы Швецияға қоныс аударған. Өзін шошытқан күдікті ол туған жиені, осы елде эмиграцияда жүрген неміс физигі Отто Фришке айтады. Ол болса фашистік Германия үдесіне жұмыс істеуден бас тартып, Нильс Бордың Копенгагендегі зертханасына ауысқан. Фриш осы жайтты атомдық зерттеуді жаңа белеске көтерген кемеңгер ұстазына мәлімдейді. Н.Бор – атом ядросын зерттеудің теоретигі ғана емес, аса дарынды экспериментатор. Сұңғыла ой иесі дереу есепке отырып, ядросы ыдырауға бейім элементтер қанша қуат бөлетінін шамалайды. Қысқасы, Л. Мейтнер болжаған қатердің жүзеге асуы ықтимал екеніне иланған соң-ақ өзін шошытқан күдікті шетелдік әріптестеріне хабарлайды. Содан кейін-ақ уран изотопы бөлетін орасан зор қуатты бүлдіргіш бомбаға айналдыруға Вильгельм институтындағы физиктердің жедеғабыл кіріскені туралы қауесет Еуропаны кезіп, көптеген білімпаздардың түн ұйқысын қашырған. Өйткені, сол қаруды қолданудан фашист үкіметінің бас тартпасына бірде-бірі шүбә келтірмеген: өйткені Чехословакия жеріндегі Иоахимсталь мен Богемияның уранға бай кеніштері неміс әскерінің иелігіне көшті; Германияның бірнеше дивизиясы бейтарап саясат ұстаған Бельгияға баса көктеп кіруі де содан-мыс; демек, сол елдің қарауындағы Конгоның (Африка құрлығындағы кеніштер) уранға бай кенін де жетіне жаратуы әбден ықтимал жайт...

Ізгі ниетті ғалым-физиктер адамзат қауымына төнген осынау зұлым істің алдын алу үшін қажет деп білген амалдарды әр қырынан ойластырған: солардың байбаламымен Англияның құпия қызметі жасақтаған қарулы топ Норвегияға аттанып, Скандинавияның таулы өңірінде, екі мың метр биікке салынған құпия зауыт қыруар бейнетпен өндірген 180 литр «ауыр суды» Францияға жеткізген (ол болса нейтрондар ағысын тежейтін тамаша реагент); Жолио Кюридың талабы бойынша, Бельгияда сақталған 6 тонна уран тотығы да Парижге әкелінеді. Амал не, неміс әскері Францияны тізе бүктірді. Ядролық зерттеулермен шұғылданған француз физиктері Халбан мен Коварски өз иелігіндегі стратегиялық шикізатты Англияға жедеғабыл жөнелтіп, өздері де сол елге қоныс аударды.

Еуропа физиктері ағылшын әріптестерімен мәмлеге келіп, атомдық зерттеуді осы елде жалғастырады. Түпкі мақсат – атом бомбасын немістерден бұрын жасау. Өйткені, сол қаруды жауласушы екі жақ бірдей иеленсе – оны қолдану екеуі үшін де қатерлі әрекетке айналмақ. Рас, тізбекті реакцияны сәтті жүргізіп, одан түзілетін энергия қуатын тежеу үшін бірнеше алып зауыттар салу қажет, оған қоса ядролық зерттеуді сәтті жалғастыруға көп күш пен қаржы, техника кілтпанына жетік мамандар керек. Қысқасы, сол істі ойдағыдай жүргізуге Ұлыбританияның шама-шарқы жетпейтіні айқын...

Англияда бас қосқан әлем физиктерінің назары ақыр аяғында АҚШ-қа ауады.

\* \* \*

Америкаға қоныс аударған білімпаз физиктердің нояны Лео Сцилард 1939 жылдың ақпан айында әр елдегі өзімен ниеттес әріптестеріне хат жолдап, соғыс аяқталғанша атом туралы жаңа ізденістер нәтижесін баспасөзде жарияламай, құпияда ұстауды өтінген. Айтқан дәлелі – ядролық зерттеумен шұғылданатын неміс физиктеріне ешқандай дерек бермеу... Нильс Бор да Еуропаның өзіне қоныс болмайтынын аңдаған соң-ақ АҚШ-қа аттанып, барған бетінде физика ілімінің тылсым құпиясына тың көзқараспен қарауға түрткі болған салыстырма теорияны ойлап табушы кемеңгер Альберт Эйнштейнге жолығып, неміс ғалымдарының адамзат қауымын миллиондап күйретуді көздеген зұлым әрекетін тежейтін пәрменді шара қолдану жөнінде ақылдасады. Ғалымның осы ойын неміс етігінің табанына түскен отаны Италияда жұмыс істеуді ар-ожданына кереғар іс санап, осы елге өз еркімен келген айтулы физик Энрико Ферми де қолдайды.

Американдықтар атом бомбасын дайындауға 1942 жылдың басында кіріседі. Әскери министрлік мен теңіз флоты осы зерттеуді бастауға небәрі 6 мың доллар қаржы бөлген. Яки физиктер ұсынған жобаға пәлендей сенбеген. Рас, жұмыс көлемі ұлғая келе жеке демеушілерден 300 мың доллар сый қаржы түскен. Зерттеудің екінші жылында ғана мемлекеттік бюджеттен 2 миллиард доллар бөлген...



Осы жобаның жетекші тобы 1942 жылдың қантарында Чикаго университетінің физика зертханасында жедеғабыл ізденіске кіріскен. Сол жұмысты «тізбекті реакция» түзеудің хас білгірі Энрико Ферми басқарған. Табиғат оған сұнғыла ақылмен қоса ешқашанда шаршауды білмейтін ерекше күш-қуат, ұстаған бетінен айнымайтын жігер де дарытқан-мыс. Осы қаладағы құпия зерттеуді ресми хаттауға 1942 жылдың шілде айында үкімет тапсырмасын алған журналист У. Лоуренс тұңғыш атом бомбасының дүниеге келу тарихын баяндаған «Атомдар мен адамдар» кітабында: «Э. Ферми әкімшілік міндетіне жүрдім-бардым қарап, атом ядросының құпиясына үнілуді ғана көбірек ойлап, нағыз атомшы-физик қалпын өзгертпеген. Сол білгір «тізбекті реакцияны» тежеуші реагент өте қымбатқа түсетін «ауыр су» емес, таза графитті таңдап, алғашқы күннен-ақ зерттеу бағыты жедеғабыл өрістеді...», – деген тұжырым айтқан...

Шынында да 1942 жылдың 2 желтоқсан күні «тізбекті реакцияны» қоздыру сәтті жүргізілген. Сол күнді әлем физиктері «атом үстемдігінің басталуы» деп даралаған. Ол болса Чикаго университетінің зертханасында жедеғабыл салынған тұңғыш реактор өндірген атом қуаты.

Бейдауа уақыттың 1942 жыл екенін ұмытпалық! Неге? Жазғы маусымдағы сәтті шайқастардан соң фельдмаршал Паулюстің жер қайысқан армиясы Еділ жағасына ентелеп жетіп, Сталинград көшелерінде ұрыс жүргізіп, Гитлер «айбынды қолбасшым» дейтін генерал-фельдмаршал Э. Роммель басқарған «Африка корпусы» ағылшын әскерінен алғаш рет жойқын соққыға ұрынған аумалы мезгіл. Одақтас елдердің үкімет басшылары да осыған дейін өзіне қарсы елдердің қорғаныс шебін бөгеусіз бұзып-жарып, үнемі үстемшілік көрсетіп келе жатқан неміс әскерінің тегеуірінді екпіні сәл бәсеңдеп, күш-қуаты сарқылуға таяу екеніне сендірген сындарлы шақ. Демек, айбынды Германияны таяу жылдарда күйретуге болады. Сол күнді тек пәрменді жеңістермен жақындата біл!..

АҚШ үкіметі сол гәпті ескеріп, әлем физиктерінің үздік білгірлері жанталаса әзірлеуге кіріскен жаңа қарудың зор қуатын түсініп, өз елінің ауыр өнеркәсібін соған бейімдеуге шешім қабылдайды. Сол жобаны жедеғабыл жүзеге асыру үшін ғалым-физиктер әскери күштерге арқа сүйеуге тиіс. Сөйту үшін «Манхэттен жобасы» атанған әскери жаңа ұжым құрып, оның штабын Нью-Йорк қаласында ұстаған. Атом ядросымен шұғылданушы оқымыстылар бұл шешімге наразылық білдіріпті. Сірә, ғылыми еркіндігінен, одан да гөрі әскерилердің қол астында болу – атом бомбасын иеленуден айрылу екенін бірден сезген. Алайда, атомдық жобаның нәтижесін көруге санаулы айлар қалғанда өздері ұсынған істен бас тартуға тек дәттері жетпеген...

Әділін айтқанда, әскерилердің араласуы техникалық күрделі шараларды жедеғабыл іске асыруға септігін тигізеді. Ен бастысы, әр жерде салынып жатқан өндіріс ошақтарын тездетіп тұрғызып, сол кешендерді басқару, құпиялығын сақтау да ұтымды шешілген. Мысалы, «Манхэттен жобасы» бойынша, Американың үш жерінде 1942 жылдың аяғында құрылысы басталған, «Х», «Ү» және «W» атанған құпия үш қалашық едел-жедел салынған (солардың әр-

бірінде 10 мыңдай әскерилер болған). Үшеуінде де атом ядросын ыдыратуға қажет компоненттер мен құрал-жабдықтар дайындалған. Солардың бірі Теннеси штатындағы Ок-Ридже атанған құрылыс алаңында уран изотоптарын айыратын екі зауыт және экспериментальды графит реакторы тұрғызылған; «W» кешені үшін Колорадо өзенінің жағасындағы Хэнфорд елді мекені таңдалып, уранның 235-изотопы мен плутоний өндіретін зауыт жедеғабыл бой түзеп, оған қоса аса ірі үш графит реакторы салынған; «Y» әрпімен далдаланған объектіге таңдалған үшінші орын – Нью-Мексико штатындағы Лос-Аламос таулы аймағы. Сол жерде атом бомбасын құрастыратын алаң дайындалған. Бұл қалашықты физиктер өзара «Нобель сыйлығының лауреаттарының концлагері» деп атаған. Өйткені осы қалашықта әлем физиктерінің таңдаулы тобы еңбек еткен, кімдер екені әжуа атауынан-ақ сезіледі. Ок-Ридже мен Лос-Аламосағы өндірістерде АҚШ-тың, Канаданың, Англияның, Бельгияның, Данияның, Колумбияның, Австралияның, тағы бірнеше елдің соғыс жылдарында осы құрлыққа қоныс аударған, қарамаы бір мыңдай маңдай алды инженер-техниктері жұмыс істеген.

Үш қалашықтағы ғылыми-техникалық топқа теоретик-физик, бертінде «Атом бомбасының кіндік атасы» атанған, сол кезде отыз жастағы Роберт Оппенгеймер басшылық етіпті. «Тілдескен адамды бірден баурап алатын қабілетке ие және ұйымдастырушылық дарыны ересен күшті жас ғалым небір талантты математиктер, физиктер мен химиктерді жұмысқа шақырып, күн сайын туатын теориялық, практикалық мәселелерді солардың көмегімен ұтымды шешуден жаңылмады. – дейді журналист Лоуренс біз ілгеріде сілтеме жасаған кітабының 35-бетінде. – Мысалы, атом бомбасының жарылысты қоздыру тетігін тыннан жасауда ол айрықша өнертапқыштық қабілет аңғартады...». Осы топ бомбаның көлемін кішірейтіп, салмағын кеміту үшін де тапқырлық көрсеткен.

Алғашқы үш бомбаны тездетіп жасауға ақыл-ой қосқан жанкештілер – жүздеген адам. Солардың жетекшілері әлемдік білімпаздардың жампоз тобы – Нильс Бор, Роберт Оппенгеймер, Лео Сцилард, Глен Сиборг, Юри мен Эрнест Лоуренстер, Эрнест Ферми және басқалар. Бәрі де ығай мен сығай дерлік ғұламалар, ең ғажабы, өздеріне жүктелген жауапты міндетті тездетіп орындауға құлшынған ғылым иелері адамзаттың қас жауы Гитлердің бұзық ойын қайткен күнде жүзеге асырмау үшін күні-түні сарыла жұмыс істеген... Бертінде жарияланған естелік кітаптарда жетекші топтың күн сайынғы талаптары АҚШ үкіметі тарапынан тежеусіз орындалғаны баяндалған. Жобалаушылар қаражатты да керегінше және тежеусіз алыпты. Сол гәпті мынадай айпақтан айқын көреміз: сынақ үшін электромагниттер жасауға арнайы қасиетке ие сапалы болатқа ділгерлік туғанда, үкімет орта қуатты әскери флот жасауға толық жететін, арнаулы қорда сақталған бірнеше мың тонна сапалы болат құймаларын бөгеусіз босатқан; электро-магниттердің орамына қажет таза күміске сұранысты өтеу үшін де қор банкінде сақтаулы, құны 200 миллиард ескі франкке тең 14 мың тонна күміс ақшаны қайта құюға рұқсат берілген...

1945 жылдың көктемі. Кеңес Одағының әскери күштері Берлинді қоршауды аяқтап, шешуші ұрыстардың Германия астанасының көшелерінде жүріп жатқанына әлем халқы құлақ түріп отырған елеулі мезгіл. Англияның, АҚШ-тың, Францияның, Бельгияның біріккен әскерлері мен партизан отрядтары жанталаса қимылдап, фашистік агрессордың соңғы дивизияларын талқандауға кіріскен айтулы кезең.

Әлем халқы жеңіс хабарын тағатсыздана күткен сыңдарлы күндерде «Манхэттен жобасының» ғылыми жетекшісі Роберт Оппенгеймер АҚШ үкіметіне (Ф. Рузвельт сол жылғы 12 сәуірде қайтыс болып, оны Гарри Трумэн ауыстырған): «Бірнеше күннен кейін атом бомбасы сынауға әзір болады» деген рапорт жолдап, уранның 235-изотопынан үш бомба әзірленгенін мәлімдейді. Солардың бірі – «Балақан» («Малыш»). Оның ұзындығы – 3 метр, диаметрі – 70 сантиметр, салмағы – 4 тонна, оның зарядына 7 кило уран-235 изотопы жұмсалған. Екінші бомба – «Балпаң» («Толстяк»), ұзындығы – 3 метр, диаметрі – 1,5 метр, салмағы – 5 тоннадан астам, бүлдіргіш заты – небәрі 1,3 кило плутонийдің 239-изотопы. Екі бомбаның жиынтық қуаты 20-22 мың тонна тротил шамасында. Үшінші бомбаның өлшемдері алғашқы екеуінен сәл кемірек. Ол болса сынақ үшін жеңілдетіліп және арнайы қорапсыз жасалған.

Әскерилер алғашқы сынақты Нью-Мексико штатында, шөлейт даласы басым елсіз жерде өткізуге дайындық жасаған. Сол үшін биіктігі 100 метр болатын мұнара тұрғызылып, үшінші бомба соның ұшар басына орнатылып, алыстан түскен дабылмен жарылуға тиіс. Сынақ алаңына ұрымтал орналасқан елді мекендердің адамдары жүз шақырым қашыққа көшірілген. Ал, үйлері мен қорайлары барлық малымен, ит-мысықтарымен жұртында қалады...

Алайда, сынаққа бірер апта қалғанда өздеріне мәлім болған оқыс бір жайт ғалымдар тобын ерекше таңғалдырып, кейбірін қатты абыржытқан: «Манхэттен жобасына» үкімет тарапынан бақылаушы болып тағайындалған генерал Л. Гровс Ок-Риджедегі уранның 235-изотопын өндіретін зауыт басшысына қоймадағы уран қорын өңдеуді кем дегенде екі есе көбейтіп әрі соны жеделдете дайындауға әмір берген. «Не үшін?» деген сұрауға ол: «Екінші дүниежүзілік соғысты жеңіспен аяқтауды тездету үшін!» – депті-мыс.

Екі бомбаны қолдануға бұйрық фашистік Германияның әскери қолбасшылары күйрей жеңілгенін мойындаған актіге қол қойғаннан кейін берілген. Ғалым-физиктердің сол жайтқа ерекше дүрліккен таңданысы да осыдан соң өрбіген. Өйткені, Германиямен әскери одақ құрған елдерден қарулы қарсылықты тоқтатпаған бірден-бір мемлекет – Жапония... «V» қалашығындағы ғылым иелерінің: «Қатерлі қару жасап жатыр деген фашистік Германия тарих сахнасынан кетті. Жапон милитаристерінде ондай бүлдіргіш бомба зәуімде жоқ. Олай болса әскер жасақтарымен қоса бейбіт халықты мың-мындап жоятын жойқын қаруды соншама көбейтудің қажеттілігі қанша?..» – деген заңды сұрауына қатынас генерал жымысқы күлкімен: «АҚШ әскеріндегі әрбір жауынгерді және солардың ізбасар перзенттерінің өмірін сақтау үшін – бұл шара бізге ауадай қажет!..» – деп сес көрсеткен.

Тынымсыз жанталаспен жүзеге асқан істің ақыр аяғында ақылға сыймайтын зұлымдыққа ойысқанын түсінген әлем физиктерінің қарамды тобы осы

әрекетке пәрменді түрде қарсылық білдіреді. Сол наразылықты Роберт Оппенгеймер бастаған. «Манхэттен жобасына» қатысқан барлық шетелдік оқымыстылар оның наразылығын жаппай қолдаған. Ізгі ниеттегі осы топ адамзат қауымын кезекті жауыздыққа ұрындырмауды талап еткен ойларын ашық мәлімдеп, генерал Л. Гровска, АҚШ-тың соғыс министрі Г. Стимсонға, президент Г. Трумэнге наразылық хаттар жолдаған. Ғаламат қантөгіске ұрындыратын шешім қабылдаған адамның күндердің күнінде тарих сотына тартыларын да бүкпесіз жазған-мыс...

Алғашқы атом бомбасын сынауға алты апта қалғанда Лео Сцилард АҚШ үкіметінің мемлекеттік хатшысы Джемс Бирнске жолығып, осы жобаға қатысқан физиктерден жүзге тарта адам қол қойған меморандум-хатты АҚШ президентіне беруді өтінген. Сол хатта атом қаруын соғыс мақсатында қолдану келешек үшін аса қатерлі әрекет екені, саясат майданында сол шара Американың үстемдігін небәрі 4-5 жылға ғана алға шығарып, алғашқы кезекте Кеңес Одағы, одан кейін басқа елдердің жойқын қаруға ие болып, біріне-бірі қоқан-лоқы көрсетуге соқтыратыны арнайы ескертілген. «Президент мырза, адам қанын суша төккен дүниежүзілік екінші соғыс ізгі ниетті елдердің біріккен күшінің тамаша жеңісімен аяқталар қарсаңда атом бомбасын «үлкен шоқпар» ретінде жапон халқын күйретуге қолдануды, біз, осы «шоқпарды» жасаушылар қолдамаймыз. Бұл істе Сіз кемеңгерлік көрсетіп, әскерилердің зұлым ойларын тежейді деп сенеміз...» — деген сөздер соған дәлел. Яғни, таяу жылдарда басталмақ «қырғиқабақ соғысты» сол ақылмандар болжаған...

Ф. Рузвельт сол хатқа жауап бермеген. Қандай көзқарас ұстанғаны да беймәлім.

Әлбетте қандайда ұжымдық хатты елеусіз қалдыруға болмайды. Министр Стимсон 1945 жылғы 31 мамырда Атомдық комитеттің құпия мәжілісін шақырып, ғалым-физиктердің пікірін тыңдаған. Сол талқыға «Манхэттен жобасының» жетекші ғалымдары Артур Комптон, Энрико Ферми, О.Лоуренс және Роберт Оппенгеймер (төртеуі де Нобель сыйлығының иегерлері) қатысып, бомбаны қолдануға наразылық білдірген. Амал не, соңғы сөзді министр кесіп-пішіп айтып, екі бомбаны да жапон еліне қолдануға президенттің шешім қабылданғанын мәлімдеген...

Алғашқы бомба 1945 жылғы 16 шілдеде Американың Аламогордо аталған шөлдаласында сыналып, бұған дейін адамзат қауымы естіп-білмеген, бүлдіргіш қуаты жойқын қарудың дүниеге келгені мәлім болады. Жантүршігерлік сол оқиғаны көзімен көрген журналист Лоуренстің тәптіштеп жазуына қарағанда, алғашқы сынақтан туатын ғаламат бүліншілікті физик ғалымдар көрегендікпен болжаған: жарылыс болған жердің құмы балқып қаратасқа айналатыны, жауын-шашынмен бірге радиоактивті тозаң жерге қайтып оралатыны, өзендер, көлдер, бұлақ көздерінің де зақымданатыны мәлім болған; әлбетте сол қатерден сақтану шаралары алдын-ала ойластырылған; сондықтан да жергілікті тұрғындардың бірде-бірі жарақат алмаған. АҚШ үкіметі Аламогордо атырабының тұрғындарының қора-қопсысын тастап, басынан кешкен

уақытша тауқыметі үшін қомақты қаржы төлеген. Сынақта зақымданған аумақты жер де қоршалып, сол маңатқа ұшқан құстан өзге жан-жануарды өткізбеу шаралары тыңғылықты түрде жүзеге асқан.

\* \* \*

Америка мен Жапонияның әскери күштерінің күш-қуатын өзара сынасқан алғашқы шайқас 1941 жылғы 7 желтоқсанда болған. Тынық мұхиттың шығысындағы Перл-Харбор портын американдықтар иемденіп, теңіз флотының орталық базасына айналдырып, қаперсіз ұйықтап жатқанда Жапонияның жүздеген ұшағы мен әскери кемелері сол қолтыққа ресми түрде соғыс жариялаудан бірнеше сағат бұрын тұтқиылдан кіріп, якорьда тұрған АҚШ кемелерінің үштен екісін құрдымға жөнелткен. Кемелері ғана емес, бірнеше мың әскери теңізшілерін де. Анығында бұл – АҚШ тарихында бұрын-сонды болмаған маскара жеңіліс. Амал не, АҚШ үкіметі теңіз флотын қалпына келтіруге толық үш жыл жұмсаған. Әлбетте өздерін американдық санайтын әрбір әскери азамат сол күнгі маскара шайқасты ұзақ уақыт ұмыта алмай, содан кейінгі төрт жылда жапон әскерінен кек қайтаруды күні-түні армандаған...

Әскери министр Стимсон да сол істе даңққұмар да кекшіл генералдарынан аса алмай әрі өзінің өкінішін атомдық әлей соққымен қайтаруды жобалауға ынтасы да осы ойдан өрбіген. АҚШ президенті Г. Трумэн сол зұлымдыққа бірер апта емес, екі ай ойланған-мыс. «Әскери ақылмандарымен ұзақ кеңесіп, Англияның премьер-министрі Уинстон Черчилльдің де пікірін сұраған... – дейді Л. Лоуренс деректі кітабының 152-бетінде. – Бомбаны қолдану керек, мұндай мүмкіндік таяу жылдарда болмайды, бейбіт күнде қандай мемлекеттің халқын қанға бөктіретін, қуаты әлей жана қаруға құрбан етеміз... деген де қитұрқы желеу айтқан-мыс. Ақырында Г. Трумэн өзін әлем халқының айыптауынан ақтау үшін жауласушы елдің үкіметіне ресми нота жолдаған. Жапон үкіметінің премьер-министрі Судзуки шетел журналистерімен 28 шілдегі кездесуде Потсдам декларациясы талап еткен «күйрей жеңілу» шартын сірәда қабылдамайтынын, АҚШ президентінің әлімжеттік пиғылмен өзіне жолдаған нотасын тәрк ететінін мәлімдеп: «Жапон әскері бірнеше жылғы қантөгісте күшін сарқып, иә онбай жеңілген бірде-бір шайқасты көрген жоқ. Әскерінің жауынгерлік айбыны да ерекше жоғары. Сондықтан да американдарды тәубеге келтіру қажет...» – деген-мыс.

Бұл енді күллі жапондықтарға тән самурайлық (өздерін ерекше жеңімпаз ұлт санайтын өркөкіректік сана деп ұғыңыз) әрі «жер бетіндегі аса текті нәсіл» екендігіне шүбәсіз сенген әскери қолбасшыларына ерекше сенудің салдары. Әлбетте сол шіркіндер таяу күндерде өздерін нендей кесепат күтіп тұрғанын білмеген.

«Самурай» деген сөздің түп мағынасын біз өздерін «ерекше нәсіл» санаудан туған астам пиғылға саямыз. Көбіне соны фашистік идеологияға байлап, басқа халықтарды өзіне құл етуге құқығы бар «айрықша тектілікке» бұрамыз. Самурай атауының түп мәні анығында – туған еліне жан-тәнімен қызмет ету, жапон халқы мен билеуші императорына адалдық көрсету, қасық қаны қалғанша оны қорғау, ал қорғай алмаса – өзін-өзі өлтіруге әрдайым дайын болу. Осы рәсім Жапон аралында XII ғасырда бір ұлт болып, біртұтас мемлекетке ұйымдасқан кезде өрбіген. Самурай құқығына ақсүйектер ғана ие. Әрбір самурай – жер иесі, ал жерді өңдеушілер – басыбайлы шаруалар. Жер иесі қарауындағы шаруаларды асырауға және қорғауға міндетті. Самурайдың өзі жұмыс

істемейді, әскери міндетін мүлтіксіз атқару үшін жаттығу жасап, жауынгерлік қабілетін үнемі жетілдіруге тиіс. Егерде соны ойдағыдай орындай алмаса немесе сырттан келген жаудан жеңілетін болса — өзіне қол жұмсап өлуге тиіс. Мұндай өлім қасиетті саналады. Адамзат тарихы Азия, Америка, Африка, Австралия және Еуропада құлдық қамытын мойнына ілмеген жұртты білмейді, барлық ұлттар аумалы-төкпелі замандарды басынан кешкен. Сонғы он ғасырда құлдық қамытын мойнына ілмеген бірден-бір ел — тек қана Жапония. Бұл да самурайлық идеологияның жемісі. Ең ғажабы, жапон халқы өзінен күші басым елге бағынышты болып ешқашанда өмір сүрмейді...

Сондықтан да Судзикаі үкіметі АҚШ билеушілері ұсынған күйрей жеңілдік деген маскара шартты қабылдамаған, одан гөрі майдан даласында шейіт болуды артық санаған.

У.Л. Лоуренс, «Адамдар және атомдар»:


*«Тынық мұхиттағы Тиниан аралындағы әскери аэробазаға келгенімде АҚШ әскерінің қолбасшысы генерал Фаррел маған үш күнге кешіккен себептен алғашқы операцияға қатыса алмайтынымды мәлімдеді. Тарихи аса мәнді оқиғаны (?) көзбе-көз бақылау мүмкіндігінен қақас қалғанымға қатты өкіндім. Амал қанша, осы аралдағы «Б-29» ұшағына «Балақанды» тиеуді ғана бақылауды қанағат еттім. Ұшақтың командирі полковник Поль Кіші-Тиббетс екенін білдім, қарауындағы әуе кемесін ол өзін жарық дүниеге келтірген анасының есімімен «Энола Гэй» деп атапты. Сол сөзді ұшақтың екі қанатының астына метрлік әріптермен арбита жазған. Ал, бомбаның қорабын неше түрлі сайқымазақ сөздермен айшықтапты, бәрі-бәрінің мағынасы «жапон халқына қымбат сыйлық» дегенге саяды. Амбарға ұқсаған кең залда митингіге ұқсаған жиын өтті. Полковник Тиббетс қысқаша сөз сөйлеп: «Менің қарауымдағы отрядтың таңдауына үш түрлі нысана ұсынылып отыр. Бірінші нысана — Хиросима, екіншісі — Кюсю аралындағы Кокура қаласы, үшіншісі — Нагасаки, ол да осы аралда. Бір сағат бұрын сол бағытқа ауа райын бақылайтын үш ұшақ ұшып, қай нысананың бұлтсыз екенін бізге мәлімдейді. Өйткені, бүлдіргіш күшін мейлінше зорайту үшін барлаушы ұшақ командирі таңдаған қаланың орталық алаңына мен атом бомбасын талтүсте тастауға тиіспін...», — деп өз қарауындағы экипаж үшін аса жауапты міндетті орындауға ерекше құштар екенін тәптіштеп түсіндірді.*

*...Мариан уақыты бойынша түнгі сағат 2.45-те аэропорт алаңымен қатарлас салынған аспан тұңғыығына сүңгіп, ақырында тинәмдай ноқатқа айналғанын біз біржосын мақтаныш сезіммен бақыладық. Таңғы сағат 9.30-да Тынық мұхиттың бізден бес мың шақырым түкпірінен полковник Тиббетстің: «Тапсырма ойдағыдай орындалды» деген қуанышты үнін естідік...» — деп ерекше шаттыққа толы лебізбен жалғастырады АҚШ журналисі 1945 жылғы 6 тамызда жүзеге асқан жантүршігерлік оқиғаны.*

АҚШ жазарманы одан әрі Жапонияның Хиросима қаласына тасталған тұңғыш атом бомбасының жарылысынан туған ойранды екінші «Б-29» ұшағынан бақылаған капитан Уильям Парсонстың Тиниан базасына оралған кездегі ауызекі әңгімесін кітабының 159-бетінде келтірген:

*«Бұл енді, жаппар құдай көзіңе көрсетпесін, екінші қайтара көруге дәтім шыдамас зор бүліншілікті аспан көгінен бақыладым. Қасқағым сәтте жер-көкті шаң-тозаң қаптады. Аспанға ілінген саңырауқұлақтың астыңғы жағындағы диаметрі кем дегенде бес шақырым, түсі жасыл ма, сұрғылт па, нендей рең екенін айырып болмас*

қою қойыртпақ Хиросима үстінде бұрқ-сарқ қайнап жатты. Бір мезетте саңырауқұлақтың үстінен аппақ бұлт шоғыры аспанға көтерілді. Іле-шала екінші бұлт пайда болып, о да алғашқының соңынан жөңкілді. Саңырауқұлақтың ұшар төбесі ғана емес, өне бойы да кенет шыр көбелек билеген құйынға айналды. Будақтаған түтін мен жалынның тұмсығы әп-сәтте біз көтерілген биікке жетіп, оның артынан тағы сондай екінші құйын көрінді. Сол алапат оң жақ бүйірден, жер бетіне қырық бес градусқа шүйілгендей болып, алды-артымызды қаумалай бастады. Кейбірі аспанға тік шаншылса, молырақ бөлегі жерге қайтып жатқандай. Ал, төменде, Хиросима қаласының орталық тұсында отқа оранған жасыл белдеу түзіліп, күллі шәр әп-сәтте от құшағына оранғанын аңғардым. Соған да шүбәм бар, өйткені қайыра қарағанымда қала үйлері ұнтаққа айналып, жер бетінен жоқ болған сияқтанды. Зәремнің ұшқаны сонша қатерлі жерден қашыққа кетуге асықтым...»



Франклин Рузвельт —  
атом бомбасын жасауға  
мұрындық болған АҚШ-тың президенті



Гарри Трумэн — 1945 жылы сәуірде АҚШ  
президентінің тағына ие болып, екі  
айдан кейін алғашқы атом бомбаларын  
қолдануға әмір берген зұлым

Алғашқы атом бомбасы жасаған зор бүліншілікті жерден бақылаған АҚШ журналисі Роберт Лифтонның «Тірідей өлу» кітабынан үзінді:

«Олар әлдекімге қолдарын созады, қолдары ғана емес, ашық беттері мен тұттай жалаңаш денелерінің терілері сыдырылған байғұстардың құбыжық кейіптері адам шошырлық. Егер солар бірді-екілі болса бәлкім соншама шошымас едім. Осы кейіптегі «тірі өліктерді» мен сол күні алға қарай жүрген сайын кездестірдім. Көпшілігі жол шетінде серейіп жатты. Адами бейнесін жоғалтқан жүздеген мүскіндер. Сол күні көргенім бүгінге дейін көз алдымда, көбіне түсіме енеді. Оларды мен көрген сайын бұл дүниенің адамы емес, әлдеқандай бір елес сияқты сезінемін...».

АҚШ-тың әскери қырғилары дегеніне жетті. Перл-Харбордағы жеңілістің есесін олар жүздеген есе қайтарып, көңілдері көншіді. Физик ғалымдар да адамзат үшін ғылымның жана дәуірін аштық десіп, сынақтан сәтті өткен атом бомбасы соның алғашқы қарлығашы, адамзат қауымын мол энергиямен қа-

жетінше жарылқайтын қуат көзін таптық десіп, айран-асыр қуанышқа бөленген. Әлбетте Ел мен Жер тағдырын уысында ұстаған күштілер өздері жасаған ауыр қылмыстың жантүршігерлік залалын әлсіретіп, қайткен күнде бұркеу мақсатымен дипломатиялық үгіт-насихатқа көшкен...

«Жапон халқына! АҚШ үкіметі сіздерді осы үндеуде баяндалған тосын оқиғаға зер сала үңілуді өтінеді. Адам баласы бүгінге дейін қолданған жарылғыш заттардың ең күштісіне ие. Солардың атом бомбасы аталған тек қана біреуі «Б-29»-дан құралған 2000 ұшақ бір мезгілде тастайтын бүлдіргіш қуатқа тең. Сіздер осынау жантүршігерлік айғаққа ойлаңыңыздар һәм сеніңіздер, біздің айтып отырғанымыз – айдай шындық!

Осы қаруды қолдануға мәжбүр болдық. Бұл хабардың әншейін еместігіне сенбесеңіздер – атом бомбасының шағын түрі жарылған Хиросима тұрғындарының кездейсоқ тірі қалған тұрғындарынан сұраңыздар.

Сіздерді билеуші милитаристер өздері бастаған қантөгіс соғысты тоқтатуға келіспей, жалғастыра беруді тілеп отыр. Әлбетте жаңа қаруды біз әскери нысандарды жою үшін қолданамыз. Содан да бейкүнә жапон халқы зардап шегеді. Осы қантөгісті тоқтату үшін сіздер өздеріңіздің императорға наразылық білдіріңіздер. АҚШ президенті «күйрей жеңілу» шартын мойындау үшін 13 түрлі талап ұсынды. Сіздер осы шарттарды қалтқысыз қабылдап, еңбеккер және бақытты жапон мемлекетін қайтадан құруға өз бойынан күш-жігер табады деп сенеміз. Американың айбынды әскеріне қарулы қарсылықты дереу тоқтатуға ұсыныс жасаныздар. Ал егер бұл талапты тәрк етсеңіздер, соңғы рет ескертуге мәжбүрміз: біз атом бомбасының күштірек түрлерін қолданып, соғысты тез арада аяқтаудан тайынбаймыз. Қысқасы, таңдау – еңбеккер жапон халқы өздеріңізден!..»

Бір миллион дана осы үндеу 7 тамызда Жапонияның үлкенді-кішілі қалаларының үстінен қарша жауған. Бейбіт халыққа оның әсері қаншалықты пәрменді болғаны беймәлім. Сол әрекеттің тек қана дипломатия үшін, әлем халқына «біз кінәлі емеспіз, ескерттік» – деу үшін жасалған. Өйткені, екінші бомбаны қолдану 9 тамызға белгіленген. Небәрі екі тәулікте жапон халқы наразылық митингісіне жиналып үлгермейтінін, олардың өксікке толы үні императорға жетпейтінін АҚШ-тың әйдік басшылары қасақана ескермеген. Сөйте тұра олар «Ұлы мақсат жол тандатпайдыға» сайған. Мақсат – жаңа бомбаның қуатты түрін жарып, алапат қаруға ие екендігін дүние жүзі халықтарына иландыру.

Бұл болса «Үлкен шокпар» саясатының бисмилләсі...

У. Лоуренстің «Адамдар және атомдар» кітабына тағы да жүгінуге мәжбүрмін: *«9 тамыз. Түн. Аспан әлемі қараңғы. Жұлдыздар көрінбейді. Ең алдымен «Балпақ» бомбасы тиелген 77-санды «Б-29» көкке көтерілді. Сағат 3.50-де мен отырған ұшақ әуе мұхитына самғады. Бағытымыз – солтүстік-шығыс. Маңдай алдымызда – жапон елі. Алашабыр бұлттар арасынан жылтыраған шамдай бірді-екілі жұлдыздар көрінеді. Жарқ-жұрқ еткен найзағай оттары да қараңғы аспанды олай-бұлай тілгілеуде. Найзағайлар белдеуінен аман өткен соң-ақ империя шекарасына туралай тарттық, бізден 900 метрдей алдыда жапондарға «сыйлық» әкеле жатқан көшбасшы ұшақ. Таң жарығы білінгенде сағатыма қарадым: ертеңгілік бес шамасы, 5.50-де төңірек түгел жарықтан-ды... Демек төрт сағаттан соң бірінші нысана Кокураға*



жетеміз, оның үстін бұлт торлап, қала үйлерін көрсетпесе — екінші нысана Нагасакиге бет түзейміз. Бұл енді жазмыштың жазуы, екеуінің бірін бүгін жер бетінен құртуға тиіспіз.

...Кокураға жақындағанымызда оның үстінде қарақошқыл бұлттар шоғыры шыр айналып жүргенін көріп, аң-таң болдық. Қала үстінен үшінші рет айналғанымызда алды-артымыздан шөкім бұлтқа ұқсаған нүктелер пайда болды. Сөйтсем, олар жапон зениткаларының бізді атқылаған снарядтарының жарылысы екен. Санап отырмын, ә дегенде 15 жарылысты табан астымнан көрдім. Бір тәуірі, снарядтар біз самғаған биікке жетпей жарылуда. Бірер минуттан соң бізге таяу биікте жарылған сегіз ноқатты санадым. Демек, қатерлі зонадамыз. Көңілімді күдік жайлап, арқамдағы парашют белдігін сипалап едім, қасымдағы жиырма бір жасар радист жауынгер саспа дегендей басын шайқады. Сол сәтте қалың бұлт шоғырын жарып өтіп, бізге қарай оқтай зуылдап келе жатқан жапондық истребительдер эскадрилиясы көрінді.

Бастаушы ұшақ дереу жалт беріп, Нагасаки бағытына бұрылды.

Тағдыр сөйтіп Кокураны ауыр қасіреттен құтқарды...

Бұғаз жағалауын туралай кесіп өтіп, сағат 12.01-де жүз шақырым қашықтағы Нагасакиге жеттік. Оның да үсті ақшулан бұлттар. О, ғажап, қала үстіндегі қорғасындай ауыр бұлттарды әлдекім қолымен ысырғандай тарқатып, жер беті жарық сәулеге оранды. Алдағы ұшақтан өзіміз күткен шартты белгіні көрген соң күңгірт көзілдірікті көзіме іліп, ілгеріде келе жатқан ұшаққа қарадым. Әлдекім: «Әне, жөнелді!» — деп дауыстады. 77-нің астынан жерге қарай зымыраған қара ноқатты көрдім. Біздің «Б-29» оң жақ бүйірге бұрылды. Бомба көтеретін құйын жолынан қашығырақ болудың амалы. Кенет біз отырған ұшақтың іші күндізгідей жап-жарық болып, мол сәуле шоғырына оранды. Ұшағымыз тағы бір мәрте бұрылғанда табан астымыздағы таңғажайып құбылысты көрдім: тас төбедегі күн жер бетіне құлап түскендей, мол жарық шоғыры айналаны түгел ораған; көгілдір-жасыл сәулелер мұхиты — ұшан теңіз, қала ғана емес, аспан әлемі де жап-жарық... Біз отырған ұшақ кенет дір-дір етіп, тегеуірінді бір күш ауыр корабльді әрлі-берлі сілкілегендей болды. Алып ұшақтың бүкіл корпусы тұмсығынан құйрығына дейін қалшылдады. Демек, төмендегі жарылыс толқыны бізді де шалған. Іле-шала тарсылдаған төрт-бес жарылысты естідім. Құдды бір жапон зениткалары бізді көздеп атқандай, жан-жағыма үрейлене қарадым, құдай оңдап, тура тиген снарядтардан аман екенбіз. Корабльдің құйрық жағында отырған бақылаушылар жерден көтерілген от шоғырын көріп, оны домалақ шарға ұқсатыпты. Әлгі шар от пен түтіннен сақиналар түзеп, аспанға қарай зымыраған. Биіктігі үш мың метрден кем емес, көкжасыл түсті от бағаны көзіме шалынды. О, тоба, сол баған аспан төріне көтеріліп келеді. Біздің ұшақ содан қашып, бомба жарылған бағытқа қарай жөңкілді. Дер кезінде тайып беріппіз, от бағанның әлгі маңатқа әп-сәтте жеткенін байқадық. Әгерәки 45 секундке кешіксек, осы жолдарды жазар-жазбасым екіталай еді. Соңынан білдім, менің от бағаны деп шатастып отырғаным — атом жарылысы түзетін саңырауқұлақ бұлтты екен. Оның ұзындығы жер бетінен 13,5 мың метрге жетіпті. Бірнеше секундтен кейін әлгі шоғыр стратосфера қабатына сіңіп, жым-жылас жоғалды...

*Тұс ауа бактағы бензиннің таусылуға тақағаны мәлім болып, Окинава аралындағы қосымша алаңға әуірімдеп жеттік. 77-ұшақ та сонда қоныпты, әрине, сол жерде кездесіп, айран-асыр қуанышқа кенелдік...».*

Екінші бомбаны тастау міндеті 26 жасар капитан Кермит Бихэнге жүктелген. Оның да бейбіт тірліктегі жапон халқын шыбынша қырғанына жаны күйзеліп, ойланбағаны анық. Иә, 9 тамыздағы талтүсте ол екінші және ең қуатты, сол үшін де «Балпаң» атанған атом бомбасын Нагасаки қаласының орталық тұсына қасқағым сәтте жонелтіп, зытып берген. АҚШ журналисінің баяндауына қарағанда, сол «ерлігі» үшін ол шат-шадыман тұрмыс кешіп, неше алуан атақтар мен марапаттарды иеленіп, Техас штатындағы Хьюстон қаласында 70 жасқа толған мерейтойын жасап, 1989 жылы қайтыс болған...

Сонымен АҚШ-тың әскери қырғилары дегеніне жетті. Пирл-Харбордағы жеңілістің есесін жүздеген есе қайтарып, құса көңілдері көншіді. Физик ғалымдар да адамзат үшін ғылымның жаңа дәуірін аштық, атом бомбасы соның алғашқы қарлығашы, адамзат қауымын мол энергиямен қажетінше жарылқайтын қуат көзін таптық десін, айран-асыр қуанышқа бөленген. Ал, Ел мен Жер тағдырын уысында ұстаған күштілер өздері жасаған ауыр қылмыстың жантүршігерлік залалын әлсіретіп, қайткен күнде бүркеу мақсатымен дипломатиялық үгіт-насихатты аста-төк жариялаған...

Зер сала қарсаңыз, ешқандай бекініс, иә қорғаныс түрлерін елеп-ескермейтін алапат қуатқа ие атом бомбасы жапон елінің екі қаласын қасқағым сәтте құлталқан етті. Сол қырғынға қарсы тұрар қару-күш Жапонияда о күнде болмаған. Не істеу керек? Жер бетінен біржола жоғалып кетпес үшін (әлбетте, АҚШ әскерилерінде небәрі екі-ақ бомба барын білмеген) жапон үкіметі Америка ұсынған «күйрей жеңілу» шартын қабылдаған. Ал, самурайлар идеясына шексіз берілген жапонияның ерекше намысқой офицерлері қайткен? Өздеріне тән дәстүрге ден қойып, туған халқы мен билеуші императорын қорғай алмаған дәрменсіздігі үшін жалпы қарама 200 мың (!) орта және жоғары шенді офицерлері мен генералдары 1945 жылғы тамыз айында өздеріне харакири жасап (арнайы қанжармен сол бүйірінен оң жаққа қарай ішін жарып, ішек-қарнын ақтарып шейіт болған. Әлбетте бәрі де зор құрметпен жерленіп, есімдері де арнайы тарих кітабына алтын әріптермен жазылған...

АҚШ үкіметінің ұсынысымен Біріккен ұлттар ұйымы 1946 жылы арнайы қарар қабылдап, самурайлық дәстүрді жалпы адами заңға қарама-қайшы одағай рәсім деп жариялайды. Алайда, сол рәсімнің жапон халқының санасында бекем орныққаны сонша — ұлттық ар-намысын ешкімге таптатпайтын нәсілге тән өркөкірек түйсіктен олар күні бүгінге дейін бас тартпаған. Соған да айқын мысал: Хиросима мен Нагасаки қалалары атом күлінің астында қалғанда ондаған мың жапондықтар жұмысы мен жайлы тұрмысын тәрк етіп, екі қалаға мың-мыңдап келіп, радиация тозаңын таптап жүріп, мүсәпір болған қандастарына қол ұшын ұсынған; дәрі-дәрмек тасып, қаржы мен білек күшін де қосып, жұмыла еңбек етудің аркасында ұлттық кесепаттан олар небәрі жиырма жылда құлантаза жазылған. Екінші мысал: 2011 жылы Фукушимодағы АЭС-ның іргетасының әлсіздігі салдарынан кезекті тайфун мен жер сілкінуіне төтеп бере алмай, ғаламат зор апатқа ұшырады; станса үйі бүлініп, радиация тозаңы Жапония ғана емес, Тынық мұхитқа да таралу қаупі төнгенде 80 мың жапондық (!) қызметін, бизнесін, отбасын тастап, Фукушимоға көмекке аттанған; дер кезінде жасалған, самурайлық жанқиярлықпен жүзеге асқан қыруар еңбек сол опатты да жедеғабыл жеңуге септігін тигізген. Таңғаларлық ерлік! Шындығында бұл да самурайлық бірліктің, ұлттық сананың жоғарылығының тамаша үлгісі...

Сондықтан да біз самурайлық идеологияның фашистік әпербақан зұлымдықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, тек қана жапондарға тән ұлттық ерекшелік дейміз. Нәтижесінде жалпы қарамы қазірде 140 миллионнан асқан жапон халқы XX ғасырда басынан кешкен ауыр кесепаттарды ұйымшылдықпен, ерекше қайрат-жігермен жеңіп, үздік техникаға ие болып, экономикалық дамуға түсіп, әлемдегі ең бай елдердің алдына шығып, шат-шадыман тұрмыс кешіп отыр...

АҚШ журналисі «Балақан» мен «Балпан» атанған атом бомбаларының жантүршігерлік жарылысын тәптіштеп жазумен бірге солар талқандаған екі қаланың тұрғын халқын қандай науатқа ұшыратқаны жайында одақтас елдердің әскери шолушыларының 1946 жылдың ақпан айында жария еткен дерегін келтірген: Хиросимада 78150 адам қасқағым сәтте опат болып, 13963 пенде үшті-күйлі хабарсыз жоғалған, ауыр жарақат алғандардың саны – 9428, жеңіл жарақат алғандар – 27997 тұрғын. Яғни опат болғандар мен жарақат алғандар 129538 адам. Ал, капитан Бихэн жасаған ойран одан гөрі азырақ: «Балпан» атанған бомба күндізгі сағат 11-ден 2 минут өткенде Нагасакидің төбесінен тарс етіп, 74 мың тұрғынды қасқағым сәтте шоққа айналдырып, 75 мың адамды жазылмайтын дертке душар еткен екі бомба 378538 жапондықты жойып немесе мүгедек еткен.

ЕСКЕРТУ ПАРЫЗ: Лоуренс жазарман түсінікті себеппен біршама кемітіп баяндаған науаттың бізге мәлім деректері өзгерек. Жапония үкіметі жер жүзіне таратқан қазанамада екі жарылыстан демде опат болғандардың саны 200 мың адам деген, әлбетте бұл есепке ауыр жарақат алып немесе жазылмас дертке ұшырап бертінде қайтыс болғандар кірмеген. Мысалы, Хиросима қаласында 1945 жылдың жазында 450 мың тұрғын болыпты. Сол халықтың 6 тамызда көз жұмғандары мен бертінде опат болғандарын қоссақ тағы да 100 мың адам ажалынан бұрын өлген. Демек, полковник Тиббетстің саусағы бомба тастар тетікті құшырлана басуынан 200 мың адамның тірлігін қасқағым сәтте жоқ еткен...

Төменде мен АҚШ құзғындарының адамзат қауымының бес мың жылдық бергі тарихында ешқашанда болмаған зұлым іске тәуекел етіп, қаскөй ниетпен жүзеге асырған екінші жарылысты, яки Нагасаки кесепатын басынан кешіп, тағдыр жазумен тозақ отына күйсе де аман қалған жанкештілердің бірі, 1947 жылдан беріде күллі тірлік-тынысын атом қасіретінен сақтандыру күресіне арнап, 90 жастың өріне көтерілерде біздің Семейге де келіп, 2014 жылғы 29 тамызда қала жұртшылығымен қауышқан Сеухеи Цуики мырзаның өмірі туралы өзім тындаған жүрекжарды әңгімесін біршама ықшамдап келтіремін...

*«...Сол жылы мен 18 жастағы студентпін, екінші курста оқуға тиіс едім. Бірақ, оқи алмадым, сабақтас достарым әскерге алынды, мені де шақырды, әскери зауытқа тап болдым. Сонда біз тәулік сайын 12 сағат жұмыс істедік. Жыл бойы бір күн де дем алғамыз жоқ, 365 тәуліктің бір жексенбісі бізге бұйырмады. Төздік, тапшылыққа да көндік, әсіресе жұтқын тілеуіне төзу қиын болды. Жыл бойы аузымызға бір түйір күріш*

дәні түскен жоқ. Ертелі-кеш талғажау етер қорегіміз — асқабақтың тинәмдай тілігі, иә аса нәрсіз жапон шалғамы.

9 тамыз күнгі ертеңгілікте түнгі ауысымнан жатағыма қайттым. Күн шайдай ашық, мамыражай жылы мезгіл. Асқабақтың бір тілімін көмейден асырып, белдігімізді қыса тартып, жолдасым екеуміз төсекке қисайдық. Сол мезетте американдық ұшақтардың жақындап келе жатқанын хабарлаған дабылды естідік. Одан қорғану үшін едәуір жердегі бетон блиндажға бару қажет. Алайда, жастық желеңнің әсерімен ширек сағат болса да көз шырымын алуды аңсап, серігім де сөйтті, ширек сағат болса да көз шырымын алуды аңсап, серігім де сөйтті, кәдуілгі жамылғышты басымызға дейін бүркеп сәл-пәл дамылдауды жөн көрдік. Сол бетімде қор ете түсіппін. Қалың одеялды аяқ-басыма бүркенуім, төбедең жауған сылақ сынықтарынан сақтаған. Ұйықтап жатып не болғанын сезгем жоқ. Әлден уақытта еденге жалп еттім, басым ғана емес, күллі денем қаусағандай болды. Сағатыма қарағаным есімде: 11-ден 2 минут өткенін шамаладым. Біздің жатағымыз ағаштан қиылған үй еді. Сабақтас досым Саваяма жатқан бөлмеде әлдене жарылған сияқтанды. Бетон қорғанышы бар қосынға жету қажеттігі ойыма сап етті. Ұйқыға бас қойғанымда терезеден күн сығалап тұрған-ды, сол да зым-зия жоғалып, тоңіректі қараңғылық көрпесі тұмшалады.

Каннен-қаперсіз еденде сұлап жатқан серігіме қарап, жаным түршікті. Бет-аузы ғана емес, күллі денесі қып-қызыл қан (Соңынан білдім: өзім де сондай жан шошырлық кейіпте болыппын). Қолтығымдағы түк отқа оранып, теріммен қоса қап-қара күйікке айналыпты. Денемнің әр жері ауыра бастады. Бөлменің төбесінде лапылдаған от, еденде — бықсыған шалалар. Айналам — түтін, күйік иісі де қолқамды жыбырлата бастады. Өртті сөндірдік пе, әлде жан сақтауды ойлап сыртқа бездік пе — білмеймін, серігім екеуміз әрең дегенде сыртқа шықтық. Айнала өлі тыныштық. Бет-аузым, күллі денем күйіктен бырысып, көзім бұлдырап, оң иығым шынтаққа дейін қып-қызыл қан. Сол қолымның сырқырағаны сонша олай-былай қозғауға шамам жетпеді. Сол аяғым да басқан сайын сырқырайды. Содан бір сәтте дегдар ой биледі: өне бойымнан қан саулауда, жаралымын, құтқару қосынына тезірек жетпесем — жағдайым мүшкіл; төңіректе көмек берер бір пенде жоқ...

Айналамыз түп-түгел көкпеңбек жалынға оранған, қайда қарасаң да — қаулаған өрт. Будақтаған түтін арасынан қала үйлерінің сұлбасы қараңдайды. Көзім шалған өзгеріс: теріскейдегі үйлер мен ғимараттардың бәрі тік қалпынан өзгеріп, әрі қарай шалқайған, бәрі де от құшағында. Соған қарап: «Е, біздің Нагасаки бір мезгілде тас-талған жүздеген бомбаның жарылысына тап болған екен», — деп ойлады. Амал не, жан ұшырған қалпымызда бомбадан қорғайтын қосынға бет түзедік. Кейбір үйлердің іргесінде сұлап жатқан адамдарды көрдік, сірә, бәрі де жан тәсілім еткен.

Содан бір сәтте қосынға жеттік. Бөшкеге түскен балықтай иін тірескен адамдар, бәрі де жаралы, отқа күйгендер. Біз құралыптас жастар бұл қалада аз болатын, бәрі де әскерге алынған. Қорғаныш үй әйелдер мен кәрі-құртаңдарға толы, бала-шағалар да аз емес. Көбінің терісі түскен, бет-аузы ақ дәкемен ораулы, қас-көзі күйгендер. Мен сияқты өне бойынан қан сауғалағандар тіпті көп. Жон терісі бырысып, бет-

аузы бүріскен ғаріптердің кейбірі: «Мені тезірек түншықтырыңдар» деп зар жылап, ыңырсыған үндерін есту қиын-ақ болды. Шынында да көздері тарс жұмылып, мұрындары бет болып біржолға жоғалған, еріндері бырысып, құлақтары шұңғиған бейшара кейіптегі жандардың жылаған даусынан шошып, не істерімізді білмедік, қайда қарасаң да — жаппай ыңырсу. Кейбіреуінің бет бейнесінің бұзылғаны, өзіңе қарап тұр ма, әлде теріс айналып жүзін бұрды ма — айыру қиын. Өйткені, сол бейшараларда бет жоқ, көзі мен аузы қайда жоғалып кеткенін білмейсің. Шашы өртенген әйелдерге қарауға дәтің шыдамайды, үстіндегі киімдері күйіп, тұт жалаңаш тұрғандар да бар. Кіндігінен төмен тұсын қолымен қалқалап, иә әлдебір киім үзіктерімен жапқан мүскін жандарға қарап, мына бейшара — әйел-ау, әлде жап-жас қызбала екенін сезесің. Кейбірі арқалап жүрген сәбилерінің өлік екенін білмейтін тәрізді. Иә, сол сәтте көргеніміз — нағыз тозақ еді, көрмесем де тозақтың осындай екенін аз-маз естігенім бар-ды, енді соны да көрдім.

Нагасаки жаппай өрт құшағында. Биік үйлердің ішінде қалғандар өз беттерімен сыртқа шыға алмаған, сірә, өрт сөндіру бригадалары алғашқы минутта опат болған. Үй тұтқыны болған бейшаралардың көмек сұраған дауыстары күллі қаланы күңгірен-тіп, азақ-қазан еткен. Құтқарылғандар аз деседі.

Мынау апат — табиғаттан емес, адам қолымен жасалған сұмдық, өзіміздей екі аяғы, екі қолы бар, жұмыр басты қанышерлер ойлап тапқан науат. АҚШ үкіметі, әскери қолбасшылар соны бізге, императордың әскеріне емес, бейбіт халықты, үй шаруасындағы әйелдер мен шиеттей балаларды, кәрі-құртаңдарды не үшін қырғызды?.. Бұл ойларды сол сәтте кәперіме алғам жоқ. Сол нағылеттерді ар-ождан сотына тартуға бекінуім жарақатымды емдеткен жылдарда басталды. Содан бері 69 жыл болды, адам кейпіндегі құзғындардың ақтауға болмайтын қылмысын Жер шарына әйгілеп, ізгі жанды адамдарды бір тілек, бір білекке жұмылдырып, қанғұмар жендеттермен күреске шақырудан мен сірәда айнығам жоқ, әлі де жалғастыра беремін...

Жә, 9 тамызда басымнан кешкен оқиғаларға оралайын. Бетон қорғаныштың қуықтай залында бөшкеге түскен балықтай болып иін тіресіп, не істерімізді білмей, дәрігерлік көмекке де зәру болып мәңгіп отырғанымызда әлдебір естияр жапондық: осы жерге ұрымтал мектепте жәрдем көрсету ұйымдастырылғанын әйгіледі. Ұрымтал дегені — он шақырым жер. Соған қалай жетеміз? Достарыммен ақылдасып, көмек келуін күтпей, мектеп үйіне өз аяғымызбен баруға бекіндік.

Сол күні біз атомдық бомбаның соққысына тап болғанымызды, сол тажалдың қай жерге түскенін де білгеніміз жоқ. 74 мың жерлесіміз бір секундта күйікке айналғанын да бертінде естідік. Жарылыстың эпикентінен 18 км қашықта болғанымыз — бізді тотенше ажалдан құтқарған. Содан бірімізді-біріміз сүйеп, шалғайдағы дәрігерлік қосынға келе жатып күйген, өртенген, жермен-жексен болған үйлер мен өндіріс орындарын, үлкен құрылыстар мен орман жұлығын көріп, жарылыстың кіндік ортасы артымызда қалғанын шамаладық. Ақыры, бір елді мекенге жетіп су іштік. Тіліміз таңдайымызға жабысқан дәрменсіз халден бізді құдық суы құтқарды. Соның дәмін мен осы күнге дейін ұмытқам жоқ. Тағы бір елді мекенге жеткенімізде тірі адамдарды көрдік. Олар бізге күріш суына ұқсаған ерекше дәмді сусын ішкізді.

*Қас қарая дәрігерлік қосынға жеттік. Келесі күні мені сол жерге туыстарым іздеп келіп, үйлеріне әкетті. Төсекке танылып екі ай жаттым. Бір жылдан кейін аяқ-қолым, денемнің өзімдікі екенін сезіне бастадым.*

*Қадірменді семейліктер! Қазірде Нагасаки қаласын қасқағым сәтте тас-талқан еткен қарудан жүз есе қуаттырақ бомбалар бар. Бізді жаусатқан алғашқы бомба адам баласын, тастан соғылған үйлерді бір-ақ секундта сұлатып, ауаға тараған толқын мен радиация бөлшектері менің жерлестерімді айықпас дертке байлап, жұрт қатарлы осуімізді тежеді. Егерде бүгінгі әлуетті қарулар соғыс мақсатына қолданылса? Құдай тағала оны бізге көрсетпес басынан кешкен қасіретті ешқашанда болдырмау. Әрбір пенде осы үшін айқасқа түссе бейбітшілік сақталады, оны жақтаушылардың күші арта түседі. Сол үшін аянбалық, қымбатты достар!..»*



Кенес үкіметі 1945 жылдың 9 тамызындағы елең-аланда бейтараптық сақтаған келісімді бұзып, Жапонияға соғыс жариялап, Потсдам конференциясында одактас елдерге берген уәдесін орындады. Ұлы Отан соғысының от-жалынында шындалған Қызыл Армияның комақты да тастүйін күші маршал А. Василевскийдің колбасшылық етуімен Манчжурияны талай жыл иемденіп, мықты бекініске айналдырған Жапонияның айбынды Квантун әскерін күйретуді бастаған. Сөйтіп, жеңіс күнін жақындатқан.

Осыдан-ақ жер-жаһанды тітіреткен дүниежүзілік соғыстың тоқтауына ай, иә жыл емес, санаулы күндер калғаны Америка үкіметіне шүбәсіз айқын күнде сол елдің президенті Гарри Трумэн мен оның әскери ақылгөйлерінің атом бомбасымен бейбіт халықты екі мәрте аяусыз қыруын адами түйсікпен ұғыну қиын. «Біз үшін әрбір АҚШ жауынгерінің өмірі қымбат, сол себепті Жапон үкіметін, оның күш-қуаты мығым, өздерінше айбынды дескен әскерін «күйрей жеңілу» шартын қабылдауға мәжбүрлеу үшін жойқын қаруды қолдануға мәжбүр болдық...» — дегені тегінде иланымсыз ақталу.

\* \* \*

Зер сала қарасаңыз, алуан түрлі оқиғалардың тоғысуымен АҚШ-тың күш көрсетуге ерекше құмар жәдігөй басшыларының жанталасқан әрекетімен жапон халқын есінен тандыра күйрету жүзеге асты. Әлбетте сол зұлым істе жа-

пон әскері емес, еңбеккер халқы зардап шекті. Айтулы мемлекет қайраткері саналған АҚШ президенті Франклин Рузвельт атомдық қаруды тездетіп жасауға пәрмен беруге мәжбүр болды. Жә, сонда АҚШ пен дүние жүзі физиктерінің тізе қоса қимылдап, алғашқы үш бомбаны тездетіп әзірлеуіне түрткі болған неміс мамандары не бітірген? Германияның сол күндегі озық өндірісі, айтулы ғалымдары мен санлақ инженерлері атом бомбасын неліктен жасамаған?

Бізге мәлім тарихи айғақтар мынадай: ғылыми еңбектері дүние жүзіне мәшһүр Вернер Гейзенберг пен Вальтер Боте 1939 жылы атом ядросын зерттеумен шұғылданған оқымыстылардың басын қосып, «Уран клубын» ұйымдас­тырған; жүктелген міндет — алманиялық білімпаз физиктер атом ядросынан энергия қуатын, атом бомбасы емес, тек қана арзан да мол қуат алуға тиіс; сан-салалы әрі өте күрделі осы ізденіске жетекшілік етуге Вальтер Герлах таға­йындалған, ол болса осы салада үздік білімімен, оған қоса іскерлігімен танылған санлақ оқымысты...

Фашистік социал-демократтар партиясының белсенді мүшесі доктор Отто Браун басқарған бір топ инженерлер соғыс жылдарында аса қуатты, бүлдіргіш күші ересен зор, алысқа ұшатын реактивті снарядтарды («ФАУ-1», «ФАУ-2») тездетіп әзірлеуге құлшына кіріскен. Германия үкіметі соларды тезірек жасауға қыруар қаржы бөлген. Өйткені, реак­тивті зымырандар жеткізген кәдуілгі бомбалар Лондонды қысқа мерзімде құл-талқан ету­ге тиіс... Алайда, Браун тобы сол қаруды өздері жобалаған деңгейге жеткізе алмаған. Ол болса ауыр корабльдерді ғарышқа шығаратын қазіргі зымырандардың алғашқы түрі. Де­сек те О. Браун снарядты алысқа жеткізетін двигательді кеменгерлікпен жобалағанымен соған жан бітіретін жағармайды дайындай алмаған. 1945 жылы Браун тобы АҚШ әскеріне тұтқын болып, күллі сызбаларымен Америкаға жеткізілген. Барған бетінде-ақ сол елдің зымырандарын күшейтумен шұғылданып, АҚШ-тын жер серіктерін, кейіннен корабль­дерін ғарышқа шығарған зымырандарды жасауға айтарлықтай үлес қосқан. Қартайғанша сол елде өмір сүріп, тұрмысы да жайлы болған деседі...

Таңғаларлық жайт: Германияның «Уран клубы» алған қаржы Отто Браунға берілген аста-төк маркілердің шерігіне де жетпейді; клубтын кейбір мүшелері үкімет жариялаған мобилизациямен әскер қатарына шақырылып, солдат ши­нелін киген; атом ядросын ыдырату реакциясын осы елде ашқан, аса дарын­ды физик Отто Хан бастаған бір топ физиктер билеуші партияның жебірей халқын жер бетінен жоюды мақсат еткен геноцит саясатынан сескеніп, ше­телге жылыстап кеткен; біз осы тарауда есімдерін атаған Лиза Мейтнер неме­се Фрэнсис сияқты ұлты жебірей білімпаздар, неміс Е. Симон, Рудольф Пай­ерлс және Отто Фриш (үшеуі де физика ілімінің үздік докторлары), Англияға қоныс аударып, соңынан Америкаға барып, Лос-Аламос полигонындағы зерт­теушілер тобында еңбек еткен. Осыдан-ақ фашистік үкіметтің ядролық зерт­теудің нендей ғаламат күш екенін аңдай алмағанын аңғарамыз, сірә, сөйтуге сол шіркіндердің білімі де жетпеген...

Десек те Германияда осы мәселеге мән бере қарағандар да болыпты. Мы­салы, физиктердің атом ядросын зерттеуін қадағалау 1942 жылы Гитлердің

сенімді серігі саналған Герингке жүктелген. Сол пақыр өзінше «жомарттық» көрсетіп, ядро жұмбағымен шұғылданатын топқа 10 миллион маркі бөлгізіп (Американың бомба жасауға үш жылда жұмсаған қаржысының 0,5 пайызы), аса күрделі мәселені түпкілікті шештім деп мардамсыған. Неге?

Сөйтсек, атом ядросын зерттеуге мән бермеу ісі шала сауатты Гитлердің өзінен өрбіпті:

1941 жылдың аяғында ол қару-жарак министрі А. Шпеерге иелігіндегі қаражатты майдан шебіндегі әскердің жарағын молайтуға ғана жұмсауға әмір берген; сол бұйрық келесі жылы да өзгермеген. Соған дәлел: 1942 жылғы шілде айында министр Шпеер «Уран жобасына» жасалған есепті тындап, бұл жұмыстың бірнеше жылға созылатынын естіген соң-ақ Гитлерге рапорт бергенде атом қаруы туралы деректі ең соңында, 10-кезекте ғана сөз еткен...

Вальтер Герлах та бірнеше топқа бөлінген, жалпы қарамаы бір жүздей физиктер мен инженер-техниктерді жұмыла қызмет етуге ұйымдастыра алмаған. Әр топ өзінше қимылдаған. «Уран клубы» тізбекті реакцияны тежейтін бірден-бір реагент – «ауыр суды» мезгілінде ала алмаған. Рас, Скандинавияның таулы жотасына салынған әлемдегі жалғыз зауытты иеленгенде-ақ неміс әскері оған мықты күзет қойып, аса қажет реагенттің әр грамын тағатсыздана күткен. Алайда, тұманды түнде парашютпен түсірілген ағылшын десанты жергілікті жанкүйерлердің көмегімен сол зауытта жойқын диверсия ұйымдастырып, технологиясы күрделі өндірістің жұмысын бірнеше айға тоқтатқан. Германия физиктерінің талабымен зауыт жедеғабыл жөнделіп, қажет реагент қайтадан өндірілген кезде сол мекен ағылшын авиациясының жойқын бомбалауына тап болып, тағы да істен шыққан. Бомбалаудан аман қалған қымбат жабдықты неміс мамандары баржыға тиеп Балтық теңізіне шыққанда, ағылшын авиациясы жедеғабыл оралып, сол жүкті су түбіне жөнелткен. Демек, Норвегиядағы «ауыр су» зауытын жауласқан елдің құпия агенттері үнемі бақылауда ұстаған.

Алайда, неміс мамандары бұл істе де ерекше жөткірлік аңғартқан.

Тізбекті реакцияны қайткен күнде жүргізу тарихын біз орыс жазушысы Даниил Граниннің «Новый мир» журналының 1987 жылғы 1-2 санында жарияланған «Зубр» («Тағы өгіз») деп атаған деректі хикаятынан таптық...

Неміс химиктері анығында әскери мақсат үшін уран өндірумен шетелдік әріптестерінен әлдеқайда бұрын шұғылданған. Кайзер-Вильгельм институтының Берлин іргесіндегі Бух мекенінде ірге тепкен құпия зертхана сол зерттеумен айналысып, өздеріндегі өндіріс қоймасында 1942 жылы 7,5 тонна уран өндірген (Бұл тегінде күллі Еуропаны қасқағым сәтте жер бетінен жоқ етуге жететін шикізат). Соны өндіруші – «Ауэргезельшафт» фирмасы (Демек, американдық журналистері әлем халқына бертінде әйгілеген қауесет – «неміс өндірісі атом бомбасын жасауға дәрменсіз болды» дегені әншейін бопса. Гәп – өндірісте емес, Гитлер үкіметінің сол іске жеткілікті мән бәрмеуінде. Оған қоса атом ядросымен шұғылданған алмания физиктері бүлдіргіш бомба емес, қуатты



энергия көзін алуды көздеуінде. Тәубе делік!). Д. Гранин кітабында уран өндіруге басшылық еткен кеменгер маманның есімі де аталған: «Ауэргезельшафт» фирмасының бас маманы, неміс, Балтық бойындағы кеңестік республикалардың бірінен 1939 жылы тарихи отанына қоныс аударған, Кеңес Одағында білім алған жасаң маман – орыс жолдастары Николай атандырған, Николаус Риль. Сол пақыр уранмен қоса торий металын да жеке дара бөліп, физиктердің қолына берген-мыс. Қысқасы, стратегиялық шикізатты Гейзенберг қана емес, дарынды физик Дибнер басқарған ғылыми топ керегінше алған. 1945 жылдың қаңтарында, бұл болса Кеңес Армиясы Германия жеріне ентелеп кірген мезгіл, Берлиндегі бір бункерге неміс мамандары реакторды орнатып, «тізбекті реакцияны» жүргізбек болған; сынақ күні-түні жүріпті. Бірақ, «тізбекті реакцияны» жүргізуге екі-үш тәулік қалғанда ғылыми ұжымдарды Берлиннен жедефабыл эвакуациялауға бұйрық түскен. Қаңтардың 31 күні реактор жабдыктары тиелген автомашиналар Тюрингияға аттанады. Штадтильм қалашығында тұрақтай алмай, Хейгерлох деген тау үңгіріне жетіп, атомдық котелді сынаққа дайындаған. Ақпан айының соңғы күнінде котел іске қосылыпты. Алайда, реакция жүрмеген. Доктор Гейзенберг есеп-қисапқа отырып, «ауыр су» мен уран мөлшерін көбейту қажет» деген ұйғарым жасайды. Амал не, қолдарындағы шикізат жетімсіз болыпты. Бухтағы жасырын қоймадан соны жеткізуге көлік те, кісі де таппаған...

Франкфурттағы уранды тазартатын үлкен зауытты ағылшын ұшқыштары 1944 жылдың күзінде-ақ бомбалап жермен жексен еткен. Рейнсбергтегі екінші өндірісті неміс мамандары жедел дайындап, уранды тазартуға қосқан. Қатерлі аймақтан жедефабыл қашқан инженерлер Берлин іргесіндегі Ораниенбург зауытын осы жұмысқа жегеді. Тағдыр жазмышына не істейсің? Бух пен Ораниенбург та келесі аптада Қызыл Армияның иелігіне көшіп, неміс физиктерінің соңғы жанталасы тағы да сәтсіздікке тап болады...

Ең ғажабы, американдықтардың әлде ағылшын елінің Германиядағы құпия агенттері осы жанталасты үнемі бақылауда ұстаған: соларға көмек беру үшін АҚШ командованиясы «Алсос» деп атаған әскери миссия құрып, сол ұжымға осы аймақтағы уранды, торийді, өзге де зерттеу материалдарын, атомдық реакторда жұмыс істеген барлық мамандар мен физиктерді, үздік химик әрі өнертапқыштық қабілеті зор Николаус Рильді Америкаға жеткізу міндеті жүктелген; «Алсосқа» ғылыми кеңесші болуға оқырманға есімі де, қызметі де мәлім генерал Гровс Америкадан шақырылған. Ол болса Америка әскерінің Еуропадағы қолбасшыларының бірі Маршаллдың штабында отырып, құпия миссия жобалаған операцияларға басшылық еткен. Сол қаскөйдің ұйымдас-тырған шаралардың бірі сәтті болып, уран изотопын айырудың үздік маманы, неміс профессоры Флейшман миссия агенттерінің қолына түседі. Соның көмегімен Тюрингия таулы аймағында жасырынған неміс физиктерінің маңдайалды тобы, ығай мен сығай дерлік жеті физик (есімдерін кейінірек атаймыз) тұтқындалады. «Алсос» (грек сөзі, «ну тоғай» деген мағынада қолданылады, құпия қызмет сол сөзбен әдейі далдаланған) агенттері жантала-

са іздеген Н. Рильді тек таба алмаған (Оның үшті-күйлі «жоғалған» тарихын біз осы кітаптың «Қорғаушысы жоқ ел жетім» тарауында сөз етеміз). Токетерін айтқанда, «Алсос» агенттері ядролық зерттеуге қатысқан мамандар мен физиктерді Германияда қалдырмай, күллі материалдар мен жабдықтарды Америкаға әкетуге тырысқан. Зымияндықпен жүрген сол шараның не үшін жобаланғаны, Гровстың да арнайы шақырылғаны түсінікті: немістер жүргізген атомдық зерттеу мен жойқын бүлдіргіш бомба жасау туралы ізденісті Кеңес Одағына мүлдем сездірмеу... Алайда, американдық миссия Ораниенбургке дендеп кіре алмаған. Өйткені ол Кеңес әскері иемденген зонада. Әлбетте сол аймақтағы зауытты, құрал-жабдықтарын көшіру де сәтсіздікке ұшыраған. Дәрменсіздігіне күйінген Гровс ақырында генерал Маршалдан Ораниенбург қаласын, құпия жабдықтар орнаған өндірісті жермен жексен етуді талап еткен. 1945 жылдың 15 наурыз күні әрбір легі «Қанатты бекініс» аталған бомбалар тасушы 600 ауыр ұшақ бірінен соң бірі теңіз толқынындай жалдар түзеп келіп, орман алқабында жасырынған шағын елді мекенді жер бетінен жойған. Бірде-бір үй, зауыт корпустары, тірі жан қалмаған деседі (Сөйтсе де «Алсосқа» ұқсас құпия миссиямен осы атырапқа іле келген кеңестік зерттеушілер күл-талқаны шыққан қойма үймесінен уран кентасының едәуір қалдығын тауып, Орал тауының бөктеріне жеткізген).

«Таңғаларлық гәп: неміс мамандары атомдық зерттеуде көш ілгері алдымыз, тізбекті реакцияның құпиясын көп жұрттан әлдеқайда бұрын білдік деп есептеген; сол гәпті көзір етіп, ғылыми «жаңалықтарын» ағылшындарға пұлдап өткізуге тырысқан...» — деген сайқымазақ әжуамен баяндапты американдық журналист Л. Лоуренс біз ілгеріде сілтеме жасаған деректі кітабында.

«Алсостың» ғылыми жетекшісі Самюэль Гоусмидттің бертінде жариялаған естелігінде (А. Гоусмит, Нью-Йорк, 1947 ж. «Алсос миссиясы», 108-б.) неміс физиктерінің оғаш қылықтары нақты айғақпен әрі сайқымазақ сарында суреттелген.

«Кембридж қалашығының іргесіндегі Хир деген оңаша жерде, XVIII ғасырда салынған ескі виллада арнайы күзетпен ұсталған, ядролық зерттеумен шұғылданған Германияның 10 оқымыстысы — Вернер Гейзенберг, Макс фон Лауэ (екеуі де әлемге әйгілі физиктер, Нобель сыйлығының лауреаттары), уран ядросының ыдырайтынын тұңғыш рет іс жүзінде дәлелдегені үшін химия саласындағы Нобель сыйлығын иеленген Отто Хан, көрнекті физик Карл Фридрих фон Вайцекер, Германиядағы зерттеу тобының жетекшісі Вальтер Герлах, атомды изотопқа бөлу процесінің әйгілі мамандары Курт Дибнер, Эрих Багге мен Пауль Гартек, тұтқынға түскелі фашистер режімін ашық түрде және жиі сөгетін әдетке үйір Карл Уирц пен Хорс Коршинг те осында. Отто Хан болса өзінің ұлтшылдарға өшпенді көзқарасын соғысқа дейін жария еткен ғалым... Соңғы үшеуінен басқалары, шынтуайтын айтқанда, «неміс ұлтының дара жаратылысын әрқашанда мақтан етіп, дүйім жұртты шошытқан фашистік қылмыс — Германия тарихының қара сиямен жазылған маскара беттері жалған әрі уақытша құбылыс» деп есептейтінін өзара әңгімеде баса айтып, кейде соны кеуде кере дәлелдеп баққан.

(Шерменде байғұстар тек осы айтыс-тартыстарының залға қойылған жасырын микрофондар арқылы таспаға жазылатынын білмеген).

Сондай жазудың бірі 1945 жылғы 6 тамызда, Хиросимаға тасталған атом бомбасы туралы ресми хабар радиомен берілгенде таспаға түсіпті.

Неміс ғалымдарының сол хабарға алғашқы реакциясы таңғаларлық сөлекет лебіздер: «Бұл мүмкін емес! Жалған ақпар!». «Жок, бұл – атом бомбасы емес. Жалаң насихат үшін таратылған кезекті даурықпа лақап. Американ тілшілері өтірік айтқанда ешбір қымсынбайды. Ойына келгенді былшылдап, бірдемені дабыралап айтуға ерекше шебер. Сірә, олар бұрынғылардан күштірек жарылғыш жасаған. Соны енді «атом бомбасы» деп әйгілеуде. Мына сандырақтың атом бомбасына ешқандай қатысы жоқ. Оны жасауға адамзат қауымы әзірше дайын емес...», «Атом ядросын атқылаумен біз неше жыл шұғылдандық. Сонғы әрекетіміз де сәтсіз аяқталып, тізбекті реакцияны коздыра алмадық. Бұл іс ерекше қиын әрі таяу уақытта жүзеге аспайды. Американдықтардың ақыл-ойы бізден артық па, әлде жұмыр басы екеу ме?..»

Радионың алғашқы хабары түскі ас кезінде берілген. Тұтқын оқымыстылар ас-суларын баптана ішіп, жайбарақат қалпы дем алуға аттанған. Кешкі сағат тоғызда атом бомбасы туралы хабар, бұл жолы физик ғалымдардың



*Нагасаки көрінісі. 9 тамыз 1945 жыл*

ғылыми түсінік беруімен қайталаныпты. Неміс ғалымдарына бұл хабар табан астындағы жер аударылып түскендей әсер етіпті. Өздері имандай сенген түйсіктері жүз сексен градусқа аунап түсіп, капелімде не дерін білмей, мәнгу қалыпта тым-тырыс отырып қалыпты. Бағанағы өркөкірек тұжырымнан әп-сәтте ада болған, өзге жұрттан артықшылықтары туралы жеңсік ойларының әншейін екенін де іштей мойындаған. Оның орнына байғұстарды күйректік пен өкініш тұқыртқан деседі...

Вальтер Герлахтын ғылыми серіктері, Германияда қалған әріптестері де өздерінің осы бәсекеде оңбай жеңілгенін мойындаудың орнына дереу иланымды желеу ойлап тауып: «Біз, неміс ғалымдары, атом бомбасын жасауға ту бастан құлшынбадық, өйткені, жойқын қарудың адамзат қауымын жер бетінен жойып, келешек өміріне балта шабатынын көрегендікпен болжадық. Сондықтан да биік ожданымызбен әрі ар тазалығын қаз қалпында сақтау үшін атом ядросын зерттеуді қасақана кешеуілдеттік, ғылыми жайттардан хабары жоқ үкімет басшыларын да бұл істен ештеңе өнбейді деп сендіріп бактық. Ал, бомба жасаушы АҚШ ғалымдарының осы жайтқа титтей де ойланбағанына өкініш білдірмеске амалымыз жоқ...» – дескен.

\* \* \*

Ядролық зерттеуде неміс милитаристерінің сәтсіздікке ұшырауын жазмыштын жазуы деген уәжбен түсіндіруге болады. Ең ғажабы, жапон білімпаздары да тап сондай ахуалды басынан кешкен. Осы елдің теңіз флотының бас штабы екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде атом бомбасын жасауды тездету туралы бұйрық дайындап, бұл жұмысты Нильс Бордың Копенгагендегі зертханасында жұмыс істеген профессор Иосио Нисинаға жүктеген. Ол болса атом құпиясына үнілетін кілт саналатын, Клейн-Нисина атанған формуланың иесі. Демек, мемлекет тарапынан қолдау көрсе осы салада айтары бар білгір. Қысқасы, ғалым-физиктің қарамағына физикалық хәм химиялық ілімдердің білімпазы атанған «Эн» деп құпиялаған кілең жас зерттеушілер тобын ұйымдастырған. Сол өрендер күрделі есепке отырып, уран-235 изотопынан атом бомбасын жасау үшін бүкіл Жапония стансалары өндіретін электр қуатының оннан бірін шығындайтынын мәлімдеген. Жапонияда бір грам да уран кентасы жоқ. Бұл болса екінші қиыншылық... Сөйтсе де «Эн» тобының зерттеуі там-тұмдап алға өрістеген. Тізбекті реакцияны жүргізуге де қам жасаған.

Алайда? 1945 жылдың сәуір айының басында олар үшінші қиыншылыққа тап болған: Американың әуе күштерінің кезекті шабуылы кезінде Токиодағы физиктер зертханасына бомба түсіп, бірнеше зерттеушілер, барлық құрал-жабдығы, шикізаты мен зерттеу материалдары отқа оранады. Атомдық зерттеуді қолдаған Жапония адмиралдарының үміті енді Киот университетінің профессоры Бунсаку Аракапу басқарған екінші топқа ауады: бұл топ ә дегеннен Нисинаның зертханасымен бірігуден үзілді-кесілді бас тартқан. Сірә, бақтастық пен өзімшіл ойдың салдары. Қысқасы, екі топ өзара бәсекемен зерттеу

жүргізген, тек мандыта алмапты. 1945 жылғы 22 шілдеде шақырылған ғылыми мәжілісте теңіз флотының әскери басшыларына олар: «Бұл соғыста атом бомбасын ешкім де қолданбайды, өйткені ондай қару ешкімде жоқ. Ал, біз сол бомбаны асықпай жасап, келесі соғыста қолдарына береміз. Сондықтан біздің зертхананы материалдық көмектен үзбендер!..» — деген мәлімдеме жасаған. Екі аптадан соң Хиросима мен Нагасаки трагедиясына тап боларын жеңіс тілеген адмиралдар ғана емес, әлжуаз профессор Аракапу да болжай алмаған.


Профессор У. Нисина Хиросима қаласы тап болған қасіреттің екінші күні сол мекенге жан ұшыра жетіп, атом күлінің астында қалған қандастарын құтқарумен шұғылданған. Бірнеше күннен кейін денесінде жара қаптағанын көріп, радиация сәулесінің шоғырын шаш етектен алғанын біледі...

Дарынды физик һәм жанкүйер азаматтың одан кейінгі өмірі атом бомбасын жасау емес, сол пәлекет тарататын кеселді емдеу ісі мен болдырмау күресіне арналған.

Атом бомбасын жасаудан Германия мен Жапония әлбетте бас тартпаған. Дүниежүзілік соғысты бірер жылда басым жеңіспен аяқтаймыз дескен өр-көкірек басшыларының астам пайымдауы салдарынан тек сәтсіздікке ұшыраған. Жазмыштың жазуы делік. Жә, жер жүзінің білгір физиктерінің басын қосып, жойқын бомбаның үшеуін тынымсыз әрекетпен үш жылда дайындаған мақтаулы АҚШ-тың қанқұмар әрекетіне не дейміз?

Осы сауалдың нақты жауабын Г. Трумэн мырзадан сұраған жөн болар еді. Амал не, жеңімпаз елдің басшысын сотқа тартпайтын дағды сол қанышердің екі мәрте президент сайлауына түсуіне жол ашқаны мәлім. 1945 жылдың аяғында, Жаңа жылмен құттықтаған жолдауында ол: «Біздің қолымызға тиген биылғы тамаша жеңіс АҚШ халқына зор жауапкершілік жүктеумен қоса күллі әлемді шектеусіз билеп-тостеуге мүмкіндік береді. Сол міндетті біз алдағы уақытта мүлтіксіз атқаруымыз қажет!..» — деп те көкіген. Бұл болса «Атомдық шоқпарды» қолына ұстап, американдықтар билігін жер жүзіне жаппай таратуды қосса кәсіпкердің көкейкесті арманы. Жеңімпаздық ойды күнітүні ойлаған Трумэн ғана ма? У. Черчилль АҚШ президентінің мақұлдауымен сол елдің Фултон қаласында келесі жылы жариялаған «Қырғиқабақ соғыс» саясатын мейілінше күшейтіп, бір-біріне шоқпар сілтеу амалы қайыра басталды. Амал не, әлемдік тайталас ізінше қайыра өршіді, сол тайталас осы күнге дейін жалғасуда...





«ӘЛЕМ ОТЫ».  
ХИРОСИМА ҚАЛАСЫНДАҒЫ АТОМ ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ



ЕКІНШІ ТАРАУ

## АҚШ ҚЫРҒИЛАРЫМЕН ТАЙТАЛАСТА



**К**енес Одағында атом бомбасын жасауға әзірлік фашистік Германияның күші басым әскері байырғы жерінің Еуропалық бөлегіне баса көктей кіріп, Украина мен Белорусияны немденіп, Ленинградты қоршап, Кавказға да ентелей жетіп, Сталинградты жермен-жеркесен етпек болған қатерлі күндерде басталған.

Соғыс орті Совет Одағын шалған қатерлі күндерде әскери комиссариаттар үкімет тапсырмасын желеғабыл орындауға кіріскенде кімнің қайда және қандай жұмыс атқарып отырғанын көперіне алмай, жасы мобилизация деңгейіне іліккендерді әскер қатарына жаппай тартқан. Мысалы, КСРО ҒА-ның Мәскеудегі Физика институтының (ФИАН) ғылыми мамандары, жер-жердегі физик ғалымдар да шақыру алған. Солардың бірі — ғалым-физик Г.Н.Флеров. Орталық майданның Воронежде орналасқан әуе күштерінің штабында әскери міндетін өтеген ол қалт еткен сәттерде ғылыми кітапханаға барып, шетелдік журналдарды оқыған. Сөйтін жүріп өзін таңдандырған бір гәпке ерекше алаң болады.



Аландағаны сонша, 1942 жылдың жазында ол Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы И. Сталинге: «Соңғы кезде шетелдік физиктер ядроны ыдырату турасында ғылыми хабарлама жариялаудан сап тыйылды; менің ойымша, олар бұл саладағы зерттеуді құпияда ұстауға өзара келіскен; осы жайт, Иосиф Виссарионович, мені қатты алаңдатуда, сірә, солар бүлдіргіш қуаты ересен күшті ядролық қару жасауға кіріскен... Алда-жалда сол ой Германияда іске асса — біз үшін мүлдем қатерлі. Қапы қалмас үшін уақытша тоқтатылған зерттеуді қайыра өрістеткеніміз жөн сияқты. Соны атқарар кадрлар, құдайға шүкір, бізде жеткілікті...» — деген сипатта хат жолдаған.

Таңғаларлық жайт: пошта арқылы жөнелтілген осы хат жолшыбайғы қатал сүзгіден тежеусіз өтіп, ГКО төрағасына жеткен; И. Сталин сол хатты үкімет басшысына беріп: «Мына ақпар мені қатты ойлантты. Не істейміз, нақты ұсыныс күтемін...» — деген-мыс. В.М. Молотов түйткілді мәселенің жай-жапсарын анықтауды Халық комиссариаты қарамағындағы Бүкілодақтық Жоғары оқу орындары комитетінің төрағасы С.В.Кафтановқа тапсырады. Ол болса былтырғы күздегі қысылтаяң шақта Мәскеуден Қазан қаласына жедеғабыл көшірілген атомдық физиканың үздік білгірлері, академиктер А.Ф. Иоффе, П.Л. Капица, И.Е. Таммды және КСРО ҒА-ның осы саламен шұғылданатын жетекші қызметкерлерін өзіне шақырып, арнайы мәслихат өткізеді...

\* \* \*

Осы ілімнің Ресейдегі дара басшысы Абрам Федорович Иоффе — КСРО ҒА-ның 1920 жылдан толық мүшесі, Петербург технология институтын 1905 жылы тәмамдаудан соң Германияның Мюнхен академиясында білімін көтерген. В. Рентгеннің Мюнхендегі зертханасында ассисент болып, осы білімпаз ашқан жұмбақ қасиетке ие сәулелердің құпиясын зерттеумен бірге философия ғылымының докторы атағын иеленген. 1906 жылы байырғы отанына оралып, С-Петербургтегі Политехника институтында приват-доцент, соңынан профессор атанып ұстаздық еткен. Мемлекеттік рентгенология және радиология бөлімінің жетекшісі атанған кезінде оны Физико-техникалық институтқа айналдырып, сол ұжымды 1952 жылға дейін табан аудармай басқарған. 1920 жылдан беріде Ленинградта ірге тепкен физиктер мектебінің негізін қалаушы атанған ғұлама. Физик шәкірттерінің айтуынша, КСРО ҒА-ның вице-президенті міндетін атқарған 1926-29 және 1942-45 жылдарда ол Харьков, Днепропетров, Свердлов және Том шәрлерінде ашылған физика институттарының академиялық ұжымға айналуына айтарлықтай еңбек сіңірген-мыс...

Ал, Петр Леонидович Капица — А.Ф. Иоффенің мархабатына жастай ие болған шәкірті. Ол да Ленинградтағы политехника институтындағы оқытушылық жұмысын үзіп, 1921 жылы, 26 жасында академия жолдамасымен Германияға аттанып, сол елде тек тұрақтамай Англияға ауысып, Эрнест Резерфордтың Кембриждегі зертханасында атом ядросын зерттеумен шұғылданады. Сұңғыла дарынымен зертхана иесінің мархабатына іліккен. 1924-1934 жылдарда ол ұжым жетекшінің орынбасары, соңғы бес жылда өз қалауынша зерттеу жүргізетін бөлімнің меңгерушісі болып еңбек еткен. «Петр Леонидовичтің Англияда ұзақ болған себебін мен өзінен естідім», — депті академик А.Д. Сахаров «Естеліктер» кітабының 303-бетінде. — Резерфорд зертханасында ол аса күшті магнит өрісімен жұмыс істеп әрі суық температура физикасымен шұғылданған. Сол саладағы сәтті ізденістерімен әлемге танылған. Отбасын да сонда құрып, КСРО-ға қайтқысы кел-

мей, он жылдан астам уақыт Кембридже тұрады. Бертінде оған Кеңес үкіметінің атынан арнайы өкіл барып, И. Сталиннің атынан келіссөз жүргізеді. Есімі – Фишер (Батыс елдерінде ұзақ жылдар қызмет еткен Кеңестер Одағының құпия агенті. КГБ-ның полковнигі, 1962-жылы Америкада тұтқындалып, Абель фамилиясымен ұзақ мерзімге сотталған. Сол қапастан ол кеңестік зымыраншылар атып түсірген АҚШ ұшқышы Пауэрске айырбасталып, КСРО-ға аман-есен оралған). Капица туған еліне қайтарда И. Сталинге екі түрлі шарт қойған: ғылыми-зерттеу институт өзіне жеке дара берілуге тиіс; кімдермен зерттеу жүргізуді де КГБ бақылауындағы кадр бөлімі, иә академия емес, тек қана өзі шешеді...

Алайда, ғұламаның туған отанына оралуы басқаша түрде жүзеге асқан.

1934 жылдың күзінде П.Л. Капица отбасымен туған еліне демалысқа келген. Физик әріптестерімен қауышып, Одақты да емін-еркін аралайды. Ғылыми семинарларға қатысып, ядролық физиканың соны жаңалықтары туралы дәрістер оқиды. Қыркүйектің соңғы күндерінің бірінде ғалымды КСРО Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы кабинетіне шақырып: «Сіз енді шетелге қайтпайсыз. Үкімет солай шешті, сіздің ұшан-теңіз біліміңіз өз еліңізге керек!..» – дейді. Капица наразылық білдіріп: «Ағылшындар менің білімімді қастерлеп, не тілесем – соны жасап отыр. Кембридже мен үшін арнайы құтхананы тыңнан тұрғызып, жаңа аспаптармен жабдықтады. Англияда отырып, мен атомдық ілімді алға сүйреп, Ресей білімпаздарының даңқын күллі әлемге паш етемін!..» – дегенде, үкімет басшысы: «Петр Леонидович, дауды доғарыңыз. Иосиф Виссарионович сіздің барлық талабыңызды қабылдады. Кембридже сізге жасалған ерекше жағдайды біз де істейміз. Отан жанкүйері өз елінде еңбек етуге тиіс!..» – деп сөзді түйеді.

Үкімет басшысы уәде еткен іс Совнаркомның арнайы қаулысымен бекиді: КСРО ҒА-на қаратылған Физикалық проблемалар институтының құрылысы Мәскеу іргесінде іле басталып, 1935 жылы шаңырақ көтереді. Оның тұңғыш директоры болып П.Л. Капица тағайындалады. Академияның басқа институттарына қарағанда ғылыми статусы айрықша дараланған, қызметкерлерінің еңбек ақысы мен тұрмыстық ахуалы да өзгеше жоғары физик ғалым талап еткен қосымша талаптары да мүлтіксіз орындалған. Ең ғажабы, Кембридж зертханасында өзі пайдаланған барлық құрал-жабдықтар мен аппаратураны Кеңес үкіметі қыруар валюта төлеп, Мәскеуге алдырып, жаңа институттың зертханасына орнатқан. Токетерін айтқанда, Петр Леонидович ядролық физиканың мәскеулік мектебінің іргетасын бекемдеуге кіріскен. 1939 жылы ол КСРО ҒА-на академик болып сайланады. Осы саладағы іргелі зерттеулері үшін 1939 және 1941 жылдары Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын иеленген. П.Л.Капицаның осы жылдарда жүзеге асырған ірі зерттеуі – гелийді сұйыққа айналдыру проблемасын түбегейлі шешуі, техника өндірісінде төңкеріс жасаған екінші жаңалығы – ауадағы оттегіні сұйыққа айналдыратын турбодетандерді ойлап табуы. Әлбетте осы екі жаңалығымен-ақ ғалым-физик Кеңес Одағына миллиардтаған сом пайда келтірген...

«1937 жылы ерекше өршіген репрессия жылдарында Петр Леонидович ешкімнің қолынан келмеген азаматтық ерлік жасаған: ол дара еңбектерімен ғылыми қауымға кеңінен танымал әрі өзі сом дарын иелері санайтын, Харьков ұжымында жұмыс істейтін екі физик Л.Д. Ландау мен В.А.Фок «контрреволюционерлік жат пиғылын жасырған жау элементтер» деген жалған айыппен ОГПУ-дың қанды қармағына іліккенде ол жасап

әріптестерін қорғап, И. Сталинге хат жолдаған. Сол хаттың көшірмесін мен оқыдым. Дипломатиялық қитұрқы мәнерде жазылған әрі шынайы жағдайды бүкпесіз ашқан әсерлі сөздер мені қатты таңғалдырды, — дейді А. Сахаров «Естеліктер» кітабында. — Сол күндерде төтенше құқықтарға ие, аяушылық сезімнен жұрдай жендет, генерал Меркулов (Л. Берияның ізбасары, 1953 жылы өлім жазасына кесіліп, бастығымен бірге атылған) Петр Леонидовичті кабинетіне шақырып, Ландаудың «ауыр кінәсін» мойындаған жазбаша жауабын көрсетеді. «Ландаудың төңкерістік әрекетпен бұдан былай шұғылданбауына мен кепіл боламын, сеніңіз!», — дейді Капица. «Ландау шынайы ірі ғалым ба?» — деген сауалға ол: «Әлемдік алып тұлға!» — деп жауап береді. Қалайда атышулы ОГПУ мен КГБ жүйесі Капицаға қылмыс байлауға дәрменсіз болған». Бұл турасында тарихшы А. Буллоктың «Гитлер және Сталин» атты монографиясының 2-кітабының 625-бетінде: «Лаврентий Берияның жәукемдеуіне И. Сталин үш адамды бермеген, солардың бірі — физик Петр Капица», — деген.

Ұлы Отан соғысының екінші жылы, ұрыс қимылдары Еділ жағасына жеткен қатерлі күндерде Халық комиссариатына төтенше жарлықпен шақырылған үшінші ғалым — И.Е. Тамм. КСРО ҒА-на 1933 жылдан корреспондент-мүше, П. Капицамен түйдей құрдас Игорь Евгеньевич МГУ-де ядролық физика пәнінен дәріс оқумен бірге П.Л. Капицаның талабымен ашылған ФИАН-ның іргетасын қалауға қатысқан. Оның басты еңбегі ядролық энергияның мезондық теориясының негізін сомдауға арналған. Бұл болса атом табиғатына өзгеше көзқараспен үңілуге мүмкіндік туғызған жаңа бағыт. Атом ядросымен шұғылдануға ынталы, физикалық ізденіске бертінде қосылған төрт аспирант Игорь Евгеньевичті өздеріне ұстаз тұтып, оның қарауында жұмыс істеуге ерекше құштар болған. Сол төртеудің бізге мәлімі — болашақ академик А.Д. Сахаров және Қазақстаннан арнайы шақырылған жиырма бес жастағы физик Жабағы Сүлейменұлы Тәкібаев...

\* \* \*

С.В. Кафтановтың кабинетіне Қазаннан жедеғабыл шақырылған физик ғұламалар, атом ядросын зерттеумен айналысқан және бір топ білімпаздар Г. Флеровтің ГКО төрағасына жолдаған төтенше хатымен танысады. Бәрі де жасаң әріптесі алаң болған қатерді даусыз құптап, уақытша тоқтаған зерттеуді қайтадан өрістетуге қажеттігін мақұлдайды. Соғыс ауыртпалығын ескертіп, ізденісті тек шағын зертхана құрумен бастауды ұсынған. «Бұл мәселені ешкім де бірер айда шеше алмайды. Ондай қаруды бірер жылда жасау да мүмкін емес. Қысқасы, зерттеуді бір орталықтан бағыттап, ядро кіндігіне үнілу қажет...» — деседі.

— Жә, сонда бұл істі кім басқарады? Жауапты кімнен сұраймыз? Арнаулы зертхананы қайда ашамыз? — дейді Кафтанов.

Ғалым физиктер академияның вице-президенті Иоффеге қарайды.

— Жедел құрылатын зертхана Отан қорғау мүддесіне жұмыс істейді. Сол себепті ерекше құқықтар беріліп әрі ол Академия төралқасына тікелей бағындырылсын. Сөйткен күнде білгір кадрмен, құрал-жабдықпен, өзге қажеттер-

мен де жабдықтау президент құзырымен бөгеусіз шешіледі... — дейді Абрам Федорович. — Ал, меңгеруші міндетін Курчатова жүктеуді ұсынамын. Игорь Васильевич физика ғылымының әйдік докторы, дарынды эскпериментатор, ұйымдастырушылық қабілеттен де құралақан емес. Ең бастысы, ол бәрімізден жас...

Игорь Курчатова Оралдың Уфим губерниясына қарайтын Сим селосында, орман қараушысының көмекшісі Василийдің отбасында 1903 жылы дүниеге келген. Әкесінің қызмет бабымен Симферопольға ауысуы Игордың осы қаладағы гимназияға түсуіне мүмкіндік туғызған. Ол гимназияны алтын медальмен бітіріп, іле-шала Қырым университетінің физика-математика факультетінде дәріс тындайды. Бұл болса Ресейді аштық жайлаған азамат соғысынан кейінгі ауыр кезең. Шәкірт жас жетім балалар үйінде тәрбиеші, автомобиль гаражында наряд жазушы, алма бағында қарауылшы, консерві фабрикасында отын дайындаушы, ең аяғында университеттің физика зертханасында преперат жасаушы болып күн көреді. Сөйте жүріп үшінші курстың емтиханын 1923 жылы жедел төртінші курстың бағдарламасы бойынша сынақ ұстап, оны аз десеңіз, диплом жұмысын іле қорғап, сол жазда Қырым университетін үздік бітірді деген куәлік алады.

Алайда ол математик те, физик те болғысы келмей, жас күнінен арман еткен, мұхиттар айдынында жүзетін алып кемелерді жобалаушы өнерін игеруді армандап, Санкт-Петербург қаласына аттанады. Политехника институтына емтихан тапсырып, құштар болған факультетке қиналмай түседі. Мұнда да жұтқын тілеуін қосалқы еңбекпен табуға тура келіп, Павлов қалашығындағы магнитті-метрологиялық жұлдызханаға бақылаушы болып орналасады. Жұлдызхана атаулы ғылыми зерттеумен шұғылданады. Курчатова физик болғандықтан жаңа жауған қардың радиоактивтік деңгейін анықтау жүктеледі. Сол тапсырманы жас маман ыждаһатпен орындап, жұлдызхана ұжымын таңғалдырған. Осы зерттеуде ол радийдің табиғи ыдырау қасиетін, одан туатын сәулелерді альфа бөлшектері бойына қалай сіңіретінін де анықтайды. Жас жігіттің экспериментаторлық дарынын байқаған ұжым басшысы оны Қырымдағы жұлдызханаға аттандырып, ғарыш сәулелерін зерттеуді жүктеген. Бұл 1924 жылдың жазы. Сол ізденіспен күні-түні шұғылдану үстінде ол өзінің кеме жасаушы болмақ арманымен қоштасып, физика іліміне деген бұрынғы некетті көзқарасының жаңсақ екенін түсінеді.

Сөйтуіне, сірә, профессор С.Н. Усатыйдың шақыруымен Әзірбайжандағы политехника институтының физика кафедрасында ассисент міндетін атқаруы да әсер еткен. Бакуде ол физикалық зерттеудің жаңа саласы диэлектриктерді зерттеумен айналысады. Жаңа зертеу 21 жасар маманды физика әлеміне біржола байлаған. Бір жылдан соң Ленинградқа қайтып оралып, осындағы Физика-техника институтында бірнеше жыл тапжылмай отырып, өзін ерекше еліктірген тың зерттеуді жалғастырады.

«Жолым болды. Әуел бастан ғұлама физиктерге кездесіп әрі ғылымның ең үздік саласына тап болдым. Солардың бірі емес, бірегейі — А.Ф. Иоффе, 1930-жылдарда ол Физико-техникалық институтты жаңа типті ғылыми орталыққа айналдыру үшін ерекше қайраткерлік көрсеткен ғұлама, — депті Курчатова өмірбаяндық жазбаларында. — Абрам Федорович негізін қалаған мектеп әрбір зерттеуге физикалық құбылыс ретінде ғана қарамай, өзге де ілім саласымен байланыстыра үнілуге машықтандым...».

Игорь Курчатовты осы ұжымдағы тың ізденістер, әсіресе жас маманның көкейкесті зерттеуді өз қалауынша жүргізу дәстүрі ерекше ұнаған. Диэлектриктер зерттеуін жеріне жеткізген кезде институттың ғылыми кеңесі оның жұмысын докторлық атаққа лайық деген қаулы қабылдаған. Жас доктор жоғары кернеулі ток жүретін сымға берік изоляция жасаумен де шұғылданған. Бұл болса халық шаруашылығын индустрияландыру науқаны талап еткен тапсырма. Нәтижесінде сегнетоэлектричество құбылысы Курчатовтың ынтасымен тың өріске бет бұрады...

И.В. Курчатовтың өмірбаяндық деректерінде аса ұшқыр нейтрондармен эксперимент жасау кезінде фосфордың, одан соң алюминийдің ядролары екіге бөлінгенін 1934 жылы тұңғыш анықтағаны жазылған. Келесі жылы Игорь Васильевич бір топ шәкірттерімен бірге жасанды радиоактивті сәулелер бөлетін ядролардың изомерлік біртектілік құбылысын тыңнан ашады, сол күнде бұл ірі жаңалық деп бағаланған.

Қысқасы, нейтрондармен атқылағанда ядрода ыдырау процесі туып, ересен зор қуат орбитінін зерттеушілер нақты білген; осы гәп – жеті құлып астындағы құпияға жеткізер кілт екенін Игорь Курчатов та оймен межелеген, соны енді эксперимент арқылы дәлелдеу қажет. Алдағы сынақ та сол үшін...

1940 жылдың қараша айында атом ядросын зерттеумен шұғылданатын кеңестік физиктердің Бүкілодақтық кеңесі шақырылған (осы жиынның одақ бойынша өтуі де КСРО физиктерінің білім деңгейінің жоғарылығын және мол қарамын айқындаған). И.В. Курчатов сол кеңесте баяндама жасап, өз тұжырымын «Ауыр ядролардың бөлінуі» деген атаумен «Физика» журналында жариялайды. Сонда айтылған басты түйін: нейтрондар тасқынын бағыттау арқылы «тізбекті реакцияны» туғызу ықтимал жайт...

Осы жиыннан кейін И.В. Курчатов КСРО ҒА-ның төралқасына хат жолдап: «Атомдық зерттеуді жедеғабыл өрістету қажет. Сөйткенде ғана біз осы проблеманы таяу мезгілде сәтті шешеміз. Бұл болса халық шаруашылығын жаңа энергия көзімен жабдықтауға жол ашатын аса мәнді зерттеу әрі бүгінгі заманның көкейкесті мәселесі...» – деген таңғаларлық түйінмен аяқтаған. Ескерту парыз: сол хатта атом бомбасы туралы бір ауыз сөз жоқ; сондай жөткір ой анығында кеңес ғалымдарында сірәда болмаған.

Курчатовтың ұсынысын академия төралқасы бірден қолдап, ядролық зерттеуді кеңейту және жер-жердегі ғылыми ізденісті бағыттаушы орталық құру жайында арнайы қарар қабылдаған. Сол құжатта атом стансалары таяу жылдарда-ақ қуат береді деген де таңғажайып ой айтылған...

И.В. Курчатовты Севастопольден жедеғабыл алғызған С.В. Кафтанов оны үкімет басшысы В.М. Молотовқа жолықтырады. КСРО наркоматының төрағасы «Атомдық зерттеулермен шұғылданатын арнайы зертхананы жедел құрып, уран ядросы бөлетін энергия қуатын жойқын қаруға айналдыру туралы» үкімет қаулысын сейфтен суырып, физик ғалымға ұсынады. 1942 жылғы 28 қыркүйекте И. Сталин қол қойған қарардың соңғы тармағында сол зертханаға ғылыми жетекші болып, атомдық құпия жобаны іске асыру міндеті коммунист, физика ілімінің докторы И.В. Курчатовқа жүктелетіні дараланыпты.

Ғалым төтенше қарарды түсінікпен қабылдайды. Сірә, сол шешімге қарсы болудың бос әурешілік екенін де ұққан. Қалың қабағы түйіле түсіп, өзіне сұestia қарап отырған кабинет иесіне ол:

— Вячеслав Михайлович, аса күрделі бұл мәселені жүзеге асыру зертхана құрумен сірәда бітпейді. Уран бомбасын жасау үшін сан-салалы өндіріс тұрғызумен қоса өте қымбат материалдар мен шикізат керек. Бірінші қиындық осы. Екінші, біздің елде уран кентасы жоқ. Оны іздеушілер де болмаған. Үшінші, осы іске керектің бәрін Отан қорғау қорынан алуға тура келеді. Төртінші, соғыс жүріп жатқан уақытта айрықша ізденіс және зор шығын тілейтін әрі нәтижесі беймәлім күрделі зерттеумен шұғылдану тап қазір бізге қажет пе?.. — дейді.

Үкімет басшысы мәселенің күрделі сипатын жан-жақты сөз етін, қаншама проблеманы нақтылаған ғалымға аңыра қарап, басын шайқайды.

— Курчатов жолдас, шетелдік әріптестеріңіз уран бомбасын жасауға әлдеқашан кірісіпті. Гитлердің итаршы физиктері де жанталасқан әрекетте деседі. Ал, сіз, соғыс жағдайын көлденең тартып, аса мәнді мәселені қиындатып отырсыз. Кеңес Одағы қамсыз отырып, уран бомбасынан біржола мерт болуды тілейсіз бе?..

Курчатов көкейіндегі сұрауларды көмейінде тұншықтырады.

— Бұл іске, Игорь Васильевич, дереу кірісіңіз. Өзіңіз білетін, білім-танымына айрықша сенетін физиктерді, тағы қандай мамандарды қалайсыз? Бәрін де төтенше жарлықпен сізге береміз. Қайсыбірін майдан шебінен алдырамыз. Әзірше жүз адамға рұқсат аласыз, қажет етсеңіз — тағы да босатамыз. Қаржы, құрал-жабдық, шикізат, жұмыс орнын, қысқасы, не керек, тежеусіз және қажетінше аласыз. Сол адамдар алансыз жұмыс істеуі үшін тұрмыс жағдайын да оңдаймыз. Қорғаныс комитеті мен үкімет, Курчатов жолдас, сізден зерттеудің нәтижесін ғана сұрайды... — Вячеслав Михайлович кенет түсін суытып, келесі сөзін саусағымен үстелді тықылдата отырып естіртеді. — Зерттеуді құпия жүргізесіз, зертхананың күзеті, материалдарын сақтау мен мамандардың қауіпсіздігі мемлекеттік қызметтің бақылауымен жүреді. Алда-жалда өзіңіз, иә ҒА-ның президенті шеше алмайтын мәселе туса, тура маған келесіз. Түсінікті ме?..

И.В. Курчатов сол тапсырманы жедеғабыл орындауға кіріскен. Әлбетте сұрапыл соғыс күні-түні жүріп жатқан аласапыран уақытта қажет-ау деген мамандар мен білікті физиктерді жер-жерден жинау әлденеше аптаға созылған. Көпшілігін майдан шебінен алдыруға тура келген (Алғашқы кезекте Г.Н. Флеровті шақыртқан. Қырымда қалған әріптесі А.П. Александров та құпия зертхана ұжымына қосылған (Александр Петровичтің жобасымен бертінде энергия беретін атом стансалары Кеңес Одағының әр жерінде көптеп салынған. Солардың бірі — 1986 жылғы көктемде, мамандардың салақтығынан тас-талқаны шыққан Чернобыль стансасы). Бізге мәлім бір дерек: 1943 жылғы 11 ақпанда И. Сталин атомдық бомбаны жедеғабыл жасау жөніндегі № 2872-СС\* (Соңғы екі әріп — «Совершенно секретно» деген ескерту) қаулыға қол қойған. Түпкі мақсаты далдаланған, «КСРО ҒА-ның өлшегіш аспаптарды тексеретін № 2 зертханасы» атанған жаңа ұжым жедеғабыл зерттеу бастаған. Алғашқы кезекте оған 11 ғалым қабылданған, бәрі де физиктер — А.И. Алиха-

нов, М.О. Корнфельд, Л.М. Неменов, П.Я. Глазунов, С.Я. Никитин, Г.Я. Щепкин, Г.Н. Флеров, П.Е. Спивак, М.С. Козодеев және В.П. Джелепов. Он бірінші зерттеуші — И.В.Курчатов. Жазға салым зертхана құрамы елу адамға көбейеді. Бұл болса атом ядросын ыдыратуға қажет мамандардың (инженер-техниктер, ғалым-химиктер және конструктор мамандар) жүзден, әлде мыңнан бір бөлегі...

Атом ядросына шабуыл Кеңес Одағында 1920-жылдарда басталып, Мәскеу мен Ленинградта ғана емес, ғылым иелері шоғырланған бірнеше қалаларда өрістеген. Осы саланың білімпаздары одан да молырақ болар ма еді, кім білсін, 1930-жылдан беріде жөн-жосықсыз жүрген репрессияда физиктер қатары едәуір селдіремесе (Осы науқандарда ОГПУ жендеттерінің қолынан 6 мың кеңестік профессор, ҒА-ның толық мүшелерінің қаржысы жойылған. Солардың қаншасы физиктер екенін түстеу — бүгінде қиын қаракет. Кейбір шерменделердің есімдерін атаймын: Физико-техника институтының Харьковтегі филиалының саңлақ ғалымдары Шубников, Розенкевич, Горский наққ жаламен атылған.

\* \* \*

Физиктер шұғылданған аса күрделі іске көзқарас 1942 жылдың аяқ шенінде түбірімен өзгерген. Физиктер ғана емес, солармен тізе қоса зерттеуге қатыспақ химиктерге де. Себебі осы ілімдердің ресейлік білгірлерін әлемдік ғылыми элита қасақана керек етпей, зұлым мақсатпен бөліп тастаған ат төбеліндей кеңестік қауым атомдық зерттеумен шұғылданып сірә, бірнеше елде жасырын жүріп жатқан жанталас нәтижесін жоққа шығарғандай қаруды мейілінше жедеғабыл жасауға тиіс!..

1942 жылғы қарашаның 27 күні В.М. Молотовқа жолдаған хатында зертхана жетекшісі И. Курчатов: *«Уранды зерттеуде кеңестік ғылым Англиядан көш кейін қалған, соның зардабын қазірде біз тартудамыз...»* — деп өкініш білдірсе, жеті айдан кейін, 1943 жылғы 30 шілдедегі ресми жолдауында: *«Біздің ел атомдық зерттеуде Англия, Америка және Германияның озық деңгейіне жуықтай алмайтын мүшкіл халде екенін мен мына жұмысты атқаруда күн сайын сезінемін: уранды зерттеумен бізде 50 адам шұғылданса, Америкада 700 ғылыми қызметкер айналысатын. Солардың бәрі де дүние жүзінен таңдап шақырылған саңлақ ғалымдар. Бізге биыл 100 тонна уран кентасы керек. Одақтағы жалғыз кеңісті екі жыл бойы тақырлап қазғанда одан аларымыз — небәрі 12 тонна ураны мардымсыз кедей руда. Оған үміт артсақ, сіз тапсырған жұмысты он жылға созамыз. Шикізатсыз үкімет тапсырмасын қалайша орындаймыз?..»* — деп төтенше жұмысты әлі де өрістете алмай отырған кедергілерді ашына тізген.

КСРО үкіметі дипломатиялық байланыстарды пайдаланып, АҚШ үкіметінен әлдебір өзгеше мақсат үшін уран шикізатын сұрауға мәжбүр болады. Сенесіз бе, сол өтініш генерал Гровстың «қайырымдылығымен» онды шешілген. Өзін атомдық мәселелердің білгірі санаған кеудемсоқ генерал үкімет сұрауына: *«Кеңес Одағы таяу арадағы 15-20 жылда атом бомбасын жасай алмайды. Байғұстарда соны жасайтын өндіріс те жоқ. Сондықтан да бір жолғы өтінішін өтеуге болады...»* — деген-мыс. Тәубе делік, АҚШ үкіметі одақтас

елге жәрдем ретінде 1944-1945 жылдары Ленд-Лиз шарты бойынша Кеңес Одағына екі мәрте кентасын жөнелтіпті.

Жыл сайын ділгерлікке айналған мәселені 2-зертхана бастығы бертінде өз бетінше шешіпті: соғыс аяқталар қарсаңда Юлий Харитон мен Яков Зельдовичті әскери полковниктерше киіндіріп, төтенше өкілдікпен Германияның Кеңес әскеріне қараған аймағына аттандырып, тас-талқаны шыққан өндірістерді жаппай сүзгізген. Екі зерттеуші уран шикізаты болады-ау деген өндірістерді жағалай тексеріп, іздеген кентасын таппайды. Содан үмітін үзген кезде былғары илейтін зауыттан сарғыш түсті бояу алуға сақталған тұз үймесін кезіктіреді. Жабық қоймада тау боп үйіліп жатқан тұздар – өздері жанталаса іздеп жүрген әрі аса құнарлы уран шикізаты. Әрине, қос «полковник» сол қойманың қымбат қазынасының бір грамын қалдырмай, Кеңес одағына жөнелткен. Осы «олжа» зерттеушілердің сол қарсаңдағы қажетін артығымен өтеген (Германияның Ораниенбург қалашығында сақталған уран кенін 1945 жылы иелену де қымбат шикізатқа ділгерліктен уақытша құтқарған)...

*«Уран кенінің мол қорынсыз кіріптар жағдайымыз сірәда түзелмейді. 1944 жылы бізге 10 мың тонна уран тұзы керек. Урандық-графит қазандығын жұмысқа қосу үшін бұл да жеткіліксіз, сондықтан да біз сол қондырғыны іске қоса алмай отырмыз... — депті Игорь Васильевич Кеңес үкіметі төрағасының орынбасары М.Г. Первухинге 1943 жылдың 22 желтоқсанда жолдаған хатында. — Менің шамалауымша, уранға ділгерлікті толық өтеу үшін КСРО аймағынан оның қорлы кенін іздеу мәселесін барлаушы геологтарға міндеттеу аз, оны мемлекеттік аса ділгер сұраныс етіп, арнайы ұжым құрып, түпкілікті шешу қажет... Кеңес Одағында қорғасын кенінің мол қоры бары жұртшылыққа мәлім. Ал, қорғасын металы — уранның миллион жылдардан кейінгі қалдығы. Уран шикізатын қорғасын өндірілетін полиметал кеніштері төңірегінен неге іздемейміз?..».*

Осы хат қозғау болып, кеңестік геологтар келесі жылы шартарапқа ізденістер жасаған. Уран тұзы шашыраған бірнеше кен орындарын тапқан. Тек мардымды кен орнына кезікпеген. Сөйтсе де... Құнары көңілді көншіткендей сүбелі кен орнын қазақтың байырғы ата қонысы, өткен ғасырда Қытай еліне қаратылған Шығыс Түркістан аймағынан тауыпты. Гоминдан үкіметімен келіссөз жүргізіп, Тарбағатайдың арғы бөктеріне 1944 жылы кенші мамандардың қарамды десанты аттанып, зәру кенді іле-шала молдап қазуға кіріскен. Кеңес үкіметі сол жерде және күллі жол бойында бір батальон әскер ұстапты. Қазылған кенді әскерилердің мықты күзетпен жүретін автомобиль колоннасымен Кеңес одағына ертелі-кеш тасыған.

Осы кеніш уранға деген ділгерліктен Курчатоб тобын уақытша құтқарған...

\* \* \*

Ізденіс жолында туындаған кедергілер мен қиыншылықтарды әуірімдеп жеңген кеңес физиктері біртіндеп алға жылжиды. 1943 жылдың жазында Мәскеу іргесіндегі орманды алқапта тұрғызылған шағын ғимаратта отырып, зерттеу үдесін өрістетуден жаңылмаған. Үміт күтерлік нәтиже белең берген-



де-ақ сол мекен кеңейтіліп, келешек Атом институтының (бертінде И.В. Курчатов есімін иеленген) іргетасы қаланады...

1944 жылы 2-зертхана қызметкерлерінің қарамау үш есе көбейген. Келесі жылы тағы да өскен. Сөйтуге себеп ғылыми жетекшінің атом бомбасын әзірлеумен шектелмей, ядролық физиканың сол күндегі өзекті проблемаларына қосаметкей үнілу талабынан өрбіген. Бұл болса зерттеушінің ғылыми танымын өрістетер жұмыстардың алғышарты. «Теоретик физиктер» деп аталған бөлім ашылыпты. Олар да әуел бастан екі топқа бөлінген: бәрі де отыз бен елу жас аралығындағы білімпаздар; әрбірі бір, иә бірнеше тақырыпты бәсеке жарыспен зерттейді; зертхана басшылары солар ұсынған шешімнің ең ұтымды түрін тандап, одан әрі сынауға рұқсат етеді... Осылайша үрдіс жүрген зерттеу ақырында жеміс тергізді: 1945 жылдың басында Мәскеу іргесінде салынған, шағын қуатқа жобаланған тұңғыш кеңестік атом реакторы іске қосылып, электр тогын өндіре бастайды. Бұл болса «тізбекті реакцияны» тежеумен өндіріске жегілген тұңғыш атомдық станса. Әлбетте аңсаулы реакцияны сәтті жүргізу – қасқағым сәтте бұрқ етер бомба емес, бірақ соған жеткізер ұтымды жол...

Шынында да сол жетістік кеңестік атомистерді екі жылдан бері тынымсыз шұғылданған ізденіс үкімет талап еткен «бұйымды» тезірек жасауға жігерлендірген (қауіпсіздік қызметінің талабымен зертхана мамандары өзара әңгімеде өздерінің жұмысын «атом», иә «бомба» деп сірәда атамай, осылайша далдалап сөйлеуге машықтанған). Игорь Курчатов та сол гәпті ескеріп, ғылыми теоретиктер тобын екіге бөліп, әрбіріне жетекшілікке төрт әріптесін тең құқықпен тағайындаған. Олар – А.И. Алиханов, И.К. Кикоин, Ю.Б. Харитон және Я.Б. Зельдович. Төртеуі де атом ядросының әйдік білгірлері. Әлбетте екі топтың құрамында ондаған теоретик-физиктер, математик-есептеушілер, конструктор-инженерлер және қосалқы зерттеушілер бар. Ең ғажабы, екі топ та «бұйымды» өз қалауынша әзірлейді, ал сынаққа түсер ұтымдысы – әрине, ең қуаттысы.

Үш мәрте Еңбек Ері, шексіз данқ пен есепсіз көп марапаттарға иеленген (5 рет Ленин және өзге де ордендердің иегері, КСРО Жоғары Кеңесіне 7 мәрте депутат болып сайланған, Сталиндік сыйлықтарды үш мәрте алған һәм Лениндік сыйлықтың лауреаты) академик Юлий Борисович Харитон өзін жарық дүниеге әкелген ата-анасына деген перзенттік сезімді ешқашанда білмеген деседі.

Оның әкесі Борис Харитон Ресейдің Кадет партиясының органы «Речь» газетінің бас редакторы болумен бірге С-Петербургтегі Әдебиет үйінің директоры міндетін көп жыл бойы қосаметкей атқарып, Кеңес үкіметіне қарсы жүргізген белсенді әрекеті үшін 1922 жылы, В.И. Лениннің тікелей нұсқауымен «философтар кемесіне» еркінен тыс мінгізіліп (сол кемеді қарамау 300-ден астам көрнекті орыс ғалымдары болған: мысалы, атакты философ Николай Бердяев, Семен Франк, Николай Тимашев, Иван Ильин, Питтирим Сорокин, МГУ-дің ректоры Макаров және басқалар), Францияның батыс жағалауына арнайы кемеді еркінен тыс жеткізілген, сол жолаушыларды шетелдік оқымыстылар «Еуропа цивилизациясы Ресейден керемет зор сыйлық алды» – дескен. Сол ақылмандардың өздеріне баспана берген елдерді үздік білімімен байытқаны – кешегі уақыттың күйкі

шындығы. Б. Харитон Ресейден қуылған соң Рига шәрінде тұрақтап, кеңес билігіне қарсы саяси үгіт жүргізген «Сегодня» газетіне 18 жыл бойы редакторлық еткен. Балтық бойындағы елдерді 1940 жылы фашистік Германияның көмегімен қайыра иемденген сәтте НКВД комиссарлары оны алғашқы кезекте тұтқындап, ату жазасына кескен үкімді сол күні орындаған.

Юлий Борисовичтің туған анасы – Ресейдің бас театры МХАТ-та жетекші рөлдерде ойнап, керемет сұлулығы және өнерімен көрермен сүйіспеншілігіне бөленген ерекше дарын иесі. 1910 жылы ол Б. Харитоннан ажырасып, Берлинде тұратын психиатор-фрейдист профессорға екінші мәрте тұрмысқа шыққан. Дара өнер иесінің Германиядағы тіршілік ахуалы көңтерімді болған деседі. Алайда, социал-фашистер билік басына келген 30-жылдарда Юлийдің анасы мен өгей әкесі тарихи отаны Тель-Авивке қоныс аударып, сол жақта опат болғанда ерте дүние заманынан қасиетті орын саналатын «Аза қабырғасында» жерленген.

1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері Ресейдің астан-кестенін шығарған кезде Юлий Харитон гимназия шәкірті, туған әкесі шетелге қуылғанда 18 жаста. Білім қайнарынан ерте сусындаған бозбала сол уақыттың жетімсіздігін тарта жүріп, Ленинградтағы Политехника институтын тәмамдаған соң Физтех ұжымына қатардағы препараттор болып еңбек еткен. 1926 жылы Ұлыбританиядағы Кавендиш зертханасында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жалғыз жолдамаға бәсеке сынақ жарияланғанда ол сол мәртебені озық білімімен иеленген. Табиғи дарынына еңбекқорлығы, ешкімге сен демейтін кішіпейілдігі, әке-шешесінің ықпалымен бірнеше тілді жастай меңгеруі мен әр нәрсеге мықты жады, ешкіммен дауласпайтын сыпайы ізетімен де дараланған ерекше жан. Ю. Харитон Англияда үш жыл болып, Э. Резерфордтың тікелей басшылығымен атом ядросына үнілуге мүмкіндік беретін эксперимент сынақтар жасап, білімін жетілдірген (осы жылдарда ол философиямен де әуестеніп, сол ілімнің докторы атағын қосымша иеленеді). Ресейге оралған соң ғылымның әртүрлі саласында еңбек етіп, 1931 жылы КСРО ҒА-ның Химиялық физика институтында тұрақтап, атом ядросынан бөлінетін элементтерді зерттеумен айналысқан. Осы ізденіс Юлий Борисовичтің ядролық физика саласында елеулі жаңалықтар ашуына септігін тигізген. Ұлы Отан соғысы басталардан екі жыл бұрын Яков Зельдовичпен бірігіп жасаған тың зерттеуде олар «тізбекті реакцияның» уран ядросында қандай жағдайда түзілетінін дәлірек анықтаған. Ең ғажабы, реакцияны қоздыратын негізгі компоненттерді нақты көрсетіп, сол процесте бөлінетін орасан зор қуатты да таңғажайып көрегендікпен болжаған. Амал не, қос физик меңзеген ұтымды ойға әріптестері сол кезде жеткілікті назар аудармаған. Сірә, іштарлық та жасаған. Ал, қазірде? Ахуал өзгерді, атом ядросында бұғынып жатқан әлей қуатты пайдалануға күллі әлемде құштарлық күшейіп, ізденіс жаппай өрістеген өзара «жарыс» ашық бәсекеге айналғанда?..

«Яков Борисович Зельдовичпен танысып, жақын-жуық жүргеніме биыл 34 жыл болды (бұл сөздерді мен 1982 жылы жазып отырмын). Соншама ұзақ уақыт жадымда сақталған оқиғалардың есіме түсуі де себепсіз емес. Зельдович менің ғылыми жұмысымның сәт-

ті жүруіне 50-жылдарда ерекше қолғабыс етті, теориялық ізденістеріме де оның көмегі өлшеусіз зор... — дейді академик А.Д. Сахаров «Естеліктер» кітабында. — Яков Борисович менен жеті жас үлкен. Жастық шағы туралы, ескерту парыз, ол әнтіме шертуді суканы сүймейді, тек бірде: «Өзімді қатарымнан үнемі төмен санап, көзге түспеуге дағдыландым. Бертінде ғана өзімді-өзім кемсітуден құлантаза арылдым», — деді. Тегінде бұл — бойы жер жалдаған аласа, бірақ дене бітімі мығым адамдарға тән қасиет. Яков Борисович жоғары оқу орнында білім алмаған, әріптестеріне мәлім білімпаздыққа ол өз бетінше ізденумен жеткен. 30-жылдарда Белорусиядан Ленинградқа келіп, осы шәрдегі ғылыми институттарда лаборант болып еңбек жолын бастаған. Он жеті жасынан бастап зертханалық тәжірибелерде байқалған оқыс жайттар, физико-химиялық құбылыстар туралы ғылыми мақалалар жариялаған. Химиялық реакцияның кинетикасы жайындағы еңбегінде ол «тізбекті реакция» теориясының осы күнгі негіздерін көрегендікпен болжаған. Бұл енді сол уақыт түгілі — қазірде де таңғаларлық терең таным! Осы зерттеуінен кейін Зельдовичке біздің физиктер оң көзбен қарап, көреген зерттеуші деп бағалады. Ол әуелі кандидаттық, сонынан докторлық диссертациялар қорғады. Бірде-бір адам оған жоғары оқу орнын бітірген дипломын қайда деген сұрау қоймаған, естуімше, қасақана мән бермеген. Жану физикасы, содан туатын сілкіністер теориясы, одан да өзге физико-химиялық процестерді қарапайымдап түсіндіру — Яков Борисович өмір бойы шұғылданған тақырыптар. Соның бәрінде теоретик Зельдовичтің өзгеше ой-өрісі бірден байқалады. Әрине, И.В. Курчатовтың жетекшілік және ұйымдастыру қабілеті айрықша зор, ол ядролық физиканың үздік білгірі. Сөйтсе де Ю.Б. Харитон мен Я.Б. Зельдовичтің кеңестік атом өндірісінде көшбастар тұлғалар болғаны — даусыз шындық. Мен сол жайтты кімнің алдында болсын мәлімдеп, айғақпен дәлелдеуге дайынмын...»

\* \* \*

2-зертхана мамандары 1945 жылдың көктемінде атом ядросына үнілген зерттеуді аяқтаған. Кеңестік бомбаның көлемі мен салмағы, нендей заттардан құралып, «тізбекті реакцияны» қоздырудың кілтипаны да анықталып, соны енді арнайы өндірісте жасауға жоба әзірлеген. Бұл болса жөппелдемде орындалатын шаруа емес: технологиясы күрделі зауыттар тыннан тұрғызылмақ, соларға қажет компоненттер күрделі өндірістерде әзірленбек, оған қоса сол «бұйымдарды» ондап, жүздеп шығару қажет; ең шатағы, солардың бәріне кәнігі шебер, арнайы маманданған мыңдаған жұмыскер қажет; бәрі-бәрін жүзеге асыру үшін миллиондаған сом қаржы керек...

Төрт жылға созылған қантөгіс соғыс Кеңес елінің қуат-күшін мейілінше әлсіретіп, халық тұрмысы да ерекше жүдеді. Ауыл шаруашылығын, ауыр және жеңіл өнеркәсіпті көтеруге бөлінбек қаржыны ділгерлігі беймәлім әрі аса қымбатқа түсетін мына іске жұмсау қажет пе? Әсіресе дүйім елдің зықынсын шығарған қантөгіс соғыс біржолата тоқтаған бейбіт күндерде? В.М. Молотов құпия зертхана басшысы алдына қойған атомдық өндірістің жобасына шұқшия қарап, көрсетілген қыруар қаржының тұсына сұрау белгісін қояды. «Мынаны жүзеге асыратын болсақ, Курчатов жолдас, бірнеше ірі өндіріс және қалашықтар тұрғызып, оған қоса аумағы ересен зор сынақ алаңын әзірлеу қажет. Бәр-бәрі көптеген жыл жұмыс істеуге арналған, әрбір қалашықта ондаған мың жұмыскер еңбек етпек. Ең шатағы, соның бәрі бір тиын қайтарымы жоқ

миллиондаған, бәлкім миллиард сом шығын. Ойланайын, Иосиф Виссарионовичпен ақылдаспай мен мұны өз бетімше шеше алмаймын...» – деген уәжбен қымбат жобаны шойын сейфке жөнелтеді.

Андауымша, орасан зор шығынға И.В. Сталин де жәдемей, ұзақ ойланған...

1945 жылғы шілде айының соңғы аптасы. Кеңес Одағы, Англия мен АҚШ елдерінің басшылары Германияның келешек тағдырын шешу үшін Потсдамда бас қосқан тарихи мезгіл. АҚШ президенті Гарри Трумэн Англияның премьер-министрі Уинстон Черчилльмен бейресми әңгімеде өздерінде дайындалған атом бомбасы жайында Кеңес Одағының басшысына айтамын ба, әлде сыналған кезге дейін қоя тұрамыз ба... деген түйткілді мәселені ақылдасады. Дипломатия сырттаны Черчилль әріптесіне ағынан жарылып: «КСРО – бізбен одақ ел, сірә, жаңа қарудың күш-қуатын сездірген жөн болар...» – депті-мыс. Әлқиса содан келесі кездесуде Трумэн өздерінде бүлдіргіш күші ересен зор, адамзат қауымы бұрын-соңды білмеген, естімеген, Берлин сияқты үлкен қаланы қасқағымда жер бетінен жоятын әлей бомбаны АҚШ мамандары әзірлегенін атөтті мәлімдейді. Сталин сол ақпарға титтей де танданыс білдірмей, бейтарап әлпет аңғартады. АҚШ президенті КСРО-ның бірегей билеушісінің сол қылығын көңіліне дік алып, қартамыш әріптесіне: «Менің ескертуімді Сталин құлағына ілген жоқ, соның нендей пәлекет екенін ұқпаған пейіл аңғартты...» – деп қынжылыс білдіріпті.

Иосиф Виссарионович Кеңес делегациясы тоқтаған оңаша виллаға қайтқан бетінде КСРО үкіметінің басшысы әрі Сыртқы істер министрі міндетін қосаметкей атқаратын үзенгілес серігі В.М.Молотовқа: «Вячеслав, біздің уақытша одақтасуымыз өздері жасаған жаңа бомбаны «Үлкен шокпар» етуге асығып отырғанын шамаладым. Курчатовқа ескерт, екеуміз тежеген жұмысты барынша жеделдетсін! Солай етпесек тегінде ұтыламыз...» – дейді. Ескертіп қана қоймай, Мәскеуге оралған соң И.В. Курчатовты шақырып: «Американың атом бомбасы дайын болыпты. Черчилль бұл туралы былтыр да, биыл да маған ләм-мим деген жоқ. Демек, сол шіркіндердің түпкі ниеттері бұзық!.. Қысқасы, Игорь Васильевич, әзірлікті барынша тездет! Сөйту үшін қандай көмек қажет, қымсынба, не тілесен – түгел аласың!..» – деп көкейіндегі қыжылды тарқатқан.

Токетерін айтқанда, атомдық жобаны жедеғабыл жүзеге асыруға үкімет қарары қабылданған. Алайда, В.М.Молотовтың ерекше сақтығын білгендіктен И. Сталин сол істі оның құзырынан алып, 1945 жылдың 20 тамызында құпия бұйрықпен Л.П.Берияны бастық етіп, Атом комитетін құрған. Лаврентий Павлович болса жеке иелігінде миллиондаған жұмыс қолы бар ГУЛАГ-қа ие әрі қандай шаруаны болсын әуірімдеген едел-жедел қарқынмен атқаратын пысықтығына мейірімсіз қаһары сай диктатор. Сірә, мына жұмыстың халықаралық мәнін, мемлекеттік маңызын ескеріп, И. Сталин келесі жылдың басында оның ресми құқығын бұрынғыдан да күшейтіп, Саяси бюроға мүшелікке өткізіп әрі Наркомат төрағасының ерекше құқықтарға ие бірінші орынбасары етіп тағайындайды.

Атомдық комитеттің басшысы өзіне жүктелген аса жауапты іске зор құлшыныспен, өзіне тән ұрдажық әуіріммен кіріскен. Сол қаракеттің ай-

қын мысалын – уран кеніне деген жойқын ділгерліктің жедеғабыл және оңды шешілуінен айқын көреміз: 1945 жылдың қоңыр күзінде Атомдық комитет одақтас елдердің өзара ұйғарымы бойынша кеңестік зонада қалдырылған Германияның Саксония, Тюрингия аймағы мен Чехословакия территориясындағы уран кеніштерін иемденіп, солардың қойнындағы қуат-қоры мардымсыз саналған ескі кеніштерде барлау жұмыстарымен бірге өздері аса ділгер болған уран тұзын алуға жедеғабыл кіріскен. Сол жұмыс артық-кемі жоқ үш жыл ұдайы тоқтаусыз жүрген.

Мен төменде сол істің барлық михнатын сөз етпей, нәтижесін ғана естіртемін.

Атомдық комитет сол аймақта 1945 жылдың күзінде «Висмут» деп атаған өндірістік ұжым ұйымдастырған. Анығында бұл – сол ұжымның бүркеншік аты, өндірген заты – уран тұзы. Сол өндірісте алғашқы үш жылда 30 мың неміс тұтқындары жұмыс істеген. Шерменделерге басшылық еткен кеңестік мамандардың қарамағы – 3,5 мың. «Висмуттың» бас директоры – кеңес азаматы, профессор С. Александров, соған дейін ГУЛАГ жүйесінің бас инженері болған, әскери шені генерал-лейтенант. Үш жылдан кейін осы гиганттың қуат-күші, яки уран тұзын өндіруі Еуропа құрлығы бойынша бірінші орынға, дүние жүзінде үшінші деңгейге көтерілген. 1945-1990 жылдарда ол Совет елі мемлекет қорына алған уранның 50 пайызын өндірген. 1950 жылдан беріде, әскери тұтқындарға бостандық берілген кезде осы ұжымның ондаған кенішінде 70 мың кенші болған, сол кеніштердің қосалқы шаруашылықтарында 135 мың адам еңбек етіпті. Әлбетте бәрі де ГДР-дың азаматтары. Солардың бәрі де Саксония мен Тюрингияның алты қаласында тұрған.

Кеңес мамандары осы өндірісте кен қазудың бұрын-соңды болмаған үздік технологиясын жүзеге асырған. Геологтар уран тұзы молырақ шашыраған жүлгені анықтаудан соң тереңдегі қабатқа штрек сықылды тарам-тарам үңгірлер қазады, солардың ұзындығы 2000 метр шамасында, Саксония мен Тюрингия тауларының қойны-қонышында осылайша қазылған штректердің ұзындығы 1500 км; «Висмут» 1945-1990 жылдар аралығында екі аймақта 55 шахты қазып, солардың астынан әлгіндей 6 үңгір ұңғып, 85 ұңғыманы кен шығару ісіне пайдаланған. Сол шахтыларда кентасын жоғарыға көтермейді, кен жатқан қабатқа күкірт қышқылы айдалып, тас қойнындағы уран тұзын ертіндіге айналдырып, соларды үстіге кәдуілгі су сорғыш насостармен көтереді. Бұл енді уран металын бейнетсіз өндірудің өте-мөте тиімді жолы.

Сол өндіріске басшылық еткен кеңес инженерлерінің 45 жылға созылған таңғажайып еңбегінің тарихи мәнін, шынайы бағасын, КСРО қорғанысын жанқиярлық ісімен қаншалықты күшейткенін олардың омырауына қадаған мемлекеттік марапаттарымен нақтылауға болады: мысалы, алғашқы кеңестік атом бомбасы сәтті сыналған 1949 жылғы марапаттауда осы ұжымның 8 өкілі Еңбек Ері атағын иеленген, олардың екеуі – алғашқы директоры С. Александров және оны бертінде ауыстырған, инженер һәм генерал М. Мальцев... «Висмут» концерні өндірген уран кенін КСРО өндірістері ғана емес, Болгария, Венгрия, Чехословакия және Азия құрлығындағы елдердің стансалары пайдаланған. Осы жылдарда екі аймақтағы кеніштерден 230 мың тонна уран тұзы алынған. Осы көлем аз ба, әлде көп пе? Осы сауалдарды өзіне қойып, нақты

жауап берген мәскеулік журналист Сергей Лесков: «Ресейдегі ең бай әрі қуатты саналған, Байкал көлінің жағалауындағы Приаргун кенішінен біздің кеншілер жыл сайын небәрі 3 мың тонна уран кентасын жер бетіне көтерген...» – депті («Совершенно секретно» альманағы, «Отанға уран керек» № 03/380, 5 наурыз 2016 ж.).

Атом бомбасын жедеғабыл жасау жолындағы Л.П. Берияның тағы бір мәнді шарасы КСРО наркоматына, яғни өзіне тікелей бағынатын 1-ші Бас басқарма аталған өндірістік-мемлекеттік құрылымды бекемдеуі. Оны басқаруға кеңестік ауыр өндірістің әйгілі қайраткері, білікті инженер Борис Львович Ванников тағайындалған. Генерал-лейтенант Ванников КСРО-ның Қару-жарак наркоматын 1940-45 жылдарда басқарып, кешегі соғыста Қызыл Армияны құрыш сауытқа оранған танктермен, ұшқыр ұшақтармен, алуан түрлі зенбіректермен, реактивті техниканың алғашқы үлгісі, атакты «катушаларды» жасатып, өзге де қаруларды миллиондап әзірлеген зауыттардың күнбе-күнгі қаракет-тынысын өз қолында ұстаған қайраткер. Нәтижесінде физик ғалымдар күні кеше ерекше мұқтаж болған ділгер мұқтаждарының бәрін де жеткілікті түрде алған. Сол үшін де атомдық шикізатты күллі Одақ алқабынан іздейтін дербес басқарма құрылған; сол міндетті атқаруға Түсті металлургия зауыттарына шикізат әзірлеумен шұғылданған басқармаға 1939 жылдан жетекшілік еткен, соңынан КСРО Геология комитетін де басқарған, кәнігі геолог П.Я. Антропов шақырылған.

Кенес геологтары 1944 жылдың аяқ шенінде Өзбекстандағы Ферғана аймағынан және Эстонияның теріскей шебінен құнары едәуір уран кенін табады. Екеуінде де ілешала қазу жұмыстары жүрген. «1944 жылы Түсті металл наркоматы 1519 тонна кентасын қазған, содан небәрі 2 тонна уран тұзын алған. 1945 жылы 5 мың тонна кентасын қазып, одан да 7 тонна уран тұзын мемлекеттік қорға өткізуді жоспарлаған. 1946 жылы 125 тонна кентасын байытуға тапсырып, одан да 50 тонна қажет концентрат алуға ниеттенген... – депті журналист С. Лесков біз жоғарыда сілтеме жасаған очеркінде. – 1945 жылдың тамызында Игорь Курчатов пен Исаак Кикоин үкіметке жолдаған ресми анықтамада. – Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Эстония территориясынан және Норильск қаласына таяу аймақта барланған қорғасын кеніштерінен құнары едәуір уран тұзы табылды...». – делінген. Осы құжатта республика геологтардың Қаратау бөктерінен аса құнарлы уран қорын тапқаны да айтылған (біздіңше, бұл арада сөз Степногор өндіріс жайында болып отыр, оның қоры әлемдік деңгейге көтеріліп, ХХІ ғасырға дейін жұмыс істегендіктен де мәскеулік журналистің қаламына ілігіпті). Амал не, түгесілмейтін кенорны өмірде жоқ. Жоғарыда біз атаған уран кеніштерінің қоры 1960 жылдарда таусылып, мүлдем жабылған. Тәубе делік, соларды Байкал көлінің жағалауындағы жаңа кеніш ауыстырған. Сол маңаттағы Краснокаменск қаласы атом стансалары сұраған уран кенімен жеткілікті жемдеу үшін жедеғабыл бой көтерген. Бертінде аса құнарлы кен көзі Днепропетровск облысының территориясынан табылған. «Сайып келгенде солардың бәрі КСРО-ның уран металына ерекше бай ел екендігін әлемге әйгіледі. Әлбетте солар КСРО-да атом бомбасын мың-мындап жасауға сүбелі үлес қосты...» – деген оймен тұжырымдапты С. Лесков «Отанға уран керек» очеркін.

Атом комитеті үшін кен көздерін іздейтін басқарманың кәнігі геологтары Қазақстан мен Өзбекстан территориясынан, бертінде Ресей аймағынан уран элементі шоғырланған үлкенді-кішілі елу шамалы (сонын үштен екісі Қазақстан аймағында) кен орындарын тапқан. Солардың бәрінде де кеніштер ашылып, кейбірі жарты ғасырдан астам уақыт, енді бірі осы күнге дейін уран кентасын килограмдап, пұттап, тонналап өндірген. П.Я. Антропов осы жұмыспен 1979 жылдың аяғына дейін, яғни отыз жылдан астам уақыт шұғылданған. 1970-жылдарда Жер планетасындағы уран қорының жартысына жуығын КСРО кеніштері берген. Осы істі баянды ету үшін Петр Яковлевич сексен жастың өріне көтерілгенше тынымсыз еңбек еткен жанкүйер. Нақты дерек мынадай: осы жылдарда Кенес Одағы 740 мың тонна уран кенін өндірген. Осы саладағы таңғажайып еңбегі үшін П.Я.Антропов үкімет марапаттарын аста-төк иеленген. Ғажап жайт десек те рауа: ұзақ өмірінің соңғы жылында ол Том облысынан қоры мол уран кенін ашып әрі сол жерде үлкен өндіріс ұйымдастырған ерен еңбегі үшін Лениндік сыйлықтың иегері атанған...

ЕСКЕРТУ: П.Я. Антропов КСРО-ның Геология министрі болған кезінде, одан соң Атомдық өндірістің министрі Е.П. Славскийдің орынбасары міндетін атқарған ұзақ жылдарда Қазақстан қиырынан уран кенінің қорын көптеп ашуға айрықша еңбек сіңірген. Андауымызша, сол істің аса сәтті өрістеуіне академик Қ.И. Сәтбаевпен көп жылдық достығы да дәнекер болған. Осы туралы нақты айғақтар «Академик Қ.И. Сәтбаев» (А., «Ғылым», 1965 ж.) деп аталған естелік кітапта жеткілікті айтылған. Соған орай мені ерекше сүйсінткен бір жайтты ескертемін: 1978 жылғы желтоқсан айында мен Мәскеуде, ОК-те жауапты қызмет істейтін ақын досым һәм кәнігі кенші Кәкімбек Салықовтың көмегімен Орта салмақты машиналар жасау министрлігінің (Атом өндірісінің бүркеулі аты) Үлкен Ордынка көшесіндегі зәулім ғимаратының 6-қабаттағы кабинетіне тап болдым. Кабинет иесі Петр Яковлевич мені зор ізетпен қабылдап, «Қаныш Имантайұлымен 1939 жылдан құшағым айкасқан доспын, Сәтбаевтай ұлы адаммен дос болғанымды мақтан етемін...» – деп ағынан жарылған сүйсініспен әңгімелеп, Қаныш ғұламамен бірігіп атқарған игі істер жайында көл-көсір әңгіме шерткені менің «Құлыпталған ғұмырнама» деп атаған естелік кітабымда егжей-тегжей баяндалған. Әлбетте «Сәтбаев» атты еңбегімнің Мәскеуде жариялануына да сол қайраткер және Е.П. Славский дәнекер болғаны – кешегі күндердің күйкі де әрі жан сүйсінер шындығы.

СҮЙСІНІС ТУҒЫЗАТЫН АҚПАР: *«Дүние жүзіндегі барланған уранның ерекше қорлы кеніштері Қазақстан қыртысында (Австралия ғана біздің алдымызда). Нақты айтқанда, ҚР-ның барланған уран қорының үлесі жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында 35 пайызға жетті, 2013 жылдың аяғында сол межені 38 пайызға көтереміз, – депті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-ның төрағасы В.С. Школьник («Уран – үрей емес, жасампаз қуат көзі», «Егемен Қазақстан», 27.XI.2013 ж.). – ...Қазақстан өндірістері өткен жылы 20,9 мың тонна уран кентасын өндірді. Күллі әлем өндірістері жыл сайын 55,7 мың тонна уран өндіретінін ескертсем, сол өнімнің қанша пайызын біздің ел беріп отырғанын шамалау қиын емес. Жыл сайын шетелге біз 9,26 мың тонна уран кентасын сатамыз. Ресеймен бірлесіп, атом стансалары ділгер шикізат өндіретін үш серіктестік құрдық. 2017 жылдан бастап жылына 6 мың тон-*

*надан уран кентасын шығара бастайды. Қазірде күллі әлемде 435 атом блогы жұмыс істеп, 71 блоктың құрылысы басталды. Соның бәріне уран керек. (...) Уран шикізатын АҚШ бізден алады, әзірше «Казатомөнеркәсіп» өнімінің 4-5 пайызын береді, келешекте сол меже 20 пайызға көтерілмек...».*

Енді мына бір дерекке көңіл аударыңыз: Манғыстау түбегінде әзірше барланған уран мен сирек металдар қоры жүздеген мың тонна. Бұл енді бірде-бір мемлекетте жоқ қисапсыз мол қор. Тек соны үнеммен әжетке жаратып, игере алсақ?.. Орталық және Шығыс Қазақстанда уранмен шұғылданатын екі үлкен өндіріс бар. Соның ерекше қомақтысы – Ақмола облысының Есіл ауданындағы Красногор кеніші; уран кентасын қорытатын өндірістер – Степногор ұжымы және Өскемендегі Үлбе комбинаттары. Екеуі де ондаған жылдан бері әлемдік атом стансаларына уран, берилий және соларға серіктес сирек металдарды таза түрде әрі керегінше өндірумен сәтті шұғыланып келеді.

Есімі де, ұланғайыр еңбегі де халқымызға мәлім атомист-ғалым Қайрат Қадыржановтың мәлімдеуінше («Жас казак», 1 қараша 2013 ж.), ХХІ ғасырда 31 мемлекетте 427 (?) атом реакторы тұрақты жұмыс істеп (оның 33-і РФ-да), электр қуатын өндіреді. Солардың 17-і соңғы он жылда іске қосылған. Тыннан салынбағы – 20 (әрбірін баптап, тыңғылықты жүргізу үшін тегінде 10-15 жыл керек деседі). Қысқасы, әлемнің тағы да 14 елінде (жоғарыдағы елдерге қосымша) 66 атом стансасын (солардың 44-і Қытай елінде) іске қосу жобаланған. Бір ғана АҚШ-та 100 реактор қуат береді. 1990 жылдан беріде американдықтар мерзімі жобаланған межеге жеткен соң 8 реактордың жұмысын біржола тоқтатқан. Бұл болса ерекше сақтық шара. Әрбір реактордың ғұмыры – орта есеппен 40 жыл.

«Кездейсоқ катерге ұрынбасақ – атомнан өзге тиімді қуат көзі жоқ деуге болады. Сондықтан да, әлемдік физиктердің болжауынша, 2050 жылға қарай күллі әлемде атом энергиясына сұраныс екі есеге жуық көбейеді... – депті Қазақстандағы Ядролық физика институтының жетекші маманы, ғылым докторы Насырулла Бөртебаев («Егемен Қазақстан», 16. XI. 2013 ж.) – Атом стансалары адамзат өміріне етене қуат көзі болғалы 70 жылға таяу уақыт өтті. Содан бері апатқа ұшырағаны – Чернобыль мен Жапониядағы Фукусима стансалары ғана...».

Анығында екеуінің де апатқа ұшырауы – кәдуілгі шалағайлық пен салақтық. Мысалы, жапондардың аса қуатты стансасы жер сілкінген сәтте іргетасының әлсіздігінен төтенше жарылысқа түсті. Сол өндірісті жобаларда арнайы шақырылған кеңестік мамандар іргетасты 11 баллдық жер сілкінісіне төзетін беріктікке жеткізуді жазбаша түрде даралап ұсынған. Ал, станса қожайыны қаржы үнемдеп, іргетасты 10 баллдық межеге ғана жеткізген. Кезекті сілкіністе стансаның іргетасы 9 баллдық дүмпуді көтере алмай, Фукусима стансасының быт-шыты шығып, станса иесіне миллиондаған доллар залал келтірді.

Жапония үкіметі қазірде өз еліндегі атом стансаларын тоқтатып, кәдуілгі күн сәулесін, көмір, жағармай немесе жел қуатын пайдаланатын ескі технологияға көшуге қарар қабылдаған. Немістер де сондай қаракетке бет бұрған де-



седі. Алайда? Мұнай қорына қисапсыз бай Сауд Арабиясы қуаты 30 ГВт атом стансасын салуда. Қытай елі де бұл істе ешкімнен кейіндеп қалған жоқ. Кореяның екі үкіметі мен Үндістан да шетелдіктер көмегімен атом стансаларын тұрғызуда. Франция үкіметі де ядролық қуат көздерін көбейтуге ерекше мүдделі. Қазақстанда Балқаштың түстік жағасынан немесе Семей полигонынан босаған байтақ жерде атом стансасын салуға жоба әзірленген. Ескерту парыз: Балапан бұйратындағы «Байкал» атом стансасының екі реакторы тоқтаусыз жұмыс істегеніне 70 жыл болды. Тәубе дейік, солардың арзан да мол қуатын Ертіс өңірі, Абай ауданы әжетіне жаратудан әзірше жаңылған жоқ.

Қазақстанның уран және радиоактивті элементтермен жұмыс істеуге бейімделген өндірісі ерекше қуатты: атомдық энергия беретін кондырғылар үшін табиғи және байытылған уран элементін өндірудің әлемдегі ең озық технологиясы Үлбі комбинатында сыннан өткен; таза бериллий алу да осы өндірісте жасалған (оған қосымша тантал, ниобий, т.б. металдар); сол себептен де оның технологиясын АҚШ компаниялары және басқа мемлекеттер де бізден үйренуде. Ең ғажабы, осы сала ҚР экономикасының басым бағыты саналады.

Соңғы кезде Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы қос Қарамұрын (Солтүстік және Оңтүстік болып дараланған) кеніштері және Иіркөл кен орындарын РУ-6 аталатын ЖШС кәсіпшілігі иеленіп, біздегі уран қорының салмақты бөлегін жер бетіне шығарған. Осы өндірістердің кен өндіру технологиясы мейілінше жетілген. Мысалы, Иіркөлде бұрынғыдай штректер қазып, жер астына түсу жоқ. Уран кені жатқан қабатқа кәдуілгі ұңғыма жасалады да жер сызаты бетонмен бекітіліп, төменге арнайы ертінді айдалады. Біршама уақыттан соң сілтіленген реагенттер жоғарыға қуатты сорғыштармен шығарылады. Сол ертіндіден уран кені өндіріледі...

\* \* \*

1946 жылы жедеғабыл ұйымдасқан, атом өндірісімен тікелей шұғылдануға тиіс екі басқарма «бұйымды» тездетіп жасауға жанталаса кіріскен. КСРО үкіметі, билеушілік құзыры ерекше өскен Л.П. Берия сол шаруаны тезірек қаузау үшін осы екі жұмысты күнбе-күн қадағалайтын арнайы штаб құрған. Оны генерал-лейтенант Авраамий Павлович Завенягин басқарған. Ресми лауазымы – 1-ші Бас басқарма бастығының төтенше құқықты орынбасары, оған қоса Қауіпсіздік комитеті төрағасының арнайы өкілі құқығын да сақтаған.

Арнайы ескертер гәп: Завенягин Норильскі мыс-никель комбинатын тұрғызған бесаспап құрылысшы әрі сол жердегі тұтқын лагерінің бастығы міндетін қосаметкей атқарған (1937-38 жылдары ол осы мекендегі ГУЛАГ-та «саяси қылмысын» өтеген тұтқын). Осы өндірісте ондаған мың адам еңбек етеді, дені – еңбек түзеу лагерьлерінің тұтқындары. Әлбетте құпия өндірістің штабын, сонда істейтін ғылым иелері мен инженерлерді де көзден таса етуге болмайды. Ешкімге сенбейтін, өздерінен басқаны жаулыққа бейім санайтын Қауіпсіздік комитетінің білім-танымы төмен әрі аса дәрекі қызметкерлері

(бұл да ОГПУ мен НКВД басшылары өздеріне ежелден етене еткен тағылық) осы істе неше түрлі маскараға тап болған...

I-басқарма карамағындағы өндіріске 1946 жылы қабылданған ғалым-физик Л.В.Альтшулер кезекті тексеру кезінде осы комитеттің жоқандық шенеуніктерін қарадай шошытқан пікірлер айтады. Мысалы, «Генетика туралы не дейсіз?» деген қитұрқы сұраққа ол: «Келешегі зор ғылым, оның бүгін таңдағы ғажап жетістігі – хромосом теориясы. Сол жаңалықты түсінбей теріске шығарған академик Лысенконың дәлелін мен ғалым ретінде мүлдем қабылдамаймын...» – деп ағынан жарыла жауап берген. Оның сол ойы кеменгерлігіне шәк келтіруге болмайтын «ұлы» И. Сталиннің генетика туралы кереғар тұжырымына ашық қарсылық. Қысқасы, Лев Владимировичті жабық ұжымнан аластауға бұйрық дайындалады, одан әрі сот алдында жауап беруге тиіс. «Женя Забабахин екеуміз, 1950 жылдың жаз айы екені есімде, А.П. Завенягин өндіріс алаңына келген сапарында: «Альтшулер – «бұйымды» экспериментке әзірлейтін бөлімнің білгір бастығы. Ол мына жұмыстан аласталса, Авраамий Павлович, сіздер асыға күткен сынақтың тағдыры неғайбыл іске айналады...» – деген сипатта түсінік айтып, комиссияның шешімін өзгертуді өтіндік. Генерал-лейтенант бізге сұстыя қарады. Сонсоң алдында жатқан актіге үніліп, Альтшулердің фамилиясын «Қара тізімнен» сызды. «Ол шіркінге мықтап ескертіндер, генетиканы ашық насихаттауды доғарып, атомдық физикаға ғана табынсын!..» – дегенін А. Сахаров «Естеліктер» кітабының 140-бетінде ашы мысқылмен баяндаған («Алайда, сол әріптесіміз жиырма жылдан кейін кезекті аңғалдығы үшін полигондағы жұмыстан біржола шеттетілді» – деп қынжылыс білдіреді академик ғалым).

Осыған ұқсас дәреке қылықты атом өндірісіне техникалық жетекшілікке Ю.Б. Харитонды, оған ғылыми кеңесші етіп Я.Б. Зельдовичті тағайындарда Л.П.Берия да көрсетіпті. Екеуінің кандидатурасын бекітетін Саяси бюро мәжілісінде ол И.В. Курчатоваға кенеттен шүйлігіп:

– Сен өзіне көмекшілікке жебірейлерден өзге ғалым таппадың ба? Мына Харитон деген сұмның ата-анасы кім екенін, әрине, білмейсің. Әкесі ғана емес, шешесі де Кеңес үкіметін қабылдамаған нағылеттер, шетелге қашып барып, өмір бойы бізге қарсы күрескен соғындылар. Қысқасы, екеуін де объектіге жолатуға болмайды!.. – дейді..

Курчатова бірақ өз шешімінен айнымай:

– Лаврентий Павлович, бұл екеуіңсіз біз атом бомбасын жасай алмаймыз. Шыққан тегі сеніңсіздер тізіміне мына мені, таза орысты, Романов заманында орман бақылаушысы болған шені зор шенеуніктің баласы деп жұмыстан босатыңыз. Ертең емес, тап қазір!.. – депті.

Қатыгездігі ерен Берияны, оның сауыскандай сақ тексерушілерді қынжылтқан өмір шындығы мынадай: 1949 жылғы күзде жарияланған, кеңестік тұңғыш атом бомбасын жасаушыларды марапаттау туралы құпия жарлықта Еңбек Ері атағын иеленген атомист ғалымдардың тізімінде Зельдович пен Харитонның фамилиялары алғашқы кезекте аталған; сол жарлықтың 29 қазанда И. Сталин қол қойған, КСРО Министрлер Кеңесінің қосымша құпия қарарында Альтшулердің фамилиясы 73-ретте тіркеліп, Лев Владимирович Ленин орденімен марапатталып әрі Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанған...

I-басқармаға қарасты үлкен ұжым «Экспериментальды физика» деген жадағай атаумен далдаланған, анығында ол атомдық бомбаны жасап әрі сынау ісі жүктелген ВНИИЭФ-тің (Экспериментальды физиканың бүкілодақтық зерттеу институты) ғылыми жетекшісі Юлий Харитон және директоры

Павел Зернов екеуі 1946 жылдың көктемінде Нижегород облысы мен Мордова республикасының шекара шебіндегі Арзамас қаласына келіп, оның төңірегін неше тәулік мұқият шолады. Қиян түпкірдегі Саров қалашығын, одан арғы 100-150 шақырым теріскейдегі елсіз аймақты асықпай аралап, осы жер өздері жобалаған іске ең қолайлы орын деген тоқтамға келеді. Нендей іс екенін облыс басшыларына тек ашпаған...

Ол болса иен жазықтың кіндік тұсында дара келбетте құздиған тұрықты төбешік. Соны айнала екі өзен ағады. Біреуі төбені түстік және теріскей шетінен ғасырлар бойы ұңғып биік жар түзеген, ал, күнбатыс етегінен жанай ағатын екінші өзен орманды алқапқа құлаған. Батыс шептегі кең тақырдың үстіне тұрықты үш ғимарат салынған, сырты сыланбай, әдемі қызыл кірпіштермен әскездеп өрілген кешеннің шеткергісі – «Г» әрпіне ұқсаған екі қабатты ұзынша үй, соның арғы шетінде үш және төрт қабатты екі құрылыс жалғасып, ерекше сымбат түзеген. Үшеуін ынтыға көріп, ылдиға түссеніз – бір қабатты жөнен құрылыстарға кезігесіз. Солардың біреуіне – тұрмыс қажетін өтейтін шаштараз, екіншісінде – дүкен, үшіншісінде – асхана, тағы сондай тұрмыстық мекен-жайлар орналасқан. Одан әріде XVIII ғасырда бой көтерген әдемі ғибадатхана. Тақырдың батыс шетінде бойшан ғимараттар сап түзеген. Солардың іргесінде – жаяу базар аланы, әмбебап дүкен де сонда, еңселі бір үйді кинотеатр иемденген.

Бұл жердегі ең көрнекті құрылыс – монахтар иемденген ғибадатхана. Оны жағалай тұрықты мұнаралар тұрғызылған. Ғибадатханаға үш жағынан бірдей, әскездеп салынған қақпалар арқылы кіруге болады. Сол манатқа сәулеті дара екі собор тұрғызылған. Біреуінің тұрық келбеті Мәскеудің дінсіздер қоғамы 1933 жылы зор даңғазамен құлатқан Құтқарушы Христос храмының мұнарасын айнытпай қайталаған. Сонымен бірге бой көтерген екінші мұнараның шатырмен астасқан жиегі мен терезе ернеуі алтын түстес қоламен әспеттелген. Оншақты қадам алға жүрсеніз – монахтар құтыханасына тап боласыз. Әріректе тұрғын үйлер біріне-бірі иық тіресіп тұр. Бәрі де бертінде, Кеңес заманында салынған.

Ғимараттардан бір шақырымдай төменде, табиғи көркі қаз қалпында сақталған орман қарауытады. Бергі шетіне Боровое атанған елді мекен орныққан. Тұрғындары көп емес, бұл мекен ғибадатханаға келушілерге қызмет көрсеткен. Сол тірлік үзілгенде Саров тұрғындарының тұрмыс күйі күрт төмендеп, байырғы халқы Арзамасқа, қайсыбірі Молдова жеріне қоныс аударған.

Ескі үлгімен тұрғызылған ғибадатхана, жергілікті тұрғындардың айтуынша, Серафим Саров есімді дінғуар мұжықтың әулиелік қабілетімен шартарапқа әйгіленген-мыс. Сол пақыр осы ғибадатхананың құрылысына қатысып, мұнараның ұшар басында еңбек етіп жүргенде оқыс құлап, бел омыртқасын үзген. Содан былай бүкір атанып, іргелегі орман жыңғылына қоныс аударып, суы шипалы бұлақтың жағасына салынған жеркепеді ұзақ жылдар бойы жалғыз тұрған. Бұлақ суы шипалы болып, сол байғұсты әртүрлі дерттер мен қатерден аман сақтаған-мыс. Осы қауесетке имандай сенгендер бұлақ суын Серафимнің қолынан ішіп, бойын жайлаған дерттен құлантаза жазылатын болған. Сол бұлақты күні-түні күзеткен мұжық өзіне шартараптан ағылған дімкәс жандар ұсынған сыймен ұзақ жасаған деседі...

Серафим Саровқа табынушылар жыл сайын көбейген, әсіресе жаз күндері келушілердің қарамы бірнеше мың. Православие шіркеуі 1903 жылы, әлбетте опат болғаннан кейін оны шапағаты мол қасиетті жан санап, күллі Русь елі қадір тұтар әулие атандырған. Серафимнің мүрдесі сол жылы салтанатты түрде ғибадат ауласына көшірілген. Шектеусіз

қайырымдылығымен данққа бөленген Мәскеу фабриканты Савва Морозов осы мекенге қыруар қаржы беріп, жоғарыда біз даралап сипаттаған ғимараттарды әскездеп тұрғызып, жер-жерден ағылған табынушылар, мүгедектер қауымы тоқтайтын кельяларды жөндетіп, мейманхана үйіне айналдырған. Осы мекендегі бастауыш мектеп және діни ғимараттардың біразы Николай II патшаның қаржысымен салынған. Николай Романовтың өзі Саров тақырына жаз айларында үй-ішімен келіп, Серафим әулиеге табынуды бірнеше жыл машық еткен. Ең соңғы келуі – 1913 жыл. Ресей империясының астан-кеңтенін шығарған аласапыран жылдарда дінғуарлар қауымның Саров тақырына ағылуы сиреп, 1920 жылдардан беріде дінсіздер қоғамы жариялаған «ұлы төңкерістер» заманында тиылған. Осы жердегі ескілі-жаналы ғимараттар да қараусыз қалғандықтан бүліне бастаған. Билеуші Компартия «Дін – апыын, құдай – жоқ!» ұранымен атеистік насихат ерекше жолды болған 1930 жылдарда Саров тақыры мемлекет қарамағына алынып, ғибадатханада монахтардың діни ғұрыптар атқаруға тиым салынған.

Жергілікті басшылар бос тұрған діни ғимараттарда 1941-45 жылдары соғыс қаруын жасайтын өндіріс ашып, келімсектерден арылған жатын үйлерге, мейманхана бөлмелері мен монахтар кельяларына зауыт жұмысшыларын қоныстандырған. Кең де зәулім ғимараттарда артиллерия снарядтары мен миналар жүз мыңдап әзірленген. Соншама снарядты автомобильмен тасу – әуресі көп машақат. Сол мәселені мамандар кең табанды темір жол тармағын жедеғабыл салумен шешкен.

Саров қалашығының 100-150 шақырымға дейінгі аймақта ел қоныстанбаған оңаша жерде, әсіресе үлкен қалалардан қашықта орналасуы, сөйте тұра кең табанды темір жол байланысының болуы ВНИИЭФ басшыларына ерекше ұнаған. Әрі көп-көрім тұрғын жайға ие. Қысқасы, осы мекенді сынақ аланы ету ісі үкімет қарарымен бекіген соң-ақ, Саров тақыры аталған аймақ, айналасындағы 260 шаршы шақырым жер сол жазда-ақ тікенек сыммен қоршалып, қаланың ескі аты жойылып, 1946 жылы Мәскеу-300 деген санға байланады (соңынан Арзамас-16 атанған). Содан былай осы мекен 1-басқарманың негізгі өндірістік базасына айналады. Снаряд жасаған өндіріс тоқтап, сонда істеген байырғы тұрғындар жаңа ұжымға қабылданған. Бәрі-бәрі қандай жұмыспен шұғылданатыны, жабық қалада тұратыны турасында сыр шашпасқа қолхат беріп, сол байғұстардың сырт өңірге шығуына да тиым салынған. Оның есесіне жергілікті халықтың тұрмыс-күйі қауырт ондалған. Қалашық жобасы түбірімен өзгеріп, 1946-47 жылдарда оның өндіріс ошақтары биік дуалмен далдаланып, ну орман қоршаған алаңқайлар мен Боровое мекенінің үш көшесінің бойына екі қабатты коттеждер сап түзейді. Өндіріске ұрымтал жерде тұтқындар лагері бой көтерген. Цехтарда жұмыс істейтін, сол қаракетке басшылық ететін мамандар басқа қалалардан әкелінген. Күрделі тетіктерді жасауға шеберлік тілейтін іске Оралдан шеберлер шақырылған...

Құрылыс аланы мен өндірісте алғашқы жылы 15 мыңдай адам екі ауысыммен жұмыс істепті. Дені – ГУЛАГ лагерінің тұтқындары. Атом өндірісінде жұмыс істеу тегінде аса қауіпті. Жанкешті жандар ғана тәуекел етеді. Ал, баяғы заманның басыбайлы шаруаларына айналған сормандай тұтқындарды

Саров тақырындағы қатерлі жұмысқа жегу үшін кесулі бір күнің екіге есептеледі деген қитұрқы амал қолданылған. Қандай қатерде жұмыс істейтінін әлбетте айтпайды. Шындығында Арзамас-16-дағы ауыр жұмысқа тартылған тұтқындар күн сайын шыбынша қырылған, Л.П. Берияның қарамағындағы ГУЛАГ-та сол жылдары сан миллиондаған шерменделер бар («Архипелаг ГУЛАГ» кітабының авторы А. Солженициннің болжауынша, тұтқындар лагерлерінде соғыстан кейінгі жылдарда 12 миллион тұтқын болған. Кейбір зерттеушілер сол шерменделерді 18 миллион дейді). Сол байғұстардың бірер мыңы ауыр жұмыстан зорығып өлсе, иә радиация зардабынан ажал құшса — ешкім де жауап бермейді, бір лагерьдің тұтқыны аздық етсе, екіншісін, үшіншісін әкелуге болады (Саров қалашығында ғылыми жұмыспен шұғылданған мамандардың бертінде жарияланған естеліктерінде, сол мекенде ГУЛАГ-тың бір ғана лагері болғаны, екі ауысыммен жұмыс істеп, зауыт цехтарымен қоса тұрғын үйлер тұрғызумен айналысқаны ескертілген). Десек те ескерту парыз: Саров сияқты жабық қалашықтардың саны бертінде оннан асқан, солардың бәрінде тұтқындар жұмыс істеген; өйткені, қатерлі өндіріске басы еркі өзіндегі жұмыскерді мың-мыңдап жеге алмайсың; ал, жаза тартушылардың арасынан ондай жанкештілер әрқашанда табылады...

Әлбетте Арзамас-16-ның техникалық жабдықтарының дені басқа қалаларда әзірленген, соларды орнату, сынау, жетілдіру жұмыстары ғана осы мекенде жүзеге асқан. Сол үшін де оған аса білікті, өз бетінше ойлауға бейім инженер-техниктер өндіріс орындарынан ғана емес, жоғары оқу орындарынан да көптеп шақырылған.

Солардың бірі — жиырма алты жастағы жас маман В.И. Жучихин...

«Атом бомбасы — қару-жарактың болмыс-бітімі өзгеше жана түрі, ол да ерте ме, кеш пе, сәт сағаты сокқанда жарылуға тиіс. Тегінде жарылыс атаулы адам ғұмырына ұқсас, өмірге келген соң құпия қоймада сақталып, қажетті сәт туғанда жарылуымен тынады. Туды, өмір сүрді, өлді... дегендей кезеңдерден өтеді. Өзге қарулар әлденеше жыл өмір сүріп, қажет еткен жағдайда өзін иеленген қауымға қызмет етеді, ал атом бомбасы бір-ақ секундта лап етіп көзден ғайып болады... — деген пәлсафа айтыпты атомдық жобаның Бас конструкторының орынбасары Кирилл Иванович Щелкин өзінің қарауындағы бөлімге қызметке келген жас инженер Виктор Жучихинге 1947 жылдың тамыз айында, Саров қалашығындағы кабинетінде болған алғашқы кездесуде. — Ал егер, екеуіміз қасқағым сәтті кестеге түсіріп немесе фототаспаға жазып үлгерсек — атомдық бомба бізге адал қызмет етіп, өмірден ғайып болды дейміз. Сол қызметті атқаратын сезімтал аспаптың немене екенін білесің бе?

— Білемін, техникалық атауы — осциллограф. Бауман училищесінде біз радиоэлектроника мен радиолокация жайында арнайы курс тындағанбыз.

— Ризамын, білдің! Демек, атом бомбасының жарылу құпиясын асау арғымақты ерттегендей меңгеруіміз ықтимал іс... — деді маған Саров қалашығында танысып, алғашқы күннен істес болған бастығым...»<sup>1</sup>

<sup>1</sup> В.И. Жучихин, «Алғашқы атом бомбасы», түп нұсқасында «Первая атомная», М. ИздАТ, 1993 ж., Естеліктің ғаламторда жарияланған нұсқасын әжетіме жаратқанымды ескертемін.

Виктор Иванович Жучихин Бауман атындағы Жоғары техникалық училищенің кару-жарак факультетін тәмамдар қарсаңда, яғни кешегі майдангер, жас коммунист 1947 жылғы ақпан айында қызметі құпия мекемеге шақырылып, оқу үлгерімі үздік студент болғандықтан I-Бас басқарманың жабық өндірісінде жұмыс істеуге таңдалғанын ескертіп, соған өзінің келісімі сұралады. «Сол объект қайда, онда мен не істеймін?» деген сұрауына: «Облыс орталығына таяу жерге ірге тепкен жабық қалашықта жұмыс істейсіз, екі айда жайлы пәтер аласыз, инженерлік сүбелі еңбек ақыңызға қосымша 75 пайыз үстеме сома төленеді. Ал, жұмыс өзінің таңдаған мамандық бойынша, яғни жарылғыш заттардың жаңа түрлерін дайындау...» – деген сарында жауап естиді.

Диплом жұмысын әзірлеуге кірісіп, сол үшін Мәскеу іргесіндегі әскери зауытта екі-үш ай практикадан өткен. Диплом жұмысына таңдаған тақырыбы жарылғыш заттардың күш-қуатын арттыру турасында. Қысқасы, құпия мекеменің ұсынысы диплом жұмысын әзірлеп жүрген жігіттің көңілін алабұртады: өзіне таныс салада жұмыс істемек; майдан даласында жараланып, әскери міндетінен ада болған соң-ақ оқуға түсіп, ерте үйленіп, балалы болып, келіншегі екеуі баспана тауқыметін басынан кешкен жадау студентке мына жағдай Құдай тағаланың үздік оқуына жасаған сыйы сияктанады... Бірер күн ойнайын, әйеліммен ақылдасайын деп те кергімей, әлгі ұсынысқа қуана келіскен. Әлқисса содан Жучихин диплом жұмысын қорғаған жылдың тамызында «Москва-300» атанған қалашыққа Мәскеу әуежайынан көтерілген әскери ұшақпен жетіп, бірден-ақ құпия сынаққа күп етеді.

Саров қалашығында ол артық-кемі жоқ 22 жыл табан аудармай еңбек еткен. 1947-55 жылдарда қатардағы инженер, ғылыми қызметкер, II-ші санды конструкторлар бюросының бөлім меңгерушісінің орынбасары, ал, 1955-69 жылдар аралығында осы бөлімнің меңгерушісі, сектор бастығы және ядролық бомбаларды жасайтын ұжымның бас конструкторының орынбасары міндеттерін атқарған. 1969-93 жылдары атомдық өндірістен қол үзбей, сол саланың Мытиши мен Снежин қалаларындағы зауыттарында конструкторлар бюросын басқарып, соңында сол ұжымға ғылыми кеңесші міндетін атқарады.

Осы жылдарда инженер-конструктор В.И. Жучихиннің қатысуымен, көбіне басшылығымен 80-нен астам (солардың дені Семей полигонында) атомдық және өндірістік сынақтар жасалған. Виктор Иванович мұнай өндіру ісінде жиі кездесетін газды бұрқактарды жүгендеу, аса зиянды химиялық қалдықтарды тұзды қабаттарға айдау, жер қыртысын теңселту сынақтарының технологиясын зерттеуге атсалысып, кейбіріне басшылық етіп, су қоймалары мен жармаларды атомдық сынақтармен дайындауға қатысқан (Мысалы, Семей полигонына ұрымтал жерден ағатын Шаған өзенінің бойында қасқағым сәтте жасалған «Атом көлі» осы инженердің басқаруымен дүниеге келген). Өзі өмір бойы шұғылданған салада ол 100-ден астам ғылыми еңбек жариялап, тың жаналықтары үшін куәліктер алған. Техника ғылымының кандидаты атағын ВАК оған қорғаусыз беріпті.

Ұзақ жылғы ұланғайыр еңбектері үшін В.И. Жичухин КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын үш мәрте иеленіп, Еңбек Қызыл ту, екі рет Ленин, «Октябрь революциясы» ордендерімен, «Еңбек ардагері» және бірнеше медальдармен марапатталған. Атомдық өндірістің ардагері атағына ие маман.

**Виктор ЖУЧИХИН, «Зерттеу неден басталып, қалайша аяқталды» тарауы:**

*«Атом бомбасының жалпы құрылысы, соған пайдаланылған негізгі заттар бізге мәлім болатын<sup>1</sup>. Конструкторлар бөлімі бір қорапқа монтаждалатын әрбір тетік-*

<sup>1</sup> Автордың «бізге мәлім болатын» деген сөзінің астарында ашық айтпаса да бірталай бүкпе сыр жатыр. Солай деуінің себебін біз тарау соңында түсіндіреміз.

тің қызметін, иә сирек элементтің жарылысқа қажеттігін жетілдірумен шұғылданды. Біз ғана емес, ВНИИЭФ институтының бірнеше бөлімі, соңынан сектор болып іріленген техникалық қызметтің ондаған, жүздеген қызметкерлері — ғалымдар, инженерлер, тағы қаншама мамандар бомбаны жетілдірумен жылдан аса уақыт дайындады. Ақырында әскери қалашықтан бес шақырым жердегі 2-сынақ алаңына ауысып, сынақтар жасадық. Атомдық жарылыс емес, кәдуілгі жарылғыш заттармен сол құбылысты сан мәрте қайталадық. Сөйте жүріп бомбаның атомдық жарылысқа ұқсаған моделін дайындадық. Бар ғәп, сөйтсек, жарылысты қоздыратын заттар — тротил қоспасы мен гексогеннің өзара мөлшерін 1:1 етіп, оған қоса тітіркендіру жылдамдығын секундына 7650 метрге жеткізгенде ғана атом ядросы біз күткен «тізбекті реакцияға» түсіп, қасқағым сәтте бұрқ етерін анықтадық. Сол ғәпті ойлап табу біздің бөлімді жыл бойы шұғылданған қыруар бейнеттен құтқарды, ең ғажабы, үлкен іске жарайтынымызды паш еткен жеңіс болды.

Жарылыстың түзілу, иә түзілмеу кілтінаны бомба қорабының кіндік тұсына жайғасқан бірнеше килограм уран изотопы немесе бірер кило плутоний элементін шар тәрізді домалақ қораптың әр тұсынан, біздің шамалауымызша, 32 нүктеден бір мезгілде әрі жан-жағынан бірдей атқылағанда, әлгі заряд «тізбекті реакцияға» түсіп, атомдық жарылыс түзейтінін анықтадық<sup>1</sup>. Сол импульсті біз жүз мәрте қайталаған тәжірибемен тексердік. Бірде-бір рет жаңылған жоқпыз. Атом бомбасын жасаушылардың бір тобы Содан соң ғана өзіміз жасаған тітіркендіргіш механизмді өндіріске тапсырдық.

...Сонымен, екі жарым жылға созылған сынақты біз 1949 жылдың сәуір айында аяқтадық. ВНИИЭФ басшылары 1949 жылдың жазында әр бөлімнен және құтыхана-лардан қарамды топ жасақтап, Нижегород облысындағы жайлы қонысымызды уақытша тастап, әлдебір елсіз қиырда ірге тепкен сынақ алаңына аттануға қамдандық. Естуімізше, ол сусыз, нусыз шөлдала, тіршілігі баяғыда сөнген елсіз аймақ. Өйткені, нағыз атом бомбасын ел қоныстанған аймақта жаруға болмайтынын, біреуі ғана сол жердегі тіршілікті тып-типыл жоқ ететінін, біз, сол пәлекетті дайындаушылар жақсы білетінбіз. Өзіміз де сол жарылысқа жақын жанасудан қарадай сескенетінбіз. Амал қанша, үш ай мерзімге қайда баратынымызды, не істейтінімізді үй-ішімізге де сездірмей, сөйтуге қақымыз да болмады, өзіміз де нақты білмей шалғайдағы бір қиырға аттандық...».

**МӘНДІ АЙҒАҚ:** Мәскеудің ИздАТ баспасы 1992 жылы жариялаған анықтамалық кітапта Арзамас-16-да 1990 жылы 81 мың тұрғын болғаны көрсетілген. Солардың 24 мыңы ВНИИЭФ-те еңбек еткен. Қаланың құпия атауы ашылған кезде мұндағы өндіріс «Ресейдің ядролық орталығы» аталған. Осы ұжымның үштен бір бөлігі, шамасы 8 мыңға таяу мамандар ғылыми немесе ғылыми-конструкторлық жұмыстармен шұғылданған (яғни ядролық қаруларды автомобиль, зымыран, сүнгуір қайықтарға лайықтап, салмағы жеңіл, көлемі шағын түрлерін де жүздеп, мыңдап жобалаған). Ядролық орталықта теориялық

<sup>1</sup> Домалақ шарға жағалай орналасқан 32 нүктеден бір мезгілде атқылап, «тізбекті реакцияны» қоздыру амалын тегінде американдықтар ойлап тауып, сол тетікті өздері жасаған «Балакан» мен «Балпаңға» қолданған. «Алғашқы атом бомбасы» кітабының иесі бұл тетікті өздері ойлап таппай, АҚШ бомбасының конструкциясынан ұрлап алғаны турасында ештеңе демейді, білмеген де тәрізді.

ізденіспен айналыскандар – үш жүздей адам, екі жүз шамалы инженер конструкторлар бюросында еңбек еткен. Солардың бәрі де зор қуатқа ие сирек металдарды кентас құрамынан ажыратып, бүлдіргіш заряд дайындап, бәрін де арнайы қорапқа әскездеп орналастыратын құпияны жап-жақсы меңгерген білгірлер. Осы қалада «Авангард» аталған өндіріс ұжымы (жұмыскер саны – 10 мың адам) тек қана «бұйым» тетіктерін құрастырумен айналысқан...

\* \* \*

Америкадағы зерттеудің 1942 жылдың аяғында ұйымдасып, содан кейінгі екі жарым жылда 40 мыңға таяу адамның қатысуымен аса зор көлемде әрі жедеғабыл жүргені оқырманға мәлім. КСРО физиктерінің ізденісі АҚШ-тағы әріптестерінен небәрі алты айға кешігіп басталғаны да – тарихи шындық. Ғылыми ізденісте әдетте уақытқа шектеу жүрмейді. Кімнің қалай және қанша уақытта істегені де есеп емес. Сұраныс – ақырғы нәтижеде. Атом бомбасын жасауға қатысқан кеңестік зерттеушілердің қарама-американдықтардан кем емес, бәлкім 15-20 мың адамға артығырақ. Алайда, АҚШ физиктерімен бәсеке «жарыста», мойындау лазым, бомбаны жасау мен сынау ісі бізде төрт жылға кешіккен. Сол ұтылыстың шынайы себебі ғылыми кадрлардың әлсіздігінде емес, екі елдің өндірістік қуат-күшінің айырмашылығында. Кеңес Одағы осы бәсекеде АҚШ-тан көш кейін қалғаны анық...

Кеңестік атом бомбаны жасауға 1948 жылдан беріде қатысып, Саровтағы институттың теориялық бөлімінде еңбек еткен көптің бірі емес, бірегейі, таңғажайып көрегендігі, кемел ақылы мен білгірлігі үшін бес жылдан кейін Кеңес елінің ең жоғары атақтарын шаш етектен иеленген біртуар ғалым, академик А.Д. Сахаров өзін толғандырған жұмбақтың күрмеуін кездейсоқ жағдайда тарқатыпты...

А. САХАРОВ, «Естеліктер» кітабының 151-бетінен үзінді<sup>1</sup>:

*«...Берия маған қадала қарап, Курчатовтың магниттік термоядролық реакция (МТР) бойынша жаңа жұмысы турасында не айтасыз деді. Мен өз ойымды айттым.*

*Ол қабылдаудың аяқталғанын сездіріп орнынан тұрды. Мен де тұрдым.*

*– Өзіңіздің маған өтінішіңіз бар ма? – деді кенет кабинет иесі.*

*Мен мұндай оқыс сауалды күтпеген едім. Сөйтсе де көкейімде көлбеңдеп жүрген қыжылды естіртуге бел байладым. Сірә, өзіміз жабыла жасап жатқан істің кешеуілдеуіне ішімде қыз-қыз қайнаған наразылығым түрткі болды-ау деймін...*

*– Біздің бөлім ұсынған жаңа идеялар не себепті өте баяу жүзеге асады? Неліктен біз АҚШ-тан ғана емес, басқа елдерден де техникалық соны жаңалықтарды кеш біліп, бәсеке жарыста үнемі солардың соңында жүреміз? – дедім.*

*Берия маған түйіле қарап, кенет ағынан жарыла жауап берді.*

*– Өйткені бізде соны істейтін өндірістік-тәжірибелік база жоқ. Бір ғана «Электросилаға» иек артатынымыз сондықтан. Ал, Америкада «Электросиламен» парпар жүздеген фирмалар бар. Бар ғәп сонда, Сахаров жолдас...*

<sup>1</sup> А. Сахаровтың Л. П. Бериямен кездесуі 1950 жылы болған.





*А.Ф. Иоффе*



*И.В. Курчатов*



*Ю.Б. Харитон*



*Я.Б. Зельдович*



*Атомшылар қоныс еткен Саров қаласы (Арзамас-16)*



*Атом бомбасын жасаушылардың бір тобы*

*(Үкімет адамының шындықты айқара ашқан жауабы мені қанағаттандырмады. Жиырма жылдан кейін, Сахаров, Турчин және Медведев үшеуіміз қол қойып, үкіметке жолдаған «Меморандумда» осыншама кешеуілдеудің басты себебі — елді басқарудың демократиялық үрдістерінің заман талабына ілесе алмай артта қалуы, ақпар алмасудың жоқтығында, әрбір тұлғаның, тіпті жеке адамның интеллектуальдық еркіндігінің өрескел тежелуінде деп түсіндірдік).*

*Алайда, сол жолы Лаврентий Павловичпен дауласпадым.*

*Кабинет иесі қолын ұсынды, жалпақ алақаны былжыраған дымқыл әрі зәрі сезілгендей суық екен. Сонда ғана айбары әлей, дінсіз, зәрлі қаһары кімді болсын қарадай шошытатын, аяушылықты білмейтін КСРО-ның бас жендетімен бетпе-бет сөйлесіп тұрғанымды ұғып, бойымды діріл биледі. Соған дейін өзімді еркін ұстаған едім. Сол күні кеште әке-шешеме сәлемдесе барғанмын, өзімді соңғы сәтте билеген үрейді оларға маймоңкелеп жеткіздім. Қартаң әке-шешем қатты абыржып бастарын шайқады. Бір жайт анық: адам баласы үнемі ақылдылық аңғартпайды, сезімге де жеңсік беретін шағы болады...»*

АҚШ әскерінің иелігінде 1948 жылы әрбірінің қуаты «Балаканнан» ондаған есе артық 56 бомба болған, соны олар «шоқпар» етіп қарсыласқан елге дегенін істеген. Мысалы, АҚШ пен Англияның әскери күштерінің біріккен штабы «Жартылай ай» деп атаған әскери доктрина әзірлеп, кеңес өндірістері шоғырланған, Свердлов сияқты Т-34 танкілерін, зенбіректер мен зымырандарды («Катюшаларды») мың-мыңдап шығаратын өнеркәсіп орталықтарына, соларға қоса Мәскеу, Ленинград, Магнитогор, Краснояр тәрізді аса үлкен қалаларға атом бомбасын тұтқиылдан тастап, ондаған миллион халықты әп-сәтте жоюды жобалаған. Сол нағылеттер атомдық жарылыстан өрбитін науаттың аумағын ғана емес, моральдық әсерін де ойластырған. Америка қырғиларының болжауынша, Кеңес Одағының 50-60 миллион халқы алғашқы соққыда ажал құшады. Сан салалы өндірістің күш-қуаты да қауырт күйреп, көпшілігі тас төбесінен түскен бомбалардың бүлдіруінен тас-талқаны шығады-мыс. Сол соққыдан оңалу үшін КСРО халқына кем дегенде ширек ғасыр уақыт керек дескен..

«Кенестік ядрошылардың Америкадан кейін қалдық деген желеуді бетке ұстап жанталаса қимылдағаны соншалық, сол қаруды тұнғыш жасаған елді басып озып, ғасыр аяғында 50 мың ядролық заряд дайындаған, оның 34 мыңы тек қана бүлдіру үшін жасалған. Солардың бәрі де әскерилердің иелігінде болған. — депті П. Фельгенгауэр («Независимая газета», «Закрытые города России», 30 маусым 1992 жыл). — ...Екі елдің де зарядтарды жасау амалдары бірдей, технологиясында пәлендей айырма жоқ. Кенестік зарядтарда тек уран мен плутоний шектеулі мөлшерде қолданылған. Өйткені біздің елдің кентасында әлгі элементтер өте кедей, оларды жеке дара бөлу де зор шығынды талап етеді, сол себепті қару өте қымбатқа түскен. Ал, Америка үнемдеуді артық шығын санап, қажет элементтерді төте әдістермен көптеп өндірген...».

Откен ғасырдың аяқ шенінде Ресейде Арзамас-16 сияқты жабық 10 қала болыпты. Бәрі де Атомдық энергетика министрлігіне қараған (бұрынғы Орта салмақты машиналар жасау министрлігі де осы). Министрлік бертінде жария еткен деректе сол қалалар-

да 700 мың жұмыскер болғаны айтылған, ал, «Независимая газетанын» тілшісі: «Бұл сан қате, он қаладағы жабық өндірістерде кем дегенде 900 мың жұмыскер еңбек етті» – дейді. Журналисттің жобалауынша, ядролық зарядтарды Челябині-70 (тұрғын халқының саны – 40 мың, зерттеуші институт карамағында тікелей жұмыс істеушілер – 15 мың адам); үшінші қала – Златоуст-36, төртінші мекен – Свердлов-45, бесінші орын – Пенза-19... Осы мекендердің бір-бірінен қашықта орналасуы да себепсіз емес. Ядролық каруды жүздеп емес, мыңдап иеленген АҚШ әскері КСРО территориясындағы уран мен плутоний өндіретін зауыттарды бомбалауды әлдеқалай жүзеге асырса – біреуін, иә екеуін немесе үшеуін ғана істен шығарады, әлбетте он өндірістің бәрін бір мезетте құрта алмайды... деген сақтықпен олар бірі-бірінен мыңдаған шақырым қашыққа тұрғызылған. Осы жобамен бертінде салынған Том-7 және Краснояр-26 қалашығындағы өндірістер үш жерге ірге теуіпті (Үшеуі де жеті қат тереңге орнығып, жер үстіне тұрғын үйлер мен энергия беретін атомдық реакторлар ғана жұмыс істеген).

Кенес Одағы атом бомбасын американдықтар мүлдем күтпеген мерзімде сәтті сынады. Сенесіз бе, сол сынақтың жедеғабыл жасалуына кім-кім, АҚШ-тың «Манхэттен жобасына» қатысқан физиктері айтарлықтай «жәрдем» берген...

Ең алғашқы атом бомбасын жасауда АҚШ империалистеріне қолғабыс еткен шетелдік физиктер тобы және сол елдің ізгі ойлы ғалымдары өздері жасаған жойқын карудың Жапонияның бейбіт халқын бір емес, екі мәрте жүз мыңдап жойған науатын білген күні-ақ олар: «Осы істің басты күнәһары – империялық үкімет, иә әскерилер емес, тек қана біз, жалған қауесетке сеніп, алды-артымызға қарамай, еш нәрсеге ойланбай, күні-түні жанталасқан әрекетіміздің нәтижесі...» – деген мансұқ ойға жаппай беріліп, ерекше қамыққан. Ең ғажабы, өздерін соған күнәқар етіп уайымға түскендер қатары күн сайын көбейген. Әлбетте, сол зауалды болдырмауға тырысқан қарсылығынан ештеңе шықпады. АҚШ қырғилары өздері жанталаса жасаған бомбаны қоймаға тізіп қойып, саяси қарсыластарына «шокпар» етіп, күн сайын өктемдік көрсетуде. Дайын уәжі: «Айтқанға көнбесең – атом бомбасын төбеңнен жаудырамыз. Тұқым-тұяғынмен қырылуды тілесең – көрешегің осы...»

Тәубе деймін, атом ядросының кілтипанын ашып, жойқын қаруға айналдырған кемел ой иелері соғысқұмарларды жүгендеуге әртүрлі амалдар қарастырған. Уайымға түскен шерменделердің бірі – фашистік Германиядан 1933 жылы жасырын кетуге мәжбүр болып, Лондонды паналап, Британия азаматтығын қабылдаған ғалым-физик Клаус Фукс. 1944–1946 жылдарда ол «Манхэттен жобасына» өз қалауымен қатысып, Лос-Аламосадағы ядролық орталықтың теория бөлімінде еңбек еткен. Фукс 1945 жылы КСРО-ның АҚШ-тағы елшілігінің қызметкеріне амалын тауып, өздері жасаған атом бомбасының күллі конструкциясының сызбасын, шағын қорапқа қамалған ядроның қуатын қоздыратын тетіктің құпиясын барлық эскиздерімен жасырын өткізген (көлемі 600 бет материалдар деседі). Ең ғажабы, соншама құнды сыйлығы үшін ол ешқандай кәдесый сұрамаған; айтқан желеуі – Кенес Одағы бомбаны тезірек жасап, АҚШ үкіметінің Жер шарын мекендеген барлық елге әлімжеттік көрсетпек болған бұзық ниетін тежеуге тиіс!.. 1946 жылы неміс ғалымы Ұлыбританияға қайтып оралып, Харуэлдегі атомдық ғылыми-зерттеу орталығының теоретикалық физика бөлімінде жетекші болып жұмыс істеген кезінде де сол елдегі Кенес агенті Александр Феклисовке бірнеше мәрте құпия материалдар берген. Амал қан-

ша, отанына опасыздық жасаушы, кеңестік бір соғынды К. Фукстің 1945 жылғы «кылмысын» АҚШ-тың құпия қызметіне хабарлап, ЦРУ ұсынған мол «сыйлыққа» шаш етектен кенелген. Гуманист оқымысты 1950 жылғы наурыз айында ағылшын сотына тартылып, 14 жылға түрме жазасына кесілген.

Ескерту парыз: Клаус Фукс сот алдында «кылмысын» мойындап, «Сол әрекетіме қазір де өкінбеймін, өйткені, адамзат қауымын атом апатынан аман сақтау үшін жасадым» — деген. Ақжүрек ғалым түрмеде 9 жыл отырып, соңғы 5 жылына кешірім алып, 1959 жылғы маусым айында бостандыққа шыққан. Сол бетінде туған Отанына оралып, ГДР-дағы Ядролық физика институтының директорының орынбасары болып ежелгі кәсібіне қайыра кіріскен. Осы елдің Ғылым академиясына толық мүше болып сайланған (Сол қарсаңда ол КСРО үкіметі ұсынған сый-сияпаттан екінші рет бас тартқан. Осы жайт та Фукс ердің адамзат қауымының асыл мүддесіне шынайы гуманистік пиғылмен қызмет еткенін аңғартады!). Фукстің бұрынғы бастығы, Америкада еңбек еткен жылдарында теоретикалық бөлімнің жетекшісі болған, атом құрылысын зерттеудің үздік білімпазы атанған Ганс Бете бертінде жариялаған естелік кітабында: «Клаус Фукс — адамзат қауымының ізгілікке толы әлемдік тарихын қарабет болудан сақтаған шынайы ер, өзін жақсы білетін физиктер арасында мен одан ізгі жанкешті ғалымды білмеймін...» — депті. Осы ілтипаттан-ақ К. Фукстың 1945 жылғы қаракетін атом физикасының тарихында асқан ерлік деп бағаланғанына тәнті боламыз...

«АҚШ-та ірге тепкен Кеңес резидентінің Лос-Аламошта тағы бір агенті болған. Оның есімі — Теодор Элвин Холл. «Манхэттен жобасының» ең жас ғылыми қызметкері, физик-экспериментатор. 1944 жылдан беріде ол Лос-Аламошта жұмыс істеген, бірінші атом бомбасының плутоний сегментін шектеусіз қысуды, яғни имплозия әдісін меңгеріп (ағылшынның implosion — сығымдау деген сөзінен туған термин), сол арқылы «тізбекті реакцияны» қоздыруды іске асырған үздік маман, — дейді Алексей Левин «Персейдің соңғы сәлемдемесі» деп атаған очеркінде («Совершенно секретно» альманағы, 2012 жылғы мамыр айындағы саны). — 1944 жылдың күзінен бастап ол да біздің агенттерге американдық атом жобасы туралы құпия материалдарды жүйелі түрде өткізіп тұрған...»

Фукске қарағанда, Холлдың әрекеті сәттірек болыпты. Оның шпиондық қызметі 1990 жылдары ғана Кеңестік сыртқы барлау бөлімінің бастығы генерал-лейтенант П.М. Фитиннің (Қазақстанда 1951-53 жылдарда ерекше қатаң жүрген «Ұлтшылдарды әшкерелеу» науқанын қадағалаған соғынды, сол кездегі қызметі — Қазақ КСР Қауіпсіздік министрі) «Венон» атты жоба туралы рапорты біздің баспасөзде естелік ретінде жарияланған кезде мәлім болған. Арада көп жыл өткендіктен Элвин Холл сотқа тартылмаған. А. Левиннің очеркінде Персей деген лақап атымен атомдық құпия құжаттарды Кеңес Одағына «сый» еткен үшінші агенттің де «еңбегі» аталған. Журналист оның есімі Артур Филдинг дейді. Ең ғажабы, үшеуі де аса қатерлі еңбегі үшін сый-сияпат алу-дан бас тартқан.

Шетелден түскен материалдар әуелі Л.П. Берияның қолына тиеді. Лаврентий Павлович соны жанкештілердің сыйлығы екенін ешкімге ашпай, өздері шетелде ұстаған агенттердің жанқияр еңбегі деп Курчатова ұсынады:

Игорь Васильевич оны ағылшын тіліне жетік Ю.Б. Харитонға береді; Юлий Борисович сол материалды шұқшия зерттеп, кейбір сызбаларды, иә технологиялық сәтті шешімдерді дәптеріне түсіріп, «Харитоновкадағы» сейфінде сақтайды (Атом жобасымен шұғылданған мамандар ауызекі әңгімеде Арзамас-16 мекеніндегі ғылыми жетекшінің кабинетін осындай лақап атаумен даралаған, Мәскеудегі зертхананы, кейіннен институт атанған үлкен ұжымды «Курчатник» деген). Бомбаның конструкциясы, жарылысқа қатысатын компоненттерді орналастырудағы ұтымды шешімдер немесе «тізбекті реакцияға» дем беруді 32 нүктеден бір мезгілде тұтандыру тетігінің шар тәріздес пішінін кеңестік бомбаға айнытпай қолдану, байқасаңыз, агентура жеткізген материалдардың көмегімен жүзеге асқан. Әлбетте соны пайдаланушылар ұтымды шешімнің кімнен өрбігенін сірәда білмейді. Білетіні – тың идеяларды техникалық мәжілісте талқылағанда Курчатов, Харитон мен Щелкин конструкторлар ұсынысын зейінмен тыңдап, ұтымды тұсын бірден құптап, енді бірін қабылдамай, «Былай істеген жөн сияқты, қане, байқап көрелік...» – деп ешкім күтпеген тың ұсыныс айтады. Ол болса кеменгерлікпен астасқан ұтымды ұсыныс. Ақырында сол ой жүзеге асады. Шындығында ғажап идеяның Атлантика мұхитының арғы жағасынан келгендігін, американдықтар жасаған қарудан алынғанын санаулы адамдар ғана білген...


«Атом бомбасының екі құрлықтағы кіндік атасы атанған Роберт Оппенгеймер мен Юлий Харитон сырттай ғана таныс емес, Кембрижде бір мезгілде Э. Резерфордтың алдынан өткен кеменгер физиктер. Екеуі де зерттеушілік, экспериментаторлық үздік қабілеттерімен жас кезінде сол ғұламаның көзіне түсіп, батасын алған пенделер. Сондықтан да кеңестік атом жобасының 1946-1992 жылдардағы ғылыми бас жетекшісі Ю. Харитонның Америка құрлығында Р. Оппенгеймердің басшылығымен өмірге келген бомбаны өзінше «жетілдіріп», кейбір конструкциясын айнытпай қайталауын ішінара сезетін ғылыми әріптестері бертінде сол істі ұрлық демей, «харитонша көшіру» деп атаған. Бойы жер жалдаған, бет әлпеті де бір уыс болып шүмшиген, денесінде қармақ шаншым ет жоқ, ерекше арық Юлий Борисовичтің шақшадай басынан орасан зор бүлдіргіш қуатқа ие қару туғанына сену қиын. Бірақ, бұл да өмір шындығы... – депті «Ресей Американы қалайша харитонить етті» деп атаған очерктің авторы Сергей Лесков («Известия», 28 ақпан, 2004 жыл). – Көрер көзге сұқитсыз және өзін даралап көрсетуге ықыласы жоқ Ю. Харитонды жергілікті аупарткомның, иә обком хатшылары, яғни провинциальдық кеудемсок бастықсымақтар нақты мансабын, атомдық өндірістегі жетекшілік қызметін білмегендіктен көзіне ілмей, кейде одағай жайттарға тап болған. Кабинетіне тап болған шенеуніктің пальтосын іліп, коштасарда қайта әперуді Юлий Борисовичтің өзі атқарған. Бас ғылыми жетекші үкімет шаш етекпен марапаттаған ордендерін, лауреаттық, академиктік белгілерін дүйім әріптестері құсап мереке күндері кеудесіне тағып, көзге түспеген. Физик әріптестері ерекше әдепті, елдің бәріне сіз деп сөйлейтін, ешқашанда дауыс көтермейтін момақан ғалымды аса жауапты іске бас-

шы етіп тағайындаған И.В. Курчатовтың тандауына аң-таң болудан сірәда арылмаған. Ал, ол әрбір сынаққа жауапкершілікпен қарайтын тақуа адам. Сыналуға тиіс «бұйымды» он мәрте тексеруден ерінбейді. Сонсоң да сынақ алаңына жөнелтілген «бұйымнан» сірәда ақау табылып, кері қайтарылмаған. Харитонның шақшадай басы мыңдаған сызбаларды жатқа білген. Жұмысты да қажет десе түннің бір уағына дейін істеп, сөйте тұра таңғы сағат сегізде кабинетінде отырудан ол ешқашанда жаңылмаған».

\* \* \*


Ғылымның басқа саласының білгірлерімен салыстырғанда кеңес физиктері өздерін еркінрек ұстаған. Сөйту де техникалық прогрес өздерінсіз алға баспайтынын сезінуден өрбіген. Өйткені, қару-жарақтың қандай түрін жанарту физика ілімінсіз жүзеге аспайды. Осы жайтты медет тұтқан физиктер жазалау жүйесінен аса сескенбеген, ең ғажабы, өздерінің ғылыми еркіндігін қызғыш құстай қорғаған. Соған дәлел: академик Френкель билік иелерімен ойда жоқта өрбіген бір тартыста өзін тізеге салып, қысым көрсеткісі келген можантопай партия қайраткеріне: «Маркс та, Ленин де физиктер үшін – үлгі де, жарық жұлдыз да емес, физика ғылымы олардың қоғамдық теориясына бағынбайды, өз бетімен өмір сүреді», – деген, сірә, ішінде тұншыққан ыза-кегі капелімде сыртқа тепкен. Академик А.Д. Сахаров өткен ғасырдың 70-жылдарында Компартияға мүше болыңыз деген ұсынысты екі мәрте тәркеткен (Таңғажайып дерек: МГУ-де оқыған пәндердің бәрінен үздік бағалар алған Андрей Сахаров қоғамдық ғылымдарға сүлесок қарап, әрбір курс сайын үштік бағаны әрен иеленген, көбіне екілік алып, неше мәрте қайыра тапсыруға мәжбүр болған). И. Сталиннің белсенді қолдауымен Трофим Лысенко 1948 жылы өзіне пиғылы теріс кенестік генетиктерді қуғындап, көптеген биологтарды соттатып, орталық қалалардан шет аймақтарға жер аудартып жатқанда, 2-зертхана құрамында генетиканы зерттейтін жаңа бөлім ашылған. Академия құрамына кездейсоқ мүше болған жолбике ғалымсымақтардың белсенді ынтасымен квант физикасы марксизм-ленинизм ілімін тұрлаусыз етіп, социалистік қоғам құрып жатқан елді теріс жолға бастайды... деген қисынсыз желеумен сол ілімді жақтаушыларды орталықтан аластау науқаны өрбігенде физиктер тағы да өре тұрып, кванттық механикасыз өздерінің Отан қорғау жолындағы игі жұмысы алға баспайтынын ашық мәлімдеген. Жалған «білімпаздар» ұлы Эйнштейн қолданысқа енгізген салыстырма теорияны тәрктетіп, соған қоса генетиканы және кибернетиканы шетелге табынған космополиттер ойдан шығарған бопса дескен даңғаз да ақыр аяғында әншейін іске айналып, сол пәлсафаны уағыздаушылар масқараға ұшырады. Сол науқанда Курчатов та, Харитон да өздерінің қарауында жұмыс істейтін ғылыми қызметкерлердің бірде-бірін жазалауға бермеген. Сондай батылдыққа ізбасар шәкірттерін жігерлендіруші академиктер П.Л. Капица мен И.Е. Тамм болыпты. Осы гәпті бір топ физиктер Берияға

ескертіп, алаңсыз жұмыс істеуге жағдай туғызуды талап еткенде, Лаврентий Павлович: «Маған еркектің шалбарын киген осырақтардың сасық теориясы-мағының түкке керегі жоқ. «Бұйымды» тезірек жасап беріңдер, мен сендердің омырауларыңды орденға, қалталарыңды ақшаға толтырамын...» – деп жауап берген-мыс. Курчатов институтының ғалымдары мен Арзамас-16-да жұмыс істейтін жетекші мамандар әлбетте КГБ-ның күзетші офицерлері өздерін күзетіп, қастарында үнемі көлеңке құсап еріп жүруімен еңбек еткен. Сол жанкештілердің тұрмыс ахуалы жайлы болған. Кенес Одағындағы ең жоғарғы еңбекақыны да физиктер алған.



*Атом бомбасының бас конструкторы Ю.Б. Харитон*





ҮШІНШІ ТАРАУ

## ҚАЗАҚ САХАРАСЫ — СЫНАҚ АЛАҢЫ



**К**енестік атом бомбалары туралы естелік жазушылар ядролық сынақ алаңына ел сирек қоныстанған, Семей қаласының күнбатысында, облыс орталығынан 180 шақырым жердегі Дегелең тауының теріскей бөктері таңдалғанын жарыса қайталайды. Әскерилер Телкем, Ақтанберлі, Сарыөзен, Байқал, өздері «Тәжірибе алаңы» атаған иен жазықта, Дегелең тауы мен Балапан бұйратының қойны-қонышын ұңғып, 300-500 метрге тереңдеп жер астына да бойлап, аса қуатты ядролық жарылыстар жасаған. Ондаған емес, 470 рет! Сол дүңкіл 1949-1989 жылдар аралығында үздіксіз жүріп, Қазақ даласының жан-жануар дүниесін, байырғы табиғатын жоятын залалды экспериментті ай сайын әлденеше мәрте қайталағаны бертінде жарық көрген ғылыми кітаптарда нақты жазылған. Бір делік. Екінші күйкі шындық: 42 жыл бойы төбемізден төнген дүңкілдерді естіп, табан астымызды дірілдеткен қатерді ай сайын естіп отырып, «Ау, бұларын не?» деуге шама-шарқымыз болмады. Бұл енді сол уақыттың күйкі ақиқаты. Күнкөріс камымен үнемі ашық далада жүретін

көршіміздің аққан дертіне ұшырап, екі жастың біріне келмей ажал күшқанын, жарық дүниеге келген кейбір нәрестелердің мүгедек болып туғанына да іштен тынып, «Апыр-ай, осы дерттер неден?» деуге де батылымыз жетпеді. Үш әріппен далдаланған ұжымның бақылауына түсерімізді білгендіктен де момақан болдық. Әлбетте «соғысқұмар американизмін» құрықтаудың бірден-бірі амалы, от бүріккен ғаламат жарағымыздың күштілігі... деген де кеңестік идеология үгітінің әсері о күнде аса пәрменді еді. Шынтуайтын айтқанда, билеуші партияға имандай сенген ар-ожданымыз да ерекше бекем-ді...

Дей тұра сол күнде көзге түрткен бір шындықты ескертуді парызым санаймын: ол болса – «Жариялылық заманы» туып, үш қаріптің қаһарынан да құтылып, тоты құсша сайрауға еркіндік туғанда кенеттен «батыл болған» кейбір замандастарым, әсіресе баспа маңындағы жазымпаздар әскерилердің шектеусіз өтірігін көпе-көрінеу елемей, «Ядролық полигон елсіз аймақта ірге тепті» деген бопсасын қайталаудан айнымады.

Мәскеулік «ИздАТ» баспасы 2002 ж. шығарған «КСРО-дағы ядролық сынақтар...» аталған ғылыми монографиялар жинағында «Елсіз далаға ірге тепкен полигон» туралы тұжырым ресми құжаттармен бекіген. Сол жинақтың 37-68 беттеріндегі «Семей полигонын салу, соның территориясында ядролық қаруларды сынайтын алаңдарды дайындау» деп аталған тарауында атомдық сынақ алаңын таңдауға кімдердің қатысқаны нақты баяндалған.

...Саров қалашығында әзірленген алғашқы атом бомбасының сұлбасы қарайған 1947 жылдың жазында академик И.В. Курчатов осы ұжымның ең жоғарғы бастығы Берияға: «Лаврентий Павлович, халық қоныстанбаған, айналасында кем дегенде 200 км-ге дейін тірі жан тұрмайтын кең алқапқа ерекше ділгерміз. Сол алаңда дайын «бұйымды» сынаймыз. Оның жарылысы – адамдар ғана емес, жан-жануар тірлігіне де аса қатерлі...» – деген мыс. Ғылыми танымнан мүлдем бейхабар қайраткерді күмәнсіз иландыру үшін Игорь Васильевич АҚШ мамандары ядролық сынақтар алаңы етіп, Нью-Мексика штатының «Өлім алқабы» аталған табиғаты аса жұтан, халық сирек қоныстаған шөлдаладағы Аламогор тақырын таңдағанын дәлелге айтқан. Л. Берия сол шаруаны ҒА-ның басшыларына тапсырып, елсіз аймақтың не үшін қажеттігін ашпай, сол жерге сейсмикалық сілкіністерді қадағалайтын «Таулық станса» орналасады деген. Ең ғажабы, сол алқапты тек қана Орта Азия немесе Қазақстан территориясынан табуды айрықша ескерткен...

Географ мамандар «Таулық станса» қажет еткен алаңды үкімет мүшесі нұсқаған республикалардың бәрінен де тауып, әрбіріне ғылыми сипаттамалар дайындаған...

Ертіс өзенінің сол жағалауына ұрымтал орналасқан ұланғайыр жазық сол тізімде алғашқы ретте аталыпты. Алайда І-ші Бас басқарманың мамандары тізімдегі барлық алқаптарды ұшақпен аралап, жыныс құрамын да жаппай тексерген. Жазмыштың жазуына не шара, физик мамандардың таңдауы Ертістің сол жағалауындағы Қазақ даласына түскен. Неге? Ауада немесе жер бетінде жарылмақ атом бомбаларын осы жазықтың кін-

дік ортасында, ал жер астындағы ядролық сынақты Дегелең тауының қойнына түсетін ұңғымаларда жасауға болады. Өйткені, сол алқаптың жынысы ерекше қатты, ал иен жазықтың ортасында тымақтай шошайған жалғыз тау сыпыра гранит пен мәрмар тастардан түзілген. Сол жыныстар жарылыс қуатын ерекше күшейтіп, кенеттен туатын жойқын тербелісті 150-200 шақырымға жеткізеді. Бір деңіз. Екінші, сол таудан 130 шақырым теріскейде арнасы кең, о күнде суы ерекше мол Ертіс өзені ағады. Оның арғы беті – қалың орман, ал сол жағасындағы құм қайраңда атомшы мамандар күнге күйіп, суға түсіп, бір мезгіл сайрандауға құдай тағала арнайы жаратқан. Яғни сол жағалауға өндіріс базаларын, казармалар мен тұрғын үйлер салуға болады. Үшінші, дайын бұйымды «бұйымды», сынаққа керек жаракты Ертіс айдынымен немесе Семей қаласын қарай өтетін Түріксіб темір жолымен жеткізуге болады; ол да өздері қазық қаққан жерден небәрі 130 км.-де. Төртінші, сол алаңға ұрымтал Семей шәрінінде іргелі әуежай бар. Мәскеуде тұратын үй-іштеріне жиі қатынауға, олардың өздеріне келуіне де – ұтымды мүмкіндік...

Қысқасы, Ертіс жағасына ат басын бұрған шолғыншы топ және ВНИИЭФ ұжымының жетекшілері Ертістің сол қанатындағы жатаған бұйраттарды баса жүріп, көлшіктер мен батпақты сортаңдар ағарандаған иен жазықты көріп, ең соңында Дегелең мен Мыржық тауларының арғы-бергі бөктерін аралап (екі таудың да қойны-қонышына бойлап құдықтар қазып, жыныс құрамын тексереді), ақырында физиктер тобы «бізге қажет алаң – осы, басқа аймақтарды көрмейміз...» – деген уәжге тоқтаған. Сол мамандарды бір ғана жайт аландатқан: осы атыраптың әр жерінен мұржалары сорайған қыстау үйлері мен аумақты мал қораларын көреді; бақташы қазақтарды да кездестірген...

1-басқарма мен ВНИИЭФ жетекшілерін аз-кем ойландырған жайт та осы – ядролық жарылыстарға таңдалған аймақтың бос еместігі әрі айдыны шалқар өзеннің екі жағасы бірдей – жыпырлаған қалың ел. Жанасемей қалашығынан автомобильмен аттанып, Ертісті жағалап ылдиға құлдилағанда шолғыншы топ әлденеше елді мекенді баса жүріп, бәрінің де қазақ қоныстары екенін жұпыны сұрқынан аңдаған (Мұрат, Түріксіб, Шақаман, Социалистік, Бөкенші, Бөденелі, Молдар және Ақжар атанған көлемді ауылдар), өзен жағасына ентелей қоныстап, бау-бақша өсіріп, төрт түлік мал бағумен қоса балық та аулайды-мыс. Ағыны қатты, арналы дарияны екі жағасына да иық тіресе орныққан байырғы ауыл-селолар одан әрі Павлодар қаласына дейін, әрбірі 5-10 шақырым сайын үзілмейтін қоныстар мемлекеттік картада нақты бейнеленген. Рас, Ертістің сол жағалауы – алаңқай дала, ал оң жағалауды қарағай орманы қоршаған, өзеннің еңіске құлаған кейбір тұсында кеме тоқтайтын айлақтар ірге тепкен. Солардың ұрымтал орналасқаны – Ескі бекініс, Қайынды, Долон, Семияр, Мостик. Ең шатағы, өзен жағасындағы қалың елді ешқайда көшіре алмайсың. Ал, сынақ жасалатын аймақтағы малшы қазақтарды, екі облысқа қарайтын төрт ауданның иелігіндегі (Абыралы, Ново-Покровка (бертінде Жанасемей атанған), Қу (Егіндібұлақ) және Мамыр атанған) оншақты кеңшар түзеген шаруашылықтарды жүз шақырымдай әріге көшіруге болады...

Ақыры, сынаққа кең алаң таңдаған іздеушілер осы өңірге тоқтап, «Ертіс жағасынан 200-250 шақырым күнбатыс және түстік бағыттағы шалқар да-

ланы тыңнан қоныстанушыларға босатып, елсіз аймақ етуге жә дескен (осы мәселені өзара талқылағанда білім-танымы мығым білгірлер, әсіресе атом ядросын дегеніне иліктіріп, өздері ділгір шаруаны онды шешкендіктен де көкірек керген октемдікке ие ғалым-физиктердің бірде-бірі: «Радиация залалы және өзгедей де қатері мол атомдық, ядролық сынақтарды халық ертеден мекендеген, айдыны шалқар Ертіс жағасында, Қазақстанның үш облысы өзара шектесіп, оған қоса Ресейге қарасты Алтай өлкесінің Құлынды даласымен иығы тоқайласатын, сол күнде екі миллионнан астам адам қоныстанған (оншақты жылдан соң тұрғын халықтың саны жарты миллионға көбейген), демек Одақ экономикасына қайтарымы зор, егістікке шұрайлы жері мол аймақтың іргесінен атомдық, ядролық сынақтар жасайтын полигон ашуымыз қалай болады, күні ертең осы таңдаудан опық жемейміз бе?..» — деген күпір ойды кәперіне алмаған). Түсініксіз бейғамдық, әлде Ресей империясына «өз еркімен бағынған» бұратана халықтарға деген бәз-баяғы ұлы орыстық немқұрайды пиғыл үстемдік еткен бе?..

«КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабының 37-бетінде осы тапсырманы жүзеге асыратын қайраткерлер мен ғалымдардың (А. Завенягин, М. Воробьев, М. Садовский және генерал П. Рожанович) қол қойып, КСРО үкіметі төрағасының бірінші орынбасары Л.П. Берияға жолданған ресми хаттан үзінді келтіремін: *«Сейсмикалық таулық стансаның орны үшін Сізге ұсынылған бірнеше аймақтың ең ұтымдысы, біздіңше, 1-кезекте аталған Ертіс өзенінің сол жағалауындағы, Семей қаласынан 170 шақырым төмендегі — халық қоныстанбаған аймақ. Оның айналасы 200 км.-ге дейін тақыр жазық, осы аймақты 4 метр, кейде одан сәл биігірек ұсақ бұйраттар қоршаған. (...) Арнайы ескертер гәп: біз таңдаған алаңның басты кемшілігі — темір жолдан 170 шақырым (?) жырақта екендігі және Семей қаласында ертеден орналасқан Қытай консульствосы (сірә, оны басқа қалаға ауыстыру қажет). Біз ұсынған аймақта су мүлдем жоқ, кейбір тұсында су көзі мардымсыз шыңырау құдықтар бар. Ауа райы аса қатаң... Біз таңдаған аймақтың жан-жақты зерттелген материалдарын осы хатпен бірге ұсындық. Осы аймақты жобаланған іске бекітуді өтінеміз».*

Полигон аймағына таңдалған жер туралы ұсынысты И.В. Сталин 1947 жылғы 19 маусымда оқып, бірінші бетіне «келістім, бекітемін» деген аңдатпа жазып, қол қойған.

Маусым айының соңғы аптасында Л. Берия бастаған қарамды топ (Курчатов, Харитон, Ванников, Завенягин, Қорғаныс министрі мен Бас штабтың бастығы, осы аймақты таңдаған комиссия мүшелері) Семейге, Ертістің сол жағалауындағы Шағыл жазығына ірге тепкен әуежайға әскери ұшақпен келген. КСРО-ның үкімет тобын Семей облысының қос басшысы А.Д. Гарагаш пен Х.Б. Байзаков, жергілікті КГБ-ның бастығы, полковник В.А. Губин қарсы алған. Сол топ бірнеше автомобильдерге отырып, Ертісті құлдилап, оқабы мол дала жолымен екі-үш сағат ізендеп, иен жазықтың өзенге еңкейген тұсындағы қазақ аулының іргесіне келіп, ол болса Павлодар облысының Ақжар колхозының орталығы Молдар елді мекені, мәртебелі жолаушылар

тек палатка тігілген жарқабаққа тоқтайды. Айналасы ат шаптырым иен жазықтың әр тұсына қадалар қағылып, сымдармен керіп, картаға да әскери қалашық орны деп белгілеген. Үкімет тобының кейбір мүшелері дереу күнбатыс қиырға аттанып, жүз шақырымнан аса жер жүріп, Дегелең тауының етегіне жетіп, соның шоқтығы биік жотасынан теріскейде көлденең көсілген Мыржықтың ақар-шақар асу-белдерін дүрбімен шолады. Жолшыбайғы бұлақтар мен көлшіктердің жағасында жүрген колхоз малын, соларды бағушы қазақтардың киіз үйлерін, әр жерде сұлбасы қарайған қыстаулар мен мал қораларын көреді.

Түс ауа шолғыншы топ Ертіс жағасына қайта оралып, өзенге шомылып, үсті-басын, бет-аузын тозаннан арылған соң өздеріне жайылған дастарқанды жағалай отырып, жол азабын ашы арақпен тарқатады...

Лаврентий Павлович көмекшісі ұсынған планшетті ашып, ВНИИЭФ ұжымының иелігіне берілетін алқапты қарындашпен қоршап, қарсы алдында қакшиып тұрған Қазақстан КП(б) Семей облыстық комитетінің бірінші секретары мен атқару комитетінің төрағасына: «Қазық қағылған мына алаңға таяу күндерде әскери бөлімше келіп, тұрғын үйлер тұрғызады. Бұл алғашқы кезектегі тапсырма! Екінші, арнайы мамандар тобы Ертіс өзенін бойлап, Жанасемей стансасынан осы алаңға дейін тартылмақ кең табанды темір жолдың жобасын әзірлейді. Бұл жол биылғы күзде басталып, жедеғабыл салынады. Семейліктер, естерінде болсын, темір жол мен қалашық құрылысы келесі жылғы көктемде іске қосылады. Үшінші, осы жерден күнбатысқа 200 шақырымға дейінгі иен жазық «Таулық стансаның» иелігіне беріледі. Төртінші, осы аймақта таяу мезгілде жүзеге асатын жұмыстар ерекше құпия, Қытай консульствосын таяу күндерде басқа қалаға көшіреміз, наразылық білдірсе – мүлдем жабамыз... Ал, сендер, жергілікті басшылар, мына жағалау мен таулы аймақтағы барлық елді мекендерді келесі көктемде алысырақ жерге көшіруді ойластырындар!.. – Адуын ғана емес, айбары әлей үкімет басшысының қыры-сырына сырттай қанық семейліктер: «Лаврентий Павлович, ұқтық, тура солай істейміз!» – деп бастарын изеген. – Ұқсандар, сөз бітті!..»

КСРО үкіметі мен БКП(б) ОК-і осы мәселе туралы құпия құжатты 1947 жылғы 21 тамызда арнайы қарармен бекіткен: Ертіс жағасындағы «Сейсмикалық таулы станса» КСРО ҒА-ның қарауынан алынып, КСРО Қарулы күштер министрлігінің иелігіне беріледі. Сол жұмысты атқарушы әскерилер «905-нысан» деп, 1948 жылдан кейін 52605-әскери бөлімнің «№ 2 тәжірибе алаңы» деп атаған. Ал, жергілікті тұрғындарға ол «Әскери зона» деген атауымен мәшһүр болған. Кейіннен «Семейдегі ядролық полигон» делініп, 1949 жылдан беріде жер-жаһанға жаппай өлім сепкен шатақ әрекетімен күллі әлемге танылды. Үкімет төрағасының бірінші орынбасары қол қойған қарар бойынша, Қазақ КСР-ның Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының шекара шебі өзара түйісетін ұланғайыр кеңістіктен 18500 шаршы км, периметрі бойынша 600 шақырым жер Арзамас-16-дағы құпия ұжымның № 2 сынақ полигонына айналған. Осы алқаптың 54 пайызы Семей, 39 пайызы Қарағанды, 7 пайызы

Павлодар облыстарының иелігінен алынып, әскерилердің меншігіне көшкен. Семей облысының Абыралы ауданының 1 миллион 908 мың гектар жерінің 445 мыңы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің 1955 жылғы 22 қаңтардағы қарарымен әскери ведомствоға қосымша берілген.

Мүтән АЙМАҚОВ, «Көргендерім» кітабынан (Семей, 2001 жыл):

*«Менің ата-бабаларымның қонысы — Қарқаралы мен Семей аралығындағы аса шұрайлы, жайлауы құйқалы, жота-қыраттары құндыздың түгіндей күзде де құлпырып тұратын таңғажайып өлке. XVIII ғасырдың ортасында Сыр бойынан күншығысқа құлаған қаракесек руының тоқтаған жері осы. Содан бері бұл аймақ — Бауыр бошанның құтты мекені аталған. Ол болса менің нағашы жұртым шаншарлардың Айбике бұтағы. Біздің ауыл халыққа әйгілі қаз дауысты Қазыбекке, сүйегі Түркістанда жатқан Жарылғап батырға, дүлдiл күйшi Тәттімбетке (Абайдың нағашыларына) өмір бойы жақын-жуық жүрген. Ескі құжаттарда осы атыраптағы қалың ел Семей облысының Қарқаралы оязына қарайтын Бөрілі болысы аталған. 1928 жылы Абыралы ауданына қарадық, осы аймақтың қақ жартысы, яғни Мыржықтың арғы беті 1930-жылдары Қарағанды облысына берілді.*

*Балалық шағым осы өңірде, Мыржық пен Дегелең тауларының баурайында колхозға біріккен қазақ аулында өтті. (...) Мал өрісіне орай шашырай қоныстанған ауылдардың арасы торт-бес шақырымнан. Бастауыш оқу ұясынан кейін Дегелеңдегі орталау мектепке барып, Ұзынбұлақ колхозының орталығындағы интернатта жатып оқыдым. 1946 жылы әкем мені Семейге апарып, Абай атындағы педучилищеге берді. Сол оқуды бітіріп, бастауыш мектептің мұғалімі деген куәлікпен туған елге оралдым...*

*Соғыс бітіп, мамыражай уақытқа қолымыз жетті деген кезде біздің ауыл мазасыз қоршілерге тап болды. Иә, 1946 жылдан бастап әскери адамдарды жиі көретін болдық. Олардың машиналары Тарбақ, Майлықара, Дегелеңнің Әулие асуынан, кейде Керекудің Май ауданы жағынан келіп, әрлі-берлі өтеді. Таңғалып, соңдарынан қарап тұрамыз. Әлдебір жерден құрылыс салып жатқандай көрінеді. Мыржық қойнында мыс пен марганец кендері барын естігенбіз, терең құдықтар қазып, жер қыртысын тексеріпті. Суды, топырақты, тау жынысын неге тексеретінін айтпайды. Ауылға соққанда әскерилер қаланың жеміс-жидектерін әкеледі, басы артық киімдерін де тастап кетеді. Ел о күнде тұт жалаңаш, соғыс зардабы әлі жойылмаған қиын уақыт...»*

Академик, ғылым докторы Ғалымқайырдың әкесі, естелік кітабын жарық дүниемен қоштасар қарсаңда жариялаған Мүтан ақсақалдың өмірбаяндық жазбаларының қай сөзін теріс дейміз? «Құлақпен естігенді емес, көзім көргенді жазып отырмын...» — деп елу жыл ішінде сақтаған сырын шерткен кексеге ризалық білдіруіміз қажет...

Сейілхан БАЛТАБАЕВТЫҢ естелігінен (25 тамыз 2014 жыл, қолжазба):

*«Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралған әкем Дегелең бауырындағы Киров колхозының мүшелігінен шығып, Балапанда ашылған көмір кенішінің қорын зерттейтін Қаражал (сол кеніш қазірде Қаражыра аталады — М. С.) кен барлау партия-*

сына жұмысқа түсті. Разведка қоныс еткен жерде едәуір үй бар. Бірінші сыныпты сонда ашылған мектепте бастан, екінші, үшінші оқу жылдарын Киров колхозының орталығындағы оқу ұясында жалғастырдым. Ол болса сол күндегі қонысымыздан 6-7 шақырым жерде. Аяқ артар көлік болмағандықтан мектепке қысы-жазы жаяу қатынап, сабақтан бір күн қалғам жоқ. (...) Сол кезден есімде сақталған жайт: Қаражалға әскери адамдар жиі келетін, естуімше, Ертіс жағасында әскери қала салынбақ, бірақ оған біздің ауылдан ешкімді кіргізбейді, тәртібі қатаң дейді. «Олар сонда не істейді?» деген сұрауыма, шәлдірік орысшасы бар әкем: «Әскери адамдар біздің тыныштығымызды қорғаушылар, неғып жүрсіңдер деп сұрауға болмайды...» — деп қабағын шытады.

Бірде таң қаларлық оқиғаға тап болдық: аспаннан зор гүріл естіліп, қанаты апнақ алып құс біздің үйдің сыртындағы жазыққа қонды; аэропланның сүгіретін оқулығымнан көргенмін, мынау нағыз сол, ауылдағы естияр балалар жарыса жеттік... Ұшақтан екі орыс жерге түсіп, қасына шақырды. Бардық. Шүлдірлеп әлдене сұрады. Мына мекенде дүкен бар ма дегенін ымбасынан ұғып, ләпкеге ертін келдік. Екі-үш шөлмек арақ алды, сөреде одан өзге ештеңе жоқ-ты. Арақ үшін аэропланмен келгеніне аң-таңбыз. Бізге ризалық білдіріп, басымыздан сипағанына мәз болып, неғылған жақсы кісілер деп ойладық. Төбемізден нұқитын күндері, сөйтсек, алда екен. Оны біз екі жылдан кейін білдік...»

Әскери зонаға берілген жердің теріскейі — Павлодар облысының Мамыр және Ақсу, шығысында Бесқарағай аудандарымен, түстігінде Семей облысының Жаңасемей және Абай аудандарымен шектеседі, күнбатыстағы қомақты бөлегі — Абыралы ауданының иелігіндегі таулы-тасты, жер оты, суы да мол, малға жайлы өлке. Күллі аймақтың теріскей шекарасын Ертіс жағасындағы Бөденелі мен Молдар, иә Ақжар елді мекендері дегенде айналасы 130-150 шақырымдай иен жазық. Түстігінде — Дегелең, батысында — Мыржық тауларымен шектелген, кей тұсында қарауыл шоқылары тымақтай одырайған бұйраттар мен жатаған таулар сілемі. Әскери құжаттарда сусыз, нусыз өлке деп сипатталған өңірдің түстігін жағалап Шыңғыстаудан бастау алатын, мол сулы Шаған өзені ағады. Ол болса киырдағы Ақшатаудан бастау алып, жолшыбай Сарғалдақпен және Ашысумен қосылып, Ертіске құяды...

Міне, менің алдымда КСРО Геодезия және картография Бас басқармасы шығарған, бұрынғы Семей облысының 1964, 1967, 1968, 1971 және 1986 жылдарғы бес түрлі сызбасы жатыр. Бесеуі де Семейдің түстігіндегі Жаңасемейден тартылған темір жолдың Ертіс өзенін жағалап келіп, «Конечная» бекетінде біржолата үзілген. Сол жолдың айналасы, әсіресе күнбатысы сарғыш және күлгін түсті бояумен дараланған. Яғни осы атыраптың түгі сұйкылтым қуан дала екенін аңғартады. Картаның кейбір тұсында шағын көлдер мен батпақты ойпандар, өзеншіктер жінішке иректермен бейнеленген. Сол жазықтың түстік шебінде Дегелең тауы. Одан әріде Мыржықтың ұңғыл-шұңғыл тастақты қатпарлары (ен биік тұсы — 969 метр делінген). Сөл таудың көлденең көсіліп, түйе-өркештенген құз-жоталары 40-50 шақырымға созылады. Екі таудың ортасындағы көдесі бұрқыраған далаға әлденеше жінішке сызықтар тартылған.



Солардың бірі – Сарыөзен, екіншісі – Қарасу (Бұл өзендер қазірде жоқ. Қи-сапсыз көп жарылыстар салдарынан бұлақтар мен жерасты сулары мүлдем тартылған. Қарасудың төменгі тұсында, Семейтау жотасына жанасар ойында XX ғасырдың басында Ресейден қоныс аударған орыс шаруаларының қарамады тобы поселка салып, Знаменка атаған қомақты мекен пайда болған-ды. Үш мыңдай тұрғынның бірнеше жүз жасөспірімі білім алатын орта мектепке ие сол мекенде бертінде бірде-бір орыс отбасы қалған жоқ. Әскери полигонмен көрші болған кезде-ақ бәрі де Ертіс жағасына қоныс аударды (Сонсоң да мекеннің Знаменка атауы жойылып, Қарасу атанды). Сол мекеннің теріскейіндегі Чайковка селосы да ескі жұртқа айналды. Шаған өзенінің бойында колхоздасу заманында іргелі екі ауыл пайда болған-ды: алғашқысы – Дегеленнен 40 шақырым жердегі Саржал ауылы, Тельман атындағы үлкен кеншардың орталығы атанған мекеннің тұрғын саны да 1960 жылдан беріде үш мыңға таяп, орта мектебі, емханасы, мәдениет үйі, шеберхана бой көтеріп, көп-көрім мекен атанып еді. Жазмыштың жазуымен солардың да 60 пайыз тұрғыны полигон таратқан шипасыз дертке тап болды. Әскерилер тұрғызған екінші қалашық – Шаған аталған-ды. Шаған өзені Ертіске құятын жайдақ қыратта ірге тепкен, осы заманғы шағын мекен. Әскери ұшақтарды ұшырып, қайыра қондыратын бетон алаңы, жабық қоймалары, шеберханасы, үй-жайы бар әуе күштерінің дивизиясына қоныс ретінде дүниеге келген сәулетті қалашық. Ескерту парыз: өзеннің Қарасу мекеніне ұрымтал жағасына Жанасемей ауданы 1980 жылдары Шаған атанған кеншар ұйымдастырды. Орта мектеп үйі, дәрігерлік қосын, шеберхана, ұрымтал айналасына әлденеше қыстақтар салынды. Амал не, сол мекен де сынақ алаңынан небәрі 80 шақырым жерде болғандықтан малжаны ауыр дертке ұшырап, шаруашылығы да күйзеле бастады. Тегінде осы мекен полигон таратқан кесепатты ескермегендіктен жобаланған..

Геодезия және картография ұжымы өткен ғасырдың екінші жартысында жариялаған карталарға қарасаңыз, Ертістің сол жағалауында тыңнан пайда болған екі қалашықтан өзге бос жатқан ұлан-ғайыр аймақты шынында да елсіз, тіршілік атаулы жойылған өлі аймақ деп ойлайсыз. Өйткені Еуропаның шағын бір мемлекетіне қоныс болғандай аумақты алқапта көз тоқтатар тұлдыр жоқ, елді мекендерден мүлдем ада қуаң дала кейпінде бейнеленген. Көңілін карадай құлазиды. Шындығында бізге мәлім жайт мүлдем басқаша: әскери полигон иемденген жердің шекара шебіне ұрымтал орналасқан Молдар (қазіргі Курчатов), Бөденелі, Знаменка, Чайковка, Тайлан, Жанан, Саржал, Ұзын-бұлақ, Қаражал, Бестамақ, Абыралының Бөрлі жотасындағы ескілі-жаналы қыстаулар мен ферма орталықтары немесе Мыржықтың күншығыс бауырындағы Мөшекебұлақ аулының, Павлодар облысының Мамыр, Ақжар, Акирек, Аршалы тұрғындарының қарамаы нақ сол кезде, кем есеппен айтқанда, 20-30 мың адам қоныстанған, оған қоса ерекше берекелі, нулы, сулы аймақ-ты...

Амал не, бізге мәлім сорақы шындық: атомдық, ядролық сынақтарды жобалаушы, әзірлеуші кеңестік ғалымдар мен мамандардың қолында АҚШ-тың алғашқы атом бомбасын жасаушылар сынақ кезінде өздері көрген жантүрші-

герлік опатты, жарылыстан соң жер-жаһанға тарайтын мың миллиондаған радиация бөлшектерінің катерлі залалы сипатталған, сол үшін де «Қара кітап» аталған ғылыми еңбектің орыс тіліндегі аудармасы болған. Ал, Дегелең тауы мен Балапан бұйратында бертінде салынған бекіністер мен тұрғын құрылыстар, немесе «Сынақ аландарын» оншақты жерде даярлау АҚШ білгірлері сол кітапта сипаттап жазған жантүршігерлік кесепаттарды ескерусіз жобаланған. Демек, байырғы казак даласының кіндік ортасында, Ертіс өзенінің нұлы, сулы жағасына ұрымтал аймақта жүзеге асатын келешек жарылыстар осы алқаптағы жан-жануарды, иен табиғатты мың жылдық ауыр кесепатқа душар ететінін кеңесті жобалаушы ғалымдар білсе де кәперіне алмаған.

Рас, ядролық жарылыстарды жобалаушылар сақтық жасап, Ертіске ұрымтал жердегі елді мекендерді және Мыржық пен Бөрлі тауларының бөктеріндегі мал-жаны едәуір шаруашылықтарды 1947-48 жылдары 100-150 км, кейбірін одан да қашығырақ өңірге көшірген. Алайда, полигон шебіне ұрымтал аймақтағы қоныстар – Саржал, Шибойы, Қарауыл, Медеу, Токтамыс, Айнабұлақ, Ақбұлақ, Абыралы, Қайнар, Киікқашқан, Егіндібұлақ, Қаратау, Айғыз немесе полигонға өте таяу Чайковка, Знаменка, Мамыр, Бесқарағай, Қоянды, Долон, Ақсу, тағы қаншама халық жиі қоныстанған ауыл-селолар, Семей мен Павлодар қалаларының жүз мыңдаған тұрғындары Дегелең мен Балапан бұйратының асты-үстінен жиі будақтаған улы газ нөпірімен зақымданып, басы ауырып, кейбірінің қаны сұйылып, радиация ұшқындарын ауамен бірге тежеусіз жұтқандықтан көпшілігінің өмірі ерте үзілді. Бәрінен де шатағы сол мекендерде тұратын аналар мүгедек нәрестелер туып, алдағы өмірі өксіген қасіретке душар болды. Имандай шыным: қу жаның түршігер осы жайттарды мен оқырман қауымды шошыту үшін тізіп отырғам жоқ, Менің мақсатым – туған елім, күллі туыстарым 42 жыл ұдайы жүрген дүмпулерде, одан кейін де басынан кешкен қасіретті қауымға паш ету. Өйткені, Семей полигоны жабылып, сонда жасалған 470 атомдық және ядролық сынақтар тоқтаған соң жарық көрген кейбір естелік кітаптарда: «Сол сынақтардың шынайы зардабын біз білмедік, күш-қуаты, залалы да жер астында тұншығады деген ақпарға шүбәсіз сендік...» – деген сипатты түсіндірмелер айтылады. Ал, мен сол шіркіндерге: «Ау, ағайын, орта мектепте оқылатын «Химия» оқулығында баяндалған ғылыми ақиқатты, яки радий элементі 1590 жыл кідіріссіз бөлетін зиянды сәулені ерлі-зайыпты М. Складовская мен П. Кюри ғасыр басында шүбәсіз анықтағанын қалайша ұмытуға болады?..» – деймін. Байқайсыз ба, кесепаты тіршілікке аса зиянды радиация әсерінен ешқайда қашып құтыла алмайсың. Көзге көрінбейтін, қандайда бөгетті тежеусіз жарып өтетін сол сәулелер Жер шарына емін-еркін тарап, қайда қонарын ылғалы мол ой-шұңқыр немесе өзен-көлдердің қамысы ғана «білмек». Рас, сол бөлшектердің дені ғарыш кеңістігіне аттануы мүмкін. Ал егер сол пәлекеттер су ішетін құдығына тап болып, сол арқылы денеңе түсті ме – одан құтылу жоқ, бірер айда иә жылда өміріңді үзеді. Ана құрсағындағы нәрестені де мүгедек ететін де сол пәлекеттер...

ЕСКЕРТУ: Құллі адамзат қауымына жасалған осы қасіретті әуелі АҚШ үкіметі, одан соң Англия мен КСРО, ақыр аяғында Жер шарын мекендеген алты-жеті мемлекет қайталады. 10-шы болып Солтүстік Корея атом бомбасын жасап, «Дегеніме көнбесең тас төбеңнен радиация нәсерін шашамын, мықты болсаң – содан қорғанып бақ...» – дейтін болды. Амал не, тинәмдай ұшқыны көзге көрінбейтін, ісі де жоқ сол пәлекетті АҚШ президенті Гарри Трумэн мен Англияның даңқты билеушісі Унистон Черчилль қостап, «Қырғиқабақ соғыс» атанған саясатты 1946 жылдан беріде бетке ұстап, атом бомбасын колшоқпар еткен дөнайбатқа көшті. Әлбетте сол өктемдікке жауап беру үшін Иосиф Сталин де бетке ұстап, Совет Одағында атом өндірісін жедеғабыл өркендетуге мәжбүр болды. Бәрекелді дедік! Атом күлінің зиянды жаңбырынан опат болғанша сол пәлекетті өзіміз де иемденіп, қарсы тұралық дедік.

Десем де, ағайын, сол бір «Үлкен шоқпар» саясатын ескерте отырып, мен, карапайым инженер һәм қаламгер, Совет Одағындағы тұңғыш ядролық полигонның сынақ алаңына миллиондаған халық ғасырлар бойы қоныс етіп, ұрпақ өсіріп, жан сақтаған, шалқар айдыны мен нулы жағасы беріген, балығы шоршыған Ертіс сияқты арналы дарияға ұрымтал өңір таңдалғанына таң қалып, біздің беріген даламыздың құрбандыққа шалынғанына ешқашанда түсінген емеспін. Түсіну қайда, есейген кезде қалыптасқан болмыс және азаматтық түйсігіммен сол шіркіндердің білімпаз академик немесе ел басқарушы кемеңгер қайраткер атанғанына, азаматтық танымына, ар-ожданы мен рухани діліне шәк келтіруден құралақан емеспін. Сол шара 1947 жылы жүзеге асты. Оның шатақ нәтижесі екі жылдан соң білініп, зорая келе Ертіс алқабындағы 2,5 миллион адамның опық жеуіне соқтырды. Сол мүскіндердің алпыс пайыздан астамы, 1992 жылдағы ресми дерек бойынша, осы атыраптағы 1,5 миллион адам айықпас мүгедек атанды. Қаншасы егде атанып ХХІ ғасырға жетті? Бұл туралы менің қолымда нақты дерек жоқ, дей тұра, тәубе деймін, жаңа ғасырдың бет-жүзін көрген ат төбеліндей азаң қарттардың бірі – мен, осынау шерлі хикаятты толғаушы...

\* \* \*

Қадірменді оқырман, тарау басында, «КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабының 37-бетінен келтірген деректе, «ядролық полигонға елсіз аймақ» таңдауға тапсырма алған ғылыми топтың Л.П. Берияға жолдаған ресми хатында: «Ертіс өзенінің сол жағалауындағы. Семей қаласынан 170 шақырым төмендегі – халық қоныстанбаған...» – деген тұжырымның ойдан бопсалаған жалған байлам екенін тағы да ескертемін.

Тарихи деректерге жүгінейік.

Ауыл шаруашылығы министрлігінен ХVІІІ ғ. аяқ шенінде Қазақ даласының малы мен жан есебін, сулы, нулы аймағы мен шөл даласына дейін жан-жақты зерттеп, картаға түсіруге тапсырма алған профессор А. Щербина экспедициясы сол жұмысты 15 жыл бойы жүйелі түрде жүргізіп, ақыр аяғында 13 том ғылыми еңбек жариялаған. Сол экспедицияның бір тобын басқарған

және «Қарқаралы уезі» кітабын дайындаушы қазақ білімпазы Ә. Бөкейхановтың Дегелең болысы туралы сипаттамасынан шағын үзінді келтіремін: «*Летом 1899 года Дегеленскую волость обследовали наши специалисты из экспедиции по изучению казахских хозяйств. Отмечено, что горы Дегелен, увенчанные скалами и камнями, изрезаны массой ущелий и логов, имеются родники и ключи с хорошей пресной водой. Из древесных пород встречены одинокие сосны, ольха, осина, береза, арча. Нередки малина и смородина. Волость богата кормовыми травами. В урочищах Коскұдық, Узынбулак, Жалпак, Карабайтал, Каратобе, Карабулак встречены орашаемые пашни с постоянно живущими здесь джатаками казахов...*» – дей келіп, одан әрі Дегелең тауының ұзындығы 20 километр, ал көлденені 16 шақырым, аспанға тік шаншылған биігі 1084 метр екенін нақты сипаттаған. Щербина экспедициясы 1884 жылы жүргізген санақта осы болыста 1887 түгін болғаны айтылыпты (әрбір шанырақта 5-6 жан иесі бар деген есеппен шамалағанда, осы болыста сол жылы он мыңнан астам адам болған). Негізінен олар – байбөрі руының перзенттері және таракты, жағалбайлы және шақабай руларының адамдары. Статистикалық сипаттамалары молырақ сол сипаттамада осы аймақтың тағы қаншама деректері аталып, сол кездегі билері мен болыстары дараланып сипатталған (мысалы, Дегелең болысының биі міндетін екі мәрте атқарған, менің төртінші атам Құрманбай Ақанұлының есімін мен осы кітаптан кездестірдім). 1883 жылды Ресей империясы айрықша даралап, яки Александр III патшаның билік тағына ресми иеленгені сипатталып, осы салтанатқа Қазақ өлкесінен 17 адам таңдалып, С-Петербургке арнаулы делегация барғаны айтылған. Солардың бірі – Қарқаралы уезінің делегаты, Дегелең болысының мәртебелі биі Төлепберген Алдабергенов. Демек 22 болыс ел қараған аса аумақты жерге бай, халық тығыз қоныстанған уездің өкілі ретінде Дегелең аймағының бірегей билеушісінің қатысуы кездейсоқ таңдау емес...

1899 жылы Дегелең болысына Ауыл шаруашылығы министрлігінің бір топ маманы арнайы келіп, мал-жанына санақ жүргізіп, жаз бойы жан-жақты зерттеген. Осы өңірдің облыс орталығы Семейге, Ертіс жағасына ұрымталдығы, мыңдап мал өсіруге, егін шаруашылығын өркендетуге де қолайлы жері бар, о күнде мол сулы бұлақтары мен көлдері де себеп болғаны анық (Анығында Щербина экспедициясының да түп максаты – осы, Ресейдің орталық бөлігінен бірнеше миллион орыс шаруасын кең байтақ Қазақ даласына жоспарлы түрде көшіру жобасына орай жүріп, яғни империя премьер-министрі Столыпин әзірлеген жарлыққа алдын-ала қам жасау).

Алайда беймәлім себеппен Дегелең болысы бұрынғы қалпында сақталған. Осы өңірді соған дейін бір ғасырдан астам мерзім қоныс еткен қазақ елі бәз-баяғы көшпелі қалпында өмір сүріп, өз шаруасын бұрынғыша өрістеткен. Әлбетте рухани тірлігін де ойластырған. Ол болса жасөспірім ұрпағын орысша оқыту, сонымен бірге мұсылманша сауат ашуға да ынтыққандар болған. Мысалы, осы аймақтағы алпауыттардың бірі және бірегей биі Барбосын Қылышұлы ата қыстауының іргесінен мешіт үйін тұрғызбақ болып облыс губернаторына арыз жолдап, ресми рұқсат алғаны туралы «Семипалатинский листок» газеті

1906 жылғы 10 қыркүйектегі санындағы ақпарына қарағанда Дегелең болысының рухани тірлігі жөнінен Қарқаралы уезінің алдыңғы легінде болғанын аңғарамыз.

Десек те ағын судай мәңгі қозғалыстағы өмір алға жылжыды. 1917-1919 жылдардың аумалы-төкпелі оқиғалары Дегелең атырабын байырғы тірлігінен айнытпаған. Сол жайтты біз осы өңірде төрт түлік мал бағып, бала-шағасын асыраған көнтерімді тірлігінен аңғарамыз: 1920 жылы осы өңірде – 5598 адам өмір сүрсе, 1924 жылы солардың саны – 7489 жанға көбейген, екі жылдан соң тағы да өсіп, 8332 қазаққа жеткен (солардың үшеуі ғана – Семейден қоныс аударған татар нәсілі және солар ауыл мектептерінде бала оқытқандар).

Облыстық статистикалық есептен суырылған осы деректерді мен ілгеріде, әскери басшылардың тапсырмасын орындаушы ғылым иелерінің 1947 жылы Л. Берияға жолдаған ресми ақпарында жазылған «халық қоныстанбаған елсіз аймақ» деген жалған ақпары ойдан шығарылғанына иландыру үшін келтіріп отырмын.

1928 жылдың 17 қаңтарында Дегелең бөлісы мал-жанымен сол қарсаңда шаңырақ көтерген Абыралы ауданына қаратылған.

Қазақ АКСР-ның жоспарлау мекемесінің 1930 жылғы ресми дерегінде<sup>1</sup> Абыралы ауданында 1928 жылғы 30 маусымда 1537 мың гектар жер болған (соның 815 мыңы түгі шұрайлы жайылым, 31 мың гектары егін салуға қолайлы, 15 мың гектар шабындығы бар). Аудан аймағында тұратын 28812 бас жан иелерінің қарамағында (бәрі де қазақтар) – 253873 бас мал болған, түлік бойынша таратсақ – 42281 бас жылқы, 26966 сиыр, 192917 кой-ешкі, 3115 түйе болған. Демек, әрбір шаңырақта ірілі-ұсақты 42 бас мал өріске шыққан. Яғни осы елдің тұрмысын сіңірі шыққан кедей деуге болмайды...

Әлбетте біз атаған кітапта Дегелең болысының мал-жаны дараланбаған. Алайда шаңырақ көтерген ауданның бес болыс елден құралғанын ескеріп, жоғарыдағы мал мен жан санын беске бөліп, Дегелең болысында 1928 жылы қанша адам, қаншама төрт түлік мал болғанын шамалау қиын емес...

1928-1945 жылдар аралығында Абыралы ауданы (Ертістің сол жағалауындағы кілең қазақ ауылдары ғана) бес түрлі аумалы-төкпелі аса қиын зобалаңды басынан кешкені – тарихи шындық: осы аймақтағы қалың ел 200 мыңнан астам адамынан айрылып, ғасырлар бойы асырап-сақтаған, киіндірген, тіршілік қызығын да қажетінше сезіндірген, сулы-нулы, өріске бай шалқар даласында мың-мындап жайылған төрт түлік малын бағып, көшпелі тіршілікте өмір сүрген елдің байырғы өмірі кенеттен өзгеріп, социализм атты ертегі сипатты жаңа заман құрып, бай-кедейі жоқ, жаппай теңгерілген, шат-шадыман тұрмысқа кенелеміз... деген өтірікке имандай сеніп, ақыры қыруар ел жойқын қырғынға тап болған...

<sup>1</sup> Осы және ілгеріде келтірілмек статистикалық деректерді мен «Весь Казакстан» аталған, Ленинград баспасынан 1931 жылы жарық көрген, көлемі 420 парақ анықтама жинақтан келтіріп отырмын. Кітапты дайындаушы – Алматының «Казиздат» баспасы, баспаның директоры – Ғабит Мүсірепов, шығарушылар алқасы – Бейімбет Майлин және екі адам.

Сол науаттың алғашқысы Қазақстанға Мәскеуден жіберілген «белсенді большевик, И. Сталиннің Сібірге айдалған жылдарында сенімді серігі болған деген мадақ атаққа ие», кәсібі – қарапайым фельдшер, білім-танымнан жұрдай, сөйте тұра еркекқұмар дертке әуей, ұлты жебірей, шынайы есімі – Шая Ицком (ұлт зиялылары Голо Шекасын казакшалап «Кужак» атандырған), Өлкелік партия комитетінің жауапты секретары болып тағайындалған И.Ф. Голощекиннің «өзім білем» пәрменімен, яки күллі Қазақ даласы «Ұлы Октябрь» төңкерісінен тысқары қалғанын көзір етіп, «Кіші Октябрь» төңкерісін жасамақ болып, «Қазақ байларын тәркілеп, малы мен жерінен айыру» шарасы 1928 жылы жедеғабыл жүзеге асты. Сол науқанда 696 ірі байдың малы тәркіленіп, күллі әулетімен шалғай өлкелерге жер аударылған (Сол сүргінге Абыралы ауданынан 7 бай, үшеуі Дегелең мен онымен іргелес Бөрлі болыстарынан. Ал Шыңғыстау өңірінен 17 феодал ілінген, кейбірі – орта шаруалар). Тәркіленген қыруар мал тек ортақ қорға түспеген, түссе де шамалы бөлігі ғана. Өйткені, қыруар малдың дені тәркіленген сәтте-ақ пышаққа ілінген, бірқаншасы өндірістік қалаларға көмек ретінде жөнелтілген.

Қауырт жүріп, қыр елін асыраушы малын құртқан науқанды халық қазақ ұлтын туған жерінен айыруға бағытталған сойқанды шараның ЕН АЛҒАШҚЫСЫ деймін.

Соған ілесе ЕКІНШІ НАУҚАН басталған. Ол болса жеке қожалықтарды жойып, «колхоз» атанған ортақ шаруашылыққа біріктіру шарасы. Мысалы, Абыралы ауданы сол науқанды 1930 жылдың алғашқы жартысында 220 пайыз орындап, осы атыраптағы 6131 жеке қожалықтан 24 колхоз ұымдастырған (Дегелең мен Мыржық атырабындағы бірнеше жүз қожалықтар әуелі 8, соңынан 6 колхоз боп біріккен). Осы науқан қыр қазағын асыраушы малынан айырып, Кеңес үкіметі таяу жылдарда орнатпақ болған ортақшыл социализмге жедеғабыл жетудің шарасы делінген...

1931 жылдың ақпан айында шақырылған ҚазЦИК-тің 8-құрылтайы «80 мың шаруашылықты өзара ортақтастыру жоспары өткен жылы орындалған жоқ, соны енді жеделдетіп тап биыл жүзеге асыруға» қарар қабылдаған. Осы қарардың жер-жерде қандай ауыр жағдайға соқтырғанын мен Абыралы ауданының нақты мұрағатынан таптым: 1931 жылдың алғашқы тоқсанында осы ауданға Өлкелік жоспарлау комитеті 3379 тонна ет тапсыруды міндеттеген; сол тапсырманы аудан шаруашылықтары толық орындаса – қолында азық етер тұяқ қалмасы – айқын; ел басшылары сол тапсырманы жарым-жартылай орындауға тырысып, әр колхозға өкілдер жіберіп, Аягөз бен Семейге қыруар малды мың-мыңдап айдата бастағанда Одақтық «Союзмясо» бірлестігінің бастығы Надьярных есімді әкімсымақтан ет тапсыру жоспары осы ауданға 8745 тоннаға өсірілгені туралы жеделхат түседі...

Әлбетте Дала қазағы сол шараларға жә демеген. Зорлықпен жүрген тәркіге, еселеп түскен ет және май, жүн-жұрқа, тері, сүйек салықтарын өтеуге жал таппаған халық 1931 жылдың қара күзі мен келесі жылдың басында наразылық білдірушілер Шыңғыстау, Шұбартау және Абыралы аудандарында ерекше өрбіген (Мысалы, ең алдымен Дегелең мен Мыржық атырабындағы

Тайлан, Еңбектес және Қоныстан колхоздарының мүшелері ат жалын тартып мініп, өздерімен іргелес Таңат пен Жалаулы ауылкенестерінің тұрғындары да дереу қостап, кенседегі мал-мүлкін тәркілеген құжаттарды өртеп, астық қоймаларын бұзып, камбадағы астықты үйлеріне тасып алған. Дегелең тауының іргесіндегі Ұзынбұлақ аулының адамдары «Сәуле» колхозының аяқ артуға жарамды аттарын иемденіп, тай-жабағыларды қызыл өңештен өткізген. Алайда, аудан орталығынан жедеғабыл келген бәлшебек өкілдердің үгітіне құлақ асып, наразылықты бір аптада тоқтатқан.

Амал не, сол байғұстар жыл аяғында жаппай жазаланып атылған, кейбірі Сібірге жөнелтілген...

Абыралы ауданындағы екінші және алғашқыдан күштірек те ауқымды наразылық 1932 жылғы ақпан айында өрбіп, Көкшетау өңіріндегі үш колхоз бен «Еңбек» коммунасының мүшелері екі айға жуық уақыт сегіз жүздей азамат ат үстінде ғұмыр кешкен. Бастаушылары – ағайынды Ысқақ және Бөкеш Кемпірбаевтар. Амал не, акадал малы мен туған жерін тонаудан қорғаған байғұстардың дені Қарқаралы мен Семейден қар еріген кезде келген әскери отрядтардың пулеметтен боратқан оғынан опат болып, тірі қалғандары ату жазасына кесіліп, жүздеген адамы Сібірге айдалған...

ҚР Жоғарғы кеңесі төралқасының 1992 жылғы 7 желтоқсанда қабылдаған қаулысында 1929-1932 жылдар аралығында Кеңес үкіметінің халық меншігіндегі төрт түлікті жаппай тәркілеу шарасына республиканың байырғы тұрғындары 372 көтеріліспен жауап бергені жазылған. Солардың бірде-бірі билеуші үкіметті құлатып немесе ел басшыларын басқа қайраткерлермен ауыстыру туралы талап қоймаған. Барлығының наразылығы – меншік малын қайтарып алып, бала-шағасының күнкөрісіне жарату...

Амал не, И. Сталин өктемдікпен жүргізген Компартия мен Кеңес үкіметінің біржақты солақай саясаты байырғы Қазақ елін зор наутқа душар етті (әлбетте біз ғана емес, Украина мен Белорусия, Еділ бойындағы ел, тағы қаншама облыстар мен өлкелердегі еңбекші қауым): шамалап қараныз, тек қана 1931-1932 жылдарда Қазақстан автономиясы 1750 мың адамынан айрылды (яғни сол кездегі халқымыздың 42 пайызы), 1100 мың Дала тұрғыны Еділ бойына, қиырдағы Орал тауына және әлей суық Сібірге жаяу-жалпы шұбырған. Сол шерменделердің ат төбеліндей шамалы тобы Қытайға, Монғолияға, Иран мен Ауғаныстанға, енді біразы Орта Азия республикаларына сұлдерін сүйретіп әрең жетті. Сол жанкештілердің қаншасы жолшыбай опат болды. Олар да жүздеген мың жан. Сол шеруде аштан өлген немесе жолшыбай қырылған қазақтардың жалпы қарамы ҚР Жоғары Кеңесі комиссиясы жария еткен ресми дерегі бойынша – 2200 мың адам, бәрі де қазақтар. Әлбетте бұл жорамал есеп, сірә, 3 миллион шамасы. Егерде сол шерменделер туған елінде қалып, тұрмыс күйі оңды болса – қаншама нәресте жарық дүниені көрер еді?!..

Туған елім тартқан сол қасіретті мен әміршіл үкіметтің қолдан ұйымдастырып, жүзеге асырған АШТЫҚ ЗОБАЛАҢЫ деймін.. Бұл болса қыр

халқы 1930-шы жылдары басынан кешкен ҮШІНШІ НАУАТ. Семейдегі мемлекеттік құжаттар сөресінде сақтаулы деректер осы жайында бүкпесіз сыр шертеді: 1933 жылғы қаңтарда Абыралы ауданында қыстамаға төрт түліктен небәрі бес мыңға жетер-жетпес мал қалған, ал халқының саны – 4 мыңға да жетпеген... 1928 жылы осы ауданның әрбір отбасында 42 бас мал болған қомақты дәулет қайда кеткен? Әлбетте дала қазағының бірден-бір күнкөрісі мал сүмесі үшті-күйлі құрыған сон ашықтыққа тап болған жұрт сұлдерін сүйретіп темір жол бойына, жұмыскер қолын тілеген өндірісі бар қалаларға жаяу шұбырған. Солардың тек қаншасы жетті, қаншасы айдалада мерт болды? Оның да нақты есебі жоқ, болуы да мүмкін емес. Бізге мәлім сорақы дерек – бір ғана Абыралы ауданының 1932 жылы 25 мың тұрғыны үшті-күйлі жоқ болған (Сол зауалды әлбетте Дегелен болысының да тұрғындары да тартқан. 1926 жылы 8332 жан иесі болған сол аймақта алты жылдан сон төрт-бес колхоздың селдіреген қанқасы ғана сақталып, бір, иә екі-үш жүздей жан иесі қалған...

Сол қасіретті, бәлкім одан да зор сүргінді Шыңғыстау ауданының тұрғындары да тартқан: 1930 жылғы маусым айындағы есеп бойынша аудандағы тұрғындар саны 40735 адам, нулы-сулы байтақ жерге ие өңірде сол кезде 7692 жеке қожалық 465208 бас төрт түлікке иелік еткені «Весь Казакстан» кітабында аталған. Екі жылғы тәркілеу мен қасаптау тапсырмаларын өтеуден соң осы аудандағы төрт түліктің 7776-ы ғана сақталыпты, Ал, үшті-күйлі





жоғалған халқының саны – 30 мың шамасы (1939 жылғы күллі ресейлік санақтың есебі бойынша осы ауданда небәрі 6 мың адам болған).

Осы ретте мен әскери полигонға жер берген немесе сонымен іргелес орналасқан төрт ауданның 1930 жылғы тұрғын халқы мен жеке меншікке ие қожалықтар санын ғана келтіремін: негізгі жері Ертістің оң жағасына орналасқан Бесқарағай ауданында 48427 адам тұрып, олар 16328 қожалық құрған; ал Қарағанды облысына бертінде қаратылған Қу ауданында 32812 адам 6851 қожалыққа бөлініп, мал сүмесімен өмір сүрген (әскери полигонға берілген байтақ жердің 39 пайызы осы ауданнан алынғандықтан сол аймақтың бертінде, 1980 жылдары біржола күйреуіне себеп болғаны – кешегі өмірдің күйкі шындығы; Павлодар облысына 1938 жылы қаратылған Ақсу және Мамыр аудандарында 1930 жылы 63830 адам болыпты, олар 13759 қожалыққа бөлініп, көнтерімді жағдайда тіршілік еткен; ал, Ертіс жағасына ұрымтал әрі Дегелең атырабымен қойын-қолтық орналасқан Қызылтан<sup>1</sup> ауданында 26478 адам болып, олар 6224 қожалық құрап, көнтерімді ғұмыр кешкен...

Жоғарыда біз даралап атаған төрт ауданның тұрғын халқы нақұрыс Голошекин өктемдікпен, жергілікті бөлшебек белсенділердің «Айда, давайымен» жүрген, жоғарыда аталған үш науатты басынан өткеріп, қауырт күйреп, кем есеппен айтқанда, қарауындағы халқының үштен екісін жоғалтқан. Амал не, олар да қолөнер кәсібі бар ұрымтал қалаларға қоныс аударған. Әлбетте жолшыбайда мың-мыңдап мерт болған.

Әлбетте осы науатты оналтуға Өлкелік комитет ерекше кешігіп, 1932 жылғы 17 қыркүйекте ғана төтенше қарар қабылдап, соны тек қитұрқы амалмен далдалап, «Көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы кедей колхозшылар мен орта шаруаларды мал өнімдерін мемлекетке тапсыру міндетінен екі жыл мерзімге уақытша босатуға» кеңшілік жасаған. Осы құжатта ерекше құлдыраған 6 облыстың 32 ауданы ресми аталған. Шығыс Қазақстан облысынан сол тізімге Қарқаралы, Қу, Шынғыстау, Баянауыл және Абыралы аудандары еніпті (Ескерту парыз: «өзім білеміне» білімсіздігі мен өркөкіректігі қосылып, соның салдарынан сол кезде қарамы едәуір халқымыздың 42 пайызының көзін жойған И.Ф. Голошекин сұм 1933 жылы Мәскеуге аттанып, сол жақта да мәртебелі мансапқа ие болып, 1941 жылы ғана кезекті «тазарту» науқанында ату жазасына кесіліп, көзі жойылған).

Тәубе демеске шараң қанша, Өлкелік үкімет айрықша күйзелген аудандарға 1933-34 жылдары комиссиялар шығарып, жұтаудың соңғы шегіне жеткен халыққа хал-қадерінше жәрдем берген. Менің алдымда Абыралы ауданына осы мақсатпен келіп, ерекше жұтаған елде көрген-білгенін тәптіштеп және жазбаша мәлімдеген үкімет комиссиясының көлемі 18 парақ есебі жатыр

<sup>1</sup> Ертіс арнасымен жапсарлас орналасқан осы ауданның аты 1930 жылдан беріде үш рет өзгерді: әуелде Қызылтан, сонынан Новопокров, ең соңында Жаңасемей атанып, өткен ғасырдың аяғында біржола таратылып, Семей шәріне қосылды. Сол өзгерістердің бәрі де әскери полигонмен жапсарлас қоныста болудан туған, оған қоса осы аудан 60 пайыздан астам жерінен айрылып, әскери бөлімге берген. Нәтижесінде осы ауданның экономикалық ахуалы да жар жағасына жақындаған.

(тексерушілердің жетекшісі – үкімет өкілі С. Меңдешұлы, мүшелері – Жайық Бектұрұлы және К. Павлов. Сол ақпарды тек ықшамдап келтіремін...

«...1933 жылға қарағанда 1934 жылы аудандағы мал басы да, шаруашылық саны да едәуір көбейінті; одан-бұдан туған еліне қайта оралған адам саны 4 мыңға өні-тәні жеткен; 2063 гектар жерге егін егілген. Оруға жарамдысы – 1563 гектар. 40 гектар егінді бұршақ соғып, 246 гектарды шегіртке тып-типыл құртыпты. Сол егіннен жергілікті халыққа 5613 центнер астық бөлінбекші. Алдағы 1935 жылдың егісіне 1704 центнер тұқым қоры керек. Аудан еңбекшілеріне 1932 жылға бөлінген астық – 3101 центнер, халыққа таратылғаны – 2842 центнер. 1933 жылы 3585 центнер астық алынса, шаруа жұтқынына тиетіні – 2678 центнер болмақ. 1934 жылғы тамызға дейін 1984 центнер астық үлестірілген. Ұрланған, облыс орталығынан алынбаған астық көлемі – едәуір.

Аудандағы 4 мың адамның әрбіріне жыл бойына бидайы, тарысы, арпасы, сұлысы бар, күніне небәрі 50 грамм шамасында астық берілмек, яғни әрбір жан иесіне бір тәулікке 40 грамм дән тиеді. Бұл енді тауықтың балапанына шашылатын бір күндік жем. Ең шатағы, осы астықты қолы жеткендер дорбалап алып жатыр. Шалғай ауылдарда ауру-сырқаудан ешқайда бара алмайтын мүгедек жандар қанишама. Бүкіл ауданда жалғыз фельдшер бар. Ауыл-ауыл арасында қолдарында күші барлар салт атпен, иә өгізбен ғана қатынайды.

1933-34 жылдары күллі Абыралы атырабына мемлекеттен 216 кило шай, 80 кило май, 631 кило ақтаған тары, 120 кило печенье, 119 дана киім-кешек берілген. Соларды ақшаға шаққанда – 5839 сомның өнімі. Бұл енді орта қолды қызметкердің бір жылдық жалақысындай қаржы. Бұл да шалғайдағы аудан халқына соңғы екі жылда үкімет тарапынан көрсетілген бірден-бір көмек. Семейден әкелінген 80 кило қантты аудан басшылары өзара бөліске салған. Май мен шай да сондай жырымдауға түскен...

Әбден өлусіреген қожалық иелеріне 1933 жылы мал сатып алу үшін мемлекет тарапынан 91670 сом қаражат бөлінген. Сол ақшаға 226 бас ірі қара алынған. Жергілікті үлестен де 1933 жылы көмек ретінде 30 мың сом бөлінген. Оған да 17 бас ірі қара алынған. Тоқетерін айтқанда, Сарыарқа төскейінде ауыр күйзеліске ұшыраған Абыралы ауданының 1933-34 жылдарғы шаруашылық ахуалы мүлдем мүшкіл, шынын айтқанда, әлді колхоздың бір фермасының деңгейіне жетпейді.

1934 жылғы қыркүйек айының алғашқы күндерінде көзбен көріп, біз жинаған ақпар: малдың барлық түлігін, 1933 жылғы төлін қосқанда, бүкіл Абыралы көлемінде ірілі-уақты 4926 бас мал бар, мемлекет көмегі арқасында 1934 жылдың жазында солардың саны 14501 басқа жетіп, 3 есеге жуық өскен. Сол малды түлікке бөлгенде мынадай: ірі қара 8891, жылқы 762, түйе 103, қалғандары – қой мен ешкі; 1935 жылы мал басы тол есебінен едәуір өспек. Ауданда үйірге түсетін 24 айғыр, 30 бұқа, 4 бура бар.

...Қоңілге дәт дерлік гәп: бұдан бірер жыл бұрын осы ел мүлдем тұралап, тұрғын халқы аштыққа ұшырап, қаңғып кеткен жерлерінен кері қайтып, иә аштан өліп, көмусіз қалғаннан кейінгі тірілерінің кейбірі атамекендеріне оралғанын көрдік. Солардың тек біз көрген тірлігі өте ауыр. Әйтеуір әр үйде бір сиыр, біраз отбасы бие ұстап, қой мен ешкі сауып, таңдай жібітіп, ауыздары болмашы аққа тие бастаған. Соған да біз, комиссия мүшелері, тәубе дедік...».

Семей мұрағаты. 26-ф, 1-тіркеме, 135-іс, 12-29 б.

«Орнында бар оналар» деген уәж – өмірден алынған қағида. Бұдан үш жыл бұрынғы қыруар малы түсінде ғана көретін молшылық екеніне иланған қыр елі үкімет жәрдемімен, жана тірлікке бейімделген ынта-жігерімен де бас құрап, бала-шағасын өсіріп, жана замандағы қоңыртақы тірлікке тәубе деп отырғанда, амал не, мәскеулік билеушілер ойлап тапқан, жергілікті белсенділер тағы да қызу қолдаған ТӨРТІНШІ СҮРГІНГЕ тап болған.

Ол болса Дала халқының ортасынан жапон тыңшыларын іздеу, яғни «Халық жауларын» жүз-жүздеп тауып, атышулы 58-баптың бірнеше тармақтарына байлау. Сол науқан да Абыралы ауданында ерекше жөткірлікпен жүрген. Неге? Өйткені, осы аудандағы НКВД мекемесін шала сауатты, аға сержант, оның есесіне жөткірлігі имансыз А. Кайгородцев есімді, Қарқаралы станицасының казактары ортасынан шыққан соғынды басқарып, оған Нүкіш, Майсап сияқты төрт-бес жергілікті белсенділер «қолшоқпар» болып қызмет көрсеткен. Сыпыра саяси сүргінмен жүрген сол науқанда Абыралы ауданынан, сенесіз бе, 1937-43 жылдар аралығында 58-баппен айыпталған 42 адам «Халық жауы» деген жалған қаралаумен Сібірге жөнелтілген. Осы тізімді өлкетанушы Болатбек Нәсенов ҰҚК мұрағатынан қосымша іздеп, бертінде қылмыскер атанған шерменделер санын 50 адамға көбейтті. Демек, бір ғана Абыралыдан «Социалистік құрылыстың зиянкесі» немесе «Жапонияның жасырын агенті» деген нақак қаралаумен 92 адам атылған, қайсыбірі ұзақ жылдарға сотталған (солардың бірі – Болатбектің өз әкесі, Қайнар кентінде орта мектеп үйін салғызған мұғалім, соңынан оқу бөлімін басқарған білімпаз азамат – Нәсен Жарылқасынов. Ол марқұм Сібірге «аттанған» сапардан елге оралмаған).



Менің туған елім басынан кешкен БЕСІНШІ ТАУҚЫМЕТ, бұл енді Кенес халқы жаппай тартып, ойсыраған орны ешқашанда толмайтын өкінішке ие, әрбір ошақтың өзегін өртеген – бірі жалғызын, ағайынды екеудің сыңарын, кейде әкелі-балалы азаматтарын қосаметкей жалмаған Екінші дүниежүзілік соғыс. Әлбетте сол науатты Абыралы елі күллі совет халқымен бірге тартты.

Отан соғысының 65 жылдығы қарсаңында, 2010 жылдың 7 мамыр күні қоғамдық «Абыралы-Дегелең» қоры Қайнар кентінің орталық алаңына «АБЫРАЛЫ ӨҢІРІНЕН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР» деген дабыра атаумен сегіз қанат кереге пішінде киылған габротасқа 1315 адамның есімі ойылған зәулім ескерткішті салтанатты жиынмен ашты. Рас, тақтаға есімдері жазылғандардың кейбірі ұрыс даласынан жараланып, иә сау қалпында елге аман-есен елге оралғандар. Солардың қарама небәрі бес жүздей адам.

Әскери комиссариаттың шақыруымен майданға аттанған, «Боздақтар» кітабынан алынған майдангерлер тізіміне үңілсеңіз – Отан қорғауға тепсе темір үзгендей, дені сау, бейнетке көнпіс мандайалды азаматтар қатысқанын аңғарасыз. Ғажапты қараңыз, Абыралы аймағында қалған бес мыңға жетер-жетпес жан иелерінің 1315 азаматы, яғни төрт адамының біреуі қантөгіс соғысқа қатысқан. Солардың сегіз жүзден астамы елге қайтпады: мысалы, Қайнар кентінен 534 азамат әскер қатарына шақырылып, 471-і отбасына оралмаған; «Социалистік Қазақстан» колхозынан 32 азаматтың 29-ы, «Ақбұлақ» аулынан аттанған 66 адамның 38-і ұрыс даласында қаза тапқан; мысалы, менің төртінші атам Құрманбай Ақанұлы әулетінен екі адам – лейтенант Төлеу Сәрсекеев 1943 жылғы 13 тамыз күні Орлов облысын жау әскерінен тазартқан шайқаста,





*Ахмеди  
Ысқақов*



*Жабагы  
Тәкібаев*



*Шырақбек  
Қабылбаев*



*Рымбек  
Байсейітов*



*Төлтай  
Балақев*



*Мұхамедғали  
Тәтімов*



*Сапарғали  
Бегалин*



*Жақсылық  
Тәленұлы*



*Жармағанбет  
Тәленұлы*



*Хамза  
Байболатов*



*Жумағали  
Есекеев*



*Нәсен  
Жарлықасынов*



*Төлеутай  
Сүлейменов*



*Төлеу  
Сәрсекеев*



*Дина  
Жаркеева*



*Сансызбек  
Райымбаев*



*Мұратқан  
Бейсембаев*



*Сейіт  
Қасқабасов*



*Рымғали  
Нұрғалиев*



*Бауыржан  
Жақып*



*Әміре  
Қашаубаев*



*Бибігүл  
Төлегенова*



*Роза  
Есенжолова*



*Байғали  
Досымжанов*



*Әбіқасым  
Жаңбырбаев*



*Роллан  
Мусин*



*Қапан  
Мұсайынов*



*Қапан  
Нұрланов*



*Сейітжан  
Тәберіков*



*Серікбай  
Хамза*



*Болитбек  
Нәсенов*



*Асқарбек  
Құсайынов*

немере ағатайым Қарабалин Төпанбай 1944 жылы Белорусия жерінде қаза тапқан; екеуінің де соңында есіміне ие болар ұрпақ қалған жоқ; денсаулығының кемдігіне байланысты әскер қатарына шақырылмаған әкем Сападан біз, сегіз ұрпақ өрбідік (4 ұл және 4 қыз), немере-шөберелері мен неменелерін қосқанда, біздің әулет қаулап өсіп, 2019 жылдың басында 106 ұрпақ болдық (Ал, әкемнің немере ағасы Шағыр Қарабалин ақсақалдың жалғыз ұлы Семейғазы ағатайым Германия ғана емес, Жапониямен де сөғысқа бастан-аяқ қатысып, аға сержант шенімен бір тырнағы түспеген сау қалпында елге аман-есен оралып, 2009 жылы сексен үш жасты еңсерген шағында опат болды. Қазірде оның да алты ұлынан қырыққа таяу ұрпақ өсуде. Ал Отан қорғау жолында шейіт болған екі ағатайым майданнан тірі оралса – Құрманбай әулеті неше жүз адам болар еді? Осынау көңілінді өксікпен қажытар жайт әрбір отбасында бар, амал не?!..

Тәубе деймін, семейлік бизнесмен, арғы түбі Көкшетау қамбары, «Абыралы-Дегелең» қоғамдық қорының президенті, ШҚО мәслихатының бірнеше мәрте депутаты болып сайланған Марат Серікжанұлы Құрманбаев өз қалтасынан шығарған қомақты қаржымен 2011 жылдың жазында Қайнар кентіндегі Мәдениет сарайының ауласына «Бабалар ерлігі – тәуелсіздік тірегі» аталған, габро тастан өрілген сәнді монумент бой түзеп, соның өңделген бетіне 1931 жылғы зобалаңда жер жастанған, ГУЛАГ-тың азабын тартқан 258 мұңлықтың есімдерін жазып, марқұмдарға арнап ас беріп, қатым түсірді. Әлбетте бұл тізім толық емес, кем дегенде екі-үш есе аз...

Аландағы габро тастан сомдалған монументті жасатқан да осы азамат.

Қайнарлық екінші азамат, Қазақстан қауымына шығармашылық еңбегі мәлім Бауыржан ақын Жақыпұлы қисапсыз зорлыққа наразылық білдіргені себепті есімдері ел жадынан ұмытылған, 1932 жылғы бүкілхалықтық дүмпуде Қызыл әскер оғынан, иә түрме ауласында мерт болған мұңлықтардың қайсарлығы мен қаһармандығын поэзия тілінде паш еткен шерлі дастан жариялады. Мен де, осы хикаят иесі, сол шерменделердің қиын күндерде өлермендік көрсеткен ерлігін нақты айғақтармен тәптіштеп тізіп, білгенімше есімдерін атап, көтеріліске қатысқан себебін нақты айғақтармен дәлелдеп, «Семей қасіреті» атанған осы кітаптың алғашқы үш басылымына (қазақша және орыс тілінде 2016, екіншісі 2017 жылы жарияланған) «Қыр елінің тарихы шерткен сыр» деген дара атаумен айшықтап та, тәптіштеп те баяндадым. Десем де осы туындымның биылғы басылымында негізгі тақырыптан аумау үшін сол оқиғалардың жалпы сүренін едәуір ықшамдап сөз етіп отырмын...

Семей мұрағатында сақтаулы 1939 жылғы статистикалық деректер кітабында Абыралыда 28 колхоз болғаны нақты көрсетілген: сол ұжымдар 4345 гектар жерге егін егіп, мал саны 54586 бас болыпты, ірі қарасы – 8386 бас, қой-ешкі – 43831 бас, жылқы – 1999 бас, түйе – 370 бас. Аудан халқы да одан-бұдан құралып, бес мыңға тақаған. 1940 жылдың көктемінде аудан дикандары 4345 гектар жерге тұқым сепкен. Ол болса бітік шығып, жүдеген ел көсегесін көгерткендей қуаныш туғызған. Дастарқан мәзірі көркейе бастады. Бір ауылдағы тоқшылық екінші ауылға ауысты...

1941 жылдың көктемінде саулық атаулы егіздеп туып, өзге түлік те төл санын молайтты. Дикандар егістік көлемін екі-үш мың гектарға көбейткен. Аудан еңбекшілері аупарткомның бастауымен «Абыралыда бұдан былай артта

қалған шаруашылық болмасын!» деген ұран көтеріп, оны облыс қолдап, тіршіліктің өзге салалары да қалыс қалмай, социалистік жарысты мейлінше өрістеткен. Барлық колхоз орталықтарында орталау немесе бастауыш мектептер ашылып, мәдениет ошақтары бой түзеп, Қайнарда бес жыл бұрын салынған орта мектеп үйіне көңіл толмай, Сұлушоқы биігінің іргесіндегі көгалды алаанның ту ортасынан жаңа мектептің қабырғасы көтерілген...

Амал қанша, сол игілікті де тұтқиылдан өрбіген алапат соғыс маусым айының төртінші аптасында әншейін етіп, дүйім ел қауіпсіздігін қамдауға қайыра мәжбүрледі. Көңілге дәт көрген жұбаныш – сол алапатты күллі Совет Одағының 170 миллионға тақаған халқы бірдей тартты (Ресейдің бертіндегі санақшылары осы санды қате, аштық жайлаған және репрессия жылдарында өмірі үзілген неше миллион жан иелерін нақты көрсетпеу үшін КСРО-дағы адам саны әдейі көбейтілген деген де деректер бар)...

Жоғарыда мен Дегелен аймағында алты колхоз болғанын ескерткенмін. Солар 1950-жылға дейін сақталып, беріде тек ұсақ шаруашылықтар өзара қосылып, іргелі артель болып қайыра ұйымдасып, Киров және Калинин атындағы колхоздар атанған. Қайыра ескертуге мәжбүрмін: 1947 жылдың жазында Дегелен атырабына әскери бөлімше тұтқиылдан келіп, алуан түрлі құрылыстарды тұрғыза бастағанда іріленген осы екі шаруашылық ешқайда көшкен жоқ. Әскерилермен көрші қалпын сақтады...

Сондықтан да жоғарыда үзіндісін келтірген, Л. Берияға ғалымдар жолдаған ресми хаттағы осы өңір туралы ресми ақпарды, яки «халық қоныстанбаған елсіз аймақ» деген сөзді мен ойдан шығарылған өтірік деймін. Анығында Дегелен мен Бөрлі атырабын елсіз.

\* \* \*

«КСРО Қарулы күштерінің арнаулы полигонының құрылысы» аталған жоба 1947 жылдың жазында дайын болған. Үкімет оны қыркүйектің 4 күні бекіткен. Осы құрылысты қадағалау міндеті ерекше құқықтарға ие, КСРО министрі М.Г. Первухинге жүктелген (оның орынбасарлары А.П. Завенягин және Н.Н.Семенов). Қорғаныс министрлігінің Бас штабы осы нысанмен шұғылданып арнаулы бөлім құрған. Тапсырма тығыз: күллі жұмыс 2,5 жылда тәмам болып, жобаланған қару 1949 жылдың күзінде сыналуға тиіс!..

Қорғаныс нысандарын салуға маманданған басқарманың 52605-санды әскери бөлімі Симферополь қаласынан жедеғабыл көтеріліп, темір жол арқылы Омбы шәріне жеткізіліп, әлденеше кемелер мен баржаларға тиеліп, Ертісті өрлей жүзіп, 1947 жылғы қыркүйектің алғашқы аптасында өзеннің сол жағасындағы құрылыс алаңына келген. Қолына күрек пен қайла ұстаған әскерилердің жалпы қарамы сол күзде 9 мыңға жеткен, бір генерал, 264 офицер және 47 сержант басқарыпты. Ә дегенде бәрі де палатқаларды паналап, казармалар мен жылу қазандығын салуға алғашқы кезекте кіріскен. Тегінде мындаған адамды аңызак жел қыдырған, ерте түскен қалың қар толарсақтан келіп, шыңылтыр аяз күні-түні бұған дала төсінде ұстау онай емес. Десек те



жалаңаш дала төсіндегі жұмыс таңнан басталып, қараңғылық тұмшалағанша жүрген. Ақырында бірер айда бірнеше қазарма бой көтеріпті. Құрылысшы жауынгерлердің дені жеркепелерде тұрған, баспана жетпегендіктен өзара қабатталып тігілген палаткаларды паналаған. Аяз қатайып жаналқымнан алғанда солардың сыртын қар кесектерімен төбесіне дейін қымтауға тура келген. Сөйтсе де үсікке ұрынып, бет-аузы домбығып, тыныс мүшелері қабынғандар күн сайын жүздеп молайған...

Сол қалашық бастапқыда Надежда аталған, кейіннен Мәскеу-400 делінген, өйткені ғылыми зерттеушілер, офицерлер және инженер мамандар КСРО астанасының тұрғыны құқығына ие болған (Бұл да қосымша жеңілдіктер беретін амал: еңбекақы көлемі ерекше жоғары әрі Мәскеудегі пәтерлері сақталады). Осы құпияны білмейтін отбасы мүшелері өздеріне жолданған хаттағы шифрлы тұраққа қарап, «Е, менің ерім Мәскеу іргесіндегі құпия объектіде жұмыс істейді» – деп ойлайды. Нақсүйері Мәскеуден үш мың шақырым шалғайдағы Қазақ даласында баспана тұрғызып, бейнет тартып жүргенін сірәда сезбейді...

Әскери қалашықтың іргетасын қалаушылардың бірі – Николай Петрович Брыкин. Осы жердегі жанкешті еңбегі жайында бертінде жазған естелігін қайтыс болғаннан кейін, Семейде шығатын «Наше дело» газетіне ұсынған М. Гусева (19.05.2005 ж.): «Дайындық жұмысын күні-түні атқара жүріп, соның бәрі тұңғыш атом бомбасын сынаудың әуресі екенін біз сірәда білмедік. 1949 жылы төбемізден тарс еткен әлей жарылыстың да немене екенін ә дегенде ұқпадық. Соны жасаушы Курчатовтың да өз ортамызда отырғанын, кім екенін де сезгіміз жоқ...» – деген түсінік айтқан.

«Мәскеу-400» қалашығының сыртқы өмірмен қарым-қатынасын, осы жердегі барша тірлігін Қауіпсіздік комитеті бақылаған. Полигонда жұмыс істегендер – әскери бөлімнің жоғары шенді командирлері, орта дәрежедегі және кіші офицерлер. Осы жерде азаматтық міндетін атқарған әрбір жауынгер сол ұжымның қатаң сүзгісінен өтіп, нендей іспен шұғылданғанын өмір бойы құпияда ұстауға қолхат берген. Сол жайтты бақылаушы – Л.П. Берияның көмекшісі атанған генерал-лейтенант П.Я. Мешик (В. Жучихин естелігінде: «Адамшылық мейірімнен жұрдай нағылет, астыңғы ерні ырсып, қанталаған көзі жемтік іздеген жыртқышқа ұқсаған, бойы ортадан сәл жоғары, қарны қазандай кампиған, домаланған бітімі кісіні қарадай шошытатын осы жендеттің үнемі жау іздеген ұзақ әкіреңінен И.В. Курчатов бізді 1951 жылы құтқарды, Содан кейін-ақ өз қолымыз өзімізге жетіп, емін-еркін жүретін болдық...» – депті).

Алайда құпия объектідегі қатаң режим бертінде де өзгермеген.

1948 жылдың жазында әскери полигондағы сан алуан жұмысқа камтылған әскерилердің қарамағы 15 мыңға жеткен. Ертіс жағасында тұрғызылмақ екі қалашықтың құрылысына алғашқы 2,5 жылда 180 миллион сом қаржы жұмсалған (О күнде бұл ерекше мол қаржы, соған тек сынақ алаңдарын дайындау шығыны кірмейді. Екінші құрылыс – «Мәскеу-400»-ге ұрымтал жерде ірге

көтерген Шаған қалашығы. Сол жерде авиация дивизиясы орнығып, ауыр ұшақтар ұшып-конатын әуежай алаңы салынған).

Әскерилер қалашығы бастапқыда кәдуілгі қазарма ретінде жобаланған. Көшелерінде үш қабатты барактар сап түзеген. Ғылыми зерттеушілер де сырты ғана емес, іші де жадау әрі ұсқынсыз жатақханаларға жайғасып, төрт-бес кісілік, көбіне оншақты адам жағатын жатаған бөлмелерде тұрған. Солардың біреуі ғана қосымша жабдықталып, мейманхана аталған. Сол ғимараттың екі, иә төрт кереует, үстел мен шкаф қойылған бөлмелері осы жерде тұрақты жұмыс істейтін теоретик-физиктерге берілген. Инженер мамандар ерекше молайған жаз күндерінде жатақтар іргесінен әлденеше палатқалар тігілген.

1949 жылдың жазында осы қалашықтың өзенге ұрымтал шетіне екі қабатты коттеждер де салыныпты. Небәрі үш-төрт үй, солар тек біршама мезгіл құлыптаулы тұрған. Коттеждердің есіктері құрылыс алаңына И.В. Курчатова пен Ю.Б. Харитон, Бас басқарманың бастықтары келгенде ғана ашылған. Сол жылғы тамыз айында осы үйлерде арнайы күзетімен келген КСРО маршалдары А. Василевский, Г. Жуков, полигонның «қамқоршысы» атанған Л. Берия тұрған.

Мәскеу-400 қалашығының жұпыны үлгімен тұрғызылуы сол кездегі үкімет басшыларының ой-танымының жұтаңдығын аңғартады. Шынтуайтын айтқанда, сол шіркіндердің ақыл-ойы жобаланған нысандарды жедеғабыл тұрғызып, жаңа қаруды тезірек сынаудан өзгеге жетпеген. Түсінікті ахуал: кеңес адамы – өзіне ерекше бап, күтім мен ізет тілейтін кердең қылықты қалталы капиталистер емес, жүдеу тірлікке үйренген, тұрмыс қиыншылығына көнпіс жанкештілер; Кеңес Одағында 1930-жылдардан беріде қауырт жүрген индустриялық құрылыстар мен өндірістік қалашықтар жұпыны пішінде қалқайтылып, «Айда, бол!» ұранымен бой көтерді; Ертіс жағасында тұрғызылмақ әскери қалашық пен «Тәжірибе алаңы» да – сол тартыншақ ойдың үлгісі...

«Тәжірибе алаңы» аталған құпия құрылыс, ол болса Мәскеу-400 қалашығынан 65 шақырым күнбатыста, жатаған бұйраттар қоршаған даланың кіндік тұсына орныққан (Қараңыз: 110-беттегі 1-ші үлгіні, сол кескінді мен «КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабынан келтіріп отырмын).

Алаңды жобалаушы – КСРО ҒА-ның Химиялық физика институтының қарамағындағы ГСПИ-11 аталған құпия ұжым (директоры, академик Н.Н. Семенов). Сол нысанға арналған дәйектемеде «Тәжірибе алаңын» жобалауға атомдық физиканың көрнекті білгірлері Д.А.Франк-Каменецкий, Ю.Б.Харитон, Я.Б. Зельдович, А.Ф. Беляев, А.Я. Апин, Б.М. Степанов және осы ғұламалар кеңесуге шақырған атом ядросының ірі мамандары қатысқаны ескертілген.

Осы алаңды тұрақты бақылау Семей ядролық полигонының алғашқы бастығы, генерал-лейтенант Петр Михайлович Рожановичке жүктелген. Осы міндетті одан кейін Сергей Георгиевич Колесников, Анатолий Валерьевич Енько, Иван Николаевич Гуреев, Николай Николаевич Виноградов, Алексей Иванович Смирнов, Мурад Константинович Кантеев, Владимир Иванович Ступин, Аркадий Данилович Ильенко және Юрий Владимирович Коноваленко атқарған. Бәрінің де шені – генерал, көпшілігі генерал-лейтенанттар. 1947-1993 жылдар аралығында, яғни 46 жылда полигон бастығы міндетін атқарушылар 10 мәрте ауысқан. Генерал-майор П.М. Рожанович небәрі жарты жыл еңбек етіп, 1948 жылдың 31 тамызында Ертіс жағасынан Новосібір қаласына ұшақпен бара жатып, жүрек талмасынан опат болған. Осы жердегі алғашқы құрылыстарды штаб бастығы болған генерал-майор Колесников тұрғызған...

«Тәжірибе алаңындағы» құрылыстар екі ауысыммен жедеғабыл жүрген.

Ең алғашқы «бұйым» биіктігі 30 метр болат мұнараның ұшар басына орнатылады. Әсілі, сол жер – «Тәжірибе алаңының» кіндігі, оны жағалай шеңбер түзеген 20 шақырым жазықта, яғни 45 мың шаршыметр аймақта түрліше құрылыстар тұрғызу жобаланған: ең қомақтысы – 14 км қашықтағы «Ш» деген әріппен құпияланған нүктеде «Штаб» орнығады; оған жарылысты бақылаушы үкімет комиссиясы жайғасуға тиіс; соның Ертіс жақ іргесінен қорғаныш костюмдер мен дозиметрлер сақталатын қойма салынған; радиациямен ластанған аспаптарды арнайы сұйықтармен жуатын әрі дезинфекцияға қажет заттар қоймасы, жарақат алғандарға алғашқы жәрдем көрсететін, радиация залалын әлсіретер дәрігерлік қосын да осында орнығады...

«Тәжірибе алаңында» үш сектор жұмыс істеуге тиіс. Алғашқысы – физико-техникалық өлшемдермен айналысады, оны арнаулы дайындықтан өткен инженер-полковниктер басқарады. Биологиялық зерттеулер секторы атанған екінші бөлімге профессор-биолог атағы бар, медицина қызметінің полковнигі жауапты. Стратегиялық қаруларды сынаумен шұғылданатын үшінші секторға да инженер-полковник жетекшілік етеді. Әр сектордың қарауында орынбасарымен қоса ондаған офицерлер бар. Осындағы үш секторда төрт рота әскер ұсталып, күні-түні бақылау жүргізеді.

Эпикіндікте орнатылған алып мұнараның ұшар төбесінен бастап жер астындағы сом табанына дейін әртүрлі өлшегіш аспаптар орнатылады. Солардың дені жарылыс кезінде істен шығатыны ескеріліп, кейбірі жер астына монтаждalған. Бәрі де ғаламат дүмпудің күш-қуатын, жарылыс түзеген қызу мөлшерін, одан өзге зияндарын өлшеуге тиіс. Құпияда ұстайтын дерек болғандықтан алаң мамандары соларды «қаздар» («гуси») деген атаумен далдалаған. Аспаптардың техникалық атаулары – «А», «Б» және «В» әріптерімен белгіленіп, мамандар соларды «аннушки», «букашки» және «верочки» деуге машыққан. Негізгі аспаптар тобы эпикіндіктен 500, 600, 800 және 1200 метр жерге қойылып, периметр бойынша жағалай орналасуға тиіс. Солардың кейбірі үш, иә бес метр тереңге орнатылып, қабырғалары мен үсті бетон плиталармен қорғалған.

Соншама ұқыпты дайындық – атомдық жарылыс түзейтін әлей күшті от-жалыннан, ауа толқынынан қорғаудың амалы, адамдар ғана емес, сол процесті бақылауға, өлшеуге қойған аспаптарды аман сақтаудың шарасы. Кеңестік мамандар бұрын-соңды білмеген, көрмеген алғашқы сынақ болғандықтан және соны екінші рет қайталау өте қымбатқа түсетіндігін ескерген білімпаздар өздеріне келешекте керек болады-ау деген ғылыми деректерді молдап жинауға тырысқан...

Десек те көп жылдар бойы құпияда ұсталған бір жайтты ескертуге тура келеді. Бұл турасында «Тәжірибе алаңының» физикалық-техникалық секторының алғашқы бастығы полковник В.В. Алексеев бертінде жариялаған естелігінде сөз еткен. Василий Владимировичтің өзі сол құпияны Мәскеудегі Химиялық физика институтында тәжірибеден өткенде біліпті: сөйтсе, институт ұжымы «Тәжірибе алаңында» жасалмақ барлық қорғаныс шара-

ларын АҚШ профессоры Г. Смиттің атом бомбасын сынау кезінде көрген-білгенін, үкімет талабы бойынша, есеп ретінде жазған түсініктемесінен көшірген; оған қоса кеңестік зерттеушілер Садовский мен Шнирман 1945 жылы Лос-Аламоса сыналған атом бомбасының жарылған сәттегі фотосуреттерін ұзақ зерттеп, күшті алаудың спираль сияқты жарқ-жұрк бұйдалануына мән бере қарап, жарылыстан соң аса күшті ауа толқыны түзілетінін ойша долбарлап, қорғану амалын әскездеп жобалаған.

Полигон мамандары «Букашкаларды» жарылыстың эпикіндігінен 1800 метр қашыққа қойыпты, сол жерге киноға түсіретін аппаратуралар да орналасқан. Оптикалық аспап атаулы бекемдеп салынған бетон дзоттарға орнатылған. Кейбір аспаптар гамма-сәулелердің зиянды әсерінен сақтау үшін қорғасын плиталармен қапталған. «Верочкалар» эпикіндіктен 3000, кейбірі 5000 метр қашыққа орнатылып, қорғаныштар жасалыпты. Өйткені, радиация әсері 2,5-3 шақырымда әлсірейді, жетсе де бүлдірмейді деген болжам туған. Іс жүзінде сол тұжырым жансақ болып, бәрін де қайтадан бекемдеуге тура келген.

**ЕСКЕРТУ:** біз соншама сипаттаған жайттар – атом бомбасының Дегелең бөктеріндегі ең алғашқы сынағына дайындық. Келесі жылдарда, әсіресе сынақтар жиілеген кезде «Тәжірибе алаңының» ортасында аумақты апан пайда болып, тас-талқаны шыққан құрылыстарды қайтадан тұрғызуға тура келген. Осы беттегі схемада бейнеленген П-2, П-3, П-4, П-5Г, П-6, П-7, П-6А, П-11 нүктелер – бертінде әзірленген сынақ алаңдары. П-4 және П-4А алаңдарында (екеуі де полигонның теріскей шебінде) БРВ-дың (әскери радиоактивті заттар) жаңа түрлері сыналған.

Ядролық сынақтар жасауға арналған орындардың атаулары – «Тәжірибе алаңы», Сарыөзен, Дегелең, Балапан, Телком және Ақтанберлі. Осы алаңдарда 1949-1962 жылдар аралығында 87 рет жер бетінде, 26 мәрте ауада сынақтар жасалған. Семей полигонының жер бетінде жасалған ең соңғы жарылыс 1962 жылғы 24 желтоқсанда жүзеге асқан. Оның қуаты 28 тонна кәдуілгі жарылғыш заттарды бір мезетте жарғандай бүліншілік туғызған. 1965 жылы 12 тамызда тағы бір мәрте жана қару сыналған. Оның қуаты тек мардымсыз болған деседі.

1949-1962 жылдар аралығында сынақ алаңдарына ұрымтал жерде қоныс еткен бір батальон әскер тәулік бойы күзеткен. Бір-бірінен 5-10 шақырым қашыққа орналасқан алаңдарды көз алдында ұстау үшін 12 бақылау қосыны тұрғызылып, әскери қарауыл соларды күні-түні күзетіп, өзара радиотелефон байланысы жұмыс істеген. Түнге қарай ең шеткі қосыннан екі жауынгер ерсілі-қарсылы жүріп, бірі-бірімен жетон ауысатын тәртіп енгізілген. Әсірелеп айтқанда, әскери күзеттің күштілігінен сол алаңдарда бөгде адам түгілі, жерде жорғалаған тышқандар да емін-еркін жорта алмаған. Күзет батальонының жауынгерлері мен офицерлері осы манатта жабдықталған жеркепелерде тұрған. Әрине, бәрі де сынақтан соң аста-төк мөлшерде радиация бөлшектерін бойына сіңірген..

«П-1» алаңын айнала әртүрлі қашықтыққа (3, 5, 7, 10 км.) әскери техника сап түзеген: кәдімгі құрыш құрсаулы ауыр және жеңіл танкілер, зеңбіректердің барлық түрлері; минометтер, снарядтардың үлкен-кішілері мен жәшікке салынған ок-дәрілер, кейбірі жер бетіне қорғанышсыз қойылған; бірнеше жерде шағын кемелердің палубасы зеңбіректерімен, сүңгуір қайықтар да қаз-қатар тізілген; кейбірі тек жерге жартылай көмілген, енді бірі дзоттармен қоршалған; ең ғажабы, әскери техниканың ойыншық макеттері емес, майдан даласын көрген ескі қарулар түрлері әкелінген. Кіндік алаңнан 9 шақырым қашыққа ауыр бомбалар таситын екі ұшақ орналасқан, біреуі ұшуға дайындалған қалыпта, екіншісі жерге енді ғана қонғандай кейіпте қойылған. Тек екеуінің тұмсығы екі жаққа қаратылған.

Жарылыс алаңнан бір шақырымдай жерге және одан әрі әрбір 500 метр сайын су жаңа 10 «Победа» автомобилдері тізіліпті.

Эпикіндіктен бес шақырым қашыққа бірнеше тұрғын үйлер салынған, кейбірі бөренеден қиылған су жаңа үйлер. 500, 2500 метр және одан да әріректе терең окоптар қазылып, кейбірі кәдуілгі дзоттар мен доттарға айналған. Сол үйлердің іргесіне және жерге сұғына жасалған темірбетон қалқалардың астында үй жануарлары – шошқа мен иттер, үй қояндары мен тышқандар ұсталған. Бір жаппаның астына түйе мен сиыр да байланған. Дзоттардың маңына солдаттар мен офицерлерше киіндірілген қарақшылар қақшиып тұр. Солардың ара-арасына ашық және жабық түрде әртүрлі тағамдар – консервілер, шұжықтар, шоколад плиталары, бөтелкеге құйылған сусындар тізілген.

Эпикіндіктен біржарым шақырым жерге кәдуілгі тас жолдың табаны төселген, оның үстіне темірбетоннан құралған (ұзындығы он метр) көпір тұрғызылған. Одан арғы бір шақырым жерге кең табанды темір жол салынып, биік иіні жиырма метр екінші көпір жасалған. Көпірдің үстіне және кіреберісіне бірнеше жүк вагоны қойылған. Біреуіне сұйық жағармай құйылған кәдуілгі цистерна орнатылған. Кейбір вагондар бос, енді біріне қиыршық тас немесе көмір тиелген.

Жарылыс алаңынан оңтүстік-шығыс бағытындағы 1500 метр қашыққа жағармай пайдаланатын электростанса тұрғызылған, одан атомшылар қаласына темір бағандар арқылы электр жүйесі тартылған. Одан әрі 800 метр жерге құрастырмалы бетоннан үш қабатты екі үй салынған, екеуінің арасына – кәдуілгі қала көшесі жасалып, оның табанына тас төселіп, біраз жеріне асфальт жайылған. Солтүстік бағытта, 1500 метр қашықта бетон мен кірпіштен салынған, сырт келбеті өндіріс ғимаратына ұқсаған және бір үй тұр. Оның қасына жүк көтергіш кран орналасқан.

Эпикіндіктен 250 метрдей жерден баспалдақ жасалып, отыз метр тереңде үлкен метроның көшірмесі жасалған. Ұзындығы шамалы, сөйтсе де Мәскеу метросының 20-30 метрін айнытпай қайталаған. Жарылыс алаңын шыр айнала, солтүстік-шығысқа және оңтүстік-шығыс бағытына бірдей қашықта темірбетон бағандары сап түзеген, әрбірінің ұшар басына ауа толқынының күшін әрі жарылыс түзейтін жарық әлуетін өлшейтін аспаптар орнатылған...

Осы құрылыстардың бәрі де 1949 жылдың жазында дайын болған.

В. ЖУЧИХИН, «Жарылысты дайындаушылардың полигондағы қызметі» тарауынан:


«... 1949 жылдың шілде айының 20-ында Саровтағы әуежайдан жүк тасуға бейімделген әскери екі ЛИ-2 ұшағына «бұйымға» заряд беретін автомат қондырғыларды және басқадай қымбат аппаратураларды тиісінше, өзіміз де отырып, жолшыбай Қазан, Свердлов және Омбы қалаларына аялдап, жағармай алып, аз-маз демалыс жасап, екі тәулік ұштық. Қайда келе жатқанымызды білмейміз. Ауа райы қолайсыз болып, алғашқы күні найзағай ойнаған бұлт шоғырынан ұшақ тұмсығы жерге шаншылғандай қатерлі селкілдеуді бастан кештік. Содан екінші тәулікте ирелеңдеп аққан өзеннің айдыны айнадай жарқыраған, жасыл орман жағасын көмкерген, жыпырлаған үйлері де көңілімізді сергітіп, көп-көрім қаланың даламен астасқан шетіне қондық. Аяғымыз жерге тигенде бір қабат үйдің маңдайшасына ілінген «Семипалатинск» деген жазуға көзіміз түсті. Қазақ даласына тұңғыш сапарым (Содан кейінгі қырық жылғы өмірім осы қаламен, соның іргесіндегі ядролық полигонмен байланып, сол сәтте, әлбетте болмай алмадым). Әуежайдың буфетінен «Манты» деген ұлттық тағам алып, соны аш бөрідей көмейлеп, жан шақырдық. Жарым сағаттан соң аспанға қайыра көтерілдік. Күн шайдай ашық. Ертіс өзенінің кең арнасын қуалай ұшып, әскери әуежайға қондық. Сөйтсек, ақырғы аялдама екен.

Біздің топты полигон бастығы әскери қалашыққа емес, «Тәжірибе алаңына» ұрымтал жердегі сегіз пәтерлі үйге орналастырды. Жаңа қоныс ұнады: жатын орнымыз жайлы әрі таза; ас-су ішетін бөлме көңілімізден шықты. Келесі күні-ақ ұшақпен жеткізілген аппаратураны дайындауға кірістік.

... Бізге жүктелген міндет — автомат зарядты сынақ алаңына орнатып, команда берілген сәтте қораптағы «бұйымды» тізбекті реакцияға қосу тетігіне импульс беру. Бұл енді бірнеше жылғы дайындықтың ақырғы сәті. Бір тәуірі, әуе арқылы жеткізілген аппаратуралар жолшыбайғы сілкілеуден бүлінбепті, зарядтар күшін тексергенімізде, Саровта тағайындалған мөлшерді бірден көрсетті. Сөйтсе де қайыра тексеріп, ашық аспан астында аспапты бес мәрте тексердік. Өзіміз жасаған автомат бесеуінде де сарт-сұрт істеп, күдік қалдырмады. Тексеру аяқталған соң, автоматты кабельден ағытып, сол жердегі уақытша қоймаға өткіздік...

Одан әрі жарылыс қуатын өлшейтін, сол сәтте туатын әртүрлі жағдаяттарды қадағалайтын «ақылды» аспаптарды тексерумен айналыстық. Бұл жұмыс тамыз бойы жүрді. Оны да күні-түні істедік. Шаршадық, шақырайған күн астында болудан да қажыдық деген қынжылыс болған жоқ. Өйткені, зарыға күткен сынақтың 29 тамыздың ертеңгілік мезгіліне белгіленгенін білетінбіз.

Тамыз айының бас кезінде төрт ұшақ сол жердегі әуежайға Саровта дайындалған бомбаның бес түрін қосымша заттарымен полигонға жеткізді (Шілде айының соңғы күндерінің бірінде И.В. Курчатовтың төрағалық етуімен осы жерде өткен мәжілісте алғашқы сынаққа бомбаның плутонийден жасалған түрін жаруға шешім қабылданды). Соларды да тағы бір мәрте тексеріп, бесеуі де дайын деп актіге қол қойдық. Неліктен бес бомба? Бұл енді биік лауазымды бастықтардың ойлап тапқан амалы: «бұйымның» кейбіреуі әлдеқандай себеппен жарылысқа түспесе — екінші, иә үшіншісі жарылуға тиіс, қайткен күнде біреуі жарылар деген сақтандық шарасы...



Семей полигонындағы сынақ алаңдарының схемасы. Доңғалақтар ішіндегі шұбарланған «нүктелер» реакторлық комплекстер орнатылғанын бейнелейді. Қос сызықпен қоршалған үлкен аймақ — полигон емес, ядролық сынақтар жасалған аймақ шекарасы

М. Г. Первухин бастаған Мемлекеттік комиссия полигонға тамызда келіп, бір-неше жүз мамандар жаз бойы мұрнынан шаншыла атқарған дайындықты тексерді. Тексеру ерекше қатаң жүрді. Біз үшін ең қиыны және жүйкемізді тоздырған гәп — «Импульске от беру!» командасы қайталанып, жарылыс сәтінде кімнің не істейтіні, атомдық апат кезінде құтқарушылардың атқарар жұмыстары, тағы сондай әрекеттер үш мәрте «ойналуы» болды. Әлбетте мүлт басқан, иә тиісті міндетінен шатасқан бірде-бір оқыс оқиға болған жоқ. Сол жаттығу 14, 18 және 22 тамыздың ертеңгілік сәтінде жүргені есімде.

Сонымен, сынақ күніне жетіп, 29 тамыздың таңын тағатсыздана күттік. Сынақ сағаты таңғы сегізге белгіленген. Алайда, синоптиктер: «Күн желтең, тұлдырсыз иен далада құм қиыршықтары бей-берекет борайды, жарылыс бұлтын бақылау, әсіресе оны лентаға түсіруге сол түтек бөгет болады-мыс...», — деген болжам

айтып, жарылысты тымық күні жасауды ұсыныпты. Мемлекеттік комиссия сол ақпарды талқылап, сынақты сол күнгі таңғы сағат жетіде бастауға шешім қабылдады...»

Сол түнде бізде мазалы ұйқы болған жоқ. Таңғы сағат 4-30-да зарядты мұнаның үстіне шығарып, 5-00-де тітіркеніс беретін капсульді электр жүйесіне жалғадық. Бұл жұмысты К.И. Шелкин басқарып, комиссия мүшелері А.П. Завенягин мен А.С. Александровтың бақылауымен орындадық. Сағат 6-20-да эпикіндіктегі дайындық тақа бітіп, өзіміз паналайтын ұрымтал жердегі бетон бекініске келіп, «бұйымның» әзір екендігін И.В. Курчатова телефон арқылы мәлімдедік...»

И. ГОЛОВИН, «Алғашқы жарылыстың тарихы» кітабынан:

«Штаб кезекшісі сынақтың басталуына бірнеше минут қалды деп ескерту жасаған мезетте блиндажға Берия бастаған комиссия мүшелері келді. Курчатов физик Флеровтің қасына барып, нейтрондар бөлінуін әйгілеуші экранға қарап: «15 секундта екі-үш нейтрон бөлінді. Реакция сәтті басталды! Он минутта соңғы нейтрон бөлінсе бәрі де ойдағыдай болады...» — деп шаттанғандай болып еді.

— Бекерге қуанба, Игорь Васильевич. Ештеңе де шықпайды, бос әуре, — деді Берия.

— Лаврентий Павлович, мысық тілеуді доғар! Сәлден соң бәріміз де мына еденге жалп етеміз, одан да содан сақтануға қамдан...

Курчатов экран алдына қайыра бұрылды. Шоң желкесінде тамыры шодырайып, қоңырқай жүзі де күреңітті. Штабтағы жұрт ештеңе естімегенсіді.

Сыни сәтке үш минут қалғанда нейтрондар саны екі есе көбейді. Бір минуттан соң одан әрман жиіледі. Флеров пен Курчатов бір-біріне үрейлене қарағанын блиндаждағылар түгел сезді. Бұл болса жарылыс емес, жай ғана сілкіністің ақпары. Алайда автоматта тіл жоқ, оны енді тоқтата да алмайсың...

Диктордың саңқылдаған қату үні төбеңді ойғандай.

— Он секунд қалды... Бес, екі, бір секунд!.. Нөл, иә, сәт!..

Курчатов ашық тұрған есікке түнере қарады. Штаб маңындағы сайын даланың бетегесі жайбарақат желкілдеуде. Кенет ашық аспанды қап-қара бұлт шалғандай болды. Курчатов сыртқа атып шығып, блиндаждың алдындағы топырақ үймесіне туралай тартты. «Бәрі де күткеніміздей. Әне, қараңдар!..» — деп те айқайға бассын.

Аспанды торлаған бұлт шоғыры шыр көбелек үйіріліп, стратосфераға тікелей шапшығанын көрдік. Жарылыс алаңынан туған ауа толқыны блиндажға жақындап келеді, дала түгінің жаппай жапырылғаны да — соның белгісі. Курчатов соны да елемей, топырақ үймесіне іліге бергенде Флеров қуып жетіп, кейінге сүйреді. Сыртқа шыққандардың соңы болып екеуі блиндажға кіріп, темір есікті тарс жапты.

Сол сәтте Берия Игорь Васильевичті еміне құшақтап:

— Жарылғаны жақсы болды. Ештеңе шықпаса көрешектерің басқаша еді, әзірше оңай құтылдындар... — деп төбе сылағы тиген шекесін сипалады...»

В. ЖУЧИХИН, «Алғашқы атом бомбасы» кітабынан:

«...Кенет табан астымыз солқ етіп, блиндаждың қабырғасы жан біткендей дірілдеді. Іле-шала жер мен көк солқылдап, үстімізге ауыр бірдеме құлағандай, ас-



панда бір нәрсе қақ айырылып, жер-жаһан төңкерілгендей үрей бойымызды торлады. Бірер секундтан соң сырттағы у-шу тынып, тыныштық қайта орнады. Кенет әлдекімнің қатты дауыстаған үні, бақылаушы мамандардың жаппай дабырлаған сөздері түс-тұстан жамырады. Бірі-бірімізді құшақтап, сүйіскен, жүдырықпен түйгіштеген, құшақтаған айқаймен темір есікті айқара ашып, сыртқа ұмтылды.

Аспанға атылған от бағаны, оның айналасындағы көкшулан түтін мен шаң-тозаң қабаты өзара сапырылысып, ал ғарыштан құйылған күн сәулесі сол шоғырды жарып өте алмай, селтіп тұрып қалғандай. Шым-шытырық гулеген құйын шыр айналып жүр. Американдықтардың «Қара кітабындағы» сипаттаған алып саңырауқұлақ түзілді. Бұл енді физикалық құбылыс, оған ешқандай әмір жүрмейді. Сол саңырауқұлақ неше мың метр биікке көтеріліп, алаң үстіндегі топырақ атаулыны демде өзіне суырып алған. Төбемізде әлем-тапырық сапырылыс жүріп жатыр. Саңырауқұлақтың астыңғы жағы жіңішкеріп, оның есесіне үстіңгі беті дамылсыз шудаланған түтінмен араласып, жан-жаққа тарай бастады».

Ертіс жағасындағы әскери қалашықтың іргетасын қалаушылардың бірі — Семен МАХНЕЙ (саперлер полкінің қатардағы жауынгерінің естелігін хаттаушы — немересі Мария Махнейқызы), Семей, «Голос народа» газеті, 26 мамыр 2005 ж.:

«Мен азаматтық міндетімді атқаратын инженерлік-саперлік полктің бірнеше ротасын 1949 жылдың жазында «Ш» деген жаңа алаңға ауыстырып, тереңдігі 30-40 метрдей шахты оқпанын қаздық. Соның түбінен жан-жаққа тараған туннельдер жасадық. Сол жұмыс бірнеше тәулік қарбалас жүріп, шілде айының орта кезінде полк командирі тапсырманың орындалғаны туралы рапорт берді. Сол күндерде, — дейді атам маған жымия қарап, — Қылшылдаған жас кезім. Отан қорғанысы аса ділгір керемет істі мерзімінен бұрын тындырдық деген мақтаныштан да құралақан емеспін! Жедел бұйрық келіп, бізді полкты әлгі алаңнан 15-20 шақырымдай дала төріне ауыстырды. Қу медиан далаға палаткалар тігіп, алты жүздеп адамбыз, тереңдігі біржарым метрдей жыралар қаздық. Тамыз айының соңғы күндерінің бірінде шені аса жоғары командирлер келіп, полк жауынгерлерін сапқа тізіп, таяу күндерде осы жерде Кеңес өндірісі жасаған жаңа қарудың сынағы өтетінін жариялады.

Таң ата полк жауынгерлері дабылмен тұрып, бір жарым шақырым жердегі жыраларға жүгіріп барып, противогазды басымызға керіп, күнбатысқа бетімізді бұрып етпеттей жатамыз. Күнде қайталанған жалған дабылдан жүйкеміз жұқарып, сол сынақты күтуден мезі болған 6-шы, әлде 7-ші таңсәріде, 29 тамыздың таңғы жеті шамасында екені анық, тағы да үйреншікті жырада жатқанымызда табан астымыздағы жер кенет солқ етті... Басқаларды білмеймін, өзімді мұхит айдынында күшті дауылға тап болып, шыркөбелек айналған қайықта отырғандай күй кештім. Басым зеңіп, ақыл-есім мәңгіп, тау мен дала, бой жасырған окоп шыр көбелек айналып, бұлт құрсаулаған аспан да үстіме құлайтын сияқтанды (Полктың жазғы мекені Дегелең тауының күнбатыс бөктерінде, содан қозы көш жерде болған — М. С.).

Сөйтсем, зәресі ұшқандар мен ғана емес, едәуір жан. Әлдекім «Қаш! Төпырақтың астында қаласың!..» — деп жан ұшыра айқайлағандай болды. Жыра түбінен әуірім-деп әрең шығып алға ұмтылдым, ту сыртымнан: «Кейін қайт, кейін! Жат, жыраға түс!..» — деген өктем үн естідім. Сол да сеп болды, айдалаға қашқандардың бәрі де есін жиып, кейін қайтты. Жыраға қайта түсіп, тау жаққа қарадым: әлгіндегі шым-шытырық сапырылыс өзгеріп, кәдуілгі саңырауқұлаққа ұқсаған бұлт шоғыры көзіме шалынды; тек ұзақ тұрмады, үстіңгі қалпағынан бөлінген шарбы құйын бізге қарай жөңкілді.

Алдымыздағы еңселі таудың бізге қараған беті дереу отқа оранды. Ызғырық жел көтеріліп, күйік исі қолқаны қапты. Мен өзім тыныс мүшелерімді жыбырлатқан жағымсыз иісті айқын сездім. Күйік емес, басқадай бірдеме. Қасымдағы жауынгерлер де жөтеле бастады. Сол сәтте ту артымыздан: «Противогазды киіп, етпеттей жатыңдар! Бұлтқа қарамаңдар!» — деген өктем бұйрықты естідім.

Қанша уақыт жыра түбінде ауа жетпей тұншығып, ақыл-есім шатасып жатқанымды білмеймін. Полк командирі келіп, лагерьге қайтуға рұқсат дегенше әрлі-берлі қозғалуға құлқымыз да болмады. Содан жазғы лагерьге келсек, автомобильдер күтіп тұр. Соларға жапа-тармағай отырып, отқа оранған тауға аттандық. Жарылыс жасалған алаңнан бергі 30 шақырымдай дала да түгел отқа ораныпты. Біз соны екі тәулік бойы сөндірдік. Одан соң бомба орнатылған темір бағанның күйген орнын, топырақ атаулы кәдімгідей балқып, қап-қара күлге айналған бір қабат қыртысын бульдозердің қырғышымен сыпырып, терең апанға комдік. (...) Былтырдан беріде құрылыс батальоны зор бейнетпен тұрғызған екі-үш қабатты үйлердің орнындағы топырақ үймесін бірнеше ай тазаладық. Сол жұмыстарды біздің полк желтоқсан айында тәмамдап, «М» алаңы деп аталған жаңа қонысқа ауыстық. Ол енді осы күнгі Шаған қалашығы, сол жерде ұшу алаңын бетондап, ұшқыштар мен қала тұрғындары тұратын үйлер тұрғыздық.

Полигондағы қызметімді мен 1950 жылдың қараша айында аяқтадым. Көз көрген, өзім қатысқан құпия жұмыстарды ешкімге айтпаймын деп қолхат жазып, әскер қатарынан босап, Семейдегі саперлер батальонына контракт бойынша жұмысқа ауыстым...

Неге сөйткенімді ешкімге айтқамын жоқ. Шындығында полигондағы ауыр жұмыс діңкемді титықтатқан соң «Пәледен машайық қашыпты» деген пәлсафаға жеңсік беріп, қатерлі жерден аманымда қашығырақ жерге кетуге бекінген едім. Амал не, кешігіппін. Әскер қатарынан 1951 жылы біржола босап, бейбіт еңбекке ауысқан кезде-ақ бүкіл денем қышып, жон терім суланып тұратын дертке ұшырадым. Және соған «соқыр тауық» дейтін көз ауруы қосылып, одан да өзге сырқаттар күллі денемді жайлап, күн сайын азап шегумен өмір сүрудемін. Сол енді өмір ме, аурушаң, әлсіз адамға айналдым. Полигондағы командирлерім: «Сендердің осы өңірдегі жанқиярлық ерліктеріңді Кеңес үкіметі ұмытпайды, түрліше марапаттар аласыңдар...», — дейтін-ді. Сол да әншейін сөз болды: жанкешті жұмысым үшін мен бір жапырақ мақтау қағаз алғам жоқ. Атом сынағынан алған сырқаттарыма үстеме ақы да төленбеді. Өйткені, әскери құжатымда сол аймақта қызмет еткенім мүлдем жазылмаған. «Қуынбайсың ба?» — деген немере қызыма: «Отаныма еңбегімді сатамын ба?» — деп басымды сипаймын...»

Әлбетте алғашқы атом бомбасының сол сынағын қорғанышы мықты бекіністе отырып бақылағандар — қарамды топ. Солардың бірі — профессор Л.В. Альтшулер. Одақтық «Литературная газета» жариялаған (6 маусым 1990 жыл), «Бомбаны біз осылай әзірлегенбіз» деп аталған сұхбатында ол атомдық өндірістің теориялық физика бөлімінде 22 жыл еңбек еткенін, кенестік қасан идеологияға бас иеген бірбеткей қайсарлығы үшін сол жұмыстан бертінде қалайша аласталғанын да ашық сөз еткен, ғалым көзі көрген алғашқы жарылыс туралы да там-тұм сыр шертіпті...

Л.В. Альтшулердің сипаттауынша, жарылыс дүмпуінің өздері жобалаған қуаттан асып түскені сонша асты-үсті, күллі қабырғасы бір метр бетонмен және қорғасын қорғауышпен қапталған, эпикіндіктен 14 шақырым жердегі жер астындағы бекіністе отырған үкімет комиссиясының кейбірін жарылыс дүмпуі астындағы сәкіден жұлып алып, бетон еденге сұлатқанын әжуалай жазыпты. Мысалы, маршал-министрдің жарқыраған күнқағары еденге жалп еткен. Өзі де еденге құлауға шақ қалған. Дес бергенде алып денелі Ванниковпен иық түйістіріп отырғаны сеп болып, Борис Львовичтің сүйеуімен жер сүзуден аман қалған-мыс. Бәрінен де Л.П. Берия көбірек зардап шегіпті. Жаратылысында өркөкірек адам көзіне қара көзілдірік киіп, теріс қарап етпетінен жату керек деген рәсімді тәрк етіп, бақылаушылар үшін жасалған тауаша қуысындағы шынысы қалың терезеге ол жабыса үнілген-мыс. Сұрапыл дүмпу оның әкімдік айбарын неғылсын, қалың шынының быт-шытын шығарып, әйнек түйіршіктері қаһарлы басшының бетіне бұршақша жауған. Мандайы, бет-аузы жараланып, қазандай басы да бетон қабырғаға соғылған, мұрнынан да қан сорғалапты. Бадырақ көзінің де жаракаттануы кәдік екен, шынысы қалың көзілдірігі сақтаған-мыс (Осы оқиғаны әжуа мысқылмен сипаттаған Л.В. Альтшулер: «Қамқоршы әкеміздің» мұрны емес, жүрегінен қан сорғалап, сол сәтте жан тапсырғанда өзі үшін әлдеқайда онды болатын еді. Өйткені, атакты мемлекет қайраткері жұмыс үстінде, Отан мерейі үшін шейіт болды деп аза тұтып, сол жылда-ақ оған қоладан зәулім ескерткіштер қойып, үлкен бір қалаға есімін беріп, зор құрметке бөленуі хақ-ты. Амал қанша, оның тағдырын 1953 жылғы әскери сот мүлдем басқаша шешті. Бұл да жазмыштың жазуы...» — деген өкініш айтыпты). Ең ғажабы, жантүршігер қаруды жарық дүниеге келтірген ғылым иелері Харитон және басқалары, сақтану рәсімін бекем сақтаған, сол себепті ешбірі жаракат алмай аман қалыпты.

Комиссия мүшелері тауашаға үніліп, сынақ алаңының үстінде бұлқынған қызылқоңыр бұлтты қызыға бақылаған. Аспан көгінде салбыраған санырауқұлаққа да шошына қарап, бастарын шайқайды (Мемлекеттік комиссия мүшелері полигонға келген бетте американдықтар әспеттеп түсірген алғашқы атом сынағы туралы және Хиросима, Нагасаки қалаларының күлге айналғаны бейнеленген деректі фильмдерді көріп, нақты мағлұмат алған). Міне, енді сол кереметті кинодан емес, Қазақ даласынан көрді, қу жандары түршігіп шошыды. Атом бомбасы жасайтын бүліншілік қиял өрген ертегі емес, Кеңес ғалымдарының ақыл-ойымен жобаланып, Кеңес өн-

дірісі, сонда еңбек ететін инженер-техниктердің, бесаспап мамандардың қолымен жасалған қарудың күш-қуатын көріп, жан-тәнімен сезді. Қуанбасқа, шаттанбасқа амалың бар ма?!..

1942 жылдың күзінде басталған зерттеу, жеті жылға созылған ұзақ ізденіспен атом өндірісін тыңнан құрып, мыңдаған мамандар мен кемеңгер ғылым иелерінің қажырлы еңбегімен мынадай сұрапыл жарылысқа қол жеткізді. Ең ғажабы, ұзақ әзірлік, көп жылғы бейнет қасқағым сәтте бұрқ етіп, жер-жаһанды тітіреткен жарылыспен аяқталды.

Комиссия мүшелері бірнеше уазиктерге мініп, сынақ алаңының кіндік ортасына келеді. Аспанға бой созған отыз метр болат мұнарадан қарыстай қада қалмапты, жым-жылас жоқ болған (Демек, миллион градусқа көтерілген жалын ондаған тонна құрыштан жасалған қарқасты қасқағым сәтте балқытқан). Мұнара іргесіндегі жер де суша ағып, қиыршық тастар сұйыққа айналып, сыпыра ортеңге айналған. Селеу мен бетеге қаулап өскен қайран жер қу тақырға айналып, қалыңдығы бір қарыс күйік қабат түзепті. Соны көрген лауазым иелері автомобильден жерге түспей, қатерлі аймақтан бес-он шақырым ұзап барып, әр жерде, жыралар мен бетон дзоттарға көмілген әскери қаруларды түгендейді. Бәрі де қаусап, кіндік мұнарадай тып-типыл жоғалмаса да ештеңеге жарамсыз металл сынығына айналған: тұмсығы екі жаққа қаратылып, шәлкем-шалыс қойылған ұшақтардың доңғалақтары аспанға қарап төңкеріліп, екеуі де ортан белінен қол арамен кескендей қарс айырылыпты; ауыр танктер де бір бүйіріне жантайып, шынжыр табандары аспанға қарап, кейбірінің башнялары жерге шаншылып қалған; ауыр зеңбіректер де қаңбақтай ұшқан, кейбірінің лафеттері орнынан қозғалмай, оқпаны ғана бірнеше метр жерге допша лақтырылған; жерге сұғына, құдды бір теңіз айдынында жүзіп келе жатқандай қалыпта шынжырланған болат кеме шөккен түйеге ұксап, астындағы шұңқырға кіре түсіп, бір бүйірінен шонқиыпты; әр жерге тізілген су жаңа он «Победа» автомобилінің бірде-бірі сау емес, сірә, бакка құйылған бензин өз-өзінен оталған тәрізді, түп-түгел өртеніп, қаңқалары әр жерде шашылып жатыр; темір жол мен автомобиль даңғылына салынған қос көпір де шегенделген орнынан 20-30 метрдей жерге көшіп, бір бүйіріне жантайған; көпір үстіне қойылған вагондар мен жүк машиналары, сірә, жел екпінімен жетпіс-сексен метрге жылжыған, өз доңғалағымен барған ба, біріне-бірі мінгесіп, металл үймесіне айналған; вагондар мен автомобильдердің үстіндегі қиыршық тастар жерге бей-берекет шашылған, бәрі де бір жағына қисая құлаған...

Жарылыс алаңынан 5-10 шақырым жерге, кейбірі одан да әрірек, бетон қалқалардың ығына байланған, енді бірі терен жыраларға түсірілген қой-ешкі, сиырлар мен шошқалар түп-түгел тырапай асқан. Жүні жидіген, терісі өртенген, көз жанарлары сөнген қалыпта сұлап жатыр. Ғажап жайт: осы манаттағы қазақ аулынан сатып алынған жалғыз атан түйе ғана тірі қалыпты. Тек жүні түсіп (әлде күйген), құдды бір ұстарамен қырылғандай тақыр терісі жидіген жануар өзіне жақындаған жан иелеріне мөліе қарап, тілін жалап, ақырын ғана боздапты (Офицерлердің бірі жануардың сол қиналысына жаны ашып,

атып тастауға рұқсат сұраған екен, бастықтардың бірі: «Бұл да тәжірибе үшін қойылған экспонат, биологтар қарап, акті жасағанша өлтіруге болмайды» – деп рұқсат етпеген. Ал, әскери биологтар түйенін тірі қалғанын сирек оқиғаға балап, экспериментті одан әрі жалғастыруды жөн көрген-мыс. Қысқасы, бейнетке жаратылысынан көмпіс жануардың жүні қайтадан шығып, бірақ мақтадай аппақ түске енген деседі). Сынақ алаңынан әрірек ұзаған әскери мамандар жол шетінде қанаты күйіп, бүрісіп отырған дала құстарын, жоны күйген, жанары сөнген түлкілер мен суырларды көреді. Бәр-бәрі әдеттегідей ешқайда қашпаған, табиғи сактығын «ұмытып», әр жерде шокиып отырған.

Эпикіндіктен әртүрлі қашыққа салынған тұрғын үйлер мен өндірістік ғимараттардың дені кәдімгі топырақ үймесіне айналған. Құрастырмалы қабырғалы үйлер де солардың жолын құшыпты. Жоғары кернеулі электробағандар да күшті толқынға төзе алмай, жел ығына қарай жантайған.

Дегеленге келгенде олар осы атыраптағы жалғыз таудың қойны-қонышы жаппай жанып жатқанын байқаған. Өртті сөндіруге бұйрық та сол кезде берілген.

Токетерін айтқанда, бірталай жерді шолған комиссия тәжірибе үшін қойылған қару-жарак, үйлердің, қоймалар, шеберханалар, кеме, ұшақтар, автомобильдер мен жүк көтергіш крандардың, көпір, темір жол вагондары мен тас төселген, асфальт жолдардың үзіктерін, тағы қаншама құрал-жабдықтардың түп-түгел істен шыққанын көреді. Сөйтіп, алғашқы бомба 40-50 шақырым төңіректегі жан-жануар атаулыны жаппай құртып, сол атырапқа жақындауға болмайтын қу тақыр етіп, жер-суды, ұшқан құс пен жүгірген аңдар тіршілігін жойғанын, інжіл мен құранда сипатталатын ақырзаманғы тозақты көргендей болады (Маршал Василевский дінғуар отбасынан шыққан, ол шіркеуге елеусіздеп катынап, құлшылық етуден айнымаған дінғуар жан болған деседі). Осыншама бүліншілікті жасаған жалғыз бомбаның қуаты небәрі 22 килотон екен. Бұл болса жапон қалаларына тасталған екі бомбаның қайсысынан болсын әлдеқайда артық қуат! Жарылыс маманы В. Жичухин «АҚШ баспасөзі солардың қуатын 20 кт. деп дабыралап көрсеткен, шындығында 13-15 кт шама-сында», – дейді).

Товарищу Сталину И.В.

Докладываем Вам товарищ Сталин, что усилиями большого коллектива советских ученых, конструкторов, инженеров, руководящих работников и рабочих нашей промышленности, в итоге 4-х летней напряженной работы, Ваше задание создать советскую атомную бомбу в ы п о л н е н о .

Создание атомной бомбы в нашей стране достигнуто благодаря Вашему повседневному заботе и помощи в решении этой задачи. Докладываем следующие предварительные данные о результатах испытания первого экземпляра атомной бомбы с зарядом плутония, сконструированной и изготовленной Первым Главным управлением при Совете Министров СССР: бомба обладала свойствами интенсивного теплового (зажигającego) воздей-

ствия на промышленные, военные и гражданские сооружения, полностью поражая огнем поддающиеся возгоранию объекты в радиусе 2-х километров (т. е. на площади 12 кв.километров или 1200 гектаров).

Полный отчет о результатах испытания будет представлен через 1-1,5 месяца.

Л. Берия, И. Курчатов.

Район испытаний (в 170 километрах западнее г. Семипалатинска)

30 августа 1949 г.

А. АНТОНОВ-ОВСЕЕНКО, «Лаврентий Берия» кітабынан үзінді:

*«Ең алғашқы атом бомбасының сынағы сәтті нәтижемен аяқталған соң ақ осы жұмысқа қатысқан ғалымдар мен инженерлерді үкімет марапатына ұсынуға тапсырма түскен. Бұл да оңай шаруа емес, өйткені, сол «бұйымды» жасауға мыңдаған адамдар қатысты. Кімнің қанша еңбек сіңіргенін нақтылау қажет... Алайда, сол мәселе Л.П. Берияның кабинетінде оң-оңай шешілген-мыс.*

*— Мен сол шаруаны ойлап бас қатырудамын. Өйткені, қаншама адамның жанқиярлық еңбегін марапатпен құрметпен әрі ешкімді ренжітпей әділ бағалау қажет дегенімде, Берия маған омырая қарап, сейфті ашып, екі-үш папканы алдыма қойды... — деп сыр шертіпті бертінде Курчатов кейбір серіктеріне. — Әлгі папкалардағы материалдарға үңілсем, құдай сақтасын, бәрімізге еншілеген «қара тізімді» көрдім және солар жүздеген адамға тәптіштеп жасалған. Мысалы, маған, Харитонға, Зельдовичке, Щелкинге, яғни басты мамандарға — ату жазасы, еңбегі мен қызметі бізден ілкі томендерге — 25, 15, 10 жылға бас еркінен айыру жобаланған. Яғни «бұйым» алда-жалда жарылыс бермесе — бәрімізге «үлестірілетін» сыбаға...*

*Не дерімді білмей қатты абыржып, Берияға қарадым.*

*— Неменеге омыраясың? — деп қарқылдады ол ешбір қымсынбастан. — «Бұйым» жарылды, жұлдыздарың жанды. Осы тізім бойынша бәрің де сый-сияпат аласыңдар...*

*Шынында да солай болды».*

Ордендер, медальдар, Мәскеу іргесінен меншігіне жайлау үйлер, автомобильдер мен ақшалай сыйлықтар, әртүрлі жеңілдіктер мен құрметті атақтар тежеусіз үлестірілген. И.В. Курчатов, Ю.Б. Харитон, Я.Б. Зельдович бастаған жетекші ғалымдарға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, К.И. Щелкин, П.М.Зернов сияқты бомбаны жасаған өндіріс жетекшілері мен жетекші мамандарды, осы зонадағы әскер командирлері, Л.П.Берия бастаған мәртебелі шенеуніктер де үкімет марапаттарын аста-төк алып, бірталай уақыт өздерін жер кіндігі сезініп, асқак сезімге бөленген. Бұл енді еңбегіне қарай төлемі дерлік жайт! Алсын, Отан қорғанысы үшін ұлан-ғайыр іс атқарған екен — қызығын көрсін!..

*«Алғашқы атом бомбасы» кітабында В.И. Жучихин КСРО Министрлер кеңесінің 1949 ж. 29 қазандағы қаулысының көшірмесін келтірген...*

«За успешное выполнение специального задания Правительства Совет Министров Союза ССР ПОСТАНОВЛЯЕТ:

...73.АЛЬТШУЛЕРА Льва Владимировича – кандидата физико-математических наук, ЛЕДЕНЕВА Бориса Николаевича – научного сотрудника, КРУПНИКОВА Константина Константиновича – научного сотрудника, ЖУЧИХИНА Виктора Ивановича – старшего инженера, КОРМЕРА Самиула Борисовича – научного сотрудника представить к награждению орденом Ленина; премировать суммой 125000 рублей, в том числе руководителя работ Альтшулера Л.В. суммой 45000, Леденева Б.Н., Крупникова К.К., Жучихина В.И. и Корнера С.Б. – по 20000 рублей, каждого. Присвоить Альтшулеру Л.В. Леденеву Б.И., Крупникову К.К., Жучихину В.И. и Кормеру С.Б. – звание лауреата Сталинской премии второй степени; Представить Альтшулеру Л.В., Леденеву Б.Н., Крупникову К.К., Жучихину В.И. и Кормеру С.Б., – право на обучение своих детей в любых учебных заведениях СССР за счет государства; право (пожизненно для них и их жен, и до совершеннолетия для их детей) на бесплатный проезд железнодорожным, водным и воздушным транспортом в пределах СССР.

Председатель Совета Министров Союза ССР И. Сталин».

Алғашқы атом сынағы туралы Кенес үкіметі ТАСС арқылы дүние жүзіне ресми хабар таратқанда АҚШ журналистері «Кенес Одағының кезекті өтірігі» десіп, кейбір басылымдарда сайқымазақ лақаптар жариялаған. Ен ғажобы, АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы (ЦРУ) сол қарсаңда президент Г.Трумэнге тапсырған кезекті есебінде келтірген басты дәлелі, яки «КСРО атом бомбасын 1953 жылға дейін сірәда жасай алмайды, өйткені, соны жасайтын өндірістің іргесі енді ғана қаланды...» – деген уәж атқан. Амал не, ЦРУ-да қателеседі, ақыл-ойы кемшін сарапшылар оларда да бар. Десек те АҚШ-тың аса сезімтал аспаптармен жабдықталған және құзар биікке ұшатын әскери ұшағы тамыз айының соңғы күндерінде КСРО-ның Азиялық атырабынан неше мәрте олай-былай ұшып өтіп, яғни Ертіс атырабындағы ауадан да үлгі алып, тапсырма берген ұжымға жеткізген (о күнде стратосфера қабатында емін-еркін сайрандаған шетел ұшағын тежейтін қару КСРО-да болмаған, ондай ұшақты атып түсіретін ұшқыр зымыранды кенес өндірісі 1960 жылдарда ғана жасаған). Сол ұшақтар әкелген үлгіде ядролық жарылыстар бөлетін радиоактивті бөлшектер ауада бықып жүргені анықталған...

АҚШ президенті Гарри Трумэн 1949 жылғы 23 қыркүйекте эфирге шығып, КСРО мамандарының ядролық қарудың аса күшті түрін сәтті жарып, Семей мен Павлодар қалаларының аралығындағы полигонда атомдық тұңғыш сынақ өткізгенін мойындап, өз елінің осы қаруды жеке дара иеленген монополиясы жойылғанын мәлімдеген.

РДС-2 аталған екінші бомбаны кенес мамандары 1951 жылғы 24 қыркүйекте Семей полигонның «Тәжірибе алаңында» сәтті сынаған. Соған жұмсалған элементтің салмағы американдықтар Жапонияға тастаған бомбалардан екі есе аз, қуаты үш есе артық. Сәтті жасалған сынақтар сол жылы екі рет қайталанған. Сірә, екі түрлі конструкция сыналған. Жә, солар қандай ділгерлік үшін жасалған? 1953 жылы төртінші бомба жарылған. Ал, атомдық сынақтар жыл бойы бес мәрте қайталанған (23 тамызда, 3 қыркүйекте, сол айдың 8 және 10 күндері; термоядролық сүтегі бомбасы – 12 тамызда).

Атомдық бомбаның бірнеше түріне ие болған КСРО-ның Қарулы күштер министрлігінің әйдік басшыларының сол қаруға сұранысы жыл сайын еселеп артқан. КПСС ОК-нің Саяси бюросы мен КСРО үкіметі (бұл болса Н.С.Хрущевтің бірегей көсем атанып, билікке ие болған мезгіл): «Атомдық жарылысты жиі-жиі дүңкілдетіп, жерді, ауаны ластап, сол атыраптағы қалың елді шошытып, айықпас дертке душар ету қажет пе, не үшін?» – деген сауалды үкімет басындағылар одан сірәда сұрамаған. Қайта үдете түскен. Неге?..

Л.В. Альтшулер «Литературная газетада» жариялаған сұхбатында Ю.Б. Харитонға осы мәселе туралы нақты сауалына: «Мен және озің сияқты физиктер өндіріс білгірлерімен тізе қоса еңбек етіп, атомдық бомбаларды көптеп, солардың әлденеше түрін ұтымды жасамасак – халықаралық ахуал өзгерер ме еді? Біздің әрекетіміз адамзат қауымына игі қызмет етуде. АҚШ билеушілері барлық елдің төбесінен әңгір таяқ ойнатып, ойынан келгенін істер еді. Қазір ше? Үкімет тапсырмасын біз дер кезінде әрі түрлендіріп орындағандықтан мамыражай тыныштықта өмір сүріп отырмыз», – деп өзі кәміл сенген ойын тарката жауап бергенін мысалға келтіреді. Көкейге қонымды пікір. Әйтсе де? Кеңестік атомист ғалым һәм бас конструктор сол іске тікелей қатысуын әлемдік текетірес тайталасына жатқызып, келешек қауым алдында өзінің осы әрекетін қайткен күнде актауды ойлағаны айқын. Шынында да сол жылдарда өмір сүрген кеңес азаматтарын атомдық эйфория желіктіріп, біздің еңбегімізді қостаумен бірге сол сынақтар жер-жаһанды мейілінше лаптағаны – сол күндердің күйкі шындығы... Дерекке жүгінелік: «Семей полигонының іске қосылғуы, оның сынақ алаңдарында ядролық жарылыстардың жиі де сәтті жасалғуы – кеңес халқының тарихындағы аса елеулі кезең...» – деген тұжырым айтылыпты «КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабының 57-бетінде. – Осы полигонда КСРО-ның ядролық жобасының ең басты ғылыми сынақтары жасалды. Ядролық қарудың алуан түрлері сыналып, Отан қорғанысын жоғары деңгейге көтерген пәрменді шаралар жүзеге асты. Нәтижесінде күш-қуатымыздың әлейлігін әлем халқына танытқаны – даусыз ақиқат. Әлбетте сол жайт ең алдымен кеңес халқы, оған қоса күллі адамзат қауымы атом қаупінен сескенбеуіне 1949 жылғы тамыз айындағы Кеңес Одағы жарған алғашқы атом бомбасының маңызы ерекше болғаны даусыз ақиқат...»

\* \* \*

1949 жылғы және содан кейінгі сынақтардың полигон төңірегіндегі халық пен табиғатқа залалы әлеумет, полигон қызметкерлеріне зәредей де әсер етпеген. Түсініксіз бейғамдық әлде аңғалдық? Мысалы, синоптиктердің 29 тамызға болжамы жарылыс үшін қолайлы еместігін Мемлекеттік комиссия мүшелері күн ілгері білсе де сынақ уақытын небәрі бір-ақ сағатқа шегіндірген. Біздіңше, нақ осы шешім полигон төңірегіндегі тұрғын халықтың сорын қайнатқан. Аспанды қорғасындай ауыр бұлттар торлап, ауа райы кенет суыды. Жел де әлей үдеп, ежелгі дағдысынан айнымай, теріскейден түстікке қарай



құтырына соққан. Комиссия мүшелерінің кейбірі – кемеңгер физиктер. Жарылыстан соң миллиондаған радиация бөлшегі, тағы қаншама зиянды заттар қасқағым сәтте аспанға көтеріліп, түстікке қарай жөңкілетінін нақты біледі.

Санырауқұлақ кейпіндегі шудаланған бұлттар мындаған есе күшейген ауа толқынына ілесіп, Қазақ даласының оңтүстік және батыс қиырына қарай жөңкілген. Сол бетінде олар Новопокров (Жанасемей), Абай, Абыралы, Шар, Жарма, Аягөз және Шұбартау аудандарының байтақ жерін басып өтіп (батыс шеті осы аудандармен іргелес Қарағанды облысының Қу, Қарқаралы аудандарының полигонға ұрымтал ауылдарын қосаметкей шалғаны бертінде анықталған), одан әрі Балқаш көліне ойысқан...

Соның бәрі де радиация бөлшектерімен мейілінше былғанған бұлттар. Сол пәлекет өлшенді ме? Жок! Әскерилерде соны анықтайтын құрал-жабдық та нақты болмаған. Андауымызша, алғашқы және одан кейінгі жарылыстардың ауыр зардабын ең алдымен сынақ алаңына ұрымтал орналасқан, Ертістің сол жағалауындағы біздің ел тартқан. Солардың бәрі де сыпыра қазақ ауылдары. Ал, Ертістің оң жағасындағы Долон елді мекеніне ертеңгілік сәтте жауған радиоактивті бөлшектер 200 рентгенді көрсетіпті (Сол шама бір тәуліктен соң 60 рентгенге төмендеп, келесі аптада қайтадан 100-ге көтеріліп, қыркүйек айының аяғында 130, жыл бойынша ортақ көрсеткіш 160 рентген болған). Демек мекен-жайын, мал өрісін күні-түні тұмшалаған радиация шоғырынан долондықтар жыл бойы құтылмаған. Ең ғажабы, сол бейшараларға дәрігерлік көмек те көрсетілмеген. «Сынақ таза өтті. Ешкім одан, жер-жаһан да зиян шеккен жоқ...», – деген бопса жолды болған...

Мүтән АЙМАКОВ, «Көргендерім» кітабынан (49-57 бб.):

*«1949 жылдың жазында мен Қоныстан колхозындағы бастауыш мектепке мұғалім болуға Абыралы ауданының оқу бөлімінен бұйрық алғамын. Оқу жылын бірақ уақытында бастай алмадым. Өйткені, тамыздың 28-күнінен бастап, колхоз орталығына әскери адамдар келіп, ауыл-аймақты, маңайдағы қыстақтарды күзетте ұстады. 29 тамыздағы таңғы алтыда солдаттар күллі ауыл адамдарын үйлерінен аулаға шығарды. Айтқан уәжі: «Салден соң бір жағдай болады. Етпеттеп жерге жатыңдар. Көздеріңді ашпаңдар, бастарыңды көтермеңдер! Сөйтпесеңдер – өмірлеріңе қауіп!..» – деген соң, амал қанша, айтқандарын істедік. Менің орышам көп-көрім және сол ауылдағы оқыған естияр азаматпын. Солдаттарға көмектестім. Әлқисса содан сағат жеті шамасында жер астынан шыққандай күркіреген зор гуіл естілді. Іле табан астымыз шайқалды. О кезде қайбір бекемдеп салған үй бар? Шикі кесектен салынған жатаған үйлердің Ертіс жақтағы қабырғасы сөгіліп құлай бастады. Салдыр-гүлдір етіп терезе шынылары сынды (Сонда ғана үш жылдан бері өзімізді төңіректен жүрген әскерилердің сыры мәлім болды. Солар жасаған атомдық сынақтың алғашқы құрбаны болғанымызды, рас, төрт жылдан кейін білдік).*

*«Бисмилләһи» іштен күбірлеп, қора-жайдан аулақта жер құшып жатырмыз. Ешқайда қарамаңдар десе де әуесқойлық жеңіп, бетімді алақаныммен көлегейлеп,*

аспанға ұрлана сығаладым. Қарақошқыл бұлт шоғыры күннің көзін түгел жауыпты, сол сәтте түнерген көк күреңітіп, сәл-пәл қызарғандай болды. О, тоба! Қалтағы үлкен, сабағы жуан саңырауқұлаққа ұқсаған қарақошқыл бұлт шудаланып, ұйпаланып, жан біткендей ыбыр-жыбыр қозғалып тұр. Әлден соң сол пәлекет жан-жаққа жайыла бастады. Шайқайнатым уақыт өтті ме, білмеймін, шоғыр бұлттың біразы Дегелеңнен бері асып, біздің үстімізге төнді. Ауыл иттері күншығысқа қарап үли бастады. Сиырлар өкірді, түйелер боздады. Сөйткенде ботасын іздеген іңгендей емес, әлденеге шағынғандай біржосын зарлы үн шығарады. Кейбір сиырлар күл үйілген төбешікке шығып жер тарпыды. Жылқы атаулы өрісті тастап, қотанға шауып келіп, әлденеден үріккендей ауылдың ортасына тұрақтап, жаппай шұрқырасын. Сол жануарлардың бір сұмдықты сезгені анық. Әлде жан иесі деп бізден көмек күтті ме?..



Мутан Аймақов



Академик Ғалым Мутанов

Бертінде білдік: біздің ауыл, Тайлан мен Саржал елді мекендері, Бөрлі маңатындағы ауылдар сол күні 160 рентген мөлшерінде радиоактивті заттармен дем алыпты. Бұл енді әскерилердің өлшемі. Шындығында одан да көбірек уланған сияқтымыз. Соның жауабын енді кімнен сұраймыз? «Жау кеткен соң қылышыңды күресіңге шап...» – дейтін жағдай...»

Сейілхан БАЛТАБАЕВТЫҢ естелігінен үзінді (колжазба, 3-4 бб.):

«1949 жылдың тамыз айының соңғы аптасы. Киров колхозындағы мектепке бармақ болып, күн шыға тұрып, киініп жатқанымда, біздің ауылды күзетуге келген солдаттар бәрімізді сыртқа шығарды. Сөйткенше болған жоқ, әлдекім сіріңке жаққандай болып, әлдене жарқ ете қалды да төңірек қараңғыланып, іле қайта ашылды. Кенет табан астымыздағы жер солқ етті. Бұл не пәлекет деп аңырып тұрғанымызда қара дауыл соқты. Мен құралыптас бүлдіршіндер жерге мұрттай ұштық. Ширек сағаттан соң Разведка орныққан жердің күнбатыс тұсынан шоғырланған әрі ұйпаланған қара бұлт аспанға котерілді. Төменгі жағы қып-қызыл от...»

*Біз сол күні және одан кейін де Балапан бұйратында қаннен-қаперсіз отырып, атомдық жарылыстар таратқан зиянды заттардың астында өмір сүрдік. Рас, жарылыс жасардың алдында Разведканың жұмысшылары мен үй-ішін Семей қаласының төңірегіне көшіріп, бірер аптадан кейін қайтадан әкеліп тастайды. Автомобильдер әскердікі, пәлендей шығынымыз бөлмеген соң үндемейміз. 1949 жылдан кейін де алғашқыдай бірнеше сынақты бастан өткіздік. Біздің үй көбіне «Қарабас» тұзды көлінің жағасына көшетін-ді. Өйткені, сол жердің жайылым оты жақсы, мал тез семіреді. Балапандағы жұртымызға аман-есен қайтып келгенімізге мәзбіз. Уланған, радиация күлі мол түскен залалды жерге оралғанымызды әрине білгеміз жоқ. Көмір ошағын зерттейтін ГРП сол жердегі ізденісті 1953 жылы біржолата тоқтатты. Әрине, әскерилердің әмірімен. Барлаушы ұжымның бір тобы Ертіс жағасындағы Павлодар облысының Май ауданындағы Тасқайнатқан деген жерден әктасын алатын кенішке көшті. Біздің үй де барған-ды, ауыз суға жарымаған соң, келесі жылы Шар ауданына қоныс аудардық. Полигон тарсылынан құтылды деп ойлағанбыз. Сөйтсек, 1949-1953 жылдар аралығында Балапанда отырғанымыз текке өтпеді (бұл енді «Тәжірибе алаңына» ұрымтал, небәрі отыз шақырымдай жер, бертінде нақ сол алаңда әскерилер жер астында жүзден аса жарылыс жасаған — М. С.). Айналасы он жылда біздің отбасымыздан төрт адам — аққан ауруынан әке-шешем, үлкен апам Назгүл мен қарындасым Рысты өлім құшты. Осы жолдарды жазып отырғанымда мен 77 жасты еңсердім. Соған да тәубе деймін, тағдырдың жазуы деп шүкірлік айтамын...»*

Дүйсенбай ҚОШҚАРБЕКОВ, «Мен көрген полигон кеселі» («Семей таны», 26.07.2011):

*«Менің әкем Жұмабайұлы Қошқарбек Абыралы ауданына қарасты Жданов атындағы колхоздың Келдібай қыстағындағы бір табын сиырды бағып әрі сол ферманың бастығы болды. Жаз шыға қыстақта бір адам қалмайды, жер отын көтеру үшін алысырақ жерге жайлауға шығамыз. 1949 жылдың күзіне қарай теріскей жонға көшіп, Дегелең тауына ұрымтал Мырзеке бұлағына қондық. Тамыздың аяқ шені. Бірде шаңқ етіп жарылған бір нәрсенің дауысы шықты, Дегелең тауының бергі беті қып-қызыл от болып жанып, соның үстіне бұйраланған қара бұлт шықты. Біз бұл не пәлекет деп қызықтап тұрғанымызда, кейбір балалар «Ойбай, көзім күйіп барады» деп зар қағып, жерге отыра кетті. Мен көзімді қолыммен колегейлеп, бұлт тұмшалаған Дегелеңге қарадым. Жаңағы бұлт тарқамай жатып, соның кіндік ортасынан тап сондай екінші бұлт шығып, іле жоғарыға өрледі. Ал, тау бетіндегі қызыл от сәл бәсеңдегендей болды.*

*Содан ауылға келсек, үлкендер де Аллаға сиынып, есік алдында ербиіп тұр. Біз отырған жұрттан Дегелеңнің Әулие асуы жиырма шақырымдай жерде. Кейіннен білдім: бізден алпыс-жетпіс шақырым Қайнардағы жұрт тау басындағы от пен қызылқоңыр бұлтты кормеген, аспанға тік шаншыла көтерілген саңырауқұлақты ғана байқапты. Шаңқ еткен дүңкілді де естіген. Көкжиекте бұрқсарқ шудаланған бұлтты қызықтаған балалардың сол күні тамаққа тәбеті болмай ауырғаны анық...»*

Өкінішті ахуалды қайталауға мәжбүрмін: сынақ алаңына 30-40 шақырым жердегі казак ауылдары алғашқы жарылыста ешқайда көшірілмеген; жер-жаһанды уландырған радиация тозаңын сол шерменделер ауадан да, жерден де жұтқан; ластанған жер-суды тазарту жұмыстары мүлдем жүрмеген. Таңғаларлық бейғамдық, әлде жарылыстың әсерін тексеру үшін жергілікті халыққа жасалған эксперимент?.. Зардап шеккендерден бізге мәлімі – Знаменка, Чайков, Шынжы ауылы, Балапандағы кеншілердің Разведка қосыны, Саржал, Қарашілік, Қайнарелді мекендері. Шамалауымызша, Қарауыл кентінің, Шыңғыстау атырабындағы ауылдардың тұрғындары алғашқы жарылыс қана емес, одан кейінгі сынақтарда ауа арқылы тараған шаң-тозаң мен радиация бөлшектерін мейілінше жұтумен күн кешкен. Әлбетте көп уақытқа дейін қандай қатерді бағынан кешіп отырғанын сезбеген...



*Алғашқы атомдық жарылыс түзген саңырауқұлақ*





## ТӨРТІНШІ ТАРАУ МАМЫРА-ЖАЙ ЖАЗ ЕДІ

**Т**резидент Гарри Трумэн ядролық жарағы, ұшактары мен теңіз флотының әл-қуаты жөнінен алып мемлекеттерден көш кейін қалған, экономикасы төмен деген Кеңес Одағы кенет өздерімен иық теңестіргенін көрсетті.

АҚШ-тың билеуші тобы осы жайтты ескеріп, адамзат қауымына 1590 жылдық қасірет дертімен зақымдайтын ядролық бомбаларды жасау мен сынау жарысын доғарып, сол қаруды әзірлеуді тоқтатайық дегені жөн еді. Амал қанша, Оппенгеймер, Сцилард, Ферми сияқты кемеңгер физиктер сол жайтты сан мәрте қайталап, зерттеуден үзілді-кесілді бае тартқанымен Эдвард Теллер (түп негізі венгерлік мадияр) бастаған бір топ ғалым-физиктер 1950 жылы: «Кеңес Одағын бұрынғыдан да күшті қарумен түншықтырамыз. Бізге шектеусіз қаржымен көмек берсеңіздер...» — деген<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Э.Теллер 1990 жылғы Алматы конференциясында 1950 жылғы жеңдеттік ойының қате екенін мойындап, ядролық қарудан мүлдем бае тарту қажеттігін ұсынды. Тек сол мәлімдемесін ешқандай нақты әрекетпен әзірше бекіткен жоқ.

шіркіндерге жеңімпаздық рухы титтей де өзгермеген генералдар Гровс, Стимсон сияқты әскерилер ерекше қолдау көрсеткен. Нәтижесінде Гарри Трумэн 1950 жылдың 31 қаңтарында радиодан сөйлеген сөзінде АҚШ үкіметінің сутегі бомбасын жасауға қаржы бөлетінін мәлімдеген. Президент сол шешімін жариялаған қарсаңда «Атом энергиясын пайдалану жөніндегі» комиссия мүшелері арасында қызу айтыс өрбіген. Осы комиссияның ғылыми комитетінің жетекшісі Роберт Оппенгеймер ресми мәлімдеме жасап, президент шешіміне қарсы екенін, ядролық жойқын қаруды жетілдіруді сірәда қолдамайтынын мәлімдеп, өз ойын нақты айғақтармен дәлелдеген: термоядролық бомбаны жасау – өте-өте күрделі жұмыс; жаңа бомбаның негізгі компоненті – сутегінің бета-белсенділікке ие тритий, ол болса – сирек түзілетін және қымбатқа түсетін изотоп, оған қоса сутегі бомбасының салмағы мен көлемі ерекше зораяды, оны алысқа тасымалдайтын ұшақ әзірше ешбір елде жоқ, ең шатағы, ғылым жаңалығын соғыс мақсатына пайдаланғаны үшін АҚШ үкіметінің адами-моральдық жауапкершілігі жұрт талқысына салып, осы жобаны қолдаушыларды қатаң жазалау турасында мәселе көтеретінін мәлімдеген.

Амал не, АҚШ-тың әскери қолбасшылары даңқұмар Трумэнді өз дегендеріне көндірген: сол тартыста көзір еткен желеу не десеніз – Лос-Аламоса зерттеу жүргізген физиктерден 1943 жылы өрбіп, сол кезде-ақ «Сутегі бомбасы» аталған жойқын қаруды тездетіп жасап, қолданысқа шығару... Яки сол қаруда тізбекті реакция тұтанғанда ондаған миллион градус қызу пайда болады; демек бомба жарылған сәтте аса жеңіл атомдар сутегі изотопын түзеп, іле-шала гелий атомына айналады-мыс... Күн эпикіндігінің қызуы 20 миллион градус. Осы құбылыс Жерді жылытатын, жарық нұрын шашатын Күн планетасында миллиондаған жылдар бойы үздіксіз жүреді. Демек термоядролық реакция аталған құбылысты ғылым иелері қолдан жасап, одан әрі сутегіге ілескен жеңіл элементтерді синтездеп, бомбаның бүлдіргіш қуатын әлденеше есе молайтуға болады-мыс...

Байқайсыз ба, мүлдем қарапайым тұжырым, сол қуатты тек арнайы қорапта ұстап, қажет сәтте тұтандыра біл! Амал не, осы идея 1950 жылы қайта өрбіп, Кенес Одағын ядролық қару бәсекесінде алға шығармаудың бірден-бір амалы осы... деген Эдвард Теллердің басшылығымен АҚШ өндірісі сутегі бомбасын жасауға жедеғабыл кіріскен.

1952 жылғы қараша айында американдықтар жасаған тұңғыш сутегі бомбасы Тынық мұхиттың Эневиток атоллосында сыналған (Атолла сөзі – аумағы аз, айналасын мұхит қоршаған құрлықтарға тән атау). Сынақ сәтті аяқталған. Жарылыстан түзілген радиациялық тозаң қанша жерді бүлдіргені, жер шарын шарлап, ауа мен суды ластағаны туралы дерек АҚШ зерттеушілеріне мәлім болса да, әлем халқына жарияланбаған<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> АҚШ физиктері 1952 жылы бастап, Тынық мұхиттың Маршалл аралдары тобына жататын Эневиток, Бикини, Ронгелап атоллосында 1989 жылға дейін 900-ден астам атомдық және термоядролық сынақтар жасаған. Бикини атоллосында 1954 жылғы 1 наурызда сыналған сутегі бомбасының қуаты 14,8 мегатонна. Атолланың 267 байырғы тұрғыны (үнділер тобына жата-

Сонымен АҚШ атомистерінің қайткен күнде үстем болу пиғылынан өрбіген қаскүнемдік қаракет жолды болды. Алайда? Американың кеудемсоқ генералдары 1952 жылғы 3 қазанда зор өкінішпен бастарын шайқап, жер тепкілеуіне тура келген: Австралия құрлығының батыс жағалауындағы Монтебелло шөлінде Англия физиктері атом бомбасын жарған; демек, жойқын қаруға әлемнің үшінші мемлекеті ие болған...

Ұлыбритания физиктері Оңтүстік Австралияның шөлдаласында және Полинезия аралдарында содан беріде елу шақты ядролық сынақтар жасаған. Нәтижесінде сол манаттағы тұрғындар мен ағылшын мамандарының жиырма мыңдай адамы аса жоғары деңгейде радиация сәулесімен зақымданған. Сынаққа ұрымтал аймақ плутоний және басқадай да радионуклидтерімен былғанған. Адамзаттың ортақ мекеніне жасалған сол қастандық әлем халықтары тарапынан айтарлықтай ашу-ыза туғызғандықтан ағылшын зерттеушілері Австралия құрлығындағы сынақты тоқтатуға мәжбүр болған...

Ядролық қаруды жедеғабыл иеленген төртінші ел – Франция. Олар да атомдық сынақты Тынық мұхиттағы Муруро аттолласында жасаған, артық-кемі жоқ 180 мәрте! Қанша жерді бүлдіріп, қаншама жергілікті тұрғындары науатқа ұшыратқаны жайында ешқандай дерек жарияланбаған.

1964 жылдан беріде атомдық сынақтар жасауға Қытай Халық республикасы да кірісті. Ең соңғы, 34-сынақты қытай ғалымдары 1990 жылғы 18 тамызда сынаған. Ерекше үнеммен және сирек жасауына қарағанда Қытай физиктері сол сынақтарға ерекше жауапкершілік байқатқан. Десек те?.. Қытайдың атом полигоны Синьцзян-Ұйғыр ауданының жерінде, Алматыдан небәрі бір мың шақырымдай аймақта. Демек, тәжірибе кезінде шартарапқа өрбіген радиация бөлшектері Шығыс Түркістанды басып өтіп, біздің елдің Үржар, Аягөз, Тарбағатай, Ақсуат және Зайсан аудандарына, Алматы облысының Жаркент аймағындағы тұрғын халық үшін ерекше қатерлі екендігі – даусыз шындық. Тек жел бағыты бері қарай аумасын делік!..

XXI ғасырдың басында атомдық қаруды жасауға Индия мен Пәкістан елдері де кірісті. «Ғаламат қаруға иеміз, кез келген империалистің быт-шытын шығарамыз!» деп, Солтүстік Кореяның жасан билеушісі де әредік даңғазасы мол мәлімдеме жасайды. Ядролық қаруды иеленуге ғылыми деңгейі едәуір жоғары Иран елінің де мүмкіндігі бар...

---

тын нәсіл) 200 радий мөлшерінде радиация алған. Екінші күні осы аралға қорғаныш комбизон киген, бас-аяғы тұмшаулы әскерилер десанты түсіп, жергілікті үнділерді жаппай тексеріп, құдықтар мен топырақтан үлгі алып, ізінше тайып тұрған. Арал тұрғындарына ешқандай жәрдем көрсетпеген. Бикиниді 150 шақырым және одан 280 км. қашықтағы атолланы да жүрдім-бардым тексеріп, зиянды сәуле деңгейі 140-150 радий екенін анықтап, іле-шала аттанған.

Тағылықпен парапар осы рақымсыздықты білген журналистер дереу шу көтеріп, әскерилердің қылмысын дүние жүзіне әйгіледі. Америка жұртшылығы бейкүнә аборигендер мүддесін қорғап даңғазға көтеріпті. АҚШ үкіметі осы ланды басу үшін зақымданған атоллалардағы үнділерді басқа жерге көшіріп, бүлінген шаруашылықтары үшін де қыруар ақша төлеген. Содан беріде елсіз аймаққа айналған атоллалар 47 жыл бойы атомдық және термоядролық сынақ алаңы болған. Невада аймағындағы сынақ алаңын американдықтар жер астындағы жарылысқа ғана пайдаланған.



Сонымен 9 елді атадық. Тежеу болмаса олардың қарамы әлі де көбейеді. Қысқасы, атомдық даңғазаның аяғы немен тынары беймәлім. Гитлер сияқты ақыл-есі әнгүдік жарыместен құдай сақтасын демеске шарамыз жоқ!..

1945 жылдың жазында атом бомбасын жасаушы ғалым-физиктердің Гарри Трумэнге жолдаған меморандум хатында: «Атомдық жарылыс жер-жерді шарлап, көптеген мемлекеттердің бәсеке ісіне айналып, адамзат қауымын мың жылдық қатерге жолықтырады. Сол қасірет жер жаһанға тарамай тұрғанда, тоқталық, АҚШ бұл істе басқаларға өнеге көрсетуге тиіс...» – деген көреген ой қолмен қойғандай келді. Демек, сол қатерді шоқпар етушілерді жүгендеп ұстау – адамзат қауымының ізгі міндеті болып мойнына артылды. Атомдық, термоядролық қаруларды жаппай жасатпауға дәрменсіздік аңғарттық, соларды енді қолданбауға шамамыз жете ме?

Иншалла жетер деген сенімдемін...

\* \* \*

1953 жылдың 5-тамызы. Мәскеу. «Күн-көсем» атанған И. Сталиннің дара билігі үзілгеніне бесінші ай. КСРО Жоғары Кеңесі сессиясында баяндама жасаушы, үкімет төрағасы Г.М. Маленковтың сөзіне күллі кеңес халқының ын-тасы ауған айтулы мезет. Өйтетін себебі үкімет құрамы жанарып, бірегей билеуші лауазымын қолына алған Георгий Максимилианович ел тірлігіне тын өзгерістер туғызады деген үміт жұртты елендеткен шак. Ал, шешімін таппай қордаланған мәселелер аз емес. Солардың бастысы – Кеңес елін жаппай жайлаған кедейшілік пен жетімсіздік. Әсіресе азық-түлік тапшылығы, халық тұтынатын киім-кешек, әртүрлі заттарға жұтаңдық. Тұрғын үйге ділгерлік үзілер шекке тақаған; әлденеше отбасы тапал барактарға, бір ас үй, бір туалетке қамалған таршылықта тұрады; тұрмыстық тауарлар шығаратын өндіріс те көтерем халде...

Шынында да Г.М. Маленковтың тамыз сессиясында ауыр жағдайды өзі ашып, еңбекші халықтың тұрмыс халін таяу жылдарда оналту шараларын ұсынуы жұрт көңілінде ертенгі өмірге үміт сәулесін туғызды. Үкімет басшысы ел тірлігін оналтар өзгерістердің кейбірін жедеғабыл енгізуді ұсынды: әрбір колхозшыға қомақты жер телімдерін беріп, меншігінде мал ұстауға рұқсат ету; солардан жиылатын салықты күрт азайту; колхоз мүшесіне еңбеккүн есептеуге тыйым салып, атқарған еңбегіне орай ақы төлеуге көшу; ауылшаруашылық өнімдерін сатып алатын бағаны ілкі көтеріп; соғыс жылдарында уақытша енгізіліп, міндетті «салыққа» айналған бір, иә біржарым айлық еңбекке мөлшерінде жиналатын мемлекеттік облигацияны зорлықпен таратуға тыйым салу; осы уақытқа дейін жолды болған амал – мемлекет қаржысын ауыр өндіріске аста-төк беруді кемітіп, соның қомақты бөлегін тұтыну мен тұрмыс қажетін өтеу саласына бөліп, халыққа керек тауарларды жедеғабыл көбейту...

Баяндамасының соңында Георгий Максимилианович тағы бір зор жаңалықты санқылдаған үнмен жария еткен: «Депутат жолдастар, КСРО-ның

қорғаныс қабілеті қазірде бұрынғыдан да күшейіп, аса қуатты қарулармен толығуда. Кеңес әскерлерінің жарағында өзіміздің ғалымдар ойлап тапқан сутегі бөмбасы және одан да өзге жаңа қарулар бар!..» — дегенде залдағы жұрт тағы да қол соғып, үкімет басшысына орнынан тұрып қошамет білдірген. КСРО-ның күш-қуатын әлем халқына дабырайта әйгілеуді мақсат еткен саяси мәлімдеме екендігі сөзсіз. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан беріде ерекше күшейген тайталаста — бетке ұстар басты көзір де осы. «Капиталистік елдер бізбен бірге өмір сүрін өтырғанда, КСРО-ға және оған сенім артқан социалистік мемлекеттердің халқы соғысқұмарлар жүргізген әлімжеттік саясат ешқашанда өзгермейтінін есінен шығармауға тиіс; үшінші дүниежүзілік соғыс ерте ме, кеш пе тұтқиылдан өрбиді. Олай болса Кеңес Одағы әскери күштерін қысқартып, қару-жарағын әлсірете алмайды...» — деген И.В. Сталиннің өздеріне өсиет еткен қағидасы өзгермейді, біз үшін, қымбатты жолдастар, бұл — басты нұсқа!..»

«Маленковтың тамыз сессиясындағы баяндамасын біз полигондағы мейманхананың жарығы әлсіз дәлізінде отырып ынтыға тыңдадық. «Бұйым» мұнараның басына әлі шығарылған жоқ, жарылар-жарылмасы — екіталай іс. Рас, уақыт — Қазақстан даласының қиырын әрлі-берлі шиырлаған жүздеген әскери автомобильдер полигон төңірегіндегі тұрғын халықты оңтүстік қиырға көшіруге кіріскен беймаза мезгіл еді... — депті А. Сахаров «Естеліктер» кітабының 177-бетінде. — Үкімет басшысының ел қамын жан-жақты дйттеген ұсыныстары бізді әр алуан сезімге бөледі. Сөйтсе де көшбасшы қайраткердің тосын мәлімдемесіне аң-таң болып, аса елікпей, оны енді жарылыстың сәті біледі деген дүдәмал түйсікке жорыдық. Десек те кері шегінуге болмайтын ақырғы межеге жеткенімізді білетінбіз.

А.Д. САХАРОВ, «Естеліктер», «1953 жыл» тарауы, 173-176 бб.:

«1953 жылдың шілде айында... сынақ алаңына ұжым жетекшісі Ю.Б. Харитонның дербес вагонымен баратын болдық. Академиктер М.В.Келдыш, М.А. Лаврентьев және В.А. Давиденко да — сол вагонда. (...) Жол ұзақ, бес-алты тәулік изеңдеп, бір күні ертеңгілікте Новосібір қаласына жеттік. Вагонды қосалқы жолға қойғызған соң Сібір төрінде ірге тепкен қаланы бірнеше сағат аралап, жуан бөренелерден әскездеп қиылған ескі үйлерді тамашалап, одан кейін оңтүстіктен теріскейге қарай аққан Обь өзенінің жағажайына барып суға шомылдық. Ұзақ жолдың азабы біршама ұмытылғандай болды. Одан әрі Түріксіб жолына түсеміз. Онымен де жарым тәулік жүрдік. Семейге келген соң бізді күтіп тұрған Як-15 ұшағына отырып, небәрі 20-30 метрдей биікке көтеріліп, электр жүйесі тартылған бағандарды жағалап теріскейге ұштық. Ұшы-қиырсыз жазық даланы тұңғыш көруім, жадыраған жаз айында көкжасыл реңге бөленген Ертіс айдынына да қызыға қарағаным есімде. Жерге жабыса жайылған қой отарлары мен сиыр табыны — қала адамы үшін таңғаларлық көрініс. Жолшыбай бірнеше көл үстінен өттік, солардың жарқыраған жалтыр бетінен тағы үйректердің топ-топ болып ұшқанын көру мені алуан ойға бөлеп, сүйсінуден гөрі көңілімде қамығу туғызды. Өйткені, солардың бәрі күні ертең жаппай қырылатынын біліп отырмын...

*Полигонға келген күні-ақ бәрімізді қатты абыржытқан төтенше оқиғаға тап болдық. Жаңа «бұйым» аспанда емес, жер бетінде жарылуға тиіс, сынақ алаңына тұрғызылған болат мұнараның басына орнатылмақ. Мұндай жарылыста радиоактивті тозаңдар аспан кеңістігінен гәрі жер бетіне көбірек тарап, айрықша «із» қалдырады. Содан туатын ұсақ бөлшектер полигон алаңын ғана емес, одан тысқары аймақты да зақымдап, мыңдаған адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретіні жайында ешкім ойланбапты. Кінә бізден. «Бұйымды» тезірек жасаумен әбігерленіп жүріп, шатақ қатерге мән бермегенбіз. Жергілікті өкімет әскерилердің талабымен алаңға ұрымтал бірнеше колхозды байырғы мекендерінен көшіріп, жарылыс тарайтын жерді 120 км-ге қосымша кеңейткен. Бізге сол шара жеткіліксіз сияқтан-ды. Маңайдағы жұрт қатер туралы ештеңе білмейді, бәрі де қарапайым тірліктегі Кеңес адамдары. Жан-жануар дүниесі де – біздің иен байлығымыз. Біздің қателігімізді ғылыми жетекшіміз Ю. Зельдовичтің бұрынғы қызметкері, ғалым-физик Виктор Юлианович Гаврилов көрсетті. Сол кезде ол Бас басқармада істейтін-ді.*

*Зона бастықтары осы қатерді естігенде ерекше абыржыды. Әскери соттың қатаң үкімімен бұрынғы «қамқоршымыз» Л.П. Берияның көзі жойылған соң ПГУ-дың, яки Бірінші Бас басқарманың жетекшісі болып әрі КСРО Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары міндетін атқаруға В.А.Малышев тағайындалған. Вячеслав Александрович лауазымы жоғары бастықтарға тән мысқылды емеуірінмен: «Міне, көрдің бе, сынаққа әзірлікті мұрнымыздан шаншыла тап-тұйнақ аяқтап, бәрі де тамаша болады деп қуанып отырғанымызда, Гаврилов келді де быт-шытымызды шығарды...» – деп қынжылсын. Бастығымыз ренжігенімен Гавриловтың төтенше ескертуін елемеуге дәтіміз жетпеді, дереу тексерме есепке отырдық. Сөйтіп, ұйқы есебінен бірнеше тәулік жініге жұмыс істедік. Бізде американдықтардың «Қара кітабы» барды. Әлбетте ол дүкендерге түскен жоқ, ядро физикасын зерттеушілер үшін шағын таралыммен шығарылған. Соның әр беті атом бомбасының құрбаны болудан сақтандырып, ал алдын-ала қорғанбасаң – күлің көкке ұшатынын ескертуімен-ақ қу жаныңды түршіктіретін еді. Мойындау лазым: сол кітап әжетімізге асты...».*

*«Жарылыстан өрбитін «іздің» немене екенін түсіндірейін, – лепті Сахаров. – Жер бетінде немесе оған жақын биікте жасалған жарылыстан пайда болған от құйыны таяу жердің топырағын тонналап суырып, соны уран мен плутоний ядролары бөлген неше миллион радиоактивті ұсақ бөлшектермен мимырт араластырып, ең шатағы, топырақ пен киыршық құмдар әп-сәтте балкып, суша толкып, радиоактивті заттарды бойына сіңіреді. Өйткені, сол процесс миллион градууста жүреді. Сынақтан түзілген радиоактивті бұлттың қызуы жер бетіндегі ауадан жүздеген есе артық болғандықтан әп-сәтте аспанға көтеріледі. Көтерілген сайын биіктегі ауамен араласып, көлемі де мыңдаған есе зорайып (дүйім жұрттың санырауқұлақ дейтіні – осы), жан-жақтан гүілдеген жел мен ауа қабаттарының әсерімен стратосфераға жетіп, жан-жаққа тарайды. Жанбыр буына кезіксе – мүлдем шатақ. Ылғалға ілескен шан-тозаң, құм киыршықтары, әуелі ірірек бөлшектері, сонынан ұсақ түйірлері жер бетіне қайта түседі. Сөйтіп, қайран жер радиоактивті бөлшектермен мейлінше зақымданады. Менің «із» деп маймөңкелеп отырғаным – осы, адам ба-*

дасын, қайран жерді де жүздеген жылдарға жаралап, жан-жануарлар дүниесін тұқымымен құртатын заттардың жиынтық нөпірі (Даралаушы мен – М. С.)

«Іздін» қауымға қатері жарылыс кезінде бөлінетін қызу мен дүмпу сокқысынан әлдеқайда зиянды. Жарылыста бір қаланың орталығы, бес-он шақырым айналасы әп-сәтте бүлінсе, «із» таратқан зақымданудан ондаған, жүздеген шақырым зор алқап өмір сүруге жарамсыз болып, көп жылға зақымданады. Оның қайда түсерін, қанша аймаққа тарайтынын болжау қиын, тентек жел ғана біледі. Жарылыстан соң сынақ алаңында құйындар түзілуі – табиғи құбылыс. Радиоактивті заттар қаншама территорияны бүлдіріп, сонда тұратын адамдарды түрлі ауыруға, көбіне «сәуле» дертіне душар етіп, генетика заңы бойынша, жыныс безі арқылы тұқым қуалайтыны бертінде анықталды. Сынаққа дейін біз бұл жайттарды білмедік. Қазірде мен осыншама дүлей болғанымызға таң қаламын, көп жайтты өкінішпен еске аламын, амал не?» – деген де өкініш білдіреді сутегі бомбасын жасаушы ғалым.

«Сонымен, сынақ ойдағыдай іске асқанда тұатын сұмдық қатерді бастықтарға мәлімдедік. Біздің болжауымызша, полигон атырабында кем дегенде 200 рентген шамасы радиоактивті тозан түзіледі (100 рентген тозан жас балаларды зақымдап, кейбір ауырушаң һәм әлсіз жандарды айықпас дертке душар ететіні – анықталған аксиома. Ал егер жарылыстан кейін әлдебір елді мекенде 600 рентген түзілсе – дені сау ересек халықтың 50 пайызы бірден ажал құшып, тірі қалғандары жаппай мүгедек болатынын ескерттік). Қысқасы, 200 рентген мөлшерінде зақымданатын аймақты картадан көрсетіп, қатерлі шепте орналасқан ауыл-селолар тұрғындарын түгел көшірмей – термоядролық сынақты жасауға болмайды дедік...

Осы тұжырымды өз бастығымыз Курчатов пен Малышевке мойындатып, сол жайтты штабта отырған КСРО-ның Қарулы күштер министрі, Кеңес Одағының маршалы Василевский мен оның орынбасары маршал Жуковке де ескерттік. Екеуі де бізге одырая қарады. Тығырықтан шығатын екі жол барын да айттық: бірінші, жер бетіндегі сынақтан бастарту; екінші жол – «бұйымды» ұшақпен көтеріп, аспанда жару. «Бұйымның» бүлдіру қуаты сөйткенде әлденеше есе кемиді...

Ақырында екі амалдың оңтайлысына қосымша бір жыл уақыт керек дедік... таңдау үшін әлденеше мәрте жиналып, әр қырынан талқыладық. Біз, өзіміз «жә» дескен ұстанымнан айнымадық. Әскерилер мен өзіміздің бастықтар: ондаған мың адамды өмір бойы тіршілік еткен мекенінен көшірудің нендей қиямет екенін ойладыңдар ма, олардың ішінде ауыру-сырқаулы қарттар бар, сол байғұстарды жолсыз, баспанасыз, елсіз қиырға апару керек; қаншама автомобиль керек және солар әлденеше тәулік бойы шыжыған күн мен жел өтінде болуға шыдай ма... деген сылтауларды тізіп, әлі де ойланыңдар десті. Соңғы мәжіліс, ұмытпасам, сынақтан 10-12 күн бұрын шақырылды. Малышев жоғары бастықтардың алдында беделін көтеруді ойласа керек, екі ұсынысты дауысқа салардан бұрын әрқайсымызды орнымыздан тұрғызып, пікірімізді даралап сұрады. Біз бекем ұстанған тұжырымнан айнымадық», – деген куәлік айтады А.Д. Сахаров естелігінде.

Соны естіген сон-ақ маршал Василевский жергілікті халықты көшіруге 700 автомобиль дайындауға бұйрық бергенін мәлімдеп: «Ал, сіздер тұрғын

халықты көшіру туралы ұсыныстарыңыздан бас тартсаңыздар, бұйрығымды қайтарып аламын. Шынтуайтын айтқанда, мен үшін эвакуация кезінде 20-30 адамның мерт болуы – дағдылы құрбандық. Сіздер ұсынған сынақ – Отан қорғанысын күшейту үшін ерекше маңызды! Сіздер осы сынақтың ақырғы нәтижесіне сенімдіміз деп кепілдік берсеңіздер – айтқандарынды істеймін...» – дейді. «Әрбір сынақ – ғылым үшін мәнді зерттеу. Оның сәтті де, сәтсіз де болуы ықтимал» – деп ғалымдар да бұрынғы түйіндерін қайталаған.

Андрей Дмитриевич Сахаров (1921-1989) Мәскеудегі жоғары оқу орындарында физика пәнінен сабақ берумен қоса осы ғылымды алдындағы шәкірттеріне ең ұтымды әрі ұғымды жолмен түсіндіруге тырысып, отыз жыл еңбектеніп жазған «Физика» оқулығының жана нұсқасын қызықты етіп жариялаған доценттің отбасында дүниеге келген. Ғалымның өзі: «Туған әкем мені физика іліміне жас күнімнен ынтық етті...» – деген мойындауын өмірбаяндық кітабында арнайы ескерткен. Сол жазбаларында ол анасы мен әжесінің арғы тегінде Алашорда ханы мен сербтер кінәзінің, бергі буынында поляк пен грек ақсүйектерінің қаны барын, ал ата-бабасының және әкесінің тумысында шіркеу уағыздаушысы әрі орыс дворяндары болғанын, отбасының тәрбиесі бойынша, нағыз орыс адамы екенін мәлімдеген. Анасы да оқ қатарынан озық оқыған адам, гимназия бітірген. Өзі бірнеше сәбидің ортаншысы, бес жыл ұдайы өз үйінде оқыған. Мектеп табалдырығынан ол 11 жасында аттап, бірден-ақ 6-сыныпқа қабылданыпты.

12 жасында ол әкесі жұмыс істейтін институттағы зертханаға барып, физикалық сынақтар жасаумен әуестенген; үйінде де әртүрлі тәжірибелер жасап, білімін тереңдеткен. Ақырында орта мектепті үздік тәмамдап, 1938 жылдың күзінде МГУ-дың физика факультетіне түскен. Алғашқы үш жылда математика мен физиканы терең меңгеруге ынталанып, соған қоса биология мен химияға ілімдерін қоса мекей білуге ықыласы ауады. Кеңес Одағының бас университетінде ұстаздық еткен ғылым білгірлерінің дәрісін рақаттана тыңдаған. Бір уақ генетика іліміне аңсары ауып, биологияның шытырман жұмбақтарын шешуге, іздеуге қызығады. Алайда, өзі рухани пір тұтқан, үздік білім-танымына табынған әкесінің ықпалынан шыға алмай әрі физиканың сол күндегі дүлділ білгірлері Ландау мен Лифшиц оқыған теориялық курстарды МГУ аудиторияларында құмарлана тыңдайды. «Университетте тыңдаған барлық пәндерден мені ерекше қинаған марксизм-ленинизм ілімі болды, үнемі екілік алып, азап шектім. Маркстің де, Энгельстің де, соны Ресейде дамытушы Плеханов, Ленин мен Сталиннің ерекше ұзақ және мезі түсіндірмелерін шұқшия зерттесем де санама қабылдап, бекіте алмадым. Шынымды айтсам, қазір де сол білгірлер ұзақ сонар ежіктеген философиялық түйсіктерге сірәда иланған емеспін, мен үшін сол ілім ойдан шығарылған мезі ертегіге ұқсайды. Қысқасы, саяси сабаққа құлқым болмады...» – деген мойындауды академик «Естеліктер» кітабының 1-томының 2-тарауында жазыпты. Сол себепті комсомол ұйымына мүшелікке өтуге құлшынбаған (Академик атанған кезінде де КПСС-қа мүше болудан екі мәрте бас тартқан. Айтқан желеуі – «Үкімет пен партия тапсырмасын мен саяси ұжымға мүше болмай-ақ ұқыпты орындап жүрмін, бұдан артық менен не тілейсіңдер? Отанымның шынайы жанкүйерімін...» – деп қияңқылық көрсеткен).

Ұлы Отан соғысы басталған күні Андрей Сахаров үшінші курстың соңғы емтиханын тапсырыпты. Сол жылы күзде Кеңес үкіметі МГУ-ды Ашғабадқа уақытша көшірген. Андрей де сол көшке ілесіп Түрікменстанға келіп, бір

жылда екі курсты тәмамдаған. Ғалымның мойындауынша, физика ілімін тереңірек қабылдауға квантты механикадан дәріс оқыған аса дарынды профессор А.А. Власовтың әсері ерекше болған-мыс...

Ерсілігі мен дөрекілігі бетке ұрған күйкі шындықтың бет пердесін сыпыруға мәжбүрміз: МГУ-де сабақ беретін Леонтович, Тамм, Мандельштам, солардың үздік әріптесі Власов сияқты білімпаздар 1940-50 жылдарда Эйнштейннің салыстырма теориясы мен квантты механиканы физикалық тың ұғым санап, өздерінің дәрістерінде насихаттағаны үшін қуғын көріп, МГУ-ден аласталған. Айтылған желеу: олар шетелге табынады, физикада төңкеріс жасаған жана ілімдер дегені метафизикалық ойдан өрбіген шалағай түйсік, яғни ғылымнан шалғай жатқан зиянды ағымдар делінген. Күлесіз бе, жылайсыз ба? Біз өмірде болған шындықты әйгілеп отырмыз. Бұл енді Т.Д. Лысенконың бастауымен генетиктерді қудалап, әлем биологтары құдайдай табынған ресейлік алып тұлға, ұлы биолог Н.В. Вавиловты түрмеде ұстаумен бірдей физика іліміне жасалған әлей қастандық. Тәубә дейміз, биологтарға карағанда, физиктердің тағдыры жеңілірек болған. «Өйткені, оларды үкіметке де, Берияға да беделі күшті, сөзі өтімді И.В. Курчатова қызғыш құстай қорғаған... – депті Андрей Дмитриевич физика іліміне біржола бет бұруы туралы сыр шерткен «Естелігінің» 3-ші тарауында. – Менің физик-теоретик болуыма ықпал еткен бірінші адам – әкем, одан кейін университеттің соңғы курсына дәріс оқыған профессор Власов, оның ғалым әріптестері Спивак пен Фурсов...»

Университетті үздік дипломмен тәмамдаған А. Сахаров екі жылдай уақыт Отан қорғанысы үшін оқ дайындайтын Ульянов қаласындағы шағын зауытта штамповщик болып еңбек еткен кезінде қолмен атқаратын кейбір операцияларды автоматтандыратын тетіктер жасап өндіріс қарқынын өсіруге, өнімнің сапасын жақсартуға қолғабыс еткен. 1944 жылы сол тетіктердің сызбасы мен теориялық негіздемесін ол И.Е. Таммға жібереді («Сол жылы мен теоретикалық физикамен қызыға шұғылданып, білімімді өз бетімше көтердім. Зауыттың парткабинетіне жиі келіп, Ленин мен Сталиннің саяси еңбектерін алдыма тізіп қойып, солардың тасасына физика оқулықтарын ұстап, қызыға оқитынмын. Сол қаракетімді парткабинеттің жөткір меңгерушісі байқап қалып, құтыханадағы бастығым Вишневскийге жеткізіпті. Ол маған ескерту жасады, оның сөгісін мен «өзің ұнатқан іспен шұғылдан, жұрттың көзіне тек түспе!..» деген мәнде ұғып, ұнатқан «ермегімді» одан әрі үдеттім...» – дейді А. Сахаров «Естеліктер» кітабының 3-ші тарауында.

1944 жылдың желтоқсан айында Андрей Сахаров ФИАН институтының ғылыми жетекшісі И.Е. Таммнан аспирантураға шақырған ресми хат алады. «Ғылыми зерттеумен шұғылдануға іштей дайын едім. Өндірісте істеген аз уақытта жана аспаптар мен тетіктер жасауым бұл жұмысқа ебім барлығын көрсетті. Өнертапқыштық кәсіпті де қимадым, алайда, ғылымға деген құмарлығым басымырақ болып шықты...» – деген мойындауымен жас жігіт өз өмірінің шешуші сәтін қалайша таңдағанын мәлімдеген.

Жас физик емтиханнан қиналмай өтіп, 1945 жылдың қаңтар айында аспирант атанады. И.Е. Тамм өзі шұғылданған ғылым саласында қатандығымен қоса алдындағы шәкірттеріне күрделі міндеттер қоюмен де дараланған ұс-

таз және тек қана теориялық физикамен шұғылданған ғұлама. Өзі жетекке алған топқа ол дарынды жастарды ғана таңдаған. Андрей Дмитриевич естелік кітабында солардың кейбірін, әлбетте өзімен бірге оқығандарды ғана атаған: олар – Жабағы Тәкібаев, Петр Кунин, Гурген Саакян, Павел Немировский... Теориялық физикаға дайындығын тексеруден соң ұстазы оған неміс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми әдебиетті сөздіксіз оқуға дағдылан, өйтпейінше физика саласында үйкүшік болып қаласын, білімін өрістемейді, сен таңдаған физиканын шетелдік нояндары осы екі тілде жазатындар деген. Андрей Сахаров өз біліміндегі осы олқылықты алғашқы жылда-ақ түзеткен. Ең ғажабы, атомдық физика құпиясын игеруге аса қиналмаған. Сондықтан да 1946-47 жылдарда КГБ генералы жас теоретикті екі мәрте оңаша сұхбатқа шақырып: «Атом бомбасын әзірлейтін ұжымға ауыс, дарын-қабілетінді білеміз. Мәскеуден пәтер аласың, енбекақын да күрт көтеріледі...» – дейді. Аспирант жігіт бас бостандығын артық санап, ФИАН-да қалып, аспирант степендиясымен күн кешуді жөн көрген. Үйленген кезі, баласы да бар, пәтер қиыншылығын көрсе де сол ұсыныстан бас тартады.

1947 жылы А. Сахаров диссертациялық жұмысын аяқтайды. Ғылыми жетекшісі И.Е. Тамм сол жұмысты Курчатов басқаратын ЛИПАН ұжымында талқылауға кеңес береді. Жиынға қатысқан білгір физиктер аспирантқа неше түрлі түйткілді сұрақтар қояды, жас маман соның бәріне тұжырымды жауап береді. Талқылау соңында И.В. Курчатов жиырма алты жасар аспирантты кабинетіне шақырып, Дубна қаласында өзі ұйымдастырған ғылыми ұжымға ауысуды, сонда жұмыс істейтін атом реакторында зерттеуін жалғастыруды ұсынады.

Сахаров: «Мен экспериментатор емеспін, менің хоббиым – жалаң теория, сондықтан ФИАН-нан қол үзгім келмейді...» – деп үшінші рет құпия жұмысқа ауысудан бастартқан. Сөйткен себебін ғалым «Естеліктер» кітабының 101-бетінде: «Американдықтар қолданған екі бомбаның жапон халқына жасаған жантүршігерлік қырғынын сірәда қабылдамай, ғылымның тамаша нәтижесі бейкүнә адамдарды жүз мыңдап жойғанына рухани наразылығымнан туған-ды. Сондай жауыздықпен шұғылданбауға іштей бекінгенмін...» – деген түсінік айтыпты.

Андрей Сахаровтың изотоптарды тың әдіспен бөлу турасында 1945 жылы, аспирантураның алғашқы курсына оқыған кезде жасаған таңғажайып ұсынысы физик-теоретиктерге ерекше ұнаған. АҚШ физиктерінің термоядролық жарылысты бомбаға айналдыру турасында зерттеуге белсенді түрде кіріскені жайында Кеңес агенттері қолға түсірген деректер де теоретик ғалымдарды сол кезде ерекше алаңдатқан. Сахаров болса нақ осы түйткілді мәселеде тың ойлар айтқан зерттеуші...

«1948 жылдың маусым айындағы кезекті семинардан соң ғылыми жетекшіміз И.Е. Тамм маған және сүйікті шәкірті Семен Захарович Беленькийді кабинетіне шақырды. Игорь Евгеньевич бізге сұстия қарады да: «БКП(б) Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің құпия қарары бойынша

ФИАН-да ядролық зерттеумен шұғылданатын зерттеу тобы құрылды. Мен сол топтың жетекшісімін, екеуіңді де соған енгіздім. Біздің міндет – сутегі бомбасын жасаудың теориялық негізін тиянақтау. Бұл жұмыспен академияның Химиялық физика институтында Яков Борисович Зельдович шұғылданып, зерттеу жасаған. Бірақ, маңдыта алмаған. Үкімет бізге осы топқа теориялық көмек беріп әрі есеп-кисаптарын тексеруді жүктеді. Ал, не дейсіндер? Жауаптарыңды тап қазір айтыңдар» – деді.

Семен Беленький: «Біз сонда жебірей Зельдовичтің аузына карап, бөксесін жалауға тиіспіз бе? Түсінбедім, мәні де шатақ ұсыныс...» – деп кикарлық аңғартып еді, ғылыми жетекшіміз үстелді тарс-тұрс соғып: «Мен сендерге үкімет қабылдаған құпия қарарды жариялап отырмын. Әңгіме Отан қорғанысы туралы. Зельдович те – соны орындаушы. Мен де... Келіспесендер, міне, қағаз, институттан өз еркімізден кетеміз деп жазыңдар да табаныңды жалтыратыңдар!..» – деді. Не істейсің? Сол жұмысқа екеуіңді мәжбүрлеуді жоғарыдағылар ойлап тапқан амал екенін ұқтық. Соны білген соң келіспеске жол қалмады...» – Андрей Дмитриевич өзінің сутегі бомбасын жасауға қатысқан түйткілі мол тарихын осындай уәжбен түйіндеген.

\* \* \*

Хамза БАЙБОЛАТОВ, Абыралы ауаткомының 1953 жылғы төрағасымен сұхбат (хаттаушы – Боранбай Мауқаев, «Семей таны» газетінің тілшісі, 1990 жыл):

САУАЛ: 1953 жылғы Абыралы ауданының шаруашылықтары мен Қайнар тұрғындарын уақытша көшіру қалай жүрді?

ЖАУАП: *1953 жылдың 24 ақпанында Қайнардың басына ЯК-2 самолёті қонып, аупарткомның бірінші секретары Омар Әсенов екеуіңді Семейге жеткізді. Шақырушы облыстық партия комитеті. Аэропорттан обкомның қызметкері қарсы алып, Ертістің үстін мұз құрсаған кез, аржаққа автомобильмен апарды. Обкомға келсек, бірінші секретарь Танаш Қойшыбаевтың кабинетінің алдында 4 генерал, 7-8 полковник тосып тұр. Төтенше шақырудан қарадай шошыдық.*

САУАЛ: Бұл енді жыл басындағы әңгіме ғой? Анық ақпан айы ма?


ЖАУАП: *Әй, бауырларым, менің әр сөзіме қарауыл қоймай, тыныш тыңдаңдар. Егде адамның жады елеуіш сияқты. Сұраған жайттарыңды жайлап айтайын. (Абыралы ауданын қайта құру күресі басталар қарсаңда болған осы сұхбатқа мен де қатысқанмын, егде куәгердің жадында қордаланып жатқан 1953-54 жылдарғы оқиғаларды ол кісі ортамызда отырғанда жазып алу туралы ойымды Бөркенен айтып, әңгімелесуге бірге барғанмын – М. С.). Содан бәріміз төрдегі кабинетке шақырылды. Генералдардың бірі үкімет қаулысы бойынша, тамыз айының бас кезінде полигонда әскери жаңа қарудың сынағы өтетінін, Абыралы ауданының әскери зонамен іргелес колхоздарын көктем шыға 120-150 шақырым жерге уақытша көшіру қажеттігін баяндады. Жағдай түсінікті, әскерилер кезекті ойын өткізбек. Тек атомдық сынақ екенін ешкім бізге ескерткен жоқ. Омаров екеуіңді пікір-*



лесіп, «Киров», «Ұзынбұлақ», «Еңбектес», «Қоныстан» колхоздарын мал төлдеген соң-ақ өзіміздің «Алғабас» колхозының жеріне орналастыруға болатынын, Қу ауданының Тұңлік өзенінің бойындағы ел қоныстанбаған мол жайылымын да уақытша пайдалануға Қарағанды облысынан рұқсат сұрау керек дедік. Қалған екі колхозды, «Тайлан» мен Калинин атындағы шаруашылықтарды аудан орталығының оңтүстігіндегі, Мейзек алтын кенішінің маңына көшіреміз. Ол жерде жайылым да, су да жеткілікті дедік. «Социалистік Қазақстан», «Ақбұлақ», «Қызылқайың», Тельман, Жданов, Молотов, Чапаев атындағы колхоздарды өздерінің ежелгі жайлауына, кейбірін Кокшетаудың күнбатыс сыртына орналастыруға болатынын мәлімдедік... Біздің ұсынысымыз хаттамаға жазылды. Әскер бастықтары колхоздарды көшіруге автомобильдер шығарамыз және әрбір отбасының жан басына қарай толамақы береміз деп, көңілімізді көншітті. Елге қайтқан соң әр колхозға білікті азаматтарды жұмсап, үгіт-насихатты күшейтіп, кошу машақаты Отан қорғау ісіне қажеттігін түсіндірдік. Соғыс зардабын басынан кешкен ел тосын көшуді түсінікпен қабылдады. Дегелеңнің алды-артындағы ауылдар көшуді сәуірдің аяғында бастап, жас төлдердің бабына қарай қозғалды...

1953 жылдын жайма-шуак жазы. Он жеті жасты орталаған бозбала жігітпін. Көңілді желіктірген кок дөнен таңсәріден оятады, қиял қанатына мінемін. Ақар-шақар Абыралы тауынын ой-қырын шарлауды місе тұтпай, ту қияндағы Ертіс жағасына, Семей шәріне аттанамын. Бірер тәулік сонда аялдап, ақбас Алатаудың жасыл желек жамылған баурайындағы әсем қала Алматыға жетуге ынтығамын. Өйткені, Алатау етегіндегі үлкен шәр, күн сәулелі Қазақстанның атакты астанасы – мен үшін арман қала.

Сол да себепсіз емес, сол жылғы маусымда орта мектепті бітіргемін...



Шалкар даланың киыр төскейіндегі Абыралы ауданының тұрғындары үшін бұл – о кезде айтулы оқиға! Аудандағы іргелі жалғыз оқу ұясы Қайнар орта мектебін сол жазда тәмамдаған 43 жасөспірім кәмелеттік аттестат алуға емтихан ұстадык. Бір айға созылған ауыр сынақтан бәріміз де сүрінбей өттік. Жеті оқушының білімі (төртеуі қыздар) үздік деп танылып, жазба жұмыстарымыз облыстық оқу бөліміне жолданды. Сүрінбей өтсе – жеті жасөспірім алтын және күміс медальдың иегері атанбақ. Ол болса Кеңес Одағының кандайда жоғары оқуына емтихансыз түсуге құқық береді! Тек қайнарлық жеті үміткердің жолы болғай! Біреуі – мен...

Маусымның соңғы күндерінде тексерудің нәтижесі Қайнарға жетті. Қатыбас сарапшылар шалғайдағы казак мектебінен жеті шәкірттің медальға үміткер болуы – Семей облысының тарихында бұрын-сонды кездеспеген төтенше оқиғаға балап, күміс медальға ұсынылған төрт қызымыз бен бір жігітіміздің жазба жұмыстарынан бірер кате «тауып», үштік бағаға төмендетіпті; Нұртөлеу Мыкышов пен менің жолым оңғарылып, алтын медальға бекіппіз.

Аттестатын қолына алғандар Семейге аттанды. Облыс орталығында о күнде 16 техникуммен қоса 3 институт бар: соның бірі – іргесін бекемдегеніне көп жыл болған Педагогика институты; екіншісі – 1952 жылы ашылған Зоотехникалық-малдәрігерлік институт; үшіншісі – биыл шанырақ көтерген Медицина институты. Сондықтан да мектеп бітіруші Абыралының ұл-қыздары ту қияннан оқу іздеген жоқ. Облыс орталығындағы жоғары оқу орындарына құжаттарын тапсырып, қабылдау емтиханынан сүрінбей өтіп, студент атанды. Ал біз, екі медалист, облыстық оқу бөлімі жолдаған арнайы аттестатымызды шілде айының орта шенінде ғана алып, Алматыдағы Қазак кен-металлургия институтының металлургия факультетіне пошта арқылы жолдадық. Ақылгөй ұстаздарымыз біздің осы таңдауымызды құптап: «Сендер баратын институт – күллі Қазакстан атырабындағы техникалық білім беретін үздік оқу ұясы. Қазіргі заманның айтулы инженер-металлургі боласындар. Сондай оқуға біздің қолымыз жетпеді, тұрмыс қиыншылығы Семейден асырмады. Инженерлік мамандықты игеріндер, жолдарың болсын!..» – десті.

Біздің үйде сол кезде бес бүлдіршін бар-ды (кейіннен тағы да үш нәресте қосылды). Үлкені – мен... Нұртөлеу төрт ағайынды: Мұқаш ағайдың үлкені, менен үш тәулік кейін, 1936 жылғы 5 қаңтарда туған; Тельман есімді тетелес інісі бар; ол да, одан кейінгі екі қарындасы о күнде – мектеп оқушылары (Жазмышқа не шара, үшеуі де бертінде ядролық полигон таратқан сырқаттан орта жасқа жетпей опат болды, тәубе деймін, інісі мен бір қарындасынан ұрпақтар бар). Мұқаш Мыкышұлы бала-шағасына майдан шебінен жолдаған хаттарында: «Ер атанған Толыбай бабамның аруағы қорған болып, жау оғынан әзірше аман келемін. Ылайым солай болғай!..» – деген тәубемен бастайды екен. Амал не, Жеңіс күніне жете алмаған. Бибіжан шешейдің Қызыл Қайнардың орта шеніндегі баспанасына (біздің үйге ұрымтал жерде еді) үлкен-кіші жиналып барып, отағасының қазасын естірткен қаралы күн – есімде, үшінші сыныпты аяқтаған кезім. Үлкендерге ілесіп мен де барып, досымның әкесін бірге жоқта-

дым. Бибіжан шешей, топырағы торка болсын, 1980-жылдары Лениногор қаласында (бертінде қайтадан Риддер аталды) қайтыс болды, еті тірі, тілі майда, қажыр-қайраты бір басына жетерлік жан еді. Жесірліктің азабын тарта жүріп, ері үшін алатын болмашы зейнетақымен және жалғыз сиырының емшегімен төрт қарғасын ержеткізіп, ел қатарына қосты.

Он жыл ұдайы үзбей оқудан, үздік оқушы деген дабыра атақтан төмендемеуге тырысудан жүйкеміз әбден титықтатса керек, сыныптас достарымыз Қайнардан аттанып кеткен соң-ақ бізді ұйқы басты. Содан сергіген кезімізде алтын медальдың буы билеп, соны қызықтаған ағайынның кезекпе-кезек дәмге шақырып, өз үйлеріндегі бала-шағаға үлгі еткен мадағы да көңілімізді көкке көтеріп, шілде бойы Жаксы Абралының ұшар басында жүргендей хал кештік. Орыстар мұны эйфория дейді, қазақтың бақыт құсын қолға қондыру уәжіне ұқсас шат-шадыман күй еді ол.

Тамыз айы туған сәтте, амал не, соның бәрі әншейін әуреге айналды...

Иә, сол айдың 4-ші жанасында естияр балалар үйді-үйге жүгіріп, Қызыл Қайнардағы отыз шақты шаңырақты тұрақты үгітшісі Әубәкір ақсақал (фамилиясын ұмыттым) төтенше жиналысқа шақыратынын әйгіледі. Айтуынша, әр үйдің естияр адамы қатысуға міндетті. Әкем сол жиынға мені жұмсады. Әубәкір ағай кексе жасқа енген, сөзі сылбыр әрі ерекше шұбалаңқы сөйлейтін кісі еді. Сөйте тұра ауыл-аймаққа әмірі беретін әкіреңнен де құралақан емес. Үгітші ағай Нұртөлеу тұратын жеті-сегіз шаңырақ бірлесіп салған ұзынша үйдің тау жақ жапсарында тұратын-ды. Досымның айтуынша, аупарткомда істеген кезінде ол құнара, кейде одан да жиірек құдайы көршілерін есік алдына жиып, көл-көсір насихат айтуды машық еткен. Қайнарлықтар өзара адас жеті Әубәкірді бір-бірінен ажырату үшін әрбіріне лақап атаулар еншілеген. Нұртөлеудің көршісін «Қырт Әубәкір» дейтін-ді.

– Қымбатты қауым, сендерді мен райкомның бірінші хатшысы Омар Әсенов жолдастың аса жауапты тапсырмасын әйгілеуге шақырдым. Мәселенің мәнісі мынада... – деп үгітші ағай халықаралық ахуалдың соңғы кезде күрт нашарлағаны туралы, американ империализмі Кеңес еліне және бейбіт өмірді жан-тәнімен сүйетін дүние жүзінің халықтарына «қырғиқабақ соғыс» жариялап, саяси жағдайды күннен-күнге қиындатып отырғаны жайында ұзақ сонар сөз бастап, мезі үгітіне кіріскен кезде балдызы Жаксыбек Омаров (бізден гөрі ересек, сол кезде Семей пединститутында оқитын): «Әуке, американ империализмінің түзелмейтін қанішер екенін көршілеріңіз біледі, сіз әуелі Әсеновтің тапсырмасын айтыңыз!..» – деп қабақ шытты. Әубәкір ақсақал сәл-пәл абдырап, тілі усойқы студент балдызынан именетін сияқты, түсін суытып, қатқыл үнмен: «Иә, дұрыс айтасың, Жаксыбек інім, Әсенов жолдастың айтуынша, бүгін түнде аудан орталығына жүз шамалы әскери автомобильдер келеді. Қайнар тұрғындарын солар 100 шақырым теріскейдегі Күйік өзенінің жағасына көшіреді... Сондықтан әр үй бүгін ұйқыны қойып, бір аптаға жетерлік азық-түлік қамдап, ашық далада киер киім мен төсеніш әзірлеп, сақадай сай отыруға тиіс. Әлгі машиналар ертеңнен бастап күні-түні шеру болады. Біз ғана

емес, Ертіс жағасындағы полигонмен көршілес колхоздар және Абай ауданының барлық шаруашылықтары мен Қарауыл тұрғындары да көшеді. Әсенов жолдастың айтуынша, төрт-бес үйге бір автомобиль беріледі. Демек жүкті көп алуға болмайды. Әрине, шай қайнатар, ас пісірер қазан-аяқ пен ыдыстарды қалдырмау обязательно... — деп тоқтағанда, тосын хабарға жұрт не дерін білмей, абыржу байқатты.

Нұртөлеу екеумізде үн жоқ, көк дөненге мініп, көкте самғап жүрген көңіліміз су сепкендей басылды...

Біздің дәтіміз жетпеген түйткілдерді Жаксыбек Омаров пысықтады.

— Әуке, сөзіңізді әр нәрсеге пышыратпай, мына жұртқа төтенше көшудің себебін түсіндіріңіз. Қайнардың момын халқы кімнің көзіне сүйел болған? Райком секретары сізге соны түсіндірді ме? Не білесіз?

— Әсенов жолдастың айтуынша, таяу күндерде біздің теріскейдегі көршіміз американ империализмінің әкесін танытатын әскери ойын жүргізбек. Сол себепті өздерімен іргелес отырған колхоздардың адамдарын мал-жанымен, иті мен мысығына дейін екі-үш ай бұрын Түнлік өзені мен түстіктегі Мейзек маңатына көшірген. Демек, көшу кезегі бізге де келген. Естеріңде болсын: Семеймен қарым-қатынас, Қарағанды облысымен байланыс бүгіннен бастап уақытша тоқтайды. Пошта қатынасы, рациямен сөйлесуге де рұқсат болмайды. Өйткені, әскери ойынды АҚШ империализмі сірәда білмеуге тиіс...

— Құдайы көршілеріміз шұбартаулықтар қайтеді?

— Күйігін — өзен емес, жылап ағатын, суы жылымшы бұлақ. Оның басына Қайнардың төрт жүз үйі сыймайды...

— Новопокровтың отгонындағы халық қайда барады? Бір баламның үйі сонда еді...

— Кеше кеште аэроплан келіп, ауданның екі басшысын Семейге алып кетті деген қауесет рас болды. Олар қайтты ма? Киіз үйлерінің қаңқасын сақтағандар қос тігеді. Ал, көшпелі тұрмыспен қоштастық деп киіз жаппаларынан біржола ада болғандар қайтеді? Шағырмақ күн астында қалай жатамыз?..

— Ау, жолдас үгітші, қолымыздағы ұсақ малды, үйімізді не істейміз? Мысалы, топты жанды жұмыртқасымен асырап отырған он шақты тауығым бар. Оларға кім жем шашады? Жұмыртқасын кім жинайды?

— Семейге баратын жол жабылса, мына екі бала Алматы үнстөтіне қалай жетеді?

— Әй, ағайын, бұл сұраулардың жауабын мен білмеймін. Бекерге қинамандар. Сіздерге мен Әсенов жолдастың тапсырмасын жеткізушімін... — Үгітшіміз жұрттың жан-жақтан жамыраған сұрауларына жауап бере алмайтынын мойындады. — Мұның бәрін Әсенов пен Байболатов жолдастардан сұраңдар. Екеуі де Семейден түнде қайтып келді. Ертеңнен бастап, әскери отрядтың командирлерімен штаб құрып, барлық мәселені шешеді...

Әлдекім құлақ шекемнен оңдырмай соғып, есімді тандырғандай дел-сал күйде үйге оралдым. Жайсыз хабарды әке-шешем шошына тыңдады. Әскери ойын үшін үш ауданның халқын, жиырма мың адамды айдалаға көшіру се-

бөбін түсінген жоқ. Ширек ғасыр осы жерде тапжылмай отырған байғұстар сол кеште өздерін шырғаған сансыз көп негеден бастары қатып: «Кімге, не үшін жазалы болдық? Қолымыздан тұрғызған қора-қопсымызды тастап, бала-шағаның нәпекасы азын-аулақ малды қораға қамап қалай кетеміз? Аяқты мал жазда оттау керек, суды қайдан ішеді? Ит-құстан кім қорғайды?...» – десіп, сол сұраулардың жауабын іздеп үгілеумен танды атырғаны айкын.

Күн шыға әкем мені оятып, далаға шық деді. Тұрғым келмей кипактап едім, еркіме қоймады. Сөйтсем қу жаны пайыз таппай шошып тұр екен...

Біздің үй тау етегіндегі дөнестеу жерде. Қызыл Қайнардың түстігінде 1950 жылдары МЖС аталған, мал шаруашылығына арналған машина-трактор стансасы ірге тепкен-ді. Одан арғы Ақтас өзеніне дейінгі екі-үш шақырым жер мидай жазық. Әкем нұсқаған жазыққа қарасам, кара құрық жүк машиналары сап түзеп тұр. «Ойпырмай, бұл не сұмдық?! Көшетіміз рас болды... – Әкем үрейленген шырай аңғартты. – Шешен де түні бойы көзін ілген жоқ. Алматыға жете алмайды деп сені қайғырады. Сиырды өріске ұзатқан соң қайта қисайған. Бар тұрғыз. Шай қойсын. Мұқаштың ұлы екеуің Байболаттың Хамзасына барындар, сендерді тап бүгін Семейге аттандырсын. Ал, біз, көш десе, амал не, көшеміз. Ел іргесі аман болса – өлмесіңіз, бұйырғанын көппен бірге көреміз...»

Хамза ағайға жолыға алмадық, Дегелең жаққа кетіпті. Жағдайымызды айтқан ауаткомның жауапты хатшысы, оң көзін Германияда қалдырып қайтқан Саябай Ысқақов ағай (бізге жиен іспетті әрі әкемді ерекше сыйлайтын атпал азамат еді) Нұртөлеу екеуімізге алма-кезек қарап: «Балалар, сабыр етіңдер. Агустың жиырмасына дейін Семейге жол ашылмайды. Сендерді тап бүгін жөнелтуге Хамзаның да әмірі жүрмейді. Мына дүрмекке қатысу сендер үшін пайдалы болады...» – деп әлденені жұмбақтай сөйледі.

Қайнарлықтардың көшуі төрт-бес тәулікке созылды. «Судабекерлерінің» 50 шақтысы ғана қайнарлықтарға тиіпті. Әлбетте неше мың халықты іргелі мекенінен көтеру – онай жұмыс емес. Бәрі де төрт түлік мал ұстап, соны күні-түні бағумен тірлік еткен жұрт...

Қызылқайнарлықтар тамыздың 8 күні кешке таман аттанып, «Судабекердің» үстінде бірнеше сағат ізендеп, Қиікқашқан тауының сыртындағы Қүйік бұлағының жағасына түн ортасында жеттік. Біздің үйде алты қанат баспана болатын-ды. Әкей соның екі керегесін бір түнілігімен ала шығып, машинадан түскен бетте-ақ кәдімгідей итарқа жасады. Шешей омырауын еметін Бакытгүл есімді кішкентай нәрестесімен және естияр жастағы екі қызымен соның ішіне жайғасты. Ал, әкей және мен қостың көленке жағына орналасып, ашық аспан астында ұйықтадық. Тетелес інім Әдеш малсақ, үй шаруасына менен гөрі бейімдірек еді. Сол жылы ол он үш жаста. Өзіміздің қарагер биені мініп, жас құлынының борбайын созбай аяндаумен жолшыбайғы «Жал» қыстағына бір қонып, Қүйік бұлағының жағасына біз келген күннің ертеңінде жетті. Не керек, биенің сүті сусын әрі шайға нәр берер сүт болды. Қос әкелмеген жұрт палатқаларға орналасты. Шағырмақ күн көзінен қорғаныш болғанымен күндіз ерекше қызып, ішіндегі үйелмендер жа-

лын лаулаған пеш көмейіне түскендей азап шегеді. Палатканың іргесін түрсең – кешке қарай самал жел үрлейді, шөліркеген жұртқа көп-көрім тыныс. Сол азап біз үшін екі аптаға созылды. Сол күндерде бір тамшы жанбыр жаумайды. Көдесі желкілдеп, жусан исі бұрқыраған төбешік тәйтері тулаққа ұқсап, тақыр жерге айналды.

Естуімізше көш-қон кезінде ешқандай тәртіп бұзу, айқай-шу болмаған. Демек, Абыралы елі әскери көршілер мәжбүрлеген төтенше көшуді түсінікпен қабылдап, осындай жағдайда туатын оқыс оқиғалардың алдын алған. Аудан басшылары Қайнар кентінде иесіз қалған ұсақ малды, сиыр мен сауын бие-лерді, тауықтарды да аман сақтауға, қора-қопсыны күзетуге бақылаушылар қалдырыпты. Сол міндетті олар ұқыпты атқарған: мысалы, біздің үйдің ұсақ малы мен тауықтарының бірде-бірі шетінеген жоқ; шешемнің айтуынша, төбесі ашық шөп қораға қамалған тауықтарының жұмыртқалары ғана ыстықтан шіріп, науат болған. Қысқасы, Қайнар кентінде пәленше үй тоналыпты, түгеншенің сиыры жоғалыпты, тауығы өліпті деген оқыс оқиға болмаған. Айтпақшы, біз айдалада күнсіп жатқанда, Абыралы тауының баурайында қалын нөсер жүріп, сынақтың әсері ме, кім білсін, шатырсыз кейбір қора-қопсылар бүлініп, үйлерінен тамшы да ағып, қабырғалары сыз тартқан...

Мұратхан ҚОРҒАНБАЕВ, «Азаматтық антым», өмірбаяндық кітап:

*«1953 жылдың тамызы. Қарауыл кенті сол жазда маған тым көңілді сияқтанды. Аумағы едәуір болғанымен әр жерге шашырай салынған тапал, шатырсыз үй-*



*лердің арасында ойдым-ойдым көгалдар кезігетін-ді. Әсіресе қарағаны қалың түс көгеріп тұратын-ды. (...) Баламыз. Қазақ он үштегі ұлды өтау иесі десе, мен он бес жасты артқа салған жасөспіріммін. Ағайым Жұбайхан Сталин колхозын басқарудан босаған соң Қарауылға көшіп келген. Ауылдың төменгі тұсынан үш бөлмелі үй тұрғызып алдық. Қолымызда ұсақ мал бар. Оны бағатын мен. Қозы-лақтың өрісі – менің өрісім. Сол жылғы жаз жаңбырлы болды. Ақ жаңбырдың астында қалып, үсті-басым малмаңдай су, аулаға кіргенімде үйішім де, көршілер де әлденеге абыржулы екенін аңдадым.*

– Мұрат! – деді ағатайым. – Көшетін болдық. Ертеңгілікте аттануға бір қабат көрпе-жастық, жарты айлық тамағымызбен дайын болуымыз керек...

– Қайда? Неге көшеміз?

Үрейленгенімді аңдаған ағам басын шайқады.

– Көпшілікпен бірге қозғаламыз. Ауданның жартысы Аягөздегі Сергиополь мекеніне, оған сыймағаны – Арқатқа және Шыңғыстың сыртындағы Бақанас өзенінің бойына көшіріледі. Палатқалар құрулы деседі...

– Малды қайтеміз, оларды да машинаға тией ме?

– Қарауылдың бас жағындағылар менің малым өзара қосып, Бақанасқа айдамақ. Жарты айдан кейін осы жерге қайтадан ораламыз. Кеңесқали екеуің екі үйдің

малын айдап, Арқатқа барсын деп шештік. Көлік тапсақ арттарыңнан барамыз. Төменгі ауылдағы Ақатайдың баласы, желкеміздегі Жанболаттың атасы Ақынжан ақсақал және Жәлел ағаң да бар малын бірге айдамақ. Шәкеннің әкесі Сәрсенбай қарт ат-арбасымен шығады...

Ағатайым келесі күні бізді әуежай алаңынан әрі асырып, даңғыл жолға салды. Алғашқы күні Кеңесқали екеуміз ғана болдық. Ол менен жасырақ және болбырлау. Орданы бетке ұстап, алға жылжыдық. Қас қарайғанда малдың жүрісі баяулады. Қозылар енесінің алдын кес-кестеп, бас салып емеді. Кеңесқали арбада, мен атымның омырауымен түртпектеп қойды алға қозғаймын. Содан түннің бір уағында алдымыздан бота даусын естідік. Сол да сес болып, малымыз аяғын жіті басып, Жанболат үйінің көшін қуып жеттік. Арба үстіндегі ақсақалмен қуана қауыштық.

— Аттарыңды маған беріп, екі бала мызғып алыңдар. Малды мен күзетемін. Ертеңгі жүріс бүгінгіден де ауыр... — деді ақсақал.

Ертоқымды жерге төсеп жантая кеттік, бірден-ақ ұйқыға бас қойдық.

...О, тоба, есіз далада ұйықтаудың, шаршаудың әсері ме, таңғажайып түс көрдім. Қарауылда қалған апам менің дәптерімнің бірнеше бетіне қара бояумен сурет салыпты. Біржосын қорқынышты суреттер. Биік тау кескінделген. Дегелеңге ұқсайды. Соның бергі бауырында біздің рудың көшбасшысы Мотыш атамның Майөзегі бейнеленген. Тағы бір суретте Шибойы. Біздің ауылдың күзегі. Тек тау да, дала да жұлым-жұлым. Әсіресе Найзашоқы биігі шошайған Дегелең ортан белінен кесіліп, келесі бетке көшіріліпті. Ұшар басын қиып алып, етегінен төмен қаратып салынған. Қайсыбір төбелер әр жерге бұршақтай шашылған... «Апа-ау, көп-көрім тауды бүлдіріп қойыпсың» — десем, апам: «Біріктіре алмадым, қосылғысы келмеді... — дейді. — Тау-тасты түгендеп қайтесің? Өзің аман бол!..»

Осы сәтте біреу аяғымнан тартты. Сөйтсем, таң аппақ атыпты.

— Оян, балам. — Оятушы түндегі ақ-сақал. — Алдымызда әлі де 45 шақырым жер бар. Бүгін болмаса да ертең Арқатқа жетуіміз керек...

Үшінші күні Молалы бұлақта аялдаған он шақты үйдің малы қосылған қосымызға Арқат аулының тұрғындары келіп, мәре-сәре болған ертеңгілік сәт еді, «Ойбай, қашыңдар!» деген хабар түсіп, Сарышоқыға қарай бездік. Кешеден бері осы жерде тігілген үйлер ашық қалды. Зу-зу еткен әскери машиналармен тоқтаусыз жөсіп келеміз. Алып жартастары шодырайған Арқат аспаны қою шаңға көмілді. Сонша жерден айдап келген малымыз айдалада қалды.

— Ойбай, өрт! Ананы қара, қарақошқыл түтін Қарауылдың үстінде, сірә, үй атаулы жанып жатыр... — деді Мейраш.

Қып-қызыл жалын аспанға бұршақтай атылып жатыр.

— Қарауыл емес, одан әріде, — дедім Мейрашқа басу айтып.

— Сірә, Қыдырдың сырты, Саржал ауылының тұсы... — деген жорамал айтты дөң басына шыққан үлкендер, — Әуелі керемет дүңкіл естілді. Сосын жалын көтерілді.

Менің есіме кенет Қарауылда қалған апам мен Саржалда тұратын анам Төлеу анам түсті. Екеуінен де үйден шыққалы хабарым жоқ-ты, ағатайым да келмеді. Тек аман болса екен?! (Сөйтсем, біздің үйді Арқатқа жібермей, әскерилер басқа

жаққа әкетіпті). Дегелеңнің үстінен көтерілген от та, түтін де Арқатқа жетпей (Сынақ алаңы Арқат тауынан кем дегенде 200 шақырымдай жер — М. С.), сол алапатты көрген жұрттың айтуынша, құйын нөпірі Шыңғыстаудың үстімен, арғы шеті «Қызылту» колхозының жерін, бергі шекарасы Қарауылды қамтып, түстік жаққа өткен. Сынақтан кейін 10-15 күн өткен соң Қарауылдың тұрғындары мекендеріне қайтарылды. Кеңесқали екеуміз жадап-жүдеп, алдымыздағы малымызды айдап, Қарауылға оралдық. Апам мені көргенде бетімнен сүйіп, бар айтқаны: «Азаматсың!» деген жалғыз сөз болды. Мен үшін бұл — әрине, ерекше баға!..

Сол күнгі зобалаңның біздің әулет үшін қандай шермен аяқталғанын айтайын: Саржалда тұратын өз анам Төлеу 39 жасында аққан дертінен қайтыс болды, мені азамат деген апам да жеті жылдан кейін осы аурудан ана дүниеге аттанды. Сол кісілерді арулап жөнелткен күні айдалада көрген таңғажайып түсім есіме оралып, ағатайыма айтып едім, ол кісі: «Бұл түсті менен басқаға айтпа, ұмыт! Түс түлкінің боғы деген әншейін сөз, біздің әулеттен жалмаған екі қимасымызбен бітсін. Дегелеңді біз әскерилерге құрбан еткеміз, сонымен тек тоқтаса игі!..» — деген тұжырым естіртті».

Әскери қызметкер Мұса ШӘРІПОВТЫҢ естелігінен («Аждаһа от», «Егемен Қазақстан», 27 тамыз 1997 жыл):

«1951-56 жылдарда дәм жазуымен Семей төңірегінде әскери қызметте болдым. 1953 жылғы шілде айының басында штабқа шақырды. Рота командирінің саяси істер жөніндегі орынбасары майор Борисов жанында отырған подполковникке мені таныстырып, пөлигон маңындағы тұрғын елді көшіруге қатысатынымды ескертті. Келесі күні жолдорбамды иыққа іліп, штабқа келсем, жүк машиналары тізіліп тұр. Дені американдық «Студбекерлер». Подполковниктің бастауымен 40 шамалы автомомобиль колонна болып Семейге бет түзеді. Шамамен 50-60 шақырым жүрген соң тоқтап, барлық жүргізушілер жолдың оң жағына жиналуға бұйырды. Подполковник әлдебір бланкелерді бізге таратып: «Мынаған фамилияларыңды жазып, қол қойыңдар. Алдағы уақытта өздерің қатысатын Отан қорғау операциясының құпиясын ашқан адам 25 жылға сотталатыны туралы ескерту...» — деп кодекстің бабын атады. Сонсоң маған қарап: «Шәріпов, осы колоннаға тілмаш боласың» — деді.

Сол күні айдалада отырған шопан қыстағына келдік, үй жабдықтарын буып-түйіп күтіп отыр екен. Шопанның өзі отарын алдағы қонатын жерге айдап кетіпті. Біз жүктерін тиеп алып, үстіне бала-шағасын отырғызып, ілгері тарттық. Қолымызда — карта, онда шопан қыстақтарының орны көрсетілген. Бірінен-бірі шалғай орналасқан қыстақтарды табу оңай болмады, қысқасы, көшіру жұмысы бірнеше тәулікке созылды. Оларды апаратын жеріміз белгілі. Сол күндерде бізді толассыз жауған жаңбыр мен жүретін жолдың машақаты қинады. Даңғыл жол зәуімде жоқ, салт аттылар мен арбалы жүргіншілер пайдаланған сүрлеу-соқпақтар өткел бермей, ауыр машиналар батпаққа батып жиі тоқтайды. Кей күндері 16 шақырымды әрең өтеміз. Батпақтаған машиналарды суыру күн сайынғы тірлікке айналды. Үсті-басымыз малмаңдай су әрі балшық. Есіміз



шықты. Ыстық тамақ ішуді ұмыттық. Ауыз суға да жарымаймыз. Көшкен халықтың да берекесі кетті. Күндіз-түні машинаның үстінде, ал шелектеп құйған жаңбырда толас жоқ. Әсіресе жас балалары бар отбасыларына қиын болды, арбиған биік машинадан өз бетімен жерге түсе алмайтын қарттар мен қариялар бізге ренжіп, іштерінен қарғайтынын сеземіз. Колонна оларға су ғана береді. Тамақ жоқ. Халық та, жауынгерлер де әбден кірлеп, ашығып, азып-тозды. Біздің колонна тынымсыз сапарда болып, Саржал мекеніндегі, Аршалы мен Дегелең тауының бауырындағы және Шаған өзенінің бойындағы колхозды ауылдарды Шыңғыстаудың түстік жонына көшірдік. Бір машинаға екі-үш үйден артық сыймайды. Жазғы каникулға келген студент жастар мен мектеп оқушылары жол михнатынан безіп, қалаға сұранады. Біздің подполковник оларға: «Ешкім ешқайда шықпасын, рұқсат жоқ. Жер бетіндегі қатынас бұл өңірде уақытша тоқтаған. Тіпті әуемен де ұша алмайсың. Оның есесіне операция аяқталған соң соған төлемақы аласыңдар...» – дедуден жаңылмайды.

Бірде «Аршалы» фермасының үш мың сауын сиырын бұзауларымен бірге айдап келе жатқан көшіне кездестік. Сиырлардың кейбірінің сауылмаған соң желіні күп болып іскен. Бұзаулары, сірә, сүтін тауыспайды... Тағы бірде тау ішіндегі Шымылдық биігінен аса алмай, етегіндегі бұлақ басына түнедік. Әбден титықтадық, мазалы ұйқы да жоқ. Үсті-басымыз малмаңдай су, тау іші суық. Машина үстіндегі қариялар кішкентай балаларын бауырына басып, бір-біріне тығыла түсіп, алаша, киізбен бүркеніп, тым-тырыс отырады. Таңғы сағат төрт шамасында толассыз жауған жаңбыр тиылды. Қалың бұлт тарқап, аспан ашылды. Тамыздың 10-шы жаңасы. Дүйім жұрт су болған заттарын жол шетіне жайып, киімдерін де шешіп, тіршілік қамына кірісті. Әр жерде қазан-ошақ көтеріп, түтін будақтады. Біздің колоннаның аспазы жылжымалы үлкен қазанына от қойып, ыстық ас пісіруге қам жасады. Кешке дейін үсті-басымызды кептіріп, ыстық ас ішіп, рақаттанып қалдық.

Күн ысып, жер тобарсыды.

Келесі күні біздің қасымызға тағы бір колонна тоқтады. Бірақ оларға әскер басшылары жүктерін түсіруге рұқсат бермеді. Ас-су ішкен соң тез жиналып, мезелі жерге жетуге асықтық. Сөйтсек, бір ай бойғы бейнетіміздің төлемі – сынақ сағаты жақындаған екен...».

Хамза БАЙБОЛАТОВ естелігінің 5-бетінен үзінді<sup>1</sup>:

«8 августа, күндізгі сағат 11-де екі моторлы самолетпен генерал-майор Болятко, қасында екі полковнигі және бір лейтенантымен Қайнарға ұшып келіп, менің кабинетімде лездеме мәжіліс өткізді. Қайнар орта мектебінің мұғалімі, бір қолы шынтағынан жоқ, резина протез киіп жүретін майдангер Нұғман Нәбиев кенет есікті айқара ашып, қасында жиырма шақты майдангер қарттары бар: «Погибаем, товарищ генерал, почему устроили такую давку с машинами?...» – деп айқай салып, кіріп келді. «Машина бізге аз бөлінді, ескі жұртта тотып

<sup>1</sup>Х. Байболатовтың зейнетке шыққан кезінде өз қолымен жазған, көлемді естелігі Семейдің өлкетану мұражайында сақтаулы. Менің қолымда сол жазбаның ксерокөшірмесі бар.

қаламыз деген жұртшылықта үрей бар, соны тежеуге бізде дәрмен жоқ...» — деген менің талабым кенет кешегі соғыста от пен су кешкен майдангерлердің айқайымен бекіді. Әуелде сасып қалған Болятко Нәбиевке жақындап барып: «Жолдас майдангер, сабырлық сақтаңыз. Ешкімді қалдырмаймыз, машинаны кешке таман көбейтеміз, мен Қайнарға сол үшін келдім...» — деп түсіндірген соң наразы топ тымырайған қалпы кабинетті босатты.

Келесі күні ертеңгілікте полковник Терехиннің қарауына қосымша 200 судобекер келді. Сөйтіп, августің 9-күні сағат күндізгі төртке дейін Қайнар халқын көшіруді аяқтадық. Көптеген отбасы үйлерін құлыптап, екі-үш күндік азықтарымен аттанды. Ең соңында Абыралыда іссапармен жүрген КГБ өкілінің ГАЗ-67 машинасына өзімнің отбасымды, екі лағымен қара ешкімді азық етіңдер деп салып беріп, Күйік бұлағына жөнелттім. Қайнардан көшкен соңғы отбасы — менің үй-ішім.

Аудан орталығында 45 кісі қалдық (жиырмасы солдаттар). Осындағы жұртқа азық болсын деп таяу отардан жиырма шақты серкеш алдырып, бірнешеуін сойғызып, қазан көтерттім. Есіз қалған мекендегі басқосуымыз түнгі сағат үшке дейін созылды. Бұл болса уақыттың 12 августке ауған таңы. Полковник Терехин: «Азырақ көз шырымын алайық. Сіздер күткен іс — әскери ойын емес, шындықты айтайын, аса қатерлі жаңа қарудың сынағы, таңғы сағат алтыда басталады. Таңғы сағат бесте тау етегіне жиналайық. Аяқ артар машиналар сол жерде жедел аттануға дайын тұрады. Бомба жарылысынан газ бұлтының бағытын аңдаймыз, егерәки сол қатер бізге қарай төнсе — қашығырақ жерге беземіз. Егер машиналар алда-жалда оталмай, иә тоқтап қалса, сол жерден жаяу-жалпы қашып, қатерлі тозаңның астында қалмауға тырысуымыз керек. Өйтпейінше жағдайымыз мүшкіл болады. Дүйім елді қонысынан көшіргеніміз де содан... — деп ішіндегі сырын шым-шымдап шығарды. Бізде зәре жоқ. Ұлы Отан соғысының төрт жылғы қырғынынан да аман келіп, туып-өскен жерімде мына қатерден қор болып өлетін болдық-ау деген қауіп те баяғы... — Таңғы сағат алтыдан бастап Дегелең жақты бақылауға алдық. Жарылыс дүмпуінен қатер жоқ, өйткені бомба жарылатын алаң бізден кем дегенде 110-120 шақырым қашықта. Біз соның жерді тітіреткен дүмпуін ғана сеземіз, жарқ еткен күндей өткір сәулесі де бізге жетпейді. Біз үшін қатер — жарылыстан түзілетін газдар. Жарылысты жасаушылар оны өз дегеніне иліктіре алмайды, сол пәлекеттің бағытын аспандағы жел билейді-міс...»

Қатер түсінікті. Не болса да Құдай тағала басқа салғанды көрерміз десіп, бір-бірімізге тарадық. Әрине, мазалы ұйқы болған жоқ...»

Күйік бұлағына көшірілген Абыралы тұрғындарының уақытша қонысы. Бүгінгідей есімде: 12 тамыз күнгі ертеңгілікте, сағат тілі жетіге ауған сәтте әкем інім екеуімізді шырт үйқыдан оятты. Итарқа ішіндегі қыздары мен шешемізді қозғаған жоқ. Үрейленгені сонша ақшыл беті аппақ қудай, қонырқай көзі шарасынан шығардай боп ақшиып кеткен, жирен мұрты едірейін, әлденеге зәресі ұшып, күнбатысты нұсқады. Ертiс жақ көкжиектегі аласапыран доданы бірден көрдік: екінші күн пайда болыпты; соны қоршаған қызылқоңыр

бұлт шоғыры аспанға қарай созыла түсіп, ақшулан түске енді; іле-шала қызаран тартып, әлгіден бетер ұзарып, жан-жаққа үйдек-түйдек тарала бастады.

Ертістің бергі жағасындағы, бұл енді бізден кем дегенде 200 шақырымдай қашықтан белең берген, бұрын-сонды көрмеген таңғажайып құбылысты бес-он минут бақылаудан соң Абыралы атырабына қарадык: бір тәуірі, ол жақта тенгедей бұлт жоқ, аспан шайдай ашық...

— Ештеңе сездіндер ме? — деді әкей. — Мен бүгін күн шықпай ояндым. Бүгін де күн әлей қызады-ау деп айналаға тамсана қарап отыр едім, көкжиектен әуелі көзді қарығандай күшті жарық жарқ етті. Құдды бір шыққан күнмен таласа туған екінші жарық көзі сияқты. «Бұл не сұмдық?» деп тілімді кәлимаға келтіріп, көз алмай бақыладым, сәлден кейін әлгі жарық қып-қызыл отқа айналды, ақырында алабажық бұлтқа. Сол тұстан күн күркірегендей әлей дыбысты естідіндер ме? Жә, осының бәрі нендей пәлекет?

Әдеш інім маужыраған ұйқыдан ояна қоймапты, төсегіне қайта қисайды.

Ал мен одан гөрі табиғат сырына ынтызарлау едім, сол әдетіме бағып:

— Табиғаттың құпия құбылыстарында өзгеріс көп. Сірә, мынау да соның бірі.. — дегендей жорамал айтып едім.

— Жоқ, балам, мынау табиғат құбылысы емес. Менің білуімше, бұл — бізді баспанамыздан айдалаға көшірген пәлекеттің тура өзі. Әубәкір қырт әскери ойын деп, ертекке айналдырған, шындығында мынау — әлей күшті қарудың сынағы...

Әкей әлдекімге кіжініп басын шайқады.

— Тек арт қайырын берсін? Әзірейілдей анау қып-қызыл бұлт қанша жерге тарайды, қайда барып, жауын болып жауады, қанша жерді бүлдіреді? Оны бір Алладан өзге кім біледі? Біздің де айдалаға көшкеніміз содан. Соны алдынала жобалаған үкіметке рақмет!.. Тек дымың ішінде болсын, не көрдін, әлгінде мен не дедім — ешкімге айтпа! Әсіресе сен, Медеу аузына екі елі қақпақ қой! Пәлекеттен машайық қашыпты дегенді ұмытпа!..

Көкжиектен көтерілген «екінші күнді» Күйік бұлағында күнсіп жатқан үлкендердің бәрі де көріпті. Бірер сағатта-ақ тақиядай төбенің әр пұшпағынан гу-гу сөз өрбіді. Бәрінің айтары бір уәж: бүгін біздің жерде бұрын-сонды дүниеде болмаған әлей сынақ жасалды, соншама жерден көрініп, жойқын дүмпуінің айдаладағы бізге сезілуіне қарағанда, сірә, керемет күшті қару!..

Үйреншікті жұмысынан ойда жоқта ажырап, жел өтінде күнсіп жатқан жұрттың бір-біріне жеткізген дабыры, әркім үстеме ақпарлар қосып, өзінше күшейтіп, жаппай гулеткен өсек-аяны түс ауа сап тиылды. Өйткені, күндізгі сағат төрт шамасында желаяқ үгітшілер жұртты төтенше жиынға шақырған-ды.

А. САХАРОВ, «Естеліктер», «1953 жыл» тарауы (ықшам нұсқа) 177-182 бб.:

*«...Зельдовичтің ақылына ден қойып, ұйықтардың алдында дәрі іштім (соған дейін менде болмаған әдет). Таңғы сағат 4-те мейманхана тұрғындарын сырттан естілген мазасыз дарыл шырт ұйқыдан оятты. Мен де оянып, терезеге қарадым. Төңірек қараңғы. Ағара бастаған көкжиек астынан күшті жарығын қоспай, фо-*

нарлар сәулесімен бақылау қосындарына жұмысшыларды апара жатқан автомо-  
бильдер керуенін көрдім. Демек, бүгінгі жаңа сынаққа дайындық басталған...

Екі жарым сағаттан соң біз жарылыс болатын алаңнан 35 шақырым шалғай-  
дағы бақылау қосына келдік. Біз дегенім – өзіммен бірге істейтін теоретиктер  
тобындағы жасаң зерттеушілер (Сахаровтың өзі сол жылы 32 жаста – М. С.),  
Зельдовичтің көмекшілері де осында. Іле-шала сынақ бастықтары, әр алуан опера-  
цияларды басқаратын бөлімдердің жетекшілері келді. Менің ғылыми ұстазым Игорь  
Евгеньевич Тамм да қасымызда. Ол кісі мені бастықтар жайғасқан блиндажға  
шақырды. Бүгінгі сынақтың «күнәкары» болғандықтан әдейі шақырған тәрізді,  
алайда мен қарауымдағы теоретиктермен бірге болуды жөн көріп, бас тарттым.  
Көңілді күпті еткен жайт: неше мың адамды әбігерге түсірген сынақ қалай өтеді?  
Жаңа «бұйым» жарыла ма?..

Рәсім бойынша бақылаушы атаулы еденге етпетпен жатуға тиіс. Сынақ  
алаңы жаққа қарауға болмайды. Уақыт коші тоқтап қалғандай, шыдамсыздана  
күттік. Төбеміздегі репродуктор кенет ашық үнмен саңқылдап бақты: «10 минут  
қалды... Бес минут бар... Екі минут! Көзді күшті жарықтан қорғайтын қара козіл-  
дірік киіңдер! 60 секунд қалды!.. 50, 40, 30, 20, 10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1!..»

Сол сәтте көкжиекте әлдене жарқ етті, көзді қарығандай аумақты шар пайда  
болып, іле-шала зорая бастады. Маған сол ә дегенде көкжиекті тұтас қамтыған-  
дай көрінді. Күңгірт көзілдірікті қолыма алып қайыра қарағанымда әлей жарық  
қараңғылық көрпесін айқара түріп, көз нұрын мүлдем сөндіргендей қатерлі сәтті  
кешсем де шыдап бақтым. Әлгі шардың айналасын шарбы бұлттар қоршап, соның  
бәрі қызылкүрең тозаңға көміліп жатқандай әсер туғызды. Әлден соң бұлт шоғыры  
сұрғылт тартып, тұңғық аспанға тік шаншыла самғағанын аңғардым. Жер үсті-  
нен ұзап барады, найзағайдай жарқылдаған жыланқұйрықтар сумаң қағып, шыр-  
кобелек айналып, аспанды торлады. Содан бір сәтте «саңырауқұлақтың» жа-  
йылған етегіне ұқсады. Ал, төменде құстың жүнді сирағына ұқсаған құбыжық бей-  
не пайда болды, бірте-бірте жуандап, алып діңгекке айналды. Сынақ сайын көріп  
жүрген «саңырауқұлақтың» жаңа түрі. Бұл жолғы тек бұрынғылардан әлдеқайда  
зор сияқты. Төменгі тұсында жер үстінен суырған шаң-тозаңнан алашапқын құйын  
түзіліп, бәр-бәрі бізге қарай жүйткіп келе жатқанға ұқсады. Шынында да алапат  
толқын маңдайдан соғып, құлағымызды тарс бітіріп, денемізді де жерге жабысты-  
рғандай үрейлі сәтті бастан кештік. Ауа толқынының қу жанымызды түршік-  
тірген әлей гуілі ондаған секундке созылды. Ең ғажабы, қарақошқыл бұлттар құ-  
зар биікте ұзақ тұрған жоқ, теріскейден соққан желдің айдауымен тұрғындары  
көшірілген таулар мен далаға қарай зу-зу етіп, қазақ ауылдары жаппай қоныс ет-  
кен оңтүстікке қарай жөңкілді.

Жарты сағат шамасында сынақ алаңының үсті мен біз отырған жер бұлт-  
тан арылды. Бұлттар көшіне ілесе далалық дозиметрлік қызметтің ұшақтары тө-  
бемізден зуылдап өткенін көрдік. Бастықтардың бекінісінен Малышев шығып, бізді  
құттықтады. Сонсоң ол әр сөзіне мән бере, мейілінше салмақты үнмен: «КСРО Ми-  
нистрлер Кеңесінің төрағасы Георгий Максимилианович Маленков әлгінде маған  
телефон шалып, өзінің және үкімет атынан сүтегі бомбасын жасаушы ғалымдар-  
ды, инженерлер мен жұмысшылар ұжымын тамаша табысымен құттықтады.

Сахаров жолдас, Георгий Максимилианович сізді ерекше ілтипатпен құттықтап, қолыңызды қысып, құшақтап тұрып, бетіңізден сүюді, бейбітшілік салтанаты үшін ерекше қызметіңізге риза екенін ескертуді маған міндеттеді», — деп мені құшағына тартып құшырлана сүйді...

Басқарма жетекшісінің бастауымен комиссия мүшелері сынақ алаңына аттанды. Мен де сол топқа ілестім. Үсті ашық «газиктерге» жайғасып, тексерушілер қосына барып, шаң-тозаңнан қорғайтын комбинезондар киіп, дозиметрлер алдық. Тәжірибе үшін салынған құрылыстардың қасынан өткенімізде кеше ғана сап түзеп тұрған көп-көрім үйлердің тас-талқаны шыққанын көріп, бас шайқаддық. Тағы бір жерде алдыңғы машина кілт тоқтады. Қанаты күйіп, жерде отырып қалған бүркітті көріпті (Бүркіт емес, текті қыран жазық жерде жүрмейді, сірә, жемтікке құмар қарақұс — М. С.). Бейшара қыран ұшуға талпынып бақты. Алайда көтерілуге дәрмені жоқ. Көзінің де жанары сөніп қалған. Офицерлердің бірі машинадан түсіп, аяғымен тепкілеп, бейшараның тірлігін үзді. Естуімше, әрбір сынақтан соң мыңдаған құстар осындай мүсәпір кейіпке түседі, күшті от жарқ еткенде олар шырқау биікке көтеріліп, қанаты дереу күйіп, көз жанары да сөніп, жерге тасша домалайды-мыс.

Ақырында сынақ алаңына бірнеше метр жетпей тоқтадық. Биік мұнарадан ештеңе қалмапты, бетон құйылған іргесі ғана сақталған. Жердің топырағы балқып, шыныдай шытырлаған қалың қабық түзеген, түсі де өзгеріп, қап-қара өртеңге айналған. Малышев машинадан түсіп, мұнараның іргесіне беттеді. Бастықтың машинасында едім, мен де сөйттім. Іле-шала мойнымызға ілген дозиметрлер безілдей бастады. Мұнара түбіне жетпей машинаға оралдық. Іле-шала кейін қайтып, тексеруші қосқа комбизондарымызды тапсырғанда байқадық: дозиметрлеріміз шектен тыс радиация күшіне шыдамай тоқтап қалыпты<sup>1</sup>...

...Сынақтан соң маған да, теоретиктер бөлімінің зерттеушілеріне де демалуға мүмкіндік туды. Игорь Евгеньевич екеуміз Ертіс жағасына күн сайын ба-

<sup>1</sup> Осы «серуен» Сахаров пен Малышев үшін текке өтпеген. Бұл турасында Андрей Дмитриевич естелік кітабының 184-187 беттерінде әңгімелеген. «Қараша айының басында мен өзімді таң қалдырған түсініксіз сырқатқа ұшырадым. — депті ғалым. — Соның нендей пәлекет екенін осы күнге дейін білмеймін. Академияның клиникасы дертімді «шошка тымауы» деп, Кремль ауруханасының жұқпалы аурулар бөліміне жатқызды. Ондағылар «шошка тымауы емес», тамақ бөртуінің ауыр түрі деді. Қызуым бірнеше тәулік бойы 41,3 градустан төмендемей есеңгіреп жаттым, танауымнан неше мәрте қан саулады, оның құрамы да аса катерлі десті. Қызуым төмендеген соң-ақ қан құрамы түзелгенін күтпей сол ауруханадан «қашып» кеттім. Сол дерт бірнеше айдан соң қайыра шалды. Рас, алғашқыдай емес, бәсең түрде. Бертінде мен соны мен Малышевпен бірге сынақ алаңында «қыдырудың» салдары деген тоқтамға келдім...»

«В.А. Малышев бір жылдан кейін «акқан» дертінен опат болды. Оның кенеттен сырқаттануын, менің ойда жоқта ауырғаным сияқты, 1953 жылғы сутегі бомбасы жарылған аланның іргесіне «қыдырудың» салдары деп түсіндіргім келмейді, сөйтсе де екеуміздің сол жолғы ессіздігіміз кәперімнен еш уақытта шыққан емес... — деген тұжырым айтады кенестік термоядролық жарылыстың авторы. — Көп жылдан соң Малышевтің қызы кездейсоқ болған әңгіме үстінде маған: «Әкемнің қазасына ауыр сырқаттан гөрі биік лауазымынан себепсіз тайдырылғаны қатты әсер етті. Жаратылысында ол күш-қуаты шексіз зор һәм ерекше намыской жан еді, жасы да елудің үстіне көтерілген шағы...» — деген айғақ айтты.

Менінше, екеуі де оның өмірінің ерте үзілуіне әсер еткен...»

рып, суға шомылып, жағадағы тырбық ағаш ішінен дәмі ерекше тәтті бұлдірген мен қарақат теретін ермекке қызыға ден қойдық. Бір жолы сиыр табынын жайып жүрген қазақ шалына кездесіп, хал-күйін сұрадық. «Осынша сиырдан балаларым тоя ішкендей сүт тимейді, мемлекеттік тапсырма ерекше ауыр...» — деп мұнайды бақташы. Тағы бірде 13-14 шамасындағы қызбаланы кездестірдік. «Есімің кім?» — деген сауалымызға ол жайдары үнмен: «Мадриза» деді. «Есейгенде кім боласың?» «Мұғалима болғым келеді» — деді қызбала. Аңдауымша, байғұс қыз мұғалімдікті мамандықтың зоры деп біледі... Осынау екі кездесуден кейін мен Кеңес үкіметінің қарауындағы халыққа қызметі жайында, олардың тұрмыс ахуалының төмендігі турасында күпір ойға түсіп, бір медальдың екі бетін көргендей болдым: бір тәуірі, еңбекші елдің сана-сезімі өзгеріп, игі еңбекке жаппай жұмылған; асты тоя ішіп, көсегесі көгергені әншейін екенін білетінмін; кеше ғана осы аймақтың астан-кестенін шығарып дүңкілдеткен ғаламат жарылыс, сол пәлекет әкелген жазылмас жарақаттан айығудың қиындығын білуден өрбіген ой азабы да алаң көңілімнен сол күндерде тарқаған жоқ-ты...»

Хамза БАЙБОЛАТОВ естелігінің 7-8 беттерінен үзінді:

«12 тамыздағы таңда бізде мазалы ұйқы болған жоқ, ертеңгілік мезгілде тау етегіне жиналып, Дегелең жаққа қарап алаңдап тұрмыз. Кенет подполковниктің машинасындағы рацияның шамы жылтыңдап жұмыс істей бастады. Таңғы сағат 6-да Дегелеңнің үстінен от жарқ етті. Тілімізді кәлимаға келтіріп, «Алла, өзің сақта!» дегенше аспаннан салбыраған саңырауқұлақ көрінді. Тағатсыздана күткен сынақтың ойдағыдай болғанын түсіндік. Рациядан түскен хабар да оңды. Бір сағаттан соң ЯК-2 самоләті Қайнарға келіп қонды. Сонымен келген лейтенант хабаршы жарылыстан түзілген тозақ атаулы «Байтанап», «Тайлан», «Қызылту», «Социалистік Қазақстан» елді мекендерінің үстімен Балқаш көліне қарай ойысқанын хабарлады. Өзіміз күзеткен Қайнардың зақымданудан ада екенін естіген соң көңіліміз сергіді. «Қызылту» мен «Социалистік қазақстан» колхоздарының жұртында қалған адамдарын әскерилер суыт көшіріп, Қайнарға әкеле жатқаны жайында рация арқылы ілездеме хабар түсті. Мен полковник Терехинге: «Қайнардың үйлері түгел ашық. Келе жатқандарды аудан орталығына кіргізбей, Ақтас өзенінің арғы бетіндегі бұйратқа палатка тіккізін, 10 шақырым шалғайға орналастырайық», — дедім. Жедеғабыл, дайындықсыз көшірілген жұртты сол жерге апаруға аупарткомның 2-хатшысы Кашаф Шабанов, мен, Терехин және Токарев шықтық. Тельман атындағы колхоздың басқармасы Жұмагелдин Исатай алып денелі қартаң кісі еді, үстіне шапан киген, жалаңбас, қолындағы дорбасында бір-екі кеседей бауырсағы бар, басына киген бөркін жолшыбай жоғалтып алыпты, зәресі ұшқаны сонша, тілі сақауланып қалыпты. «Малшыларың қайда, адамдарың аман ба?» — десем, ештеңе білмеймін деп басын шайқайды. «Ойбай, улы газ жақындап қалды, қашыңдар!..» деген соң зытып берген. Ал, малшыларды әскерилер машинамен жедеғабыл жиып, малын күзетуге солдаттарды қалдырып, Ақтасқа сол күні жеткізді (Исатай Жұмагелдин ақсақал полигон зардабынан құтыла алмады, 60-жылдары аққан дертінен мерт болды. — М. С.).

*Ақтас өзені бастау алатын қайнар бұлақтың басында отырғанымызда «Волга» машинасымен полковник Бычковский келді. Сынақтың сәтті өткенін жайраңдаған жүзінен сездік. (...). Сынақ болған күн шайдай ашық болды. Түскі тамақты Абыралы тауының етегінде отырып іштік. Полковниктердің арақтары бар екен. Сынақ сәтті өтті десіп, сол қуанышты ащы арақпен тойладық. Сол жерде отырғанда дүрбі салып, Қайнарға қарадым. Қыбыр еткен жан жоқ, ойда жоқта өлі мекенге айналғанына егіліп отырғанымда, бір үйдің төбесінен иелерін жоқтап ұлыған екі итті көрдім. Төбе құйқам шымырлап, мына шіркіндер нендей пәлені бастап отыр деп, көзімнен саулаған жасты тия алсамшы...».*

12 тамызда сыналған сутегі бомбасы – термоядролық карудың алғашқысы болатын. Кеңес мамандары соны айрықша ұтымды жолмен, АҚШ мамандары бір жыл бұрын Эневиток атолосында сынаған бомбадан күштірек, ең ғажабы, салмағын бірнеше есе жеңіл етіп әрі көлемін де кішірейтіп жасауы (демек оны ұшақпен тасымалдауға болады) үкімет тарапынан шексіз қолдау мен марапатқа ие болған).

И.В. Курчатов осы жобаны сәтті басқарғаны үшін екінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған. Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын екінші рет осы жобаға дем беруші ретінде И.Е. Тамм, Ю.Б. Харитон, Я.Б. Зельдович және Харитонның өндіріс саласы жөніндегі орынбасары К.И. Шелкин де омырауына тағады. Әлбетте осы бомбаның негізгі конструкторы А.Д. Сахаров та Еңбек Ері атағын иеленеді. Андрей Дмитриевичке сондай атақтардың алуан түрі және аса мәртебелі түрлері сол күзде және келесі 1954 жылы нөсер жанбырдай жауған: И.В. Курчатовтың ұсынысымен сол күзде-ақ ол сутегі бомбасын жасауға қолданған теориялық тың идеясын автореферат ретінде тұжырымдап, Саров қалашығындағы ғылыми кеңеске ұсынады; сол жұмыс докторлық атаққа лайық деп танылады; соны ВАК кеңесі едел-жедел бекіткен әрі оның кандидатурасы КСРО ҒА-ның толық мүшелігіне ұсынылады; одан да бөгеусіз өтіпті (академияның күзгі сессиясында полигон кеңесі ұсынған ғалымдар И.Е. Тамм, Ю.Б. Харитон, Н.Н. Богомолов, И.К. Кикоин, А.П. Александров және А.Д.Сахаров, яғни Семей полигонының ақылман кеңесшілері болған 6 ғылым докторы КСРО ҒА-на толық мүше болып сайланған. Осы топтың таңдаулы физиктері 1953 жылдың аяғында КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын иеленеді (әрбірі 500 мың сом мөлшерінде ақшалай сыйлық алған). Мәскеу іргесіндегі Жуковка елді мекенінде тыңнан сайланған әрбір академикке үрім-бұтағымен иелену құқығымен алты бөлмелі тұрғын үйдің құрылысы басталды. «Үкімет марапатын ғалымдар ғана емес, Орта салмақты машиналар жасау министрлігінің арнайы басқармаларының бастықтары мен жетекші мамандары, өндірістерде істейтін инженерлер де иеленген.

\* \* \*

Термоядролық алғашқы сынақтың сәтті өтуі Күйік бұлағының жағасында күнсіп жатқан қайнарлықтарды да әдәуір дүрліктірді. Соның бастамасы

төбе етегінде өткен жиында өрбіді. Сол дүрмекке Нұртөлеу екеуміз де қатыстық. Жүк машинасын көлденең қойып, кузовын ашып тастап, соның үстін мінбеге айналдырыпты. Ауданның қос басшысы, облыстан келген жауапты қызметкерлер, әскери шені полковник екеніп пагонындағы жұлдыздарынан аңғардық, сірә, генерал да бар, жоғары шенді екі-үш офицер машинаның үстіне көтерілді. Үнемі күн өтінде жүргендіктен бәрінің де жүздері қарайған. Ал, төменде, машинаны айнала, көде бұрқыраған дөңесте тізе бүгіп біздің адамдар отыр, қарамы кем дегенде үш-төрт мың. Бала-шаға да аз емес. Митингіні аупарткомның бірінші секретары Омар Әсенов ағай ашты.

— Қымбатты Абыралы халқы! Сіздерді байырғы тірліктеріңізден уақытша айырып, күіі өтімді, аңызак жел қыдырған айдалаға көшіргенімізге үкімет атынан кешірім сұраумен бірге, мен сіздерге осы бейнетті тектен-текке тартпағанымызды ескертуді өзіме парыз санаймын. Бұл зауалдың төлемі күллі кенес халқы үшін, жолдастар, орасан зор болғанын мәлімдеуге тиіспін. Өйткені, бүгін, таңғы сағат алтыда Семей полигонында бұған дейін адамзат қауымы естімеген, Америка Құрама штаттарының әскери күштері ешқашанда күтпеген, білмеген керемет сынақ жасалды. Оның қуаты мен жойғыш күші АҚШ ұшқыштары Жапонияның Хиросима қаласына 1945 жылғы 6 тамызда тастап, әп-сәтте бірнеше жүз мың адамның өмірін қиған атом бомбасынан әлденеше есе күштірек!.. — дегенде, Отан сүйгіштігі әлей (неше жылғы қызыл үгіттің әсері деп біліңіз!) менің жерлестерім, әрине, Нұртөлеу екеуміз де құшырлана қол соғып, кейбір қызбалар күнкағар қалпақтарын аспанға лақтырып, енді бірі даланы жаңғырықтырып «Уралап, жарайсын, біздің кенестік ғалымдар!» десіп, біразға дейін Күйік бұлағының жағасын даңғаза айқайға бөледі.

Әсенов ағай жария еткен хабарының жұрт көңілінен шыққанын сезген соң-ақ қолындағы микрофонды қасындағы әскери адамға ұсынды.

Генерал да жаңа сынақтың сәтті өткенін хабарлап, сол сынақты алансыз жасауға полигон төңірегіне ұрымтал қоныстанған үш аудан жұртының — Новопокров, Абыралы және Абай аудандарының тұрғындары отаншыл түсінікпен қабылдап, таңғажайып тәртіппен және ұйымдасқан түрде мекен-жайларын тастап, көшу кезінде уақытша тап болған қолайсыздық пен қиыншылықтарға шыдамдылық көрсеткендеріне рақмет айтты. «Соның бәрі, шындығын айтқанда, сіздер үшін жасалды. Бізге ең алдымен кенес халқының денсаулығы қымбат, оған қоса сіздер біз қоныс еткен аймақтағы көршіміз болғандықтан да үкімет басшыларына үш аудан тұрғындарын қатерден алысырақ аймаққа уақытша көшіруді өтіндік. Міне, көріп тұрсыздар, бұл шара да ұйымдасқан түрде жүзеге асты. Жаңа қарудың сынағы ойдағыдай өтті. Сіздер мекендеген қоныстарды таяу күндерде мұқият тексереміз, сол жұмыс аяқталысымен ескі жұрттарыңызға қайыра көшіреміз...» — деп есіз далада әлі де жата тұратын бейнетімізді сыпайылап ескертті.

Сөз кезегі ауатком төрағасы Хамза ағайға тиді. Ол жайсаң өзіміздің азамат қой, алдында тұрған көпшіліктің көкейін тескен жайттан хабардар болса керек:



— Әй, ағайын, шақырайған күн астында қашанғы жатамыз деген ренішті мүлдем доғарындар. Міне, менің қолымда, КСРО үкіметінің бүгінгі сынаққа байланысты құпия қаулысының көшірмесі тұр. Соның барлық тармағын емес, сіздерге керек біреуін ғана оқимын... — деп даусын көтере сөйлеп, сәл тоқтады. — Міне, алтыншы тармақта: «Қонысын тастап, уақытша көшкен отбасының әрбір мүшесіне, үй иелерімен қоса бесіктегі баласына дейін, яғни әрбіріне 500 сомнан төлемақы берілсін...», — делінген. Ұқтындар ма, Абыралы халқы, бұл тармақтың мәнісін? Демек, мынау тұлдырсыз жалаңаш төбеден Қайнарға қайтқан күні, ауылкеңестегі книга бойынша, барлықтарыңыз да төлемақы аласыздар. Сіздерге тиесілі 1,5 миллион сом облыстық банкте сақтаулы...

Жұрт бұл хабарға да дүркірей қол соқты. Нұртөлеу досым бүйірімнен түртіп бес саусағын көрсетті. Досымның нені мензегенін қолдап, мен оған саусағымның үшеуін бүгіп, қалған жетеуін нұсқадым (оның мәні — Мыкышовтар отбасы 2500 сом алса, біздің үй 3500 сом төлемақы алатынына білдірген қуанышымыз. Бұл енді біздің сол кездегі қарапайым ұғымымызда — «аспаннан жауған батпан құйрық!» Саябай Ысқақов ағайдың әнеугүні «оқуға кетуге асықпандар» дегенін де сол сәтте ұқтық.

Көшкен елдің жұртын тексеру бірер аптаға созылды. Әрине, шынайы жағдайды білгіміз жоқ, кейбір елді мекендер, аңдауымызша, сынақ зақымдаған тозаннан арылмаған. Десем де 18 тамыздан бастап Күйік бұлағының жағасындағы жұрттың алды Қайнарға қайта бастады. Біздің екі үйге көлік 20 тамызда тиді. 21 тамызда біз, екі абитуриент ауатком кеңсесіне бардық. Сөйтсек, атқару комитетінің кеңсесінің алдында қарамамы бірнеше жүз адам тұр. Төлемақы беру басталған. Оның да кезегіне жазылдық, іздегеніміз — Хамза Байболатов ағай. Көзіне түссек — көкейдегі шаруаға көмектесер деген үкілі үміт те баяғы. Жолымыз болды. Кабинетіндегі мәжілістерден босап, түс ауа кеңсе алдынан Хамза Кәріпбайұлының төбесі көрінгенде тұра ұмтылып, сәлем бердік.

— Ағай, бізді қайтесіз, жол жабылардан бұрын мына хатты Алматыдан алғанбыз...

Хамза ағай хатты оқыды да: «Пәлі, жастар, сендер әлі Қайнарда екенсіңдер ғой. Институт дирекциясы сендерді 25-күнгі комиссия мәжілісіне шақырыпты. Ал, бүгін?.. Жол әлі жабық. Оны тексеру айдың аяғына дейін, сірә, бітпейді... — деп ауатком төрағасы маңдайын сипап, кенет екі қолын бір-біріне сарт-сұрт соқты. — Былай болсын, жастар, ертең түс ауа киім-кешектерінді алып, менің кабинетіме келіп құздыып отырындар. Иә, тура сөйтіндер. Маған ертең әскер басшылары келеді. Соларға өтініш айтып, сендерді Семейге жеткізуді өтінемін. Ұқтындар ма?.. Ау, сендерге қаражат керек қой, жұріндер, тап қазір бергіземін... — деп қайран Хамза ағай жайсаң ғана емес, ерекше іскер адам еді, екеумізді қаржы бөліміне жетектеп барып: «Әй, Бекқожин, мына екі баланың отбасына тиесілі төлемақыны осы қазір, менің көзімше бергізі!» — деп қызылқайнарлық көршіміз Мырзахан ағайдың үстелін тықылдатты. Содан, қасқыр соққандай болып, бір қалта ақша алып, үйімізге мейірленіп қайт-

тық. Үлкендеріміз: «Құдай жолдарынды онғарсын, сендерге камқоршы болған Хамза Кәріпбайұлының мәртебесі өсіп, халыққа қызмет етуден жаңылмасын!..» – десіп бізге жолазық камдауға кірісті.

Бокшамызды сүйретіп, келесі күні атқару комитетінің кеңсесіне келдік. Сөйтсек, камқоршы ағамыз шаруамызды ондап қойыпты: дүйім елді көшіруді аяқтаған әскери машиналардың үлкен колоннасы ертенгілікте Орджонокидзе атындағы колхозға астық тиеуге кетіпті; сол жылы Көкшетау өңірін жайлаған колхоздың егіні бітік шығып, «Татанның ақ бидайы» атанған, сол өңірде ғана өсетін, үлкендігі арпадай бидайдың жаңа тұқымы қырманда үйіліп қалыпты; аудан басшылары полигон басшыларынан көмек сұрап, Қиыр Сібірден, шалғай шеттегі Краснояр өлкесінен келген автомобильдерді бос қайтармауға рұқсат алыпты; астық тиеген сол керуен бізді де Семейге жеткізуге тиіс...

Күткен көліктеріміз түс ауа келді. Ауыр машиналардың кабинасына сержант, иә кіші лейтенант жүргізушімен бірге отырды. Сәлден соң колонна бастығының: «Айда, по машинам!» деген бұйрығы естілді. Нұртөлеу екеуміз шығарып салушылармен асығыс қоштасып, кузовқа көтерілдік. Орнымыз жайлы, брезентпен қымталған бидайдың үстіндеміз. Колонна Семейге қарай зымырап келеді. Жан-жақтан көз айырмай қарап отырмыз. Байырғы боз дала, жатаған дөңдер. Күн ашық, көз жетер айналаға құмарта қараймыз. Көкейімізді тескен ынтызар ой – сынақ зардабы. Әзірше бірде-бір апан, оқыс шұңқыр, ең болмағанда күйген жер қыртысын көргеміз жоқ. Сөйтіп отырып Тасбасқан бекетінен өттік. Бекетшінің үйі құлыптаулы тұр. Айналасында үрген ит, иә ұсақ мал көрінбейді. Демек, бекет иесі қыстауына қайтпаған. Бұл енді Қайнардан санағанда үшінші бекет, яғни атақонысымыздан 75 шақырым ұзағанбыз. Содан бір сәтте, сірә, тағы да 20-30 шақырым жүрдік білем, колонна тоқтап, керуенбасы офицер барлық жүргізушілерге жүз шақырымға дейін тоқтаусыз жүруге және жылдамдықты жоғары ұстауға бұйрық берді. Ол бізге де жақындап келіп, брезент жаппаны көтерді де соның астына кіруге мәжбүрледі. «Неге? Не себепті?» деген сұрағымызға қолын шошайтып, жол жиегіндегі тақтайшаны нұсқады. Сөйтсек онда «Қауіпті зона, аялдауға болмайды! Денеңізді ашық ұстаманыз!» деген аңдатпа жазылыпты.

Амал қанша, көңіл шіркін көрмекке, білмекке құлшынып тұрса да бұйрыққа бойсұндық. Машиналар қайта қозғалды. Жылдамдық жоғары екенін сезіп отырмыз. Брезент астында ауа жетпей пысынап жатып, қайда келе жатқанымызды, қауіпті жолда нендей өзгеріс болғанын білгіміз келеді. Мен тыныш жата алмай: «Тайлан бекетіне тақадық. Бұл енді Дегелең тауының тұсы. Киров атындағы колхоздың орталығы осы жерде...» – деймін. «Ал, Дегелеңде не пәле бар?» «Пәлі, білмейсің бе, бұрынғы сынақтар, осы жолғы да соның арғы бөктерінде жарылған. Демек, біз, тап қазір ең қауіпті зонадамыз, содан тезірек өту үшін, міне, жүйткіп келеміз». «Әй, сен, байқадың ба? Тасбасқаннан өткелі ұшқан құс, тіпті торғай көрінбейді. Жол бойынан дән іздейтін тышқан да құрыған...» – деп Нұртөлеу менен гөрі байқағыштығын аңғартты. «Біздің осы

сапарымыз да – басымызды катерге тігу! Бекерге асықтық. Сірә, мына жер зиянды тозаннан тазармаған...» – деп едім, досым аузымды басып: «Қой, қайдағыны көйтпе! Не болса да бұйырғанын көреміз...» – деді. Мен брезентті көтеріп, жол бойын көргім келіп еді, Нұртөлеу: «Әй, жыбырламай тиыш жат. Сақтансаң сақтаймын дегенді ұмытпа!» – деп қолымды қағып, үстемдік көрсеткендей болды.

Содан тоқтаусыз жүріп, түн ортасында Семейге жеттік...

Хамза БАЙБОЛАТОВТЫҢ естелігінен:

*«Сынақ болардан бір күн бұрын жабық фургонмен жүрген офицер жігіт қасында екі-үш солдатты бар бізден жолбасшы алып, Абыралының оншақты жеріне, бірінен-бірі едәуір қашыққа қоянның көжегі, әртүрлі тышқандарды, тағы бірнеше жәндіктерді темір торымен түсірген-ді. Солардың бәрін сынақтан соң түп-түгел жинап алды. Қаншасы ажал құшып өлгенін, қаншасы тірі қалғанын білмеймін. Құпия десті. Жарылыстан пайда болған шаң-тозаң шалшық суға, ашық ыдыстағы мұнай өніміне, малдың жас тезегіне жабысқақ болады екен. Фургонмен жүрген әскерилер олардан да үлгі алғанын естідім. Қысқасы, полигон төңірегіндегі жерсуды әскери мамандар мұқият тексерді. Алайда?...*

*Сынақ дақпырты саябырлап, шамасы бір айдай мерзім өткенде Дегелеңнің бауырынан көктемде қауырт көшірілген колхоздар бұрынғы қонысына қайтатын болды. Айтуларынша, олардың жері зақымданбаған. Жұрт соған да имандай сеніп, ескі қоныстарына қуана көшті. «Ұзынбұлақ», «Тайлан», «Еңбектес» колхоздарының адамдары сол күндері жүндері түсіп, терілері тулаққа айналған қасқыр, түлкі, қояндарды коріп, кейбірін бала-шаға жаяу қуып, күрекпен соғып алыпты. Демек, сол қайуандарда қашуға да дәрмені болмаған. Жергілікті халық Мыржық пен Дегелеңнің бөктерінен жүні түскен арқарларды да жиі кездестірген.*

*...Ең шатағы, әскерилердің бізге жер тазарды, қауіпті ештеңе жоқ дегені әншейін ақпарға айналды. Екі жылдан кейін Мыржықтың бауырына шоп шабуға барған қайнарлық азамат, трактор бригадирі Шақшай Бекішев айналасы бір аптада ауырмай-сырқамай қайтыс болды. Соңынан білдім: сол мақатта жайылып жүрген арқарды атып, етін жепті; сап-сау жүрген кейбір адамдар аяқ астынан ауырып, дәрігерлік жәрдем ала алмай, опат болуы әр ауылдан байқалған-мыс...*

*Менің нақты білетінім: Мәпиза Нәсенова, Ыбрайым Түсіпов 35-36 жасында аққан дертінен қайтыс болды. Тетелес інім, Қайнар орта мектебінің мұғалімі Қайырбек Кәріпбаевтың 4-класста оқитын ұлы Қайнарбек үйде жүріп екі құлағы тас бітіп, тілі байланып қалды. Сол байғұс осы күнге дейін мүгедек... Қысқасы, 1953 жылдан бастап Абыралы атырабында бейдауа дертке, аққан ауыруына немерсе одан да өзге зауалға ұшырағандар жиіледі. Олардың қарама алғашқы жылда-ақ қауырт көбейді...»*

Компартия ардагері Алтынбике БЕКТҰРҒАНОВАНЫҢ естелігінен (ШҚО, Жарма ауданының «Рауан» газеті, 6 желтоқсан 1990 жыл):

*«Он бес тәуліктен кейін Қайнарға қайтып оралдық. Аудан орталығының үстінен үлкен сел өтіпті. Шатырсыз, саман кірпіштен қаланған үйлеріміздің төбесінен,*

іргесінен су кіріпті. Қора-қопсылардың іргесі үгітіле бастаған. Екі-үш күн ұдайы үйге жиналған шалшық суды сыртқа тасып, есік-терезелерді ашып, еден-қабырғаларды кептірдік. Байырғы қонысынан көшкен колхоздар қыстауларына бірден қайта алмады. Сөйтуге рұқсат болмады. Ескі мекендері уланған, бүлінген деген сыбыстар өрбіді. Сол колхоздардың еккен егіні ысырап болды, шөп те шабылмады.

Мен о кезде КСРО Дайындау министрлігінің Абыралы ауданындағы окілімін. Қызмет бабымен ауылдарға шыққанда жол бойында жүні түсіп, өліп жатқан түлкі, қарсақтарды көрдім. Кейбіреулер Дегелең атырабында қырылып қалған арқарлар мен киіктерді кездестіріпті... Тайланға жақын Тасбасқан деген жерге сол маңаттағы колхоздардың қойын электроқайшымен қырқуды ұйымдастыру үшін ауаткомның өкілі болып бардым. Тасбасқанға 10-15 шақырым қалғанда қараған атаулының түбінде теңкііп жатқан 4-5 айлық қозыларды көрдім. Карамы жүз шамалы. Ауыл иелерімен ақылдасып, соны «топалаң» деген ауыру деп, отардың ішетін суын, жайылымын өзгертуге ұйғарым жасадық. Басқа жерге көшірілсе де марқалар өлімі тиылмады. Қазірде ойлаймын: солар да топалаң емес, жарылыстың салдары болар деп...

Абыралы ауданы тараған соң обком мені Шар аупарткомына жіберді. Бірнеше жылдан соң Шар ауданы таратылып, Жармаға қосылғанда сол өңірге көштім. Осы ауданда зейнетке шықтым. Енді әскери полигоннан тартқан қасіретімді айтайын: Әкем Сатқанбай 60 жасында, шешем 53 жасында 10 баласын жетім етіп (үлкені – мен) белгісіз аурудан опат болды. Туған сіңлім 50 жасында обырдан өлім құшты. Өзім 1979 жылдан беріде дәрігерлердің бақылауымен тірі отырмын, денсаулығым тек мәз емес... 1942 жылы туған бауырым бір аяғын кескізді, о да ауруханадан шықпайды. Өзімнің екі балам да сырқат. Бұл енді біздің әулеттің көргені. Ал, осындай ахуал Абыралыдан Жарма ауданына көшіп келген барлық жерлестерімнің отбасында бар. Бәрі де 1949-1954 жылдарда Абыралы жерінде отырып, әскерилер жасаған сынақтың зардабын шеккендер. Дұрман деген құрдасым тепсе темір үзгендей алпамса денелі палуан жігіт еді, 25 жыл болды сал болып, аяқ-қолдан айрылып, үйінде отыр. Осындай жайт Жарма ауданын қоныстанған абыралылықтардың бәрінде бар, ал олар үш жүздей отбасы. Ең қиыны, солардың бірде-бір дәрігердің есебінде жоқ, Абыралы, Абай, Семей жұртына полигон залалы үшін төленетін қосымша ақыдан да нәумез қалды. Өз басым осы әділетсіздікті түсінбеймін. Жоғары орындарға жазсақ, Жарма ауданының еңбекшілері полигон зардабын шеккен тізімге енбеген... деген сырғытпа жауап келеді. Сонда олардың «кінәсі» – туған жерінен осы ауданға еркінен тыс көшкені ме?..»

Инженер-энергетик Ғабиден МҰСАЙЫНОВТЫҢ ауызекі әңгімесінен:

«Полигон кесірінен зардап шегіп опат болғандардың алғашқысы – менің әкем Мұсайын, Абыралы ауданындағы Молотов атындағы колхоздың байырғы мүшесі. Әкеміз алпамса денелі, аса қайратты, ешқашанда ауырмаған кісі еді. Жайлауда отырғанда қалың өрт шығып, айналасынан ор қазып 17 мая шөпті оттан қорғаудан соң қаңтарулы тұрған көк айғырмен қаптаған отты жарып шыққан сәтте әбден шөлдеген тәрізді, айдаладағы шалшық суды тоя ішкен. Соның артынша қылта-

мақ ауыруына ұшырады. Біз, үрне-шүрне үш ұлы, ажалына себеп өрт деп түсіндік, әкеміз 1956 жылы алтыс жасқа да жете алмай қайтыс болды. Сөйтсек, шалшық су радиациямен уланған. Жұртқа соны ешкім түсіндірген жоқ. Сірә, полигон қызметкерлері де ештеңе айтпаған...»

Физик ғалымдар термоядролық жарылыста түзілетін радиоактивті «іздің» залалын күн ілгері болжап, тұрғын халықты сынақ аланынан алысырақ жерге көшіруге әскерилерді мәжбүрлегенін мен осы тараудың басында сөз еткенмін. Алайда?..



Абай Құнанбайұлы



Шәкәрім Құдайбердіұлы

«Біз болжаған қатер жарылыс нәтижесін тексерген кезде толық бекіді. Мысал айтайын: Қарауыл елді мекенінің тұрғындарын алысырақ аймаққа көшіруді ұсынғамыз, өйткені ең қатерлі, «із» молырақ түседі-ау деген оңтүстік бағыттағы елді мекен. Ең қиыны, сол мекеннің тұрғындары – бірнеше мың адам... – депті А.Д. Сахаров «Естеліктер» кітабының 176-бетінде. – Сынақтан соң аспандар анықтаған деректерге қарасақ, радиоактивті «іздің» қомақты мөлшері Қарауылға және соның айналасына түсіпті. Көшірген кезде әскери бақылаушылар сөл байғұстарға «бір айдан соң үйлеріне қайтып келесіндер» – деген-мыс. Алайда, қарауылдықтар қыстау үйлеріне бір ай қайда, 1954 жылдың көктемінде ғана оралды.



Халел  
Ғаббасұлы



Тұрағұл  
Ибрагимұлы



Шәкір  
Әбенұлы



Камен  
Оразалин



*Арап  
Еспенбетов*



*Шырын  
Курманбаева*



*Ерлан  
Сыдықов*



*Сұлтан  
Оразаұлы*



*Кәрім  
Нұрбаев*



*Хафиз  
Матаев*



*Рымхан  
Ғабдуллин*



*Уәлхан  
Әбділманов*



*Бекен  
Имаханов*



*Молдабек  
Жанболатов*



*Рысхан  
Мұсаұлы*



*Мұратбек  
Жанболатов*



*Тыныштықбек  
Әбдікәкімов*



*Мерғали  
Ыбыраев*



*Айгүл  
Кемелбаева*



*Төлеген  
Жанғалиев*

**ЕСКЕРТУ:** Андрей Дмитриевич мысалға алған Қарауыл кенті – Абай ауданының әкімшілік орталығы. 1953 жылы сол мекенде кем дегенде 500-дей отбасы тұрған, яғни жалпы адамы 5-6 мын. Солардын бәрі тамыз айынын алғашқы аптасында көрші ауданға Қарауылдан 150 шақырымдағы Аягөз және Баканас өзендерінің Шыңғыстаудан түстікке құлайтын жадағай жағасына уақытша көшірілген. Сынақтан кейінгі тексеруде Қарауыл үстіндегі радиация мөлшері 250 рентген болыпты (Саржал мен Қайнар кенттерінде 150 рентгенге жеткен). Сол радиация осы атырапта, әсіресе Қарауылда жыл бойы сақталған. Демек Шыңғыс аймағындағы қалың ел қазіргі зонада жыл бойы өмір сүрген. Ең шатағы, қарауылдықтар байырғы мекеніне А.Д. Сахаров естелік кітабында даралап көрсеткендей, келесі жылы емес, тамыздағы сынақтан соң алды 10, соңғылары 15 тәулікте қайтарылған.

Жә, сонда сутегі бомбасын жасаушы ғалым неше мын адам зардап шеккен тауқыметті неліктен жансақ баяндап отыр? Біздің шамалауымызша, полигон басшылары өздері қолдан жасаған қылмысты А.Д. Сахаровқа теріс-қағыс




мәлімдеген. Ғалым сол өтірікке сенген, шынайы ғылым иесі үшін бұл – иланымды аңғалдық.

Біздің осы жорамалымыз шерлі айғақтармен бекиді: радиоактивтік тозанды жыл бойы жұтқан қарауылдықтар (демек, Шыңғыстаудың түстік және күншығыс атырабындағы қалың ел – Жидебай, Шибойы, Орда, Абай, Бірлік, Әтей, Қызылту және Тельман атындағы (Саржал ауылы) шаруашылықтары түгелдей тамыз айының соңғы аптасында ежелгі қонысына қайтып оралған неше мың адам тау-тасы, өзен-бұлағы, мал жайылымы, шыңырау құдықтарына дейін радиациямен әбден ластанған суды ішіп, зиянды тозаң бықыған ауаны жұтып, ақырында айықпас ауыр дерттерге ұрынған.

Соған дәлелге зерттеуді құпия жүргізген Семейдегі жабық 4-диспансердің меңгерушісі Б.И. Гусевтің 1990 жылдары ғана жұртшылыққа жария еткен ғылыми ақпарынан үзінді келтіремін: «1963 жылға дейін әртүрлі диапазонда иондық радиациямен зақымданбаған Семей облысының бірде-бір ауданы қалған жоқ. Өкінішті жайт: территорияның былғануы, адамдардың радиация







*1962 жылғы 7 тамыздағы жарылыстан тараған радиациялық бөлшектердің картасы. Осындай таралу ауадағы және жер бетіндегі барлық жарылыстарға тән. Біздің халықты қойдай жусатқан пәлекеттердің бәрі де осыдан тараған*

бөлшектерімен жаппай улануы одан кейін де тоқтаған жоқ. Біздің есебіміз бойынша, осы жылдарда Семей облысының кем дегенде 500 мың тұрғыны иондық радиация сәулесінің зиянды әсеріне шалдықты. Әлбетте біз Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алтай өлкесінің тұрғындары арасында ешқашанда зерттеу жүргізген жоқпыз...»

Талғат СІЛӘМБЕКОВ, Қарауыл тұрғыны, «Қырықтың бірі – мен едім», «Қазақ әдебиеті», 1990 жыл, хаттаушы – Дәулет Сейсенов:

*«Сол күні аспан ашық болатын. Бір уақытта сол теңбілсіз кокте найзағай жарқ ете қалды. Қарауылдың іші-сырты, алыс көкжиек қанқызыл түске еніп, алып саңырауқұлақ төбемізден төнді. Бетке ұрған ауа толқынынан сәл-пәл деміккендей болдым. Ілезде жел үдеп тоңіректі қою шаң басты. Екі сағаттан соң әскери адамдар вертолетпен ұшып келді де, бәрімізді жедеғабыл машиналарға отырғызып, Шыңғыстың ішіне ала жөнелді. Мұқым аудан орталығында небәрі 40 адам қалыппыз. Ортамыздағы жалғыз әйел – сатушы Жәкен Әсімжанова (60-жылдардың орта шенінде бейдауа дерттен қайтыс болды). Әскерилер аты-жөнімізді дәптер-*

леріне тәптіштеп жазды. Қолдарындағы шолтаңдаған таяқшалармен (дозиметр екенін кейіннен білдім) үсті-басымызды тексерді. Ақырында стаканға толтыра құйып арақ берді. Сынақтың уытын қайтарады деген соң, жасаң кезім, бір-ақ тарттым. Жәкен сорлы арақты жұта алмай шегіншектеп еді, әскери офицер ішпеген еркіне қоймады, байғұс әйел әрең дегенде жартысын ғана ішті. Іле ішкенін қайта құсты...

Аудан тұрғындары араға жиырма күн салып үйлеріне қайтты. Аман-сау қауышқанымызға мәз болып, бастан кешкен сол тауқыметті ұмыттық. Бірақ, Қараялды күзеткен 40 адамды айтамын, әскерилер ұмытпапты. Бір жылдан соң сегіз адамды таңдап алып (неге сөйткенін осы күнге дейін білмеймін), Семейдегі бруцеллезді емдейтін емхана десетін бүркеніш атауға ие 4-ші диспансерге апарып, біржарым ай бойы денсаулығымызды тексерді. Тек бірде-бірімізді емдеген жоқ, Мәскеуден келген дәрігерлер әлдебір мақсатпен бізге тәжірибе жасады. Оны да білгеміз жоқ. Бірер адамды Ленинградқа апарып қайыра тексерді.

Енді сол теперіштің немен аяқталғанын айтайын: қырық адамнан бүгінде 7-ақ адам тірі жүрміз, 33 адам лейкоз, жүрек пен жүйке ауыруларынан елу жасқа жете алмай опат болды. Біздің де тірі деген атымыз ғана, елуге жетпей әлжуаз пендеге айналдық... Солардың бірі – мен. Алматы дәрігерлерінің анықтауынша, қанымдағы лимфоциттің мөлшері – небәрі 269, ал жаңа туған нәрестенің қанында сол шіркін 500-ден асады екен. Қанның құрамын оңдаймын деп әбден шаршаған адаммын. Ендігі үмітім – Жапонияда, сол жақпен келіссөз жүргізушілер бар. «Көжек» болғандардың бірі – Дінсіләм Арғынбеков, мектепте екеуміз бірге оқыдық, әскерде де бірге болдық, 4-диспансерге де бірге бардық. Ол досым өткен жылдың наурыз айында марқұм болды. Менде 9 бала бар, біреуінен өзгесі өз алдына шаңырақ көтерді; бәрінің денсаулығында ақау көп – жүрек, қан, тері ауыруларымен ауырады; Аққу есімді немерем жарық дүниеге бір аяқ, бір қолы сал болып туды; қазірде жасы он бірде, 70 сом зейнетақы алады, сол ақша оған денсаулық бола ма? Менің қазіргі уайымым келер ұрпағым қандай күйде туады, тұқым қуалайтын мына радиация деген пәлекет оларды да шала ма деген қауіп?..»

Қуат ЕСІМХАНОВ, «Семей полигоны» тек қана Семей ме?», Ақсу қалалық партия комитетінің бірінші секретары:

«Мамыр ауданының әскери полигоннан небәрі 18 шақырым іргесіндегі «Жалтыр» кеңшарында мен бірнеше жыл директор болып еңбек еттім. Жоталар қақ айырылып, алып саңырауқұлақ көкзеңгір аспанға атылар алдындағы жер төсінің жан біткендей дөңбекшігенін көргеніңіз бар ма? Мен көрдім, бір емес, бірнеше мәрте. Ал, тоғыз ай бойы көтеріп, жарық дүниеге келген қызылшақа перзенті адамға ұқсамайтын қорқынышты сұлбе болып туғанын көрген ананың қиналысын бір сәт көз алдыңызға келтіріп көріңізші: маңдайында – жалғыз көз, миығы желкесіне шодырайып біткен, қадалып қарауға дәтіңіз шыдамас құбыжық... Мен сондай да сәбилерді көрдім. Тапқан баласын анасына көрсете алмай дел-сал болған дәрігерлердің шарасыз кейпін талай рет бақыладым. Құбыжық сияқты мал төлдерін

*айтпай-ақ қояйын. Осылардың бәрі «Жалтыр» кеңшарында жиі болған жан түршігер оқиғалар. Ал, жоғарыдағы басшылар біздің аймақ – Семей емес, Павлодар облысы болғандықтан әлгіндей оқиғаларды кәперіне сірәда алғысы келмейді. Мұндай жайтты Қарағанды, Жезқазған, Шығыс Қазақстан облыстарының да бірқатар шаруашылықтары басынан кешкен...»*

\* \* \*

Атомдық қаруларды қайткен күнде көбейту «жарысында» Кенес Одағы 1953 жылы-ақ өзімен бәсекеге түскен мемлекеттердің ту алдына шықты. Ғажап жетістік! Тегінде бұл кенестік өндірістің де табысы! Амал не, нақ осы гәп онымен бәсекеге түскен елдердің атомдық қарулар жасау «жарысын» үдетуіне түрткі болған. Ең әуелі екі алып держава АҚШ пен Ұлыбритания, кейініректе өнеркәсіп деңгейін ілкі көтерген Франция атомдық сынақтарды көбейтіп, қайткен күнде алда болуға тырысқан...

Амал не, сөз тайталастың адамзат қауымы үшін сорақы бәсеке екенін ешқайсысы да ойламаған, «Апыр-ау, біз не істеп отырмыз?!» – деп бірде-бірі бас ауыртып киналмаған. Сайып келгенде қайран жер радиация бөлшектерімен бей-берекет ластанды. Ең ғажабы, сол кесел неден болды, қай елдің бомбасы деп таңдамайды. Атомдық, ядролық сынақтардың бәрі де жер-жаһанды, ауа мен суды радиоактивті заттармен мейілінше былғайды. Нақты анықтау



*Кең көсілген нулы-сулы қайран Шыңғыстау*

қиын. Ең шатағы, соларды қайтадан сүзіп, иә жиып алуға болмайды. Демек, билік басындағы ақылмандар, біздің де, шетелдердің де өздерінше озық ойлы саналған, шындығында нағыз көрсоқыр «көсемдерінің» бірде-бірі сол үшін адамзат қауымы алдында жауап бермеген. Бірі де жазасыз құтылды. Ал радиация зардабына тұтылғандар – адамзат қауымы, солардың бертіңгі ұрпақтары.

Тек қана біздің ел бойынша нақты айғақтарды келтіремін...

Семей полигонындағы шектеусіз көп жарылыстар Ертістің ұлан-асыр бойына, яғни Ресейдің Алтай өлкесі мен Құлынды даласын мекендеген бір миллиондай халыққа, солармен бірге Өскемен, Семей, Павлодар, Рубцов, Барнауыл қалаларының тұрғындарына, Дегелең мен Мыржық атырабындағы колхозды ауылдарға, Бесқарағай, Новопокров, Бородулиха, Абай, Абыралы, Шар, Жарма, Аягөз, Мамыр, Ақсу, Егіндібұлақ, Қарқаралы, Шұбартау, Үржар және Мақаншы аудандарының тұрғын халқына (осы мекендерде сол кезде 2,5 миллиондай жан иелері өмір сүрген) ғасырлар бойы жазылмас қасірет әкелгені – бүгінде ешкім де бекер дей алмайтын шындық!

Анығында бұл – күллі Семей елі, Ертістің полигонға ұрымтал алқабындағы үлкенді-кішілі елді мекендердің бейкүнә тұрғындары ХХ ғасырдың екінші жартысынан беріде басынан кешкен ауыр кесепаттын **АЛТЫНШЫСЫ** және **АУЫРЫ** (Алғашқы бесеуін өткен тарауда сөз еткенмін).





## БЕСІНШІ ТАРАУ

# ҚОРҒАУШЫСЫ ЖОҚ ЕЛ ЖЕТІМ



**А**ндрей САХАРОВ, «Естеліктер», «1953 жыл» тарауы, 183-б.:

«Сынақ сәтті өткен соң Мәскеуге оралдым, қараша айы болатын, Малышев мені кабинетіне шақырып, қаруымдағы теоретик физиктердің алдағы жылдарда шұғылданатын басты ізденістері туралы, «бұйымның» қандай түрлерін жасайтынымыз жайында, солардың қандай идеяға негізделетінін және жобалық қуаты турасында қысқаша мәлімдеме жазып беруді өтінді. Мұндай мәнді мәселені жедеғабыл жазуға болмайтынын, ұжыммен ақылдасу қажеттігін ескертіп, бас тартқаным жөн еді. Амал не, тың идеяларды күні-түні қоздатып жүрген шабытты шағым, қайсыбірі бұрынғылардан әлдеқайда ұтымды деген ойға да сенімім күшті. Не керек, шатастым, министрлікте отырып, басымдағы тың идеяларды түп-түгел қағазға түсіріп, біздің ұжымның алдағы екі-үш жылға зерттеу жоспары ретінде ұсындым. Әлбетте сәтті сынақтан кейінгі «білгіштігіме» күмәнсіз сенудің салдары екенін кеш ұқтым (Бір тәуірі, сол «сырқатпен» ұзақ ауырғам жоқ). Малышев те менің өзгеше «дарыныма» сенген, сірә, Курчатовтың, Келдыштың және басқалардың мені ерекше қолпаштаған мадағы түрткі болған.

*Қысқасы, екі аптадан соң Малышевтің ұсынуымен Орталық Комитеттің төралқа мәжілісіне шақырылдым.*

*Мәжіліске Маленков төрағалық етті. ОК-ге барарда Малышев маған: «Бекерге мазаланба. Георгий Максимилианович бұрынғы такаһар қалыбынан қазірде өзгерді. Кімді болсын ынтамен тыңдайды, қызметі томен адамдарға көзқарасы өңды...» – деп өзімді еркін ұстауға әзірлеп бақты. Шынында да Маленков сол күнгі мәжілісті біржосын парасатты сабырмен жүргізді. Баяндаушыларға кереғар сұрақтар қойып, сөзін бөлген жоқ. Тығыз денелі, беті де томпайған, үстіне жасыл китель киген. Томсырайған қалпынан өзгермей үнсіз отырды.*

*Көкейкесті мәселе туралы сөзді Малышев бастап, келесі сынаққа дайындықты әсірелеп баяндады. Мен сол есептің күмәнді тұстарына ғылыми түсіндірме бердім. Сөйтеміз, бүйтеміз деген қыздырма сөзге түспей, дүдәмал жайттарға қосымша зерттеу жасайтынымызды ескерттім. Байқауымша, төралқа мүшелері менің мәлімдемемді ғалымдарға тән сақтыққа жорыды. Өйткені, көпірмесі мол уәдені Малышев көзір ете сөйлеген-ді. Молотов қана маған нақты сұраулар қойды, Вячеслав Михайловичке мен бәрін де алдағы сынақтар көрсетеді деген ойымды қайталадым. Мәжіліс Малышевке әнеугүні өзім жазып берген «тың идеяларды» жаңа бөмбаларға айналдыруды міндеттеген қаулы қабылдаумен аяқталды. Үкіметтің сол күнгі екінші қаулысы зымыран жасаушыларға арналды. Оның да бір тармағы мен ұсынған «тың идеяға» байланып, ерен күшті және өте алысқа ұшатын зымырандар жасауды тездетіп, сутегі бомбаларының жеңіл түрлерін дұшпан елдің жеріне тасымалдау мәселесін сөз еттік...»*

Байқайсыз ба, оқырман, қағаз жүзінде күрделі іс оп-оңай шешілген. Кеменгер академик Сахаров тың идея ұсынды, пәрмені күшті министр Малышев соған шүбәсіз сенген, ал үкімет мүшелері, оның басшысы Маленков тың ойды қуана құптап, қаулымен бекітіп, жүзеге асыру мерзімін белгілеген. Қажет қаржы көл-көсір босатылған, мыңдаған тонна шикізат, өңдеуші өндірістер, соларда істейтін жүз мыңдаған жұмыскер екі жүздей физик-теоретиктер жобалаған конструкция жойқын қаруға айналуға тиіс...

«1954 жылдың алғашқы айларында-ақ мен ұсынған «тың идеяларды» жүзеге асыру қиын екендігі мәлім болды. Сол ойдың «бұйым» қуатын әлденеше есе өсіретініне ерекше сенген едім. «Экзотикалық идеясы» мол ұсыныстарыма есеп-қисап жасап, жан-жақты талдаудан соң әншейін бопсаға айналды. Рас, «бұйым» сәл-пәл жақсарады, соны жүзеге асыру үшін бұрынғы технологияны түбірімен өзгерту қажет. Ең шатағы, сол жұмыс бірнеше жылға созылатын әрі нәтижесі беймәлім машақат болуы да кәдік... – деген мойындау айтыпты Андрей Дмитриевич «Естеліктер» кітабының 12-тарауында. Бұл да шынайы ғылым иелеріне тән жарасымды қылық. – Біздің бөлім «бұйымды» экзотикалық қосымшалармен күшейтуден бас тартқан шешім қабылдады. Сол қарсаңда «бұйымның» күш-қуатын ерекше күшейтетін тың ой туып, оны «Үшінші идея» деп атадым. Ақырында сол «идея» басымда шыр айналып жүріп, 1954 жылы ұтымды әдіспен бекіді. Бөлімдегі серіктеріме сол өзгеріс ерекше

ұнады, Курчатов пен Харитон да тын идеяның сонылығын, ұтымдылығын бірден сезіп, тездетіп жүзеге асыруға құштарлық аңғартты. Соны тек министрлікпен келісу керек...».

Десек те бомбаларды жасау мен сынау жұмысына жауапты қос қайраткер И.В. Курчатов пен Ю.Б. Харитон министр В.М. Малышевтің үкімет қаулысын өз бетінше бұзуға келіспейтінін білгендіктен жаңа «бұйымды» Сахаровтың «үшінші идеясы» бойынша тезірек жасауға бұйрық беріп әрі үкімет қаулысында көрсетілген жобаны қосымша әзірлеген. Ал, теориялық бөлім мен өндіріс мамандары «үшінші идеяға» көбірек көңіл аударып, бастапқы жобаға сүлесок қараған. Сол жайтты министрлікке сездірмеу үшін «классикалық әдіспен» әзірленген «бұйымдарды» көбірек дайындап, сынау ерекше жиілеген...

Сайып келгенде соның зардабын Ертіс алқабындағы қалың ел тартқан. 1954-1955 жылдарда Семей полигонында жер бетінде сыналған 13 жарылыс осы бопсаны ақтау үшін жасалған. Бұл енді «жапалақты таспен ұрсаң да, иә соны тасқа соқсаң да – жапалақ өледі...» дегенге ұқсас сорақы жайт. 1956 жылға дейін полигон төңірегіндегі тұрғын халыққа сынақ жүретін мерзім алдын-ала хабарланбаған. Кезекті сынақтарды семейліктер жер-көк дүңкілдеп, терезелері қаусап, тұрғын үйлерінің қабырғаларында саусақ сыйғандай сызаттар пайда болғанда ғана білген. Дамылсыз тарсылдан қажыған, үрейлері ұшқан, ауру-сырқауы жиілеген семейліктер наразылық білдіріп, «Мына көршілер кімді басынады? Неге біз тәжірибе тышқандарына ұқсап, қатер астында өмір сүреміз?» деген тәрізді сұраулар көбейіп, облыс басшылары көпшілік ренішін Қазақстан үкіметі арқылы полигон қожаларына жеткізген. Үнемі емес, әредік. Сынақ бүліншілігі зорайған кезде ғана. Мысалы, қаладағы ет комбинатының даңғарадай үлкен терезелері бірде күл-талқан болып, тайқазан толы біржарым тонна жентектелген етке сау етіп түскенде бір топ жұмысшы шу көтеріп, обкомға барған. Ал, ондағылар: «Қазанды жабық ұстаңдар. Өнімді аман сақтау – цех бастығының міндеті. Кінәлі өздерің...» – деген жеку білдірген. Күлесің бе, жылайсың ба?..

Әскерилер бертінде радио арқылы: «Ертең, пәленше сағатта пеш жақпай, есік-терезелерді қымтап, үйдегі адамдардың сыртқа шығуын әредік ескертетін болды; шындығында сондай ескертулер сынақ қуаты 50 килотоннадан асқанда ғана берілген, қуаты одан төмен сынақтар бәз-баяғыдай жым-жырт жасалған...

Сол сынақтарды халыққа алдын-ала хабарлау полигон басшыларының көкейінде кереғар пікірлер туғызған. Бұл енді ойына келгенді істеуге дағдыланған өркөкірек пиғылдың салдары. Нәтижесінде әскери зонаның жетекшілері сол әуреден біржола ада болу үшін тұрғын елді алаңдатқан, өздерін үнемі әуре-сарсаңға салған шатақ мәселені мүлдем өзгеше шешуге қам жасаған. Ол болса Семей облысының өздерімен көршілес үш ауданды таратып, соларда тұратын жиырма мыңдай халықты алысырақ аймаққа көшіріп, қисапсыз мол жерді аса қуатты жарылыстарға тежеусіз пайдалану. Қысқасы,



үкімет қабылдаған құпия қаулы ең алдымен Абыралы ауданын жоюға арналған. Одан кейінгі кезек – Абай мен Шұбартау аудандарын тарату...

Тұрсынғали МОЛДАҒАЛИЕВ, «Дәуір сомдаған тұлға» («Қабыкен Құсайынұлы» атты естелік кітаптан (А., 2009 ж., 41-42 бб.):

«Асығыспыз, шақырылған жұртты бірінші хатшының кабинетіне тез жинаңдар!» деген хабар таратылды. Бірінші хатшы – Омар Әсенов. Кабинеті кең, есікті айқара ашып тастап, төрге сыймағандар қабылдау бөлмесіне жайғасты. Бірінші хатшы жиынды ашып: «Абыралы ауданының келешек тағдырын ақылдауымыз керек. Сол үшін шақырдық», – деді.

Бірінші болып ауатком төрағасы Хамза Байболатов сөйлеп, «Ауданды сақтап қалуға толық мүмкіндік бар. Полигонға үштен бір жерімізді берсек те, сол бөлістен аман қалған аймаққа Абыралы ауданының барлық колхоздары толық сияды» деп еді, облыстан келген өкіл: «Сіз осы жердің тумасысыз, жершілдік жасап тұрсыз...», – деген ескертумен аузын біржола байлады.

Одан кейін екі адам батыра сөйлеп еді, олар да Хамзаекеңнің кебін киді.

«Ақылдасу үшін шақырсаңдар – біздің пікірімізді сабырмен тыңдаңдар. Мен өзім алдыңғы сөйлеген үшеудің пікірін толық қостаймын... – Файзуллин Нұрғали ағай тамағын кенеп, кенет орысшаға көшті. Полигон өкілдеріне көкейкесті ойын нығарлап жеткізгісі келген тәрізді. – Екі колхоздың жері тұтастай әскерилерге берілсе, содан қалған аймаққа Абыралыдай тағы бір ауданды сыйғызуға болады. «Жер жоқ» деген пікір түбірімен қате. «Мал басын көбейтуге мүмкіндік тапшы...» деген сөз де әншейін бопса. Аудан құрылмай тұрғанда осы өңірде Тәңірберген, Байтөре деген байлар өмір сүрген, екеуінің малы біздің қолымыздағы аудан малынан көбірек болатын. Түстіктегі Мейзек, Ақбастау, Көксеңгір бойы, астық егуге қолайлы Көкшетау атырабындағы мол алқап, одан бергі Сөреліде, Айымда, Таңатта, күнбатыстағы Қарқаралы мен теріскейдегі Қу аудандарымен шектесетін сырт жонда қаншама жер көп жылдан бері тусырап бос жатыр...».

Қоңырқай жүзі қызараңдаған Нұрекең бірталай жерге барып әрең тоқтады.

Өктемсіп келгендер табанды қарсылыққа тап боламыз деп ойламаған тәрізді. Кәдімгідей жуасып, «пікірлеріңізді жазып алдық, жоғары жаққа жеткіземіз, бұл мәселені біз емес, үкімет шешеді...» – десіп, жиынды жауып кетуге ыңғайланды. Он шақты адам, арнайы ұшақпен келген. Айтып-айтпай не керек, біздің пікіріміз ақыр аяғында ескерілмей, әншейін сөзге айналды...»

Хамза БАЙБОЛАТОВТЫҢ естелігінен:

САУАЛ: Абыралы ауданын тарату қалайша жүзеге асты?

ЖАУАП: «1954 жылдың 28 наурызында ЯК-2 самолети аупарткомның 2-хатшысы Заманбек Мерекенов екеуімізді Семейге жеткізді (Бірінші хатшы Омар Әсенов Алматыдағы партия курсында болатын). Бір офицер аэропортта күтіп тұр екен. Темір жол көпірінен патрульдің бастауымен жаяу өтіп, облыстық партия комитетіне келдік. Бірінші секретарь Қойшыбаевтың кабинетінде екі генерал мен үш-төрт полковниктер отыр. Олардың айтқаны: Абыралы аймағынан бізге қосым-

ша жер керек, республика үкіметінен рұқсат алдық, соны енді облатком жеделдетіп шешсін; жерін босататын колхоздарды көшіруге автокөлікпен жәрдем береміз деді...

САУАЛ: Сонда облыс басшылары осы зорлыққа қарсылық жасамаған ба?

ЖАУАП: Жасамады. Сол мәселені түпкілікті шешерде бізді шақырып, Абыралы ауданын қалай сақтаймыз? Не ойларың бар дегені жөн еді. Амал қанша, облыстың екі басшысы сол мәселеге бастарын қатырмаған. Келесі күні обкомның бірінші хатшысы Танаш Қойшыбаев, облатком төрағасы Мұқаш Хасенов, Заманбек Мерекенов және мен – төртеуіміз темір жол көпірінен Жаңасемейге жаяу өтіп, сол жерде бізді қарсы алған полковниктің машинасымен аэропортқа келдік. Әскери жолбасшы қос моторлы үлкен самолетке шақырды. Мыржық, Дегелең, Тарбақ, Майлықара, Айыртас, Бөрілі, Балқан тауларының үстімен Ку, Қайнар, Ақбұлақ, «Социалистік Қазақстан» атындағы елді мекендерді жағалай шолып, Шыңғыстауды жанамалай Ақбастау, Мейзек тауларын, Шұбартау ауданының Қараирек, Емелтау және Арқарлы деген жерлерін шыр айнала ұшып, ақырында Жаңасемей ауданына қарасты Көкен тауын бөктерлеп, кешке таман, сағат алтыда Семей әуежайына оралдық. Сегіз сағаттай уақыт аспанда болдық. Жерге қонғанда ұшқыштың бүгінгі сапарда 1200 кг. бензин шығындадық дегені есімде. Ұшып келе жатқанда Қойшыбаев пен Хасеновке мен табан астымыздағы әр таудың атын, ескі тарихын баяндап, қазірде қандай колхоздар қоныстанғанына, аумағы қанша екеніне түсінік бердім.

Кеш бата обкомға қайыра келдік. Абыралы ауданының жартысына жуық жерін әскери зонаға біржола беру мәселесі Қазақстан үкіметінде шешілгенін, бұрынғы алты колхоздан іріленіп қайта құрылған Калинин және Киров атындағы үлкен екі шаруашылықтың жерін полигон иеленіп, көктем шыға екеуін де басқа аудандарға мал-жанымен көшетінін облыстың қос басшысы бізге қатаң үнмен нығарлап ескертті. Біз наразылығымызды тағы да қайталап: «Мал-жаны едәуір екі колхоз басқа жаққа көшірілетін болса, Абыралы ауданы өзінде қалған төрт колхозбен өмір сүре алмайды. Экономикасы құлдыраған аудан тағдырын не істейсіздер?» – дедік. «Аудан таратылады, қалған төрт колхоздың жерін шетелге емес, Қазақстанның өз аудандарына бересіңдер, қызметсіз қалған партия мен кеңес кадрларын сол аудандарға орналастырамыз...» – болды естіген жауабымыз. «Әлі де ойланайық, екі колхозды өзімізде қалдырармыз...» – деген пікірімізді біз тағы бір мәрте ежіктеп, елге қайттық.

САУАЛ: Сонымен, жағдай қиындады. Сіздер көндініздер?

ЖАУАП: Осы мәселе 1954 жылғы 9 сәуірде облатком мәжілісінде қайыра қаралды. Соған Абай, Абыралы, Жарма ауданының хатшылары және біздің Калинин атындағы колхоздың басқармасы, обком мүшесі Зікірия Мұртазин шақырылды. Аудан басшыларынан Омар Әсенов екеуіміз қатыстық. Мәжіліске төрағалық еткен Мұқаш Хасенов. Бет қаратпайтын айбыны бар, дөрекілігі әлей кісі, жаңылмасам, Баянауланың қазағы. Қойшыбаев одан асқан қисық, үстелді жүдырығымен соғып сөйлейтін әдетке үйір оспадар адам. Екеуі де бұрынғы сөздерін қайталап, облыстық комиссияның шешімі өзгермейді, қарсылықтарың бос әу-

ре деді. Сол жиынға біз екі ұсыныспен бардық: бірінші, Шыңғыстаудың теріскей бөктеріндегі Әтей, Қыдыр өңірі соңғы жылдарда Ертістің оң қабағындағы Новопокров пен Бородулиха аудандарының шаруашылықтарына уақытша берілген-ді; Абай ауданының «Қызылту» колхозы біздің «Социалистік Қазақстан» колхозымен көршілес шаруашылық. Осы жерлер Абыралыға тисе, Дегелең мен Мыржықтан көшірілетін екі колхозды сол атырапқа орналастырамыз дедік. Егерде бұл ұсынысқа абайлықтар келіспесе, бір колхозды «Алғабас» колхозының жеріне сыйғызып, екінші шаруашылықты Көкшетау алқабына орналастырамыз. Көшетін халықтың тілегі де осы. Сөйткенде Абыралы ауданы сақталады. Облысқа қарайтын небәрі 14 ауданның біреуін қысқарту тегінде ұтымды шешім емес деген ойды аудан еңбекшілері атынан естірткенімде, Хасенов ашуланып: «Сендер, Әсенов пен Байболатов партия билетін төсқалталарыңа салып жүріп, осындай қисық сөзді қалайша айтып тұрсыңдар? Мыналарың – сасық жершілдік!..» – деп бізді тұқырта зіркілдеді де комиссия шешімін дауысқа салды. Не керек, біз ұсынған ойды құптаған бір жан болмады, облатком екі колхозды Абай және Жарма аудандарына көшіру туралы қарар қабылдады.

САУАЛ: Қойшыбаев та, Хасенов те халықтың пікірімен санаспаған. Қазақстан үкіметінің осы мәселе жайындағы қарары облыстық мұрағатта сақталған. Қаулыда Абыралы ауданын тарату туралы бір сөз жоқ. Екі колхозды баска жерге орналастыру Семей облыстық атқару комитетіне жүктеледі делінген...

ЖАУАП: Әй, екі інім, сендер тегінде уақыттың 1954 жылдың көктемі екенін ұмытпаңдар. Тәртіптің қатаң кезі, «демократиялық централизм» қағидасы – Компартияның жарғысына таспен басылған: әрбір партия мүшесі жоғарыдан түскен нұсқауды талқыламайды, мүлтіксіз орындайды; оған қоса облыстың екі басшысы мәселенің байыбын тереңдеп ойламайтын әншейін шенеуніктер. Әсіресе Танаш Қойшыбаев баяғы патша заманының оспадар уряднигі сияқты қит етсе, «партиядан шығарып, қамауға алғызып, сорыңды қайнатамын!..» дейтін әкіреңнің адамы. Ал, Хасенов – жан тыныштығын қобірек ойлайтын әккі қайраткерсымақ...

Қайнарға оралған соң Омар Әсенов Киров колхозына, мен Калинин атындағы колхозға барып, жиналыстар өткізіп, өздері отырған жер Отанға керектігін, күллі Одақ мүддесін қаскүнем жаулардан қорғау ісіне қызмет ететінін түсіндірдік. Жарма ауданы – экономикалық, жағрафиялық тұрғыдан өте қолайлы жерде орналасқанын, оның үстінен Түріксіб темір жолы өтетінін, бұл болса балалардың оқуға баруына, Семей, Аягөз, Үржар, Жетісумен қарым-қатынасқа аса тиімді деп, не керек, жан-жүйеміз егіліп тұрып, қызыл үгітті күшейттік. Абай ауданы болса өзімізбен жаны аралас, малы қоралас байырғы көршілеріміз. Аудан басшылары бізден барған елді Шыңғыстаудың түстік бауырына орналастырмақ, ол енді малға жайлы жер, аудан орталығы Қарауылдан да қашық еместігін сөз етсек, жұрт «Е, бәсе!» демей томсырайып тыңдайды. Сол сапарда мен Мыржық тауының бауырындағы Тоқмет қажының қорасына, Калинин атындағы колхоздың сол маңаттағы тұрғындарын түгел шақырып, жиын өткіздім.

САУАЛ: Жиынға қатысқандар кіріптар жағдайды түсінді ме?



ЖАУАП: Жұрттың жаппай егілген күйзелісі маусым айында, көшер кезде өр- шіді. Абай ауданынан ауаткомның төрағасы Әнуар Мұстафин бастаған бір топ адам, біреуі «Бірлік» колхозының бастығы, есімін ұмыттым, тағы сондай жауап- ты қызметтегі азаматтар, ал Жарма ауданынан аупарткомның екінші хатшысы Әбибек Тәтиев, Белтерек колхозының бастығы Әйтім Матаев келіп, қыстақтар- ды аралап, баратын жерді әсірелей сипаттап, күзге дейін қысқы қоныстарын өздері сайлайтынын сыпайылап айтып, үгіт-насихатты күшейтті.

САУАЛ: Жөн-ақ, нағыз азаматтық әрекет! Әсіресе Әбибек ағайды білеміз, соғыстан кейінгі жылдарда біздің Абыралыда, райкомда еңбек еткен қайраткер азамат. Майдангер, жұрттың айтуынша, ерекше ибалы, кісілігі мол жақсы адам еді деседі. Сонымен, екі колхоз қай мезгілде көшті?

ЖАУАП: 1954 жылдың маусым айының 17-жаңасы күні бүгінге дейін есімде. Өйткені, сол күні екі колхозға әскери бөлімнен 130 жүк машиналар келіп, жұрттың жүктерін тиеді. Халықтың жапа-тармағай қамығуы сол күні басталды. Қамығу деп сыпайылап айтып отырмын. Қай қыстаққа барсам да жылаулы жұрт, күңірен- ген егделер, жоқтау айтып дауыс салған әйелдер. «Ау, бұларың не?» деуге дәтім жетпеді. Өзім де осы өңірдің тумасымен, ата-бабам өсіп-өнген, қаны бір туыста- рым түгелдей осында. Бәр-бәрі туған жерден біржола көшпек. Көбі маған оқты козбен қарайды: «Сенген азаматымыз едің, ата-бабамызға құтты қоныс болған қайран жерден бізді қайда қаңғытасың?..» — дейтін сияқты. Жүктері тиеліп, бәрі бір жерге жиналып, үлкен керуен салтанатты шерумен қозғалар сәтте Қойтөлеу Шejімбаев деген орта жастағы кісі, ауылкеңес төрағасы еді, партия мүшесі, естияр азамат көштің алдына шығып: «Бүгін таң қылаң бере тұрып, Бөрлі тауы- ның басына шығып, Мыржық, Дегелең, Айыртасқа қарап ұзақ отырдым. Көзімнен ыстық жас домалап, «Қайран тауларым, қош болыңдар!» деп бар даусыммен айқай салдым, маңқиған таулар «е» деп дыбыс қатпады. «Е, бұлар да ту талақай тасырға қалдырып, әлдеқайда безіп бара жатқаныма наразы екен» деп ойладым. Кешелі-бү- гінде ескі қорымдарға барып, аруақтарға құран оқып, көптеген үйлер мал сойып, қатым түсірді. Бейіт басында да бізге: «Жолың болсын» деген бір аруақ болмады, бедірейіп үнсіз жатты. Олар да бұл жаққа енді ат басын бұра алмайтын мүл- айім жанға айналғанымызды білген деп ойладым. Не дейміз, тағдыр жазуы солай бол- ды, қош қайран жер!.. Шексіз далиған кеңдігіңнен басқа кінәң жоқ, сол үшін де әске- рилерге керек болдың. Ал, біз басқа жерден тірлік іздемекшіміз. Қош, қош, қайран боз далам, маңқиған өркеуде тауларым! Сендер енді ту талапай дүңкілдің астын- да боласыңдар, арқар жортқан өр-биіктерің аласарады, бүркіт ұя салған шыңдарың сірә тозады, айдыны шалқар көлдеріңе үйрек-қаз қонбайды. Тамылжыған тамызға дейін суы тартылмайтын бұлақтарың не күйде болады? Оны білмейміз, топырақ басқан көзін ашар дәрмен бізде енді жоқ. Біз енді бүгіннен бастап қонарын сай, ұша- рын жел білетін қаңбаққа айналамыз...» — деп ел мұңын таусыла айтқанда, еңіре- ген жұрт көз жасын ірікпеді. Менің де «Әй, қойсаңшы!» деуге шамам болмай, көп машиналы керуеннің соңына қарай жылыстап барып, көз жасыма ерік бердім. Бұл да, жігіттер, кешегі өмірде басымнан кешкен қиын жағдаят...

САУАЛ: Сонымен үлкен екі колхоздың адамдары аттанып кетті...

**ЖАУАП:** *Көшетін халық: «Бізді Қайнар арқылы жөнелтіңдер. Өйткені, аудан орталығындағы мектепте оқитын бала-шағаны аламыз, Қайнардағы ағайындармен қоштасамыз...» — деген-ді. Жылаулы жұрттың арызын ескеруге тура келді. Көштің бетін Қайнарға бұрдық. Содан екі колхоздың шұбырған көші маусымның 17-18 күндері, тұс ауа Қайнар арқылы өтті. Топ-топқа бөлінген қоштасулар көбіне Аяқ Қайнардағы бұлақ басында, енді бірі Тоқатұмсығында ұйымдастырылды. Ол болса Ақтас өзенінің суы тоспаға жиналатын, көгалы мол жер. Сол көшуді біз үгіт-насихат бөліміне тапсырып, олар лездеме митинг жасап, мәдени шараға айналдырды. Алайда, көңіл шегесі босаған жұрттың ағыл-тегіл жылауын тоқтата алмадық.*

*Өзім қатысқан қоштасуды ғана айтайын: сол қарсаңда біздің үйге Роза Дүйсебайқызы есімді қарындасым күйеуімен келіп, қонақ болып жатқан-ды. Күйеуі Балтабек Ысқақов Семей пединститутының аға оқытушысы, ал қарындасым Семейдегі қазақ орта мектебінде мұғалима болатын (бертінде Роза Есенжолова Алматыға шақырылып, Қазақ КСР Оқу министрінің орынбасары болып, көп жыл ағарту саласында еңбек етіп, мемлекет қайраткері атанды). Өзі Семейде туғанымен ата-бабасы Дегелеңнің түстік бетінде өмір сүрген, бізбен ауылдас адамдар. Олар да ел күйзелісіне қатты қайғырып, қоштасу жиынына менімен бірге барды. Роза жап-жақсы әнші еді, әсіресе халық әндерін келістіре шырқайтын.*

*Роза Дүйсебайқызы сол жолы «Елім-ай» әнін айтты. Сөзін тек өзінше бұрмалады.*

*«Мыржық таудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Қанша дұшпан қысса да қос өкпеден,  
Қазақ ауып жерінен кошпен еді.*

*Елім-ай, елім-ай*

*Ел-жұртынан айрылған жаман екен,  
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді,*

*Елім-ай, елім-ай*

*Қош аман бол, Дегелең, ел өлкесі,  
Жердің кетер ел ауса — берекесі,*

*Елім-ай, елім-ай!*

*Егілген көңілді қайтіп басам-ай!..» —*

*деп сыңсығанда дүйім жұрт XVIII ғасырдың дүлділі Қожаберген жыраудың шерлі әнін еліге тыңдап, түгел қосылып, жүз қаралы топтың зарлы үні Абыралы тауын күңіренткендей дулықсын. Ескі әннің сөзі де, әні де түйсігі терең жанның бәрін тебірентіп, жүрегін өректітті. Осылайша зарлаған жұрт бір-бірін құшақтап тұрып, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында туып, содан бері ұмытылмай, ел жадында сақталып келе жатқан «Елім-айдың» жүрек тебірентер уытты сөздерін Мыржық пен Дегелеңге бағыштап, сан мәрте қайталап, қамыға қоштасты.*

*Жә, әңгіменің тоқетерін айтайын: Абыралы ауданынан Тарбақ, Мойынқара, Дегелең, Мыржық тауларын жайлайтын бұрынғы Қоныстан, Калинин, Киров атындағы, Ұзынбұлақ, Еңбектес, Тайлан колхоздарының қыста қоныстайтын, жазда жайлайтын жерін түп-түгел полигонға беріп, Абыралы ауданы небәрі төрт колхозбен қалып жұтағандай хал кешті...»*

Облыстық мұрағатта сақтаулы деректе (103-қор, 344-тіркеме) 1954 жылдың алғашқы жартысында Абыралы ауданының ежелгі қонысынан көшірілген 6 колхозында 635 шаңырақ, адам саны – 699 екені де нақты көрсетілген. Сол шаруашылықтарда 8540 бас ірі қара, 74292 бас қой мен 6935 бас ешкі болған. Жылқы – 5128 бас, түйе – 390. Аудан егіншілері 4.232 гектар жерге дән сепкен, оның 43 гектары – күнбағыс, 4 гектарға картофель отырғызып, 8 гектар бау-бақша өсірген. Екпе шөбінің көлемі – 27 гектар...

Байқайсыз ба, ерекше кедей аудан одан әрі жұтаған. Шындығында бір кезде біртұтас, іргелі ел саналған Абыралының ескілі-жаңалы тарихын ел жадынан аластауға қастандық жасалған. Соны жасаушы – Семей облысының қос басшысы Т. Қойшыбаев пен М. Хасенов. Жә, сол шіркіндер осы мәселеге неліктен ойланбаған, сол әрекеттерімен іргелі ауданның халқын әуре-сарсаңға салатынын кәперіне неге алмаған? Сірә, сол енжарлық екі шенеуніктің қуыс кеуде дерлік тұрлаусыз жаратылысында. Егерде сол шіркіндер жетесі мығым, ел тағдыры үшін жүрегі сыздайтын қайраткерлер болса қолдарындағы биік құзырды пайдаланып, әр ауданның шаруашылық қуатын сақтап, молайтып, сол аймақта еңбек ететін жүздеген шаңырақтың тіршілік күйтін өздерінің отбасындай қадірлеп, ертеңгі жай-күйін де жаны ауыра қамдауға міндетті еді. Амал қанша, ондай қажыр мен сана олардың бойынан табылған жоқ. Әуелі бір ауданның, одан кейін екінші және үшінші аудан тірлігін құрбандыққа шалып, өздерінің жайлы мансабын сақтап тыныш отыруды жөн деп білді. Осы тараудың жан түршігер, «Жоқтаушысы жоқ ел жетім» деген атауы да осы жайттан туып отыр.

Төменде мен сол байламға иландыратын екі түрлі нақты дерек келтіремін...

**ЖЕДЕЛХАТ: «Секретарь ЦК Компартии Казахстана тов. БРЕЖНЕВУ Л.И.**

...Территория, отходящие в распоряжение воинской части составляет половину территории района и совсем отделяет колхозы им(ени) Молотова и Орджоникидзе от территории области. Связь с этими колхозами может быть осуществлена на самолете или через Карагандинскую область, так как дороги, идущие из области к этим колхозам отходит в запретную зону<sup>1</sup>. Поэтому мы считаем, эти колхозы передать в Карагандин-

<sup>1</sup> Алғашқы жеделхаттағы «Молотов пен Орджоникидзе колхоздарына Қарағанды облысы арқылы ғана қатынауға мәжбүрміз» деген ақпар сана-сезігінде ақау бар ауыру адамның ойдан шығарған өтірігі. Молотов колхозының орталығы Қызылжал ауылы – Жаксы Абыралы тауының теріскей-батыс бөктерінде, Қайнар кентінен небәрі 8 шақырым жерде, бала күнімде мен сол ауылға салт атпен шайқайнатым уақытта баратынмын. Ал, Орджоникидзе колхозының ор-

скую область со всеми землями и скотом, населением. Таким образом в районе остается 2 колхоза, в них дворов соответственно 207 и 203. Исходя из этого просим ускорить упразднения Абралинского района.

КОЙЧИБАЕВ, секретарь Семипалатинского обкома КП Казахстана,  
ХАСЕНОВ, председатель Семипалатинского облисполкома

24 апреля 1954 года (ІОЗ-қор, сақталу реті - 344)»

ЖЕДЕЛХАТ: «БРЕЖНЕВУ Л. И., секретарю Казахстанского партаппарата

...Также считаем крайне не желательным оттягивание вопроса упразднения Абралинского района зпт на территории которого осталось всего четыре колхоза тчк. Все мы заинтересованы этим вопросом тчк Вопрос надолго застрял Верховном Совете республи-ки ссылка на Москву является попыткой уйти от решения этих вопросов тчк Просим Ва-шего вмешательства

КОЙЧИБАЕВ, ІЗ августа 1954 года (ІОЗ-қор, сақталу реті - 344)

Демек Семей облысының басшылары Қазақстан КП Орталық Комитеті-не жолдаған шағымында Абыралы ауданы туралы нақты ахуалды бұрмалап, өз дегендеріне ыңғайлап, сол елдің келешек тағдырына зор қиянат жасаған. Сөй-тіп, жерге бай, тарихы қордалы елдің байырғы мекенінен жан-жаққа босуы-на себепкер болған. Ежелгі қазақы қауымның ауызбірлігі, ағайыншылдығы, ата-баба жеріне деген перзенттік ынтызарлығы, аруақтар рухына табынатын имандылығы ерекше бекем екенін біле тұра соны қасақана тәрк етіп, әскери-лердің кезекті талабын тезірек орындауға құлшынған. Ақыры, сол пиғыл жол-ды болды. Мәскеудің қысымына, жергілікті басшылардың дығырына бір жыл бойы қарсылық білдірген Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің төралқасы осы ау-данды сақтауға тырысқан райынан кенет айнып, 1955 жылдың 22 қаңтарында Абыралы ауданын тарату туралы жарлық жариялады.

Өміржан ЖАҚЫПОВ, өлкетанушы, «Кішкентай ауылдың үлкен тарихы» кітабы (А. «Сардар» баспа үйі, 2010 ж., 571- б.):

*«Жұмағазы Дөкімбайұлы дәулетті ауылдың жалғыз мұрагері болған, жаңа за-манның дөрекі шараларына жаны төзбегендіктен ұстамалы шалық ауыруға ұшы-рап, өмірін итқорлықта өткізді. Біз ес біліп, мектепке қатынап жүрген кезде ол байғұс Қайнар бұлағының аяқ шенінде өзіне жеркепе қазып алып, сонда тұрды. Керемет домбырашы, ән де салатын, жалғыз қарындасы да кезінде дүлділ күйші атанған.*

талығы Қайнардан 60 шақырым, оған да күнбе-күн қатынауға болады. Қайнар кенті мен Се-мейдің аралығы ескі жол бойынша 260 шақырым еді, сол жолдың дені әскери зонаға қараған соң біздің ел облыс орталығына Абай ауданының Саржал ауылы арқылы қатынайтын болды, демек, бұрынғы жол небәрі 15-20 шақырымға ұзарды. Студент кезімде мен осы жолмен бес жыл бойы әрлі-берлі жүрген пендемін...



*Абыралы жерінде ядролық сынақ жиілеп, дүңкіл көбейген кезде Жұмағазының сырқаты ерекше күшейіп, түрліше әрекет жасап, ашық қарсылыққа көшеді. Онысы қияпас қылықтар. Мысалы, 1955 жылы ауданды тарқатар қарсаңда ол бірінші хатшының кабинетіне кіріп келіп, бюро мәжілісі өтіп жатқан сәт болса керек, ортада құздыып тұрып, бар даусымен әтеш болып шақырған. Омар Әсенов: «Әй, Жұмағазы, мұның не? Не тілейсің менен? Кәдімгі адамша айтсаңшы!» дегенде, Жұмағазы тағы бір мәрте әтешше қышқырып: «Әй, Әсенов! Сен басқарған Абыралыда сөз ұғатын бір адам қалған жоқ, бәрі де тілсіз мақұлыққа айналды. Аудан да жоқ, райком да жоқ. Жүр, екеуміз Сұлушоқының басына шығайық. Сен бастықсың ғой – әтеш бол, мен – тауық болайын. Сөйтін, «қуқарекулесек» жан-жаққа босыған елді ескі жұртына қайтарамыз, жиналысты доғар, жүр!..» – депті.*

*Бірінші хатшы мен бюро мүшелері не күлерін, не жыларын білмей, тым-тырыс отырып қалыпты. Ақыл-есі шалық болса да сол күндегі Абыралы халқының мәңгу қалпына өзінше қамыққан сырқат адамға не дейді? «Жарайды, ертеңге дейін шыда...» деп, Жұмағазы байғұсты кабинеттен алдап-сулап шығарыпты.*

*Осыдан кейін Жұмағазы үшті-күйлі жоғалып кетті. Өлігін көрген кісі жоқ, қаладағы жындыханаға да ешкім апармаған. Бәлкім сорлыны әскерилер әлдекімнің ақылымен бір түнде алып кетіп, аяқ-қолына кісен салып, сынақ алаңында экспериментке қалдыратын малмен бірге пайдаланды ма деген жорамал айтамыз. Біздің колхозшыларды сынақ жасарда айдалаға көшіріп, екі айдан соң радиация ерекше зақымдаған ескі жұртына қайыра әкелген имансыз әскерилерден мұндай да қаныпезерлік күтуге болады. Өйткені олар дала халқының тағдырына басын қатырып ойланған жоқ. Артынан іздейтін сұраушы жоқ, ақыл-есі кемшін Жұмағазыға соны жасауы әбден ықтимал іс...».*

Абыралының байтақ жерінің қарамды бөлегі («Социалистік Қазақстан», Тельман, Жданов атындағы, «Ақбұлақ», «Қызылқайын» колхоздары Қайнар кентімен бірге) мал-жанымен Абай ауданына қаратылды (Қайнар мен Қарауыл кенттерінің арасы 200 шақырым). Жақсы Абыралы тауының күнбатыс және теріскейіндегі бұрынғы үш шаруашылық – Молотов, Чапаев атындағы және «Алғабас» колхоздары Қарағанды облысының Қу ауданына берілді. Ал, малы мен аны қосылып жайылатын шұрайлы өңірі, нулы-сулы Көкшетау атырабында бертінде ұйымдасқан Орджоконидзе атындағы ең дәулетті шаруашылығы (өзара біріккенге дейін «Татан», «Ұшқын» және «Еңбек» аталатын) Қарқаралы ауданына қаратылды (Осы үш колхоздың байтақ жерінен бертінде, тың игерген жылдары «Прогрес» және «Еңбек» атанған, Татанның арпадай ақ бидайын өсірген екі кеңшар құрылды). Абыралының зиялы азаматтары Қарқаралыға көшіп, қарамды тобы Қарауылға ауысып, енді бірі Егіндібұлақ кентінде тұрақтап, білімі көтеріңкілері Семей шәріне қоныстап, қайда болсын, бәр-бәрі сол елдің рухани, мәдени, білімпаздық тірлігімен біте қайнасып, суын ішкен өңірдің тарихын байытуға хал-қадерінше атсалысты. Ағарту саласында, кеңес пен партия жұмыстарында қызмет етіп, облыстық, аудандық мекемелердің, біразы ірі шаруашылықтардың басшысы атанды. Еңбек жолын-

да дарабоз болғандар да аз емес. Көпшілігінің есімдерін атап, еңбектерін дара-  
лап атауға пейілмін...

Сары-Арка төсінде бай тарихымен, батагөй абыз, ел сөзін ұстаған дарабоз билерімен, әйдік ақын-жырауларымен, қол бастаған жампоз батырларымен, әр кезде билік төріне көтеріліп, дара еңбектері арқылы есімдері күллі Қазақстанға мәлім кайраткерлері һәм білікті ғалымдарымен, білім-танымы қорлы ұстаздарымен зиялы қауымды сүйсіндірген, рухани деңгейі жоғары атағымен де жұртшылыққа мәлім болған ауданды пасық әрекеттерімен тезірек тарауына мұрындық болған Т. Қойшыбаев пен М. Хасеновтің бертіндегі ғұмыры, басшы ретіндегі бақ-беделі құрдымға түскенін әйгілеуді өзіме парыз санап отырмын. Жадымда сақталған өкініш: мамыра-жай бейбіт күндерде туған жерінен жыраққа көшуге мәжбүр болған үлкенді-кішілі абыралылықтар бейбіт күнде өздерін осынау босуға мәжбүр еткен мүскіндерді қарғап та, боқтап та көз жасын қолдете төгіп, көрші аудандарға аттанғаны мәлім. Ғажапты қараңыз, сөл шіркіндердің Абыралы жұртының қарғысын арқалаған зимияндық әрекеті өздері үшін текке өтпеді...

1956 жылы Ертіс атырабында егін шығымы ерекше сәтті болды. Мысалы, Новошұльба ауданы астық тапсыру жоспарын 2,5 есе орындаған. Сол табысқа қуанып, аудан дикандарына рақмет айтудың орнына өзімбілемі мығым Танаш Қойшыбаев қырманды жияр кезде Новошұльбаға суыт келіп, бюро шақырып, бірнеше кеңшар бастықтарын жаналқымға алып, қосымша тапсырма түсірген. Қырманда ештеңе қалған жоқ дегендерге қысым көрсетіп, кейбірін түрмеге каматып, енді біріне қылмыс байлатқан. Сол қиянатқа жаны күйген колхоз бастығы мен астық қабылдау пунктiнiн басшысы өздерiне қол жұмсап, мерт болған. Әлбетте жөнсіз қиянат халық наразылығын туғызған. Сол оқиғаны шұғыл тексерген Қазақстан КП Орталық Комитеттің комиссиясы Т. Қойшыбаевтың облысты бұдан әрі басқаруға дәрменсіздігі жайында қорытынды жасайды: іле-шала мәртебелі қызметін тапсырып, Алматыға ауысып, жөнен бір мекемені басқаруға қолы әрең жеткен...

1960 жылғы күзде Мұқаш Хасенов бейдауа дерттен опат болып, Семей шәріндегі орталық саябаққа жерленді. Бұл енді жергілікті өкімет иелерінің марқұм болған азаматтың тұлғалық болмысын емес, биік мансабын қадірлеген шара. Ал, қала тұрғындары дем алатын бірегей орны, би билеп, көңіл көтеретін саябақтың бейітке айналуын құптаған жоқ. Марқұмның басына қойылған құлпытасты, шойын қоршауын, қала бағбандары мәпелеп өсірген гүл дестелерін, бір емес, бірнеше мәрте бұзды. Сол жайтты кәперіне түйген марқұмның отбасы бір жылдан кейін мәйітті қабірінен суырып, туған елі Баянауылға әкетуге мәжбүр болды.

\* \* \*

Абыралы атырабынан қоныс аударғандарды 50-60 жылдан кейін түгел түстеу – бүгінде қиын әрекет. Десем де есімдері, еңбектері ел жадында сақталған, көпшілігі ядролық полигон таратқан кеселден кексе жасқа жете алмай шейіт болған, немесе ортамызда тірі жүрген азаматтардың кейбірін дара-  
лап атауды өзіме парыз санап отырмын.

Ағайынды Тайтөлеу Ыдырысов және Төлеужан Шалабаевтар, Исатай және Кенжеш Жұмагелдиндер, Ораз Мәмбетов, Саябай Ысқаков пен оның үлкен баласы Максұт Саябаев, Мырзекен Құсымжанов, Жаппар Иманакышов, Өмірзақ Құсаев, Зәер Сәдуақасов, Несіпбай Доскеев, Ғапез Нұрбеков, Орынғали Сәдуақасов, Омарбек Әбеуов, Төлеутай Қамашев, Төкішқадыр мен Қадыр Қонысбековтер, Демесін Тыныбаев, ата көршім Мұқажан Ысқаков, Ораз Құсайынов, Мұздыбай Жөкенбеков, Мұрат, Амангелді және Жәніс Әбеухановтар, ерлі-зайыпты Жұмағали Есекеев пен Дина Жаркеева, Нұрақым, Серік және Жоламан Райхановтар, Мәулен Ғалиев, Мұқай Мүсәпіров, Төкен Изатов, Роллан Мусин мен оның дәрігер баласы Қайноллан, ағайынды Бақтажар, Сағи мен Нәби Мекішевтер, өлкетанушы Болатбек Нәсенов, оның тетелес інісі әуесқой ақын Төлеубек Мұсатаев және қаржыгер Қуанышбек Жарылқасынов, Әнет және Серік Арықбаевтар, Ораш Әбдіханов, Тәжікен, Әйкежан, Кәкім және Зейнолла Жұмаділовтер, Күләнда Ыдырысова, Қаракбай, Шырақбай және Құдайберген Ысқаковтар, әскери полковник Төлеуғазы Жылтыров, партия ардагері Қабдырахман Самаев, ағартушы Кенжебек Ықласов, Молдағали Шәкеров, Социал Ықласов, Сейіт Қыдырмин, Серікқазы Мейірханов, Ыбрахым Жабағин, Мұрат Токтаров, Дәмежан Сүлейменова, Рымғали Сағындықов, Сағынтай Керімқұлов, Жаңылбибі Кәрімбекқызы, Жакыпбек Рақышұлы, Жұман Оразалин, Тұрсынғали Молдағалиев, Жүніс және Ақан Бекішев, Омарғали мен Төкен Молдахметовтер, Айтан Исатаев, Тұрсынғали Тілеуленов, Жәкен және Жаңыл Доскейқыздары, Сейітқазы, Серғазы және Бактияр Жөкебаевтар, Рамазан Ыбраев, Әуия Түсіпбекова, Ләззат Ысқақова, Аман Қапақұлы. Кен инженері Имантай Нығманов, қаржыгерлер Мырзахан Бекхожин, Тайтөлеу Жакыпов, Төртен Жүнісов. Заңгер Әлібаев Жакып ақсақал мен оның банкир қызы Күләш...

Осылардың дені Абай, Шұбартау, Мақаншы және Аягөз аудандарында еңбек етіп, кейбірі Семейде, Көкшетауда, иә Алматыда қызмет істеп, зейнетке шықты. Амал не, сол азаматтардың бірталайы радиация залалын тартып, өмірлер іерте үзілді.

Абыралы ауданына 1928 жылы 18 жасында жары Сақия Нағайбылқызымен қол ұстасып келіп, аудандық жастар комитетіне бірінші хатшы болып сайланған Қабыкен Құсайынов осы атырапта зейнетке шыққанша Компартия мен Кенес жұмыстарын атқарып (Ұлы Отан соғысына қатысып, одан да аман қайтқаннан кейін де), зейнет демалысына шыққан соң ғана балаларының өтінішімен Алматыға көшіп, екеуі де Алатау баурайында бертінде жер жастанды. Қабыкеновтер отбасынан он бала өрбіген: үлкені – Роза 1932 жылы туған, ҚР үздік мәдениет қызметкері, отбасымен Павлодарда тұрады; одан кейінгі Лиза – менен бір жас үлкен еді, Қайнар орта мектебін 1952 жылы тәмамдап, Алматыда оқып, білікті кардиолог дәрігер атанып, Қызылорда қаласында опат болды (бала-шағасы сонда деседі); одан кейінгі Клара есімді қызы – медицина ғылымының кандидаты, ғалым-ұстаз; Шолпан да дәрігер, медицина докторы; Света – медицина қызметкері; Рымжан – заңгер мамандығын игерген; ұлдың үлкені Асқарбек педагогика ғылымының докторы, докторлық дәрежені Германияда неміс тілінде қорғаған білгір, қазірде ол ҚР Пе-

дагогикалық ғылымдар академиясының президенті, оның інілері Қайнарбек, Қанатбек және Айдарбек – бизнесмендер. Қабыкеновтердің бәрінің де отбасынан ұрпақ өрбін, жас жеткіншектер осуде. Ескерту парыз: сол елдің тумасы болмаса да Қабыкен Құсайыновтың Абыралы елінде ұзын ырғасы жарты ғасырдан астам уақыт атқарған азаматтық еңбегіне қайнарлықтар айрықша құрмет білдіріп, бұдан он жыл бұрын Қайнардың бас көшесін К. Құсайыновтың есімімен атап, Абыралы тасынан арнайы белгі қойды. Тағы бір сүйсінерлік іс: Қабыкеновтер ұрпағы жыл сайын Қайнар орта мектебін үздік бітірген оқушыға әкесінің атындағы арнайы сыйлық тағайындады...

Қарқаралы мен Егіндібұлақ аудандарында, кейбірі Қарағандыда еңбек етін абыройға бөленгендер тобынан – Қонысбек Батырбеков, Теңізбай Әуесбаев, Шәкен және Ажар Быхиналар, Күпән Сыздықова, Шәкіжан Омарбекова, Зекен Қасымбеков, Зура Бекетаева, Биғазы Іргебаев, Жеңіс Құспанов, Қарлығаш Шайкенова, жазушы Мақсым Омарбеков, Дәуітбай мен Дәуітказы Қоспабаевтар, Тайлақбай және Бактияр Жөкебаевтар, Рымтай Омарбекова, Төлеукадыр Нысанов, атакты палуан Нұғыман Сәдуақасов, өлкетанушы Әзімхан Исабаев, Амантай Кәрімов, Бейсен Иманақышов, Сүният Мұқанов, кен инженері Тұрсынғали Сексенбаев, Сәбит Сәттібаев, геологтар Серікбай Хамзин, Қожагелді Жаныспанов...

Жарма ауданына қоныс аударғандардан партия ардагері Алтынбике Бектұрғанова, Мұтан Аймаков, Социал Жармағанбетов, Қойтөлеу Шежімбаев және басқалары. Осы топтың қайсыбірін түгендей алмадым, есімдері жадымда сақталмапты. Рухтарынан кешірім сұраймын! Солардың бәрі де тағдыр жазуымен көшіп барған елдің әрі туған жұрты Абыралының да мактан етер азаматтары атанды. Алайда, осы жайттың астарында тағы бір күйкі ақиқат тұрғанын мойындауға тура келеді. Білімді, жігерлі, қайратты азаматтар ел ортасынан қоныс аударған соң-ақ мәдени, рухани деңгейі көптеген аудандардың алдыңғы легінде саналатын. ғылым докторлары, академиктер, жазушылар мен мемлекет қайраткерлері шыққан Абыралының бұрынғы даңқы бірте-бірте төмендеп, ел жалынан ұмыт болғаны – өкінішті ақиқат...

\* \* \*

Қайнар орта мектебінің 1972 жылы тойланған жарты ғасырлық ғұмыр тарихы баяндалған құжаттан үзінді:

«Қайнар орта мектебінің іргесі 1922 жылы қаланған. Бұл болса қазақ даласын жайлаған сауатсыздыққа жаппай шабуыл басталған айтулы мезгіл. Абыралы болысындағы алғашқы оқу ұясы – Қаратұмсық бастауыш мектебі. Оның ұйымдастырушы – Тұрсынбай Дайырбеков мектепке екі бөлмелі үйін беріп, өзі басқа қонысқа шыққан. Сол жылы осы мектепте сауатын ашқандар: Әрін Иманақышов, Шырақбек Қабылбаев, Ахмеди Ысқақов, Сейілхан Құлатаев, Ғабдолла Қаппаров, Әрін Дайырбеков, Әбдікәрім Галиев, Қадыл Ибырайымов және басқалар. Тұңғыш мектепте ұстаздық еткендер – Төлеуғали Мүсәпіров, Қабдолла Сүйірғұлов, Өміртай Мустин...

Оқушы санының өсуіне орай 1928 жылы сол мектеп Киікқашқан тауының бөктерінде салынған жаңа мекенге көшірілген. Оқу ұясының сол кездегі меңгерушісі – Қапан (Қабдолла) Мұсайынов. Сол жылы Абыралы ауданы құрылды. Соған орай Киікқашқандағы интернат пен бастауыш оқу ұясы 1931 жылы Қайнарға көшіріліп, шаруа жастар мектебі (ШКМ) аталады. Оның да тұңғыш меңгерушісі К.Мұсайынов. Мұғалімдері – Әрін Иманақышов, Әбжат Мұхтаров, Садыхан Мусин, Қари Мұсаханов, Оспанқұл Мергенбаев және басқалар. Қайнар мектебі 1934 жылы орталау мектепке, 1936 жылдан беріде орта мектепке айналды. Сол жылы 100 орындық интернат үйі тұрғызылған. Осы мектептен 1922 жылдан беріде кәметтік аттестат алғандар – 1195 түлек, олардың 30-ы алтын және күміс медаль иеленгендер... Қайнар орта мектебін бітірушілерден 345 адам ауыл шаруашылығында еңбек етеді. 185 түлегі мұғалімдер, 118 оқушы зоотехник және мал дәрігері атанды, 85 адам медик дәрігер, 59 адам партия, совет қызметкері, 42 түлек инженер, 40 кісі әдебиет пен өнердің, баспасөздің майталман қызметкерлері.

Біздің мектептің жиырма түлегі ғылымның әр саласынан кандидат, доктор және профессор атақтарын иеленді. Олардың 10-ы Қазақ КСР-на еңбегі сінген құрметті атақты иегерлері. Қайнардан қанаттанғандардың ортасынан күллі Қазақстан халқы үздік білімін, тамаша еңбегін мақтан ететін дарабоздар көптеп шықты. Атап айтқанда, ядролық физика ілімінің білгірі Қазақ КСР ҒА-ның вице-президенті Жабағы Сүлейменұлы Тәкібаев, Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі Ахмеди Ысқақов, ғалым-зоотехник Төлеужан Мусин, тарих ғылымының докторы Төлтай Балақаев, оның ғалым және қайраткер інілері – Төлеужан мен Төлеухан Садықұловтар, жоғары оқу орындарының үздік оқытушылары – Жұмағали Есекеев, Бақтажар Мекішев, Рымғали Нұрғалиев, Ерғали Дайрабаев, Серік Қасымбеков, Жетпісбай Бекбаев, Нұрақым Райханов, Серікбол Ыбраев, Өмір Қапжаппаров, Зейнолла Жұмаділовтерді біз өздері меңгерген ғылым мен білім саласының білімпаздары ретінде мақтан етеміз. Қайнар мектебінен білім алып, әдеби шығармаларымен республикаға танылған Төлеужан Ысмайылов, Кашаф Туғанбаев, Күлән Шілдебаева, Құлман Жүнісова, Биғаным Мергенова, Дәметкен Дәуренбекова, Медеу Сәрсекеев, Кәкен Сейілханов. Боранбай Мауқаев, Тұрсынғали Жұмагелдин – біздің мектептің түлектері. Қазақ КСР-ның Ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаев, Қаржы министрінің орынбасары (кейіннен министр) Рымбек Сымақұлы Байсейітов, қаржы жұмысының үздіктері Айтқазы Дайырбеков, Қазақ КСР Жоғары сотының мүшесі Мақсым Қасенов, Қауіпсіздік комитетінің полковниктері Шаймұқан Мұқанов, Мұрат Исин, Қазақ политехника институтының 1962-68 жылдардағы ректоры, профессор Ғабдысіләм Есіркегенов, ҚР-ның тұңғыш шетел министрі, кәсіби дипломат Төлеутай Сүлейменов Қайнар мектебінен сауатына ашып, Қазақстан қайраткерлерінің алдыңғы санатында еңбек еткен дарабоздар.

Қайнардағы оқу ұясы өз ортасында үздік еңбегімен танылған озаттарды да көптеп шығарды: атақты цементші, Социалистік Еңбек Ері Мұратхан Бей-

сенбаев, Ленин орденінің иегерлері, озат жылқышылар Амантай Төлеуғазин мен Мұрат Қонысбеков, «Октябрь революциясы» орденінің иегері, КПСС-тің XXIV съезінің делегаты, автомобиль жүргізуші Оразбибі Имашева, орденді механизаторлар Саркен Шөкенова, Жәкен Әміржанов, ағайынды Әнет, Серік Арықбаевтар, білікті дәрігер Тельман Қасенов – орта буын саналатын өз катарының өнегелі өкілдері. Қайнарлық түлектер ортасынан партия, совет қызметкерлері де айтулы еңбектерімен жұртқа танылды: олар – Абай және Шұбартау аудандарында аупарткомның бірінші хатшысы болған Қапан Мұсайынов, Семей облысының екі ауданында ауатком төрағасы міндетін атқарған Хамза Байболатов, Компартия идеологтары Сейітжан Тәберіков, Бану Быкина, Дүйсенбай Қошқарбеков, Орынғазы Әбенев, Ақан Бекішев, Нұриден Қабышов, Қуаныш Шалабаев, Темірболат Мәжитов, Қапан Дулатов және басқалар...

Қайнар орта мектебінің жарты ғасырлық тарихында директор міндетін атқарғандар – Қапан Мұсайынов, Оспанқұл Мергенбаев, Мұхаметқали Жұмаділденов, Алтынбек Кенжебеков, Қазақ КСР-на еңбегі сіңген мұғалім Әрін Иманақышов (осы мектепте 40 жыл ұстаздық еткен), Сағындық Юсупов, Аймұханбет Мансуров, Қазақ КСР-на еңбегі сіңген мұғалім, он жылдан астам уақыт Қайнар мектебін басқарып, облыс бойынша үздік оқу ұясы атандырған Омархан Жартыбаев, Жаппар Иманақышев, Еркінғали Әбдуakitов, Қабдырахман Ғабдуллин, Күләш Нұрбикенова, Нәби Мекішев... Осы мектепте Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері атағын иеленген білімпаз ұстаздар – Нұғман Нәбиев, Самат Сәрсенбеков, Қайырбек Кәріпбаев, Қатира Әубәкірова... Өздері білім алған мектепте ұзақ жылдар еңбек еткен Болат Жәкішев, Төлеуғайша Құрманғалиева, Ынтықбай Өмірзақов, Өзипа Жайкенова, Күлзада Қабыкенова, Күләш Түсіпова, Әнуар Мұқашев, Кәкім Жұмаділов, Ыбырахим Жабағин, Сәттар Түсіпбеков, Рая Тұрсынбаева, Қапан Смағұлов...

Жарты ғасырлық мерекесі тойланған мектепте 1972-73 оқу жылында 856 оқушы оқыған, мектеп іргесінде 130 түлек үшін интернат ашылып, оның қаржысы мемлекеттік бюджеттен бөлінді. Қайнар мектебінде 1957 жылдан беріде оқушылардың өндірістік бригадасы тұрақты істейді. Оның құрамында 80 оқушы еңбек етеді. Өткен жылы осы бригада Қайнар совхозы үшін 35500 гектар жердің шөбін шауып, 14200 центнер мал азығын дайындап, 25 мың қойдың жүнін қырықты.

Қайнар мектебінің кешегі соғыс жылдарында Отан қорына қосқан сүбелі еңбегі бас қолбасшы И. Сталин осы оқу ұясының директоры О. Жартыбаевтың атына арнайы жеделхат жолдап, алғыс айтуымен әспеттелген. КСРО-ның құрылуының 50 жылдық мерекесінде осы оқу ұясы қол жеткен үздік табыстары үшін Семей облыстық Құрмет кітабына жазылды...».

Термоядролық жарылыстарға дайындық негізінен екі бағытта жүрген: алғашқысы – үкімет бекіткен жоспар бойынша; екіншісі – академик Сахаров тыңнан ойлап тапқан «Үшінші идеяны» іске асыру үшін...

Амал не, күндердің күнінде сол өндірісте жолды болған жасырын «бәсе-кені» министрге сыбырлағандар болған. Генерал-полковник шеніне ие адуын министр тексеру кезінде өзімен келіспей, қосаметкей әзірленген екі жобаның орындалуындағы көзге түрткен айырмашылықты бірден көрген. Келеңсіз іске қатысқандарды ашумен бүріп, сол іске рұқсат еткен Курчатовты, Харитонды, Зельдовичті нұсқап отырып, үкімет қарарын тәрк етіп, қаржы мен күшті бей-берекет шашқан «тәртіпсіздікке» жатқызады. Сол «айыптауды» Харитон мен Зельдович үнсіз көтерсе, Курчатов кенет айқайға басып, «Бізге ақыл айтатын сен кімсің? Қатардағы инженер деңгейіндегі бейшара әкімсымақ, шаманды біл...» – депті-мыс. Өндіріс коммунистері осы дауды талқылағанда КСРО үкіметі төрағасының бірінші орынбасары, айтулы министрдің беделін сақтап әрі өздері құлшына шұғылданған ғылыми тың идеяны да құрдымға жөнелтпеуді ойлап, оқыста өршіген дауға екі жақты төрелік айтқан: «Үкімет тапсырмасына жеткілікті түрде назар бөлмеген» И.В. Курчатовқа сөгіс жариялап, Зельдович пен Харитон сол әрекетке қарсылық көрсетпегені үшін ескерту алыпты; сөйте тұра партияға мүше емес Сахаровтың «үшінші идеясын» жаппай мақұлдап, соны тездетіп жүзеге асыруға қаулы қабылдаған...

«Малышев диктатор бола тұра мемлекеттік істің байыбын білетін ақылы сұңғыла қайраткер еді... – депті Андрей Дмитриевич осы оқиғаны сөз еткен естелік тарауында. – Амал не, 1955 жылғы саяси «төңкерістен» кейін, Н.С. Хрущевтің пәрменімен Г.М. Маленков Электро стансалар министрі болып төмендеген кезде В.А. Малышев те сонын колшоқпар адамы деген желеумен биік мансабынан тайдырылды...»

Бастықтар келеді, кетеді. Ал, Саров пен Семей полигонындағы ядролық зерттеу бір күн де тоқтаған жоқ, бұрынғыша жедел қарқынмен жалғасқан...

А. САХАРОВ, «Естеліктер», «1955 жылғы сынақтар» тарауы, (194-199 бб.):  
«Үшінші идеядан» туған «бұйым» 1955 жылдың 22 қараша күні сыналды.

Сынақ штабы Ертіс жағасындағы қалашықтың шетіндегі зертханаға орналасты. Ал, бакылаушылар аланның әр жеріне тарап, арнайы жабдықталған терең блиндаждарға жайғасты. 1953 жылғы сынақта мен жертөледе отырғамын. Бұл жолы зертхана іргесінен дайындаған биік тағанға жайғастым. Зертхананың бетон қоршауынан әріде көсілген кен дала. Айнала қарға бөккен, даланың әр жерінен көде мен селеудің селтиген бастары қылтияды.

...Бір сағаттай уақыт өтті. Бетон тағанның іргесіне орнатылған репродуктор кенет қырылдай бастады. Іле-шала диспетчердің диктор Левитанның сөйлеу мәнеріне ұксаған үні естілді: «Назар салыңыздар! Ұшақ әскери тапсырманы орындауға кірісті. Жүгін түсіруге бес минут қалды... Төрт, үш, екі, бір

минут!... Әне, қараңыздар, «бұйым» ұшақтан бөлінді. Отыз секунд! Жиырма, он, бес, үш, екі, бір секунд! Ноль!..»

...Шынысы күнгірт көзілдірікті көзіме ілмеген едім. Оның пайда-зияны бірдей: күшті жарыққа қараудан соң көзілдірікті шешсең – біразға дейін ештеңе көрмейсің; тасқаранғы түнге ұқсаған өлі дүниені сезесің. Сол себептен жарылысқа тура қарамау үшін бетімді теріске бұрып, буалдыр төңірек аппак нұрға шомылғанда ғана жарық тұтанған жаққа назарымды тіктедім. Ең әуелі көргенім: көкжиекті тұтас қамтып, шет-шеті сарғыш тартқан үлкен шардың әп-сәтте бояуы қанық алқызыл түске малынуы. О, ғажап! Көкжиектің жермен астасқан тұсындағы жыбырлаған сапырылыс тағы да өзгерді. Алабажық, аласапыран құйындар пайда болды. Сол сәтте жерден қою шаң көтеріліп, күн сипатты шармен араласып, іле-шала сумандаған тілін жан-жағына тарата бастады: шаң-тозаң мен бұлттар шоғыры мимырт араласып, атомдық-термодролық саңырауқұлақтың әуелі аяғын түзеді; байқауымша, жуандығы 1953 жылғы термодролық сынақтан едәуір үлкен; демек, жарылыс қуаты жобаланған мөлшерге қаптал жеткен. Аспан жүзін отты жолақтар олай-бұлай кескілеп, сүттей ақ дөңестер мен жалдар түзеп, соның сүйір тұмсығы маған саңырауқұлақ сықпытына айбарлы сұс дарытқандай көрінді. Сол сәтте бетімді ыстық ауа өбіп, құдды бір аяз қарыған даладан от лаулаған темір пештің аузына отырғандай болдым. Бұл енді жарылыс болған жерден ондаған шақырым қашықтан, бетті қарыған аязды күнде кенеттен өрбіген құйын.

– Секіріндер! Жылдам!.. – деп таған үстінен жерге қарғыдым.

Қасымдағылар да секірді. Тек «секретарьлардың» біреуі (бұл атаумен А. Сахаров өздеріне бекітілген, күнді-түні қасында жүретін оққағар күзетшісін айтып отыр – М. С.), сірә, жастық желікпен секіруге қымсынған сияқты, кенет ол омақаса құлады. Бәрі-бәріміз күшті ауа толқынына тап болдық. Әйтеуір жарақат алғамыз жоқ. Жасаң «секретарь» ғана аз-маз жарақат алды. Ауа толқыны іп-ілезде өте шықты, сол мезетте үкімет комиссиясы отырған ғимарат терезелерінің күл-талқаны шыққан салдырын естідік.

Зельдович кенет маған жақындап келіп:

– Ойдағыдай сәтті болды. Тұп-тура жобалағандай!.. – деп мені құшақтап, айран-асыр қуаныш білдірді.

Шынтуайтын айтқанда, екі жылдан бері ұйқымды бөліп, ойымды күні-түні шырмаған істің сәтті аяқталғанына сенер-сенбесімді білмей дағдарып тұрғанымда, зертханадағы штабтан сыртқа шыққан маршал Неделін, министр Завенягин, объектінің бастығы Музруков, ғылыми жетекшілеріміз Курчатов пен Харитон, Орталық Комитеттің қорғаныс бөлімінің меңгерушісі Сербин және әкімшілік пен партиялық лауазым иелерінің жаппай дуылдаған үндерінен аса көңілді екенін аңғардым. Завенягин жап-жалтыр, бір тал шашы жоқ маңдайында пайда болған жұдырықтай ісікті бір қолымен укалап келеді, соған өзі аса қынжылмаған тәрізді. Ауа толқыны ғимаратқа соғылғанда төбенің сылағы комиссияның үстіне түсіпті. Өзгелері дін аман, Завенягиннің жеке дара жарақат алғанына шаттанғаны мені ерекше таңғалдырды...





*А.Д. Сахаров, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мінбесінде, 1989 жыл*

Сол жолғы сынақ келешекте әр алуан қасиетке ие «бұйымдардың» неше түрін жасап, күш-қуатын қажетімізше өзгертуге мүмкіндік беретін жаңа серияның алғашқысы еді. Бізге ол сол ерекшелігімен де қымбат болатын.

Бірнеше сағаттан соң жарылыстан өрбіген ауа толқыны біз күткеннен әлдеқайда зор бұлдіру жасағанын білдік, қысқасы, штабтың төбе сылағын түсіріп, министрдің шекесін ісірумен тынбапты сол пәлекет. Бақылау қосындарындағы адамдар жерге бетін тигізе етпетінен жатқандықтан жарақат алмаған, рас, біреуі ғана зәресі ұшып айдалаға қашқан бетінде толқынға ұрынып, мұрттай ұшыпты. Сол маңаттағы шұңқырда жатқан алты солдат, әскер қатарына сол жылы шақырылған жас жауынгерлер жермен жексен болған жыраның астында қалып, тұншығып өліпті. Одан да зорырақ науат біз ауа толқыны жетпейді деген елді мекенде болыпты: әуеден қорғану қызметкерлері ережені сақтамай, өздері қалқайтқан жертөледе отырған байғұс тұрғындар күшті жарық жарқ еткен соң-ақ сынақ аяқталды десіп, сыртқа шыққан; Еділ бойынан соғыс жылдарында Қазақстанға еркінсіз көшірілген неміс әйелінің екі жасар қызы қуыршағын құшақтаған қалпы іште қалып, төбесі жалп еткен жеркепеді мерт болыпты. Тағы бір елді мекеннің ауруханасының төбесі ортасына түсіп, палатадағы әйелдердің алтауы едәуір жарақат алып, кейбірінің бел омыртқасы зақымданған. Мәскеуге қайтқанымда мен осы жағдайды КСРО Денсаулық сақтау министрінің орынбасары, біздің денсаулығымызды қадағалауға жауап-

ты Аветик Бурназянға телефон шалып, жарақат алған әйелдерге жәрдем көрсетуді өтініп, мүгедекке шығарылса біздің министрліктен арнайы зейнетақы талап етуді тапсырдым. Министрдің орынбасары маған кам жеменіз, тура сөйтемін деді. Алайда, сол байғұстардың одан кейінгі тағдырын білмеймін, қайыра тексергем жоқ. Ешқандай көмек алмады-ау деген де күдіктен құралақан емеспін...

Жеңілдеу бүліншілік біз тұратын қалашықта байқалды: көптеген үйлердің (әлбетте толқын соққан жақтағы) терезе шынылары быт-шыт болды, жарылыс алаңынан 150-160 шақырым қашықтағы Семей қаласының да бірнеше үйлері мен ғимараттарының әйнектері қирапты; одан әріректегі Өскемен қаласының от жағатын үйлерінде пеш қақпағы өз-өзінен ашылып, шала шанған шоктар, көмір күлі еденге түскен. Ауа толқынының кенеттен күшеюі — әуеде жасалатын жарылыстарға тән құбылыс. Егерде осы бүліншілікті алдын-ала білсек — жарылыс жасардан бұрын ауа райының құбылуын ескерер едік, амал канша, оның кілтпаны бізге бертінде мәлім болды. Ең шатағы, сол күнгі жарылыс туралы жергілікті тұрғындар алдын-ала хабарланбады. Бұл да әскерилердің өздерінше құпиялық сақтаған, одан да гөрі сынақ сәтсіз шықса — жұртты текке әурелейміз деген сақтығының салдары...

Токетерін айтқанда, термоядролық қарудың жаңа түрі қолданысқа қабылданды. Қарудың бүлдіргіштік қабілеті ересен болып, Отан қорғанысын бұрынғыдан да күшейтті. Біз, яғни сол «бұйымды» жасаушылар айран-асыр қуанышқа бөлендік. Біршама уақыт соған да масаттанып, едәуір күпсініп жүрдім. Алайда? Қапылыста мерт болған екі жасар сәби мен жас солдаттардың аянышты өлімі мені әр алуан ойға түсіріп, көп уақытқа дейін сол қасіретке қатысым болды деген ауыр сезімнен арыла алмадым».

1955 жылғы сынақты жүзеге асырғандар құрметті атақтарды шаш етекпен иеленген. Келесі жылдың күзінде КСРО Министрлер кеңесінің ұсынысымен «Үшінші идеяны» жүзеге асырудағы таңғажайып еңбегі мен тапқырлығы үшін Зельдович пен Харитонға үшінші рет Еңбек Ері атағы берілген. Курчатов та үшінші мәрте Алтын жұлдызды кеудесіне тағыпты. А.Д. Сахаров екінші мәрте Еңбек Ері атағын иеленген. Көл-көсір марапаттардан екі топтың теоретиктері мен өндірістегі инженерлер мен жұмысшылар да нәумез қалмаған. Сахаров бастаған жетекші ғалымдар 1956 жылдан беріде В.И. Лениннің есімімен аталған, сомасы бірнеше есе көбейген Мемлекеттік сыйлыққа ие болған. Қысқасы, И. Сталин өмірден озғаннан беріде екінші рет астыртын китұрқымен ауысқан Кеңес үкіметі мен Компартияның басшылары ел қорғанышы үшін деген желеумен Семей полигонында «үлкен шокпарды» сынауды одан әрі үдеткен.

\* \* \*

Семей полигонының оркөкірек бастықтары Абыралы ауданының қомақты жерін екі мәрте иемденгенін қанағат етпеген. Соншама дандайсуға Қазақстан

КП ОК-ның секретарьлары Ж. Шаяхметов, П.К. Пономаренко. Л.И. Брежнев, И.Д. Яковлев, Н.И. Беляев, И. Юсупов және үкімет төрағасы Д.А. Қонаев қарсылық білдірмеген. Кремльден қандай нұсқау түссе сол сәтінде мүлтіксіз орындаған. Солардың бірде-бірі жергілікті халық бейбіт күнде неліктен запы шегеді деген сұраумен үкіметке шықпаған.

Айғақтарға жүгінейік, Х.К. Байболатов естелігінің 14-бетінде мынадай ақпар бар: «1956 жылдың тамызында болған облыстық партия комитетінің пленумынан кейін облатком төрағасы Мұқаш Хасенов Шұбартау аупарткомының бірінші секретары Кәрім Нұрбаевты және атқару комитетінің төрағасына тағайындалған мені кабинетіне шақырып, КСРО Қарулы күштер министрінің талабы бойынша, әскери полигонға Абай және Шұбартау аудандарының жері біржолата берілетінін, сол жайында Қазақ КСР Министрлер кеңесінің арнайы қаулысы дайындалып жатқанын мәлімдеді. Біз оған: «Екі ауданның халқын қайда қаңғытасыз?» — дедік. Мұқаш марқұм бетіне сарт еткізген кекті сөзді жаратпай, «Жөнсіз даурықпаны доғарындар. Отан мүддесі талап етсе үш аудан ғана емес, облыс жерін түгел береміз. Біздің байтақ дала шетел империалистерінің қан тілеген қаскөй ниетіне тойтарыс жасауға қызмет ететін сынақ алаңына айналады...» — деп жұдырығымен үстелді тарс-тұрс ұрды, сонсоң облыс картасын ашып зіркілдеп сөйледі. — Абай ауданының оңтүстік шекарасындағы Аркат тауынан Аягөзбен жанасатын Ақшатауға дейінгі, яғни Шыңғыстаудың күншығысы мен түстігіндегі, іші-сыртындағы қалың ел мал-жанымен Жарма ауданына көшіріледі. Семейге ұрымтал тұсы Новопокров ауданына беріледі. Ақшатаумен іргелес отырған Құндызды ауылы, демек, Жданов атындағы колхоз, Шұбартау ауданының Баршатас және басқадай елді мекендері Аягөз ауданына қосылады. Оған сыймаса Сарыөзек бекетінің төңірегіндегі игерусіз жатқан шөлейт далаға бірнеше шаруашылықты орналас-тыруға жоба әзірленуде...». Мен картадан Қайнарды нұсқап, «Мына мекендегі халықты қайтесіз? Бұлар да көше ме?» — дедім. «Иә, Байболатов, сенің көкейіңді тескен туыстарың, іргелі ауылдар түгел көшеді. Абыралы тауының күнбатыс сыртындағы бұрынғы үш колхоздың жерін Қу ауданына біржола береміз. Әлбетте көшкен жұрттың бәрі материалдық шығыны үшін үкіметтен төлемақы алады, үй салуға да қаржы беріледі...» — деді.

\* \* \*

Академик Сахаровтың айтуынша, өзі «Үшінші идея» деп елеусіздеп атаған сутегі бомбасының аса қуатты жаңа түрінің 1955 жылғы сәтті сынағы сол қаруды одан әрі жақсартып, екі түрлі әдіспен түрлендіруге мүмкіндік туғызған. Зерттеушілер тобы термоядролық қарудың бомбадан өзге түрлерін де жобалап, сынақтан өткізген. Сөйтіп, Кеңес әскері тағы да жойқын қаруға ие болды, соларды қолдану мүмкіндігі де ерекше молайған. Әлбетте әрбірінің қисапсыз көп сынақтарының зардабын тағы да қыр елі тартқан..

Уақыт И.В. Сталиннің отыз жылға созылып (1924-1953), үстемдік еткен дара билігі үзілген өлара кезең. Демек сол диктатордың орнын басар ізбасар-

ларының Кеңес Одағын бірегей билеуге өзара қырқысқан астыртын айқасы ерекше өршіткен кез. 1953 жылдың күзінде Компартияның бірінші секретары болып Н.С. Хрущев сайланды, КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы мансабын Г.М. Маленков иеленді. Әрбір жаңа басшы ел тірлігіне елеулі өзгерістер енгізіп, өз билігін нақты істермен нығайтуға тиіс. Никита Хрущев те сол дәстүрге бағып, түрліше шаралар ұйымдастырған. Солардың бірі – 1956 жылдың басында КПСС-тің төтенше шақырылған XX құрылтайында И.Сталиннің кеңес халқының таңдаулы перзенттерін, маңдайалды партиялық серіктерін жаппай жойғызған шектеусіз зұлымдығын әшкерелеуі. Соған ілесе өзіне наразылық білдірген үзеңгілес серіктерін биліктен тайдыруы. Әуелгі құрық Маленков, Молотов, Кагановичке және соларды жақтаушыларға түсті. Содан кейін-ақ ол қасқа он жыл бойы «нағыз лениншіл», ерекше батыл һәм әділдікті жақтаушы қайраткер атанды. Шектеусіз билігін Никита Сергеевич қорғаныс саласында да көрсеткен. «Ядролық қаруды цивилизацияның қас жауы деу – жаңсақ түйсік, солай деушілердің миы басында емес, нәжіске былғанған төменгі жағында...» – деген күйкі де дәрекі мысқылды үлкен жиынның мінбесінен естіртіп, халықаралық саясатта сол істі басты көзір ететінін ашық ескерткені мәлім (қараңыз: Ульям Таубман, «Хрущев», М., «Молодая гвардия», «ЖЗЛ», 2005, 293-б.). Қокан-локқысы мол осы сияқты тұжырымнан ол «өзі би, өзі қожа» болған жылдарда (1954-1964) сірә да айнымағаны қауымға мәлім.

1958 жылдың 23 маусымында АҚШ-тың Кеңес Одағына ниеті түзу десетін мемлекет қайраткері Аверел Гарриманды Кремльде ресми қабылдау үстінде Н. Хрущев: «Батыс Германияның әкімшілік орталығы Боннды тас-талқан етуге біз бір-ақ бомба шығындаймыз, Англияны, Францияны, Испания мен Италияны жер бетінен біржола жоқ етуге – үш, иә төрт, ең көп дегенде бес бомба жеткілікті. Гарриман мырза, менің мәлімдемеме сенбесеңіз – алып екі елдің зымырандарының жүк көтеретін шама-шарқын салғастырыңыз. Америка зымыраның салмағы небәрі 22 фунт ядролық зарядты көтереді (бір фунт – 0, 453 кг – М. С.), ал біздің зымыран – 2860 фунтке мәу демеяді!... Сіз есеп-қисапқа жүйрік әрі ақылды адамсыз, осы салыстырудан туындайтын нақты зобаланды шамалаңыз: Батыс Германияның аядай территориясын тас-талқан ету үшін бізге бар-жоғы 10 минут уақыт керек. Бір-ақ бомбамен Бонн мен Рур бассейнін тұншықтырамыз. Парижды жер бетінен жоқ етуге – және бір бомба шығындаймыз, Лондонға да бір-ақ бомба қажет. Ал, Париж – күллі Франция, Лондон да – әлемге атак-даңқы әйгілі астана, соған қоса Англияның басты бекінісі. Париж бен Лондоннан әп-сәтте айырылған соң айбынды екі елден не қауқар қалады? Енді мына жайтты мән бере ойлаңыз: күш-қуаты әлей АҚШ үкіметі әлгі елдерді қару-жарақпен, қыруар доллармен қолдап, КСРО-ны да әскери базалармен алды-артымыздан қаумалап, қокан-лоқы жасап отыр; алда-жалда үшінші дүниежүзілік соғысты бұрын бастасаңыздар, маңдайға жазған тағдырға не шара, Кеңес Одағының бірнеше қалалары мен өндіріс орталықтары әп-сәтте күлге айналып, өзіміз де бәлкім мерт боламыз... Жарайды, мен сізге әскери құпияны ашайын, жер астындағы шахтыларға орнатылған біздің аса қуатты зымырандар сол сәтте оталып, иә, иә, біздің әмірімізді күтпей-ақ, өзінің автоматты басқару жүйесінде жобаланған шетелдік нысаналарға дереу жетіп, бүлдіру жасайды. Бұл енді бес-он минуттың жұмысы. Жә, осы құпияны кімге айтсаңыз да еркіңізде. Сіздердің қан тілеген есуас генералдарыңыз Берлинді мықты танктер-

мен және өздері сонда ұстап отырған II мың әскермен қорғаймыз дейтін көрінеді. Шынымды айтайын: біздің ойын добындай кішкентай бір бомба соларды генералдарымен бірге әп-сәтте құл-талқан етеді, бұл енді әбден мүмкін соққы!..» – дегені өмірде болған әңгіме (У. Таубман, «Хрушев», 450-451 бб.).

Никита Сергеевич төңкерісшіл әрі тызетпе әсердің адамы. Алып КСРО-ға ол он жыл бойы дегенін істетіп, бірегей билеуші атанып, өркөкірек тұлға болғаны – сол кездегі қауымға жақсы мәлім. Шаршауды білмейтін, қажет десе тәулікті 24 емес, 36 сағатқа өзінше «ұзартудан» тайсалмайтын диктатор алуан реформаларды аста-төк ұсынып, ең аяғында «Қазіргі кеңес халқы 80-жылдарда коммунизмнің алғашқы сатысына жетіп, рақат тұрмыста өмір сүреді» деген де таңғажайып «ертегімен» де малдандырды. Жә, сол коммунизм қайда? Оның орнына біртоға тірлігімізді оңды-солды сілкілеген капитализм заманына қайтып оралдық. Күлеміз бе, жылаймыз ба?..

Хрушев жариялаған реформалардың кейбірін қайталаймын: жүз мындаған саяси тұтқындарды тасқамақтан босатты; шыбынша қырылған, ұзын саны 12 (әлде 18) миллионға жетіп, «Халық жауы» атанған бейбақтарды ауыр жазадан ақтады; солардың отбасына баспананы кезексіз бергізіп, тұрмыс-тірлігін ондауға жағдай туғызып, «Жылымық» аталған саяси ақтаумен қоса бұрынғы айыптан құлан-таза тазаруды жүзеге асырды (ГУЛАГ жүйесінде ұсталған 940.880 тұтқын 1956-57 жылдары жаппай бостандық алды. КПСС-тің XX құрылтайында жасаған баяндамасында ол 1935-1940 жылдар аралығында үрдіс және қатыгездікпен жүрген «Үлкен террорда» Қылмыс кодексінің 58-бабымен 1.920635 жанкешті тұтқындалып, солардың 688506 адамы атылғанын баяндамасында келтіргені жұртшылыққа мәлім). Күллі халық әділдікке бас иген жігерлі қайраткерге рақмет айтып, «Бәрекедді!» деп сүйсініс білдірді; И. Сталиннің бұйрығымен Л. Берияның жаналғыштары атамекенінен зорлықпен көшірген Кавказ халықтарын ежелгі отанына қайтарды; ұжымдық шаруашылықтарға еркінен тыс мүшелікке жегіліп, басыбайлы құлдықта ұсталған колхозшыларды өтеусіз еңбеккүннен адақтап, жеке қуәлік бергізді; коммуналдық тар үйлерде жылдар бойы қысылып-қымтырылған қала тұрғындарын «Хрушевқа» аталған жөнең пәтерлерге көшірді, тұрғын үй құрылысы да әлденеше есе көбейді – бәріміз де жаппай шаттанып, «Жарайсың, қымбатты Никита Сергеевич!» дедік; алты күндік жұмысты қысқарып, аптасына екі күн демалатын кеңшілікке ие болдық. Сол шаралармен Н.С. Хрушев көп-көрім абырой жинап, бұқара халықшыл шынайы көсем атанды: «Жолдастар, Кеңес үкіметінің билік құрғанына 38 жыл болды. Аз мерзім емес. Демек Николай II патшаның халыққа қалдырған мұрасы мүшкіл деу ұят, ол бейшара ажал құшқалы қашан... – дегенді Никита Сергеевич 1955 жылғы халық алдындағы кезекті сөзінде естіркен. – Халық бізге: «Етті тоя жейтін тоқшылыққа қашан жетеміз? Сүтке қашан жаримыз, оны да қасықтап бересіндер ме? Тозығы жеткен жырттық шалбарды ауыстыратын да уақыт болды. Бұл енді құлаққа жағымсыз жалаң идеология емес. Құрсақ тілеген және уақыты жеткен ділгер талап. Қасаң идеологиямен халықты жалған молшылыққа сендіре алмайсың. Шалбарға жарымай жалаңбұт жүруге бола ма?..» (У. Таубман кітабының 289-беті).

Бүгінгі кеңғабыл уақыттың төрінен қарасаңыз, қымбатты оқырман, бұл да бір кезде И.В. Сталин жария етіп, ленинизмді жаңа теориямен «байытқан», Кеңес одағында «салтанат құрды» деген социализмді уақытша реформалармен бекемдеудің қамы (бертінде сол қағидаларды кеңестік тарихшылар «со-

циализмді ремонттау» деп атады). Ел билігі Компартия мен соның жазалаушы шокпары Қауіпсіздік комитетінің қолында болды. Сол ұжымның бірегей билеушілері ешқандай сын естімей, тежеу де көрмей, өз білгендерін бәз-баяғыша жалғастырды. Г.М. Маленков жеңілдіктер беріп, шаруашылықты жандандыруға тырысқан мемлекеттік емес ұжымдардың бәріне тежеу қойылып, шаруаларға берілген жер телімдері қайтадан тартып алынып, өндірістік кооперацияны салықпен тұншықтыру шаралары қайыра жалғасты. Осы тонауға байланысты біздің елде: «Маленков берген байталды, Хрушев келіп қайта алды...» деген қалжың өлең халыққа тарады. Шындығында сол қалжың емес, ашынған жұрттың мұны мен зары болатын. Апыр-ау сонда сан-салалы өндіріске, шикізат байлығына ие, 170 миллион халқы бар алып елдің кезекті бесжылдық жоспарды орындай алмағанына не дейміз? Сол жайтты халықтан жасыруды ойлаған «кеменгер» басшымыз жетіжылдық жоспарға көшуді ұсынды. Қалыптасқан әкімшілік жүйені өзгертіп, бір облыста екі обкомның (өндірістік және ауылшаруашылық) басқаруын енгізіп, министрліктерді жаппай таратып, Халық шаруашылығы кеңестерімен ауыстырды (небәрі бірнеше аптада асығыс құрылып, ғұмыры шолақ болған совнархоздарды айтып отырмын, олардың жалпы саны Одақ бойынша екі аптада 105-ке жеткен). Қыруар қаржымен, ерекше даңғазамен ұйымдастырылып, жүзеге асқан «Тың және тынайған жерлерді игеру де», ақыр аяғында ақтаған жоқ (Тың көтерудің алғашқы екі жылында жобаланған 2,3 миллионның орнына 13 миллион гектар жер жыртылып, дән себілген. Жыртылған жердің көлемі 25 миллион гектарға көбейтілді. Агротехникалық шараларды өрескел бұзудың салдарынан соның бәрі төрт-бес жылда істен шығып, экологиялық күйзеліске соқтырғаны – кешегі өмірдің күйкі шындығы). Қазақстан тыңгерлері алғашқы жылы өсірген миллиард пұт бидай дер кезінде жиналмай, қар астында шірігендіктен ділгер астықты тонналап алтын беріп, АҚШ пен Канададан сатып алуға мәжбүр болдық.

Құлдыраған экономика Никита Сергеевичтің үлкенді-кішілі жиындарда 4-5 сағат бойы даусы қарлыққанша айқайлаған, ойбайлаған сөзімен, яки жалаң үгітімен түзелген жоқ. Өмірдің дағдылы заңына лайық жол-жобамен жүрді де, 1959 жылы нан мен ет өнімдерінің қымбаттауына мәжбүр етті. И. Сталиннің жеке басының кемшілігін, диктаторлық қатаң басшылығын, миллиондаған халықты қанға бөктірген қатыгездігін сынаумен беделге ие болған Н. Хрушев Венгрия оқиғаларында (сол елде екі тәулікке созылған қантөгісте 20 мың мадьярдың, 1500 кенес солдатаның өмірі қиылған) және кеңестік Новочеркас қаласында ет өнімдерінің қымбаттауына наразылық білдіруге шыққан мың қаралы жұмысшыға оқ жаудыруға бұйрық беруге мәжбүр болды (осы қырғында ересектер ғана емес, бүлдіршін балалар да оққа ұшқан)...

Қантөгіспен аяқталған екі оқиғаның да 1956 жылы болған.

Американың ЦРУ-ы 1953 жылдың алғашқы жартысында КСРО-да 200 ядролық заряд болатынын мәлімдеп, өз елінің президентіне ресми ақпар берген. Сол өндірістің басы-қасында жүрген академик А.Д. Сахаров «Естелік-

тер» кітабында біздегі атом бомбаларының саны сол жылы 120-ға жетті дейді. Сірә, соңғы дерек шындыққа жақын. Алайда осы ақпараттың астарында айтылмаған өкінішті шындық мынадай: сол бомбаларды қиырдағы АҚШ түгілі, Еуропа құрлығының батысына жеткізер алып ұшақ, иә оны көтеретін зымыран да болмаған. Осы шындықты білгенде Никита Сергеевич, өзінің мойындауынша, көңіл-күйі бұзылып, бірнеше тәулік бойы ұйықтай алмаған-мыс. Сөйте тұра, ғажапты қараңыз, империалистермен дипломатиялық тәжікеде өмірде жоқ сол зымырандарды бар деп, өзі жүргізген саяси қокан-локкыға ешбір қымсынбай пайдаланған. Сол себептен де әскери-теңіз және әуе кемелеріне жұмсалатын қыруар қаржыны кемітіп, солардан босаған ақшаны зымыран жасаушыларға миллиондап бергізген. Королевтің қарауындағы конструкторлар бюросы ядролық бомбаның салмағы 270 тоннаға жеткен ең ауырын тасымалдайтын, құзар биікке самғар аса қуатты әрі ерекше ұшқыр «Р-7» зымыранын жобалап, 1956 жылдың қысында Еділге ұрымтал Капустин Яр алаңында соны іс жүзінде сынаған. Шыдамсыз Никита Сергеевич соны да әскерилер қолындағы дайын техника ретінде әйгілеп, шетелдіктермен келіссөздерде басты көзір еткен. 1960 жылдың қаңтарында Кремльде өткен жаңажылдық қабылдауда ол АҚШ-тың КСРО-дағы елшісі Томпсонға: «бізбен қырғикабақ Францияны түншықтыру үшін ядролық бомбаларды таситын 30 зымыранды бағыттап қойдық, Англияға да қасқағым сәтте 50 зымыран аттанады...» – дегенде, АҚШ елшісінің әйелі Джейн Томпсон ханым қатты үрейленіп. «Ал, біздің елге қаншасы?» – деген-мыс. Хрушев биязы жымыып: «Ол енді, мадам, мемлекеттік құпия, жариялауға қақым жоқ» – дегеніне не дейміз?..

Никита Сергеевичтің шетел дипломаттарымен кездескенде әрдайым қолданған амалдарының бірі – осы, кімге болсын көкейкесті ойын бүкпесіз жария ету. «Өмірімде мұндай имансыз дәрекіні кездестірген емеспін, – депті АҚШ-тың президенті Джон Кеннеди 1961 жылдың жазында өткен Венадағы саммиттен соң «Тайм» газетінің тілшісі Хью Сайдимен әңгіме үстінде. – Мен оған ядролық соғыс тұтанса алғашқы он минутта 70 миллион адамды жер бетінен жоқ етеміз, құдай тағала бізді сондай қырғыннан сақтасын» – десем, Никита Хрушев: «Онда тұрған не бар, тірі қалғандар Жер шарын қайтадан көркейтеді» – деп маған сұстия қарады. Шошығаным сонша, одан әрі әңгімені жалғастыруға құлқым болмады...» – деп те ағынан жарылған.

Байқайсыз ба, әлем халқын ерекше шошытқан алуан оқиғаларға Семей іргесіндегі әскери зонада сыннан өткен ядролық сынақтардың сәтті нәтижесі басты көзір болған. Иә, Сталин мен Берия барынша қолдап, шынтауайтын айтқанда, жоқтан бар жасап, Дегеленнің теріскей баурайындағы «Тәжірибе алаңында» жанталасқан әрекетпен сыналған атомдық, ядролық от қарудың жойқын нәтижесі АҚШ президенті мен Н. Хрушевтің ымыраға келуіне түрткі болғаны сөзсіз. Дей тұра нақ сол келісім бізді, Ертіс бойындағы қалың елді ядролық сынақтардың жаңа да қуатты түрлерінің дүңкілі мен дүмпүй астында әуірімдеп өмір сүруге мәжбүрлегенін ескертсек ше? Бұл да кешегі өмірдің естен кетпес күйкі де ащы шындығы...





1957 жылдың күзінде қазақ әдебиетінің алыбы Мұхтар Әуезов алпыс жасқа толар қарсаңында туған еліне баруға қамданған. Ал, жанашыр достары: «Мұха, осы сапарға бармай-ақ қойсаңыз қайтеді, туған халқыңыз мерейтойыңызды Алматыда, Одақ көлемінде дүбірлетіп өткізеді. Соған да қанағат етіңіз...» – десіп, Шыңғыстау түгілі Семейге де жібермеуге үгіттеп баққан. Зады, бұл халқына аса қадірлі қаламгердің шынайы тілеулестерінің ұлы замандасын қауіп-қатерден сақтандырған ізгі тілегі. Өйткені, Қазақстанның зиялы қауымына Семей атырабында, әсіресе әскери полигонмен көршілес отырған Абай ауданының тұрғындары арасында аққан мен қылтамақ сырқаты дендеп, талай отбасы ауыр қасіретке душар болғаны, оның нақты күнәһарына жұртшылық сол кезде-ақ құлағдар болатын...

1945 жылдан беріде, ұлы Абайдың туғанына жүз жыл толған мерейтойынан кейін кіндік қаны тамып, жастық шағы өткен өңірге ат ізін салмаған, бір басына үйіп-төгілген алуан міндеттер мен әдеби, ғылыми жұмыстардан да уақыты болмай, бірақ туған жерге деген іңкәрі суымаған Мұхтар Омарханұлы әріден толғайтын әдетімен: «Әй, пәле-ай, бұл уәждерің, ағайын, менің көңіліме жағымды сөз емес. Елді сағындым, ата-бабама құтты қоныс болған Бөрліге соқпай, кәрі Шыңғыстың бөктеріндегі қаусар бұлақтарынан су ішіп, бозбала кезімде алтыбақан тепкен көкорай шалғынына аунап-қунамай іштегі іңкәр өксігім, сірә, тарқар ма?! Қойыңдар бұл сөзді, алпысты алқымдаған кексе де бала, Семейге барамын. Бұл сапардан мені айнытпандар, ел-жұртым да сағынып отыр деген хабарды естідім...» – деп жолға шығуға әзірлік жасаған.

Ақыры дегені болды. Қимас дос-жарандарын ертіп, қыркүйектің 20-ы жаңасында Семейге жеткен. Ертістің екі жағына бірдей қанат жая өскен қаланы көрін, өзі оқыған бес сыныпты училищені, оқытушылар семинариясын, пәтерде тұрған үйлерді аралап, жастық шағына саяхат жасағандай болып, мәре-сәре күй кешіпті. Абай атындағы Семейдің қазақ драма театрында (бұрынғы Делдалдар клубы) қала халқы сүйікті жазушысымен кездесті. Семей жұртының үлкенді-кішілі өкілдері, қала зиялылары той иесіне жүрек-жарды лебіздер айтып, сый-сияпаттар жасаған, қаламгердің өзі де жан сырын ақтара сөйлеген. Келесі күні ертерек аттанған тойшылар тобы Абай ауданына бет түзейді. Жолшыбай өзі жарық дүниеге келген Бөрліге ат басын бұрып, ата-бабасының, анасы Нұржамалдың, әкесінен алты жасында айрылғанда өзіне қамқоршы болып, Семей шәрінде оқытқан ағасы Қасымбектің бейіттеріне соғып, дұға оқиды (Қазірде бұл жерде қаламгер туған қыстау үйі қалпына келтіріліп, мұражай ашылды. Ата-анасының бейіттері де қайтадан бой көтерді). Одан кейінгі кездесу Күлмен ауылкеңесіне қарасты Қасқабұлақ аулында өтеді (осы шаруашылық бертінде М. Әуезовтің есімін иеленіп, кеңшар атанды). Бұл ауылда жазушы ескі таныстарын кездестіреді: 84 жастағы Ыбрайша шалды, Абай шығармаларын кестелі жазуымен көшіріп, біздің заманға жеткізген Мүрсейіт ғұламаның туған қарындасы, сол күнде 103 жастағы қарт ана Бибінің құшағына еміне енеді (Мұханның көңілі

босап, «Ойпырмай, дүниеде бар екенсіз, рақмет, асыл әже!..» деп, көзінен тамшылаған жасы омырауын жуады. Сол сәтте кемсеңдеген үні магнитофон таспасына жазылып қалған. Осы ауылда мерейтой иесіне республикалық бәйгеде озып жүрген жирентөбел ат күмістелген ертоқымымен сыйға тартылады. Мұхаң жарықтық сый атқа мініп, әрлі-берлі ойқастап жүреді. Ақырында бәйге жиренді Тілеке Орынбайұлы ақсақалға беріп, «бұл сайгүлікті сізге аманат етемін, аты – менікі, заты – сіздікі, бәйгеге шапқанда үстіндегі бала тек «Абайлаған» ұранмен шапсын!..» – депті-мыс...

Жирентөбел ат содан кейінгі екі-үш жылда облысаралық жарыстарда бәйге алдын бермеген. Сайгүлік аты бәйгеден келген сайын Мұхаң да ат бапкеріне сүйіншісін молдап жіберуді ұмытпаған. Тілеке де жөн-жобаны білетін, ескі ғұрыпты қатты сактайтын есті. Ат иесінің опат болғанын естіген күні ол көз жасын төгіп отырып, жирен төбелдің кекілі мен құйрығын күзеп, жылқыға жіберіп, ұлы жерлесінің өмірден озғанына жыл толғанда атты сойып, ауыл-аймағына етін таратып, Мұхана дұға оқып, еске алындар деген.

Қарауылда өзін ынтыға күткен жерлестерімен мерейтой иесі 22 қыркүйекте кездескен. Жолшыбай Жидебайға да соғып, ұлы ақынның мүрдесі жатқан қасиетті орынға тәуеп етеді. Абайдың сол жердегі қыстау үйінде ашылған мұражайды көреді. 24 қыркүйекте облыстан, ауданнан ерген қарамды топ Құндызды ауылы арқылы (о күнде Жданов атындағы колхоздың орталығы) Аягөз қаласына келіп, сол жерден Алматыға ұшақпен аттанады. Хас суреткердің туған еліне соңғы сапары небәрі бес тәулікке созылған.

Әңгіме әуенін енді көне көз қариялар жадында сақтаған басқа жайтқа бұрамыз. Ол болса әскери полигон осы ауданға тұтқиылдан төндірген қатер турасында...

Сол жылдары Қарауылда қонақ аялдар мейманхана болмаған. Бұл да кешенді құрылыстарды салуға қаржы бөлінбей, рұқсат та берілмеген сұрқай уақыттың салдары. Мұхтар Омарханұлы аудан орталығына келгенде бұрында, соңғы сапарында да түскен үйі – ескі досы Балтақай Толғанбаевтың шаңырағы. Ол болса суреткердің «Абай жолы» эпопеясының бірінші кітабының «Өрде» тарауында арғы атасын «Сағал көз, сары сақал Жұман» деп бейнелеп, «Жидебай мен Мұсақұлдың арасы 1232 «Лә илаһа иллала» болды, былтыр әдейі санадым» дегізіп, Абайдың уәлі аузымен сөзшеңдігі әжуаланатын қарттың бергі ұрпағы.

Мұхтар Омарханұлы осы сапарында өзін ерекше толғандырған күпті жайтты Балтақай ақсақалға Қарауылдан аттанарда құпиялап айтқан: екеуі туып-өскен ел мен жердің тағдыры мүшкіл екенін, Абай ауданы күллі жерін әскери полигонға беріп, тұрғын халқының басқа жаққа қоныс аударатынын қынжыла сөз еткен...

– Бұрнағы жылы Абыралы ауданы таратылды, ата-бабасы неше ғасыр мекендеген Мыржық пен Дегелеңнен қанша отбасы шалғай қонысқа зорлықпен көшірілді. Халықтың ағыл-тегіл жылауымен үкімет санасқан жоқ. Сол қасірет енді Шыңғыстауға да таяған. Менің естуімше, облыс басшылары

Жидебайдағы Абайдың сүйегін Семейге алғызып, ақын мұражайының ауласына, иә басқа бір жерге жерлеуге жасырын шешім жасапты. Дүйім жұрттың наразылығын басу үшін ақынның сол қонысында сәулетті кешен тұрғызбақ... Мен сол жайтты осы жолғы жүздесуде облыс басшыларынан ежіктеп сұрап едім, қызметіне мардамсыған қуыс кеуде шіркіндер: «Сондай сыбыс бары рас, бірақ ақырғы шешім емес... – деп күмілжіді. Соған қарағанда оларға Абай да, Шыңғыстау да керек емес, бір күнгі мансабы қымбат! Жә, Балташ, сен, осы шаруаға уақып бол. Мұндай қорлыққа сірәда көнуге болмайды. Қазіргі көпшілік төбесіне нәжіс құйып жатса да үндемеуге әбден үйренген... Қаншама асыл азаматтар сұраусыз, атаусыз, жоқтаусыз жок болды? Саған айтар өтінішім де, өсиетім де осы, Балташ! Өзің сияқты шалдар бастап, халықты көтеру керек. «Абайдай ұлының қабірін ашқызбаймыз, сүйегін ешкімге бермейміз» дескен айқай-шу қажет, ұқтың ба? Ау, қашанға төземіз? Бұға берсең сұға береді деген осы. Алдындағы азын-аулақ малын бағып, күнкөріс жасап отырған жерін тартып алудан артық басыну бола ма? Сона бір көшелі жылдарда ата-бабамыз осы жерді қолына сойыл алып қызғыш құстай қорғады, қан төкті. Кешегі Мамай, Токтамыс батырлардың, аттан түспей жүріп, ел намысын қорғаған шынайы ерлердің қаны мен жаны сендерге дарымаған ба? Қысқасы, күллі ел дүрліккендей наразылық туғызу шарт. Әрине, үкімет өз шешімін бұзғысы келмейді. Пәленің басын әрі қаратсын, әскери көршілерінің ниеті бұзық, жыл өткен сайын арандары зорайып келеді дейді. Олар үшін Абайдың қасиет-қадірі, аруағы, ұлылығы – бес тиын пақыр. Менің ойымша, облыс пен республика басшылары үшін қазақтың бас ақыны, данагөй перзентінің сүйегін қабірінен суыру – санамыздан өмірі өшпейтін маскара, сүйекке басылған қара танба! Бұл енді денесінде қазақ қаны бар пендені қарадай шошытатын сорақы оқиға. Бәлкім сол шіркіндерге ел-жұрттың наразылығы ойтүрткі болар?.. Балташ, мен саған өзімдей сенемін, осыған бас-көз боласың. Сендер бұл жақта Абайдың сүйегін бермейміз деп шулатып жатсаңдар, о жақта мен де қарап қалмаспын. Әлбетте сол шара – Абай ауданын таратудан құтқарар бірден-бір амал. Бұл іске сен қатты ойлан, қалайда қол қусырып қарап отыруға болмайды! Кім не десе де елдігінді көрсетіп, намысқа басып, кеуденді төсеп қайратқа мін, мұнда-сым!.. – деп замандасына ауыр міндет артқан.

Балтақай ақсақал көз жасын төгіп отырып: «Жарайды, Мұха, өзіндей көр, тура солай етемін, қу жаным кеудемнен шыққанша сөйтемін! Міне бас, міне кеуде!..» – деп қонағын еміне құшақтап, уәде еткен-мыс...

Осы тапсырманың жалғасын абайлық қаламгер Кәмен Өразалин ағай «Абай ауылына саяхат» атты деректі кітабының 156-165 беттерінде тәптіштеп суреттеген. Шырғалаңы мен зобалаңы мол айтыс-тартыстың жуан ортасында болған куәгердің жүрекжарды әңгімесін ықшамдап келтіремін...

*«Ақыры, 1958 жылдың күзінде Абайдың денесін Семейге әкетуге байланысты облыстан да, республикадан да адамдар келіп, жағдай біржолата қиындады. Көңілдері бұрыннан да қамығып жүрген абайлықтар бір сұмдықтың болғанын сезді. (...)*

Ұлы ақынның жерлестері Абай мүрдесінің өздерінде жатқанын медеу көретін-ді. Ел басына қаншама ауыртпалық түссе де ақынды ес көріп, Шыңғыстан алыстап кеткендері де қайтадан оралып жүретін... «Аудандағы іргелі құрылыстарға қаржы бөлінбей жүргеннен-ақ шошушы едік» деген сияқты әңгімелер енді ауыздан-ауызға көшті. Көрші отырған Абыралы ауданы таратылғаннан кейін-ақ: «Бізге де енді құрық салады» деген болжамдар болған. Ал, таратылған ауданның бірер колхозы өздеріне қосылғаннан кейін, «Е, енді ешқайда қозғалмайтын болдық», — деген жан-себіл ойға да ерік бердік. (...) Жоқ-жітікке қарамай күнелтіп отырса да, Абайдың аруағына сыйынып, ес жиятын ел адамдары енді үмітсіздікке тап болғандай күйзеліп, күңірену басталды.

...Сол қарсаңда Алматыдан келген шенеунік басшының ауданның беделді адамдары және Абайдың туыстарымен жеке-жеке әңгімелері басталды. Айтары — ақын мүрдесінің Семейде қайтадан жерленгені жөн болатыны туралы жұрт алдына шығып сөйлеңіз деген үгіт. Семейде оған арнап әдемі кесене салынады-мыс, қала тұрғындарынан басқадай да келушілердің де көп болатынын айттып, сендіре сөйлейді. Абай ағамыздың Семейді өз үйіндегі көріп, балаларын сонда оқытып, білім әпергенін де желеу етті. «Жидебай қаладан шалғайда, екі жүз шақырым (?) жерден Абайдың қабіріне мінәжат етуге кім келеді? — деп те төндіре үгіттегені есімде...»

«Аудандық партия комитетінің сол мәселеге арналған пленумы (?) қарсаңында Мұхтар ағаның досы Балтақай Толғанбаев екеумізді райкомге шақырды. — дейді К. Оразалин өлкетану кітабында. — Бізге айтылған сөз баяғы сарында болды: республика үкметінің шешіміне қарсы болмауды ескертті; үгіт жұмысы баянды болды-ау деген кезде жиын ұйымдастырылды; мәселенің саяси мәнін түсіндіруден кейін алдын-ала әзірленген сөйлеушілер мінбеге көтеріле бастады. Бірінші сөз алған «Қызыл ту» колхозының шопан әйелі Әлмәмбетова: «Қаулыға қарсылық бола ма, айтылған сөздер жөн ғой...» — деп өз ойын бұлдырлатып аяқтады. Одан кейінгілер де сол сарында сөйлеп, пленум Абай денесін көшіруге шешім қабылдады...

Осыдан кейін Қарауыл ғана емес, бүкіл аудан еңбекшілері арасында дүрлігу мен толқу өршіді. Соны аңғарған аудан басшылары жоғарыға ескерткен тәрізді, Алматы мен Семейден арнайы өкілдер келіп, аудандық мәслихатқа қайыра шақыртты...»

Абай ауданында кенеттен өршіген наразылықты Кәмен аксақал одан әрі тәптіштеп жазып, ел арасындағы үгіт-насихатқа, әсіресе іріткі салуға қауіпсіздік жүйесінің құпия агенттерінің де қатысканын, сот-прокуратура қызметкерлері белсенділік көрсеткенін сөз етеді. Қарауыл кентіндегі елдің өреклеуі басылмайды. Әлкисса содан өзіне Абайдың немересі Исрайыл карт бәйбішесімен келіп, мазалы ұйқыдан айрылғанын егіле айтып, Алматыға, Мұхтар Әуезовке жеделхат жазып беруін өтініпті. Кәмекең тілегін орындайды. Бірақ, жазған сөзді поштадан өткізе алмапты, Қауіпсіздік мекемесінің бақылауында екен. Алайда Капиза Боранбаева есімді телефоншы әйел ерлік жасап, Исрайыл атасын Мұханмен түн ішінде тілдестіріпті. Ертеңінде Мұханнан: «Мәселені шұғыл шешпеңдер, ойланыңдар...» деген тұспал сөз-



дері бар жеделхат келінті. Ел егделері сол ескертудін астарындағы наразылықты ұғып, карсылықты бұрынғыдан да күшейткен-мыс.

Сол кезде ел арасына «Ақынның денесін Семейге әкететін адамдар келіпті», «Басындағы шикі кірпіштен құйылған бейітті трактормен бұзды-мыс» деген қауесет тарайды. Үлкендердің сыбырлауымен ашық айқасқа абайлық жастар көтеріліп, сойыл, балталарын алып, Жидебайдың басында түнейтін болыпты...

*«Ертеңгілікте Қарауыл тұрғындарының жалпы жиналысы болады...» – деген түнді жұрт ұйқысыз өткізді. (...) Сол жиналысқа мен де қатыстым. – дейді жазушы Кәмен. – Күн суық, желтең болғандықтан жұрт клуб үйіне жиналды. Алматыдан келген өкіл мылжың сөзбен Абайдың кім екенін елге таныстыруға тырысып еді, ашулы жұрт оның баяндамасын ақырына дейін айтқызбады.*

*...Көпшілік ортасынан Абайдың ауылдасы, Байторының Балғабайы орнынан тұрып, алматылық шешенге: «Абай, Абай!» деп босқа даурығасыңдар, оның өзіне түк те істеген жоқсыңдар... – деп ел көкейінде жүрген талай өксікті төкті. – Не Семейде, не Алматыда тұрықты ескерткіш жоқ, қабірі де бәз-баяғы тозған қалпында.*

*...Елдің ашулы коңлін Әлімбет ақсақал білдірді. Оны жұрт: «Әлекең әділін айтты», «Абайды күні кеше қорлағаны аз ба?», «Абайымыз бізбен бірге болады» десіп, тұс-тұстан даурықты. Сол сәтте мылқау Шәукеннің шешесі Шақаң мен Бибі әжелер жарыса сөйлеп: «Аруақты неге әурелейсіңдер?!», «Абайымызға тиіспеңдер!» деп жұртты одан әрман дүрліктерді.*

...Алматылық өкіл әбден ызаланды білем, жиналысты басқарушының қолындағы қоңырауды жұлып алып, жұрттынышталғанша күңгірлетіп соқты да: «Қандарыңа сіңген өктемдіктерің тобықты елі әлі жоғалған жоқ екен. Бұл енді аға сұлтандар билеген баяғы заман емес. Осыны түсінетін уақыт жетті. Шынын айтсам, шы...шын...шындығында... — Тұтыға сөйлеп тұрып, көмейіндегі сөзді кенет лақ еткізді. — ...Түсінбейсіңдер, түк те білмейсіңдер. Абай ауданы енді болмайды. Бәрің де көшесіңдер! Ал, керек болса?..».

Залдағы жұрт енді жаппай күңіренді.  
— Сұмдық-ай! Енді қайттік?  
— Құдай-ай, құдай! Неңді алып едік?!  
— деп дауыс салған Шәукеңнің шешесіне Бибіш әже қосылды.

— Абайдай дананы берген ел де жазықты екен ғой! Ей, тәңір иесі, бар болсаң, біздің сүйегімізді Шыңғыста қалдыр. Шалым аштан өлді... Жалғыз немерем соғыстан қайтпады... Қуарған басым, ойбай-ау, енді қайтем?!

Жылаған әйелдердің жоқтау айтып күңіренген дауыстары біріне-бірі ұласып, ду-дудан ешнәрсені айыруға болмайтын жағдай туды. Орындықтар сықырлап, терезе әйнектері саудырлап жатты.

— Қайда көшеміз?  
— Қашан?  
— Шар ауданына. Алакөл жағасына, одан әрі Сарыөзек стансасына барасыздар...

— Мәссаған, тағы қайда қаңғимыз? Бұл не сұмдық?

...Жұрттың айқайы, зар жылаған дауысы зорайған сәтте Әлімбет ақсақал орнынан қайта тұрды. Елтірі тымағын қолына жұмарлап ұстаған күйінде көпшіліктің у-шуы басылғанша маңайына қатулы қабақпен ұмсына қарады....



— ...*Үстел басында отыр екен деп, әй, бастықсымақ, сенің сөзіңнің бәрі жөн бола бере ме?* — деп бастады да Әлекең сәл тоқтады. Сонсоң алматылық өкілдің «*Өзің бір қырыс шалған адам екенсің*» деген шымшымасына түйіле қарады. — *Саған жауабым бұл. Абай абыздың ұрпағына қалдырған өсиетін білмесең, мен айттайын, тыңда!..* — деді де, тау басынан етектегі қасқырға шүйілген қырандай қомданып тұрып: «*Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме. Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!..*» деген жоқ па еді Абай?!.. «*Тірі күнде көрген қорлығым да жетеді ғой, өлген соң мені әурелеп қайтесіңдер, есіркеңдер!*» деп тұрған жоқ па ұлы аруақ?!.. Немізді алып кетіп еді Абай?! Ағайындар-ау, неден сондай сорлы ел болғанбыз? — Қарттың көңілі босап, кемсеңдеп, соңғы сөзін айта алмай сәл тоқтады. — Көшірмек түгіл жерге көмсеңдер де әзірміз. Бірақ, біз қайда барсақ, Абай ағамыз сонда болады. Семейге бермейміз! Қапказға қайтқан чешендер де өлген шал-кемпірлерінің сүйектерін сандықтарына салып әкетіп жатыр. Біз де Абайымызды әскери сынақпен талқандайтын сорлы жерде қалдырмаймыз».

Алматыға оралған соң-ақ Мұхтар Әуезов шынғыстаулық жерлестері тартқан тосын тақсыретті үзеңгілес замандасы, Семейдің оқытушылар семинариясында оқыған жылдардан таныс, бозбала шағын бірге өткізген замандасы Қ.И. Сәтбаевқа барып, егіле сөз еткен. Қаныш Имантайұлы бұл кезде Ғылым академиясының президенті міндетін атқаруға қайта оралып, бак-беделі қайтадан дәуірлеген мезгіл. «Қаныш дос, туған еліме сапардан мен катты шошып қайттым. Ертіс бойындағы қалың елді ем-домы беймәлім катерлі дерт жайлапты. Соның сорақы белгілерін Қарауылдан көрдім. Сол дерт



құдауанда қарттардан горі жастарды көбірек шарпыған. Ақ қан дей ме, әйтеуірі бейдауа бір пәлемен жаппай ауыратын болыпты. Ең қиыны, соны тексеріп, себеп-салдарын анықтауға ойланған не дәрігерлерден, не билік басындағылардан бір пенде көрмедім. Бұл енді қыр елі бұған дейін көрмеген, білмеген тосын қатер!.. Айтуларыңша, полигонмен көршілес Саржал, Қарасу, Қайнар, тағы қаншама елді мекендердің көкөрім жастары өзіне-өзі қол жұмсайды-мыс. Сенесің бе, 15-16 жастағы бозбала өрендер өмірден түніледі дейді. Ұқтың ба, біздің қазақ баласы ешқашанда көрмеген, естімеген сұмдық бұл!? Кеше ғана мал қайырып, иә доп қуып жүрген балақандар түн ішінде қараңғы қораның бір түкпіріне барып асылып қалады-мыс. Сірә, өз-өзінен үрейленудің әсері. Өйткені, аты ошкір атом бомбасы тас төбелерінен тарсылдаған шақта, иә іле-шала аспанға көтерілетін қызылқоңыр бұлт Шаған өзенін қуалай өрлеп, Шыңғыстауды тұмшалап, Тоқтамыс батырдың елін баса коктеп, Бестамак, Танат, Ақбастауды түгел қамтып, Көксенгір тауы арқылы Шұбартау ауданының жеріне, Жорға тауына құлайтын көрінеді. Соның бәрі малға жайлы, суы мол, кең қолтық қоныстар. Кейбірін жас жігіт кезімде көргенмін. Ескі жөнмен айтқанда, тобықтының орыс-қаржау бұтағы қоныс еткен, Ике, Мұсатай тәрізді жуан аталары мекендеген шұрайлы өңір. Тоғжан сұлу ұзатылған дәулетті ауылдың жұрты да сонда. Радиация тозаны дейтін пәлекет сінген улы бұлттар одан әрі колхозды елдің, керей мен төленгіт руларының атаконыстарын баса көктеп өтіп, Балқаш пен Алакөл алқабына жеткенде ғана дымқыл ауамен араласып, бойы ауырлап, көл үстіне шөгеді деседі. Естуімше, осы атыраптағы ұзын ырғасы бес-алты жүз шақырым жердегі тұрғындарды, жан-жануар дүниесін, жер-жаһанды түгелдей жайпап радиация күлін мейілінше шашады білем. Аспан желі түстікке бұрса, әлгі пәлекет Шыңғыстаудың күншығыс бөктеріндегі қалың елді де қамтитын көрінеді. Сол қатер Абыралы ғана емес, Абай ауданын да шалған... Не дерімді білмеймін, бұл енді тарс еткен мылтық үні естілмеген, марғау тыныштық орнады деген бүгінгі кембағал заманда дала халқы тап болған қатер, сонау 49-жылдан тоқтаусыз жүрген тарсылдың салдары. Жә, осыны тоқтататын кісі, қандайда бір қайрат жасар азамат бізде бар ма? Тыныштығымды бұзған жанайғайымды сенен басқа кімге айтамын, Қаныш? Сол кесепатты сәлемі тұзу билік иелеріне төндіре, егіле де сездірдім. Халық денсаулығына жауапкер министрден бастап, үкімет басындағы әкім қараларға қу жанымды қинаған уайым-қайғы осы... деген ауыр сөздермен ескерттім. Алайда, Қаныш, бұл да – көкірегімді қарс айырған ащы өкініш, сол шіркіндердің бірде-бірі: «Жарайды, Мұха. Бірдеме істейік», – демеді. Дәрменсіздігін мойындап, бастарын шайқады. Соны енді саған да естіртіп отырмын. Бұл енді, айттым, болды, парыздан құтылдым деуге саятын атөтті іс емес. «Менің қолымнан не келеді, өзіндей дәрменсіз пендемін...» деген сөзді маған айтпа! Сол пәлекетті ел төбесінен күнітүні тарсылдатқан ғылым адамдарын, солардың әйдік басшыларын, сірә, сен білесің. «Әрекет жасап көрейін, ең құрғанда, тарсылды сиретуге тырысамын» десең – кәрі қойдың жасындай санаулы жылдарымды өксітпей, бейғам ты-



ныштықта уайымсыз өткізер едім. Әй, қайдам? Сенбеймін. Сөйтсе де әскери полигон таратқан осы тажалға бір амал жасап корсеңші!..» – деп егіліп отырып, өзін қинаған жайтты ақтарған.

Қаныш Имантайұлы қадірлі замандасының ұйқысын бұзған шерді ағыл-тегіл шерткенде: «Жарайды, Мұха. Жаныңызды жүдеткен мұнды ұқтым. Шамам жеткенше бұл іске кірісемін. Ертіс бойындағы елдің әскери полигоннан тартқан қасіреті маған мәлім, алыстан қамыға бақылап, түк білмегенсің қарап отырғамыз жоқ...» – дейді, нендей қаракетке кіріскенін тек ұлы замандасына жария етпеген.

Шамалауымызша, Академия президентімен әңгіме 1957 жылдың күзінде болған.

Таңғаларлық айғақ: Мұхтар Омарханұлы туған елін күйзелткен ауыр қасірет жайында жапон еліне жол түскен, сол жылғы тамыз айындағы сапарында да ешкімнен қымсынбай, сірә, сол жайтты әлем халқының назарына жеткізуді ниет еткен тәрізді, тебірене сөз еткен. Бұл туралы әлдекім емес, Ел президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Бейбітшілік кіндігі» атты кітабының 63-бетінде мынадай куәлік айтыпты: «Сонау 1957 жылы Жапонияның астанасында өткен атом және сутегі бомбасына тиым салуға арналған халықаралық конференцияда сөйлеген сөзінде жер бетіндегі алғашқы ядролық сынақтардың ажал сепкен зардаптары туралы Мұхтар Әуезов те тебірене сөз еткен. Сол жиында ол өзінің кіндік қаны тамған өңірге, ежелгі Семей жеріне әскери полигонымен ілесе келген ауыр қасірет туралы, табиғаты түсініксіз сырқаттардан зардап кешкен адамдар мен мутанттар туған жүздеген аналар жайында батыл сөз толғады...» – деген.

Бұл енді, андауымызша, Семей елі қасіретінің әлем назарына алғашқы ілінуі.

Қандайда елдің ескілі-жаңалы тарихына үңілсеңіз, замана дамуы марксизм-ленинизм классиктері тәптіштеп түсіндіріп, санамызға бұлжымас қағида етіп құйып кеткен таптық күрес сүреңімен емес, дарқан өмір ұсынған оқиғалардың кездейсоқ араласуымен жүретініне иланасыз. Соған да кездейсоқ жағдаяттар әсер етеді. Соның айқын мысалын біз Семей облыстық атқару комитетінің 1956 жылғы тамыз айында қарсылықсыз қабылдаған Абай және Шұбартау аудандарын тарату туралы республика үкіметінің құпия қаулысын жүзеге асырудың кейінге шегерілуінен көреміз.


Біздіңше, сорақы қаулының сол жылы жүзеге аспауына екі түрлі әрекет себеп болған. Біріншісі, академик А.Д. Сахаровтың айтуынша, «полигон территориясын сынақтардан пайда болған зиянды қалдықтардан қалдықтардан тазартудың 1957 жылы аяқталмауы». Нендей «қалдықтар» екені де түсінікті: әрбір жарылыстан кейін сынақ алаңын, арнайы салынған құрылыстарды (дзоттар, қорғаныш жыралары, бекіністер, үйлер) радиациядан тазартып, қайсыбірін қайыра бекемдеу қажет... Екінші себеп – мұны енді атажұртынан еріксіз көшетін елдің көз жасының игені деймін, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1958 жылғы сессиясында үкімет басшысы һәм КПСС ОК-нің бірінші секретары Н.С. Хрущевтің ядролық сынақты біржақты тоқтатып, мараторий жариялау туралы ұсынысы...

Осыған орай жұртқа мәлім өкінішті оқиғаны естіртемін: М.О. Әуезовті қатерден қорғап, «Семей жаққа бармаңыз!» деп сақтандырған жанашыр зиялылардың болжауы қолмен қойғандай келін, қайғылы оқиғамен аяқталды; үш жыл өтіп, төртінші жылдың орта шенінде, 1961 жылдың мамыр айында Мұхтар Омарханұлының ұлтабарында қатерлі жара білініп, ас таркатуы күрт кеміген; Алматының білгір дәрігерлері біршама тексеруден сон: «Ұлтабарыңызда сүйел сияқты бір кесел пайда болыпты, құдай жөні үлкеймей тұрғанда соны отамен сылып тастау...» – деген. Тек соған өздері тәуекел етпей, сол отаны Кремль ауыруханасындағы білікті дәрігерлерге жасатуға кеңес береді.

Мұхтан дос-жарандарымен қоштасып, Мәскеуге аттанады. 27 маусымда жасалған ота сәтсіз болып, кеменгер қаламгер хирургтер үстелінде оянбаған калпында дүниеден озды. Үкімет мұнақыбында жазылған дерт – бәз-баяғы ұлтабардағы кеселді сүйел. Шындығында марқұм асказанын шалған бейдауа дерттен (асказан обыры) қайтыс болған. Қосымша себеп: мәскеулік оташылар науқастың жүрегін жеткілікті түрде даярламаған...

Болжауымызша, бұл дертті жазушы Семейге келген сапарында, 1957 жылдың 20-24 қыркүйек аралығында жұқтырған. Академик Сахаровтың «радиация залалы қатар тұрған екі адамды бірдей зақымдамайды, тандап-талғап шалады, бұл болса әлі күнге дейін анықталмаған жұмбақ құбылыс...» деген тұжырымын дәлелге айтамын.. Иланымды екінші дәлел – 1949-1957 жылдар аралығында Семей полигонында жер бетінде және ауада жасалған атомдық және ядролық 40 жарылыс (соңғы екеуі ғана 1957 жылғы 26 қыркүйек пен желтоқсанның 28 күндері жасалған) жер-көкке таратқан радиация күлі облыс орталығы мен Абыралы, Абай және Жаңасемей аудандарының атырабын мейлінше ластаған, яғни менің жерлестерімді жаппай зақымдап, көпшілігін қынадай қырған ең қатерлі мезгіл осы жылдары ерекше залалды болған...





# АЛТЫНШЫ ТАРАУ МҮСӘПІР ЕЛДІҢ ТАҒДЫРЫН КІМ ОЙЛАЙДЫ?



**А**дрольк полигонның өзінде және төңірегінде қалыптасқан төтенше әрі қиын ахуал 1956 жылы сол қатерді зерттеуге мүдделі ғылыми мекемелердің назарына іліккен. Солардың бірі – КСРО Медицина академиясының Биофизика институты...

Андрей ЖАРИКОВ, «Полигон», Офицердің жазбалары:

«Ертеңгілік мезгіл, сектор бастығы полковник И.Н.Гуреев шақырды.

– Төтенше сапарға дайындық жасаңыз, – деді полковник кабинетінде отырған бейтаныс еркектер мен әйелдерді ұсқап. – Мына кісілер мәскеулік медиктер. Абай ауданына апарасыз, сол жердегі тұрғын халықтың денсаулығын тексереді.

Жүмсақ креслоға жайғасқан орта жас шамасындағы ажарлы әйел:

– Радиоактивті бөлшектермен былғанған бұлт шоғыры соңғы сынақта сол ауданды мейілінше ластанты. Жергілікті халық содан қауіптілікті зардап шек-

ті?.. – Бейтаныс әйел Гусевке түйіле қарады. – Радиация зақымдады деген ауылдың атын ұмыттым!?!..

– Ауыл емес, үлкен ауданның әкімшілік орталығы – Қарауыл кенті... – деді Гусев. – Сол жердегі жүріс-тұрысқа септігін тигізетін автомобильдер ертеңгілікте аттандырылды. Қарауыл кенті бізден үш жүз шақырым. Зақымданды дерлік ештеңе де болған жоқ, сірә, үрейленуден туған әншейін дабыл...

– Соны анықтауды бізге қалдырыңыз, жолдас полковник! – Креслодағы әйел тағы да өктем сөйледі. – Сол аймақтағы халықты жапа-тармағай тексеріп, зақымданған жерді де радиация тозаңынан тазарту қажет. Иван Николаевич, кәперіңізде мықтап ұстаныз, бұл ерекше мәнді мәселе!..

Сектор бастығы тапсырманы ұзақ ежіктеуді сүймейтін адам еді.

– Мәселе түсінікті, Мария Дмитриевна, сіз әкелген бригаданы Қарауылға бүгін жеткіземіз. Жариков, Қарауылға сағат үште ұшасыз! Дайындыққа кірісіңіз, – деді.

Соңынан білдім: қатқыл үнінен де өктемдік сезілген мадам КСРО-ның Денсаулық сақтау министрі М.Д. Ковригина екен. Мәскеуге төтенше дабыл облыс орталығынан, әлде республика басшыларынан түскен. Ондай ақпаратта әдетте жантүршігерлік айғақтар жазылады. Демек, одақтық министр дәрігерлер бригадасын жасақтап, Семейге жедел жеткен. Сол қайраткердің суыт жүрісінен тек осыншама жауапты тексеруге жаны ауырған адамның қағылездігін сезбедім: Мәскеуден әкелген мамандары дала жағдайында жұмыс істеуге әзірленбеген; киімдері серуенге шыққандай жұқалтан, сырқаттарды жанжақты тексеретін аппараттары да жоқ, ақ халат пен кеуде тынысын тындайтын стрескоптан өзге ештеңе алмаған; уақыт күз. Мәскеуде де жұмысқа көйлекшен бармайтын мезгіл. Айтуларыңша, аптап ыстығы күзде де қайтпайтын күн сәулелі Қазақстанға барамыз деген жадағай түйсікпен жедеғабыл аттанған. Амал қанша, өзіміздегі қоймадан купайке, плащ-палатка сияқты түрліше жабдықтарды қосымша қамдадым...

Сектор бастығы ләм-мим демеген кейбір жайтты екінші деңгейдегі бастығым Григорий Ильич Крыловтан білдім: медбикелерді қоса есептегенде Абай ауданына баратын дәрігерлер тобы – небәрі 9 адам, бастығы – мосқал жастағы еркек; екеуміз менің кабинетіме жайғасып, жолға дайындықты ақылдастық (Ойда жоқта топ еткен шақырусыз «қонақтардың» есімдерін сол кезде білсем де, көп жыл өткендіктен, бірде-бірін есіме түсіре алмай отырмын. Полигон қызметкерлеріне күнделік жазуға, қойын дәптер ұстауға тиым салынған. Алда-жалда сөйтетін болсақ – қылмыс бабына байланатынымыз туралы қолхат бергеміз). Медиктер бастығына мен күртеше киюді, алғашқы күндері талғажау етер азық-түлікті өзіміздегі дүкеннен аласыз дедім. Ол осы ақылымды жаратпай басын шайқады. Амал қанша, осы сапарға жауапты болғандықтан азық-түлікті өзім қамдадым. Өзіміздегі мамандарға барып, Абай ауданындағы радиациялық ахуалды сұрадым. Айтуларыңша, жағдай қалыпты-мыс. Рас, бірде-бір мекенді арнайы тексермеген. Жағдай қалыпты, радиация бөлшектері шайқайнатым уақытта ғарышқа көтерілді деген

бәз-баяғы жаттанды әрі жадағай есеп Мәскеуге жөнелтілген. Әрбір есептің кабинетте отырып, долбармен жазылатыны маған мәлім... Сөйтсе де полковник Крыловтан ежіктеп сұрап, өзгеше бір сәтті анықтадым: радиация бөлшектері бықыған бұлт Абай ауданының үстінен өтіпті; шатағы мол тозаңдар сол төңірекке молырақ түскені жайында күдік өздерінде де болыпты; тек соны нақты тексермеген; сөйте тұра маған бірде-бір дозиметрист берген жоқ; амал не, «ДП-2», «ДП-11в» аспаптарын алуға тура келді...

ЛИ-2 ұшағымен бір сағаттай ұшып, тоқал үйлері әр жерде жыпырлаған қазақы қоныстардың түстік шетіндегі жазыққа қондық. Үлкен ауданның орталығы болса да ағаштан бұралған жиырма шақты ғана үйлері бар, өзгелері — шикі кірпішпен тұрғызылған шатырсыз жатаған баспаналар, сол мекеннің жұпыны ұсқынынан қарадай шошисын.

Әуежайдың шетіндегі бекеттің іргесінде әскери нөмірлі ГАЗ-69 автомашинасы тұр. Рульге басын сүйеп ұйықтап отырған жүргізушіні оятып, жөнін сұрадым: «Жарков па, Жаров па, бір подполковникті күтіп отырмын», — деді. Онысы мен — Жариков...

Бірден-ақ аяқ артар көлікке ие болдым. Екі мәрте қатынап, Қарауылдың қонақ үйіне орналастық. Мейманхана деген аты ғана, ағаштан бұралған екі бөлмелі жатаған баспана. Төргі бөлмеге алты төсек қойылыпты, алдыңғысында ештеңе жоқ, балшық еден тұт жаланап. Төргі бөлмеге мәскеулік әйелдерді жайғастырып, алдыңғыға соғыс жылдарындағы дағдылы әдетіммен плащ-палатқаларды қабаттап жайып, қоржынымды қойдым. Кешке таман полигон қалашығынан үш автомобиль келіп, қосымша төсек жабдықтарын, азық-түлікпен ыдыстар жеткізді. Бір автомобильді сабан әкелуге аттандырдым. Сөйткенім онды болды, төрдегі төсекке сыймағандар ауыздағы еденге бізбен бірге жайғасты.

Іле-шала аупарткомға бардым. Кенсе алдында қаратаяқтарша киінген бес-алты адам тұр. Костюмі жөндем, басында күнкағар шляпасы бар, ірі денелі қазақтан аупартком секретарын сұрап едім, ол: «Іздеген кісіңіз — мен» — деді. Орысшасы көп-көрім. Өні жайдары. Нендей шаруамен жүрсіз демеді, бірден-ақ: «Сіздерге аудан орталығындағы жалғыз мектепті уақытша бергіземін, сабақты тоқтатамыз, ауырухана бос емес, сырқаттарға толы... — деді қымсынған шырайда. — Аудан орталығында жалғыз асхана бар. Асты содан ішесіздер. Сол манатта дүкен де бар, нан мен құрғақ кеспеден өзге оның сөресінде ештеңе жоқ. Облыс бізге қосымша тағам бермейді...».

Асхана да, буфет те ұнамады. Едені лас, қабырғасы, үстелдері жуылмаған. Иістене бастаған турамшы еттен өзге тамағы жоқ. Шайы — қызғылтым түсті жылымшы су. Су құбыры жоқ, ыдыс-аяқты жуатын бөшкені көрген соң-ақ мәскеуліктер мына асханадан ас ішпейміз деп, үзілді-кесілді бас тартты. Қарауылдың наны мәскеуліктерге ұнады. Жана ғана пештен шыққандай дәмді екен...

Сонымен, дәрігерлердің өздері, автомобиль жүргізушілері және мен білекті сыбанып, мейманхананың ауласына жайғасып, ас дайындауға кірістік.

Алғашқы кеште турамшы ет қосып, кеспе көже пісіріп, күріштен ботқа жасадық. Келесі күні зерттейміз деген сылтаумен таяу жердегі колхоздан арзан бағаға қой сатып алып, тамақ мәселесін біршама оңдадым. Ауатком бастығы ұрымтал жердегі қыстақтан мемлекеттік бағамен қой бергізетін болды. Полигоннан аттанарда сыр мен шұжық алып шыққанмын. Солар да кәдемізге асты. Дәрігерлердің талабымен сойылған қойлардың етін өзім тексердім. Бірде-бірінен радиация бөлшегін таппадым. Алайда, отарға барғанымда қойлардың жүнінде бықып жүрген радиация тозаңын оп-оңай анықтадым. Демек, қойлардың терісі, жүні де радиоактивті тозаңмен былғанған. Солай деу үшін оларды құтыханада тексеру қажет. Сөйтуге бізде мүмкіндік жоқ. Сол себепті бұл турасында көрген-білгенімді ешкімге сездірмей, ішімде сақтадым.

Дәрігерлердің қарауылдықтарды қабылдауы келесі күні басталды. Жергілікті басшылар аудан халқын жаппай тексеруден өткізуге ерекше мән беріп, жақсы ұйымдастырды. Ешқандай топырлау болған жоқ, тексерілушілер бірінен соң бірі лек-легімен келді. Алыс отарлардағы малшыларды өз көлігімізбен әкелдік. Таяу жердегілер өздерінің аттарымен, кейбірі түйемен келді. Қан тапсыруға бәрі де қынжылмай келісті, кейбірі, әсіресе әйелдер тыр жалаңаш шешінуге көнбей, қатты қымсынады.

Мен медик емеспін, атүсті және жедеғабыл тексерумен сол байғұстардың денсаулығын нақты анықтап, радиация зардабына ұшыраған деген диагноз қою қиын екенін ішім сезеді. Аудандық құтыхана кейбір күдіктілердің қанын тексерді. Одан өзгеге мүмкіндігі жоқ. Жүректі, өкпені, бүйректі, бауырды, ұлтабарды, адам ағзасының зақымданған мүшелерін тексеретін неше түрлі аппаратура полигонда бар, ал, мына кенттегі ауырухана ондай жабдықтардан мүлдем мақрұм. Кейбір сырқаттарды қайыра тексеруге уақытымыз болмады. Қысқасы, аудан халқының денсаулығын асығыс, әйтеуір бірдеме жасау керек болған соң атөтті қарадық...

Аудан орталығындағы медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейінің төмендігі мені ерекше таңғалдырды. Әсілі, иен даланы жайлаған байырғы халықтың жүдеу тұрмысын мен білмейтін едім, шынайы ахуалын көргенде таң қалып, жағамды ұстадым. Осы ауданда темір жол түгілі жөндем автомобиль трассасы жоқ. Дүкендегі азық-түліктің жұтандығын айттым. Ұшақ бұл ауданға ашық күндерде ғана келеді, онда да арнайы шақырумен. Мәскеу дәрігерлерінің келуі – таңғаларлық төтенше оқиға! Солар бірақ атүсті тексеруде нені білді, не көрді? Ал, мен мектеп ауласында күтіп отырған жұрттың жүдеу ұсқынын көріп, дәрігер болмасам да, осынау еңбекқор жандарды мезгіл-мезгіл тексеру қажет-ау деген жегі ойға сол күндерде жиі берілдім.

Арада оншақты күн өтті.

...Бірде қасымдағылардың самбырлаған үнінен оянып, көзімді ашсам – таң атқан, бөлменің іші күнгірт. Терезеге үніліп, жағдайды бірден ұқтым: қара дауыл басталған; жер-көк сапырылысып, тозаң біткен аспанға көтерілген; ағаш жапырақтары, шөп-салам түгелдей әуеде, одан қалғаны – Қарауылдың икы-жикы көшесінде, үйлердің ара-арасында шыр көбелек айналып жүр. Та-

биғи орманнан жұрдай даланың дүлей бораны маған таныс, полигонға қызметке келгелі талай мәрте басымнан кешкенмін. Кейде бірнеше тәулікке созылады. Көзінді аштырмай, бет-аузыңды қиыршық таспен сабалап, тынысыңды тарылтып, есік-терезені тарс жауып, бүк түсіп жатуға мәжбүрлейді. Сондай дәрменсіз күндерде өзіңді шырмайтын күйкі ойлар Қарауылдың жұпыны мейманханасында, палатка астында бүрісіп жатқанымда тағы да мазалады: ол болса осынау қиыр шеттен күні-түні іздеген радиация тозаны жаңбырға ілесіп түскенімен бүгінгідей аласапыранда жер бетінде қала ма деген ой? Жок, қалмайды. Миллиондаған ұсақ бөлшектер, көзге көрінбейтін сол ұшқындар мынадай дүлей түтекте аспанға көтеріліп, шырқобелек айналып жүреді де терен жыраларды, батпақты, сортаңды жерді, ағашы жиі орманды алқаптарға түседі. Бәлкім Қазақ даласынан ықтасын таппай, жер-жаһанды шарлап кетеді? Оның осы маңатта қалуын терен сай, қайда қонарын жел біледі. Мүмкін ол Кенес Одағы территориясынан демде ұзап, Африканың шөл сахарасына шығып кеткен шығар? Әлде Тынық, иә Атлантика мұхитын кезіп жүр? Бәрі де мүмкін. Американдықтар, француздар, ағылшындар Тынық мұхиттағы атолларда жарған бомбалардың тозаны Жер шарын шырқобелек айналып жүріп, Мәскеудің, иә кәрі Оралдың бір ойпан тұсына түсуі әбден ықтимал (Біздің ғалымдар АҚШ мамандары жасаған атом сынағының бөлшектерін Ленинградтың жұлдызханасында отырып, жана жауған қар ұшқындарынан тапқаны турасында ғылыми әдебиеттен оқығаным есіме түсті)... Олай болса Қарауылдың ауасы сасық мейманханасында кандалаға таланып жатып, таулы аймаққа ие үлкен ауданның жерінен, соны мекен еткен адамдарының ағзасынан радиация тозанын жанталаса іздеуіміз қандай «кеменгердің» әмірі? Рас, ауыру меңдеткен адамдарды көптеп таптық. Бірде-біреуінен тек радионуклидтерді кездестірмедік. Мен соны қойдың жүнінен таптым. Жә, сол пәлекеттер мынадай түтекте қойдың денесінде қала ма? Қалмайды, желге ілесіп ұшып кетеді. Тегінде солар ешқандай ертіндіде ерімейді, бұғып жатады да, аялдаған жерін бүлдіре бастайды. Әңгіме сол пәлекетті іздеп тауып, бойдан тазартуда...

— Жолдас бастық, не істейміз? — деген дауысты естіп, плащ-палатканың шетін көтеріп, аға дәрігерге қарадым. — Дауыл көтерген шаң-тозаң төсегімізбен қоса құтыхананың ыдыстарын да ластапты. Үстел бетіндегі шаң қабатына саусақпен сурет салуға болады. Мынадай жағдайда біз жұмыс істей алмаймыз...

— Бұл дауыл кешке дейін басылмайды. Мұның сырын білемін... — дедім дәрігерге. — Не істеу керектігін өзіңіз айтыңыз.

— Олай десеніз, бір күнге демалыс жариялаймын..

Ақыры, сөйттік. Кешке таман дауыл сәл бәсеңдеді. Батыс көкжиектен күн көзі сығалап, аспанның сол тұсы қып-қызыл боп жанған оттай қызарып тұрғанда, біздің қасымызға бір аяғы жоқ, тілі де байланған қартаң қазақ келіп, ертең күн соңғы рет қызатынын, содан кейін бірнеше тәулік бойы сіркіреген жаңбыр жауатынын ымбамен түсіндірді. Дауыл боларын да ол кеше ескерткен-ді, бірақ сенбеген едім. Ал, қазір шүбәсіз сендім. Демек, толассыз жаңбыр-



дан кейін дала жолы езіліп, автомобиль атаулы тоқтайды, ұшақтар да ұшпайды. Сол қауіпті докторға ескерттім.

– Бұл жердегі тексеруді тоқтатсақ та болады. Рас, ауданның күллі халқын жаппай тексере алмадық. Жүздеген адамды қабылдадық, сәулемен зақымданған пенде кездескен жоқ. Ал, аудан халқының тұрмысы, денсаулығы өте төмен, дамылсыз жарылыстар бұл бейшараларды әбден сорлатқан. Шынымды айтайын, мынадай жүдеушілікте өмір сүретін бейшара жұртты мен тұңғыш кездестіріп отырмын. Неткен төзімді халық! Оны түзету – біздің қолымыздан келмейді...

– Олай десеңіз, ұшақ шақыртайын...

– Біздің осы тексеруіміз де – бос әуре. Қолымызда сезімтал аспаптар болып, дәрі-дәрмектер ала келсек – бізге денсаулығын тексерткендерге қандайда бір көмек көрсетер едік. Жә, бір апта бойы соларды қарағанда не бітірдік? Сондықтан қайтқанымыз жөн...

Әуежай қосынына барып, шақыру жөнелттім. Ертеңгілікте бірақ ұшақ келмеді. Ауа райы қайтадан бұзылды. Жанбыр жауып, жел де ұйытқып, екі тәулік бойы мейманханада текке жаттық. Ботқа жасаудан өзгеге ебі жоқ жүргізушілеріміздің дайындаған шикілі-пісілі тамақтары да әбден жалықтырды. Басты аспазшы менмін. Сөйтіп, уақыт ұзатып, анекдот соғып отырғанымызда ұшақ гүрілін естідік. Күткен ұшағымыз үшінші күні, ауа райы сәл-пәл ашылған сәтте Қарауылға қонды...

Бұлт шоғыры тарқаған жоқ-ты. Сол себепті жер бауырлай ұштық. Маған есеп үшін дерек жинау керек болды да қоржынымдағы екі аспаптың бірін суырып, ұшақ ішінде отырып, табан астымдағы жерден радиация «ізің» іздедім. Өйткені, Семей облысының осы атырабында Менделеев кестесінің орталық тұсына орналасқан ауыр элементтердің ондаған изотоптары радиация бұлтымен тарайтынын білетінмін. Олардың ғұмыры әдетте ұзақ емес, бірер айда жойылып, енді бірі көп жылдар бойы зиянды қасиетін сақтайды. Олар және адам ағзасына аса зиянды изотоптар. Сонымен?.. «О, тоба!» деуге тура келді, аспапқа жан бітіп, оның сүйір тілі табан астымның қаптаған радиация екенін көрсетті. «Мәссаған, – дедім ішімнен, – бұл шіркіндерді тау баурайынан іздегенде таппай, аспанда келе жатып жолықтырғаным қалай?». Сенгім келмеді. Аспапты өшірмей қайта-қайта тексердім. Шектен асқан шама, мұндай жерде бес-он минут тұрсаң – шаш етекпен зақымданадың. Ал біз, он адам, екі ұшқышты қоссаң – он екі жанбыз. Сол пәлекеттің әрлі-берлі тайраңдаған шоғырын ішке жұтып келеміз. Мұны енді дененнен қуып шығу үшін арнаулы камераға кіріп, жедеғабыл «тазаруың» керек. Радиацияға қатерлі ауданның жерінен ұзап, Мәскеуге тезірек қайтатын болғанына қуанған дәрігер «қонақтарым» менің сол сәттегі жанталасымды сезген жоқ, зеріккендіктен аспаппен ойнап отыр деп ойлады... Әлденеге күдіктеніп, ұшақтың ішінде еңбектеп жүріп, әрбір қуысты тексердім. Ақыры, іздегенімді таптым: пәлекет ұшақтың құйрық жағында екен; радионуклидтермен ластанған, қалдық тозаң менің аспабымды жын қаққандай «билеткен». Серіктеріме бұл құпияны

сездірмедім, жерге қонғанда тек тиісті қызмет адамдарын шақырып, сөгіс жариялап, ұшақтың ішін жуындар дедім.

Осы кесепатты естелік иесі былайша түсіндірген: «Біздің полигонда 1954 жылдан беріде «БРВ» атанған улы заттардың жан-жануарлар дүниесіне әсері сыналатын арнайы алаң болатын, соларды сақтайтын қойма да салынған-ды. Мына ұшақ «БРВ»-ны әлдеқайда тасыған, содан бері еденді тазартпаған. Әдеттегі салақтық. Демек, біз сияқты жолаушыларды онда-мұнда апарған сайын улы заттардың қалдығымен зақымдаған. Өзім ашқан осы «жаңалықты» радиоактивті зақымдануды зерттейтін сектордың бастықтары подполковниктер В.Н. Иванов пен С.А. Строгановқа мәлімдедім. Олардың жауабы мені қанағаттандырған жоқ. Айтуларынша, біздің ұшақтарда радиациялық фон әрдайым жоғары-мыс, себебі біз сол заттармен ласталған аймақта тұрамыз. Ұшақтар да аялдамада тұрғанда сондай бөлшектермен әрдайым былғанады-мыс...»

Осы түсіндірмеден кейін мен әскери адамдардың қатерлі ортаға әбден еті өліп, соған немқұрайды қарайтынын ұқтым. Бұл жерден ретін тауып, тезірек кетуді бұрын да ойла-нып жүр едім, сол түйсікке көңілім біржола ауды...»

Сол сапардан мен үш қорап үлгі әкелдім, целефан қапшықтарға мұқият оралған жер жынысы, тағам түрлері, тері және жүн үлгілері; бәрін де Евгения Дементаның қарауындағы құтыханаға өткіздім. Солардың зерттеуі аяқталғанда есеп жазуға отырмақпын. Сапар нәтижесі де сол кезде белгілі болады...

Абай ауданына сапарым, содан сәл бұрынырақта Семей мен Өскеменге барып, қоймалардағы биыл орылған астықты неше тәулік жүріп, радиацияға тексергенім туралы есебіме полковник И.Н. Гуреев аса мән берген жоқ. Суық шырайда тыңдаудан соң: «Жә, барған ауданнан сәуле дозасын молдап алған адам таптың ба?» – деді. «Дәрігерлердің зерттеуінше ондай сырқат Абай ауданында жоқ». «Өте жақсы. Көрген-білгенінді Григорий Ильич Крыловқа баянда. Сенің сол есебіңді ол облыста қалыптасқан радиациялық ахуалға қосады. Бітті шаруа...», – деді.

Сол сәтте кабинетке сектордың саяси мәселелер жөніндегі орынбасары, полковник Алексей Григорьевич Богачев кірді. Полигонға жуықта келген адам. Мен онымен бұған дейін тілдеспегенмін. Саяси бағытымызға жауапты, соны қадағалайтын комиссарларды біз өзара әңгімеде «қамқоршы әкеміз» дейтінбіз, әрине, әжуа мағынада. Ал, мына «әкейдің» қандай пенде екенін әзірше аңдамаған едім.

– Жә, Абай ауданындағы жағдай қандай екен?

– Өте нашар! – дедім ағымнан жарыла. – Аудандағы медициналық-санитарлық жағдай ешқандай сын көтермейді. Тұрғын халықтың тұрмысы ерекше төмен. Азық-түлік тапшы, медициналық қызмет дәрменсіз деңгейде. Радиациялық фонды қалыпты деуге болады. Бірақ, антисанитарлық жағдайды үрдіс көтермесе – аудандағы жағдай, ерте ме, кеш пе, күллі Одақты шулатқандай эпидемия бір күні бұрқ етеді...

Полковник Богачев маған түйіле қарап, басын шайқады:

– Жариков, аузыңды жап! Жағдай төмен деген ауыр сөзді коммунист адам ешқашанда айтуға тиіс емес. Кенес үкіметі қарауындағы халықтың тұрмыс

ахуалын жақсарту жайында қаншама игі жұмыстар жасауда. Сол аудан астық береді, мемлекетке неше мың тонна ет өткізеді. Аудан халқы ерекше еңбеккер жандар. Ал, сіз соның бәрін жоққа шығарып, оған қоса сол елді сорақы сөздермен сынап-мінейсіз. Жә, барыңыз, құрғақ демагогия бізге керек емес!..

Үн-түнсіз шығып кеттім де, ішімде қыз-қыз қайнаған өкініш пен шарасыздықты баса алмай, ақыры, кабинетімді ішінен жауып, полигондағы қызметімнен жедеғабыл босату жөнінде рапорт жаздым. Сөйтуіме екі түрлі дәлел айттым: бірінші, жуықта жоғарыдан нұсқау түсіп, бірталай офицердің еңбекақысы едәуір төмендеген, сол бұйрыққа аса қатерлі жұмысты атқарушы ретінде наразы екенімді білдірдім; екінші, әйелім мен қызымның денсаулығы кеміп, Мәскеуге оралуға мәжбүр болғанын сылтау еттім...

Рапортты тапсырғаныммен тыншыға алмадым. Ұйқыдан сергісем-ақ: «Өзін-өзі сыйлайтын коммунист...» деген қатқыл сөз жадыма оралып қобалжуға түсемін. (...) Көзім көрген ауыр жағдайды ашық айттым. Солай дегізген партиялық ожданым. Жалғандыққа төзбейтін адалдығым. Кеңес өкіметі Одақты билегелі қырық жыл болды. Жүз мыңдап мал бағып, мың-мың тонналап астық өткізетін қазақ ауданының тұрмыс жағдайы сорақы. Кедейліктен, жоқшылықтан жүдеген ауыр жағдайда. Оның үстіне ай сайын неше мәрте атом бомбасын төбесінен дүңкілдетеміз. Олардың шыдамы темір емес, соншама дүңкілге төбе құйқасы шымырлап, үкіметке наразылық хат жолдаған. Жә, содан не шықты? «Радиация жоқ, радиация фоны қалыптағыдай» деген жаңсақ түйін нешінші мәрте қайталанды...

Ұйқысыз өткізген түндерде Абай ауданына сапарымның шынайы себебін де ұқтым: менің полигондағы міндетім – радиация мөлшерін өлшеу емес: оны дозиметристер атқарады, сол өңірдің шынайы ахуалын анықтағысы келген әкім дозиметристпен қоса биохимик пен полигон дәрігерлерін де жіберуге тиіс еді: әккі бастықтарым олай еткен жоқ, радиациямен ешқашанда айналыспаған мені жұмсады: демек, шынайы жағдайды анықтағысы келмеген...

Амал не, полигонда болып жатқан осы сияқты неше түрлі китүркі оқиғаларды, ауанын, жер мен судың, жергілікті тұрғындардың өмірін қысқартқан радиация туралы немесе полигонның өзіндегі солдаттар мен офицерлердің шыбынша жұсайтыны жайында аузымызды ашып, бірдеме деуге қақымыз жоқ. Уақыт талабы сондай: осы ұжымға келгенде қол қойып, «көрген-білгенімді ешкімге айтпаймын, өл-өлгенше ішімде сақтаймын» деген қолхатымыз тілімізді байлады. Ал, айтар болсақ?..

Тәубе деймін, қатыбас заманның мойынға артқан қатаң тежеуінен құтылып, міне, бұдан отыз жыл бұрын басымнан кешкен жайтты емін-еркін жазып отырмын. Әлбетте кешігіп ақталғанымға оқырман қауым кешіріммен қарар деген сенімдемін...»

ЕСКЕРТУ: Біз келтірген үзіндіде естелік авторы мәскеулік дәрігерлерді Абай ауданына апарған уақытты нақты көрсетпей, мектепте оқу басталған күзгі мезгіл деген. Рапорт жазып, полигонмен біржола қоштасқан уақытына қарағанда, Андрей Жариков-

тын Абай еліне сапары 1956 жылдың қара күзінде болған. Қосымша ескертер гәп: аудан халқының денсаулығын тексерген дәрігерлер – КСРО Денсаулық министрлігіне қарайтын Медицина ғылым академиясының Биофизика институтының қызметкерлері; олар да Семей полигонындағы нақты жағдайды, солар таратқан сырқаттар сырын ашуға аса мүдделі болмаған; сөйткен себебін мен ілгеріде сөз етемін...

\* \* \*

КСРО-ның 1960-жылдардағы Денсаулық сақтау министрі Мария Дмитриевна Ковригина үшін, байқауымызша, Ертіс алқабындағы қалың ел тағдыр жазуымен тап болған ауыр жағдаят атөтті оқиға болмаған. Әділін айтқанда, тандаған мамандығына мейілінше адал һәм батыл қимылдан да құралақан емес дәрігер әйел сол кесепатты қайткен күнде жеңілдетуге әр алуан әрекет жасаған. Соны біз министрдің келесі, 1957 жылғы батыл пәрменінен аңдадық. Сол жылы Ертіс алқабындағы қатерлі сынақтар 11 рет жер үстінде қайталанған (соңғы екеуі 26 қыркүйекте және 28 желтоқсанда жасалған, екеуі де аса қуатты). Сол екеуі, әсіресе көктем мен жаз айларында жасалған жарылыстар осы атыраптағы халықты ерекше күйзелткен...

Тәубе дейміз, Шығыс Қазақстан облысының басшыларынан халық наразылығын тәптіштеп жеткізген жеделхаттар алған соң Денсаулық сақтау министрі (Семей облысының басшылары әбден түнілгендіктен, одан да гөрі өздерінің қарақан басын қорғап, бұл жолы үнсіз қалған) сол жылғы көктемде және жазда Ертіс өңіріне екі мәрте ат басын бұрған. Екі сапарында да ол осы атыраптағы денсаулық сақтау бөлімдерінің меңгерушілері мен ауыруханалар басшыларын аяусыз сөгіп, кейбіріне «Гиппократ антын бұздыңдар, қызметтен кетіңдер!..» – деген қатал үкім жариялаған-мыс...

*Министру здравоохранения Казахской ССР С.Р. КАРЫНБАЕВУ*

*С 20 мая по 15 июля с. г. по заданию Министерства здравоохранения СССР на территории Семипалатинской области работала группа врачей.*

*Проведенное обследование показало крайне неблагоприятное санитарно-гигиеническое и санитарно-эпидемиологическое состояние населенных пунктов Саржал (колхоз им. Тельмана), Караул, Знаменка и др.*

*Врачами отмечена большая завшивленность населения; бани отсутствуют даже в тех местах, где пресная вода расположена не глубже 2-3 метров от поверхности земли; население не выращивает овощей, хотя работа, проведенная на школьном участке колхоза им. Тельмана, показала наличие возможности к этому.*

*...В перечисленных населенных пунктах отмечено массовое заболевание бруцеллезом (до 45-50%) населения, много больных туберкулезом легких и туберкулезом лимфатических желез, из 240 обследованных в колхозе им. Тельмана у 40 человек обнаружены признаки авитаминоза (цинга). Санитарно-просветительская работа проводится крайне неудовлетворительно. Больницы Караула, Кайнара и фельдшерский пункт колхоза им. Тельмана находятся в антисанитарном состоянии.*

*Министерство здравоохранения СССР считает совершенно недопустимым подобное состояние перечисленных районов и предлагает в срочном порядке организовать борьбу с бруцеллезом. Улучшить надзор за источниками водоснабжения, привести их в соответствие с санитарными нормами и выделить ответственных из местного актива за состояние источников водоснабжения. Резко улучшить санитарно-просветительскую работу, используя методы наглядной агитации с привлечением широкой общественности, органов печати, показа кинофильмов по личной и общественной гигиене и т. д... Улучшить снабжение перечисленных районов и, особенно, фельдшерских пунктов медикаментами и другими средствами лечения. Обеспечить своевременный и систематический выезд консультантов-специалистов в районы и улучшить связь между врачами районов и областного центра. Целесообразно вынести специальное решение Совета Министров Казахской ССР по борьбе с бруцеллезом и педикулезом.*

*О принятых мерах сообщить.*

Министр здравоохранения СССР М. Ковригина.

Андауымызша, Семей қаласында сол жылы шаңырақ көтерген КСРО Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты «Радиологиялық диспансер» (құпия қызметін анадатпау үшін бруцеллезге қарсы № 4 емдеу орны атанған) жедеғабыл ашылуы да М.Д. Ковригинаның ынтасымен, арнайы қаржы бөлуімен өмірге келген. Келесі жылы нақ сондай диспансер Өскемен қаласында ашылған, бірнеше жылдан соң қажетсіз шығын деген желеумен жабылған. Екеуінің де түп мақсаты – облыс орталықтары мен олардан 300 шақырымға дейінгі қалалар, ауыл-селолар және жұмысшы поселкалар тұрғындарының денсаулығын тұрақты түрде бақылау. Әлбетте осы бақылаудың өзге диспансерлерден ерекшелігі зор, ол болса ядролық жарылыстардың жергілікті халыққа әсерін қадағалау...

Бұл міндетті Семейдегі диспансер 1994 жылға дейін атқарды.

Амал не, М.Д. Ковригинаның ашық-жарқын мінезі мен белсенділігін, ойындағы сөзді кімге болсын бүкпесіз айтатын батылдығын әскери ведомство (ВПК) мен КСРО Қорғаныс министрлігінің кеудесі кере қарыс әйдік басшылары жаратпаған. Солардың талабымен Мария Дмитриевна 1959 жылы министр мансабынан тайдырылған. Өзіндік ой мен адами парасатқа ие қайраткер әйелдің одан кейінгі тағдыры бізге беймәлім. Шама-лауымызша, көптеген батылдардың жолын құшып, билік жүйесінен біржола аласталған...

«Бруцеллезге қарсы № 4 диспансер» Ертістің оң жағалауында, Сәтбаев көшесіндегі биік дөңестің үстінде анадайдан құздып тұратын үш қабатты қомақты үйде жұмыс істеді (Бертінде сол ғимаратты тыңнан ашылған Радиология институты иеленді). Биік дуалмен қоршалған сол ғимаратқа қала тұрғындары жақындауға қарадай шошып сескене қарайтын-ды. Өйткені, соның кең ауласындағы сәкілерде әрдайым қаздай тізіліп отыратын науқастардың ертеңгі тағдыры неғайбыл екенін білетін. Сол ұжымның жадымыздан өшіп, көзден таса болғанына кезінде біз тәубе дедік.

Ен ғажабы, сол диспансер радиациядан зардап шеккен науқастардың бірде-бірін емдемей, ауыр сырқатқа тап болған дiмкәс жандардың бар-жоғын, жалпы саны мен зақымдану деңгейiн анықтаумен ғана шұғылданды. Күллі қызметі халықтан далдаланған ұжым 37 жыл ұдайы тірнектеп жинаған деректерді құпияда сақтады. Диспансер мамандары алғашқы жылы 10 мың адамды бақылауға алған. Он жылдан кейін сол шерменделердің 3 мыңы ғана тірі қалған. Полигон зардабы туралы жазушылар диспансер есебіндегі сырқаттардың саны 1990 жылы 19 мың адам болған-мыс деседі (Сол тізімде 50 мың науқастың фамилиялары тіркелген деушілер де бар). Шындығында сол шерменделердің нақты саны – бүгінге дейін беймәлім. Сорақы дерек: сол тізімге іліккендердің есімі, тұрағы, жасы, жынысы, ауыруы туралы дәрігерлік зерттеу нәтижелері жазылған деректер емхана жабылған кезде Семейдегі мұрағат ұжымына тапсырылмай, Мәскеуге жөнелтілген-мыс. Қандай мекемеге тапсырылғаны – беймәлім. Бәлкім мүлдем тапсырылмаған?..

«Ресейлік ақпарат агенттігі «Жаңалықтар» 2002 жылғы 14 мамырда әлем жұртшылығына таратқан хабарында Ұлыбританияның Сурей графствосында ірге тепкен Обыр институты өздерінің иелігіндегі кеңестік құпия материалдарды пайдаланып, «ки Семей облысының 50 мың тұрғынының денсаулығы туралы ғылыми тұжырымдама жарияламақ... – делінген «КСРО-ның ядролық сынақтары» атты кітаптың 280-бетінде. – Британиялық дерек көзінің мәлімдеуінше, институт сарапшылары Семей қаласындағы 4-амбулаторияның (диспансердің – М. С.) құпия материалдарын иеленген-міс. Ғылыми мәні ерекше зор сол материалдар бір кезде осы ұжымның бас дәрігері Б.И. Гусевтің қолында болғаны мәлім... Бізді таңғалдырған жайт: обыр дертіне ұшыраған немесе радиациядан зардап шеккен адамдардың дәрігерлік бақылаумен жиналған ұзақ жылдарғы деректерін Гусев мырзаның әркімге жасырын саудалағаны туралы қауесетті Британия ғана емес, басқа елдерде де жолды болғанын естігенбіз. Осы қауесеттің жұртқа таралу себебін Гусев мырза ерте ме, кеш пе отандық әріптестеріне түсіндіруге тиіс. Құдай жөні өзі Семейден көшірген құжаттарды кімге тапсырғанын, солардың қайда екенін ашқаны жөн деген ойдамыз...»

КСРО Медицина ҒА-ның Биофизика институтының бір топ ғылыми қызметкерлерінің Семей облысы тұрғындарын тексеруі туралы № 2 анықтама

Семей, өте құпия!

1958 жылдың 1 наурызы

«Біздің экспедиция 1956 жылғы қыркүйек пен қазанда және 1957 жылдың мамыр-маусым айларында Абай ауданының Қарауыл және Жанасемей ауданына қарасты Знаменка мекендерінің радиациямен зақымдануын және тұрғын халықтың денсаулығын тексерумен шұғылданды. Нәтижесінде Знаменка төңірегінiң радиоактивті заттармен жиі және көбірек зақымданғанын, соның салдарынан тұрғындар ғана емес, айналасындағы жайылым да өте қатерлі аймаққа айналғанын анықтады...»

1956 жылы біз Қарауыл және соның айналасындағы елді мекендердің радиоактивті заттармен көбірек зақымданғанын да анықтағанбыз. Одан бұрынғы, әсіресе 1953 жылғы термоядролық жарылыстан кейін бұл маңат адам тұруға болмайтын қатерлі аймаққа айналғанын да мәлімдегенбіз.

...1957 жылғы экспедицияның құрамын біз бірнеше есе молайтып, Семей облысының 9 ауданының 24 елді мекенін мұқият тексердік. Нәтижесінде облыс аймағындағы радио-

активті фонның пәлендей өзгермегені анықталды. Алайда, жер қыртысында, ылғалы мол батпақты ойпаңдарда радиоактивті бөлшектер қалыптағы мөлшерден бірнеше есе көбейген. Мысалы, Тельман атындағы колхоздың (Саржал ауылы) және Қарауыл кенті маңындағы радиация фоны табиғи мөлшерден 6,8-8,4 есе артық; Кіші Қарасуда – 10, Знаменкада – 4,5 есе көп. Осы мекендердегі мал жайылымдарының зақымдануы ерекше жоғары: Кіші Қарасуда – 9, Егінсуда (Некрасовка селосының маңындағы елді мекен) – 5,4 есе, Знаменкада – 3,4 есе артық; Семей қаласындағы радиоактивті белсенділік сарымсақта – 4,6 есе, сәбізде – 1,4 есе көп. Знаменканың сарымсағында – 8,5 есе, сәбізінде – 2,4 есе көбейген. Саржал ауылының тұрғындары сиыр сүтінен шайқаған сарымайда фонның 58 есе көптігін анықтап, қарадай шошылық. Семей қаласындағы № 8 қоймада сақталған бидайдың (1956 жылғы өнім) радиация фоны қалыптағыдан 20 есе артық. Жанасемейдегі ұн комбинатының 1956 жылғы өнімін жаппай тексергенімізде қалыптағыдан 3,5 есе артық екенін анықтадық.

...Экспедиция жұмыс істеген соңғы кезеңде елді мекендерде 5 жыл ұдайы тұрақты тұрған 495 адамның денсаулығын тексеру нәтижесі төмендегідей болды:

1. 333 адам бруцеллез, туберкулез және жүрек ауыруларымен ауырады;
2. 107 тұрғынның тұла бойында этимологиялық өзгерістер бар, көпшілігінен сәулемен зақымданудан туатын ауыруларға ұқсас хронологиялық белгілер байқалды;
3. 55 адамның дені сау...
4. 107 адамның қанының лейкоциттері мен тромбоциттері едәуір азайған. 1956-1957 жылдарда тексерілген Знаменка мен Қарауыл тұрғындарын қайыра зерттеуден соң осы өзгерістің бұрынғыдан да зорайғанын байқадық. Солардың дені үрейлену дертіне ұшыраған...

Биофизика институтының мамандары екі жыл ұдайы бақылаудан соң мынадай қортындыға келді:

1. Асқа пайдаланатын тағамдардың дені зақымданған, жергілікті тұрғындардың денсаулығына аса зиянды. Ядролық сынақты бұл аймақта астық пісіп, көкөніс жинайтын мезгілде жасауға болмайды;

2. Полигонға ұрымтал орналасқан, санитарлық ахуалы төмендеген аудандарда тазарту, жерді қайта өңдеу жұмыстарын жедеғабил жүргізу қажет;

3. Тұрғын халқының денсаулығы төмендеген аудандарға көкөніс, жеміс-жидек және басқадай тамақ түрлерімен жабдықтауды шұғыл жақсарту керек;

4. Осы аудандардағы медициналық қызметті нығайтып, сырқаттанғандарды ғана емес, дендері сау адамдарды жүйелі түрде бақылауға алу қажет, ол үшін облыстық денсаулық сақтау бөліміне нақты көмек берілуге тиіс...»

Жұртшылыққа шынайы сыры тек қана 2011 жылы, Семей мұрағаты шығарған «Противостояние» жинағында жарияланған мәтіні бойынша мәлім болған осы анықтамадан біз мәскеулік зерттеушілер 1956-57 жылдары ядролық полигонға ұрымтал төңіректегі 9 ауданның 24 елді мекеніне кешенді тексеру жүргенін аңдадық. Мәлім болған айғақтар жан шошырлық. Сол ахуалды оңалтуға жасаған ұсыныстар да ерекше қомақты. Бұл тегінде 1949 жылдан беріде тынымсыз жасалған 50 сынақтың ел мен жерге зиянды әсерін тексерген алғашқы зерттеу. Дайындалған құжаттар КСРО Денсаулық сақтау министрлігі мен әскери-өндірістік кешеннің басшыларының назарына жолданған.

Күллі Одак территориясындағы радиациялық ахуалды, әр алуан полигондардағы сынақтардан өрбіген түрліше жағдайды бақылайтын мемлекеттік қызметті басқару жүктелген, соған орай ерекше құқықтар берілген КСРО Денсаулық сақтау министрінің орынбасары А.И.Бурназян Биофизика институтының кешенді зерттеуінің айрықша ауыр тұжырымдамасын үкіметке мәлімдеп, дабыл көтерудің орнына, сол анықтамада нақты көрсетілген сорақы деректерді кабинетінен шығармай, ұзақ жылдар сейфінде ұстаған. Мамандығы дәрігер һәм коммунист, биік лауазым иесі үшін – түсініксіз қаракет. Өзін туған армян халқынан өзге жұртқа мейірімі жоқ тасбауыр жан демеске шарамыз жоқ. Ертіс өңірінде қалыптасқан жағдайдың төзгісіз шекке жеткенін ол көріп-біліп отырып, «ондай қатер жоқ, болған емес» – деген жалған тұжырымды титтей де қымсынбай қайталаған. Әрине, үкімет пен әскер басшыларына сондай мәлімдеме ұнайтынын ол жақсы білген. Әсіресе халықаралық саясатта Н.С. Хрущевтің ядролық қаруды өзіне басты шокпар еткен шатақ ұйғарымын қолдайтын анықтама беруден жаңылмаған. Шынында да сөйткені пайдаға шықты: көп жылдық мүлтіксіз «қызметі» үшін А. Бурназян генерал-лейтенант және Енбек Ері атағын иеленіп, Мемлекеттік сыйлық алып, омырауын неше түрлі ордендер мен құрметті марапаттар белгілеріне толтырып, КСРО Медицина академиясына толық мүше болып та сайланған...

\* \* \*

1949-1958 жылдарда Семей полигонында жүзеге асқан атомдық, термо-ядролық жарылыстардың жасалған мезгілін қайыра жаңғыртамын...

«Тәжірибе алаңының» кіндік ортасына орнатылған биіктігі 30 метр болат мұнара үстіндегі атомдық бомба 1949 жылдың 29 тамызында жарылды, қуаты – 22 килотонна; одан кейінгі екі бомба 1951 жылғы 24 қыркүйекте және 8 қазанда сыналған – қуаты бей-мәлім, үшеуі де жер бетінде жасалған...

1953 жылғы 23 тамызда, 3, 8, және 10 қыркүйекте сыналған бомбалардың төртеуі де «Тәжірибе алаңының» үстінде, 220-600 метр биікте жарылған. Болат мұнара үстінде 12 тамызда сыналған бесінші бомбаның қуаты бәрінен де күштірек. Ол болса сутегі бомбасының алғашқы түрі.

Атомдық «бұйымдардың» 1954 жылғы сынақтары 8 мәрте ауада, 29 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жасалып, яки қоңыр күздің үшінші, иә төртінші күнінде сыналған.

1955 жылы сынақ 5 мәрте қайталанған, төртеуі – ауада, біреуі – жер үстінде жарылған.

1956 жылғы сынақтардың саны – 8, екеуі – жер бетінде, қалғаны ауада жасалған.

1957 жылғы 11 сынақ, 1958 жылғы 10 сынақтар ауада сыналған. 1958 жылғы сынақтардың ең соңғысы – 22 наурызда жасалған термоядролық жарылыс.

Түйіп айтқанда, Семей полигонында 9 жыл бойы үздіксіз жасалған атомдық және термоядролық сынақтардың жалпы саны – 50 жарылыс.

Рас, содан кейінгі үш жылда, яғни 1958 жылғы 22 наурыздан 1961 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде Семей полигонындағы тарсыл сап тиылып (Соның 10 айы Н.С. Хрущев жариялаған мароторий уақытына дөп келеді. Ал, одан кейінгі екі жарым жыл «Тәжірибе алаңын» және соның айналасын күл-қоқыстардан тазартуға жұмсалғандықтан



ешқандай сынақ жасалмаған. Соны да КСРО дипломаттары мараторий рәсімін сақтау деп күллі әлемге дабыралаған..

Ең ғажабы, Семей полигонының 42 жылғы тынымсыз әрекеті жан-жақты сараланған ғылыми үш кітапта (біреуі – мәскеулік басылым) ядролық жарылыстан өрбіген аса ауыр залалдар туралы ешқандай дерек жазылмаған. «Тәжірибе алаңының» төңірегіне қойылған аспаптар өлшеп, оған қоса аспанға арнайы көтерілген ұшақтардағы бақылаушылар немесе автоматтар жеткізген қисапсыз мол деректер ауа мен жерді ластаған неше түрлі коқысты, зиянды нуклид бөлшектерді, яки радиация тозаңын, радий, торий, стронций қалдықтары аста-төк тарағанын мамандар білсе де, бәрі де ширек сағатта ғарыш кеңістігіне көтеріліп, зым-зия жоғалады деген тұжырымға сайған. Ең сорақысы, солар кері қайтпайды, қайтса да оннан бір бөлегі ғана жерге түседі деген, өздері ойлап тапқан жорамал тұжырымнан полигон мамандары мен әскери дәрігерлер тоғыз жыл бойы айнамаған (Кейбір аспаптардың радиация зарядын жансақ көрсететіні бертінде анықталған). Бұл енді қауымдық санаға сыймайтын таңғаларлық сөкет гипотеза. Шынында да ұшақ көтергендей шағын қорапқа жарылыс тудыратын заттарды ұтымды орналастырып, «тізбекті реакцияны» аспанда, жер бетінде таңғажайып кемеңгерлікпен қоздыра білген ғалым-физиктер де табиғатқа, жан-жануар әлеміне ерекше зиянды, қарамы мың миллион бөлшектер ауа толқынына ілесіп ғарыш кеңістігіне зым-зия өтіп кетеді деген жалған бопсаға сенген. Шамалауымызша, алғашқы сәтті сынақтардан өрбіген эйфория сол шіркіндердің ақыл-есін біршама уақытқа буып, қауіп-қатер туралы сірәда ойландырмаған. Сынақ алаңының үстінде түзілген жойқын құбылысты ұрымтал тұстан бақылаушылар көз жанарын оттай қарыған өткір сәуленің әсерін ғана сезінген. Содан әйнекпен қорғануды әлбетте білген. Ауа толқыны түзген алай-дүлей құйын жүз жылдық ағаштарды тамырымен жұлып, құшақ жетпес жартастарды допша домалатып, жер-жаһанның астан-кестенін шығарғанын, өздері бекемдеп соққан бекіністерді тас-талқан етіп, үйлерді құлатып, қару-жарак түрлерін әрлі-берлі аунатып, қорғаныш жаппаларға байланған түйе, сиыр, қойлар мен шошқаларды аспанға допша лақтырғанын «бұйымның» бүлдіргіш күшіне сайып, үкімет тапсырмасы аста-төк орындалды, АҚШ империалистерін ауыздықтайтын қару қолымызда дескен қуаныш соны жасаушылардың жүректерін кернеген...

Өкінішті гәп: жарылыс кезінде түзілген радиоактивті заттардың, сәуле шоғырының ауа толқыны жасайтын бүлдіруден әлдеқайда қатерлі екенін, солардың қалдығы жер-жаһанды көптеген жылдарға бүлдіретініне ә дегенде ешкім мән бермеген. Түсініксіз бейғамдық! Шынтуайтын айтқанда, бұл Кенес Одағында осы құбылысты зерттейтін генетика ілімінің 1940 жылдан беріде қасакана тұншықтырудың салдары. Рас, сол гәпті білгендер де болыпты, солардың өзара күнкілі тек жоғары жаққа жетпеген.

Сынақтар хроникасына үңілсеңіз, әрбір жарылыстан соң ауа мен жер бетінде туатын зиянды құбылыстарға мән беру 1953 жылғы 12 тамыздағы сутегі бомбасының сынағына 10-15 тәулік қалғанда полигон төңірегіндегі ха-

лықты алысырақ аймақтарға уақытша көшіру жүзеге асканы мәлім. Анығында сол да әншейін шара. Неге? Абай, Новопокров және Абыралы аудандарының әскери зонаға ұрымтал мекендерінің барлық тұрғындары радиация деңгейі 150-200 рентгенге төмендеген кезде, яғни зиянды бөлшектер ауа мен жерде бей-берекет «қыдырып» жүрген жұртына қайта оралған. Бізге мәлім нақты дерек мынадай: Мыржық пен Дегелең тауларының баурайын мекендеген Абыралының Киров және Калинин атындағы екі колхозының адамдары, Қайнар мен Қарауыл кенттерінің тұрғындары, Саржал, Қызылту (Токтамыс), Әтей, Қарасу (Знаменка), Сарапан мен Шынжы қорығындағы казак ауылдары (шамасы он мыңдай адам) небәрі 15-20 күнде байырғы мекендеріне қайтып оралып, радиацияның көзге көрінбейтін бөлшектерінің ауа мен жерде қыдырған «жаңбырына» күп еткен. Қарауыл тұрғындары 250 рентген кесел бір жылға дейін сақталған мекендеріне не себепті қайтарылған? Әлде үкімет он мың адам уақытша паналайтын мекен-жай таппаған ба? Демек сол мұңлықтарды өздері жасаған сынақ кәріне төзер-төзбесін анықтау үшін де құрбандыққа шалған демеске шарамыз жоқ. Ең ғажабы, сол үшін ешкім жаза тартпаған, сорақы қастандық жабулы күйінде қалған.

Біздіңше, 1955 жылғы 22 қарашада жасалған екінші термоядролық жарылыс, оның қуаты алғашқыдан да күштірек болып, бейкүнә қыр елін одан әрі сорлатқан. Өйткені, сол төңіректегі халықты уақытша көшіру қайталанбаған. Соған енді тоғыз жыл ұдайы жүрген 50 жарылыстың, капиталистік елдерден қайткен күнде ту алдында боламыз деген мақсатпен жиілетілген «бәсеке» сынақтардың залалын ешкім де есепке алмаған. Нәтижесінде «тасқа соғылған, иә таспен ұрылған бейшара жапалақтың» өлетін қасіретін бейнет-соры бес елі қыр елі, әсіресе абайлықтар алғашқы кезекте мейілінше тартқан.

Қазақ даласын күл төбе еткен әлей күш – тегеуіріні сұмдық атом алапаты. Жә, сонда қыр қазағын табиғаты беймәлім ауыруға ұшыратқан нендей пәлекет?

*«Термоядролық соғыс басталатын болса, оның бетін әрі қаратсын делік, бомба түскен жерді, иә қандайда елді мекенді тас-талқан етіп мүлдем жояды, айналасы 15-20 шақырым төңірегіндегі құрылыстар қирап, адамдар да түп-түгел опат болады. Оны енді жазмыштың жазуына саясың. Ал, аспан әлеміне көтерілетін «іздер» желге ілесіп шартарапқа тарап, қанша мың адамды радиация күлімен тұншықтырып, дауасы жоқ дертке душар етуі – алғашқы дүмпу мен бүліністен әлдеқайда артық... – деген түсінік айтыпты академик А.Д. Сахаров «Естеліктер» кітабының 175-бетінде. – Әп-сәтте түзілген бұлт шоғырының қызуы ауадан әлденеше мың есе жоғары болғандықтан ол шырқау биікке өрлеп әрі ерекше зорайып, атмосфера қабатының әсерімен суи бастайды. Сол кезде екпіндеп жеткен жел оны іліп ала жөнеледі. Желге ілескен зиянды шоғырдан қиыршық тастар жерге жаңбырша себелейді, солармен бірге радиация тозаңдары да төменге құлдилаиды. Оның мөлшерін пәленбай мың тонна тозаң деп кесіп айту қиын. «Із» дегеніміз осы, оның жер шарына таралуын нақты шамалау мүмкін емес. Жел оны қайда қуады, жүз шақырым*

*төңірекке бей-берекет шаша ма, әлде мың шақырымға айдап бара ма – болжай алмайсың. Ең шатағы, сол пәлекет түскен жерін зақымдайды. Бір күнге емес, бірер жылға да емес, қашан қуаты сөнгенше адам өмірін құса ететін, иен табиғатты да бей-берекет бүлдіретін кесел де осы...*

*Менің шамалауымша. адам баласы жылына 200 рентген радиация алса – толық мүгедекке айналады. 100 рентген де бұрыннан сырқат адамдар мен жас өрендер үшін өте-мөте қауіпті. 600 рентгенмен зақымданған сау адамдардың елу пайызы бірден-ақ ажал құшады. аман қалғандары да жетісе қоймайды....».*

Ескі жұртқа қайта оралу, демек, полигонға ұрымтал жердегі қыр адамдарын жан түршігер оқиғаларға душар еткен.

1935 жылы туған шопан Сүндетолла Т.-ның «күнәсі» – ядролық полигон іргесіне ұрымтал, шамасы 60-70 шақырымдай жердегі, Знаменка кеншарының кой ұстаған қыстағында ұзақ жылдар еңбек етуі, әрине өзін де, бала-шағасын да қандай қатерге душар етерін байғұс шопан білмеген. Ауада жасалған жарылыстарды жиі бақылап, сонынан жер астына түскен сынақтардың да дүңкілін естіп, «Мейірімі мол Жаратушы өзін сақта!» деп, шаңырағына төнген залалды сезбеген бейғам тірілікте өмір сүрген. Оң көзі су қараңғы болып, екінші шырағы да әлсірей бастағанда ғана қандай қасіретке тап болғанын сезген. Содан кеншар орталығына қоныс аударған. Амал не, кеш қамданған: екі азамат ұлы 46 және 49 жасында белгісіз сырқаттан опат болыпты; 1968 жылы осы мекенде туған немере қызы Гүлзада өз бетінше ас-су іше алмайтын, қозғалысқа шама-шарқы жоқ, қоларбаға байланған жарымжан қалыпта өмір сүрген...

Ескерту парыз: Гүлзада сияқты анасы құрсағынан жарымжан болып туған жан иелері тұрғын халқы үш мыңдай Знаменка кентіндегі әрбір 10-15 үйдің бірінде бары – өмір шындығы.

Нақ осындай дәрменсіз азапты Абыралының күнбатыс жонындағы Доғалаң кеншарында еңбек еткен, маған етене таныс отбасы Ә.С. -де сол жылдары басынан кешті. Ең ғажабы, сол үйелменнің одан бұрынғы сегіз баласының (төрт ұл, төрт қыз) дендері сау, бәрі де жоғары білім алып, қазірде Қазақстанның алты қаласында тұрады, бәрі де балалы-шағалы. Жазмыштың жазуына не шара, осы шанырақтағы тоғызыншы ұл бала жарымес болып туды. Аяқ-қолы болғанымен соларда буын жоқ. Ас-суды өз бетімен іше алмайды, дәретке де естияр ағалары шығарады. «Бұл бейшара өздерінді ғана емес, дені сау балаларыңның да өмірін өксітеді; пансионатқа өткізіндер...» – деп мен сол отбасын алты-жеті жыл бойы үгіттеп, әрең көндірдім. Сормандай балақан бірер жылдан соң Аягөз қаласындағы мүгедек балалар үйінде опат болып, қу жаны жай тапты...

Екі үйдің де аты-жөнін толық ашпай отырмын (Сондай кесепат полигон төңірегіндегі елді мекендерде жиі кездесті, әрбір отбасы жарымжан нәрестелер туғанын намыс көреді, қайсыбірі өздеріне Алла жіберген жаза санайды. Анығында сол – ядролық сынақтар таратқан радиацияның залалы. Зиянды сәулелер қоздыратын дерттердің өрбуі де содан). Радиация бұлты жарылыстан өрбіген құйынның айдауымен сөреге жайылған құрт-ірімшікке түсе ме, аузы жабылмай қалған құдыққа қона ма, әлде өрістегі малдың жүніне жабысып, содан сүті мен етіне ауысып, ана құрсағына жете ме, әкесінің қанын бұ-

зып, ұрық себу қабілетін зақымдай ма – жазмыштың жазуына қарай туатын кесел. Сол дертке полигон аймағына ұрымтал өңірдегі тұрғындардың көбірек шалынғаны – ауаны, жер топырағын, суды, дала өсімдігін, торт түлік малдың сүтін, еті мен сүйегін зерттеуден соң анықталған жайт. Ең шатағы, сол кәнарат 1949-57 жылдары Абыралы, Мыржық, Шыңғыстау, Көкен, Доғалаң, Едірей, Дастар, Балқантау және Қарқаралы атырабында жауын құртындай ерекше өршіді.

Қан түйіршіктері «шатасып» аққан ауруына ұшырағандар, радиация бөлшектері зақымдаған дерттер адам ағзасын бұзып, ерте қартайту, әлсіздік пен белсіздік қинап, асқазан обырына ұшырау, жас әйелдердің түсік тастауы, 18-19 жастағы жігіттердің тамақ безінің шошуы, кенеттен үрей билеген жас-өспірімдердің асылып өлуі (радиофобия) қыр елін жаппай жайлады. Сол дерттер көбірек білінген елді мекендер – Саржал, Қайнар және Семейдің іргесіндегі Сарапан, Чайков, Знаменка, Кіші Қарасу ауыл-селолары.

\* \* \*

Не істеу керек, қайткен күнде бұл кесепаттан ада боламыз? Осы сауал қыр елін ғана емес, туған жұртының тұтқиылдан тап болған жаңа қасіретіне қабырғасы қайысқан қазақтың арлы да қабырғалы азаматтарын (тек бәрі емес) ерекше абыржытқан...

«Бакия Атшабарұлы жаратылысында биік мінбеде тұрып, жел сөзді оңды-солды төпеудің орнына қандайда бір игі жұмыс атқаруға дағдыланған жан. Сол әдетін ол тоқсан жасты еңсерген ұзақ өмірінде ғана емес, сонау 30-шы жылдарда, жаппай колхоздасу науқанында туған халқының ақсүйек болып жұтаған қасіретін басынан кешкенде немесе кешегі соғыста қандыкөйлек достарынан қапылыста айрылған алмағайып ауыр күндерде өзіне етене еткен. Айтуынша, 1932 жылғы аштықта қарамы едәуір туыстарынан шешесі екеуі ғана тірі қалыпты. Сол шерменделермен бірге өзінің де жер жастануы да кәдік екен, тек естияр жерлестерінің кенесімен қарағай бүршіктерін тіске басып сорумен, кейде соны суға қайнатып, қызғылтым түсті суын ертелі-кеш ішумен тажал тырнағынан аман қалған-мыс. Дәрігер атанған кезінде қарағай бүршіктерінің құрамындағы «С» витамині асқазанға пайдалы екенін, әсіресе жаралы жанның есі-тұсын сергек ұстауға дәнекер болатынын, адам ағзасы әлсіреген сәтте сол сусын бойға көп-көрім әл-қуат беретінін өз ойымен шамалаған. Сол емді ол ауыр жарақатпен госпитальға түскендерге қолданып, қазанға қарағай бүршіктерін салғызып, соның суын ертеңгілік астан бұрын жаралыларға ішкізуді қатты қадағалаған. Сол дәрумендер көптеген адамдардың тісін сақтап, көк етінің іспей, дегенемен ауырмауына септігін тигізген... – деген кіріспемен бастапты қазақстандық жазушы Адольф Арцишевский профессор-медик Бакия Атшабаров туралы «Central Asia Monitor» апталық газетінің «Жасыл бүршіктің емдік қасиеті» деп атаған очеркінде (2006 жылдың 24 қарашасы). – ...Бакия Атшабарұлы Алматыдағы медицина институтын тәмамдаған 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, танктерді сүйемелдеуші жаяу әскер полкінің санитарлық қызметінің бастығы міндетін атқара жүріп, үнемі алдыңғы шепте болған. Әскер қатарынан ол 1946 жылы босаған. Алматыға оралған капитан-дәрігер өзі тәмамдаған институттың аспирантурасына түседі...»

Алматыны біржолата қоныс еткеннен кейін де Бақия дәрігер кезекті демалысының бірер аптасын Қарқаралыда өткізуді өзіне парыз санаған. Бұл болса бауырмал ел ортасынан, ағайын-туыстан алыстамаудың амалы. Өзі үшін де ой мен әл-қуат жиятын рақат тыныс...

Алайда, соңғы үш жылда, Өлкелік патология институтына ауысып, соның директоры атанғаннан беріде өзіне аста-ток артылған қауырт шаруалардан босамай, туып-өскен еліне ат басын бұра алмаған. Енді міне кезекті демалысынан үнемдеген он күнді Қарқаралыда өткізуді көңілі қалап, 1956 жылдың қара күзінде Қарақуыстағы туған қыстауына (Н. Әбдіров атындағы кеңшар иелігіндегі жер) асыға жетті. Қатардағы дәрігер емес, кандидат атағын иеленген әрі академиялық үлкен институттың бірегей басшысын қадірлеуге құмар ағайын тыныш жатқыза ма? Жатқызбайды. Қарқаралының тұнған табиғатынан әл-қуат жиып, арынды бұлақтары мен айна колдерін, ну орманын аралап жан рақатына батуды тілеген азаматты дәмге шақырушылар жиіледі. Бәрі де ескі достары мен жекжаттары. Солар да осы елді қынадай жұтатқан аштық зобаланын, кешегі майдан даласындағы қырғынды да басынан кешкен шерменделер. Әлбетте бейбіт заман орнағалы қыр елінің тұрмысы да оңала бастаған. Сөйтсе де...

Жігіт ағасы жасындағы азамат өзі қонақ болған ауылдардан, кент басындағы таныстары жүзінен соған дейін аңғармаған мұн-ренішті бірден байқаған. Төсекке таңғандай дерт емес, содан бірақ кем де емес. Алан көңілін инедей сұққылаған ауыр жайт: бір үй, иә бір ауыл емес, сол мұнды әр жерден көреді. Сол кірбеңді кәнігі дәрігер әсіресе Абыралы мен Қу аудандарымен жанасатын елді мекендерден жиірек байқайды. «Ау, сендерге не болған?» десе, үй иелері қу жанын жеген жайтты ашып айтпайды...

Түйткілді жұмбақтың күрмеуін елден аттанар қарсаңда байырғы досы, партия қызметкері Сыздық Рақымбекұлы таркатыпты.

– Қыр елінің жағдайы ауыр, Бақия дос. – дейді ол қолындағы шыбықпен жерді әрлі-берлі осып. – Үрейі ұшқан балғын жастар түн ішінде төсегінен безіп, өзіне-өзі қол жұмсайды. Аққан ауруы, қан бұзылуы дей ме, танауынан қан саулап, жүрегі дүрсілдеп, дем ала алмай, денесі шұбарланған дерттер де жиіледі. Ең қиыны, ана құрсағынан шала есті, иә бір мүшесі кем болып туатын нәрестелер көбейді. Қол-аяғы жоқ, иә бет-аузы дүрдіген сорлылар да аз емес. Ақыл-есі кемшін нәрестелер ауылды қойып, Қарқаралыдан да туа бастады. Көпшілігін білмейміз, бейшараларды ата-аналары көрсетпейді. Естуімше, Абыралы, Шыңғыстау атырабында бұл дерт тіпті көп деседі. Қысқасы, бұрынғы Қарқаралы оязына қараған жиырма екі болыс қалың ел дауасы жоқ сырқатқа душар болды...

– Мынауың, Сыздық, шатақ әңгіме. Дәрігерлер не дейді? Кімнен көреді?

– Не десін? Әскери көршілердің, Ертіс жағасында ірге тепкен полигонның дамылсыз тарсылының әсері. Жә, сен басқарған үністет осы тарсылдың залалын неге тексермейді? Соны қаузауға шама-шаркын бар ма?

– Өлкелік патология институты әскерилер сынағынан өрбіген сырқатты тексермейді. Сен айтып отырған дерт – әскери дәрігерлердің құзырында...

– Е, онда тұқым-тұяғымызбен құрыдық десеңші. Әскерилердің бұған ки-масы қышымайды. «Өлмесең өме кап» деп арағын ішіп, бізді бірден-ақ рас-ходка шығарады...

– Ау, өздерінді қарайтын емханалар қайтеді? «Мынау біз білмейтін дерт! Шұғыл тексеру керек...» деп шу көтермей ме?

– Ой, Бәке, біздің дәрігерлерден дәрмен жоқ. Беймәлім дертпен алдына келгендерге айтары, иә мерт болғандарды актілегенде жазатыны – өзгермей-тін бір сөз: «Бруцеллездің асқынған түрі» немесе өкпе дерті, иә жүрек талма-сы... «Аққан ауруы», «ессіздік» деп сірәда жазбайды, солай етуге жоғарыдан бұйрық түскен-міс. Жә, не дейсін?..

– Онда білмедім. Менің қазіргі қызметіме мұның қатысы жоқ.

– Е, Бәке, сенің де жайынды білдім. «Қазақтың кең даласында атомдық сынақ жасаушылар ойына келгенін істесін. Әлгі сөзін түк көрмегенсіп тым-ты-рыс отыруға дағдыланған тоғышардың жауабы. Өйткені, мәскеулік генерал-дар: «Әй, бейшара қазақтар, бұл іске танауынды тықпандар! Біз Отан қорға-нысын, күллі Кеңес халқының амандығын қамтамасыз етушіміз...» – десе-ақ бұтымызды қысып, жым-жырт боламыз...

– Сыздық дос, тектен-текке мені жазғырма! Маған жүктелген дәрігерлік міндет – өндіріс орындары таратар сырқаттардың алдын алу. Бұл да оңай мін-дет емес. Әгерәки осы шаруаны, сен ойлағандай, Денсаулық сақтау министрі-не айтсам, ол маған: «Бақия Атшабарұлы, «Аяз би әлінді біл, құмырысқа жо-лынды біл!» деген мәтелді білетін шығарсыз?» деп жекіруі хақ. Сен мұң ғып шерткен дертті Патология институты тексере алмайды. Түсіндің бе, ешқан-дай қақы жоқ!..

– Жарайды, Бәке! Министрін солай десе не шара?! Ол да, сірә, сен сияқты ақыл-ойы кемел қайраткер!? Әлде жан сақтағыш шенеунік? Майдангер, батыл қайраткер дегенді естіп едім. Бекер сөз болды... Әлбетте министр Қарынбаевқа да, саған да, маған да бас амандығы керек, бала-шағамыз жас, оларды да өрге сүйреу керек! Апыр-ай, «Аш құрсақтан тыныш құлак» дегенді біздің кемеңгер қарттар тегінде біліп айтқан...

– Токтат! «Тезек қабына сыйғанша, теңдік те шама-шарқынша» дегенді ұмытпа!

Кандидаттық диссертациясын қорғаған соң-ақ Бақия Атшабарұлы сол қарсаңда шаңырақ көтерген Өлкелік патология институтына кіші ғылыми қызметкер болып тағайындалған. Бұл 1952 жылдың бас кезі. Ұжымның ізденісі – еңбек гигиенасы, өндіріс орындарындағы ауыр жұмыста денсаулығы төмендеген кәсіби жұмысшылардың дерт-ке шалынатын себебін зерттеу, ең бастысы, соны болдырмау, иә азайту жолдарын іздеу. Қазақстан үшін бұл – тың сала әрі әлеуметтік мәні зор зерттеу. Сол себепті жаңа ұжым ә дегеннен Казак КСР Ғылым академиясына қаратылған. Ғылыми зерттеуді өрістету үшін республиканың ірі өндірістерін, әсіресе кен шығаратын, оны металға айналдыра-тын кәсіпорындарын түгелдей бақылауда ұстау қажет. Сол міндетті ойдағыдай орындау үшін институтқа баспана керек, сан-салалы зерттеу жүргізуге кәнігі мамандар жетіспей-ді. Соның бәріне басшылық етер мықты азамат та керек. Қысқасы, отыз жастың өріне

көтерілген ғылым кандидаты, Компартия қатарына ұрыс шебінде қабылданған коммунист-дәрігер Бакия Атшабаров 1952 жылдың 12 айында осы институтта әуелі аға ғылыми қызметкер, соңынан директордың орынбасары, ең аяғында директоры болып тағайындалды. Әлбетте соның бәрі кәнігі дәрігер азаматқа деген бекем сенімнен туған...

Содан бері төрт жыл өтті. Патология институты кадрлармен толығып, республиканың ауыр өндірістерін, кен қазатын комбинаттар мен түсті металл зауыттарды жүйелі түрде тексеруді бастады. Өнім беруді арттырумен қоса сол өндірістердің әйдік басшылары технология ережелерін тәрк етіп, «Айда, болмен!» өрескел бұзып, сақтық шараларын белден басуға әуей. Соның салдарынан республиканың жұмыскер қауымы арасында дерт түрлері де молая түспесе азайған жоқ. Өлкелік институт кәсіби сырқаттың жолын кесіп, жарақат алғандарға жансебіл жәрдем жасаумен ертелі-кеш шұғылданады. Сұрауына орай ізденіс әрекеті молайып, зерттеушілер қарама да өсіп бес жүздей адамға жеткен...

Бакия Атшабарұлы ұжым жұмысын жөндем жағдайға келтірген соң-ақ докторлық диссертациясының тақырыбын бекітіп алып, жедеғабыл әзірлеуге кіріскен. Кездейсоқ кедергі тумаса таяу жылдарда қорғауға тиіс. Алайда? Туған еліне күзгі сапары өлкелік патология жыңғылына сүнгіген тоқ көңілін сабындай бұзды. Туған жұрты табиғаты беймәлім, ертеңгі баяны беймағлұм дертке ұшырағанын білді. Бала күннен құшағы айқасқан Сыздық досы сол кеселді егіле шертіп, жанына тиер ащы сөздермен ежіктеді. Демек, бұл пәлекет оның да тұн ұйқысын бұзған. Ал, өзі? Дәрігерлік парызына сай, 1942 жылы диплом аларда оң қолын жүрек тұсына ұстап тұрып: «Сырқат пенденің жан жарасына жәрдем беруден ешқашанда айнымаймын, әрдайым қолғабыс етемін!..» – деп ерте дүние дәрігері Гиппократ антын қайталаған айшықты күні есіне түсіп, Алматыға келген соң-ақ сол жайтты қамыға ойлап, мазалы ұйқыдан айрылды. Ұйықтап жатса да ақыл-ойы сергек, өз ұлтын жан-тәнімен сүйген қайраткер досы Сыздық Рақымбекұлы түсінде өзіне (Қарағанды обкомында еңбек еткен, Ұлытау ауданында аупартком хатшысы болған): «Әй, Бакия, біздің сорлы халықтың көрген құқайы аз ба? Мынау енді жана сойқан! Тегінде бұл даусың жеткенше айқайлап, жер-жаһанға әйгілейтін кесел! Екеуміздің осы кесепатты оңашада ежіктеп отырғанымыз – «Жау кеткен соң қылышыңды бокка шап!» дейтіндердің жан сауғалаған бопсасын қайталау. Ойбай-ау, ғылыми атаққа ие дәрігерсің, үлкен институттың басшысың. Туған жұртын төтенше кеселден құтқаратын қандайда бір қаракет етсін деген мансұқ оймен айтып отырмын. Ал, сен қарақан басынның, бала-шағанның амандығын ғана ойлағын келеді. Өрен-жараның, ауыл-аймағың мамыра-жай бейбіт күнде азап шегіп ажал құшып жатқанда, екеуміздің дүниеде барлығымыз кімге қажет? Жә, айтарымды айттым, ендігісін өзің біл,..» – деп сұқ қолымен өзін түртпектеп тұрғандай болады.

Бакия дәрігер, қазірде жетпіс жасты еңсерген перзенті Айдар Атшабаровтың айтуынша, көкейін тескен осы шерді ұмыта алмай, едәуір азап шеккен. Ақыры, 1957 жылдың басында Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қ.И. Сәтбаевтың қабылдауына сұранады. Қаныш Имантайұлы оны сол күні кіші бесінді ұзата шақырған...

Осы кездесудің жай-жапсарын, Академия президентімен әңгіменің қандай әуенге жүргені жайында ғалым-медик 2002 жылы, жасы сексеннің өріне көтерілген шағында жариялаған «Семей полигоны туралы арасулар, өтіріктер және ақиқат» деп атаған, орыс тілінде толғаған деректі кітабында егжей-тегжей баяндапты. Сол кітаптың толықтырылған екінші нұсқасы 2012 жылы, Бақия Атшабарұлы 91 жасында, 2010 жылы өмірден озған соң жарық көрді. Соңғы басылымда 1957-1960 жылдарда қазақстандық экспедиция жүргізген зерттеудің нәтижесі, 1961 жылы Мәскеудің Биофизика институтында өткен ғылыми талқылау хаттамасы және автордың өзі 1997 жылы жариялаған «Семей полигонынан зардап шеккен бейбақтардың басына тағы да бір қасірет төніп тұр, оны да дереу оқтату қажет» деп атаған ғылыми трактаты қосамақтай жарияланған. Біздің қолымызда сол басылымдардың екеуі және «Біртуар, асыл ағамыз Бақия Атшабарұлы» атты, екі тілде аралас жазылған естеліктер кітабы да бар.

Ілгеріде келтірілмек деректер сол кітаптардан алынғанын ескертемін...

— Бұл енді, Қанеке, сормандай халқымызға бейбіт күнде тұтқиылдан төтен, атомдық сынақтар туғызған төтенше қасірет. Сол қасіреттің дауасын таптай қиналғандықтан өзіңізге келіп отырмын... — ҒА-ның президентімен оңаша әңгімені Бақия Атшабарұлы өткен күзде Қарқаралы-Қу елінде көріп, жаны шошыған одағай жайттарды есіне алумен бастайды. — Жедеғабұл кимылдап, сол кеселдің залалын азайтар амалдар жасамасақ, қашан деменіз, сіздің Баянұла, біздің Қарқаралы, олардан да бұрын Шыңғыстау мен Абыралы, Ертіс қағасындағы қалың ел жазылмайтын мүгедекке айналып, бәрімізге лағнет ыйтатын өкінішке тап боламыз. Осы жайтты дәрігер әріптестеріммен де ақылдастым. Бәрі де жағдайдың ауырлығын құптады, тек соны кім тексереді дейді. Эскерилер құпияда ұстаған кеселдің күрмеуін ашамамыз деген ой үкіметке ұнай ма деген де күдік-күмән айтады дүйім жұрт...

Академия президенті тосын әңгімені тұнжыраған қалыпта тыңдайды.

— Меніңше, атомдық сынақтардан өрбіген сол дерттің аумағын мен залатын нақты анықтау үшін полигонға ұрымтал бірнеше ауданды, сол аймақтағы мал-жанды экспедиция жасақтап, мұқият тексеру қажет. Оның құрамында дәрігерлер ғана емес, мал мамандары, биологтар, ауа мен суды, топырақты зерттеушілер болуға тиіс. Қалайда радиация бұлтынан, сәулелер шоғырынан зардап шеккен мал мен жанды, аумақты жерді мұқият зерттемей болмайды. Тегінде бұл қыруар шығын әрі соған жанкүйер мамандар керек...

Қаныш Имантайұлы кенет тамағын кенейді.

Бақия Атшабарұлы сөзін үзіп, кабинет иесіне үміттеніп қарайды.

— Жә, экспедицияны жасақтаған күнде соны басқару міндетін мойныңызға аласыз ба, Бәке? Сіздің айтып отырғаныңыз мен үшін — тосын ақпар емес, Семей облысындағы қатерлі жағдаяттан аз-кем хабарым бар... Ал, сіз сол жағдайды ерекше ауырлатып, қатерлі шекке жеттік деген сынайда баяндап отырсыз. Қымсынбаныз, сол атыраптағы жағдайдың ауыр екеніне менің зәредей де шүбәм жоқ. Сендім хабарыңызға, от пен судан өткен адамсыз...

— Қанеке, сол іске мені лайық көрсеңіз, не деймін, келісемін. Оңай шаруа еместігін біліп отырмын. Сөйтсе де туған елімнің тән саулығы үшін аянуға бола ма?



– Рақмет, жақсы інім. Ризамын, көкейіңізде қордаланған шерді актара, төндіре сөйлеп, ел үшін еңіреген жанның сөзін естірттіңіз! Бұдан артық не дейсіз? Қыр елі тап болған дауасыз дертті перзенттік жүрегіңізбен сезіпсіз, сендім уайым еткен жайыңызға! Бұл енді тура өзіндей нар жігіттер қотеретін мәселе. Ең ғажабы, нақты ұсыныспен келіп отырсыз. Бәрекелді демеске шарам жоқ, Бәке. Жә, сізге сол үшін қаншама қаржы, құрал-жабдық, көлік керек? Ең қиыны, зерттеушілер әлденеше ай бойы дағдылы тұрмысын тәрк етіп, бала-шағасын ұмытып, қыр елін жаппай кезеді...

Осы лебізді естігенде Бакия Атшабарұлы елгезектік аңғартып:

– Қанеке, бұл турасында да ойландым. Зор бейнетті мойнымен көтеруге әзір мамандар бізде жеткілікті. Негізгі топты патология институты шығарады. Әлбетте бұл іске қажет дәрігерлерді Денсаулық сақтау министрлігі қосуға тиіс... – деп кезекті ойын баяндамақ болғанда, кабинет иесі биязы жымып, сұқ саусағын көтереді.

Патолог-ғалым кілт тоқтайды.

Президент үкіметтік байланыс аппаратына бұрылып, әлдекімге телефон шалады, іздеген кісісін бірден тауыпты. Денсаулық сақтау министрі Сибұғатұлла Рысқалиұлы Қарынбаев та академия президенті мәністеп айтқан қасірет жайында хабардар екен (сол мәселені оған Одақтық министр М.Д.Ковригина ескертіп: «Алда-жалда экспедиция құратын болсаңыз – бізден де көмек болады-мыс» деген), Қаныш Имантайұлы ұсынған тексеруді қостап, Ғылым академиясы осы ізденіске экспедиция жасақтаса өзі басқаратын саладан қажетінше қаражат пен құрал-жабдық беретінін, білікті дәрігерлер тобын қосуға уәде етеді...

– Рақмет, Сибәке! Сонымен келістік, экспедицияны жабдықтаушы әрі соған қозғалтушылардан қорғаушы – екеуміз боламыз. Бакия Атшабарұлы, міне, алдымда отыр, тексеруді басқаруға келісті, оған орынбасар болатын қайраткер дәрігерді сіз атаңыз. Қажет қаржыны тең бөлісеміз. Менің шамалауымша, бірер ай мұқият дайындық жасап, алдағы көктемде, әрі дегенде мамыр айының басында экспедиция Семей облысына аттануға тиіс. Иә, қыр елін жайлаған дерттің себеп-салдарын айғақтай алсақ, есінде болсын, екеуміз де жоғары әкімдерден алғыс емес, сөгіс естиміз. Ау, сөгіс арқалаймыз деп, халықты жүдеткен індетті қалайша тексермейміз? Тәуекел етеміз, Сибәке, Отан соғысынан аман қайтқан майдангерсін...

Қаныш Имантайұлы үстел тартпасынан мүйіз шақшасын суырып, астыңғы ерніне шөкімдей насыбай салады. Өзінің де көкейінде көлбендеп жүрген күпті шаруаны дәрігер інісінің құтпеген сәтте әрі нақты ұсыныспен келгеніне, ізденіс тауқыметін арқалауға әзір азаматқа біржосын риза раймен мейірлене қарайды.

– Келістік, Бәке. Министр де дау-шарсыз мақұлдады. Ризамын, нағыз азамат! Қаржы мен көмек – бізден, осы шаруаны жеріне жеткізу – сізден! Кімдермен жұмыс істейсіз, неден бастайсыз, әбден ойланыңыз!..

Бакия Атшабарұлы баяны беймәлім іске өзі тіленіп түскен соң кері шегінерге жол қалмағанын президенттің кабинетінен шыққанда-ақ айқын сезін-

ген. Алайда, сол шаруаны Қаныш Имантайұлының іле қаузағанын келесі күні біліп, қатты танданады. Сол күні өзін академияның вице-президенті, медицина ғылымдарының докторы, профессор А.П. Полосухин оңаша сұхбатқа шақырған-ды.

— Сізге мен, Бакия Атшабарович, бір жайтты ескертемін... — Александр Порфирьевич орағытпа сөзге түспей, көкейіндегі қауіпті жария етеді. — 1930-жылдардың бас кезі, Свердловтағы Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар институтының ғылыми қызметкерімін, Сібірге жер аударылған мындаған кулактардың белгісіз сырқаттан қынадай қырылған себебін зерттеген экспедиция жұмысына қатыстым. Бұл енді сіз кіріскелі отырған зерттеуге ұқсас жағдаят... Иә, сонымен, зерттеу үстінде біз босқындар шалдыққан дерттің түп себебі авитаминоздың (дәрумен жетіспейтін сырқат — М. С.) өте ауыр түрі екенін қапысыз анықтадық. Экспедицияның бастығы НКВД полковнигі еді. Ол байғұс біз қойған диагнозды мақұлдап, мындаған босқынды жер жастанудан құтқарудың бірден-бірі амалы — туып-өскен ескі жұртына жедел қайтару деген шешімге тоқтап, сол ұсынысты үкіметке мәлімдеді. Соған тек партия органдары келіскен жоқ, контрпиғылға жатқызып, полковникті қамауға алып, дереу ату жазасына кесті. Дәрумені азайған кулактар одан әрі шыбынша қырылды... Мен сізге, сол оқиғаны тектен-текке ескертіп отырғам жоқ, Бәке. Сіз кіріспек тексеру — әскери-өндірістік кешеннің бақылауындағы іс, өздері ерекше құпиялап, жеті құлыптың астында ұстап отырған сынақтың жер мен ауаны, қыруар елді бүлдіріп жатқанын әшкерелеген ғалымдардың тұжырымы түбірімен қате, сіз басқармақ экспедицияның нәтижесі де өтірік деуден олар сәрәда тайынбайды. Осы жайтқа ойланыңыз, қымбаттым?!..

— Бұл мәселені, Александр Порфирьевич, күзден бері ойланып, әбден бекінген кісімін... — дейді патолог-ғалым. — Сол себепті «шешінген кісі судан тайынбас» деймін. Полигон төңірегіндегі елдің тоғыз жылдан бері басынан кешкен ауыр ахуалды ауа райының құбылысынан деп немесе тұрмыс күйтінің төмендігіне аудару да — қылмыс. Ал, атом сынағының зардабы қазірде ісінген сыздауықтай жарылар күнге жетті...

— Жарайды, Бакия Атшабарович, ойыңызды ұқтым, құптаймын! Сіз маған таяу күндерде экспедиция құрамын жан-жақты ойластырып, биылғы шығынды, құрал-жарақты есептеген жоба әкеліңіз.

Өлкелік патология институтының директоры қолындағы папканы ашып, машинкаға басылған бірнеше парақ қағазды вице-президенттің алдына қояды.

Полосухин таңғалғанын жасырмай басын шайқайды.

— Бәрекелді, демек, сіз осы әрекетке біржола ден қойғансыз. Келесі аптада қайыра шақырамын, экспедиция құрамын сұрыптауға кірісіңіз!..

Шынында да келесі аптада вице-президенттің кабинетінде экспедицияға байланысты шаруаларды талқылауға арналған алғашқы мәжіліс өтеді. Оған С.Р. Қарынбаев та қатысыпты. Сол күні-ақ Семей облысына аттандырылмақ сан-салалы ғылым иелерінен құралған экспедицияның ғылыми мақсаты мен нақты құрамы анықталып, қаражат мәселесі де шешілген. Экспедицияны

басқару Бакия Атшабаровқа жүктеліпті, Денсаулық сақтау министрінің ұсынысымен оған орынбасар болып Сайым Балуанұлы Балмұханов тағайындалады (Екеуі де сол қарсаңда медицина ғылымдарының кандидаты).

Сайым Балуанұлы Балмұханов патша заманында-ақ зиялы азаматтар топтап шыққан Ақтөбе облысының Темір ауданында 1923 жылы туған. Алматыдағы медицина институтын 1943 жылы, жиырма жастың өріне көтерілген шағында тәмамдаған. Сол жылы әскер қатарына шақырылады. Азаматтық борышын дәрігер ретінде ұрыс даласында атқарып, 1945 жылдың аяқ шенінде туған еліне аман-есен оралған. 1946-1949 жылдарда ол Қазақ КСР ҒА-на қарасты Хирургия институтында аспирант болып, соңынан осы ұжымда ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі міндеттерін 1953 жылға дейін атқарған. Сайым Балуанұлының осы жылдарда шұқшия зерттеп, Қазақстан атырабына бейтаныс жана кәсіптің білгірі атандырған мамандығы – радиология ілімі. Сол кәсіпті ол рентгенологиямен қосаметкей меңгеріп, ақыр аяғында өзі оқыған медицина институтында дербес кафедра ұйымдастырған. Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің бас радиологы міндетін де қосаметкей атқарған...

С.Б.БАЛМУХАНОВ, «Ядролық полигон менің көзіммен» (А. 1998, 59-61 бб.):

*«1952 және 1953 жылдары министрліктің бас радиологы атанған кезімде Семейге бірнеше мәрте баруға тура келді. (...) Облыстық ауырухананың бас дәрігері бірде маған кейбір мекендерде өздері бұрын-соңды кездестірмеген жұмбақ сырқаттар пайда болғанын, тез шаршап, асқа да тәбеті болмай, үнемі маужырап отырады деген де ақпар айтты. Мен сол байғұстардың өзім зерттеген сәуле дертіне шалдыққанын бірден аңдадым. Кейбірінің ауыру тарихын оқығанда алғашқы күдігіме имандай сендім. Сол жайтты министрліктің коллегиясына салып, ауыру байқалған аудандарға арнайы экспедиция жасақтауға рұқсат алдым.*

*...Сол жылдарда бізде бета сәулелерінің белсенділігін өлшейтін БП-радиометрлері болды, соларды арқалап жүріп, Семей облысының территориясына тексеру жүргіздік. Ақырында радиациямен зақымданған аймақты анықтадық. Полигон басшылары бізбен кездесіп, дерт себебін талқылаудан бас тартты, облыстық атқару комитетінен телефон арқылы жасалған дабылға да қыңқ етпеді. Басқандай амалым болмаған соң тексеру қорытындысын өзіміздің министрліктің алқасына ұсындым. Алқа мүшелері радиоактивтілік залал көбірек байқалған мекендердегі тұрғын халықтың денсаулығын экспедиция жасақтап, мұқият тексеруге қарар қабылдады.*

*Сол тапсырманы орындауға Алматы медицина институтының оқытушылары ынта білдіріп, Семей облысына аттанды. Михнаты көп ізденіске жазғы демалыстарын шығындап, радиация шалған ауылдарды аралап, тыным көрмей күні-түні еңбек етті. Бір жаз емес, екінші жылы да екі-үш ай жүріп, ғылыми болжауды қайыра тиянақтады. Сол жанкештілердің қайсыбірінің есімдерін атауды парызым санаймын: Алматы медицина институтының доценті, білікті терапевт, бертінде кафедра меңгерушісі міндетін атқарған М.Ф. Пшеницина шаршауды білмейтін ерекше еңбекқор жан еді; Семей облысының тумасы, қазақшаға судай, рухы күшті адам; Мария Федоровнаның жергілікті халықпен ана тілінде*

сөйлесетіндігі, оған қоса жұмысқа деген ерекше ықыласы бізді әрдайым таң қалдыратын. Ол кісінің ойына алған істен қандай қиын жағдайда тайынбайтынын семейліктер жақсы біледі: 1938 жылы «Халық жауы» деген саяси айыппен сотталып, Алматыдағы медицина институтынан Сібірге жөнелтілген профессор күйеуі К.О. Оразбаевты сабыла іздеп, концлагерьден тапқан... Шұқшия зерттелген ауылдардағы науқастардың қан құрамын анықтаумен, бұл енді аса күрделі және жауапты операция, экспедиция мүшесі Лия Рыкова шұғылданды (Атышулы 58-баппен атылған, КСРО Совнаркомының бұрынғы төрағасының ұрпағы), жүйке патологиясы кафедрасының доценті София Прияткина да михнаты мол ізденіске өзі сұранып, қатардағы невропатолог болып құлшына жұмыс істеді. Азадан Коновалов (Қазақстанға С-Петербургтен өткен ғасырда жер аударылған «Халықтық күрескердің» немересі) екі жыл бойы бізбен бірге жүріп, рентгенолог міндетін мүлтіксіз атқарды.

Қарамы шағын дәрігерлер жүргізген экспедициялық ізденіспен облыс территориясында сәуле патологиясы барлығын дәлелдеу қиын екені түсінікті. Біздің ізденісімізге қолдау көрсету мақсатымен Қазақстан КП Семей обкомының бірінші секретары М.Ә.Сужиковтың<sup>1</sup> кабинетінде шақырылған талқылауда полигон өкілі алдын ала дайындап келген дәрігерлік тұжырымын оқыды: сөйтсек, біз ғылыми түйін ретінде мәлімдеп, радиация сәулесі зақымдады деген ауырулардың белгілері өмірде мүлдем жоқ болып шықты, біз нұсқаған сырқаттың қазақтар мекендеген ауылдарда байқалуы солардың асқа пайдаланатын тағамдарында адам ағзасына аса қажет дәрумендер аз болған, солардың жетіспеуінен қан құрамы бұзылған-мыс; нәтижесінде олар бруцеллез бен туберкулезге, тағы сондай дерттерге ұшыраған; олай болса қазақстандық медиктер қыр елін жайлаған кеселді полигон сынағынан емес, солардың аса жүдеу тұрмысынан іздесін десті...

Сол күнгі талқыда<sup>2</sup> біз оңбай жеңілдік. Шынында да сырқаттардың асқа пайдаланатын тамақтардың заттық құрамын зерттемеген едік, сол тағамдардың нәріндегі дәрумендердің нақты мөлшерін де білмейтінбіз...».

\* \* \*

Бақия Атшабаров «Семей ядролық полигоны туралы адасу, өтірік пен ақиқат» кітабының 2-тарауында С.Б. Балмұханов басқарған экспедицияның 1952-53 жылдардағы зерттеуі жайында мынадай тұжырым айтқан: «Алғашқы экспедиция Семей облысында екі жыл жұмыс істеген. Ғылыми зерттеуінің нәтижесі – нөл. Сайым Балуанұлының өзі де «сәуле патологиясының таралуын» бұлтартпас ғылыми деректермен дәлелдей алмағанын мойындаған. Демек, оның бірнеше елді мекенде осы дерттің асқынған түрін анықтап, көп

<sup>1</sup> Жансак қана емес, мүлдем сенімсіз сілтеме: М.Ә.Сужиков бұл кезде Семейде болмаған, Алматы қаласының тұрғыны, Қазақстан КП ОК-нің секретары міндетін атқарушы.

<sup>2</sup> С.Б. Балмұханов басқарған экспедицияның екі жылғы зерттеу нәтижесі Семей облыстық партия комитетінде 1953 жылы талқыланды деген мәлімдеме ресми айғақпен бекімеген. Семей мұрағатында сол мәжіліс туралы ешқандай дерек жоқ. Болуы да мүмкін емес. Себебі, нақ карсанда полигон басшыларына осындай талап қоюға жергілікті билікте дәрмен де, ой да болмаған.

адамды зақымдағаны туралы болжамы әншейін бопса. Өйткені, Семей облысынан сондай қасіретке ұшыраған науқас адамды ол екі жыл «іздеп» сірәда таппаған».

Академик Балмұхановтың өзі де «Ядролық полигон менің көзіммен» деп атаған ғылыми трактатында<sup>1</sup> сол сәтсіздікті ішінара мойындаған: «Амал не, экспедицияның аз құраммен атқарған зерттеумен әуірімі күшті әскерилердің сынақ соңындағы есептерінде неше жылдан бері «радиоактивтік ахуал онды, қауіпті ештеңе жоқ...» – деп мәністеп жазған тұжырымдарын өзгерту қиын екенін біз білгіміз. Шынында да күллі бір облыстың халқы сәуле патологиясына тап болғанын шамалы зерттеумен дәлелдеу мүмкін бе?.. – деген түсінік айтыпты Сайым Балуанұлы кітапшасының 61-бетінде.

\* \* \*

Әділін айтқанда Алматыдан екінші мәрте жасақталған дәрігерлер экспедициясы Семей облысына 1957 жылғы мамырдың бас кезінде аттанған.

Жетімсіздік әр саладан белең берген сол күндегі кедейшілік жағдайда ғылыми экспедиция ұйымдастыру оңай емес. Бірінші қиыншылық – дала қиырында ертелі-кеш сабылатын автокөліктің жетіспеуі. Екінші, жер-жерде зерттеу жүргізетін үш топты сан алуан мамандық иелерімен толықтыру – күрделі мәселе. Кейбір мамандарды басқа ұжымдардан шақыруға тура келген. Бәрі де балалы-шағалы адамдар, отбасының әртүрлі жағдайларын сылтау етіп, торт-бес айға үйінен безуден бас тартқандар да болыпты. Амал не, сылтау-себептерді белінен басып, «ұлы мақсат жол тандатпайдыға» бағып, бұйрық жазуға да тура келген. Үшіншіден, медициналық құрал-жабдық, көшпенді жағдайда жұмыс істеуге бейімделген аппаратура жетіспейді... Сөйтсе де отыз шақты адамнан құралған алғашқы топ 1-мамыр мерекесі өткен соң-ақ зерттелмек аймаққа аттанған. Бірер аптадан соң күшейтіліп, жарағы толығырақ негізгі топты бастап, Бақия Атшабарұлының өзі де Ертіс жағасына әуірімдеп жеткен. Үшінші топпен министрліктің бас радиологы С.Б.Балмұханов келуге тиіс... Экспедицияның жалпы құрамы алғашқы жылы аспазшы, жүргізуші, лаборанттарды қосқанда жүз адам болыпты. Келесі жылдары тағы да 20-30 адам қосылған. Б.А. Атшабаровтың ғылыми кітабында экспедицияның екінші басшысы С.Б. Балмұханов алғашқы екі жылғы зерттеуге белсенді түрде қатыспағанын ескертеді. Айтуынша, 1957-58 жылдарда ол Мәскеудегі Биофизика институтының докторантурасында болып, сол ұжымның директоры, академик А.В. Лебединскийдің қарауында ғылыми ізденіс жүргізіп, докторлық жұмысымен көбірек шұғылданған-мыс (Сол ісі сәтті аяқталып, 1959 жылы ғылым докторы болып оралған). Әлбетте Сайым Балуанұлының міндетін радиолог шәкірттері атқарған.

<sup>1</sup> Осы еңбектің алғашқы нұсқасы «Простор» журналының 1990 жылғы 11-санында «Атомдық полигон менің көзіммен» деген атаумен, ал, толықтырылған түрі 1998 жылы сәл өзгерген түрде жеке кітапша болып жарияланған. Екеуі де орыс тілінде жазылған.

1957 жылғы зерттеу бес айға созылған, мамыр айында шұғыл басталып, қара күзде аяқталған. Қиыншылық шаш етекпен болыпты: бірнеше дәрігердің бір адамды жабыла тексеруін бұрын-соңды көрмеген дала қазағы ақ салатты мамандарға қымсына келген-мыс (әсіресе әйел атаулы бейтаныс ерекше алдында тыр жалана шешінуге, денесін мытылап саусағын тигізгенде тіпті шошынып, айдалаға безгендер де болған); мүгедек болып үйінде жатқан ауру-сырқау жақындарын да сескене көрсеткен, өйткені сол мүскінің ішкі ішкі болмайтынына сенімдері болмаған... Әр ауылда жиырма-отыз кісіден тұрақтаған зерттеушілер тобы кешке қарай дамылдайтын жатын орыннан да тапшылық көрінті: тамылжыған ыстық күндері іші темір пешке айналатын палаткада түнеу де қиын-ақ; көбіне мектеп бөлмесіне немесе балаларға арналған интернатқа орналасқан; тамақ істейтін, ас ішетін орын да жетіспейді; әсіресе рентген және басқа аппараттарды күзетте ұстап, жатаған кабинеттерге сиғызу да қиындық туғызған. Қабылдауға шақырылған тұрғындар қанын, дәретін, какырығын, тұла бойын әлденеше мәрте тексеріп, қараңғы бөлмеде рентгенмен қарап, салмағына дейін олшеп, көз жанарына, тырнақ көбесіне, мұрны мен жұтқыншағына шұқшия үніліп, күллі денесін тіміски тексерген ақ халатты елгезек жандарға ынтыға келіп, кейбірі үйіне шақырып, бас тартса — айран, қымыз мен сүтті палаткаларына әкеп, қай ауылда болсын ерекше бәйек болыпты. Тек бір ғана жайтқа қыр елі, оларды тексерген дәрігерлер де көндіге алмаған — ол болса тексеру нәтижесінің құпиялығы; ең қиыны, сырқаты көзге түртіп тұрған пақырға: «Сіздің дертіңіз аса қауіпті, бойыңызды радиация шалған немесе қаныңыздың құрамы өте нашар, тезірек Семейге барыңыз...» — демейді; дімкәс жанның өзі де: «Ау, сендер мені не себепті ұзақ қарадыңдар? Ауыру екенімді білемін, тек соның нендей пәлекет екенін айтыңдар?» — десе де жартымды жауап естімейді. Еститіні — бойыңызда әбден асқынған бруцеллез бар, өкпеңізді күрт жеген, қаныңызда дәрумен аз... деген гәрізді жаттанды уәждер.

Мамандардың арнаулы тобы әрбір ауылда мал өрісін кезіп, өсімдік тамырларынан үлгі, енді бірі кісі бойы құдық қазып, оның түбінен де жыныс үлгілерін алған. Сойылған мал етін, тезегін, ішек-қарнын, кей ауылдың қаңғыбас иттерін атқызып, оның да сүйегін тексерумен шұғылданған.

Сонымен, алғашқы жылға жобаланған жұмыс аяқталды. Жергілікті әкімет адамдары күтпеген сәтте ауылдарына тап болған экспедиция адамдарына түсінікпен қарап, хал-қадерінше қолғабыс еткен. Жаз бойғы араласуда етене болған ауыл адамдарымен зерттеушілер тобы қимай қолтасып, Алмағатайға аттанады, айтуларына, келесі жазда қайыра келмек...

Алғашқы жылы қазақстандық дәрігерлер тобы Қайнар, Саржал, Қарайыл және Ертістің оң жағалауындағы, полигонның әкімшілік орталығына ұрымтал орналасқан Долон елді мекенінің (оның өзі екі ауыл — Ескі Долон және Жаңа Долон тұрғындарын жаппай тексеруден өткізген (экспедицияның қорытынды актілерінде солар «Долон-1» және «Долон-2» делінген).

Қазак КСР ҒА-сы мен Денсаулық министрлігі жасақтаған ғылыми экспедиция ядролық полигон төңірегіндегі және салыстыру үшін одан едәуір қашығырық аймақтардан таңдалған аудандарды тексерумен ұзын ырғасы төрт жыл шұғылданған. Алғашқы жылы ат басын бұрған Қарауыл, Қайнар, Саржал және Долон тұрғындарын толық ақтаған соң, 1958 жылы зерттеу аймағын кеңейтіп, күмән туғызған кейбір ауыл-селоларда апталап, айлап жатып, өздеріне таныс сырқаттарды қайыра зерттеген.

«Невада-Семей» қоғамдық қозғалысының «Аманат» атты апталық газетінің 1990 жылғы 4.03–17.03 санында жарияланған сұхбаттар осы зерттеудің қалайша жүргенін егжей-тегжей сөз еткен. Сұхбатты жүргізуші – газет тілшісі Бейбіт Исабаев. Газеттің екі бетіне басылған ұзақ сұхбаттын оқырманға мәлім жайттарды қайталаған тұстарын қысқартып, ұзақ сонар баяндауын да едәуір ықшамдап келтіремін...

**ТІЛШІ:** Экспедицияның жұмысы қалай жүрді?

**БАЛМҰХАНОВ:** 1957 жылғы зерттеуде біз қарамды үш топ құрдық. Ең алдымен жергілікті тұрғындардың денсаулығын жаппай қарап, бағымдағы төрт түлік малды тексерумен бірге жерге сіңген радиоактивті бөлшектер бар болса, солардың мөлшерін анықтадық. Қосымша тексерілген елді мекендерге жалпылама шолу жасалды. Абай ауданының Қасқабұлақ, Саржал, Қайнар сияқты халық тығыз қоныстанған мекендерін, Егіндібұлақ ауданына қарайтын ауылдар да тексерілді. Абайлық тұрғындардың ағзасында, жайылымдағы мал қанында елеулі өзгерістер барлығы анықталды. Сол өзгерістің асқынған түрін біздің мамандар Қарауыл, Саржал және Қайнар елді мекендерінің тұрғындарының қанынан анықтады. Сол белгілерді полигоннан алысырақ жердегі, осы облыстың Шұбартау ауданында, Павлодар облысының Баянауыл және Қарағанды облысының Ұлытау аудандарында тұратын халық ағзаларынан іздеп, ештеңе таппадық. Экспедиция 1957 жылға жобалаған тексеруді тыңғылықты аяқтады. Төрт аудандағы жағдай күткеніміздей төрт түрлі бөліп шықты. Абайлықтардың жағдайы бәрінен де сорақы. Қайнар мен Саржал тұрғындарының 50 пайызында жоғарыда аталған үш ауданда жоқ ауыру түрлері мол екендігін анықтадық: мысалы, шаштың ерте түсуі, денеде алабажық таңбалар білінуі, жүйке аурулары, қанның азуы осы мекендерде ерекше басым болып шықты; қайнарлықтар мен саржалдықтар білектерінің күнге күйген сияқтанып қараюын біз радиация әсерінің айрықша белгісі деп тұжырымдадық.

**АТШАБАРОВ:** Зерттеу соңында біздің мамандар Қайнар мен Саржалдағы радиоактивтік залалдың мөлшері тұрақты түрде 150–200 рентгенге жеткенін анықтады. Ал, ондай зақымдануға ұшырамаған жердегі табиғи сәуле деңгейі әдетте 0,5–5 рентгеннен аспайды, жыл бойғы зақымдану небәрі 35 рентген шамасында.

**ТІЛШІ:** Сіздер келтірген деректерді әскерилер қалай қабылдады?

**БАЛМҰХАНОВ:** Полигонның мамандары Абай ауданындағы халықтың асқа пайдаланған тағамы өте әлсіз, адамға күш-қуат дарытпайды. Мысалы, П дәрумені

*мүлдем жоқ. Сондықтан да олар жиі ауырады деді. Біз сол уәжге келіспей, Мәскеудің осы сырқатпен шұғылданатын биохимиктеріне өтініш жасап, қосымша тексеруді талап еттік. Мәскеулік мамандар әскери құтыхананың айғағын теріске шығарды...*

*АТШАБАРОВ: Әскерилердің дәлелі жаттанды уәж: дала тұрғындары ешқашанда үш мезгіл тамақ ішпейді, тұрмыстары ерекше жүдеу, дәрумендердің жетіспеуі де содан; қымыздың, шұбаттың, сүттен дайындалатын түрліше тағамдар адамға жұғымсыз деді. Ал, біз өзіміз анықтаған айғақтарды бетке ұстап, республика үкіметіне шықтық. Содан кейін Мәскеудегі Биофизика институтынан бір вагон медиктер келіп, біз болған елді мекендерді қайыра тексерді. Сол мамандар біздің деректер мүлдем қате, қазақстандықтар димкәс адамдарды қасақана таңдап тексерген деген желеу айтты. Бірақ біз әуелгі пікірімізден айнымадық. Ақырында мұқият қараған ауылдар келесі жылы қайтадан тексерілсін деген уәжге тоқтадық.*

*ТІЛШІ: Осы сәйкессіздіктен кереғар сауал туындайды: зерттелген аудан біреу, ал нәтиже екі түрлі. Ал, тексеруші медиктер – Кеңес мамандары...*

*БАЛМҰХАНОВ: Гәп – қалай тексеруде. Әскерилер сынақтан кейінгі радиация мөлшерін анықтау үшін арнайы сүзгіші бар ұшақ ұшырып, бұлт тараған кеңістіктегі ауаны сүзген. Сол үшін қолданған филтрлері өте әлсіз, жылу қазандықтарынан будақтап шығатын түтіннің құрамын анықтауға пайдаланылған ескі аспаптар. Ал, атом ядросынан бөлінетін радиоактивті бөлшектер – күлдей ұсақ, ал зарядтары өте күшті. Әскерилер қолданған сүзгінің ұсақ елеуішінен оп-оңай шығып кетеді. Сол себепті ауадан алынған үлгіде радиация бөлшегі қалмайды. Полигон мамандары соны бетке ұстап, «ауада ешқандай радиация жоқ, таза» деген актіге қол қояды. Бізге ұшақ тиген жоқ, сүзгіш филтр де болмады. Біздің мамандар әр ауылды, сай-саланы жаяу кезіп, топырақ үлгілерін жинады. Полигон зерттеушілерінің колігі неше түрлі қылап машиналар, олар тақыр жолмен жүйткіп келеді де жол үстінен топырақ үлгісін алады. Доңғалақпен мейілінше тапталған тақыр жерде радиация күлі жата ма? Жатпайды, үдей соққан желге ілесіп, айдалаға безіп кетеді. Соны ескермеген, әділін айтқанда, елегісі келмеген әскерилер 5-10 сантиметр үстіңгі қабатты темір қалақпен әрлі-берлі шұқылап алған жер жынысын аспаппен тексеріп, «Міне, түк те жоқ, ауа да, жер де таза», – дейді. Ал, біз батпақты, иә сортаңы бетіне шыққан, ылғал сақталған жерді күрекпен бір метрге дейін қазып, үлгі алып, солардың құрамынан радиация тозаңын көптеп таптық<sup>1</sup>... Сынақ кезінде эпикіндіктегі жер қыртысы темірдей балқып, қатқан кезде кәдімгі шытырлақ шыныға айналады. Бірер айдан*

<sup>1</sup> Жер қойнына әртүрлі жолдармен тараған, мысалы, өсімдік тамыры арқылы үстіңгі қыртысқа қайтадан көтерілген радий, стронций, цезий, торий сияқты элементтердің изотоптары әдетте 5-10 сантиметр тереңде жатпайды, ал, жер қабатына бойлағандары ұзақ жылдар сақталады. Ең шатағы, тереңде жатса да күш-қуаты сөнбейді. Қазақстандық экспедицияның құрамындағы биофизиктер осы жайтты ескеріп, сол изотоптардың көлемі мен күшін есептеп, бұдан неше жыл бұрын осы жерге түскен радиоактивті заттардың мөлшерін нақты анықтаған. Солардың есебінше, Қайнардағы радиация 500 рентгенге жеткен. Саржалда 250-300 рентген болыпты. Осы деректі қазақстандық ғалымдар қыр тұрғындарының зақымдануының орта деңгейі ретінде келтірген...



кейін солар мың-миллион ұсақ шыныға айналып, желге ілесіп, айдалаға тарайды. Шыны болып қатқанымен солардың бойындағы радиация сәулесі сірәда сөнбейді, 1590 жыл бойы қуат-күшін сақтайтынын француз физиктері, ерлі-зайыпты Кюрилер баяғыда анықтаған. Абыралының таулары, Шыңғыстаудың да құзқиясы мен жартастары сол бөлшектерді бойында ұзақ сақтайтын қасиетке ие. Жарылыс әсерімен күлдей ұсақ бөлшекке айналған Дегелеңнің гранит түйіршектері де аспанды мейілінше шарлап, суыған кезде жаңбыр, иә қармен ілесіп жерге қайтады. Біздің болжауымызша, қыр елін қынадай жаусатқан дерттердің дені сол түйіршіктерден тараған. Аса ұсағы ғарышқа көтерілсе жөн-ақ, амал не, солардың дені Жер шарына қайтады...

Полигон мамандары біздің осы тұжырымды көзбе-көз кездескенде мойындады. Ал, ресми талқыда бұрынғы есептерінен айныған жоқ. Ойткені, сынақ қорытындысын шығарарда олар радиациялық фон қалыпты деп жазуға дағдыланған. Әлбетте көп жыл бұрынғы есебіміз қате деу тегінде оңай емес. Олай десе жұмыстан кетуге тиіс...

ТІЛШІ: Сіздердің зерттеулеріңізге полигон мамандары келіспей, өздері актіге жазған шектеулі деректерді жанталаса қорғағандар болды ма?

АТШАБАРОВ: Әділін айтқанда, бізбен дауға түскендер – мамандар емес, полигонның бастықтары. Солар бізге түпкі мақсатымыз – кеңес адамының тағдыры, тексеруді бірігіп жасайық деген ұсыныс жасады. Біздің мамандардың күн сайынғы әрекетін бақылап, зерттеу нәтижесін өздеріне қолайлы шамаға бейімдеуге тырысатынын білдік. Амал қанша, зерттеуді аяқтау үшін амалсыз келістік. Бұл енді 1959 жылғы ізденіс. Біріккен экспедицияға полковник Кобзев бастық, мен орынбасар болдым. Жұмыс басталмай жатып шекісе бастадық. Біздің мамандар әскершілердің дегеніне аса ілікпей, ғылыми ақиқаттан айнымады. Ақырында экспедиция жетекшісі А.Ф. Кобзев Алматыға барып, мені қисық-қыңыр кісі етіп мейілінше жамандап, Орталық Комитетке шағым түсірген. Яғни мені де, біздің мамандарды да білімсіз, кеудемсоқ дәндүрістер, оған қоса бәр-бәрі ұлтшылдар деген де жаласы мол қисық сөздер айтыпты. Ең шатағы, Атшабаров пен Балмұханов отандық қорғаныстың күшеюін, оның түпкілікті мақсатын түсінбейтін, саяси сауаты әлсіз адамдар, жергілікті халықты сынаққа қарсы қойып, теріс-қағыс үгіт айтады-мыс деп те кінәлап, партиялық тұрғыдан бізді аяусыз жазалауды талап еткен. Үкімет адамдары, заман аужайы өзгерген уақыт, осы дауға төрелік айтуды Қаныш Имантайұлына тапсырады. Канекең бізді кабинетіне шақырып, келіспеушіліктің мән-жайын білген соң полигон бастығымен телефон арқылы ұзақ сөйлесті. Келеңсіздігі көзге түрткен дауға төрелік айтарда ол керемет парасаттылық аңғартып әрі мемлекеттік көзқараспен саралап, екі жақты қанағаттандырғандай төрелік жасағанына біз қайран қалдық. Өздерінің позициясын жанталаса қорғағандарға: «Бір мемлекеттің азаматтарымыз, сөйте тұра ұлтарақтай жер үшін сіздер шыж-мыж боласыздар, сол маңатта тұратын әлденеше мың адамның денсаулығын қызғыш құстай қорғаған дәрігерлерді соншама жазғырып, ауыр уәжбен кінәлау қажет пе? Сіздер де, қазақстандық әріптестеріңіз де – ұлы Отанымыздың тең құқықты азаматтары. Ал, ғылыми ақиқат

бұрмалауға, әлдекімнің мүддесіне ешқашанда илікпейді. Әркім менің айтқаным жөн дегенді қойып, игі мақсат үшін тіл табысып жұмыс істеңіздер. Әрбір маман өз пікірін емін-еркін айтсын. Біріккен экспедицияның қортындысын қандай болса да үкімет талқылайды. Қазіргі міндет тексеруді аяқтап, нақты ұсыныс әзірлеу...» – деген тұжырым естіріп, Қанкең жарықтық қандайда даулы мәселені ақиқат шешеді дегенге сайды...

Сөйтіп радиация ластаған жерді тексеру қайыра жалғасты. Осы жылдарда біз тағы бір сорақы жайтты анықтадық: полигон бастықтары әрбір сынақты жел бағытын айрықша ескерумен жасапты, яғни, жел Ертіс үстінен оңтүстікке, иә күнбатысқа қарай үдегенде ғана сынақты бастаған. демек, залалды бұлттың. радиация бөлшектерінің Абай. иә Шұбартау мен Каркаралы аудандарына қарай жөнкілуді алдын-ала жобалаған. 1953 жылғы бір жарылыста аспан желі бағытын шұғыл өзгертіп, миллиондаған радиация бөлшектері Семей мен Өскеменнің төбесінен төніп, одан әрі Алтай тауына жетіп, о жақта да айтарлықтай дүрбелең туғызған. Сол ауытқудың қаншама халықты зақымдағанын Алла ғана біледі. Осыдан да Мәскеу-400 қалашығында тұратын зерттеушілердің амандығы, денсаулығы Абай ауданында мал баққан жұрттан артық саналған ба деген күпті сауал туады.

Оған қоса Саржалда, Қайнар мен Қарауылда алғашқы термоядролық жарылыс кезінде есіз үйлерді әлдекімдер тонаудан сақтайды деген иланымды сылтаумен, әрине, өздері дайындап жүрген ғылыми еңбектеріне нақты айғақтар алу үшін 40-50 азаматты күзетке қалдырған. Соңынан солардың бәрін қалаға апарып, жабық диспансерде қан құрамын, дәретін тексеріп, ешқандай ем жасамай үйлеріне қайтарған. Кетерінде бірер шөлмек арақ беріп, осыны демде ішсең – ішіндегі кінәрат бойыңа дарымай, дәретіңмен ағып кетеді деген «пәлсафа» соққан. Бұл енді, шынтуайтын айтқанда, біздің құтыханаларда көжектер мен тышқандарға жасайтын тәжірибемізді адамдарға қайталау. Осыдан артық қорлау бола ма?

Рас, полигон қызметкерлерінің арасында ар-инабаты бекем, адамшылықтың ақ жібінен аттамаған мамандар да болды. Әуел баста біз радиациялық зақымдануды қадағалайтын, сол үшін дозиметриялық өлшеулер жасайтын полигон құтыханасының меңгерушісі, полковник С.Л. Турапинмен жиі шайқастық. Ол да өзі аспаппен өлшеген радиация мөлшерін кемітпей, біз айтқан санды теріске шығарып бақты. Басты дәлелі – жарылыстан түзілген радиация бөлшектері өздері қолданған сүзгіде 100 пайыз қалады деген жаңсақ тұжырым. Сол айғақты біздің мамандар теріске шығарып, сүзгіде 2-3 пайыз ғана бөлшектер қалатынын арнайы тәжірибемен дәлелдеді. Сергей Турапин содан кейін радиация деңгейі 40 рентген деген жерде шынайы мөлшер 1000 рентген болғаны туралы біз ұсынған актіге қателескенін мойындап, қол қойды. Өздерінің радиация күшін өлшеуге қате тәсіл қолданғанын ол диссертациялық жұмысында да атап көрсетті... Амал не, сол маманның мойындауын полигон басшылары кешірген жоқ, сатқындық жасадың деп мәртебелі жұмысынан босатты!...

<sup>1</sup> Техника ғылымдарының кандидаты С.Л. Турапин 1989 жылдың жазында Семей полигонындағы жағдай көпшілік талқысына түсіп, жер-жаһанды ластаған ядролық сынақтарды

Экспедиция зерттеуінің 1958 жылғы нәтижесі:

Зерттелген елді мекендер	«Қайнар синдромының» жиілігі, пайызбен		
	Тексерілген адамдар саны	Ауру белгілерін айқындау, %	Белгілері айқын еместер, %
Семей облысының Абай ауданы			
Қайнар	456	46,7	38,1
Саржал	377	53,6	47,0
Қарауыл	542	38,4	29,2
Шұбартау ауданы бойынша:			
Баршатас селосы	486	26,3	16,8
Қарағанды обл. бақылауға алынған			
Ұлытау ауданы	572	8,6	0

Экспедиция зерттеуінің 1959 жылғы нәтижесі:

Зерттелген елді мекендер	«Қайнар синдромының» жиілігі, пайызбен		
	Тексерілген адамдар саны	Ауру белгілерін айқындау, %	Белгілері айқын еместер, %
Семей облысы, Абай ауданы:			
Қайнар	366	54,9	40,0
Саржал	358	57,1	42,5
Семей облысы, Бесқарағай ауд.:			
Өленті-1 тұрғындары	369	29,9	14,0
Өленті-2 кейін келгендер	108	6,5	0
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы:			
бақылауға алынған Шадыра ауылы	414	14,9	0

Б.А. Атшабаров осы мәселе жайында бертінде жариялаған еңбектерінде құрамында ғылым докторы, профессор атағына ие патофизиологтар, атоморфологтар, биофизиктер, радиологтар және басқадай білікті мамандармен күшейтілген экспедицияның ветеринар тобы Абай ауданындағы кейбір шаруашылықтардың ірі қара мен қой түліктерінің күйіс қайыруында және сыртқы

біржолата тоқтатуға халықтық күрес күшейген кезде Семейге шақырусыз келіп, Абай ауданы тұрғындарының радиациямен зақымдану мөлшерін бұрынғы деректегіден он есе көбейту қажет деген мәлімдеме жасаған. Оның есептеуі бойынша, Қайнар тұрғындары 83-830 рентген, саржалдықтар 111-1100 рентген, қарауылдықтар 64-605 рентген мөлшерінде сәуле жұтқанын өзі қатысқан жиынның мінбесінен жария еткен (Осы деректердегі алғашқы сандар – әскерилердің бастапқы олшемі).

Б. Атшабаров ғылыми кітабында жұмыссыз қалған Сергей Леонидович Алматыға келгенде, дәрігерлік парызына адалдық көрсеткен ғалымды Өлкелік патология институтына қызметке қабылдап, білім-танымының биік деңгейін нақты білген кезде құтықхана менгеруші етіп тағайындаған. С.Л. Турапин осы жұмыстан зейнетке шығыпты.

тұрқында елеулі ауытқулар барлығын анықтағанын даралап көрсеткен (Сол мақсат үшін олар Абай ауданының 1257 сиыры мен 1000 қойын, ал Орталық Қазақстандағы радиация зардабын тартпаған шаруашылықтардың 800 сиыры мен 605 қойын қосымша зерттеген). Салыстырма тексерудің нәтижесінде сол топ Баянауыл мен Ұлытау аудандарындағы малдың сүйегі, қаны мен еті радиация бөлшектерінен құлантаза екенін, ал, полигонға ұрымтал мекендердегі түлікте қалыптан зор ауытқушылық барлығын анықтаған. Демек, соларды тамаққа пайдалану, жүнін қырку, иә сүтін ішу де зиянды деген қорытынды жасаған (Семейдегі ет комбинаты Ертістің сол жағалауындағы аудандардың бәрінен де жыл сайын жүз мыңдаған қой, 15-20 мыңдай сиыр мен жылқыны қабылдап, солардың етін Одақтың үлкен қалаларына, көбіне Мәскеу мен Ленинградқа жөнелтеді; ең ғажабы, сойылған қыруар малдың кем дегенде 20-30 пайызы Абай ауданына қарайтын Тельман атындағы, Қайнар, Абыралы, Қызылту, Акбұлақ кеншарларынан Семейге өз аяғымен айдалады. Яғни «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дейтін қазақ мәтелі бұл істе де өміршендігін көрсеткен; осы жайтқа әскерилер мен КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің түк білмегенсіп бейтараптық көрсеткеніне таң қаласың; демек, радиациямен зақымданған ет күллі Одаққа тараған...

*«Абай ауданының тұрғындарын көбірек дендеген ауырудың айырықша белгілері мынадай: а) қақырынғанда, түшкіргенде өңештен пен жұтқыншақтан жылымшы қан білінеді немесе жыныс пен тыныс мүшелерінен де қан жылымшылап ағады; б) адам терісіне қарайған дақ түсіп, түрліше зақымдануға ұшырайды (эрозия, лейкоплакия, тигерпигментация, телеангиоэктазия); в) білек пен сирақтың ашық жерінде күнге күйіп қақталғандай айрықша жолақтар пайда болып, тырнақтар өз-өзінен жұмырылады; г) астения мен астения-вегетивті синдром айқын байқалады; д) дененің кейбір тұсында, буында қан ұйып, сарысу пайда болып, соның салдарынан қан айналымы нашарлайды; ж) қартаюға әлі ертерек адамда, жастардың да көзіне ноқа түседі (катарактының белгілері пайда болады); е) қан-тамыр жүйелері әлсіреп, қанның ұйығыш қасиеті жойылады; и) оның аяғы артериальды гипотонияға соқтырады; к) жас әйелдердің етеккіріне қан келу мерзімі бұзылады; м) бауыр езіліп, ежелгі қызметінен жаңылады; о) атрофиялық риниттер мен фарингиттер түзіліп, оның гингивит түрлері көбейеді; п) асқазан бұзылып, гастриттер мен басқа ауырулар күшейеді; тоқетерін айтқанда, осы дерттердің салдарынан жас адамның денсаулығы бұзылып, күш-қуаты әлсірейді, ерлердің бел қуаты әлсірейді... – дейді Б. Атшабаров бертінде жариялаған «Семей ядролық полигоны туралы аласу, отірік пен ақиқат» деп атаған ғылыми еңбегінде. – Танымал 12-13 белгісі дараланған ауырулар ерекше жиі кездесіп, сол белгілердің жиынтық түрлері Қайнар кентінің тұрғындарында көбірек байқалғандықтан мен сол жайтқа ұзақ ойланып, ақырында ғылыми тың атаумен даралау үшін ортақ белгілерін саралап, осы ауыруды «Қайнар синдромы» деп атадым. Анығында сол дерт Қайнар ғана емес, Саржал ауылында, Абай ауданының Шыңғыстаудың теріскейі мен күншығыс бауырын-*

дағы тұрғындарын жаппай жайлаған. Яғни полигонға ұрымтал орналасқан елді мекендердің барлығында байқалды. Бірінде жиірек, кейбірінде сирегірек кездесті. Сондықтан да мен «Қайнар синдромының» тек қана осы атырапта жиірек білінуін иондық радиацияның зардабы деген қорытындыға келдім. Бұл пікірімді институттағы әріптестерім толық құптады».

«Осы кеселді клиникалық зерттеу бізге мынаны көрсетті. – дейді Бакия Атшабарұлы 1990 жылы жариялаған тағы бір еңбегінде. – Абай ауданының тұрғындарында, Бесқарағайдың Өлеңті және Шұбартау ауданының Баршатас мекендерінде жиі кездескен ауыру түрлері, керісінше тексерме бақылауға алынған Қарағанды облысының Қоянды, Жаңанегіз, Ақтоғай, Ұлытау кенттері және Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Шадыра мен Теңдік ауылдарында сол дерттер байқалған жоқ, болса да оқта-текте ғана ұшырасты... Ақырында біз оны экспедицияның төрт жылғы зерттеуі қорытындыланған. жалпы қарамы 12 томнан құралған, машинкаға басылған нұсқасы 3940 парак болған ғылыми есебімізге енгіздік. Бұл жұмысты 1960 жылдың аяғында бітірдік. Оны жазуға көптеген ұлт өкілдерінен құралған 62 ғалым қатысты...».

\* \* \*

Ғылыми ақиқат жолында әр алуан айтыс-тартыс өрбитіні әлмисактан мәлім. Айтысушылар тек әділдіктен айнымасын, қандайда мықты дәлелін ғылыми айғаққа сүйеніп айтсын. Ал егер екі топтың бірі өз дегенін тізеге салып, біздің тұжырым – өзгермейді, соны мойындайсын, айтқанға көнбесең – көзіңе көк шыбын үйелетемін десе – ғылым да, ақиқат та құрдымға құлайды...

Қазақстандық медиктер атомдық, ядролық жарылыстар зардабын тексерген жылдарда әр алуан қиянатты басынан кешкен. Сөйтсе де ұстанған бетінен қатпайтын қыңырлығы мол, оған қоса ғылыми айғаққа ғана бойсұнатын Бакия Атшабарұлының қайрат-жігері мен бекем сенімі арқасында өлкелік патология институтының ұжымы өздері кенеттен тап болған келдергілер мен қастандықтарды жеңіп, зерттеуді аяқтаған. «Қазақ КСР ҒА-ның президенті Қ.И. Сәтбаев экспедицияға сол замандағы ең үздік құрал-жабдық пен әртүрлі аспаптарды сатып алуға қаржы бөлгізіп, радиация залалын кешенді түрде зерттеуге қолғабыс етті. Патология институтында радиология бөлімі тыннан ашылып, оны мен басқардым, – деген куәлік айтыпты С.Балмұханов «Ядролық полигон менің көзіммен» кітапшасының 61-бетінде. – Экспедицияға білікті мамандарды шақырып, ізденісті жан-жақты жүргізуге мүмкіндік туды. Бес аспабы сай радиодозиметрлік жылжымалы құтыхана ұйымдастырылуы біз жобалаған жұмыстарды тиянақты аяқтауға да септігін тигізді. Шынтуайтын айтқанда, осыншама қыруар істерді мүлтіксіз атқару үшін институт директоры Бакия Атшабаров өзінің докторлық диссертациясымен шұғылдануды тоқтатып, күллі уақытын экспедиция жұмысын сәтті ұйымдастыруға жұмсады...»

Б.А. Атшабаровтың жоғарыда аталған кітабының 16-17 бетінде берілген кестені келтіремін, ол болса «Қайнар синдромының» таралу деңгейін айқындайды:

1958 жыл	«Қайнар синдромының» таралуы, %			
Тексерілген аудандар мен елді мекендер	Тексерілгендер саны	«Үлкен Қайнар»*	«Кіші Қайнар»**	Синдром белгісі жоқтар
Абай ауданы: Қайнар	456	46,7	43,4	9,9
Саржал	377	53,6	33,7	12,7
Қарауыл	549	38,4	37,5	24,1
Шұбартау ауд. Баршатас	486	26,3	46,5	27,2
Ұлытау ауд. Ұлытау	572	8,6	44,6	46,8
1959 жыл	«Қайнар синдромының» таралуы			
Абай ауданы: Қайнар	366	54,9	41,3	3,8
Саржал	358	57,4	34,6	7,9
Бесқарағай ауд. Долон-1	369	29,9	47,7	22,4
Долон-2***	108	6,5	41,7	51,8
Баянауыл ауд. Шадыра	414	14,9	47,6	37,4

Зор сүйсініспен ескертер бір жайт: институт мамандары өзіне ғылыми мәні өзгеше әрі өте ауыр міндет қойып, экспедициялық зерттеуге кіріскенде, Қазақстан КП Орталық Комитетінен де әрдайым, әсіресе аса қатерлі кезендерде нақты қолдау көрген. Өйткені, сол жұмыс басталмай жатып тоқтап қалуы кәдік кездейсоқ жағдаяттар кездескен. «Кешенді зерттеуіміздің нәтижесін қортындылап, кейбір мәселелерді талқылау үшін Қазақстан КП ОК-і мен республика үкіметі ВПК (әскери-өндірістік кешен) өкілдерін қатыстырып, 1958 және 1959 жылдары екі мәрте мәжіліс өткізді. Алғашқыны ОК-тің бірінші секретары И.С. Юсупов басқарса, екінші жиынға ОК секретары А.А. Мельник жетекшілік етті, – депті Б. Атшабаров біз сан мәрте сілтеме жазаған ғылыми кітабының кіріспе бөлімінде. – ...Сол мәжілістерде ОК-тің секретарлары атом сынағынан зардап шеккен Семей облысының бірнеше ауданына материалдық көмек қорсету, әртүрлі жеңілдіктер жасау жөніндегі біздің ұсынысымызды батыл қолдап, КСРО үкіметіне хат жолдады. Одақ үкіметі, оның басшысы А.Н.Косыгин 1958 жылы сол шаруаны оңды шешіп, біз атаған аудандарға

\* «Үлкен Қайнар» – полигон зардабынан өрбіген ауыру белгілері түгел дерлік байқалған науқастар.

\*\* «Кіші Қайнар» – осы ауырулардың белгілері жарым-жартылай байқалғандар.

\*\*\* Долон-2 елді мекеніне 1959 жылы ғана қоныстанғандарды жеке зерттеп, Долон-1-де тұратындармен салғастыру үшін әдейі дараланған

қаржылай көмек жасауға және тұрғын үйлер, басқадай да құрылыстар салуға арнайы қордан материалдар бөлген қаулыға қол қойды. Амал қанша, сол қаулыға ВПК басшылары белсенді түрде наразылық білдіріп, шу көтергендіктен, үкімет қаулысы жүзеге асқан жоқ. Әскерилердің сол үшін келтірген дәлелдері кімді болсын қарадай шошытқандай: радиациядан жадап-жүдеген аудандарға көмек көрсетілсе – сынақ салдарынан сол аймақтың айрықша күйзеліп, адамдар сырқаты дендегенін ресми мойындау болады-мыс... Ядролық полигонның басшылары Патология институтының зерттеуін мүлдем тоқтатуды немесе полигон мамандарымен бірігіп жасаған ізденіске мені мүлдем қатыстырмау турасында да шу көтерді. Қазақстан КП ОК-і мәні мен зілі шатақ сол талапты қабылдаған жоқ. «Республика аймағындағы зерттеу ісі – біздің құзырымызда, оны кімдер атқаратынын да өзіміз шешеміз деуден тайынбады. Мен де соны арқаланып, жұмысты одан әрі өрістеттім. Үкіметке жолдаған ресми хаттарымда полигон төңірегіндегі төзгісіз жағдаятты, жергілікті тұрғындардың жаппай сырқатын ашына жазып, ауыр ахуалды түзеу үшін жарылысты мүлдем тоқтату мәселесін көтердім. Амал не, біздің басшылар сынақтарды тоқтату, иә азайту туралы мәселеге баспай, бой сақтады...».

Сонымен төрт жыл бойы бір жүзден астам маманға михнат тартқызған зерттеу аяқталды. Зерттеу қорытындылары республика үкіметіне тапсырылды. Соған мән берер қайраткер болса тек? Сөйтер еді-ау, Қазақстанның үкімет басшысының, иә Орталық Комитеттің бірінші секретарының жанайқайын түсінетін адами ұстамы түзік қайраткер Мәскеуден табылса? Әлбетте табылмады! «Әй, байғұс, көзіңе қара! Біз жүргізіп отырған халықаралық саясаттан не білесің? Империалистермен тайталаста шокпар етіп отырған басты айбарымыз – осы, ядролық сынақтар! Ал, сен?.. Жо-жоқ, шамаңды біл де аузыңды жап! Сол сынақтар әлі де жасалады, әлі де неше алуан бомбалар дүниеге келеді...» – деген түйсік тағы да үстемдік көрсеткен.

Күндердің күнінде академик К.И. Сәтбаев Бақия Атшабарұлы мен Сайым Балуанұлын кабинетіне шақырады (Академия президентімен сол күні болған оңаша сұхбат жайында екі ғалым да бертінде жариялаған кітаптарында көл-көсір естеліктер айтқан. Мен соларды өзара біріктіріп және тұжырымдалған нұскасын келтіремін)...

«Екі інім, сендерді мен бір жайтқа қуантып әрі рақмет айтқалы шақырдым. Екеуіңе де дән ризамын, халық шерін көкіректеріңмен ұғып, үлкен іс тындырыңдар! Енді сол зерттеуді тыңғылықты түрде топшылау қажет! Қысқасы, зерттеу қорытындысын Мәскеуде, Биофизика институтында талқылауға келістім. Ол енді ядролық полигон зардабынан сол аймақта қалыптасқан ауыр ахуалды жан-жақты талқылайтын ғылыми конференция түрінде өтуге тиіс: мәскеулік институттың мамандары бірнеше баяндама даярлайды, сол жиынға полигон басшылары мен медиктері де қатыспақ, – дейді Қаныш Имантайұлы. – ...Сендер де тыңғылықты әзірленіңдер. Қанша баяндама жасап, неше адаммен баруды өздерің шешіңдер. Іссапар шығынын Академия көтереді, қанша болса да. Ал, әзірліктің жауапкершілігін, соның барша тауқыметін,



*Мухтар  
Дузев*



*Каныш  
Сатбаев*



*Сибугатулла  
Карымбаев*



*Мария  
Ковригина*



*Бақия  
Атиабарова*



*Сайым  
Балмұқанов*



жайсаң інілерім, тек кана екеуіңнен сұраймын. Не айтарыңды, нені сұрауды, төрт жылда көрген-білген, жиған-терген айғақтарды сұрыптап әрі ешкімнен именбей батыл түрде ұсыну керек. Бізді кім тыңдайды, біздің сұрағанымызды кім ескереді, тектен-текке жеку естиміз, баяндамамыздың басты айғақтары жансақ делініп, тектен-текке таяқ жейміз... деген әлжуаз ойға сірәда түспендер. Сөйту үшін бет бұрғызбайтын ғылыми айғақтарды көптеп келтіріп, өздеріңнің пайымдауыңа дау айтқандармен бетпе-бет айтысудан тартынбай, қайткен күнде женеміз деген сеніммен барындар. Мен өзім ғылыми ақиқатқа сенемін, сол сенім мені әзірше қандай шаруада болсын сүріндірген жоқ, өмір бойы алға сүйреп келеді. Халқымыздың саулығы үшін жан аямай күресу қажет, жігіттер! Екеуіңнен де мен радиация күлінен запы шеккен Ертіс бойындағы шерменде халықтың дәрменсіз тағдырына араша тұрар жалынды жігер мен атпал қайрат күтемін!.. Академик Лебединский маған сол конференцияны алдағы жылдың басында өткіземіз деді. Демек, мықтап дайындалуға бірнеше ай бар. Токетерін айтқанда, қымбатты бауырларым, төрт жыл бойы бейнет тартқызған зерттеуді аяқтау шарт!..»

\* \* \*

1961 жылы 27 адам 19 баяндамамен барған, әскери-өндірістік кешеннен 6 маман ғылыми еңбекпен қатысқан. Соларды талқылау үш тәулікке созылыпты. Қазақстандық ғалымдардың ұстамын қорғап 18 ғалым сөйлеген (Биофизика институтының ғалымдарынан ғылым докторлары – Л.Т. Туточкина мен М.А. Ломов, өзге сөйлеушілер де сипай камшылаған сындар айтып, түйткілді сауалдар қоюмен шектелген). Өлкелік патология институтынан негізгі баяндама жасаушылар немесе жарыссөзге шыққандар – Е.Н. Алексеев, Я.Л. Бульвактер, С.А. Аккерман, А.С. Соколова, И.А. Сими́на-Северская, А.Л. Питюшин, А.Г.Әдірхаев, Ю.П. Торопкина, Ж.А. Хайрушев, И.И. Великанов, А.Т. Алданазаров, С.Н. Нұғыманов, Т.Г. Беглова, Б.А. Атшабаров, Б.П. Всеволодов. Бәрі де өздері бекем иланған ғылыми ұстамдарын жанталаса қорғапты (Баяндама жасаушылар санатында С.Б. Балмұханов жоқ). Дау өршіген кезде алматылық ғалымдардың кейбірі мінбеге бірнеше мәрте көтерілген. Андауымызша, айтысушы екі жақ та бірін-бірі аямаған, ғылыми ақиқат үшін ақырына дейін тұрған.

Ғылыми жоғары деңгейдегі сол жиын Бакия Атшабарұлының естелік кітабында зор өкінішпен сипаттауына карағанда, күн тәртібі, айтыс-тартыстың бағыты да КСРО Денсаулық сақтау министрінің орынбасары А.И. Бурназянның алдын-ала дайындатқан сценарийі бойынша және өктем қылыққа үйір генерал-лейтенанттың тұрақты әкіреңімен жүріпті. Қазақстандық институттың мамандары өздері жинаған ғылыми айғақтарды түйдектеп келтіріп, ядролық жарылыстар Ертіс өңірінде экологиялық апаттар туғызғанын, сонда тұратын адамдар денсаулығын мейілінше зақымдады десе, ВПК мамандары сол ақпарды теріске шығарып, өздері ұсынған бұрынғы желеуді, яғни Дала тұрғындары асқа пайдаланған тағамдар құнарының әлсіздігі, дәрумендердің жетіспеуі, қыр елінің көкөніс өсірмейтіні, соның кеселінен олардың арасын-

да туберкулез, бруцеллез және басқадай ауырулар дендеген деген, өздері ойдан шығарған ұйғарымдарды көлденең тартқан...

Төменде мен мәскеулік конференцияның 120 парақ ұзақ хаттамасынан ең ұтымды, тырнақ астынан кір іздеген тұстарын ықшамдап келтіремін<sup>1</sup>...

КСРО Медициналық ҒА-ың толық мүшесі, Биофизика институтының директоры, профессор А.В.ЛЕБЕДИНСКИЙДІҢ 1961 жылғы 17 ақпандағы сөзінен:

*«Қымбатты әріптестер! Маған бүгінгі жиынды ашу құрметі ұсынылды. Сол парызды отеу үстінде конференцияға сәттілік тілеумен тежелсем де болар еді. Алайда, бүгінгі конференцияның ғылыми мәні біз бұған дейін дағдыланған жиындардан өзгереді. Өйткені, біз осы жиында ерекше қызғылықты және ғылыми аса мәнді хабарламалар тыңдаймыз. Сіздерге мен сол жаңалықтарды ден қойып тыңдаумен қоса баяндама жасаушылар ұзақ уақыт иен далада сарыла жүріп қыруар еңбекпен тірнектеп жинаған деректерді оймен таразылап, ғылыми баға беруді, әсіресе қазақстандық әріптестеріміз ұсынған күрделі мәселелерге жауапкерлікпен қарап, ұқыпты сараптау қажеттігін естеріңізге саламын.*

*Осы жиында баяндама жасаушылардың бәрі де зерттеген аймақта өздерінің ынтасымен медициналық зерттеу жүргізіп, тұрғын халықтың денсаулығында елеулі өзгеріс туғанын анықтауға тырысқан. Сол пенделердің неліктен жаппай ауырғанына біз бүгін ғылыми талдау жасауға тиіспіз. Осы зобалаңға жол берген жергілікті медиктердің дәрігерлік деңгейінің төмендігін шамалап, диагноз қоюшылардың әрбір сырқатты қандай «білімдарлықпен» шамалағанын да бағамдау қажет. Бұл мәселе ерекше күрделі, сондықтан да байыпты талдаумен анықталуға тиіс. Ол болса радиациялық медицина факторы, біз үшін бұл — медицина ілімінің жаңа саласы. Бұл сала біздің елде әзірше айтарлықтай өрістеген жоқ, аса күрделі және қызықты болуымен қоса бәрімізді таңғалдырып әрі қатты шошытып отырған кесел. Демек, біз осы жиында сол саланың өмірдегі сансыз көп айғақтарын естиміз, соған да ғылыми талдау жасауға міндеттіміз.*

*...Тағы да қайталаймын: бүгінгі жиында біз Отанымыздың шалғай түкпіріндегі елсіз аймақпен іргелес жердегі тұрғындар денсаулығының күрт өзгеруіне байланысты жүйелі түрде жүрген зерттеулерге баға беруге тиіспіз. Бәріміз де мемлекеттің күші мен мүмкіндігі кеңес адамдарының денсаулығын сақтауға бағытталған концепциямен өмір сүріп, еңбек ететінімізді сіздерге айрықша ескертуді артық деп білемін. Қысқасы, біз радиациялық медицинаның өте қиын және бетпе-бет кездескен сирек жағдайына ғылыми талдау жасауға жиналып отырмыз. Осы мәселеге сіздердің жауапкерлікпен қарап, ғылыми тұрғыдан талқылауға шақырамын. Біздегі жасақ радиациялық медицина ғылымының алдында екі түрлі міндет тұр: сол кеселдің жер-жаһанға залалы мен болашақ өрісін анықтау. Аса жауапты осынау екі жайтқа бүгінгі жиын жауап беруге тиіс...»*

<sup>1</sup> Мәскеуде өткен конференцияның негізгі материалдары, айтыс-тартыстын хаттамасы Қазақ КСР-ның Алматы қаласындағы Орталық мұрағаттын 79-қорында сақтаулы (Тіркеу саны — 1-ші іс, 21-жұмыс). Оның құпиялық кебі 1998 жылы жойылған. Мен сол хаттаманың Б. Атшабаровтың 2012 жылы жарияланған кітабындағы нұсқасын әжетімізге жаратқанымды ескертемін.

**БАБАЯНЦ** (баяндамашы А. Соколоваға қойылған сұрау): *Сіздің баяндамаңызда зерттелген аудандардағы тұрғындардың асқа қолданған тағамдары аса жұғымды емес, дәрумендер жетіспейді деген жаттанды пікір түбірімен қате деген түйініңізді қандай айғақпен дәлелдейсіз?*

**СИМИНА-СЕВЕРСКАЯ** (Соколова үшін жауап берген): *«С» дәрумені біз тексерген адамдардың барлығының қанында қалыпты мөлшерден сәл аздау болды, алайда сол жетімсіздік әскери зонадан қашықтағы тексерме аудандардағы тұрғындардан да кездесті. Сондықтан да бұл жетімсіздікті біз дала тұрғындарының етене дағдысына жатқыздық. Ал, «РР» дәруменін дағдылы мөлшерге сай ету үшін күніне небәрі бір грамм шай іхсе жеткілікті. Біз тексерген жердегі тұрғындардың бәрі де шайқор жандар... «В» дәруменін қалыпты мөлшерде алу үшін әрбір жан иесі тәулігіне 2 литр сүт ішуі қажет. Қазақтардың жаз бойғы негізгі асы – сүт тағамдары. «А» дәрумені туралы да осы уәжді айтамын. Экспедиция офталь-*



мологтары дала тұрғындарының көзін мұқият тексеріп, авитаминоз белгілерін таппады. Демек, бұл дәрумен біз тексерген аудандар тұрғындарында жеткілікті деген қорытындыға келдік...

ПОПОВ (А.С. Соколоваға сұрақ): Абай ауданының тұрғын халқын жаппай тексердіңіздер. Ал, тексерме сынаққа таңдалған Шадыра ауылының тұрғындарын таңдап-талғап қараудың себебі неде? Соған орай біріне-бірі қарама-қайшы нәтиже шыққан. Ғылыми жөнінен бұл дұрыс емес, көздеген мақсатқа айғақты икемдеу жүзеге асты деп ойламайсыз ба?

СОКОЛОВА: Осындай ала-құла зерттеу Романовскийдің ғылыми кітабында тәптіштеп жазылған. Біз сол ғұлама қолданған статистикалық талдауды әжетімізге жараттық және соны дұрыс санаймыз. Абай ауданының халқын біз жаппай тексердік. Өйткені, бұл аудан радиация зардабына жарылыс сайын ұшыраған. Ту қиырдағы Баянауыл ауданындағы Шадыра ауылын мекендеушілердің тұрмыс күйі, төрт түлік мал сүмесімен күнелтуі, табиғи ортасы да Абай ауданы



*Полигон мамандарының балық ауламақ болып қолдан жасаған «Атом көлі». Ақырында сол шара радиациял биіліктерінің табиғи қоймасына айналды.*

нымен бірдей, айырмашылық — полигон аймағынан едәуір қашықта, олардың денсаулығы да көңтерімді. Дімкәстері болса да аса көп емес, дала адамдарына тән сырқаттар. Сөндықтан да Шадыра тұрғындарын біз жапа-тармағай тексермей, жас мөлшері мен жұмыс түрлеріне қарай бақыладық. Үнемі далада жүретін малшыларға көбірек назар аудардық. Дала халқының тіршілік қаракеті сіздерге мәлім емес, олар ашық аспан астында еңбек етеді. Яғни бір фабрикада, иә өндірісте істейтін жұмысшыларды тексерумен бірдей емес. Бірінен-бірі он шақырым жердегі құдықтарды, иә өзен-бұлақты жағалап күнелткен шопандарды құтыханаға алғызып, жан-жақты тексеру үшін арнайы көлік және соларды уақытша ауыстыратын көмекшілер керек... Сол себепті қосымша тексеру үшін біз әр ауылды таңдап-талғап алуға мәжбүр болдық және сөйткенімізді жөн санаймыз...

**БУРНАЗЯН (С.А.Аккерманға сауал):** Сіз әлгінде тұрғын халық 547-560 рентген шамасында радиациялық сәулемен зақымданған дедіңіз. Әрбір жарылыс жасалардан бұрын тұрғын халық түп-түгел қауіпсіз аймаққа көшіріледі. Сынақтан кейін полигон мамандары қауіпті деген жерді мұқият тексеріп, қатерлі жағдай жоқтығын анықтаған сөз ғана бұрынғы мекендеріне қайтарылады<sup>1</sup>. Жә, сонда шалғай жерге эвакуацияланған жұрт қалайша және не себепті радиациямен зақымданады?

**ТУРАПИН:** С. Аккерман баяндамасында келтірген радиоактивті заттармен жер бетінің залалдануы туралы деректер әскери құтыхана өлшеген деңгейден бірнеше есе көп. Ал, Ю.С.Степанов бүгін бізге жер бетіне түскен радиациялық сәулелер мөлшерін атады. Сара Абрамовна, менің болжауымша, тереңге қазылған шұңқырлардағы сәуле мөлшерін білгенде шошына қарап, соларды шындыққа балаған... Қазақстандық әріптестерімнің зиянды сәулелер деңгейін қайыра есептеген методикасына мен өзім сенбеймін. Өйткені, осы жайтты анықтау үшін КСРО ҒА-ның Радиация институты арнайы зерттеу жүргізді. Алғашқы сынақтар кезінде бүгін ортамызда отырған профессор К.К. Аглинцев полигонда болды. Жерге түскен сәулелерді өлшеудің бастапқы әдістемесі сол кісінің ақыл-кеңесімен жасалды. Өлшеуді ұқыпты жүргізуге Мәскеудің Биофизика, Химфизика және Геофизика институттарының майталман мамандары қатысып, тексерме зерттеу солар көрсеткен әдіспен жүріп әрі аса сезімтал аппаратурамен өлшенді. ...Жә, алматылық әріптестерім кешелі-бүгінде мәлімдеген өздері «соны» деген деректерге келейін: турасын айтқанда, солардың бәрі де бізге мәлім жайттарды теріске шығарады; сөйтсек, радиоактивтік заттар жер бетінде жатып қалмай, тереңге сүңгіп, бір метр, одан да әріге жеткен, осы «жаңалық» мені ерекше таңғалдырды. Сол бөлшектерде аяқ бар ма? Меніңше, қазақстандықтар қолданған әдіс түбірімен қате. (...) Алматылық зерттеушілердің анықтауынша, жердің 10 см үстіңгі қаба-

<sup>1</sup> Амал не, қазақстандық баяндамашыға мәні қырсық сұрау қойып, сөзден шатастырмақ болған А. Бурназянға: «Жолдас генерал-лейтенант, сіз жалған мәлімдеме жасап тұрсыз. Абай мен Абыралы аудандарының тұрғындары 1953 жылғы тамызда бір-ақ рет көшіріліп, одан кейінгі, иә, бұрынғы жылдарда, 1949-1960 жылдар аралығында жасалған 50 сынақтың 49-да жергілікті халық ешқайда көшірілмей, ежелгі жұрттарында отырып, жел бағытына қарай төбесінен жауған, иә жанамалап өткен радиация бұлтының астында қалған...» — деген сорақы жайтты ешкім де ескертпеген.

тындағы сәуле ұзақ жатпай, зым-зия жоғалып кетеді-міс, ал одан әрі бір, иә екі метрге тереңдесең — аса зиянды әрі ірірек бөлшектер бықып жатады және солар ұзақ уақыт сақталады дейді; ең шатағы, сол бөлшектер өсімдік тамырымен үстіге көтеріліп, малдың сүйегіне, қанына ауысады екен; одан әрі адам организміне түседі-мыс... Жә, енді осы туралы шетел әдебиетінен оқығанымды айтайын: сынақ соңында аспаннан жауған зиянды бөлшектердің 50 пайызы жердің үстіңгі қабатына түсіп, соңынан әлдеқайда жоғалып кететінін олар да анықтаған. Қазақстандық зерттеушілер бұл деректі де теріске шығарады. Мен әріптестеріме өздері анықтаған жайтты қайыра тексеріп, оған радиометрлік талдау жасау қажет деген кеңес айтамын.

КЛЕЧКОВСКИЙ (академик): Талқылауға ұсынған мәселе турасында ойымды жариялардан бұрын бұрын-соңды ғылыми әдебиетте өзім кездестірмеген ерекше қызғылықты ақпарлар естігенімді ескертуді парыз санаймын. Қазақстанның бірнеше ауданында ұзақ уақыт жүрген зерттеулер радиоактивтілік туралы біздің бұрынғы түйсіктерімізді ерекше кеңейтіп, байытып, биологиялық соны түйін жасауға мұрындық болады деген сенімдемін...

Стронцийге байланысты мәселеге назарларыңызды аудармақпын. Мен осы элементпен ұзақ жылдар шұғылданған адаммын, аса зиянды әсерін де білемін. Радиоактивті барлық заттардан стронцийдің жан-жануар дүниесіне залалы ерекше зор. Ең гажабы, сол пәлекеттің жерге сіңуі мен одан әрі таралуы түйіршік қалпында жүреді, демек, оның жер бетіне қайта шыққанын, кімді, иә нені зақымдағанын анықтау қиын емес. Сол жайтты тексерген қазақстандық мамандар үстіңгі



*Атомдық жарылыстан түзілген апан*

қабатта сақталған «ізі» бойынша қуа іздеп, ақырында стронций түйіршіктерін жер қыртысының тереңгі қабаттарынан тапқан. Әбден иланымды түйін. Жерге сіңген элементтің түйіршіктері ешқайда жоғалып кетпейді, ондаған, жүздеген жылдар сол қалпында сақталады. Стронций сонымен-ақ қатерлі. Тексерілген аудандар жерінде соның тым жиі, мол мөлшерде кездескеніне ғана шүбәлімін. Алайда, тақтаға ілінген схемада түйіршіктердің жыпырлап тұрғаны бейнеленген. Сондықтан да сенбеске амалым қалмады. Қазақстандық зерттеушілер оны іздеу мен табу әдісін, сірә, ерекше жақсы меңгерген...

Стронцийдің одан арғы жолын шамалау қиын емес: жер астындағы стронций өсімдік тамыры арқылы үстіге көтерілген, төрт түлік мал сол өсімдіктермен қоректенеді; үй жануарларының жұтқыншағынан өткен стронцийдің одан арғы қонысы — мал сүйегі, бірқаншасы сүтке шығады; демек одан әрі жылжып отырып адам организмне сіңеді!<sup>1</sup> Тағы бір шындықты айтайын: қазақстандық зерттеушілердің 1959 жылғы қаңтарда мал сүтінен тапқан стронций өлшемін көріп, жағамды ұстадым: міне, солар — 15,6; 21; 20; 37. Екінші өлшем бойынша — 17; 16; 20; 29. Үшінші өлшемнің көрсеткіштері — 28; 26; 22; 48... Бәлкім, осы өлшемдердің кейбірі жаңсақ болуы мүмкін, кейбірінің мөлшері артығырақ шығар? Бірақ, мен үшін бір жайт шүбәсіз айқын: тексеру жүрген аудан жерінде стронций бар, аз-көптігі есеп емес, өйткені, ол қандай мөлшерде болса да түскен жерінде тек жатпай бүлдіре бастайды.

...Стронцийдің сүт арқылы адам организмне түскенін анықтау қиын емес. Ал, соның сүйекке сіңуін болдырмауға нендей шара қолданамыз? Ең шатағы, сол пәлеттің нақты мөлшерін қалай анықтаймыз? Қазақстандық зерттеушілер соны сойылған малдың сүйектерінен, өлексе етімен қоректенген иттерді сойып, олардың да сүйектеріне анализ жасау арқылы анықтаған. Бұл енді бірден-бір дұрыс амал. Сол тәжірибелерді жинақтай келе полигонға ұрымтал жерде тараған

<sup>1</sup> Абай ауданының шаруашылықтары полигонға ұрымтал аймақта бос жатқан жердің құнарлы шабындығынан жаз бойы шөп шауып, ал, қар түсе сол манатқа 9-10 қос жылқыны (әр коста 900-1000 жылқы болады) қыстамаға айдағаны осы хикаят иесіне мәлім жайт. Сөйтуге тек әскери зонадан рұқсат керек. Әскерилер мұндай өтінішке пәлендей қарсылық көрсетпеген. Осы қаракет, менің шамалауымша, 1960-1990 жылдарға дейін өзгерген жоқ. Дегелен атырабындағы жылқы қостарында еңбек еткен Қайнар, Абыралы, Ақбұлақ, Қызылту, Бірлік кеншарларының қайсыбір жылқышылары (Мұрат Қонысбеков, Қаракан Мұсатаев, Амантай Төлеуғазин және басқалары) маған етене таныс адамдар, аралас-құралас қана емес, етжақын туыстарым. Өкінішті жайт: есімдері аталған осы азаматтар, олардың серіктері де обыр ауыруына ұшырап, орта жастан аса бере өмірден озды. Қазірде ойласам, солардың бәрі де академик Клечковский ескерткен стронцийдің сүйегін шалудан опат болған.

Екінші ескертер өкінішті гәп: полигон төңірегінде мал азығын дайындаған шөпшілер де оңған жоқ, бәр-бәрі де орта жасқа жетпей, кейбірі жігіт шағында аққан дертінен қаза болды, ауыру азабын ұзақ жылдар тартқандар да аз емес. Ең шатағы, абайлық кеншарлардың төрт түлік малы полигон аймағынан шабылған шөпті отыз жылдан астам уақыт пайдаланды. Соны қорек еткен малдың етін жеп, сүтін ішкен жүздеген бақташылар да, олардың отбасы да, сірә, стронцийдің зардабын шаш етектен тартқан. Олардың қаншасы ауырды, қаншасы егде жасқа жетпей жер жастанды? Оны анықтау бүгінде қиын іс. Соның бәріне көз жұмбай жасаған үкімет адамдарына лағнет айтып, социализм қоғамын гүлдендіруге, көркейтуге еңбекқор халықты жаппай жұмылдырған басшылардың алаңғасарлығына таңғалып, өзіміздің де соншама жетесіз болғанымызға өкініш білдіргеннен басқа амалым жоқ?!..

*стронцийдің мөлшері тексерме екі аудандағыдан 3-6 есе артық деген тұжырымға келген. Кенес Одағы бойынша 1960 жылғы тексеруде анықталған стронцийдің орта мөлшері – 0.4. Өскемен қаласы бойынша – 0.38. Кешегі хабарында Ю.С. Степанов Семей тұрғындарының бойында 3-10 стронций өлшемі барлығын осы қаладан алынған 13 адамның өлігін зерттеу арқылы анықтағанын ескертті. Бұл да бізді ерекше абыржытқан және мәні шатақ айғақ!..*

**МАРЕЙ:** *Радиактивтік сәулемен зақымдану екі түрлі жолмен жүретіні мәлім: сәуле толқыны арқылы, екіншісін асқа пайдаланған тағамдар асқазанға түседі. Мен төменде соның екіншісіне, сүт ішіп, иә мал етін жеу арқылы зақымдануына тоқталамын. Екеуінде де адам организміне стронций түседі де сүйекті мүжси бастайды. Стронций сүйекке жиналады. Жә, сонда тірі адамның сүйегін қалай тексереміз? Сол ауылдағы иттер мен қойларды сойғызып, сүйегін тексеру арқылы адамдардың стронциймен зақымдануын шамалау тек қана салыстырма дерек береді. Ал, адамдардың денсаулығы әртүрлі. Стронцийден ауыру да сондай ала-құла...*

*Екінші күдікті мәселе – радиация зардабын тартты деген аудан тұрғындарының тамақтану жайы? Экспедиция мүшелерінің айтуынша, сол ахуал «сұрақ-жауап» арқылы анықталған. Ал, жауаптардың бәрін де қанағаттанарлық деуге болады, бірде-бір жан иесі: «Мен ашпын, күніне бір, иә екі мезгіл ғана тамақ ішемін» деп сірәда айтпайды... Ал, Абай ауданындағы бруцеллез бен туберкулез немесе қан қысымының көтерілуі эпидемиялық сипатта өрбіген. Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің жылма-жылғы есебінде осы ауданда эпидемия болды деген ақпар ешқашанда жазылмайды. Менің аңдауымша, аянышты тағдырын сөз етіп отырған далалық аймақтағы медицина қызметі өте төмен деңгейде...*

**КЛЕЧКОВСКИЙ (Марейге сұрақ):** *Әлінде сіз өздеріңіз тексерген аудандағы балалардың сүйектеріндегі стронцийдің мөлшері 10 өлшем дедіңіз. Мен шетелдік деректерді білемін. Шетел балаларының сүйектеріндегі стронцийдің мөлшері сіз айтқаннан әлдеқайда төмен...*

**МАРЕЙ:** *Иттер шөппен қоректенбейді, соған қарамастан олардың сүйектерінде радиактивті заттар өте жоғары деңгейде. Олар күресінге тасталған сүйекті кеміреді. Семейлік тұрғындардың сүйектеріндегі стронцийдің мөлшері қалыптағыдан үш есе артық.*

**КЛЕЧКОВСКИЙ:** *Стронций иттерге сүйектен дарыған. Ал, адамдар, әсіресе балалар сүйекке әуей емес. Олардың сүйектеріне стронций қайдан түскен?*

**МАРЕЙ:** *Дала халқы сүйекті сылып тастамай етпен бірге қайнатады, демек мал сүйегіндегі стронцийдің бірқаншасы сорпаға шығады. Ал, сорпа – қазақтар үшін аса дәмді қорек. Экспедиция материалдарында адамдар денсаулығы мұқият тексерілген, тек солар пайдаланған ас түрлеріне жасалған сипаттама жеткіліксіз, ең бастысы – асқа қолданылған тағамдардың радиактивті заттармен зақымданғаны туралы деректер нақты көрсетілмеген. (...) Дала тұрғындары қымызды қастерлі сусын санайды және шектеусіз көп ішеді. Сол сусындағы стронцийдің мөлшері – 30-40 өлшем. Мінбеге көтерілгендердің бәрі Қайнар елді мекені мен Тельман атындағы колхоздың күллі жері радиактивті заттармен былғанған*



дегеніне сенгім келмейді, сөйтсе де кейбір баяндамаларда мойын бұрғызбас айғақтар айтылды. Жердің үстіңгі қабаты былғанғаны рас. Сол жағдай тереңгі қабаттарда ерекше көп дегенге сену қиын...

**БАБАЯНЦ:** Алғашқы баяндамашы жария еткен екі тұжырымға сенімсіздік білдіремін. Бірінші, Абай ауданы тұрғындарының асқа пайдаланған тағамдары аса құнарлы деген сөзіңізге нақты дәлел айтқан жоқсыз. Сіз сол тұжырымды өзіңіздің бақылауыңызға сүйеніп жасағансыз. Сол ауданда біз де болдық, коргеніміз – мүлдем басқа жағдай. Екінші, аудан тұрғындарында дәрумендер жетіліп артылады деген ақпар. «А» дәруменінің жеткілікті екенін көз жанарын бақылаумен анықтауға болады дедіңіз, Анфиса Сергеевна, мұныңыз сіздің – иланымсыз топшылау. Ал, «РР» дәруменін қалыпты деңгейде ұстау үшін, сіздің ойыңызша, әрбір адам өзге тағамдармен қоса тәулігіне 300 грамм ет жеуі керек. Қазақстан тұрғыны ретінде шыныңызды айтыңызшы, сіздің жерлестеріңіз күн сайын 300 грамм ет жемейтінін жақсы білесіз. Осыған орай көзіміз көрген бір жайтты айтайын: бірде біз қауап жегіміз келіп, ет іздедік. Амал қанша, соны таба алмай, колхоз бастығына барып, сол кісінің көмегімен қоймадан ет алдық. Бірақ, сол еттен қауап жасай алмадық...

**СОКОЛОВА:** Роберт Сергеевичке мені келемеж еткен өз әуенімен жауап беремін. Бабаянц жолдас қауап жегісі келгенде Қайнардан жарамды ет таба алмаған, сонсоң да әлгінде күллі Қазақстанда ет тапшылығы зор деген тұжырым естіртті. Ал біз, Қазақстаннан 27 адам Мәскеуге келдік, атағы жер жарған үлкен қаладан бір мезгіл дем алатын орын таба алмай, міне, нешінші тәулік көшеде сенделудеміз. Соған қарап, Мәскеуде тұрғын үй атымен жоқ деген тұжырым жасауға бола ма? Әрине, болмайды. Күллі қазақстандықтар тәулігіне 300 грамм ет жемейді деген байламның қисынсыздығы да осындай... Әлгінде сіз «РР» дәрумені шайда атымен жоқ дедіңіз. Сіз дерматологсыз, бұл мәселе жайында түйсігіңіз шамалы. Сөйте тұра бізге сөгіс жасайсыз. Ломованың бұл туралы не дегенін оқыңыз, болмаса мен өзім-ақ оқып берейін (оқиды). «С» дәрумені туралы да сіз әлгінде айдалаға лағып кетіңіз, баяндамада айтылған жайтты мүлдем ұқпағансыз...

**КЛЕМПАРСКАЯ:** Өлкелік патология институтының экспедициясы бірнеше жыл бойы 5 мыңдай кісіні тексеріп, бруцеллезбен ауырғандардың патологиясын зерттеген. Нәтижесінде осы ауыруға бейім, иә сырқаттанған адамдарды көптеп тапқан. Сондай ауыруларды жері радиациядан таза деген тексерме аудандардан да тапқан, сол жердегі сырқаттардың да қарамымен бірдей. Өкінішті жайт: зерттеу экспедициялық мақсатпен жүргендіктен бруцеллезбен ауырғандарды қайыра тексермеген, сол байғұстардың қазіргі тағдыры беймәлім қалпында қалған... Әлбетте өздері шұқшия іздеген аудандардан экспедиция радиациядан залал шеккендерді көптеп кездестірген. Радиация мөлшері 10-30 рентген шамасында болса, сол сынақ кезінде кенет өрбісе, оны инфекциялық ауыру белгісі деп, бруцеллез, иә туберкулез өршуіне жатқызу қажет. Әскери дәрігерлер, оларды жақтаушылар сол дертті уақытша құбылыс дегенге саяды.

Академик Лебединский конференцияны ашқан сөзінде ғылыми мәселенің даулы жақтарын талқылауда осы атырапты ежелден мекендеген мыңдаған адам-

*ның бүгінгі тағдырын естен шығармауға кеңес берді. Мен де осы кеңеске бас иемін, сондықтан да Дала халқының 70 пайызы бруцеллезбен ауырады деген дерекке жаным түршігіп, мұңая қараймын. Бұл енді атомті айтар сөз емес, бар даусыңмен айқай салатын кесепат! Сырқаттың соншама өршіген себебі тұрмыстың жүдеулігі, иә Орталық Қазақстанның ауасы мен жер жағдайының қолайсыздығынан емес деген түйінге зерттеушілер қарсы шығып, өздерінің пікірін ашық айтты. Гәп, сөйтсек, далалықтар асқа қолданатын малда көрінеді. Солардың дені ауыру десті. Сол шындықты өкілеттігі жоғары мамандар мойындағысы келмейді. Бізде, құдайға шүкір, эпидемиологиялық, иммунологиялық қызмет жақсы дамыған. Демек квалификациясы өте жоғары мамандар сол қатерді неге көрмеген? Түсініксіз көрсоқырлық...*

Үш күнге созылған жиында қазақстандық зерттеушілер талқыға ұсынған ғылыми есептеріне мәскеуліктер тарапынан ашы да, тұшы да пікірлер айтылғанын конференция хаттамасының әр жерінен суырған үзінділерден оқырман қауым айқын аңдаған болар деген ойдамын. Шынтуайтын айтқанда, бұл үлкенді-кішілі ғылыми жиындарға тән жайт: зерттеуші көп жылдық еңбегін, сол жолда көргені мен білгенін, ойына түйгенін сол ілімнің білгірлерінің талқысына салады; олар да бұл салада қаражаяу еместігін көрсетіп, кейде өзін таныту үшін де тіл безеп, талқыға түскен баяндамалардың сонылығын, жаңалығын мадақтап, иә түкке тұрмайтындығын әшкерелеп сындарлы ойлар айтады. Байқауымызша, мәскеулік Биофизика институтындағы конференция сондай талқылардың бірегейі. Ең бастысы, қазақстандық радиологтар төрт жыл бойы тынымсыз зерттеу жүргізіп, Қазақ даласында кенеттен өрбіген бейтаныс індеттің табиғатын ашты, сол ахуалды залалсыздандыратын амал жасалмаса – қатер ерекше өршіп, полигон аймағындағы халық бұдан да зор нәубетке ұшырайтынын мәскеулік әріптестеріне ашына әйгіледі. Кенес Одағының айбарлы астанасында бас косудың түп себебі де осы...

Конференцияны профессор А.В. Лебединский қорытыпты. Айтуынша, үш күнге созылған алқалы мәжілісте радиология ілімі үшін жұмбақ болып келген көптеген жайттардың бет пердесі түрілген. Қазақстандық ғалымдар өз ынталарымен бастаған жұмысты төрт жылда тынбай жүргізіп, таңғаларлық мол көлемді зерттеу жасап, көптеген күрделі мәселелерді анықтаған. Сондықтан да талқыға ұсынған баяндамалар мәскеулік биофизиктер тарапынан қызу айтыс, қолдау туғызды. Бұл болса республикадағы әріптестеріміздің ғылыми деңгейі өте жоғары екенін көрсетті, кейбір зерттеулерімен олар әлемдік радиология ілімнің алдыңғы шебіне іліккенін айқындады. Ал, кемшілік ретінде айтар мәнді гәп – зерттеушілік пен клиникалық емдеу деңгейі бірдей емес, әсіресе біздің Қазақстанда мәз емес...

Қорытынды сөзінде академик ғалым қазақстандық және одақтық зерттеушілердің (демек, әскери медиктердің де) атомдық сынақтардан кейін сол төңіректе радиациялық сәуле залалынан адамдар опат болғанына, ауыр жағдай қалыптасқанына бірде-бір айғақ келтірмеді, демек, ондай оқиға бол-

маған деген тосын ойды қадала айтыпты. *«Олай болса полигон ел мен жерді бұлдірді деген қауесетке сенуге бола ма?.. – Осы сауалды мәртебесі жоғары академик залдағы жұртқа қарата айтып, жауабын да өзі беріпті. – Рас, Долон мен Саржалда радиациямен зақымдану болғанын Атшабаров, Балмұханов және басқалар өз сөздерінде баса айтты. Бірақ, соның бәрі өткінші процесс. Ең шатағы, сол жайында ешқандай ресми құжат жоқ. (...) Сондай-ақ өздері ойлап тапқан ауыру «Қайнар құпиясының» (одақтық академиктің «Қайнар синдромы» деген атауды қасақана өзгертіп атауы – тегін емес, сол терминді қабылдамағанын көрсетеді – М. С.) жұмбақ жайттары өте көп. Рас, сол мекеннің дертті ахуалы адам шошырлық. Алайда, сонда тұратын адамдардың қанына тараған радиация бөлшектері аса айқын емес. Бәлкім осы мекен тұрғындарының жаппай ауыратын себебі – радиация, иә атом дүмпуі емес, жер жағдайының, таулы өңірдің бізге беймәлім құпиясы болуы да ықтимал. Сондықтан да мен оны «Қайнар синдромы» емес, «Қайнар жұмбағы» деуге пейілмін...».*

Биофизика ілімінде айтарлықтай беделі де, айтары да бар академиктің қортынды сөзінде осындай жұмбақ жайттарды көбірек айтып әрі бұлдырата сөйлеуі тегін емес, өйтуінің себебі конференцияны жабар сәтте мәлім болыпты: институт директоры үш күндік ғылыми жиын туралы ешқандай қаулы-қарар қабылдамауды ұсынған...

Таңғаларлық осы ұсынысты естігенде қазақстандық ғалым А.Т. Алданазаров: «Қандайда жиын қабылданған қарарымен мәнді. Неге біз осынау үлкен конференцияны қарарсыз аяқтаймыз?» – деп наразылық білдіріпті.

Сол сұрауға академик В.И. Правецкий жауап берген.

«Осы жиынға еліміздің аса көрнекті ғалымдары катысып, пікір айтты. (...)

Мен әлгінде есімдерін атаған ғалымдар биология, радиологиялық медицина және ауылшаруашылығы ғылымдарына айтарлықтай үлес қосқан аса білікті мамандар. Осы жолдастар алматылық патологтардың баяндамаларымен мұқият танысып, өз пікірлерін ресми сарапшы ретінде жазбаша беруге келісті. Сөйту үшін бірнеше ай уақыт керек. Бүгінгі жиынның қорытындысы да сол сарапшылардың пікірі бойынша жазылуға тиіс. Демек, мұндай мәнді жиынның ғылыми қорытындысын бірер сағатта атөтті мәлімдеуге болмайды...»

Қаулы қабылдауды кейінге ысырған қитұрқы амалға алматылық ғалымдар келіспей, іле-шала өре наразылық білдіреді.

Сол наразылыққа генерал-лейтенант А.И. Бурназян түсінік берген: *«Алматылық жолдастар бекерге таласпаңыздар, мәселенің шынайы себебін жария етемін. Міне, конференцияның ғылыми қортындысы менің қолымда тұр... Алайда, осында жазылған түйіні шатақ ойлар кейбір жолдастарға ұнаған жоқ, наразылық білдірді. Мысалы, профессор К.К. Аглинцев кейбір аудандардың жері радиациямен көп зақымдалды, бертінде анықталды деген мөлшерді өзгертіп, соның орнына әскери мамандар көрсеткен шаманы қаулыға жазуды ұсынды. Арнайы актімен бекіген сол құжатқа Б.А. Атшабаров жолдас үзілді-кесілді қарсы екенін мәлімдеді. Не істейміз деген сұрау тағы да алдымыздан шықты. Ақырында біз өзара ақылдасып, кешелі-бүгінде тыңдалған баяндамаларды Правецкий жолдас әл-*

гінде есімдерін атаған білікті ғалымдарға берейік, олар соған ресми сараптама жасасын деген уәжге тоқтадық. Сол жолдастардың пікірлерін Алматыға жолдаймыз. Алматылық жолдастар оны қабылдай ма, әлде келіспей ме? Бұл енді әрбір зерттеуші ғалымның еркіндегі шаруа...»

Қысқасы, ғылыми қауым ынтыға күткен қаулы қабылданбаған. Ал, уақыт ауызша айтылған уәдеге емес, қағазға сенетін заман. Қаулы болмаған соң сарапшылардың «анау жоқ, мына жайт ескерілмеген» деп сынықтан сылтау іздеген қитұрқы ескертпелері жолды болып, ғылыми көпшілік өзара жә дескен көкейкесті мәселелер «күпиялық» таңбасымен жеті құлыптың астына түскен. Нәтижесінде күллі халық күткен тексеру нәтижесі «ұмытылып», отыз жыл бойы шойын сейфтерде сақталған. Демек, ауыру казакстандыктарды емдеу шаралары да қасакана ұмыт болған...

Бұл да шектеусіз әлімжеттіктің, біз не десек – сол болады деген шексіз зұлымдықтың асқынған түрі. Қазакстандык дәрігерлер радиациямен зақымданған аймақтың шекарасын анықталды. ауыру жайлаған авдандардың төзгісіз жағдайын нақты көрсетті. білім-танымы жеткенше сол ахвалды ғылыми айғақтармен саралады. Мәскеулік әрптестері соны мойындалды. бастарын шайқап, зор еңбек жасапсыздар. радиология ілімі мәнді жаналықтармен байыды... дей отырып, әскери медиктердің. Бурназян сияқты шарлатан генералдың «Әй, байқандар!» деген әкіреңінен аса алмаған. Мәскеулік биофизиктер казакстандык әрптестерінің тын зерттеуін ресми қарармен нақтылап, радиология ғылымының мүддесі үшін де соны одан әрі өрістетудің алғышартын анықтағаны жөн еді. Полигон төңірегіндегі мыңдаған шерменделерді радиация азабынан құтқарудың да жөн-жобасын нақтылап, сол істі үкіметке ұсыну рухани ділгерлік болатын. Амал қанша, сол жайт та, алқалы жиын үстінде туған өзге шаралар да сайып келгенде әншейін сөзге айналды. Атомдық сынақтарды тоқтатып, ең болмағанда жиілігін азайту жайындағы ұсыныстар да қолдау тапқан жоқ. Соны жасаушылар – мәскеулік «білгірлер», атак пен мадаққа шаш етекпен ие академик ғалымдар мақұлдау қайда, қарадай шошып, үкіметке жиын атынан ұсыныс жолдауға да наразылық білдірген. Анығында сол шіркіндер аузы ғана емес, ойы да байлаулы екенін аңғартты. Ақыр аяғында айтулы ғұламалар әкіреңі мықты генерал-министрдің «Әй, байқандар!» деген дөрекі бопсасынан аса алмағаны – сол күннің масқара шындығы...

Қазакстандык патология институтының жүзден аса маманы төрт жыл бойы қиыр даланы кезіп, тырнақтап-тірнектеп жасаған зерттеуін жинақтап, айбынды астанаға үміт артып, 27 ғылым иелерінен құралған үлкен топ болып Мәскеуге барғанда, сол еңбектеріне жарты бет қаулы-қарар ала алмай, Алматыға нәумез қайтқанын түсіндіру үшін жоғарыда есімдері аталған «ұлылардың» өздеріне көрсеткен теперішіне тап болып, 60-жылдардың Дон-Кихоты болғанын салғастыра нұсқап отырмын. Егер олар шынайы ғылым иесі болса көзге түртіп тұрған радиация зардабын өздері тартқандай жанашырлықпен қабылдап, зардап шеккен Дала халқына қандайда бір көмек жасауға тырысар еді, амал не, ондай батылдар ғылымның бұл саласында болмаған. Николай

Вавилов сияқты білгірдің басы жойылған соң сол жарықтықты ауыстыратын тұлға биология ілімінде қалмаған. Соның зардабын ақырында біздің соры бес батпан халық тартты демеске шарамыз жоқ...

«Бізді қыруар еңбекке рухтандырған себеп туған халқымыз тап болған ауыр жағдаят еді. Соны көре-біле тұрып үнсіз қалуға дәтіміз жетпеді. Бірнеше қазақ аудандарының тұрғындары радиация күлінің астында тұншығып отырғанда түк білмегенсің үнсіз отыру – азаматтық және дәрігерлік міндет-парызымызбен сыйыспайтын әлсіздік, қарақан басымызды сақтаудың амалы болмасын деген ізгі ой осы істі бастауға жетеледі... – Туған әкесінің тоқсан жастың өріне көтерілген кездегі жүрекжарды лебізін Айдар Бақияұлы «Казахстанская правда» газетінде бертінде жарияланған «Белсенді ізгіліктің үлгісі» деп атаған естелігінде мәлімдеген. – Мәскеуден біз бір жайтқа тәнті болып қайтық: тұл мақсатымызға нақты жетпесек те әскери полигон жер-суымызды, сол төңіректе тұратын халқымызды ауыр сырқатқа душар еткенін үлкен астананың ғылыми қауымы білді, кейбірі бізбен бірге жүріп, хал-қадерінше көмектесті. Әскери-өндіріс кешенінің езуі кере қарыс басшылары бұрынғыдай ойына келгенін шектеусіз істей алмайды, әрбір қадамына, жарылыстан кейінгі қаракетіне сақтықпен қарайтын болады, бұл да – біздің басты жеңісіміз дегендей нық сеніммен оралдық, балам. Қалай десек те бүгінде кеуде керін сөз етер мадақ шындық: медицина ілімінің мәскеулік білгірлері, әсіресе радиологтар мен биофизиктер қазақстандық әріптестері ұсынған көлемі толымды 12 том сорақы айғақтарға шошына қарап, Семей облысында және соған ұрымтал аудандарда бұған дейін байқалмаған ауыру түрлерінің өршігенін білді...»

Күштілер әрқашанда үстемдік жасайтыны – өмір заңы. Отан қорғанысын бетке ұстап, атомдық қаруды ел қауіпсіздігінің кепілі ретінде үлкен шокпарға айналдырып отырғанда сол күш әрдайым әсерлі болмақ. Әскери-өндірістік кешеннің бірбеткей бастықтарының өктем пиғылына құлақ ассаңыз, АҚШ империалистерін ауыздықтаудың бірден-бір амалы осы – ядролық қаруды ба-рынша күшейту және жиірек сынау...

<sup>1</sup> 1952 жылдан есептегенде Б.А. Атшабаров Өлкелік патология институтына 32 жыл бойы директор болып табан аудармай еңбек еткен. 1961 жылы ол Қазақ КСР-на еңбегі сіңген дәрігер атағына иеленген, Әскери полигонмен текетіреске жұмсалған төрт-бес жыл өзінің негізгі ғылыми еңбегін аяқтауға кедергі жасағандықтан докторлық диссертациясын ол 1967 жылы ғана қорғап, екі жылдан кейін профессор, бертінде Қазақ КСР ҒА-на корреспондент-мүше болып сайланған. Осы жылдарда ол 200-ден астам ғылыми еңбек жариялаған. Оның 11-і монография, 7 ғылыми жаңалығына авторлық куәлік алған. Майдангерлік марапаттарына қосымша Еңбек Қызыл ту, «Қазан төңкерісі» ордендерінің иегері атанған.

Амал не, замандастары 2012 жылы жарық көрген «Біртуар, асыл ағамыз Бақия Атшабаров» кітабында жарияланған кейбір естеліктерде (профессор Б.Н. Айтбембет, академик Т.Ш. Шарманов және т.б.). Өлкелік патология ілімінің негізін қалаушы, дербес мектепке ие ғалымның 1985 жылы зейнетке өз еркінсіз шығуына республикадағы Денсаулық сақтау ісінің билігін иеленген профессор, академик М. Әлиевтің министр болып

тағайындалуы себеп болған. Десек те өзіне жас кезінен мұрат еткен өмірлік мұратынан дәрігер ғалым тоқсан жастың өріне жеткенше айнымаған. Сол жолда бала-шағасына, шәкірттеріне мұра еткен басты ісі – туған халқы душар болған радиация залалын зерттеуді 1957 жылы өз ынтасымен бастап, көздеген жеріне жеткізгені, жанды жаранын аузын тырнап, үкімет шенеуніктерінің зығырданын қайнатып, ел тарихында сақталар еңбегі, ғылым шежіресіне де алтын әріптермен жазылар ерлігі де осы!..

«Аманат» газетінің тілшісі Б. Исабаевпен 1990 жылғы сұхбаттан:

**АТШАБАРОВ:** *Қаныш Имантайұлы 1961 жылы бізді төралқа мәжілісіне шақырып, экспедицияның бірнеше жылға созылған зерттеуін қортындылады. Сол күні ол бізге: «Экспедиция зерттеуі өте-өте мәнді және аса ділгер мәселелерді ғылыми анықтады. Бүгінде біз радиациямен ластанған аймақтарды нақты білеміз... – дей келіп, ол кісі біз сірәда ойламаған ғажап жайтты естіртті. – Сөйтсек, ядролық бомбаларды ауада, суда және жер бетінде сынамауға жарияланған халықаралық келісімге келуге біз жүргізген кешенді зерттеулердің пайдасы тиіпті. Әскерилер де өздері тежеусіз жүргізген ядролық сынақтардың жер-жаһанды жәнсіз зақымдау екенін, әрбір жарылыстың залалсыз отпейтінін түсінді...» – деген тұжырым айтты.*

*Шындығында біз «Еліміздің әскери-қорғаныс қабілетін еселеп арттыратын бірден-бір күш» атанған алып жартасқа тірелгенімізді сезіп, сол мәселені одан әрі зерттеуге дәрменіміз жоқтығын біліп, қаһа болып, талай жылғы ауыр еңбегімізден не шықты, соның бәрі құпия мұрағат атанып, құлыпқа түсті деп іштей налып жүргенімізде, академия президентінің ғылым иелеріне рақмет айтқан, халық қамы үшін үлкен шаруа бітіргенімізді мәлімдеген қорытынды сөзі бізді ғылыми тың ізденістерге жігерлендірді. Біздің экспедиция халқымыздың жан жарасын әйгілеп, ел ішінде қаулаған дерттің жай-жапсарын білуге жол ашты. Рас, дертті жерлестерімізді ажалдан құтқара алмадық. Бұл да өксігі басылмайтын ауыр өкініш, амал не?!..».*

**ЕСКЕРТУ:** Бақия Атшабарұлы бастап, Қаныш Сәтбаев дүлдүл барынша қолдаған, Семей алқабын төтенше экспедиция жасақтап қауырт зерттеу, сол ізденісте әйгілі болған сорақы айғақтар, сайып келгенде Кеңес үкіметінің 1963 жылы АҚШ-пен келісімге келіп, ядролық қаруларды ауада, жер бетінде және теңіз айдынында сынамауға жасаған Келісімге иліктірген! Бұл болса ядролық қаруға деген бұрынғы теріс-қағыс көзқарасты түбірімен өзгерткен ынтымақ болатын. Кім-кім, сол істі 1957 жылы бастауға дәнекер болған тау тұлғалы төрт арысымыздың есімдерін тағы бір мәрте қайталаймын: олар – М.О. ӘУЕЗОВ, Қ.И. СӘТБАЕВ, С.Р. ҚАРЫНБАЕВ және Б.А. АТШАБАРОВ...





ЖЕТІНШІ ТАРАУ

# МҰХАМЕДҒАЛИ СУЖИКОВ НЕ ҮШШ ҚУДАЛАНДЫ?



Саясаткерлерді сөзінен төрі атқарған ісіне қарай бағалау өзгермейтін қағида. Олардың аузынан шыққан әрбір нұсқау нақты әрекетпен бекуге тиіс. Өйтпейінше саясаткер жоқ, мансабынан айрылған күні өзі де, сөзі де ұмыт болады. Әріге бармай-ақ кеше ғана тарих еңшісіне көшкен XX ғасырда адамзат қауымы Ленинді, Сталинді, Рузвельтті, Черчилльді, Гандиді, Мао Цзедунді, де Голлді білді. Жүздеген миллион халық соларды тірі кезінде дара көшбасшы, ақыл-ойы зор кеменгер деп таныды. Ал, есімдері ел жадында сақталып, еңбектері тарих бетінен өшпегені қайсы? Көп дегенде екеу, иә үшеуі ғана. Әлбетте солар атқарған ісімен танылған әлемдік тұлғалар...

Жә, талғам деңгейін бірнеше есе төмендетіп, республиканы, облыстарды басқарған кішірек тұлғаларға түсейік. Ертiс жағалауындағы орасан зор аймақты әскерилерге қарсылықсыз «сый» еткен Қазақстанның 1947 жылғы қос басшысы Ж. Шаяхметов пен Н. Ондасыновтың сол жердегі тұрғын халықты қайтеміз деуге қауқары болмады. Анығында солардан ешкім де рұқсат



сұрамаған. Ертістің сол жағалауындағы ұланғайыр аймақты ядролық полигонға берерде Л.П. Берияның аузына карап, түкірігін жұтуға даяр тұрған Семей облысының қос басшысының: «Тағы не бұйырасыз?» – деп мүләйімсіген дәрменсіздігі оқырманға мәлім. Абыралы ауданын сол үрдіспен таратқан Т. Қойшыбаев пен М. Хасеновтің әкірен қылықтары жүрек айнытар жиіркенішке толы. Жә, олардан кейінгі облыс басшылары не бітірген?

Семен Михайлович Новиков Семей обкомына бірінші секретарь болып, тың игеру кезінде Украинадан келген. Соғыс жылдарында партизан қозғалысының комиссарлары санатында болған, өмір мен өлімнің не екенін білетін, яки от кешкен майдангер. Обкомның екінші секретары И.Е. Березин Мәскеудегі жоғары партия мектебінен саяси дайындықтан өткен білімпаз. Яғни екеуі де осал қайраткерлер емес. Семен Михайлович облыс орталығына таяу жерде әскерилердің «Мәскеу-400» атанған жабық қаласы барын, атом бомбасын сынаушы мамандар тұратынын әлбетте білген. Өйткені, кезекті сынақ болғанын обкомның немесе өзі тұратын үйдің терезе шынысының күл-талқаны шығып, жер-көк жан біткендей солқылдап жатқанда, кім-кім, обком секретары ештеңе естімедім, көрмедім деп сірәда айта алмайды. Облыс басшысы өкілетімен ол полигон басшыларын кабинетіне шақырып: «Ау, жолдастар, бұларын не?» – дудің орнына әрдайым іштен тынып, екінші қабаттағы кең кабинетінде түк білмегенсін тыныш отырған. Әлбетте ол Ертіс жағасында қалыптасқан экологиялық қатерлі ахуалды түзете алмайтынын да білген. Қантөгіс соғысты басынан өткерген кәнігі майдангер бейбіт күндегі әлей тарсылдан қашығырақ болуды жөн көріп, ауасы таза Ақмола облысына жылыстап кеткені де, сірә, содан?..

Жә, қайғы-шер торлаған Семей елінің шерлі тағдырына оралайық. Биік мансап тілеушілерге «уақытша аялдама» болған көтерем халдегі сормандай облыстың партия комитетінің бірінші секретары 1940-1960 жылдарда 6 рет ауысқан: Боголюбов Николай Семенович (03.1940 – 1942), Анастасьев Харитон Лазаревич (1942 – 1943), Гарагаш Александр Дементьевич (1943 – 1953), Қойшыбаев Танаш (05.1953 – 04.1955), Новиков Семен Михайлович (сәуір, 1955 – наурыз, 1958), Сужиков Мұхамедғали Әленұлы (13.03.1958 – 03.09. 1960)...

Мұхамедғали Әленұлы Сужиков (Шұжыков) Астрахань облысына қарасты Володар ауданының қазағы (Бір кезде біздің ұлттың атақонысы болған осы өңірді 100 мыңнан астам қандастарымыз ертеден жайлаған, сол жұрттың ұрпақтары қазір де сонда тұрады). Шұжық отағасының арғы-бергі буыны сол өңірдегі барлық қазақтар сияқты балық аулап, қолындағы азын-аулақ мал сүмесімен күнкөріс жасаған. Мұхамедғали болса орысша оқытатын орта мектепті тәмамдаған соң Астрахань қаласындағы педагогикалық екі жылдық курсқа түсіп, соны бітіргеннен кейін он жылға таяу уақыт туған ауданындағы оқу ұясында, соңынан жұмысшы жастар мектебінде ұстаздық еткен.

Мұхамедғали Әленұлы БКП(б) қатарына 1932 жылы 22 жасында қабылданған. Володар аупарткомының 1938 жылғы партконференциясына бастауыш партия ұйымынан делегат болып қатысқан. Осы оқиға қарапайым мұғалімнің ел басқаруға көтерілуіне жол ашқан: жергілікті ОГПУ конференция басталған күні ауданның бірінші секретары

Степановты, ауатком төрағасы Мейрманов және бюро мүшелерін түгел тұтқындаған; тағылған кінә – кеңес үкіметіне қаскүнемдік әрекет... Сталинградтан (Астрахань округы сол облысқа қараған) арнайы келген өкілдің: «Не істеймін? Аудан басшысыз қалды?...» деген ақпарына облыстағылар: «Володарға жіберетін кадр бізде жоқ. Бюро мүшелерімен ақылдасып өзін таңда...» деген жеделхат жолдаған. Өкілдің таңдауы – орысша сауатты, тақыр кедей, қарапайым балықшы Әленнің 28 жасар ұлы Мұхамедғали Сужиковке түсіп, жергілікті ауаткомға сол жиында төраға болып сайланған.

Сол міндетті ол 1943 жылға дейін атқарған. Одан соң осы аудандағы БКП(б) округтік комитетінің секретары, 1944-45 жылдары Астрахань обкомының мал шаруашылығын басқаратын хатшысының орынбасары болып еңбек етін, партиялық жұмыстың бүге-шігесін игерген. 1946-48 жылдары БКП(б) ОК жанындағы Жоғары партия мектебінде тыңдаушы болып, саяси білімін көтерген. Сол кезде Қазақстан КП(б) ОК-нің бірінші секретары Ж. Шаяхметовтің назарына іліккен. Мәскеудегі оқуын тәмамдайтын жылы М. Сужиковті БКП(б) ОК-нің секретарьлары Г.М. Маленков пен М.А. Суслов шақырып: «Шаяхметовтің өтініші бойынша сіз Қазақстан КП(б) ОК-нің қарамағына барасыз...» – деген-мыс.

Мұхамедғали Әленұлы сол жылы Ақтөбе обкомының кадр мәселесін қадағалайтын секретары міндетін атқаруға кіріскен. Жаңа секретарь бірде Қарабұтақ ауданына тап болады. Аудан колхоздары қырмандағы астықты бір дән қалдырмай мемлекетке өткізіп, колхоз малынан тышқак лақ союға қақылары болмай, аштықтан ісініп-қабынып отырғанын көрген секретарь Ақтөбеге келген соң облыстық комитеттің бірінші хатшысы Е.Б. Тайбековке: «Аудан халқы жаппай аш. Шұғыл шара қолданбасак – 1932 жылғы қыр елін қаусатқан трагедияны қайталаймыз. Мәскеуге, Сталин жолдасқа жеделхат жолдау керек!..» – дейді. Елубай Бәзімұлы сөйтуге батылы жетпей, төтенше жайтты Алматыға хабарламақ болады. Сужиков: «Міне, шифровка, қол қоймасаныз, өзімнің атымнан жіберемін» – деп мәселені шорт кеседі. Ақыры, бюро мүшелері бас қосып, Қарабұтақ қана емес, басқа аудандардың да жағдайы мүшкіл екенін Мәскеуге хабарлауға қол көтереді. Мәскеу де төтенше ақпарға түсінікпен қарап, мәселені жедел шешіпті: колхозшылардың еңбеккүнге тиесілі астығын мемлекеттік қордан алуға рұқсат беріліп, жүдеп-жадаған жұрт аш озегін басар қорекке кенеледі. Жаңа секретарьдың халық тағдырына жаны ашитын қылығы, әсіресе жалтаңбайы жоқ алғырлығы жұрт көңілінен шығып, ол туралы: «Міне, ел қамын ойлайтын азамат!» дегендей пікір қалыптасады. Сол оқиға Орталық Комитетте де оңды әсер туғызған. 1950 жылы ол Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып сайланады.

Мұхамедғали Әленұлының Қазақстан қауымының назарына іліккен кезі – ел зиялыларын жаппай қуғындаған атышулы 1951 жыл. «Правда» газетінің «Қазақ КСР тарихына марксизм-ленинизм тұрғысынан қарауды» талап еткен ұрдажық мақаласына жауап ретінде өрістеген саяси қуғындау ерекше қызған кезде М. Сужиков Қазақстан КП(б) ОК-не секретарь болып сайланған.

1954 жылдың басында Қазақстан КП ОК-нің бірінші және екінші секретарлары ауысып, олардың орнына П.К. Пономаренко мен Л.И. Брежнев сайланды. Әрбір басшы кадрларды өз қалауынша таңдаумен бастайтыны мәлім: мына қайраткерлер де қазақ даласына

Еуропаның күнбатыс бөлегінен мың-мындаған тың көтеруші жастармен қоса басшылық жұмысқа партия, кеңес қызметкерлерін де жүз-жүздеп тоғытқан, соған қоса республика билігіндегі кадрларды облыстарға жөнелткен.

Қызылорда облысын сол кезде билеуші бірінші секретарь мен облатком төрағасы өзара сиыспай, әрбірі өз жақтастарының мүддесін ойлаумен ел тұрмысын мүсәпір халге ұрындырғанын Мұхамедғали Әленұлына П.К. Пономаренко 1954 жылдың мамыр айында ескертіп: «Не істесең де көтерем халдегі облыстың жағдайын түзейсін. Халық тұрмысы ерекше жүдеу, мұндай кедейшілікті мен 30-жылдардан кейін ешқайдан көрген емеспін...» деген тапсырмамен билік тізгінін ұстатқан. Экономика, шаруашылық, өсіресе ауыл шаруашылығы Сужиковке ежелден таныс сала. Идеологияның жалаң үгітінен мезі болып, нақты істі сағынған партиялық функционер Сыр еліне келе-ақ білегін сыбана кірісін, осы өңірге тиімді шаруашылық салалары – күріш өсіруді, қаракөл терісін көптеп өндіруді, балықшылық кәсібін алға шығарып, облыс халқының денсаулығын жаппай тексеруді жолға қойып, қысқасы, үш-төрт жылда көнтерімді жағдайға келтірген. Мұхамедғали Әленұлының осы аймақтағы алуан жұмысы туралы естелік айтушылардың сипаттауына қарағанда, Сыр бойындағы халықтың ахуалын күрт көтеруімен ел жадында сақталған-мыс...

Қазақстан КП ОК-нің ұсынысымен М.Ә. Сужиков 1958 жылдың наурыз айында Сырдария атырабынан Ертіс жағасына келген. Шұғыл ауыстыру себебі беймәлім. Десек те өз топшылауымызды білдіреміз: Семей облысындағы экономикалық жағдайдың күрт төмендеуі, осы өңірдегі тұрғын халықтың ауыр ахуалы, әсіресе дамылсыз ядролық жарылыстар салдарынан дүйім ел денсаулығында пайда болған патологиялық өзгерістер республика басшыларын ойлантып, Қызылорда облысын көтерем халден тындырымды істерімен аз жылда сергіткен қайраткер Сужиков, сірә, Семей атырабын да сауықтырады деген ой жетекші болған; шынтуайтын айтқанда, бұл енді ауырды қоздырған себепті іздеуден гөрі зардап шеккендерді қауырт еңбекке жегіп, ас-судан тарықтырмау шарасы...

А.С. ЕРЕМЕНКО, 1979-1992 жж. Семей облысының атқару комитетінің төрағасы («Семей таңы» газеті, 31 шілде 2008 ж.):

*«Жаңа басшы облысқа келісімен шаруашылықтарда сүт, мал бордақылау кешендерін жер-жерде ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлді. Әр ауданның, әрбір шаруашылықтың ішкі мүмкіндіктерін іске қосты. Мысалы, Бесқарағай ауданының Долинский шаруашылығында үйрек фермасын ұйымдастырған – М.Ә. Сужиков. Мен сонда бас зоотехник әрі шаруашылықтың өндіріс жөніндегі орынбасары міндетін атқардым. Жұмыртқа сатып алып, мамыр айының басында 150 мың үйрек балапанын шығардық. Шаруашылықта небәрі екі жүк машинасы мен жалғыз трактор бар, әр жерден азық-түлік тасуға солар жетпей, балапандар ашыға бастады. Бармаған жерім, баспаған тауым қалмады. Есім шығып, сүлдерім құрып отырғанымда Сужиков келе қалсын. Өзі мұрындық болған істі бақылауда ұстау әдеті екен. Біздегі жағдайды көріп, бұлқан-талқан болып: «Сені партиядан шығару керек. Мынауың не?» – деп жекіді. Мен де қаймықпай: «Мені партиядан шығара алмайсыз, өйткені КПСС-ке мүше емеспін. Ал, құс фабрикасына қол ұшын беруге тиіс мекеме бастықтары, бәрі де партия мүшесі, уәдесін ұмытты. Солардан көмек сұраудан*

шаршадым. Сізге де бардым, комекшіңіз жолатпады...» – деп облыстық мекемелерге, өзіне де жазған хат көшірмесін ұсындым.

*Ертеңінде-ақ облыстық мекемелер мен басқармалардың бастықтары фермаға келіп, бізге қажет жемді аста-төк жеткізді, іле-шала басқадай да керегіміз түгенделді. Менің қарапайым түйсігімде М.Ә. Сужиков сөзіне ісі сай басшы, ерекше сауатты, мәдениеті жоғары, ой-өрісі кең адам. Ол өзіне де, басқаларға да қатаң талап қойды, тәртіпті сүйетін қайраткер еді, ауылшаруашылығын терең біледі. Бізде ұзағырақ істегенде көп істі тындыратын еді, амал қанша, оның жолын кесуді жобалаған ұсақ адамдар дегеніне жетті....»*

Асылхан БЕКБАЕВ, зейнеткер-ұстаз, майдангер («Семей таңы», 31 шілде 2008):

*«1950-жылдардың аяқ шенінен беріде мен Семей облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып еңбек еттім. Мұхамедғали Сужиковтың бірінші хатшы болып тағайындалған кезі. Ол кісінің сөзі мергеннің оғындай нысанаға дәп тиеді, бостағай даңғазаны білмейді және екі тілде бірдей сөйлейді. Сөйте тұра қарапайым адам. Аудандарға барғанда өзіне ерекше күтім, құрмет те жасатпаған, қонақ үй болмаса машинаның ішінде түнеген. Мұхаң жаңалыққа құмар, бастамашыл қайраткер. Аудан басшыларына қатаң талап қойды. Аупартком қаулыларын мүлтіксіз орындалуын жиі тексереді. Кейбір шаласауатты, асығыс жазылған қағаздарды «сырой с кровью» дейтін... Кімнің болсын кемшілігін көзіне айтқаны босбелбеу, кінәмшіл жандарға ұнамады. Жағдайларының солқылдақ екенін білген соң-ақ, әсіресе келімсек бастықтар қолайлы жағдайды күтті. Сужиковты қызметтен босатқан күні солар бет-жүзін бірден көрсетті. Бәрі-бәрінің айтқаны: өте қатал, уақытқа сай емес талаптар қояды, барлық мәселелерді бір өзі шешті деген сипатта сындар айтты...»*

М.Ә. Сужиковтың Семей облысында жедеғабыл жүзеге асырған игі істерінің бірі, Асылхан Бекбаев ақсақалдың айтуынша, Павлодар облысына қарайтын Бесқарағай ауданын (Асекеннің өзі де осы ауданның тумасы) Семей облысына қосып алуы. Бұл мәселе бұрын да сан мәрте сөз болған. Аудан орталығы Борас селосы (беріде Үлкен Владимировка) Семейден небәрі 70 шақырым жерде. Ауданның барлық шаруашылықтары да қашық емес. Оқығысы келген бесқарағайлық жеткіншектер қашықтағы Павлодардан гөрі о кезде орталау оқу орны мол және бірнеше институты бар Семейде білім алуға ынталы. Қысқасы, көп жылға созылған мәселенің жедеғабыл шешілгені сонша, Павлодар облысының басшылары Жоғарғы Кеңестің жарлығы 1959 жылы жарияланғанда бір-ақ білген. Мұхамедғали Әленұлының осы әрекетті шұғыл қаузауының себебі – аудан жылына 10 миллион пұт астық беретін қуатқа ие. Ал, Семей облысы егістікке жарамды жері шағын болғандықтан 49 миллион пұт астықты әрең тапсырады. Осы ауданның екінші ерекшелігі – құрылыстық ағашқа бай бес орманы болған. Бесқарағай атануы да содан. Экономикалық есеп-қисапқа жүйрік Сужиков, сірә, осы жағдаяттарды кәперінде ұстаған...

Семейге мен 1959 жылдың тамыз айында келіп, Семей цемент зауытының механикалық жөндеу цехына мастер болып орналастым. «Құрылыс наны» аталған цемент імін миллион тонналап шығаруға тиіс алып зауыттың іске қосылғанына сол күзде 3-ақ жыл болған. Негізгі шикізат әктасын зауыт 80 шақырым жердегі Суықбұлақ бөтенінен темір жолмен тасиды. Оны 1500 градуста өртейтін қызуы күшті көмірді қиырғы Кузнецкіден алады. Цемент өндіруге қажет мол су ғана Ертіс арнасынан тартылған рбамен келеді. Осы үшеуі тоқтаусыз жеткізіліп тұрса — жылына біржарым миллионнан сапалы цемент ұнтағын беруге жобаланған зауыт Қазақстандағы ең алып, ал Одақ бойынша жұмыс істейтін 80 шамалы өндірістердің алдыңғы легінде болуға тиіс. Аманша, екінші жылы да жана өндіріс жоспар орындамайтын дәрменсіздікке тап болды. Біржарым мыңдай жұмыскері, жүз қаралы инженер-техниктері бар зауыттың тоқтауы тілеп, мемлекетке берешегі айдан айға көбейді. Цемент болса о кезде ерекше дүлгер материал. Біз шығаратын БТЦ (быстротвердеющий цемент) маркасын іргедегі әскери полигон өте көп алады. Көбіне әктасын тасу кешігеді, кейде ат басындай кесек тас түрінде әнелтіліп, оны вагоннан түсіру де, транспортер лентасымен диірменге жеткізуде қиын-айды. Іргедегі Шағыл бұйратынан тасылатын созылмалы саз да үзіліспен әкелінеді. Үш шақырым жердегі Ертіс суын зауыт қазандарына айдау да мардымды емес. Қысқасы, бір уақытты екінші оқалық тежеген үзілістер көп. Зауыт дирекциясының жергілікті жұмысшыларды көбірек қабылдауы, олардың технологиясы күрделі, ауыр өндірістің кілтипанды жеткілікті білмеуі де — жиі тоқтауға себеп...

Бірде қалалық партия комитетінің нұсқаушылары жедеғабыл келіп, зауыт жұмысшыларын күйдіру цехының алдындағы алаңға жинады. Автомеханикалық цехынан жүк машинасын ортаға қойып, еденіне кілем жауып, қорапты қыл матамен орап мінбе дайындады. Сөйтсек, обкомның бірінші хатшысының келуімен митинг өтпек екен. Күндізгі сағат төрт шамасында, күндізгі ауылдың жұмысты аяқтап, кешкіге өткізетін кезі, әлгі алаңға төрт-бес жүздей кісі жиналды. Зауыт директоры А.П. Рябченко бастаған бір топ адам жүк машинасының үстіне көтеріліп, партия ұйымының хатшысы сөзді М. Сужиков берді.

Сол күні мен Мұхамедғали Әленұлын тұңғыш және соңғы рет көрдім. Өндіріс түтінін «иіскеуге келген» алғашқы жылым, өндіріс қана емес, өмірдің ауалы-төкпелі кілтипандарын кітаби түйсікпен қабылдап, әрнеге қызыға қайттын әуесқойлықтан да құралақан емеспін. Өмірімде тұңғыш көрген облыс хатшысына ынтыға қарап, әр сөзін қызыға тыңдауым да содан...

Мені ерекше тандандырған гәп — хатшының ешқандай қағазсыз сөйлеуі. Екінші, орысшасы митингіні жүргізуші қалалық партия комитетінің бірінші секретары И.Г. Запорожцевтен әлдеқайда орамды және ұғынықты. Үшінші, білгенім — зауыттың тіршілік-тынысын бізбен бірге жүргендей терең біліп, оспардың ақсау себебін, кемшіліктерді түре ашуы. Төртінші ерекшелік, бұл әркімді хатшының өмір көргендігі және әрбір іске мемлекеттік тұрғыдан қазу машығы болса керек, зауыт жұмысын экономикалық тұрғыдан так-тұқ қарастыруы...

— Жолдас Рябченко, сіз, екінші жылға айналды, құрал-жабдығы жаңа, ақ гидротехнологияға жобаланған үлкен зауытты қалыпты жүргізе ал-

май дәрменсіздік танытып отырсыз. Биылғы тоғыз айдың бірде-бірінде зауыт жоспарды орындаған жоқ. Неге? Ең алдымен сіздерге мол шикізат керек, екінші соны күйдіретін көмір қажет, үшінші – су. Солай ма? Ал, сіз Ертіс дариясының жағасында отырып, ағыл-тегіл суды жеткізе алмай, зауыттың бірнеше мәрте тоқтауына жол бергенсіз. Суды тартатын сусорғыштар істемей қалады немесе тұрбалар жарылады. Демек, ұқыпсыздықтан өзге себеп жоқ. Ақтауға болмайтын жағдаят. Суықбұлақтағы қазаншұңқырда зауытты жүз жылға дейін шаш етекпен қамтамасыз ететін шикізат бар. Әктасын сол жерде уатуды ұйымдастырып, Семейге аста-төк жеткізе алмай отырсыз. Қысқасы, зауыт инженерлеріне, бас инженер Хохлачев жолдасқа, бәрінен де бұрын, Рябченко жолдас, сізге облыс басшысы ретінде қатаң талап қойып, биылғы мемлекеттік жоспарды орындауды қамтамасыз етеді деген сенім білдіремін. Болмаған күнде жыл аяғында қатаң шара қолданатынымды ескертемін...

Тікелей бастығым Григорий Константинович Ольшевич кексе адам еді. Кеңес Одағының бірнеше цемент зауытында қатардағы машинист, диірменші болып та еңбек етіп, цех бастығына дейін көтерілген ондірісші. Бірер жылдан кейін зейнетке шығып, Ертіс жағасынан жайлау үй салып алып, тыныш жатуды ойлап келдім дейтін-ді. Сол кексе жиын тарқап, цехқа қайтқанымызда қарауындағы мамандарға: «Мына хатшы біздің бағымызға, әлде сорымызға келген әйдік адам. Рябченкоға шүйілуі тегін емес. Демек, Андрей Петрович қу жанын күйттеп, жұмысқа сағат онда келуді қойып, басымызға әңгір таяқ орнатып, тәртіпті түзейді. Прогульшиктерге кешірім болмайды. Сондықтан, жастар, салғырт қылықты доғарындар...» – деп үстелді тықылдатты.

Шынында да солай болды. Жыл аяғында жобаланған қуатқа жетіп, Семей цементін күтушілерге дер кезінде жөнелтетін болдық.

Менің шамалауымша, М.Ә. Сужиков Семей облысының экономикасын сауықтыруға бірталай еңбек сіңіріп, қарауындағы қызметкерлерді сол істі қаузауға жұмылдырып игі істер атқарған. Әсіресе ауылшаруашылығын көтерем халден көтеру үшін жер-жерде құс фабрикаларын, мал бордақылайтын комплекстер салғызған. Цемент зауытының іргесінен жаңа құрылыс материалдары – шифер, бетон плиталарын, құрастырмалы үйлер жабдығын құятын комбинаттардың іргесі де сол жылдарда жедеғабыл бой көтерді...

...  
... \* \* \* ...

Бертінде Мұқан Төлебаевтың есімін иеленген Семей саз училищесі 1955 жылы ашылып, республикалық орта дәрежелі оқу орны аталған. Қазақстанның шығыс аймағындағы өнерге бейім жастарға музыкадан білім беріп, жер-жердегі мәдениет ошақтарына – Халық театрлары мен ән-би ұжымдарына, ауыл-селолық клубтарға кәсіби мамандар дайындау жүктелген. Осы өнер ұясын басқаруға академик Ахмет Жұбановтың ұсынысымен Алматы консерваториясын үздік тәмамдаған шәкірті, домбырашы Пернебек Момынұлы жіберілген. Еңбек жолын осы училищеде бастап, бертінде Т. Жүргенов атындағы Қазақ өнер институтының профессоры атанған маман «Қазақ музыкасының қысқаша тарихы» атты кітабында Ертіс жағасындағы ескі қалада басынан кешкен өрескел жағдаятты тәптіштеп сөз еткен...

Саз училищесі 1955-1958 жылдарға дейін қаланың орталық тұсындағы Пионерлер үйінің қуықтай 9 бөлмесіне жайғасып, тәулігіне үш ауысыммен сабақ жүргізген (Алғашқы екі жылда 45 шәкірт, үшінші жылда олардың саны 70-ке тақаған. Соларға он шақты ұстаз сабақ беріпті). Шәкірттерде жатақхана жоқ, Алматыдан шақырылған оқытушылар Семейдің тоқал үйлері жыпырлаған орамдарында пәтер жалдап тұрыпты. Семейге 1956 жылы келген жас директор осы жайтты түземек болып, облыс пен қала басшыларына мазалағанымен бірде-бірінен қолдау көрмеген. Әні-міні деген бос уәдеден ештеңе шықпағанын сезген соң-ақ оның арыз-хаттары Алматыға жолданады. 1958 жылдың бас кезі, Қазақ КСР Мәдениет министрі Ә. Қанапин телефон арқылы оған өзгеше ақпар естіртеді, сөйтсе, Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары А. Закаринмен ақылдасып, облыс басшылары қажет етпеген оқу орнын Гурьев облысы қабылдауға келісіпті. «Сен енді, жігітім, тағы бір мәрте Новиков пен Хасеновке барғын, бізді де, өзінді де кінәлі етпес үшін, облыс басшыларының жазбаша рұқсатын әкел. Сол хатта саз училищесін ұстауға ешқандай мүмкіндігіміз жоқ, Гурьевке көшіруге қарсы емеспіз... деген сөздер болсын...» – дейді.

Сенесіз бе, оқырман, мәселе Әмір Қанапияұлы болжағандай болыпты. Облыстың екі басшысы мазасыз директордан, көмейлеріне тас болып қалған саз училищесінен біржола құтылатынына қуанып, министр сұраған ресми хатты қолма-қол берінті.

Гурьев облысының, қазірде Атырау атанған аймақтың бірегей басшысы Н.Д. Оңдасынов оны бөгеусіз қабылдап: «Жігітім, саған қандай ғимарат керек, оқытушыларына қанша пәтер, шәкірттерге неше орындық жатақхана қажет? Бәрін де бүгін-ертең шешеміз. Әуелі оқу орны орналасатын ғимаратты таңда..» – деп, облаткомның орынбасары Шпаковты қосып береді. Өнерпаз жастарды саз өнеріне баулу үшін ауасы кең, дыбыс сақтауға қолайлы, аумағы мол үй керектігін ойлаған жас директор өзіне ерекше ерік берілгендігін ескерін, ескі қаланы екі тәулік аралап, ақырында «Мұнайхимпром» басқармасы иемденген екі қабатты (250 кісілік залы бар, 30-40 бөлмеге ие) еңселі ғимаратқа тоқтаған. Пәтер мен жатақхана мәселесін де ойластырып, тиісті қаулы-қарарларды дайындауға да қатысады. «Бесінші күні кешкі сағат 19-да обкомның кезектен тыс бюросы шақырылды. (...) Нұртас Дәндібайұлы сол жиында жұртты ұйыта сөйлеп: «Құрманғазыдай ұлы күйші, оның дарынды шәкірті Динаның туып-өскен еліне Семей қаласына сыймаған музучилищені келесі оқу жылына дейін Каспий жағасына көшіреміз, сол үшін тандалған ғимараттар мен тұрғын үйлерде жөндеу жұмыстарын дереу бастау қажет...» – деп, мәселені тарқата айтып, тиісті қаулы қабылданады. Келесі күні сол қарардың мөр басылған көшірмесін алып, Алматыға қайттым...» деген ақпармен аяқтапты Пернебек Момынұлы Семей-Алматы-Гурьев сапары туралы әңгімесін 2007 жылы жарық көрген кітабының кіріспе бөлімінде (42-б.)...

Дарқан өмір күтпеген бұқпа-бұрылыстарымен де қызықты. Сол жайтты Пернебек Момынұлының естелігі арқылы баяндаймын...

*«Біршама уақыт жолда болып, Семейге келгенімде келіншегім Тамара Дәулетқызы: «Сені обкомның хатшысы Мұстафин ағай күн сайын іздеп, телефон*

шалады. — деді. — Сірә, қазір де звондайды...». Сол хабарға аса елікпедім. Семейдегі басшылардың өтірік уәдесіне әбден «тойған» әрі көкейкесті шаруаны оңды шешіп келген жігітпін. Айтқандай-ақ, есімін ұмыттым, Мұстафин ағай іле телефон шалып, «Осы қазір маған келгін!..» — деді. Бардым. «Күйші директор біздегі саяси жағдай өзгерді. Новиков кетіп, оның орнына Сужиков жолдас сайланды. Музыка училищесінен айрылғанымызды айтқанымда ол кісі бұлқан-талқан ашыланып, сенің қолыңдағы ресми хаттың күшін жойды. Қазір саған қаланың әр жерінен өзім таңдаған бірнеше ғимаратты көрсетемін. Кешкі сағат 17.30-да екеуміз таңдаған ғимаратты бюро мүшелеріне ұсынамыз. Ал, кеттік...» — десін. Бірнеше үйді көріп, ақырында жаңадан тұрғызылған Цементшілер қалашығынан екі қабат ғимаратқа тоқтадық. Сол мекенжай коңіліме аса жақпады. Гурьевтегі ғимарат әлдеқайда артық. Мұстафин де: «Інім, сен қыңарайма, әзірше осыған келіс. Жатақхана мен оқытушыларына үйді де осы жерден береміз. Бәрі су жаңа пәтерлер. Училище үшін арнайы үй саламыз, оның да орнын өйластырып қойдым. Менің өндіріс пен құрылыс саласын басқаратынымды білетін шығарсың...» — деген соң, амал не, келісуге тура келді...

Сол күні бюроға бардық. Мәжіліс Сужиковтың сөзімен басталды. Ол кісіні тұңғыш көруім. Сөздің тоқетерін айтып, нұқып та, тұқыртып та сөйледі.

— Жолдастар, міне, менің қолымда Гурьев обкомының шешімі тұр. Біздегі музыка училищесін Атырауға көшіруге барлық қаражатын котеріп, республика үкіметінің рұқсатымен әкетпек. Бұл не масқара? Осы іске Новиков пен Хасенов жолдастар рұқсат етіпті. Міне, екеуінің қол қойған хаты... Мына тұрған жас жігіт жоғары білімді музыка маманы, өзі басқаратын училищеге қолайлы орын іздеп, екі жыл обком мен облаткомның есігін қағып текке сенделіпті. Солай ма, Хасенов жолдас?» дегенде, облатком төрағасы қабақ шытып: «Көшу даңғазасын көтерген де осы жігіт. Жап-жас болып өзіне даңғарадай кабинет іздеді...» — деп күңк етіп еді, Мұхамедғали Әленұлы оған түйіле қарап: «Мұха, Момыновтың орнында болсаңыз, өзіңіз қайтер едіңіз?» — дүрсе қоя бергенде, Мұқаш Хасенов жым болды. — Қысқасы, Оңдасыновтың сұрауы бойынша саз училищесі Гурьевке көшіріледі. Мен бұған қарсымын. Себебі, бұдан үш жыл бұрын семейліктердің несібесіне тиген тамаша оқу орнын қаладан көшіріп жіберсек, ұлы Абайдың туған өлкесінде өмір сүретін қазіргі ұрпақ, күні ертең дүниеге келетін онерлі орендер бізге лағнет айтады, недеген дөрекі, халықтың рухани тірлігін ойламайтын сезімнен ада, қаныпезер жандар дейді. Қысқасы, облыс орталығындағы онер ұясын қолдан шығармаймыз, Семейде сақтаймыз... — деп Мұстафин екеуміз дайындаған ұсынысымызды жайлап айтып, мәселені дауысқа салды.

Әрине, бірінші хатшының дегені — о күнде бұлжымайтын заң. Гурьевте де солай болған. Семейде де бірде-бір адам «Мен қарсымын» деген жоқ.

Күзгі оқуды біз Цементшілер қалашығындағы жаңа қонысымызда бастадық...»

\* \* \*

✦ Мұхамедғали Әленұлы іссапарда болып, обкомға ертенгілікте келгенде, кенсе терезелерінің сау-тамтығы қалмай қирағанын көріп (о кезде обком да,



облатком да Семейдің бай көпесі Плешеевтің екі қабат үйінің Кеңес заманында едеуір кеңейтілген ғимаратында болатын), жағасын ұстайды.

— Бұл не сұмдық?

— Әскери көршілеріміз кеше, ертенгілік мезгілде сынақ жасады, қала үйлерінің теріскей жақтағы терезелері түгел қирады. Біз соған көндіккен жанбыз... — дейді қызметтес серіктері.

Айтуларынша, кешегі дүмпуде көптеген үйлердің пешінен қызыл шок еденге сау етіп, орт шыға жаздаған. Ескі ғимараттарға орналасқан өндіріс орындарының терезелері түгел қираған. Кейбірінің шатырлары бүлінген. Іргесі әлсіз ескі үйлердің қабырғаларынан сызат білінген...

— Жә, сендер не істедіңдер?

— Қалалық кеңес бүлінген үйлердің шығынын есептеуде.

Осы ақпарды есік алдында естіген хатшы кабинетіне көтеріледі. Екінші хатшы И.Е. Березин әскери зонадағы штабқа қаладағы жағдайды ескертіп телефон шалғанын, трубканы көтерген кезекші полковник өзіне: «Кешке дейін екі вагон шыны мен құрылыс материалдарын жеткізіп береміз. Қажет десеңіздер, құрылыс батальонынан бүлінген үйлерді бүтіндейтін бір взвод солдаттар да жібереміз. Сіздер тек шу котермеңіздер. Сыналған «бұйым» жобадағы мөлшерден біршама артық қуат көрсетті. Әрі жел бағыты сіздерге қарай кенеттен үдеді. Соны өзіміз де білмей қалдық...» — дегенін баяндайды.

Сужиков біршама уақыт тым-тырыс отырып:

— Иван Ефимович, осынша бүлдіру жасаған сорақы оқиғаны жайбаракат мәлімдеуіңізге карағанда, әскерилердің бейбастақ тарсылына көндіккен сияқтысыз. Бұл енді төбенізден әңгір таяқ ойнату емес пе? — дейді.

— Мұхамедғали Әленович, кешіріңіз, бұл сөзді сіз әскери зонадағы нақты жағдайды білмегендіктен айтып отырсыз. Сынақ сайын сол қалашыққа Қорғаныс министрі күллі штабымен келеді. Сынақты қабылдайтын комиссияның жетекшісі — Кеңес Одағының маршалы. Ал, бомбаны дайындаушы өндірістің бастығы — Одақтың әйдік министрі әмбе КСРО үкіметі төрағасының бірінші орынбасары. Солармен бірге қаншама биік лауазым иелерінің келетінін біз білмейміз. Ғылым академиясының президенті бастаған өңксі нарқасқалар екені анық. Әлбетте бірде-біріне: «Бұл не, жолдастар? Жер-жаһанды тігіреткен дүмпудің, содан түзілген тозанның астында қашанғы тірі экспонат болып отырамыз?» — дей алмайсың. Дедің бе, сол сағаттан бастап, бұрынды-соңғылы өмір жолыңды, үрім-бұтағыңды шұқшия ақтарады. Қызметінді беріп құтылсаң тәубе дейсіз, партбилетті де қоса тапсыруға тура келетініне шүбә келтірмеңіз. Солай, жолдас Сужиков. Сенесіз бе, бізде ешқандай құқық жоқ. Әскери зонаға бір қадам жақындап бара алмаймыз. Ал, сіз, штаб өкілімен неге сыпайы сөйлестің дейсіз. Ренжуіңіз дұрыс, алайда, мен сыпайы сөйлесіп, мазасыз көршілерден екі вагон материалды тегін алдым. Тәубе демеске шараң қанша?!.. — деп Березин ағынан жарыла түсінік айтады.

Сужиков басын шайқағанымен партиялық серігіне сіздің айтып отырғаныңыз ежелгі тоғышардың пәлсафасы демеген. Жер көлемі жөнінен Еуропа-

нын комакты мемлекетіне тең, тарихы да қордалы үлкен облыстың бірінші басшысымын деген өктем көңілі демде басылып, жыртық тымағын баспанасының босағасына іліп қойып, «Аяз би әлінді, құмырысқа жолыңды біл» дерлік кіріптар жағдайда екенін, ойына келгенді істеуші полигон бастықтарына «тарсылды азайтындар» деуге шама-шаркы жоғын түсінген. Жә, сонда, қақым жоқ, аузым буулы деп, жан тыныштығын қаузап тыныш отыра ма? Өйтер болса ел басқардым, халқым қама үшін атқа міндім дегенің әншейін іске айналады...

Облыстық денсаулық сақтау бөлімінен алғызған Семей тұрғындарының атомдық сынақтардан көрген залалы туралы анықтаманы бірінші хатшы бірнеше мәрте оқиды. Сол анықтамада қошеде келе жатып, иә үйінде отырып, әртүрлі дене жаракатын алғандар немесе қан қысымы көтеріліп, басы айналып, кенет көтерілген құйын әсерінен ауа жетпей тұншыққан адамдардың емханаға келгендер саны, «Жедел жәрдем» каретасын шақырғандардың да жүз шамалы тізбесі нақты көрсетілген. Кешелі-бүгінде солардың қарама өткен аптадағы шақырулардан бірнеше есе көбейіпті. Бәрі де ауа арқылы тараған жойқын тарсылдың салдары. Сондай ақпарлар Абай, Новопокров аудандарынан да түсіпті. Қоралары құлап, баспана үйлерінің қабырғасына сызат пайда болғаны айтылған. Жарылыстан кейінгі тозанның төбелерінен жауып, кейбір жердің радиациямен ластанғаны жазылған...

Мұхамедғали Әленұлы сол ақпарларды жайбарақат оқи алмай, шошына қарап, ойға шомған. Ертіс атырабында атомдық сынақтар жасаумен шұғылданатын әскери полигон орныққанын Орталық Комитетте қызмет еткен жылдарда естіген-ді. Бірақ, сынақ қуаты соншама зор және жиілеп, облыс жерін радиация тозаңымен аста-төк бүлдіргенін білмейтін-ді. Әскерилер қосыны қаншама жерді, мал жайылымын иемденген. О да бір сәрі, неше жыл бойғы алуан сынақтар суды да, жерді де мейлінше зақымдаған. Қыр елінде табиғаты беймәлім сырқаттар пайда болған. Сол дерттерді қалай емдеуді жергілікті дәрігерлер білмейді. Ең ғажабы, солардың залалы ешкімді ойландырмаған. Ойлануға тиіс екінші секретарьдың қызметін күйттеген жауабын өз аузынан естіді. Осы өңірде біраз жылдан бері облатком төрағасы болған Мұқаш Хасенов те даңғарадай кабинетте шіреніп отырып, ештеңеге қиналмаған. Семей алқабында қалыптасқан ауыр жағдайды түсіндіре алмады. Денсаулығы төмендеп, жиі ауыратынын күмілжи естіртті...

Сол жағалаудағы аудандарды аралаған алғашқы сапарында малшы қазақтардың жүдеу ұсқындарын көріп таңғалғанын, себебін сұрағанда, кейбірі бойы ауырлап, айдалада есінен танып құлап қалатын дертке ұшырағанын сөз еткенін есіне алды. Шаған өзенінің аяқ тұсындағы Шынжы қорығында қысы-жазы тұратын жас шопанның шаңырағында екі мәрте шалажансар перзент туғанын естіп, «Оның себебі неден?» дегенде, бөлімшенің бастығы: «Жолдас секретарь, соның себебін дәрігерден сұрадым. Түсіндіруі шатақ, сену қиын. Айтуынша, жастардың өздері кінәлі. «Бар пәле арақтан, ащы суға тойған күні төсек қатынас жасауға болмайды...» – деді. Соған мен иланбадым, шопан бай-

ғұс: «Арак ішпеймін, ағатай, аузыма алған емеспін!..» – деп, ант-су ішті. Онысы рас. Бар пәле бізден 80 шақырым жердегі көршілердің тарсылынан...».

Абай ауданының Тельман атындағы колхозында отардан бөлінген еркек тоқтылар Дегелең тауына ұрымтал жердегі тоғанның жағасына шығарылыпты. Жаз бойы шөбі шүйгін кең жайлауда ұстап, кара күзде етке тапсырмақ болғанмыс. Қыркүйекте жасалған төрт-бес сынақтан соң әлгі тоқтылардың жүндері түсіп, жалаңаш терісімен қалған. Бірлі-жарым емес, сегіз жүз бас тоқты сондай кесепатқа ұшыраған. Жалаңаш терісі күнге күйіп, одан әрман тырысып-бырысып, қоң жия алмай ілбіп жүргенде нөсер жауынға ұрынып, солардың қак жартысы бір-ак күнде жаурап өлген. Ферма бастығы тоқтылардың құнын бакташыға төлетпек болған. Сол шопан облыс басшысы келеді дегенді естіп, Семей жолына шығып, өзін тосыпты: «Менің зәредей кінәм жоқ, ағатай, тоқтылардың арам өлгені – уланған судан, иә бүлінген жерден. Өйткені, бомба жарылған соң-ак жайлаудың жайқалған түгі мен суы жаппай бүлінді. Менің ақталған сөзімді колхоз басқармасы құлағына ілмейді. Тоқтылардың құнын төлеуге тиіспін, о да бір сәрі, үш қаріптің тергеушілері содан бері мені төніректеп, зықымды шығарып жүр. Әскерилерді боқтап, жаман сөздер айтып, өсек тараттын дейді... Ағатай, үлкен басыңызбен сіз де соған сенесіз бе?..» – деп әлгі шопан көзінің жасын көлдетіп, дудыраған шашын олай-бұлай жұлып төндіре сөйлегенде, өзі: «Жарайды, жігітім, қалған малыңа ие бол, сірә, жұртыңды ауыстыру керек! Айтқан жайтты тексертемін...» – деп басу айтқан. Сол



*Ф.М. Достоевскийге семейліктер тұрғызған мұражай*

жерде-ақ көлігіндегі радиотелефонмен әлдекімге тапсырма беріп, тәжірибелі ветеринар маманын Саржал ауылына шақыртады. Бірер күннен соң шынайы жағдаят мәлім болады: сөйтсе, тоқты отары радиация зақымдаған су ішкендіктен жүнінен айрылған, одан арғыны күзгі нөсер аяқтапты. Солай деп акті жасауға тек облыстық ветеринария қызметі рұқсат етпеген. «Неге? Шындықты көпе-көрінеу бұрмалау да – қылмыс!..» деп бірінші хатшы үстелді тықылдатса, кексе жастағы ветеринар Воронков өзіне ожырая қарап: «Мұхамедғали Әленович, бүйтуімнің себебін қауіпсіздік мекемесінен сұраңыз, менің аузымды байлаған солар...» – дейді.

Сол сапарда бірінші секретарь Саржал ауылы мен Қайнар кентіндегі тұрғын халықты жайлаған өлім-жітім туралы да естиді. Аудан басшыларының айтуынша, сап-сау, тұрмысы да жөндем кейбір отбасылардың бас көтерер азаматы, иә ересек баласы кезекті сынақтан соң үрейге шалдығып, неше тәулік ұйықтамай, дел-сал болып жүріп, түн ішінде қораға шығып асылып өлетін дерттер өршіген, соңғы жылдары сол қасірет мүлдем үдеген. Ең шатағы, үрей ауыруы жасөспірім бозбалаларды шалады. Бір ғана Саржал ауылында соңғы екі жылда 16 бозбала өзіне-өзі қол жұмсап опат болыпты... Қарауыл кентінде, Қайнар және Саржал мекендерінде аққан мен обыр дерттері ерекше көбейген. «Бұл нендей кесел? Кімнің кәрі, бейбіт енбекпен мал бағып, күнкөріс жасап отырған момын ел не үшін осындай жаза тартды? Дәрігерлер не бітіреді?..» деп, партия конференцияларында, не аудандық



*Е. Эльбакидзе. Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевский. Семей*

кенес сессияларында мінбеден айту қайда, ал жазбаша сұрау жолдаған пенде пәлеге қалады-мыс. Қауіпсіздік мекемесінің қызметкерлері әлгі сорлыны түн ішінде жауапқа шақырып, тұқым-тұяғын қазып, «бай тұқымының тәркіленбей қалған сілімтігісің. Кешегі соғыста тұтқынға түскен бозөкпенің туысысың. Мынауың – үкіметке қарсы сөз...» деп, кокан-лоқы көрсету қайтадан өршілді. 37-жылдың қуғын-сүргінін басынан кешкен жұрт содан да шошиды. «Ау, үнемі қорқумен қалайша өмір сүреміз? ОГПУ жендеттерінің қыр елінің бетке ұстар азаматын қойша көгендеп, сыпыра жаусатқан қылмысы Компартияның ХХ құрылтайында әшкереленді емес пе? Мынадай мамыра-жай, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған дерлік күндегі зорлық-зомбылыққа қарсылықсыз бас иіп, қалайша үнсіз қаламыз?...» — деген сұраулар да әр жерде алдынан шықты.

Бірінен-бірі асқан жантүршігерлік айғақтар Мұхамеғали Әленұлына мазза бермей, осы елдегі партиялық серігі ескерткендей, түк білмегенсіп, ештеңе көрмегенсіп тыныш отыра алмады. Кімнен қандай құқай көрсе де тағдыр жазғанын мойнымен көтеруге ақырында бел байлады. Сөйтуіне Алматыдағы Өлкелік патология институтының қос басшысы өзіне келіп, 1957 жылдан бері осы облысқа экспедиция жасақтап, радиациямен зақымданған аудандардың жер-суын, адамдары мен малын жаппай тексеруді бастағанын, сол ізденісте көрген-білгенін, табиғаты мәлімсіз жаңа сырқаттар осы елде пайда болғанын егжей-тегжей баяндап, зерттеуді әлі де жалғастыратынын, облыс басшысы ретінде өзінен де қолдау күтетінін айтып, көптеген күмәнді жайттарға түсінік беріп, көзін ашқан сұхбат та түрткі болды.

Әлқисса содан бірінші секретарь облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісін шақырып, осы елді жайлаған сойқанды дерт туралы 1949 жылдан бергі деректер сұрыпталған анықтама дайындауға тапсырма береді. Оның не үшін керек болғанын да зейнет жасына ентелеген әйел дәрігерден жасырмаған. Денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Н. Кислицина сол сәтте бірінші секретарьға қымсына қарап:

— Мұхамедғали Әленович, мен сізге осы мәселенің дүйім жұрттан бүркеулі сырын айтайын, атомдық жарылыстардың зардабы туралы біздің бөлімде сақтаулы есеп-қисап шынайы ахуалды сірәда ашпайды. Өйткені соның бәрінде радиация зардабынан шейіт болғандар басқаша дертке жазылған. Бұл өтіріктің бізге машық болғанына он жыл болды... — деп көптен бері күмәнданған, соны түзете алмай жүрген, дәрігер ретінде өзін қинайтын күпті жайтты ашады. — Оның себебін сіз КГБ-ның облыстық басқармасынан сұраның. Біз солардың нұсқауын орындадық. Республикаға есеп берерде менің қаруымдағы дәрігерлер, әрбір ауруханадан түскен анықтамаларды сыпыра сүзің, аққан ауыруы, иә бүйрек обыры, болмаса он бес жасар жасөспірімнің асылып өлуі атом сынағынан туған үрейленудің салдары деген диагнозды сыпыра өзгертіп, бруцеллез бен туберкулезге ауыстырамыз. Облыс халқында әлгі дерттердің бәрі де бар және жыл сайын көбейіп келеді. Сондықтан сізге мен әкелген жалған есептің көмегі болмайды...

Байтақ жерге ие, иен табиғат сый еткен өзен-көлді, сулы-нулы өлкені ғасырлар бойы мекендеп, егін егіп, күнбағыс өсіріп, мал бағып күнелткен Семей елінің, 1918-1919 жылдар аралығындағы аласапыран дүрбелеңнен кейін тарс еткен мылтық даусын естімеген Ертіс атырабының бейбіт күнде аты беймәлім, түпкілікті баяны түсініксіз дертке тап болып, ертенгі тірлігінің сыпыра тұманға айналу себебі неліктен? Не үшін? Кешелі-бүгінгі тарихына көз жүгіртсең – білім жолына ертеден түсіп, ел мәртебесін көтерер зиялы азаматтар жүздеп шыққан, тарихы да бай өлке. Мұндағы зиялы қауымның білім деңгейі көп аймақтан озық...

Мұхамедғали Әленұлы осы өңірде соңғы он жылда қалыптасқан ауыр жағдайдың күні кеше өзі еңбек еткен, экологиялық апатқа ұшыраған Сыр елінің тұрмыс-тірлігінен әлдеқайда ауыр екенін күн өткен сайын сезінетін бөлді. Денсаулық сақшысы деуге сыйғандай, жасы да егде тартқан дәрігер меңгерушімен де ашық әңгіме оны өзі ойлаған күреске тәуекел етумен бірге сол айқастың табиғи апатпен айқасқаннан гөрі қиын әрі ұзағырақ болатынына тәнті етті. Сөйтсе де сол айқастан тайынбауға бекінді.

Семейге келгеннен беріде атомдық сынақтардың дүңкілін өзі де жиі еститін болды. Ал, сол дүңкілдер туралы өзіне ақпар берген ешкім жоқ. Әскерилер есеп беру қайда, алдын-ала ескертуді қажет деп білмейді. Шикі кірпіштен соғылған ескі үйлер, қора-копсылар құлап жатыр, кейбір ғимараттардың қабырғасына түскен сызатқа саусақ емес, қолың сыйғандай. Ең күшті бүлініс кезекті бомба әуе кеңістігінде жарылғанда туады деседі. Әуе кеңістігі арқылы тараған улы заттар облыстың түстік пен жиірек бүлдіреді. Радиация бұлты әредік Семей мен Өскемен қаласын да шалады. Бұл неғылған басыну? Жер-судың иесі – біз. Бізді олар керек қылмайды? Ойына келгенін істеп, сынақ сайын қарудың күшін арттырып, сол үшін ордендер мен сыйлықтар алады. Ал, асылып өлген адамдар мен шетінеген мал үшін жауап беретіндер – біздің адамдар. Ау, мен сонда бірінші басшы атанып, бұл облыста не үшін отырмын?..

Күндердің күнінде облыстық КГБ басқармасының бастығын шақырды. Жұмыскер отбасында туып, білімі мен жұмысқа ынтасы арқылы үкімет сақшысы әрі қырағы көзі атанып, полковник шенімен осы жұмысқа жегілгенін өзі айтты. Сужиков оны салқын шыраймен тыңдады да:

– Мырзаеке, маған көмек беріңіз. Полигонның семейліктерге көрсетіп отырған жүгенсіз қиянатын шектеуге бел байладым. Маған әскерилер тартқан ауырулар туралы нақты дерек керек!.. – деді.

Мырзамсейіт Жангелдинов шарадай басын сипап, хатшыға одырая қарайды. Әлдене айтпақ болған сияқты.

Бірінші секретарь да тамағын кенеп:

– Жолдас Жангелдинов, мен сізден осы әрекетім дұрыс па, иә қисық па, не істеймін деп ақыл сұрап отырғам жоқ, сұрамаймын! – дейді кабинет иесі қатқыл үнмен. – Семейде сіздер жұмысын қатаң бақылайтын мәскеулік диспансер ашылыпты. Солардың есебінде қанша мың адам бар, олардың сы-

рқаты немене? Қысқасы, сол ұжымның деректері керек! Бұл бір. Екінші, 1949 жылғы 29 тамызда жасалған алғашқы сынақтан кейін қанша бомба жарылды, қаншасы ауада немесе жер бетінде? Оның да есебі керек... Бірінші секретарьдың қатаң талабы КГБ бастығын иліктірген сынайлы. Арада бірер күн өткен соң хатшы сұраған екі құжат та обкомның жабық бөліміне берілген (Солардың алғашқысын мен өткен тарауда тарауда келтіргенмін. Екінші құжат та Семей обкомы мұрағатының жабық секторында сақталыпты. Анықтамада жарылыстардың сыналған мерзімі жазылған, тек қуаты көрсетілмеген. Байқауымша, әр жарылыстың алғашқы «жүгі» оңтүстік пен теріскейдегі қазақ даласына түсетіндігі жобаланған. Яғни бұрынғы Абыралы, Абай, Шұбартау, Шар, Жарма, Аягөз аудандарының жері сол сәтте зақымданған. Одан әрі бұлт нөпірі Тарбағатайдың үстіне төніп, шалқар таудың арғы-бергі бетіндегі халық жиі отырған мекендерді қамтыған (Бәлкім «жүгі» жеңілдеп, Шығыс Түркістанға аттануы да кәдік). Радиация бұлтының қаншама бөлегі теріскейдегі Қу мен Қарқаралы атырабына да тараған. Тегінде соның бәрі желге байланысты. Сол «үлестен» полигон іргесіндегі Бесқарағай, Новопокров, Мамыр, Аксу аудандары, күншығыс іргеге Семей халқы да нәумез қалмаған. Ал, полигонға жақын төңіректегі ауылдар мен селолардың, Семейдің де қора-қопсысын қаусатып, терезелерін шағатын пәлекет — радиация шоғыры емес, жарылыс кезінде түзілген аса жойқын ауа толқынының дүмпуі...

Бірінші секретарь өзі тап болған өңірдегі ауыр ахуалдың Қазақ даласын жиі шалатын бұрынды-соңғылы табиғи апаттардың қайсынан болсын әлдеқайда күшті және тұрақты екенін де бірден ұққан. Ен қиыны, соны өзіміздің адамдар жасап отыр. Біз не істедік дегенге сол шіркіндер сірәда ойланбаған.



*Қуния қоймадағы атом бомбасы*

Айтар уәжі: «Біз бәрімізге ортақ Отанның қорғаныс қуатын арттырып отырмыз. Бүгінде тып-тыныш һәм алаңсыз еңбек етін отырғаның – сол жарылыстардың арқасы...».

Мұхамедғали Әленұлы күпті мәселені әр қырынан ойлап, ақырында өз әрекетін әскери ведомствоның бақылауындағы жабық материалдарға сүйеніп бастауға бекінген.

№ 21 - бағдарлама

#### ОБЛЫСТАҒЫ РАДИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ СОНЫҢ ТҮРҒЫН ХАЛЫҚҚА ӘСЕРІ ТУРАЛЫ № 2 АНЫҚТАМА<sup>1</sup>

Радиоактивті фон облыс бойынша 0,019 Мр/сағ. (қалыпты деңгей - 0,025) Семейдегі топырақтың белсенділігін қалыпты деуге болады, Ертістің сол жағалауында тек 2-2,3 артық. Новопокров селосында радиоактивті гамма-фон - 1,3; осы ауданның кейбір мекендерінде табиғи мөлшерден 1,6 есе артық. Саржалда топырақтың белсенділік деңгейі 1,9 есе көп. Шаған өзенінің теріскей жағалауында 3,7 есе, Абай ауданының бірнеше ауылдары радиоактивті заттармен зақымданған. Мысалы, Қызылту мекенінде топырақтың зақымдануы II есе, Ақбекте 19, Ақтоғайда 34, Таңсық селосында 40 есе артық (Соңғы үш мекен Аягөз ауданына қарасты елді мекендер - М. С.). Қайнар кентінде топырақтың гамма-фоны табиғи мөлшерден 8 есе көп. Ұржар мен Мақаншы аудандарының бірнеше мекендерінің радиоактивтілік фоны ғана емес, жері мен су көздерінің былғануы ерекше қатерлі шекке жеткен. Яғни диспансер тексерген Ұржар, Бургон, Аксаковка, Ириновка, «Красные горные орлы» колхозының № 12 бағы, Мақаншы ауданының Кировка аулындағы бета-фонның мөлшері қалыптағыдан II есе көп. Осы селолардағы гамма-фон да қалыпты мөлшерден 2,2 есе артық, шалғын шөбі қаулап өскен жерде 5,5-7,7 есе көбірек. Ұржар ауданы бойынша топырақтың белсенділігі II есе көп, Аксаковка селосында 2I есе, Ириновка мен № 12 бақтағы мөлшер 37 есе көбейіп, Киров (Мақаншы ауданы) селосында 44 есеге жеткен...

1957 жылғы қазан айында облыстық жәрмеңкеге әр жерден әкелінген ауылшаруашылық өнімдерін Павлодар және Алтай өлкесінен әкелінген тағамдармен салыстырғанда біздегі мал етінің зақымдануы қалыптағы мөлшерден 1,9 - 3,1 есе артық болды; картофельдің белсенділігі 1,6 - 2,5 есе, сондай өзгешелік сарымсақ, сәбіз, қызылшадан да байқалды. Семей қалалық сауда мекемесі сатуға шығарған бірінші сорт бидай ұнының радиациялық белсенділігі қалыпты мөлшерден - 4, қарақұмық - 4,3, күріш - 5,6, сарымай - 3,1 есе артық болды. Осы өнімдердің Мақаншы ауданының Сталин атындағы колхозы мен Новопокров селосынан әкелінген қырыққабатта ауытқу 9-14 есе көп екені анықталды... Құтыхана 1957 жылы тексерген бидайдың 66 үлгісінің 49-ы радиоактивтіліктің қалыпты мөлшерінен 2 есе артық, кейбір үлгілерде сол мөлшер 4-5 есеге дейін өскен. Облыстың

<sup>1</sup> 1958 жылғы 24 ақпанда жазылып, «Противостояние» жинағының 9-13 беттерінде жарияланған нұсқа. Анықтаманың кіріспе бөлімінде биофизикалық құтыхана қызметкерлері Семей облысының 4 ауданының 11 елді мекенін мұқият тексерін, топырақ, өсімдік, күл, тезек, бау-бақша жемісі, дүкендер мен базарды, қырмандарды, астық қоймаларын, ауылшаруашылық көрмесі мен ет комбинатының цехтарынан 256 үлгі алып, 1725 мәрте зерттеу жасалғандығы ескертілген. Диспансер 918 тағам үлгісін (оның 223-і ет өнімдері, қалғаны сүт пен әртүрлі тағамдар), 57 адамның ішкі құрылысын, он екі мүшесін, тісі мен тіліне дейін мұқият тексерген. Зерттеу жүрген мекендер - Семей қаласы, Новопокров ауданының әкімшілік орталығы, осы маңаттағы Шелехово, Зенков, Белағаш селолары, сол жағалаудағы Знаменка кенті, Абай ауданының Тельман атындағы колхозының орталығы Саржал ауылы, Ұржар қалашығы, осы ауданның Бургон, Аксаков және «Красные горные орлы» колхозының № 3 бригадасы.



кейбір шаруашылықтарында орылған бидайдың радиоактивтілік белсенділігі мынадай: Ақсуатта 8 есе, Знаменканың өнімінде 17 есе көп. Осы көрсеткіш Абай, Ұржар аудандары бойынша 3,5 - 7 есе көбейді.

Осындай ауытқу дайындалған пішен, сабан және көкөніс өнімдерінде жиірек кездескен Семей қаласы, Новопокров және Ұржар аудандарының тұрғын халқынан 531 адамның денсаулығын біз екі жыл бойы бақылап, төмендегідей қорытындыға келдік:

1. Жалпылама дерттілер - ұлтабары зақымданған, бруцеллез, туберкулезбен ауыратындар - 230 адам;

2. Себебі беймәлім, хроникалық сәуле ауыруына ұқсаған белгілері бар сырқаттар - 123;

3. Дені сау адамдар - 178...

II және III топтағы мүгедектердің қан құрамында лейкоциттер азайғандығы анықталды. Қосымша тексерілген 87 аламын 27-1 лейкопениямен ауыратындығы мәлім болды. Біздің бақылауымызла қазірде лейкоциттері 2400-3000 мөлшерде бірқанша сырқаттар бар (дені сау адамдарда ол 5000-8000 мөлшерде болуға тиіс).

Жоғарыда аталған айғақтарды талдаудан біз мынадай қорытындыға келдік:

1. Радиоактивті ахуал облыстың кейбір жерлерінде қалыпты нормадан әлденеше көп;

2. Тағамдар, топырақ, ауа және өсімдіктердің зақымдануы қалыпты мөлшерден ерекше жоғары;

3. Бірінен-бірі қашық тұратын тұрғындарды гематологиялық тексеруде байқалған этиологиялық айырмашылықтар радиациялық фонның өзгеруімен байланысты екендігі даусыз аксиома;

4. Тұрғын халықтың жаппай сырқаттануы, біздің жорамалымызша, жиі және тұрақты түрде әсер етуші сәулелердің әсерінен өрбігені анық;

5. Осы жағдаят Семей облысының тұрғындары денсаулығын жиі бақылап, олар тап болған зақымдануды аса қауіпті санап, жиі тексеруді қажет етеді...

Біздің ұсынысымыз:

1. Жер-суды, тағамды, өсімдікті бей-берекет ластап, халық денсаулығына залал келтіргендіктен Семей облысындағы атомдық сынақты дереу тоқтату - игі шара болмақ;

2. Облыс халқын қоректік тағаммен жабдықтауды күрт жақсарту - аса ділгер мәселе;

3. Облыстағы медицина қосындарын В-12, фолие қышқылдарын, нуклеин қышқылды натрды, пентоксилді, тезан-25-пен, т.б. дәрмектермен жабдықтауды тездету қажет;

4. Халық денсаулығын түзеу шарасы радиологиялық жағдайды үнемі тексеру тілейді...

«Противостояние» жинағының 22-24 беттерінде М.Ә. Сужиковтың сұрауымен дайындалған тағы бір дәрігерлік құжат жарияланған. Оны да ықшамдап келтіреміз.

ИОНДАНҒАН РАДИАЦИЯНЫҢ ЗИЯНДЫ ЗАРДАБЫНА ҰШЫРАҒАН АУДАНДАР  
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ  
№ 4 А Н Ы Қ Т А М А

ӨТЕ ҚҰПИЯ!

...1958 жыл, Семей<sup>1</sup>

...КСРО Медицина ҒА-ның Биофизика институтының қызметкерлері мен № 4 диспансер мамандары бірлесіп, радиологиялық сәулелердің зиянды әсерін зерттеу мақсатында 1956-1958 жылдары табиғи ортаға (топырақ, өсімдік және тағам түрлеріне), Семей қа-

<sup>1</sup> Құжаттың 2-данасында жазылған күні қойылмаған. Шамасы 1958 жылғы ақпан айы.

ласы, Абай, Новопокров, Үржар және Мақаншы аудандарының тұрғын халқына арнайы зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижесі № 2 анықтамада көрсетілді.

Сол зерттеу иондалған радиацияның жоғарыда аталған елді мекендердің тұрғындарын бұрын байқалмаған ауруларға душар еткенін шүбәсіз анықтады. Ең шатағы, сол деректер осы атыраптағы сырқаттардың жылдан-жылға көбейіп келе жатқанын аңғартты. Облыс орталығында бұрын 92804 ересек сырқаттар болса, биыл олардың саны 93817-ге жетті, яғни ауырғандар саны 1013 адамға өсті. Жуан және жінішке ішегі ауыратындар 2,5 есе көбейіп, жүйке ауруына ұшырағандар 3759 науқастан 3812 адамға өсіп, обыр дертіне тап болғандар былтырғыдан 3 пайызға көбейді. (...) Жалпы дерттермен ауырғандар Абай ауданында 2770 адам, Қайнар кенті бойынша 885 кісі. 3.000 кісі тұратын Знаменкада 1579 науқас есепке алынған. Семей қаласы мен Жаңасемейдегі асқазан мен ішек ауыруына шалдыққандардың қатары 6,2-6,4 пайызға көтерілді. Жүйке ауыруына тап болғандар облыс бойынша 4 пайызға өсіп, обыр дертіне шалынғандар 323 еді, енді солар 479 адам болды.

...Осы деректерді ескеріп, қауырт өршіген қатерлі жағдаяттың алдын алу мақсатында мынадай шараларды жедеғабыл жүзеге асыру қажет деп есептеймін:

1. Семей облысында бұдан әрі сынақтар жүргізуді мүлдем тоқтату қажет;
2. Адам организмінің иондалған радиацияның зиянды әсеріне қарсылығын күшейту үшін қуаты күшті тағамдар (сары май, ет, жеміс-жидек және көкөніс) көбірек бөлінсін;
3. Аудандардағы санитарлық жағдайды түзеу үшін жер-жерде моншалар салып, таза сумен қамтамасыз етумен бірге көпшілік тамақтанатын орындарды қатаң бақылауда ұстау;
4. Облыс тұрғындарын тұрақты медициналық қызметпен қамтамасыз ету үшін Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі: а) бұрынғы жоспар бойынша жыл сайынғы 50 дәрігер штатына қосымша 20 дәрігер бөлуге тиіс, сөйткен күнде біз маман жетіспейтін аудандарда 14 дәрігер пунктін іске қосамыз; б) Семей медицина институтын бітіретіндерден біздің облысқа 1959 жылы 130 дәрігер бөлу қажет; в) облыстық емдеу орындарын № 2 анықтамада көрсетілген дәрі-дәрмек және дәрумендермен жабдықтау жүйелі түрде жүргізілуге тиіс; г) Абай және Новопокров аудандарының отгондарындағы фельдшерлік-акушерлік қосындарды осы заманғы деңгейге көтеру үшін жаңа типтік жобамен салынған екі пәтерлі 6 үй және сонда жұмыс істейтін медицина қызметкерлері тұратын 4-пәтерлі үйлер қажет;
5. Тұрғын халыққа медициналық қызмет көрсетуді түбегейлі жақсарту үшін ҚазКСР Министрлер Кеңесі № 2 анықтамада аталған аса ділгер шараларға қосымша төмендегідей емдеу-профилактикалық құрылыстарды салуға қаражат пен тиісті қор сұраймыз:
  - Жобалық құны 2200 мың сом, 35 төсектік бір аудандық ауырухана;
  - 500 мың сомдық санитарлық-эпидемиялық бір станса- бағасы 280 мың сом 44 орындық балалар бақшасы;
  - құны 400 мың сом тұратын аудандық туберкулезге қарсы диспансер...
  - Сталин, Абай, Ленин атындағы және Бірлік шаруашылықтарында 4 бөлмелі фельдшерлік-акушерлік қосындар ашуға, Тельман атындағы колхозда 15 төсектік ауырухана құрылысы;
  - Қайнар кентінде 25 төсектік типтік ауырухана мен 44 орындық балалар бақшасын салу...

Семей облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі

Н. Кислицина

✽ Екі құжат та, шамалауымызша, әскери зонаның басшылары әрбір жарылыс сайын жергілікті тұрғындарды «радиологиялық фон қалыпты» деген

ақпарға малдандырып әрі дүние жүзіне де соны ресми әйгілеп, бүрк еткен тарсылдың шынайы күшін, демек, жер-көкті бүлдіруін жасырып баққан. Сірә, сол үшін титтей де қымсынбаған. Бәлкім, біздің осы өтірігімізді кім біледі, ғарышқа самғап кеткен радиация ұшқындарын, өзгедей де залалды кім өлшейді деген бопсамен өздерін де, Дала халқын да иландырған. Осы науаттың алғашқы тауқыметін 1949 жылдан беріде байырғы Қазақ даласы тартқан, әлбетте сол киырда еңбек еткен байырғы тұрғындары да...

Мұхамедғали Әленұлы сол жағдаятты жаны ауыра ұққан да семейлік дәрігерлер әзірлеген екі анықтаманы да қолына ұстап отырып, обкомның бюро мүшелері түгел қатысқан жабық мәжілісте талқыға салған. Алдында отырған он адам, бәрі де осы облыста ертеден тұратын, ел тағдырын қолында ұстаған жандар төмен карап, ә дегенде тым-тырыс отырған. «Не істейміз, мазасыз көршілердің жүгенсіз әрекетін ерте ме, кеш пе, тежеуге тиіспіз?..» – десе де партиялық серіктері қозғала қоймаған. Содан бірінші хатшы сұрауын екінші рет кадала қайталағанда, кейбірі: «Бұл жайында, Мұхамедғали Әленович, әуре болмаңыз, әскерилер бізбен санаспайды. Біздің наразылығымыз бос әуре. Турасын айтқанда, сізге де, бізге де бас амандығы керек!..» – деген күңкіл естіртіпті.

Сужиков бұл жолы да ұстанған бетінен қайтпайтын дөңайбатқа көшіп, «Сіздер қолдамасаңыздар да ауыр жағдайды ашық мәлімдеп, наразылық хатты өз атымнан жөнелтемін», – деген-мыс. Бюро мүшелері сол сөзді естігенде, сірә, үнсіз қалып, маскара болудан тайсалған сияқты, «Келістік, сіздің ынтанызды қолдаймыз. Жағдай шынында да ауыр, біздің өзіміз де, үй-ішіміз де осы катерге жаны ауырған пендеміз...» – десіпті...

ҚАЗАҚ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.С.ХРУЩЕВҚА

ҚАЗАҚ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Д.А.ҚОНАЕВҚА,

КСРО Денсаулық сақтау министрінің орынбасары А.И.БУРНАЗЯНҒА

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫҢ СЫНАҒЫ ТУРАЛЫ  
СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ БАЯНХАТЫ

ӨТЕ ҚҰПИЯ! 10 желтоқсан 1958 жыл, Семей

Кенес үкіметінің арнайы бағдарламасы бойынша және Семей облысының территориясында маңызы ерекше зор қорғанғыс шарасына орай ядролық қарулар көп жылдан бері сыналуда. Жергілікті тұрғындарды қорғау мақсатында жасалған сақтандыру шараларына қарамастан сынақ алаңына ұрымтал орналасқан аудандар жеріне радиоактивтік бөлшектер жиі жауады. Соның салдарынан Абай ауданының қомақты жері зақымданып, сонымен бірге көршілес елді мекендер Новопокров, Мақаншы, Үржар және Шар аудандарының еңбекші халық тұратын қоныстары радиоактивті заттармен зақымданды. Топырақ беті бүлініп, жер түгі жаппай уланып, көптеген құдықтардың суы ішуге жарамай қалды. Егістік алқаптар,

мал жайылымдары мен жайқалған ну ормандар табиғи келбетінен айрылды. Жер бетіне бей-берекет тараған радиоактивті заттар өсімдіктерді зақымдаумен қоса егістіктерді де бүлдіріп, көкөніс алқаптарын пайдалануға жарамсыз етті. Ең қиыны, сол залал аяқты малды, оларды бағатын адамдардың да денсаулығын ширмауда...

Радиоактивті заттардың зиянын КСРО ҒА-ның Биофизика институты, Қазақ КСР ҒА-ы жасақтаған экспедиция және Семей қаласындағы медициналық орталық арнайы зерттеумен шүбәсіз анықтады. Соңғы екі жылда ғылым иелері мен дәрігерлер облыс территориясының едәуір аймағын зерттеп, радиоактивті заттар көбірек түскен ауыл-селоларда тұратын адамдардың денсаулығында бұрын байқалмаған қатерлі өзгерістер пайда болғанын, осы уақытқа дейін медицина ілімі білмеген ауыру түрлері жиілегенін анықтады. Сол зерттеулер радиация бөлшектерінің сынақтан соң ауа арқылы тарап ел мен жерді көбірек зақымдайтынын, радиоактивтік заттармен ластанған суды ішуден, әсіресе қой етін асқа пайдаланып, ауыру малдың сүтінен де көбірек зардап шегетіні даусыз ақиқат.

...Радиоактивті бөлшектерді бірнеше жыл бойы «жүту», зиянды сәулелердің астында өмір сүру облыс тұрғындары арасында үрей туғызуда. Қолайсыз оқиғалардың алдын алу мақсатымен біздің дәрігерлер, партия комитеттері мен кеңес қызметкерлері зақымданған аудандарда профилактикалық шаралар жүргізумен бірге еңбекшілердің денсаулығын нығайтуға, көңіл күйін де түзеуге бағытталған шаралар ұйымдастырды. Алайда, дәрігерлердің тұжырымдауына, біздің бейкүнә адамдар медицинада әзірше атауы жоқ «үрей дертіне» шалдыққан. Сондықтан да біз жүргізген үгіт-насихат дәрменсіз іске айналууда...

Қысқасы, улы заттармен былғанған аймақтарда еңбек ететін малшы қауымның денсаулығының күрт төмендеуін тежеуге немесе тұрмыс күйтін оңалтып, жедел жақсарту біз үшін қиын міндет болып отыр. Бақташылар уақытының денін ашық далада, күн астында өткізеді. Сол тірлікті өзгертіп, санитарлық шаралар жүргізуге бізде ешқандай мүмкіндік жоқ. Шындығын айтқанда, облыстың ауыл-село тұрғындары ғана емес, қала халқының басым көпшілігі тоя тамақ ішпейді, өйткені азық-түлік дүкендерінің серелері өте жұтан, ет өнімдері, сүт, қаймақ, май, жеміс-жидек, иә көкөніс түрлері сирек сатылады. Облыстың оңтүстігінде, әсіресе Абай ауданында соматикалық және асқазан, иә ішек аурулары көбірек тараған. Осы ауданда бруцеллез, туберкулезбен ауыратын сырқаттар көбейіп, авитаминоздың өршуі облыс басшыларын ерекше алаңдатууда.

...Қолда бар мүмкіндікті іске қосып, тиісті шаралар ұйымдастырдық. Алайда, қол қысқалығы, облыс экономиканың жұтандығы сол шараларды жүзеге асыруға бөгет болуда. Біздегі жағдай, шыншын айтқанда, үкімет тағайындаған деңгейден әлдеқайда төмен.



*Семейліктердің маңдайына  
сыймаған қайраткер —  
Мұхамедғали Әленұлы Сужиков*

Селода жұмыс істейтін медиктердің емдеу тәжірибесі кемшін. Дәрігерлік қосындарда транспорт жоқ, олардың мекені қозы үйшігіндей тар. Сол себептен де профилактикалық шаралар, емдеу ісі кемшін, материалдық-техникалық құрал-жабдықтың аздығынан сирек жүргізіледі. Облыста жұмыс істейтін медицина қызметкерлері, әсіресе радиация қалдықтары жиі түсетін аудандардағы дәрігерлер атом сынақтары әсерінен өрбіген сырқатты дер кезінде айыра алмайды. Олардың оқуы мен өмірден тоқуы - жалпы адамзаттық ауырулар, нәтижесінде өзінен жәрдем күтіп келгендердің 30-40 пайызына асқазан, ие қан құрамы бұзылу немесе гипертония ауруларына жатқызады. Радиация залалына шалдыққандарды нақты көрсетуге тыйым салынған. Неге, не себептен?..

Облыстық партия комитеті мен облатком медицина мекемелерінің жұмысындағы осы кемшіліктерді жорға қолынан келген мүмкіндіктерді жасап, кейбір аудандардағы санитарлық ауыр жағдаятты түзетуге күш салуда. Амал не, сол олқылықтарды қатаң шара қолданып, ие насихат жұмысын күшейтумен оналта алмайтынмызды біз жақсы білеміз. Сол жайтты түзету үшін бізге материалдық көмек қажет. Семей облысында тұратын еңбекшілердің денсаулығы мен тұрмыс жағдайын күрт көтеріп, медициналық қызметті оңдап, радиоактивті заттар зақымдаған аудандардағы ауыр ахуалды тезірек оналту үшін Қазақстан КП обкомы мен облатком КСРО үкіметінен мына мәселелерді жедеғабыл шешуді өтінеді:

1. Тау жылдарда облыс тұрғындарының тұрғын үйге ділгерлігін жедел кемітіп, тұрмыстық ахуалын түзеу. Санитарлық норма бойынша 1959 жылдың I қаңтарында облыс еңбекшілеріне 3 млн. шаршыметр, соның ішінде Семей тұрғындарына 760 мың шаршыметр тұрғын үй жетіспейді. Қазақстан үкіметі бізге жыл сайын III мың шаршыметр үй салуға қаржы мен материалдар бөледі. Ал, біз, төзгісіз жағдайды ескеріп, 1959-1960 жылдары 500 мың шаршыметр баспана салуды жобалауды өтінеміз.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 27 тамыздағы № 917 қарарында көрсетілген, яғни байырғы қоныстарынан көшірілген еңбекшілерге үй салуға көмек ретінде босатылмақ құрылыс материалдарын толық беруді сұраймыз. Сол қарардың орындалмауы салдарынан 1000 мыңдай отбасы қысылып-қымытырлған жағдаятта өмір сүруде. Көпшілігі қора-қопсыларды паналап, кейбірі ортан белінен жерге сұғынған жер үйлерде тұрады. Осындай халдегі жандарға қаржылай және құрылыс материалдарымен көмектесіп, жөндем баспаналар салуына көмек беру қажет деп білеміз. Сол үшін 20 мың текшеметр кесілген тақтай, шартты плиталар есебімен 700 мың дана шифер, шатырға жабатын 50 мың шаршыметр қаңылтыр, 2 мың тонна цемент және 50 мың шаршыметр төбеге жаятын тыстық қарақағаз бөлуді өтінеміз.

2. Облысқа бөлінетін тағам түрлерін бірнеше есе көбейту қажет. Үкімет тағайындаған норма бойынша, бізге 30 мың тонна азық-түлік берілуге тиіс. Семей облысы 1958 жылы небәрі 2466 тонна азық-түлік алды. Алдағы әрбір жылда Семей облысы 10 мың тонна ет немесе еттен дайындалатын тағамдар алуға тиіс. Үстіміздегі жылы бізге 13240 тонна сүт тиді, норма бойынша керегі - 134000 тонна. Облыс еңбекшілері жыл сайын 10000 тонна жеміс-жидек алуға тиіс. Бізге бөлінетін май, балық пен балықтан жасалатын тағамдар, қант, конфет және тәтті өнімдердің де көлемі едәуір молайтылғаны жөн болар еді.

3. Халық санына қарай облыста 836 дәрігер болуға тиіс, қазірде бары - 458 адам.

4. Ауыруханадағы төсек санын, санэпидстансалар мен дәріханаларды көбейту қажет.

	Салынуға тиіс ауруханалар аудандар бойынша	Мерзімі жыл	Жобалық қуаты	Олардың толық құны мың сом мөлшерімен
1.	Абай ауданынд. аурухана, Қарауыл селосы.	1959-1960	100 төсек	4398
2.	Мақаншы ауданд. аурухана Мақаншы селосы	1959-1960	100 төсек	4398
3.	Үржар аудандық аурухана Үржар селосы	1959-1960	100 төсек	4298
4.	Новопокров ауданындағы аурухананы кеңейту	1959	50 төсек	3460
5.	Жоғарыда аталған аудандар учаскелік 8 аурухана салу	1959-1960	әрбірі 25 төсектен	13840. 1730 мың
6.	Қалдық жобамен салынбақ Ханасемей ауруханасы	1959-1961	40 төсек	9518
7.	Семей қ. медицина институт. 2 клиника салу	1959-1961	535 төсек	4300
8.	Семей қаласында облыстық санэпидстанса салу	1959-1961	1104 шаршы метр	1350
9.	Қарауыл, Новопокров, Шар село. аудандық 2-катег. санэпидстансалар салу	1959-1961	типтік жобамен	1500 (әрбірі 500 мың)
10.	Семейде 3-деңгейдегі қалалық санэпидстанса салу		типтік жобамен	1300
11.	Семейде мед. жабдықтарын сақтайтын қойна салу	1959-1960	4838 шаршы метр	710
12.	Селолық аудандарда қалалық жобамен 15 дәріхана салу	1959-1961	типтік жобамен	3000 (жалпы құны)
13.	Қарауылда, Мақаншыда, Үржарда, Новопокровта балалар бақшасын салу	1959	60 орындық	359; 278; 359; 278

Біз сұраған медициналық құрылыстардың жалпы құны - 53346 мың сом.

Соларға қосымша Семей облыстық денсаулық сақтау бөліміне 40 санитарлық автомобильдер бөлуді өтінеміз, оларды тек қана колхозшылар мен кеңшар еңбекшілеріне қызмет етуге пайдаланамыз. Сондай-ақ ауыл-селоарды аралап, мемлекеттік жұмыстарды ұйымдастырып және қолғабыс етуге жоспардан тыс ГАЗ-63а типтегі 30 дана және ГАЗ-63б типтегі 30 автомобиль қосымша бөлуді өтінеміз.

Айрықша ескертер жайт: облыстағы ауруханалар мен емдеу қосындарында медициналық құрал-жабдықтар, дәрі-дәрмектер жетіспейді, жартылай дәрумендер және В-І, В-6, В-12 дәрумендері, антибиотиктер (стрептомицин, биомицин, гематоген, бромды натр, элитин, пантокрин) мүлдем аз. Облыстың медицина қосындарында термометрлер, 3 және 20 грамдық шприцтер, фарфордан жасалған ыдыстар, шай қасықтар жетіспейді. Ал, рентген кабинеттерінің қорғанғы жабдықтары әбден ескірген әрі мүлдем аз. Ауруханалардың керуеттері, төсек-орындары ерекше тозған. Олардағы электроаспаптар, тоңазытқыштар да санаулы.

Қосымша ділгерлік: Семей ет комбинатына сорға қабылдайтын малды мұқият тексеріп, әсіресе радиациямен зақымдаған аймақтардан әкелінген еттің сапасын анықтайтын биофизикалық құтқана ұйымдастыруды, сол мақсат үшін жаңа аспаптар жасауды тиісті министрліктер мен Халық шаруашылығы кеңестеріне тапсырма берілгені жөн болар еді...

Ауылдар мен селолардағы құдықтарды жөндеп, олардың санитарлық жағдайын түзеу үшін де бізге мынадай мөлшерде қаржы қажет:

Аудандар	Қолда бар құдықтар	Олардың беті ашықтары	Құдықтарға қойылатын жабдықтар құны, мың сом мөлшерінде
Абай	610	333	898
Новопокров	388	82	348
Үршар	126	52	156
Мақаншы	26	17	51
барлығы	1150	484	1453

Сонымен бірге мал отарлар мен тұрғындарды таза сумен жабдықтау үшін тыңнан жаңа құдықтар қазып, оларға жабдықтар орнату қажет, жаңа құдықтың әбзелі - 3 мың сом шамасында.

Аудандар	Құдықтардың саны	Құдықтардың жалпы құны, мың сом...
Новопокров	28	2458
Абай	16	1418
Мақаншы	28	2458
Үршар	28	2458
барлығы	100	8792

Ядролық жарылыс кезінде Семей қаласында пайда болатын шаң-тозаңды азайту үшін көшелер мен адам жүретін соқпақтарды асфальттауға да қомақты қаржы мен материалдар қажет. Оларға ділгерлік мынадай: 1959 жылы 30 км жолға асфальт төсеуге - 16 миллион сом, 1960 жылы тағы да 30 км жолға - 30 миллион сом, жиыны - 46 миллион сом...

Семей қаласына қар күреп, тозаң жинайтын және көшені жуатын 6 автомашина қажет.

Семей қаласындағы ертеректе салынған жуынды төгілетін жүйені жөндеп және тыңнан салу үшін 1959 жылға қосымша 2 миллион сом, ал 1960 жылға тағы да 3 миллион сом қаржы бөлуді сұраймыз.

Барлық шараларды жүзеге асыру үшін бізге жалпы жиыны 114589 мың сом қаржы қажет.

Осы шаралар, яғни санитарлық-гигиеналық мақсатта жобаланған істер таяу жылдарда жүзеге асатын болса, біздің сенімімізше, Семей облысы тұрғындарының төбесінен жауатын радиоактивті қалдықтардың зиянды әсері әнтек азайып, Ертіс бойындағы халықтың тұрмыстық жағдайы едәуір оңалып, Отан үшін атқарып жатқан игі істерге бұрынғыдан да зор жігермен жұмылады деген сенімдеміз.

И. БЕРЕЗИН, Қазақстан КП Семей облыстық комитетінің секретары

М. ХАСЕНОВ, еңбекші депутаттар кеңесінің Семей облыстық атқару комитетінің төрағасы

ЦДНИ ВКО. ф. 103, оп. 73, д.12, л. 23-29. Баянхаттын екінші данасына Семей облысынан 8 адам, сірә, Облыстық партия комитетінің бюро мүшелері түгелдей дерлік кол койған.

Үшінші айдын жүзінде Мәскеудің хабары Семейге жетті, Алматыға да тиісті ақпар түскен. Ақ түйенің қарны ақтарылды дерлік жағдаят! Сұраған көмегінің бәрі дерлік оңды шешілген. Ең ғажабы, соңғы он жылда облыс еңбекшілеріне жасалған тұңғыш жәрдем бұл! Демек, «Қалауын тапсаң қар да жа-надынын» кебі болып, айбары әлей Мәскеуден де қолдау көрді...

Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының тұрғындарына тұрмыстық-коммунальдық және медициналық-санитарлық қызметті жақсарту туралы КСРО Министрлер Кеңесінің № 7 ҚҰЗЫРХАТЫ

Москва, II наурыз 1959 жыл КҰПИЯ!

Семей және Шығыс Қазақстан облыстарындағы тұрғындардың тұрғын үй және медициналық-санитарлық жағдайын жақсарту үшін Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне 1959 жылға жобаланған шараларды жан-жақты ойластырып әрі кешіктірмей жүзеге асыруды міндет етемін. Алғашқы кезекте екі облыста да ауруханалар, клиникалар, дәріхана және тұрғын үйлер салынып, құдықтар қазылып, облыс еңбекшілерін азық-түлікпен жабдықтауды Қазақ КСР-на 1959 жылға бөлінген қор есебінен жедеабыл көтеру жүктеледі.

РСФСР, Украина КСР Министрлер Кеңестеріне және КСРО Денсаулық сақтау министрлігіне 1959 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қарамағына Семей облысының еңбекші халқының тұрғын үйлерін жақсартып, осы өңірдегі медицина-санитарлық қызметті жедеабыл оңдауға арналған нақты шараларды тездетіп жүзеге асыру үшін, сондай-ақ осы облыстағы қалалар мен елді мекендердің гигиеналық жағдайын күрт көтеру мақсатында осы құзырхатқа қосымша дайындалған № I тізімде көрсетілген санитарлық автомобильдер, әртүрлі жабдықтар, материалдар мен медикаменттерді бөгеусіз босатуды міндеттейді.

КСРО-ның Орта салмақты машиналар министрлігі Семей облысында қалыптасқан ауыр жағдайды жедел түзеу үшін 1959 жылы 15 мың шаршыметр стандартты тұрғын үйлерді ез күштерімен құрастырып, облыс басшылары көрсеткен елді мекендерде тұрғызу жүктелсін.

КСРО Жоспарлау комитеті Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне 1959 жылы Семей облыс № 2 тізім бойынша сұраған жабдықтар мен материалдарды қосымша бөлуді міндеттейді.

Семей және Шығыс Қазақстан облыстарындағы халықтың тұрмыс ахуалын жақсарту мақсатымен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қарамағына 1959 жылы қосымша 15 мың тонна сүт өнімдерін (II, III және IV тоқсандарда 5 мың тоннадан) КСРО Министрлер Кеңесінің қорынан бөлуді тапсырады.

КСРО Жоспарлау комитетінің республикааралық товарлар бөлетін Бас басқармасы жоғарыда көрсетілген халық тұтынатын заттарды қайдан беруді анықтасын. Қазақ КСР Министрлер Кеңесін Семей облысын азық-түлікпен жабдықтау ісін сауықтыру үшін 1959 жылы қосымша 5 мың тонна ет бөлуді міндеттейді.

КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Ф. КОЗЛОВ<sup>1</sup>

<sup>1</sup> ШКО Жана тарихи құжаттар орталығы 103 ф., 73-тіркеме, 12-іс, 30 б.



Мәскеу қарары әлбетте мүлтіксіз орындалған. Оның игілігін облыс еңбекшілері көрді. Алайда, он жыл бойы бүлінген жер-су, қыр елін жайлаған ауру бір жылда, иә бірер қаулы-қарармен сірәда айықпайды. Оны оңдау үшін ондаған жылдар керек. Бәлкім, одан да көбірек. Егер емдей алсақ? Сөйтсе де болдырған көлікке «айт-шу» деген де сеп болатыны сияқты, әбден дінкелеген елге ойда жоқта аспаннан сап ете түскен осы қаулы едәуір демеу болған...

... Кәмен ОРАЗАЛИН, «Абай ауылына саяхат» кітабының 165-бетінен:

*«Сол қарсаңда Абай елі коммунистерінің конференциясы болып, Семей обкомының бірінші хатшысы Мұхамедғали Сужиков сол құрылтайда сөз сөйлеп, абайлықтар дегбірсіздене күткен даулы мәселенің жай-жапсарын СОКП ОК-нің Саяси Бюросының мүшелерімен келіскенін тарқата әңгімеледі. Өз сөзінде ол қазақ халқының тарихына қатысы бар іргелі ауданды тарқатудың жөнсіздігін ашына айтты. Конференция делегаттары ұзақ қол соғып, хатшыға зор қошемет көрсетті.*

*Осы жиында Сужиков жолдас аудан халқының тұрмыс жағдайын күрт көтеру үшін 750 үйді жаңадан тұрғызуға рұқсат алғанын, сол үшін тиісті құрылыс материалдары арнаулы қордан бөлінетінін хабарлады. Сөйтіп, әрбірі төрт бөлмеден тұратын, төбесі шатырланған еңселі үйлер көше түзеп, келесі жылы-ақ жер-жерде қарайтыла бастады...»*

Осы көмек турасында Б. Атшабаров та «Аманат» газетінің тілшісімен сұхбатында: *«Семей облысының Абай ауданына мемлекет тарапынан жеңілдіктер жасалып, бірінші категорияға ие болды» деген куәлік айтады. Бірінші категорияға өткен аудан одақтық, республикалық қордан көмекті алғашқы кезекте және молдап алуға тиіс. Қарауылда және ауданның іргелі мекендерінде құрылыс жұмысы өрістеп, мектеп, ауырухана, мәдениет үйлері, әсіресе тұрғын үйлер салына бастады. Демек, ел еңсесі сергіп, өмірге құштарлық артқан. Мәдени шаралар өріс алып, абайлық өнерпаздардың өнері аудан, иә облыс орталығына ғана емес, Алматы түгілі Мәскеуге де жеткен. Тәубе дейміз! Осы игіліктердің бастауы тынымсыз қайраткер М.Ә. Сужиковтың қажыр-қайратымен өріс алғаны да — кешегі өмірдің таңғажайып шындығы...».*

Мәскеуге жолданған алғашқы баянхаты жолды болып, күйзелген елдің мұң-мұқтажы түсінікпен қабылданды. Сірә, сол да темірді қызған кезінде соғудың қажеттігіне түрткі болған. Үлкен астанаға жол түскен сапарында, яғни КСРО Жоғары Кеңесінің мамыр айында шақырылған сессиясына барғанда М.Ә. Сужиков КСРО Қарулы күштер министрі, Кеңес Одағының маршалы Р.Я. Малиновскийдің қабылдауына сұранады. КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты, әскери зонаға қоныс берін отырған облыстың бірінші басшысын қабылдаудан одақтық министр бас тартпаған. Тәубе делік!..

«Казахстанская правда» газетінің саяси шолушысы Л. Вайдманмен 1991 жылғы сұхбатта М. Сужиков осы кездесудің мән-жайын біршама тарқатыпты.

— Родион Яковлевич, сіздің адамдар 1949 жылдан беріде үздіксіз жүргізген ядролық сынақтардан соң Семей облысының оңтүстігіндегі төрт-бес ау-

даннын халқы баспана тұрғызудан қалып әрі мал жайылымынан айрылды. Жарылыс салдарынан құлаған үйлер мен мал қоралары есепсіз көп, полигонмен іргелес ауыл-селолардың адамдары түгел дерлік ауыру. Он жылдан астам уақытқа созылған жойқын сынақты дала халқы түсінуден қалды, бейбіт күнде дамылсыз жүрген бұл неғылған соғыс?.. — дегенде, кешегі алапат қырғын кезіндегі қолбасшылық айбынынан айнымаған маршал мәні ауыр сөздерді үйдек-түйдек төпеген облыс басшысына сұстия қарайды... — Ядролық жарылыстар сепкен радиация бөлшектері жер-суды лаптап, сол төңіректе мал бағып, егін салған колхозшыларды ауыр дертке душар етуде. Полигонның өзіндегі биологиялық құтыхана жарылыс сайын сіздерге жолдайтын есебінің бәрі де жалған. Менің мәлімдемеме сенбесеңіз, міне, КСРО Денсаулық министрлігі ұйымдастырған дәрігерлер экспедициясының соңғы екі жылдағы зерттеу материалдары. Ал, мынау — осы мәселе жайында біздің өтінішімізді ескеріп, Никита Сергеевичтің бірінші орынбасары Козлов жолдас қол қойған үкімет қарары... — Бірінші хатшы министрге қолындағы құжаттардың көшірмелерін ұсынып, көкейкесті ойын одан әрі тежеусіз төпейді. — Радиация залалын зерттейтін, иә соның залалын адам ағзасынан қуып шығатын емдеу орны бізде жоқ. Естуімше, әскерилер мен сынақты дайындаушы ғалымдарға қызмет көрсететін, Ертіс жағасындағы әскери қалашықтағы медициналық диспансер Мәскеудегі емдеу орындарымен бірдей деңгейде, кейбір жабдықтары жөнінен артық деседі. Бұл енді, кешіріңіз, ел аузындағы қауесет. Мен, сол облыстың бірінші басшысы атана тұра, Мәскеу-400 қалашығына бас сұғуға немесе полигон бастығын кабинетіме шақырып, сізге мәлімдеген мәселеден түсінік сұрауға қажым жоқ... Неғылған дөрекі рәсім, түсінбеймін. Родион Яковлевич, Компартияның тең құқықты мүшесі ретінде өз басым осы рәсімді түбірімен өзгерту қажет деген ұсыныс айтамын. Жергілікті партия ұйымымен санаспау, Кеңес өкіметін тәрк ету деп білемін. Сізге мен осы ахуалды айту үшін сұрандым. Шынтуайтын айтқанда, бұл — жергілікті халықтың тағдырына көз жұмып, өлмесен өме қап деген жайт. Осынау одағай астамшылықты түзетпесеңіз, біздің де шыдам түгесілді, ушыққан мәселені Орталық Комитеттің назарына жеткізерімді сізден жасырғым келмейді. Мен сіздің депутаттық парызға ұқыпты әрі азаматтық ар-ожданыңыздың жоғары екенін білемін. Сынақ алаңында жиі болатыныңыз жайында да хабардармын. Қалайда сіз бізде қалыптасқан ауыр жағдайға көңіл бөліңіз...

Маршал Малиновский Отан соғысының алдыңғы шебінде жүріп, өмір мен өлім алма-кезек алмасқан арпалыстың нендей зауал екенін жеткілікті көрген адам. Сужиковпен кездескенде жасы алпысты еңсерген кезі. Көңіліндегі өксікті барынша өткірлеп шерткен депутат-хатшыны ол сабырмен тындап, әредік басын шайқағанымен дау айтып, сөзін бөлмеген. Өзімен құқығы тең халық депутаты, қазақстандық қайраткерге: «Әй, бейшара хатшысымақ, шамашарқынды біл!» — деуге қақысы болса да сыпайылық шегінен аспаған. Бәлкім алдында отырған адамның туған халқы басынан кешкен ауыр халді жақсы білгендіктен үндемеген?..

Сужиков ұсынған құжаттарды КСРО министрі шөла оқып, жазылған сорақы айғақтардын бірде-біріне дау айтпай, әлден уақытта:

– Қымбаттым, сіздің айтып отырғаныңыз – маған мәлім жағдаят. Тегінде осы наразылықты бұдан он жыл бұрын көтеру онды болатын еді. Амал канша, сіздер де, біз де шынайы ахуалды білмедік. Енді кеш. Полигон казір өзін-өзі басқаратын алып кешенге айналды. Оның тыныс-тірлігін тоқтату, иә тежеу қиын мәселе, сол аймаққа жүздеген миллион сом каржы жұмсалды. Ядролық сынақтар болса – Кенес Одағының қас жауларын ауыздықтауға колданар басты амал!.. Сөйтсе де түнілменіз, ештен кеш жақсы дегенге сенініз. Әлбетте біз облыс халқы тап болған ауыр жағдайды колдан келгенше жеңілдетуге тырысамыз. Құрылыс жұмысына, ауруханалар салуға көмек береміз. Иә, сонсон сіздердегі тас жолдар да әбден тозған, бәз-баяғы дала сокпағы қалпында. Оны да жөндейміз... – дейді. – Жә, тағы не тілейсіз?



*М. Жанболатов. Шәкәрім Құдайбердіұлы*

Мұхамедғали Әленұлының министрден сұрары аз емес-ті, бәрі де ойында сайрап тұр. Бірақ, соның барлығын жөнсіз шұбыртпай, екі мәселені ғана тарқатып айтады: біріншісі, полигон төңірегіндегі халықтың денсаулығын зерттеуге Қазақстан Ғылым академиясы мен республикалық Денсаулық сақтау министрлігі 1957 жылы жасақтаған дәрігерлер экспедициясын сіздің адамдар полигон аймағына кіргізбейді. Неге? Дәрігерлердің айтуынша, өздері жинаған дерек пен полигон медиктері үкіметке мәлімдеген бұрынғы ақпарлар өзара сәйкес емес. Айырмашылық ондаған есе... Ең шатағы, сынақтан тараған радиация сол манаттағы елді табиғаты беймәлім дертке душар еткенін полигон мамандары мүлдем мойындамайды, ондай ауру жоқ дейтін көрінеді. Радиация індеті жылдан-жылға зорайып, қалың ел күйзеліп отырғанын неге жасырамыз? Бұл да, жолдас маршал, мен түсінбейтін әділетсіздік. Родион Яковлевич, осы мәселеге көмек берініз: қазақстандық экспедиция бастаған зерттеуін биыл, әрі дегенде келесі жылы аяқтамақ. Олардың мақсаты – радиация әсерін залалсыздандыру, сырқат адамдарды емдеу. Мысалы, Жапонияда бұл мәселе ұтымды шешіліпті. Ал, бізде? Бәз-баяғы құпия қалпында қозғаусыз жатыр...

д. Министр Малиновский хатшының бұл өтінішін мақұл көріп, қабылдадым дегендей шыраймен алдында жатқан дәптерге сол жайтты тәптіштеп жазыпты.

– Бұл мәселенің жай-жапсарын, жолдас Сужиков, аздап білемін. Бұл жайында қазақстандық Ғылым академиясының президенті де маған өтініш жасаған. Экспедиция жұмысын аяқтауы үшін, сірә, бір жылға рұқсат етемін, иә, биылды қоспағанда тағы бір жылға! Ол енді құпия объект, елдің бәрін кіргізе беруге болмайды!.. – дейді министр.

– Полигонның Ертіс сияқты арналы, мол сулы өзеннің жасыл орман көмкерген жап-жасыл жағасына емін-еркін жайғасқанына биыл он үш жыл болды. Облыс жерін емін-еркін иемденіп отырса да, әкімшілік жөнінен полигон бізге қарамайды. Әскери құпияны сақтау үшін әрі мемлекеттік аса мәнді жұмысты ұтымды атқару жөнінен сөйтудің қажеттігін түсінемін. Десем де, Родион Яковлевич, партиялық және кеңес өкіметінің ежелгі рәсім-дәстүріне сай емес, Кеңестік Ата заңға кереғар екінші жағдаят – Мәскеу-400 қалашығы суды, көмірді, цементті, азық-түліктің барлық түрлерін бізден алады, темір жол мен әуежайымызды қажетінше пайдаланады. Қажет етсе Семейдегі әуежайды неше тәулікке жауып та тастайды. Сөйте тұра, сенесіз бе, облыс орталығындағы үйлердің терезелері быт-шыт болып, иә пеш комейінен от шашылып, өрт шығып жатқанда немесе іргесі әлсіз жекеменшік баспаналардың қабырғалары сөгіліп, төбесі ортасына түскенде ғана әскери зонаның бастығына телефон шалып, бүлінген баспаналарды тездетіп жөндеуге көмек сұрауға мәжбүрміз. Сол өтініш те сіздің генералдар тарапынан көбіне реніш туғызады, құрылыс материалдарын да Мәскеуге шағынамыз деген сан мәрте ескертуден соң әрең аламыз. Сізден мен осы мәселеге де көңіл бөлуіңізді өтінемін. Менің ойымша, сынақ жөнінде болмаса да, партиялық және құрылымдық тұрғыдан әскери қалашық облыстық партия ұйымына қарауға тиіс...

Мұхамедғали Әленұлы осы жайтты сырлап-сипамай мейлінше тарқата айтқанда:

– Түпкі ойыңызды ұқтым, жолдас секретарь, біздің адамдардың құлағын бір мезгіл мықтап бұрауды тілейсіз, сірә?.. – деп маршал Малиновский тымырайған қалыпта басын шайқайды. – Бұл мәселені, қымбаттым, сіз екеуміз бүгін-ертен шеше алмаймыз. Осы ойыңызды Орталық Комитетке жазыңыз. Біз де ойланайық!... Әзірше айтарым: полигон басшысына тура бүгін ескертемін. Сізді ол «Мәскеу-400-ге» шақырады. Ертістің мидай жазық жарқабағы үстінде әскерилердің қандай қала тұрғызғанын көріңіз. Әлбетте, сол сапардан кейін, жарылыс соңынан туған ұсақ-түйек кикілжіңді маған, иә үкімет басшысына арызданбай-ақ, өзара келісіп шешуге тырысыңыздар. Полигон бастығына ескертемін: құдайы көршілер тату болып, қарым-қатынастарын өзара ондауға тиіс!..

<sup>1</sup> Бұл мәселе содан кейін де 15 жылға созылып, 1974 жылы ғана оңды шешілген. Сол жылы Курчатов есіміне ие болған, 50 мыңдай тұрғыны бар әскери қалашық Семей облысына қаратылып, қалалық кеңестің төрағасы мен партия комитетінің секретарьлары жергілікті өкілдерден сайланатын болды. Нәтижесінде дау-дамай туғызған ұсақ-түйек мәселелер пышақпен кескендей сап тыйылған...

Елге қайтқан алғашқы аптада-ақ полигон бастығы Семейге келіп, М.Ә. Сужиковты Ертіс жағасындағы қалашыққа өз ұшағымен апарды. Мұхамедғали Әленұлы Мәскеу-400 қалашығын көргенде өздері ұлықтаған коммунизм заманының ертегі сипатты шәріне кіргендей шат-шадыман әсерге бөленген-мыс: мұнтаздай тап-таза, әр үйде түтін будақтаған мұржа атымен жоқ, бір қазандықтан жылынып, мөлдірлігі кәусардай таза су ішкен, ыстық су да баспаналарына қысы-жазы тоқтаусыз аққан, кошелері кең, жағалай ағаш өсірілген, жаяу адам жүретін жолына дейін асфальтталған, үш-төрт қабатты әсем үйлер сап түзеген таңғажайып қаланы көріп, қайран қалады; әрине, министр-маршалдың пәрменімен келген соң облыс басшысына полигон бастығы қалашық пен өздеріне электр қуатын беретін атомдық реакторды (біреу емес, екеу), жер астындағы қоймада дестеленіп қаз-қатар тізіліп, сынаққа емес, жау елдің жеріне топ етуге дайын тұрған «бұйымдарды» да көрсетеді; сынақ алаңдарын тек аралатпаған; жарылыс кезінде түсірілген кино ленталарын да әлдеқалай себеппен ұсынбаған. Сірә, алғашқы сапарға осы да жетеді, бұдан арғы күпияны аша алмаймыз демесе де, «Сөйту үшін сізге бірінші категориялы рұқсат керек» дегенді тұспалмен сездірген... «Жергілікті халықты, оның басшыларын елеп-ескермеуді машық еткен пөлигон мамандары мен әскери шені биік офицерлер облыстың бірінші секретарымен ресми кездеседі. Әрбір ғалым-физиктің қасында бақылаушы күзетшілері күздиіп тұрғандықтан ашық-жарқын әңгіме де өрістемеген. Мамандар да «сойтеміз, бүйтеміз» деген әңгімеге мүлдем баспаған...» – деп түйіндепті Сайым Балмұханов осы кездесу туралы М. Сужиковтың өзінен естіген әңгімесі жайында естелігін.

М.Ә. СУЖИКОВ, Одақтық зейнеткер («Үшінші дүниежүзілік соғыстың бомбасы», «Казахстанская правда», 20 шілде 1991 жыл, хаттаушы Л. Вайдман):

*«...Ертіс жағасына ірге тепкен, әскерилер тұрғызған тамаша шаһарды көргенде таңданған әсерім осы күнге дейін есімде. Көшелері, үйлері, шаруашылықтары сол уақыттың жұпыны тірлігімен қиыспайтын, көзім көрмесе сірәда сенбейтін, биік те сәулетті шаһар көз алдымда жайнап тұрды. Менің көз алдыма Ақтөбе облысында өзім көрген Қарабұтақ елді мекені, соның жарбиған жер үйлерінде өмір сүрген еңбекқор, жоқшылыққа төзімді қазақтар елестеді. Ал, мына ертегі сипатты сән қала ондаған, жүздеген қарабұтақ тұрғындары есебінен миллиондаған сом шығынына қарамастан небәрі үш жылда әскездеп тұрғызылғанын көрген соң іштегі өкініштер мен ескі қыжылым қайта қозды. Жә, сонда осы қала не үшін тұрғызылған? Қазақ даласының бейнетқор жанкештілерін радиация тозаңының астында ұстап, жылдар бойы ондап, жүздеп, мыңдап тұқым-тұяғымен құрту үшін бе? Сол бейшаралардың құжатына үңілсең — Кеңес Одағының азаматы деп жазылған. Демек, мына қала, соның сәулетті, еңселі үйлерінде тұратын ғылым иелері, соларды күні-түні күзететін әскери гарнизон да құдды бір біздің адамдарды мысқалдап сепкен радиация күлімен сынау мақсатымен салынған ба... деген ой, имандай шыным, мені көп уақытқа дейін босатпады (Даралаушы мен — М. С.).*

М. Ә. Сужиковтың естелігі.

Ядролық сынақтардан зардап шеккен Семей елінің жүдеу тұрмысын қайткен күнде оналту жолындағы М.Ә. Сужиковтың табанды күресі Қазақстан КП ОК-нің сол қарсаңдағы бірінші секретары Н.И.Беляевқа ұнамаған. Өзінен рұқсат сұрамай Мәскеуге, Хрущевке хат жолдап, іле-шала маршал Малиновскийге барғаны, ойы да, бойы да жер жалдаған тапал, оның есесіне әпербақандығы әлей Николай Ильичті қатты шамдандырған. Н.С. Хрущевке жіберілген баянхаттың екінші данасы Қазақстан КП ОК-нің секретарына емес, Министрлер Кеңесінің төрағасы Д.А. Қонаевқа жолдағаны да өзін жарты патша сезінген республика басшысын ерекше аландатып, айтарлықтай реніш туғызған-мыс...

Ал, Мұхамедғали Әленұлы Семей өңірінде өзі бастаған игі істерді пәрменді түрде қаузаудан жаңылмаған. Ол болса Семейдің елі мен жерін сауықтыру шараларды өзі жобалаған деңгейге жеткізу. «Тоң боп қатқан сен бұзылды. КСРО үкіметінің қарарында нақты көрсетілген шараларды тездетіп жүзеге асыру, соны баянды ету – облыстық партия комитетіне мұрат болса игі! Одан арғының маған керегі шамалы...» деген мансұқ ойға бас иіп, бюро мүшелерін, аудан басшыларын, шаруашылықтар пен құрылыс салаларының жетекшілерін сол іске жұмылдырып баққан. Николай Беляев болса өзі сияқты Кеңес жұмысының төменгі сатысынан көтерілген қайраткер. Тек он шақты жас үлкенірек. Яғни тәжірибесі молырақ. «Олай болса әлі-ақ түсінісеміз, бір-бірімізге демеу болып, халық қамы үшін талай істі бірге атқарамыз» деген түйсікке де женсік бергені анық.

Теміртау қаласында ірге көтерген кара металлургия алыбы, «Қазақстан Магниткасы» атанған құрылыс алаңында Кеңес Одағының әр жерінен жиналған жастар, жалпы қарамы 30 мыннан астам жұмысшылардың ас пен ауыз суға, баспана жетімсіздігіне наразылығы 1959 жылғы тамыздың бірі күні бұрқ еткен. Солардың белсендірек қимылдаған тобы асханалар мен мейрамханаларды, азық-түлік дүкендерін тонап, бейбастақ әрекетке көшкен кезде, Мәскеу іргесіндегі Барбиха сауықханасында демалып жатқан Н.И. Беляев Қарағандыға ұшып келгенімен ереуілді тоқтата алмай, дәрменсіздік аңғартқан. Бірнеше милиционерлер мен жұмысшылар мерт болған, көтерілісшілер де оққа ұшқан. Жағдай ушығып, «Теміртау көтерілісінің» дақпырты шетелге де жеткен. Теміртаудағы бүліншілікті тоқтатуға КПСС ОК-нің секретары Л.И. Брежнев келіп, Алматыдан оған Министрлер кеңесінің төрағасы Д.А. Қонаев қосылып, Қазақ КСР Ішкі істер министрі, генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевқа пәрменді шаралар қолдануға рұқсат етіп, көшеде сабылған мыңдаған тобырды 5 тамызда жатақтарына күшпен қайтарған.

«Теміртау оқиғасы» аталған дүмпуді КПСС-тің Орталық Комитеті екі мәрте қарап, Қазақстанның бір топ басшы қайраткерлерін (негізінен қарағандылықтарды) қатаң жазалаған: Қарағанды КП обкомының бірінші секретары П.Н. Исаев пен құрылыс тресінің бастығы Вишневский қызметтерінен босатылып, екеуі де партия қатарынан аласталған.

Ушыққан мәселе Қазақстан КП ОК-нің жабық пленумында талқыланған. Күллі Одақ қана емес, шетелді де таңғалдырған қантөгіспен аяқталған дүрбе-

ленді ізін суытпай талдау онай емес. Биік мінбеден ашылы-тұшылы сөздер айтылған. Талқы әбден қызған кезде мінбеге М.Ә. Сужиков те көтеріліпті.

«Партиялық парыз-міндетіне немқұрайды қарағандар, алаңдағы халыққа оқ атқандар, ланкестік жасағандар жазаланды. Дүрбеленді бастаушылар кәсіби содырлар болып шықты. Бәрі түсінікті. Алайда, өз басым осы түсіндірмеге иланғам жоқ. Неге? Теміртаулықтардың наразылығының түп себебін тегінде «Не ексең – соны орасын» деген халық нақылымен байланыстыра іздеу керек. Сол жөнмен талдағанда бірнеше сауал туады. Бірінші, Қарағанды сықылды алып регионға тағайындалған облыс басшысы кім, қандай «қайраткер»? Теміртаудан таяқ тастам жерде отырып, 30 мың адам көшеге шыққанда Исаев селт етін, шөп басын сындырмаған. Наразылық білдіруші жұмысшылармен бетпе-бет кездесуге өзі бармай, көмекшілерін жұмсаған. Демек ол үлкен облысты басқару түгілі, шағын фабрикке директор болуға қабілетсіз адам. Жә, сонда, осыншама можантопай, әлжуаз кадрды аса ірі Қарағанды облысын басқаруға кім ұсынған? Бұл сауалға КПСС Орталық Комитетінің ұйымдастыру бөлімі жауап беруге тиіс. Екінші, Исаевтың сол күндердегі дәрменсіздігін Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші секретары Беляев жолдас та қайталады... Демалысын үзіп, Қарағандыға ұшып келгені жөн-ақ, тек не бітірді? Дүрбеленді тоқтата алмады. Николай Ильичтің кешігіп кірістім дегені пленум мүшелерін қанағаттандырған жоқ. Меніңше, бұл мәселе де КПСС Орталық Комитетінде талқыланып, қортынды жасалуға тиіс...»

Түп мәнінде бұл – кімді болсын қарадай шошытатын тегеуірінді сөз, партиялық тұрғыластары ішінде тұншықтырған күйкі шындықты түре айтқан саяси қаралау.

«Ана тілі» газетінде жарияланған «Хрущевке хат жазған себебім» атты сұхбатында Мұхамедғали Әленұлы (23 тамыз 2001 жыл, жариялаушы – Д. Белдебайұлы): *«Амал не, ақиқат ақырына дейін ашылған жоқ, Теміртау көтерілісінің түп себебі бүркеулі қалпында қалды. Пленум терең талдау жасап, жұмыскер наразылығының шынайы сырын ашуға ынта білдірмей, бәз-баяғы атөтті шараларды нұсқаумен аяқталды... – деп сол күнгі өткір де аса мәнді сөзін отыз жылдан соң есіне алыпты. – Келесі күні-ақ Семей обкомының хатшысы ұлтшылдық әуенде сөйлеп, оқиғаға саяси астар беруге тырысты деген ақпар Мәскеуге жөнелтілген. Сірә, сол жала Қазақстан КП ОК-тің бірінші секретары Н.И.Беляевтің ынтасымен ұйымдастырылған. Ғажапты қараңыз: бір аптадан кейін Семейге КПСС Орталық Комитетінің инспекторы жасырын келіп, мен туралы жатымсыз материалдар жинапты. Көбірек шұқшиғаны – менің іс-әрекетіме ұлтшылдық айғақтар байлау. Ертіс жағасынан мәнді ештеңе таппаған соң Қызылорда мен Ақтөбеге барыпты. Адал адамға ойдан шығарылған күйе жұға ма? Жұқпайды. Сөйтсе де сол шіркіндер аяғымнан шалуды тоқтатпады. Алматыдан да: «Бұларың не? Қойыңдар!..» – деген ескерту болмады. Бәрін де естідім. Әр жерде оңды ісім, ізім қалғанын көңіліме дәт санадым. Пәле-жала іздеушілерді тоқтат деп ешкімге бармадым. Ісім оңды, жұмысым таза. Ар-ожданым бекем. 1959 жылы Семей облысы мемлекетке ет және өзге де ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарын*

*барлық міндеттеме бойынша асыра орындады (соңғы 4-5 жылда бұл өңірде болмаған, үнемі қарыз болып қалудан құтылған соңғы сәттілік), сол үшін де облыстың бірінші басшысы кем дегенде «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталатын дәсімді ескермей, Қазақстан КП ОК-і мені «Еңбектегі ерлігі үшін» медаліне ұсынды. Сол қиянатты Мәскеу де түзеткен жоқ. Бұл енді облыстық бірінші басшының беделіне жағылған қара таңба есепті «марапат». Соған да реніш білдірмедім, бұйырмаған орденге не себепті қынжыламын?.. Ақыры, 1959 жылғы жоспарды сәтті орындауымыз бөгет болып, соңыма шам алып түскен мәскеулік инспекторлар біршама уақытқа козден де, көңілден де ғайып болды...»*

Ең ғажабы, Сужиковке дайындаған орға Н.И. Беляевтің өзі құлап, 1960 жылдың басында «үлкен республиканы менгере алмаған кабілетсіздігі мен әлжуаздығы» бас жұмысына жазылған сөгіспен Қазақстандағы мәртебелі қызметінен босады.

1960 жылғы пленумда Қазақстан КП Орталық комитетіне бірінші секретарь болып Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сайланған. Ол болса Қазақстан коммунистері ұйымының тарихында ел билігін қолына ұстаған екінші қазақ тумасы! Яки Ж. Шаяхметовтен кейін...



*Семей қаласындағы Абай Құнанбайұлының әдеби-мемориалдық мұражайы*



1959 жылдың кара күзінде толассыз күйған жауын-шашын, оған ілесе қалыңдығы бір жарым метрге жеткен қар мен көксокта мұз келесі жылға ұласып, көптеген аудандарда мал шығыны мың-мыңдап көбейді. Қазақстан диқандары кешігіп піскен мол астықты дер кезінде жинай алмай, былтырғы 950 миллионның орнына небәрі 700 миллион пұт дәнді дақылды қамбаға әрен күйған. Ең өкініштісі, бір миллион гектар егіннің астығы орылмай, кенеттен жауған қалың қардың астында қалған.

Семей облысы да егін ғана емес, төрт түлік мал басын көбірек жұттып, оған қоса көктемгі жылымықтың кешігуінен де ерекше зардап шеккен. Нәтижесінде облыс шаруашылықтары 1960 жылғы ауылшаруашылық өнімдерінің жартыжылдық жоспарын орындай алмады. Жоспардың озгеше ойсырауына М. Сужиковтың төтенше нұсқауы да себеп болған: есеп-қисапқа жүйрік хатшы қыстан жүдеп шыққан арық малды күйі көтерілгенше етке өткізуге тиым салған; онысы енді «тауықтың балапанын күзде санау» амалы; яғни ет тапсыру жоспарын қасақана тежеп, әрі дегенде қараша, иә желтоқсан айында орындау...

**М. СУЖИКОВ, Қазақстан КП ОК-нің 1960 жылғы 21 маусымда шақырылған пленумындағы сөзінен:**

*«Семей облысының еңбекшілері астық өндіру тапсырмасын жетіжылдықтың екінші жылында толық өткізіп, 1965 жылға дейін өндірілуге тиіс 70 мың тонна ет өткізу тапсырмасын 1961 жылы, яки жетіжылдықтың үшінші жылы толық орындауға міндеттеме алды. Сол үшін де биыл 68,8 мың гектарға бидай, 128 мың гектарға жүгері егіп, былтырғыдан 42 мың гектарға бидай артық себілгенін мен қанағаттанған сезіммен сіздерге мәлімдеймін. Өткен жылғы қыс біз үшін өте қолайсыз болды. Қар ерте түсіп, жылдағыдан кеш еріді. Қыс бойы түтеген боран мен қақаған аязда Семей облысының еңбекшілері аянбай еңбек етіп, жанқиярлық ерлік үлгісін көрсетті. Рас, мал шығыны көбейді, төлді жоспардағыдан кем алдық. Соған қарамастан облыс еңбекшілері ет пен жүн тапсыру міндеттемелерін алдағы қараша айында, әрі дегенде 15 желтоқсанда орындауға әзірлік жасап отырмыз. Бұл да нақты есеппен және барлық мүмкіндіктерді ескерумен жасалған жоспар...»*

Жаз туа аудандардағы ахуал оңала бастаған. Егін шығымы көңтерімді, төрт түлік малдың күйі көтеріліп келеді. Соңғы екі жылда салынған шошқа мен құс комплекстері қалыпты жұмыс істеуде. Қысқа әзірлік үдемелі қарқында жүруде. Жартыжылдық жоспардың кемтігін күзде толтыруға дайындық ойдағыдай...

Ауылшаруашылығы өнімдерін тапсырудың кешеуілдеуі – пәле-жала іздегендер үшін мықты айғақ. КПСС ОК-інің ұйымдастыру бөлімін сынағыш Семейлік секретарьды қайта көтерілместей етіп жазалауға қолайлы сәт туды деп есептеген қаскөй топтың ұжымдық хаты КПСС Орталық комитетіне Семейден жаз айында жөнелтілген...

Сол хатқа қол қойғандар – қарапайым еңбек адамдары, иә қатардағы коммунистер емес, қалалық, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары. Бәрі де мінезі қатыбас бірінші секретарьдан жұмысты ақсатқаны үшін қысым көргендер. Ескерту парыз: орыс ұлтының өкілдері және Семейдің байырғы тұрғындары емес, тың көтеру дүрмегі кезінде С.М. Новиковтың шақыруымен Ертіс өңіріне қоныс аударып, аупартком хатшылары мен аупартком төрағалары қызметін иеленгендер. Сол хатты ұйымдастырушы Көкпекті аупарткомының бірінші секретары И. Машинцев (1959 жылғы астық тапсыру жоспарын орындамаған бірден-бір аудан болғаны үшін Мұхамедғали Әленұлы оны қырына алып, «биылғы жоспарды құлатсаң – қызметінді тапсырасың...» – деген ескерту алған шенеунік). Сол топтың қаскөй әрекетін облыстық комитеттің бюро мүшелерінің кейбірі қолдаған. Мысалы, Семей қалалық партия комитетінің бірінші секретары И.Г.Запорожцев, қалалық кеңестің төрағасы З.С. Лосева...

Әлбетте мұндай пәрменді хат елеусіз қалмайды. Орталық Комитеттің үш бірдей қызметкері, қомақты бригада болып (біреуі ұйымдастыру бөлімінің инспекторы), Т. Калинин, В. Мерзляков және Г. Захаров Семейге жедеғабыл жеткен...

Ауыл шаруашылығының әр аймаққа тән ерекшелігін білмейтін, әсіресе Қазақ даласының қатал табиғаты туралы түйсігі шамалы, Мәскеудің «Ескі алаң» төріндегі еңселі кабинеттерде шалбар тоздырған, үстел басында құздып отырып, жер-жердегі қайраткерлердің әнкі-тәнкісін шығаратын әдіс-айлаларды әбден меңгерген шенеуніктер өздері жобалаған қастандықты жүзеге асыруға жедел кіріскен (Олардың тіміскісіне Қазақстан КП Орталық Комитеті араласпаған, партиялық тәртіпке сайып, бейтараптық сақтаған. Әлде өздеріне аса иіле қоймайтын дөңайбаты мол хатшыдан құтылуды жобалаған?...<sup>1</sup>

Әлқисса содан лауазымы биік әкімді немесе біртуар ғалымды жарға жығарда аяусыз қимылдайтын атақты «Правда» газеті «Сөзі ісіне сай емес» деген сыни мақаланы тамыз айының соңғы аптасында жариялаған. Екінші бетке басылған қомақты мақаланың орта тұсына: «Семей облысында өздері қабылдаған міндеттемені орындауға тиянақты жұмыс жүргізілмейді» деген мәні қатқыл сөздер ірі әріптермен дараланып жазылған. Бұл енді күнін сөнді, қоржыныңды қамда деген сөз. Партияның бас газетінің жойқын сынынан ақтала алмайсың. Ақталу қайда, «ит жеккенге» айдаласың...

«Правданың» үш бағанын алған мақала Семей облысы еңбекшілерінің жетіжылдықтың екінші жылында алған көтеріңкі міндеттемелерін, яғни мемлекетке 1960 жылы 30 миллион тонна астық, 60 мың тонна ет, 53 мың тонна сүт, 6500 тонна сүт және 15 миллион дана жұмыртқа өткізуге уәде еткенін қайталап, биылғы алты айда сол жоспардың ет бойынша небәрі 25 пайыз, сүттен 43, жүннен 54 пайыз орындалғанын, соның бәрі облыс-

<sup>1</sup> Д.А. Қонаев «Өтті дәурен осылай» кітабында Мұхамедғали Әленұлының есімін 124-бетінде даралап атап, «Заман азса, таяқ жуан тартады дегендей, М. Сужиков Қазақстан КП ОК-нің идеология жөніндегі хатшысы болған 1951-1954 жылдары... оның «әттегені» тамырын терең жайып, өрши түсті» десе, 123-бетте ұлтшылдарды «әшкерелеудің» ерекше қатаң жүруіне Ж. Шаяхметов екеуі тікелей кінәлі екенін баса айтып, аса қатқыл сөздермен сүмірейте сипаттаған. Мұхамедғали Әленұлының Ақтөбе, Қызылорда және Семей облыстарындағы игі жұмыстары туралы тек ләм-мим демеген...

тық комитеттің бірінші секретарының қағазбастылыққа ұрынып, жарты жылда 136 қарар қабылдап, 55 жеделхат жөнелткен машығын күйрете сынаған. Ал, ауа райының өткен қыста қолайсыз болғандығы жайында ештеңе айтпай, қыстамаға қалдырған малдың қарамамы күрт кемігенін оралымсыздыққа, қысқа азық жинамағандыққа сайған. «Ұсақ малдың қырылуы қаһарлы қыстан гөрі жадыраған жаз айларында көбірек болды, бұл болса — нағыз жауапсыздық...» — деген уытты сөз де осы жерде айтылыпты. Нәтижесінде облыс бойынша әрбір жүз сиырдан 53 бұзау, әрбір жүз саулықтан 68 төл туып, былтырғымен салыстырғанда 7300 бұзау, 190 мың қозы кем алынғаны бадырайта көрсетілген. Облыс шаруашылықтары келесі жылға мал азығын дайындау жоспарын шілденің біріне дейін небәрі 27 пайыз орындағаны да оралымсыздық нәтижесі делінген (Шөп дайындау науқаны негізінен шілде мен тамыз айларында жүріп, шабылған шөп қыстақтарға күзде тасылатынын «көреген» тілшілер, әрине, қасақана ескермеген). «Ауыл шаруашылығында 6 мың коммунист жұмыс істейді. Солардың бір мыңы ғана сауыншы, бақташы, шошқа бағушы, қойшы — облыс пен аудан басшыларының бұл істі назардан тыс қалдыруының айқын мысалы...» — деп, ауылшаруашылығындағы кемшіліктің басты себебіне жатқызылған. Бұл енді 6 мың коммунист дипломдарын сандыққа салып қойып, партиялық билетін қолына ұстап, мал бағуға шықса — жылдық жоспар алты айда емес, үш айда орындар еді деген жалған бопсаның нәтижесі. Сол тұжырымның да қиялмен астасқан әншейін қағида екенін газет тілшілері мүлдем сезбеген.

Семейліктер газет сынын қынжыла оқып (атақты «Правданың» әрбір мақаласын республиканың, облыстардың, аудандардың басылымдары іле-шала көшіріп жариялауы — міндетке айналған одағай рәсім), біз күткендей-ақ М.Ә. Сужиковты жабыла дүрелеу кешіккен жоқ. «Правда» мақаласы Қазақстан КП ОК-де жетінші күні, 1960 жылғы 27 тамызда талқыланып, сол пленумда қабылданған қатаң шешім келесі айдың 3 күні Семей облыстық партия комитетінің төтенше жиынында қайыра талқыланып: ол болса «Семей облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық өнімдерін ұлғайту жөніндегі және колхоздар мен совхоздардың 1960 жылға қабылдаған социалистік міндеттемелерін орындаудағы қанағатсыз жұмысы туралы» пленум»...

Жергілікті газеттер «Прииртышская правда» мен «Семей правдасы» жиын есебін 6 қыркүйекте жариялаған. Қазақстан КП Семей облыстық комитетінің үшінші пленумына арналған, екі бетке басылған есебінде сол жиынды өткізуге Қазақстан КП ОК-нің бірінші секретары Д.А.Конаев бастаған қомақты бригада және Мәскеуден КПСС ОК-нің инспекторы Т.Г.Калинников, нұсқаушы В.С. Мерзляков қатысқанын даралап атаған. Яғни, бірінші секретарьды дүрелеуге айрықша мән берілген, әлбетте оның бұқара халық мұңын жоқтаған іс-әрекетін ақтаған өрескел сөз тұмауына ерекше көңіл бөлінген. Бәлкім сондай әрекетті қайсарлығы мен қажыр-қайраты тежеусіз М. Сужиковтың өзінен де күткен. Сірә, сол себептен де Мұхамедғали Әленұлының Семей атырабындағы белсенді қызметін теріске жорып, сүмірейте сынауды Д.А. Конаевтың өзі бастапты. Қазақстан КП ОК-нің бірінші секретары үлгі көрсеткен дүрелеуді обком мүшелері жалғастырған. Бәр-бәрі бір сарынды, Сужиков жолдас ұжымдық сезім мен партиялық инабаттан ада, қандай шаруаны одағай әкіреңмен тек қана бір өзі шешкен-мыс...

Сол даңғазаны Семей қалалық партия комитетінің бірінші секретары И.Г. Запорожцев бастап, оны И. Машинцев қостап, екеуінің өткір сынын Новопокров ауданының партия ұйымының бірінші секретары С. Очеретянов пен мақаншылық П. Горбачев және басқалар жалғастырып, өңкей ивандар таңғаларлық дәрекілікпен жарыса тіл безеп, Сужиковтың жеке басының кемшілігін бақайшағына дейін тізген (Сонын бәрін 55 жылдан соң қайталау қажет пе? Әмбе бәр-бәрінің дәрекілігі айқын сөзінде ұлыорыстық шовинизм белгілері сезілумен қоса біздің халыққа деген астамшылық пиғылы белен берген. Соларға тек мәскеулік, иә алматылық партия қайраткерлерінің ескерту жасамағаны таңғалдырады).

Жиын қызған кезде Ақсуат аупарткомының бірінші секретары Өмірзақ Шокбатов мінбеге көтеріледі. Ол жайсаң залдағы көпшілікті ерекше түнілдірген дәрекі әуенді шұғыл өзгертіп: «Біз бүгін Мұхамедғали Әленұлын жайдақ атқа мінгізіп, аяусыз сынға алдық. Анығында сол сынның бәр-бәрі облыс басшыларына түгелдей тиісті. Мысалы, ауылшаруашылығы үшін тікелей жауап беретін облатком төрағасы Хасенов жолдастың немесе осы істерге тікелей жауапты, обкомның екінші хатшысы Березин жолдастың ешқашанда белсене қатыспайтын бейтарап қылықтарын неліктен сөз етпейміз...» – депті.

Алайда, Сужиковті дәрелеуге ұйымдасқан шешендер бұзық ниетінен айнымаған.

Пленум мүшелерін дәрі сілкіндірген, шынтуайтын айтқанда, алматылық һәм мәскеулік шенеуніктер қауіптенген шатақ сөз жиынның аяқ шенінде өрбіпті. Оны обком мүшесі, қала іргесіндегі миллионер колхозды жиырма жылдан астам уақыт сәтті басқарған Жұмажан Құдайбергенов айтыпты. «Жолдастар, мен бір жайтты түсінбеймін. Түсінбейтінім мінбеге маған дейін көтерілгендердің бәрі де биылғы планды Сужиков дәрекі бұйрығымен жарға құлатты десті. Сондай сын, естуімше, бұдан бір апта бұрын өткен Алматыдағы үлкен жиында да айтылыпты. Мен осы жайтқа қатты таңмын... – дейді Жамбыл колхозын басқарушы коммунист. – Жә, қымбатты жолдастар, бүгінгі күнтізбекке қараңыздар, сентябрьдің үшінші жаңасы. Дұрыс па? Яғни жылдық планды орындауға әлі де төрт ай бар. Егін оруды енді ғана басталды. Бітік шыққан биылғы егінді жинай алсақ, астық тапсыру жоспарын осы айдың аяғында күллі облыс асыра орындайды. Рас, төрт түлік мал аса қатаң қыстан жүдеп шықты. Оны июнь мен июльде етке тапсырсақ, есеп-қисап білмейтін ақымақ қожайын атанар едік. Мысал келтірейін: тірі салмағы 60-70 килодан асып жығылатын еділбай қойын июнь айында 30-40 киломен өткізуге бола ма? Жок! Сужиков жолдас бізге малдың қонын көтеріңдер, ет жиып, семіргенде ғана өткізіндер деген нұсқау жолдады. Бұл енді шаруа жайын білетін ақылды адамның кеңесі. Ал, біздің ЦК, оның әміріне бас шұлғыған кейбір ауданның ұраншыл басшылары әлгінде Сужиков ет жоспарын қасакана құлатты деп білгішсін-ді. Менің осы сөзімді бағындар, ағайын, қараша айында, иә желтоқсанның басында облыс биылғы ет жоспарын 70 мың тоннаға жеткізіп, асыра орындайды. Бір ме? Екінші, Мұхамедғали Әленұлы облысты жалғыз өзі басқарған жок. Біздің обкомда төрт хатшы, облаткомның төрағасы, оның төрт орынбасары бар. Обкомның бюро мүшелері 11 адам. Семей облысының шаруашылықтары уақытша тап болған қиын жағдайды, «Правда» газеті жазғандай рас болса, соны жасаған 11 коммунист түп-түгел жауап беруге тиіс. Сужиков жолдас жалғыз өзі сол үшін неліктен жаза тартады? Түсінбеймін, кексе жастағы коммунист ретінде мен мұндай солақай дәрелеуге қарсымын. Шындығында бұл 1937 жылғы солақай қуғынды қайталау, Компартия сол сүргінді ашып, жаңсақтығын халыққа әйгіледі... Жә, тағы бір келенсіз жайтты айтайын. Березин жолдастың екінші хатшы болып обкомда шіреніп отырғанына он жыл болды. Содан бері ол қала іргесіндегі Жамбыл колхозына бір рет келуге уақыт тапқан жок. Сөйтуге ықыласы да болмады. Ал, Сужиков жолдас екі жылда біздің колхозға екі мәрте келіп, колхозшылардың мұн-мұқтажын тыңдады, олар айтқан оқы шаруаларды оңдауға жәрдем берді. Менің ойымша, М. Сужиковтың «қылмысын» қағаз хаттамалары арқылы тек-

серіп, теріс-қағыс қорытынды жасаған мәскеулік жолдастар жергілікті пысықтар құлағына сыбырлаған өсек-аянды жинамай, біз сияқты еңбек адамдарымен сөйлескені жөн еді, амал қанша?! Меніңше, Мәскеуге арыз жолдаған белсенділер, Орталық Комитетте соларды қызу қолдаған жолдастар партияның адал солдаттына зор қиянат жасаған. Соларды да бүгін ортаға шығарып, коммунистер талқысына салу керек. Иә, сонсон, жарты жылдық жоспарды жарға құлатқан жалғыз Сужиков пе? Жок, оны құрдымға құлатқандар, бүгін мінбеден бұлбұлша сайраған Машинцев, Очеретянов, Горбачев сияқты аупартком секретарьлары. Демек, олар да мәртебелі қызметін Сужиковпен бірге тапсырсын. Өйткені, жоспардың құлауына ең алдымен солар кінәлі. Сөйтер болсақ, қымбатты жолдастар, Компартия жарғысына сай әділ жаза болады...»

Арада бір ай өткен соң обкомның түртпектеуімен Жамбыл колхозының неше жылғы есеп-кисабы тексеріліп, кемшілік іздегендер ілгешектер тауып, миллионер колхозды жиырма жыл бойы алға сүйреген бастығының қыруар еңбегін ескермей, қатаң сөгіс байлап орнынан босатады. Әділетсіздікке жаны күйген Жұмажан ақсақал Новопокров ауданында одан әрі жұмыс істеуден үзілді-кесілді бас тартып, Семей қаласына қоныс аударады. Әлбетте обком мүшесін жұмыссыз қалдыруға болмайды. Сол күзде ол цемент зауытының тұрмыстық-коммунальдық бөліміне бастық болып тағайындалды. Мәртебелі қызметтен төмендегендер үшін бұл енді, әсіресе кексе жастағы адамға қолайсыз орын...

ЕСКЕРТУ: обкомның құпия бөлімінде сақталуға тиіс М.Ә. Сужиковтың жеке басының ісі, Мәскеуге жолданған жалалы хаттың көшірмесі, «Сужиков туралы және облыстың ауылшаруашылығын 1958-60 жж. басқарудағы кемшіліктері жайындағы» мәселені талқылаған пленум материалдары жиналған мұқабаның тыстығы бар да, ішіндегі материалдар сақталмаған. Сол турасында мұқабаға жабық сектордың қызметкері Боғомоловтың



«№ 8 папкадағы құжаттар бюро қарары бойынша өртелді» деген ескертуі ғана бар. Демек, осы шара М.Ә. Сужиковке қастандық ұйымдастырған топтың пасық әрекетін жым-жылас жою үшін жасалған...

Сонымен Мұхамедғали Әленұлы Сужиков өмір ағысының алдында жүруге жан-тәнімен тырысқан қайраткерлігі үшін елу жастың өріне көтерілуіне небәрі он күн қалғанда Семей облысындағы мәртебелі қызметінен қуылды. Мойнына байланған ресми айып: 1960 жылғы мемлекеттік жоспарды құрдымға құлатқаны үшін...

Шындықты әлбетте қағазы жұп-жұқа газет түгілі, қалыңдығы жырта қарыс бетон астына да жасыра алмайсың. Ақиқат кашанда халыққа жетеді. Осы істе де солай болды. Үш айдан кейін Семей облысы ауылшаруашылығы өнімдерін мемлекетке тапсыру жоспарын барлық сала бойынша асыра орындаған. Жә, сонда, қыркүйектегі асығыс талқы, уақытша кемшіліктерді жаппай тізумен ұйымдастырылған жазалау не үшін жүзеге асқан? Қажетсіздігі, әділетсіздігі бетке ұрып тұрған қаһарлы жазаның түп себебі неде? Сол данғазаға бір топ семейлік соғындылардың белсене қатысқаны – бас араздық пен ауыл-үйлік арызқойлықтың салдары. Орынтағы мықтырақ бір әкім: «Әй, жолдастар, тиылыңдар!» десе – бұтын қысып, жым болатын ұсақ жандардың күйкі әрекеті. Сол әділетсіздікке не себепті данғыл жол ашылды?..

Біздіңше, көп негенің жауабы – біреу: Мұхамедғали Әленұлының осы облысқа келген күннен тыным көрмей, ядролық жарылыстардан әбден запы болған, радиация зардабынан азап шеккен шерменде халықтың көкейкесті мүддесін қорғап, айбыны күшті әскери зонаның бастықтарымен, әскери кешеннің жетекшілерімен егер сөзге түскен адуын қылығынан өрбіген. Мысалы, оны кабинетінде қабылдап, кейбір ұсыныстарына жөн деген Қарулы күштер министрі, маршал Малиновский үкімет басындағы дөкейлердің біріне: «Мына секретарьды Семей облысында ұстауға болмайды...» – деуі әбден ықтимал гәп. Қазақстан КП Орталық комитетінің секретариаты сол себепті оны қорғамаған, Мәскеудің қырғиша шүйілгенінен бой бағып, тым-тырыс қалған...



Мұхамедғали Әленұлының отбасы түсінікті себеппен Семейден таңғы төртте жүретін пойызбен аттанған. Сөйтсе де хатшының отбасымен сыйластықта болған бір қауым семейліктер стансаға келіп, қоштасу рәсімін жасаған. Сол топтың ішінде Қазақ КСР-ның Халық әртісі Күләш Сәкиева да болыпты (Ол кісі сол жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланған әрі Мұханның құдайы көршісі). Сужиковтың бәйбішесі шығарып салушы жұртқа сол таңда: «Мұханның арқасында дастарқандарың ет пен майға толып еді. Енді кайтесіндер, тағы да құрғақ талқан мен кара нанға қарайтын болдыңдар. Сендерге жаным ашып тұр, сорларың бес елі екен...» — депті-мыс (Семейлік қауымға осы сөздің анайы түрі тарады: нақак жазаға жаны күйген әйел аттанарда екі саусағының арасына бас бармағын қысып көрсеткен-мыс, сол сөзді мен кезінде цемент зауытының жұмысшы қауымынан естіп, бас шайқаған едім)...


Темір жол бекетіне келгендердің бірі — Асылхан Бекбаев. Осы мәселе жайында әңгіме үстінде ол: «Медеужан, несін айтасың, Мұхан іскерлігіне қазақы болмысы сай адам еді. Семейден аттанарда пәтеріне барып, үйге дәмге шақырдым. Әйелі екеуі бірер сағат біздің үйде қонақ болды. Есімде қалған бір сөзі: «Асеке, кешегі соғысты басыңыздан кешкен азаматсыз. Сіздің елдің ертеңгі мүшкіл жағдайы жаныма батады. Не күйде боласыздар, білмеймін. Көршілердің дүрсілі басылмай бұл «соғыс» тиылмайды. Сол жағдайды түзетпек болып едім, қайрат-күшімді шамалай алмадым. Аман болыңыздар!..» — деп өзінен де гөрі бізге жаны ашығанын мен көпке дейін ұмыта алмай егіле ойлап жүрдім. Не деуге болады? Мұханды шығарып салған соң-ақ оның орны көп жылдар бойы үнірейіп тұрды...»

Иә, бұл да, семейліктер көп жыл бойы тартқан азап. Мен, осы кітапты толғаушы, соған куәмін. Келесі жылы-ақ Семей облысына берілген жеңілдіктер мен қосымша қорлар қайтарылып алынып, тиісті сыбағадан қағажу көрген байырғы ел бәз-баяғы жүдеу қалпына түсті. Өскемен мен Павлодардың дүкендері ет пен майға, басқадай да азық-түлік түрлеріне толып тұрғанда, Семей дүкендерінің сөресі жылан жалағандай бос болуы, аудандағы халықтың халі бұдан да сорақы екені — күйкі шындық...

Семей облысының тұрғындары аса жүдеген қарсаңда М. Сужиковтың Ертіс жағасына тап болып, бар-жоғы екі жарым жылда игі жұмыстар атқарғаны — дүйім елге мәлім шындық. Ал, егер осы өңірде ол бес жыл еңбек етсе, қорғаушысы жоқ жетім баладай мүсәпір халдегі біздің жұрт пұшайман тірліктен біршама арылып, жағдайымыз басқаша болар ма еді? Амал не, Мұхамедғали Әленұлының осы өңірде ұзағырақ еңбек етуін келімсек-шовинистер қалаған жоқ, пасық амалмен дегеніне жетті. Сол шіркіндердің бәрі де төтенше ауыру мендеген елге ешқандай көмек жасаған жоқ. Бірер жылдан соң «Пәлелі жерден машайық қашыпты» деген желеумен басқа жаққа тайып берді...

Зейнетке шыққаннан кейін де Мұхамедғали Әленұлы 18 жыл өмір сүріп, жасы 89-ға қараған шағында 1999 жылғы тамыз айында дүниеден қайтқан. 1999 жылғы 14 тамыздағы ҚР үкіметінің мұнақыбында ол туралы: *«Барлық жауапты жұмыстарда марқұмның қайраткерлік позициясы, ұйымдастырушылық таланты жарқырап көрініп, Қазақстанның мәдениеті мен экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосты... Оның өмір жолы — Қазақстан халқына қызмет етудің жарқын мысалы»,* — делінген.

СЕМЕЙ. ЕРТІС ҮСТІНДЕГІ АСПАЛЫ КӨПІР





Елу жастын өріне шығарда таудан домалаған тас сияқты, биік мансаптан құрдымға құлатылған мемлекеттік қайраткердің құныкері табылмай, сол қиянаттың себеп-салдары сұраусыз кеткендей еді...

Л. ВАЙДМАН, «Әлемдік 3-ші «соғыстың» бомбасы», «Казправда», 20 шілде 1991 ж.:

*«Дон-Кихотқа ұқсаған көзсіз батырлар әр уақытта болған. Солардың бірі – бес ағайынды Асылбековтердің кенжесі Амантай қажы. Ол Мәскеудің Автомобиль жолдары институтын бітіріп, мамандығы бойынша жұмыс істеуден соң партиялық аппаратқа іліккен. Бірақ, өр мінезге ие әрі әділдікке бас иген бірбеткей жаратылысымен Амантай Асылбеков Алматыдағы партия хатшылары нұсқаған «сара» жолмен жүргісі келмей, Қазақ елі тәуелсіздікке ұмтылған жылдарда «Аттан» қозғалысын ұйымдастырып, көшеге шыққан. Сол кездегі неше түрлі батыл әрекетімен күллі Қазақ еліне танылған. Сол күндердің бірінде ол Саяси бюроның бұрынғы мүшесі, Қазақстан КП ОК-нің бірінші секретары, кәсібі бойынша технар әрі ғалым-академик Д.А. Қонаевқа барып, «Билік басында болған ширек ғасырда Семей тұрғындары тап болған қасіретті біліп те, көріп те отырып, сол байғұстарды азаптан құтқаруға сіз не себепті әрекет жасамадыңыз? Ертіс өңіріндегі сормаңдай ел, бірнеше жүз мың адам 42 жыл бойы осы азапты аяусыз тартты. Соның отыз жылдан астамы сіз Қазақстанда бірегей билік жасаған уақытқа дөп келеді...» – депті.*

Әсілі, бұл – мындаған адамдардың көкейінде шер боп қордаланған күпті сауал. Сол шердің 1990-жылдарда Амантай Асылбекұлының аузымен зейнеткер Ел ағасынан қадала сұрауы – аттаншыл жанның жаратылысына сыйым-



ды батылды. Тек эссе авторы әлдеқандай себеппен Дінмұхамед Ахметұлының жауабын нақты жазбаған. Л. Вайдман эссесін Мұхамедғали Сужиков сияқты ел қамын тебірене ойлаған, сол жолда биік мансабын тәрк еткен ерлер жалғыз-жарым болмай, көбірек болса – семейліктер тартқан қасірет бәлкім 42 жылға созылмас па еді, кім біледі деген өкінішпен аяқтапты.

Күдік-күмәні мол осы жайтты біз 2016 жылы Амантай қажының өзіне сұрау жолдап, анықтадым: «Мен сол гәпті біле тұра наразылық білдіре алмадым. Мәскеудің құзырындағы шаруаға араласуға ешқандай қакымыз жоқтығын білгендіктен де үндемедім. Ядролық полигон біздің жерде 1949 жылдан беріде пайда болған жанды жара – оны басқа жаққа көшіру, иә жарылыстарды азайту туралы мәселе көтеруге бізде, шырағым, ешқандай дәрмен болмады. Полигон иеленген аймақ біз үшін үнемі жабық болды...» – деген уәж айтыпты Дінмұхамед Ахметұлы.

Түсінікті гәп. Сөйтсе де?..

Н.Е. Морозовтың Мәскеудің «Новые Черемушки» баспасынан 2002 жылы жарық көрген «Горькая правда» деп атаған естелік кітабының 96-бетінде Семей облысының басшыларымен және үш бірдей әскери жоғары шенді адамдармен Саяси бюро мүшесі Д.А. Копаевтың жайбарақат калыпта әңгімелесіп тұрған суреті жарияланған. Сол фотоайғақта бейнеленген салиқалы калпына карап, Дінмұхамед Ахметұлын Семей полигонына кездейсоқ тап болған қонақ деп сірәда айта алмайсын. Амал қанша, Амантай қажының күпті сұрауы естіген жауабына қанағаттанбағаны да, сірә, содан-ау деген ойға қаласын...





# СЕГІЗІНШІ ТАРАУ ҚИСАПСЫЗ КӨП ЖАРЫЛЫС КІМ ҮШІН?



**Ш**етел журналистері Америка ғалымдарының радиоактивтік бөлшектер түземеітін «Таза бомба» жасауға кіріскені турасында 1956-1957 жылдары үлкен даңғазы көтерген. Айтуларына, сол бомбалар үлкен қалаларды немесе ірі өндіріс ошақтарын қасқағым сәтте жоятын алапат қуатқа ие, ең тажабы, бірде-бірінен ауаға да, жер бетіне де ешқандай зиянды бөлшектер тарамайды-мыс. Түскен жерін тас-талқан етеді, сол кезде өршітін ауа толқыны ондаған шақырым аймаққа тарап, жүз жылдық ағаштарды тамырымен суырып, биік үйлерді допша аунатып, айна көлдерді арнасынан төнкеріп, электр жүйелерін жаппай сұлатып, соның аяғы қаудаған қалың өртке ұласады. Әлбетте сол кезде қанша мың адам жер жастанады. Демек, бұл қарудың қуаты мыңдаған тонна қонарғыш заттар жасаған бүлдірулерден жүздеген есе асып түсіп, миллион адамды қасқағым сәтте жояды немесе мүгедек етеді-мыс.

Осы даңғазадан орбитін үрей, АҚШ басшыларының болжауына, әлем халқын ерекше шошындырып, үкімет басшыларын өздерінің дегеніне көндіруге тиіс...

«1957 жылдың басында И.В. Курчатов маған жаңа қарудың бүлдірумен қоса радиоактивтік заттар да түзейтінін ғылыми дәлелдеп, сол даңғазаның әншейін сөз екеніне дүйім жұртты иландыратын дәйекті мақала әзірле деген ой айтты. Яғни американдықтар бәз-баяғыдай «үлкен шоқпар» етпек болған термоядролық бомбаның бұрынғылардан айырмашылығы шамалы екенін иланымды айғақтармен әшкерелейтін пікір туғызуға тиіспін. Оған қоса өзіміздің басшылардың да ядролық сынақты шексіз өрістеткен «жарысын» сол еңбек қалайда ақтауға тиіс. Қысқасы, мен сол ойға әу баста келісем де жаза келе ғылыми жетекшім ұсынған насихаттан бас тартып, өзім шүбәсіз анықтаған тосын дәлелге көбірек тоқтадым...» – дейді Андрей Дмитриевич «Естеліктер» кітабының 203-бетінде.

«Ядролық жарылыста түзілетін радиоактивті көміртегі және тежеуге көнбейтін биологиялық зақымдау» деп атаған еңбегін ғалым «Атом энергиясы» журналына ұсынады...

Академик А.Д. Сахаров осы еңбегінде адамзат қауымына төнген жаңа қатерді түре ашып: «Рентгенолог-дәрігерлер ұзақ жылға созылған кәсіби міндетін орындауда өздері бойына алатын радиоактивтік әсердің жалпы мөлшері 1000 рентген деген межеге тоқтап, жанкешті байғұстардың ғұмыр жасы 5 жылға қысқаратыны медицина тарихында ресми қабылданғанын ескерту арқылы нақ осы залалға Жер шарының қатерлі аймағында тұратын әрбір жан иесі термоядролық бомбаның бір минуттық сынағы кезінде тап болады» – деген жантүршігер тұжырымды бадырайта көрсеткен.

«Адам баласының ғұмыры орташа есеппен шамалағанда 20 мың тәулік, яки 55 жыл екені мәлім. Ал, «бір рентген сәуле адамның ғұмыр жасын бір аптаға қысқартады» деген дерек шетелдік зерттеушілердің көп жылдық ізденісімен анықталған. Бұл аз ба, көп пе? Есептеп көрейік... – дейді ғалым. – Қуаты бір мегатонна ядролық жарылыста 10 мың адам құрбан болады деген сорақы тұжырымды анықтаған зерттеуші мен емеспін. Солардың үштен екісі радиоактивті көміртегінің 14-изотопынан мерт болады... Осы изотоптың азот ядросы түзейтін нейтрондармен реакцияға түсуі – американдықтар ойлап тапқан «Таза бомбаның» негізгі құрамы. Көміртегі изотопының жарым-жартылай ыдырауына кем дегенде 5 мың жыл керек. Демек, оның нақты зиянын, адам баласының нешінші ұрпағына тигізер залалын есептеу – аса күрделі жұмыс. Егерде алдағы бес мың жылда Жер планетасында өмір сүрген адамдардың саны 30 миллиардқа жетеді десек, солардың үштен бірі, яки 10 миллиарды термоядролық немесе «Таза бомбаның» кеселінен қасқағым сәтте мерт болуға тиіс. Жә, сойқаны мол бүлдірудің кілтінанын ашайын: біз келтірген есепте генетиктер стронций мен цезийдің адам ағзасына тигізер зиянын үлгі ретінде қарастырған; ХХ ғасырдың 50-жылдарында жер бетінде 2,5 миллиард адам өмір сүрді; 1957 жылға дейін, небәрі 12 жылда Жер бетін ластаған ядролық сынақтардың жалпы қуаты 50 мегатоннаға таяды. Менің шамалауымша, сол сынақтар 500 мың адамның өмірін соғыс болмаған бейбіт күндерде жоқ еткен! Сұмдық емес пе?! Ең шатағы, осы қырғын жыл сайын еселеп көбеюде, осыншама құрбандықтар планета саясаткерлерінің

бірде-бірін әзірше ойландырған емес. Демек, ядролық жарылыстар – адамзат қауымына жасалған қастандықтың ең зоры...».

А. Сахаров осы еңбегін 1957 жылы аяқтап, Курчатовка көрсетеді. Игорь Васильевич билік басындағы әлемдік қайраткерлерді аяусыз күйретіп, солармен бірге Кеңес Одағының басшыларына да таяқтың бір ұшын тигізе айтқан уытты сөздерін, өзін де аямай, күш көрсету саясатын жақтаушы ретінде сипай камшылауы ұнатпаса да ешқандай түзету жасамай, Орталық Комитетке ұсынған.

1958 жылғы наурыздан бастап Н.С. Хрущев ОК-тің бірінші секретары мансабымен қоса Министрлер кеңесінің төрағасы міндетін де қосаметкей атқаратын болды. Содан былай өзі жөн деп білген реформаларды ол едел-жедел іске асыруға кіріскен. Мақсаты игі – Кеңес халқын шат-шадыман тұрмысқа тезірек жеткізу әрі шетел еңбекшілері алдында өзін бейбітшілікті жақтаушы және соны баянды етер табанды қайраткер екендігіне иландыру...

Сол үшін де халықаралық аренада өзі турасында жатымды ой-пікір туғызу мақсатымен атомдық қаруға ие мемлекеттердің басшыларын қысылтаян жағдайға душар еткен ашық хат жолдаған: ол болса ядролық сынақтарды бір мезгілде жаппай тоқтату туралы таңғаларлық ұсыныс!.. Сөл хат әлем халқын жаппай сүйсіндіргенімен АҚШ пен Ұлыбритания үкіметтері Никита Хрущевтің ұсынысын дипломатиялық сөзбұйдаға салып: «Бұл мәселеге біз дайын емеспіз, әуелі жобаланған сынақтарды өткіземіз, осы саладағы мамандар бізден бір жылға кеңшілік сұрап отыр. Соған дейін келіссөзді тежей тұрайық...» – деген сипатта қашыртқы жауап берген. Кеңес Одағының басшысы соны да әжетіне жаратып («Бір жылға шыдаңыз» дегенді қасақана әйгілемей): «Міне, көрдiңдер ме, империалистер соғысқұмарлығын тағы да көрсетті. Бейбіт өмірді олардың суканы сүймейді, тек қана күш көрсетіп, қокан-лоқы жасауға дағдыланған. Ал, біз райымыздан қайтпаймыз. Атомдық сынақтарға біржақты мараторий жариялаймыз!» – деумен бірге халықтық үкімет құрған Еуропа елдерінің басын қосып, НАТО-ға қарама-қарсы қимыл үшін «Варшава одағын» ұйымдастырған. Мароторий мен әскери жана одақты сол көктемде шақырылған КСРО Жоғары Кеңесінің сессиясы мақұлдаған қарарды қабылдаған.

Кім не десе де, мүсәпір халдегі семейліктер: «Бәрекелді, Никита Сергеевич. Жарайсын, ризамыз, Сізге!» – десіп, ақ түйенің қарны ақтарылғандай шексіз қуанышқа кенелген. Сөйтiп, Ертіс жағасында біршама уақытқа мамыра-жай тыныштық орнады. Ұзағынан болғай деп, мазасыз басшымызға сәт-тілік пен денсаулық тіледік. Қайран даладай кең һәм игі сөзге сенгіш аңғал көңіл десенші?! Алайда?..

1958 жылдың жазында АҚШ пен Ұлыбритания термоядролық сынақтарды жиілетіп, жаңа бомбалардың қуатын ерекше күшейтеді. Оған қоса «Таза бомба» туралы даңғазаны қайыра жаңғыртып, әлем халқының назарын жиілеген сынақтардан далдалау амалын жүзеге асырған. Біздің идеологтар осы жайты өздерінің үгіт-насихат жұмысына арқау етіп, «Адамзаттың қас жауы импе-

риалистер бейбіт өмірдің салтанат құруын қаламайды, Кеңес Одағының тамаша ұсынысын тәрк етіп, ауаны, мұхит айдынын, күллі жер шарын радиация күлімен шектеусіз ластауда...» — десіп, қыздырма сөзді оңды-солды боратқан. Ұтымды ғана емес, аса өтімді үгіт екендігі даусыз.

Сол насихат ақыр аяғында Орталық Комитеттің сейфінде бір жыл бойы қозғаусыз жатқан А. Сахаровтың ғылыми жаңа еңбегін қамаудан суырып, «Атом энергиясы» журналының 1958 жылғы шілде айындағы санында жарық көруіне жол ашқан. Автордың айтуынша, мақаланың алғашқы мәтіні Н.С.Хрущевке де ұсынылыпты. Бұл жолы ол сол еңбектің саяси мәнін өте жоғары бағалап, шетелге де жедел таратуға нұсқау берген-міс. Сол еңбек тек көпшілік қауымның түйсігі жетпейтін қасаң тілде жазылған. «Сол гәпке көңіл аударған Игорь Васильевич маған: «Сен енді осы мақаланы кеңейтіп, ұғынықты ет...» — деді. Мен соны түсінікті жөнге келтіріп әрі кеңейтілген нұсқасын дайындап, «Ядролық жарылыстардың радиациялық қатері» деген дабыра атаумен айшықтадым. Сол нұсқа шетелге тарайтын «Советский союз» журналында жан түршігерлік сұмдық суреттермен безеніп, іле-шала жарық көрді. Қауымға әсері ерекше зорайып, ағылшын, неміс, француз, испан және жапон тілдеріне аударылды. Солар арқылы тағы да ондаған елге тарады. Әлбетте мақаланы мен КСРО Жоғары Кеңесінің атомдық сынақтарды біржақты тоқтату туралы тамаша қарарының тарихи мәнін ашумен бастап, шетелде көбірек жарияланған Э. Теллер мен А. Лэттердің «Біздің ядролық болашағымыз» деп атаған, көпірмесі көп, энергияның қайнар көзі ретінде асыра мадақталған кітабында жарылыстан туатын орасан залалды нақты айғақтармен сипаттамай, бүлдіргіш әсерін қасақана далдалап жазғанын, бомбаның түскен жеріне ажал себетін сұмдық сойқаны туралы ләм-мим демегенін де аяусыз сынап, өз ойымды мынадай түйінмен: «Кітап авторлары тәптіштеп түсіндіріп, «таза қарудың» адамзатқа зияны бір қорап сигареттің залалындай ғана деуін мен түсінбеймін және қабылдамаймын. Бұл енді көзге түртіп тұрған қатерді теріс-қағыс сипаттаумен қоса ақыл-есі дұрыс адам иланбайтын өтірік, соны ақ дәкемен бүркеген әншейін бопса. Тұрасын айтқанда, осы кітапты таратушылар ядролық сынақтың шынайы залалын білмейді, моральдық әрі саяси қателікке ұрынып, адамзат қауымын жер бетінен жоюға жол ашып отыр. Бұл ғылым иелері үшін — маскара тұжырым!...». — деген оймен аяқтадым.

Ғалымның осы еңбегі «Ғылым» баспасынан 1959 жылы жарық көрген, «Кеңес ғалымдары ядролық қатерге қарсы» деп аталған жинақта да жарияланған. Сол кітап та шетелге кең тараған. Таңғаларлық гәп: Сахаровтың осы еңбегіне шетелдік әріптестері ешқандай пікір білдірмеген; қарсы мақала да жарияламаған; өзін білімпаз санайтын, сірә, техникалық сауаты бар кеңестік жазымпаздың кезекті сандырағы дегендей бейтараптық аңғартқан. Әлбетте олар ядролық қатерді бадырайта әспеттеген автор кеңестік сутегі бомбасын жасаушы екенін білмеген (Өйткені, сол жылдарда А. Сахаровтың нақты кім екені, қандай ұжымда еңбек ететіні күпияда сақталған).

Білгір академиктің ядролық сынақтарға шектеу қою туралы байбаламына шетел ғана емес, кеңестік әріптестері, үкімет басшылары да мән бермеген. Сол сүлесоктық

жайында А.Д. Сахаров «Естеліктер» кітабында: «Менің сол кездегі әрбір мүмкіндікті әжетіме жаратып, күндердің күнінде осы сынақтардан опық жейміз. Жер-ананы жарақаттап, ғұмыр бойы айықпайтын дертке жолығамыз...» – дегенімді ешкім елеп-ескермеді. Шынтұайтын айтқанда, сол бейғамдық Чернобыль апаты тарс еткенше бірде-бір лавазым иесінің кәперіне кірмеді...» – деген ашы өкінішті ғалым өз кітабының 1987 жылғы, тірі кезіндегі соңғы басылымына да қосқан.

Академик Сахаров ғылыми еңбектері жарық көрген кезде, 1958 жылдан беріде әшкере мақалалар жариялап немесе публицистикалық толғаумен адамзат қауымына төнген ядролық сынақтарды сірәда тоқтата алмайтынын нақты білген. Сөйте тұра тәуекелге бел буып, сол қатерді қайткен күнде тежеуді ойлап, жарылыстар залалын жеңілейту амалын жанталаса іздеген. Төмендегі үш ұсыныс та сол ойдан туған...

1. *Н.С. Хрущевтің мәлімдемесі жарияланғаннан күннен бастап бір жылға дейін ешқандай сынақ жасамау;*
2. *«Бұйымдардың» конструкциясын өзгертіп, әрбір серияны сынамай-ақ әскерилер қолына беру; бұл болса сынақ санын әлденеше есе азайтады;*
3. *Атомдық «бұйымдарды» сынақсыз қабылдауға болмайды деген жаңсақ тұжырымнан бас тартып, жасалған қалпында қару-жарақ қорына алу»...*

Осы ұсыныстарды өзі жетекшілік ететін бөлімде талқылап, теоретик әріптестері мақұлдаған хаттаманы портфеліне салып, Мәскеуге аттанады. Ең алдымен Ядролық физика институтының ауласында салынған коттежде, қалын орманмен шектесетін алқапта тұратын И.В. Курчатовқа барады. Мезгіл 1958 жылдың қыркүйегі. Бұдан екі жыл бұрын жүрек талмасына ұшырап, дәрігерлердің көмегімен аман қалғаннан беріде Игорь Васильевич кеңседегі кабинетіне сирек барып, аса ділгер шаруаларға үйінде отырып басшылық жасаған.

«Ұжым жетекшісі көкейкесті ойларымды зейін қоя тындады. Мәселені ең жоғарғы басшымен шешу қажет деген ұсынысымды құптап: «Хрущев Қырымда, Қара теңіз жағасында демалуда. Дәрігерім рұқсат етсе, келесі аптада Никита Сергеевичке барып, сенің игі ойларыңа иліктіруге тырысамын...» – депті Курчатов.

Амал не, КСРО-ның бас атомшысы өзімбілемі мол Хрущевті иліктіре алмаған. «Онымен сұхбаттын қандай жағдайда жүргені турасында ештеңе білмеймін. Сірә, өзін толық патша санаған Никита атақты атомистің өзіне рұқсатсыз жетіп келгенін жаратпаған. Маған нақты мәлім жайт: содан кейінгі біржарым жылда, екінші инфарктан опат болғанға дейін Игорь Васильевич үкімет басшысымен қырғиқабақ жағдайда болды; бізбен де бұрынғыдай ашық-жарқын сөйлеспеді; өзімшіл Никита да оған суық көзқарас байқатудан айнымады...» – деген тұжырым білдіреді А. Сахаров.

И. КУРЧАТОВ, КПСС-тің ХХІ құрылтайындағы сөзінен (1959, ақпан):

*«Батыс елдерінің тайғанақ ұстанымдарын іс жүзінде әшкерелеу үшін КСРО-ның Жоғары Кеңесі ядролық және сутегі қаруларын сынауды біржақты түрде*



*тоқтатуға қаулы алып, шетел мемлекеттерінің басшыларына аса тиімді шарт ұсынғанын білесіздер. АҚШ мамандары 1958 жылдың көктемі мен жазында осы қарудың жетілген түріне 50-ден астам сынақ жасады. Амал қанша, шетелдік бәсекелестеріміз осылайша күш көрсетіп жатқанда, біз де 1958 жылдың күзінде бұрынғы біржақты ұсынысымыздан бас тартып, атомдық сынақтарды қайтадан бастауға мәжбүр болдық. Ескертер гәп: сол сынақтар біз үшін ерекше сәтті болды, кеңес ғалымдары мен инженерлері ядролық қарудың аса күшті жаңа түрлерін жасап, Отан қорғанысын ерекше күшейткенін сіздерге мен зор ризалықпен мәлімдеймін. Нәтижесінде Кеңес әскері бұрынғыдан күштірек әрі оңтайлы, ең ғажабы, ұтымды ғана емес, аз шығынмен жасалған атомдық және сутегі қаруларымен толықты...»*

И.В. Курчатов 1960 жылғы 7 ақпанда Мәскеу түбіндегі үкіметтік сауықтыру орны Барвихада жүрек талмасынан қайтыс болғаннан кейін ол туралы жазылған деректі очеркте АҚШ ұшқыштарының 1945 жылғы тамызда Жапонияның екі қаласына тастаған атом бомбалары туралы төтенше хабарды Игорь Васильевичтің жаны түршіге қабылдағанын, сол сәтте не дегені де тәптіштеп баяндалған.

«Үнемі сергек жүретін ғалымның қабағы жауар бұлттай түнеріп, бұрынғы ашық-жарқын шырайы, оттай жарқырап тұратын көз жанары да суық ызбар шашып, не дерін білмей сілейіп тұрып қалды. Радио жеткізген төтенше хабар оны ерекше шошытты. Сірә, ғалым ретінде, физик жөнімен де ол болған істі кинала қабылдап, сол бомбаларды жасаған, сынауға рұқсат берген шетелдік әріптестерін әдетінде жоқ дөрекі сөздермен боқтап, дүрдиген еріндері: «Бұл енді жапон халқына емес, күллі адамзатқа жасалған қастандық! Соны жасаған ғалымдар – адам бейнесіндегі нағыз қайышкерлер. Иә, бұл жауыздықтың шексіз түрі, әскерге емес, бейбіт халыққа және қала тұрғындары көшеге шығатын ертеңгілік уақытта әдейі жасалған науат. Өлім құшар халықтың санын көбейту үшін ертеңгілік мезгілді американдық сволыштар әдейі таңдаған. Неткен ессіздік! Неткен жауыздық! Бір емес, екі мәрте! Ау, сонда қарапайым халықтың, қара табан еңбеккер жандардың кінәсі не?!..» – деген ашулы сөздерді қайталап, қу жанын қоярға жер таппай қатты киналған»

Е. Рябчиков, «Жизнь и подвиг И.В. Курчатова, ученого, коммуниста», «Правда», 24.09.1961 жыл.

\* \* \*

Ядролық қаруды даярлаушы Бас басқарманың басшысы тағы да ауысты. Завенягиннен соң атомдық министр әрі Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып М.Г.Первухин тағайындалған. Алайда, Төралқа мүшелерінің фракциялық тобы «әшкереленгенде» ол да биік лауазымынан айрылып, ГДР-ға елшілік қызметке аттанған. Онын орнына инженер-металлург, осы ведомствода екінші деңгейдегі басшы болған Ефим Павлович Славский тағайындалды. Атомдық ведомствоның бұрынғы атауы құпияланып, Орта салмақты машиналарды жасау министрлігі аталған. Оның қарамағына атомдық өндіріспен қоса соларды алысқа тасымалдауға тиіс зымырандар жасайтын ұжым да берілген. Малышев, Завенягин, Первухин қосымша атқарған үкімет басшысының бірінші орынбасары лауазымы тек мына ми-

нистрге бұйырмаған. Отан қорғау техникасын жанарту ісі, соған орай күн-бе-күн туатын әртүрлі мәселелерді үкімет атынан шешу Хрущевтің айрықша сеніміне ие болған Л.И. Брежневке жүктелген.

Әрбір ядролық сынақтарды дайындауға кем дегенде бір, иә екі жыл уақыт керек. Өйткені, қайсысы болсын тың идеямен өмірге келген немесе қарудың күш-қуатын өзгертумен, көбіне қымбат шикізатты үнемдеп, өзіндік құнын азайту арқылы жасалады. Ал, жаңадан тағайындалған әрбір бастық беделін жедеғабыл көтеруді ойлап, үкімет төрағасына іскерлігін аңғарту үшін де жобаланған сынақты тездетіп және барынша күшейтіп жасауға тырысады. Малышев пен Завенягин сондай дығырдан қымсынбай, «Айда, тездет!» деумен басшылық еткен-ді. Өйткені екеуі де өркөкірек қылықтарымен дараланған әкімдер.

Ефим Павлович Славский ұжымға құрылған кезден таныс қайраткер. Кеңес үкіметіне қызметті ол Семен Буденный командир болған Бірінші атты әскер дивизиясында бастаған. «Онаша отырыстарда Ефим Павлович қылышын олай-бұлай үйіріп, ақгвардияшылар әскерінің тобына құйындай тиетін эпизодтарды еске алуды сүйетін еді... — деген сипаттама жазыпты А. Сахаров «Естеліктер» кітабында — Бойы екі метрге жуық алпамса денесімен-ақ ол көрнекті адам еді. Алақаны күректей, иығы екі кісі мінгендей кең, жалпақ жауырыны да тусаң ту дегендей бір көрерге кімді болсын таңғалдырар жаратылысқа ие. Даусы да күркіреген күндей зор, әр сөзін қысқа да нұсқа айтады. Ең ғажабы, айтқанынан қайтпайды, уәде етті ме — орындайды...»

Атом құпиясының білгірі саналатын ғалымдары жүздеген, санлақ инженерлер мен кәсіби маман техниктері бірер мың шамасы, жалпы қарама бір миллионға тақау жұмыскері бар ересен үлкен ұжымды ширек ғасыр бойы тұрақты басқару әлбетте оңай емес. Ол үшін ең алдымен істің байыбын білетін кемел ақыл, инженерлік білім және соны әжетіне жаратудың бүге-шігесін білетін таным әрі табанды қайсарлық керек. Біздіңше, Ефим Павловичте сондай қабілет аста-төк болған. Оған қоса өз дегенін орындата білетін каталдық та қажет. Славский бұл жөнінен де сорлы қайраткер емес. «Бізге бастық болған алғашқы үшеуіне карағанда, Е.П. Славский өзінің шектеулі шама-шарқын білетін, қолынан келмейтін шаруаға ешқашанда араласпайтын тақысқа да ие адам еді. Алдыңғы үшеуден оның артықшылығы да, кемшілігі де — жоғары лауазым иелерінің әміріне құлдық ұрып, солардың айтқанын бұлжытпай орындайтынын мен ешқашанда қолдаған емеспін. Хрущев билік құрған кезде солай болды, Брежневтің тым ұзақ, 18 жылға созылған бірегей «көсемдігі» тұсында да ол сол әдетінен айныған жоқ. Шындығын айтқанда, Ефим Павлович сөйте жүріп ұжымның күллі жұмысын алға, тек қана алға сүйреді. Тілегенімізді алдық, тұрмыс-тірлігіміз жайлы болды. Амал қанша, бірінші басшының терісқағыс нұсқауына қарсы тұрмауы бізге талай мәрте опық жегізді...» — деген сыни сипаттама физик-ғалымның естелігінде айтылған...

ОК-тің қорғаныс бөлімі полигондағы сынақтарды жобалайтын кезекті қаулыны дайындауға кіріскенін атомдық ұжымның жетекшілері білген. Егер-

де сол іс үкімет қарарымен бекісе оны өзгерту қиын мәселеге айналады. Олай болса? Ю.Б. Харитон мен А.Д. Сахаров сол мәселенің кейбір тармақтарын өзгертпек болып, Л.И. Брежневтің қабылдауына сұранады. Леонид Ильичтің түпкі ойын сірәда аңғартпайтын әккі жан екенін о кезде екеуі де білмейді, момақансыған, өздеріне құрметпен қарайтын жайдары пейілінен үміттеніп, Орталық Комитетке келеді. «Бомба білгірлері маған неге сұранды деп қайран қалып отырмын. Отырыңыздар, нендей ділгерлік сіздерді маған келтірген?..» – деп, қос физикті ақжарқын шырайда қарсы алған секретарь ұжымды алаңдатқан мәселе туралы көкейкесті ойларын ықыласпен тыңдап, «Ойланайын, сірә, солай етерміз» деген уәдемен шығарып салады.

Нәтижесінде 1959-1960 жылдары Семей полигонында бірде-бір сынақ жасалмай, Ертіс жағасында таңғаларлық өлі тыныштық орнаған. Ескерту парыз: өзара ресми келісім болмаса да алып үш ел – КСРО, АҚШ және Ұлыбритания осы екі жылда атомдық және термоядролық сынақтар жасамаған; сірә, ауада, жер бетінде және мұхитта жасалған сынақтардың жер шарын жаппай бүлдіретінін түсінген. Семей полигонының ұжымы бұрынғы сынақтар мейлінше ластаған тәжірибе алаңдарын тазартумен шұғылданған. Соны да Кенес үкіметі «Өзіміз жариялаған мараторийді әзірше сақтаймыз...» деген уәжбен шетелге де жариялап, «бейбітшілікті сүйген» саясатына желеу еткен...

Осы мараторийді Франция мен Қытай Халық республикасы қабылдамай, өз мамандары дайындаған сынақтарды бұрынғыша жалғастырған. Дүйім жұрт, әсіресе семейліктер зарыға күткен өлі тыныштық 1961 жылдың алғашқы жартысына дейін созылған (Сол келісімнің пайдасын ең алдымен ұлан-ғайыр жерін әскери полигонға беріп, ежелгі қонысынан біржола көшіру жобаланған Абай мен Шұбартау аудандарының тұрғын халқы көрген. Өйткені, жарылыстар уақытша тоқтағандықтан полигон иемденуге тиіс кең аймақ әскерилерге керек болмаған. Көшу мәселесі де сол себепті кейінге шегерілген. Тәубе делік!

Амал не, ойына келгенді істеуге әуей әрі даңғойлықтан құралақан емес Н. Хрушев 1961 жылдың жазында атомдық сынақтарға жарияланған мараторийді өз бетінше бұзып, әлем жұртын таңғалдырған тосын шешім қабылдайды (Орталық Комитет секретариаты, иә Төралқа мүшелерімен ақылдаспай өз бетімен қимылдайтын одағай қылық оған 1957 жылғы 18-21 маусымдағы үкіметтік «төңкерісте» пленум мүшелерінің басым дауыспен қолдауымен сталиндік гвардияны биліктен аластап, бірегей басшы болып сайланудан кейін пайда болған деседі). Қысқасы, Кенес Одағының екі полигонында (Жаңа Жер архипелагындағы екінші сынақ алаңы сол кезде әзір болған) ядролық сынақтарды қайыра бастауға жаз бойы қызу дайындық жүреді.

А.Д. САХАРОВ, «Естеліктер» кітабынан (15-тарау, 218-220 бб.):

«1961 жылғы 10 шілде күнгі сағат 10-да Кремльдегі «Доғал залға» тап болдық. (...) Хрушев бізге: «Халықаралық жағдай күрт өзгеруіне байланысты атомдық сынақтарды қайтадан бастауға шешім қабылдадым. Есептеп қарасам,

АҚШ пен Ұлыбритания ядролық сынақтарды бізден әлдеқайда көп жасапты. Сондықтан да алдағы күзде сынақты қайтадан бастаймыз. Өйткені, ядролық күш-қуатымызды еселеп арттыруға қажеттілік туды, қайткен күнде біз империалистерге осал еместігімізді көрсетуіміз керек...» — деген ойын бірнеше мәрте өзеурей қайталады.

Сол әрекеттің техникалық қажеттіліктен емес, тағы да қокан-лоқы жасап, қасақана күш көрсету екендігі түсінікті. Үкімет басшысы қабылдаған шешім әдетте талқыланбайды. Сөйтсе де осы істі жүзеге асыратын біз Хрущевтің сол ойын мақұлдайтынымызды білдіріп, мәлімдеме жасауға тиіспіз. Үкімет үйіндегі жиын да сол үшін шақырылған. Үкімет басшысының бастамасын жаппай мақұлдаған жұрттың сонында сөйледім. «Жана қаруды жасау қиын еместігін, бұл турасында айтарлықтай әзірлігіміз барлығын ескертуден соң ядролық сынақты қайыра бастау бізге не береді, саяси мәні жөнінен бұл — аса күшті аргумент емес, қайта әлемде орнаған тыныштықты бұзу...» — дегенімде, залдағы жұрт маған сұстия қарады. Аса мәртебелі жиынның шырқын бұзғанымды түсініп, сөзімнің сонында ядролық энергияны бейбіт мақсаттар үшін, мысалы, мұхитта жүзетін алып кемелерге орнатып, ғарышқа аттанбақ зымырандарды биікке көтеретін күш ретінде қолдану әлдеқайда тиімді, өзім басқаратын теориялық бөлім осы салада жұмыс істеп жатқанын ескертумен сөзімді аяқтадым. Орныма келген соң қасымда отырған физик әріптесім Е. Забабахиннің блокнотынан бірнеше парақ таза қағаз алып: «Н.С. Хрущев жолдасқа!» деген қаратпа арнаумен әлгі ойымды кеңірек түсіндірген хат жаздым. «Сынақтарды қайта бастасақ, АҚШ пен КСРО-да ежелден қалыптасқан бәсекені қайыра қоздырамыз. Жер серіктерін ұшыру «жарысында» бізден ұтылған есесін АҚШ ядролық «бұйымдарды» молайтып әрі қуаттырақ жасаумен қайтаруға тырысады. (...) Сынақты қайтадан бастау — Н. С., радиациялық тозаңмен Жер шарын зақымдау, оған қоса жаппай қарусыздану идеясы мен бейбіт өмірдің салтанат құруына кеселін тигізетін күні кешегі қокан-лоқы саясатқа қайта оралу. Сіз мәселенің осы жағын ескеріңіз!..» — дедім де фамилиямды жаздым.

Хрущев хатымды оқып, маған түйіле қарады. Пікір айтушылар көпірме мадақтан тиылған сәт еді. Хрущев орнынан тұрды да, өз ойын құптап сөйлегендерге рақмет айтып: «Демалатын уақыт болды. Бір сағатқа үзіліс жариялаймын. Күн сайын кездесе бермейміз, қымбатты қонақтар, сіздер үшін дастарқан әзірленген, келесі отырысты сол жерде жалғастырайық!..» — деді.

Бір сағаттан соң жиынға шақырылғандар, қарама алпыс шақты адам кең залға келіп, неше түрлі тағам, шараптар мен сусындар да тізілген үстелді жағалай жайғастық. Әлден соң Төралқа мүшелері келіп төрге орналасты. Хрущев отырған жоқ, шарап құйылған бокалды қолына алды, сірә, құттықтау сөз айтқысы келген. Бокалды кеңет үстелге қойды да, қалтасынан менің хатымды суырып, тың сөз бастады. Әуелі жайбаракат сөйледі, бірте-бірте даусын көтеріп, сөзді бей-берекет төпеді. Ашуланғанда беті қызарып, даусы тарғылданып кетеді екен. Токетерін айтқанда, менің жер-жебіме жетіп, айқайға басты. Шамасы жарым сағаттай лепірді.

Булыққан сөзінің жалпы нобайы есімде, ықшамдап келтіремін...

— Академик Сахаров маған хат жолдапты, міне! — Хатымды көпшілікке көрсетті. — Сынақ жасау бізге қажет емес дейді. Ал менде баскадай да деректер бар. Онда біздің мамандар қанша, американдықтар қанша сынақ жасағаны көрсетілген. Біздің сынағымыз әлдеқайда кем. Сахаровтың ойынша, американдықтарға қарағанда біздің мамандар әлдеқайда көбірек мағлұмат алған-мыс. Өйткені, экспериментті ұтымды жасап, американдықтарды ақымақ етіп, артта қалдырған. Бұл істің техникалық жөн-жосығын мен білмеймін, ядролық бомбаларды жасау құпиясы туралы да түйсігім шамалы. Алайда, мен «бұйымдарды» сынау арқылы, өндіріс жасаған ядролық қарулардың күш-қуаты жайында ештеңе айтуға болмайтынын жақсы білемін... — Хрушев менің хатымды аяғына дейін оқыған жоқ. Ойымның түйінді тұсын жария етпеді. — Жә, Сахаровтың мені шатастырмақ болған ойына келейін. Ол кеменгер физик, техниканың сырын бәрімізден артық біледі. Соған қоса ол бізге саясаттан да ақыл айтпақ. Яғни өзі ештеңе сезбейтін іске қолағаштай танауын тығып, ақыл айтқансиды. Бәлкім ол білгір ғалым шығар, таласпаймын, бірақ мемлекет аралық саясаттан ештеңе сезбейтініні анық. (...) Сондықтан да мен Сахаровқа бомбаны әрі қарай жетілдір, оны сынауды қажетінше жүргіз деймін. Саясатқа тек танауынды тықпа, оны бізге қалдыр, бұл салада біз тісі шыққан әккіміз. Өйткені біз сыртқы саясатты қалай жүргізуді білеміз. Мысалы, мен дұшпандарымызға күшімізді көрсетіп, атомдық қару мен зымырандар жасауда қолымыз жеткен табыстарымызды көлденең тартып, күш көрсете тұқыртумен үстемдік саясат жүргізуді жөн деп білемін. Ұқтың ба, Сахаров? Біздің дұшпандарымыз тек қана күшті бағалайды. өзге тілді олар білмейді, ұққысы да келмейді... Ал, сен, мына хатыңмен өзіннің бойына шақ емес ақылгөйлікке басып, мен сияқты кәнігі саясаткерге ақыл айтасын. Бұл ойың мүлдем қате, оны өзіңде сақта! Сенің бүгінгі ақылыңа ден қойсам, шынымды айтайын, Министрлер Кеңесінің төрағасы орынтағын иеленуге қақысы жоқ мәжнүн шенеунікке айналар едім. Ал, мен сен ойлағандай мәжнүн кісі емеспін, тегінде байқа!.. — деп жұдырығын түйді де, кенет сап тыйылды. — Жарайды, осымен доғарайын. Қане, жолдастар, алдағы табыстар үшін ішейік! Барлықтарыңызға саулық тілеймін!..

Залдағы жұрт бокалдарын көтеріп жапа-тармағай ішті. Мен алдымдағы бокалға қолымды тигізбедім. Хрушев жер-жебіме жетіп ұрсып жатқанда да қыбыр етпестен тыныш отырдым. Кейбіреулер төмен қарап, енді бірі сұрланған кейіпте тас мүсіндей қатып қалды. А.И. Микоян ғана алдындағы тарелканы әлсін-әлсін сипап, еденге тұқиған қалпынан аумады. Ерніне үйірілген мысқылды анық көрдім.

Дүйім жұрттың үн қатпай, қол соғып қостау көрсетпегеніне қуыстанды білем, Хрушев кенет маған қарап:

— Сахаров, сірә, сен, біздің қас дұшпандарымыздан адамгершілік мейірім күтетін тәріздісін. Тектен-текке шатаспа, олардан ешқандай кісілік күт-

пе! Капиталистермен келіссөз жасауға барарда сені шақырамын. Олар туралы жансақ ұғымда екенінді сол кезде түсінесің... — деп тағы да мені әжуалап сөйледі.

Ұшқары ой білдірген хатым үшін өзінен кешірім сұрауды күткені анық, әлде ұтымды ойынды түсінбедім дегендей жауап естігісі келді ме, кім білсін? Бірақ, мен үнсіз сазарған қалпымнан айнымадым.

...Сілемді қатырған жекуден кейін де Хрущевті екі мәрте көрдім. Біз сәтті жасаған сынаққа дейін, тамыз айының орта шенінде кездестік. Жаңылмасам, Берлинді биік қабырғамен бөлгізіп, иә, сонсоң Герман Титов ғарыштан аман-есен оралған қарсаңда. Полигондағы дайындық барынша қызып, соны сынауға санаулы күндер қалғанда Ю.Б. Харитон Кремльге барып, Хрущевке рапорт берді. Сол күні мен де Юлий Борисовичтің қасында болатынмын. Сол «бұйым» менің идеям бойынша жасалған ерекше қуатты бомба еді. Өзім соңғы кезде көбірек сынаған «Таза бомба» түрінде жасатып, залалды радиация бөлшектерін аз бөлетін етіп, соның есесіне бүлдіргіш қуатын күшейтіп жобалағанбыз. Шындығында оның қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан әлденеше есе артық болатын. Радиациялық залалы азайды десем де, радиоактивті көміртегінің зияны 5000 жылға дейін жер бетінен жойылмайтын тұрақты қасиетке ие қару еді.

Сол күнгі кездесуде Хрущев маған қасақана бұрылмай:

— Сахаров өзінің қателігін түсінген шығар, түсінуге тиіс? — деді Харитонға.

Юлий Борисович мақұлдап бірдеме дегенше, мен самбырлаған үнмен:

— Менің көзқарасым бұрынғыдай, ешқашанда өзгермейді! Мен қазірде тек қана бұйрық орнындаушымын... — дедім.

Хрущев танауынан сөйлеп бірдеме деп мінгірледі. Не дегенін ұққам жоқ. Харитон да ештеңе естімегенсіді.

Тамыздың аяқ шенінде Харитон біздің ісімізге қуратор Л.И. Брежневке барып, күзге жобаланған сынақты жасамауға үміттеніп кеткен еді, ештеңе бітіре алмай нәумез қайтты. Хрущев, өзі ескерткендей, «мәжнүн кісі» еместігін көрсетті. Қысқасы, үш жылға созылған марғау тыныштықтан кейін, амал қанша, ерекше қуатты жана «бұйым» сынағын күзде бастайтын болдық. Оның әзірлігі көңілдегідей тез және ұтымды жүрді. Үш жылдық «демалыста» түрліше идеяларға дайындық жасап, мұқият әзірленгеніміздің де пайдасы тиді...»

Семей полигонындағы сынақ 1961 жылғы 1 қыркүйекте басталып, жыл аяғына дейінгі төрт айда 28 (!) жарылыс жасалған: қыркүйекте — 18, қазанда — 8, қараша айында — 5 сынақ. Төртеуі — жер бетінде, біреуі ғана — жер астындағы үңгірде, қалғандары — 110-750 метр аралығындағы әртүрлі биікте сыналған. Әрине, ең қауіптісі ауада жасалған 23 жарылыс... (Қайран жер соншама жиі әрі қуаты әлей дүңкілге қалай шыдаған десеңші? Бұл енді жер-жаһанға жасалған ғаламат қылмыс! Сол әрекет ешкімді ойландырмаған. Оның зардабын тағы да азап-соры бес елі семейліктер тартты). Токетерін айтқанда, үш жылдан бергі тыныштықтың есесін полигон қожалары еселеп қайтарған. Осыны жасаушы, нақты айтқанда, «бейбітшілікті жан-тәнімен сүйетін, сол үшін қажымайтын қайсар қайраткер» атанған — Никита Хрущев.

Академик Сахаровтың тың идеясымен жасалған, соған дейінгі атомдық және термоядролық бомбалардың бәрінен де қуатты «бұйым» КПСС-тің кезектен тыс шақырылған XXII құрылтайы (1961 жылғы қазан айының 17-31 күндері) жұмысын бастаған қарсаңда сыналған. Әлбетте сол да Хрущевтің империалистік елдерге жұдырық көрсеткен қокан-лоқысын нақты әрекетпен бекіту үшін жобаланған. Бұл жолғы сынақтың ең күштілері Баренцево теңізіндегі «Жаңа Жер» аралында жасалған. Ал Семей полигонында кәдімгі атомдық бомбалар сыналып, тағы бір аймақта Кеңес әскерінің әртүрлі құрама күштерін қатыстырып, қуаты шектеулі ядролық жарылыс жасаумен де әскери үлкен ойын өткізілген. Демек, ядролық таза, иә таза емес бомбалар жасауда КСРО-ның және АҚШ бастаған төрт мемлекеттің (бертінде солардың саны онға жетті) өзара жарыста жан түршігерлік қатерлі шекке жеткенін аңғарамыз (Бомбалардың жалпы саны 1970-жылдарда 50 мыннан асқан, бұл енді Жер шарын теріс айналдыратын, тас-талқанын шығарып, жан-жануар дүниесі мен адамзат қауымын тұқымымен жоюға қаптал жететін жойқын қару. Алла сақтасын делік!).

Академик Сахаровтың тың идеясымен жасалған кезекті «бұйым» 1961 жылғы 4 қарашада «Жаңа Жер» алаңында сыналып, ғалымдар күткен қуатты артығымен көрсеткен. Бомбаның авторы сол күні Мәскеуде болып, жүрек талмасымен ауыруханаға түскен физик әкесінің қасында отырып, сынақ нәтижесін телефон арқылы білген. Әкесі сырқатынан оңалмайтынын біліп жатыпты, кемеңгер ұлымен сол күні ағынан жарыла сырласып: «Университетте оқыған кезінде сен маған табиғаттың тылсым сырларын ашуға құмар екенінді, соны там-тұм білу өзінді қуанышқа бөлейтінін сыр ғып шерткен едің, балам. Сенің қазірде нендей зерттеумен шұғылданатыныңды омырауың толған ордендерден сеземін. Бірақ, жас күніндегідей соған аса қуанбайтыныңды да білемін. Амал не, адам баласы мандайына жазған тағдырды таңдамайды. Соның батпағына белшесінен батқанда бір-ақ біледі. Мен сенің қазіргі тағдырына қатты қайғырамын, риза емеспін. Менің ықпалыммен физик болмай, басқадай ғылым саласын таңдағаныңда бәлкім бақыттырақ болар ма едің, кім білсін?..» – депті.

\* \* \*

1962 жылдың бас кезінде КСРО Жоғары Кеңесінің Төралқасы екі нысанның ғылыми қызметкерлері мен мамандарын, министрліктің жауапты шенеуніктерін, осы іске қатысқан институттар мен зауыттардың, сынақты жүргізген ұжымның, соның құпиясын қадағалаумен, тәжірибе жасаумен шұғылданған әскери бөлімдердің офицерлерін ордендермен аста-төк марапаттаған.

«Бұйымның» негізгі авторы А.Д.Сахаров Социалистік Еңбек Ері атағын үшінші рет иеленіпті. Сол қарсаңда ол 41 жаста. Бұған дейін Еңбек Ері атағымен үш мәрте алған физиктер Харитон, Зельдович және Щелкин де омырауларына ордендер таққан.

Марапат Кремльде тапсырылыпты. Сол рәсімді Н.С. Хрущевтің өзі атқарған.

«Никита Сергеевич үшінші Алтын жұлдызды омырауыма әскездеп қадады. Марапаттаудың соңында ол бәрімізді банкет залына шақырды. Көмекшілері мені Брежнев пен Хрущевтің ортасына отырғызды (Никита Сергеевичтің оң жағына Харитон жайғасты. Әрине, құттықтау сөзді Хрущев айтты. Бұл жолғы сөзі былтырғыдан мүлдем өзгеше болды. Соғыс кезінде Сталинградта өзі басынан кешкен ауыр оқиғаларды есіне алып, одан да өзге естеліктерге түсіп, ақырында өткен кездесуде өзіне жолдаған менің хатымды атөтті сөз етіп: «Харитон мен Сахаров содан беріде таңғаларлық ірі жұмыстар атқарды, сол үшін зор марапатқа ие болып отыр. Мұндай отансүйгіш ғалымдармен мақтануымыз керек!..» — деп екеуімізді де құшырлана сүйді. Брежнев те сөйтті. Үшінші болып КСРО-ның әскери министрі Малиновский сөйледі. Екеуі де құттықтау сөздерін менің фамилиямды атаумен аяқтады, тағы да сүйістік. Құттықтауға жауап сөзді біздің атымыздан Харитон және Курчатовтың орнына Атом энергиясы институтының директоры болып тағайындалған академик А.П. Александров сөйлеп, рақмет айтты.

...Ақиқатын айтқанда, Кремльдегі кездесудегі көңілді күйім ұзаққа созылмады. Өйткені, 1962 жылы басымнан кешкен ауыр жағдаяттар, «Не істеп жүрмін? Осынау кесепатқа қалайша тұтылдым?» деген сұраулар мені жиі ойландырып, ұйқымды бұзатын-ды. 50-жылдардың басында-ақ өзімді қынжылтқан осы ғәп Отанның ең жоғарғы марапаттарын иеленген сайын ойымды сан саққа бөліп өрепуге түсемін. Әрбір ядролық сынақ адам нәсілін тұқымымен құртатын зиянды микробтарды қалалық су жүйесіне төккенмен бірдей санайтын өксік пікірге мен баяғыда келгенмен. Ең шатағы, сол қатерді жұрттың ойлағысы келмейді. Өзгені қойып ғылыми әріптестерімді, бізге тапсырма жүктеген үкімет басшыларын да түсінбейтін жағдайға тап болдым. Тегінде мен «түк білмеген, білгісі де келмейтін» бейғам адамдарға таң қаламын. Бәрі-бәрі, әсіресе лауазымы биік әкімдер өздерін сүттен ақ, судан таза етуге тырысып, билік басындағылардың «кемеңгер» саясатына бас иіп, сол тұжырыммен ештеңеге қиналмай, өмір сүруге бейімделген. Жанашыр әріптестерімнің: «Сен жағдайды әдейі ауырлатып сөйлейсің. Айтып жүргенің дұрыс болса, адамзатқа талай жылдан бері пайдалы қызмет көрсетіп келе жатқан рентген сәулелерін медицинада қолдануға да тыйым салу керек. Өйткені, ол да адамды белгілі мөлшерде зақымдайды...» — деп те ақыл айтады кейбір таныстарым. Сірә, қисапсыз көп жылдарда біржақты жүрген насихат біздің өз бетімізше ойлау, таңдау қабілетімізді тас қапасқа қамап, тыңнан бірдеме айтудан біржола ада еткен...»

1962 жылдың жазында АҚШ пен Ұлыбритания жер астындағы ядролық сынақ жұмыстарын қайтадан бастады (Ондай жарылыстарды жасырын жасай алмайсың. «Саккұлак» аспаптар Жер шарында болған дүмпулер мен тербелістерді қағазға жазып, күшін де анықтап береді).

Қысқасы, екі алып елдің сынақты қайыра бастап, ерекше жиілетуі кеңестік ядрошыларды жобаланған зарядтарды үрліс түрде жүзеге асыруына түрткі болған. Ең шатағы, өзара бәсекедегі екі ұжым жаңа бомбаның екі түрін жобалаған. Екеуі де радиоактивті заттарды көптеп бөлетін, яки адам-



затқа зияны алты санмен өрнектелетін қуатты қарулар. Соның бірін Сахаров басқаратын теоретиктер бөлімі дайындаса (авторы Б.Н. Козлов), екінші бомбаны, құрылысы сәл өзгереді «бұйымды» ғылым докторы Забабахин жетекшілік ететін зерттеушілер тобы әзірлеген. Екеуінің қуаты мен салмағы шамалас әрі арнайы жобаланған зымырандар көтергендей салмаққа ие. Сондықтан да екеуін бірдей сынау қажет пе деген сауал туындайды...



Нью-Йорк. Н.С. Хрущев БҰҰ-ның мінбесінде

Осы өндірістің ғылыми жетекшісі Ю.Б. Харитон көңілшектік көрсетіп, Забабахин де «тандауды министр жасасын» дегендей ой білдірген. Демек, әрбірі қабілетін сынақ арқылы әйгілеуге құштарлық аңғартқан. Сахаров қана Е.П. Славскийге барып, екі бомбаның біреуін ғана сынауды ұсынады, «Кімнің?» – дейді министр. «Екеуінің де жобалық қуаты бірдей, айырмашылық 10 пайыз шамасында. Бүлдіру қуаты бірдей екі «бұйымды» жарыстыра жарғаннан не ұтамыз? Жер-жаһанды екі қайтара зақымдаймыз. Егерде сіз біздің бөлімнің жобасын кейінге қалдырып, Забабахинге жол берсеңіз – мен сірә да ренжімеймін...» – дейді Андрей Дмитриевич.

Министр: «Жарайды, ойыңызды түсіндім, біреуін ғана сынаймыз», – депті.

Іс жүзінде мәселе тек басқаша шешілген. Алғашқы кезекте 2-бөлімнің бомбасы сыналған. Жоба жетекшісі Забабахин өзінің осал еместігін көрсеткісі келіп, қарудың бүлдіргіш күшін күрт көтермек болып, қажет заттарды көбірек қосып, конструкцияны едәуір ауырлатқан. Сол «бұйым» тиісті биікте, «Жаңа жер» аралының үстінде жарылыпты (жарылмауы да мүмкін екен). Сезімтал аспаптарды алдай алмайсың. Қысқасы, сынақ жобаланған қуатты көрсеткен. «Өзіміз дайындаған жобаны тежеген әрекетіме Борис Козлов едәуір ренжіді, көмекшілері де наразылық білдірді. Сол күнкіл жоғары жаққа жетіп, алғашқы сынақтың нәтижесіне қанағаттанбаған министр 1-бөлімінің бомбасын жеделдетіп сынауға бұйрық беріпті...». – дейді Сахаров естелік кітабында.

А. САХАРОВ «Естеліктер», 232-234 бб.:

*«Сол шешімді мен 25 қыркүйекте, яки сынақ алаңына келгенімде ғана білдім. Юлий Борисовичке барып, «Бұл қалай?» – десем, Харитон: «Мен бұйрықты орындаушымын. Забабахиннің «бұйымның» салмағын өз бетінше өзгерткенін де жарылыстан кейін білдім. Мына сынақты тоқтатуға қақым жоқ...» – деп ВЧ апаратын нұсқады.*

— Ефим Павлович, Сіз мені екі мәрте алдадыңыз. Соңғы рет өтінемін, мына сынақты дереу тоқтатыңыз. Қаншама мың адамның ажал құшуын қаламаймын... — деп министрге алты саннан тұратын құрбандықтар мөлшерін естірттім..

Славский маған екі бомбаның салмақ айырмашылығы едәуір, сіздің «бұйымды» зымырандар көтере алады, сондықтан оны сынау өмірлік ділгерлік деген дәлел айтты. Мен де қасарысқан қалпымнан айнымай, «Сіз қарудың параметрлері мен күшін ғана ескеріп, сол қарудың бір секундта он мың адамның өмірін жоятын залалын елегіңіз келмейді. Мен үшін — қару емес, адам өмірі қымбат!..» — дедім.

— Бұйрықты өзгерте алмаймын, дауды доғарыңыз! — деді министр.

— Егерде сіз мына сынақты тоқтатпасаңыз — бұдан әрі мен сізбен бірге жұмыс істеуден бас тартамын...

Славский де айқайға басып:

— Бір минутта ұстамаймын, басың ауған жаққа жоғал! Есіңде болсын, мені егеспен жеңе алмайсың!.. — деп трубканың тарс жапты.

Мұндай ерегесте мен ұстанған бетімнен қайтпаймын. Дереву Кремльге телефон шалдым. Хрущевтің көмекшісі: «Никита Сергеевич Ашхабадта, Әзербайжан КСР-на Ленин орденін тапсыруға кетті» деп, телефонын берді. Іле-шала Ашхабадқа шықтым. Сөйтсем, салтанат жүріп жатыр екен. Бір сағаттан кейін қайыра іздедім. Трубканы Хрущевтің өзі көтеріп: «Жолдас Сахаров, құлағым сізде, не айтпақсыз?» — деді. Мен айтар сөзімді дайындап қойғамын, соны оқыдым. Байланыс қырсыққандай нашарлау еді. Хрущев соны сылтауратып: «Мен сіздің не айттып тұрғаныңызды ұқпадым. Менен не тілейсіз?» — дегенде мен: «Бір сынақты екі рет қайталаудың қажеттігін мен түсінбеймін, қанша мың адамның өмірін үземіз. Славскиймен осы жөнінде келісе алмадым. Ертеңгі сынақты тоқтатып, біздің дауымызды Орталық Комитеттің комиссиясына беріңіз» — деп өз ойымды қайталадым.

Никита Сергеевич ойланғандай қалып аңғартты, тек әлден соң:

— Денсаулығым бүгін мәз болмай тұр, кешкі концерттен де кетіп қалдым. Козловқа телефон шалып, даулы мәселені тексеруді тапсырайын. — деді.

(Фрол Романович Козлов сол кезде КПСС Орталық Комитетінің Төралқа мүшесі болатын, Хрущевтің өз орнына дайындап жүрген кадры деген қауесет естігенмін).

— Зор рақмет, Никита Сергеевич! — деп трубканы жаптым.

Келесі күні жұмыс кабинетіме келгенімде хатшы әйел: «Сізді Козлов деген біреу сұрап жатыр, тезірек ВЧ-ға барыңыз», — деді. Сол кабинетке асыға жетіп, жарым сағаттай әуре болып, ақырында Фрол Романовичпен сөйлестім. Ә дегеннен-ақ әңгімеміз қатқыл әуенде жүрді. Мен бүгінгі сынақты дереу тоқтатыңыз, Славский екеумізді Кремльге шақырып, даулы мәселенің мән-жайын тыңдаңыз десе — ол маған: «Біз сынақты көбірек жасасақ, империалистер де зәрелері ұшып, айтқанымызға көніп әрі ядролық экспериментті біржола тоқтатуға келіседі. Ал сіз, сол гәпті ескермейсіз...» — деп, өзі имандай сенген қияли уәжді қайталады. Сонымен, көңілім бұл шенеуніктен де түңіліп, далбаса көңілмен сынақ болатын алаңда отырған штабқа, сол жердегі ресми өкіліміз Павловқа телефон шал-



Л.И. Брежнев, 1964 жыл

дым. Ауа райын сылтауртып, иә басқадай бір себеп тауып, сынақты бір тәулікке шегіндір десем, ол: «Андрей, кешіктік. Славскийдің бұйрығымен сынақ мерзімі төрт сағат бұрын басталды. Нақ осы минутта «бұйым» тиеген ұшақ Баренцево теңізінің үстінен өтіп, сынақ алаңына ілікті...» – деді. Біздің министр мен ойлағаннан шалымдырақ адам болып шықты. Хрущевтің құбылмалы мінезін білетін ол сынақты әдейі бұрын

бастатып, өз дегенін қайткен күнде жүзеге асыруды мақсат еткен. Амал қанша, бұл жолы да оңбай ұтылғанымды мойындауға тура келді. Адамзат қауымына жасалған жан түршігерлік қастандықты тағы да тоқтата алмадым. Не дейін, күш көрсетуді ғана ойлағандардың күйкі ниеті жолды болды. Өзімнің дәрменсіздігімді, одан да гөрі қолымнан түк келмейтін мүсәпір екенімді түсініп, бетімді үстелге төсеп, солқылдап жыладым. Ешкім маған жұбату айтпады, «еркек емессің бе, қой!» деген сөздер де құлағыма кірмеді...

Бұл менің өмірімде бетіме сарт еткен тұңғыш және соңғы шапалақ. Бір күндік оңғақ атақтарға мәз болып шатасып жүргенімді ұқтым. Бұдан әрі жарамсақ қылықпен өмір сүре алмайтынымды түсініп, сол күннен бастап, білім-танымымды әжетіне жаратумен қоса төбемнен нұқып отырып, өз дегендеріне жетуді көздеген, биік мансап жолында қан төгуден тайсалмайтын ат тобеліндей зымиян топқа бас имей, алдағы өмірімді ядролық қаруды ауада, жер бетінде және су астында сынауды біржола тоқтату күресіне арнауға бекіндім. Славскийге ашу үстінде сенімен бірге енді жұмыс істемеймін деген ескертуімді ішімде тұншықтырып, онымен де күресті іс басында отырып одан әрі жалғастыруға бел байладым.

...Бір сағаттан соң біздің бөлім жобалаған «бұйымның» сынағы сәтті аяқталғаны мәлім болды. Боря Козловқа телефон шалып, табысымен құттықтадым. Сонымен адамзат қауымын өлімге жусатар тірлікке қайыра кірістік».

Андрей Дмитриевич ұзақ уақыт ойланып, үкімет мүшелері, өзінің «кеменгер» бастықтары да елеп-ескермеген бір жайтты сол қарсаңда байқап көруге тәуекел еткен.

50-жылдардың бас кезінде бір топ шетелдік саяси қайраткерлер, АҚШ президенті Д. Эйзенхауэрдің ынтасымен: «Ядролық жарылыстарды ауада, жер бетінде және су астында жасауды үзілді-кесілді тоқтатуға келісейік, ал, ғылым өрісі қажет еткен ядролық зерттеуді тек қана жер астында жасайық...» деген ой айтқан. Адамзат қауымы үшін бұл ерекше ұтымды ұсыныс, жер-жаһан, адамдар мен жануарлар дүниесі мындаған шақырым қиырға

тежеусіз тарайтын радиация залалынан ада болады... Амал қанша, сол ұсынысқа Кеңес Одағы келіспеген. Айтқан уәждері: өндай жарылысты жасырын жасай алмайсың, небәрі бір аптада Америкада жасалған жарылыс бөлшектері Мәскеудің үстінен жаңбыр тамшысы, иә қар ұшқынымен бірге жауады немесе біз жасаған сынақтың тозаны да Вашингтон аспанын торлайды; ауаның алмасу заңы солай, бірде-бір диктатордың әмірі оған жүрмейді. Ал, жер астындағы жарылыстың дүңкілін Түркиядағы АҚШ стансасы бірден біледі, сол ядролық жарылыс па, әлде жер сілкіну ме – айыру қиын. Ауа райын бақылаушы біздің стансалар да сөйтеді. Яғни жер астындағы ядролық сынақты бақылау қиын. Кеңес үкіметі АҚШ ұсынған жарым-жартылай ымыраға келіспей, жарылыстарды бөлін-жармай мүлдем тоқтату қажет деген желеумен өзара ұғыса алмаған. Женевада бір жылға тақау уақыт үздік-создық жүрген келіссөз, амал не, сәтсіз аяқталған.

Осы сәтсіздіктің бүге-шігесін естігенде Андрей Дмитриевич, өзінің мойындауынша, бірнеше тәулік ұйқысы бұзылып, біздегі ақылмандардың өздеріне ғана емес, күллі адамзат қауымына қастандық жасағанына жаны күйіп, көңілінде жылт еткен үміт сәулесін теоретикалық бөлімдегі ғалымдарға білдіреді. Егде жастағы әріптесі Виктор Адамский сол идеяны АҚШ-тың экс-президенті Дуайт Эйзенхауэрдің ұсынғанын есіне түсіріп: «Андрей, осы идеяны сен қайыра жанғырт. Біздің үкімет бұл жолы сені қолдайды, өйткені, жарылыстар саны мен солардың қуаты жөнінен біз үзілер шекке жеттік. Ең бастысы, сен ұсынған соң сыртқы саясатты қолдан жасаушы «ақылмандар» дау айтпайды, ғылыми жөнінен де ұтымды тұжырым екенін олар мойындауға тиіс...» – дейді. Ғалым-физик сол ойын одан әрі былайша дамытқан: «Жер астындағы жарылысты алыста отырып-ақ бақылауға болады, аса сезімтал аспаптар үшін бұл – қиын емес. Бір делік. Екінші, сол жарылыстарды ешкімге байқатпауға да болады: ол үшін жер астындағы үңгірді мейілінше үлкейтіп, бірнеше шақырымға далита қазу керек; сөйткенде жарылыстың күші жер астында тұншығып, кәдуілгі жер сілкінуге ұқсайды. Үшінші, жер астындағы сынақта түзілген тозан, иә бөлшектер сыртқа шықпайды. Демек, сынақтар жүз-жүздеп жасалса да зиянсыз қаракетке айналады. Мәселе тек жарылыстың күшін, бөлшектерін жер қойнында бұқтыруға тіреледі. Шындап іздесек оны да жасаймыз...».

Ақырында есепке отырып, өз ойын ғылыми бекемдеуден соң Славскийге барады. Өйткені, мұндай күрделі мәселені үкімет Ефим Павловичпен ақылдаспай сірәда шешпейді. Демек, министрді де соған ниеттес ету керек (Сол әңгіме екеуі жанжалдасқанға дейін болғанын Андрей Дмитриевич естелігінде арнайы ескерткен).

*«Славский үкімет мүшелері демалатын Барвихада екенін естігемін, ұлтабарына жасалған ауыр операциядан соң сол жерде бойын күтіп жатқан-ды. Көңілді шағында кезігіп, санаторийдің саябағында оңаша әңгімелестік. Көкейімдегі идеяны тәптіштеп түсіндіріп, «Осы ойды үкіметке мақұлдатсақ, игі іске шаш етекпен кенелеміз. Жер бетіндегі, ауадағы жарылыстардың машақатынан біржола құтылып, сынақ атаулыны төменге түсіреміз. Ауа да, жер де тазарады. Мен де, сіз де күллі адамзат тағдырына араша болдық деген рақат сезіммен тыныш ұйықтаймыз.»*

*Гитлерге, Трумэнге ұқсаған адамзат жаулары Америкада қазірде жоқ. Олардың да билеушілері жер-жаһанды бұлдіріп, күллі әлемді ластаған қанышер атануды, әрине қаламайды. Осы жайтты біздегі билеушілерге жақсылап ұқтырыңыз. Әлбетте төндіре де, үміттендіре де айту керек. Қажет десеңіз, бірге барайық!..» — деп ішімде жатқан қайғы-шерді шектеусіз ақтарып едәуір шалқыдым.*

*Славский сөзімді бөлген жоқ. Ізгі ойыма иланғанын ұқтым.*

*— Осы санаторийде Шетел министрінің орынбасары Малик демалып жатыр. Онымен де ақылдасайын. Идеяң ойға қонымды, әлбетте Никита Сергеевичті илік-тіре алсақ... — деп министр мені көлік күтіп тұрған жерге дейін шығарып салды.*

*...Славскиймен күздегі керістен кейін де бірер ай өтті. Бірде кеңседе отырғанымда ол телефон шалып:*

*— Андрей, екеуміздің қырғиқабақ болғанымыздан негізгі жұмыс ақсамауға тиіс, дарқан өмір бізге бағынбайды, өз дегенін істейді. Сондықтан да екеуміз қарым-қатынасымызды қалыпты жайтқа келтіруге тиіспіз... — деді. — Сенің соңғы идеяңды жоғарыдағылар түсінікпен қабылдағанын айту үшін телефон шалып отырмын. Сірә, жуық арада үкімет сол істі халықаралық деңгейде көтермек...*

*Бұл хабарды мен бейжай тыңдауға дәтім жетпей, айран-асыр қуаныш білдірдім.*

*Бірер айдан соң біздің үкімет АҚШ билеушілеріне ауада, ғарышта және су астында ядролық сынақты біржолата тоқтату туралы ұсыныс жасады. Президент Кеннеди Хрущевтің ұсынысын қуана қабылдапты. Қысқасы, Мәскеуге келген АҚШ делегациясы ешқандай ілгешексіз Кеңес үкіметі ұсынған келісімге қол қойды. Сол құжат әлемге «Мәскеу келісімі» деген тарихи атаумен жарияланды. «Ядролық қаруы мол алып екі ел өзара жә деген соң сондай қаруға ие өзге елдер де осы келісімге түгелдей қосылуға ерікті...» деген қосымша тармақ арнайы жазылғаны да оңды болды. Сол келісімге тек Франция мен Қытай халық республикасы қосылмай, өздері жасаған қаруларын ауада жаруды тоқтатпады. Соңынан Франция да ымыраға келді. Ал, коммунистік Қытай: «Кеңес Одағы дүние жүзінің еңбекші халқының асыл мүддесін Американимперализміне сатты...» деген пәлсафамен Хрущевті күнәкар етіп, зор даңғаза көтерді.*

*«Мәскеу келісімін» мен тарихи мәні ерекше зор тамаша акті санаймын. Сол келісім жүздеген мың, бәлкім миллиондаған адамдардың, жануарлардың өмірін ауыр дерттен құтқарды. Термоядролық сынақтар бұрынғыдай жалғасса қазіргі дүниенің нендей қасіретпен аяқталарын мен бүгінде көз алдыма келтіре алмаймын. Бұл енді адамзат қауымын мың жылға жарақаттаған, әлемдік соғыстар апатын жүздеген есе қайталап, ақырзаманға күп еткізер ересен опат екендігі — мен үшін айқын. Тәубе деймін, Мәскеу келісіміне үлес қосқанымды әрдайым ризалықпен еске аламын, шынымды айтайын, мақтан етемін...»*

(А. Сахаров, «Естеліктер» кітабының 236-б.)

\* \* \*

Генетиканың мәнді саласы радиологияны зерттеу ХХ ғасырдың бас кезінде басталған: ерлі-зайыпты Кюри мен Склодовская тәжірибе үстінде уран мен радийдің радиоактивті сәулелер түзейтінін аңғарғанын біз осы хикаяттын

алғашқы тарауында сөз еткенбіз. Таңғажайып жайт: француз физиктерінің сол зерттеуі жер-жерде қолдау тауып, 1920 жылдан беріде әр елде таңғаларлық ғылыми жаңалықтар ашылған; солардың бірі – атом ядросы ыдырауынан бөлінетін зиянды сәулелерден қорғану мәселесі; соның да ақыры биофизиканың тың саласы радиология ілімінің өрістеуіне дәнекер болған.

Осы саладағы сәтті ізденіс, сенесіз бе, Кеңес Одағында Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі жылдарда өрістеген. Сол істің басы-қасында биология ілімінің әлемдік білгірі, академик Николай Иванович Вавилов болыпты. Биология докторы Борис Николаевич Козьлов негізін қалаған ресейлік генетиктер мектебі Мәскеуде отырып, жан-жақты зерттеу жүргізген. Осы іліммен әуестену КСРО-да кең көлемде әрі биік деңгейде жүргендігі сонша – дүние жүзі генетиктерінің 1938 жылғы, VIII конгресін Мәскеуде өткізу жөніндегі ұсынысқа Кеңес үкіметі келісім беріп, 1936 жылы соны дайындауға арнайы комитет құрылып, оны басқаруға Н.И.Вавилов тағайындалған. Комитет екі жыл бойы жұмыс істепті. Нәтижесінде мәскеулік конгреске қатысуға әлем генетиктерінен 1700 (!) өтініш түскен. Бұл болса әлемдік генетиканың үздік ізденістерін қорытындылау әрі Кеңес Одағы ғалымдарының осы саладағы еңбектерін әлемге паш ету. Әлбетте бұдан ілім өрісі ұзарады, радиация залалынан азап шегетін табиғат пен адамзат қауымы ұтады. Амал не, Кеңес үкіметі 1937 жылдың аяғында халықаралық жиынды кейінірек мерзімге ауыстыру туралы қереғар қарар қабылдайды. Неге?

Дүние жүзі генетиктері жаппай жә дескен келісім бойынша, академик В.И. Вавилов VIII конгрестің президенті болып сайлануға тиіс екен. Ал, Кеңес үкіметі мәртебелі міндетті атқаруға ВАСХНИЛ-ді басқаруға сол қарсаңда сайланған Т.Д. Лысенконы ұсыныпты. Трофим Денисовичтің кандидатурасын әлем генетиктері бекітпей, ондай ғалымды біз білмейміз деген. Сол жауапқа кеңестік шенеуніктер наразылық жариялап, конгрестің мерзімін кейінге жылжитқан. Біздіңше, осы кикілжіңнің басы-қасында Лысенконың өзі болған. Ең шатағы, оны И. Сталин қолдайды. Өйткені, Т. Лысенко таяу жылдарда дәнді дақылдың рекордтық өнім беретін жаңа тұқымдар шығарамын дегеніне имандай сенген. Н.И. Вавилов сол бопсаға сенбейді әрі өзі шұғылданған ғылым саласында үкімет шенеуніктерінің жөнсіз нұсқауларына иілмейтін бірбеткей ғалым... Нәтижесінде әлем генетиктерінің Халықаралық комитеті КСРО-да жобаланған конгресті 1939 жылдың қыркүйегінде Англияның Эдинбург қаласында өткізген. Академик Вавилов шетелге шығуға рұқсат ала алмағандықтан сол жиынға қатыспаған, сол себепті конгрес президентінің құрметті мансабы шетелдік ғалымға тиіпті...

Осы тайталастан өрбіген оқиғалар мүлдем шатақ: Кеңес Одағында генетикаға көзқарас 180 градусқа өзгеріп, онымен шұғылданушылар мен сол ілімге іш тартушылар жойқын қуғынға ұшырайды; жер-жердегі ғылыми институттардағы генетикалық зерттеуге тосқауыл қойылады; осы іске ден қойған көптеген мамандар биологияның басқа саласына ауысуға мәжбүр болған. Сол қастандық ширек ғасырға созылған. Рас, зерттеу біржола тоқтамаған. Тек жүйелі түрде дамып, өрісін ұзарта алмаған. Осы қиянаттың басы-қасында құрамы толық өзгерген ВАСХНИЛ ұжымы, оның президенті Т.Д. Лысенко болғандығы – зиялы қауымға мәлім...

Шетелдік зерттеушілер әлбетте генетиканы алға сүйреуден жаңылмаған. Өйткені, атомдық өндірістің дүниеге келуіне байланысты ол аса мәнді зерттеу саналып, ХХ ғасырдың орта шенінде таңғаларлық жоғары деңгейге көтерілген. Көңілді көншітетін жайт: сол ілімнің жетістіктері құпияда ұсталмаған. Өйткені, қолдан жасалған радиация сәулелері – адамзат қауымына ортақ қасірет, онымен зақымданған бейшараларды, жер-жаһанды, жануарлар дүниесін де қайткен күнде аман сақтау қажет. Генетикалық зерттеу соған орай жер-жерде кең көлемде жүріп, жан-жақты өрістетуге әр ел мүмкіндігінше қолғабыс еткен. Мысалы, АҚШ үкіметі генетиканы өркендетуге мол қаражат бөлген. Осы елде жұмыс істеген биологтар Уотсон және Крик ДНК молекуласының құрылысын «қайыра» ашып, қайталама қасиетін (ғылым тілінде «двойная спираль» делінеді) анықтайды, тұқым қуалау заңдылығын құрықтау да осыдан өрбіген. Ресейден 30-жылдарда сол құрлыққа қоныс аударған Гамов тұқым қуалаудың генетикалық кілтін ашқан.

Әлем ғалымдарын ерекше сүйсіндірген зерттеу Германияда ерекше өрістеген: Кайзер-Вильгельм институты Бух атанған елді мекенде 1920 жылдан беріде биологтардың маңдайалды төбын ұстап, арнайы зертхана ашқан; зерттеушілер карамағында ондаған гектар орманды алқап болыпты, сол жерде мамандар тұратын үйлер мен құтыхана ғимараттарын тұрғызған; нәтижесінде сол мекен 30-жылдарда Еуропа ғана емес, күллі дүние жүзінің генетикалық зерттеудің ірі орталығына айналған...

Адам баласының жұмыр басы кездейсоқ жағдайда футбол добына айналады. Зама-на ағысына ілесіп, онда-мұнда домалап, жан иесі күтпеген, сірәда ойламаған қақпақылдарға тап болады.

Көрнекті орыс ғалымы Николай Владимирович Тимофеев-Ресовский 82 жылдық ұзақ өмірінде қыяметі мол неше түрлі өткелектен өткен. Біріне-бірі лақап ат қоюға әуей ғылыми әріптестері оны бойшаң тұрпаты мен денесінің қалыптан тыс зор бітімін, одан да гөрі мінез-құлқының тағы өгізге ұқсаған дәрекілеу әлпетіне орай «Зубр»<sup>1</sup> деп атаған.

Кеңес халқына әдеби еңбектерімен әйгілі орыс жазушысы Даниил Граниннің осы ғалымның шытырманды оқиғаға толы ұзақ өмірін арқау етіп, әріптестері жас кезінен ғұламаға теліген лақап атын қайталаған «Зубр» романында Н.В. Тимофеев-Ресовскийдің Германия мен Кеңес Одағында жарты ғасырдан астам уақыт шұғылданған генетикалық зерттеуін егжей-тегжей сипаттап, орыс ғалымының қияметтің қыл көпіріне ұқсаған өмір жолын бүкпесіз ашыпты.

Төменде баяндалатын оқиғалар мен деректерді мен Д. Граниннің «Зубр» романы мен А. Сахаровтың «Естеліктер» кітаптарынан алғанымды ескертемін...

---

<sup>1</sup> Еуропаның орталық бөлегіндегі Белобез орманында, Солтүстік-батыс Кавказда, Америка мен Канада еліңде, тағы қаншама таулы аймақтарда өсіп-өнген, тірі салмағы бір тоннаға тақау, бойы екі құлаш, шотбас тұмсығынан қысқа құйрығына дейінгі тұрқы 3,5 метрге жететін кәдуілгі өгізге немесе бизонға ұқсаған, жүндес желкесі шодырайған тағы жануарларды орыс елі зубр атандырған (Тағы өгіздердің қарамды үйірі 2015 жылы Қазақстанға әкелінгенін мен газеттен оқыдым).

Тула губерниясында, өткен ғасырдың алғашқы жылында дүниеге келген Николай Владимирович ата-анасына тиесілі усадьбада төрт-бес жасында сауатын ашып, білім негіздерін арнайы мектепке қатынамай, үй мұғалімдерінен туған ағасымен бірге игерген. Сол кезде-ақ ол өнер-білімге құштарлық аңғартқан, ойынды да құмарынан шыққанша адақтаған, ән салған, неше түрлі музыка аспаптарында ойнаған. Ең ғажабы, ұры-қарылардың, ел тонағыш содырлардың халық аузындағы шалық әндерін әуелете шырқап әрі мәністеп айтуды ерекше ұнатқан. Фамилиясының екі есімге қосақталуы да тегін емес: әкесінің арғы тегі – Ресейдің орталық атырабына есімдері мәлім ірі шонжарлар, Даниил Граниннің зерттеуінше, орыс тарихының әйгілі қаһармандары Сенявин, Головин, Невельский сияқты адмиралдар шыққан әулет; солардың бертінгі бір буыны – Екатерина II-ші патшаның колшоқпары атанған неміс бароны Биронмен қырғиқабақ болып айқасқа түскен, сол үшін атамекенінен айрылып, басыбайлы карашекпенділерден қарақшы топ құрып, Еділді жағалап төменге түсіп, Қазақ даласына қоныстап, сол жақта қайыра байыған ірі шонжар. Николайдың әкесі бар жұрағатымен атамекені Тула губерниясына бір ғасырдан кейін оралған. Ғалымның анасы, жазушы Граниннің сипаттауынша, «Өте көне, көненің де арғысы – Рессе өзенін иеленген атақты кінәз Всеволожскийден тарайды-мыс. Петр I патша Всеволожскийдің жасөспірім бір перзентін шетелге жіберіп, сол жақтан әлгі жайсаң білім алып оралғанда, С-Петербургтен жер беріп, қаражат та сыйлаған. Ол сабаз жаңа астананың қалталы графтарының бірегейі атаныпты...

Әсілі, Тимофеев-Ресовскийдің арғы тегінде ірілік те, ерлік те бар, білімге құмарлық тіпті зор, ең ғажабы, ұстаған бетінен қайтпайтын еңбеккерлік пен қайсарлық қабілет оған ата-бабасынан дарыған-мыс. Отбасында Колюша аталған жасөспірім 1920-жылдарда төңкеріс дауылына ілесіп, бұл оның гимназия шәкірті атанған кезі, жиырма бір жасында Қызыл гвардия қатарына жазылып, азамат соғысының аумалы-төкпелі майданына қатысқан. Әскери кәсіптен тек тез жеріп, гимназияны бітірмей-ақ Мәскеу университетінің жаратылыстану факультетіне емтихан ұстайды. Сірә, табиғи ұғымталдығы, ғылым негіздеріне жас күнінен жанасқаны септігін тигізген. Университетке қабылданған соң-ақ бірнеше курстарды аттап оқыған. Сөйтіп жүріп Елена есімді бойжеткенге ғашық болып, дегеніне жетіп, 1923 жылы өзі Фома деген сүйкімді ұлдың әкесі атанады...

Германияның Мый институтының директоры, неміс ғалымы Оскар Фогт (содан бір жыл бұрын В.И. Лениннің миындағы сырқатты сәтті емдеп, уақытша оңалтқан дәрігер) Денсаулық сақтау наркомы Н.Д.Семашкоға 1925 жылы ресми хат жолдап, Берлиндегі Генетика институтының биофизика бөлімінде тәжірибеден өту үшін білімі озық, зерттеушілікке ынталы бірнеше орыс жастарын жіберуді өтінеді. Нарком осы хатты МГУ мен Медико-педагогика институтының профессоры, биология ілімдерінің білгірі, өзі сомдаған ұстаздық мектебі бар Н.К. Кольцовқа көрсетеді. Ол болса Звенигород биостансасында отбасын асырау үшін зерттеу жүргізіп, қаржы табатын шәкірті Тимофеев-Ресовскийдің есімін атайды.



Әлем генетиктерінің 1909 жылғы өзара келісімі бойынша, дрозофил (кәдімгі шыбындардың ірірек түрі) тіршілік атаулының тұқым қуалау қабілетін зерттеуге негізгі экспонат ретінде таңдалған. Ол болса ұзындығы 3 миллиметр, томпиған жотасы қап-қара, бауыры арыстанның жонына ұқсаған шұбарала, күн жылыда айналанда ызындап мазанды алатын кәдуілгі шыбын). Әлбетте жаратылыстың тұқым қуалау қабілетін анықтау үшін тинәмдай шыбынды емес, таудай пілді немесе академик Павлов жиі пайдаланған иттерді таңдаған жөн еді. Амал қанша, көрер көзге толымды болғанымен пілдің де, иттің де ересеюін бірнеше жыл күтуге тура келеді. Ал, дрозофилдер жұмыртқадан шыққан соң екі аптада жетіліп, қандай шыбын екенін көрсете бастайды. Ен ғажабы, тез көбейеді, тез өледі. Тұқым қуалау қабілетінен бірақ айнымайды. Әрбір жұмыртқадан анасын айнытпай қайталаған шыбын туады. Кейбірінің көзі қып-қызыл, енді бірі ақшыл белгілерін әстілі жоймайды. Басқа шыбындармен оларды ешқашанда шатастырмайсың. Тұқымдық белгілері айқын...

Колюша Тимофеев Звенигород биостансасында осы шыбындармен күні-түні шұғылданған. Амал не, өзі құдайдай табынған ұстазы Кольцов Мәскеуге шақырып, тілдей хат ұсынады: онда жазылған сөз – «менің шәкіртім, тәжірибе жасауға ынталы, ғылыми еңбектері бар...». Осы хат, сенесіз бе, шетелге аттанбақ жас зерттеушіге университет дипломын ауыстырған. Профессор Кольцовтың мектебінде сол кезде көптеген жас зерттеушілер ғылыми ізденіспен құныға шұғылданған. Бәрінен де жасырағы Николай Тимофеев болыпты, сол кезде студент Колюша генетика бойынша бес еңбек жариялаған. Солардың бәрінде өзіне дейінгілердің тәжірибесін қайталамай, тыңға түрен салған-мыс...

Қыңырлық болмысын Тимофеев Германияда да көрсеткен. Фогттың «өйт, бүйт» дегенін тәрк етіп, адам миында жүретін процестерді зерттеуден бас тартып, генетика ілімінің жынғылына күп еткен. Жемісті де ақырында содан терген. Жиырма бес жасар жігіт неміспен француз тілінде еркін сөйлеуге ойын баласы кезінде өз үйінде дағдыланып, кемшілігін гимназияда толықтырған (ағылшын тіліне, тағы бірнеше тілде сөйлеуге, оқуға, жазуға Германияда өз бетінше жаттыққан). Мәскеуден аттанарда нарком Семашко оны кабинетіне шақырып: «Шетелдің ғылымын тыңғылықты игеріп, тәжірибе жасауға жаттығып, сол жақтан жиған-терген білімің мен танымыңды туған Отанына еселеп қайырасың. Бұл болса біздегі генетиканы биік деңгейге көтерудің тиімді амалы...» – деген ұлағат айтқан.

Германияға Тимофеев келіншегі Елена Александровна және екі жасар ұлымен аттанған.

Тимофеевтер тап болған биофизикалық зертхана Бух қалашығында ірге тепкен (Соған ұрымтал жердегі Ораниенбург елді мекенінде неміс физиктерінің ядролық тәжірибе алаңы мен уран қоймасы болғанын біз осы кітаптың бірінші тарауында сөз еткенбіз). Осы мекендегі зертхана жабдығы, тәжірибе әдістері мен көрнекті құралдар жас білімпазды ерекше таңғалдырып, неміс ұлтына тән таңғажайып ұқыптылықты бірден байқаған. Ерлі-зайыпты Тимофеевтер Берлинге сирек қатынап, оның есесіне Бухтағы зертханада күні-түні отырып, Нильс Бор, Макс Дельбрюк, К.Циммер, Поль Дирак сияқты атом физикасының сол кездегі көрнекті білгірлерімен осы мекенде танысып, көп жыл ұдайы қарым-қатынас жасаған. Әлбетте сол ғұламалар, әсіресе биофизика білімпаздары Бухта жүрген генетикалық зерттеудің қажеттігін, келешек мәнін де айқын білген. Уақыт та аса дүрбелең мезет: 1930-жылдары ядролық физикамен шұғылдану «модный зерттеу» болатын; адамзат қауымына

ересен зор қуат көзін сый етуге жер-жерде құлшыныс күшейген сәт; солардың ақыл-ойы озығырақ өкілдері ядроны ыдыратудан өрбитін зиянды бөлшектерден қорғануға айрықша назар бөлгені – түсінікті ынтызарлық...

Генетиканың, әсіресе радиациялық генетиканың Америка құрлығында, Еуропаның Англия, Франция, Швеция, Германия, Ресей, Италия мен Дания елдерінде жоғары деңгейге көтерілгені – кешегі уақыттың таңғажайып шындығы. «Ғажап жайт, – депті Даниил Гранин деректі кітабында. – Зубр басқарған Бух зертханасы бәрінің алдына шығып, 1940 жылдары әлем генетиктерінің назарын өзіне аударған. Өйткені, тағдыр жазуымен Германияға тап болған орыс ғалымы билік қолына тиген кезде маңына осы іспен шұғылданатын дарынды неміс ғалымдарын, Батыс Еуропаның саңлақ генетиктерін жинап, өздері қалаған бағытта зерттеу жүргізуге ерікті болған. Сол себепті Бухтағы ізденіс әлемдік әріптестерінің алдына шыққан. Зубрдың табиғат сый еткен өзгеше дарыны – қандайда күрделі мәселені қарапайымдап түсіндіретін қабілеті де жеміс тергізген-мыс...».

Ресейлік ерлі-зайыптылардың Бухқа тап болғанына он жылдан асты. Тимофеевтер сол жылдардың қалай өткенін мүлдем сезінбеген. Бұл да зерттеуге жан-тәнімен берілудің салдары. Тимофеев-Ресовскийдің торша құрылысына радиацияның әсерін әртүрлі жағдайда зерттеп, әсіресе соның ең төменгі деңгейін анықтауы – АҚШ генетиктерін ерекше таңғалдырып, сол әдісті игеру үшін Бухқа зерттеушілер тобын аттандырған. Кайзер-Вильгельм институты орыс ғалымының қабілетін бағалап, Николай Владимировичті зертханаға бастық етіп тағайындаған.

1937 жылдың аяқ шенінде Николай Тимофеевті Кеңес елшілігі Берлинге шақырып, осы елдегі Кеңес азаматтарының құқығын қорғаушы шенеунік (шындығында КГБ-ның бақылаушысы): «Сіздің Германиядағы ғылыми жұмысыңыз тым ұзаққа созылды. Отанға қайтып, бұл жақтан үйренгеніңізді туған еліңізде іске асырасыз. Бұл ұсынысты сізге мен үкімет атынан айтып отырмын!..» – дейді. «Жуықта тың зерттеу бастадым, оны жеріне жеткізбей тастап кетсем – өзімнен гөрі әлемдік ғылым ұтылады...» – деген иланымды желеуіне елшіліктің қызметкері келіспей: «Оны да Отаныңызда аяқтайсыз. Айтқанды істеніз, болмаса?!..» – деп тізеге салады. Зерттеушіні бірақ дегеніне көндіре алмайды. Тимофеевтер алты айға кеңшілік алады.

Әлем генетиктері қоғамының 1938 жылғы Эдинбургтегі конгресінде Н.В.Тимофеев-Ресовский «Генетика және зоологиялық көзқарастан туған эволюция» деген тақырыпта баяндама жасаған. Осы жаңалығымен ол генетикалық мутация туралы бұрынғы көзқарасты түбірімен өзгертіп, сол құбылыстың табиғатына өзгеше түйсікпен үнілуге ой айтқан. 1940 жылы ағылшын ғалымы Джулиан Хаксли «Жаңаша жүйелеу» деген атпен генетика жаңалықтарын жүйелеген жинақ жариялаған. Сол кітапқа дүние жүзінің атакты генетиктері қатысып, бір-бір тараудан бөліп алып, ең таңдаулы еңбектерін ұсынған. «Осы кітаптың үшінші тарауына Зубр ие болған. Ең соңғы тарауын академик Н.И. Вавилов жазған... – депті Д. Гранин деректі хикаятының 75-бетінде. –

Орыс генетиктері ашқан жаңалықтар биологтар қауымын ерекше сүйсіндіріп, шетелдіктер тарапынан қызығушылық өрбіткен: торшаның құрылысы, ДНК, хромосом құпиясын ашу, қайталама білезік теориясы... Құстар неге ұшады, тағы аңдардың тууы мен таралу сезігі қандай хромосомамен жүреді? Ағаш түрлерінің еркек, ұрғашы болып өсуі қалайша тарайды? Қошқардың сүзімпаз қабілеті неліктен саулық қойға дарымайды? Бәрі-бәріне ой жүгіртіп қарасаныз, жүздеген «неге», «неліктен» деген сұраулар туады. Жауабы біреу – тұқым қуалаушылық қасиеттің әсері. Жан-жануар дүниесі ғана емес, өсімдік әлемі, күллі жаратылыс осы заңдылыққа бағынады. Адам баласының ата-тегінің қасиет-қабілетін қабылдауын да осы гипотезамен түсіндіруге болады. Тегінде солардың кілтін төбеге қарап отырып анықтай алмайсың. Зубр болса әрбір экспонатты – дрозифил шыбынды да, анды да, адамды да жеке дара қарап, торшаға дарыған мутациялық қабілетіне орай анықтауға дағдыланған зерттеуші. Ешқашанда асықпайды. Нақты білгенін жариялауға да аса құмар емес, жүз қайтара тексеріп, көзі жетіп, тәжірибе арқылы әбден сенгенше құпияда ұстайды...»

«Зубр» хикаятының авторы Кеңес елшілігі Тимофеевтер отбасын елге қайтаруды 1939 жылы қайыра қайталағанын ескертіп, сол жолы да бас тартқанын сипаттап жазған: ерлі-зайыптылар бұл кезде екі ұлдың ата-анасы, яки солардың да келешегін ойлаған; Ленинградта ғылыми жұмыспен шұғылданған туған ағасы үштік сотына тартылып, нақақтан жазым болғанын Николай Владимирович білген; сондай қасіретке екі бірдей қайынбикелері шырмалғаны да тегін емес (А. Сахаров «Естеліктер» кітабында Елена Тимофееваның Тулада тұратын екі әпкесі тұтқындалып, ГУЛАГ қамағына түсіп, отбасына оралмағанын қынжыла ескерткен).

Әйтсе де уақыт 1940 жылға ауғанда Николай Владимирович «Орта жасқа жеттім, туған елімді сағындым, қайтқанымыз жөн болар...» деген оксікке түсіп, елге оралуға қам жасаған. Ғылыми еңбектерін буып-түйін, тәжірибе жасайтын дрозифилдерін де ала кетуге қамдап отырғанда, өзін Германияға аттандырған ұстазы Н.К. Кольцовтан: «Колюша, жылы орныңды суытпа! Саған мен мерзімі шектелмеген іссапарға тапсырма бергенмін, ол әлі біткен жоқ...» – деген сарында астыртын хабар алады. Сөйтсе, ғұлама ұстазы МГУ-дегі кафедрасынан қуылып, қартайған шағында күн көріссіз қалыпты, көп жыл бойы сомдаған ғылыми мектебі де таратылған (Сағы сынған кексе ғалым өзіне қол жұмсап көз жұмған, әлде сөйтуіне жазалаушы жүйе жәрдемдескен). Екінші ұстазы, әлемдік алып тұлға Н.И. Вавилов да тасқамаққа түскен. Тағылған айып: жер шарының бес құрлығын түгел аралап, биологиялық экспонаттарды мың-мындап жинаған еңбеккер академик шетел мүддесі үшін қызмет еткен-мыс (Академик Вавилов түрмеде ұзақ ұсталып, есепсіз көп дүрелеуді көтере алмай, әлде аштықтан 1944 жылы жер жастанған). Бухта өздерімен бірге жұмыс істеген, елшілік талабымен бір жыл бұрын Ресейге оралған ғылыми серігі Слепков та тұтқындалып. Ленинградта атылғанын Тимофеевтер сол қарсаңда білген...

Сөйтіп, екі ұдай көңілде отырғанда КСРО үкіметінен ресми шақыру алады: ғалымның таңдауына екі түрлі қызмет ұсынылған; Белая Церковьтағы қант қызылшасымен шұғылданатын Генетика институтының директоры болу немесе Ленинград іргесіндегі Пушкинодағы ғылыми ұжымды басқару; сірә, ғылыми қабілетін, Германиядан алған білім-танымын туған елі қажетсінген, енді қайтпасқа шара жоқ...

Алайда, Ресейден астыртын жеткен, бірі-бірінен асқан сорақы ақпарларды ой таразысына тартқан ерлі-зайыптылар әзірше елге қайтпауға бел байлайды: Алмания еліндегі жағдайы көңіл көншіткендей жайлы; өзі де, әйелі де кеңестік ғылыми қызметкер құқығына ие әрі Кеңес Одағының азаматтық төлқұжаты қолдарында; екеуі жұмыс істейтін ұжым – Германиялық-Ресейлік институт аталады; 1939 жылы екі ел өзара соғыс ашпауға, шаруашылық мәселелері жөнінен ауыс-күйіс жасауға шарт жасасты; Кеңес елінің астығы, темір мен марганецке бай кентасы, мұнай өнімдері Германияға мың-мың тонналап жөнелтілуде; алмания елінің де соған өтемі мол деседі...

«Зубрдың Отанына қайтпауы – тәртіпсіздік пе, әлде қарақан басының қамы ма? – деген сауалды Д. Гранин «Зубр» кітабында бадырайта жазып, соған жауапты өзі берген. – Қандайда пендеге ажал тұзағын мойнына өзін іл деуге бола ма? Зубр болса ешкімге бағынбай, өз қалауымен өмір сүрген адам. Ғылымда да, өмірде де сол қалыбынан айнымаған. 1940 жылы да ол солай етіп, жазмыштын жазуымен аман қалған».

\* \* \*

1938-1940 жылдар аралығында Н.В. Тимофеев-Ресовский «Генетик әрі зоолог көзқарасымен талданған эволюция» және «Эволюциялық процесті экспериментальдық зерттеу» монографияларын жариялайды. «Генетиканың популяциясы» атты еңбегі итальян тілінде жарық көреді. Мамандардың пікірінше, үшеуі де осы ілімді алға сүйреген тың көзқарас. Демек, Зубр атағын ғалым артығымен ақтаған.

1941 жылдың жазында жағдай күрт өзгерді. Вермахтың жеңімпаз дивизиялары Кеңес Одағына тұтқиылдан баса көктеп кірді. Алғашқы екі-үш айда-ақ Кеңес Одағының күнбатыс территориясын жаулап алып, Ленинградты қоршап, Мәскеу іргесіне екпіндеп жеткені – әлем халқын жаппай шошытқан тарихи шындық. Жә, Берлинге ұрымтал мекенде ғылыми зерттеумен шұғылданған орыс генетиктерінің шағын тобы не істеген? Отанына қайтпады, шақырған әкіренді тәрк етті – демек, саяси кінәлілер. Оған қоса гестапо Бухтағы ғылыми ұжымды бақылауға алып, солардың арасынан ең алдымен жебірей мамандарын іздеген. Оларды таппаған соң Кеңес азаматтарын жаппай тізген. Николай Владимировичтің қарапайым түйсігінде математика, химия, физика, биология, медицина ілімдері ұлт талғамайды. Яғни орыс биологиясы деген ілім жоқ, ұлты орыс биологтар ғана бар. Бұл енді дүз аңының, аспанда қалықтаған құстар мен теңізде жүзген балықтардың шекара шебін елемей, иен табиғатты емін-еркін иемденетіні сияқты – адамзат қауымына ортақ нәсіп. Осы гәпті ұжым жетекшісі гестапоның жергілікті бастықтарына жайлап түсіндірген. Әрі Кайзер-Вильгельм институтының басшыларына барып, өздерінің зерттеуі неміс халқының да денсаулығын сауықтыруға арналғанын бетке ұстап, жазалаушы жүйеден қорғауды өтінеді. Қысқасы, ғылыми жетістігімен танылған ұжымды, оның бірегей жетекшісін саяси көзқарасы үшін қудаламай, ғылыми жұмысқа жегілген неміс генетиктерінің әскерге шақырыл-

мауына да рұқсат алады. Содан былай жергілікті гестапо Бухтағы биологтарға кырғидай шүйілуден тиылып, апта сайын, кейіннен айына бір рет кенсеге келіп тіркелуді ғана міндет еткен. Қысқасы, 1945 жылға дейін Н.В.Тимофеевтің қарауындағы ұжым ғылыми ізденісті бұрынғы қалпында жалғастырған. Тек аста-төк қаржыдан қағылған. Соңғы кезде ас-судан да тарығып, зерттеуге бөлінген там-тұм маркіні жұтқындарына жұмсауға мәжбүр болған...

Тимофеев-Ресовскийдің өзі 1942-1943 жылдары Скандинавия елдерінен, АҚШ-тан және Италиядан ресми шақырулар алған. Бірде-бірін тек қабылдамаған. Өзі ұзақ жылдар сомдаған ғылыми ұжымнан ажырағысы келмеген. Граниннің сипаттауынша, шығыс майдандағы ахуалдың шұғыл өзгеруіне іштей сүйсініп, туған еліне оралу мүмкіндігі таяу екенін асыға күткен-мыс. Зубрдың алманиядан кетпеуіне тағы бір себеп: осы елге екі жасында келіп, ересейген кезде Берлиндегі институтқа түсіп, озық студент атанған үлкен ұлы Дмитрий Тимофеевтің Гитлерге қарсы ұйымдасқан астыртын ұжымға мүше болуы әшкереленіп, гестапонның құрығына ілінуі (Жас күрескерді гестапо жендеттері 1944 жылы атқан, сол жайтты әке-шешесі білмеген, 1946 жылы ғана ресми естіген).

Тимофеев-Ресовскийдің Германия билеушілерінің фашистік саясатын қабылдамай, күллі болмыс-бітімімен қарсы болғаны туралы айғақтарды Д. Гранин кітабында молдап келтіреді. Мысалы, зертхана жетекшісінің жебірей достарын немесе жебіреймен қаны аралас әріптестерін әртүрлі амалдармен газ камераларынан аластаған. Солар және бірді-екілі емес, ондаған. Николай Тимофеев неміс тұтқынынан қашқан кеңес жауынгерлеріне де қол ұшын берген. Қайсыбірін жұмысқа қабылдап, жалған құжаттармен бүркемелеп ажалдан құтқарған...

1945 жылдың басында соғыс қимылдары неміс территориясына ауысты. Кеңес армиясы Берлинді қоршау үшін жедеғабыл шабуылға көшіп, әскери бір бөлім көктемде Бух мекеніне баса көктеп кірген. Ораниенбургтегі ядролық жабдықтар мен уран кентасы сақталған қойманы Американың «Алсос» атты жасырын миссиясы иемденбек болған жоспары іске аспай қалғанын мен осы хикаяттың бірінші тарауында сөз еткенмін. Соған қосымша айғақ: осы аймақтағы Генетика институты құтыхана, аспаптары мен мұрағаты, барлық зерттеушілерімен Кеңес әскерінің қарамағына көшеді; сол жердегі уран қоймасы мен атомдық реакторды мүлдем құртуды жобалап (әлбетте сол қазынаны Кеңес Одағына иелендірмеу үшін), АҚШ пен Англияның 600 ұшағы бір тәулік бойы тынымсыз бомбалағанда генетиктердің Бухтағы қонысына әлдебір себеппен бірде-бір бомба түспеген...

Генетиктер өздері иеленген территорияға баса көктеп кірген кенестік жаяу әскерді қуана қарсы алса да ертені мәлімсіз кіріптарлыққа тап болады: басыбайлы тұтқын емес, бірақ институт пен тұрғын үйлерінен қарға қадым жерге шығуға рұқсат жоқ; ал, зерттеу жұмыстарын жалғастыруға болады... Сол «кеңшілікті» әскери бөлімнің командирі Тимофеев-Ресовский мен оның серіктерінің кенестік төлқұжаттарын көрген соң жасаған-мыс. Сол кез-

де Бухка әскери шені генерал-лейтенант бір шенеунік келіп (Д.А. Гранин оны Авраамий Павлович Завенягин дейді), институт жетекшісімен кездеседі. «Бухта сіздің нендей зерттеумен айналысканыңызды біз білеміз. Сол ізденіспен енді өз отаныңызда шұғылданасыз. Мына дүрбелен жуықта біржола тынады. Сірә, өзіңізді күллі ұжымыңызбен Кеңес Одағына көшіреміз...» — деген ойды ол Тимофеев-Ресовскийге бұйрық ретінде жариялаған. Генетик-ғалым сол әмірге басын шайқап: «Неміс мамандары Ресейге бармайды, сіздің зорлығыңыз оларға жүрмейді. Кеңес азаматы ретінде менін де бас-еркім өзімде...» — деп наразылық білдіреді. Әскери шенеунік: «Қикар сөзді доғарыңыз, Тимофеев! Сізден де, серіктеріңізден де біз «Ресейге барасыз ба?» деп сұрамаймыз. Өйткені, сіз Кеңес Одағымен төрт жыл соғысқан Германияда қызмет еткен күнәһар пендесің...» — деп үстелді тықылдатқан-мыс. Николай Владимирович кіріп-тарлық жағдайын түсінген соң-ақ қайыра сауал қоймаған.

Тағдырдың жазуына не дейсің, биік қоршаудың ішінде жіпсіз байланған бейкүнә генетиктердің бірде-бірі әскери күзеттен сытылып ешқайда кете алмаған (Ұлты неміс, бұрынғы Кеңес азаматы, металдық уран алу технологиясын өз бетінше игерген, аса дарынды инженер-химик Николаус Рильді «Алсос» миссиясы Ораниенбургтен сарыла іздеп таппаған себебі де осы, сол мекенді жойқын бомбалаудың сәл бұрын байғұс инженер ескі танысы әрі адасы Николай Тимофеевтің құттыханасына келіп, уақытша паналаған-мыс.

Бух зертханасын, оның қызметкерлерін күзетудің күшеюі осы мекенге жіпсіз байланған ғылым иелерін сары уайымға түсірген. Неміс мамандарынан да гөрі сол қысасқа кеңестік азаматтар көбірек қайғырған. Рухани азуға қайрат-қажыры мықты, қайсарлығы да аса күшті Тимофеев-Ресовский де тап болған: күні-түні шырмаған қайғы бұлтын ол ашы алкогольмен тұншықтырған-мыс; сол ермекте серік еткен адамы — жалғыз ұлын соғыс өрті жалмап, соқа басы қалған, осы ұжымда шыны аспаптарды үрлейтін бүкір неміс жұмыскері; екеуін де перзент қайғысы егілтіп, өзара мұңдас еткен...

Николай Владимировичтің үмітсіздік шыңырауына құлауына анығында бір топ Кеңес ғалымдарының Бухка кенеттен келуі түрткі болған деседі: топ жетекшісі ғалым-физик, КСРО ҒА-ның Атом энергиясы институтының жетекші қызметкері Л.А. Арцимович (бертінде академик, аса үздік ғылыми еңбектері үшін Еңбек Ері атанған, сан алуан құрметті атақтармен марапатталған, плазма құпиясын зерттеудегі үздік еңбектерімен әлемге танылған) Бухтағы ғылыми қызметкерлермен танысқанда неміс химигі Н. Рильмен қол алысып, кезек Тимофеевке жеткенде, кенет тіксініп: «Иә, иә, сізді туралы аз-кем естідім. Өкінішті тағдырыңызды білемін. Кешіріңіз мені...» деп ұсынған қолын алмай, дүйім жұрттың көзінше теріс айналған. Көпе-көрінеу жасалған дөрекілікті Николай Владимирович бетіне шапалақ сарт еткендей сезініп, ғылыми әріптесі өзіне: «Сен жаусың, Германияда жұмыс істеп, Кеңес Одағының мүддесін сатқан опасызсың! Сені сірәда білгім келмейді, сөйлесуге де зауқым жоқ...» дегендей ауыр әсерде қабылдаған.

Осы кездесуден соң ұжым жетекшісі жарға құлап, қайғы қамауында жүрген бүкір немістің қарауына біржола көшкен-мыс. Отаныма қайтамын, ендігі тірлігімді соның мүддесіне сарп етемін деген ойға малданып жүргенде өзі тап болған осы «шапалақ» қайсар жанды жерге тығып, азу мен тозудың азабына душар еткен...

Бухқа келген өкілдер Николаус Рильге Кеңес Одағында кәсіби маман ретінде ғылыми жұмыспен шұғылдануды ұсыныпты. Ол қуана келісіп, Ресейге отбасымен аттанады. Бух зертханасында істейтін неміс генетиктері де Мәскеуге күзетпен апарылып, Қырымда ірге тепкен биостансаға жөнелтіледі. Генетикалық зерттеуді олар сол жерде жалғастырған, жүріс-тұрысына қатаң шектеу қойылып, үнемі күзетте ұсталған. Кесулі енбекақы алмаған. Ас-суды ортақ асханадан ішкен. Жатын орындары да – кәдімгі казарма. Соншама қысымға түсінік сұрағанда: «Сендер бізбен төрт жыл соғысқан елдің азаматысыңдар, мына шара соның өтеуі...» – деген сипатта қасаң жауап естіген. Көнбеске шараң қанша?!.. Сол байғұстар еріксіз телінген ізденістің өтеуі тек мәз емес: тәжірибе жасайтын экспонаттары (кәдімгі дрозифил шыбындары), аспап-құралдары жетіспеген; ең бастысы, Тимофеев сияқты кеменгер жетекшісінен ажыраған соң қанаттары қайрылған құсқа ұқсап, ғылыми ой-түйсігін дамыта алмаған, сөйтуге, сірә, ынталары да болмаған; сырт көзге мәнді іс атқарып жатқандай болып, өнімсіз күйбеңмен уақыт ұзатқан деседі...

Ал, Бухта қалған кеңес азаматтары мықты күзетпен ұсталып, ертенгі күнге үміттенумен уақыт ұзатқан. Зарыға тосу бірнеше айға созылыпты. Генерал-лейтенант А.П. Завенягин институттың Германия мен Кеңес Одағының біріккен ұжымы деген ресми атауын өзгертіп, Кеңес атын ғана қалдырып, соған директор етіп Тимофеев-Ресовскийді бекіткен. Қарауындағы қызметкерлерді тек әлдеқайда әкету тиылмаған, ең ғажабы, Николай Владимировичтен ешкім рұқсат сұрамайды. Ұрыс майданында күйрей жеңіліп, солдатсыз қалған әскербасына ұқсап, күллі институтта ақыр аяғында оншақты қызметкерлер қалады. Солардың біреуінің фамилиясы – Царапкин...

«Зубрды алуға жазалау жүйесінің қызметкерлері тастай қараңғы түнде келеді. Үйінде тұтқындап, сол бетінде Мәскеуге әкеліп, туған Отанына қайтудан 1938-1940 жылдары екі мәрте бас тартқанын әскери сот коллегиясы опасыздық бапқа байлап, 10 жылға бас еркінен айырған. Екінші дүниежүзілік соғыста неміс фашистеріне қызмет еткен полицейлер, кашқындар, бандиттер, власовшылдар, бендеровшілер мың-мыңдап тоғытылған, Кеңес Одағының ту киырдағы лагерьлердің біріне жөнелтілген...» – деген мағлұматты Гранин қаламгер кітабының 181-бетінде тәптіштеп жазыпты. Даниил Александрович түсінікті себеппен Тимофеев-Ресовскийді қандай жүйенің тұтқындағанын нақты нұсқамай, «КГБ-ден өзге басқа тағы бір ведомство» деп далдалап атаған. Ал, А. Сахаров ондай далдалауды тәрк еткен тура мінездің адамы. «Зубрды тұтқындаған көп адамды аяусыз жазалаған ұжым – айбарлы «Смерш» дейді» («Смерть изменникам Родины» – М. С.).

\* \* \*

1945 жыл тарих еншісіне кірді. Бейбіт тірлікті паш еткен келесі жыл да уақыт тізбесінен өтті. Тыңнан құрылған кеңестік атом өндірісі қызу тірлікте. Ту баста күрделі сияқтанған көп істің басы қарайды. Мындаған адам күні-түні

камдаған құпия «бұйымның» да сұлбасы көрінді. Алды-артына қарап, жеткен жерінді шамалап, не жетпейтінін де ойлауға мүмкіндік туды.

Сол қарбаластың басы-қасында отырған И.В. Курчатов өзін осы іске жегіп әрі жетекшілік етуден айнымаған физик ұстаздары П.Л. Капица мен И.Е. Таммның талап етуімен 1946 жылы Физика-техника институтында «Молекулалық биология» бөлімін құрған. Бұл тегінде генетиканың далдаланған атауы, КСРО-да жойқын қуғынға түсіп, буржуазиялық шарлатандардың қияли бопсасы делінген ғылымды қайыра тірілтудің қамы. Амал не, бөлім мамандары күрделі ілімнің бүге-шігесін андап, миллиондаған радиация шоғырынан қорғанудың жай-жапсарын білмейді. Шынтуайтын айтқанда, бұл да қалайда шешемін, білемін деген ынтазарлықпен игерілетін жайт емес. Ұзақ та тынымсыз іздеуіс тілейтін шаруа. Қысқасы, биология бөлімінің зерттеушілері өздерінің дәрменсіздігін мойындап: «Игорь Васильевич, осы саланың үздік білімпазы Тимофеев-Ресовскийді іздетіңіз. Біз оның озық танымы мен тәжірибесіне ділгерміз...» — деген.

Курчатов сол дағдарысты Завенягинге мәлімдеген: «Аврамий Павлович, үкімет күткен «бұйым» жуықта жасалады, оның сынағын да қиналмай өткіземіз. Ал, жарылыс кезінде жер мен көкке құртша құжынайтын радиация ұшқындарын не істейміз? Миллиондаған бөлшекті азайтуға, жер-жаһанға залалды әсерін кемітуге, иә, зақымданған аймақты залалсыздандыруға бізде дәрмен жоқ. Сонда қалай, ештеңе білмейміз... деп, қол қусырып қарап отырамыз ба? Ұқтыңыз ба, неден сүрінгенімізді?.. — деп өзін ерекше мазалаған жайтты естіртеді. — Тимофеевті сіз Германиядан тауып, іле-шала жоғалтып алдыңыз. Екі жыл болды, тірі адамды іздеуге құлқыңыз жоқ. Сірә сіз де оны сатқын санайсыз? Менінше, сол данышпан ГУЛАГ-та отыр. Сол жерден оның жарық дүниеге шықпауына аса мүдделі соғындылар жеткілікті. Қысқасы, кім болса да — сол кеменгердің білімі мен білікті тәжірибесі бізге ауадай керек!..».

Генерал-лейтенант Завенягиннің кімге барып, кімдерді мазалағаны беймәлім, өткен уақыттың қатпарында ұмыт болған жайт. Токетерін айтқанда, үкімет шенеуніктерінің бірі ГУЛАГ басқармасына ондай тұтқын бізде жоқ деген жалтарма хаттарын зілдене нұқып, Н.В. Тимофеев-Ресовскийді тауып, Мәскеуге жеткізуге әмір түсірген...

«Іздеушілер тұтқындар тізімін жүздеген лагерьлерден ұзақ сүзіп, ақырында Ресовскийі жоқ Тимофеев фамилиясын Қазақстан қиырындағы ҚарЛАГ-тан табады...» — депті Даниил Гранин «Зубр» кітабының келесі тарауында. — Әлқисса содан Қарағанды облысының Ақмоламен шектесетін тұсындағы он шақты лагерьлердің бірінен Тимофеев фамилиясын кездестіріп, қосымша тексергенде сол тұтқын Тимофеев-Ресовскийдің тура өзі болып шығады. Уақыт 1946 жылдың аяқ шені, қақаған қыс айы. Сол тұтқын Осакаровка стансасына шанамен жеткізіледі. Өз бетімен жүріп-тұруға шамасы болмаған, ішіне ас тұрмайтын ауруға ұшырап, бұрынғы қожырайған алып денесі етінен сылынып, сүйектері ырсиған қаңқаға айналыпты. Ал, үрдіс жеделхатта оны тірі жеткі-



зу ескертілген. Амал қанша, ҚарЛАГ бастықтары тұтқынның қасына дәрігер мен медбике қосып, «жұмсақ» вагонмен Мәскеуге жөнелткен...

Николай Владимировичті адам қалпына келтіру алты-жеті айға созылған. Мәскеуге келген соң ол түрме лазаретінде жатып, әл-қуат жиған. Ауыр қылмыс мықтап байланған Н.В. Тимофеев-Ресовскийді ГУЛАГ «архипелагынан» біржола адақтап, бостандыққа шығаруға атомдық Бас басқарманың бастығы А.П. Завенягиннің құзыры жетпеген. Айбыны әлей «Смерш» коллегиясы оны «сатқындық» баптан ақтаудан үзілді-кесілді бас тартқан-мыс. Алайда атомдық ұжымның басшылары ГУЛАГ жүйесімен келісімге келіп, «ана дүниеге аттана жаздаған қылмыскерді» «Шарочка» аталатын лагерьге ауыстыруға келіседі. Қысқасы, тұтқын генетик 1947 жылдың басында Орал тауының арғы бетіндегі Миасово мекеніндегі ботаника стансасына күзетпен жеткізілген.

Жаңа қонысына Николай Владимирович риза болған-мыс: тау етегіндегі айнадай жалтыраған көлді жергілікті халық «Вишневая» дейді екен, жағасы ну орман, жеміс-жидегі мол; көл жағасына ірге тепкен станса академия жүйесінде ботаникалық бақ ретінде тіркелген; ал, тұтқындар лагері сол көлдің жағасына жуықта ғана орналасқан; Тимофеев сол бақтың биология құтыханасына кіші ғылыми қызметкер ретінде қабылданады; екі жыл бойы жер қазу, құрылыс салу жұмысына жегілген, жатын орны – тар казарма, асы – нәрсіз сорпа, иә құнарсыз ботқа болып мүшкіл халде өмір сүрген тұтқын үшін мына жер – Тула өңіріндегі атамекеніндей жайлы қоныс.

Ауыр жұмыстан әбден титықтаған кезінде тұтқын серіктері оған: «Сен мына жерге жайғасып отыр да ұры-қарылардың әнін шырқа. Сенің норманды біз орындаймыз!», – деген-мыс. Колюша тақыр жерге тізерлеп отырып, жас күнінде құмарлана шырқаған әндерді заулатқан. Даусы өте зор және әр сөзді мәнерлеп айтады. Кей сәт басқадай мұңлы әндерге көшсе, тындаушы серіктері: «Жо-жок, бізге көңілді тырнайтын мұңлы саздар керек емес, тек қана қаракшылардың әндерін айт!..» – деп, жігерді қайрайтын, бас жарар, шеке сыздатар әуендерді рақаттана төпелеген. «Зубр» романының авторының баяндауынша, осы әндер Колюшаның беделін лагерьлік мұндастары арасында ерекше көтерген. Халі әбден бітіп ауырған кезде де сол шерменделер әнші мұңдасын казармаға арқалап жеткізетін болыпты.

Миасовода ол бір жайтқа көндіге алмаған: қайда барса да көлеңкесі құсап қасынан бір елі қалмайтын күзетшімен жүрін-тұрады, солдат емес, беліне тапанша байлаған жас лейтенант Шванев; стансаның әрі шарочка-лагерьдің бастығы Александр Константинович Уралец деген дәй орыс, байсалды мінезге ие, мосқал жастағы полковник; бұрынғы күш-қуаты бойына қайта қоймаған тұтқынның әлжуаз кезі, екінші қабаттағы құтыханаға өз бетімен көтеріле алмай ентіге бастаса, қарауылшы офицер қолтығынан демеп, кейде арқалап шығарады...

Арада бірер ай өтіп, сүйегіне ілініп арыған денесі қоң жиып, көңіл күйі де сергіген беймаза күндердің бірінде тұтқын ғалымды станса бастығы кабинетіне шақырады. Сөйтсе, Мәскеуден бір шенеунік келіпті. Түр-келбеті әскери адамға емес, зиялы қауымның өкіліне ұқсайды. Тұтқын мұңлыққа орнынан

тұрып, ізет білдіре амандасады. Бұл енді Николай Тимофеев үш жылдан бері білмеген, көрмеген ілтипат...

– Николай Владимирович, ботаника бағына тап болғаныңызға ризасыз ба? Тұтқын басын шайқайды.

– Денсаулығыңыз онала бастапты. Демек, мұндағы зерттеуге септігіңіз тиеді...

– Ғапу етіңіз, мен ботаник емеспін. Бейтаныс камкоршыларым менің анкетама қарамаған...

– Генетиктердің сорлысы емесіңізді білеміз... – дейді өкіл. – Сізге мен ерекше мәсемен келдім. Ботаникалық баққа тап болуыңыз – қателік емес, сізді ғылымға қайтару үшін жасалған қитұрқы амал, өйтпеске шарамыз болмады. Бухта шұғылданған генетиканы осы стансада жалғастырасыз. Жә, не дейсіз?

Тимофеев шенеунікке одырая қарайды.

– Тап солай, Николай Владимирович, үндемегеніңізді келіскеніңізге есептеймін. Американдықтар ядролық жарылысты жыл сайын үдетуде. Радиация залалын зерттеу бүгінде ерекше мәнді іс. Сол кесепатты жан-жақты зерттеуге тиіспіз. Сол ізденіс сізге жүктелмек! Яғни, өзіңізге таныс іліммен осы жерде қайтадан айналысасыз.....

– Ғапу етіңіз, ботаника стансасы генетикамен шұғылдануға мүлдем бейімделмеген. Бау-бақша бағбандарымен сіз міндеттегелі отырған шаруаны мен сірәда атқара алмаймын... – деп бас-еркі жоқ кіріптар тұтқын екенін демде ұмытқан Тимофеев-Ресовский бірден-ақ ғылыми әуенге көшіп, жұмбақ өкілдің бетіне аныра қарайды.

– Ризамын, қымбаттым, шынайы ғылым иелеріне тән ой айтып отырсыз!..

Үкімет шенеунігі жұмбақтауды кілт доғарып, осында жүрмек зерттеудің мән-жайын тәптіштеп түсіндіреді. Айтуынша, стансаның ботаникалық бау атануы конспирация үшін сақталады-мыс. Директоры, лагерь де өзгермейді. Александр Уралец ғылыми зерттеуші болмаса да, бұл жердегі жұмыс рәсімін жақсы білетін, ұйымдастыру қабілеті мығым адам...

– Ал, сізге біз Бухтағы ғылыми жетекшілік мансабыңызды қайтарамыз. Иә, Николай Владимирович, Германияда жасаған зерттеуді осы бақта жалғастырасыз. Стансаны қайтадан жабдықтаймыз. Сөйту үшін не істеу керек, жөн-жобасын қағазға түсіріңіз. Бір апта мерзім жете ме?.. Не сұрайсыз, бәрі-бәрін тежеусіз аласыз. Ғылыми қызметкерлерді, лаборанттарды да өзіңіз сұрыптпайсыз. Қайдан және кімді, қанша қызметкер шақырсаңыз – сол мамандарды осы жерге көшіреміз, тұрмыс жағдайын ондап, бәріне де сүбелі еңбекақы төлейміз. Әлбетте өзіңізге де. Соның бәрін іске асырушы – мына кісі, полковник Уралец болады. Бірер айда ғылыми ұжымды тыңнан құрып, радиация бөлшектерінің адамға, жан-жануарға, қоршаған ортаға залалын зерттеуді, зиянды сәулелерді залалсыздандыру шараларын ойластырасыз...

– Сірә, маған зерттеуді жедеғабыл өрістету үшін Бухта өзіммен бірге жұмыс істеген ғылыми мамандар, лаборанттар да керек болады. Әсіресе неміс ғалымдары...

– Кеңестік әріптестеріңізге қылмыс бабы байланып, әртүрлі лагерьге жөнелтіліпті. Тізімі қолымызда, бәрін де Миасовоға жеткіземіз. Неміс мамандарын да білеміз, Қырымдағы биостансада жұмыс істейді. Есімдерін жазып беріңіз, кімді тілесеніз – түп-түгел жеткізіп береміз әрі дегенде екі айда...

– Рақмет, қымбаттым! Жә, енді көкейімді тескен жұмбақты тарқатыңыз. Осыншама игі жақсылық үшін мен кімге қарыздармын?

– Өзіңізге, тек ғана өзіңізге, Николай Владимирович! Генетика ілімін алға сүйреудегі ұлан-ғайыр еңбегіңіз бізді сізге тәуелді етіп отыр... Есімі өзіңізге мәлім генерал-лейтенант Абрамий Павлович Завенягин сізге берген уәдесін, үш жылға кешігіп орындауға құлшынып отыр. Соған да тәубе деңіз! Жә, оған өтініш, тілегіңіз бар ма?

Көңілі айран-асыр тасыған тұтқын ғалым ақырын ғана:

– Үй-ішімді сағындым. Лелькам мен Андрюшамды көргім келеді. Бухтан әкеткелі үй-ішім мен туралы ештеңе білмейді. Абрамий Павловичке айтыңыз, иә, өзіңіз шешіңіз: балам мен әйелімді Миасовоға жеткізсеңіздер – өзгедей тілек айтпаймын... – Көзінен кенет домалаған ыстық жасты тия алмай, жан-жүйесі босағанын ғалымның өзі де аңғармай, егіле сөйлейді. – Сөйткен жағдайда ұйқым түзеліп, өзіме жүктелген жұмысты күні-түні атқаруға әзірмін...

– Отбасыңыз дін аман. Әйеліңізді екі апта бұрын Бухта көрдім, ол кісі маған: «Елге өз бетіммен қайтпаймын, күйеуімді Бухта тосамын», – деді. Сіздің қазіргі ахуалыңызды жете білмейді. Отбасыңызды Миасовоға шақырып, сендерді сағындым деген сарында хат беріңіз маған. Оларды көшіру жөнін тездетіп реттейміз...

Завенягин басқарған ведомство тұтқын ғалымның бұл тілегін де тап-тұйнақ орындаған. 1948 жылдың жазында Елена Александровна мен Андрей Тимофеев Миасовоға жеткізіліп, Тимофеев-Ресовскийлердің отбасы лагерь бастығы арнайы дайындаған төрт бөлмелі оңаша коттеджге орналасады. Берлин университетінде білімін көтерген кіші Тимофеев сол жылы Свердлов университетіне ауысыпты. Күзге таман генетик ғалымның екінші тілегі де жүзеге асып, Бухта өзімен бірге жұмыс істеген неміс мамандары, құтыханашылар да Қырымдағы биостансадан Миасовоға көшіріліп, бәрі-бәрі отбасымен келіп, екі қабатты, еденіне паркет төселген әдемі үйлерге жайғасқан. Кеңес Одағының әр жерінен шақырылған, кейбірі ГУЛАГ қамағынан құтылған байырғы генетиктер де Миасовода бас қосып, өздері қалаған зерттеуге қайыра кіріседі.

Д. Гранин «Зубр» кітабында неміс мамандарының ғылыми деңгейіне орай Кеңес ғалымдарымен бірдей сүбелі еңбекақы алғанын, Миасоводағы тұрмыстарына разы болып, ғылыми зерттеуге құштарлықпен жұмылғанын тәптіштеп баяндаған. Тек бір жайтқа олар наразы болған: 60-жылдардың орта шеніне дейін бәрінің де жүріс-тұрысына шектеу қойылып, өз Отанына қайтуға, тіпті демалысқа баруға да рұқсат берілмеген. «МГУ-дың биология факультетін тәмамдаудан соң Миасовода министрлік жолдамасымен келіп, ғылыми жұмыс істеген Елизавета Сокурованың ауызекі әңгімесінде: «Алғашқы кезде Миасово құтыханаларында орысшадан гөрі неміс сөздерін жиірек естігеніме таңғалғаным есім-

де. Бақсам, сол әдетке өзім ұстаз тұтқан Энвэ (Николай Владимировичтің лақап есімі — М. С.) де сөйтеді екен, онысы енді кешірімді жайт: ол кісі өз ойын орысшадан гөрі немісше түсіндіруге жастай дағдыланған...» — деп, өзі жиі көріп, таңғалған оқыс қылықты Лиза қызмке маған күле қарап отырып сыр шертті. Байқасаңыз, Николай Владимирович неміс халқының зиялы қауымымен рухани, ғылыми байланысын Отанына қайтқан соң да үзбеген. Әсіресе солардың іскерлігін, тазалығын, тиянақтығын ғылыми зерттеуде әжетіне жаратқан...» — деген-ді Даниил Александрович деректі хикаятының 35-тарауында тәптіштеп баяндаған.

Әлбетте Миасоводағы зерттеу дабырасыз жүріпті. Әуелде тәжірибеге қолданатын экспонаттардан, дрозophil шыбындардың аздығынан біршама қиындықтар туған. Бас басқарма сол олқылықты жедеғабыл ондаудың жолын тапқан. Қысқасы, 1950-жылдан беріде Миасоводағы ғылыми ұжым генетикалық зерттеудің үміт күттірер мектебіне айналған. Ғажап жайт: Орал тауының теріскей түкпіріндегі шағын станса, Мәскеу мен Ленинград (С-Петербург), Свердлов (Екатеринбург), Новосібір және Том университеттерінің биология факультеттерінің үздік шәкірттерінің, әрине, «Мичуриндік биологиядан» үмітін үзген жас білімпаздардың қашық болса да тіленіп келін, төрт-бес ай бойы тапжылмай отырып, кейбірі біржола қалып, ұшқыр шыбындармен ізденіс жасап, генетиканың жұмбағы мол жыңғылына үңіліп, Тимофеев-Ресовскийдің, стансада қалыптасқан дағдымен жұрттың бәрі профессор дейтін генетика білгірінің тамаша дәрісін сүйсіне тыңдап, бұрынғы түйсігін түбірімен өзгертіп, білімі байып қайтатын ғылыми орталыққа айналыпты (Генетиктердің екінші мектебі Новосібір қаласындағы академия бөлімшесінде қалыптасқан, ондағы зерттеуді Мәскеуден 1948 жылы қуылған биология докторы, бертінде академик атанған Н.П. Дубинин өрбіткен).

Миасово биостансасының құрамында радиохимиялық, физикалық, өсімдіктер мен жан-жануарларды радиобиологиялық тұрғыдан зерттейтін бөлімдер ашылып, арнайы құтыханалар жұмыс істеген. Бәр-бәрінің жетекшісі — Тимофеев-Ресовский. Практикалық жұмыстарды неміс генетиктері жүргізген. Аптасына бір, кейде екі мәрте Николай Владимирович станса қызметкерлеріне дәріс оқыған. Күрделі мәселені қарапайымдап түсіндіріп, миына құйып беретін, көбіне екі, кейде төрт сағатқа созылатын ғалым дәрісін тыңдауға жұрт таяу төңіректен де келіп, құтыхана мамандары да оның дәйекті түсініктемесін сан қайыра естуге әрқашанда құмарлық аңғартқан...

Миасовода зерттеу жүргізген жылдарда Зубр басқарған зерттеушілер генетиканың бірнеше проблемасын сәтті шешкен: солардың бастысы — адам ағзасын кездейсоқ зақымдаған радиоизотоптарды немесе жарылыс кезінде қанға тараған зақымдаушы сәулелерді өздері ойлап тапқан «комплексон» атанған реагенттің көмегінен дәрет арқылы шығару жүзеге асқан; тегінде бұл баспасөзде бертінде жарияланған жаңалықтар; ал, жабық құжаттарда қалғаны қаншама! Миасоводағы зерттеуші топ шындығында осы реагентпен миллиондаған адамның өмірін айықпас қатерден құтқарған. Амал не, соны білген, іске асырған пенделер сол күнде жұмған аузын ашпаған. Анығында, солар — Лениндік,

иә Нобель сыйлығына лайық жаңалықтар! Не дейміз, сол мәртебе миасово-лық зерттеушілерге бұйырмаған, осы әділетсіздікке ойланған да жан иесі болмаған...

Бухтан келген К. Циммер есімді зерттеуші сол жылдарда әлемдегі ең үздік дозиметрист саналыпты. Сол ғалым Миасово ұжымының зерттеушілік қабілетін жоғары деңгейге көтерген физикалық құтыхана ұйымдастырып, иондық сәулелерді қасқағымда өлшейтін, аса қауіпті жағдайда зерттеушілерді сақтандыратын неше алуан аспаптар ойлап тауып, бәрін де ядролық полигонда сынауды жүзеге асырған. Радиациялық-генетикалық зерттеулердің неше түрлі ұтымды әдістерін өміршең етіп әрі содан қорғану амалдарын Германиядан қоныс аударған радиобиологтар Кач, Борн және Лихтин есімді мамандар ұтымды шешкен. Зубрдың өмірлік қосағы Елена Александровна да атомдық жарылыс кезінде миллиондап бөлінетін изотоптарды зерттеу үстінде өзен-көлдердің суын ішіп, табиғи жағдайда өмір сүретін жануарлар мен табиғи өсімдіктердің 75 түрін анықтап, солардың зақымдану коэффициентін де асқан дәлдікпен есептеп шығарған.

Цивилизациядан қашық, Еуропа мен Азия құрлықтарына шекара болып саналған кәрі Оралдың ғылыми ортадан қашықта және өз бетімен зерттеу жүргізген жанкешті мамандар Миасоводан ұзап шықпай, кіріптарлық жағдайда еңбек етсе де, шүкір делік, күллі адамзат қауымы үшін 1948-1956 жылдарда атомшы физиктердің тікелей тапсырмасымен жанкешті еңбек етіп, аса күрделі мәселені оңды шешуге айтарлықтай үлес қосқан. Академик Сахаров осы стансада жүзеге асқан тың зерттеулер жайында «Естеліктер» кітабында: «Тимофеев-Ресовскийдің басшылығымен неміс мамандары жүргізген генетикалық зерттеулер бізге радиация залалын, оның таралуын, радиоактивті сәулелердің тұқым қуалайтын себебін айқынырақ түсінуге өлшеусіз зор көмек көрсетті. Ал біз, физиктер, еліміздің қорғаныс қуатын күшейткенімізге қуанып жүріп, өз халқымызға, жалпы адамзат қауымының келешегіне қастандық жасағанымызды біраз уақытқа дейін білгеміз жоқ, ең шатағы, соған ойланған да емеспіз?!..» — деген өкініші мол мойындауды Андрей Дмитриевич 1987-жылы ғана айтқан...

Миасовода құпия жағдайда жүрген зерттеу 1956 жылға дейін созылған.

\* \* \*

Кеңестік физик ғұламалар өздері шырқау биікке көтерген ядролық зерттеулерді генетикасыз, нақтырақ айтқанда, сол ілімнің бүге-шігесін игерген білімпаз генетиктерсіз өрістете алмайтынын, күндердің күнінде сол проблемадан тығырыққа тап боларын білген. Сондықтан да физиктердің жетекші тобы биология ілімін кеңестік агрессиядан қорғап, Дарвин ілімін төңкерістік жолмен алға дамытушы Мендель мен Морганды адамзаттың қас жауы деп, сол ғұламалар негізін қалаған генетика ілімімен әуестенушілерді КСРО аймағында жаппай күнәһар еткен Лысенко мен оны жақтаушы шалағай ғалым-

сымақтардың жауыздық әрекетін әшкерелеумен қоса жана ілімді 50-жылдарда алға сүйреуші Уотсон, Крик, Гамов, Тимофеев-Ресовскийлердің кім екенін, солар ашқан ДНК құрылысын, хромосомды түбірімен өзгертіп, радиациялық генетиканың мутациялық механизмін түсіндірген еңбектерін кең насихаттайтын уақыт жетті деп есептеген.

И.Е. Тамм осы мәселеге ұзақ ойланып, 1955 жылдың қоңыр күзінде өзінің ұстазы П.Л. Капицамен ақылдасқан. Петр Леонидович оның төңкеріс сипатты тың ойын дереу қолдап, мәскеулік физиктер «капичник» деп атайтын, өз карауындағы Физикалық проблемалар институтында жыл сайын өтетін дәстүрлі семинардың кезекті жиынын генетикаға арнауды ұсынады. Өзара жә дескен соң екі ғұлама сол жиынды дайындауға кіріседі. Бұл енді лысенкошыларға шабуылдың увертюрасы болуға тиіс, ал негізгі шабуыл кейінірек жасалады. Генетика проблемасын биологиялық институттар талқылауға дәрменсіз, өйткені сол ілімнен ештеңе сезбейді, басты мәселе туралы баяндама жасайтын, оңды пікір айтатын білімпаздар Мәскеуде о күнде мүлдем жоқ. Бұрынғылары ажал құшты, көпшілігі астанадан қуылды. Қалған-құтқан биологтар Лысенконың қол астында, күнкөріс қамымен сүтке тойған мысықша бұғып отыр. Ал, физиктерде жағдай мүлдем басқаша: И. Сталиннің ынтасымен Англиядан 1933 жылы туған еліне қайтып оралған Л.П. Капица дербес институт ашып, зерттеу тақырыбын да тек қана өзі таңдап және сол үшін ешкімге есеп бермеуге құқық алған бірегей ғалым. Сондықтан да жыл сайынғы «капичник» қызықты өтеді және ғылымның ең өзекті жайттарын талқылауға арналады. Дәстүрлі жиынға академияның әр институтынан, әсіресе әуесқой қауым өкілдері көптеп келеді.

Тамм ұсынған семинар-кеңес келесі жылдың ақпан айына белгіленген. Алғашқы сөзді Игорь Евгеньевич бастап, Уотсон мен Криктің қайталама спираль теориясы бойынша, соның хромосомға әсері туралы тың жаңалықтарға шолу жасайды. Ал, сол жиында талқыланбақ көкейкесті және басты тақырып – «Генетиканың қазіргі замандағы өрісі мен деңгейі» турасында, осы саладағы өз зерттеуі қасында, әлем генетиктерінің назарына іліккен өзгеше тармағы – радиациялық генетика мен мутация процесінің механизмін тәптіштеп түсіндіруді есімі мен еңбегі кеңес қауымына беймағлұм орыс ғалымы Н.В. Тимофеев-Ресовскийдің баяндамасы тыңдалмақ...

1956 жылдың ақпан айының алғашқы аптасына белгіленген жиынның тақырыбы, баяндамашылардың фамилиясы тасқабасылған жарнама КСРО ҒА-ның «Хабаршы» журналында екі ай бұрын жарияланып, оған қоса арнайы дайындалған хабарландырулар академия институттарының ғимаратындағы тактаға ілінеді. Әрине, дүйім жұртты таңғалдырған ақпар Мәскеу ғана емес, Одақтың ғылыми һәм зиялы қауымын ерекше дүрліктірген. Бәр-бәрі: «Мынау кім, қайдан шыққан оқымысты?..» – деушілер көбейген, Николай Владимировичтің кім екенін білетіндер – бір-бірінен сүйінші сұрап, өзара қуаныш білдірген. Ал, әсіре даугерлер мен ілік іздеушілер: «Бұл енді лысенкошылармен бетпе-бет және алғашқы ашық сайыс...» десіп, ақпанда өтпек «капичниктің» тың тақырыбын дүйім жұртқа дабыралаған. Ең ғажабы, сол туралы құлақтандыруларда: «Физикалық проблемалар институтының үлкен залы келушілерге ашық, өйткені, генетика – адамзат қауымына ортақ ілім, оны білу, үйрену, зерттеу – бүгінгі күннің ділгер талабы» деген сипатты ақпарлар таратылған.

Бұл енді, шынтуайтын айтқанда, академик Т.Д. Лысенконың биологиядағы көп жылғы тежеусіз диктатына жарияланған — ашық та тұнғыш қарсылық. «Біз осы дәрісті өткіземіз, сен не істейсің, шамаң жетсе — тоқтатып көр!» дегенге ұқсаған шатақ мәселе.

Әлбетте лысенкошылар да қол қусырып қарап отырмаған...

Семинарға үш күн қалғанда академияның төралқасынан Капицаның өзіне емес, көмекшілерінің біріне телефон шалынып, семинар тақырыбындағы генетиктің баяндамасын алып тастауға ескерту жасалған. «Неге? Түсініксіз әмір...» деген ашық сұрауға әлгі әкім: «Бұл әрекет — ВАСХНИЛ сессиясының 1948 жылғы қарарын жоққа шығару. Петр Леонидовичке тура солай деңіз, осы тақырыпты ол академияның төралқасымен келіспеген...» — деген қокан-лоқы айтылады. Петр Леонидович сол ескертуге: «Физикалық проблемалар институты ВАСХНИЛ-ге қарамайды, оның әмірі бізге жүрмейді», — депті. «Капичниктің» басталуына бір тәулік қалғанда әлгі академик Капицаның өзіне телефон шалып: «Петр Леонидович, сіз бұрнағы күнгі мәні шатақ жауабыңызбен өзіңіз іргесін қалаған институттың келешегіне балта шауып отырсыз. Сіздің кикар сөзіңіз — Н.С. Хрущевтің тікелей нұсқауын тәрк ету. Соңғы рет ескертемін, тақырыпты өзгертіңіз, баяндамашыны да Мәскеуге келтірмеңіз!..» — деп қайыра нығыртады...

Сол шенеунік П.Л.Капицаның қайсарлығын, ешкімге бағынбайтын кикарлығын, дара құқыққа ие екенін сірәда білмеген. Әлде И. Сталиннің тарих сахнасынан кеткеніне сайып қасақана ескермеген? Бұдан бірнеше жыл бұрын Л. Берияның өзіне әлімжеттік жасаған қылығын кешірмей, әлде тәртіпке шақыру мақсатымен Петр Леонидович И. Сталинге хат жазып, «мен Бериядай дөрекімен тізе қосып жұмыс істей алмаймын, мені сол байғұстың жөнсіз әкіренінен құтқарыңыз ...» — деген сарында ақпар алғанда, Иосиф Виссарионович сол хатты Берияның бетіне лақтырып, «Сенің әкіреңдеген қызметіңнің бағасы мен үшін — соқыр тиын, кез келген уақытта сені басқа біреумен ауыстырамын, ал, Капица — жалғыз, ондай білгірді қайдан табамын, сондықтан артыңды қыс, бар да кешірім сұра!..» — деп жекіргені туралы қауесетті әлгі академик, сірә, естімеген...

Қысқасы, қайсар академик бұл жолы да ежелгі қыңыр қалыбынан айнымаған.

«Капица сол күні Хрущевке телефон шалып: «Никита Сергеевич, не себепті сіз біз дайындаған физиктер семинарына қарсысыз?» — дейді. КПСС ОК-нің бірінші секретары: «Сұрауыңызға таңмын, қымбаттым, физиктердің ғылыми семинарында менің шаруам қанша?» — деп таңданыс білдіреді. Жорта шегініс, әлде шыны? Сол гәпті нақты білгісі келген академик көкейіндегі мәселені одан әрі пысықтайды: «Академияның төралқасы мен Ескі алаңдағы ғылым бөлімінен кешеден бері маған неше мәрте телефон шалып, сіз ренжіп жатыр деп жөнсіз қысас жасауда. Сол жайтты анықтау үшін мазалап отырмын. Бұған не айтасыз?» — деп мәселені төтесінен қояды. Хрущев: «Қымбаттым, сіздердің ғылыми жұмыстарыңыздың маған нәтижесі ғана керек. Ал, семинарда нендей мәселені талқылайсыз — ол енді академик Капицаның шаруасы.

Есіңізде болсын, әлденені ескерту қажет болса мен өзім сізге телефон шаламын, не кабинетіме шақырамын. Орта жолдағы оспақ сөзге иланбаңыз, сіздің зерттеуіңізге мен өзім, Орталық Комитет те әрқашанда құрметпен қарайды. Табыс тілеймін!..» – дегенін Даниил Александрович сүйсіне қайталапты («Зубр» кітабының 228-б.).

Сонымен, ақпан айының 8-жаңасында, кешкі сағат 19-да «капичниктің» 304-ші семинары жұмысын бастаған. Институттың бес жүз кісілік залына сыймаған тыңдаушылар барлық есікті айқара ашқызып, дәлізде, бірінші қабаттағы кіреберісте бірнеше сағат бойы сүйсіне тындапты (сол жиынға ынтыға келушілердің көп болатынын шамалаған институт басшысы қосымша желі тартқызып, әр жерге репродукторлар қойғызған). Семинарды И.Е. Тамм кіріспе сөзбен ашыпты. Негізгі баяндамашы Н.В. Тимофеев-Ресовский өзінің бұраланы мен жұмбағы мол өмір жолы туралы ләм-мим демей әрі сол үшін ешкімге кінә артпай, генетикаға қарсы топтың бұрынғы қылмысы мен кешелі-бүгінгі жымысқы әрекеттері туралы да ештеңе демей, өзі өмір бойы шұғылданған зертеудің мән-жайын, ұзақ зерттеуде өзі ашқан генетикалық жаңалықтарды ғана егжей-тегжей сөз еткен.

Әлбетте осы ілімнің дарабоз үздігі жария еткен ақпарлар атөтті дәріс болмай, генетика ілімінің Кеңес Одағындағы ат төбеліндей жанкүйерлері үшін ұзақ жылғы тежеулер мен жөнсіз қиянаттардан кейін соны жаңалық болып, ерекше сүйсіндірген. Генетиканың өрістеуіне осы күннен бастап жаңа өріс ашылғандай әсер туғызған. Шынында да оған деген көзқарас там-тұмдап кеңейеді. Ең ғажабы, оған қарсы шығушылар, бәз-баяғыдай оны аяқасты етушілер зиянкестік әрекетін алды-артына қарап жасайтын болыпты. Әлбетте оңбай жеңілдік деп біржола тиылмаған. Аяқтан шалу, қасақана елемеу бұрынғыша жалғасқан...

Осы семинардан соң Тимофеев-Ресовскийдің ғылыми ізденісі (Миасоводағы әріптестерінің де) тежеусіз жүріп, ғылыми есептері, өздері жасап жатқан зерттеудің нәтижелері ғылыми басылымдарда жарияланған. Капица мен Таммның, әлбетте атомдық өндіріспен шұғылданушы Бас басқарманың тікелей қолдауымен Николай Владимировичтің өзі Ресейдің кіндік ортасында ірге тепкен, И.В. Курчатовтың ынтасымен ұйымдасқан Обнинск қаласындағы Ядролық зерттеу орталығына қоныс аударған. Осы қалада ол тыннан ұйымдасқан Медициналық радиология институтында жетекші ғылыми қызметкер болып, өмірінің соңғы күніне дейін еңбек етіп, радиация әсерін зерттеу және емдеуді ертелі-кеш жүргізіп, сексен жастан озғанша тынымсыз шұғылданған.

Таңғаларлық жайт: осы салада дарабоз жетекші ғұлама атанғанымен Н.В. Тимофеев-Ресовскийде ресми бекіген ғылыми атақ, кандидаттық, иә докторлық дәреже, тіпті университеттің де дипломы болмаған. Ең ғажабы, сол атақтарды дарабоз ғалым керек етпеген. Алайда, осы жайт бертінде оны КСРО ҒА-на толық мүше етіп сайлауға бөгет болған, лысенкошылар да осы гәпті әжетіне жаратып, «дипломсыз адамды академияға сайлау жарғыға қайшы» десіп, «домалақ хаттар» ұйымдастырудан жаңылмаған. Андауымызша, генетик ғалымда ешқандай орден, марапаттар да болмаған. Хрущев жариялаған «Жылымық» жылдарында ол «саяси қылмысынан» құлантаза ақталған. Зубр



атанған ғалым (яки өз катарынан бойымен де, ойымен де озық деген мағынада түсінініз) табиғи дарынымен, ұзақ жылдар шұғылданған жемісті ісімен, өз катарының алдыңғы легінде болған.

Н.В. Тимофеев-Ресовскийдің өмірінің соңғы жылдарындағы ізденісі биосфераға адамзат қауымының әсерін мейлінше шектеу саласында болыпты...

\* \* \*

Шынайы ғылыми тұлғада, өнердің хас иелері немесе біртуар қаламгерлер арасында әредік кездесетін одағай қылықтар, мысалы, жасандылыққа, өтірікке, жалғандыққа жан-тәнімен, турашыл болмысымен төзбейтін, сол себептен де кенеттен тарс еткен одағай қылығына тегінде түсінікпен қараған жөн. Сол үшін ондай жанкүйерлерді кінәлауға болмайды. Қайта мадақ тұтып, үлгі етсек игі!..


Осындай кездейсоқ оқиғалар академик Сахаровтың өмірінде жиі болған. Солардың бірін Андрей Дмитриевичтің өзі «Естеліктер» кітабында сөз еткен. КСРО ҒА-ның 1964 жылғы жазғы сессиясында ол кенеттен жарыссөзге сұранып, мәртебелі мінбеден ғалымдардың ығайы мен сығайы иық тіресе отырған залға түнере қарап тұрып:

*«Қымбатты әріптестер, біздің академияның жарғысы оған сайланатын ғалымдарға аса жауапты міндеттер жүктейді. Өйткені, академик атанған адам өзі шұғылданған ғылым саласында асқан білгір болумен бірге қоғам алдындағы азаматтық парызын жоғары деңгейде сақтауға міндетті. Бұл болса өзгермейтін, ешқандай дау-дамай тілемейтін, бәрімізге ежелден мәлім аксиома!*


*Мені ерекше таңғалдырған өрескел гәп әлгінде осы мінбеден айтылды. Жаңағы аксиоманы жақсы білетін академик Опарин биологтар бөлімшесінің атынан жария еткен тізімде есімі аталған, академияға сайлануға үміткерлер санатында жасырын дауыс беруге ұсынылған корреспондент-мүше Н.И. Нуждин, меніңше, біздің мәртебесі зор ғылыми ұжымның толық мүшесі болуға, яғни мен әлгінде естеріңізге салған аса құрметті атаққа лайық кандидат емес. Себебі, ұзақ жылдар бойы ол — өзі шексіз табынатын ұстазы, академик Лысенконың зияны күмәнсіз «ғылыми көрегендігін» риясыз жақтап, күллі әлем білімпаздары шүбәсіз таныған генетиканың біздің елде реакционер ілім саналып, көп жыл бойы тұншықтырылуына ерекше кінәлі адам. Сол жолда ол неше түрлі зұлымдықтар жасаған. Нуждин өзі табынған жалған ілім «Мичуриндік биологияны» осы күнге дейін күмәнсіз насихаттап, іргелі еңбектерін әлем таныған шынайы ғылым иелерін биологиядан жандармдық әрекетпен аластап, аса ірі биолог тұлғалардың опат болуына, түрме азабын тартуына белсенділік көрсеткен жалақор. Сондықтан да іс-қаракеті насық, әккі авантюрист, шынайы ғылым иелеріне тән ар-инабаттан жұрдай адамның академик атануға ешбір қақы жоқ деп санаймын. Академия мүшелерін Нуждинді қолдап дауыс бермеуге шақырамын...» — деген.*

Бұл енді ашық алаңда бомба жарғандай әсерлі сөз!

Жайбаракат әуенде өтіп жатқан ҒА-ның сессиясы кенет көпшілікке есімі де, еңбегі де беймәлім Андрей Сахаровтың (сол қарсаңда ол 43 жаста) «бүй-




*П.Л. Капица*




*И.Е. Тамм*



*Н.В. Тимофеев-Ресовский*



*Л.Д. Ландау*



*М.В. Келдыш*



*А.Н. Несмеянов*

ректен сирақ шығарған» сөзімен кеңестік ғылыми қауым күтпеген, бұған дейін естімеген, көрмеген, білмеген дауға тап болады (Кейбіреулер бұл кім, неткен ержүрек жан десіп, бір-бірінен сұраған деседі. Мысалы, жиынның төрінде отырған ОК-тің секретары Л.Ф. Ильичев тентек шешенге түйіле қарап, тойтарыс беруге ынғайланып, қасында отырған П.Л. Капицадан «Мына хулиган кім?» деп шошына сұрағанда, егде академик: «Хулиган деп отырғаныңыз, Леонид Федорович, сутегі бомбасын жасаған данышпан физик. Оны енді «Әй, тиыл!» деген жекірумен тоқтата алмайсыз, кеңестік ғылымның бүгінгі таңдағы бетке ұстар таңғажайып мақтанышы...» – дегенін естіген соң, идеолог хатшы басын шайқап, оны сөгуден тиылған).

Шатақ дау-дамай академик Сахаров сөзін аяқтағанда өрбіпті: мінбе-ден түсіп, залдағы орнына келе жатқанда, алдыңғы катардан тұрып, түкірігіне тұтыға байбалам салған Трофим Лысенко: «Мынау кім өзі, жүгенсіз сұмның көзін табанда жою керек!» – деп айқай салғанда, залдың әр тұсынан: «Әй, Лысенко, біздегі соғындылардың көзін жоюды сенің өзіңнен бастау керек! Күнің санаулы, уақытың бітті!» деген дауыстар естіліпті. Әлбетте лысенкошылар да есесін жібермеуге тырысып даңғазға көтерген. Академиктер жиыны бұрын-соңды болмаған, жаяу базарға ұксаған айқай-шуға айналыпты. Сол сәтте мінбеге дүние жүзіне еңбектері танымал кексе академиктер, кеңестік ғылымның дарабоз тұлғалары И.Е. Тамм, М.А. Леонтович, биохимик В.А. Энгельгард және Л.А. Арцимович алма-кезек шығып, Андрей Сахаровтың мәні шатақ ұсынысын қолдап, кеңестік ғылымның айтулы тұлғаларын жалған жалламен қуғындауға бұдан әрі төзбейтіндіктерін әйгілеп, сондай әрекетке үйір ғалымсымақтарды ортамыздан аластайтын мезгіл жетті десіпті (И.Е. Тамм сол күнгі сөзінде биология ілімінде ширек ғасыр үстемдік еткен Лысенко туралы Ұлыбританияның «Үлкен энциклопедиясы» біздің ғылыми қауым ширек ғасыр бойы төбесіне көтерген академикке «даңғазасы мол өтірік уәдемен оңғақ беделге ие болған кеңестік жалған ғалым» деген сипаттама бергенін ескертіп, осы бағаға өзінің жүз пайыз келісетінін жариялапты. Әлбетте сол сәтте Лысенко да оған: «Сен де космополитсің» дегенде, залдан үн қатқан біреу: «Неше мәрте Еңбек Ері атанған тамаша ғалымды кімге тенең тұрсың?» деп тойтарыс беріпті)...

Академия президенті М.В. Келдыш парасаты мен байсалды қалпынан айнамай, демократиялық рәсімді сақтап, бес академик жабыла мүйіздеген Т.Д. Лысенкоға да сөз берген. Көп жылдан бері өзіне қарсы шыққан биологтарды орнынан тұрмастай етіп күйретумен ұпай түгендеген әріптесі, сол еңбегі үшін де академияға корреспондент-мүшелікке сайланған Н.И. Нуждинді, әрине, қызғыш құстай қорғаған. Жөппелдемде тек ұтымды ой айта алмапты. Ұзақ сонар сөзінің басы да, аяғы да үкімет үйіндегі сенімді қорғаушыларын арқа тұтып, бәрі-бәрінің сазайынды тартқызамын деген қокан-лоқыдан аспаған. Сол сөз де жұрттың ашу-ызасын қоздырған.

Шынтуайтын айтқанда, академия тарихында сирек кездесетін төтенше оқиға. Биология бөлімшесі ойда жоқта тап болған ауыр жағдаятты Мстислав

Всеволодович Келдыш демде түзете алмаған. Дауыс берердің алдында дипломатиялық әуенге көшіп, Нуждиннің соңғы жылдардағы қызметін оңды бағалап, Сахаровтың өткір сынын қызбалыққа жатқызып, «әрбір академик өз пікірін бүкпесіз білдіруге ерікті, академия жарғысында жазылған демократиялық үрдіске сай оңды тағылым, Трофим Денисович, сіз де жасаң әріптесіңізге аса шүйілменіз...» дегендей екіжақты тұжырым естірткен. Алайда, академик болып, игі атақпен қоса ай сайынғы үстеме төлемді оп-онай иеленгісі келген Нуждин жасырын сайлауда омақаса құлаған...

Айтып-айтпай не керек, биология әлемінде өзін «жарты патша» сезінген Т.Д. Лысенко 1940 жылдан беріде естімеген, көрмеген өткір сынға ұшырап, күйрей жеңілген. Ескертер гәп: сол соққыны ол өзі ширек ғасыр уысында ұстаған биолог әріптестерінен емес, әлемдік ғылым саласында алға шыққан физиктерден алған.

Уильям ТАУБМАН, «Хрущев», «Молодая гвардия», «ЖЗЛ» топтамасы, 666-бет:  
*«Бірде кешкі мезгілде Сергей мен Рада Хрущевтер (Раданың білімі – биолог, қызметі – журналист) Мәскеу өзенінің жағасындағы жайлау үйінде әкесімен әңгімелесіп отырғанда, Никита Сергеевич кенет Лысенко туралы сөз бастап, біздің маңдайалды биолог, мақтаным ететін жайсаң ғалымды білім-танымы шалағай вейсманист-морганистер оздері имандай сенген идеалистік пиғылмен тағы да қудалауды бастады. Сол шіркіндер жылдар бойы шыбын-шіркеймен тәжірибе жасайды да аузына келгенді оттайды. Ал, Лысенко тинәмдей шыбынды керек қылмай, тәжірибені таудай сиырға, дән себетін егіс алқабына жасап, ауылшаруашылығында рекордтық өнім алуды көздеп, күллі халық қамын ойлаған ғұлама деп, академикті асыра мадақтайды. Рада Никитична дрозифил шыбындардың генетиктерге не үшін керек болғанын жайлап түсіндіріп, Лысенконың «тұқым құалайтын гендерді ешкім қолына ұстаған жоқ, демек ол дүниеде жоқ» деген уәжін келемеж етіп, «Көке, сен бұл мәселені түсінбейсің, бекерге шатаспа!» – дейді. Сергей де: «Атомдарды қолына ұстаған кісі жоқ, алайда, кеңес ғалымдары өзің империалистерге қолшоқпар етіп отырған атом бомбасын сізге керегіңше жасап берді» – деп қарындасының пікірін құптайды..*

Бұдан арғы сөзді Сергей Хрущевтің әкесі туралы естелік кітабынан келтіремін:

*«Біздің түсіндірмеміз әкейдің қытығына тиіп қатты долданды. Тегінде ол отбасында жанжал көтермейтін-ді, мен өзім ес білгелі бізге қатты ұрсып, иә лас сөздермен балағаттағанын соған дейін естіген емеспін. Сол күні долданғаны сонша, Лысенконы жек көретін, оның игі еңбегін жоққа шығаруды тілейтін, пиғылы теріс-қағыс біреулер сендерді маған айдап салып отыр. Ал, сендер саясаттан да, ғылымнан да ештеңе сезбесеңдер, сол соғындылардың шалағай пікірін маған айтасыңдар деп сыбағамызды берді. Тағы да көпіре сөйлеп, социалистік қоғамға жат идеологияны жақтайтын қаскүнемдер маған керек емес, ондай сұмырайларға менің үйімде орын жоқ дегенге сайды...» – десе, сол жанжалға куә болған Серго Микоян: «Хрущев аяғымен жерді тепкілеп, жұдырығымен сәкіні соққылап,*

*өзі ерекше жақсы көретін, ақылдым деп еркелететін қызына біздің көзімізше «Аузыңды жап!» деп айқайлап, жыларман халге келтірді...» – дейді.*

Әсілі, Лысенко – шала сауатты урядник денгейіндегі Нуждин емес, Трофим Денисович ел билігіндегі көсемдерге қандай «ғылым» керектігін жан-тәнімен игерген, сол жолда алуан атақтарға жеткен әккілердің сырттаны. Оның үздік саналған ғылыми «көрегендігін» Н.С. Хрушев шүбәсіз қабылдап, бас июмен қоса ғажап «дарынын» биік мінбеден талай мәрте мақтаған. Ескі алаанның жауапты қызметкерлері үшін, әсіресе ғылым мен ауылшаруашылығы бөліміндегі шенеуніктерге осы таным бұйрық есепті. Сондықтан да олар КСРО ҒА сессиясындағы Т. Лысенконың шәкірті мен өзіне айтылған сынды бірінші секретарьдың ұстанымына ашық шабуылға жорып, әрине, Никита Сергеевичтің қолдауымен ширек ғасырдан бері бұлжымас заң ретінде қалыптасқан рәсімді бұзған өзімшіл «тентекті» ұмытпастай етіп жазалауға нұсқау түсірген. Орталық Комитеттің органы «Сельскохозяйственная газета», тілі тотияйындай ащы «Крокодил» журналы және «Известияның» апталық қосымшасы «Неделя» «инженер А. Сахаровтың» жұртты қасақана шатастырған дәрекілігін «әшкерелеген» сыни мақалалар жариялаған (академик екенін қасақана бұрмалап көрсеткен, сірә, оның есімі көпшілік үшін құпия екені де ескерілген): өзі еңбек ететін ұжымда тинәмдай беделі жоқ, КПСС-ке мүше болудан екі мәрте бас тартқан адам, демек, социалистік қауымға саяси көзқарасымен сенімсіз, әлдебір сәтті еңбегіне мардамсыған даңғойсымақ... деген тәрізді бопсалар жариялаған. Әлбетте соның бәрі академик, үш мәрте Еңбек Еріне арналған жалған қаралау екенін сол баспалардың редакторлары ғана емес, мақала иелері де білмеген, Орталық Комитеттен «қара күйені аямай жақ» деген теріс-қағыс нұсқауды белсене орындаған...



Алайда, дарқан өмір әділдікке бас иген арлы жандардан да құралақан емес. Сахаровқа қамқорлық көрсетуші төрелердің бірі «кешірім сұрап, Никита Сергеевичке хат жаз, одан арғысын біз жөндейміз»,— депті-мыс. Андрей Дмитриевич жанашыр ақылға ден қойып, «Естеліктерінде» ескерткендей, «таңғы сағат алтыдан сегізге дейінгі ертеңгілік мезгілде бір саусағымен апта бойы машинка басып», бірінші секретарьға түсінік хат жазған. Жаза келе «кателестім, қызбалық жасадым, соны ендігәрі кайталамаймын» деудің орнына, биология, генетика ілімдерінің Кеңес Одағында артта қалған себептерін түре ашып, лысенкоизмнің ауылшаруашылығына жасаған көп жылдық зиянын, оған қоса ядролық сынақтардан туған биологиялық жұмбақ құбылыстарды түбегейлі зерттеуге тиіс генетиканың да екі аяғынан бірдей ақсауына себепкер болғанын әшкерелеуге ұласыпты. Токетерін айтқанда, арлы ғалым көпе-көрінеу жалғандыққа бара алмаған. Сол олқылықты жедел түзеу үшін Орталық Комитеттің өзі көтерген қауымдық мәселеге жан-жақты талқы ұйымдастырып, ақиқатты анықтау қажеттігін сөз етеді. «Сөйткен күнде шарлатан Лысенко бастаған биологиялық мафия кеңестік ғылымнан біржола аласталады, одан қауым да, социалистік қоғам да ұтады...» — деген ойды баса айтыпты...

Анығында бұл — академик А. Сахаровтың Хрущевке жолдаған екінші хаты. Андрей Дмитриевич алғашқы хатында генетикалық ілімді шұғыл өрістету мәселесін көтерін, одан да өзге ізгі ойлар айтқан. Ал, мына жолдауында академия жиналысындағы өзі мінбеден жария еткен уытты сөзін Никита Сергеевичке көмекшілерінің бұрмалап жеткізгеніне қынжылыс білдіріпті. «Көмекшілеріңіз Сізге жалған дерек берген. Ондай жағымпаз пысықтардан тезірек арылыңыз!..» деген ойын да қадала жазған.

«Қыркүйектің 10 күні хатымды Орталық Комитетке тапсырдым. Естуімше, Хрущев менің осы әрекетіме де зығырданы қайнап, одан да гөрі ҒА-ның басшыларына, мені жақтап мінбеден ашына сөйлеген бір топ ғалым-физиктердің Лысенконың қылмысын әшкерелеген уытты сөздерін өзіне қарсы жасалған ашық «төңкеріске» жорыпты. «Сахаров кім өзі, қолағаштай танауын әр нәрсеге неге тықпалайды, өз жұмысын тындырып тыныш жүрмей ме?..» — деген де жеку білдіріпті... — Амал не, менің мәселені мейлінше өткірлеп баяндаған екінші хатымды Никита төралқа мүшелеріне көрсетпей, сейфке тығып, Семичастныйға (сол қарсаңдағы КГБ-ның бастығы — М.С.) «Сахаровқа компромат тап, сол хулиганды ұмытпастай етіп тәртіпке шақырамын!» дегені де маған жетті. Саяси мәні өткір, ғылымды шарлатандардан ақжүрек пиғылмен қорғаған хатым КПСС-тің Төралқа мүшелеріне Қазан пленумы қарсаңында ғана көрсетіліпті...»

Ол болса он жыл бойы күллі Кеңес елі бас иіп, не айтса да сіздікі жөн дескен саяси әріптестерінің өзара ұйымдасып, Хрущевті биліктен тайдырған тарихи қазан пленумы. Никита Сергеевичке қырғидай шүйілген Төралқа мүшелері А.Д. Сахаровтың соңғы хатын сол пленумда әжетіне жаратқан. Орталық Комитеттің секретары М.А.Суслов сол жайында мінбеден: «Академик Сахаровтың ғылыми аса мәнді мәселені сөз еткен жүрекжарды хатын Хрущев бізге

көрсетпей, екі апта бойы сейфте ұстады. Өйткені, сол хатта айтылған сорақы жайттарға кім-кім, Хрущевтің өзі кінәлі болатын...» – депті.

\* \* \*

Семей полигонындағы 50-ші жарылыс 1958 жылдың 22 наурыз күні 1400 метр биікте, «Тәжірибе алаңының» үстінде жарылған. Содан кейінгі үш жыл бес ай бойы, яки 1961 жылғы қыркүйектің 1-жұлдызына дейін Ертіс жағасындағы әскери қалашық пен оның төңірегі, солардың алды-артындағы қалың ел бұл да бізге тәнірдің сыйлығы дегендей өлі тыныштықта өмір сүрді. Алды-арты деген сөзбен біз күллі Ертіс алқабы мен іргедегі Алтай өлкесін меңзеп отырмыз, демек, осы алқапты мекендеген екі миллионнан астам халық өз қолы өзіне жеткендей ғұмыр кешіп, шаруасын қаузап, тыныш ұйықтаған.

Амал не, сол тыныштық Н.Хрущевтің 1961 жылдың 10 шілде күні әскери-өндіріс кешенінің өкілдерімен Кремльдің «Доғал залында» кездесуде ескерткен пәрменімен кенеттен бұзылды. Қоңыр күзде Семей жұрты Қасиетті құранда сипатталатын тозаққа түскендей қасіретке қайтадан тап болды: 1961 жылдың соңғы төрт айында жасалған 28 сынақтың күні мен техникалық сипаттамасын осы тараудың орта тұсында келтірдім; ал, 1962 жылғы жарылыстардың уақыты мынадай: алғашқы сынақ 2 ақпанда басталған, ол болса Дегелең тауының қойнынан қазылған, жер астындағы штольняда жарылған заряд. Одан кейінгілері тамыз айында жалғасып, желтоқсан айының 24 күнгі екі түрлі сынақпен аяқталған. Мерзімдері: тамызда – 12, қыркүйекте – 4, қазанда – 9, қараша айында – 10 сынақ. 1962 жылғы сынақтардың жалпы қарамы – 40. Солардың жетеуі ғана жер астында жасалған. Өзгесі ауа мен ғарышты бүлдірген сойқанды жарылыстар...

1961-1962 жылдарғы 68 жарылыстың 15-і ғана жер астында сыналған, қалғандары – ауада, яғни 110, 160, 270, 470, 700, 710, шырқау биігі 750 метр биікте жарылған. Сөйтін, «халықтық көсем, нағыз лениншіл дара тұлға» атанған Никита Хрущев алға қойған міндет, «империалистерден осал еместігіміз» әлденеше есе асыра дәлелденген. Жә, сонда, осыншама дүмпуді Дегелең аймағы, соның теріскейіндегі «Тәжірибе алаңы» күлге айналып, ғарышқа ұшып кетпей немесе жер-ананың астына түспей қалай төзген? Жарылыстардың жер-көкті қалшылдатқан жойқын дүмпуді өз алдына, төбеннен ертелі-кеш жауған неше түрлі тозанды да қосаметкей кешкен қалың ел сол науатқа қалай шыдаған?

Мен, осы тозақты баяндап отырған қаламгер, Семейдегі цемент зауытына 1959 жылдың тамыз айында жұмысқа орналасқанмын, отау үй атанып, шаңырақ көтерген жылым да сол жылдың мамыр айы еді. Демек, мен де, келіншегім Клара Дүйсебайқызы да жоғарыда саналған 68 атомдық, ядролық жарылыстың бәрін де басымыздан бірге кештік. Туған елім де сөйтті, әрине, іштей үнілеумен амалсыз төзді... Жарылыстар жиі-жиі дүңкілдеп жатқанын білдік. «Бисмилламызды» іштен күбірлеп айтып, үйде отыра алмай, аулаға жүгіретінбіз. Қызыл үгіттің күштілігі сонша, Отан қорғанысын күшейтудің амалы деген уәже күмәнсіз сендік. «Ой, бәрекелді, біздің ғалым-физиктер мықты!» деп те масайрадық. «Ол жарылыс – АҚШ империалистерінің жауыздық әрекетіне тойтарыс!» деп те қуандық.

Сол жарылыстардың жер-жаһанмен қоса өзіміз мекен еткен Ертіс алқабын астан-кестен бүлдіріп жатқанын, әрине, білгіміз жоқ...

Шерлі хикаятымның осы тарауын мен «Қисапсыз көп жарылыс кім үшін?» («Не үшін емес) деп атауымның себебі де – ядролық дүмпулердің ерекше көп сыналғанын бадырайта нұсқап, соның бәрі кім үшін жасалғанын камыға еске алудан өрбіді. Шынында да уақытша үзілістен кейінгі жарылыстар хроникасына үнілсеңіз, бәрі бір ғана мазасыз қайраткердің, АҚШ пен Ұлыбритания империалистеріне дөнайбат көрсетуді жан-тәнімен тілеген Никита Хрущевтің солақай әрі аса дөрекі саясатынан өрбігенін көреміз. Сол сұмдықты бетіне тұра айтқан термоядролық бомбалардың «кіндік атасы» А. Сахаровтың сөзін де, өзін де тәлкекке салып, жер-жебіне жеткен дөрекілігі оқырманға мәлім. Сол тәлкекке куә болған Төралқа мүшелерінің бірде-бірі: «Никита Сергеевич, бұл енді полигон төңірегіндегі тұрғын халықтың, өзіміздің кеңес адамдарының денсаулығына кеселін тигізетін әрі жер-жаһанды бүлдіретін жарылыстар. Сондықтан сынақ атаулыны байқап, шамалап жасайық...» – деуге батылы жетпей, төмен қарап, тым-тырыс отырғанына не дейміз? Ау, сол шіркіндердің партиялық ар-ожданы қайда болған, мінбеге көтерілген сайын шынайы коммунистігін дабыралап, енбекші халық үшін қызмет етуге даяр белсенділігін осынау келенсіздікте олар неге көрсетпеген? Керісінше, бәр-бәрі жорта мүләйімсіп, «Тағы не дейсіз? Біз не істейік?..» – деумен күн кешіп, биік мансабын сақтаған жарамсақтардан нендей игі іс күтуге болады?..

Әлбетте ауа мен жер бетіндегі ядролық жарылыстардың бір-бірінен айырмашылығы мүлдем шамалы екені бертінде мәлім болды. Екеуі де жер-жаһанды бүлдіреді, әсіресе ауада жасалған сынақтар жер бетіндегі топырақ атаулыны әп-сәтте жүнше түтіп, өсімдігімен қоса жер жынысын суырып алады да бірнеше мың тонна топанды қызуы миллион градус отпен орап, ядро кіндігінен миллиондап бөлінген радиация тозанымен мимырт араластырып, аспан төрінде әрлі-берлі сапырып, жел бағыты қайда жетелесе солай қарай құйындатып ала жөнеледі. От-құйынның қаншасы ғарышқа көтеріледі, қаншасы Семей, Қарағанды және Павлодар облыстарының территориясын шыр айналып, ақырында түстікке құлап, Шыңғыстау мен Абыралы, одан әрі Тарбағатай мен Жоңғар Алатауын шарлап, залалды жүгінің біразын жолшыбай сеуіп жеңілейе түскен радиация бұлты Қытай мен Индияға құлай ма, әлде Африкаға жете ме – бұл енді ауа райының құбылысы, жел бағытына байланысты жайт...

Академик Сахаровтың «Естеліктер» кітабының 14 және 15-тарауларында радиация тозанынан өрбитін залал турасындағы топшылауында: «Сынақ алаңынан неше мың шақырымда тұратын адамдардың бейдауа дерттен қаза табуын Семей полигонында жасалған сынақтың кеселі деуге әстілі болмайды. Мен өзім осы дертті бес мемлекеттің тежеусіз жүргізген атомдық сынақтарының ортақ қылмысы деймін. Ең шатағы, шынайы күнәһарды дөп басып нұсқаудың қиындығында, сол гәп «менің кінәм қанша, мен өз халқымның қорғанысын қамтамасыз ету үшін үкімет басында отырмын...» – деп риясыз



ақталуға жол ашады. Осындай оңғақ түйсікпен әлем халқына жасаған қастандығын саяси қитұрқы сөзбен сылап-сипап түсіндірген мемлекет басшыларын мен сол кезде де, қазір де түсінбеймін, ақтауға да жоқпын. Бұл енді ешқашанда кешіруге болмайтын сорақы маймөңке...» – дейді ғалым естелік кітабының 200-бетінде.

Андрей Дмитриевич кітабының «Тежеуге көнбейтін биологиялық зақымдау» деп атаған тарауында шетелдік басылымдарда жарияланған физиктер мен генетиктердің зерттеулеріне сілтеме жасап, ДНК жасушалары зиянды сәулелердің әсерімен ыдырауға ұшырап, сол кесел бірте-бірте өршітінін төндіре сипаттаған. Осы қатерді біле тұра атомдық қаруды қисапсыз көбейтуді талап еткен мемлекет басшыларын аяусыз сынап, сол шіркіндер өздерінің бір күнгі билігін мадақ тұтып, адамзат ұрпағын бір мың, біржарым мың жылға созылар дертпен «жазалағанына» титтей де ойланбайды деген де сұмдықты ашық айтады. Генетика заңы ешқандай диктаторға бағынбайды, өз дегенін істеп, тұқым қуалаушылық дерт ұрпақтан ұрпаққа тарайтынын да ашына ескертеді. «Жер планетасын мекендеген халықтың саны жыл сайын миллиондап өсуде, демографтардың есебінше, ХХ ғасырдың аяғында 6 миллиардқа жетеді. Бұл болса биология мен медицина ілімдерінің қарыштап өсіп, жұқпалы дерттермен күресуді игеріп, әсіресе кішкентай нәрестелерді аман сақтау шараларын ұйымдастыру арқылы адамзат қауымының қолы жеткен тамаша игілік! Амал қанша, радиоактивтік сәулелелер мен зиянды бөлшектердің ауа арқылы кеңістікке таралуы осы жетістіктерді соңғы жылдарда жокка шығарып, миллиондап көбейген адамдарды ядролық жарылыстар өрбіткен сәулелер миллиондап жұсатууда. Өз басым осы кереғарлықты түсінбеймін. Шынымды айтсам, түсінгім де келмейді. Сол себепті ауада, жер бетінде және су астында жасалған жүздеген сынақтарды біржола тоқтату керек деген ойға бекіндім... Дәрменсіз жағдайыма қапа болып, өзімді-өзім мүжіп жүргенімде Я. Зельдович маған өзекжарды ойынды Хрущевке хатпен мәлімде, төңкерістік шараға үйір қайраткер ұсынысынды құптауы мүмкін деген уәж айтты. Қоғамдық күреске, оның айналасындағы бүкпе жайттарға аңғал кезім, сол ойға елігіп, адамзат қауымына төнген қатерді ашық баяндап, жарылыстарды біржола тоқтатуға бастама көтеріңіз, қымбатты Никита Сергеевич, бұл тегінде аса мәнді әлемдік шара. Сіздің қайраткер даңқыңызды тарихқа алтын әріптермен жазатын іс деп те төндіре жаздым. Бұл менің үкімет басшысына жолдаған алғашқы хатымда шегендеп айтқан ойларым. Амал қанша, сол хатқа КПСС ОК-нің бірінші секретары емес, жалпы болімі: «Ойланамыз, ескертуіңіз онды» – деген сипатта сырғытпа жауап келді. Соған мен қанағаттанбадым, көңілім қарадай суыды. Екінші хатты өтімдірек әуенде жаздым...».

\* \* \*

Тарихи шындыққа жүгінейік: АҚШ билеушілерінің, сол елді басқарушылардың атомдық қаруға иек артып, әлем халқына үстемдік етпек болған империялық пиғылын Кенес өндірісі жасаған ядролық зарядтар мен

әлуетті зымырандар тежегені рас. Юрий Гагариннің ғарыштан аман-есен оралуы, одан кейінгілердің сол ерлікті қайталауы – КСРО-да қуатты зымырандар барлығын, олар тасымалдайтын ядролық бомбалар күтпеген сәтте Жер шарын айналып өтіп, Нью-Йорк, иә Вашингтонның кіндік алаңында жарылатынын Американың әпербақан содырлары да түсінді. Н.С. Хрушев болса сол күнде коммунистік идеяға жан-тәнімен сенген қайраткер, социалистік елдердің қуат-күшін жұмылдырып, «Варшава одағы» атанған әскери ұжымның шексіз күшеюіне қажет-ау деген шаралардың бәрін де жасаған. Күш көрсеткен, сынақ деңгейіндегі қаруды бар деп те бопсалаған. Сол жолда бүлдіргені де аз емес. Сөйте жүріп өз маңындағы әріптестерінің қастандығына тап болып, биліктен тайдырылған кезде (1964 жылдың қазан айы) одақтық зейнеткердің небәрі 600 сом айлығын қанағат тұтып, қоныртақы күн кешіп, 1971 жылғы 11 қыркүйекте қайтыс болып, мүрдесі Мәскеудің Новодевичье моласына жерленген.



*Александр Шевченко. «Ядролық отқа қарсы»*



## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

# РАДИАЦИЯ КҮЛІНІҢ АСТЫНДАҒЫ ТІРЛІК



«Әскери полигон» деген атауымен мәлім аймақты мен қырық жылға таяу уақыт ұрымтал іргесінде тұрсам да небәрі үш мәрте көрдім. Соның алғашқысы – 1994 жылдың қоныр күзі. Қарқаралы қаласына ұрымтал жерде қорғасын кенін өндіретін Қарағайлы кентіне өз көлігіммен барғанмын. Сәтiev Бактияр есімді сергек азаматты жолсерік еткенмін.

Қарағайлыдан қайтарда мені желік ой биледі: Семей іргесіндегі полигонның беймаза тарсылы саптыылып, Курчатов қаласындағы әскерилер Ресейге қайтып, бәз-баяғы жеріміз Қазақстанның иелігіне қайыра берілді; сол өңірдегі атом реакторлары және әлденеше ғылыми ұжымдардың сақталғаны мәлім; оның қазіргі қожасы – Алатау баурайын 1950 жылдан беріде қоныс еткен, Алмалы қалашығындағы Ядролық физика институты...

Әлкисса содан асфальт төселген жол Шөже ақынның шошак бейітінің іргесіне келгенде екіге айрылды, оң жақтағы – Абыралыға тура түсіретін кәдуілгі – тас жол, ал сол қанаттағы асфальт төселген даңғыл Егіндібұлақ ауданының орталығына апарды.

– Егіндібұлаққа соғып, Мыржық арқылы Дегеленді баса жүрсек қайтеді, Бақтияр?

– Өйтетін болсақ, бүгін аудан орталығына қонамыз. Менін кенже нағашым сонда тұрады. Оның тетелес ағасы Танат – Мыржықтың Семей жақтағы баурайында, сол жердегі бөлімшенің бастығы. Қайсысы болсын бізді ықыласпен күтеді. Бензинмен де қарайласады. Тек Семейдегі жұмысты қайтеміз?.. – деп күмілжіді серігім.

– Бастығын үш тәулікке дейін сені іздемейді. Келіскемін. Қане, солға тарт!

Жетпіс шақырым жолды бір сағатта өтіп, Мұхамеджан әулетінің кішісі Олжастың үйіне күн ұясына қона жеттік. Орта жасты еңсерген сергек азамат екен, өзі де, әйелі де қонақжай жандар болып шықты. Алматыдағы «Атамұра» баспасынан сол қарсаңда жарық көрген, өзім құрастырған «Қаракесек» шежіресін сыйлағаным да түрткі болды-ау деймін. Тегінде осы ауданның, жалпы Қарқаралы атырабының негізгі тұрғындары – Қаракесек атанған тайпаның ұрпақтары. Шежіренің бірер бумасын ала шыққанмын. Өздері ғана емес, арғы бабаларының 21-22 есімдерін көріп, жадтарынан баяғыда өшкен аталарын тапқан қағылез үй иесі біздің көңілімізден шығуға тырысты.

– Мыржықтың қойны-қонышын аралап, Дегеленнің де алды-артын шолсақ деген оймен ат басын бұрдық. Әлбетте тау-тасқа біздің «Волга» жүре алмайды, ГАЗ-69 керек...

– Медеке, бұл мәселені маған жүктеніз. Кеңсемде тауға жүргіш көлік бар. Гәп – бензинде. Соны тапсақ – Мыржықты да, Дегеленді де көрсетемін. Алаңсыз демалыңыз... – деді Олжас.

Келесі күні Мыржыққа аттандық. Бензинді молдап табуға да қоржыннан суырылған шежіре кітаптың септігі тиді. Аудан орталығынан Абай кеңшарының орталығына тартылған тас жолмен жүйткіген екі автомобиль түс әлетінде үлкен елді мекенді жанамалай өтіп, егінжайдың ортасындағы таптауырын кара жолмен Мыржықтың күншығыс бөктеріндегі Мөшекебұлақ елді мекеніне келдік.

Қолымдағы картада бұлақ басындағы ескі жұртта Семей мен Қарқаралы округтері аралығына өткен ғасырда таптауырын болған «Жандарал жолының» пошта бекеті орныққаны көрсетілген. Бұлақ атына есімі байланған Мөшеке жарықтық Мыржық атырабына өз заманында билігі жүрген ірі бай, төрт әйелінен 13 ұл көріп, солар осы атырапта он шақты ауыл болып, ерекше молайған әулет (Атақты күйші һәм қазақтан шыққан тұңғыш кенші-кәсіпкер Тәттімбет осы атаның үлкені Қазанғаптан тарайды. Ғұлама тарихшы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Қазақ шежіресінде» оған: «Мұса, Секербай заманында Тәттімбет Қаракесекте үштің бірі болып атағы шыққан. Өзі бай, өзі өнерлі, өзі бет біткеннің сұлуы, өзі шешен, айыр көмей, темір жақ домбыра тартып, ән қосқанда алдына жан түспеген...» – деген. «Қаракесек шежіресі» кітабымда мен осы атаның Шаншар-Нұрбике бұтағынан өрбіген ұрпақтарын түгендеп, Мыржық тауын соңғы екі ғасырда жайлағанын тарқатқанмын. Осы атаның бір перзенті – саяси қайраткер һәм философ Нұрымбек Жанділдин. Мөшекенің Дәулет есімді екінші ұлынан тарайтын ұрпақтардың бірегейі – семейлік білікті ағартушылар Жүсіпбек пен Кенжебек Дәукеевтер. Олардың

бергі ұрпағы – академик Серікбек Дәукеев, оның да аға-інілері – физика мен энергетика ілімдерінің докторлары – Ғұмарбек пен Диас Дәукеевтер. Осы сапарда көрдім: Егіндібұлақ ауданының Мыржық атырабын қоныс еткен байтақ өңірде 1970-жылдары қомақты кеншар ұйымдасып, оған Абайдың есімі беріліпті; бұл да кездейсоқ телу емес, ұлы ақынның анасы Ұлжан Тонтайқызы – Қаракесектің Нұрбике бұтағынан өрбитін Битен әулетінің перзенті; демек Абай хакім бұл елге – жиен; ол кісіге ақындық, шешендік өнер тегінде нағашы жұртынан дарығаны дүйім жұртқа мәлім ақиқат. Абай кеншарын қоныс еткен ескі көздердің шамалауынша, бір ғана Мөшеке жарықтықтан жүзден аса ұрпақ өрбіген, солардың дені Мыржық тауының бөктерінде осы күнге дейін тұрады десті...

Абай кеншары Мыржықтың теріскей-батыс атырабындағы аса құнарлы кара топырағы басым құйкалы жазыққа егін салады екен, төрт түлік малды да шектеусіз өсіріпті. Біз келген уақыт егіннің орылып, кеншар еңбекшілері қолындағы малдың қысқы азығын камдауға кіріскен шағы. Егін шығымы сол жылы жап-жақсы болыпты. Мыржық теріскейден күнбатысқа қарай жантая созылған кеуделі тау. Осы сапарға дейін мен оны Дегелен жағынан көргенмін. Енді теріскей тұсынан тікелей түсін, қойны-қонышына ирелендеп енген тау жолымен жарып өттік. Арнайы төселген тас жолы болмаса да, жынысы қатты тау сүрлеуі «Волгаға» бөгет болған жоқ. Тек жүрісті тежеп, әр жерде одырайған жертастарынан сақтанып, екінші жылдамдықпен изендеуге тура келді. Шамалауымша, Мыржықтың ұзына бойы елу шақырымдай, біз кесіп өткен көлденең жотасы – небәрі бес-алты шақырым. Мөшекебұлақ – таудың күншығыс қолатында. Тау жолымен жүріп, Мыржықтың кеуделі шоқысына көтерілгенімізде оймақтай дөңгеленген Дегелен тауы да қырық-елу шақырымнан көрінді.

Танат Мұхамеджановтың үйінен шай ішіп, бабындығы қою қымызға да тойған соң «Волганы» сол ауылға тастап, Олжас бауырымыздың ГАЗ-69-на отырып, ауыл иесін де жолбасшыға ертіп, Мыржықтың күнгей қойнауын аралауға шықтық.

Екі жерге аялдап, ағылшындар қазған шахталардың аузында бықып жатқан кентасынан бір қалта минералдар теріп алдым. Бәріне де мыс металы тараған. Әрине таза металл емес, қызғылтым сфалерит түрінде. Ескі шахтылардың аузы ұқыпты жабылған, бұл енді Жезқазған кеншілері оқпан дейтін, шыңырау тереңнен кентасын жоғарыға көтеретін, кеншілер де соған дәу шелекпен түсетін қазанауыз. Әлбетте екі кісі бойлағандай үлкен шелек темір арқанмен шығырға байланады, оны парлап жеккен ат, не түйе айналдырады. Оқпанның тереңдігі беймәлім. Әдетте мұндай оқпандар 50-60, көп дегенде 100 метрден аспайды. Кен қазушыларға бұл ертеден етене тірлік. Жезқазғанның кені де әуелде осындай қарапайым әдіспен алынған. Әрине, «Өгіз өлмес, арба сынбастың» мезі қаракеті. Жер қойнында жатқан бірнеше мың пұт құнарлы мыс тасын жоғарыға шығарудың қарапайым амалы. Сол гәпті осы атыраптағы қазақ арасында тұңғыш кен іздеуші атанған Тәттімбет Қазанғапұлы да білген.

Мыржықтағы қымбат қазынаны қазуға ол жарықтық Алтай кен округінен ресми рұқсат алып, осы өңірдегі мыс тасын бәз-баяғы «кедей амалмен» қазып, өлке орталығында зауыт салған оралдық алпауыт Демидов кәсіпшілігіне сатқаны жайында дерек бар. Сол

кәсіппен тек қанша жыл шұғылданғаны белгісіз. Ақыр аяғында кен орнын орыс көпестері иемденген. Бірақ оларда мандыта алмай, өздері ашқан екі шахтаны ағылшын кәсіпкерлеріне сатқан. Мыржықтың терең қатпарында сүбелі қазына барын шетелдіктер білген. Өйткені күмәнді шаруаға олар сірәда жоламайды. Амал қанша, ағылшын концессионерлерінің бұл өңірде Жезқазғандағыдай іргелі өндіріс ашуына XX ғасырдың басында Ресей империясының астан-кестенін шығарған бірінші дүниежүзілік соғыс, алма-кезек ауысқан төңкерістер бөгет болған. Қысқасы, Мыржық қойнауына жаратылыс сыйлаған алтын, күміс, мыс және марганец, аса майлы көмір қазынасы іргелі зерттеу көрмей, 1930 жылға дейін жұмбақ қалпында қала берген («Весь Казакстан» анықтамалығында осы қазына туралы «Мыржық тауының 25 жерінде мыс белгісі бар» делінген ескерту тегінде бекерге жазылмаған). Қысқасы, XX ғасырдың 40-шы жылдарына дейін бұл өңірде мардымды зерттеу жүрмеген.

Қараңғылық қоюланған кезде Мөшекебұлаққа қайттық.

Ертеңінде күн шыға тұрып, түстік жасау үшін тіске басар азық-түлік және сусынды молдап алып, Олжастың ГАЗ-69 автомобилімен әскери полигон 1991 жылға дейін жергілікті халықты жолатпаған «жабық зонаны» аралауға аттандық. Көкейімде: «Осы серуен қауіпті емес пе?» деген күпті сұрау көлбездеді. Жолбасшымыз Танат айтты: «Біздің ауылдың саяқ жылқылары кейде осы жаққа шығандап кетеді; өйткені, аяқты мал тояттайтын өріс сол төңіректе жеткілікті; полигон қатері көкейде атойлап тұрса да күнкөріс малымызды іздеуге аттанамыз. Сөйтін жүргенде бір пәлеге ұрынбаймыз ба?...» деген күпір ой жанымызды қинайды-ақ. Алланың шаһағатымен әзірше аман жүрміз...». Мен де ауыл иесінің сол уәжін құптап: «Полигонға тиесілі аймақтың ең қауіпті алаңдары сіздің ауылдың теріскейінде, шамасы 40-60 шақырым қашықта. Бұл жерде жасалған сынақты, ауада жарғанын айтамын, әскерилер жел бағыты теріскейден үдегенде ғана жасаған. Демек, өздерін ғана емес, Мыржықтың бауырында отырған сіздердің де саулықтарыңызды «ескерген». Дегелең төңірегіндегі бұлақ көздерінен тек су ішуге болмайды. Сол төңіректегі ұланғайыр мол жерді егін салу үшін бей-берекет жырту да қатерлі әрекет. Өйткені радиация тозанымен залалданған. Бұл ескертпені маған академик, ядролық физика маманы Жабағы Тәкібаев ағамыз айтқан...» — деп осы алқаптағы қауіп-қатер жайында өз білгенімді естірттім.

Танат Мұхамеджанұлы осы атыраптағы сынақ алаңдарының кейбірін білетін сияқты. Полигон жабылғалы атпен де, автомобильмен де талай мәрте шарлаған. Тәкеннің бастауымен бір-бірінен төрт-бес шақырым, кейбірі одан да қашығырақ орналасқан бірнеше алаңды көрдік. Аумағы үлкен емес, футбол алаңындай ғана, бетон бағандармен қоршалған, қоршауға пайдаланған тікенең сымдары соңғы екі-үш жылда қолды болыпты. Бәрінің де сыртында «Қауіпті аймақ, кіруге болмайды!» деген аңдатпа сөздер жазылған тактайшалар ілінген. Біз соларға аса жақындамай, машинадан түспеген қалпы екіншісіне аттандық. Одан соң үшінші, иә төртіншісіне. Бірінен-бірі пәлендей айырмашылығы жоқ, үңірейген ортаңғы тұсына бетон табақтар жабылып, айналасына қиыршық тастар үйілген. Кейбірінің сұсы адамды қарадай шошытады,

күлгін түсті топырағы да өртеннің орны екендігін аңғартады. Көзге ұрғандай сұмдық көрініс: қиыршық тастар ғана емес, сол жердің топырағы да елеуіштен өткендей ұп-ұсақ құмшекерге айналған; талай жыл өтсе де бірде-бірінің үстінде өсіп тұрған жалғыз тал селеу, иә қурай көрмедік; құдды бір кеше ғана соқа жүріп, мейілінше таптап, жалаңаш беті қырғышпен қырғандай айтақыр. Аңдауымша, осы алаңдар ядролық жарылыстың эпикіндігі болған. Күн-жұлдыздың кіндік ортасындағы термоядролық процесс нақ осы жерде қайталанып, әп-сәтте бірнеше миллион градусқа көтерілген от құйыны жер жынысы мен қиыршық тастарды суша балқытып, сонынан суыған. Әлбетте мұндай өртенге мың жылдан соң да өсімдік өспейді. Өйткені оның бойында өсімдік құнар алатын органикалық зат жоқ...

— Осындай от жалмаған алаңдардың бірнешеуі анау шоқша жартас одырайған окшау таудың арғы-бергі бөктерінде де бар. Көргіңіз келе ме?

Өлі дүниеге айналған өртенді түгендеудің қажетсіздігі түсінікті болды. Сондықтан өзгеше таңдау жасадық. Ол болса Дегелең қойнына түскен тау үңгірлерінің біреуін ғана көру. Таңат замандасымыз жүргізушіге таудың құнбатыс төсіндегі одырайған окшау жотасына туралай тарт десін. Жарым сағаттай ізендеп оған да жетіп, Дегелең тауының кеуде тұсына түскен жасанды үңгірге тап болдық. Кіреберісі жүк автомобилі сыйғандай кең, ішіне аттаған соң-ақ сәл тарылғандай болды. Кеншілер өздері кеулеп қазған тау үңгірлерін штрек дейді. Бұл енді тереңдегі қабатқа туралай тартылған ұңғымалар. Таңат Мұхамеджановтың айтуынша, осы үңгірдің 150-200 метрдей ұзына бойына кәдімгі





рельс төселіп, жыныс таситын вагонеткалар жүрген. Полигон жабылған жылы рельсті де, вагонеткаларды да Саржал мен Қайнардың жанкешті жігіттері сыпырып алып, металл сынығын жинайтын алыпсатарларға өткізген. Сынақ аландарын қоршаған тікенек сымдарды да тонаған сол жанкештілер. Рынок заманы тірлігімізге енген кезде солар Қытай еліне жөнелтілген. Осы үнгірдегі рельстерді сыпырған жігіттердің нендей қатерге тап болғанын нақты білмеймін, біреуі штректің орта тұсынан төменге тартылған, резина қорғанышпен қапталған қымбат кабельді алмақ болып, беліне арқан байлап тас қуысына түсіп, шамасы жеткен жерге дейін барып, көксеген затын қиып алыпты (Әлбетте резина қаптаудың ішкі өзегі мыстан, не ток өткізгіш қымбат металдан жасалады). Байғұстың қатерлі еңбегі қыруар теңгемен өтелгені анық. Десек те?.. Бірер айдан соң сол байғұс аққан дертінің ушыққан түріне ұшырап, опат болыпты.

Дегелеңнің құрдым тереңіне бойлаған үнгірде біз көп уақыт болғамыз жоқ. Елу-алпыс кадамдай бойлап, мелшиген тас қабырғалардан кең далаға шығуға асықтық...

Мидай жазықта ту алыстан андыздап көрінетін Дегелеңді небәрі бір-ақ сағатта айналып шықтық (Полигонның ресми деректерінде оның аумағы 33100 гектар екені айтылған).

Осы өңірді алты-жеті атасынан бері жайлаған көнекөздердің айтуынша, Дегелеңнің қойны-қонышынан күзге дейін тартылмайтын мол сулы бұлақтар аққан: солардың қарамдысы оңтүстік-шығысқа құлайтын Ұзынбұлақ – ол Шаған өзеніне дейін жеткен; онымен жарыса тағы да екі су көзі – Байтілес пен Тақтакүшік ылдифа құлап, кей жылдары Балапанға дейін барған; теріскей бөктеріне құлайтын Қарабұлақ та тау қойнынан едәуір ұзап, осы маңатты қоныстаған елді ауыз суға қарық қылған. Полигон дерегінде тау астынан қазылған штректер кейде зор қысыммен атқылаған (бір минутта 60 литр шамасы) су нөпіріне тап болып, соларды күшті сусорғыштармен сыртқа, көбіне тау қуысына айдауға мәжбүр еткен...

Амал қанша, жер астында жасалған ядролық сынақ алаңына айналған соң-ақ бұлақ көздері құрдым тереңге түсіп біржолата жоғалған. Әскерилер өздері қажет еткен ауыз суды терең ұңғымалар қазып, 100-200 метр тереңнен алатын болыпты. Әлбетте қар суы мен жаңбырдан түзілген су бассейндері мүлдем жоғалған жоқ. Бәрі де Дегелеңнің 500-600 метр тереңде сыпыра граниттен жаралған астына түсті (сом тастың бойына ылғал сінбейді, қуысқа жиналған суды төкпей-шашпай сақтайтын қасиетке ие). Оны сусорғыштармен үстіге шығарсақ Шаған өзені қайтадан шалқыр еді. Сол тек радиациядан таза ма? Оның бойында неше түрлі зиянды элементтер бықып жүруі де ықтимал...

Дегелеңді бауырлай жүріп, Балапан бұйратындағы сынақ жасалған ұңғымаларды атүсті көріп, Шаған өзенінің ескі арнасын бойлап, айнадай жарқырап жатқан тоспасын алыстан дүрбімен шолып, күнбатысқа бет түзедік.

Семей-Абыралы жолымен келе жатқан жолаушы Қарасу кентінен өтіп, 30 шақырым ұзағанда (бұл енді Семейден 90 шақырымдай жер) оң қапталдан айнадай жалтырап жатқан көп-көрім көлді көреді. Осы көл менің бала кезімде жоқ-ты. Сол маңат белуардан келген көкөрай шалғын болатын. Шаған өзені Шыңғыстаудың ну жынысы тұнған қой-

ны-конышынан қаншама бұлақ, сарқырама өзендері (Сарғалдақ өзені және басқалары) қысы-жазы сарқылмайтын суын қотара келіп, кең жазыққа шыққан соң екі жүз шақырымдай еңіске тоқтаусыз ағып, ақырында Ертіске құяды.

Өздері иемденген өңірде ойына келгенді істеуге машықтанған әскерилер өзеннің ға-сырлар бойғы арнасын өзгертуді жобалап, ұнғыма бұрғылап, соның түбіне қуаты 140 кило-тон (Жапонияға тасталған бомбаның қуаты 13 кт.) заряд түсіріп жарылыс жасаған. Жер қабатынан көтерілген жүздеген тонна жыныс өзен арнасын қасқағым сәтте бітеген, ағын су жолында пайда болған тасбөгетті бұзып өте алмай, соның алдындағы еңіске жайылып, жасанды көл түзеген. Бұл шара 1980 жылы жүзеге асқан.

Содан бері Шаған өзенінің шектеулі суы Ертіске құймайтын болды.

Жасанды көл жергілікті жұрттың қалауымен «Атом көлі» аталды. Көл суы бірте-бірте молайып, бірер жылда жағасына қамыс өсіп, көктем шыға оған құс келетін болды. Солар-дың балапан шығаруы да тек алғашқы жылдарда ғана. Әскерилер өздері қолдан жасаған көлге балықтың алуан түрін жіберген. Солар да молайып өсіп, бірер жылдан соң аулауға да жараған деседі. Алайда?..

«Атом көлі» түзілген күннен-ақ шерлі тағдырға жолықты. Дүз еркесі құс та бірер жыл-дан кейін сол көлге қонбайтын болды. Өйткені жұмыртқаны жарып шыққан балапандары белгісіз дертке ұшырап, ұшпайтын дәрменсіздікке ұшырап, біржола құрыған. Кәдуілгі-дей зорайып, бірнеше кило салмаққа жеткен балықтар да асқа жарамайтын дәмсіз болып, бірер жылдан соң мүлдем жойылған. Естуімше, көл суы радиация бөлшектерімен ерекше мол зақымданған; оның айдынында жүзген құс пен балық аққан дертіне ұшырап, иә ра-диация әсерімен басқадай бір ауруға тап болып, өмір сүруді мүлдем тоқтатқан.

Қысқасы, әскери мамандардың зеріккеннен ойлап тапқан, өздерінше демалыс сағат-тарында құс атып, балық аулап, саят жасамақ болғаны – осындай кесепатпен аяқталған. Ең шатағы, сол шіркіндерге: «Мына зобалаңды өздерің түзет, өзеннің ежелгі арнасын кә-дуілгі зарядпен аш! Әйтпесе, жауапқа тартыласың...» – деген жан болмады.

\* \* \*

Келесі күні Семейге бет түзеп жолсыз иен даламен келе жатқанымызда тағы бір таңғажайып мекенге тап болдық.

Дегелеңнің күнбатыс жонында, Абыралыға қарай шығатын ескі жолдың бойына әскерилер тұрғызған екінші қалашық туралы естіген едім. Енді мі-не, сол мекен қарсы алдымызда мен мұндалап тұр. Жатаған бұйраттар қорша-уындағы алаңқайға силикат кірпіштен қаланған (кейбірі темірбетон қабырға-лардан түзілген) төрт қабатты бірнеше үй сап түзеген. Солардың маңында тек қыбыр еткен жан иесі жоқ. Әскерилерден босаған мекеннің есік-терезелері түп-түгел опырылып алынған (тоналған десем дұрысырақ болар), шифер ша-тырлары жаппай сыпырылып, темірбетон плиталары да үстіңгі жағынан алы-на бастапты. Бұл енді сол атыраптағы тұрғындардың қаракеті, Осы қалашықты жылытатын жалғыз қазандық екі жүз метрдей жыраққа тұрғызылыпты. Оның да есік-терезелері мен кірпіштері қолды болған. Темір мұржасы ғана сақталған.

– «Г» алаңы аталған әскерилер қалашығы осы. Дегелең қойнындағы штрек-тер мен заряд салынатын ұнғымаларды дайындаушылар осында қысы-жазы тұрған. Кенді Алтайдан жалданып келген, вахта әдісімен жұмыс істеген кен-шілер де осында тұрып, бірнеше жыл еңбек еткен. Кеңес үкіметі Америкамен

келісіп, ядролық сынақтарды жер астында ғана жасауға қол қойған 1963 жылғы шарт бойынша полигонда жасалған төрт жүзден астам сынақтарды дайындаушылар – тегінде осы қалашықтың тұрғындары... – деген ақпарыма жолсерігім сенер-сенбесін білмей басын шайқады.

– Мына үйлердің әрбірінде кем есеппен айтқанда, 60, әлде 80 пәтер бар. Әр секцияда үш-төрт бөлме, соның әрбірінде үш-төрт кісіден тұрды десек – бір мындай жауынгер емін-еркін сиятын баспана. Демек, осы қалашықта кем дегенде төрт-бес мың кісі тұрған...

– Есебің жөнге келеді, Бахтияр. Қазіргі Курчатов «Мәскеу-400» атанған кезде осы аймақта 1947-1950 жылдарда 15 мың жаяу әскер болып, бірнеше құрылыс батальоны Ертіс жағасындағы қаланы тұрғызған. Солардың кем дегенде қас жармысы сынақ алаңдарын жарылысқа дайындаған. Мына «Г» алаңындағы қалашық тұрғызылған уақыт – 1970-жылдар, бәлкім соның орта шені... – деп жолсерігімнің өзінше шамалаған есебіне түзету жасадым.

– Апыр-ай, Медеке, солдаттардың байырғы тірлігі маған мәлім, әскери борышымды атқарғанда кешкенмін, ең шатағы, мынадай қатерлі жұмыстан бірде-бір пенде бас тарта алмайды. Бас тартса сотталады. Сірә, мына мекендегілер – құрылыс немесе инженерлік-сапер батальондарының жауынгерлері. Жә, сонда мынадай қатерлі жерде байырғы кеншілер не істеген? Осы атырапта бірер сағат болудың өзі қатерлі екенін білмеген бе?

– Менің естуімше, сол шіркіндер арнайы шартпен келіп, 18-20 тәулік жер астында жұмыс істеп, бәрі де он күнге үйлеріне қайтып отырған. Шама-сы үш жүздей адам. Келісім шартта полигонның радиациямен зақымданғаны туралы айтылмайды. Әскери агенттер еңбекақыны молдап ұсынған. Ақшасы құрғыр – көздің құрты. Сол байғұстардың қайсысы болсын шарттасқан екі жылға әрең шыдаған. Бірден-ақ безінгендер де болған. Тегінде жер астындағы жұмыстың шатағы көп. Оның үстіне Дегелеңнің асты – радиация бөлшектерінің шылқыған қоймасы...

– Кеше сіз бұл атыраптан су ішуге болмайды. Жер үстіндегі ғана емес, астындағы су да таза емес, жарылыс қалдықтарымен уланған дедіңіз. Ау, сонда мына қалашықтың тұрғындары күн сайын себеткіште жуынуы керек әрі ауыз суды қайдан алған?

– «Г» атанған қалашықтың тұрғындары тереңге бұрғыланған ұңғыманың суын пайдаланған. Әскери мамандардың айтуынша, таза су, тек иод жетіспеген. Оның құрамында адам ағзасына керек минерал тұздары әдетте өте аз болады. Соған енді құрдым тереңде бұқтырылған радиация бөлшектері, әртүрлі нуклидтер мен зиянды элементтер қосылған соң артезиан бассейндердің суы она ма? Онбайды. Әскерилердің «Таза су» туралы ғылыми еңбектерінде әйгілеген дақпыртына мен сенбеймін. Өйткені, осы қалашық пен Дегелеңнің арасы – небәрі 18 шақырым. Осы мекенді жобалағандар тегінде жер астындағы судың радиациямен зақымданатынына, сызаттар арқылы осы маңатқа да жететініне көз жұмған.

– Жарайды, ағасы! Кешегі көргендерімнен шошығаным сонша, түні бойы ұйықтай алмай дөңбекшіп шықтым. Аمانымызда Семейімізге жетелік!.. –

деді Бахтияр «Г» қалашығына дейін тартылған асфальт жолға көлігіміздің доңғалағы ілінген кезде. — Осы сапарға сізді сыйлағаннан келістім. Абыралы жолымен жүргеніміз жөн еді...

\* \* \*

Полигон аймағына менің екінші сапарым 1997 жылдың жазында Орталық Қазақстан Геология бірлестігінің сол кездегі бас директоры, байырғы абыралылық Серікбай Хамзаұлы алпыс жылдық мерейтойына, Қарағандыға шақыруына байланысты түсті. Семейден Қарағандыға Павлодар, иә Қайнар арқылы жүрсен — екеуінің де ұзақтығы бірдей, 750 шақырым. Оның үстіне Шідерті кенті мен Қарағанды қаласының аралығындағы жол — о кезде жөндей көрмеген, қазандай шұңқырлар жүрісінді өндіртпейді. Ал, бәз-баяғы «Жандарал жолымен» жүрсен — сапар 150 шақырымға қысқарады әрі бейсауат жүргінші кезікпейтін елсіз аймақ. Мезгіл жаз күні еді, полигон аймағын тағы бір мәрте көре кетуге ансарым ауып, жолсерікке шақырған Ерсайын есімді жүргізушіге: «Мен саған осы сапарда Қарағандыға жылдам апаратын төте жолды көрсетемін, Ертістен өткен соң Курчатовқа тура тарт!» — дедім.

Курчатов қаласынан Дегеленге дейінгі асфальт жол жөндей қалпында сақталыпты, кейбір тұсын қар мен жаңбыр суы аз-маз бүлдірген. Қысқасы, «Г» қалашығына апаратын жолды біржарым сағатта тежеусіз өттік. Даңғыл жол сол жерде кілт үзілді. Жолдың сол жақ қапталындағы төрт қабатты төрт үйдің қаңқалары сақталған, асты-үстінен құрылыс материалдарын суыру тек үзілмеген. Ал, жылу қазандығынан ұзын тұрбасынан өзге ештеңе қалмапты. Бұл енді мен бұл маңатқа ат басын бұрмаған үш жылдан бергі өзгеріс...

Асфальт жолдың соңғы метрі түгесілген кезде жүргізушім маған сұстия қарады. Бәйбішем де: «Тірі жан жоқ айдалада әкелдің? Мұның не?» — деп байбаламға басты.

— Ерсайын батыр, оң жаққа қара. Ештеңе көрдің бе?

— Көлденен сұлаған көгілдір тау бүлдірайды.

— Сол тау сенің арғы аталарың екі ғасыр жайлаған — атакты Мыржық. Солай қарай көзінді жұмып тура тарт, жарым шақырымнан соң ескі сүрлеуге кезігеміз. Соған түскен кезде жылдамдықты көтересің. Бір сағатта қаракесек елінің ескі жұртына жетеміз...

Шынында да Мөшекебұлаққа шайқайнатым уақытта келіп, Танат отағасының үйінен қымыз ішіп, Егіндібұлақ кентіне бет түзедік. Айтып-айтпай не керек, сол күні күн ұясына қона Қарағандыға кірдік. Қайтарда да сол жолмен қайттық. Жасаң серігім де, бәйбішем де мен көрсеткен «ескі жолдың» тиімділігін мойындаған тәрізді, қарсылық жасаған жоқ.

Жә, енді әскери полигон 1947-1991 жылдар аралығында емін-еркін иемденіп, ойына келгенін істеген, Семей мен Қарқаралы аралығындағы баяғы «Жандарал жолының» радиациямен шылқия зақымданған қауіп-қатерін біле тұра сол аймақты бір емес, екі мәрте ту ортасынан кесіп өткен сапарларымының себебін ашайын: ол болса жол қысқарту, иә жағармай үнемдеу емес, түйт-

кілі мол жұмбақ қалпында қалған, яки XX ғасырдың соңғы онжылдығына дейін біз сықылды жергілікті тұрғындар бас сұға алмаған ұлан-ғайыр аймақтың 42 жыл ұдайы жер-көкті дірілдеткен үздіксіз тарсылынан кейінгі сұрқы мен тірлігін көруге ынтығудан өрбіген «саяхат» болатын...

Осы тарауды толғап отырғанымда менің жазу үстелімде мұқабасы жөндем, үлкенді-кішілі үш кітап қаттаулы тұр. Алғашқысы – «Противостояние» деп аталған, Семей полигоны туралы ресми құжаттар жинағы, жариялаушы – ШҚО-ның Семей қаласындағы Жаңа тарих орталығы. «Казахстан за безъядерный мир» деп аталған екінші кітапты Алматы баспасы шығарған, бұл да полигонның құжаттар мен деректер жинағы, алғашқыдан айырмашылығы – ресми құжаттары көбірек. Екеуі де орыс тілінде, 2011 жылы жарық көрген. Хош дейік! Көлемі 654 бет, ұсақ әріппен терілген үшінші кітапты ілгеріде бірнеше мәрте атағанмын, Мәскеудің «ИздаАТ» баспасы (сірә, бұрынғы «Атомиздаттың» мұрагері) 2002 жылы жарыққа шығарған (таралымы небәрі 1500 дана, мен оны дүкеннен таппай, өзімді сыйлайтын бір ғалым-физиктен атан түйедей қалап алдым), «Ядерные испытания СССР» деген кітап. Беташар бетіне «Современное радиэкологическое состояние полигонов. Факты, свидетельства, воспоминания» деген анықтама берілген, негізінен ғылыми монографиялар мен куәліктер және естеліктерден құралған ғылыми жарияланым. Осы кітапқа тапсырма беріп, қаржысын көтеріп, жарыққа шығарушы – РФ-ның Атом энергиясы министрлігі. Жинаққа екі адам кіріспе сөз бен түсініктеме жазыпты. Алғашқы сөзді РФ-на еңбегі сіңген дәрігер-профессор, Денсаулық сақтау министрінің орынбасары В.Б. Корбут жазған, екінші түсініктемені толғаушы – РФ-дың Атом энергиясы министрі, академик, КСРО-ның Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері, атом қуатын игерудің үздік білгірі атанған В.Н. Михайлов. Ол қасқа мәтімі ұзақтау кіріспесінде: «Осы жинақты жариялаумен кешегі КСРО-да ұзақ жылдар жұмыс істеген Семей және Жаңа Жер полигондарының ескілі-жаңалы тарихы қолыңыздағы жинақта толық ашылып, бұрын құпияда ұсталған деректер мен алуан оқиғалардың бүркеулі сыры тұңғыш рет жарияланып отыр...» – деген әуенде ресми мәлімдеме жасаған. Тәубе деймін! Шынында да жинақтың қас жартысы, яки 327 беті, сүбелі 6 тараудан тұратын аса көлемді бірінші бөлімі Семей полигонының құрылған кезінен бастап, жабылған 1991 жылға дейінгі ұзақ та шерлі тарихын (бүгінгі жағдайын да) ғылыми монографиялар арқылы, нақты деректермен әспеттеп баяндауға арналған. Алты тараудың атынан-ақ Ертіс бойындағы алқапта жасалған ядролық жарылыстардың тарихы, күш-қуаты, жалпы сипаты, радиациялық залалы, сәттілігі мен сәтсіздігі, оның себептері, тағы қаншама қосымша сынақтардың пайдасы мен зияны ғылыми сараланған. Десем де кейбір сорақы жайттарды бүркемелеп немесе өзінше ақтап түсіндірген. Солар туралы мен оқиға ретіне қарай ілгеріде түсінік беремін...

Мысалы, осы кітаптағы ғылыми монографияларға сүйенген министр Михайлов «Кіріспе» сөзінде: «Семей полигоны 42 жыл бойы адамзат қавымын ядролық қатерден қорғауға қызмет етті. онда жасалған барлық сынақтар қоршаған ортаны бүлдірген жоқ, ал полигонды жабуды қоздегендер халық арасында наразылық пікір қоздырып, қарсылық шараларын қасақана ұйымдастырды. Солардың білімі мен танымы өте таяз жандар. басты дәлелі – 1986 жылғы Чернобыль апаты. кездейсоқ опатқа ұшыраған стансаны көзір етіп, зор даңғаза көтерді...» – дегені, менімше, өткен ғасырдың 90-жылдарында жолды болған өктем түйсіктен өрбіген. Яки бір мемлекет болған кезіміз-

де КСРО-ның әскери күштері мен ВПК-ның өктемдігі зор басшылары бекем ұстанған әлімжеттік тұжырымның салдары, сірә, теріс-қағыс сол пиғылды ақтау үшін жазылған.

\* \* \*

Эксперимент сынақтарды дайындауға, соларды сәтті жасап және бақылауға мындаған адамдар қатысады. Арнайы бекіністерде отырып әртүрлі өлшеулер, иә ғылыми эксперименттер жасаушылар да жүздеген. Тек көрген-білгенін тәптіштеп жазып, баспасөз бетінде жариялаушылар – көп емес, бірен-саран. Түсінікті жайт: сол жерде жұмыс істеген мамандар мен әскери қызметкерлердің бәрі де Семей ядролық полигонында көргенін, осы жерде жұмыс істегенін айтпауға, жазбауға қолхат берген; құпияны ашқан жағдайда мемлекеттік қылмыскер ретінде жауапқа тартылатыны жайында қатаң ескерту алған. 1990 жылға дейін сол рәсімді ешкім бұзған жоқ. Ал, жариялылық заманы туғанда? Құпия сынаққа қатысқан жұрттың кейбірі басынан кешкен оқиғаларды там-тұмдап сөз етіп, енді бірі сол жайында естеліктер жариялады...

Сондай жанкештінің бірі – Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Мәскеудегі әскери академияны тәмамдаған подполковник Андрей ЖАРИКОВ 1953-56 жылдарда Семей полигонындағы сынақ алаңын дайындаушылар тобында еңбек еткен офицердің «Полигон» деп атаған естелігінің кейбір тұсын ықшамдап келтіремін...

«4-алаң» үш қабат тікенек бүрмелері бар сыммен қоршалған. Қоршау, сонда ішіндегі жатаған бұйраттар мен ойпаңдарға жаз күндері дала өсімдігі қаулап шығады. Кәдуілгі дала қояндары тікенек сымның астынан жер бауырлап өтіп оттауды ерекше ұнатады. Оларға біз тиіспейміз. Алайда, кейбір аңқұмар әріптестерім сол жерге бұқпантайлап барып, жайбарақат оттап жүрген байғұстарды оқпен жығады. Сеніңіз, сол шіркіндердің зонада жүрген қоян етін қанша жесе де бірде-бірі ауырған жоқ. Бұл енді мен үшін – бүгінге дейін жұмбақ гәп. Полигондағы тікелей бастығым Иван Алексеевич Горячев те біздің бақылауымыздағы алаңнан қоян аулауға әуей болса да ешқандай залал шеккен жоқ, жетпіс жасында жүрек талмасынан опат болды. Мұның бәрін айтып отырғаным – полигон алаңы жаппай уланған, радиация тозаңы бұл төңіректі әбден ластаған деген пікірге мен өзім сенбеймін, әлбетте сақтанған жөн...

Әлқисса бірде қуаты ересен күшті болады дескен жана сынаққа дайындық жасадық (Сонынан ол сутегі бомбасы атанды). Әріптесім Сердобов екеуміз жана жобаны шұқшия зерттеуден соң ешкімге дабыраламай, осы жаққа келгелі жиі ауыратын үй-ішімізді Мәскеуге аттандырдық. Біз ғана емес, бірнеше офицерлер сөйтті. Салт басты болып қалған соң төсегімізді қосып, бір бөлмеге жайғастық. Ең ғажабы, кейбір адамдар радиацияның үлкен дозаларына да мәу демейді. Кейбіреулер соның болмашы бөлшегін көтере алмайды. Мысалы, мен өзім полигонда қызмет еткен жылдарымда денемді торлаған сыздауықтан арыла алмай қатты қиналдым. Соны да радиацияның әсеріне жо-

рыдым. Ең шатағы, өзім қаралған дәрігерлер солай деп ешқашанда айтпайды, өзгедей бірдемені қиыстырады. Ал, полигоннан кеткен соң сол пәлекеттен құлантаза айықтым.

Біздің бөлімге жүктелген міндет БРВ аталатын әскери радиоактивті заттардың өзімізді қоршаған ортаға әсерін зерттеу. Олар сақталатын орын неге солай делінгенін білмеймін, «4-алаң» аталатын-ды. Анығында солар – жарылыстан түзілетін зиянды бөлшектер емес, атомдық өндірістердің қалдық өнімдерінен әскери мақсат үшін сұрыпталған, дұшпан елдің территориясына тасталатын радиоактивтілігі тұрақты, демек зиянды әсері де ересен күшті заттар.

...Бірер тәулік бұрын сол жерге әртүрлі тамақ түрлерін қойғанмын. Солардың сақталуын бақылау үшін резинкемен қапталған қорғаныш костюм киіп, бас-аяғымды тұмшалап қатерлі алаңға кірдім. Мұндай киіммен қозғалу мүлдем қолайсыз. Құдды бір темір бөшкенің ішіне түскендей боласың. «ДП-1» маркалы дозиметрді иығыма асына алмадым, бауы жетпеген соң, мойныма ілдім. Сол да қимылымды одан әрман қиындатты. Бес-он минуттан соң монша нарынды бусанған адамға ұқсап, өне бойымнан ащы тер костюм ішіне тамшылай бастады. Қауіпті алаңда жұмыс істейтіндер осы костюмді күні бойы киіп жүруге тиіс. Өйтпесең – өміріне қатер. Түсінбеймін, аузы буулы резина қапшық ішінде қалайша жұмыс істеуге болады?

Сонымен радиоактивті заттар сақталған алаңға жақындадым.

Тұздықталған ет салынған банкаларға жүз метрдей жақындағанымда мойнымдағы аспаптың тілі ортаңғы деңгейге жетті. Бұл енді аса қауіпті меже емес. Мұндай радиоактивтілікті әдетте елемейбіз. Алайда, БРВ салынған жәшіктерге жиырма метрдей жақындағанымда аспаптың тілі жан біткендей қалшылдап билей бастады. Жәшіктерге жақындағанымда сайтан алғыр тіл ақырғы шекке жетіп, мүлдем жатып қалды. Аспаптың диапазонын күшейтіп едім, 400 рентгенді көрсетті.

Бұл болса тірі пенде үшін аса қатерлі шек!

Дереу кейін шегініп, он шақты қадамнан соң аспапты қайта қостым. Жан біткен аспап тілі абыржыған көңілімді басты. Радиация деңгейі жоғары, сөйтсе де адам ағзасы төзерлік мөлшер. Сол деңгейде тек ұзақ тұруға болмайды. Шындығында өзімді соншама қатерге байлаудың қажеті де жоқ-ты. Десем де сынақ үшін қалдырған шошканың 20 банкі етінің қак жартысы үшті-күйлі жоғалыпты. Металл қалбырларды дала түлкісі алып кетті деу қисынсыз. Демек, оларды өзіміздің жауынгерлер үптеген?..

Аланды бақылайтын бөлімшені казармадан шығарып сапқа тұрғыздым да, бәр-бәріне гимнастеркаларын шешіп, белуардан жалаңаштануға бұйырдым. Бұл енді еріккеннің ермегі, иә қарауымдағыларға әкіреңдеу емес. Көңілімді алаңдатқан жайт: зым-зия жоқ болған сүр еттер осы шіркіндердің құрсағына түсті-ау деген жорамал еді... Қолымдағы ДП-11в аспабын әрбірінің қарнына тіреп, өлшеу жүргіздім. Кейбіреуінің денесінен улы заттардың ізін шалдым. Оларды саптан бөліп, дереу әскери қалашықтағы госпиталға баруға бұйырдым.

– Не үшін? – деп таңданды взвод командирі.

– Бұл шіркіндер кеше ғана алаңға қойылған тушенканы тоя жеген. Сол тағамдар түп-түгел радиоактивті заттармен уланған. Тушенканы тоя жеген комағайлардың ішін жүргізу керек, өйтпейінше бірде-бірі үйлеріне қайтпайды...

Катерді бүкпесіз ашқаным сапта тұрғандарға төбелерінен суық су құйғандай әсер етті. Қасымда тұрған лейтенант та кенет жыламсырап:

– Жолдас подполковник, сол пәлекетті бәріміз де жедік. Қақ жартысын орнында қалдырып, шеткергі онын алып келдік те, отқа қыздырып, құрсаққа жөнелттік. Жиырма банкіні тектен-текке шығынға шығару обал болар деген едік. Енді қайтеміз?.. – Лейтенант төмен қарады. – Араны ашылған жалмауыздың бірі – мен...

Не істейсің, ағынан жарылған қылығы үшін ашуымды мейірімділікке ауыстырып:

– Шыныңды айтқаның үшін кешірдім. Күллі взвод катерден тазартатын қосынға барып, тексеруден өтіндер. Одан соң себелеткіш астында ұзақ тұрып жуыныңдар, іштеріндегі қалған-құтқан астан да дереу құтылыңдар. Ол үшін асқазаныңды бұзатын дәрі-дәрмек қолдану керек. Кешке, ұйқыға жатарда мына аспаппен қайтадан тексеремін, – дедім.

Бұл енді дер кезінде аңдап, одан да гөрі осындай алаңғасарлық салдарынан қаншама адамдардың радиациядан зардап шегетінін білгендіктен жасаған амалым. Тегінде осындай жайттар полигонда азаматтық борышын атқарған әскерилерде жиі болатын әттеген оқиғалар. Сол туралы тек айтуға болмайды, рапорт та жазбаймыз. Неге? Бұл да одағай оқиғаларды сыртқа шығармаудың амалы...

Мысалы, бірде мен өзіміздегі емханаға келіп, емдеуші дәрігеріме:

– Бой қызуым ерекше көтеріліп тұр. Өйткені, бүгін мен бірнеше рентген радиация алдым, – дедім.

– Жап аузыңды! – Дәрігер байғұс кенет баж ете қалды. – Мен ешқандай рентгенді білмеймін, қайда болғаныңды сен де айтқан жоқсың. Сенікі – әншейінгі тымау...

– Тымау емес, доктор. Сеніңіз, мен бүгін аса қатерлі зонада болдым, содан шыққан соң-ақ бойым ауырлай бастады...

Дәрігер икемге келген жоқ, әлгі ойбайын қайталаудан танбады.

– Менің сол туралы сізбен сөйлесуге қақым жоқ, тіпті тыңдауға да. Егерде сіз сол пәлекетпен зақымдансаңыз да, сырқат тарихына солай деп сірәда көрсетпеймін. Сырқатыңыз – кәдімгі тымау. Бітті сөз. Солай деп жазуға мен қолхат бергемін...

Байғұс дәрігер менің дертімді көкірегімен сезіп тұр, соны ашық айтуға дәрменсіз. Радиация тозаңымен зақымданған адамды қалай емдеуді, ең құрғанда сол байғұстың жанын қинаған дертті жеңілдетуді ол білмейді. Бар біле-тіні – қатерлі сырқатқа ұшырағанын жасырып, әншейін болсамен алдарқату. Мен полигонда қызмет еткен жылдарда осынау бұқпа «саясатты» түсінген емеспін, қынжылыс білдірген сұрауым мен талабыма ешқашанда



онды жауап естімедім. Адамзат қауымына ядролық жарылыстардың не үшін қажет болғанын да білмеймін. Әлбетте бірін-бірі жұмбақ дертпен азаптап өлтіру үшін. Ал, менің түсінігімде, атом – өмір бойы сөнбейтін қуат көзі. Сөйте тұра ол адамзат қауымына, күллі табиғатқа өшпес жаулық жасайды. Осыны біз жақсы білеміз, бастықтарым да біледі. АҚШ халқы да біледі. Сөйте тұра екі елдің басшылары біріне-бірі жұдырық көрсетіп, әрқайсысы көздеген мақсаттарына атом бомбасы арқылы жетпек болады. Бір жыл емес, ондаған жылдар бойы осы тайталасты өзімізге көзір еттік. «Ау, қоқан-лоқыны доғарайық!» деген бір пенде жоқ. Соның тауқыметін, міне, біз, кешегі соғыстан аман қалған бейнетқор майдангерлер тартып отырмыз. Адам баласы болмаса өзіміз өмір сүретін қайран жер шөлдалаға ұқсар еді, көл үстінде қалықтап жүрген шағаласыз немесе жағаны жайпаған толқынсыз өмірдің қызығы болмайтыны айқын. Ертіс жағасындағы құм қайраңда күнге қыздырынып жатқан, аш белімен, тоқ балтырымен де көзінді тойғызатын әйелдерсіз – дүниенің тірлігі әншейін нәрсе. Солар болмаса Жер беті де Ай сияқты сүренсіз, тыр жалаңаш бірдемеге ұқсар еді. Иә, бейбіт өмірді жан-тәнімен сүйетін адам үшін жердегі тірлік – ту алдынды жарықтандырған түнгі от сияқты қызықты, ал қанқұмарлар үшін соның бәрі – өлім, неғұрлым көбірек және қинап өлтірсе – соғұрлым әсерлі болмақ...

Семей полигонындағы менің сұрқай тірлігім күн өткен сайын мәнсізденіп, осы пәлекеттен қайткен күнде құтылуды ойлай бастадым. Кәсібімнің Отанға қажеттігін түсінемін. Кешегі сойқанды соғыстың тізеден келген қан теңізін кешкен адаммын, Жоғары әскери академия курсың тындап, Бас штабтың соғыстан бергі жылдардағы тактикасын тәп-тәуір біліп, жан-тәніммен бас иген офицермін. Мына істің қазіргі халықаралық тайталаста атомдық қаруды бетке ұстап, үстемдік көрсетуші билік иелеріне қажет болған тежеуші шара екенін де түсінемін. Міне, жаз бойы сутегі бомбасын сынауға жанталаса әзірлік жасаудамыз. Мындаған солдаттар мен офицерлер, жүздеген ғалымдар тобы, осы істің үздік мамандары және кәсіби жұмыскерлер халық қорының жүздеген миллион сомын бір минуттық әлей жарылыспен желге ұшыруға дайындауда. Ең шатағы, бұл жарылыс та алғашқылар сияқты: Жер планетасын мейілінше ластау; жер бетіндегі жан-жануар тірлігін құртуға жақындап келе жатқанымызды мен тегінде түсінбеймін. Шын-ау, атом бомбаларына ие мемлекеттердің басшылары бас қосып: «Осынау бәсеке жарысты қоялық, өзімізді асырап-сақтап отырған Жер шарын бүлдірмейік. Атом қуатын басқа мақсатқа жұмсайық. Оны енді күш көрсетуге қолданудан біржола бас тартайық...» – деуге неге болмайды? Апыр-ай десенші, сол шіркіндер әрбір атомдық сынақ адамзат үшін тек қана өлім, жазылмас дерт себетінін жақсы біледі. Әрбір жарылыстың қаншама зор шығын екенін де шотқа салып отыр. Сөйте тұра миллиардтаған шығынды желге шашып, қаншама миллион адамды шат-шадыман тұрмыстан ада етуден бас тартпайды. Бар гәп шетел президенттері мен біздің кеңестік көсемдердің өзара ноқай саясатында...

Осындай жегі ой мені күн сайын қинады десем қисынсыз уәж болар, сөйтсе де жиі шырмайтын болды...».

Бәри СЕКСЕНБАЕВ, «Полигондағы бір күн», «Семей таны», 7.09.1996 жыл:  
«1976 жылы Бесқарағай аудандық партия комитетінде екінші хатшы кезімде Өндіріс округінен аудандық депутаттың кандидаты болып тіркелдім. Маған ауданның қазақтар тұратын қоныстары тиді. Солардың бірі – «Семенов» кеңшарына қарайтын бөлімшедегі қазақ аулы. Тұрмысы өте төмен мекен-ді. Тұрғын үйлер жетіспейді, монша жоқ, жалғыз дүкенге екі кісі кірсе, үшіншісі сыймай, есік алдында күтін тұрады. Аудан орталығынан небәрі 25-30 шақырым жерде болса да ешқайда қатынаса алмайды. Көктемде дала жолы су астында қалады. Осы ауылдағы қазақ орта мектебінің мұғалімдері кедей тіршілігіне наразылық білдіріп, жиын сайын ашына сөйлейтін-ді.

Сайлаушылар аманатын қалайда орындау керек. Осы жайында ақылдасқанымда соның шешімін кеңшар директоры өзіме сырғытты.

– Қаржы бар. Спорт залының ұзындығы – 12, көлденеңі 10 метрден кем болмауға тиіс. Қабырғасын өзіміз көтереміз, төбе жаппасын – қолыңыз ұзын, сіз ізденіз, жолдас хатшы. Бізге қажет плитаның қайда барын нұсқайын, құдайы көршіміз полигон территориясында көптеген құрылыстар бұзылып, төбе жаппалары бықып жатыр. Біз сұрасақ, маңына жолатпайды... – деді.

Содан не істерімді білмей дағдарып жүргенімде Семей полигонның бастығы генерал-лейтенант Смирнов Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат болып біздің ауданнан ұсынылды. Кандидатты «Семиар» кеңшарына сайлаушылармен кездесу жиналысына апардым. Әскери адамдарда сирек кездесетін жайдары мінезге ие сыпайы адам екен. Сөйлегенде жалпы саясат, экономика, ұлттар татулығы сияқты өзекті мәселелерді келістіре түсіндіреді. Тек полигон турасында ештеңе демейді. Сайлаушылар, әсіресе, Грачи селосының тұрғындары (Курчатов қаласымен қатарлас мекен, Ертістің біз жақ жағасында): «Сіздер жасайтын жарылыстар салдарынан үйлеріміз құлауға шақ тұр, балаларымыз үрейленіп мазалы ұйқыдан айрылды, ал, офицерлеріңіз өзенді емін-еркін жайлап, балықты аумен сүзіп, табиғатымызға кесірін тигізуден ешбір қымсынбайды...» – деп батыра айтқан сыни сөзге ол: «Ескертемін» дегендей қашыртқы жауап қайтарды. Себебі түсінікті. Обкомның жігіттері: «Полигон туралы сөз болмасын. Тек мал жайылымын туралы, шөп дайындау жайында келісіндер...», – деп ескерткен-ді.

Жиналыс бітісімен кеңшар басшылары генералды дәмге шақырды. Ол қарсылық білдірмеді. Генералдың тікұшағына отырып, Ертіс өзенінің ортасындағы бір оңаша аралға бардық. Үй тігіліпті, іші қазақша жиһаздалған. Керегелеріне кілем, түскиіз ұсталып, жерге сырмақ, алаша, комшалар төселіп, жаймаға әртүрлі тағам қойылған. Үстел үсті толған бауырсақ, сары май, жент, сықпа құрт, ірімшік, тары жармағы. Қонағымыз соны көрген соң дегбірсізденіп: «Ғапу етіңіздер, мынадай тамаша сәулетті мен өмірімде көрмеген едім, таңғалып тұрмын. Рұқсат болса, әйелімді алып келсем?» – деп бізге қарады. Мен: «Әкеліңіз, рұқсат!» дедім. «15 минут мөлшерінде қайтып ораламын» деп тікұшақпен аттанып кеткен қонағымыз ширек сағатта зайыбын қолтықтап қайта оралды. Орта жасқа келген аққұба өнді әйел екен. Түсі жылы. Иілген

сәлемі де бізге ұнады. Үйге кіріп, жан-жағын шолып, күйеуіне қарап: «Бесподобно, надо же, какая оригинальная красота. Я думала, что эти вещи можно видеть только в национальном музее или на сценах театров. А мы живем в этой дыре и ничего вокруг кроме солдафонов не видим», – деп байғұс әйел ағынан жарылды...

Ас ішу көңілді, әңгімемен өтті. Генерал тек арақ-шараптан татпады. Кетерде әйелі өтініп, ірімшік, сықпа, жент салдырып алды. Қоштасарда мен спорт залының жаппасына көмектесуді өтіндім. Ол онаша шыққанда ғана ділгер қажетке жауап өзінен болатынын ескертіп: «Мен бұл істі өз бетіммен шеше алмаймын. Кешірініз, біздің жағдайымыз солай...» – деді біржосын мұнайып.

Содан бір күні кабинетімдегі телефон шырылдады. «Рудаковскиймін, полигоннан... – деді телефонның аржағындағы адам – Сіз жұма күні танертен сағат 10-да контрольный пунктке келініз, күтіп аламын».

«Семенов» кеңшарының директоры мен бас инженерін ертіп, келісілген уақытта КП-ға бардық. Бір офицер күтіп алып, генералдың кабинетіне апарды. Бір полковник сіз сұраған жаппаны беретін болды. Біз мінген машина КП-дан шыға Дегелең тауына қарай тартты. Бір сағаттай жүрдік. Сол манаттағы қалашыққа жеткенше полковник бізге қыржия қарап, бір ауыз тіл қатпады. Жолда сәл аялдап, дәрет төгуге қарсылық білдіргені менің қытығыма тиді. Тек үндемедім.

Түскі тамақты асханадан ішіп, оның қарсысындағы дүкенге кіріп, азық-түліктің молшылығына таңданып, бір-екі қалбыр уылдырық сатып алып, өзара әңгімелесіп тұрғанбыз. Асханадан шыққан полковник бізге түйіле қарап, машинаның ішіне кіруге мәжбүрледі. Сол әкіреңге мен шыдамай, «Біз шетел агенті емеспіз, осы жердің байырғы иелеріміз әрі кенес адамымыз. Ештеңе бермесен де дөрекі әкіренді тоқтат!..» – дедім. Полковник райынан қайтқан жоқ. Бұл жердің қожасы менмін дегендей дөнайбат көрсетті. Сөйтіп, шекісіп тұрғанымызда кабинетінде қалған генерал келді. Мен полковникпен ренжісіп тұрғанымызды айттым. Генерал ештеңе деген жоқ. Өзімен бірге тамақ ішуге шақырды. Мен бас тартып, шаруамызды бітіртсеңіз кетуге пейілміз дедім.

Ақырында әлгі полковниктің бастауымен Дегелең тауына аттандық. Көледен көсілген бір белді асып, тау койнауына тоқтадық. Біржосын көрікті жер: жасыл алаң, әріректе аузы үңірейген бірнеше үңгірлер көрінді. Солардан аққан бұлақ суы алаңға жайылып, біраз жерді батпаққа айналдырыпты. Шөп белуардан өскен. Аяқ астымызда – ұзынды-қысқалы, жуанды-жіңішкелі кабельдер. Ертеректе сынақ жасалған орын екенін сезіп тұрмыз. Көз алдымызда одырайған гранит жартастардың бізге қараған беті қорасан дертіне ұшыраған адамның денесі сияқты, шұрық-шұрық тесілген. Сом жартастар маған ауыр жараланып, қансырап жатқан арыстан сияктан-ды. Әр сайдан, иә үңгірден үрлеген жел ызыңы жоқтау айтқан әйелдердің ышқынған зарлы даусына ұқсап, біржосын мазам кетті.

Полковник алаңдағы бұзылған үйлерге бастап келді де, жерде жатқан жаппаларды көрсетті. Ұзындығы 10 метрдей, кеме жасауға арналған, нағыз ба-

бымен кепкен Сібірдің беріктігі әйгілі бөренелері. Бергендерінізше аламыз дедік. Дезинфекциядан өткізіп, өздері жеткізін беретін болды.

Қайтарда манағы қалашыққа соқпайтын тура жолмен жүрдік. Әкірен полковниктің түлен түрткендей ашулануын қайтарда білдік: сөйтсек, біз барған қалашық пен Дегелең бауыры – сынақ орны екен. Сол жердегі арнаулы күзеттегі алып қазандық атом реакторы екенін де білдік. Полковниктің түсіндіруіне карағанда, генерал біздің бұйымтайымызды айтқанда, штабтағы офицерлер қарсы болыпты. Ал, бізді қарсы алған полковник – тыл бастығы. «Генерал-лейтенант Смирнов – либеральный военный. Ему бы служить в общевойсковых частях, только не здесь на особосекретном объекте... – деп ол тікелей бастығы туралы көкірек қыжылын әйгілеп тағы да зіркілдеді. Және айтқаны: «Смирнов келгелі полигон іргесінде кеңшарлардың малы жайылатын болды, кейбір шаруашылықтар осы маңаттан шөп шабады, құпия қалаға кім көрінген келеді. Полигон Қазақстанға карамайды, Мәскеуге тура бағынады. Маңаттағы ауылдарды алысқа көшіру керек, құпия режимді сақтау – бізге парыз!» – деп пәлсафа соғып: «Этот полигон – лицо и щит нашей Великой державы. Считайте вы нигде не были, ничего не видели!», – деді ақырында.

Полигонда күні бойы көрген, білгеніме таң қалып, Бескарағайға қайтып келе жатқанда орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдың «Тойдан кейін» деген хикаятының кейіпкері, ақымақ генерал бейнесі кенет есіме түсті: сол байғұс сыпайылық жасап, қонақтарға өзін мәдениетті адам бейнесінде көрсеткенін жазушы шебер әжуалаған. Оның сыпайылығы жасанды нәрсе: әскери бөлімшеге қызмет бабымен келгенде ол солдаттарды қатаң жазалап, дүре салуға әмір беруші еді. Мына полковник те генерал-лейтенант Смирновтың алдында құрдай жорғалап сыпайылық аңғартса, онаша қалғанда нағыз солдафон екенін көрсетіп, әлдекімді боктаудан тайынбады...»

Андрей ЖАРИКОВ естелігінің жалғасы:

«Ертіс жағасындағы қалашыққа мен кешке таман қайттым. Тексеруші пункттің алдында мені КГБ қызметкері Сашка мен әйелі жайрандай қарсы алды.

– Құдайға тәубе, тірі екенсің! – деп көршімнің әйелі мәз-мәйрам болды. – Сіз туралы басқадай қауесет естіп едік...

Сол хабарға қатты таңғалдым, одан да гөрі осы кездесуге дейін небәрі екі-ақ рет көрген көршілерімнің маған соншама қағылездік көрсеткеніне сүйсініп:

– Ау, кім мені ана дүниеге аттандырып қойған? Кімнен естідіңіздер?.. – деп едім.

Жан-жағына сақтана караған Саша ақырын ғана:

– Мерт болғандар бар деседі. Офицер атаулы түгелдей қайтып келді, ал сен жоқсың. Қалашықта қалғандар да жетісе қойған жоқ, әлі күнге дейін есімізді жия алмай абыржып тұрмыз... – деп өздері басынан кешкен жайтты жайлап түсіндірді.

Естуімше, сынақтан кейін осы атырапта күшті дауыл соғып, госпитальдың төменгі қабатының есік-терезесі быт-шыт болып еденге түсіп, сол жерде отырған балалар бір-біріне соғылып, зықылары шыққан. Әйтеуір мерткіккеннен аман. Бір тәуірі, балақандар ауырухана үйіне шешелерімен бірге келіпті. Күні бойы тасқамаққа түскендей болып әбден мазаланған бүлдіршіндер шешелерінің алдын төсек етіп, кейбірі бетон қабырғаны жағалай тартылған жылу жүйесінің тұрбасына сүйеніп қалғып-шұлғып отырғанда кенеттен тарс еткен жарылыс дүмпуіне тап болған. Егер солар есік-терезеге жақын қисайса, не бей-берекет ойнап жүрсе еденге күрс еткен шынылар мен рамалардан жаракат алуы кәдік. Рас, қабырғаға сүйеніп отырғандардың бастары соғылып, кейбірі төбеден түскен кесектерден жаракат алыпты. Кейбір үйлерде қабырғалар құлап, еденге жалп еткен төбе плиталарынан зардап шеккендер болыпты. Солар туралы біз ештеңе айтпауға, сұрамауға дағдыланғанбыз, ондай оқиғалар хатталмайды. Көрген істі көрмедік, естімедік дегендей қалып танытамыз. Ақырында соның бәрі бірте-бірте ұмыт болады.

Сынақ алаңында сол жолы бірнеше адам кездейсоқ жағдайда ажал құшқан: эпикіндікке ұрымтал жердегі мықты жаппалар іргесінде отырған солдаттардың бірде-бірінің тырнағы түскен жоқ, ал, жеркепелерге кіріп, жарылысты тосқан жауынгерлердің бір тобы топырақ астында қалған. Өйткені, сейсмикалық дүмпу жеркепелерді соққанда төбені тіреп тұрған балқалардың кейбірі жерге жалп етіп, сонда отырғандарға ауа жетпей тұншығып өлген.

Полигоннан едәуір қашық мекенге арнайы жіберілген қауіпсіздік бөлімінің офицері саман кірпіштен қаланған клуб үйіне ересек жұртты жинатып, атом жарылысынан сақтану жайында дәріс оқып тұрғанда, ол неме өзіне жақсы мәлім ережені сақтап, жарылыс сағатында сол бейшараларды сыртқа шығарып, осы жерде ширек сағат үнсіз тұрайық десе – өзі ғана емес, ауыл адамдары да дін аман қалар еді. Амал қанша, өзі де, оның дәрісін тыңдаушылар да кенеттен жалп еткен төбенің астында қалыпты.

Семей мен Өскеменнің кейбір үйлері қирап, әсіресе жел өтіне көлденен орналасқан мекендер едәуір зардап шеккен. Кейбір баспаналардың терезелері сынып, шатырлары жерге түсіпті, пеш мұржалары құлаған.

Бөлім бастығы қалашыққа кешігіп келгеніме наразылық білдірді.

– Қайда жүрсің? Штабта отырғандар мені қуырып: «Сенің участогында өрт болып жатыр, күллі дала жануда» – деп зәремді алды.

– Шынында да солай. Үлкен резервуардағы жағармай толқыннан шайқалған кезде аз-маз сыртқа төгіліпті. Жер ойығына жиналған жағармайды әлдекім баса-көктеп баспауын ойлап, өз қолыммен от қойдым. Керосин ұзақ жанды, түтіні де қоюланып, талай жерге тарады...

Бастықтарымды іздеп, солар бақылауға тиіс орыннан бірде-біреуін таба алмай, едәуір уақыт текке сенделгенімді де жасырғам жоқ. Олар тапжылмай отыруға тиіс КП-да ешкім қалмапты, содан қайтып келе жатқанымда полковник Бенецкийке жолықтым, байқауымша, ештеңе көрмеген, сынақ алаңына апар деген бұйрығын орындауға тура келді деп, кешіккен себебімді түсіндірдім.

Менін бүкпесіз есебім бастығымның алаң көңілін біршама басты. Алайда, сынақ алаңында көрген-білгенім жайындағы рапортым ешкімге керек болмағанын кейін түсіндім. Аспан әлемінде жарылған сутегі бомбасының сынағы жобалаушылар күткен қуаттан едәуір артық болған. Курчатов сол жайында үкіметке оңды ақпар жөнелтіпті, одан кейінгінің бәрі – күнделікті тірлік күйімен ұмытылды.

Күні бойы тісіме бір түйір ас тиген жоқ, қаншама әбігерге түскенде бітіргенім әлгі. Сілем қатып, пәтеріме титықтап келсем, төбедегі сылақтан ештеңе қалмаған, түп-түгел еденде жатыр. Сыртқы қабырғаның шетінде саусақ сыйғандай сызат пайда болған. Полковник Г.И.Князев тұратын шеткергі бөлменің бір қабырғасы «Тәжірибе аланы» жақта еді, бүлінгені сонша, онда отыру қайда, бас сұғудың өзі қатерге айналған... Сердобовтың пәтері көңтерімді жағдайда екен, соның бір бөлмесіне көшіп, өзімнің баспанамды жөндеушілер бригадасына тапсырдым.

Василий Николаевич төбеден құлаған сылақтан тазартып, еденді де жуып, кушетка үстіне жантайыпты. Көңіл күйі мәз емесін бірден байқадым.

– Неге көңілсізсің?

– Менде спирт жоқ... – Сол жағдай құдды көңіл күйінің бұзылуына түрткі болған тәрізді. – Тамақ жібітер бірдемең болса, әкел. Жағдайым ауыр...

Сөйтсем, ұзақ уақыт әскездеп, барынша бекемдеп салғызған, қысымды өлшейтін әрі бетонның беріктігін анықтайтын, неше түрлі қымбат аспаптар орнатылған құтыханасы әп-сәтте істен шығыпты, аспаптары да түп-түгел бүлінген. Қызметтес досым соған да қайғырып отыр. Сол күнгі жарылыс «бұйымның» жобалаған жерден 2700 метр қиғаш жарылуынан өрбіген. Соның салдарынан алаңдар бүлінді. Тенізшілердің әскездеп дайындаған кемелері, оларға қойылған қорғаныш қалқалары да жарылыстың эпикіндігіне дөп келіпті. Десек те еңбегіміз зая кеткен жоқ. Бүлінген құрылыстарды қайта салу қиын емес. Оның есесіне сутегі бомбасының күш-қуаты қандай екенін білдік.

– Сутегі бомбасына төпеп берер бекініс жер бетінде жоқ. Ол болса түскен жерін жалмауыздай жұтады, оның дүмпуінен құрышпен бекемделген темірбетон да құтқармайды... – деп әріптесіме жұбату айтып едім.

– Жүз пайыз келісемін! Біз аман қалдық, ал, эпикіндіктен алпыс шақырым жердегі қалашығымыз тас-талқан болды, не шара?!

Электроплиткамен самса пісіруге әбден жаттыққамын, соны әзірлегенше Сердобов консерві ашып, дастарқан мәзірін қамдады. Сол кеште атомист ғалымдар, әскери шені жоғары басшылар да сәтті жасалған жарылысты өздерінше атап жатқаны бізге мәлім.

Жедеғабыл дайындаған самсаларым әзір болған сәтте есік тарс-тұрс қағылды. Менің карауыма берілген мәскеулік офицерлер екен. Солармен бірге тыл бастығының орынбасары подполковник И.А. Белый да келген, Иван Алексеевич құрқол емес, бастықтардың дастарқанынан бірқанша дәмді ас ала келіпті. Не деуге болады, сол кеште біз «Ертістің тағы жағасында» атты ескі әнді шырқаумен тарадық».

Семей полигонында жасалған 470 жарылыстың 307-сі Дегелең мен Балапан бұйратынан казылған 131 штольняда және әртүрлі тереңдіктегі ұңғымаларда жасалған. Кейбір сәтте жарылыстың күш-қуатын арттыру үшін ядролық зарядтар қат-қабат жарылған. Мысалы, 1978 жылғы 27 шілдеде 104-штольняда бір мезгілде бес жарылыс жасалыпты. Демек, 1961 жылдан 1991 жылға дейін айналасы небәрі 22 шақырым шағын тау күні-түні жасалған жарылыс дүмпуіне тап болған. Үздіксіз дүмпулерден быт-шыты шығып, иен жазықта шошақ тымақтай қоқырайған пошымын ғана сақтағаны — сол сынақтардың нәтижесі...

Жерасты жарылыстарының технологиясы мүлдем қарапайым: тау қойнауын ұңғып штольня аталатын ауқымы кең үңгір казылады; ұзындығы әртүрлі — 100, 150, әрі дегенде 200-250 метр; әуелі жүк машинасы еркін өткендей дауып басталады да, түп жағы біршама тарылады; соның шыңырау түбіне зарядпен өлшегіш аспаптар қойылған соң ұңғыманың ауыз жағы таспен бекітіліп, бетон құйылып, газ шықпайтын бітеу тығын жасалады. Немесе сол штольнядан бұйір қабырғаларға штректер мен квершлагтар тартылуы мүмкін. Соларда зарядты тереңге түсіріп, тар қапаста жаруға дайындалады. Токетерін айтқанда, бірнеше ай бойы ауыр бейнетпен жүрген әзірлік бірер минутта дүрс еткен әлей жарылыспен аяқталады. Әртүрлі аспаптар солардың күш-қуатын өлшейді. Ядролық зарядты жобалаған ғалымдар мен химиктер сый-марапатқа шаш етекпен ие болып, бұрынғыдан да зор құлшыныспен келесі сынақты жобалауға кіріседі...

Таңғаларлық гәп: осы жұмыстар бір миллионға тақау жұмысшысы, инженерлері, теоретик ғалымдары бар, Кеңес Одағының оншақты жердегі жасырын өндірісіне орналасқан алып ұжымдардың барша тірлік-тынысы, ақыл-ойы, күні-түні тыным көрмеген еңбегі қасқағымдық дүмпуде жоқ болады. Бұл болса бір жыл емес, ондаған жылғы қаракет. Шындығында сол не үшін, соншама құрал-жабдықты, қыруар адамдардың қайтарымыз еңбегі мен бейнеті, оларды асырауға, жалақы төлеуге, тұрмыс күйтін ондауға жұмсалған миллиардтаған қаржы мен күштің қайтарымы бар ма деген күпті сауалдың әлбетте жауабы жоқ. Ең шатағы, жер-жаһан мәңгі жазылмайтын жарақат алады. Оның жойқын дүмпуі Дегелең, Мыржық қана емес, 150-200 жүз шақырым жерге жетіп, жыл сайын ондаған рет зәренді алады. Ас үйдегі ыдыс-аяқты сылдыратқаны — Семей тұрғындарына үйреншікті үрей. Соған да тәубе дегенбіз. «Әйтеуір бұрынғыдай күл-топанды бұрқыратып, төбедегі люстраны шайқалтып, тас қабырғаны дірілдеткеннен құтылдык!..» — десіп тілімізді кәлимаға келтіретінбіз. Көкейде тек осы пәлекет не үшін деген күпті сауал қоздап, «Апыр-ай, дүние жүзі мемлекеттері осы жарылыстарды біржолата қоялық» деген пәтуаға неге келмейді? Біріне-бірі қокан-лоқы жасау үшін қыруар шығынға батып, әуреге түсуді неге тоқтатпайды?..» деп те налысың. Ал, егер сол миллиардтар ел тұрмысын ондауға, ғасырлық дерттерді емдеуге жұмсалса?..

«1968 жылғы 8 ақпанда сағат 10-да Семей полигонында кезекті ядролық жарылыс жасалды (Сол жылғы жарылыстар 7 қаңтарда басталып, желтоқсанның 18-і күні аяқталған. 14 жарылыстың бәрі де жер астында жасалған – М. С.). Сейсмикалық аспаптар арқылы жарылыс дүмпуінің қуатын қатесіз анықтаған ғылыми деңгейі озық елдер бұл туралы біріне-бірі жедел хабарлады. Кеңестік ақпарат жүйесі ғана жұмған аузын ашқан жоқ. Алайда, Семей облысы мен оған іргелес орналасқан Алтай өлкесінің тұрғындары радио мен телеэкрансыз-ақ полигонда не болғанын қатесіз шамалады. Өйткені, шкафтағы ыдыс-аяқ сылдырлап, төбенің сылағы еденге жалп еткеніне қарап, жарылыстың күш-қуатын анықтауға олар көндіккен. Жә, сонда полигонда не болған? Сол жерде жұмыс істейтін адамдардың жайы не күйде? Жұртты алаңдатқан оқыс оқиғаны дағдылы деуге болмайды. Атомдық алапаттын ажал себетін аузында отырған, сол тажалға тағдырлары байланған жүздеген жандардың жағдайы не күйде?» – деген күпті сұраулармен басталыпты газет тілшісі Геннадий Медведовтің «Генералдың алдына төселген кілемше» немесе «Семей полигоны туралы беймәлім деректер» – деп атаған жолжазба суреттемесінде («Казахстанская правда, 15 мамыр 1993 жыл).

Атомшылар қалашығын алғаш көргендегі әсерін тілші сыни көзқараспен сипаттаған: «Біздің Қазақстанда басқа елді мекендерге ұқсамайтын айрықша белгісі көзге ұрып тұрған, ең ғажабы, ешбір картада көрсетілмеген және марқұм болғандарын жерлейтін моласы жоқ қалалар бар. Солардың бірі Семей облысындағы атомдық полигонның бас қаласы – Курчатов. Қала тұрғындарының санасына «Сендер Отан қорғанысын күшейтуге тікелей үлес қосып, ұлы держава ғылымының алғы шебіне жанасушы жандар екенінді мақтаныш етуге тиіссіндер» – деген мадақ мейлінше сінген. Оған қоса соларды атомдық сынақтардың зиянсыздығы туралы «ертекке» әбден сендірген. – дейді Медведов. – Әлбетте атомистер қаласы азық-түлікпен, қымбат та жақсы бұйымдармен, киім-кешектермен қажетінше жабдықталған. Тауар түрлерінің аста-төк молдығы сонша – адамзат қауымы арман еткен коммунизмнің кішкентай үлгісі осында орнаған екен деп те ойлауың қак...»

Тілшінің осы тұжырымын бүгінде мен сайқымазақ мыскыл ретінде қабылдаймын. Өйткені, өткен ғасырдың 60-шы жылдарында біздің адамдар коммунизм ертегісіне балаша елігіп, Хрущев жариялаған «Кеңес халқы 80-жылдарда коммунизмнің алғашқы сатысын көреді» деген сәуегейлігіне де имандай сендік. Қызыл үгітшілердің аузына қарап, ештеңеге ойланбай өмір сүрдік. Атом бомбаларын жасаушылар біз үшін ғылымның шыңына шыққан білгірлер сияктан-ды. Ең ғажабы, сол ертекке қапысыз сенген қарапайым жандардың сынақ алаңына жүз-жүздеп келіп, жұмыс істеуге құштар болғанына не дейсіз?..

Сондай жанкештілер Кенді Алтай өңірінен де көбірек табылған. Тау-кен өндірісі ертеден өркендеген аймаққа әскери зонаның агенттері ат басын жиірек бұрып, жер астында жұмыс істеуге дағдыланған кәсіби кеншілерді полигонда жұмыс істеуге шақырған. Әрине, қажыр-қайраты мығым жасаң кеншілерді үгіттеп, екі жылда мол еңбекақымен қалтасын толтырып, үйлеріне «москвич», иә «жигули» мініп қайтатынын төндіре ескертіп



мейлінше еліктірген. Полигон агенттерінің жолы болған ескі кенттердің бірі – Шығыс Қазақстан облысындағы Белоусовка мекені. Осы жердегі мыс кенішінің қоры таусылуға айналып, жұмыстары өнбей, енбекақылары кеміген проходчиктер әлгі агенттердің еліктірген сөзіне имандай ұйып, тұрмыс ахуалын жедел оңдап, автомобиль ғана емес, Өскеменнен кәперативтік пәтер алуға құмартқандар сайын далада жұмыс істеуге шақырған келісім-шарттарды қуана қабылдаған. Сол аймаққа бригадасымен баруға құлшынғандар да болыпты...

Қысқасы, 1970 жылдардың орта шенінде Дегеленнің құнбатыс бөктеріндегі «Г» қалашығындағы үйлерді қоныс еткендер иен жазықтағы таудың қойны-қонышына бұрғы ұштарын қадай бастайды. Тау-тастын астын ұнғу – кеншілер үшін үйреншікті қаракет: заңғар жартастар астынан суырылған тас қиыршықтары вагонетқаларға тиеліп сыртқа тасылады: Кенді Алтайдағыдай мұнда кен жылғаларын қуа қазу жоқ, маркшейдерлер нұсқаған бағытпен тура-лай ұнғысын; кейде көлденең бағытқа бұрылып, қосымша үңгірлер қазасын... Амал не, бірер айдан соң маман проходчиктердің басы зеңіп, қан қысымы көтерілетін қияметке тап болған. Кейбіреуінің мұрнынан қан саулайтын сұмдыққа ұшырайды, шаштары да жуған сайын гу-гу түскен. Әскери емхананың дәрігерлері: «Ештене етпейді, бірер аптада сап тиылады» – дейді. Шынында да денеге мысқалдап енген дерттер вахталық мерзімін өтеп, Белоусовкаға қайтқан он күнде бәсеңсіп, тарқайтын болған. Алайда, сол пәлекет Дегеленге қайтып оралғанда денесін қайтадан шырмайды. Адам жаны сірі. Байырғы қазақ: «Тірі пенде көрге де үйренеді», – деген. Өздері тап болған төтенше сырқатқа кеншілер де көндіккен әрі пәлен жыл жұмыс істеймін деген шартпен байланған.

Лев ЧЕРНЫШЕВ, кенші: *«Полигонда біз темірбетон қабырғалардан жиналған үйлерде тұрдық. Радиация деңгейін күн сайын түгілі ай сайын бір мәрте тексергенін көрген емеспін. Дозиметрист мамандар біз шу көтерген кезде келді. Полигонда мен ұзақ мерзім болғамын жоқ, 1967 жылы келіп, 1968 жылдың аяғында қайттым. Екі жылға жетер-жетпес уақыт. Сол да әбден діңкелеткені анық, өкпе рагына ұшырап, ұзақ емделуге тура келді. Тірі жүргеніммен екінші дәрежелі мүгедекпін...»*

*Қауіпсіздік қызметінің шалағайлығын айқын көрсететін, өз міндетіне немқұрайды қарайтын мамандардың, оған қоса бомбаның бүлдіргіш қуатын жобалаушылардың қателесуі салдарынан бізді зор қатерге ұрындырған бір жарылыс туралы айтайын: бұл оқиға 1968 жылғы 8 ақпанда болды; кезекті сынаққа дайындық П-3 алаңында жүргендерді 15 шақырым жердегі П-2 алаңына ауыстырды. Сынақ алаңында ешкім қалған жоқ. Сынаққа он минуттай уақыт қалғанда сырттағы репродуктордан: «Бәрің де сыртқа шығыңдар, үйде ешкім қалмасын!» деген бұйрық естілді.*

*Сыртқа шығып, тосып тұрмыз. Күткеніміздей жер-жаһан солқ етті. Қуаты әдеттегіден артығырақ екенін сезіп, дүңкіл естілген жаққа қарадық, бұл ен-*

ді ережеге кереғар әрекет, бірақ ешкім соны сақтамайды. Бұл жолы да қара бұлт аспанға көтеріледі деп ойлағанбыз. Тура күткеніміздей болды. Жер астынан дамылсыз бұрқақтаған қоймалжың бұлт аспан кеңістігіне лықылдай төгіліп жатыр. Біздің сорымызға жел де сол жақтан соқты. Газ атаулы құрдым төменде түншығады деген үміт әншейін болды. Тар қуыстан жол тапқан түтін шоғыры аспанға атылды. Сол тоңіректен бізге қарай ызғындап келе жатқан тікұшақты аңғардық. Әп-сәтте жетіп төбемізден төнген генералдың дыбыс күшейткіш арқылы гүжілдеп жеткен қаһарлы үнін де естідік: «Тезірек кетіңдер, бұл жерде тұру қауіпті!» дегенін ұғып, алаңда қаңтарулы тұрған автомашиналарға ұмтылдық; мезгіл қаһарлы ақпан айы, алдын-ала ойластырмаған соң не шара, бірде-бірі оталсайшы... Бір мезетте РАФ көлігі дырылдай бастады. Алғашқы кезекте бастық атаулы ұмтылды. Санап тұрмын, 8-10 кісі сиятын машинаға, сенесіз бе, 24 адам мінді. Жерге шөге мықшиған машина өзін аяқпен алаңнан ұзап, әлден соң көз алдымыздан ғайып болды. Сап түзеген солдаттар алаңдағы автомобильдердің алдында тұр. Офицер атаулы солардың бірінен соң біріне жүгіруде. Әлдекімнің сыбағасын әкірең боқтықпен сылқитқан генералдың айқайы жоғарыдан апанық естіледі. Біз, кенші атаулы, кенет дар еткен самосвалға мініп, қайсыбіріміз жаяу-жалпы «Г» қалашығына қарай тұра жүгірдік. Ал, оған дейін 18 шақырым. Сөйткенше-ақ радиоактивті тозақ бұлты біздің казарманы жайпап өтіп, әріге жөңкілді. Әрі дегенім — беймәлім болжам, оның енді қайда қонып, қанша ауыл-аймақты бүлдірерін түстікке қарай үдей соққан жел біледі. Әлбетте оған генералдың «Қашыңдар!» деген ойбайы жетпесі және анық...»

Александр ПОЛУШИН, кенші: «Мен Семей полигонында 1967-70 жылдары еңбек еттім. 1968 жылғы жер астынан көтерілген қою бұлтты жақсы білемін. Өйткені, ешқайда жасырына алмай, құйынның астында қалған шерменделердің бірімін.

Одан да өзге қатерлер жадымда: кезекті штольняны таудың орта белдеміне дейін өткеліз; әскерилердің өздері «бұйым» дейтін бомбаны соның түбіне жеткізіп, алдын-ала даярланған қуысқа орналастырды. Ол жұмысқа бізді қатыстырған жоқ. Алайда, есептен қателескен бе, әлде басқадай бір себептен бе, әйтеуірі «бұйымды» жарғанда соның дүмпуі таяу жердегі компрессор стансасын аспанға допша лақтырып, оған қоса сыпыра граниттен тұратын таудың тасын қаңбақша домалатып, біржарым шақырым іргедегі төбеге атып ұрған. Жарылыстың әлей күшін содан-ақ байқаңыз. Рельстер мен металл сынықтары жатқан төбешікке жоламай, алыстан орағытып жүретін болдық. Өйткені, сол маңаттағы радиация мөлшері ерекше күшті екенін білетінбіз. Ең ғажабы, сол турасында дозиметристерден сұрасаң, титтей шіміркенбей: «Қалыпты деңгейде», — дейді.

Сол жылдарда мен одан да зор сұмдықтарды көрдім. Бомбаның да алуан түрін сынауға қолғабыс еттім: нейтрондық, сутегі, атомдық бомбалар, кеңістікте вакуум туғызатын түрлерін, тіпті әлей суықты қолдан жасайтын қарулардың сынағына куә болдым. Себебі, сынақтар аяқталған соң біздің бригада сол жерге бұрғылау станоктарын апарып, тау қойнында пайда болған өзгерісті көру үшін,

сом гранит қабатты ұңғумен шұғылданды. Жаз күндерінде таудағы штольняға купайкемен кіреміз. Сол да пана болмайды. Тісің тісіңе тимей сақылдай бастағанда күн көзі шуақ төккен сыртқа жүгіріп, бой жылытамыз. Штольняға қайта кіргенде тас қабырғаларда салбырап тұрған мұз тілдерді көретінбіз.

Осы атыраптағы бірінші штольняны қазу кезінде, 1967 жылы қу жанымды қарадай түршіктірген бір жайтты айтайын: соны көруге бір генерал арнайы келіп, шұқшия үңілгені есімде, фамилиясын ол әлбетте айтқан жоқ; тек тау қойнауында біз ұңғумен жеткен тас қабырғаға қарап, аспаппен өлшеп тұрып, жағасын ұстап таңданғаны есімде... Ең ғажабы, алдымызда кездесетін қатерді ешкім ескерткен жоқ, маркшейдер нұсқаған бағытқа туралай ұңғып келе жатқанымызда, қарсы алдымыздағы гранит қабырға кенет бордай үгіліп, болат бұрғының керегі болмай, омбы қарды күрекпен күрегендей таңғажайып құбылысқа кез болдық. Соның нендей керемет екенін қайдан білейік, жұмыстың жеңілейгеніне қуанып, тас қабырғаны одан әрі тездетіп үңігенімізде соның үстелдей кесегі үстімізге жалп етсін. Іле-шала ыстық леп сезілді. Шамасы 80 градустай. Сөйтсек, осы үңгірде бұдан біргеше жыл бұрын жарылыс жасалған. Тасқамауда тұншыққан қызу содан бері сөнбеген. Таңғаларлық құбылыс! Ал, миллиондаған градус қызу жер бетінде, иә әлдебір елді мекен төңірегінде түзілсе — сол маңаттағы тіршілік амаулы қайтер еді, адамдар қандай зобалаңға ұшырар еді? Соны тіпті ойлағың келмейді... Мен өзімді баса жаздаған жартас тегершігіне шығып, алдымдағы қуысқа шахтер шамының сәулесін бағыттап, он шақты метрдей қарсыдан тас қабырғаны көрдім. Түпсіз терең қуыс. Құдды бір қолмен қалап, бетін қол арамен кескендей теп-тегіс камера. Байқауымша, әлгі тас қабырға күшті қызудың әсерімен балқып, төменге құлап, тау жынысының сансыз көп қуыстарын толтырған; нәтижесінде бет тастары жылтыраған тау үңгірі пайда болған; ең шатағы, көп уақыт өтсе де ыстығы басылмаған. Соның бақан бойлағандай түбінде әлденене жылтырайды. Одан және бу көтерілгендей. Ұзақ үңіліп оның түбіндегі іркілген су екенін шамаладым. Бригадамды дереу сыртқа шығардым. Әлдекімнен тосын хабар күткендей-ақ штольняның аузында таныс генерал машинасымен келіп тұр екен. Мен оған көзім көрген таңғажайыпты баяндадым. Ақпарымды ынтыға тыңдаудан соң соны өзі де көрмек болды. Жүргізушісі артқы орындықтан шағын кілемшені алып, бізге ерді. Мен жол бастап, өзім әлгінде құлай жаздаған үңгірге әкеліп, шахтер шамымен тау қойнындағы ыстық леп бұрқырап тұрған «ваннаны» нұсқадым. Кілемшенің үстіне етпеттей жатқан генерал дүрбісін көзіне ұстап ұзақ қарады. Өздері қолдан жасаған жарылыстың тас заңғарға жасаған кереметін көріп: «Кеншілерге курорттың керегі қанша, анау тас қуысындағы радон ваннасына түссе жетіп жатыр, жан рақаты сонда!» — деп жорта күліп маған қарады. Әскери генералдардың қарауындағыларды сайқымазақ әзілмен тұқырта сөйлейтінін білетінмін, «Сол ваннаны әуелі өзіңіз байқаңыз, сізден кейін біз түсеміз», — дедім...»

Владимир ДРОЗДОВ, кенші: «Мен полигонда екі жылдан астам уақыт, яғни 1966-1967 және 1968-1969 жылдарда істедім. Әртүрлі қатерге жиі тап болып, ақырында біржола кеттім. Сол жердегі мезі тірлік ер адамдардан гөрі әйел бай-

ғұстарға ауыр тиді. Радиоактивті тозаң оларды оңдырған жоқ. Қаншама уақыт жұмсап әдемілеген шаштарына түскен зақымды неше мәрте жуса да кетіре алмай, ақыр аяғында көз жастарын төгіп отырып, ұстарамен тақырлап қырғызуға мәжбүр болғанын сан мәрте көрдім.

Сол жылдарда мен сутегі бомбасы сыналатын штольняны қазуға қатыстым. Әскерилер соны, неге екенін білмеймін, «аргон» деп атайтын-ды. Сол үшін әдетте екі штольня қазамыз; алғашқысын «аргонды» қою үшін әзірлеп, тау қойнауына бойлап кіреміз; екіншісін 90 градус тіктеп, соның үстінен елу метрдей жоғарыға өрлейміз; оған әртүрлі аспаптар және биологиялық тірі жәдігерлер дейтін экспонаттар қойылады. Аспаптардың дені — неше түрлі өлшегіш датчиктер мен телекамералар. Ал, биологиялық қуысқа ірілі-ұсақты жануарлар мен құстар орналасады. Бұл енді қиямет жұмыс. Мысалы, тас қуысқа таудай түйені кіргізерден бұрын биологтар жануардың өне бойына әртүрлі датчиктер байлап, бәрі-бәрін жалпақ ремендермен бекітеді. Бұл енді түйенің денесіне байланған аспаптардың тас қабырғаға сүйкенгенде түсіп қалмауына жасалған амал. Сондай қаракет иттер мен шошқаларға да жасалады. Ақырында соларды тельфермен тартып, штольняға кіргіземіз. Байғұс жануарлардың алдына неше тәулікке жететін жем мен су қойылады. Бар дайындық тас үңгірді мықтап бекітумен аяқталады. Сынақ өткен соң үстіңгі штольняны ашып, өліп қалған жануарлардың денесін сыртқа шығарып, биология құтыханасына тапсырамыз.

Мен полигонда жұмыс істеген жылдарда жасалған әрбір үшінші сынақтың занғар тасты жарып өтіп, сыртқа газ бен тас, иә су атқылағаны анық. Әлбетте біз солардың жарылыс бөлген зиянды заттармен зақымданған су екенін білгіміз жоқ. Жә, сонда полигон медиктері оның нендей қатер екенін білмеді дегуге бола ма? Әрине, білді, бірақ олар жұмған аузын ашпауы мені осы күнге дейін таңғалдырады...».

Иван САЛИКОВ, кенші: «Семей полигонында мен 1965-1966 жылдар аралығында жұмыс істедім. Бригадамыз толық құрамда келген. Келген бетте-ақ жұмыстың аса қатерлі екенін білдік. Бізді жалдаған әскер бастықтарына бұл турасында алғашқы күннен қатаң шарт қойдым: жарылыс болмаған «таза» жерде жұмыс істейміз, ал ондай алаң болмаса, бригада Белоусовкаға қайтады», — дедім; менің талабым бастықтарға ұнаған жоқ, сөйтсе де шартымды қабылдады. Сірә, біздің көмегімізге ділгер болған. Жер қойнына жүрген проходканы әрдайым ұтымды жолмен және тез орындадық. Алайда, жарылыстан соң бейберекет зақымданған тау қойнауын қайыра ашқан бригадаларға біржосын аянышты сезіммен қараудан арыла алмадым. Бірақ, сол шіркіндерге: «Ау, сендерде жан жоқ па, не істеп жүрсіңдер?» демедім. Мысалы, сонау Татарстаннан келген проходчиктер зақымданған участкада жұмыс істеді. Бірде олар біз үзілді-кесілді бас тартқан проходканы ашты. Сол жердің асты ғана емес, үсті де мейлінше зақымданған, болмашы тау сызатынан жып-жылы ауа үрлеп тұратын аса қатерлі жер екенін білетінбіз... Татарстандық жанкешті кеншілер сол жерде бір-неше ай жұмыс істеді. Ақшаны күреп тапқан байғұстар еліне қайтқан соң мерт болыпты деп естідік. Ең ғажабы, солардың орнына Татарстаннан тағы бірнеше бригада келді.

ЕСКЕРТУ: Әскерилер карауындағы солдаттарға ғана емес, біз сияқты кәсіби кеншілер тағдырына да немқұрайды қарады және өтірік айтуға титтей де қымсынбайды. Мысал үшін полковник Петренконың «Комсомольская правда» газетінің 1990 жылғы 8 маусымдағы санында жарияланған мақаласындағы сөзін келтірейін: «Маған мәлім шындық: Семей полигоны – экологиялық сипаты жөнінен дүние жүзіндегі ең таза сынақ алаңы...» – депті сол бөспей. Бейшара полковник сол жылдары теледидар экранын босатпайтын еді, айтатыны әлгі: «Семей полигонында ешқандай радиация жоқ, тап-таза». Бірде ол, КСРО Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланған кезінде Кремль сарайының мінбесіне дозиметр ұстап шығып, КСРО депутаттарына ғана емес, күллі Одақ көрермендеріне: «Осы залды аспаппен өлшеп тұрмын, мінбе маңындағы радиация мөлшері Семей полигонындағы тәжірибе аландарынан әлдеқайда артық...» – деді. Сол шіркіннің даурықпасынан гөрі содан кейінгі аянышты тағдыры мені әрдайым қамықтырады<sup>1</sup>. Себебі мен өзім де қаншама сақтық жасағаныммен әскери полигондағы екі жылға жетпейтін жұмыстан сау қайтқам жоқ, қазірде соның зардабын шегудемін...»

Геннадий Медведовтің жазбаларында Белоусовка кентінен 1965-70 жылдарда алпыстан астам кәсіби кеншілердің Дегелеңде жұмыс істегені ескертілген (солардың қас жартысы одан кейінгі он жылда радиация зардабынан мерт болыпты). «Осы мақаланы жазарда, бұл енді біржарым ай шамасы бұрын болған жайт, полигоннан Белоусовкаға қайтып оралған кеншілерді іздеп, тірі қалғандарының ауызекі естеліктерін жазып алдым. Менімен әңгімелескен шерменделердің екеуі – Чернышев пен Колесников менің жазбаларым жария болғанша опат болып кетті. Жатқан жерлері мамық болсын, ақжарқын жан-дар еді, амал қанша?!...» – деген өкініш айтыпты «Казахстанская правда» газетінің тілшісі.

Ядролық полигонның қырық екі жылдық тарихын ақтарғанда мені ерекше таңғалдырған жайт: атомдық сынақты 1949 жылғы 29 тамызда бастап, 1958 жылдың 22 наурызына дейін он жыл бойы жер беті мен ауада дамылсыз дүңкілдеткендер – әрбір сәтті жарылыстан соң омырауларын ордендерге толтырып, үкімет марапатын шаш етекпен иеленіп, яғни шат-шадыман тұрмыс кешкендер сол әрекетімен атомдық қатердің жер-жаһанға зардабын, өздерінің де келешек ұрпағына тигізер залалын көперіне алмауы; ға-

<sup>1</sup> КСРО Жоғары Кеңесіне «Қайта құру» кезеңіндегі дүрмекпен Риддер округінен депутат болып сайланған, өзін Семей полигонының жанкүйері деп есептеген әскери офицердің ақыл-есі, менің шамалауымша, дәндүріс қана емес, ауыруға шалынған нағыз нақұрыс сияқтанады. Соған айқын дәлел: полигон аймағына Мәскеудің және шетелдің тілшілерін бастап келіп, барлау аландарына «туристік саяхат» жасаудан кейін «Атом көліне» апарған; барған бетте киімдерін шешіп тастап, мөп-мөлдір көл суына күмп берген; жалғыз емес, 13 жасар ұлын да түсірген... Журналистер тобы көлге шомылудан бас тартыпты. Өйткені, қолдарында дозиметрі бар жапон журналистері суға жақындау қайда, автобустың ішіне тығылып, қатерлі жерден тезірек кетуді талап еткен. Естуімше, сол қыста «батыр» полковниктің өзі де, баласы да аққан дертенен опат болыпты. Менің шымбайыма батқан жайт – әскерилердің ессіз, әлде есер қорғаушысы емес, кіші Петренконың аянышты өлімі. Не деуге болады? Кей адам алды-артына қарамай, өркөкірек насихаттың құлына айналады, мынау да сондай жағдаят.

жап аңқаулық, әлде орыс халқына тән аусарлық?.. Нәтижесінде Мемлекеттік комиссия әрбір жарылыстан соң үкіметке жолданатын рапортта, ТАСС арқылы әлемге таратылатын ресми хабарларда тек қана бір уәжді жаңылмай қайталайды: «Сынақ өткен аймақтағы радиациялық фон қалыпты, тәжірибе жарылыс жобалаған қуатты көрсетті...» Сол ақпардың астарында Ертіс бойындағы 2,5 миллион халықтың денсаулығы мен келешек тағдыры құрбандыққа шалынғаны туралы бірде-бір мемлекеттік қайраткер ойланбаған. Мәні ауыр осы имансыздыққа қосымша айғақ: Семей полигонында жасалған бұрынғы 50 сынаққа, 1961-1962 жылдардағы 68 жарылыстар қосылып, яғни 118 ядролық жарылыстың жер беті мен ауада қосаметкей сыналуды...

Енді мынадай айғаққа зер салыңыз: Семейдегі 4-диспансер 1957 жылы ресми тіркеліп, бақылауға алған (емдеу үшін емес) сырқаттардың саны әдегенде 10 мың адам болған; 1980 жылдарда сол бейшаралардың саны 19 мыңға жетіпті; әлбетте бұл да толық емес; сол ұжымның жұмысын бертінде бейресми тексерушілер 1990 жылы осы ұжымның бақылауында 40 мың семейлік болған деседі (50 мың науқас тіркелген деген ақпар бертінде жарияланды). Осы сандардың онғаны жоқ, «қара тізімге» ілінгендердің бірде-бірі ем алмай, азапқа толы ғұмыр кешкен...

**АНЫҚТАМА:** 1963 жылы Семей полигонында ешқандай жарылыс жасалмаған, өйткені сол жылы және соның алдындағы біржарым жылда күлтөбеге айналған «тәжірибе алаңдарын» зиянды коқыстан тазарту жұмыстары жүрген.

Осы ретте сол жұмыстарды кімдер атқарған деген сауал туындайды? Әрине, екі жыл мерзімге азаматтық міндетін атқаруға шақырылған кеңестік жастар. Күллі Одақтан жиналған денсаулығы мығым, тепсе темір үзгендей дерлік өңкей 19-20 жастағы жастар мыңдап бас қосып, осы атыраптағы барлық жұмыстарды күні-түні атқарған. Солардың дені «Г» қалашығында немесе «тәжірибе алаңына» ұрымтал жердегі жеркепелерде тұрып, құпия алаңдарды күзеткен, соларды зиянды коқыстардан тазартқан. Бәрі де радиация тозанын мейілінше сімірген. Бұл пәлекеттің өзгеше қасиеті бірден білінбейді, қайсыбір жағдайда араға жылдар салып шалады. Әлбетте ауыр жұмыстан құтылдым ба деп еліне барып, бейбіт еңбекке кіріскенде тұла бойы радиациямен былғанып, мүгедек болып қайтқанын бірақ біледі.

1963 жылғы 26 қарашала КСРО Жоғары Кеңесінің Төралқасы АҚШ, Ұлыбритания және КСРО үкіметтері өзара келісіп қол қойған шарт бойынша. АТМОСФЕРАДА (жер беті мен ауада). ҒАРЫШТА және СУ БЕТІНДЕ, иә АСТЫНДА ешқандай атомдық, термоядролық жарылыстар жасамауға міндеттенген... Осы келісім күллі семейліктерді ертенге деген үміт шырағы өз ортасынан көрінгендей қуантып, қаһа көңілдерін біршама уақытқа сейілткен. Сөйтіп, жер-жаһанды ластаған қатер жеті кат тереңде түншығатын болды. Тәубе дедік!..

Шынында да 1964 жылғы 7 сынақ жер астында жасалған.

\* \* \*

**АУРУДЫҢ АТЫ – «САРЖАЛ»:** «Дегелең тауының теріскей бөктерінде 1949 жылы 29-тамызда тұңғыш атом бомбасы жарылғанда Тельман атындағы

колхоздың жылқышысы Блокин Рымқұл «Қаратышқан» деген жерде қос ішінде отырған. Ал, 1953 жылғы 12-тамызда сутегі бомбасы сыналғанға дейін ол сол шауашылықтың бір табын қойын бағып, үнемі далада, Дегелеңге ұрымтал боктерде еңбек еткен. Сынақ кезінде елмен бірге шалғай қонысқа көшкен.

— Арада бір жыл өткен соң қарақұсымда бармақтай ісік білініп, бірте-бірте ұлғая бастады. Міне, көр!.. — деп қойшы жігіт бас киімін шешті. Блокиннің қарақұсының үстінде тауық жұмыртқасындай ісік шодырайып тұр. Мен оған «Бұл адамға зиянсыз, «ұра» тектес ісік, қауіптенбе, тек сылып тастаймын дегендерге берме!..» — дедім.

Біршама уақыт өтті. Рымқұл байғұстың жағдайы ауырлапты. Қандай дәрігерге қаралса да, айтатындары бір сөз — «мұндай ауыруды біз білмейміз»... 1961 жылы қыркүйек айында Блокиннің інісі Жәкенбаев Уәли ағасын өз қаражатымен Мәскеуге апарды. Ондағылар әрлі-берлі қарап: «Тек қана дала тұрғындарына тән ауырудың біз білмейтін түрі...» деп, ештеңе істемей, нәумез қайтарыпты. Яғни желкедегі ісік «Саржалдың өз ауыруы» деген. Сол шіркіндер неге солай деді? Түсініксіз сілтеме. «Саржалдық ауырудың» танымал белгілері: адамның жіліктері мен қол сүйектері өз-өзінен шеміршекке айналып, майып болып, біртіндеп сына бастайды, соған ұшыраған пенде ауыр қиналысты басынан кешіп, ақыры ажал құшады.

Блокин Рымқұл 1962 жылы 25-қазанда 55 жасында дүниеден озды...»

**«ҚЫРШЫНЫНАН ҚИЫЛДЫ»:** «Арнольд! Еділ бойынан репрессия кезінде анасы екеуі соғыс жылдарында Қазақстанға еркінен тыс көшірілген неміс тумасы, тағдыр жазуымен Саржалға тап болып, осы ауылдағы қазақ мектебін тәмамдады. «Руым төбықты, оның ішінде мотышпын» деген әзілі жұрттың бәрін сүйсіндіретін еді. Жаны жайсаң, үлкенге іні, кішіге аға болып өскен аса биязы, әзілқой азамат болатын. Анасы Анна сиыр фермасында сауыншы болып еңбек етті. Бірден-бір сүйеніші Арнольд та еңбекке ерте араласты. Шофер болып істеді, өмірінің соңғы жылдарында сиыр фермасында қойма меңгерушісі міндетін атқарды. Қайда жүрсе де еститіні — тек қана алғыс. Атқұмар жан еді, бәйгеге ат жаратып, дүбірлі тойлардан қалмайтын-ды. Сөйтіп жүріп тәнін мұжыған белгісіз кеселге тап болды. Айтуынша, сол дерт 70-жылдардың бас кезінде жабысқан-мыс: оң шықшытының астынан безі (лимфа) шошыған, бірте-бірте ұлғайған, ақырында сол кішігірім кеседей болып үлкейеді. Арнольд жарасын дәрігерлерге көрсетеді, олар ота жасауға болмайды депті. Соны естігенде Арнольдтың көз алдына ауылдасы Рымқұлдың басына шыққан ісік өзін де шырмағанын оймен шамалап, сүйектері үгітіліп, сына бастағанын көрген соң-ақ ол жанын қинамай өлуді жөн көрген тәрізді.

1988 жылы маусым айында Арнольд Штайгер 46 жасында өз үйінде асылып өлді деген хабар Саржал ауылына тез тарады. Ақжарқын, өмірге құштарлықтан айнымаған абзал жанның кенеттен өзіне қол жұмсауы ауылдастарының қатты күйзелтті.

Үш мыңға таяу тұрғыны бар, ядролық полигонның іргесінде елу шақырымдай жерде отырған Саржал ауылы әлі күнге дейін медициналық көмекке зәру. Бір кез-

де аудан көмегімен тұрғызылған 25 орындық аурухана үйі әбден ескірген. Дертті адамдардың көптігінен қашан барсаң да оның дәлізі неше түрлі сырқаттарға иық тіресіп отырады. Медицина кадрлары кемшін. Учаскелік ауруханада невропатолог, оташы, көз дәрігері сияқты мамандар жоқ. Рентген кабинеті жұмыс істемейді. Дәріхана аса жұтаң. Соңғы жылдары айтылып келе жатқан жайт — полигонмен шектес елді мекендерді азық-түлікпен молдап қамтамасыз етеміз, медициналық көмек жасаймыз деген уәде әншейін созге айналды...»<sup>1</sup>

Семейлік журналист, зейнеткер Мақсат ЖАРЫЛҒАСЫНҰЛЫ:

«Ядролық жарылыстың нендей пәлекет екенін жан-тәніммен сезінуім — 1966 жылдың 22 маусымы. Сол күні біз Саржал мектебінің соңғы емтиханын тәмамдап, кәметтік аттестат алу тойына әзірлеіп жатқан көңілді шақ. Үйімізге жапсарлас іргедегі Ғизат досым келіп: «Мұрат ауырлап қалыпты. Бізді көргісі келеді дейді. Жүр, барып қайтайық...» — десін. Бұхарбеков Мұрат 1947 жылы туған, менімен түйдей құрдас бозбала, 7-сыныпты бітіргеннен кейін «Ауыл шаруашылығы техникасын меңгеру» бастамасына елігіп, Қарауылдағы механизаторлар училищесіне түсіп, оны бітірген соң Дегелең тауының бөктеріндегі шабындықта бірер жаз жұмыс істеген. Кейіннен көрдім, біздің ауылдың пішен дайындаушылары болған алқап сынақ жасалған таудағы жерасты шахтыларынан қашық емес екен, көп дегенде он шақырымдай.

Ғизат екеуміз ағатайымның мотоцикіліне мінгесіп, ауылдың шетіндегі досымыздың үйіне бардық. Күні кеше көп-көрім спортшы, би кештерінің көркі болған сері замандасымыз терісі сүйегіне жабысып, өңі аппақ құдай болып, төсегінен басын көтере алмай діңкелеп қалыпты. Жүдегені сонша басын көтере алмады. Қасында Саржал ауруханасындағы жалғыз дәрігер Рая апай отыр. Біз жаутаңдап апайға қарадық. Ол кісі бізге сыбырлап: «Мұраттың дерті — «Аққан» деген пәлекет. Күнбатыс жақтағы көршілердің дүңкілінен болған, үнемі далада, ашық аспан астында жүрудің салдары...» — деді. «Мұрат неге сонша жүдеген? Емдемейсіз бе?..» — дегенімізде, дәрігер апай басын шайқады. Сонсоң кемсеңдеген қалпы сыртқа шығып кетті (Бертінде Рая апай да, оның ері Кәлембек ағай да егде жасқа жетпей осы дерттен опат болды).

Біз досымыздың қасында біршама уақыт отырып, ақырында бүгінгі кешті сылтауратып, қайтуға рұқсат сұрадық.

— Келгендеріңе рақмет! Қош болыңдар, менің құрбыма сәлем айтыңдар. Аман болсын, бақытты ғұмыр кешсін!.. — дегенді Мұрат досымыз үзіп-үзіп әрең айтты.

Мұраттың кімді айтып жатқанын түсіндік. Ол қызбала еді, бізбен бірге мектеп бітіруші. Екеуі ерекше дос жандар еді...

— Айтамын, ертең өзін де ертіп келемін. Ал, аман бол!

Сөйтсек, досымызды соңғы көруіміз екен. Мектеп бітіру кешін таңға дейін созып, одан ұйқыға бас қойғанымызда қаралы хабар да жетті. Бет-аузымызды ша-

<sup>1</sup> Екі естеліктің иесі — соғыс және еңбек ардагері, Абай ауданының денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Кабден ЕСЕНҒАРИН. Естеліктер «Аманат» апталығында 31.03.1990 ж. жарияланған.



юға да мұшамыз жетпей, күллі мектеп бітірушілер қиыр шеттегі Бұхарбековтер үйіне шұбырдық. Сұм тағдырдың жазуына не дейсің, кешегі қуанышымыз бозбала жасындағы досымызды ақтық сапарға шығару қайғысына ұласты.

Дарқан өмірдің бізге деген ауыр сыбағасы бір ғана Мұрат марқұммен тоқтамады. Бір сыныпта он жыл бірге оқыған құрбыларымыз Мұрат Құсайынұлы, Кәкен Исаханұлы, Қалкеш Әбжатұлы өздеріне қол жұмсап, өмірден озды. Өмірден түңілгендей себеп жоқ, радиация таратқан үрейленудің, ақыл-есті есенгіретудің салдары. Соларға ілесе қаншама дос-жарандарым екі жастың біріне жетпей, жүрек талмасы, тамыр байлануы, аққан және обыр дерттерінен опат болды. Тыныбек Дахарұлы, Марат Ғайсаұлы, Жеңіс Бекхожин, Сарқыт Меңдібайұлы, спорт шеберлері Мағау Оразбекұлы, Қайырбек Дүрмекбайұлы, Орал Сүлейменұлы, Қибаат Берекеұлы, Бейсенғазы Әлімханұлы, Дүйсен Толеутайұлы, Секлан Қысатайұлы, Бәпи Сағадиұлы, Дәукіш Бегалыұлы, Медалбек Сармырзаұлы, Әспен Жұмақсанұлы, Асқар Сіләмұлы, Рахмет Жақыпұлы, Жұмағали Сіләмжанұлы, Серік Әміржанұлы, Қабдолла Тайтөлеуұлы, Ғалымбек Сіләмұлы, Мақсұт Мұханұлы, тағы қаншама замандастарымыздан айрылды.

Қызылту мектебінде бірге оқығандарды жуықта түгендесем — Әрін Лесбайұлы екеуміз ғана тірілер санатында екенбіз. Бір сыныптағы 20-30 жастар жетпіс түгілі, алпыстың шебіне жете алмай мерт болғанына не дейсің? Бәрі де біздің елді жайлаған атом дертінен шейіт болды, амал қанша?!.

Біздің әулеттен ағаларым — Ақан мен Марат, олардың ержеткен ұлдары — Әбзалхан, Уатқан, Қуатқандар полигон дертінен мерт болды. Өзімнің де бір ұлым Думан көктей орылды. Әке-шешем де обыр ауруынан көз жұмды. Жезделерім Бекбатырұлы Ахметқадыр, Құмашұлы Молдақасен қан қысымының өрекуінен ажал құшты. Бәрінің «күнәсі» — Семей полигонына ең ұрымтал мекен Саржалда туып, өмір сүргені. Мұрат досымды ауыр дерт Дегелең атырабында екі жаз ұдайы шөп шапқанда шалса, саржалдық, қарауылдық, қызылтулық азаматтарды ауаның радиациямен былғанып, жел үнемі бізге қарай айдап, жарылыстан түзілген зиянды заттарды Кокен, Аршалы, Шыңғыстау мен Абыралының қойны-қонышына таратқаны себеп болған. Әскерилер соның бәрін зиянсыз деп түсіндірді. Қылмыстың сорақысы осы емес пе?..»

Бағдат ШАХМЕРДЕНОВ, Абыралы ауданы, Доғалаң кеңсары:

«Біздің кеңсар орналасқан «Алғабас» ауылдық кеңесіне қарайтын аймақта 1984-1989 жылдар аралығында 12 бала мүгедек болып туды, 11 нәресте бір жасқа жете алмай дүниеден қайтты. Соңғы бес жыл ішінде 11 бөздақ обыр ауруынан қаза тапса, бір азамат асылып өлді. Сол жайтқа егіліп, төмендегі шумақтарды шама-шарқымша жөқтау ретінде жазған едім. «Аманатқа» соны жариялауды аманат етіп отырмын...

Қалғандаймыз кете алмай бір аралда ел-күнсіз,  
Шарасызбыз, кей жандардың тірлігіндей дегбірсіз.  
Талақ етіп бұл жалғанды, небір жақсы жайсаңдар  
Атылып та, асылып та кетіп жатыр мезгілсіз.

*Кім біледі басқа жерде өмір сүрсе — өлмес пе?  
Булығамын, алған кезде қыршын кеткен ерді еске.  
О, ағайын, обырдан тек бес жылда кейінгі,  
Аулымнан он бір боздақ сапар шекті келмеске.*

*Жер қуарып, көл суалып, дала солып барады  
Мұңаяды жабығады табиғаттың ажары.  
Бейбіт күнде өлім құшты кеселінен сынақтың,  
О, ғаламат, зират бізде қала бөлып барады...»*

\* \* \*

1969 жылғы ақпан айының басында мен Қазақстан жазушылар одағының жолдамасы бойынша Мәскеуге, М. Горький атындағы Әдебиет институты ұйымдастырған екі айлық семинардың тыңдаушысы болуға кам жасадым. Сол сапарыма ерекше мән берген «Семей таңы» газетінің редакторының орынбасары Тұрсынғали Жұмагелдин ағай мені әуежайға өз машинасымен әкеліп, құрмет көрсетті. «Жұмыстан калып, неге сонша әуре болдыңыз?» — деген танданысыма жымыған Тұрсыекен: «Мұндай мәні зор іссапарға жылда бармайсың. Қазақстан жазушыларына берілген екі орынның біріне ие болып, үкімет қаражатымен кетіп барасың. Бұл да саған бұйырған несібе, Сәтбаев туралы мұрағат карамақ шаруанды тындырып қайт!..» — деген сынайда ақыл айтып, әлденеге бүгежектеді. Мен де тыныш тұрмай, «Жүзіңіз сынық. Бойыңызда кінәрат бар ма?» — деп едім, «Бір апта болды, сасық тымау босатпай жүр. Дәрігерге баруға уақыт жоқ...» — деп қолын сермеді...

Мен аттанып кеттім. Шығармашылық іссапарды аяқтауға таяған мезгіл еді, бір қауым жазушы Ленинградқа барып, «Россия» мейманханасынан тиген жайлы орынның рақатын көріп, атакты шәрдің мұражайларын аралап әрі осындағы Геолком мұрағаттарын ақтаруға қолым жеткен мазалы күндердің бірінде бөлмедегі телефон шырылдады. Трубканы көтерсем — Семейден екен, өзімді осы сапарға шығарып салған Тұрсынғали ағатайым опат болыпты. Небәрі 45 жаста, қыр елі басынан кешкен сұрапыл аштықтан да аман қалған, орта мектептің оқушысы кезінде кешегі қырғын соғысқа өз еркімен тіленіп барып, алдыңғы шепте жүріп, 1943 жылы жараланып, елге қайтып, ауылдық мектепте ұстаздық етіп, 1946 жылы ҚазМУ-ге түсіп, оны тәмамдаған соң газет жұмысында тұрақтаған зиялы туысым ойда жоқта дүниеден көшкен. Сол күні Мәскеуге ұшып, одан да екінші ұшаққа отырып, наурыздың 28-жаңасында Семейге жеттім. Келесі күні Тұрсыекенді қара жерге тапсырдық.

Сөйтсем, жанашыр туысымның мені осы сапарға шығарып салуы жай ізет емес, бейдауа дертке тап болғанын сезіп, қоштасқаны екен. Оның да бойын жайлаған дерт — семейліктер үшін жаппай қасірет болған аққан ауруы. Тұрсыекеннің артында төрт бала қалды. Үлкені Ерлан сол кезде небәрі он алты жаста, орта мектептің тоғызыншы сыныбында оқитын-ды. Раушан жеңгеміз одан кейін екі қызбала туып, төртінші перзенті Нұрлан сол кезде балалар бақ-

шасына баратын-ды. Тағдырдың жазуына шараң қанша? Бақытты, салауатты шаңырақ иесінің төтенше қазасы – оның отбасы кешкен ауыр кесепаттың алды болды: алты айдан соң Нұрлан Тұрсынғалиұлы да аққан дертінен опат болды; үстемелеп соққан қос қайғыны көтере алмаған жеңгеміз сал ауруына ұшырап, карағай ішіндегі қос қабірдің қасына үшінші өлік боп жайғасты; араға бірталай жыл салып, отау үй болып, екі бүлдіршін сүйіп, шаңырақ түтіні тұзу ұша бастаған кезде кездейсоқ апаттан Нұрланы да мерт болды (Тәубе дерлік жайт: Тұрсыекен мен Раушан жеңгейдің артында қалған перзенттері шаңырақ түзеп, қазірде үш үй болып түтін түтетіп отыр. Соны да біз «Орнында бар она-лар» – деген уәжге сайдык. Тек ұзағынан болғай!).

Жә, енді бақытты ғұмыр кешкен шаңырақты ортасына түсіре жаздаған қасіреттің неден өрбігенін айтайын: Тұрсыекен бала күнінен аңшылыққа үйір, әсіресе құс қайтарда қаз-үйрек атуға әуей жан еді; тамыз туды-ақ меншік «Победасын» сайлап, қырға аттанатын-ды; 1968 жылғы серуенге бозбала жастағы Нұрланын да ерткен; сол сапарда екеуі Дегелеңге ұрымтал қолаттағы бір көлшікке барып, палатка тігіп жатып, құс атқан. Әрине, атқан құстарын өздеріне азық еткен. Сол жердегі бұлақтың, иә көл суын асқа пайдаланған. Сірә, содан, әлде құс етінен радиация тозаңын екеуі де молдап қабылдап, іле-шала аққан дертіне ұшыраған...

Тұрсынғали Жұмагелдиннің отбасы тартқан қасірет бірлі-жарым емес, Ертіс жағасындағы күллі халықтың, әсіресе Абыралы, Шыңғыстау, Ақбастау, Ақшатау, Жорға және одан да арғы қыр жонын мекен еткен дала қазағы жаппай басынан кешкен тауқымет. Тек соның жауабын қазірде кімнен сұраймыз?..

Төлеген ҚОСШЫҒҰЛОВ, Көкшетау қаласының тұрғыны, «Катер аймағында сарбаз болдым», «Егемен Қазақстан», 25 тамыз 2012 ж.:

*«1970-1972 жылдары біз Семей полигонында әскери борышын атқарған жауынгерлер, оның қандай қатерлі аймақ екенін көзбен көріп, бастан кештік. Мен өзім сол жердегі Д-3, Д-2, 10-участок және «Балапан» аталатын сынақ алаңдарында болған кезімдегі дабыл қағылған сәттерді ешқашанда ұмытпаймын. Біреуін ғана айтайын: тұс ауған шақ, сағат үш шамасы еді, батальондар мен роталар Дегелең тауының теріскей сыртындағы бұйратқа жедел дабылмен шығарылды. Әскери жаттығудан әлі отпеген біздер жәппелдемде не болып жатқанын түсінбей сапта қақшиып тұрмыз. Осы сәтте бұрын-соңды қормеген күміс қанат кішкентай ұшақ көрінді. Ол жақын маңдағы төбешікке шүйлігіп, кенет тік көтеріліп шыр айнала бастады. Сол сәтте тісқақты жауынгерлер: «Қазір басталды, бас сауғалауға дайын тұрыңдар!» – десті.*

*Кенет табан астымыздан жантүршігерлік гуіл білініп, қайран жер әрлі-берлі теңселе бастады. Тау төбесіндегі тас атаулы бұрқ етіп, жан-жағына атылды. Командирлер мен кәнігі жауынгерлердің: «Ғалымдар да қателеседі, бұл жолғы жобадағыдан артығырақ болды!» деген үрейлі сөздерін құлағымыз шалды. Сол сәтте әлгі ұшақ төбемізден төніп, жыпылықтаған шамдарымен бізге беймәлім белгілер бере бастады. Сол-ақ екен біздің қасымызға презент жабылған автомобильдер*

қаздай тізіліп тұра қалды. Гейгер есептегішін асынған маман-дозиметристер кенет әрлі-берлі жүгірді. Әлден соң жағдай қалыпты дегенді естіп, әлгілер әнтек саябырлады.

...Сол жолы аман құтылғанымызбен сынақ аймағындағы екі жылғы қызмет мен үшін өмір бойы ұмытпайтын шерлі оқиғаларға ұласты. Дегелең атырабында өзіммен бірге болған Бұланды ауданындағы Купчановка ауылының тұрғыны Нұрлан Оспанов еліне қайтқан соң онкологиялық ауырудан қайтыс болды. Одан сәл бұрынырақта Николай Киринос пен Анатолий Фейге де көз жұмды. Ал, Ресейден, Балтық жағалауындағы республикалардан, Орта Азиядан келген әскери достарымның тағдыры нешік? Бұл турасында хабарым жоқ. Ал, әлгі азаматтардың отыз жасқа да жете алмай мерт болуы — Семей полигонында қызмет етуден өрбіген дерт.

Әлі күнге ресми жағдайымыздың айқындалмағаны қынжылтады. Сол жылдары біз ядролық сынақтардың ай сайын өткізілгеніне куәміз, аса қауіпті аймақта жүріп радиациямен әбден зақымдандық. Не себепті Ауғанстандағы ұрысқа қатысқан жауынгерлермен біздің құқығымыз теңестірілмейді? Әлгі боздақтар жап-жас кезінде не үшін опат болды?..».

Серікқазы ЕЛУБЕКҰЛЫНЫҢ коштасардағы жүрекжарды сөзінен:

«Медеу аға, өзіңіз де білесіз, әкем Елубек ескі коммунист, елге қадірлі, қанды, намысқой, ерекше пысық адам болды. Қаншама қандас туысына қамқорлық жасады, жеткіншек балаларының оқуына қол ұшын берді. Сізге де... Ол кісінің Дегелең атырабындағы Калинин атындағы колхозға бастық болғанын білетін шығарсыз? Ойын баласы болсам да сулы, нулы сол өңірдің жайсаң табиғатын мен де көргемін. Тау төскейінен жуа теріп, етегінен бүлдірген іздеген, қоян мен құр аулаған, тұмша суларына шомылып, кәусар бұлақтарынан мейірімді қандырған балаң күндерім қазір де есімде. Абыралы ауданы тарағанымен бірқанша тұрғындары туған жерінде қалды, солардың бірі — біздің әулет, ел қатарлы еңбек еттік. Әкей зейнетке шықты, мен үй болып, есепшілік жұмыс атқардым. Күндердің күнінде Абай аупарткомына шақырып, бірінші хатшы: «Елубеков жолдас, сізді Саржал совхозына ауылкеңес төрағасына ұсынамыз. Ел басқаратын орта жасқа келдіңіз. Партия сенімің ақтауға тиіссіз...» — деді. Мен қуана келістім. Ақбұлақтағы үйіме келіп, сол жаңалықты әкеме айтқанымда, ол кісі: «Әй, балам, аждаһаның аузына жақындап баратын болдық қой. Менімен неге ақылдаспадың?..» — деді. Мен айттым: «Саржалда үш мың кісі тұрады. Солардан жаным артық па? Не болса да екі-үш жыл еңбек етіп көремін...»

Бәрі де дәмнен, Алланың жазуы дейміз. Алайда, көкемнің сұңғыла ақылымен ойлап, қарадай шошығаны дәл шықты. Атом жарылысы жүріп жатқан аждаһаның іргесіне барғанымыз біздің отбасы үшін ақырында қатерге айналды. Ең алдымен әкем қылтамақ болып, жетпіс жасынан аса бере опат болды. Халі нашарлағанда маған: «Секіжан, балаларымның бас көтерері едің, сенің амандығың әулетіме керегірек. Мына жерден ретін тауып, тезірек кет...» — деп қиыла ескерту жасады. Мен уәде бердім. Шынында да сөйттім. Семей қаласына көштім. Бірақ, кеші-

*гіппін. Саржалда қызмет еткен жылдарым текке өтпеді. Полигон дерті мені де шалды. Міне, аты қатерлі ауруханада демім үзілер күндерді саусақпен санап жатырмын. Соңғы екі-үш жылда осы аурудан неше түрлі азап тарттым. Тек осы дерттен жарым мен балаларым аман болса екен? Мен жасасаған жылдарды солар көрсе екен деген тілектен өзге ой-арманым жоқ. Сіз де, аға, аман болыңыз!..»*

\* \* \*

Мұң мен шерге толы осы жазбалар жүздеген, мындаған шерменделердің жүрегін сыздатқан жан қайғысы. Жә, сонда сол байғұстардың хал-күйін көребіле жүрін, қолынан келгенше көмек жасап, тұрмыс ахуалын оңдауға міндетті облыс пен қала басшылары не істеген, төзгісіз жағдаятты біліп отырып, соны жеңілдетуге нендей қаракет жасаған?

Алматыдан жіберілген Сәлкен Дәуленов адуын Сужиковтың жаз бойы тыным көрмей қамдаған шаруасын иеленді де, ауылшаруашылығы өнімдерін мемлекетке өткізудің жылдық жоспарын төртінші тоқсанда орындалуына мұрындық болған. Бұл енді жоғары жақта ескерілетін игі іс. Жә, Семейде болған тоғыз айда ол қандай игі ісімен, пәрменді әрекетімен танылған? Осы сұрауды мен облыстың орта буындағы партия ардагерлерінен сұрағанымда, кейбірі: «Дәуленов дейсің бе, сол шіркіннің есімі кім еді?..» — деп бастарын шайқады. «Нақты әрекетке икемі жоқ, мақтау сүйетін можантопай функционер. Мысал келтір десен, бір ісін айтайын. — деді бірде Тұрсынбек Серкешов ағай. — Сужиков байғұс тыным көрмей жүріп, Ертіс өңіріндегі халықтың денсаулығын оңдауға бағытталған КСРО үкіметінің құпия қарарына қол жеткізген еді. Дәуленов бізді сол сыбағадан келген бетінде-ақ айырды. Ол шіркін ел қамын ойлаған қайраткер болса, жоғарыдағы әкімдерге: «Әскери полигон ешқайда көшкен жоқ, ядролық сынақтар да бұрынғыдай жалғасуда. Семейліктерге тиесілі көмектен сірәда айырмандар!..» — дегені жөн еді, амал қанша, бірінші хатшы бұл турасында жұмған аузын ашпады. Осыдан-ақ Дәуленовтің қайраткерлігін қатесіз шамалауға болады...»

1961 жылдың жазында ол Қазақ КСР Министрлер кеңесіне төрағалыққа тағайындалып, Алматыға аттанды. Семейліктер үшін бұл масаттанудан гөрі таңырқауымыз ерекше әрі тосын оқиға болды. Шынында да небәрі біржарым жылдан соң Сәлкен Дәуленұлы биік мансаптан жарға құлады. «Сымсыз телефонның» ақпарына қарағанда Н.С.Хрущевпен Өзбекстанда болған кездесу кезінде ол саркідір тартқан кекселігін «ұмытып», ащы суды баса ішіп, буынын ұстай алмай, арықтағы суға жалп еткен. Бұл енді күллі қазақ қауымын жерге түкірткен жиренішті оқиға. Осы турасында кім-кім, Дәуленовті биік мансапқа ұсынушы Д.А. Қонаев «Өтті дәурен осылай» кітабының 232-бетінде: «Жасыратыны жоқ, биік мансапты жігіттің жігіті көтереді. Баққа да бап керек. Тәубе керек. Сәлкен соны көтере алмады. Лайықсыз мінездер көрсеткені үшін Орталық Комитеттің бюросы оны орнынан алды...» — деп өзіне серік етпек болған можантопай замандасын жадынан біржолата сызғанын өкінішпен мойындаған...

1961 жылдың жазында Семей облысының бірінші басшысы 1940 жылдан бергі 12 жылда тоғызыншы мәрте өзгерді. Осынау қисапсыз көп ауыстыруларды Компартияның қарауындағы ел қамын ойлауынан өрбіген кеменгерлігі деуге бола ма? Әлде өлмесен өме қаптың амалы дейміз бе? .

Семей облысын басқаруға 1962 жылдың көктемінде М.П. Карпенко сайланды.

Михаил Пантелеевич Қазақстанға тың көтеру дүрмегімен Мәскеуден келген. Сол қарсаңда жасы 53-те. Иркут облысының Ольхон ауданындағы украин отбасында туған, сегіз жасында екінші дәрежелі мектепте барып, облыс орталығындағы ауылшаруашылық техникумына 1924 жылы түсіп, агроном мамандығын игеріп (1948-52 жылдарда Омбы ауылшаруашылығы институтында сырттай оқыған), Шығыс Сібірдің бірнеше шаруашылықтарында агроном болып, соңынан МТС директоры, аудандық, облыстық, өлкелік басқармаларының бас маманы міндетін сатылап атқарған. Отыз жастың өріне көтерілгенде Краснояр өлкесінің Минусин тұқым сынау стансасында, 1943 жылдан беріде астық кеңшарында директор, 1948-1956 жылдарда Краснояр өлкесінің атқару комитетінің төрағасының орынбасары болған. 1957 жылы КСРО Ауылшаруашылығы министрінің орынбасары қызметіне шақырылған...

Михаил Пантелеевичтің өзінің айтуынша, одақтық министрлікте құздыып отырып, жер-жерден түскен деректерді екшеп, өйт-бөйт деп нұсқау түсіруге төзімі бір-ақ жылға жеткен-мыс. Өйткені, егістік танабынан әрбір қадақ бидайдың қандай еңбекпен алына-тынын біледі. Қысқасы, КПСС Орталық комитетіне барып, кәнігі агроном екенін, егіс алқабында еңбек етуге құштарлығын өзі мәлімдеген.

Н.Е. Морозов ғұмырнама кітабында сол оқиғаны сайқымазақ әжуамен сипаттапты: «Михаил Пантелеевич бірде өзі істейтін зәулім ғимараттың дәлізінде Ауылшаруашылығы наркомы А.И. Бенедиктовпен бетпе-бет ұшырасып қалады. «О, сібірлік! Кездескеніме қуаныштымын! Үй-ішін аман ба? Қай салада жүрсін?» – депті қартамыш министр. «Бәз-баяғы ауылшаруашылығы саласындамын». «Солай ма, кім болып істейсің?» «Өзіңіздің қармағыңызда, жолдас нарком». «Пәлі, рас па, кім болып?» «Өзіңізге орынбасармын». «Охо, тіпті жақсы!..» – деп Алексей Иванович қолын сарт-сұрт соғады. Министрде сол кезде 16 орынбасар болған, жады әбден тозған министр соларды күн сайын көрсе де бірінен бірін ажырата алмаған...».

Әлкисса содан қағазбасты шенеунік болудан жеріген орынбасардың өтініші ескеріліп, астық тапсырушы ірі регион саналған Қостанай обкомының екінші секретары қызметіне аттандырылған. Бұл облыстың о күндегі бірінші хатшысы И.П.Храмков. Ол болса Кавказ регионындағы жөнөң қала Пятигорскіде хатшы болған кезінде өткен ғасырда өмір сүрген Шәміл имамның «ағылшын империалистерінің агенті» екендігін «әшкерелеу» науқанында белсенді іс-әрекетімен көзге түскен, 1948 жылы Қазақстанға жіберіліп, Орталық Комитеттің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі міндетін жандарм пиғылымен белсене атқарып, Кенесары Қасымов бастаған 1837-47 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының халықтық мәнін теріске айналдырып, «реакционерлік сипатқа» теліген жөткірлігі үшін Ленин орденімен марапатталып, қызметі де шырқау биікке көтерілген әпербақан хәм істен гөрі жалаң сөзге үйір идеолог «қайраткер». Ал, М.П. Карпенко сылдыр сөзден гөрі, «Нан болса ән де болады» дейтін түйсікке бейім адам. Ал, өзімбілемі күштірек Иван Петрович болса: «Облыстың бірінші секретары әзірше мен...» – деп үстелді тықылдатушы. Михаил Пантелеевичтің төзімі бір-ақ жылға жеткен-мыс, республика басшыларына келіп, бидайды сұлымен шатастыратын функционермен тізе қосып істесе алмайтынын мәлімдеген...

Қазақстан үкіметі оған Астық дайындау министрі міндетін жүктейді. Михаил Пантелеевич бұл жұмысты 1958-62 жылдары Семей облысына ауысқанша атқарған (Ал, әпербақан машығына сөзуарлығы қосылған И. Храмков 1959 жылғы бітік шыққан моластықты қамбаға жеткізуді ұйымдастыра алмай, қар астында шіріткені үшін Н.С. Хрущевтің қаһарына ілігіп, басшылық қызметтен біржола тайдырылған).

Мұрағат ақтару тегінде қызығы мен шыжығы бірдей қаракет. Бірді-екілі адамдар ғана біліп, көпшілік назарынан тысқары қалған неше түрлі құжаттарды оқып, мән-жайын зердене тоқудың өзіндік үлгісі де ерекше мол. Соларға үніле отырып, ел тарихының астары мол сырын танысын. Сондай ақпарлардың бірі – төмендегі ресми хат.

#### ИНФОРМАЦИЯ

Первому секретарю ЦК КП Казахстана Д.А.Кунаеву  
о радиоактивном засорении на испытательном полигоне атомного оружия

На испытательном полигоне атомного оружия в настоящее время происходит серийные испытания, они продлятся, как планируется вплоть до ноября месяца. С началом испытаний повысилось радиоактивное засорение территории Бескарагайского, Абайского, Новопокровского, Шарского районов и г. Семипалатинска. Планировавшийся 7 августа с. г. взрыв на высоте 300–350 м. в силу неисправности в изделии оказался приземным, в результате огромные массы пылевых частиц земли были подняты в атмосферу. В силу изменения направления ветра облако пыли дало радиоактивные осадки в г. Семипалатинске, Бескарагайском, Новопокровском и Шарском районах.

В первые дни радиоактивное засорение было значительным. Например, в пробах зерна, взятых в Новопокровском, Бескарагайском и Шарском районах, сразу же после выпадения осадков обнаружено превышение в 10–60 раз норм радиоактивного загрязнения, установленных Министерством здравоохранения для зерна. В настоящее время радиоактивное засорение значительно снизилось. В область была направлена комиссия Министерства здравоохранения под руководством тт. Правицкого и Москалева.

15 августа с.г. командир в/ч 52605 генерал-лейтенант Гуреев, представитель 12-го Главного управления Министерства Обороны генерал-майор Воскобойников, тт. Правицкий и Москалев были в обкоме партии, и мы с ними подробно обсудили какие должны быть приняты меры. Они заявили, что значительная радиоактивная засоренность имеет место, как они подчеркнули, она в пределах нормы облучения для населения контролируемых районов, т.е. для районов особой санитарной зоны к которым они относят и г. Семипалатинск и близкие районы. Они высказали пожелание, чтобы продовольственное зерно, заготовленное в Бескарагайском, Новопокровском и Шарском р-ах не отгружались за пределы СССР, и подчеркнули желательность вывоза этого зерна за пределы области с тем, чтобы снизить общее радиоактивное засорение. Было высказано пожелание, чтобы г. Семипалатинск и прилегающие к полигону районы области были в официальном порядке отнесены к контролируемым районам санитарной зоны. Последнее предложение считаем правильным, так как длительные испытания вблизи г. Семипалатинска и указанных районов сами по себе даже в благоприятных условиях погоды ведут к повышению радиоактивности,

а если принять во внимание случаи 7 августа, когда и технические, да и метрологические условия сложились в обратном направлении, чем рассчитывалось, возможно, повторение таких крайне нежелательных явлений. Население города и районов не только знает, но многие даже видят и ощущают все внешние проявления, связанные с испытаниями.

Мы считаем необходимым решить, в связи с этим, следующие вопросы:

1. Поставить в г. Семипалатинск хотя бы в несколько лучшие условия при планировании жилищного строительства, о чем Вам было доложено в специальной записке.
2. Поставить г. Семипалатинск и районы области хотя бы в несколько лучшие условия снабжения мясом, молоком, маслом, овощами и фруктами. Теперь возникает вопрос и об увеличении фондов на хлеб в связи с необходимостью увеличить торговлю хлебом в сельской местности в связи с неурожаем.

В настоящее время специальная медицинская служба ведет усиленное диспансерское наблюдение за населением города и указанных районов.

Секретарь Семипалатинского обкома КП Казахстана  
22 августа 1962 г. Семипалатинск

М. Карпенко

Жергілікті мұрағатта облыс орталығын және үш ауданның зақымданған аймағын радиоактивті заттардан тазартқаны жөнінде: «Сондай залал болды, біз соны анықтадық» деген ақпар бар, ал бүлінген жерді кім тазартады немесе егіс алқабында жұмыс істеген механизаторларды, сол манаттағы казак ауылдары мен орыс селоларының ежелгі тұрғындарының денсаулығын тексеріп, жағдайды оналтуға қандай шаралар жасалғаны жайында ештеңе айтылмаған. Оның есесіне сол залалға жауапты әскерилер, соны тексеруге шақырылған КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері болған оқиғаны ресми тіркеп, сонынан уақытша залал деп бүркемелеген. Ең ғажабы, сол шенеуніктер 60 есе көбейген радиация залалын қалыпты деп, сол деректі жылдық мөлшерге аударып, бәз-баяғы сөзбұйдаға айналдырған. Анығында бұл – ядролық полигонда 1962 жылы жасалған 38 (!) жарылыстың Семей обкомына мәлім болған біреуі ғана. Яғни тамыздың екінші жартысында жарылған «бұйымның» біреуі, әлде бірнешеуі жобаланған қуаттан асып түсіп, 100-150 шақырымға дейінгі аудандар территориясын, оған қоса 300 мыңнан аса тұрғыны бар Семей тұрғындарын радиация тозаңымен аста-төк зақымдағаны әскерилерді сірәда ойландырмаған. Жоғары жақтан келген өкілдер зақымданған елді мекендерге атөтті соғып, көзтүрткі жасап, бірер апта шұғылданудан соң «радиациялық ахуал көнтерімді» деген жалған тұжырыммен акті жасап, Мәскеуге тайып берген. Әлбетте ізінше дағдылы дүмпулер қайтадан жалғасқан...

*Семей облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Ф.Ж. Әбдіқалықованың  
М.П. Карпенкоға жолдаған хатынан үзінді*

«...1965 жылғы 16 қаңтарда біздің бөлім жасақтаған радиологиялық отряд гамма-фон мен кезекті жарылыстан түзілген радиоактивті заттардың мөлшері қалыпты деңгейден ерекше күшейгенін анықтады: мысалы, Семейдегі Павлов көшесі мен Комсомол даңғылы



аралығындағы орамда (қаланың облыс әкімшілігі орналасқан кіндік тұсы - М.С.) ертеңгілік сағат 10.30-да радиациялық фон кенеттен 1250 мкР/сағ.-қа көтерілді (қалыпты саналатын деңгей 10-12 мкР/сағ.).

Одан әрі гамма-фон мынадай мөлшерде болды:

16 қаңтар, сағат 11.30 - 11.50, 12.45-те - 1050, 14.30-да - 1000 мкР/сағ.

17 қаңтар, сағат 9.30-да - 500 мкР/сағ.

18 қаңтар, сағат 9.30-да - 200 мкР/сағ.

21 қаңтар, 100 мкР/сағ.

19 қаңтарда біздің мамандар Семейден Абай ауданына қарай жүріп, 60 шақырым жердегі Знаменка селосындағы гамма-фонды 11.30 сағатта өлшегенде 800 мкР/сағ. екенін анықтады. Шербаковка елді мекенінде (қазіргі Қыземшек ауылы, Семейден 50 км. - М. С.) радиация фоны 3000 мкР/сағ. жеткен. Одан арғы 30 км. жердегі облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қосалқы шаруашылығындағы гамма-фон түс мезілінде едәуір төмендеген. Алайда, сол қыстақпен іргелес Сарапан бөлімшесінде (Новопокровка ауданына қарайтын шаруашылықтың қыстағы, полигон территориясына ең ұрымтал мекен - М. С) 14.00 сағатта үш жерден тексеру 25.000-30.000 мкР/сағ. көрсеткен. Сарапан мен Знаменка аралығындағы даңғыл жолдың бойын 14.30-да тексеруде әрбір біржарым шақырымға дейін 50.000 мкР/сағ. болса, келесі 2,5 шақырымда гамма-фон 60.000 мкР/сағ. көтерілген. Семейге қарай тағы да 3,5 шақырым жүргендегі көрсеткіш - 30.000, 4,5 км.-ден соң 16.000, 5,5 км.-де 5.000 мкР/сағ. болған. Знаменка елді мекенінің орталық көшесі (сол күнде осы мекенде 3 мыңдай халық тұратын-ды, орта мектептегі оқушыларының саны 400-ден астам - М. С.) бойынан үш жерде гамма-фон - 3.200, 3.200 және 3.400 мкР/сағ. көрсетті.

Уақытша көшірілген село тұрғындары 19 қаңтарда өз мекендеріне қайтарылған. Біздің мамандардың тексеруі де осы мезгілде жүргізілді. Нәтижесінде Сарапан тұрғындары гамма-фоны өте жоғары деңгейге көтерілген аса қатерлі мекенге түсініксіз себеппен асығыс қайтарылған...

Біздің мамандардың радиоактивті заттардың қанша аймақты зақымдағанын нақты анықтауға шама-шарқы жетпеді. Сол себепті ең қатерлі елді мекендерді ғана тексерді. Сөйтсе де тексеруді аз күшпен тәулік бойы жалғастырды.

Күмәнсіз анықталған тексеруден соң төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет деп білемін:

1. Сарапан елді мекеніндегі пішенмен малды қоректендіруге мүлдем тиым салу;
2. Сол аймақтағы мал сүті мен етін тамаққа пайдалануға әзірше болмайды...>

1965 жылғы 21 қаңтар, Семей

*Семей ет комбинатының № 2 құтыханасының меңгерушісі Г. Иорктың  
Семей облыстық партия комитетіне 1965 жылғы 8 ақпанда жолдаған  
анықтамасынан У З І Н Д І*

<Облыстың елді мекендеріне 22 қаңтарда тараған радиоактивті иодтың I31-ізотопының мал сүтіне таралуын анықтау үшін біз 23-28 қаңтарда Семей қаласына 15-60 км.

ұрымтал бірнеше елді мекеннен І9 литр сүт және бір кг.-нан ірімшік үлгісін алып, мұқият тексеру жүргіздік (үлгілер «Приречный» кеңшарынан, Семейдегі сүт комбинатынан; «Социалистік» шаруашылығынан, «Казправда» атындағы колхоз және Знаменка елді мекенінен алынды); иодтың І3І-изотопының қалыпты жағдайдан 6-7 еседей көптігі 6-шы және І7-үлгіде кездесті, екі үлгіде «Приречный» кеңшары мен Сарапан участогында сауылған сиыр сүтінен алынды. Өзге үлгілердің дерегін қалыпты деуге болады...

АҢДАТПА: Сынақтан кейінгі алғашқы тәулікте иодтың мөлшері І3-І4 есе артық болса, келесі күндерде қауіпті изотоп күрт кеміді. Құтыхана мамандары Сарапан ауылы мен «Приречный» кеңшарының тұрғындарын екі апта бойы дәрігерлік бақылауда ұстау қажет деп біледі!..».

ЕСКЕРТУ: «Противостояние» жинағының 34-37 беттерінде КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің Семейдегі № 4 диспансерінің бас дәрігері С.Макерованың осы екі ақпарға ғылыми-медициналық түсіндірмесі берілген (Түсіндірмені талап етуші – М.П. Карпенко). Радиация тозандарының адам денсаулығына әсерін қадағалаушы кәсіби маманның болжауынша, әрбір жарылыстан кейінгі үш сағатта радиациялық фон ерекше жоғары болып, төртінші сағатта ғана 135 мР деңгейге төмендегенін бақылаған. Мысалы, диспансер мамандары 15-30 қаңтар аралығындағы радиациялық фонды тәулік бойы бақылап, ешқандай ауытқу болмағанына ресми хаттама жасаған. Қауіпті фон Сарапан елді мекенінде анықталған сәтте-ақ ауыл тұрғындары түп-түгел Знаменка селосына көшіріліп, жағдай түзелгенше сол жерде ұсталғанын баса ескертіпті (Сарапандағы қатерді анықтаушы – диспансер мамандары емес, облыстық денсаулық бөлімі жасақтаған радиолог зерттеушілер сынақтан соңғы 98 сағат бойы тексеру жүргізіп, лабыл көтергенше сол ауылдың адамдары үйлерінде жайбаракат отырған). Сол жайтты С.Макурова мүлдем басқаша түсіндіріп, әскери медиктердің сарапандықтарды құтқару шарасының кешігуін ақтаған ұзақ сонар дәйектеме жазған. Демек, 4-диспансер Семейде ірге тепкен күннен беріде қолданған дағдылы өтірігін нешінші рет қайталаған...

Ал, денсаулық сақтау бөлімінің қайрат-қажыры мығым, ұлттық намыс-жігері де ерекше жоғары меңгерушісі Фарида Жағыпарқызы Әбдіқалыкова жергілікті халықтың денсаулығын әскери полигонның кезекті бопсасына құрбан етіп, дәрігерлік парызын тәрк еткен маманды қатаң жазалауды талап етіп, айтарлықтай шу көтерген. Сол талапты М.П. Карпенко да қолдап, даулы мәселені қайыра тексертіп, нәтижесінде диспансер жетекшісі бас дәрігер міндетінен босатылған. Сөйтіп, осы шара полигон мамандарының бұрынғы өктемдігіне аз-кем шектеу қойған. Тәубе делік! (Ескерту парыз: денсаулық бөлімінен кейін облыстық аурухананың бас дәрігері міндетін он жылдай уақыт мүлтіксіз атқарған Ф.Ж. Әбдіқалыкова елу бес жасында әлдебір шенеуніктердің қиянатынан зейнетке аттандырылды. Сол жылы ол Павлодарға көшіп барып, 1983 жылы полигон дертінен опат болды).

Жоғарыда келтірілген сирек деректер – М.П. Карпенконың бұрынды-соңғылы кейбір әріптестері құсап кабинетінде шіреніп отырмағанына айқын дәлел. Михаил Пантелеевич жаратылысында мазасыз мінезге ие, көкейіндегі сөзді кімге болсын тура айтатын, өзі жөн көрген істен сірәда айнымайтын бірбеткей қайраткер еді. Ертіс жағасын емін-еркін иеленген әскери көршілердің ойына келгенін істеуіне ол кісі ә дегенде төзген жоқ, жергілікті халықтың тірлік-тынысын тарылтқан, алдағы өмірін де өксіткен қиянатқа шамасы келгенше қарсылық білдірген. Өзіне мәлім болған жайттарды дереу тексертіп, тиісті шаралар қолданып, жер мен ел жарасын қайткен күнде жеңілдетуге тырысқан. Тек көңілі көншігендей етіп тындыра алмады. Амал не, сол әрекетіне республика басшылары тарапынан тиісті қолдау көрмей, жергілікті халық мұңын жоқтаған батыл талабы әрдайым тасқа шағылған. Неге?..



*Михаил Пантелеевич  
Карпенко*

Д.А. Қонаев көлемі 100 баспа табак, қазақша және орыс тілдерінде қосаметкей жарияланған, республика өмірінің әр саласын кеңінен қамтыған, Қазақ елінің 1940-1986 жылдардағы тарихи шежіресі дерлік, рухани әсері мен тағылымы мол эссе түрінде баяндалған естелік туындыларында Семей полигоны туралы бір ауыз ақпар жазбаған. Қазақтың кең байтақ даласында әлемге әйгілі ядролық полигон болды деп те кәперіне алмайды. Түсініксіз ұмытшақтық? Шынында да ширек ғасыр бойы алып республиканың бірегей билеушісі болған, КСРО үкіметі тарапынан құрмет пен мадақты шектеусіз иеленген, Саяси бюро мүшесі болып та мәртебесі өскен қайраткер тұлғаның осы мәселедегі бейтараптығы биік бойына, азаматтық арына үйлеспейтін ұмытшақтық емес, тек қана қарақан басын ойлаған қорғаншақтық салдары демеске шарамыз жоқ. Иә, өзекті өртеген, Ертіс бойындағы үш облыс және Қарағанды өңірінен де үлкен екі ауданның жерін ондырмай шалған, орасан кең аймақтағы халықты қырық екі жыл бойы зар еңіреткен қасіретті Дінмұхамед Ахметұлы жаны ауыра ойлап, неге наразылық білдірмеген?

Ал, қаны да, ділі де бөлек М.П. Карпенконың Семей облысына келе сала, яғни 1962-65 жылдардағы жанайқайын біз азаматтық һәм партиялық ожданына сыймаған көкірек бұлқынысы деп, одан кейінгі үнсіздігін хал-ахуалды түсінген дәрменсіздігіне саямыз. Ақтамаймыз, сол істе бірдеме жасауға құлшынысы жетпеді дейміз. Ал, өз ортамыздан шыққан тума перзентіміздің осы мәселедегі осалдығына, Михаил Пантелеевич Семейден үстемелеп жолдаған ресми хаттарына тиісті демеу жасамауына айтар өкініштен өзге уәж жоқ! Ең ғажабы, ол кісі осы облысты он жыл ұдайы басқарған қайраткер туралы жоғарыда аталған төрт кітабында ешқандай лебіз айтпаған. Тіпті ерекше мазасыз жан еді деп те. Ал, сол естеліктерде жүздеген партия, кеңес қызметкерлеріне әр алуан сипаттамалар аста-төк лебіздер айтылған. Сірә, бұл әншейінгі «ұмытшақтық» емес...

Н.Е. МОРОЗОВ, «Өткенге көзқарас» кітабынан үзінді (102-бет):

*«Семей партия ұйымына Карпенко ми қайнайтқан қапырықта аңызға жел соққандай тың екпін әкелді. Ұйымды есеңгіреткен ауыр жағдайды дөп басып, қожыраған экономиканы нығайтуға жанталаса кірісті. Әділдік үшін арыстанша алысып, өзінше мардамсығандарды тәубеге келтірді. Түймедей кемшілікті түйедей етіп қасақана зорайтып, кейбіреулерді аяусыз жазалады. Хатшының айбыны бет қаратпайтын күшті еді, оны ойлаған ісінен айныту, иә тежеу оңай емес-ті. Кейбір қылықтары жан шошытқандай дәрекілікпен астасқан оқиғалар да болды. Облаткомның төрағасымен бейжайлығы үшін шайқасты, облыстық мекемелердің керенау бастықтарын бюро үстінде бүйідей бүретін еді. (...) Республикалық жиындарда кейбір министрлерді ділгер шаруаны сүйреткіге салған қылықтарын атап, орнынан тұрмастай етіп сойып салатын-ды. Орталық Комитеттің бір пленумында Қонаевқа да «жершілсің, рушылдық пиғылдан осы уақытқа дейін арылмай жүрсің...» деп шүйлікті. Министрлер кеңесі төрағасының бірінші орынбасары И.Г. Слажнев қандай мәселені болсын «әуелі провентилировать етейік» дейтін мәтел сөзді жиі айтатын-ды, біздің әйдік хатшы оған да: «Слажнев жолдас, үкімет басшысысыз ма, әлде жел үрлегіш вентиляторсыз ба, мен сіздің нені айтып тұрғаныңызды ешқашанда түсінген емеспін...» — деп бір пленумда тұқырта сөйлеп, мәселені сағызша созатын сорақы әдетін сылқита соқты. Министрлер кеңесінің төрағасы Дәуленовке де: «Сен өзі кімсің, бесбармақты әскездеп таратуға шеберсің. Ал, республиканы басқару — қойдың басын жәукемдеу емес...» — деп тыңдаушы жұртты разы еткен ащы мысқылына қолдау корсетіп, қол соққамыз».*

Естелік иесі Михаил Пантелеевичтің жеке басының кемшілігін тектен-текке тізіп отырған жоқ және соны Д.А. Қонаев бірінші хатшылыққа ұсынарда өзінің есіне салып, қиянқылық пен әсіре дәрекілікке үйір болмауын баса ескерткенін тәптіштеп жазады. Демек, Карпенкоға айтылған мін — менің пікірім емес, республиканың бірінші басшысының ойы дегенге саяды. Кім айтса да осы сын, біздінше, Семей облысының басшысына айтылған дәрекі тұжырым. Шындығында Михаил Пантелеевич, Н.Е. Морозов көп жылдан кейін әрі ол өмірден озған соң іске алғысыз еткендей, не істеп, не қойғанын аңдамайтын дәндүріс қайраткер емес-ті. Дәрекілікті де ол өзін күйзелткен істі тезірек түзету үшін жасаған. Яғни қауымдық іске жаны ауырған адамның әрекеті. Бір тәуірі, онымен істес болған семейліктердің айтуынша, қайтымы тез болған. Бақырға түскен бидайша қуырып тұрғанда — үндеме, қарсы келме, қателескенінді мойында. Ең бастысы, Карпенко нақты іспен шұғылдан-ды, жел сөзге жаны қас әрі өз дегенін орындата білетін қайраткер-ді. Көпшілікке ұнамды қылығы — алды ашық, уәдеге бекем және бас пайдасын ойламайтын, қауым мүддесіне адал жан еді.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдарын орыс тарихшылары бертінде «Тоқырау жылдары» деп атады. Қисынды ғана емес, шынайы ахуалды айна қатесіз бейнелеген атау. Сол құлдырауға Н.С. Хрушев қана емес, шексіз мақтау сүйетін Л.И. Брежнев көбірек кінәлі. Әлбетте сорақы құлдырауға біз 1953 жылдардан беріде және біртіндеп тап болдық. Сөйтуімізге

Компартия жарғысында жазылған «сын және өзара сын» үрдісінен бас тартып, әсіресе іс басындағы басшылардың жиренішті қылығын, жұмысты ақсатқан олқылығын бетіне айтатын әшкере сыннан бас тарту – қауымды ғана емес, партия кадрларын да рухани азуға құлдилағты. Сайып келгенде сол әдет лауазымы іріге жарамсақтық жасап, жалпақшешейлікпен алмасты. Осы ақиқатты бекер десеңіз, қымбатты оқырман, сол жылдардағы газет тікпелерін қараңыз! Хрушев немесе Брежнев республика орталықтарына келгенде төрде отырған Бас секретарьды баяндамашы да, сөйлеушілер де кем дегенде ондаған мәрте атап, төбеге көтеріп, «Сіздің кеменгер басшылығыңыз арқасында осындай шат-шадыман тұрмысқа кенеліп, тарихи жеңіске жеттік...» – десіп, әрбір сөйлеуші өзара жарыс жасайды. Маскаралығы бетке ұрып тұрған сол даңғазаны әдетте республиканың бірінші басшысы бастайды. Баяндаманың бас-аяғында ғана емес, орта тұсында «лениншіл көсемге» ризалық білдіріп, ду кол шапалақтауды залдың әр жерінде шашырап отырған Орталық Комитеттің «Ләппай, таксыршыл» нұсқаушылары, бөлім мен сектор бастықтары (әлбетте сөйтуге арнайы тапсырма алғандар) бастап, дүйім жұрт олардың жағымпаздық ынтасын дүрліге қостап, үнемі дуылдатып отырады (Бірде мен кітапхана залында дерек қарап отырып, Л.И.Брежневтің Алматыға келген сапарында баяндама жасаушы Д.А. Қонаевтың және басқалардың сөздерінде Леонид Ильичтің есімін бір жиында 150 рет қайталағанын санадым; оғаштығы көзге ұрып тұрған сол рәсімге бірақ бекер шүйлігіппін; Ташкенттегі жиында Шараф Рашидов біздің жарамсақтарды көш кейін қалдырып, тірі Ильичтің есімін 165 мәрте атапты. Жә, содан Кеңес халқы қандай жақсылық көрді, қандай игі іске шаш етекпен кенелді? Жібі түзу киімді мен бала-шағама Мәскеуден тасыдым. Тамақ дүкендерінің сөрелері етке, шұжыққа, майға, тағамға толып тұрды ма? Қазірде дүкен сөрелерінде самсап тұрған үнді шайын, қандала исі мүңкіген кеңестік конъяқты да қойма бастықтарынан жалынып-жалпайып сұраумен күн кештік. Жиырмасыншы ғасырдың кереметтері – сапалы теледидар, магнитофон, тағы сондай мәдени, рухани ділгер мүліктерді шетелден тасыдық... Бұл енді Қазақстан ғана емес, күллі Кеңес халқы басынан кешкен сорақы жағдаят. Семейліктер болса радиация күлінің астында отырып, тағам алуда бірінші қайда, екінші категорияға да жете алмай, базар сөресіне телмірумен қалт-құлт жағдайда өмір сүрді...

Күллі одаққа жұқпалы індеттей тараған сол бір сөлекет рәсімді М.П. Карпенко қолдаған жоқ. Қарауындағы қызметкерлерге ғана емес, лауазымы өзінен жоғары билік иелеріне де көкейіндегі сөзді бетіне айтатын, кемшілігін сылқита сынайтын турашыл қалпынан айнымады.

Михаил Пантелеевичтің мәдениет пен әдебиет қайраткерлеріне көзқарасы да оңды болды. Сол кезде қалыптасқан рәсімге бой ұрып, әрбір мәдени, әдеби қайраткер партияның қолғанаты, халықпен байланысты нығайтатын көмекшісі дегендей пиғылмен қарады. Сондай игі шаралардың бірі – Мұхтар Әуезовтің туғанына жетпіс жылдығын жазушының дабыра атағына сай биік деңгейде өткізуге біз дайындаған ұсынысты мақұлдап, бүкіл халықтық мереке етуге бірінші секретарьдың мұрындық болғаны – Семей жұртшылығына мәлім. Ал, уақыт ұлыорыстық шовинизмнің жер-жерде қайыра өрістеген кезі. Сондықтан да облаткомның төрағасы Мұзафар Дайыров алды-артына қарағыш сақтықпен ойланайық, байқайық... деп отырғанда, Михаил Пантелеевич бәз-баяғы адуын қалпымен Семей әдебиетшілері ұсынған игі шараларды қызу қолдап, қолма-қол жүзеге асуына қолғабыс етті. Атап айтқанда, Семейде

патша заманында ашылған, күллі Ертіс бойында орта деңгейде білім беретін оқытушылар семинариясы негізінде қайта құрылған Педагогикалық училище 1967 жылы М.О. Әуезов атына ие болып, оқу ғимаратының кең ауласына суреткердің кеудемүсіні қойылды (жазушының өзі де осы оқу орнын тәмамдаған). Қалбаның күншығыс қолатында тыннан салынған алтын өндірушілердің жаңа мекені Бақыршық Әуезов кенті атанды. Сол жылдан бастап суреткердің ата қыстауы да іргетасынан қайта салынып, бертінде мемориальды мұражайға айналды. Шындығында бұл ойдың қаузауы мен жүзеге асуы – обкомның екінші секретары Екейбай Қашағановтың ынтасымен басталған-ды. Ал, Карпенко осы игіліктің іле-шала ірге көтеруіне айтарлықтай үлес қосты. Мұхтар Омарханұлының сол жылы желтоқсан айында салтанатпен өткен, Мәскеу мен Одақтас республикалардан және Алматыдан үлкен топ болып келген жазушыларды өзі бастап барып, Семей мен Қарауылда өткен мерекелік жиындарға бастан-аяқ қатысты. Ескерту парыз: мұндай игі салтанат оған дейін біздің облыста болмаған.

М.П. Карпенко облыс билігіне ие болған кезде біздегі медициналық қызметтің ахуалы көтерем халде болатын. Рас, дәрігерлер қарама олық емес. Өйткені, осы қаладағы Медицина институтының ірге тепкеніне он жылдан асқан, кәсіби дайындықтан өткен дәрігерлер де жеткілікті. Токетерін айтқанда, 1970 жылдарда Семейдің қарағай орманымен шектескен теріскей шетінен, тын алаңқайда облыстық аурухана қалашығының құрылысы басталды. Ол болса бірлі-жарым емес, әрқайсысы үш-төрт қабаттан тұратын, бір-бірімен жылы дәліз немесе жерасты жолымен жалғасқан, жалпы қарама 500 кереуеті бар үлкен емхана әрі аурухана болмақ. Әр ғимараты кәсіби атауларға ие: бүйрек, ішкі және жұқпалы аурулар, рентген кабинеттері, тағы қаншама бөлімшелерден құралған. Айтып-айтпай не керек, ауру-сырқауы шексіз көбейген семейліктер үшін облыстық аурухана құрылысы көңілдерінде үміт отын жағып, өгіз өлмес, арба сынбас мүсәпірлік тіршілігін бір уақ ұмытып, жарық дүниеге сеніммен қарауға себепкер болғаны анық. Сол құрылысты республикалық бюджет қаржысымен салуға, бұл болса о кезде қияметі мол күрделі әрекетке Карпенко бастаушы болып, облыс пен қала басшылары түгелдей атсалысып, жаңа қалашықты жеделдетіп тұрғызуға тыным көрмей үлес қосқанына күллі семейліктер, әсіресе дәрігерлер қауымы куә...

Михаил Пантелеевич 62 жасты еңсергенде, 1970 жылдың сәуір айында зейнетке шықты. Өзімен бірге еңбек еткен коммунист әріптестеріне ол рахмет айтып, қызмет бабымен кездейсоқ байқатқан кейбір сәттегі оғаш қылығына кешірім сұрап, жүрекжарды сөзінің аяғында: «Осы өңірде тумасам да Семей жерін мен жан-тәніммен сүйген адаммын. Бұл елдің халқы – жайсаң, еңбекқор жандар, әсіресе қазақтар ерекше мейірімді, қонақжай, ал кең байтақ жері – әртүрлі байлыққа ие. Сондықтан ешқайда кетпеймін, осы өңірде біржола қалуға бекіндім. Қалған өмірімде де сіздермен бірге боламын, семейлік коммунистер, бұл менің – көкейкесті сөзім!..» – деп ағынан жарылғаны жұртшылықтың есінде.

Михаил Пантелеевич шынында да сөйтті. Алғашқы қосағы қайтыс болып, екінші мәрте үйленгенде де Ресейге қоныс аударған жоқ. Жексенбі күндері қармағын алып, Ертіс жағасындағы Түйемойнақ аралына барып, балық аулап, уақыт ұзататын болды. Бос оты-

ра алмай егінжайға зиянкестігі мол жәндіктермен күресетін шағын ұжымға бастық болды. Бұл жайында біздің әзілкештер: «Қартайған бүркіт тышқан аулайды» деген сөзді Михаил Пантеллевич шындыққа шығарды...» — деген де әжуа таратты.

Жазмыштың жазуына не дейсін? М.П. Карпенко әр түрлі сырқат мендеген Ертіс өңірінде тек ұзақ өмір сүре алмады. Жетпіс жасқа да жете алмай опат болды. Оған топырақ Ертістің сол жағалауындағы Шағыл бұйратынан бұйырды...

\* \* \*

Сексен жастың шебіне іліккенше мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұрынғы КГБ) басты міндеті мемлекет құпиясын көздің қарашығындай қорғап, құпия деректерді сыртқа шығармай, ел ішінде әрекет еткен шетел агенттерін ашкерелеу, үкімет адамдарын қорғау... деп түсінетінмін. Сол ойымның жаңсақ екенін, сенесіз бе, оқырман, осы кітапты жазу үстінде біліп, жағамды ұстадым. Міне, менің алдымда Алматыдан шыққан «Қазақстан за ядерный мир» аталған «Деректер мен материалдар жинағы» деген аңдатпасы бар, көлемі 284 бет кітап жатыр. Сол кітаптың 63-71 беттерінде Семей облысында КГБ-ның бастығы болған Мырзамсейіт Жанділдиновтың 1966 жылғы 19 тамызда «Жергілікті тұрғындардың атомдық сынақтарға жатымсыз көзқарасы» деген атаумен М.П. Карпенкоға жолдаған құпия ақпары жарияланған.

Осы ақпарды оқып, әсіресе қазақшаға аударғанда ұйқым бұзылып, жаным түршікті. Құдды бір сол тіміскіні өзім жасағандай қуыстанған сезімнен біршама уақытқа дейін айыға алмадым. Хат иелері — Семей атырабына тағдыр жазуымен тап болған келімсек жандар. Кеңес Одағындағы туыстарына, ата-анасына, иә таныстарына 1964-1966 жылдарда пошта жәшігіне салған 340 хаттарының бірде-бірі жолданған тұрақтарға әлбетте жетпеген. Себебі: жергілікті КГБ бәрін де ашып оқудан соң мұрағатында сақтаған. Тек жарияланымда хаттардың кімге жолданғанын көрсетіп, хат иесінің есімдерін толық ашпаған...

Том шәріне жолданған хаттан үзінді (хат иесінің есімі аталмаған):

*«...Семейліктер сойқанды қаладан безіп жатыр, әсіресе соңғы 15 күнде. Бір тәуірі, жарылыс болатын уақытты ескертетін болды. Сағат 12-де есік алдында шықтық, үйде отыру — қауіпті. Топырақ үйіндісі астында қалуың кәдік».*

Т... есімді семейлік тұрғын Мәскеудегі шешесіне 1965 жылы мынадай ақпар жолдаған: *«Мама, күндігі сағат 12-де сынақ жасалды. Мектеп балаларын далаға шығардық, жарылыстан соң оқу одан әрі жалғасты. Құдды бір жер сілкінгендей қорқынышты сәтті басымыздан кештік. Сөйтсек, бұл жолы қуаты әлсіздеу «бұйым» сыналыпты. Көршілеріміздің айтуынша, күштісін де көретін сияқтымыз. Мұндағы жұртты үрей жаппай билеген...»*

1965 жылғы 4 ақпанда семейлік В... Стародуб мекеніндегі әкесіне жазған хатында: *«Көке, көшіп кеткендерің жақсы болды. Өйткені, тарсыл бұрынғыдай жалғасуда. Біздегі ауа әбден былғанған, радиация да аса күшті...»* — деген.

1965 жылғы 5 ақпан, мекен-жайы, есімі беймәлім хат иесі Ленинградтағы С... деген танысына мынадай ақпар жолдапты: *«Диванда отырып, осы хатты жазудамын. Диван жан біткендей қалшылдауда, бұл енді жер астында жасалған сынақтың тербеуі. Неткен бақытсыз һәм сорлы облыс десеңші».*

1966 жылғы 17 ақпан, семейлік М... есімді әйел Алматыда тұратын М...-ға мынадай хат жолдаған: «...13 ақпанда, жексенбі күні, сағат 11-де бізде аса күшті жерасты жарылысы жасалды. Үйдегі заттардың бәрі дірілдеді. Англия мен АҚШ-тан берілген хабарға қарағанда, шведтердің жер сілкінісін бақылайтын стансасы Семей қаласының іргесінде бұрын-соңды болмаған тербелісті тіркеген. Айтуларынша, бұған дейінгі жарылыстардың бәрінен де күшті сынақ жасалған-мыс. Ядролық жарылысты сөз жүзінде тоқтатайық дейміз, сөйте тұра жер бетіндегі адамдарға өлім себеміз. Коммунистік идеяны таратып, күллі жұртты тұрлауы беймәлім жұмаққа сендіреміз, ал істейтініміз — әлгі...»

Железнодорожный көшесіндегі 51-үйде тұратын В.А... Қырым облысының Судак қалашығындағы ағасы А.А.-ға: «Зейнетке шығысымен кетемін. Жарылыс гүлі мен сынаққа байланған мал болудан жалықтым...» — депті.

Ровно облысында тұратын туысы К...-ға семейлік К... деген әйел 1966 жылғы 18 ақпанда: «...Өзім туған өңірім Украинаға көшуді арман етемін. Бұл жақтағы өміріміз жыл сайын ауырлауда. Семейліктердің тұрмысы қаңғыбас иттермен бірдей. Аяғыңды шалған құмнан өзге көреміз жоқ, көкөністен жүрдаймыз. Ауа әбден ластанған, әсіресе қыста. Балалардың түріне қарасаң жүрегің сыздайды, көздерінің алды көкпеңбек, өлусіреп жүріп әрең қозғалады. Баспана еткен бәкене үйіміз әрлі-берлі теңселгенде қу жаныңды қайда қоярыңды білмейсің. Қысқасы, бұл жақтан тезірек кетуге бел байладық».

Семейлік Е.Б... шетелдік тілші Л... мырзаға (Канада, Онтарио) 1966 жылғы 16 ақпанда мынадай ақпар берген: «Жексенбіде, шіркеуде отырғанымызда тағы да жер сілкінді. Соны біз ауыр күнәміз үшін Жаппар Құдай бізге жіберген қаһар ретінде қабылдадық...».

1966 жылғы 23 ақпанда семейлік Н.Ф... Одессада тұратын П.Н.-ға: «Сендердің Семейден кеткендерің әйбат болды. Ал, біз жиі дүңкілдеп, үйімізді әрлі-берлі дірілдеткен жарылыстың астында отырмыз. Зәре-құтымыз қалмайды. Құдайы көршіміз Иван К... жуықта жан тапсырды, жүрек талмасы марқұмның сорын қайнатты. Валерий Ивановичтің бауыры ауырады, өзім обыр дертіне ұшырадым...»

Новосібір қаласының тұрғыны В.Е...-ға 1966 жылғы 24 ақпанда жолданған, тұрағы көрсетілмеген азамат мынадай хат жолдаған: «12 ақпандағы сағат 11 шамасында аса күшті жарылыс болды. Тұрған үйіміз құлайтын шығар деп қатты састық. Осы пәлекетті қандай антұрған ойлап тапқан десеңші! Жарылыс екпіні 6 балл болыпты. Бұл енді біз үшін — үйреншікті тарсыл. Радиацияны да таза ауадай рақаттана жұтуға әбден мойыдық. Аққан дертіне түп-түгел шалдығамыз, сірә...»

Аты-жөні көрсетілмеген семейлік тұрғын 1966 жылғы наурызда Алматыдағы танысына: «Тағы да сынақ болып, Николай заманындағы қызыл кірпіштен салынған ескі үйіміз әрлі-берлі тербелгенде не істерімізді білмей мәңгіп, әуірімдеп аман қалдық. Балалар бақшасындағы сәбилердің бәрін далаға шығарыпты. Тоқетерін айтқанда, бұл қалада тұру қиындады, жағдайымыз мүшкіл. Не үшін біз осы қатерге тап болдық?..»

Хабаров өлкесіндегі Волочаевка бекетінің тұрғыны Л.Ю...-ға жолдаған хатында аты-жөні беймәлім біреу: «20 наурызда тағы да сынақ астында отырдық. Биік үйлерде тұратын байғұстардың көргенін сұмпайы жауыздарыма тілемеймін. Соны жасаушылар иманы жоқ неткен дүлейлер екенін білмеймін, осы жарылыстар бізді әбден қажытты...» — десе, 1966 жылғы 20 сәуірде Киевтегі танысы С.А...-ға жолдаған хатында: «...Осы қаладан тезірек кеткеніміз жөн еді, амал қанша. Мұндағы жағдай мүлдем төзгісіз. Әбден қажыдық. Дәрігерлердің мәслихатында болдым, қазірде біз радиацияны 2,5 есе артығымен алыптыз. Атомдық сынақтарды бұл өңірде тоқтатпауға құпия шешім бар көрінеді. Кездескен кезде сорақы жайттарды айтамын...» — делінген.

1966 жылғы 23 сәуірде Семей тұрғыны Ш... Алматыдағы танысы Ш...-ға: «Біздің қаладағы ахуал қиындады. Халық әбден ашынған, екі-үш кісінің басы қосылса — үкіметті жамандай-



ды, жергілікті басшыларды сыпыра боқтайды. Сөйтудің себебі — күн сайынғы итке бергісіз ауыр тірліктен қажудың салдары. Аққан ауруы біздің адамдардың 4-5 пайызын шырмаған соң не деуге болады?..» — деп қынжылса, Ногин қаласында тұратын М... деген танысына Семей тұрғыны М.Ш.. 1966 жылғы 19 мамырда: «Семейде аурулардың көбейгені соншалық, дүкендерде тұзға иод қосып сататын болды. Соны тіпті тұрба бойымен ағатын суға да қосады деседі. Обыр мен аққан дерттеріне шалдыққан дәрменсіздер ерекше көбейіпті, бұл да тежеусіз жүрген сынақтардың салдары. Мұндағы жұрт сәуле шоғымен зақымданған, сол кесепат тірі пенденің саулығына зиянды екенін біле тұра күні-түні соны төбемізден жаудырған соң кімнен қайыр күтесің? Мүгедек болып туған балалар көбейді, келешек ұрпағымыз одан да зор қатерге ұшырайды деседі...» — деп ел аузындағы қауесетті одан әрі өршіте қайталаған.

Владивостокта тұратын құрбысына 31 мамыр 1966 жылғы хатында семейлік Г.Б... былай дейді: «Біздің Семей радиация күліне тұншыққан қала. Бәріміз де тәжірибе үшін құрбандыққа шалынған көжекпіз. Аққан ауруы жұртты жаппай сұлата бастады. Көптеген семейліктердің ағзасы обыр дертіне шалынған...»

Семей тұрғыны К... Киевтегі құрбысы Л...-ға 1966 жылғы 10-маусымдағы хатында: «Қала ғана емес, аудандарда аққанмен ауырғандар өте көп. — деп сыр шертеді. — Бұл өзі жан түршігерлік дерт, ең шатағы соған ем жоқ. Ауырған адамдар батқан күн құсап біртіндеп сөнеді. Күш-қуаты азайып, тәлтіректен жүреді де демі кенеттен үзіледі. Жарылыс болардан бұрын бізді үйден шығарып, аулада ұстау әдетке айналды. Соны елемей үйде отырсаң, терезе әйнегі шытырлап, қабырғалар сықырлап, төбенің сылағы үстіңе жауа бастайды. Үйдегі жиһаз, айна, ыдыс атаулы сылдырлап, айналаң билеп тұрғанда қалай шыдайсың? Зәре-құтың қалмай сыртқа қашасың. Осы жарылысты Семей сықылды үлкен шәрдің іргесінде жасауды қандай нағылет ойлап тапқан?! Сол дүмпулер бұрын сирек болушы еді. Қазір жиіледі. Ай сайын жасайды, кейде айына екі-үш мәрте. Неғылған бітпейтін сынақ, соларды жылына бір-екі рет қана жасауға болмай ма? Әсіресе жазғытұрымғы сынақтарды өте ауыр көтереміз, адам ағзасының әлсіреген, жілік майы таусылған кезінде соларға төзу қиын-ақ. Мария маған осы жақтан кетейік дегенді күн сайын айтатын болды, демек, қызымның да жүйкесі жұқарған...»

П.С. деген азаматтың Молдавиядағы танысы Ц...-ға 1966 жылғы 9 шілдедегі жолдауынан: «Жуықта таныс дәрігерлермен сөйлесіп, Полиночканы Семейдегі медицина институтында оқуға жібермек ойларың туралы айтып, себебін тәптіштеп түсіндіргенімде, олар маған: «Ауа райы жайлы Молдавияда туып-өскен қызбала біздің өңірге келген бетте-ақ аққан дертіне шалдығады. Оның арты үлкен өкінішке ұласады. Құдай жөні туысыңды бұл жаққа келтірме деді. Ендігісін өздерің біліңдер...».

1965 жылғы 15 ақпанда Семей-4 қалашығының (полигон аймағында ірге көтерген, бертінде Шаған атанған әскери қала — М. С.) тұрғыны К... есімді әйел Свердловтағы ата-анасына мынадай хат жолдаған: «4 ақпанда тағы да сынақ болды. Бұл жолы ешқандай ескерту жасаған жоқ. Үйде жайбарақат отырғанымызда жер-көк солқ етті. Соның алдында біздегі қатындар Мәскеуге, Орталық Комитетке хат жазып, шу көтерген. Соған мен де қол қойғамын. Комиссия келіп, бізбен «тәрбие» жұмысын жүргізіп, қауіпті ештеңе жоқ, жер сілкінісін де адам баласы көтереді дегендей түсінік жасаған-ды. Бірақ, біздің қатындар сол үгітке иланбай, жарылыстарды мүлдем тоқтатып, ең болмағанда азайтыңдар деп наразылық акциясын жасады. Біздің бастықтар бұтына жібере жаздап, әбден састы. Мен соның бастапқы өрбуін білгем жоқ. Сөйтсем, әбден ашынған әйелдер дивизия штабына басып кіріп, аға офицерлерді жағадан алыпты. Олар не істерін білмей, солдаттар шақырып, штабтан шығармақ болған. Ақыры, өзара келісіммен тыныпты. Қалашықтың әйелдері екінші рет көтерілгенде бастаушы топқа мен де қатыстым. Штабтағылар бұл жолы бізге қитұрқы амал қолданды; қалашықтағы дүкендерге дереу апельсинді қапталып салғызды, амал қанша, соған

жүгірген әйелдер қарамы көбейіп, қатарымыз едәуір сиреген соң не істейміз, түк бітірмей, даурыққан айқаймен тарадық. Содан кейін бір құрбымызды ақша жинап, Мәскеуге жөнелтіп, жоғарыдағы басшыларға арыз жолдадық. Амал не, сол байғұсты, күйеуін де штабтағы ерекше бөлімге шақырып, жауап алып, есін шығарды. Маған да сөйтті. Ақыры, қатаң ескерту алып, әрең құтылдым. Менің наразылыққа қатысқаным Ленька үшін. Жуықта қар ериді, қыстайғы қоқысқа сіңген радиация Ертіске құйылады. Біздің қалашық ауыз суды Ертістен алады. Демек, радиация тозаңын ауыз сумен бірге асқазанға қабылдаймыз. Мен шыдармын-ақ, ал әлсіз Ленька қайтеді? Не деймін, иманды білмейтін өңкей паразиттер бұл аймақта бүлдірмеген, ластамаған ұлтарақтай жер қалдырмады...»

Семей-4 қалашығын мекендеуші Н..., әйел 1965 жылғы 18 ақпанда Брянск облысында тұратын туыстарына жолдаған хатында: «*Өткен аптада Гена кенеттен қатты ауырып, қызуы 40 градусқа көтерілді. Радиацияның кеселі екен деп зәрем ұшты, тегінде мен өзім де содан сау емеспін. Басым мең-зең болып жиі ауырады, еңсемді көтертпей тұқыртады. Біздегі жұрттың бәрінің де көрешегі осы. Нағылет генералдар өзгеден бұрын өздерін құртуда — балаларды, қарауындағы әскер атаулыны түп-түгел құрбандыққа шалды. Бұларың не десең — баяғы қызыл үгіт, ал қолмен жасайтыны — осы, өзіміздің адамдарды аяусыз төмпештеу...*» — деп ашуыза білдірген.

Мәскеу облысы, Серпухов қаласындағы туыстарына Семей-4 қалашығынан 1965 жылғы 17 ақпанда жолдаған хатында Б...: «*Бақытсыздық мені де шалды: шілде айында босануға тиісті едім, дәрігерлер жағдайың жақсы, бәрі де ойдағыдай болады деген. Амал не, 10 апталық нәрестем қозғалуды тоқтатты. Шамалауымша, біздегі дамылсыз сынақтың әсері. Осы төңіректе тұратын әйелдерге аборт жасатыңдар, радиация астында отырып, дені сау нәресте туа алмайсыңдар деген үгітті біз жиі естіміз. Өйткені, радиация алғашқы кезекте ұрықты шалады екен. Не істейміз, ақылым әбден азды,*» — деп отбасының құпия сырын ашады.

Семей-4 қалашығынан 1965 жылғы 17 ақпанда Харьковке жіберілген Г...-ның хатында әйелдердің наразылық акциясы туралы толығырақ баяндалған: «*Біздің қатындар ұйымдастырған даңғазаның немен аяқталғанын айтайын: бәрімізді бір-бірлеп штабқа шақырып, әртүрлі амалдар қолданып, «бітімге» келуге ұзақ үгіттеуден соң біз тағы да ақша жинап, бір әйелді Мәскеуге аттандырдық. Ол болса біздің шағым хатымызды Брежневтің секретарының қолына табыс еткен. Әлқисса содан Мәскеуден екі генерал бастаған комиссия келді. Біз де қамданып штабқа келдік. Содан да тек ештеңе өнген жоқ. Келесі күні тағы да жиналды, бұл жолы қарамымыз едәуір мол еді. Қолымызға плакаттар ұстап, кәдуілгідей ұрандап шықтық. Ал, комиссия бәрімізді емес, партияға мүше әйелдерді ғана қабылдады. Олардың кездесуі немен аяқталғанын білмеймін. Сірә, үндеріңді өшіріңдер деген тәрізді...».*

Осы акция туралы 62872 әскери бөлімінің жауынгері Ш... Мәскеудегі таныстарына 17 ақпанда жолдаған хатында: «*Біздегі тосын жаңалық: 7 ақпанда біздің қалашықтың әйелдері нәрестелерін қатерден қорғау мақсатымен демонстрация жасауға тырысты, бірақ сол байғұстарға батыл қимылдауға бастықтарымыз мүмкіндік берген жоқ...*» — деген куәлік айтқан.

Осы акция жайында Семей-4 қалашығының тұрғыны Людмила И... Алтай өлкесіндегі Новоалтайск қаласындағы таныстарына 18 ақпанда жолдаған хатында былай депті: «*Біздегі жарылыстар бәсеңдеген жоқ, бұрынғыдан да жиіледі. Ауамыз лас, күні-түні жұтатынымыз — радиация, оны залалсыздандыру үшін дәрумендер қабылдау керек. Лида, сенесің бе, жарылыс кезінде қу жанымызды қайда қоярымызды білмейміз. Қамсыз отырғанымызда жеркөк дүңк етеді, бес минуттан кейін қабырғалар солқылдап, төбедегі бетон плиталар сықырлай бастайды... Біздегі әйелдердің осының бәрінен жаны түршіккені сонша, жуықта көшеге шығып, демонстрация жасады. Айтатындары: «Тоқтатылсын жарылыс! Қу жанымызға тыныштық беріңдер!...». Мәскеуден келген генералдар сол акцияға миығынан күліп, не дегенін естісең сен?..»*



*«Жарылыс тоқтамайды, қалай жардық – солай жалғастыра береміз!..» Не дейміз, көз жасымызға ерік беріп, тағдырдың жазғанын көруге мойынсұнған жағдайдамыз...»*

Осы хаттарды М.П. Карпенко сейфінде ұстамаған, «Қазақстан за безядерный мир» кітабын құрастырушылардың ескертуіне қарағанда, КПСС Орталық комитетінің Саяси бюросына мүшелікке кандидат, Қазақстан Компартиясының бірінші секретары Д.А. Қонаевқа жөнелткен (ҚР Президенті мұрағатының 708-қоры, тіркеуі – 36/1, 4-іс, 166-176 бб.). Өкінішті гәп: қазақстандық биік лауазым иелерінің осы ақпарға қандай пиғыл білдіріп, нақты әрекет жасағаны – беймәлім; бұл турасында мұрағатта ешқандай дерек жоқ, кітапта да айтылмаған...

Ал, ядролық сынақтар жиі де қуатты қалпында жалғаса берген.

Рас, АҚШ және Англиямен келісімге сай 1963 жылдан бергі барлық ядролық жарылыстар тек қана жер астында жасалған. Демек, 300-500 метр тереңдегі жарылыс тас қабаттың астында қалып, солардың залалды бөлшектері де сонда тұншықтырылады делінген. Бұл енді теориялық болжам. Ал, іс жүзінде?.. Қалың қыртыс астында бұқтырылған жарылыстардың бәрі бірдей жобалаушылардың дегеніне көнбей, кейбірі тас қабырғаны жарып шығып, полигон аймағын аста-ток бүлдірген. Жә, сонда заңғар тастар сызатынан күшті қысыммен үстіге шыққан, миллион бөлшектен тұратын тозаң бұлтын немесе улы газдар шоғырын қайтып ұстайсың? Әлбетте оны ешқандай бетон құймамен, иә ұңғыма бойын тығындаған тас бөгетпен тежей алмайсың. Күшті қысыммен бұлыққан құйын қайткен күнде өзіне жол тауып жер бетіне көтеріледі де оннан да, солдан да ұйтқыған жел жетегіне еріп, төңіректі былғай бастайды. Жоғарыдағы хаттарда баяндалған сорақы уланулардың таралу себебі де осы. Семей мен Шаған қалаларын немесе жүз шақырым, бәлкім одан да ұзағырақ жердегі ауыл-селоларды торлап, қармен, жанбырмен араласып жерге түседі, көпшілігі топыраққа сіңіп, айлар бойы бұғып жатып, өсімдік тамыры арқылы қайсыбірі үстіге шығып, жер түгімен қоректенетін төрт түлік малды жаппай зақымдайды. Оның етін жеп, сүтін ішкен адамдардың сырқатқа шалынуы да содан. Уланған ауамен демалған жан-жануар, адам атаулы аққан дертіне, иә обыр сырқатына ұшырайды. Ең шатағы, радиациямен мейілінше былғанған «бұлт» шоғыры сан сағат, сан тәулік зиянды жүгін төңірекке емін-еркін төгіп, полигон төңірегін ғана емес, Жер шарын шарлап, ақырында ғарышқа көтеріледі. Жә, оның қанша құрлықты, жер-жаһанды, мұхиттарды бүлдіргенін қалайша білеміз? Ол енді адамзат қауымына бағынбайтын, өз «заңымен» жүретін физикалық құбылыс. Өкінішті жайт: қуатты мемлекеттер басшылары осы гәпті жақсы біледі. Біле тұра, сол зұлымдықты елеп-ескермей, түк білмегенсіген әскерилер мен сынақты қоздырушылардың бейғамдығын түсіну де, кешіру де қиын. Ең сорақысы, сол да өзара тежеусіз жүрген бәсеке жарыстың нәтижесі...

\* \* \*

А.САХАРОВ, «Естеліктер», 2-бөлімнің 2-тарауы (282-310 бб. Ықшам нұсқа):  
«1968 жылдың басында мен өзімді көптен бері толғандырған заманауи

жайттарды көпшілік тезіне салуға әзір екенімді сезіндім. Жиырма жыл ұдайы жан-тәніммен атқарған жұмысым, адамзат қауымын тұқым-тұяғымен жоятын қаруды жасауға қатысуым, зымырандық-термоядролық соғыстың нендей опатпен аяқталарын нақты сезіну, ядролық сынақтарды азайту жолындағы дәрменсіз қарсылығым, Кеңестік басқару жүйесінің жұртшылық көзінен таса құпия сырларын жете білу де мені күні-түні ойландырып, бұдан әрі соған үнсіз төзуді доғарып, өзімше күрес бастауға тәуекел еттім. Өзіме бұрыннан таныс кейбір еңбектерді шұқшия оқып ойланудан кейін, әсіресе кемеңгер ұстазым И.Е. Таммның ықпалымен ашық қоғам құру арқылы күллі адамзатқа қызмет ететін әлемдік үкімет сайлау идеясына мойыдым. Әлбетте көптеген елдерде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық ахуалдың өршуі Эйнштейн, Бор, Рассел, Сцилард сияқты данқты білімпаздарды ерекше толғантып, сол кесепатты қайткен күнде тоқтату үшін өзара тізе қосып, батыл әрекетке кіріскенін естігенмін. Солардың ықпалымен жүзеге асқан бітімгерлік шаралар маған ерекше әсер етті.

Сонымен, 1968 жылдың басында «Прогреске ұмтылу, бейбіт тыныштықта өмір сүру және рухани еркіндік туралы ойларым» деп атаған еңбегімді жазуға кірістім. Уақыт жөнінен бұл «Прага көктемі» атанған тарихи айтулы жылға дөп келеді.

Чехословакияда болған қантөгіс оқиғаларды радиодан естігенмін. Кешкі сағаттарда ВЭФ радиоқабылдағышымның құлағын бұрап отырып, «Би-би-си», «Америка дауысын» тыңдаймын. 1967 жылғы «Алты күндік соғыстың» бізге беймәлім сипатын да содан естігенмін. Осы радиостансалар чехословак зиялыларының «Екі мың сөз» атты үндеуін 1968 жылы күн сайын қайталайтын болды. Кейбір әріптестерім оңаша сұхбаттасуда кесепаты сұмдық неше түрлі айғақтар айтатын-ды. Ең ғажабы, бізбен бір тілектегі социалистік елдердің зиялы қауымы өздері көксеген мәселелерді қауым талқысына салудан бас тартқан жоқ: қоғамды шынайы демократиялық үрдіске бағыттау, сөз бостандығын жариялау, сөзсүзгіге тиым салу, экономикалық және социальдық жүйені сауықтыру, қауіпсіздік қызметінің әлімжеттігін шектеп, оларға тек шетелдік агентурамен күресті ғана міндеттеу, сталиндік террордың қылмысын толық ашу қажеттігі турасында жиі-жиі сөз бастап, сол мәселелерді ашық талқылауды талап етті. Ақырында «Прага көктемі» атанған қоғамдық қозғалыс туды. Ол болса мен сияқты қанағатшыл пенделерді ұзақ ұйқыдан оятып, «бет әлпеті адамға ұксаған» мейірімі мол социализм қоғамын құруға талпыну қажеттігін ұғындырды.

Жаза келе бірер аптадан соң публицистикалық сарында толғанған мақала менің ыркыма көнбей, бастапқы бағытынан ауытқып, яғни әлеуметтік мәні күрт өзгерді: кәміл сенген ойымша, адамзат қауымы өз тарихының сындарлы сәтіне бетпе-бет келіп тұр; төбемізден төнген термоядролық жарылыстар біржола тиылып, ешқандай тежеуге, есепке бағынбайтын экологиялық және демографиялық бұлқынысқа жақындады; сол қатер әбден зорайып, социалистік пен капиталистік жүйе бірін-бірі жоюға әзір тұр... Мен өзім шетелдік

ойшылар көтерген конвергенция идеясын, яғни екі жүйенің бір-бірімен өзара тиімді келісім жасауын жақтаймын. Конвергенция әрбір елдің Жер шарын өзіміздікімен меншіктенуіне қарсы, оның орнына экономикалық, теңгерімшілік және идеологиялық негізде ымыраға келіп, адамзаттың алға қарай өсуі ғылыми сараптау арқылы дамып, жер мен табиғат байлығы әлдекімнің әлімжеттігімен емес, демократиялық қоғамның өзара ынтымағы арқылы өрістеуге тиіс. Ешқандай да алып ел, ерекше жаратылған ұлы ұлт, иә асыл нәсіл жоқ. Әр елдің бостандығы, тілі мен ділі, жері, рухани еркіндігі тежелмей, догмалық зорлыққа түспей адамзат перзенті ретінде құрметтелуге тиіс. Жер шары сөйткенде ғана саф калпында сақталады. Адамзат қауымына бұрынғыша және қажетінше қызмет етеді...

Утопиялық дерлік идеяны ұсына отырып мен ұзақ уақыт толғаған еңбегімде осы ойды жүзеге асыру үшін зымырандық-термоядролық қарулардың мыңындап көбейіп, солардың жиынтық күші Жер шарын теріс айналдырғандай алапат қуатқа ие болғанын қаламаймын, сындарлы межеден баяғыда асып түскеніне алаңдаушылық білдіріп, соны тек жою мәселесін барынша өткірлеп көрсеттім. «Менің есебімше, алапат қуатқа ие қаруды жасау қазірде арзан және оңай іске айналды, оның есесіне солардан қорғану орасан зор қымбатқа түседі әрі ересен қиын...» деген ойды баса айттым. Оған қоса сталинизм уақытының жантүршігерлік қылмыстарын түре жаздым, ал, кенестік баспасөз көп жайт-



*Академик А.Д. Сахаров*

ты бүркеп, мен сөз еткен ашқан сорақы оқиғаларды әлі күнге дейін халықтан жасырып отыр дедім. Сол ойымды ашық түйіндеудің соңында ешкімнен тайсалмай, қауымның демократиялық үрдіске бет бұруы қажеттігін, сөйту үшін ең алдымен Кеңес Одағы шетелдерге көрсетіп отырған қоқан-лоқы саясатын түбірімен өзгертуін ескерттім.

Әлбетте осыншама батылдығым үшін қысым көремін-ау деген қатерді есіме алмай, ешкімнен қымсынбайтын еркіндікке жетуіміз керек деген де пікір айттым. Мақаламды аяқтаған соң ұзақ ойланып, беташарына Гетенің «Фауст» дастанының екінші бөліміндегі: «Кімде-кім еркіндік үшін айқасқа түсуден тайсалмаса, солар ғана өмір мен бостандықтың рақатын сезінеді!» – деген тамаша жолдарын эпиграф еттім...

Осы сөздер соңғы кезде менің бетке ұстар ұраныма айналды. Шынында да осы ой өжеттік пен қаһармандыққа шақырған романтизмімен маған ерекше ұнады. Сол сөздер күллі әлемді біртұтас отаным деп түсінуіме, дарқан өмір әрбір пенде үшін тамаша сыйлық екенін ұғып әрі соны шерлі қалпымен қабылдауыма септігін тигізген-ді. Сол түйсіктің әсерімен еңбегімде күллі Кеңес халқы басынан кешкен шерлі оқиғалар туралы толығырақ сөз қозғап, дәуірлік қақтығысқа ұрындыратын әскери тайталастан біржола бас тартуды, сол үшін ақырына дейін күресуді ұсындым.

...Мамыр айының 18-жанасында ғылыми жетекшім Ю.Б. Харитонның Мәскеу іргесіндегі онаша үйіне бардым. Кездесу кезінде соғыс пен бейбітшілік, экология мен ой еркіндігі туралы еңбек жазып жүргенімді ескерттім. Юлий Борисович бетіме ожырая карап, соны бітірген кезде не істемексін деді.

– Үйді-үйге жасырын тарайтын жаяу поштаға беремін.

– Құдай сақтасын, өйтетін болсаң – құрысын!.. – деп бетіме сұстия қарады.

– Не десеніз де тәуекел еттім. Оны тоқтату енді қолымнан келмейді.

Юлий Борисович ерекше шошып, әңгімені басқа жайтқа аударды. Қысқасы, түк естімеген, білмеген әлпет аңғартты. Маусымның 6-күні Юлий Борисовичтің жұмсақ вагонына отырып, объектіге аттандық. (...) Вагонның кезекшісі Клава сыртқа шығып, екеуміз онаша қалған сәтте Харитон маған қадала карап:

– Жуықта мені Антропов шақырып, Мәскеудегі сенімсіз адамдардың пәтерін тінткен кезде сенің мақаланды әр үйден тауып, жаппай тәркілепті. – деді. – Айтуынша, сол еңбегің шетке шыға қалса, ел қауіпсіздігіне ерекше нұсқан келеді-міс. КГБ басшысы сейфін ашып, мақаланды көрсетті. Бірақ, қолыма берген жоқ. Қарауымдағы қызметкерге ие бола алмағаным риза еместігін, үш мәрте Еңбек Ері атағымды елеп-ескермей, ызалы сөздермен жекіді. Антропов ақырында сенімен сөйлесуді тапсырды. Токетерін айтқанда, сол жазбаларыңның дүйім жұртқа тарамына екеуміз қам жасауға тиіспіз...

– Оқыңыз, міне, машинкаға басылған нұсқасы...

Өз купесіне кетерде еңбегімді қолына ұстатып, өз орныма барып, ұйқыға бас қойдым. Ертенгілікте Юлий Борисовичпен салон залда қайыра кездестік.

– Қалай екен?

– Шатақ.

ты бүркеп, мен сөз еткен ашқан сорақы оқиғаларды әлі күнге дейін халықтан жасырып отыр дедім. Сол ойымды ашық түйіндеудің соңында ешкімнен тайсалмай, қауымның демократиялық үрдіске бет бұруы қажеттігін, сөйту үшін ең алдымен Кеңес Одағы шетелдерге көрсетіп отырған кокан-лоқы саясатын түбірімен өзгертуін ескерттім.

Әлбетте осыншама батылдығым үшін қысым көремін-ау деген қатерді есіме алмай, ешкімнен қымсынбайтын еркіндікке жетуіміз керек деген де пікір айттым. Мақаламды аяқтаған соң ұзақ ойланып, беташарына Гетенің «Фауст» дастанының екінші бөліміндегі: «Кімде-кім еркіндік үшін айқасқа түсуден тайсалмаса, солар ғана өмір мен бостандықтың рақатын сезінеді!» – деген тамаша жолдарын эпиграф еттім...

Осы сөздер соңғы кезде менің бетке ұстар ұраныма айналды. Шынында да осы ой өжеттік пен қаһармандыққа шақырған романтизмімен маған ерекше ұнады. Сол сөздер күллі әлемді біртұтас отаным деп түсінуіме, дарқан өмір әрбір пенде үшін тамаша сыйлық екенін ұғып әрі соны шерлі қалпымен қабылдауыма септігін тигізген-ді. Сол түйсіктің әсерімен еңбегімде күллі Кеңес халқы басынан кешкен шерлі оқиғалар туралы толығырақ сөз қозғап, дәуірлік қактығысқа ұрындыратын әскери тайталастан біржола бас тартуды, сол үшін акырына дейін күресуді ұсындым.

...Мамыр айының 18-жанасында ғылыми жетекшім Ю.Б. Харитонның Мәскеу іргесіндегі онаша үйіне бардым. Кездесу кезінде соғыс пен бейбітшілік, экология мен ой еркіндігі туралы еңбек жазып жүргенімді ескерттім. Юлий Борисович бетіме ожырая карап, соны бітірген кезде не істемексің деді.

– Үйді-үйге жасырын тарайтын жаяу поштаға беремін.

– Құдай сақтасын, өйтетін болсан – күрисын!.. – деп бетіме сұстія қарады.

– Не десеніз де тәуекел еттім. Оны токтату енді қолымнан келмейді.

Юлий Борисович ерекше шошып, әнгімені басқа жайтқа аударды. Қысқасы, түк естімеген, білмеген әлпет аңғартты. Маусымның 6-күні Юлий Борисовичтің жұмсақ вагонына отырып, объектіге аттандық. (...) Вагонның кезекшісі Клава сыртқа шығып, екеуміз онаша қалған сәтте Харитон маған қадала карап:

– Жуықта мені Антропов шақырып, Мәскеудегі сенімсіз адамдардың пәтерін тінткен кезде сенің мақаланды әр үйден тауып, жаппай тәркілепті. – деді. – Айтуынша, сол еңбегің шетке шыға қалса, ел қауіпсіздігіне ерекше нұсқан келеді-міс. КГБ басшысы сейфін ашып, мақаланды көрсетті. Бірақ, қолыма берген жоқ. Қарауымдағы қызметкерге ие бола алмағаным риза еместігін, үш мәрте Еңбек Ері атағымды елеп-ескермей, ызалы сөздермен жекіді. Антропов акырында сенімен сөйлесуді тапсырды. Токетерін айтқанда, сол жазбаларыңның дүйім жұртқа тарамалуына екеуміз қам жасауға тиіспіз...

– Оқыңыз, міне, машинкаға басылған нұсқасы...

Өз купесіне кетерде еңбегімді қолына ұстатып, өз орныма барып, ұйқыға бас қойдым. Ертеңгілікте Юлий Борисовичпен салон залда қайыра кездестік.

– Қалай екен?

– Шатақ.



— Осында айтылған жайттар мені көптен бері толғандырған мәселе әрі өзімнің көкейкесті ойларым, содан енді қалайша бас тартамын? Еңбегімді күллі қауым оқуына мүдделімін. Ол енді қолымнан шығып кетті, қайтару да мүмкін емес... — дедім.

Объектідегі жұмысым маусымның аяғына дейін созылды. Аракідік еңбегіме редакция жасап, кейбір тұсын толықтырумен шұғылдандым. Ақыры, бір данасын арнайы поштамен Брежневке жолдадым (Кәміл сенген сол кездегі ойымша маған зор ілтипатпен қарайтын Бас секретарь адамзат қауымы үшін қандай игі жолды ұсынғанымды түсінер, көңілінен шыкса — Антроповтың мақалама қырғидай шүйілген әрекетін тоқтатар деген де далбаса үміттен құралақан емес едім. Бірақ, Леонид Ильич маған жауап бермеді). Ал, еңбегімді мәскеулік ерікті ой иелері («диссиденттер» аталған қауымды айтып отыр — М. С.) шетелге, «Нью-Йорк Таймс» газетіне өткізуге тырысыпты. АҚШ-тың атақты газеті сол еңбекті менің жазғаныма сенбей, КГБ-ның кезекті «үйрегі» санап жариялаудан бас тартқан. Андрей Амальрик мақаланың бір данасын Голландияның, жаңылмасам, «Амстердам ақшамы» газетінің Мәскеудегі тілшісіне ұсынған.

10 шілдеде Хрушевтің маған жөнсіз соқтығып, аузына келгенді көйтіп байбалам салғанына жеті жыл өткенін есіме алып қамығып отырғанымда «Биби-Си», әлде «Америка дауысы» радиосының ақпарынан өзімнің фамилиямды естідім. Айтуынша, 6 шілдеде Голландия газетінде КСРО ҒА-ның толық мүшесі, кейбір деректерге қарағанда, сутегі бомбасын жасаушы ғалымдардың бірі Андрей Сахаровтың әлем жұртшылығын өзара бітімгерлікке шақырған таңғажайып, мәні ерекше өткір еңбегі жарияланған.

Түпкілікті ойымның іске асқанын білдім. Кеш бойы қанағаттанған сезімге бөленіп, біржосын сергек күйде болдым. Келесі күні Мәскеуге қайтпақ едім, таңғы сағат тоғыз шамасында кеңсеге келгенімде өзімнің жазу үстелімнің қасынан Юлий Борисовичті кездестірдім.

— Менің еңбегім жарияланыпты, кеше кеште шетелдік радиостансалар жер жүзіне таратты.

— Сөйтерінді білгемін... — деді ұнжырғасы түскен Харитон.

Полигондағы кабинетіме қайта оралуға жазбапты. Мәскеуге келген соң, шамасы бір аптадан соң министр Славский шақырды. Үстелінде менің еңбегімнің Голландия газетінен аударылған нұсқасы жатыр.

— Сіздікі ме?

— Менікі, — дедім аудармасына көз жүгірте қараудан соң.

— Мынадағы сөздер Орталық Комитетке жолдаған нұсқамен бірдей ме?

— Сәл-пәл өзгерген, өйткені тағы да редакция жасағанмын.

— Маған сол нұсканы беріңіз. Бәлкім шетелде жарияланған нұсканы өзгерткенін, кейбір ойларым бұрмаланған дегендей наразылық білдіруге тиіссіз, әйтпесе...

— Жок, ондай жалғандыққа мүлдем қарсымын. Еңбек бастан-аяқ менің қолымнан шыққан. Жұртшылыққа ұсынған пікірім қаз қалпында аударылған. Сонда айтылған түйіндер — менің көкейкесті ойларым...

– Сіздің шатақ ойыңызды тап қазір талқылауға құлқым жоқ. Маған бүгін облыстық партия комитеттерінің бірнеше секретарьлары телефон шалып, ВЧ байланысын істен шығарғандай өте ауыр сөздер айтты. Бәрі де мені сөгіп, өзім басқаратын ұжымда контрреволюциялық насихатқа жол бергенмін, бұл не сұмдық деп, қатаң шара қолдануды талап етті. Ойланыңыз, Сахаров, сіз өзіңізді ғана емес, күллі ұжымды масқара еттіңіз. Біз осы күнге дейін пір тұтып, дүйім жұртқа үлгі еткен кенестік идеологияны сіз жар жағасына жеткізгенсіз. Үш күннен соң мәні мейілінше өзгертілген мақаланы маған әкелесіз, мен сізді актауға кірісемін...

...Мақаланың кейбір тұсын сәл-пәл жеңілдеткеніммен бастапқы ойымды сақтаған нұсқаны оқыған соң Славский үстелді тарс-тұрс соғып:

– Ештеңе де жасамапсыз. Мақалаңызда зиянды тұжырымдар ерекше көп. Жеке адамның қателіктерін түп тамырымен жоялық дейсіз, партия сол мәселені жан-жақты талқылап, қайталамауды қатаң ескертті. Сіз бастықтарға берілген әртүрлі тұрмыстық жағдаяттарды мүлдем алып тастау керек дейсіз, ал өзіңіз сол жеңілдіктердің рақатын жиырма жыл бойы пайдаланып келесіз. Отан мүддесі үшін күні-түні тыным қормей еңбек ететін, қаншама зор жауапкершілікті арқалап жүрген бейкүнә һәм еңбекқор адамдар бір мезгіл отбасымен емін-еркін демалуға тиіс. Өйткені, күні ертең олар тағы да ауыр жұмысқа жегіледі. Сол топқа сіз зиялы қауымды қарсы қойғансыз. Сіздің конвергенция туралы ойыңыз – нағыз утопия, қиялдан туған шәлдірік тұжырым. Капиталистерді мейірімге шақыру да сондай шалық ойдан өрбіген. Сіз жазғандай, КСРО-да мемлекеттік капитализм атымен жоқ. Сірә, жасаң кезіңізде социалогия ілімінен мардымды түйсік алмағансыз. Сонсоң да шатасып отырсыз. Қауымдық мәселеге араласпай физиканызбен бірынғай қалғаныңыз жон еді, енді міне... Компартия соғыстан бүлінген шаруашылықты қалпына келтірді, Американың атомдық қаруға монополиясын тежеді, сөйту үшін қолына ерекше құқық пен өктем билік шоғырланған мықты басшы керек болды. Сталиндік бірегей биліктің кеңес халқына бергені – өлшеусіз зор игіліктер!.. Компартия қазірде жеке адамның билеп-төстеуіне тиым салды. Саяси бюро атанған ұжымдық басшылыққа бағынамыз. Сталинге ұқсап жеке дара билегісі келген Хрущевті де зейнетке аттандырдық. Оның орнын иеленген Леонид Ильич – ұжымдық тәртіпті қатаң сақтайтын кеменгер қайраткер. Сіз оған да қарсы шығып отырсыз. Қалай десеніз де біз күшті мемлекетпіз, сол күштілікті әлсіретсек, өзіңіз сенім артып отырған капиталистер төбемізде әңгір таяқ орнатады. Біз күшті болғандықтан да жер бетінде тыныштық сақталуда. Ал, алда-жалда солар ядролық қаруды қолданса – біз де бірнеше есе артық күшпен және ешқандай бұлталақсыз сондай қарумен тойтарыс береміз!..

Славский кәміл сеніммен иландыруға тырысқан ұзақ сонар насихатында ашық қоғам құрып, бірі-бірімізге жұдырық көрсетуден тиылып, өзара жақындасу жайындағы ізгі ойымды аузына алмады. Мен соны ескертіп, адамзат қауымы үшін қандай да күрделі мәселені бетпе-бет отырып шешуге болады, ал сіз ұстанып отырған саясат – қару-жарақты үнемі көбейту амалы тығырыққа

тірелді. Сондықтан да әлімжеттік пиғылдан бас тартып, кабинетте шіреніп отырып нұсқау беруден тиылғанмыз жөн деген ойымды қайталадым. Сол күнгі сұхбаттың соңында Чехословакиядағы жағдайды мысалға келтірдім. «Дос елге интервенция жасайтын болсақ әлем халқы алдында маскара боламыз. Сол жайтқа біздің басшылар қатты ойлануға тиіс...» – дегенімде, Ефим Павлович маған сүстия қарап: «Чехословакия – Венгрия емес, онда ешқандай қантөгіс болмайды» деген тұжырымды жауап естідім (Өмірлік ақиқат Славский емес, менің болжауымның дұрыстығын дәлелдеді. 21 тамызда сол елге біздің әскер басып кірді. Сол интервенция екі жақтан да неше мың адамның ажал құшуымен аяқталды).

Қысқасы, министрмен әңгіме мақаламды ашық талқылап (соған дейін, кейін де бұл жайында мен ешкіммен осындай жан-жақты талдау естіген емеспін), өзара келіспеумен аяқталды.

Екі аптадан соң Юлий Борисович мені үйіне шақырып: «Ефим Павлович сіздің объектіге бармауыңызды өтінді». – деді.

– Неге? Сөйтуіне себеп айтты ма?



– Объектідегі жұрт сізге бірдеме жасауы мүмкін дейді. Сірә, сақтандық шарасы...

– Әншейін сандырақ! О жерде маған ешкім тиіспейді.

– Ефим Павловичтің бұйрығын мен өзгерте алмаймын. Әзірше Мәскеуде болыңыз!

Жиырма жылға созылған жұмысымнан біржола аласталғанымды ұқтым. Қолмен істегенді мойынмен көтеруге тура келді. 1962 жылдан беріде Мәскеуде тұрақтағанмын. Отбасым да осында, жаз айларында объектіге менімен бірге барып, коттеджде тұратын-ды. Сонымен, еркімнен тыс үй тұтқыны атандым...»

А. Сахаровтың «Көкейкесті ойлары» (мақаланың шұбалаңқы атауын ықшамдап отырмыз, алда да сөйтеміз – М. С.) АҚШ-тың ең атакты (күн сайынғы таралымы он шақты миллион дана) «Нью-Йорк Таймс» газетінің 22 шілдедегі санында жарияланады. Бұл болса голландық басылымнан кейінгі екінші мәрте жариялау. Тамыз айында мақаланы Америка университеттерінің бірнеше басылымдары кошіріп басқан. Соларға ілесе оны әлемнің көптеген газеттері қайталаған. Әрине, соны ой айтқан ғалымның ізгі пиғылын шетелдіктер барынша әйгілеуге тырысқан: Кеңес ғалымы, академик А. Сахаров адамзат қауымы үшін көкейкесті мәселені көтеріп отыр; оған қоса сол еңбекті кім-кім, Кеңес Одағына сүтегі бомбасын жасап берген кемеңгер физик, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының иегері, демек, алдыңғы лектегі біртуар білімпаз жазып отыр. Қысқасы, 1968-69 жылдарда мақаланы жариялаған шетелдік газеттер мен журналдардың, жеке кітапша түрінде шығарудың жалпы қарамы 18 миллион данаға жетіпті.

Есімі де, еңбегі де жұртшылыққа беймәлім, барлық марапаттарын жабық жарғымен алған Андрей Сахаров небәрі бірнеше айда дербес ойға ие әлемдік алып тұлғаға айналған. Әлбетте әлем жұртшылығын, әсіресе баспасөз төңірегіндегі жазымпаз қауымды, әрбір ұсақ жайтты ұрандатып, ұлықтатып, шарықтатып, ерекше дуылдата білетін жазғыштар үшін кеңестік ғалымның, ядролық қаруларды көптеп әрі әрдайым қуаттырақ етіп жасаушы кемеңгер тұлғаның төтенше «төңкерісі» кімді болсын таңғалдырып, сүйсінтіп, кейбіреуді ренжітіп, мақаланың әр жолын, әр сөзін безбенге тартқандай шұқшия оқып, бір-біріне қуана таратқан. Алайда? Қауіпсіздік ұжымының, билік басындағылардың топшылауынша, А.Д. Сахаров туған Отанына, ақы-пұлсыз білім беріп, ғылыммен алаңсыз шұғылдануына ерекше жағдай туғызған, тұрмыс күйтін де мейілінше ондаған ғалым өзін биікке көтерген қоғамға сатқындық жасаған-мыс. Бір басына үйіліп-төгіліп берілген атак пен мадақты көтере алмай, су ішкен құдығына түкірген. Демек ол барлық әріптестеріне сабак болғандай жаза тартуға тиіс...


Түрмеге қамау, қылмыс байлау – қиын емес, бұл жөнінде кеңестік жүйе неше түрлі сұмдық жазалауды ойлап тауып, куәлер де дайындап, таскамақта ұстауда орасан мол тәжірибе жинаған. Амал не, ондай әрекетті Сахаровқа жасай алмайсың. Бір ғана мақаласымен ол әлем халқына танылды. Оған қоса үш мәрте Еңбек Ерін, академикті қалай жазалайсың? Жоқ, уақыт – 1937 жыл емес, аулада – 1968 жыл. Сөйтсе де КПСС Орталық Комитетінің алақанына

түкірген идеологтары, әрине, «шынайы лениншіл», екінші Ильичтің мақұлдауымен, бас идеолог А. Суловтың талайдын көзін жойған жөткір ақылымен жазаның өзге түріне тоқтаған: күллі әлемді тың ойымен сүйсіндірген әрі жүрек жұтқан батылдығымен таңғалдырған мақаланы бірде-бір кенестік баспасөз жарияламайды; өз отанында жария болмады ма – демек, ондай мақала дүниеде жоқ. Ал, ядролық полигон болса, құдайға шүкір, ғалым-физиктерден кемшін емес, ондаған, жүздеген білімпаздарға ие; Сахаров болса бұл салада берерін беріп, білімін сарқа көрсеткен ғұлама; қазірде оны ондаған ғалымдар ауыстыра алады...

Сондықтан да полигонға кіру, сондай-ақ Курчатов атындағы ядролық физика институтына бас сұғу құқығынан айрылған ғалым бірнеше ай бойы Мәскеудегі пәтерінде ұйқамақта отырған. Еңбек ақысы да дереу тоқтайды.

«1969 жылдың мамыр айында ұйқамақта отырғаныма бір жылға таяу уақыт болғанда мені Славский шақырды, – делінген «Естеліктер» кітабының 300-бетінде. – Сізді ФИАН институтына тұрақты жұмысқа жіберуге шешім қабылданды, келіскеніңіз жөн...» – деді (1945-48 жылда мен осы ұжымда, КСРО ҒА-на қарасты Физикалық институтта аспирантурада оқығанмын). Мен бірден: «Қарсы емеспін, разымын...» – дедім. ФИАН-ның директоры академик Д.В. Скобельцин, институтқа қайтып келгеніме аса қуанбағанын бір уыс боп тыжырынған бет әлпетінен сездім... Қысқасы, сол институттың теориялық бөлімінің аға ғылыми қызметкері атанып, жұмысқа кірістім. Еңбекақым – 350 сом. Академиктерге төленетін 400 сом үстеме төлем де сақталды. Токетерін айтқанда, қалыпты жағдайда өмір сүруге болады. Ал, полигондағы айлығым бір мың сомнан жоғары еді. Оған қоса тұрмыстық жағдайға, онда-мұнда жүріп тұруға, демалуға жасалған көптеген үстемелер болатын, соның бәрінен айрылдым. Соған тек өкінбедім. «Көкейкесті ойларды» жазғанда соның бәрінен жұрдай болатынымды білгенмін. Тамыз айында шалғайдағы объектіге барып қайтуға рұқсат алып, полигонда бірнеше тәулік болдым. Өзім 1951 жылдан беріде тұрған коттедждегі заттарымды алып, Мәскеуге қайттым. Сол сапарда мен кейіннен зор өкініш туғызған қателік жасадым. 19 жыл бойы объектіде болған уақытта ешкіммен араласпай, көбіне сыбай-салтаң тұрғандықтан айлығымды бей-берекет шашпай, үнеммен ұстағандықтан сол мекендегі жинақ қассасында едәуір сома бар еді (139 мың сом, оның дені Мемлекеттік сыйлықтарымнан құралған). Сол ақшаны мен бас пайдама жаратуды қажетсінбей, атом сынағынан ерекше зардап шеккен адамдарға сый етуді ойлап, онкологиялық диспансердің құрылысына, бірқанша бөлегін объектідегі балалар бакшасына және Халықаралық Қызыл крест қоғамына аудардым. Сол қаржының одан арғы жайын ешкімнен сұраған емеспін, біз сөйттік, сізге тәңір жарылқасын деген ілтипат лебіз де естігем жоқ (Қызыл крестен басқасы). Зым-зия жоғалды. Сөйткеніме артынан өкіндім. Өйткені, Мәскеуде тұрақтағанымда маған тұрмысы төмен көптеген адамдарға, әсіресе саяси қуғын көргендерге шектеулі еңбекақымнан жырымдап қаржыдай көмек көрсетуге тура келді. Өзімнің туыстарымның да кейбірінің жағдайы өте төмен болды, оларға да нақты көмек көрсете алмадым. Тұрмыстық жағдайымның күрт төмендейтінін болжай алмадым. Бұл да менің тіршілік тауқыметін жете білмеуімнің салдары...»





ОНЫНШЫ ТАРАУ

# ЖАЗАНЫҢ АУЫРЫ — КЕШІККЕН ШЫНДЫҚ



«Өткенге көзқарас» кітабында Н.Е.Морозов Ертістің он жағалауындағы орманды алқабы, егістікке қолайлы жері мол, шаруашылығы түзік Новошұлба ауданында туғанын мәлімдеген. Айтуынша, еңбекке жастай араласып, 6-сыныпты бітірген соң, он бес жасында училищеге түсіп, токарлық мамандықты игерген. Бұл 1944 жыл. Станок құлағын ұстап, майдан қажеті үшін тәулігіне 11 сағат бел жазбай тік тұрып мина қорабын жонып, еңбек еткен. Сол жылы Серго МТС-не қабылданып, ауылшаруашылығы техникасын күні-түні жөндеумен қоса осы селодағы шекті аспаптар оркестріне жазылып, баянда ойнаған. Женіс күнін неше түрлі көңілді әндерді күйкылжыта тартумен қарсы алыпты. Училищені тәмамдаған соң Семейге қоныс аударып, облыстық сүт комбинатында токарь болып істейді. «Төлқұжат алдым, Кеңес Одағының азаматымын. Жастық шақтың қызығы мен шыжығын пәлендей сезінбеген қалпымда «Халық шаруашылығын қалпына келтіру!» науқанының алдынгы шебінде еңбек еткен жұмыскерлер санатында болдым...» — десе де, бозбала жігіт Ертіс жағасындағы қаланың күм басқан көшесін толарақтан кешіп жүріп, комбинаттан жымқырған сүт пен қаймақты сатып, қосымша табыс тапқанын да жасырмайды. Есейе келе сол кәсіптен жеріп, еңбекақысы көтеріңкі Механика зауытына ауысыпты. Шебер токарь атанумен бірге әуесқой фо-

тограф болғанын да мақтанышпен мәлімдейді. Білімін көтеру қажеттігін сезініп, жұмысшы жастардың кешкі мектебіне жазылады. «Математика, физика, химиядан ештеңе сезбеймін, сөйткенмен мұғалімдерім шәкірттерін жоғалтпау үшін үштік бағаны дәптеріме қынжылмай қонжитады. Сауатымды көтере алмадым, 10-сыныпқа әуірімдеп әрең жеттім. Кәмелеттік аттестат сынағына жібермеді, сөйте тұра «орта мектепті тәмамдады» деген анықтамаға ие болдым...» – дейді естелік авторы.

«Қазірде менде үш түрлі диплом бар. Екеуінде үздік оқығаным жазылған. Шынтуайтын айтқанда, солардың бірде-біреуін толық аяқтаған жоқпын. Атүсті қатынап, жедеғабыл бітірдім... – деп ағынан жарылады Н. Морозов естелік кітабының 44-бетінде. – Автомобиль жолдары техникумының екінші курсына қабылданып, кілең үштік бағамен аяқтадым. Зоотехникумды сырттай оқыдым. Жоғары партия мектебінде үш жыл оқып, 4-курсына ауысарда ел басқару жұмысына жегілдім...»

Азаматтық міндетін Н. Морозов Ташкент қаласында атқарған. «Әскерде болған төрт жылды мен өз өмірімнің елеулі кезеңі санаймын. Ойқыл-тойқыл мінезден құтылып, қиыншылықты қайыспай көтеруге шыңдалып, қауымдық істі белсене атқаруға бойымда құлшыныс туды. Қоғам жұмысын қаузауға қабілетім барын аңғардым. Іс үстінде тез ширадым. Бөлімшеге командир болып тағайындалуым жауаптылығымды күшейтті...» – деген сөздер де аға сержанттың сергек жаратылысын аңғартады.

Н.С.Хрушев КПСС ОК-тің бірінші секретары болып сайланған 1953 жылдың күзінде шақырылған пленумда «Партияның таңдаулы кадрлары селоға аттанып, ауылшаруашылығын жедел көтеруге атсалысуға тиіс» деп ұран көтерген-ді. Николай Морозов осы шақыруды әжетіне жаратпақ болып, округ штабына арыз жолдап, өзі туып-өскен Семей облысына барып, ауылшаруашылығы саласында еңбек етуге құлшыныс білдіреді. Аға сержанттың сол арызы Орта Азия әскери округының «Фрунзовец» газетінің бірінші бетіне жарияланған. Саяси бөлімнің бастығы генерал Арапов оны дереу штабқа шақырып, округ жауынгерлеріне үлгі көрсеткеніне ризалық білдіріп, кандидат жігітті Компартия мүшелігіне жедеғабыл қабылдатқан. Қысқасы, келесі аптада арыз иесі Ертіс жағасына оралған.

Новошұльбаға келген бетінде Песчанкадағы үйіне бармастан бұрын аупарткомға сөғып, партиялық есепке тіркелген. Ұйымдастыру бөлімінің менеджерушісі оны бірінші секретарға ертіп барады. Ғажап сәттілікке сол сәтте кездеседі: ширек сағатқа созылған танысудан соң аупартком хатшысы жас коммунистің аудандық жастар комитетінің бірінші секретары болуға келісімін сұрайды...

Сол міндетті ол екі жыл атқарыпты. Копшілік көңіліне орай жығыла сөйлеуді, әрнеге әсершіл жастардың желік ісін андай білетін сирек қабілетке сол кезде машықтанған. Орыстар мұндай жан иесін «Контактный» дейді, яғни байырғы қазақ «жұрт көңілінен шығуға ебі бар» дейтін пысықтық. Новошұльбаның 26 ұжымнан құралған шаруашылықтары сол кезде іріленіп, 7 колхозға біріккен. Бұл енді Никита Хрущевтің ауылшаруашылығын жедеғабыл көтеріп, таяу жылдарда АҚШ-ты қуып жетуді көздеген бастамасы еңбекші қауым үшін



бірінші кезектегі міндетке айналған дүбірлі шак. Күн сайын қоздаған жаңалықтардың бірі – жер-жерде көкөніс молшылығын жасау, соған тезірек жетудің төте жолы – шым мен шіріген көң салынған саз құмыраларда тұқымды қыста өсіріп, бойшан көшеттерді жазда жерге көшіру. Комсомол жастар осы іске жедеғабыл жұмылған. Сол шаруамен құнарлы жер мен мол суға ие Ертістің он жағалауындағы аудандар шұғылдануға тиіс. Облыстық комсомол комитеті осы науқанды қызу қолдап, жетекші секретарь Василий Жигалов кезекті облыстық жиында жасаған баяндамасында жастар бригадаларының алдағы науқанға 750 мың құмыра көшетін дайындағанын саңқылдаған үнмен рапорт ретінде мәлімдеген. Николай Морозов ғұмырнама кітабының 61-бетінде осы ұсыныс жайында: «Жарыс сөзге шығардан бұрын әрбір гектарға 40 мың құмыра керектігін есептедім. 25 гектар көкөніс өсіру үшін бізге бір миллион ыдыс керек. Жигалов жолдастың мінбеден зор мақтанышпен мәлімдеген құмыралары небәрі 18 гектарға жетеді. Ал, өзге құмыраларды жөппелдемде қайдан аламыз? Жә, соншама көп ыдыстағы көшетті көктемнің санаулы күндерінде жерге қалайша отырғызамыз? Демек, мемлекет тапсырмасын мүлтіксіз орындадық деуге қакымыз бар ма? Шындығын айтқанда, бұл да жел сөз, жолдастар. Ал, жел сөзбен тың жерге дән себілмейді, көкөніс те өспейді...» – деп нақты есеппен мәлімдеген менің сөзім жиын төрінде отырған облыстық партия комитетінің бірінші секретары С.М. Новиковка ерекше ұнапты. Біршама уақыттан соң ауылшаруашылығының білгірі ретінде, облыстық партия комитетінің аппаратына, ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметіне 28 жасымда шақырылдым...» – дейді Николай Ефимович килы өмірінің бастапқы кезеңдерін баяндаған естелігінде.

1958 жылы ол осы қызметтен Жоғары партия мектебіне тыңдаушы болып Алматыға аттанып, үш жылдан кейін Үржар аупарткомының бірінші секретары міндетін атқаруға кіріскен. Тарбағатайдың түстік баурайындағы жері бай, табиғаты жайдары өңірдегі жұмысы сәтті болып (Сол жылдары Мақаншы ауданы таратылып, Үржарға қаратылған. 1973 жылы қайта бөлініп, ғасыр аяғына дейін сақталды), Морозовтың баяндауынша, араққа үйір, әкіренге бейім колхоз бастықтарын дандайсудан тежеп, кейбірін тәртіпке шақырған. Сөл шаралар аудан шаруашылықтарының табысын ілкі көтерген-мыс. Сөйтсе де сол өңірдегі кеңшарларды қауырт көтеруге басты кедергі – егіс даласына шығар диқандардың азандығы, мал бағатын бақташылар да жетіспейді, әсіресе көктемде егіздеп туатын меринос қозыларды күту, соларды бауырын көтергенше аман сақтау – ерекше қиын іс...

*«Не істерімізді білмей басымыз қатып жүргенде құдай оңдап, 1962 жылдың көктемінде аштықтан сүлдері құрыған, коммуна болып, бір қазаннан ас ішуден жарымаған КНР-дағы қазақтар мен ұйғырлар Барлық тауындағы шекара қосыны арқылы біздің ауданның шалқар жерінен мың-мыңдап жаяу-жалпы ағыла бастады. Тек қана алғашқы аптада 60 мың адам өтті. Ойда жоқта ауданымызға топ еткен босқындарды пайдаланбау ақылы кемшін жандардың ісі болар еді. Біз жедел қимылдап, ас-су ұйымдастырып, қолда бар көліктерді түгел жауып, жадап-жү-*

*деген байғұстардың қақ жармысын аудан шаруашылықтарына қабылдадық. Отыз мың жұмыс қолына ие болу біз үшін көктен түскен олжадай болды. Қысқасы, осы жайт бізді күн сайын басымызды қатырған тығырықтан құтқарды. Аудан шаруашылықтары іле-ақ жұмыс көлемін зорайтып, табысымызды молайтты...»* – дейді Морозов естелік кітабының «Аупартком секретары» тарауында.

Бесжылдық қорытындысында үржарлықтар өнімнің барлық түрінен мемлекеттік тапсырманы асыра орындап, облыс емес, республика көлеміндегі озық 13 ауданның санатына енген. Еңбегіне сай зейнеті деген уәж іске асып, осы аудандағы шаруашылық басшылары, малшылар мен механизаторлар, жиыны 178 адам үкімет марапатын аста-төк иеленген. Н.Е. Морозов Еңбек Ері атанып, Алтын жұлдыз белгісі мен Ленин орденін 1966 жылы омырауына қадайды. Онымен бірге осы ауданның бес азаматы Еңбек Ері атанады. Он колхоздың бастықтары Ленин орденін иеленін, компартия, ауатком және кәсіподақ ұйымдарының 13 басшысы «Еңбек Қызыл ту» ордендерімен марапатталыпты. Үржар ауданы Одақтық «Құрмет кітабына» жазылған. Осы аудандағы қажырлы еңбегі ескерілген Николай Ефимович облыстық партия комитетінің ауылшаруашылығы саласын басқаратын секретары болып сайланады. Өзінің айтуынша, «үлкен облыстың бас аграрийі» атанған.

Мен, осы хикаяттың авторы, Н.Е. Морозовпен нақ сол жылдарда К. Маркс, қазір де Кенес Одағының батыры Ә. Ыбраев атындағы көшедегі үш қабат 155-үйде құдайы көрші болдым.

Обком хатшысын күн сайын болмаса да аптасына бірнеше мәрте аулада кездестіріп, бас изесіп амандасамыз. Көбіне сағат тоғызға ширек сағат қалғанда «Волга» машинасы аулаға кіреді. Кеште, сағат 18 шамасында Николай Ефимовичтің үш-төрт орам жердегі обком кеңсесінен жаяу келе жатқанын көремін. Төрт жыл ұдайы көрші болғанда бірде-бір рет кабинетіне барған емеспін, шаруам да болған жоқ. Үй-ішімен де қарым-қатынасымыз да көнтерімді болды. Рас, кенжесі Борис менің үлкен балам Ерланмен түйдей құрдас еді. Аулада екеуі жиі кездесіп, коньки тебетін-ді. Бірде ұлымның ойын досын: «Боря Мороз, Боря Суықов...» деп мазақтап тұрғанын естіп (біз тұратын үйде екінші Боря да болатын, ол жетім бала еді, менің ұлыммен ерекше дос болатын, байқауымша, екеуі өзара ынтымақ құрып, бірінші Боряға ойын кезінде тиіседі білем), «Әй, сен, оның есімін атап ойнасаңшы. Әкесінде нең бар?» деп жекін едім, балам айран-асыр күлді. Сөйтсем, менің жекуімді Николай Ефимович естіген, жақындап келіп: «Медеу, оған тиіспе. Ойын баласы емес пе... – деді жымыған кейіпте. – Мені кейбір қазақтар сыртымнан Суықов дейді. Үржардан әкелген лақап атым. Сірә, менен жаза тартқандар аттықтырған...» Бұл гәпті білмейтінмін. Китұрқы мінезін, жымып отырып, мақтамен бауыздайтын имансыз қылығына орай біздің пысықтар қойған атау екенін бертінде білдім.

Қысқасы, көрші болсақ та қарым-қатынасымыз сыпайы амандықтан асқан жоқ.

Бас аграрий атанып, үлкен облыстың ауылшаруашылығына тың өзгерістер жасадым десе де Н.Е. Морозовтың қажыр-қайраты игі істерде ерекше көрінді дерлік нақты мысалды өзі де өмірбаяндық кітабында даралап келтірмеген. Алайда, бір жайтты 101-бетте бүкпесіз ашыпты: «Есімде түсіп отыр. Алматыдан қоңырау түсіп, біздің облыстағы асыл тұқымды қой тұқымын сатып алуға

әлдекім рұқсат сұрады. Соншама күрделі мәселе емес, келісім бердім. Іле-шала Карпенко шақырып: «Сен өзінді бірінші басшы рөлінде сезінесің, сірә? Соншама қойды менімен келіспей, сатпақ болғаның қалай?.. – десін. – Байқа, Морозов, бір облыста екі бірінші болмайды. Қандайда мәселені мен шешемін, өйткені, бірінші басшы – әзірше мен! Сол себепті кейбір шаруаға танауынды тыққанды доғар!..»


Морозовтың бас аграрийлік құзыры қаншалықты пәрменді болғанын осыдан-ақ шамалауға болады. Николай Ефимовичтің өзі де бұл жайында: «Обкомның хатшысы міндетіне кіріскен кезімде бірінші секретарьмен қарым-қатынасты ондап, облаткомның төрағасы және бюро мүшелерімен де қалыпты байланыс жасауға тырыстым. Өйткені, менің жаңа жұмысымның сәті, иә сәтсіздігі соған орай өрбитінін білетін едім...» – деген.

1970 жылдың сәуір айында Н.Е. Морозов Семей облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып сайланды. Біз, семейліктер, бұл өзгеріске шынайы қуандық. Өйткені, Николай Ефимович – өз тумамыз, өмір жолын қатардағы станокшы болудан бастаған, екі ауданда еңбек етіп, обкомға келген соң да ел басқару жұмысының қыры-сырын меңгерген азамат. – Облыс тұрғындарының зәре-құтын алатын беймаза жарылыстарды басынан кешкен ол соны сиретуді, бәлкім біржолата тоқтатуға қажыр-қайрат көрсетер деген де далбаса үміттен құралақан емеспіз... – деп те қиял шерткенбіз. Ең бастысы, қырық жастың шебіне жетті, мұндай кезде басшы азаматтар қандай істі болсын апырып-жапырып істейтін қайратқа бейім. Әрі ол өз қатарының алдына шыққан жампоз Еңбек Ері.

Николай Ефимович Семей атырабында сегіз жылға созылған, бірінші басшы мансабымен атқарған сан алуан жұмыстарын егжей-тегжей баяндауға ғұмырбаяндық кітабында алты тарау арнаған: «Обком секретары», «Қайта құрудың бас кезінде», «Қала құрылысы», «Абай еліне саяхат», «Екінші тын» және «Ядролық Семей полигоны» деген дабыра атауларынан-ақ «Жарайсың жайсаңым!» дегендей ойға түсіп, солардың әрбіріне шұқшия үнілгенім анық. Алайда?..

Алғашқы кезекте ежіктеп айтқаны бірталай ілкі шаруалар: өзі билікке жетерден үш жыл бұрын іргетасы қаланып, қабырғасы қалана бастаған әкімшілік ғимаратын бес қабат етіп Орталық алаңда көтергенін, сол жерді көркемдеп, биіктігі 28 метр Ленин бейнесін қоладан құйғызғанын; алаңның күншығыс шетіне сәулетті театр үйін тұрғызғанын тәптіштеп суреттепті; қаланың орталық тұсында жаңа орамдар пайда болды; Абай мен Достоевский мұражайларын қайтадан салғыздым дейді; 2 миллион қой санын 5 миллионға жеткізіп, қысқы жайылымға 100 мың жылқы, 400 мың бас ірі қара шығарып, 250 мың бас шошқа өсіретін болдық... деген деректерді даралап тізіп, солардың арасына ондаған фамилияларды қосып атайды. Сірә, «Осы игіліктерді өмірге енгізуде өзіне қолғанат болған бізді де ұмытпаған екен...» деген қитұрқы есеппен тізгені анық. «Құрылыс индустриясын тыңнан құрғыздым. Цемент зауыты, шифер өндірісі, үлкенді-кішілі темірбетон плиталары мен

блoктapды, үй кабырғаларын құятын комбинаттар ірге көтерді...» – дегені тек менің көңілімде күдік туғызды: өйткені, нақ сол құрылыс индустриясының бәрі де 1955-58 жылдары бой көтерген-ді (мысалы, мен Цемент зауытына 1959 жылдың жазында қатардағы инженер болып, өндірістегі еңбек жолымды бастағанмын. Морозов тыңнан салғыздым деген құрылыс объектілерінің бәрі де ол Үржар ауданында жүргенде, яки 10-12 жыл бұрын ірге көтерген-ді). Қысқасы, алты тарауға созылған ұзақ естелік өз еңбегін шектеусіз даралап, өйттім-бүйттімі мақтан есепке айналған. «Өндіріс беретін түсім осы жыл-



дарда 1,8 есе өсті. Ал, ауылшаруашылығы өнімдерінің деңгейі 62 пайызға көбейді...» – дегені де уақытша көрсеткіштер...

Н.Е. Морозов кітабының 141-бетінде өзінің, облатком төрағасы Е. Кашағанов, Шұбартау аупарткомының бірінші секретары Ш. Мақашов пен сол ауданның ұстаз-шабаны Ж. Шүлембаев төртеуінің 1976 жылдың үздік қорытындысы және «Кой шаруашылығы саласында еңбек етудің жаңа түрін етене еткені» үшін Қазақ КСР-ның Мемлекеттік сыйлығының иегері атанғанын даралап көрсеткен.



Шындығын айтқанда, бұл да күйкі әрекетпен өрбіген арзан атак. Неге? Ұлан-ғайыр жерге ие елміз, төрт түліктің қайсысын болсын миллиондап өсірсек — тіршілігіміз оңалатыны әлмисақтан мәлім. Қазақ халқы ұлы тәркіге һәм жаппай колхоздасу науқанына дейін, яғни төрт түлік малы өз қолында болғанда аштықтың не екенін білген жоқ. 1970-жылдардан беріде аса өсімтал түлік, Қазақстандағы қой басын 50 миллионға жеткізу міндетін партия мен үкімет екінші тың деп, саяси мән беріп, міндет еткен соң бас тартуға бола ма? Болмайды, қолдау керек! Өріс бар. Сонша малды тек кім бағады? Кешегі аты өшкір соғыс мал бағатын азаматтар қарамын көктей де, көптеп те отады. Сол зұлматтан аман қалғандардың сауаттылары кеңсе қызметіне ие болды. Оған жарамағандары мал бағумен шұғылданды. Амал не, 1970-жылдары солардың қарамы мүлдем азайды. Ал, қарамы молайған отардың соңына кім ереді?..

Осы ділгерлікті күні-түні ойлаған Шаймағанбет Мақашов Абай ауданында кеңшар басқарып, облыстық ауылшаруашылығы басқармасында да орынбасар болған іскер жан, Шұбартау аупарткомына келген соң-ақ ол «Мектеп бітіруші жастар — қой шаруашылығына!» деген бастама көтерді: мектеп бітірген қыздар мен ер балалар екі жыл қойшы болып, мал бақсын; екі жылдан соң қолына оңды мінездеме ұстаған жастардың, әрине, білімін көтеруге ынта білдіргендері жоғары оқу орнына конкурстан тыс, қосымша жеңілдікпен қабылдануға тиіс...

Осы бастаманы облыс басшылары қуана құптады. Облыс қана емес, Қазақстан КП ОК-нің секретариаты да мақұлдап, «Шұбартаулық жастардың тамаша бастамасы» күллі республикаға насихатталып, жер-жерде жастардың шопан бригадалары ұйымдасты. Газет атаулы, әсіресе «Лениншіл жас» пен «Ленинская смена» басылымдары бұл бастаманы барынша мадақтап жазды. Әрине, керемет еңбексүйгіштік деп және тек қана комсомолдарға тән жігер-қайраттың тамаша үлгісі ретінде. Шамалауымша, сондай бригадалардың жалпы қарамы күллі республика өңірінде бір мыңға дейін көбейді. Қысқасы, осы науқан алғашқы жылдары кең өрістеп, жыл сайын он шақты мың тек қана қазақ жастары жоғары білім алу бәсекесінен тысқары қалды...

Менің қарапайым түйсігімше, осы бастама — қазақ жастарын оқу-өнерден бездірін, бәз-баяғы көшпелі қазақ тірлігіне зорлықпен икемдеу. Өркениетке ұмтылған ел мұндай кертартпа ұранға елікпегені жөн еді, амал қанша?!..

Н.Е. Морозов кітабының бір тарауы ядролық полигонға арналған. Ядролық жарылыстардың саны, онымен іргелес ауылдар мен селолардың тұрғындары ондап, жүздеп өлім құшқаны туралы жантүршігерлік сандар мен айғақтар тізілген. Кейбір тұсында полигон басшыларымен, атом бомбаларын жасаушы ғалым-физиктермен таныстығын, сынақты бақылауға бірнеше мәрте шақырылып, құрметті қонақ болғанын да ол мақтана сөз еткен. 1974 жылы Семей обкомының ұсынысын КПСС ОК-і қолдап, әуелде «Мәскеу-400», соңынан «Надежда» атанған ядрошылар қалашығын облыс қарамағына алып, партия, кәсіподақ ұйымын құрғанын, өзінің ұсынысымен сол мекенге Курчатов есімі берілгенін, келесі жылы қаланың орталық алаңында физик ғалымның қоладан құйылған алып бейнесі тұрғызылғанын Николай Ефимович сүйсіне сөз еткен. Құп делік. Бәрі де тарих үшін мәнді деректер...

Николай МОРОЗОВ, «Өткенге көзқарас», 147-148 беттер:

*«Полигон үшін Абыралы ауданының қарамағынан 2 миллион гектардан астам (?) жер алынып, үкіметтің 1948 жылғы (?) қарары бойынша сол аудандағы кең-*

шарлар (?) таратылып, мал мен адамдар басқа жаққа көшірілді<sup>1</sup>. Әлбетте көшіру құпия түрде жүзеге асқан, мал бағумен күн көрген байырғы далалықтар атақонысымен жылап қоштасқан. Сол шараға ешкім неге деген жоқ, сталиндік заманда ондай сұрау қоюға болмайтынын білгендіктен көз жасын төгіп кете барған...

Бомба сыңайтын алаң қалайша таңдалған? Сол таңдау нендей қасіретке жолықтыратынын ешкім білмеген. Хиросима мен Нагасаки қалаларының трагедиясы ойлантпағаны анық. Семейліктердің келешегі сойтіп құрбандыққа шалынды. Үкіметтің өзгедей мүмкіндігі бөлді ма? Меніңше, болмаған. Соншама жойқын қаруды қайда сынайсың? Полигонды қайда орналастыру керек? Сақа елінде ме? Якуттарға обал. Жаңа Жерде ме? Сайып келгенде сонда да полигон жұмыс істеді, тек тым шалғайда әрі әлей суық аймақ. Орта Азияда ма? Азиаттарды сорлатамыз. Ақырында Ертіс жағасынан басталып, түстікке далиған шалқар дала қатерлі сынақтар үшін Құдай тағала әдейі жаратқандай кең байтақ елсіз Семей жері таңдалды. Шөлейт даланың шетінде қала тұрғызу қажет, сол құрылыстар жедегабыл салынды. Әрбір сынақты дайындау миллиард сомға (?) түседі. Жарылыстан соң бүлінген құрылыстарды қалпына келтіру, ол да мыңдаған қол күшін талап етіп, материалдық шығындарды бірнеше есе көбейтеді. Амал қанша, Отан қорғанысына қажет болған соң төзуге тура келді...

Менің ойымша, біздегі полигон Жер шарына үстемдік етуді жобалаған империалистердің жауыздық пиғылына мықты тежеу болды. 40 жыл бойы ол Кеңес Одағының мызғымас әрі сенімді қорғаныш қалқаны атанды. Ядролық бомбаларды мың-мыңдап жасағандықтан Кеңес Одағы әлемнің ең алып мемлекетіне айналды...»

«Өткенге көзқарас» кітабының «Ядролық Семей полигоны» тарауын неше мәрте оқып, әр тармағын қайыра сүзгенде мен облыс жерін радиациямен ластаған, сонда тұратын адамдарды дертті етіп, жан-жануар дүниесін құртқан, жарық дүниеге кемтар, иә ақыл-есі кемшін нәрестелерді көптеп келтірген кесепатты қамыға сйпаттап, облыс экономикасын құлдыратқан қасіретті жасаушыларды нұсқап, ел мен жер тағдырын қызғыш құстай қорғаған қайраткер азаматтың жаны ауырған ойын іздеген едім. Ең құрғанда, сол елдің билігі басында отырсам да дәрменсіздік көрсеттім, аузым тұмшалаулы, қолым байлаулы болды... дегендей акталуын күткемін. Бұл жайында Н. Морозов осы тарауда және құллі кітабында ләм-мим демейді. Қайта ядролық полигонның Ертіс жағасындағы байтақ далаға орнығуына Отан патриоты ретінде ризалық білдіреді. Мысалы, полигонның осы өңірге ірге тебуінің 25 жылдық салтанатына қатысып, шын жүректен құттықтап, Ю.Б. Харитон бастаған же-

<sup>1</sup> Осы тармақта сөз болған жайттардың бәрі де ойжотамен жазылғанына илану үшін, қадірменді оқырман, «Қазақ сахарасы – сынақ алаңы» тарауында мен мемлекеттік құжаттардан суырған тарихи деректерге қайыра көз салыңыз! Осы жайт та Н.Е. Морозовтың білім деңгейінің ерекше төмендігін аңғартады. Кім-кім, талай жыл Қазақстанның үлкен екі облысын басқарған қайраткердің өзі туып-өскен, иә жанасқан өлкелер туралы, әсіресе ядролық полигонның тарихы мен оның рөлі туралы аста-төк пайымдауы, менінше, ешқандай сын көтермейтін әншейін топшылау.

текші ғалымдарға облыс еңбекшілері атынан сый-сияпат жасағанын зор мақтанышпен әйгілейді. Осы жайтты не дейміз? Өзін жер кіндігі сезінген партиялық функционердің шексіз шаттанып, бір басына үйіп-төгіле тиген марапаттар мен атақтардан бас айналуы ма? Әлде елу жастың өріне көтерілерде ойлау қабілетінің азғандығы ма? Әскери көршілер семейліктерге қуаныш емес, сан ғасырлық шер мен бейнет әкелгенін ол неліктен тәрк еткен? Амал не, 1970-78 жылдарда Семей облысының бірегей билеушісі болған Н.Е. Морозов ядролық полигон мен ВПК (әскери өндірістік кешен – М.С.) бастықтарына тұрғын халықтың радиация залалынан шеккен зардабы мен соларды емдеу, иә тұрмыс күйтін оңдау турасында бірде-бір хат та, ұсыныс та жолдамаған. Ауызша да ескерттім деген лебіз де кітабында жоқ. Нак сондай ресми хатты біз облыс мұрағатынан кездестірмедік.

Н. Морозов Мәскеудің «Новые Черемушки» баспасы 2002 жылы жарыққа шығарған «Горькая правда» аталған кітабының 184-бетінде (осы басылымның соңғы бетінде кітапты басып шығарушы «Семей баспаханасы» деген аңдатпа бар, бұл да оқырман үшін – жұмбақ жайт) өзі туып-өскен Қазақстанның байырғы халқын, оған қоса күллі Азия тұрғындарын *«Жаратылысында бәрі де зулым, жалған жарамсақтыққа бейім әрі пейілі тар, білім-танымы жұтаң нәсілдер»* деген сипаттама арнап, баяғы патша заманындағы әсіре ұлтшыл кадет партиясының «қаражүздіктер» тобы өзлеріне ұран еткен ұрдажық тұжырымды қайталаған.

Николай Ефимович «Ащы шындық» кітабының 23-бетінде мынадай да танданарлық әрі мәні оғаш пікір айтады (Саяси мәнін бұзбау үшін автордың сол ойын қаз қалпында келтіремін):

*«На мой взгляд, Ленин и Сталин допустили величайшую ошибку в устройстве многонационального государства, они не прогнозировали и не учли его последствий. Кремлевские вожди оставили нам национально-территориальную бомбу, которая уже сработала в СССР и Югославии и дальше будет взрывать мир. Если бы создатели СССР не выгораживали национальные республики, автономные области, а сохранили бы губернии наподобие американских штатов, на территории которых проживают все нации и народности, не появилось бы таких надуманных государств, как Казахстан, Татарстан, Башкортан, Киргизстан и т.д. Не было бы и нынешних территориальных притязаний, непродуктивных суверенитетов, разваливших экономику единого государства, сделав нищими народы, а главное, не было бы основы для межнациональной розни и братоубийственных войн. И это – горькая правда...».*

Мәні кереғар әрі мейілінше сорақы екі сипаттама да, ескерту парыз, екі жыл бұрын жариялаған «Взгляд в прошлое» кітабында жоқ. Сірә, Николай Ефимович жерлестері мен байырғы достарын өзінен біржолата безіндірмеуді ойлаған. Бұл да Н.Е. Морозовтың екіжүзді адам екенін көрсетеді. Амал не, сөйтуінің себебін одан енді сұрай алмаймыз, қазірде ол ана дүниенің адамы (Осы туындыға мадағы мол алғысөз жазып, басылым қаражатын көтерген жанкүйер – семейлік азамат, кезінде өзі ерекше қолдап, комсомол мен партия жұмысына тартқан сүйікті шәкірті Мәркен Жақияұлы Шайжүнісов).

Н.Е. Морозов Ертіс жағасынан аттанған соң Ақмола облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып тоғыз жыл еңбек етті. Сол жылдарда, әсіресе соңғы кезеңінде ол өзі бекем ұстанған антикоммунистік (яки «қаражүздік-ка-



деттік») пиғылын ерекше үдетіп, сол өңірдегі казак қайраткерлерінің енбегі мен беделін қасакана елеп-ескермей, үнемі ашық түрде тұқыртумен әуестенген, кейбіреулерін дорекі түрде қудалаған және биік мансабына сиыспайтын маскара да күйкі қылықтарға үйір болған (мысалы, өзінің және әйелінің туған күндерінде бағынышты қызметкерлерден қымбат сыйлықтар қабылдаған, о да бір сәрі, шаруашылық жиындарда жасаған баяндамаларын жергілікті газеттерге жариялатып, сол үшін де үстеме нарықпен бағаланған қаламақылар алған). Осынау пасық қылықтары бюро мәжілісінде арнайы талқыланып, сол сынды бастаушы – облыстық атқару комитетінің төрағасы Қ.А. Тауқенов (обком секретарының маскара қылықтарын нақты айғақтармен әшкерелеп, ал КПСС ОК-іне арнайы хат арқылы әшкерелеуші – Целиноград қалалық партия комитетінің бірінші секретары В.П. Осипенко). Соңғы хат бойынша Мәскеуден арнайы комиссия келіп, коммунистке жат әрі аса жоғары лауазым иесінің мәртебелі құзырымен қабыспайтын сорақы оқиғалар расталған соң ақталуға амалы қалмаған Н.Е.Морозов «денсаулығының күрт төмендеуіне байланысты» деген жалған сылтаумен арыз берін (анығында бұл – КПСС ОК комиссиясының жетекшісінің партия беделін сақтау мақсатында ойлап тапқан амалы), зейнетке шығып, іле-шала Мәскеуге көшкен...

Н.Е. Морозовтың «Өткенге көзқарас» кітабында «Кенес Одағындағы ен жас, яки 55 жасында «одақтық зейнеткер» атанған себебін жұртқа түсіндіруіне зер салыңыз: «Мәртебелі қызметімнен кенеттен босауым – Қазақстан коммунистерінің XVII құрылтайында (1986 ж.) мәскеулік партия шенеуніктері өзіне «Д.А. Қонаевтың диктаторлық қылығын аяусыз әшкереле» деген ұсынысын тәрк еткенім үшін осындай «жаза» тарттым...» – деген түсіндірмесі қаншалықты иланымды екенін шамаланыз...

АНДАТПА: Осынау мәні аса өрескел айғақтарды, қадірменді оқырман, әсіресе саяси құлдилауы аса жиренішті оқиғаларды мен ойдан шығарғам жоқ, сол жайттар Қ.А. Тауқеновтің «Память» атты естелік-эссе түрінде жазылып, орыс тілінде жарияланған деректі кітабының («Арай» баспасы, Астана, 2004 ж.) 178-214 беттерінде егжей-тегжей баяндалғанын ескертемін. «Арада көп жыл өткен соң, 2000 және 2002 жылдарда жарық көрген өмірбаяндық кітаптарында ол өзін жайсаң адам етіп, коммунистік партия жолын өмір бойы адал ұстаған айбынды күрескер ретінде көрсетеді. Семейлік жерлестері сол үшін енбегін ардақтап, тірі кезінде-ақ Семейдің орталық бір көшесін өзінің есімімен атағанын мақтана жазыпты. Не дейміз? Сірә, адал перзенттерін ардақ тұтып. Морозовтай арамза шовинистерге, жалған коммунистерге лағнет айтатын уақыт алда деп білемін...» – деген уәж айтыпты Қасым Аппасұлы өмірбаяндық кітабының 271-бетінде.

Осы тұжырымды біз де құптаймыз. Ешкімге бұрмалауды, ешқандай жалғандықты білмейтін шынайы таразы – УАҚЫТ бұл іске де әділ төрелік айтады деп сенемін!..

\* \* \*

1978 жылдың жазында Семей облыстық комитетіне бірінші хатшы болып, ауылшаруашылығының кәнігі маманы Аманолла Ғабдолқайұлы Рамазанов сайланды. Павлодар облысының әскери полигонға ұрымтал орналасқан

Ақкөл және Жәміш кеңшарларында мал маманы, сонынан директор болып шындалудан соң облыстық басқармаға жетекшілікке көтерілген азамат. 1967 жылы Қазақ КСР ауылшаруашылығы министрінің орынбасары, Шымкент облыстық партия комитетінің 2-ші, 1972 жылдан беріде бірінші секретары болып еңбек еткен. Кейбір таныстарымның айтуынша, «жымиып отырып, ұнатпаған кісіні мақтамен бауыздайтын жымысқысы мол Морозов емес, нағыз істің адамы-мыс...».

Семей облысының ахуалы сол жылдары ерекше ауыр еді. Ауырлығы сонша облыстың екінші, үшінші лектегі басшылары күллі республика территориясының егінжайын аралап, сабан жинаған. Мысалы, 1982 жылдың күзінде Абай, Шар, Көкпекті, Ақсуат аудандарының директорлары өздеріндегі мал басын қайткен күнде сақтау үшін ту батыс шептегі Жайық өңіріне барып, сабан тартумен айналысты. Пойызбен жеткізілген сол сабанның 10-15 кг. әр бумасы қаншаға түскенін шамаланыз! Бір кезде өзін-өзі асырайтын, республика бюджетіне де шама-шарқынша қаржы құятын аймақ жыл сайын миллион сомдап көмек алатын көтерем жағдайға тап болды. Сол ділгерлік 1960 жылдарда басталып, бертінде жиі қайталанып, ауылшаруашылығы өнімдерінің түсіміне байланысты бірде қонайып, бірде азайған мезі тірлік неше мәрте қайтalandы. Ең ғажабы, сол істі облыс басшыларының оралымсыздығына сайып, жиын сайын сылқита соғу үйреншікті дағдыға айналды. Шындығында сәттілік пен сәтсіздіктер – ауа райына байланысты. Рас, кей жылдары жанбыр шелектеп жауып, аздаған егіміз бітік шығып, мал азығы да мол жиналған сәтті жылдар да окта-текте кездесті. Амал не, малға жайлы жылдар сиреді. Оның есесіне төрт түлік жұтаған жылдар жиіледі...

1982 жылдың күзінде Аманолла Рамазанов мәртебелі қызметінен аласталды. Сол мәселені қараған пленумда Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші секретары О.С. Мирошкин КПСС ОК-нің Семей обкомының жұмысын өткен айда тексерген комиссияның тұжырымын жұртшылыққа жария етті: «Бірінші секретарь бюро мүшелерінің ой-пікірімен санаспай, өзiмбiлемдiкпен дәрекi мiнез көрсеткен, бiлiм-танымy төмен, мәдениетi таяз. Нәтижесiнде облыс экономикасы соңғы төрт жылда өсу орнына күрт төмендеген. Сөйтiп, үлкен облысты басқаруға дәрменсiздiк аңғартқан. Сондықтан да бiз, Орталық Комитетте ақылдасып, Рамазанов жолдасты Семей облысындағы мiндетiнен босатуға шешiм қабылдадық...» – деген-дi.

**ЕСКЕРТУ ПАРЫЗ:** Семей облысын басқарған төрт жылда А. Рамазанов «Әскери полигонның» ел мен жерге келтірген орасан зор зардабы туралы Мәскеу, иә Алматыға наразылық хат жолдап, неше түрлі ауыру дендеген қалың елдің мұң-шерін жоқтап, зиянды жарылыстарды азайту жөнінде немесе халық тұрмысын оналту үшін азық-түлікпен молырақ жабдықтау турасында ешқандай мәселе көтермеген...

\* \* \*

1982 жылдың қоныр күзінде Семей облыстық партия комитетін басқаруға Сағидолла Құбашевтің келгенін естідік. Атыраудың тумасы, колхоз бас-

тығынан Н. Ондасыновтың ұсынуымен бірден-ақ облатком төрағалығына көтерілген пысық қайраткер-мыс. Бізге дейін Қызылорда облысында облатком төрағасы болыпты...

Сол жылғы қараша айында облыс жеріне қар мол жауып, боран да түтеп, аяз бүре бастады. Жағдай күрт ауырлап, жаңа хатшы қатер төнген аудандарды аралап, арнайы штаб құрып, едел-жедел шаралар қолданған. Мінезі ешкімге дес бермейтін, кешірімге жоқ катал кісі екен деген дақпыртты да естідік. Обкомдағы көзтаным қызметкерлердің айтуынша, өзінен бұрынғы хатшы құсап кабинетте құздып отырмайды. Бәр-бәрін өзі көріп бұйыруға бейім. Қысқасы, айбары ерен, сөзді де үйіп-төгіп айтады. Кінәліні көрді ме, бірден жазалайды. Бірер кеңшар директорын босатып, қатаң жазалаған-мыс...

Бірінші секретарь алғашқы кезекте аудандарды аралайды, облыстық басқармалардың басшыларымен танысады. Мен сияқты портфельсіз желбегейлер әдеп сақтап, жаңа секретарьмен танысуға аса асықпадық. Әдетте әдеби бөлімшенің жауапты секретарын идеолог-хатшы болмаса, бірінші секретарь аса керек те етпейді.

Уақыт түскі үзіліске таяған мезгіл еді. Обкомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Сержан Рамазанов ағатайым телефон шалды.

— Медеу, сағат 14-те бізге келгін. Сені бірінші секретарьдың өзі іздеп отыр... — десін.

Секеннің мінезі әскери адамға ұқсас. Соғыс жылдарында Балтық флотының атакты «Киров» крейсерінде мичман дәрежесімен азаматтық міндетін атқарып әрі комсомол ұйымының секретары болған майдангер. Соны өзі мақтан көретін-ді, партия жұмысын да тақ-тұқ атқаратын тақуа кісі. Сол әдетіне бағып ештеңе түсіндірген жоқ. Бейтаныс секретарьдың іздеуі — мен үшін жұмбақ. Портфельіме мәскеулік «Сәтбаевтың» бір данасын салып, обкомға келдім.

Сержан ағатайым қабылдау бөлмесінен қарсы алып, төрдегі кабинетке де бірге кірді. Хатшыға таныстырды. Портфельімнен «Сәтбаевты» суырып, «Ертіс өңіріндегі мәртебелі қызметіңіз қайырлы болсын, Абай елінде қордаланып жатқан проблемалар жеткілікті...» — деген сипатта тілек айтып, кітабыма да сол ойды жазғанмын, еңбегімді ұсындым. Хатшы «Сәтбаевты» қолына алып, бірінші бетін ашып, қолтаңбамды оқып:

— Медеу інім, бұл кітабыңызды мен төрт-бес мәрте оқыдым. Қанекен атағына лайық туынды. Сыйыңызға рақмет! — деді.

Автор үшін бұл — таңғаларлық лебіз! Әсіресе мемлекет қайраткерлерінен осындай мадақ лебіз есту. Кітап оқымайтын, кейбір басылымдарды сән үшін жиятын шенеуніктерді де кездестіргенмін. Сөйтсе де неге сөйттіңіз деп сұрамадым. Бой сақтадым. Өйткені, кең үстелдің беті толған қағаз, әртүрлі анықтамалар. Бірінші секретарьдың активке дайындалып отырғанын Секен ескертіп, бостағай сөзге түспе, шақырған шаруасына ғана жауап бер деп пысықтап кіргізген.

— Ғабиден Мұстафин ақсақал алдағы қараша айында сексен жасқа толады екен. Анатолий Семенович екеуміз Жазушылар одағынан шақыру алдық. Біз

енді оған бара алмаймыз. Облыс еңбекшілерінің атынан құттықтау хат алып, Алматыға барып қайтсаңыз қайтеді?..

— Хат дайындау киын емес, Сәке. Бүгін-ақ Секен екеуміз әзір етеміз. Өзім де шақыру алдым. Ақсақалды білемін, үйінде де талай мәрте болғанмын... — деп көмейдегі сөзімді жұтып, хатшыға қарадым.

Бөгелген себебім биылғы жазда Ғабит Мүсірепов ақсақал сексенге келіп, құттықтау хат дайында деген идеолог хатшы Т.Я. Хряповке: «Шапан керек, құрғақ құттықтаумен бармаймын!..» дегенімде, Тимофей Яковлевич үстелді тықылдатып: «Осындай феолализмді қашан қоясын, шапан берілмейді!» — деп жеку естіртіп, ақырында сол іс құрдымға құлаған-ды. Ғабен тойына өз шапаныммен барғамын...

— Ойыңызда бірдеме бар ма? Айтыңыз... — деп жымыды хатшы.

— Құттықтау хатқа қосымша деген рәсім бар. Ғабекен де сексенге күнде келмейді...

— Ойыңыз дұрыс! Мұхаң мен Сәбиттен кейінгі, ортамызда отырған манғаз екі қартты сыйлағанмыз жөн. Немене апарасыз?

— Оқалы шапандарды басқа облыстар апарады. Ал, біз өзіміздегі тері комбинатының дубленка тонын апарсақ — ақсақалдың көңілінен шығар едік. Ол тон басқа облыстарда жоқ, ерекше қат дүние... — деп сөздің төтесіне түстім.

Бірінші секретарь ішкі телефон арқылы облатком төрағасы А.С. Еременкомен сөйлесті. Анатолий Семенович тиісті қаржыны аударуға келісті.

— Ақсақалдың бой үлгісін білесіз бе? Тонның түсін, тауарын өзіңіз танданыз. Әрине, ең қымбатын. Тері комбинатының директоры Ермаков тапсырма алды, екі күнде дайын етеді. Сол сыйлықты Одақта, иә театрда бермей, ақсақалдың үйіне апарып, онашада тапсырыңыз. Семейдің тонына қызығушылар тегінде көп...

— Тура солай етемін... — дедім. — Ғапу етіңіз, көкейімді бір сұрау мазалап тұр. Әлгінде менің кітабымды төрт-бес мәрте оқыдым дедіңіз. Нендей себептен?..

— Сірә, одан да көбірек оқыған шығармын. Алматыда менің туған бажам бар, түп негізі — абайлық азамат. Әкесі жазушы болған, «Қыз көрелік» деген романы, аты да ғажап емес пе, төңкерістен бұрын жарық көрген. 1937 жылдың зобаланында жер жастанған қаламгер. Есімі — Тайыр Жомартбаев. Сіз сол марқұмды кітабыңыздың бас кезінде Қанекенмен оқытушылар семинариясында бірге оқыған депсіз... Жә, токетерін айтайын, бажам үйіне шайға шақырған сайын сіздің «Сәтбаевты» қолыма ұстатып: «Менің «Халық жауы» бабымен атылған әкемді мына жазушы қайта тірілтіп, Қаныш ұлының досы етіп көрсеткен. Жолы болғыр, осы деректі, сірә, семинарияның мұрағатынан суырған, Ал, біздің абайлықтар әкемнің кім болғанын білмейді...» — деп кітабыңызды неше мәрте оқытты.

— Рақмет, Сәке. Қаламгер үшін мәнді әңгіме!.. — деп орнымнан тұрдым.

Семейліктер сыйлығын Ғабиден ағайға үйінде тапсырдым. Тура өзіне пішкендей дәл шықты. Әрі жеңіл, әрі жылы. Ақсақалдың өзі де, жеңгей де, бала-шағасы да риза бо-

лып, рақмет айтты. Үйінде қонақ болып отырғанда Сағидолла Құбашұлының ортамызда жүрген екі ақсақалды құрметтегеніміз жөн деген лебізін айтып едім, Ғабиден аға ерекше елжіреп:

— О, жақсы айтқан екен, Сағидолла інімді көптен білемін. Бір жолы Гурьевке жол түсіп барғанымда, балық аулайтын колхоздың бастығы екен, «Жылда келетін қонақ емес-сіз» деп, өзінің қатерімен теңізге алып шығып, қонақ етті. Әңгімесі түзік, әдеби шығармаларды көп оқыған, өзіндік ой-талғамы бар оқырман. Медеужан, саған да рақмет! Ғабит ағаң мынау қымбат тонды көргенде қызғаныштан шашын уыстап жұлады. Семей оған тон қайда, құттықтау да жіберген жоқ. — деп көл-көсір ризалық білдірді...

Сағидолла Құбашұлымен таныстығым осындай кездейсоқ жағдайда өрбіді. Ертіс жағасында еңбек еткен төрт жылда сол сыйластық үзілген жоқ. Жұмыс жайына қарай әртүрлі әуенде жалғасты. Рас, ол кісіге мен өз шаруаммен сірәда барған емеспін. Барғандай жұмысым да болмады.

Сөйтсе де шешуін таппаған бір істі тарқатайын...

1983 әлде 1984 жыл ма, нақты мерзімі есімде жоқ, жаз күндерінің бірінде мені бірінші секретарь шақырды.

— Алматылық жанкүйер бір азамат ерекше өтініп, қозғау салған соң мен біраз ойланып, осындағы кейбір жолдастармен ақылдасып, бір істі бастауға қам жасадым... — деген кіріспемен папканы ашып, машинкаға басылған құжатты маған ұсынды.

Абай аупарткомы бюросының хаттамасы. «Біздің ауданның территориясынан бұрынғы Абыралы ауданын қалпына келтіру туралы» деген анықтама сөз көзіме оттай басылды. Хаттамада Абай ауданының Қайнар, Абыралы, Ақбұлақ, Қызылту және Саржал кеңшарларын өзара көсіп, Абыралы ауданын қайта құру мәселесі талқыланып, осы ұсынысты бюро мүшелерінің бірауыздан мақұлдағаны айтылған. Бес шаруашылықтың малы мен жан басы, қазіргі халкүйі, орта мектептер жұмыс істейтіні, мәдени шаралар атқаратын орындары жеткілікті екендігі және кәсіби мамандар да бар деген ақпарлар тәптіштеп баяндалған. Бес шаруашылықтың жер көлемі мен экономикалық мүмкіндіктері нақты деректермен өрнектеліп, жаңа ауданды аяғынан тік тұрғызатын білімі, рухани, мәдени деңгейі айтарлықтай жоғары кадрларға ие екендігі айтылып, облыс пен республика үкіметі тарапынан тиісті көмек жасалса — қайтадан шаңырақ түземек Абыралы ауданының іргесі бекемделіп, Семей облысының 15-ші ауданы атанып, төрт түлік мал басын қауырт көтеріп, өңір экономикасына қомақты үлес қосатынына сенім білдірген... Бюро ұсынысының ту басына «Күпия» деген аңдатпа сөз жазылған құжат жадым түкпірінде жатқан шерді қозғап, ойымды сан сакка бөледі. Алайда, сол хаттаманың соңғы тармағындағы одағай ұсыныс бастапқы әсерімді тас-талқан етті. Ол болса жана ауданның әкімшілік орталығына Саржал елді мекенінің аталуы. Сөйтуге және иланымды дәлел айтылған: Саржал ауылы — Семейден 150 шақырым жерде, асфальт төселген даңғыл жолға ие, демек сол жайт та аудан кеңселерін, тұрғын үйлерді, өзгедей де іргелі құрылыстарды қала үлгісінде салуға мүмкіндік туғызатын басты фактор делінген...

– Жә, не дейсіз? Абыралы ауданының тумасы екеніңізді білемін.

– Бұл іс әбден қордаланған мәселе. Абыралы ауданының тарағанына отыз жыл болды. Көп-көрім тарихы бар, даңқы да зор, көптеген ірі қайраткерлер шыққан, білімпаз азаматтары, ғалымдары мол іргелі аудан еді. Соны енді қайтадан құрып, іргесін бекемдесеңіз, Сәке, сізге де үлкен абырой болады. 1980 жылы республика үкіметі бірнеше облыста тыңнан аудандар ашқанда, Семей облысына да бір ауданды қосымша ашуға нұсқау түскен-мыс. Абыралы ауданын сол жылы-ақ мынадай жобамен құруға мүмкіндік туып еді. Амал не, біздің сол кездегі басшымыз Аягөзден бес, Үржардан екі шаруашылықты бөліп алып, Таскескен ауданын құрды. Іргелі екі ауданның, әсіресе Аягөздің экономикасы күрт төмендеді. Үржар да жетісе қойған жоқ. Ал, әскери полигонның зардабын мейілінше тартып, әбден сорлаған Абыралы ауданын тірілту туралы Аманолла Ғабдолқайұлы кәперіне алған жоқ. Мен сол мәселені есіне салып, кабинетіне арнайы барғанымда ол тыңдағысы келмей, терезе жаққа бетін бұрған-ды. Иә, сол кісіде сондай да дәрекі әрекет болатын. Ал, Таскескен ауданын тыңнан ашуды, естуімше, ешкіммен ақылдаспай бір өзі шешкен. Сол ауданның жағдайы ә дегеннен оңған жоқ, үш жылдан кейін нендей кесепатқа тап болғанын өзіңіз білесіз...

– Абыралыны сол жылы қайтадан құру мәселесін Аманолла Рамазановтың көтермегені – әлбетте өкінішті жайт. Оны енді түзете алмаймыз, Таскескен ауданын да қателестік деп тарата алмаймыз. Сол ауданды құруға қаншама шығын жасалды... – деп хатшы басын шайқады. – Ал, Абай ауданының территориясы орасан үлкен, мысалы, Архат пен Қайнардың арасы – үш жүз шақырым. Көлденені де соншама. Ал, сол ауданға үлкен бес шаруашылықты беріп іргесін бекемдесек, жата жастана бұрынғы Абыралы ауданының мол жерінен қосымша бірер шаруашылық ашуға болады...

– Осы ойыңыз маған ұнайды, Сәке. Ең бастысы, өмірден өшті дескен ауданды қайта құрып, бір кезде жасалған зор қиянатты түзетесіз. Көкшетау тауының бауырынан бір совхоз ашылса, сол таудың арғы бөктерінде тыңнан құрылған «Енбек» және «Прогрес» совхоздарынан, Егіндібұлақ пен Қарқаралыдан да талай абыралылықтар туған еліне қайтып оралады. Бұл енді тарихи оқиға!..

Сағидолла Құбашұлы кенет сөзімді бөлді.

– Сонымен, бұл ұсынысты құптайсыз ба? Сізді маған алматылық ағаларыңыз ел тарихына бейжай қарамайтын жанкүйер деп сипаттады.

– Құптағанда қандай, қажет деп білсеңіз, сізге нақ осы мәселеде еңбек ақысыз кеңесші болуға әзірмін. Тек... – дедім. – Мына құжаттың соңғы тармағы маған ұнамайды. Абыралы ауданының тарихи орталығы – Қайнар кенті. Бағы қайтқанымен, өзіңіз алғаш көргенде сол мекеннің табиғи көркіне қатты сүйсініп, жалғыз көшесіне асфальт жаюға да көмек бердіңіз. Абыралы ауданын құру керек, Сәке, орталығы тек қана Қайнар болуға тиіс. Бұл да тарихи әділдікті жаңғырту болады...

Бірінші секретарь кенет басын шайқады. Орталық жөніндегі ойымды жаратпағанын аңғардым.

— Саржал кенті полигонның сынақ алаңдары орналасқан Балапан мен Дегелеңнен небәрі 40 шақырымдай жерде. Сол себептен де Саржал ауылы мен оның айналасындағы мал қыстақтары радиация әсеріне көбірек ұшырап, неше түрлі кесепатқа белшесінен батқан, қасірет-соры басқалардан он есе артық бақытсыз мекен. Саржалда үш мың адам тұрады, солардың 800-і радиация дертіне шалынған. Соған илану үшін 4-диспансердегі жабық деректермен танысыңыз. Жыл сайын ажал құшатын немесе аққан ауруы мен асылып өлетін жасөспірімдері ең көп — саржалдықтар екеніне иланасыз. Сол мекенге Абыралы ауданының әкімшілік орталығы орнаса адам саны екі-үш есе өседі, демек өлім құшқандар да сонша есе көбейеді... Шынымды айтайын: менің қолымда билік болса — совхоздың қазіргі орталығын, барлық жан иелерін, орта мектебін де Шыңғыс бөктеріне көшірер едім. Ол болса қауіпті аймақтан едәуір қашықта... Ал, мына қаулыда жазылған Саржал ауылы Семейге ұрымтал деген желеу — әншейін бопса, жергілікті жанкүйерлерден туған қияли ой, туған елінің келешек тағдырына ойланбай, қатерге көз жұмған бұрмалау. Бір деңіз. Екінші, сол мекен жаңа ауданның күншығыс шетінде, қалайша ол орталық болады? Қайнардан — 120, Көкшетаудан — 180 шақырым жерде. Өзге ауылдар да одан едәуір қашық. Мысалы, Абыралы мен Ақбұлақ кеншарлары бір жүз шақырымдай. Сондықтан да бұл ұсыныстың ұтымдылығына шүбәм көп. Ал, Қайнар кенті, өзіңіз де білесіз, Семейден небәрі 270 шақырым жерде, жүрдек автомобильге бұл бес сағат жүріс, Саржал мен Қайнар аралығындағы тас жолды тек жөндеу керек!..

— Сонымен, абайлықтар ұсынысын толық қолдамайсыз?..

— Ауданды құрыңыз, Сәке. — дедім. — Тек бұрынғы шекарасы бойынша, Қайнар кенті әкімшілік орталық болсын. Ескертер бір жайт: Абыралының үш колхозы 1955 жылғы үкімет жарғысы бойынша Қарағанды облысына берілді. Сол шүлендікі жасаған республика үкіметі емес, Семей облысының сол кездегі басшылары — Қойшыбаев пен Хасенов. Бұл туралы обком мұрағатында құжат бар. Абыралының байырғы жерін өзіне қайтару керек. Бұл да тарихи әділдік болады!..

Сағидолла Құбашұлы қайталап та, қадалып та айтқан соңғы ойымды жаратпады.

— О, жоқ, көрші облыстан жер сұрамаймыз... — деді бірінші секретарь маған түнере қарап. — Жарайды, ойыңызды білдім. Қажет десем тағы да шақырамын. Әзірше бұл әңгімені ішіңізде сақтаныз. Менікі — жоба ғана...

Қайыра шақырмады. Сірә, жоғарыдан «Әй, байқа!» деген ескерту естіді ме, әлде полигонның әлімжеттік ызбарынан сескенді ме? Қысқасы, Абыралы ауданын қайта құру туралы ізгі ой басталмай жатып сөнді. Мен де ол кісіні қайыра мазалағам жоқ. Демегенім — мәселені Алматыдан қозғаушы республика үкіметі емес, Абыралының жанкүйер азаматы, сол жылдары Қазақ КСР-ның Қаржы министрі болған Рымбек Сымақұлы Байсейітов екенін білетінмін. Рымбек ағай менің жоғарыдағы дәлелімді естігенде: «Мен де солай дегемін. Құбашовтың да қажыр-қайраты жетпеді. Сірә, үкімет тарапынан да құптау көрмеген, амал не?!..» — деп өкініш білдірді.

Сағидолла Құбашұлы бізде толық төрт жыл және екі ай істеді. Мінезі қатыбас, өз дегенінен сірәда қайтпайтын томырық адам екенін біздегі жел бағытын андаушылар, яки саяси ахуалды байқағыштар ескеріп, ығына жығыла еңбек ететін болды. Анығында бұл — сол күнде, қазір де үлкен «өнер». Семейліктердің сөйтуіне, сірә, бірінші секретарьдың дүйім елді қатты елендетіп, ерекше шошытып, Таскескен мен Ақсуат аудандарының басшылары мен бірнеше директорларын қатаң жазалап соттатуы, дүйім жұртты «апыр-ай» дегізген дөрекі шаралары түрткі болған тәрізді...

Қосымша ескертер мәнді жайт: төрт жылдан астам уақыт біздің елде болғанда С. Құбашов ядролық полигонның қызметіне сірәда араласпаған; жергілікті мұрағатта бірінші секретарь 4-ші диспансерден, иә денсаулық сақтау бөлімінен немесе әскери зона басшыларынан радиациялық ахуал туралы түсінік сұраған ешқандай дерек жоқ. Бұл енді Семей елін басқаруға тағайындалған қайраткерлер үшін ең сындарлы мәселе: жергілікті халықты әбден титықтатқан, полигоннан өрбіген ауыр зауалды олардың көрмеуі, сезінбеуі мүмкін емес; демек, соны қайткен күнде жеңілдету, иә тоқтату турасында ол кісі қам-қаракет жасауға тиіс еді; амал қанша, ондай мәнді әрекетке Сағидолла Құбашұлы бармады. Ел басшысының іскерлігі мен қадыр-құрметі тегінде осындай келелі іске қатысуы, иә қатыспауымен айқындалуға тиіс. Өйткені, бұл күллі Абай елінің, апайтөс Ертіс алқабындағы қалын жұрттың өмір сүру ділгерлігі, келешек тағдыры...

\* \* \*

1986 жылғы желтоқсан айында Сағидолла Құбашов Қазақстан КП ОК-нің екінші секретары болып сайланып, Алматыға аттанды. Естуімізше, оған республиканың басшы кадрларын саралау, таңдау саласы жүктелген. Бұл енді екінші деңгейдегі қызмет болса да — үлкен сенім!

КПСС ОК-нің Саяси бюросының осы таңдауы семейлік зиялыларды таңғалдырып, соған дейін қатардағы қайраткер саналған, экономикалық жағдайы жөнінен ең соңғы орындағы Семей облысының басшысына қалайша түсті деген күпті сауал ойландырғаны анық. Ал, сол кезде облыстық кадрлар мен министрлер ортасында, Орталық Комитеттің өзінде де жауапты жұмыста ысылған ондаған қазақ қайраткерлері бар-ды. Коммунистік жүйенің бұрынды-соңғылы рәсіміне жүгінсек — осындай аса жауапты һәм мәртебелі қызметке таным деңгейі, жігері күшті, алып республиканы басқаруға қажыр-қайраты мол әрі жасаң да азаматтар жеткілікті болатын. Құбашов болса орта деңгейдегі сұрқай топтың бірі және жасы алпысқа жақындаған кексе...

Сөйте тұра Мәскеудің таңдауы ең соңғы лектегі облыстың басшысына түсті.

Андауымызша, КПСС ОК-нің партиялық ұйымдастыру бөлімі Қазақстан атырабындағы қайраткерлердің бірқаншасының бас жұмыстарын суырып, арнайы тізіп, қысқаша сипаттама жасалып, Саяси бюро мүшелеріне ұсынылған. Ақырында Саяси бюро мүшелерінің таңдауы Сағидолла Құбашевке тоқтаған. Қазақы түйсікпен айтқанда, Сәкеннің



бак жұлдызы жарқырап алға шыққан. Семейлік кеменгер бір ағамыздың, әлбетте билік жүйесінде шашы ағарған партия қызметкерінің болжауынша, сол таңдауда өмір жолы, иә қызметі мен еңбегінен де бұрын Мәскеудің өйт-бұйт дегеніне Сағидолла Құбашұлының ешқашанда неге демей, Кремльден түскен нұсқауды бұлжытпай орындайтын «тәртіптілігі» шешуші рөл атқарған. Тағы бір ағамыз: «Республикалық бір құрылтайда, Сәкен жел бағытын аңдаған сияқты, Д.А. Қонаевтың әпербақан қылығын аяусыз сынауымен де ұпай түгендегені, сірә, КПСС ОК-нің инспекторларына ерекше ұнаған...» – деген де ой білдірді. Қысқасы, Орталық Комитеттің Мищенко сияқты шовинист функционерлері оған мінездеме әзірлегенде осы жайттарды еске алып, «Сенімді кадр, біздің нұсқауымызға негесі жоқ...» – деген уәжі шешуші рөл атқарған-мыс...

Өйткені, осы таңдау мәскеулік саясаткерлер Қазақстаннан сірәда күтпеген, күллі Одақ қауымын ерекше шошытқан 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларынан кейін іле-шала жүзеге асты. КПСС ОК-нің кезекті Бас хатшысы М.С. Горбачев Компартияның «барлық ұлттардың құқығы бірдей, ешқандай ұлы халық жоқ, күллі нәсілдер өзара тең...» деген тамаша қағидасын тәрк етіп, ұлан байтақ жер мен байлыққа ие, ауылшаруашылығы мен өнеркәсібі де өркендеген Қазақстанды басқаруға қазақтардан, иә қазақстандық орыстардан ешкімді көзіне ілмей, іздегісі де келмей, жадағай қайраткерсымақ, жалпы мәдениеті, білімі төмен Г.В. Колбинді таңдауы біздегі зиялылар көңілінде жабырқау туғызып, қарттарымыз, зиялы қауым емес, кілең қазақ жастары соған ерекше намыстанып, 17-19 желтоқсанда Брежнев алаңына (қазірде Республика) мың-мындап, ту көтеріп шығып, кезекті ресейлік келімсектің Қазақстанды билеп-төстеуге келгеніне наразылық білдірді, сол дүмпу КСРО тарихына қара бояумен жазылған қайғылы оқиға болып енді...

Амал не, Саяси бюроның қарабайыр мүшелері сол наразылыққа ойланған жоқ, жаңсақ шеімінін бұзуға ақылдары да жетпей, Г. Колбинге жәрдем берер екінші хатшыны қазақтан іздеп, сол адам Қазақстанды емін-еркін билеуіне жәрдем етуін, қолы қанға боялған Геннадий Васильевичтің беделін көтеруге тиіс қайраткер болуын шамалаған. Одан арғы жайт жұртқа мәлім: Сағидолла Құбашев Алматыға шақырылып, әрине, Мәскеудің де пысықтауынан өткені анық, республика партия ұйымының екінші басшысы атанып, билік тағына отырды. Бұл енді үкімет үйінің алдында өткен шеруде алматылық жастардың үш күн ұдайы жарыса қотерген: «Қазақстанды неге қазақ басқармайды?», «Қазақ қайраткерлеріне неліктен сенім жоқ?», «Әлде соған лайық қазақ коммунист бізде жоқ па?» деген заңды сұрауларларына Саяси бюроның нақты жауабы...

ЕСКЕРТУ: Сағидолла Құбашұлы осы міндетті небәрі біржарым жылдай атқарып, зейнетке шықты. Неге?.. 1998 жылы Семей қаласы өзінің іргесі көтерілуіне 280 жылы толуын тойлады. Сол тойға шақырылған құрметті қонақтардың санатында С. Құбашов пен К. Бозтаев бар еді, екеуі де зейнеткер, Алматыдан бірге келді. Осы тойға арналған банкетте мен екі зейнеткермен бір үстелде дастарқандас болдым. Үзіліс кезінде Сағидолла Құбашұлына: «Сәке, замандастарыңыздың бәрі өз өмірі туралы естеліктер жазуда. Мына Кешірім Бозтайұлы әскери полигонмен күрес туралы үш кітап жазды. Бұл да ел тарихы үшін керек іс. Сіз неге ғұмырнама кітап жазбайсыз?» – дедім. «Медеу інім, сондай еңбекке менің мүлдем ынтам жоқ!» – деп Сәкен басын шайқады. Әдеп сақтап үндемедім. Алайда, Кешірім Бозтайұлы: «Сәке, күллі өміріңізді жазбасаңызда, Алматыға ауысып, Колбинмен

аз уақыт болса да бірге жұмыс істеп, тек ұзақ отырмай, не себептен зейнетке кеткеніңізді халыққа түсіндіру қажет. Ел тарихының бұл күрделі кезеңі. Соны да күні ертең мына Медеу сияқты жазушылар қопара қазып, өзінше долбарлай бастайды. Сіздің естелігіңіз сол үшін керек, өзіңіз ғана білетін жайттарды түре жазыңыз...» – дегенде Сәкен басын шайқап, келіспеген шырай аңғартты.

Мен де тыныш тұрмай:

– Сіздің сол кездегі қызметіңізде көпшілікке мәлім емес құпиялар бар. Мысалы, сізді ауыстырған қайраткерсымақ інііңіз өзіміздің ұлт кадрларын аяусыз күйретті. Колбинді аяудың керегі жоқ, сөзі де, ісі де бұзық адам. Менің анық білетінім Әбекен ағай, әйгілі жазушы Әбілмәжін Нұрпейісовті айтамын, Колбин бізге келген соң шамасы бір жылдан кейін Мәскеуде болған жазушылар жиынында: «Қымбатты орыс достар, мен Ұлы Отан соғысында төрт жыл қан кешкен адаммын, қартаң майдангер, жазушы әрі туған халқымның жанкүйер азаматы ретінде сіздерден қиыла сұраймын, осы сөзімді Горбачевке жеткізіңіздер, даңғазасы мен өтірігі шектеусіз мол Колбинді бізден тезірек әкетуін өтінемін. Өйткені ол ел басқарудың қыбы мен сырын білмейтін өте дөрекі адам. Біздің халық оны қабылдаған жоқ, ерекше жек көреді...» – деген. Мен сізге, Сәке, осы жайтты әдейі айтып тұрмын. Сіздің сол уақыт жөніндегі естелігіңіз тарих үшін керек!..» – деп бастапқы ойымды тереңдеттім.

Содан кейін де Сағидолла Құбашұлымен мен Алматыда екі мәрте кездестім. Алғашқысы 1999 жылдың тамыз айы. Бәйбішем екеуміз Кешірім досымды жерлеуге барғанбыз. Марқұмды шығарарда Сағидолла Құбашұлы үйіне келіп, көңіл айтты. Амандасып, денсаулық сұрасқаннан өзге әңгімеге зауқымыз болмады. Екінші рет 2005 жылғы ақпан айында көрдім. Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов менің «Біртуар Бөкетов» кітабыма ғылым ордасының Кіші залында тұсаукесер өткізді. Соған жиналған көпшіліктің ортасында Сағидолла Құбашов та болды. Жиын соңында мен бірталай қатысушыларға қолтанба жазып, кітап сыйладым. Сәкен де менен кітап алып, «Жазар көбейсін!» деді. Содан кейін ол кісіні кездестірмедім. Естелік кітап жазыпты деген қауесет те естімедім.

Менің ол кісіге мәнді сауалым Ел тарихын түгендеу үшін керек жайт еді, амал қанша?!..

\* \* \*

Ядролық полигон тарихына қызметтері тікелей жанасқандықтан әрі қайғы-қасіреті мол Семей елін 1958-1986 жылдарда бірегей билеген М. Сужиков, С. Дәуленов, М. Карпенко, Н. Морозов, А. Рамазанов және С. Құбашовтың өмір жолын шола отырып, Ертіс жағасында атқарған азды-көпті қызметтерін біршама сындарлы көзқараспен сөз еттім. Барлық қаракетін, әсіресе игі істерін жіпке тізгендей екшедім, жеріне жеткізе даралап көрсеттім демеймін. Сөйте тұра ядролық полигон зардабын жеңілдетуге (әлбетте біржола тоқтату туралы батыл әрекетке баспағанын ешқайсысына салық етпей) әрбірінің түсінікті себеппен қам-қаракет жасағанын, иә жұмған аузын ашпағанын, ең болмағанда бізде сондай күрделі жағдай туындады деп үкімет назарына жеткізіп, дабыл қақпағанын мұрағат деректері арқылы баяндадым. Былайша айтқанда, еңбегіне қарай дөңбегі деген көзқараспен екшедім. Сайып келгенде осы жайттар сол қайраткерлердің азаматтық болмысын айғақтап, тарих таразысына тартқаны айқын. Маймөңкесіз айтқанда, мен үшін сол күндегі нақты қаракеттері басты өлшеуіш болды.

Төменде мен облыстық партия комитетіне әр кезде жолданған өздері және отбасы басынан кешкен ауыр жағдаяттарды, дүйім елді қамтыған қасірет жайында көз жасын төге отырып сөз еткен қарапайым еңбек адамдарының Семей обкомына жолдаған хаттарынан үзінділер келтіремін...

*«Семейде дүниеге келгенмін, 1936 жылдан тұрамын. Сынақ өткізілген күндері немерелерімнің келешегі үшін үрейлену әдетіме айналды. Өзім онкологиялық диспансерде операция жасаттым: көп жылдар бойы өзімді анамын деп ойлаушы едім, қазірде кім екенімді білмеймін... Қызымның аяғы ауыр. Жеті айдан асса да қатты алаңмын, өйткені соған дейін ол байғұс та бірнеше мәрте түсік тастады. Біздің қаланы азық-түлікпен жабдықтау өте нашар...»*

Е.И. Проскурина.

Абай ауданында тұратын Отан соғысы мен еңбек ардагерлерінен 20 адам қол қойған хаттан: *«Бұдан 36 жыл бұрын радиациямен уланып, тиісті үлесімізді шектеусіз алғанбыз. Сутегі бомбасы 1953 жылы сыналғанда Абай ауданының тұрғындары ерекше зардап шекті. Бір ғана Саржал аулынан 240 адам қаладағы диспансердің тізіміне ілігіп, медициналық бақылауға алынды. Ауданда қылтамақ, анемия, аллергия, жүйке аурулары көптеп тарауда. Нәрестелер жиі шетінейді, әсіресе, полигонға жақын жерлердегі мекендерде өзін-өзі өлімге қиған жастар саны көбеюде. Неге?..»*

*«О дүниеге көгенделген қозыдай болып топырлап аттанғымыз келмейді. Жер-ананы аялайық. Оны жарақаттан сақтасақ, біз де аман боламыз».*

Семейдегі «Комсомол» мөлтек ауданның тұрғындары жүзге тарта адам қол қойған.

*«Семей тұрғындары еденнің сықырлауы мен әйнектің шытынауына қарап ядролық жарылыстың қуатын қатесіз анықтайтын болды. Осы зауал қашан тиылады? Денсаулығымыздың нашарлауына кім жауап береді?».*

Н.М. Маркелова.

*«Жер-ананы қашанғы сілкілейміз? Мен де, күллі жұрағаттарым да жарылысты тоқтатуды өтінеміз. Қордаланған қару қоры бізді де, басқаларды да жер жастандыруға молынан жетеді...»*

Н.Г. Клименко. Зенковка солосы, Бородулиха ауданы.

*«Аты өшкір радиациядан екі ұлым, немерелерім және өзім де ауырумын. Осы хатты жазғанда демігіп, түншығып отырмын. Көзім қанталап, көз алдым бұлдырайды. 1955 жылдан беріде 11 туысым қылтамақтан, жүрек ауруынан ажал құшты. Болашағым қараң ба деп қорқамын».*

А.Б. Әлімжанова, Семей

*«Полигон басшыларының «сынақ жергілікті халықтың денсаулығына әсер етпейді» дегені өтірік, сол сынақтардан қаншама туысым шейіт болды. Адамдардың ажалын бір кезде «Халық жауларының» қастандығы деп түсіндіретін еді. Қазіргі үгіт те соған ұқсаған жалған сөз. Семей өңіріндегі елдің дертті екенін қалайша жасыруға болады?..»*

Г.М. Костенко, Семей қаласы.

«Полигонның кесірінен облыс аумақты жерінен айрылды. Суармалы жерлер, жайлауға шығатын қонысымыз тарылды. Жер бетіндегі жарылыс кезіндегі қарақошқыл ауа толқынын өз көзіммен көрдім. Соңғы кезде бес қабатты үйіміз шайқалатын болды. Ойда жоқта солар құласа қайтеміз?..».

Т.С. Есенов, Семей

«1956 жылғы жарылыстардан кейін анам сәуле ауыруына шалдықты. Көптеген үйдің қабырғаларында саусақ сыйғандай саңылаулар пайда болды, 20-мектептің жаңа үйінің пеші құлап, әйнектері сынды. Маған онкологтар ота жасады, кішкентай нәрестелерім шетінеді, ересейген балаларымның жүректері ауырады. Біздің аймақтың 40 жыл бойы қалшылдағаны жететін шығар. Сынақтарды тоқтату керек, қазірде солар семейліктердің жүрегін езуде...».

М. Юрченко, Енбек және Компартия ардагері

«Бізге берген түсінігінде полигон бастығы инертті газдар адамдардың ақыл-ойын өсіріп, денсаулығын жақсартуға ерекше әсер етеді-мыс деді. 40 жылғы сынақтар ядролық қарудың әскери адамдар мен жергілікті халыққа игі әсерін нақты зерттеуге мүмкіндік береді деп те желдей есті. Ядролық полигонға жақын тұру курортқа барғанмен бірдей дегенге сайды. Осы да дені сау адамның сөзі ме?..»

Н.А. Гайворовский, Семей

«Отбасымызда 6 адам қылтамақтан қаза болды. Өзім де ауырамын. Балаларым мен шеттей немерелерімнің денсаулығы ерекше алаңдатады...»

З. Жұмагелдина, Жанасемей ауданы.

«Ата-анам радиация таратқан аурулардан (қылтамақ, жүрек кесепаты) қаза тапты. Өзім де жүрек дертінен азап шегудемін. Сынағы құрғыр тоқтап, балаларым сау болса екен!..»

О.А. Дүйсекенова. Қарауыл

«Дамылсыз сынақтар салдарынан бірнеше жақыным фәнимен қоштасты, ұлым бала күнінен анемиямен ауырады. Дәрігерлер 11 және 9 жастағы кішкентай жиендерімнің жүректерінде ақау бар дейді. Үкімет бізді қашанғы дейін алдайды?..»

Л.М. Баймағанбетов. Семей облысы.

«Сынақтардың кесірінен отбасым түгел дерлік маңғу дертке тап болды. Ана ретінде полигонның жабылуын талап етемін»

К. Омарова. Жанасемей ауданы.

«Қауіп-қатер күннен күнге зораюда, телеэкраннан ақпанда берілген ауаға жайылған шаң-тозаңның аздығы жөніндегі мәлімдемеге сенбеймін. Балаларымның денсаулығы күрт нашарлап кетті. Бастары зеңіп, тез шаршайтын болды. Ерім екеуіміздің жұмыс істеу қабілетіміз төмен, ұзақ маужыраудан ертеңгілікте әрең сергіміз. Балаларымыздың болашағын ойласам-ақ көңілім айран-асыр бұзылады, осының бәрі төбемізден дүрсілдеген ядролық сынақтардың кеселі. Солардан айығатын күн бола ма?»

О.П. Русинова, Шаған поселкесі.

*«Жиі сілкінуден баспанамыз үйге ұқсаудан қалды. Қант ауруына душар болдым. Жақын-жуықтарым қылтамақтан қаза тапты. Балаларымның болашағына алаңмын, сынақтарды тоқтатуға күллі халықтың дәрменсіздігі өзегімді өртейді».*

Н.К. Оверченко, Жанасемей ауданы.

*«Менің отбасымда қылтамақтан төрт адам қайтыс болды. Екі нәрестем өлі туды. Жарылыстардан кейін денсаулығымыз күрт нашарлайды. Сол қатерге үрейлене қараймын. Алаңсыз болашақ үшін сынақтар тезірек тоқтатылса екен?!».*

С.Ж. Серғазина, Жанасемей ауданы.

*«Жақын-жуықтарымның бәрі де қылтамақтан мерт болды. Өзімді 39 жасымда ІІ дәрежелі мүгедекке шығарды. Әйелім 15 жыл бойы құрсақ көтере алмай жүр. Перзентсіз ата-аналар ерекше көбейді. Бұл да ядролық жарылыстардың нәтижесі».*

С.К. Дәулетбаев, Шұбартау ауданы.

*«1952-1955 жылдары Шаған бекетінде жұмыс істеп, сынақтарды түгел көрдім. Радиоактивті тозаңның астында өмір сүрдім. Үнемі ауырған соң әлсізбін. Ата-анам мен бір ағам қылтамақтан қаза тапты. Үйіміздің төбесі мен қабырғаларында жарықшақтар қаптап тұр, сірә, бір күні құлайды...»*

Н.Н. Лошкарев, Семей қаласы.

*«Сынақ күндері жаппай ауырамыз. Шашымыз түсуде. Ұлым тумасынан ауырып, тоғыз жасында опат болды. Тағы бір баламның ақыл-есі кемшін. Семей полигоны жабылмай бізге тыныш өмір жоқ».*

С.М. Тұмарбаева, Жарма ауданы

*«Жүрек дүрсілі бұзылып әрі қаны азайған әйелімнен айрылдым. 21 жасында қызым да жүрек дертінен опат болды. Біздің шағын ауылда 5-6 айдың ішінде 20 адам қайтыс болды. Сынақ тоқтатылмаса ауылда тірі жан қалмайды. Меніңше, полигонды қауіпсіз деп насихаттаушыларды жауапқа тарту қажет. Досжар көршімнің қолына тинәмдей сүйел шығып еді, бір жылдың ішінде қайтыс болды. Өмір бойы ауру-сырқаудан бас көтермейтін өксікте өтеміз бе осылай?!»*

Т.Х. Хасенова, Белағаш селосы.

*«Жер бетіндегі ядролық жарылысты көзімен көргендер бізде көп. Обыр ауруының көптеген түрлеріне ұшыраған, ана құрсағынан кемтар боп туған балаларды да көрдік. Дәрігерлер семейліктердің басқа жерге қоныс аудармағаны жөн деседі.*

*Біздің облысты бірінші категорияға неге ауыстырмайды? Неге біз құдайы көршілеріміз өскемендіктерден, иә павлодарлықтардан кем саналамыз? Біздің жаратылысымызда кемдік бар ма?...»*

С.Г. Венгеров, Семей қаласының байырғы тұрғыны.

*«1958 жылғы барлық сынақтардың куәгерімін. Мені сәуле ұшқындары шырмады. Таныстарым да құтылған жоқ. Қанша емделсек те айығу бізден алыс сияқты. Үкімет қамқорлық жасамайды. Біржолата ұмытты. Ауыру адам кімге керек? Ауыру қалпымен сегіз баламды қалай асыраймын? Полигоны құрысын! Бейбіт заманға не жетеді?!».*

К.А. Ахметов, Кенжебай ауылы, Жанасемей ауданы.

*«Мен сүтегі бомбасының 1953 жылғы сынағын өз көзіммен көрдім. Көргенім құрысын, содан бері ауыруым. Көптеген туысқандарым, шешем де дүниеден ерте кетті. Төрт балам бір жасқа жетпей шетінеді. Полигон маңайындағы халықтың денсаулығын үкімет қашан ойлайды?..»*

Ж. Рақымов, Жанасемей ауданы.

*«Сынақтан соң тынысым тарылып, күні бой өзімді дәрменсіз жан сезінемін, ұйқы басады. 1969 жылдан демікпе сырқатымен ауырамын».*

Н.В.Родионова, II топтағы мүгедек, Семей қаласы

*«Біздің қаланың барша тұрғындары сияқты күнімнің санаулы екеніне күмәнім жоқ. Ертеңгі күнге сенім болмаған ит тірлік кімге керек? Ядролық сынақтардың зардабы 50, иә 100 жылдан соң білінбесіне кім кепілдік бере алады? Менің замандастарымның осыншама азабы үшін кім жауап береді? Қай қырынан қарасаң да полигон біз үшін молаға айналды. Сынақтар тоқтамай тегінде күн шықпайды...».*

Ж. Кішкентаев, Семей қаласы.

*«Шиеттей нәрестелер шетінеуде. Обыр және басқа да жұқпалы ауырулар жаппай тарауда. Сынақ кезінде ересектер түгілі балалар да өзін сырқат кісідей сезінеді. Еңсесін көтере алмай бұйығы қалыпта болады. Қан қысымы көтеріліп, басым жиі ауырады. Дәрі-дәрмек жетпейді, тамақ та әлсіз...»*

Р.М. Қайырханова, Семей қаласы.

*«Сынақтан соң су құбыры істен шығып, құдықтар, су тұмаларының көздері сарқыла бастайды. Көптеген бұлақтар мен өзендер қу тақырға айналды. Қуаңшылық жайлауда».*

Т.Д. Бақыбаев, Абай ауданы.

*«Хиросима, Нагасакидің шерлі тағдыры бізді де шалып жанымызды шошындырды. Қасірет бұлты төбемізден төнбесе екен. Қайталанбасын, Хиросима! Естілмесін жарылыс, үркітпесін тіршілік көгершіндерін! Семей полигоны — қазақстандықтардың ғана қасіреті емес, бүкіл еліміздің жан жарасы. Жер-Анаға түскен қарадақ. Сол қара дақты түп-тамырымен қопара жұлып тастайық!..»*

Қаршыға Зияшева, II-сынып оқушысы, Егіндібұлақ ауданы, Қарағанды облысы

*«Қауіпті сынақтар неге тоқтамайды? Балаларым түгел ауыру, төрт туысым обырдан қаза тапты. Айналамды қоршаған табиғат өзгерді. Өсімдіктердің өсуі баяулады. Бәрі де құрып қалғыр сынақтан...».*

Б. Сұлтанбекова, Жанасемей ауданы.

*«Денсаулығым күннен күнге нашарлап әлсірей бастадым. Қызым лимфосаркомадан 1987 жылы қайтыс болды. Жарылыстар дүниені бүлдірде. Тыйым салынсын!..»*

О.Г. Гамаюрова, Бесқарағай ауданы.

*«Ұлы Абай мен Шәкәрімнің кіші Отаны,  
Бұл Арқада Мұхтар өскен, Мәди өскен от әні.  
Дірілдеткен сынақ болмай тербеген,*

*Тәттімбеттің тәтті күйі даланы,  
Дегендейін жер астынан жік шықты,  
Қақ айырып тылсым мына тыныштықты,  
Қырық жылғы қасіретін халқымыз,  
Айта алмады тілін тістеп тұншықты...»*

Сіләмбек Тойбеков, Қаратау кеншары, Ку ауданы.

*«Біздің мектептің оқушылары басқа облыстардағы құрбыларымен салыстырғанда өте ал-жуаз, әлсіз, ақыл-естері де нашар. Оқу материалдарын әрең игереді».*

Т. Исабаева, Знаменка селосының тұрғыны.

*«Құрып қалғыр сынақ кезінде үйіміз аспалы бесікше олай-былай тербеледі. Бір күні соның үйіндісіне көміліп қаламыз ба деп зәрем ұшады. Етжақын бірнеше туысым қылтамақтан қаза тапты. Отбасым түгел дерлік әртүрлі науқастарға шалдыққан. Ядролық жарылыстар денсаулығымызбен қоса табиғат пен жерді әбден бүлдірді. Қашанға шыдаймыз? Жарайды, полигонға қисапсыз көп қаржы жұмсалыпты, ал, осы маңатта тұратын адамдардың құны көк тиынға жарарамаған ба? Бізді шылғи өтірікпен алдаусыратқанша үкімет нақты көмек берсе қайтеді?..»*

К.Ж.Бәшірова, Семей қаласы.

134 адам қол қойған хаттан үзінді: *«Семейдегі үй жабдығы фабрикасының ұжымы облыс территориясында бомба сынауды тоқтатуды талап етеміз».*

Бұл хаттарға отыз жылдан кейін түсінік беру – бекеттен бір сағат бұрын аттанып кеткен пойыздың соңынан жаяу жүгіргендей далбаса әрекет. Сөйтсе де өткен өмірімізде болған, көзіміз көрген, сол жұртпен бірге басымыздан кешкен ауыр бейнеттің себеп-салдары тас төбемізден дамылсыз дүңкілдеген полигон тарсылы екенін кайталаумен бірге сол кесепаттың жиілеуі мен қуатының күшеюіне Қазақстан мен Семей облысын басқарған басшылар да кінәлі екенін жоғарыда ескерттік. «Оны енді бұға берсең сұға береді...» дейтін қазақтың мәні бұзық мәтелі арқылы түсіндіруге болады. Демек, берері мол, берекелі өлке қырық жылға толар-толмас уақытта көтерем жағдайға тап болған. Ең қиыны, сол күйзелісті тоқтатуға ем жоқ. Сол ахуалды көріп отырып, қалай түзейміз дейтін басшы да бізде жоқ...

Семей елінің сол жылдардағы дәрменсіз ахуалын халқымызға есімі танымал акын Есенқұл Жакыпбеков «Қарауыл қайғысы» поэмасында поэзия тілімен айшықтаған:

*«...Көрінсе Дегелеңнен алаша бұлт,  
Жықпылға жығыл, жығыл бара салып  
Алдында бұл дүлейдің адам тұрмақ,  
Тауың да кеткен бүгін аласарып.*

*Шүнтийп қалдың тағы қара шұнақ,  
Ақсирақ, қолқа ауыру, жаңа сынақ.*

*Асылып ағаш көрсе балаң өліп,  
Келінің әлдекімнен бала асырап.*

*Жалғауға ұрпағыңды қылды шара,  
Тұрса да іші толып мұң-құсаға.  
Аркадий Данилычтың<sup>1</sup> көмегі сөл —  
Ашылды Аягөзден жындыхана*

*Арағың айналды дерт дарымасқа,  
«Түк қылмайды атомың кәрі масқа».  
Аркадий Данилычтың ақылы осы,  
Таппайды ішімдіктен дәрі басқа...»*

\* \* \*

1968 жылдың 18 шілдесінде Егіндібұлақ кентінің байырғы тұрғыны, отыз екі жастағы автомобиль жүргізушісі Телтай Күйіков пен оның қосағы Рымжан Сәйділқызының отбасын есінен тандырған төтенше оқиға сап еткен.

Егіндібұлақ — Қарағанды облысына қарайтын, құт дарыған елді мекен, бұрынғы Қу ауданының орталығы. Шұрайлы жерге бай, егін салып, төрт түлік мал өсіреді. Шофер жігіттің әйелі бес перзент туған: Ризабегі — тұла бойы тұнғышы, одан соң Сәуле, Зәуре атанған екі қыз туып, солардың алды мектепке қатынай бастағанда жарық дүниеге келген қызы мен ұлы небәрі бірнеше ай өмір сүріп, белгісіз дерттен шетінеген; әлқисса содан Рымжан Сәйділқызының бойына тағы да шарана бітіп, туар күні жақындайды...

Аудан орталығындағы аурухананың гинеколог дәрігері мен медбикесі жарық дүниеге келгенін шар-шар еткен зор үнімен мәлімдеген нәрестенің кіндігін байлағанда-ақ қолдары қалтырап, бір-біріне шошына қарап, баланы анасына көрсетпей, қашығырақ жерге далдалаған. Содан олар: «Мына нәресте осы күнге дейін біз көрмеген, білмеген шарана, не істейміз?» — десіп, төтенше мәслихат өткізген. Сәбидің жон омыртқасы иілген доғадай, кәдуілгі бүкір; ең шатағы, балақанның екі қолы жоқ; ал, жүрек соғысы, қос өкпесінің демалысы — сау баладай, салмағы қалыпты...».

Баланың әкесі, етжақын туыстары ауыруханаға шақырылады. Дәрігерлерді шошытқан сұмдық ақпарды естігенде Телтай сорлы: «Бұл енді құдайдың жіберген жазасы маған. Тек не үшін жазықты болғанымды білмеймін. Бір пендеге жасаған зәредей қастығым жоқ. Не дерімді білмей отырмын, жараңдар!..» — деп кемсеңдейді. Ағайындары да қапелімде не дерін білмей, ақылы азған туысын құшақтап қоса еңіреді. Биология пәнінен сабақ беретін мұғалім көршісі: «Телтай інім, бекерге егілме, Рымжан келіннің мына бүлдіршіні кемтар болып туғанына зәредей кінәсі жоқ. Сендерді сорлатқан әскери көршілеріміздің жиі дүңкілдеткен жарылысы. Мүгедек нәрестелер полигонға ұрымтал ауылдардың

<sup>1</sup> А.Д.Ильенко — генерал-лейтенант, Семей полигонының соңғы бастығы.



бәрінде тууда. Абыралы мен Шыңғыстау атырабында тіпті көп деседі. Полигонның жарылыс жасайтын алаңы бізге ұрымтал жерде, Балқан тауды бөктерлеп, Дастар мен Мыржыққа қарай тура жүрсең – сірә, жүз шақырым... Сойқанды жарылыстан түзілетін радиация бөлшектері, ол енді көзге көрінбейтін тинәмдай пәлекет, конатын жер тандамайды, олай-бұлай ұшып жүріп біздің де төбемізге жауады. Келінді, әлде сені солар зақымдаған... – деген түсінік айтады. – Рымжанды шошытпаңдар; бойын жиғанша балақанның орауын ашпай емізсін. Телтай інім, он екі мүшесі сау балаларың аман болсын!..»

Күйіковтер отбасы ойда жоқта тап болған төтенше ауыртпалықты қайыспай көтерген. Біршама уақытқа дейін нәресте атаусыз жатыпты. Алайда, табиғи елгезектігі бірден білініп, анасының омырауын тауыса еміп, кәдуілгі тіршілік иесі екенін күн сайын сездіруден жаңылмаған. Ең ғажабы, ата-анасының, әпкелері мен ересек ағасының пейілін баурап, апта сайын шираған. Күйіковтер отбасы нәрестенің кемтарлығын ескеріп әрі ағасы Ризабекке бейімдеп К Ә Р І П Б Е К атайды. Бүлдіршіннің келешек бейнетін оймен шамалаған жанашыр туыстары: «Бұл сорлы алдағы өмірлерінді ғұмыр бойы өксітетін азап, ас ішуге дәрмені жоқ, шалбарының ауын ашып, өз бетімен дәрет сындыра алмайтын, бүкірлігі түп-тура доғадай мүгедекті қалай асырайсындар? Кішкентай кезіндегі бейнетін көтерерсіңдер, ал, жігіт жасына жеткенде қайтесіңдер? Кәріпбекті бағамыз деп ересек балаларың да дінкелейді. Оны да ойландар. Құдай жөні бейшараның бетін аз уақыт жастықпен бүркесендер болды, әп-сәтте демі үзіледі!..» – деген де ақыл айтқан. Үлкендік жолмен нығарлап бұйырғандар да болыпты.

Кәріпбек балақанның әке-шешесі ойға қонымды сияктанған сол ақылға ден қойса да, жеме-жемге келгенде дәттері жетпеген. Қоныр көзі шырағандай жайнаған бүлдіршін ұйқыдан оянса-ақ жан иесі екенін мәлімдеп, үй-ішін танып, айран-асыр күлкімен жайраңдаған нәрестені өз қолыммен тұншықтыра алмаған. Ақыр аяғында жергілікті дәрігерлердің ақыл-кеңесіне құлақ асып, Кәріпбек үшке келгенде Алматыдағы мүгедек балаларды тәрбиелейтін пансионатқа тапсырған. Жарым жылдан соң ол Шымкенттегі мүгедек балалар үйіне ауыстырылған. Содан төрт жасқа келгенде кемтар сәбилерге қайырымдылық жасаумен шұғылданатын қоғамдық бір ұжымның назарына ілініп, ата-анасының рұқсатымен Ленинградқа аттанады...

Кәріпбек КҮЙІКОВПЕН ауызекі әңгімеден (Қарағанды, 28 қазан 2014 жыл):  
*«Балтық жағалауындағы пансионатта екі жыл тәрбиеленуден соң, 1975-87 жылдар аралығында мен Ленинград және Воронеж қалаларындағы мүгедек жасөспірімдердің мектеп-интернатында оқып, каникул айларында Гатчина қалашығындағы ғылыми-зерттеу институтында жатып, протез жасатып, жасанды қолмен еңбек етуге дағдыландым. Интернатта жүргенде сурет салуға жаттықтым. Қыл қаламды тісіммен ұстап немесе оң аяғымның бақайына қыстырып, күні-түні сурет саламын. Сол өнерге өзгеше құмар болдым. Сурет салуға баулыған ұстаздарым ерекше білікті жандар, бірде-бір рет: «Бұл өнерді кәсіби*

игеру саған қиын, қолсыз суретші дүниеде болған емес демеді. Шимайы мол ала-базық суреттерімді үнемі мақтап, кейбірін көрмеге шығарып, жұртқа дабыралады. Қолсыз қалыммен сурет салуды мақтан көріп, жаратылыстың маған бір қол, иә саусақ бермей жаратқанына өзімше көрсеткен қарсылығым еді бұл. Сөйтіп жүріп, Медеу аға, әуесқой суретші атандым.

Интернаттағы күтімім, тәрбием өте жақсы болды. Ешкім мені жатсынған жоқ, өзім де бауырмал мінезіммен сүйкімді балақан болдым. Бертіңде Вологда шәріндегі мектеп-интернатты тәмамдадым. Одан соң алдағы тіршілігіме қам жасап, Мәскеу іргесіндегі мүгедектер училищесіне түсін, екі жылдық есепшілер курсың 1987 жылы тәмамдадым. Сол жылы интернат директоры әке-шешеме: «Кәріпбек Күйіков жуықта 19 жасқа толады. Байсалды мінезді, өнерлі, өмірге ерекше құштар азамат болып ержетті. Бұдан әрі біз оны ұстай алмаймыз, тәртіп солай. Күнкөріске жарайтын мамандығы бар, суретші өнерін де игерді... Егер әкі сіздер Кәріпбекті қабылдаудан бас тартсаңыздар, біз оған осы жақтан жұмыс қарастырамыз...» — деген сипатта хат жолдаған. Мен өзім де елімді, сендерді сағындым деп хат жаздым.

Балаң азамат болды дегенге айран-асыр қуанған әкем Ленинградқа келіп, интернат ұжымына рақмет айтты. Үйге келген соң ағайынды жиып, тай сойып, ұлан-асыр той жасады. Ал, мен он бес жыл бойы тірі қазақты көрмей, ана тілімді тарс ұмытып, орыс болып кеткемін. Әке-шешем, туыстарым — орысшаға шорқақ. Сөйтсе де тап болған ортам кілең қазақ болғаны септігін тигізіп, ана тілімді бірер айда қайтадан үйрендім. Әкемнің үйретуімен жеті атамды жаттап: «Әкем Телтай, оның әкесі Алтай, үшінші атам — Мұқан, ол Шамшышәріптен туады, оның әкесі — Балабек, одан жоғарғысы — Мұсабай... деп сайрайтын болдым. Тегінде біз — Арғын ішінде Болатқожа, яки Қаракесек руының ұрпағымыз, оның ішінде Таз-Бұлбұлдан тараймыз, одан — атақты Шаншар абыз, сол атадан Келдібек би туады (Қаз дауысты Қазыбектің әкесі), ал Қазыбектің үлкен ұлы Қазымбеттің бәйбішесінен төрт ата тарайды — Қанай, Жанай, Атымбай және Анай... Тортеудің Қанайынан — біз... Содан, бабаларым шежіресін жаттап, ана тіліме қайтадан жаттықтым. Ал, құныға оқитыным — орысша кітаптар. Жазуым да солай. Елге келген соң да қаламды тісіме қыстырып, шаршаған кезде бақайыммен ұстап, түрлі-түсті бояумен суреттер салдым. Амал не, Ленинградтан әкелген қағаз, қаламым таусылды, бояудан да тапшылық көрдім. Менен кейін шешем тағы бір ұл туыпты, бұл балақан бізге қуаныш әкелді деп, яғни он екі мүшесі сау туған, есімін Қуанышбек қойыпты. Үйіміз жұпыны, небәрі екі болме, тұрмысымыз қоңыртақы. Әкем жүк машинасын жүргізеді, отбасындағы — жалғыз табыскер. Еңбек ақысы аз. Шешем үй шаруасындағы адам. Мені есепшілік жұмысқа ешкімнің алғысы келмеді. Ресейдегі жағдайым бұдан тәуір еді, күні ертең не ішемін, не киемін деген жайтқа ешқашанда ойланбаған едім. Ал, мұнда? Сыпыра жетімсіздік. Өзімді масыл пенде сезінетін күйректікке ұшырадым...

Содан бір күні көмек сұрап, үйдегі дәрменсіз жағдайымды баяндап, облыс әкіміне хат жаздым. Облыс әкімі П.П. Нефедов деген мейірімі мол кісі екен, кен инженері, ерекше бойшаң, ісі де сондай ірі деседі, Қарағандының үлкен шахты-

сын басқарған. Егіндібұлаққа іссапармен келгенде үйіме соғып, әке-шешеммен танысып, ауыр жағдайымызды көрген соң-ақ осы аудандағы Қазсельхозтехника бөлімшесіне бюджеттен қаржы бөлгізіп, әке-шешеме сол жазда-ақ төрт бөлмелі, шатырлы, тақтай едені бар көктебел үй салдырып берді. Облыстық газеттерден, телестудиядан тілшілер келіп, суретшілік өнерімді мақтап, өмір сүруге құштарлығымды дәріптеп мақалалар жариялап, телеэкраннан көрсетті. Қысқасы, қолсыз сурет салатынымды күллі Қазақстан білді. Суреттерім жариялана бастады. Геннадий Толмачев деген, «Комсомольская правда» газетінің тілшісі Егіндібұлаққа іздеп келіп, «Қолсыз суретші, жігері жалындаған қайсар һәм шебер...» – деп одақтық комсомол газетіне суретіммен жариялады. Сол хабарды Олжас ағай, Сүлейменов ақынды айтамын, газеттен оқыпты, әлде Толмачевтен естіген? Ол кісі Жазушылар одағының бастығы әрі «Невада-Семей» қозғалысының президенті. 1990 жылдың тамыз айында мені Алматыға шақырып (үлкен әпкем апарды), жапон еліне тасталған алғашқы атом бомбасының бейбіт елді мыңдап қырған шатақ оқиғаның 45 жыл толуына орай, «Алматы–Хиросима» деп атаған телекөпір шарасын өткізді. Сол шараға мен тірі экспонат ретінде қатыстым. Телеэкраннан сөз сөйлеп, полигон тақырыбына салған түрлі-түсті суреттерімді көрсеттім. Суретті бақайыммен қалай салатынымды да экраннан бейнеледім. Сол күннен беріде полигоннан зардап шегуші ретінде «Невада-Семей» қозғалысына белсене қатысып, ядролық жарыстардың адам баласын, жан-жануар дүниесін тұқымымен құртатын, дәрменсіз мүгедек ететін залалын түрлі-түсті жантүршігерлік суреттермен әшкерелеушіге айналдым. Бұл кәсіп өзіме де ұнайды, жасым қырық жетіге ауды, 1990 жылдан беріде сол іспен үзбей шұғылданып келемін. Саяси мәні өткір, оған қоса ядролық сынақтардың жер-жаһанға зиянды әсерін әлем халқына әшкере суреттермен әйгілеймін, соларды салушының өзі де жарылыс зардабын тартқан мүгедек болуым да әрқашанда өтімді. «Мен, міне, сондай жанмын. Радиация залалын өмір бойы тартқан жан иесімін, менің азабымды басқалар көрмесін, күллі әлем халқы ядролық жарылыстарды сынаудан біржола тиылысын, сол үшін күресейік...» – деген жанайқайым, ештеңе демей, сурет альбомдарымды алып, жұрт алдына шықсам, сеніңіз, ағатай, қандай елге барсам да ешқандай тілмәшсіз-ақ әсерлі болып, кейбіреулер көздерінен жас сорғалап, енді бірі мені бауырына тартып құшақтайды. Сөйтіп, ойда жоқта бейбіт өмірдің белсенді күрескері атандым, аға...»

1930 жылы төрт болыс елді біріктірген Қу ауданы бертінде Егіндібұлақ атанып, бірнеше кеңшар болып, еңбек көрігін қыздырып шалқып отырғанда тұтқиылдан сап еткен нарық заманының қыспағына төзе алмай, Қарқаралы ауданына қосылды. Оның қожырауына анығында әскери полигон иелігіне осы ауданнан берілген қыруар жерден айырылуы (Қазақстаннан берілген 18500 шаршы км жердің 39 пайыз жер телімі тек қана осы ауданнан алынған) – басты себеп. Балқантаудың баурайын қоныс еткен кенттің көнтерімді тұрмысы содан кейін-ақ қожырай бастады. Жергілікті тұрғындарға күнкөріс болған кеңселер мен өндірістер жабылып, жұмыс іздеген халық Қарағанды мен Темір-

тауға, кейбірі Балқашқа шұбырған. Телтай Күйікұлының шаңырақ түзеген балалары да сөйткен. Солармен бірге әке-шешесі де Қарағандыға көшкен. Жана жұрттағы басты қиыншылық — тұрғын үй. Сатып алуға миллиондаған теңге қаржы керек, бұрынғыдай кезекке тұрып қазынадан баспана ала алмайсың... Аға-әпкелеріне қарағанда сол түйткіл Кәріпбек үшін оңды шешіліпті: қолсыз суретшінің шет жұртқа да әйгілі өнерін бағалаған, одан да гөрі бірінші топтағы мүгедектігі түрткі болып, қала әкімшілігі 1997 жылы зейнеткерлер үшін тұрғызған тоғыз қабат үлкен үйден оған бір бөлмелі дербес пәтер сыйлапты. Кәріпбек Телтайұлы несібесіне тиген сол баспанада жеке өзі тұруға тәуекел еткен. Содан бері 18 жыл өткен. Айтуынша, үй шаруасын, ас қамдауды, киім-кешегін жууды, тағы сондай тіршілікке қажет шаруаларды ешкімге міндет қылмай өзі атқарады. Бірден-бір ермегі — сурет салу. Сол кәсібі бертінде едәуір жеңілдеген: АҚШ-қа барған сапарында әлдебір қоғамдық ұжым қолсыз суретшіге сурет салуға бейімделген, бағасы ерекше қымбат компьютер сыйлап, сонымен жұмыс істеді де үйреткен; содан бері Кәріпбек тісіне қыл қаламды қыстырып, етпеттеп жатып сурет салуды «ұмытып», арнайы жасалған клавишаны еденге қойып, бақайымен түртіп отырып жұмыс істейді; әрине, сурет келбетін, бояуын, өрнектеуін, мазмұнын бәз-баяғы өз таңдауымен экранда өрнектейді. Бұл болса бояу мен қағазға үнем (Әлбетте сырттан тамақ әкелу, өзге де қажеттерін Қарағандыда тұратын аға-інілері мен екі әпкесі кезектесіп атқарады. «Әсіресе үлкен апайым Сәуленің көмегі молырақ. Оның пәтері менің үйіме ұрымтал жерде. Қысқасы, ағайыншылық мейір мен пейілден құралақан емеспін, аға. Жетпіс жастың орта шеніне жетіп, әке-шешем опат болды. Мен ол кісілерден 43 жасымда айрылдым. Екеуінің де артында қалған ұрпағына аманат еткені — мен, Кәріпбекті ренжітпей, қолғабыс етуден айнымандар дегенін, шүкір, туыстарым бұзған емес. Мен солармен де бақытты адаммын!» — деген сөзді Кәріпбек маған екі-үш мәрте қайталады).

— Сені онда-мұнда шақырып, тірі экспонат етіп жүрген «Невада-Семей» қоғамдық қоры әр сапарға апарған сайын сыйақы беруге тиіс. Олардың есепшотында күллі Қазақстан өндірістері мен шаруашылықтар миллион теңгелеп аударған қомақты қаржы бар. Саған тұрақты түрде жәрдемақы тағайындаса да елден жиған-тергені азаймайды...

Осы ойымды естігенде Кәріпбек суретші сирек тістерін ақситып, езу тартты.

— Олжас аға маған 1994 жылы УАЗ көлігін сыйлады. Көкем сол машинаны күтіп мініп, қайда барса да «Кәріпбектің табысы» деп мақтанып жүріп, отбасының шаруасын атқарды. Олжас аға керек еткенде мені Алматыға алғызады. Мысалы, өткен жазда «Невада-Семей» қозғалысының 25 жылдығын жер-жерге дабыралап мерекелегенде өзіңіз тұратын Семейге ұшақпен апарды. Ертіс жағасындағы мұнтаздай таза әрі тамаша қаланы көріп, ерекше таңғалдым: біздің Қарағандыдай емес, ауасы да, көшесі де таза, үйлері сәулетті, үлкен өзеннің ту ортасындағы Түйемойнақ деген аралда полигон зардабын бейнелеуге арналған мұражай салмақ, жарылыстардан зардап шеккендерге бағыштап



*Екі қолсыз әуесқой суретші Кәріпбек Күйіков*

зәулім ескерткіш орнатыпты, өзеннің екі жағасына жыпырлата салған үйлері де маған ұнады. Үш-төрт университеті бар екен, өзге де оқу орындары да түзік. Байқауымша, ерекше білімдар және деғдар қала. Бірер тәулік мейманханасында жатып, студент жастармен кездесіп, өзен бойын қайықпен аралап, тамылжыған табиғатын бейнелеп сурет салғым келіп еді, амал қанша, театрда зерігіп отырып, бірер сағат біз сөйттік деген сыпыра мақтан сөзді тыңдаудан сон жетектеуші жігіт мені әуежайға алып келді де аспанға көтерілдік. Амал не, Семейде бір түн де қондырған жоқ. Әрине, қаражат үнемдесудің амалы. Мерекелік жиын да атөтті дабырамен өтті. Әлбетте жол шығынын көтерді, түстік ас әперді, бірақ, қолыма бір тиын да қаражат берген жоқ. Мен де ештеңе сұрамаймын. Ылғи сөйтеді... – деп суретші басын шайқады.

Мен де соған сенер-сенбесімді білмей:

– Мен сені, бауырым, кешкілікте іздетіп, қайтып кеткенінді біліп қатты өкіндім. Жә, сен дүние жүзінің бірталай елін араладың. Естуімше, Жапонияда, АҚШ-та, Германия, Түркияда және Қытай елінде болыпсың. Бәріне де арнайы миссиямен барасың. Соның бәрі – едәуір қаражат, қолдорбанды көтеретін әрі барған елдің жол-жобасын білетін жетектеуші керек... – деген сұрауыма Кәріпбек ағынан жарыла жауап берді.

Сөйтсем, осыншама сапарларды ұйымдастырушы, мен ойлағандай, «Невада-Семей» қоры емес, ҚР-ның Шетел министрлігі екен. Шетелге сапарды жобалаған кезде Кәріпбекке бірнеше ай бұрын ескертетін көрінеді. Министр-



лік суретшінің полигон тақырыбына салған отыздан астам шығармаларын иемденіп, соларды уақыты мен тақырыбына орай топтап, қымбат қағазға түрлі-түсті суреті мол альбомдарды қажетінше шығаратын көрінеді. Бұл болса ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ынтасымен Кәріпбек Күйіковке жасалған қамқорлық, сол да 1995 жылдан беріде тұрақты түрде жүзеге асып келе жатқан «Атом» жобасы бойынша жүреді-мыс<sup>1</sup>. Сол жобаның тұрақты экспонаты әрі белсенді қатысушысы – зардап шегуші Кәріпбек Күйіков және Семей полигоны таратқан қасіретті бейнелейтін жантүршігерлік суреттері. ҚР Шетел министрлігінің дипломат мамандары сұранысқа және рухани қажеттігіне орай жыл сайын қарағандылық суретшіні Астанаға алғызып, арнайы миссиямен, дипломат мамандармен шетелге апарды. Суретшінің альбомдары да баратын елдің тіліне аударылып, өзге де экспонаттар алдын-ала дайындалады-мыс. Осыдан-ақ Кәріпбек бауырымыздың бала күнінен әуей болып, хал-қадерінше менгерген өнері табиғи мүгедектігімен рухани қабысып, ядролық қаруды күш көрсетерлік үлкен шокпар еткісі келіп, дөнайбат жасаушы саясаткерлерді көзге шұқып, «Міне, ақыр аяғында жетер жерің, адамзат қауымын

<sup>1</sup> К. Күйіков Нұрсұлтан Әбішұлымен Теміртау металлургия комбинатында жұмыс істеген кезінде танысқан. Одан соң Қарағандыға қоныс аударғанда кездесіп, «Атом» жобасына суреттерімен қатысуы туралы Президенттің игі ойын қуана қабылдап, бірден-ақ келіскен. Айтуынша, Шетел министрлігінің өзіне деген, көп жылға созылған ыстық ықыласы мен нақты байланысы осыдан кейін өрбіген.



*К. Күйіковтің «Жарылыс» аталған жаңа еңбегі. Колсыз әуесқой суретшінің осы туындысын Н.Ә.Назарбаев 2016 жылы АҚШ-тың президенті Барак Обамаға сыйлаған*

біржола құртар мұратын...» дегендей әсер туғызары анық. Сол себептен де Шетел министрлігі Кәріпбек Күйіковты саяси үгітке, әсері мол игі іске жеккен. Бәрекелді демеске шаран қанша!..

Кәріпбекпен мен 2014 жылдың күзінде Қарағандыда кездестім. Суретші маған алдағы желтоқсан айында Австрия елінде өтпек өзінің сурет көрмесіне әзірлік жасап отырмын, сол елдің тарихы, халқы туралы деректер іздеп, кітапханаға да жиі барып жүрмін деді. Мен қуаныш білдіріп: «Жолын бөлсын, бауырым! Сондай сапарларға жиірек барғын, сен енді қазақ халқын шетел жұртына өнеріңмен таныстырар сергек ойлы, өмірін де өрелі азаматсың. Сен қазірде аты өшкір полигон дертінен жапа шеккен бейшара мүгедек емессің, күллі Қазақстанның мақтан етер, өнерлі азаматы әрі бейбіт өмір үшін күрес жолына белсене түскен жанкүйер қайраткерсің. Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігінің жиырма жылдығында «Құрмет» орденімен марапатталдың. Мүгедектік мүс-кінінді жанқиярлық ерлік және өрлікпен, еңбекпен жеңгеніне жасалған сый бұл. Қазақ Елінің Президенті де сені жанқияр еңбегін үшін марапаттап отыр...» – дедім.

Кәріпбек айран-асыр қуанып, «Ой, ағатай, көп рақмет! Өзім де сондай ойдамын...» – деп қоныр көзі күлімдеп жайраң қакты.

Исекешев Сымбат бөлемнің көлігімен суретшіні үйіне дейін шығарып салдым. Қоштасарда: «Сенің 21 суретіңмен көркемделген екі альбомың менде бар. Сол суреттерді соңғы жылдары жазып жүрген «Семей қасіреті» атты, екеуіміздің туған еліміз полигоннан тартқан қайғы-шерді бүркеусіз шерткен кітабымды көркемдеуге пайдаланбақпын, рұқсат етесің бе?» – дегенімде, ешкімге жок деуді білмейтін жомарт суретші: «Аға, рұқсат! Қажетінше пайдаланыңыз, маған тек сол кітабыңызды сыйлауды ұмытпаңыз!..» – деді.

Мен уәде еттім. Екі жылдан кейін Кәріпбек Телтайұлының пәтерінде кездесіп, «Семей қасіреті» кітабымның орысшасын да ұсынып, қаржыдай да сыйлық бердім.

\* \* \*

Ядролық полигон құпия жағдайда өмір сүргендіктен оның территориясында болған неше түрлі сұмдықтарды жұрт білмейді. Мезгіл-мезгіл дүниенің астан-кестені шығарып, жойқын тарсыл қабырғаларды дірілдетіп, үй пешінің күлін шашып жатқанда ғана кезекті жарылыс жасалғанын сезіп, сыртқа жүгіруге дағдыланған пендеміз...

1980 жылдың шілде айының орта шенінде полигонның өзінде өрбіген төтенше оқиғаны әскери зонаның бастықтары облыс орталығына хабарлап, көмек сұрауға мәжбүр болған. Сол себептен де дүйім жұртқа соның дақпырты ғана жеткен. Мен де соның жай-жапсарын 2015 жылдың күзінде зейнеткер подполковник Бітімбай Жүнісұлынан естідім. Сол кезде ол Жанасемей ауданының милиция бөлімшесінің бастығы болған. Бертінде опат болды.

– Ертенгілік мезгілде облыстық милицияның бастығы генерал-майор Беспәев маған телефон шалып, милиционерлерінді қару-жарағымен тездетіп қамдап, Сарапанға жет! – деді. Айтуынша, әскери зонаның «Арғын» участкасынан автоматпен қаруланған екі солдат қашқан. Өздерімен бір нарядтағы прапорщик бастаған төрт жауынгерді жайратып кетіпті. Яғни аса қауіпті қашқындар. Оқиға кеше болған. Әскери зонаның басшылары нарядты ауыстыруға барғанда, бүгін, ертенгілікте ғана білген. Зонаның бастығы маған қылмыс жасағандар полигон аймағында қалмайды, сірә, тоғыз тарам жолға ие Семейге жетуге тырысады деді. Демек, олар, менің ойымша, Арғын учаскесіне ұрымтал Қайнар-Семей жолына шығып, көлік ұстауға тырысады. Сенің міндетің: Знаменко мен Сарапан аралығын қадағалау. Әрі Арғыннан бергі иен даланы сүзу. Қашқындарды көрсендер окты аямай, көздеп атасындар. Өзіңнің адамдарына тек сақ бол, жазатайым біреуі мерт болса – жауапты сенен сұраймын. Түсінікті ме?..

– Түсінікті, жолдас генерал. Бөлімшені түгел көтеремін...

– Ал, жолың болсын! Тек сақ бол.

– Сонымен, Медеке, полигонның іргесіндегі Шаған кеңшарына шабарман аттандырып, өзгеміз Қыземшек, Семейтау, Знаменко, Шынжы мен Сарапан ауылдарына ескерту жасап, әр жерге қарауыл қоюды міндеттеп, зона шекарасына жедеғабыл жеткенімізде әскери отрядпен кездестік. Кем дегенде үш жүз-



дей адам, тек карулары мәз емес. Ал, қашқындарда екі автомат, бірнеше дискі оқтары бар десті. Әскери зонаның бастығы генерал-лейтенант екен, фамилиясын атамады, байқаймын, ерекше абыржулы. Қашқындар өздері өлтірген төртеуді жер астындағы ұнғымаға түсіріп, топырақпен далдалап кетіпті... Біз жолшыбайғы мидай жазық даланы шола келгенбіз. Тірі жан көргеміз жоқ. Екі түрлі қауіп айттым: қашқындар түні бойы суыт жүріп, даңғыл жолға жетіп, қалаға қарай ағылып жатқан автомобильдердің біреуін тоқтатып, Ертіс жағасына өтіп кетті немесе осы манаттағы бұқпа тасалардың бірінде жатыр, қараңғы түсе, сірә, жолға қарай шығады...

Генерал-лейтенант менің жорамал ойыма құлақ қойған жоқ, қолын ашулана сермеді. Өздері тікұшақпен айналаны шолыпты. Ешкімді кездестірмеген. Тағы да сүзбек. Не істерімізді білмей дағдарып тұрғанымызда оншақты машина, бірнеше автобуспен генерал Беспаяев та жетті. Қарамы едәуір милиционерлер әкеліпті. Абиұр болғанда менің әр жерге қалдырған сақшыларымының бірінен оқыс хабар жетті: Шаған кеңшарына қарайтын Обалы қыстағында отырған жалғыз басты әйел, сол қыстақ әскерилердің «Арғын» участогынан отыз шақырымдай жерде, ертенгілік сәтте иен далада үйілген маяның іргесінен қараңдаған екі адамды көріпті-мыс...

Әскерилер іле көтеріліп қыстаққа жетті. Қабен Садықұлының бастауымен біз де келдік. Әйелді тергедік. Естияр адам екен, тек қатты қорыққан. Үйінің есігінен сығалап тұрып, мылтық даусын естіген, одан соң біреуінің маяны тастап, мал қорасына кіргенін көріпті... Сонымен жағдай түсінікті болды: қашқынның біреуі күзетке алынды.

Әскерилер шыдамсыздық жасап, бір майор қораның төбесінен түсіп, дабырлаған айғаймен ішке ұмтылды. Іле-шала сартылдаған автомат үні естілді. Байғұс майор қораның ішіне құлап, айтуынша, оң тізесі быт-шыт болған. Қашқынның автоматын кезеніп, қора ішіндегі темір астаудың астында бұғынып жатқанын да хабарлады. Генерал-лейтенант айқайға басты. Біздің генералға: «Сен, немене келдің, бірде-бір адамыңды алға шығармай, өзін де қарақан басыңды қорғап, бұғынып отырсын...» – деп еді. Қабен Садықұлы: «Сіз тегінде байқап сөйлеңіз, мен кешегі қанды қырғынды бастан кешкен танкистпін. Әрі сізге бағынышты емеспін. Біздің адамдар қашқынның тығылған орнын тапты. Енді соны амалдап ұстайық десем, мені тындамай асығыстық жасадыңыз. Қысқасы, мен бұл іске енді араласпаймын. Қашқынды тауып бердік, өзіңіз ұстаңыз...» – деп еді, зона бастығы тағы да айқайлап, әрине, өз адамына: «Кім еркімен қораға кіріп, мына соғындыны жайратады. Ерлік еткенге ерекше сыйлық беремін. Қане, кім?!» – десін.

– Ой, Медеке, қазір де «О, тоба!» деймін, сый ақшаға қызығып, екі адам өз еркімен, біреуі сержант, ішке түсіп, қашқынды оп-оңай ұстамақ болды. Әрі жаралы майорды да құтқару керек. Қабен Садықұлы: «Бронежилет қайда, мынау қауіпті іс» – деп еді, әскери бастық тағы да әкірендеп: «Жап аузыңды, не твоё дело!..» деген соң біздің генерал ләм-мим демей, қыстақ үйіне қарай кетіп қалды.

– Сонымен әлгі екеу ішке түсті, Сірә, ашылған төбе арқылы.

– Іле-шала сақылдаған автомат даусы естілді. Қысқасы, екеуін де ана найсап бір-ақ минутта жер жастандырды. Сонымен ол кешеден бері жеті адамның көзін жойды. Сірә, нағыз найсап. Майор болса зар каксауды қойып, қансырап жатыр... Содан ымырт үйіріле полигон бастығы біз отырған жерге келді. Айтқаны: «Сіздің сақтығыңыз орынды екен. Қателігімді мойындаймын. Не істейміз, жолдас генерал?..» «Екі түрлі шарт қоямын, соны қабылдасаңыз... – деді Қабен Садықұлы түнерген калыпта. – Билікті басы бүтін маған бересіз. Екінші, қараңғылық қоюлана менің кісілерім мына қораны өртейді. Ана соғынды қу жаны үшін өз еркімен беріледі, не күйіп өледі. Басқадай тандауы жоқ. Тек сіз бүлінген қораны бүтіндетіп беремін деп қолхат беріңіз. Тап қазір. Бітті шаруа!..»



*Генерал К.С. Беспаявтың ұрпақтары атасына қойылған құлпытас басында.  
Семей, 2014 жыл*

Генерал-лейтенант талап еткен қолхатты Қабен Садықұлы қолма-қол жазды. Төңірек әбден қараңғыланған кезде біздің автомобильдер қораны айнала қоршап, фарларын жағып, самаладай жарық түзеді. Менің адамдарым қабырғаны жағалап барып, әр жерден от қойды. Содан өрт әбден қаулап, от әр тұстан лаулаған кезде қашқын да қаруын мойнына іліп, қос қолын көтеріп


сыртка шықты. Босағада андып тұрған, алыс-жұлысқа дайындығы бар біздің әлекей милиционерлер іле тап беріп, оспадар қашқынды жерге алып ұрып, қолма-қол байлап алды. Ішке кіргендер де жаралы майор мен екі өлікті сыртқа шығарды. Майор кара санын көйлегімен тас қып байлап, қанды тоқтатыпты (тізесінен тек кесуге тура келген-мыс). Қашқан солдат Мордва автоном республикасының шуашы екен, қораға жалғыз кіріпті, қасындағы жолдасы берілейік дегенде оны да атып, өлігін маяға тығып кетіпті. Сірә, қаны қарайған нағыз қанышер. Қабен Садықұлының айтуынша, полигондағы әскерде әлім-жеттік («дедовщина») ерекше етек алған. Оған қоса үнемі радиация астында жұмыс істейді. Мына солдат та прапоршик командирінен үнемі зорлық көріп, жүйкесі әбден жұқарған. Әскерилер оны соттамай, ақыл-есі адасқан деп, Мәскеу округіндегі жындыханаға мықты күзетпен аттандырыпты. Бұл енді сол шіркіндердің өздерінің көрсоқырлығын жасырудың амалы.

Әлбетте бұл амалсыздан жария болған сорақы іс, ал, біз білмейтін жайттар қаншама!





## ОН БІРІНШІ ТАРАУ ЕРЛЕР ҚАЙДА АТҚА МІНГЕН?



**М**ихаил Сергеевич Горбачев 1985 жылғы 11 наурызда КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары болып сайланды. Бұрынғы секретарьларға карағанда әлдеқайда жас, комсомол мен партия ұйымдарының төменгі сатыларынан көтерілген кадр, демек, күллі кеңестік қауымның сол күндегі тұрмыс-тірлігін әлеуметтік тынысын басынан кешіп, талап-тілегін жете біледі... деген үкілі ой күллі халықты игі өзгерістерге үміттендіргені — көкейкесті һәм зәру шындық. Тәубе дейміз, сәуір айының 24 күні шақырылған пленумда ОК «Жариялылық және қайта өрлеу» атанған жана ұстаным басты шараға айналып, ондаған жылдарда бекем калыптасқан басқару жүйесі желеғабыл үрдіске түсер қаулы қабылданды.

1985 жыл, 17 мамыр. «Маскүнемлік пен араққа салынууды тежеу туралы...» қаулы жарияланды.

25 мамыр. КПСС ОК-нің Саяси бюросы «КСРО-ның 1986-1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі экономикалық һәм социальдық негізгі бағыттарын» даралады.

30 маусым. М.С.Горбачев: «Ядролық қаруды көбейту үрдісін тежейтінін» мәлімдеді.

14 тамыз. Бас секретарь ядролық сынақтарға біржақты мараторий жариялады.  
20 қараша. Горбачев Женевада АҚШ-тың президенті Рейганмен кездесті. Бұл болса екі алып елдің «Үлкен шокпар» саясатынан бас тартуға жасалған алғашқы қадам.

1986 жыл, 10 қаңтар, КСРО Жоғары Кеңесі АҚШ-тың Конгресіне екі елдің де ересен зор қаржысы мен қорын жалмайтын қарулануды күрт кеміту туралы ұсыныс жолдады.

25 ақпан. КПСС-тің XXVII съезі: «Біздің түпкі мақсатымыз – коммунизм» деген қарар қабылдап, сол үшін де қарыштап үдеп, азық-түлік жетімсіздігін жойып, елді демократия жолына шұғыл бұруға бет түзеді. «Кері кетуге» – «Қайта өрлеу» ұстамы ресми ұсынылды.

26 сәуір. Киев қаласынан 100 км жердегі Чернобыль атом стансасының үшінші реакторы уақытша жөндеуге тоқтатылғанда соны атқарушылардың салақтығынан «тізбекті реакция» оқыста тұтанып, Украина, Белорусия мен Ресей федерациясының 9 облысының 39 ауданын радиация бөлшектері бірнеше тәулік бойы ластаған, нәтижесінде ондаған миллион тұрғындар радиациямен зақымданған. КСРО үкіметі осы оқиғаны 6 мамырға дейін, яғни Батыс Еуропа мемлекеттері жаппай шу көтергенше жасырған. 14 мамырда М.С. Горбачевтің телеэфирге шығып: «Чернобыль апатын ауыздықтау сәтті жүріп жатыр. Шетелде бірақ осы оқиғаны ерекше дабыралап, біз туралы неше түрлі өсек-аяң таратуда...» – деген мәлідемесі әншейін бопса болып шықты. Өйткені, қауіп тежелді дегені өтірік ақпаратқа айналып, стансаны біржола жабу артық-кемі жоқ біржарым жылға созылған. «Қуат беруді тоқтатқан қазандықтар аспанға атқылаған ең соңғы бөлшектер 1986 жылғы тамыздың орта шенінде ғана сөндірілген...» – дейді техника ғылымдарының докторы, Чернобыль атом стансасын біржола жабу жұмыстарына басшылық еткен штабтың бастығы, генерал-майор Н. Тараканов («Новая газета», «Чернобыльский спецназ». 01.05. – 08.05.2013 ж). Ал, апат аймағын қоршау мен тұншықтыру келесі жылда да жалғасқан. Сол зардапты мүлдем жою жұмыстарына 800 мың адам тартылған, Белорусия әскери округінен ғана 284 мың жауынгер күні-түні жұмыс істеген. Өзгелері, яки 600 мыңнан астам құтқарушылар – әскери комиссариаттар арқылы шақырылған бейбіт еңбектің адамдары. Қазақстаннан сол жұмысқа 31743 шерменде еркінен тыс қатысқан (Қорғаныс министрінің құпия жарлығында екі, иә одан да көбірек балалары бар, отыз жас шамасындағыларды ғана іріктеп жіберу арнайы тапсырылған). Қоғамдық зерттеушілердің 2013 жылғы дерегі бойынша 27500 қазақстандық мерт болған немесе 2-топтағы мүгедек болып отбасына оралған. Сол жұмысқа Семей облысынан бір мыңдай қазақ жастары шақырылған, сол шерменділер Шар, Жарма, Аягөз, Үржар. Шұбартау мен Маканшы аудандарынан іріктеліпті. Сол шерменделер 3 ай, кейбірі 1,5 жылға дейін аса қауіпті аймақта жұмыс істеген. Семей қаласынан шақырылған 360 жауынгер мүгедек болып қайтқан, 2013 жылға дейін сол топтан тірі жүргендері – небәрі 182 адам...

Сара ТЫНЫШТЫҒҰЛОВА, ҚР-ның Халық әртісі, «Егемен Қазақстан» (26 сәуір 2013 жыл, әнгімелескен Талғат Сүйінбай): *«Мен ол кезде Одақ көлемінде гастрольдік сапарға шығатын әншімін. Мәскеулік «Союзконцерт» ұжымына тікелей бағынатын «Жалын» деген ансамблім бар-ды, Чернобыль апаты болған аймаққа бір айға концерт қоюға барасың деген бұйрық келді. Бармаймын дегуге шама жоқ. Әрі Отан сүйгіш жанкүйермін. Нанымызды кептіріп, шұжығымызды молдап, кепкен сүтті де көптеп алып, Аллаға сыйынып аттандық. Бір ай бойы сол жақтың бір тілім нанын жегеміз жоқ, шайды да неше мәрте қайнатып, өзіміз ала барған сүзгіден өткізіп іштік. Тағы бір сұмдықты айтайын: бірде моншаға түскеннен кейін басымда бір тал шаш қалмай жидіп түсті...»*

Айтқали ЕСЕНҒҰЛОВ, генерал-майор («Егемен Қазақстан» жариялаған жоғарыдағы сұхбаттан): «Жалпы деректерде Чернобыль апатын жоюға Кеңес Одағынан 8 миллиондай адам қатысып, көмек берді деген дерек айтылады. Менің қолымдағы бір деректе, Алматының әскери комиссариаты 17600 адамды Чернобыльға жедеғабыл аттандырғаны айтылған. Офицерлер бір жүзге таяу. Солардың бірі – мен. Сенесіз бе, бүгінде сол жауынгерлерден

Алатау баурайында тірі жүргені – 323 адам. Өзгелерінің қайда екенін, өлі-тірісін білмеймін. Мен өзім апат ошағында 4 жыл бойы әскери міндетімді атқардым...»

«Жапонияның екі қаласына тасталған қос бомбаның жиынтық қуаты – 30 мегатоннаға жетпейді. Ал, Чернобыль апатының қуаты – 100 мегатонна...» – депті генерал Тараканов. Біздің есебімізше, Семей полигонындағы 470 атомдық және ядролық жарылыстардың жалпы қуаты – 2500 мегатонна. Ертіс жағасындағы 2,5 миллион халық 42 жылға созылған үздіксіз жарылыстардан радиация бөлшектерін тежеусіз жұтқан соның өзгедей де тақсыретінен бізді кім құтқарады және қашан?

Бұл сауалдың әзірше жауабы жоқ.

6 тамыз. Ядролық қаруларды сынауға жарияланған маршротий 1987 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылды.

20 тамыз. ОК және КСРО үкіметі «Солтүстіктегі Сібір өзендерін Арал теңізіне бұру туралы ізденіс пен жобалау жұмыстарын тоқтатуға қарар қабылдады. Осы іспен шұғылданған 30 институттың оншақты мың қызметкері жұмыссыз қалды.

11 қазан. Горбачев Рейганмен кездесу үшін Рейкьявикке аттанды.

1987 жыл, 23 қаңтар. Горбачевтің ОК-тегі қабылдаудағы сөзінен: «Өткен жылы ет өндіру – 12%, сүт – 8%, жұмыртқа – 12% өсті. Демек, колхоздар мен кеңшарлардың экономикалық жағдайы қауырт онала бастады...»

12 маусым. КПСС ОК-і өндіріс орындарын шаруашылық есепке көшіріп, өзін-өзі қаржылау туралы шешім қабылдады

2 қазан. Горбачев Мурман қаласындағы кездесуде: «Алкогольмен күресу науқанында өткен жылы 10,7 миллиард сом жоғалттық. Өзгеріс оңды, тек ішімдікпен әуестенуді мүлдем тия алмадық. Демек, күресті әлі де жалғастыру қажет», – деген.

21 қазан. Мәскеу қалалық партия комитетінің бірінші секретары Б.Н. Ельцин ОК мүшелігінен аласталды. Қалалық пленумда ол: «Қайта құру науқаны бізге ештеңе берген жоқ, ОК-тің бұл жөніндегі нұсқауы – түбірімен қате...» – деген ойын қауымға өзі таратқан-мыс.

Бас хатшы М.С. Горбачев жүргізген «Жариялылық пен қайта өрлеу» саясаты КСРО-ның ежелден қалыптасқан, күллі ел үшін дағдыға айналған шаруашылықтың жоспарлы жүйесін немесе социализмнің ең жетілген сатысында отырмыз дескен қасан түйсікті бұза алмады. Бұрынғы түйсіктер, үйреншікті жағдаяттар санамыздан өшпеген, көшпеген қалпында сақталды. Сол самарқалықты орталықтағы өркениеті озық қалалардан гөрі Семей облысы сияқты шалғай өңірдің тұрғындары айқынырақ сезді.

Семейдегі Саяси оқу үйінде облыстық партия комитетінің пленумы өтіп жатқан мезгіл. Әлбетте оған обком мүшелері ғана емес, өндіріс пен шаруашылық басшылары, қоғамдық өкілдер де шақырылған. Бұл жолғы кең ауқымды жиын. Жұрт кезекті үзіліске шыққанда астыңғы қабаттағы кең дәлізден мойнына плакат ілген бойшан, иықты, мол денелі, орта жастағы ер адамды көреді. Плакатқа жазылған сөз: «НЕТ ЯДЕРНОМУ ПОЛИГОНУ!». Ол болса семейлік әуесқой ақын Вячеслав Кобрин еді.

Вячеслав Григорьевич Кобринді мен Қазақстан жазушылар одағының Семейдегі облысаралық бөлімшесіне жауапты секретарь болып еңбек еткен 1965 жылдан білемін: Слава сол кезде Ертістің сол жағалауындағы протез зауытында қатардағы техник болып еңбек ететін-ді; білім деңгейі орташа, орта қолды маман; бөлімшедегі әдебиет үйірмесіне жиі келіп, декларациясы молырақ, ұрандық әуенде жазған өлеңдерін оқитын-ды; жас ақындарды аяусыз сынауға ерекше әуей болатын; «Семей тондары» атты өлеңіне байырғы семейлік, Мәскеуде тұратын сазгер Леонид

Афанасьев ән шығарып, сол шығарма сауық кештерінде жиі айтылып, біздің әуесқой ақынға едәуір мадақ болды. Соған да күпсінген әуесқой ақын Жазушылар одағына мүшелікке сұранып мені де жиі мазалайтын-ды...

Сол күні В. Кобрин өзін қаумалаған жұртқа ядролық полигонның халық пен табиғатқа залалы туралы ұраншыл әуендегі өлеңін де оқыған. Әзірейілдік дақпырты әлей әскери зонаның кереғар қызметін әшкерелеуге шыққан дербес те одағай күрескерге жұрт ә дегенде елең еткен. Мәні аса өтімді өлеңін тындаған қауым тек қол соғып қошемет білдірмей, көпшілігі бой жасыруға тырысқан. Пацифист ақын тындаушылардың бейжайлығын аңдаған сон-ақ плакатын қолтығына қысып, фоеден тезірек кетуге тырысқан. Десек те семейлік пацифист жұрт алдында бір мәрте жарқ етумен тоқтаған жоқ.

1986 жылдың аяқ шенінде М.С. Горбачев пен Кенестік бейбітшілік қорғау комитетінің төрағасы Ю.А. Жуковке ол: «Кенес үкіметі атомдық жарылыстарға жариялаған мароторий мерзімі аяқталған сон ядролық сынақты қайтадан бастамасын. Көзқарасы онды емес шетелдіктер: «Кенес Одағы тағы да шатақ іске мұрындық болды, олардың ойбайы өздерінің айтқанын әлем

халқына мойындату...» – деген сипатта хат жолдаған. Ескерту парыз: Вячеслав Кобрин сол жолдауын Бейбітшілікті қорғау комитетінің құрамында «Жер планетасындағы ядролық сынақтарды тоқтатумен жүйелі түрде шұғылданатын дербес қозғалыс құру» туралы ұсыныспен аяқтаған...

Демек ядролық полигондарды жабу туралы жүрекжарды ой бізде 1986 жылы туған. М.С. Горбачевтің қолына В. Кобриннің хаты жетті ме, әлде мыңдаған жолдаулардың легінде мұрағатқа жөнелтілді ме – беймәлім. Алайда, өзімбілемі мен қайсарлығы мол Вячеслав Григорьевич ұстанған бетінен айнамай, публицист қаламгер, Бейбітшілік комитеттің төрағасы Ю.А. Жуковке нақтылы ұсыныстармен өрнектелген хаттар жолдаудан айнамаған. Мәскеулік қайраткер бірде Семей обкомына телефон шалып, жанкүйер пацифисттің ұсынысы өзіне және комитеттің төралқа мүшелеріне ұнағанын, «ядролық жарылыстарды



*Семейлік ақын  
Вячеслав Кобрин, 1986 жыл*



біржола тоқтату күресін сынақ жиі жасалатын Семей облысында бастаудың қажеттігін және соны кешіктірмей іске асыруды ескертумен» бірге батыл пікір айтқан азаматты осы іске жегу турасында онды пікір білдірген...

Амал не, сол кездегі облыс басшылары, әсіресе идеологиялық аппарат о күнде мұндай батыл шараға, төңкерістік әрекет бастауға әзір емес-ті. «Қайта құру» дүрмегіне де бейжай салғыртықпен қараған олар уақыт еді. Сөйтсе де, тәубе дейміз, Бейбітшілік комитеті төрағасының ұсынысын ескеріп, 1987 жылдың 6 мамыр күнгі мәжілісте В.Г. Кобрин осы комитеттің Семей облыстық бөлімшесіне бастық болып сайланды.

Кобриннің белсенді әлеуметтік қызметі содан кейін де пәлендей мақұлданған жоқ, комитет құрамында бұрынғы партия қызметкерлері, жоғарыдан нұсқау күтуге дағдыланған шенеуніктердің көбірек болғаны да елеулі түрде бөгет болған. Оған қоса Вячеслав Григорьевич өз пікірін үнемі онды санайтын, өзгенің ойын елемейтін қыңырлығы да жобаланған наразылықты белсенді түрде атқаруға әсер еткен. Комитеттің өзінде, оның жұмысын қадағалаушы жауапты қызметкерлер тарапынан да қыңыр төрағаның ынта-жігерін тежеу мен арандату амалдары жүзеге асқан. Десек те?..

*«Семей облысының территориясында отыз жылдан бері атомдық сынақтар үздіксіз жасалуда. Әлбетте біз сол шараның мемлекет қорғанысын күшейтетін әлеуметті шара екенін түсінеміз. Сөйтсе де балалардың өлімі, ақыл-есінің күрт кемуі және шалажансар сәбилердің тууы жөнінен Семей облысы соңғы жылдары адам шошырлық сорақы жағдайға тап болды. Обыр дертіне ұшырағандардың саны бізде өте көп. Сол дертке үлкендер ғана емес, жастар да шырмалуда... — делінген педагогтар арызы, мұғалімдердің білімін көтеру курсына келген 60 адам қол қойған хат КПСС ОК-не, көшірмесі Семей облыстық партия комитетіне жолданған. — М.С. Горбачев жолдас жариялылық заманы туды деп күн сайын қайталап отырғанда біздегі радиацияның нақты деңгейі туралы дерек неліктен халықтан жасырылады? Біздің кәміл сенімімізше, Кеңес адамының денсаулығы, әсіресе балалардың амандығы — мемлекеттік мәнді іс болуға тиіс. Ал, іс жүзінде Семей облысындағы жағдай мүлдем сорақы...»*

*Біздің нақты өтінішіміз мынадай:*

- 1. Семей аймағындағы радиацияның нақты деңгейі қанша?*
- 2. Біздегі ауыр жағдаят денсаулық сақтау мен сауықтыру орындарын көбейтумен шешілуге тиіс*
- 3. Облыс халқын қорегі мол тамақпен қамтамасыз ету де қажет...»*

Осы хаттың Мәскеуге жолданған нұсқасы ОК-тен Семей обкомына қатан нұсқаумен қайтарылған: «Бұл неғылған тәртіпсіздік? Шара қолданыңдар!..»

Әрине, хатқа қол қойғандар ғана емес, сол мұғалімдерді курсқа жіберген мектеп директорлары, аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушілері бақылаушы мекемеге шақырылып, қатан ескертулер естиді. Бұл да сол кездегі билікке тән одағайлық.

Кешірім Бозтайұлы Аягөз ауданының Ақшатау аулында, сол жердегі ұжымның темірден түйме түйген шебер ұстасы Бозтайдың отбасында дүниеге келген бес ұлдың үлкені, 1933 жылы туған. Теміржолшылардың Аягөз қалашығындағы қазақ орта мектебін 1951 жылы тәмамдаған. Республикадағы бірден-бір техникалық институттың студенті атану – о күнде оңай емес, сөйтсе де жеті-сегіз үміткер бір орынға таласқан сынақта аягөздік бозбаланың жолы болып, металлургия факультетінің студенті атанады (Осы жолдар иесінің Кешіріммен достығы институт ауласында өрбін, өмірдің содан бергі асу-белдерінің қызығы мен шыжығын екі қалада тұрсақ та бірге өткіздік. 1965-66 жылдарда мен Өскеменге ауысқанда бұрынғыдан да жиірек араласатын болдық. Енді міне, 1987-92 жылдары Семейде қайыра кездестік)...

Кешірім байсалды мінезімен, өмірге парасатты көзқарасымен, ғылым құпиясына іңкәрлігімен, әсіресе металлург мамандығын ден қоя игеруімен өз қатарының алдында болды. Біртоға қалпынан ешқашанда айнымай, тапсырылған істі тындыра істеді. Оның аспайтын-саспайтын біртоға жаратылысы, металлург мамандығының бүге-шігесін практикалық жұмыста игеруі цех бастығының үдесінен шығып, төртінші жылда жас инженер қорғасынды боқаттан тазарту цехына технолог болып тағайындалған. Сол жұмыста жүріп Компартия қатарына қабылданды, бірер жылдан соң бастауыш ұйымының секретары болып сайланды. Цех технологиясын жеңілдететін ұсыныстар жасап, үздік қабілетке ие инженер екенін де аңғартты. Отыз жастың өріне шығарда ол «Қазақ КСР-ына еңбегі сіңген жаңалықшы» атағын иеленді. Комбинатта инженер болғанына он жыл толғанда өзі еңбек еткен, төрт жүзден астам жұмыскері бар цехқа бастық болып тағайындалды. Сол жүйеде жүре берсе зауыттың бас инженері, иә комбинаттың бас директоры болып өсуі де ықтимал еді.

Алайда, дарқан өмір оған өзге жолды ұсынды. 1967 жылы, Өскеменге келгеніне он бір жыл болғанда Кешірім Бозтаевты қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, байырғы кенші Садық Ахметұлы Қойшыбаев оңаша сұхбатқа шақырып, комбинаттың партия ұйымына секретарь міндетін атқаруға өзін лайық көретінін ескертеді. Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты бұл кезде «Ленин», «Октябрь революциясы» ордендерімен марапатталған. Әлденеше мың тонналап балқытатын қорғасын, мырышпен қоса 24 түрлі аса бағалы өнім беретін, алыптығы жөнінен КСРО ғана емес, Еуропада теңдесі жоқ ірі өндіріс. Комбинаттың партия ұйымында бірнеше жүз коммунист бар, соларды біріктіретін комитет – аупартком құқығына теңелген... Демек, сол ұйымның саяси басшысы болу – үлкен сенім, әлбетте ұжым үдесінен шығып атқара алсаң? «Отызында орда бұзбаған жігіттен қайыр жоқ» дегенді ата-бабамыз баяғыда ескерткен, ал сен, Кешірім бауыр, отыздың ортасын дендедің... – дейді бірінші хатшы, – Көмектесеміз, тек аспа да таспа. Жұмыскер қауымның талап-тілегіне құлағың түрік болса – ешқашанда ұтылмайсың!..»

Ауырлығына жауаптылығы сай, оған қоса ерекше мазасыз осы міндетті Кешірім Бозтайұлы алты жыл бойы атқарды. Тілі сойқы ғана емес, оқыс әрекетке де бейім металлургтер қауымы оның кісілік болмысын танып, іске деген адалдығын да ескеріп, парткомға хатшы етіп екі мәрте сайлады. Кешірім Бозтайұлы ұжым тынысын білгір дәрігердей сезініп, металлургтер мүддесін

кандай лауазым иесі алдында қорғауымен де абыройлы болды (Бұл жайында өзі «Семей полигоны» кітабында: «Комбинат ұжымына, әсіресе жұмыскер қауымға қарыздармын, сол ортада болған жылдарда азаматтық, адамгершілік ұстанымға ден қойып, қандай жағдайда болсын шындықты айттым. Тегінде сол жолдан ешқашанда айныған емеспін», – деген).

1973 жылы ол Шығыс Қазақстан КП обкомының өндіріс саласын басқаратын хатшы, бірер жылдан соң екінші секретарь болып сайланды. Кенді Алтай атанған қазыналы өлкенің қауырт дамуға түскен айтулы кезеңі бұл. Сол жылдары кейбір білгіштер өлкенің жерасты қазбалары сарқылды, тұсті металдарды мындаған тонналап өндіру мүмкіндігі азайды десіп, экономикалық құлдырауға тап болған өңірде геологиялық ізденіс қауырт жүріп, ірі комбинаттар қайта өрлеп, металл қорытуды өсірді. Осы өзгерістің себебін естелік жазушылар обкомның бірінші секретары А.К.Протозановтың ерекше қайраткерлігіне саяды. Рас, Александр Константиновичтің Шығыс Қазақстан өңірінің жерасты байлығын өндіріске қосудағы еңбегі ұшан-теңіз. Алайда, сол шаруаны оның жалғыз өзі атқармағаны, қасында кәнігі инженер, өндіріс білгірі Кешірім Бозтаев сияқты тындырымды серігі болғаны – өмір шындығы. Мысалы, А.К.Протозанов келген жылы жымысқы қылыққа бейім облатком төрағасын Б.Т.-ды босатып, сол міндетті білікті инженер С.А. Қойшыбаевқа жүктеді. Салық Ахметұлының жасы ұлғайып, денсаулығы сыр бере бастағанда осы қызметті Кешірім Бозтаевқа ұсынған. Әділін айтқанда, адуын секретарь өзі келген Төмен облысынан Өскеменге бірде-бір кадр шақырған жоқ. Кенді Алтайдағы іргелі өзгерістерді жергілікті мамандардың қайрат-жігерімен жүзеге асырды. Ең ғажабы, оларды ұлтқа бөлген жоқ, еңбегіне, қабілетіне қарай бағалады.

Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы міндетін Кешірім Бозтайұлы бірнеше жыл атқарды. Осы облыста ол ұзын ырғасы отыз бір жыл еңбек етіп, өмірінің қызық та мәнді кезеңін сонда өткізіп, өндірістік, партиялық, мемлекеттік ауқымды жұмыстарды атқара жүріп, ұлағатты өмір мектебінен өтті...

\* \* \*

Менің сол күнде қалыптасқан түйсігімде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары қазақтың естияр қауымын өзгеше ойға салып, «Ләппай тақсыршыл жасқаншақ пейілден арылып, алды-артына бағдарлап қарайтын сындарлы қалыпқа бұрды. Әлбетте ұлттық намысымызды, азаматтық қақымызды аяқасты еткендер тегінде бауырмал һәм гуманист орыс халқының зиялы қауымы емес, білім-танымы таяз, өзін жер кіндігі санайтын, әпербақандыққа үйір билеуші тобының бұзық ниетінен өрбіген...

Бертінде жарияланған деректерді сараласак, Алматыдағы Брежнев атындағы (қазірде Республика) алаңында үш тәулікке созылған дүрбелеңде қорғанушылар мен дүрелеушілер тобынан 768 адам әртүрлі жарақат алып, 540 жас ауыруханаға түскен (Алатаудың қар бөккен сайларына ессіз қалпында лактырылған ереуілшілердің саны белгісіз.

Ал, қамауға алынғандар, Ішкі істер министрлігінің дерегі бойынша — 2336 өрен, Мемлекеттің қауіпсіздік комитетінің ақпарында — 2212 адам, ал қалалық прокуратура жауапқа тартқандар 2401 тентек дейді... Десек те сол деректер нақты емес, сірә, қасақана шастастырылған). Алматылық жастарды «жуасытуға» Ресейден ұшақпен әкелінген десантта 3200 офицерлер мен солдаттар болған, оларға жергілікті жазалаушылардың әлденеше мың офицерлері мен жауынгерлері көмек берген. Демек, он мыңға таяу адам. Жазалау операциясы 18-19 желтоқсан күндері әлімжеттікпен жүрген...

Ең ғажабы, алматылық жастардың Желтоқсан ереуілі Қарағанды, Жезқазған, Талдықорған, Көкшетау, Арқалық, Павлодар және тағы бірнеше қазақстандық қалалардың студент жастарының белсенді әрекетпен қолдауына ұласқан. Солардың санатында — Семейлік жастар да хал-кадерінше өрекіген...

Ғажапты қараныз: қойдай жуас, нендей қарар, иә нұсқау түсірсен де тек қана жә дейтін момақан ел саналған қазақ халқының жасоспірім жеткіншектерінің желтоқсан айындағы наразылығы (шындығында ұйымдасқан түрде жаппай көтерілуі) КСРО-ны мекендеуші халықтарды ұзақ ұйқыдан оятып, төтенше оқиғаларға еліктірген; бұл болса М.С. Горбачев жариялаған «Қайтадан құру және алға өрлеу» саясаты үрдіс қарқынмен өрістеген кезеңде белең берді; қызыл үгітке баладай сенгіш және соны бұлжымайтын заң ретінде орындауды дағды еткен Кеңес халқы сол науқанды бұрынғыдай «бәрежелді» деген жаппай сүйсініспен қабылдаған жоқ: Қазақстандағы дүмпу іле-шала Тбилиси мен Сумгаиттағы қантөгіске ұласып, Армения мен Әзербайжан арасында Таулы Қарабах үшін қақтығыс бұрқ етті. Соған дейін іштен тынған, бірақ жүрек түбінде жылдар бойы қордаланып жатқан ұлттық бостандық көксеуі Балтық бойындағы республикаларда өзгеше өрістеді... Қысқасы, он миллионнан астам белсенді мүшесі бар КПСС ұйымы әлем халқына жар салған, достығымыз мәңгі дескен бірліктің іргесі сөгілгенін, социализм қоғамының төріндеміз деген де көпірме ұстамның бекемдігіне де сызат түсіп, сол қарсаңда дүңк еткен Арменияның Спитак қаласындағы тоғыз балл жер сілкінісіндей әр жерден іргемізді солқылдата бастағаны — көз көріп, көңілді түршіктірген зауалдар...

1986 жылдың соңғы айының 18-ші жұлдызында Семейде өзім куә болған одағай жайт бүгінгідей есімде. Зоовет институттағы оқытушылық жұмысынан шаршаңқырап қайтқан бәйбішем Клара Дүйсебайқызы мезгіл кешке ауғанда: «Қар жауып тұр, ауа жанаруда. Жарым сағат серуендеп келейік...» — десін. Жедеғабыл киініп, генерал Беспәев көшесіне түсіп, Абай ескерткіші тұрған алаңға жақындағанда көлденен тізілген автобустар керуеніне кез болды. Білегіне қызыл шүберек байлаған жігіттер жолымымызды кес-кестеп алаңға жібермеді. «Не себепті?» деуге көңіл болмай, обком ғимаратының алдындағы екінші алаңға бұрылды. Алайда, оған да өте алмадық. Қаптаған патруль тағы да алдымыздан кес-кестеді. «Ау, бұлар не? Алаңда ешкім жоқ, неге өткізбейсіңдер?..» — деген қыжылыма жүзі таныс обком қызметкері: «Медеу аға, үйіңізге қайтыңыз, балаларды да үйде ұстаңыздар. Алаңға бүгін кіре алмайсыз...» — деді.

Амал қанша, пәтерімізге өралдық. Теледидар Алматыны көрсетіп жатыр: Брежнев алаңы қаптаған кісі; олай-бұлай қашқан жастар; азық-түлік дүкенінің даңғарадай терезелерінің быт-шыты шыққан; бір бүйіріне қисайып өртеніп жатқан автобусты да көрдік...

«Арак ішкен, наркотикке уланған жастар орталық аланға топтанып шығып бұзакылық жасады. Қорғаныс қызметкерлері соларды тәртікке шақыруға мәжбүр болды...» – деген ақпарды диктор әйел бәсең үнмен екі-үш мәрте қайталады...

Клара Дүйсебайқызы дірілдеп, жүрек тұсын сипалап маған шошына қарады. «Мына жәшіктің сөзі шатақ. Маскүнемдер дегені, әне, кара, бірнеше мың адам... Мүмкін емес, мұның артында басқадай гәп бар. Жанағы жігіттер де текке жүрген жоқ, сірә, сақтық шарасы?..» – деп өзімше долбар айттым.

Бәйбішем Қарағанды университетінде оқитын студент ұлымызды есіне алып: «Жаңыл тәтейге телефон шал. Ерланды үйлерінде ұстасын, катаңырақ ескерт!..» – деді.

Автомат жүйенің қараң қалғанын бірден аңғардым. Қалааралық байланысқа телефон шалдым, «Қарағандымен байланыс үзіліп тұр, әзірше тапсырыс алмаймыз...» – деді. Ойыма күдік кіріп, Алматыны сұрадым. Онымен де байланыс үзіліпті. Түсінікті сақтық...

Сірә, қауіп ойлаудан туды білем, Семейде тұратын қарындасымның үйіне телефон шалдым. Трубканы жиенім Ғ. көтерді. Жергілікті пединституттың бірінші курсында оқитын-ды. Болашақ тарихшы.

– Әй, сен, үйде неғып отырсын?

– Көшеге шыққалы отырмын, достарым жатақханаға шақырып жатыр, алматылықтарды қолдаймыз... – деп бозбала жігіт ағынан жарылды.

«Қыдырғанды доғар, үйіннен шықпа!..» – деуге тілімді алмас деп ойладым да:

– Әке-шешен қайда? Телефонға шақыр...

– Әлгінде қонаққа кетті.

– Қайда кеткенін білесің бе? Телефон шал, маған жедел хабарлассын. Осы, қазір, тығыз шаруа бар! Өзің де керексін!..

Бес-он минуттан кейін қарындасым телефон шалды.

– Сендердің қонаққа жүрулерің сірәда таусылмайды. Сенбі, жексенбі – бір сәрі, жай күні де жиі қыдырасындар... – дедім бірден. – Дереву үйге қайтып, үлкен ұлға ие болындар! Ол шіркін жатаққа барамын деді, үйде ұстандар. Бүгін ғана емес, ертең де!.. Дастарқан басындағы достарына да соны айтындар, қыдыруды доғарып, студент балаларына ие болсын! Алматыда не болып жатқанын көрдіңдер ме? Әрине, түк білмейсіңдер, дереву теледидарды қосындар!..

Жарым сағаттан кейін қарындасым мен күйеу балам өз пәтерінен телефон шалды.

– Ашуыңызды басыңыз. Ұлды да есік алдынан ұстадық. Ешқайда бармайтын болды. Сізге рақмет, жағдай түсінікті. Жолдастарымыз да сөйтеді... – деді.

Амал не, келесі күні Семейде өрбіген төтенше оқиға, бізді де «байтал түгілі бас қайда?» дерлік іске тап етті. Ертенгілік шайға отырғанымыз сол еді, үйге қарындасым келді. Көзі қызарған, ұйықтамағанын бірден аңғардым. Сөйтсем, таңғы сағат үш шамасында үйіне үш қаріптін адамдары келіп, шырт ұйқыда жатқан Ғ.-ны төсегінен суырып алып, тергеуге әкеткен. Күйеу балам мен қарындасым сөл жүйеде істейтін немере ағасы подполковник Қ...-ның үйіне барады. Үшеу болып облыстық КГБ мекемесіне келеді. Соның көмегімен студент ұлын әрең дегенде кепілге алып, ертенгілікте үйіне қайтады...

Түн ішінде жауапқа шақырылғандар біршама жастар екен. Бәрі де Семей пединститутының студенттері. Өзге оқу орындарынан да жақтаушылар болған-мыс. Ұлттық намысы қозған семейлік жастар: «Біз неге қарақан басымызды қорғап, бұғынып отырамыз? Ең болмағанда бірнеше жүз студент бас қосып, астана студенттеріне рухани қолдау көрсетейік!..» – деген уәжге тоқтап, 19 күнгі ертеңгілікте обком алдындағы алаңға, Ленин ескерткішінің алдына жиналуға пәтуаласады. Нақты айғақ: дәріс үстінде менің жиенімнің алдына жолдасы бір бет қағаз тастайды; ол болса қолдан жазылған үндеу хат, жазылған сөз алматылық жастарды қолдап, ереуілге шығу. Ғ.-да: «Жарайды, қосыламын..» – деген. Не істеу керектігін кешке таман, жатақханада бас қосып, ақылдасуға пәтуаласқан...

Күтпеген сәтте сол іске менің араласуым сол ойдың орындалмауына түрткі болған. Өз үйінде жіпсіз байланған жиенім кейбір жолдастарына телефон шалып, олар да тыныш отырмай, «жобалаған шараны келесі күні қайткен күнде іске асырамыз, алаңға жиналып, наразылық акция өткіземіз...» – деген тоқтамға келген-мыс.

Әлбетте телефон арқылы болған сол сөзді Қауіпсіздік мекемесі таспаға жазып алыпты. Сөйтіп бірнеше студентті қармаққа ілген. Жорамалдауымша, дәріс кезінде таратылған үндеу хатты студенттер емес, үш қаріп мекемесінің өзі дайындаған. Сондай қитұрқымен үкімет саясатына наразыларды анықтайды. Әлбетте жастар арасында сондай жымысқы әрекетпен шұғылданатын агенттері болған. Менің жиенім сияқты студент атанған аңқау бозбалалар сол іске оп-оңай шырмалған.

Қысқасы, семейлік жастар алаңға шыққан жоқ. Жергілікті сақшылардың алдын-ала қолданған айла-шарғысы іске асып, үнсіз қалды. Қарындасым сол гәпті маған ескертіп:

– Байқауымша, біздің ұлды КГБ біржола босатқан жоқ. Әлі де тергейді... – деген қауіп айтты.

– Қой, бекерге шошыма. Үйінде отырып балалықпен былшылдағаны – қылмыс емес. Өйткені ешқайда барған жоқ. Оқуына мығым болсын, аузына қаппақ қойып, тәртібін оңдасын. Қазіргі уақыт басқа, үш қаріп те алды-артына қарайды... – деп өзімше ақылгөйсідім.

Өзгерген уақытқа сенуден туған пәлсафа еді. Бірақ, қателестім. Әсіресе қауіпсіздік жүйесі өзгерді, салауатты істермен ғана шұғылданады дегенім бекер екен.

\* \* \*

Кешірім Бозтайұлының Семей облысына басшылыққа келуі Желтоқсан оқиғаларының жаңғырығы күллі Қазақстан халқы үшін атөтті науқан болмай, жер-жерде наразылық пен өреқпулер туғызып, соның жаңғырығы Ертіс жағасында да білініп, жанару мен ірі өзгерістер күткен айшықты кезең болатын. Қазақ мәдениетінің қара шаңырағы атанған, қордалы тарихқа ие өркениетті Семей 1980-87 жылдарда экономикасы құлдыраған ауыр жағдайда тіршілік етсе де рухани сілкініске әзір еді...

Жұмыс істеуге ынтасы зор қайраткерге әрқашанда уақыт жетпейтіні — өмір заңы. «Коммунист» журналын, иә «Правда» газетін алдына қойып, зерігіп отырып, сағат алтыдан бес минут өткенде даладай кең кабинетінен шығып келе жататын секретарьларды жиі көрген обком қызметкерлері Кешірім Бозтайұлының таңғы сегізде жұмысқа келіп, кеште де сол мезгілде үстел басынан тұратын әдетіне амалсыз көндікті. Ұшы-қиырсыз жұмыс 11-12 сағат еңбекетумен түгесілген жоқ, бірін тындырса екіншісі алдынан шығады. Жылдар бойы шешілмей қордаланған мәселе сан алуан, ең қиыны, қайсысын болсын іске асыруға қол қысқа. Республика қаржыны там-тұмдап береді, облыстың өз мүмкіндігі шектеулі. Әрине, осы өңірде еңбек еткен әрбір басшы облыс экономикасын жедеғабыл көтермек болып, түрліше қаракеттер жасаған. Мысалы, мал қыстақтарын көбейтіп, суармалы шөп танабын кеңейтуді бастаған А. Рамазанов еді. Бір жерде бес-алты мың бас қой, иә сиыр малын ұстайтын бордақылау кешендерін С. Құбашев әр кеңшарда топтап салғызды. Сол маңаттағы қараған, бұта атаулыны мал жеміне пайдалануды да сол қайраткер осы облыста еңбек еткен бес жыл бойы қадағалады. Нәтижесінде табиғи қорғанышынан айрылған қайран жайылым қар тоқтамайтын қу тақырға айналды. Ол кеткен соң-ақ мал бордақылау кешендері азып-тозып, қарағанды ұсақтайтын қондырғылар қараусыз қалды. Мал қыстақтары ежелгі қоныстарына қайыра ауысты...

Бізге келген әрбір басшы экономикасы жұтаң облыстың ауыл шаруашылығын жедел көтеруге тырысқан. Кешірім Бозтайұлы да сол қаракетпен хал-қадерінше шұғылданды. Бірақ, қайда болсын «менің айтқанымды бұлжытпай орында!» — деп тізеге салған жоқ. «Іс жөніне қарай әрекет етіңіздер. Маған мал басының өсіп, малшының да амандығы қажет...» — деп ағынан жарылған...

Төрт түлігі молырақ болғандықтан аудан басшылары өріс-жайылымды, екпе шабындықты тиімді пайдалануға әртүрлі амалдар жасап, хал-қадерінше кеңейтуге, суармалы егістікті көбейтуге тырысатын-ды (бесінші түлігіміз — шошқа шаруашылығы, алтыншы — құс өсіру, ал, түйенің саны күрт кеміген еді, егінге жарамды жері азан әрі сол ауа райының рақымына байланысты). Қалай десек те жаз айларында төлімен бес миллион қой-ешкі өрбитін облыстың осы саладағы жұмысы аз емес-ті. Жылқы мен сиыры да мол. Бәрі-бәрінің түйткілі көп тауқыметтері бірінші хатшының алдында шешіледі, қалыптасқан рәсім солай. Соған орай Семейдегі ет комбинатының, жүн жуатын фабриканың, жіп иіретін, одан әр алуан киім-кешек тоқитын, тері илейтін, былғары шығарып, тон мен аяқкиім тігетін жеңіл өнеркәсіп түрлерін көбейту ісі де — обком мен облаткомның қатаң назарында. Ең шатағы, осы тауарларды жоспардағыдан асыра орындағанда түсетін пайда — мардымсыз (1986 жылғы статистикалық есеп бойынша табыс көлемі жөнінен облыс 15-ші орынға құлдылаған). Кедейшіліктің сипатын осыдан-ақ аңғаруға болады. Өндірістері әлсіз. Қысқа жіп күрмеуге келмейдінің кері. Өзі көбірек шұғылданған Өскеменнің кейбір өндірісі бір айда түсіретін кірісті Семейдің күллі өнеркәсібі өзара қосылып, жыл бойы әрең береді. Сол себепті 740 мың

облыс тұрғындарының азық-түлікке, баспанаға, отын-суға, өзге де тірлік қажеттерін өтеу үшін республикалық қордан миллиондап қосымша қаржы алды. Кейде сол да тимейді. Нәтижесінде құрылыс жұмыстары жүрдім-барым жүрген, тұрғын үй Семейде ғана емес ауыл-селоарда да жетіспейді. Бірінші хатшының атына күн сайын түсетін арыздардың дені – осы турасында. Облыс орталығында спорт ғимараттарын салу жобаланбаған, ауыру дендеген қаладағы аурухана, емханалардың дені – соғыстан бұрын салынған ескі мекендерге орналасқан, бертінде тұрғызылғандарына күрделі жөндеу жүрмеген. Студенттер қаласы аталған мекенде 4 институт, 16 техникум бар, соларда білім алатын жастардың қарама – 40 мың шамасы. Білікті дескен оқу орындарының жай-күйі де жадау ғана емес, мүшкіл жағдайда. Г.В. Колбин Семейге өзін әкелгенде мінбеде тұрып: «Тұрғын үй мәселесін Қазақстанда төрт жылда біржолата шешеміз!» – деген-ді, іле-шала «Баспана – 90» бағдарламасы жасалған-ды.

Соған орай жобаланған екі қабатты жөнең қалашықтар Семейдің әр жерінде ірге көтере бастады. Кешірім Бозтайұлы облысқа келген жылы қаладағы сүт комбинатының қуатын екі есе кеңейтіп, қосымша тоңазытқыштар қойғызып, азық-түлік дүкендерінің сәресінде сүт, қаймақ, сары май тізіліп тұратын молшылыққа жеткізді. Осы жайтты бірден байқаған құдайы көршілерімнің: «Жаңа секретарьға шексіз рақмет, қаймақ алу үшін сағаттар бойы кезекке тұрудан құтылдык...» – дегені есімде.

Өскеменде құрылыс саласын бірнеше жыл бойы басқарған Кешірім Бозтайұлы сол іске қарқын беру үшін «Монолитқұрылыс» трестін ұйымдастырып, соны басқаратын кәнігі құрылысшыны Өскеменнен шақырып, Семейдің әр тұсында 12-16 қабат жаңа үйлерді құйма бетоннан жеделдетіп тұрғызуға мұрындық болды. Силикат кірпіш шығаратын зауыттың өнімі де бірнеше есе артты. Облыс орталығының кіндік тұсында көрікті жаңа ғимараттардың іргесі қаланды. Қала ортасындағы «Динамо» стадионы орнында жедел басталған зәулім де көрікті Спорт сарайының құрылысы басталды (Амал не, сол құрылыс аяқталмаған қалпында жиырма жылдан астам уақыт қаланың кіндік тұсында серейіп тұрып, қазірде мүлдем бұзылды). Ертістің оң жағалауында Некекияр, Жастар сарайлары бой көтеріп, пайдалануға берілді. 1987-1991 жылдарда облыс аймағында 69 орта мектеп, 67 балалар бақшасы, 28 мәдениет сарайлары салынды. 34 жаңа мектептің іргесі қаланып, құрылысы жедеғабыл жүргізілді. Қала мен ауыл-селоарда жүзден аса типтік жобамен тұрғызылған сауда дүкендері бой көтерді (Рас, бой көтерген құрылыстардың кейбірі нарық заманына тап болғанда тоқтап қалды. Жергілікті халық соларды «Бозтаевтың бітіре алмай кеткен мұралары» деп атады. Әрине, келемеждеуден гөрі өкініші басым мағынада).

Осы істердің бәрінен де қайраткер жерлесімнің Семейге келген күннен тыным көрмей, игі істерге бел шеше кіріскені аңғарылды. Алғашқы кезекте жүзеге асқан игі шаруалардың дені халық денсаулығын қадағалайтын емханалар мен ауыруханалардың мекен-жайын күрт жақсарту саласында өрбіді: 1988



жылы қала ішіндегі әкімшілік үш аудан таратылып, солар жайғасқан еңселі, үш қабатты жаңа ғимараттар емханаларға берілді; өзіне дейінгі бірінші хатшы баспана еткен (жарым-жартысы мәртебелі қонақтар жататын резиденция болған) үш қабатты әсем үй де тумысынан сырқат балаларды емдейтін сауықханаға тиіп, хатшының отбасы бес қабатты үйдің үш бөлмелі жұпыны пәтерін иеленді.

Ескерту парыз: бірінші секретарьға қарым-қатынасымның жақындығын сезген кейбір таныстарым үйге келгіштеп, әртүрлі өтініштер айтатын болды; бірде-біріне қолғабыс еттім, басшының назарына жеткіздім деп айта алмаймын; болса да некен-саяк, қиянат әрекет жолды болған жағдайда ғана араластым. Өйткені жең ұшынан жалғасу тәрізді әрекетке досымның жан-тәнімен қарсы екенін білетінмін.

Десем де бірінші хатшының әлеуметтік мәні ерекше зор бір іске араласуына мұрындық болдым...

Ол болса жоғарыда сөз еткен Желтоқсан оқиғасы. Таңғаларлық сақтыққа бейімдік, әлде өздерін қырағы сакшы етіп көрсетудің амалы? Сірә, екеуі де ықтимал. Семей облыстық қауіпсіздік басқармасы пединститут студенттерінің алаңға шығып, алматылық жастарға рухани қолдау көрсетпек болған ниетін қылмыс бабына келтіріп, бір-біріне үгіт айтқанын, телефондағы үндері жазылған таспаны айғаққа тартып, қылмыстық іс қозғанды. Тергеу үш-төрт ай жүріп, белсендірек қимылдады деген желеумен 13 қазақ жасына қылмыс бабы байланған. Біреуі – менің жиенім. Інісін алғашқы күні қорғап, қамаудан босатқан немере ағасы подполковник Қ...-да зейнетке шығуына бір жыл қалғанда жұмыстан қуылыпты. Яғни қызметтік борышын ұмытып, ағайыншылық көрсеткен-мыс...

Аяушылығы аз, әріпшіл шенеуніктердің әрекетімен 18 жасар жиенімнің тағдыры жар жағасына ілікті.

Ақыры, обкомға емес, секретарьдың пәтеріне бардым. «Алдыңнан өтейін деп келдім. Сенің Нұрланың мен менің Ерланым жасындағы өрімдей жігіттерді нақақтан соттатып жіберіп, түк білмегенсіп, қол қусырып қарап отырамыз ба? Жер-жерде наразылыққа қатысқан қазақ жастарын оқудан шығарып, түрмеге алып, сыпыра жазалап жатқанын естіп отырмын. Біздегі сакшылардың мына әрекеті сол дүрмекке ат қосудың амалы...» – деген мансұқ ойымды қадала ақтардым.

Кешірім Бозтайұлы біршама уақыт үнсіз отырды да: «Бұл жайында мен ештеңе білмеймін. Ал, ашық күресемін дегеніңді құптаймын. Жазушы атына лайық әрекет. Қазір заман басқа, өзін кәміл сенген ақиқат үшін айкастан тайынбау керек. Тек әзірше шулатпай қоя тұр, бірер күнде хабар өзімнен болады...» – деп ырың-жырың көңілімді аз-кем басқандай болды.

Шынында да бірер күннен соң үйіне шақырды. «Сен айтқан шаруаны бүгін жеріне жеткіздім. Сол жұмыс біржола жабылды, он үш студент тырнағы түспей, аман-есен құтылады. Сен де осымен тоқтағын... – деді жымыып. – Тегінде мұндай келенсіздіктер біздің өмірімізде әлі де кездеседі. Сондықтан сен боп, мен боп, көпшілікті тартып, жөнсіз қиянаттарға тосқауыл қою қажет! Өйтпесек азаматтық ар-ожданымызға, партия жолына да дақ түсіреміз...»

Кешірім Бозтайұлының Семей өңіріне келгеніне екі жыл болды. Ел тірлігін оңдау үшін игі жұмыстар тындыруға жарғақ құлағы жастыққа тимей, жүрген кезен. Сол күндерде ол ел жағдайын нақты біліп, әсіресе облыстың түстік пен батыс өңіріндегі он бір ауданда қоныстанған жергілікті халықтың тұрмыс күйі, денсаулығы да мәз емесін аңдаған. Ертістің он қабағындағы төрт аудан мен Семей тұрғындары да жетісіп отырған жоқ. Ең қиыны, Ертіс өңіріне жаппай тараған беймәлім дерт жыл сайын көбейе түсуде...

Семейге келген кезінде-ақ Кешірім Бозтаев Курчатов қаласында болып, сынақ алаңдарын көрген, тікұшақпен жүрген серуеннің соңында әскери зонаның бастығы сынақ кезеңдері бейнеленген, полигонның осы атырапқа орнығуы, қала салынып, алаңдарды дайындау әскездеп түсірілген, ядролық жарылыстардың бұлдіру күші бейнеленген деректі фильмді көрсеткен. Сол «дәріс» те өздері қырық жылдан бері сәтті жүргізіп келе жатқан ғылыми жұмыстардың Отан қорғау ісіндегі айрықша мәнін, ділгер қажеттігін барынша мәністеп түсіндірумен тәмам болған («Семей полигоны» кітабында К. Бозтаев сол сапарда көрген-білгенін тәптіштеп сипаттаған. Әсіресе деректі фильмді жаны түршіге көрген соң-ақ полигон төңірегіндегі қалың елге атомдық, ядролық жарылыстардың қаншама қасірет, ғасырлар бойы айықпас ауыр дерттер таратқанын жүрек ділімен ұққанын тебірене сөз еткен).

– Аркадий Данилович, осы сынақтардың санын жарым-жартылай кемітуге болмай ма? Әрбір сынақтың қаншама адам баласын, жан-жануарлар дүниесін ауыр дертке душар ететіні – қазірде әрбір саналы адамға мәлім, сіз де соны жақсы білесіз... – деген ескертуіне полигон бастығы Ильенко түрпідей жиырылып, ұнатпаған кейіп аңғартады.

– Сіздің айтып отырғаныңыз, жолдас секретарь, семейліктердің дағдылы қыжылы. Шындығында бәрі де әншейін байбалам. Жарылыстан өрбитін радиацияның көп дегенде он мыңнан бір бөлегі ғана жерге түседі, басым мөлшері ширек сағатта ғарышқа шығып кетеді. Бұл енді жүздеген мәрте өлшеумен анықталған дерек. Семейліктердің жиі ауыратыны – корек ететін тамағының әлсіздігінде. Тегінде сізге облыс халқын дәмді, дерменеге бай азық-түлікпен қамтамасыз етуді жедеғабыл оңдау қажет. Семей полигонының жұмыс істегеніне қырық жыл болды. Шүкір деңіз, Отан қорғанысын үнемі күшейтіп, социалистік елдерді тұншықтыруды тілеген империалистердің жауыздық ниетін тежеуден әзірше жаңылған жоқ. Әлі де сөйтеді!..

Өзін жер кіндігі санап, биік шеніне мардымсыған генерал-лейтенантқа обком секретары сол жолы ештеңе демеген. Бірдеме дейтін болса пиғылы оғаш, ойы да бұзық А.Д. Ильенконың өктемдігі бетке ұрар жүз сөзбен жауап беретінін сезген. Алайда?..

Обком секретарына жер-жерден, екі тілде жазылған хаттарды еңбекшілер арыздарын тіркейтін сектор соңғы кезде қарамы ерекше молайған жазбаша жолдауларды бірнеше топқа бөліп, арыз түріне қарай жүйелеп, аса мән-

ділерін ғана Кешірім Бозтайұлының назарына ұсынатын рәсімге көшкен. Сол хаттардың бірі – Қайнар кентінен 1989 жылдың ақпан айының басында жолданыпты.

*Қадірменді Кешірім жолдас!*

*Сіз екеуміз түйдей құрдаспыз, мен де, өзіңіз сияқты қазақ халқы үшін аса ауыр болған, аштықтан кейінгі 1933 жылдың перзентімін.*

*Сіздің Қайнар тұрғындарымен кездесуде мінбеден мәлімдеген жүрекжарды сөзіңіз мені, алпыс жасқа жақындаған байырғы қайнарлықты ерекше толғандырды. Осы елдің тумасымын, өзімнің де, әйелімнің де алты-жеті атасы Абыралы өңірінде туып-өскен.*

*Жасаң кезімде мен Қу ауданының осы күнгі Абай атындағы совхозының полигонға жақын, Мыржық тауына ұрымтал орталығында моторист болып еңбек еттім. Сол жерде үйленіп, балалы-шағалы болдым. Екі ұлымның үлкені Дастар тауының баурайында туып, екінші ұлым мен қызым Қайнарда өмірге келді. Жас күнімнен аңшы атанып, қолым босаса-ақ екі доңғалақты мотоциклмен Дастар өңірінен арқар атып, қасқыр мен түлкінің де бұйырғанын алдым. Жеңік ісімнен әлі күнге дейін жерігем жоқ.*

*Сізге әуелі отбасымды шалған қасіретті айтайын, ғапу етіңіз, бұл енді бір ғана мені емес, күллі қайнарлықтардың, Абай елі мен Қаз дауысты Қазыбек туған Қу ауданын жаппай сорлатқан дерт. Басқаша түсіндіруге сөз таппай отырмын. Оқуым көп емес, бірақ қазақтың нақыл сөзіне құлағым түрік адаммын...*

*Екі ұлымның кішісі бесіктен шықпай жатып ессіз болды. Қол-аяғы сау, он екі мүшесі түгел. Биыл отызға келеді, ақыл-есі тек бір жастағы баладай. Тілі бар, бірақ сөйлемейді. Адам ұқпас дыбыс шығарады. Ұйқыдан тұрған соң әлдебір қалбырды қиыршық тасқа толтырып алып, соны салдыратып айдалаға безеді. Алдына ас қоймасаң ештеңе сұрамайды. Қолын да жумайды. Шалбар, көйлегін осы күнге дейін шешесі кигізеді. Есімін ағасы Есболға серік болсын деп Ербол қойғанымын. Ал, Есболым оқуға зерек болды, тәубе деймін, өзіңіз тәмамдаған Алматының инженерлер үністетін бітірді, Сізді тәрбиелеген Өскемен комбинатында – инженер, автомат аспаптарын қадағалайтын маман. Балалы-шағалы, Ленин көшесінде тұрады. Фамилиясы Қошаев, бәлки білетін шығарсыз? Кенжем – қызбала, Семейдегі дәрігерлер институтын тәмамдады. Отбасы бар, бізге жиендер сыйлауда... Ерболымды емдетуге талай жерге апардым, дәрігер атаулы, бақсы-балгер де оның ұйқыдағы есін оята алмады.*

*Ең шатағы, Кешеке, осындай дерттілер біздің Қайнарда, полигонға ұрымтал ауылдардың бәрінде бар. Соңғы кезде тіпті жиіледі. Ербол сияқты ақыл-есі кемшін, не болмаса екі қолы жоқ, иә бойы өспеген, әйтеуір он екі мүшесі сау емес бейшара нәрестелерді коргенде көңілім қарадай түршігіп, сенесіз бе, сол дертті таратушы Дегелең атырабына от қойып өртегім келеді, сол алқапты күзетушілерге де қарадай лағнет айтамын. Ерболым сияқты мүгедектер бұрын неге тумаған? Бәрі де полигон тарсылының әсері. Біздің Қайнардың қақ жармысы әскерилер таратқан өзгеше дертке шалдыққан. Атишабаров деген дәрігер ғалымның айтуынша, біздің*

елді «Қайнар дерті» деген төтенше ауыру дендеген. Ашып айтпаса да сол дерттің әскери көршімізден тарағаны анық. Сонда қалай, әскерилер бізді тәжірибе жасайтын қоян, иә тышқан санаған ба?..

Кешірім замандас, туып-өскен облысыңызға келгеннен бергі сіздің әртүрлі игі іс-әрекетіңізді естіп, «Е, бізге нағыз жанашыр азамат келді» деп қуанып отырмын. Сіздей қайраткерді қасіреті мол Семей облысына жіберген кемеңгер партия басшыларына рақмет айтып, Сізге денсаулық тілеп, ас қайырған сайын бетімді сипап отырамын. Сізден мен, секретарь жолдас, балаларыма мәртебелі қызмет, иә қаладан баспана, не болмаса дүйім жұрт қазірде құмар болып жүрген жүйрік машина да сұрамаймын. Сізге айтар өтінішім — жүрекжарды тілегім біреу және соны Сіз түсінікпен қабылдап, жеріне жеткізе орындайды деп сенемін: ол енді — мына ядролық полигон деген тәжәлдың дүрсілін тоқтатуға болмай ма, ең құрғанда, сынағын азайтса деген деген өтініш. Менің Ерболым жазылудан кеткен бейбақ, бәйбішем екеуміз қайрат-күшіміз сарқылғанша оны мүгедектер үйіне бермейміз, өзіміз бағамыз. Ал, Ербол сияқты ақыл-ессіз, иә өздігінен жүріп-тұра алмайтын бейшара нәрестелер тумауы үшін біздегі жарылыстар тоқтауға тиіс! Мен сізге айтайын, аңшы саяткердің бақылауы деп біліңіз: үздіксіз жарылыстардың кеселінен Дегелеңнің бүркіт ұя салған шыңы қазірде біржолата шөкті, соның жертасын қолыңызға алсаңыз, кәдімгі борша сынады. Алла тағала жаратқан биік таудың тасы сөйтіп үгіліп жатқанда, адам баласы, жан-жануар дүниесі қалай шыдайды? Американың бай қожаларына біздің үкімет пен партия атом бомбасын сынауды біржолата қоялық десе — сол шіркіндер де Сіз екеуміз сияқты анадан туды емес пе, келісетін шығар деген ойдамын?!..

Қысқасы, Кешеке, Сіз осы мәселені Қазақстан мен КСРО басшыларының назарына жеткізеді деп сенемін. Сіздің азаматтық, коммунистік ұстамыңыз, байқауымша, еліңізге деген перзенттік сезімге де ерекше адал деген ойдамын...

Зор сеніммен хат жолдаушы Дәулетқали Қошаев,

Қайнар аулының тұрғыны, сол мекендегі наубайхананың меңгерушісімін.

1989 жылғы 2 ақпан

Кешірім Бозтайұлы осы тәріздес хаттарды әрдайым назарында ұстап, қандайда бір әрекет бастауға ойланған. Амал не, әбден ушыққан мәселені түбегейлі шешудің жолын таппай, дерт қаулаған елге септігі тиер үкімет қаулысын қабылдануға шама-шарқы жоқтығын да айқын сезіп, дәрменсіз халіне іштей қапа болған. Сөйтсе де?..

\* \* \*

1989 жылдың 12 ақпан күнгі жарылып, жер астына бұқтырылған ядролық зарядтың қуаты — 70 килотонна. Бұл енді ғаламат зор қуат! «Уақыт» бағдарламасы келесі күні таратқан ТАСС хабарында: «Сынақ сәтті өтті, радиация фонны қалыпты мөлшерден асқан жоқ...» — деген ежелгі ақпар қайталанған. Шындығында Семей қаласының төңірегіндегі экологиялық жағдай сол күндерде мүлдем басқаша болған: сынақ жасаушылар жел бағытынын оңтүстікке қарай

үдеуін тосып алып, зарядты 300 метрден астам жер астында жарады (күшті жарылыстан өрбіген инертті газдар жер жұлығынан ғаламат қысыммен будактап шығып, зиянды бөлшектерді шартарапқа таратқан, әрине, желге ілесіп тек қана түстік атырапқа. Сол маңатта ешқандай бақылау қосыны жоқ, көзге көрінбейтін түссіз газ жерге, ауаға, адамдар мен жан-жануарлар бойына тежеусіз сініп, бірер аптадан соң ғана зиянды әсері білініп, түскен жерін біртіндеп құртады, кейде талай жылдан соң өсімдік тамыры арқылы мал денесіне өтіп, одан әрі адам ағзасын, қанын бұзып айықпас дертке шалдықтырады...

Сынақ жасаушылар болжаулы есептен сол күні оңбай шатасқан. Бағытын кілт өзгерткен долы жел жеті кат жер астынан сызат тауып, үстіге ұмтылған газ шоғырын онтүстікке емес, Ертіс жағасына қарай айдаған. Ажал сепкен қатерлі бұлт Семей, Ертіс бойы ғана емес, одан да арғы аймақты емін-еркін шарлаған. Радиация фоны алғашқы сағатта 3000-4000 микрорентгенге көтеріледі (ауадағы табиғи деңгей 15-20 микрорентген шамасы)... Курчатов қаласындағы сезімтал аспаптар тілі екі тәулік бойы үйдек-түйдек құйылған газ шоғырын жаңылмай көрсетіп, әрлі-берлі қалшылдаудан жаңылмаған. Полигон басшылары сол қатерді сырттағы бейғам ел түгілі, өзіндегі 50 мың тұрғыннан да жасырып (Олардың төрттен бірі – офицерлер мен ғылым қызметкерлердің отбасы, бала-шағалы үйелмендері), құпияда ұстаған. Әлбетте генерал-лейтенант А.Д. Ильенко, штаб кезекшілері ауа толқыны әрлі-берлі сапырылысып, қатерлі газды ту алысқа, ғарышқа әкетеді... деген бәз-баяғы есекдәме үмітке малданған. Мұндай кесепаты мол шатасулар бұрын да болған (1987 жылғы 19 жарылыста көрінбейтін газ бұлты Семей қаласын алты рет тұмшалаған. келесі жылғы сынақта сол кесепат екі мәрте қайталанған. Облыс атырабында сол қатерді (аспапты бақылаушылардан өзге ешкім сезбеген)...

Алайда әскерилер ортасында сол қатерге жаны ауырып, азаматтық парызын қызметтік борышынан артығырақ санайтын арлы жандар да болған. Тәубе делік! Ертіс жағасындағы Шаған бекетінде орналасқан, полигон басшыларына бағынбайтын әскери ұшқыштар дивизиясының командирі генерал-майор П.Т. Бредихин бақылау пунктіндегі аспаптар тіркеген қатерлі газдар құйынын Кешірім Бозтаевқа 13 ақпанда телефонмен хабарлайды. Обком секретары төтенше ақпарға қапа болып, полигон басшысынан нақты жағдайды сұраса – А.Д. Ильенко радиация фоны қалыпты межеден асқан жоқ деген бәз-баяғы уәжін жаңылмай қайталайды. Бірінші хатшы экологиялық бақылауды бұдан былай өз назарында ұстайтынын, облыс еңбекшілерінің хал-ахуалын, денсаулығын қадағалау – партия комитеті үшін міндетті іс екендігін ескертеді. «Дұрыс айтасыз, жолдас Бозтаев! Біз де сол үшін полигонда отырмыз, қатерлі жағдай туса өзіміз де сізге ең алдымен хабар береміз...» – дейді Аркадий Данилович титтей де шімірікпестен.

Екеуінің осы тәжікесі 14 ақпан күнгі ертеңгілікте болған.

17 ақпанда жарылыс қайыра жасалады. Сол күні әскерилер 150 килотонн, аса қуатты екі зарядпен қосарланған сынақты сәтті аяқтап, Қорғаныс министріне шаттанысы мол рапорт жөнелткен. Асыққанда шалағайлық қосақтала

жүретіні – өмір заны, бұл жолы да солай болып, ұңғыманың бетін темірбетонмен шегендеу шала-шарпы жасалған. Әрі сол жаппа жобадағы тереңдікке жетпеген. Күшті қысыммен тұншыққан газ бетон тығынды атып ұрып, ширек сағатта Ертіс жағасына жетеді. Шаған қалашығындағы сезімтал аспаптар радиация фоны қалыпты мөлшерден жүздеген есе артқанын көрсетеді. Ұшқыштар штабы тиісті құжат жасап, газдың әрбір сағат сайынғы мөлшерін хаттаған кестені келесі күні Семейге жеткізеді. Ал, Курчатовтағы штаб өздері жасаған шалағайлықты тағы да жасырып, ежелгі ақпарын Мәскеуге жолдаған. Семей обкомына да ауада болмашы мөлшерде газ білінді, бірақ ол сыпыра инертті (бейтарап, зиянсыз) газдар деген ақпар қайталады...

*«Ақпандағы екі жарылыс біздің төзімді тас-талқан етті. Ішімізде қайнаған кек пен ашу белсенді әрекет жасауымызға түрткі болды. Төбемізден төнген қауіпті көрмегенсіп, ештеңе естімегенсіп жайбарақат отыруға дәтіміз жетпеді. Қолымыздағы әшкере айғақты ел мүддесін қорғауға жаратпау кешірілмес күнә болар еді, әрдайым жалған ақпар беріп, жергілікті халық тағдырын талкек етіп, ойына келгенін істеп, облыс басшылығының наразылығын көпе-көрнеу елемеген әскерилерге қатаң ескерту жасауға бел байладық...»* – дейді Кешірім Бозтайұлы сол күні өзін ерекше толғандырған күпті мәселе жайында «Семей полигоны» кітабында<sup>1</sup>.

Қысқасы, Семей елінің басшысын осы жағдай ерекше ойлантқан: екі жылдан бері өзін қинаған кесел кенет сыздауықтай жарылып, халықты жүдеткен зардапты тоқтату үшін әскери көршімен тайталасқа түсу қажеттігін де жүрек ділімен сезген; тек қандай шарамен?.. Ертістің нулы, сулы жағасынан сонау қыратты жондағы Дегелең тауына дейінгі, көлденені де аса қарамды, жалпы аумағы 18500 шаршы шақырым аймақты иеленіп, соншама мол жердің қожасы менмін, не істесем де еркімде деп шіреніп отырған, Курчатов қаласында ғана 31 ғылыми-зерттеу және конструкторлық-жобалау институттарының бөлімшелері орналасып, оған қоса 29 өндіріс пен ғылыми мекемелер ірге тепкен, яғни 20 мың шамасында білімдар элита тұрақты жұмыс істейтін, жоғары деңгейде еңбекақы алып, жайлы тұрмыс кешіп, Мәскеу қаласымен бірдей «А» категориясында азық-түлікпен, басқадай да тұтыну заттарымен аста-төк жабдықталған әскери-ғылыми кешеннің кеудесі шалқақ бастықтары Семей обкомының наразылығымен есептесе ме? Ядролық сынақтар Семей ғана емес, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарының полигонға ұрымтал аудандарының байырғы халқын, өздерімен ежелден көрші Алтай өлкесінің тұрғындарын, яки 2,5 миллион адамның өмірін жазылмайтын дертке душар етіп отыр. Қатерлі сынақты азайтып, заряд қуатын кемітіп, бөлкім біржола тоқтату қажеттігі – кімге болсын айқын іс. Алайда, соған әскери кешеннің өктем бастықтары көне ме? Наразылық хат жөнелту қиын емес. Оның

<sup>1</sup> К. Бозтаевтың бұдан өзге орысша және қазақша жарияланған «Қайнар синдромы» және «29 тамыз» атты кітаптары бар, бертінде солар Германия мен Жапонияда жарық көрді. Үшеуі де ядролық полигон басшыларымен тайталас тарихы, туған елі кешкен қасіретті жан-жақты талдап, радиация зардабын тезірек жою шараларын сөз еткен деректі шығармалар.

салдары биік мансабын, демек, келешек тағдырын болжаусыз қайраңға тап етері анық. Әйтсе де туған халқы тап болған ауыр ахуал мансабын жоғалтудан гөрі ауырырақ емес пе?..

Шағандағы әскери бөлімнен ресми хабар қолына тиген соң-ақ К.Б. Бозтаев ерекше мазасызданып, ақырында Мәскеуге жолданбақ хаттың нобайын қағазға түсірген соң, Қазақстан үкіметінің төрағасы Н.Ә. Назарбаевқа телефон шалады.

– Не істейміз, Нұреке? – Жеті жас үлкендігі болғанмен үкімет басшысын құрмет тұтып әрі қазақы жөнмен ізет білдіре атайтын-ды. – Абай елін қырық бір жыл бойы төбесінен дүңкілдеткен қасіретті тежеуге шамамыз жете ме? Мен соңғы екі айғаққа қатты күйініп отырмын. Қызметімнен айырыламын деп қайғырмаймын, ел тағдыры үшін күрес бастауға бел байладым... – деп көптен бері өзін мазалаған жайтты бүкпесіз ақтарады.

Нұрсұлтан Әбішұлы да сақа инженер әріптесінің жан қиналысын қапысыз түсінген.

– Ойың дұрыс, Кешеке. Ұқтым қиналысынды. Семейліктердің полигоннан тартқан азабы маған мәлім. Баяғыда қозғайтын іс еді, амал қанша?! Тәуекел етейік, бастаңыз, бұл жақта сізді жақтаушылар болады, қолымнан келгенше көмек көрсетемін!.. – дейді.

– Рақмет, Нұреке!.. Кірісті деп біліңіз!..

Ақпан айының 20-күні кабинетіне келген бетте үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісінің орынбасары В.Н. Пигаваевты шақырып, кеше кеште өзі үйінде дайындаған хатты ұсынып: «Владимир Николаевич, сөз нобайын толық сақтап, тездетіп әзірле! Сағат тоғызда бюро мүшелеріне ұсынамын...» – дейді<sup>1</sup>.

Сол күнгі ертеңгілікте облыстық комитеттің төтенше бюро мәжілісі шақырылған.

Семей облаткомының төрағасы А.С. Еременко он жыл өткен соң осы кітап иесіне қайыра жаңғыртқан ауызекі естелігінде 20 ақпандағы бюро мәжілісінде сөз болған төтенше оқиғаны есіне алып: «Кешірім Бозтайұлы бізге: «Қымбатты жолдастар, азаматтық арымызға дақ түсірмеу үшін де облыс территориясында қалыптасқан, біздің араласуымызды қажет еткен төтенше мәселені талқылап, жедеғабыл араласуымызға ділгерлік туып отыр. Сіздер мына хатта жазылған төтенше оқиғаға назар аударыңыздар! Құп десеңіздер, яки бюро мүшелері түгелдей бір тілек, бір білекпен жұмыла әрекет етсек бұл істен нәтиже шығады! Менің кәміл сенімімше, бізде қалыптасқан экологиялық ауыр жағдайды бұдан әрі түк көрмегенсіп, иә ештеңе білмегенсіп тыныш отыруға болмайды. Мен сіздерден жүз пайыз қолдау күтемін...» – деді де хат мәтінін өзі оқыды... – деген-ді маған Анатолий Семенович. – Ә дегенде тым-тырыс

<sup>1</sup> Обком бюросында талқыланған және осы мәселеге байланысты ресми құжаттарды баяндауда мен Семей обкомында жиырма жылдай уақыт еңбек еткен, өзінің айтуынша, «Ресми хаттарды жазуға бейімдігі бар», мамандығы журналист, азаматтық ұстамдылығы бекем әрі полигонмен күреске бастан-аяқ қатысқан В.Н. Пигаваевтың мерзімді баспасөзде әр кезде жариялаған естелік сипатты мақалаларына сүйенемін. Жеке сұхбаттарда маған мәлімдеген әртүрлі деректерін де әжетіме жаратқанымды ескертемін.



*Михаил Горбачев*

отырдық. Өйткені, есімізді тандырғандай шатақ мәселе. Атышулы полигон жарылысына ашық наразылық. Сол хат КПСС ОК-нің Бас секретарына жолданбақ. Өзгені білмеймін, мен өзім Семей облаткомына төраға болып, Рамазанов бірінші секретарь болған кезінде сайланғанмын. Аманолла Ғабдолқайұлы – айбыны бет қаратпайтын әмірдің адамы, ерекше қатыбас кісі. Одан кейінгі бірінші секретарь Сағидолла Құбашұлы да өзімбілемі мол адам, көбіне тізеге салуға бейім. Сол екеуіне қарағанда, екі жыл болды, Кешірім Бозтайұлы әлдеқайда біртоға, демократтығы басым әрі кішіпейіл қайраткер деп ойлаушы едім. Хатта көтерілген қатерлі мәселенің зор мәнін, әсіресе батылдығын бірден ұғып, шындығына әлей шошып, бюро мүшелері бір-бірімізге қарадық. Өзгені білмеймін, мен өзім хатта жазылған жайттың қажеттігін де бірден мойындап, Кешірім Бозтайұлының коммунистік ар-ожданымызға жүгінуге шақырған жүрекжарды сөзіне ден қойып, хат мәтінімен келісетінімді білдірдім. Басқа жолдастар да құптау білдірді. Өйткені, сол хатта жазылған сөздер бәрімізді тебірентіп, көп жылдар бойы ішімізде сақтап жүрген өксікті қозғап, «Бұдан әрі төзуге болмайды...» дегендей ой туғызған еді. Сол жайтты үй-ішіміз, күллі облыс халқы тағдыр жазуымен тап болған қатерлі жағдайдың шегі жоқ һәм ауыр қасіретке айналғанын жақсы білетінді. Осының аяғы немен аяқталар екен деген қауіп те ішімізде. Тек Бозтаевтай батыл бастаушыға жарымай, өзімізді-өзіміз тежедік. Енді соны қозғаушы қайраткер өз ортамыздан шыққан соң неге қостамасқа?!.. Он бір адам, яки бюро мүшелері түгел мақұлдап, хаттың бір данасына жаппай қол қойдық. Сол дана өзіміздегі жабық мұрағатта сақтаулы. Алғашқы дана, рәсім бойынша, Мәскеуге құпия шифрмен жолданбақ нұсқасы бірінші хатшының атынан сол күні Мәскеуге жөнелтілді...»



Совершенно секретно!

Москва, Кремль  
Генеральному секретарю ЦК КПСС  
тов. Горбачеву М.С.

Семипалатинский обком Компартии Казахстана информирует ЦК КПСС о том, что с 1949 года на полигоне вблизи города Семипалатинска с населением 340 тыс. человек проводятся ядерные испытания. Первое время - в атмосфере, а с 1963 года - подземные.

Сейчас, через 40 лет, окружающие полигон условия изменились, численность населения возросла в три раза, многократно увеличилось поголовье животных. Полигон оказался в густонаселенной местности. Однако в работе полигона это не учитывается. Ежегодно производится до 14-18 ядерных взрывов, которые сопровождаются сейсмическим воздействием на здания инженерные сети, выводят из строя сотни колодцев, снабжавших водой жилые поселки и животноводство. Город строился без учета сеймики. Кроме того, на территории полигона в течение 25 лет подземных взрывов деформировалась земная кора и в каждом третьем случае происходит истечение радиоактивных газов на поверхность, исключить которое практически невозможно. В 1987 году через Семипалатинск прошла такая струя газов радиоактивностью в 350-400 микрорентген в час, а при испытаниях 12 февраля текущего года за пределами полигона был зафиксирован уровень радиоактивности до 3000 микрорентген в час, и только в результате изменения направления ветра эти газы не достигли областного центра.

Ядерные испытания, естественно, вызывают у общественности разное толкование, создают напряженную морально-психологическую атмосферу среди населения, и не без основания они связываются с состоянием здоровья и возможными разрушениями.

Партийные комитеты области проводят большую разъяснительную работу среди населения. Обком партии, озабоченный сложившейся ситуацией, просит ЦК КПСС поручить соответствующим министерствам и ведомствам временно приостановить или резко сократить частоту и мощность взрывов, а в дальнейшем перенести испытания в другое, более приемлемое место.

Первый секретарь Семипалатинского обкома Компартии Казахстана К. Бозтаев.



*Кешірім Бозтаев*

20 февраля 1989 года, Семипалатинск».

Ақпан айының ақшулан аязы ерекше шанытып тұрған, үшінші апта таусылуға ауған кешкі мезгіл еді. Кешірім Бозтайұлы пәтеріне шақырды. Күні-түнгі мазасыз жұмыстан шаршағанда, әлдеқандай ауыр сапардан

оралғанда үйінде отырып, төрткіл дүние, көбіне әдебиет пен мәдениет жаналықтары жайында әңгіме шертіп, ой сергіту машық ермегі. Шахматты күшті ойнайды, ал мен – жеңілірек дойбыға құмармын. Преферансты жап-жақсы меңгерген, мен де қаражаяу емеспін. Семейге келгелі тек соған әуей болмады... Қысқасы, сол кеште өзі шақырғанымен әңгіме өрбімеді, әлденеге көңіл күйі болмай отырғанын сездім. «Нендей жаналық бар?» – десем де елікпеді. «Жай әншейін, кездесуден қалдық, қол тимейді. Сен де күні-түні жазуға шұқшиып үйіннен шықпайсың...» – деп кіржие сөйлеп қолын сермеді.

Күлзияның да қабағы бәсең. Ас үйде жалғыз отыр. Шаңырақ көтерген үш баласы да Алматыда тұратын-ды, бұл жаққа окта-текте, мереке күндері ғана қатынайды. Семейде екеуі ғана тұрады.

– Балалардың хал-күйі қалай? Жанатын тарихшы болмақ, диссертациясын қашан қорғайды? – дедім сөзге тартып.

Жауап беріп үлгермеді, үстел шетінде тұрған үкімет телефоны шар-шар етті. Даусы тура суырдың айғыры кісінегендей әлей күшті. «Қайырлы кеш, Геннадий Васильевич» – дегенінен-ақ бей уақытта мазалаушы Қазақстандағы ұзын тұра дөкей екенін аңдап, дәлізге қарай ойыстым. Үй иесінің қарақоныр жүзі сұрланып, сояудай ұзын қабағы жиырылып, даусы да дірілдеген сияқтанды. Демек, әңгіме жайсыз шаруа жайында. «Геннадий Васильевич, жауап беруге дайынмын. Шындықты жаздым, күллі семейліктер ғана емес, менің де төзімім шегіне жетті. Әсіресе биылғы ақпанда. Бұл енді, жолдас Колбин, төтенше оқиға! Күллі семейліктер үрей құшағында. Айналадағы ауыл-селолар ғана емес, полигонның өзінен де аса жайсыз ақпарлар алдым. Арнайы ақтімен бекіген хабар. Демек, әскерилердің де төзімі тақа таусылған. Шындықты ашқаным үшін – кінәлі болсам, амалым қанша, мойныммен көтеремін?!..»

Трубканың сарт еткен дыбысы естілді. Қасына жақындап келгенімде Кешірім Бозтайұлы әлденеге зығырданы қайнады білем, үстелді жұдырығымен сарт-сұрт соққылады. Маған да, кабинетіне бас сұққан бәйбішесіне де қараған жоқ. Республика партия ұйымының бірінші хатшысынан естіген өктем жекуге жаны күйіп, дөрекілікке лайықтап жауап бермегеніне де өкінгендей, сірә? Облыс басшысы маған осы сәтке дейін қолында әлей билік пен ерекше күш бар дөкей кісі сияқты көрінетін-ді. Бақсам, оны да мысықша бүретін нояндар бар екен. Бұл енді әмірі күшті Кеңес үкіметі жетпіс жыл бойы дағды еткен дөрекі әдет. Алматыдағы дөкей әлгінде соны асыра көрсетті.

«Әлдекімге кіржиіп отырсың, сабыр ет!» деудің орнына ас үй жақты нұсқап:

– Күлзия шақырады... – дедім.

Кешірім орнынан тұра бергенде үкімет телефоны қайыра кісінеді.

– Иә, солай, Нұреке. Әлгінде ғана бірінші секретарьдан төбемді ойғандай жеку естідім. Мен кім, сен кім деп төменгі орнымды нұсқады. Өзімен ақылдаспай, рұқсат та сұрамай, Мәскеуге тура шыққаныма әлей ашулы...

Тағы да дәлізге шегіндім.

– Иә, солай, рақмет, Нұреке. Нақақтан таяқ жесем де халықты жүдеткен қасірет үшін кім не десе де көтеремін. Біздегі төзгісіз жағдайды білесіз...

Үй иесінің үкімет төрағасымен сөзін естімесем де жайдары әуенге ауғанын шамаладым. Күлзия да кабинет жаққа жаутандап карауда. Жаратылысында жібi босаң, анқау жан едi. Сол кеште кенеттен өрбiген оқиғаны шаншудай қабылдағанын жас бұған көзiнен көрiп отырмын. Әлден соң үй иесi ас үйге келдi. Қоңырқай жүзiне жылы шырай қонақтаған. Министрлер Кеңесiнiң төрағасынан, сiрә, қолдау сөз естiген? Соны да өзiне демеу көрген?..

Кешiрiм Бозтайұлы маған тұнжырай қарап:

– Бiз бүгiн полигонның дамылсыз тарсылың, тұрғын халықты айықпас ауыруға душар еткен кесел екенiн бюрода талқылап, Горбачевке жеделхат жолдап, жарылыстарды тоқтату, ең болмағанда азайту турасында мәселе көтердiк... – дедi кенет.

– Рас па? Бұл ендi нағыз ерлiк! Ең ғажабы, семейлiктер бұрын-соңды естiмеген тосын оқиға! Мұхамедғали Сужиковтiң полигонға түртпек жасағаны үшiн қызметiнен қуылғанын бiлесiң бе? Бiздiң ел қырық бiр жыл бойы ансаған, арман еткен ересен оқиға бұл!..

– Иә, сол қаракетке бiз де бел будық. Колбиннiң әлгiндегi әкiренi – сол үшiн. «Менiмен неге келiспейсiң, мен саған кiммiн, не себептi рұқсат сұрамайсың?..» – дейдi. Мұндағы жұрттың дамылсыз дүмпуден қажып та, қаусап та отырғанында оның шаруасы жоқ...

Ишiндегi шердi тарқатуға пейiл бiлдiрген досыма таңдана қарадым. Шынында да момақансыған болмысынан ешқашанда күтпеген шатақ әрекет!..

– Жә, Нұрсұлтан iнiң не дедi?

– Ризалық бiлдiрдi. Тарихта қалатын iс бастадың. Келiмсек хатшының әкiренiнен сескенбе, халық қолдауына ие боласың. Күллi Қазақстан халқы, әсiресе Ертiс атырабындағы қалың ел қуана қолдайды. Жаны жаралы ел үшiн не көрсек те бiргемiз дедi. «Ел қасiретiн жеңiлдетуге жарасақ – арман не, бұл iсте аяғына дейiн тұрамыз...» – деп те еңсемдi көтердi...

Қуанғаным сонша қолымды сарт-сұрт соғып:

– Күлзия, мына сөз үшiн бiрдеме бермейсiң бе?.. – дедiм.

– Желке тұсындағы шкафтың астыңғы сөресiнен суыр...

Армян коньягын ашып, үш рюмкеге құйып:

– Бұл ендi бiздiң Семей атырабында бұрын-соңды болмаған, саған дейiнгi бiрде-бiр басшы ене демеген, деу қайда, батылы жетпеген ерлiк! Қалай аяқтап, нендей құқай көрсең де Ел тарихында сақталатын оқиға!.. Бәйбiшен де әлгiнде көзi боталап, зейнеткер жасына жетер-жетпесте нансыз қаламыз деп мұңға батты. Игi iс бастадың, орта жолда тоқтама! Мына iсiң, имандай шыным, маған ұнайды. Семей халқының алғысына ие боласың! Шерлi тарихымыздың төрiне шықтың, достым!..

Рюмкемдi түйiстiрiп, көмейден әрi асырдым. Мен тауысып, үй иелерi орталап iштi.

– Бiздiң жеделхат Михаил Сергеевичтiң тура өзiне жетiптi. Геннадий Васильевичтiң айтуынша, Қорғанис министрi, маршал Язовты шақырып, түсiнiк сұрапты. Ал, ол: «Бозтаев жағдайды қасақана ушықтырып отыр, по-

лигон аймағы жаңа жауған қардай таза, шу көтеруге ешқандай себеп жоқ» – депті. Әрине, полигондағы штабтың дағдылы өтірігін қайталаған. Колбин де маған сол үшін шүйілді... Ал, оқиға бұдан гөрі өзгереді. Біздің қолымызда әскери ұшқыштар бөлімі жасаған ресми құжат бар. Соның көшірмесін Геннадий Васильевичке ертең жолдаймын. Әлбетте нендей шатақ іс екенін сенің білуің қажет емес, бұл әңгімені үй-ішіне де, басқаларға да әзірше айтпа!..

– Жарайды, мәселені тек аяғына жеткіз! Биік мансабыңды берсең де сірәда тоқтама. Мансап деген қолдың кірі. Ал, туған халқыңа адал қызмет ету – азаматтық борышың! – дедім рухани дем бере сөйлеп. – Кімнен оқығаным есімде жоқ, ерте уақыттың бір философы: «Әрбір іс бастауымен емес, жеңіспен аяқтауымен тарихта қалады» деген. Саған айтар уәжім осы, жеңіспен аяқта!..

– Е, ол сөздің иесі – Никола Макиавели, италияның XVI ғасырда өмір сүрген философ жазушысы, әрі патшасы, оның кітабын менен алғансың. Тек қайтармай жүрсің...

Адам баласы қараңғы көрге де үйренеді демекші, қырық бір жылдан бергі дамылсыз дүмпуге етіміз өліп, санамыз өлусіреп, мәңгу болғанымыз – өзіме мәлім. Сол ахуалды күндердің күнінде обком бюросы, оның ресми басшысы, дүйім жұрт, өзім де, досжар таныстары да біртоға жан иесі санайтын Кешірім Бозтайұлы қарақан басын қатерге тігіп, әскери генералдарға, әскери-өндірістік кешеннің әйдік басшыларына: «Әй, жарандар, тарсылды тоқтат! Ұйқы-күлкіден айырылған, бала-шағасы дауасыз дертке ұшыраған Семей халқына бір мезет аяушылық жаса, келешекке деген сенімін үзбе!..» – деп, кім-кім, айбын-айдарынан жел ескен КПСС Орталық Комитетінің Бас секретарына шағым хат жолдауға тәуекел етерін сірәда ойлаппын ба?! Ойлау түгілі қиялдаған емеспін...

Еркімізден тыс екеуара болған әңгімені Кешірім Бозтайұлының өзі қорытты.

– Жә, сендер де, жазушыларды айтамын, үйде отырып, бізді жазғырып немесе тектен-текке мақтауды доғарып, халықты көтеріп, мына іске бұқаралық сипат беруге атсалысыңдар. Нүрекең де солай дейді. Сендердің көмектерің қолын жерге тіреп кенет күшейген гректердің құдайы Антейдей бізге септік етеді. Күллі халық қолдап отыр деп біз де еркінірек қимылдаймыз. Ұқтың ба, сынақты тоқтату – тынымсыз күреске айналуға тиіс!.. – деп үй иесі сол кештегі онаша сұхбатты түйді.

Мен ойланайын дедім: бұл енді атөтті іс емес, көптен бері көкейде жүрген өзекті мәселе; оны енді неше мың қол жинап, Орталық Комитетке хат жолдап немесе күрестің белсендірек түрін қаузап, күллі халықты көтерумен қолдау қажет; алайда, саяси дауға түсуден гөрі жалт беруге бейім, шығармашылық мүддесі болмаса қауымдық айтыс-тартысқа сірәда баспайтын біздің аса сақ қаламгерлерді соған еліктіру – қиын шаруа; ал, Ертіс бойындағы ат төбеліндей ақын-жазушылардың наразылық хатына ешкім де селт етпейді; алматылық қаламгерлер құп көрсе – әңгіме басқаша, баяғы Махамбет Өтемісұлы немесе Исатай мен Сырым батырлардай ат жалын тартып мініп, «Ереуіл атқа ер салмай, ерлердің ісі бітер ме...» десін, үрдіс қимылдар батылдар бізде бар ма?

Шүбәлімін...» — дегенімде, Кешірім Бозтайұлы да: «Шынында да солай. Сендер тегінде мадақ атақты аста-төк иеленуге ғана бейімсіңдер...» — деген күдік айтты.

Бұл да сол күннің күйкі шындығы: атак пен мадаққа аса жеңсік қаламгерлер қауымы, өнер саңлақтары мен мәдениет саласында өзін көрнекті тұлға санайтын жандар биік лауазым иелеріне жалпақтап жүріп, мәртебелі атақтарды, сый-сияпаттарды, орден сияқты марапаттарды иеленуге, сонымен де бүгінгі заманның көрнекті қайраткері атануға ерекше шебер. Ал, сол атағына нұсқан келетін іс туса, ұлт сипатын қорлаған немесе ел намысын аяқасты еткен әрекетке шу көтеріп, «Бұларын не? Намыс қайда?» дейтін әдебиет, иә өнер қайраткерлері бізде бар ма? Мысалы, кешегі Желтоқсан қозғалысы атойлаған күндері алаңға барып, дүрліккен жастарға: «Сендермен біргеміз!» деген қаламгер болды ма? Жок. Немесе ұлтым десе қаны бетіне шапшитын қай жазушы, намысқой ақын немесе өнер қайраткері өрімдей қыздарымызды әскери десанттың аяуды білмейтін мейірімсіз жауынгерлері овчарка иттерге талатып, сапер күрегімен қанжоса етіп сабап жатқанда: «Әй, соғындылар, не істеп жатырсындар?!» — деді ме? Жок, ондай жүректі жан болмады. Рас, өнер саңлағы, КСРО-ның Халық әртісі, есімі Одаққа мәлім театр режиссері Әзербайжан Мәмбетов алаңға өз бетімен барып, өрімдей қазақ қызын көз алдында соққыға жыққан солдатқа: «Әй, қойсаңшы! Мұның не?» дегені үшін таяқ жеп, сол кеште ауруханаға тап болды. Сол қаракеті үшін Әуезов атындағы әкедем театрдағы бас режиссер қызметінен тайдырылып, бірнеше жыл қуғын көрді. Иә, сонсон атағы дардай екі әдебиетші Жұбан Молдағалиев пен Сафуан Шаймерденов Жазушылар үйінде, қаһарлы желтоқсанның соңғы күнгі кездесуде айдарынан жел ескен Г. Колбиннің жағасына жармасып: «Жолдас секретарь, біздің немере қыздарымызды не себептен сіз тайыншадай иттерге талаттыңыз?..» — дегенде, залда отырған ақын-жазушы дүркірей қол соғып, қолдау көрсеткен. Майдангер ақын Жұбан ер: «Мен сіздің, жолдас Колбин, сол күндердегі қатаң бұйрығыңызды түсінгем жок, түсіну түгілі қабылдамаймын. Итке таланған немере қыздарымды көргенше майдан даласында шейіт болып кеткенім жөн еді, амал қанша, тірі қалып, шыққыр көзім осы масқараны көрді...» — деп, кеудесін кернеген кекті сөзді мардамсыған хатшының бетіне сарт еткізгені — амал не, күллі республика жұртына жетпей, бірде-бір газет соны бадырайтып жазбай, эфирге де жібермей, жиынның жабық хаттамасында қалды...

Екі қаламгерді де туған халқының мұның жоқтаған, кекті сөзін биік мінбеден ашық айтқан ерлер деп мақтан етіп, биік рухына бас иеміз! Жатқан жері торқа болсын!.. Алайда, сол күнгі жиында әдебиетшілер қауымын жерге қаратқан масқара оқиға да белең берген. Ерен жүйрік, ақындардың атасы, қазақ поэзиясының тірі классигі десіп төбеге көтеріп жүрген, сексен жастың шебіне ілінген Әбділдә Тәжібаев ақсақал екі інісінің жүрекжарды сөзін қостаудың орнына уытын әлсіретіп, әдебиетшілер ортасына тұңғыш келген бірінші секретарьды құрметтеу керек деген мадақ желеумен өзіне қызылордалықтар сыйлаған қазақтың зерлі шапанын Колбиннің арқасына жауып, бұлғын бөркін басына кигізіп жарамсақтық жасады. Не үшін? Әрине, өзіне бұйырмай жүрген Енбек Ері атағын иеленуді ойлап (төрт мәрте әртүрлі ордендермен марапатталғанын місе тұтпай), республика билеушісінің көзіне түсіп, «аяулы ақсақал» атану үшін. Әбекеннің сол күнгі әлжуа әрекеті өзара күнкілдеумен жабулы қалды. Әлбетте залда отырған ақын-жазушылар еденге түкіріп, біріне-бірі: «Біздің шал шатасты, қартайған екен. Мына сөзі қанша жуса да сірәда кетпейтін масқара іс болды...» — дескен. Ең ғажабы, әр жерден бидай қуырғандай бытырлаған шапалақтар естіліпті. Әсілі соны Әбділдә ақынның әжім торлаған бетіне тиген шапалақ десек те рауа...

Кешірім Бозтаевтың өзгерген уақытты бетке ұстап, КПСС ОК-іне жолдаған хатына жауап кешіккен жоқ. Сегіз күннен кейін, сол айдың 28-ші жаңасында Әскери-өндірістік кешен (бұдан әрі ВПК деймін) бастығының орынбасары В.А. Букатов бастаған қарамды комиссия облыс орталығына арнайы ұшақпен жедеғабыл жетті.

Комиссия мүшелері тікұшақпен жүріп, сынақ алаңын тексерді. Соңынан Семейдің кейбір фабрик-зауыттарын, ескілі-жаналы оқу орындарын, саусақ сыйғандай сызаттар қабырғасын айғыздаған тұрғын үйлерді көріп, бастарын шайқаған. Енбекші халықпен бетпе-бет тілдесуге тек ынта білдірмеген. Үш ғасырға таяу көшелі тарихқа ие ескі қалада, Ленин мен Абай алаңдарынан өзге орамдарда, Ертіс жағасындағы ұзынды-қыскалы көшелерде жыпырлаған үлкенді-кішілі баспаналар мен өндіріс корпустарының сырты — адам шошырлық; 4 институт пен 16 техникумның ғимараттары, орта мектептердің сұрқы да — ерекше жұпыны, көбінің төбе сылағы түскен, шатырлары — қырық жамау немесе қисайған; қырық мыңға таяу студенті бар, ондаған орта мектепке ие білімдер қаланың ұсқыны тым қораш екеніне комиссия мүшелері аң-таң болған. Құзыры өктем шенеуніктер әр жерге шашыраған емхана мен ауруханаларды да көрген. Солардың дені Қазан тонкерісіне дейін немесе кейбірі алғашқы бесжылдықтар кезінде тұрғызылған ескі үйлерді мекендейді, кейбірінің ішіне кіргенде мәртебелі меймандардың тілі күрмеліп, тым-тырыс тұрған-мыс. Азық-түлік дүкендерінің жұтаң сөрелеріне тандана қарап: «Осы қаладағы күллі Одаққа мәлім алып ет комбинатының өнімдері қайда? Мәскеуде біз деликатест санап, ерекше дәмді деп қызыға алатын атақты «Семей шұжығы» дүкендерде неге жоқ?..» — деген сұрауға қалалық атқару комитетінің басшысы: «Семей ет комбинатының барлық өнімінің 80 пайызын Мәскеу мен Ленинградқа жөнелтеміз, бізде өндірілетін май, жүн, тері мен былғары, тоқыма бұйымдары да орталық қорға түседі. Одан қалғаны республика қажетін өтеуге жұмсалады. Өзімізге тиетіні — 5-6 пайызы ғана...» — деп жауап берген.

Әлқисса содан 3 наурыз күні комиссия мүшелері толық құрамда және ядролық полигон бастықтарының қатысуымен Қазақстан КП Семей облыстық комитеті бюросының құрамы біршама кеңейтілген жабық мәжілісі шақырылған.

*«БУКАТОВ, генерал-лейтенант, ғылым докторы: Бізге жүктелген міндет — жер астындағы сынақтардан кездейсоқ өрбіп, ауа мен жерді ластайтын зиянды заттардың мөлшерін анықтау. Осы істің кәнігі мамандары полигонды және соған ұрымтал аймақты мұқият тексерді. Комиссия анықтаған радиациялық қалдық фон және алдағы сынақтарда жасалуға тиіс сақтық шаралары турасында біз таяу күндерде Қазақстан КП Орталық Комитетіне, КПСС ОК-і мен КСРО үкіметіне мәлімдейміз.*

*Бірде-бір сынақ үкіметтің қарарынсыз және ОК рұқсатынсыз жасалмайды, сол іске жауапты адамдар — Семей полигонының бастығы Ильенко, Қорғаныс министрлігінің 12-ші Бас басқармасының жетекшісі Герасимов және Орта*

салмақты машиналар жасау министрінің орынбасары Михайлов. Үшеуі де бүгінгі мәжіліске қатысып отыр. Комиссия соңғы екі сынақтың құжаттарын және соны дайындауды мұқият тексерді. 12 ақпандағы жарылыс ережеге сай жүргізілген. Екінші, яғни 17 ақпандағы сынақта сәл-пәл ауытқу болған, бұл енді техникалық ықтимал жайт. Ильенконың әрекетінде ешқандай қателік жоқ. Рас, 1987 жылғы мамыр айындағы жарылыста қалыптан тыс ауытқу болып, инертті газ ауаға тараған. Жан-жақты тексеруден кейін біз мынадай қорытындыға келдік: сынақ санын мүмкіндігінше азайтып, қуатын да кемітіп. Ертіс атырабындағы экологиялық ахуалды сауықтыруға жағдай туғызу. Сол үшін бұрынғы нормаларды қайта қарап, осы зона үшін ертеректе белгіленген радиация деңгейін едәуір төмендетеміз. Нәтижесінде сынақтан түзілетін газ көлемі бірнеше есе азаяды. Ең сонында айтарым: Семей облысын «Б» категориясына ауыстыру мәселесін үкіметке ұсынамыз...

**ИЛЬЕНКО:** Ядролық зарядтарды дайындау және сынаумен бізде бірнеше жобалау институттары мен жабық ұжымдар шұғылданады. Сынақтың тағдыры — солардың қолында. Ал, мен, полигонның бастығы болғандықтан зона төңірегіндегі тұрғын халық пен сынақты жүргізетін адамдардың денсаулығына ғана жауаптымын. Жер астында бұқтырылған инертті газдың сыртқа шыққаны үшін мені кінәлау — әділ емес...

**БОЗТАЕВ:** Жер астында бұқтырылған газдар сыртқа қаулап шығып, радиация фонын бір мың есе күшейтті. Тегінде бұл жер-жаһанға қатер. Сол үшін, бақсақ, ешкім кінәлі емес. Ақылға сыймайтын тұжырым. Кінәлілер бар, олар жазалануға тиіс...

**ИЛЬЕНКО:** Әлдекімнің ашықауыздығы үшін жауап бере алмаймын. (...) Кешірім Бозтаевич, сізге мен осы жайында бірнеше рет түсінік бердім, қазір де қайталаймын: полигон қызметін күні-түні бақылайтын, жер астынан шыққан газдарды өлшейтін инспекция жауапты бұл үшін. Кәперіңізде ұстаңыз: олар маған бағынбайды...

**БОЗТАЕВ:** 1987 жылғы мамыр айындағы қатерді есіңізге саламын. Сол жолы сіз: «Мұндай шалағайлық енді қайталанбайды. Тиісті шара қолданамын...» — дегенсіз. Әсілі, сізді бюрода тыңдап, хаттамаманы министрлікке жолдағанымыз жөн еді, амал не, қателестік, сізді облыс ұйымына мүше коммунист санап, уәдеңізге сендік. 12 ақпанда екі тәулік бойы будақтаған газ шоғырын сіз бізден жасырдыңыз. Менімен жуықта бетпе-бет сөйлескенде де шындықты мойындаған жоқсыз. Жолдас Ильенко, өзіңіз есепте тұратын облыстық комитетпен тығылмақ ойнаудан, яғни бізді мазақ етуден сіз 18 ақпан күнгі кездесуде де бас тартқан жоқсыз...

**ИЛЬЕНКО:** Кешірім Бозтаевич, мені сабаққа дайындалмай келген мектеп оқушысына ұқсатпаңыз. Менің коммунист атанғаным 36 жыл болды...

**БОЗТАЕВ:** Аркадий Данилович, сіздің қызметіңіз — қауым назарында. Ал, қауым шындықты жасырғаныңыз үшін сізден түсінік күтулі...

**ИЛЬЕНКО:** 12 ақпандағы ағаттық үшін мен жауап бере алмаймын...

**БОЗТАЕВ:** Сіз полигонның тікелей бастығысыз. Сөйте тұра газдың сыртқа шығуына жол бердіңіз. Сіздің қарауыңыздағы қызмет соны қасақана елемеді. Неге?

**ИЛЬЕНКО:** Кешірім Бозтаевич, сіздің айтып тұрғаныңыз – жаңсақ дерек. Сізді маған айдап салушылардың ойдан шығарған бопсасы.

**БРЕДИХИН** (Шағандағы дивизияның командирі, генерал-майор): Біздің мамандар газдың ерекше құйындаған сәтін өткізіп алып, кешірек өлшеді. Соның өзінде аспаптар сағатына 0,5 және 0,8 рентгенді көрсетті.


**ГЕРАСИМОВ** (генерал-полковник): Микрорентгенге аударғанда бұл қанша?  
**ИЛЬЕНКО:** 500 және 800 микрорентген.

**ГЕРАСИМОВ:** 2 мың, иә 4 мың емес, қасқағымда өте шығатын газ шоғыры бұл...

**ГУСЕВ** (4-диспансердің меңгерушісі): 13 ақпанда, бір тәуліктен кейін біздің мамандар Шаған-Семей маршруты бойынша өлшеу жүргізді. Шағандағы әуежайдан 40 км ұзағанда ауадағы газ мөлшері сағатына 500-600 және 2000 микрорентген болды.

**БУКАТОВ:** Бұл енді нормадан небәрі 3 пайыз артық. Шу көтергендей шама емес.

**МИХАЙЛОВ** (Атом энергетикасы министрінің орынбасары): Мен ядролық қарулар жасаумен шұғылданып, соларды жүздеген мәрте сынауға қатысқан маманмын. Қазақстан тұрғындарына сол үшін шексіз қарыздармын. Семей полигонында Курчатова, Харитон, Александров, Сахаров, Зельдович және өзгедей де ірі физиктермен бірге еңбек еттім. 1957 жылдан беріде қызметіме байланысты осы өңірге жиі келемін. Невада полигонында да болып, АҚШ мамандарымен эксперимент жасауға қатыстым. Олардың ядролық қаруды сынауы тұп-тура біздегідей: диаметрі 1, 1,5 иә 2 метр ұңғыманы 600-700 метр тереңге бұрғылайды да, түбіне зарядты орналастырады. Бетіне бетоннан қалың қақпақ қойған соң үстіне қиыршық құм мен тастар төгеді; соны да қайыра бетондап мықтап шегендейді. Бітті шаруа. Жарылыстан соң зарядтан бөлінген заттардың бәрі жер астында тұншығады, кейбірі ғана сызаттар тауып үстіге шықса да ауаға тарамайды. Бізде де солай... Дегелеңнің, иә Балапанның жер қыртысы Невададан өзгеше. Ерекше





қатты жыныстар. Сөйте тұра инертті газдар ауаға неге шығады? Демек, ұңғыма жасалған жердің геологиялық құрылымы өзгеше. Бұл жайтты тегінде геологтар анықтауы қажет...

Мен сіздерге, қымбатты семейліктер, басқа жайтты айтайын: біздің үкімет ядролық жарылыстарды біржола тоқтату жөнінде ертеректе мароторий жариялады, Семей полигонында бірнеше жыл маужыраған тыныштық орнады. Содан не шықты? Шетелдіктер біздің ұсынысымызды қабылдаған жоқ. Ядролық қаруды қолданбауға шарт ұсындық. ХХІ ғасырға ядролық қарусыз кірейік деген де ой айттық. Бәрі де әзірше ауыз жыртар бос сөз болып отыр. Сіздерді шошындырған сынақтар сол себепті жыл сайын жалғасуда. Басқадай амал бар ма? Осы алқаптағы жарылыстарды сирету үшін «Жаңа Жерден» полигон аштық, аса қуатты сынақтар елсіз аймақта жасалатын болды. Бұл да сіздерге жасалған қамқорлық. Ел жиі қоныстанған аймақты бүлдірмей, радиоактивті газдарды мемлекет территориясынан шығармау туралы қарарға арнайы тармақ қосылды. Осы жайт 1963 жылғы келісім шартта да бар...

БОЗТАЕВ: Сіздің ескертіп тұрғаныңыз шекараға ұрымтал жердегі сынақтарға қолданылатын талап. Ал, біз мемлекеттік шекарадан бір мың шақырым ортадамыз.

МИХАЙЛОВ: Дұрыс айтасыз, газ шоғырын сыртқа шығармау үшін біздің жобалаушылар түрліше амалдар қолданды. Амал не, жаратылыс бізге бағынбайды, жер қыртысының ерекшелігі, табиғаттың өз заңы бар... Сіздер полигонды басқа жаққа ауыстыр дейсіздер. Сөйту үшін кем дегенде 10 миллиард сом қаржы керек, ол да бір сәрі, жаңа полигонды салуға кем дегенде 10 жыл уақыт керек.

ШАЙЖҮНИСОВ: Мен обкомның идеология бөлімін басқарамын, полигондағы тарсылды студент кезімнен естіп келемін. Мысалы, 1955 жылғы қараша айы мен 1956 жылғы ауада жасалған күшті жарылыстар төбемнен түйгілеген семейлікпін. 12 ақпандағы сынақта түзілген газдың ауаға таралуы солардың бәрінен де асып түсті.



ТОКТАРОВ (Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі): Семей облысы тұрғындарының сырқаттану көрсеткіші басқа аймақтардан әлдеқайда жоғары. Ядролық жарылыстан түзілген инертті газдар адамға зиянсыз деген сөз бүгін бірнеше мәрте қайталанды. 1949-1963 жылдар аралығында жасалған сынақтардың жер-көкті мейілінше ластағанын, солардың қалдығы облыс территориясында осы күнге дейін сақталғанын не себепті ұмытамыз? Соңғы жылдары жүйке аурулары бізде екі есе өсті, сәбилердің қорғаныш қабілеті азайды, жүкті әйелдердің сырқаты өршіп отыр...

БУЛГАКОВ (медик-академик): ...Полигонмен көршілес аймақтың тұрғындары мен әскери зонада жұмыс істейтін адамдар сырқаттанса жан-жақты тексереміз. Солардың дерті жарылыс салдары деген ұйғарым мүлдем қате.

ГЕРАСИМОВ: Ильенконың соңғы сынаққа кінәлі емесін ескертемін. 12-күнгі газ ешкімді зақымдаған жоқ. Сол үшін кім кінәлі десеңіздер – ең алдымен мен кінәлімін, одан соң Михайлов жолдас, ол да ғылым докторы, профессор... Анығында, бүгінгі көкейкесті сөз осы аймақта 40 жылдан астам уақыт жүрген сынақтың залалы турасында болуға тиіс. Сіздер соған кінәлі Ильенко дейсіздер. Сол жазғыруды студент, иә колхозшы әйел айтса – ұғымы жетпейді дер едім. Денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісінің осы облыстағы сырқаттардың диагнозы, қан құрамының бұзылуы – полигондағы жарылыстардың салдары деуін мен қабылдамаймын. Сөз тегінде психологиялық зардап турасында болуға тиіс. Семейліктер көп жылдар бойы жойқын тарсылдың астында өмір сүріп келеді, демек, психикасында ауытқушылық пайда болған. Бұл болса тың проблема. Сондықтан да мен бүгінгі талқыда облыс басшылары көтерген екі-үш мәселеге түсінікпен қарап, өз тарапымнан сол тілекті қолдауға пейілмін. Ол болса материалдық төлем. үгіт-насихатты күшейту және медицина саласындағы ауытқуларды түбегейлі зерттеу...

Сөзімді түйіндеймін: бұдан әрі инертті газдардың жер бетіне шықпауын қатаң бақылауға алып, сол үшін қажет-ау деген шаралардың бәрін де жасауға тырысамыз. Алайда, физикалық күштер бізге бағынбайды. Соңғы жарылыстың қуаты жоба бойынша 120 килотон еді, мамандар соны 70 килотонға түсіріп жарды. Жер үстіне ештеңе шықпайды деп ойлағанбыз. Үш сағат бойы сынақ алаңы тыныш жатты. Амал не, жер астында сүзілген, ешкімге зияны жоқ инертті газдар төртінші сағатта 300 метр заңғар қабаттан үстіге көтерілген. Сірә, жер қыртысынан саңылау тапқан. Геологиялық тексеріс оңды болмаған. Келешекте оны да ескереміз...

БОЗТАЕВ: Владимир Иванович, Ильенконың жауапсыздығын ақтап тұрсыз. Сізге ол бағынышты генерал, коммунист ретінде облыстық партия ұйымына мүше. Неліктен біз қарауымыздағы партия мүшесінен жауапкершілік талап етпейміз?

ЕРЕМЕНКО (Семей облаткомның төрағасы): Бүгінгі талқы мені қанағаттандырған жоқ. Комиссия мүшелері ұжым мүддесін қорғап сөйледі. Ал, сіздер, мемлекеттік комиссия мүшелері, өздеріңізге бағынышты адамдардың ұңғыманың бетін мықтап бекітпегені үшін жауап сұраудың орнына сол шалағайлықты

*бүркеген актілерді, қызметтік ережелерді бетке ұстап, Ильенконы ақтадыңыздар. Түсінбеймін. Демек, сынақты дайындаушылар алдағы уақытта да сол сапақты қайталайды. Өйткені, олар жылына 17-18 жарылысты жеті қат жер астында дайындаудың нендей ауыр қаракет екенін, мен, физик, иә ғылым докторы да емеспін, қарапайым зоотехник болсам да түсінемін. Шындығында, қымбатты жолдастар, осыншама жиі жарылыс, оны дайындаушылар ғана емес, миллиардтаған жылдар бойы тып-тыныш жатқан заңғар тас қабаты үшін де шатақ дүмпу екені айқын емес пе? Олай болса, сөз Ильенконы төмпештеу жайында емес, Семей полигонындағы ядролық сынақтарды мүлдем тоқтату немесе жиілігін сирету турасында болуға тиіс. Бұл мәселені Семей облысының басшылары емес, полигон төңірегіндегі екі миллионнан астам тұрғын халық зарыға күтулі. Мен осы өңірде отыз жылдан астам уақыт тұрамын, байқауымша, сіздер әлгінде сөз еткен жалпылама түсінікке семейліктер және Ертіс атырабындағы қалың ел сірәда қанағаттанбайды. Себебі түсінікті: халықтың төзімі ақырғы шекке жетті. Демек, жер астындағы жарылысты біржола тоқтату қажет!..*

**БОЗТАЕВ:** *Мәскеуге жеделхатты сол үшін жолдадық. Біздің мақсат — мейлінше айқын: Семейдегі 4-ші диспансердің көп жылдар бойы сейфте ұстап отырған деректерімен танысыңыздар; ядролық сынақтардың ел мен жерді қандай кесепатқа жолықтырғанын ұғасыздар... Одақ үкіметі зардап шеккен халыққа төлем мәселесін тездетіп шешуге тиіс. КПСС ОК-іне жолданған жеделхаттағы сөзден біз бас тартпаймыз. Әділін айтқанда, бұл — осы облыстағы күллі халықтың талабы...*

К. Бозтаевтың 1992 жылы орыс тілінде жарық көрген «Семей полигоны» кітабының 41-бетінде: «Комиссия өз тұжырымын бізге тек қана ауызша түсіндірді: «Заряд қойылатын ұнғыманы қосымша бекітеміз; жарылысты азайтамыз, қуаты да кемітіледі десті; соған да тәубе дедік... Әбден ушыққан мәселені дер кезінде көтергеніміз жөн болды. Қойған талабымызды үкімет ішінара мойындады. Жарым-жартылай болса да жеңіске жеттік. Полигонды біржола жабуға күресті одан әрі жалғастыруға демек сенім туды...» — деген.

\* \* \*

Семей облыстық партия комитетінің бюро мүшелері ядролық полигонмен тайталасқа бекінгенде-ақ ВПК басшыларының оспадар қарсылығына тап болатынын білген. Әскери ведомствоның тізеге салып, өздері жобалаған жарылысқа мәжбүрлейтіні айқын. Кешірім Бозтайұлы да сол қатерді кәперінде ұстап, Қазақстан үкіметінің басшысымен қайыра ақылдасқан. Н.Ә. Назарбаев бұл тайталасқа әлеуметті көтеруді ұсынып: «Ертіс атырабындағы қалың ел өздері үшін жанды жара болған полигон зардабын, радиация әсерін ашына айттып, наразылық білдірсе — алматылықтар да бірден костайды. Соған тек түрткі болар жоқтаушы керек. Сөйткен күнде бұл күрес халық қолдауымен ғаламат зор күшке айналады...» — деген..

Шамалауымызша, семейліктер тағдырына араша болу туралы ізгі ойын Н.Ә. Назарбаев Олжас Сүлейменовке де айтады. Елбасының «Өмір өткелдері» атты кітабында (журналист қаламгер Сауытбек Абдрахмановпен жүргізген, өз өмірінің бел-белестері жайында жасаған сұхбаттары, 2015 жылы жарық көрген) сол жайт жан-жақты баяндалған. Осы еңбегінде Нұрсұлтан Әбішұлы «Семей полигонының» Ертіс атырабындағы жер-суды зақымдап, тұрғын елді түрлі дерттерге душар еткен атомдық сынақтарға тиым салу күресіне Олжас Сүлейменовті тартып, ол құрған «Невада-Семей» қозғалысының кенеттен өрбуіне кенеттен мұрындық болғанын егжей-тегжей әңгімелеген.

1989 жылғы сайлауға Олжас Омарұлы Алматының Калинин ауданынан түсіп, КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты атану додасына қатысқан. Ал онда әрбір үміткер кандидат бәсекелес әріптесінен басым дауыс жинауға тиіс. Үміткерлердің қарамағы осы аудан бойынша 4-5 адам болыпты...

Олжас Сүлейменов Қазақстан телестудиясы ұсынған, әрбір дауласкер кандидатқа тиесілі 15 минут уақытты Семей полигонында 12 және 17 наурызда жасалған ядролық сынақтардан түзілген газдардың ауаға таралып, сол төңіректегі елді мекендерді радиация күлімен зақымдағанын ерекше зілмен сөз етуге жұмсаған: «И казахстанцы узнали, что «безвредные подземные испытания» с 1963 года сокращали и сокращают жизнь населению Казахстана и сопредельных областей России. Я призвал 28 февраля прийти к Союзу писателей Казахстана. (...) Передачу услышал весь Казахстан, и 28 февраля тысячи людей (?) пришли к Союзу писателей. После декабря 1986 года это был первый массовый митинг на улице Алма-Аты...» — деген ақпарды біз О. Сүлейменовтің «Тағы да тарихи шындық туралы» мақаласынан («Казправда», 30.07. 2010 ж.) келтіріп отырмыз.

Олжас Омарұлы тегінде ежелгі қазақ билерінің шешендігі, ұтқырлығы, терең ақылы мол дарыған азамат. Күллі Қазақстан халқын дүр сілкіндірген, «Жарайсың, азаматым, Жер мен Ел наласын бастадың! Нағыз ерсін!..» — дегізген ойлы да жалынды сөзді, біздің андауымызша, сол күні тектен-текке айтпаған. Бұл енді Алматының пәленше ауданында түгендей игі істер атқарамын, халық тұрмысын ондауға тырысамын... деген сипаттағы жаттанды, елді ығыр еткен жалаң үгіттен гөрі, Қазақстанның шығыс атырабындағы бірнеше облыстың тұрғындары қырық бір жылдан бері азап шегіп, табиғаты беймәлім ауыруларға ұшырап, жүдеп-жадап отырған халықтың шер-мұңын жоқтаушы боламын деген уытты сөз сайлаушы қауым үшін әлдеқайда өтімді болатынын ол деғдарлықпен болжаған. Әлбетте осындай батыл да оқыс оймен алматылық сайлаушылар көңілін өзіне бұруды жобалағаны анық...

Полигон зардабын көп жылдар бойы зерттеген дәрігер-жазушы Қанат Қабдрахмановтың «Человеческие последствия испытания ядерного оружия в Казахстане» (Алматы, 2003 ж., 200-201 бб.) атты кітабынан үзінді:

*«1989 жылғы 28 ақпанда, түске таман Жазушылар үйінің алдына бір топ студент жастар жиналды. (...) Сірә, мінбер ақынымен тілдесуге ынтығып келгендер. Зеріккен студенттер Олжас Сүлейменовпен қайткен күнде дидарласуды тілеп, 1986 жылғы желтоқсанда, Одақ үйінің алдында шыңылтыр аязды күні: «Ол-жас, Ол-жас, Ол-жас!» деп жүздеген жас қосыла дауыстап, ақынды бекерге тосып, содан жұптарын жазбаған қалпы Брежнев алаңына аттанғанын еске алып уақыт ұзартуда...»*



Олжас Сүлейменов

28 ақпан мен үшін де дүрмегі зор күн болды. Бірлі-жарым жанды емес, жүздеген жасаң жүректерді аудиториядан шығармашылық Одақ үйіне магнитше тартқан, бір тәуірі, желтоқсандағыдай тәртіпті қадағалаушылар көрінбейді, иә, қанды қырғын күткендей үрейлену де атымен жоқ. Оның есесіне өздеріне кәміл сенгендер, біздің осы ісіміз жеңіске жеткізеді дегендей сенім күштірек. Сонсоң да көпшілігінің жүзінде күлкі ойнап, алдағы күнге сенім артқан қуаныштың әсері айқын білінеді...

Әлден уақытта жиналыс бітіп, есік алдына Олжас ақын шықты.

— Қымбатты жастар, әлгінде біз жер шарында ядролық жарылыстарды тоқтату жолында күрес бастайтын «Невада»<sup>1</sup> қозғалысын құрдық. — деді ол өзін қаумалаған жастарға. — Қазақстандағы ядролық сынақтарды тоқтатып, Семейдегі полигонды біржола жабу. Жер шарындағы ядролық полигондардың қатерлі сынағына тиым салу!..

Содан кейін Одақ үйіндегі жиынға қатысушылар қабылдаған үндеуді оқыды.

«Бауырлар мен қарындастар!

12 және 17 ақпан күндері жер астында жасалған ядролық сынақтар кезінде Семей қаласының төңірегін радиоактивті бұлт мейілінше зақымдаған.

Біздің төзім тақа таусылды.

Біздің жерде атом зарядтарының жарылғанына қырық жылдан асты. Соның зардабын Семей облысы ғана емес, төңірегіндегі қыруар халық тартуда. Өйткені, полигон халық жиі қоныстанған елді мекендердің кіндік ортасына орналасқан. Турасын айтқанда, көп ұлтты Қазақстаннан өзге қандай ел радиация зардабын осыншама уақыт және жиі тартып отыр? Сондықтан да соңғы он жылда біздегі адамдардың ғұмыр жасы төрт жылға қысқарды. Ауырғандар мен өмірі үзілгендердің саны жарық дүниеге келген жан иелерінен екі есе көбеюі де — осы кеселдің салдары. Халықтың жаппай қырылуының басты себебі — радиация. Ол болса ұлт таңдамайды, кәрі-жас демейді, қандай дінде екеніңді, иә тілде сөйлейтініңді есепке алмай жаппай жаусатады. Семей полигонындағы әрбір келесі жарылыс Чернобыль апатынан әлдеқайда зорырақ бүліну жасауы әбден ықтимал.

Сондықтан да біз жым-жырт отырып, тозақ отын күте алмаймыз! Біз күллі әлемде бейбітшілік салтанат құруы үшін күресуге дағдыланған халықпыз. Бүгінде сол күресті ең алдымен өз жерімізде жүргізуге тиіспіз. Сол үшін де біз «Невада» қоғамдық қозғалысын құрдық. Оған мынадай міндеттер жүктелді:

1. Қазақстандағы барлық атомдық полигондарды жабу;

<sup>1</sup> Кауымдық қозғалысқа «Семей» деген сөз бертінде қосылған.

2. Біздің жердегі ядролық материалдар өндіретін өндірістерді тоқтатып, сол қаржыны табиғатты қалпына келтіру мен адамдарды емдеуге жұмсау;

3. Атом өндірісінің қалдықтарын көму процесіне бақылау жасау;

4. Қазақстанның экологиялық картасын жасауға жедел кірісіп, сол арқылы істен шыққан «өлі» территорияларды анықтау, сөл алқаптарды шаруашылықтар есебінен шығарып, емдеу шараларына қатысамыз; осы алқапты егістікке айналдырып, иә мал жайылымы етуге тиым салу;

5. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 3-Бас басқарманың қарауындағы құпия деректерді түгел ашып, радиациядан құрбан болғандардың саны мен адамдар есімдерін атауды талап етеміз...

«Невада» қозғалысының түпкі мақсаты – АҚШ-тың атом полигонын жабуды тілейтін ниеттестерімізбен тізе қоса қимылдау. Қажет деп білсе олар да осындай қозғалыс құрып, оны «Семей», иә «Қазақстан» деп атасын. Дүние жүзінде туысқандық қарым-қатынас құрған қалалар аз емес. Соларға ұқсап Семей облысы мен Невада штаты<sup>1</sup> достық қарым-қатынас орнатсын!

...Жанжалы мен қантөгісі есепсіз көп жиырмасыншы ғасыр жылнамадан шығар мерзім таяу. Осы ғасырдың аяқ шенінде адамзат қауымының қалт-құлт еткен бейбіт тірлігі үзілмесе дейміз?! Миллиардтаған шерменделердің тағдыры жабық кабинеттерде шешілмей, қауымның қолына берілсін! Ядролық жарылыстарға наразылық – Жер шарын мекендеушілердің өзара үн қосқан ашуына ұласып, сана мен үміт жеңетін болсын! Осы ұранмен біз әлем халқына, бізбен үндес ұжымдарға игі тілек жолдаймыз. Осы мақсатта ұйымдаса алсақ – біздің қозғалыс сөзсіз жеңеді!..<sup>2</sup>

Олжас Сүлейменовтің ынтасымен 28 ақпанда Алматыда өткен наразылық жиыны Семейде өрбіген қарсылыққа айтарлықтай демеу болды. Семейліктер басынан кешкен ауыр ахуалдың телеэкраннан, Олжастың жігерлі үнімен

<sup>1</sup> 1957 жылғы 19 қыркүйекте АҚШ мамандары Невада штатының Лас-Вегас полигонындағы заттық құрамы вулкандық жыныстардан түзілген Рейнир тауының астында, 270 метр тереңде атом бомбасының қуаты шағын түрін сынаған (тритилдің 1700 тоннасын бір мезгілде жарғандай әлуатті күш). Сол жарылыспен АҚШ физиктері атом ғасырының жаңа кезеңін аштық деп ойлаған. Өйткені, радиоактивті заттар ауаға тарамай, түп-түгел жер астында түншықтырылған. Сол жайт та Америка мамандарына атом қуатын бұдан әрі бейбіт мақсаттарға, мысалы, жеті қат жер астынан мұнай, газ өндіруді жеңілдетіп, әр алуан кешенді құрылыстарды тиімді жүргізуге мүмкіндік туғызады деп есептеген. Содан беріде АҚШ үкіметі ядролық жарылыстарды ауа мен жер бетінде, мұхитта сынауды тоқтатып, жер астында жаруға келісуге пейіл білдірген; алайда, жер астындағы сынақтардың бүлдіргіш сыры бертінде ашылды; сол жайт – семейліктерге жақсы мәлім...

<sup>2</sup> Олжас Сүлейменов тұсауын кескен «Невада-Семей» қозғалысының белсенді мүшелері, қозғалыс президентінің орынбасары Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің бастауымен АҚШ-қа барып, Невада штатының тұрғындарын атомдық сынақтарды тоқтату күресіне шақырған. Бірақ невалдықтар бұл ұсынысты қостамай, «Табандарыңды жалтыратыңдар!» – десіп біздің жігіттерге қуғын ұйымдастырған. Себебі түсінікті: Невада мен Нью-Мексико штаттарының атомдық полигонға ұрымтал аймақтағы тұрғындары жыл сайын бір миллиард доллар шамасында өтемақы алады, жарылыстан бүлінген қора-қопсысы, үйлері дереу жөнделіп немесе соған жұмсаған шығыны төленеді. Ең ғажабы, сол өңірде радиациядан ауырған адамдар мүлдем аз, болса да мемлекет олардың денсаулығын күйттеуді үнемі назарында ұстайды.

Біздегі жағдай бұдан мүлдем өзгеше екендігі – жұртшылыққа мәлім.



жария болуы бізді ерекше сүйсіндірді. Жазушылар үйінде өткен митингі, сор-бейнеті бес батпан семейліктер тағдырын оналту үшін құрылған қоғамдық қозғалыс та республика халқының көңілінен шықты. Таяу күндегі мақсат – сол қозғалысты Ертіс атырабында жалғастыру...

*«Демократиялық үрдіске бет бұру Өдақта жариялылық ұранымен қатар жүрді. Бұл болса Кеңес елін зайырлы мемлекет ету идеясымен астасқан шара. Қауырт жүрген жаңару мен жаңғыруға бізде құлай сеніп, өзіміз бастаған полигонмен күрестің сәтті аяқталарына үмітіміз арта түсті. Әсіресе*

*Алматының зиялы қауымы, оның көрнекті өкілі Олжас Сүлейменовтің бастауымен жедел ұымдасқан «Невада-Семей» қозғалысы алдағы ауыр күресімізге мықты қолдау болатынына біз шүбәсіз сендік. Өйткені, қозғалыстың түпкі мақсаты, күрес жобасы біздің көңілімізден шықты әрі дер кезінде туды. Тізе қоса қимылдасақ ядролық қарусыз, ядролық жарылыссыз таңымыз ататын кембағал уақытқа жетеміз дестік...» – деген ойлар К. Бозтаевтың «Семей полигоны» кітабының 46-бетіне түскен.*

Ақпан айының аяқ шенінде басталып наурызға ұласқан Семейдегі дүрбелең мәскеулік комиссия көңілімізге үміт сәулесін тұтатып, Мәскеуге аттанып кеткеннен кейін де үзілген жоқ. Соған енді Олжас бастаған қозғалыс қосылды. Қазақстанның күншығыс атырабы бәз-баяғы суық қалпында еді, десек те «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» болып құбылумен кешігіп жеткен көктемгі жылымыққа жақындадық...

Наурыздың 25-26 күндері бәйбішем екеуіміз Қарағандыда болғанбыз. Шешемнің кенже сінлісі Жаңыл әпкем Доскейқызы 57 жасында асқазан бездерін шырмаған обыр дертінен қаза болып, марқұмға топырақ салуға ұшақпен барғамыз (1956 жылдан беріде ол кісі Қу және Қарқаралы аудандарында ұзын ырғасы 25 жылдай уақыт отбасымен тұрғанды, жездеміз Мыңжасар Әдекенов сол екі ауданда басшы қызмет атқарған еді). Сол сапардан қайтарда Қарағандының ескі әуежайында ауа райының құбылуынан әлденеше сағат зарығып отырып, 27 наурыздың таңында ғана әуірімдеп Семейге жеттік.

Ертенгілік сәтте, сірә, сағат сегіздің шамасы, үйдегі телефон дамылсыз шырылдады. Мен қозғала қоймап едім, Клара Дүйсебайқызы трубканы көтеріп, әлдекімге: «Ұқтым, қазір оятамын...» – деді де трубканы маған әкелді. Бірінші секретарьдың көмекшісі Сайлаухан Райымбаев екен. Айтуынша, «Ерекше мәнді және тығыз шаруамен сізді Кешірім ағай кабинетінде күтіп отыр. Тура қазір келіңіз...» – десін.

Амал қанша, бірер кесе ашы шай ұйқымды тарқатты. Іле обкомға жетіп, секретарьдың кабинетіне тап болдым.

– КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа өзара бәсекемен түскен Абай мен Мақаншы аудандарының екі қойшысы қажет дауыс жия алмады. Одақ Советіне жалғыз түскен Бас штабтың бастығының орынбасары ғана сайлау до-

дасынан сүрінбей өтті. Ұлттар Советінің сайлауын қайтадан өткіземіз. Сол орынға біздің мүддемізді нақты іспен қолдаған сенің бастығыңды ұсынсақ деген ой туып, бюро мүшелері соны толық мақұлдады. Ешқандай бәсекесіз Олжастың өзін дара саламыз... — деді Кешірім Бозтайұлы.

— Оңды шаруа! Олжас тек Алматының қалалық округынан сайлауға түскен...

— Сол сайлауда төрт үміткердің бірде-бірі өте алмады. Олжас пен бір жұмыскер жігіт алдыда дейді, енді екеуі өзара таласпақ. Кеше маған Нұрсұлтан Әбішұлы телефон шалып, Олжасты шақыруды ұсынды. Әлгінде Колбин телефон арқылы Олжасты өткізе алсан — тек қана пайда көресің деді...

— Шынында да бұл тамаша ой! Менен не тілейсің?

— Кешеден бері сабыла іздеудеміз. Әлей пысық інің Шайжүнісов те таба алмай отыр. Олжастың үй-іші де трубканы көтермейді. — деді секретарь қынжылғанын бүкпей. — Одақ кеңсесіндегілер де бастығының қайда екенін білмейді. Қысқасы, бастығыңды іздейсің тіпті тап қазір Алматыға аттан...

— Олжастың үшті-күйлі жоғалуы ақындарға тән мінез. Дүйім елдің сүйікті ақынымын деп жүргенде, сірә, ойда жоқта тоңқалаң асқанына наразылығы. Киын шаруа!..

— Аягөз округінен, яки он бір ауданды қамтитын елдің депутатқа кандидаты болуға келістім деген жеделхат жолдауы керек. Одан арғыны біз шешеміз...

— Менің шақырғаным Олжас сенбейді. Ұсынысты өзін жасайсың.

Әлқисса содан бірер сағат әуре болып, ымы-жымы бір бірнеше достарымен сөйлестім. Олар өзіміз де таппай отырмыз десті. Басқа облыстардан да іздеушілер көбейген-мыс... Ақыры, Еңбек министрі, Олжастың досы Санжар Жандосовқа телефон шалдым.





– Медеу, сен портфельсіз жанкүйерсің. Ынта кімнен?.. – деді Санжар Оразұлы.

– Сәке, Олжасты кабинетіңе алдырған сәтте біздің облыстың бірінші секретары тура өзіне телефон шалады...

– Түсіндім, өз телефоныңды айт. Бірер сағатта тілдестіремін...

Әлқисса содан мезгіл шанқай түске жақындағанда:

– Медеу, міне, бастығын... – деді Санжар Оразұлы.

Мен Олжасты әртүрлі жағдайда көрген пендемін. Екеуміз бір жылғы төлміз. Шығармашылық қарым-қатынасымыз да оңды.

– Олжас, сені Семей облысы Одаққа депутат болуға шақырмақ... – деп сөзді төтесінен бастап едім, құрдасым мен ешқашанда күтпеген боктауы аралас қанқу сөз естіртті. Нақты не дегенін қазір де, ширек ғасыр өткен соң қайталауға дәтім жетпей отыр. Байқауымша, алматылық сайлаушылардан көрген жәбірін екі тәулік өтсе де ұмытпаған әрі ақыл-есі сол сәтсіздіктен дегдімеген жағдайда екенін ұқтым да, «Жә, трубканы Санжарға бер...» – дедім.

– Сәке, досымыз сөз ұғар емес, қай мезгілде хатшымен сөйлестіреміз?

– Сағат үште менің кабинетіме Бозтаевтың өзі шықсын...

Келісілген уақытта бірінші секретарьдың кабинетіне барып, Алматыға қоңырау шалдық. Санжар Оразұлымен қайыра амандасып, шекесіне сарт етер әзіл айтып едім, рақаттана күлгенінен-ақ кабинет иесінің көңіл күйі көтеріңкі екенін аңғардым. «Бастығың манағы ашудан арылды, міне, қасымда кофе ішіп отыр...» – деді.

Трубканы Кешірім Бозтайұлына ұсындым.

Екеуі қазақша амандасты. Содан іле біздің секретарь:



– Олжас Омарұлы, Абай елінің атынан сізге ерекше өтініш айтпақпын... – деп көкейкесті шаруаны мәністеп түсіндірді. Олжас та сол ұсынысқа іштей әзір отыр екен: «Рақмет, Кешеке. Келістім, семейліктер солай деп шешсе, Абай елінің сенімін арқалауға әзірмін!..» – депті.

Сәуір айының аяқ шенінде халықтың кандидатпен кездесуі басталды.

Облыстық газеттерде кандидаттың міндеттемесі жарияланды: алғашқы кезекте Семей жерін радиация күлімен зақымдаушы жарылысты біржола тоқтату үшін жеңіске жеткенше аянбай күресемін; екінші, облыстағы 89 аурухананың 10-ы ғана типтік жобамен салынған ғимараттарда, ауыл-селолық 49 емхананың 8-і қаусаған үйлерде екен, сол жағдайды ондауға тырысамын; үшінші, мәдени құрылысты барынша өркендетуге, төртінші, социальдық әділетті етене етуге атсалысамын делінген...

Кандидаттың сайлаушылармен кездесуі небәрі екі аптаға созылды. Барлық ауыл-селоны аралаған жоқ, ұрымтал елді мекендерге жиналған еңбекшілер өкілдерімен ғана кездесті. Ал, біз, құрамында 15 шақты адам бар үгітшілер бригадасымен алты «Волгамен» неше күн сабыла жүріп, Шар, Жарма, Көкпекті аймағындағы және Семейден 650 шақырым шалғайдағы Ақсуат ауданындағы халықты сайлауға әзірледік. Түстіктегі 4-5 ауданға обком құрған екінші бригада үгіт-насихат жасады.

Олжас – мінбенің ақыны, қандай жиынды болсын жігерлі үнімен, өз ойын ұтымды жеткізе білетін шешендігімен баурайтын қабілетке ие. Мен де оған: «Ана тілінде сөйлеуге тура келеді, сенімді өкілін ретінде Алматыдан ертетін акын-жазушыларды осы өңірдің тумаларынан таңда деп, Мұхтар Мағауиннің, Рымғали Нұрғалиевтің және бірнеше акын-жазушылардың есімдерін атағанмын. Шынында да сөйтті.

Облыстың түстік өңіріндегі аудандарды ақтаудан соң ол Ақсуат кентіне арнайы ұшақпен келді. Күн шайдай ашық еді. Жайнаған табиғат акынға жолын оңғарылады, халық сені мұның жоқтаушы адал перзенті ретінде қадір тұтады, сол себепті барынша ақтарыл дегендей жайдары шырай көрсетті. Әуежайдан аудан орталығына дейінгі ауыл тұрғындары, аттылы-жаяулар жол бойына тізіліп, кандидат отырған автомобильдің жолына дала гүлдері мен арша бұтақтарын лақтырып, жаппай қол соғып, аттылары жарыса шауып айранасыр құрмет көрсетті. Түс әлетінде аудан орталығындағы ашық алаңда халықпен кездесу өтті. Бес-алты мыңдай адам жиналған митингіде сөз нөпірі бөгеттен құлаған суша ағытылып, тіл безеген шешендер алуан тілектер айтты...

– Қадірменді Ақсуат елі! Маған осыншама құрмет көрсетіп әрі аса жауапты іс тындырады деген сенімдеріңізге ризалық білдіремін, әлбетте сол үшін шама-шарқым жеткенше сіздерге қызмет етуге әзірмін. 28 ақпанда Алматыда өткен халықтық митингіде жария еткенімдей, менің алдағы тірлігім адамзатты үлкен қатерге душар еткен ядролық полигондар сынағын біржола тоқтату күресіне арналады. Сеніңіздер, елудің өріне көтерілгенше жинаған тәжірибем мен күш-қуатым тек қана сол іске жұмсалады. Өйткені, әскерилердің ежелгі атақоныстарыңызға қырық жыл бойы жасаған жүгенсіз үстемдігін біржола

тоқтату үшін құрылған «Невада-Семей» қозғалысын облыс халқы зор ықыласпен қолдады. Мен үшін бұл зор демеу! Сіздердің шақыруларыңызды қуана қабылдауымның екінші себебі, оны да басымды иіп мойындаймын, мен казак елінің рухани ділін күллі әлемге танытқан ұлы Абай бабамызды, кемеңгер Әуезовті және осы ғасырдың басында Тарбағатай тауының арғы-бергі бетіндегі қалың елге есімдері мен еңбектері мәлім, алып күш иесі Молдабай палуан мен жыр дүлділі Сапарғали Әлімбетов ақынды жарық дүниеге келтірген, демек, рухани танымы жоғары елдің шақыруы деп түсініп, сіздерге қызмет етуді жөн деп білдім. Қымбатты ағайын, ел намысын қорғайды деп маған сенсеңіздер, сіздерге сенім артып, нақты іспен жауап беруге әзірмін!.. – дегенде мен алаңдағы қара құрық халыққа қарадым.

Өздері рухына табынып, қадір тұтатын ардақты жерлестерінің есімін Олжас кандидаттың аузынан естігенде ақсуаттықтар бастарын шайқап, ерекше сүйсініп, дүркірей қол соқты. Ұтымды сөз оқтан да өтімді деген нақыл тегінде өмірден алынған. Молдабай палуан мен Сапарғали ақынның есімін ардақ тұтатын жанкүйер егделер сол лебізге жаппай қуанып: «Апыр-ай, айналайын Олжас, тауып айттың. Дұшпандарың сені орыстың тілі мен рухына бейім, казактың ескі әдебиетінен түк білмейді...» – дегендері әншейін өсек болды, «Мың да бір рақмет саған!» десіп, дүркірей қошамет көрсетті.


Шар, Жарма және Жана-Семей аудандарындағы кездесулер де зор дүрмекпен өтті.

Семейге ат басын бұрған сапарында Олжас Омарұлы ертеңгілік сағат 10-да Педагогика институтында болып, оқу орнының үлкен залында студент жастармен кездесті. Кездесу үш сағатқа созылды. Сол күні, 6 мамырдың кеш әлетінде Олжас ақын орталық алаңдағы митингінің мінбесіне көтерілді.

Он мыңдай кісі жиналған жиынды қалалық партия комитетінің бірінші секретары Н.М. Ульянов ашып, микрофонды Кешірім Бозтайұлына ұсынды.

– Қадірлі семейліктер, бұдан бір ай шамасы бұрын, КСРО Жоғары Кеңесіне депутатқа кандидат болар қарсанда Олжас Омарұлын Павлодар, Ақтөбе, Целиноград және Алматы облысының аудандары жарыса шақырды. Олжас Омарұлы солардың бәріне рақмет айтып, тек қана біздің шақыруымызды қабылдады... – деді обком секретары. – Ұлы Абай елінен сайлау додасына түсуді жүрек ділімен қуана қабылдауына екінші себеп: «Невада-Семей» қозғалысының әлеуметтік бағдары мен семейліктер ақпан айында бастаған, ядролық полигон сынақтарын біржола тоқтату күресінің мақсаты өзара қабысуында. Сондықтан да мен, облыс басшысы ретінде Олжас Омарұлына нақ осы таңдауы үшін күллі семейліктер атынан рақмет айтамын! Сонымен бірге 642-санды Аягөз округының сайлаушылары жуықта, 14 мамырда болатын қосымша сайлауда есімі, еңбегі, қайраткерлігі жұртшылыққа мәлім, көп ұлтты Қазақстан мәдениетінің көшбасшысы Олжас Сүлейменовтің кандидатурасын жақтап, бір кісідей дауыс береді деп сенемін!..

Анығында сол күнгі жиын сайлаушылармен кездесу ғана емес, есімі халыққа мәшһүр ақынмен ашық аспан астында тұңғыш жүздесу еді. Сол күні



мінбеге көтерілгендерден жадымда сақталғаны – Педагогика институтының аға оқытушысы Л. Троицкая Олжастың тамаша бір өлеңін жатқа оқып, жұртты ерекше сүйсіндіруі, иә сонсон жергілікті ақындар Төлеген Жанғалиев пен Вячеслав Кобрин де полигон туралы ашу-ызаға толы туындыларын суырыла әйгілеуі. Жиын соңында «Қазақкабель» зауытының жұмысшысы

Н. Баландин өзі жұмыс істейтін ұжымның «Невада-Семей» қозғалысының қорына 200 мың сом қаржы аударатынын мәлімдеді. Зейнет жасындағы орыс әйелі полигон таратқан ауырулардан отбасынан қанша жақынын жоғалтқанын егіле ескертіп, сол тажалды ауыздықтау күресіне жиған-терген қаржысынан 10 мың сом аударамын әрі қажет етсе қор мүддесі үшін енбекақысыз жұмыс істеймін деді...

Жиын соңында микрофонды Олжас Омарұлы да иеленді.

— ...Біз бүгін ашық аспан астында тұрмыз. Төбемізден күн күліп, көктем шуағына елжіреген шырай аңғартты. Ағаш атаулы жапырақ жайған, гүлдер де бүршік ата бастапты. Бүгін мен ертеңгілікте оң жағалаудағы көпірден жаяу өтіп, ағаш көмкерген Түйемойнақ аралына бардым. Сеніңіздер, ағайын, жұмаққа тап болғандай шат-шадыман сезімге бөлендім. Мәуелеп өскен ағаштар арасында сайраған құстар үні. Айналам тамылжыған жайсаң табиғат. Теріскейге жөңкілген Ертіс суы да мөп-мөлдір, бұйралаңдаған атжал толқындардың бірін-бірі қуғаны да көңілімді көркейтті... Атомдық жарылыстар соның бәрін әп-сәтте жоқ етпек! Хиросима мен Нагасаки қалаларының неше жүз мың тұрғындары екі-ақ бомбамен, солардың қуаттары небәрі 12-14 килотонна шамасындағы атомдық зарядпен жер бетінен жоғала жаздап, қайтадан тұрғызылғанын білесіздер. Семей полигонында жүздеген рет, әлгі екеуінен қуаты жүз есе артық, жалпы қуаты екі жарым мың есе көп ядролық зарядтар жылдар бойы сыналды. Сондықтан да мен сол жайтқа көп ойланып, күресті әлемдік көлемде жүргізу үшін «Невада-Семей» қозғалысын құрдым. Көріп тұрмын, оны сіздер қызу қолдадыңыздар. Біздің мақсат — Семей полигонын ғана емес, әлемдегі сынақ алаңдарын мүлдем жабу. Ойлаймын, арман етемін, қымбатты семейліктер, түпкілікті жеңіс бізде болады!..

Біздің де, Олжас Омарұлының да халыққа сенімі толық ақталды: Семей облысының 11 ауданының тұрғын халқының бүкілхалықтық қолдауына ие болған кандидат ақын 14 мамырда өткен қосымша сайлауда Аягөз округі бойынша 95,6 пайыз дауыс алып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды...

\* \* \*

Ертіс жағасындағы елдің тіршілігі өгіз өлмес, арба сынбас қалпында. Тасқын судай ағылған сөз нөпірі аз емес, ойдан да, қырдан да ағыл-тегіл жосылу да, құдды бір таусылмайтын қайнар көзден шығып жатқандай. Бәрі-бәрінің құяр сағасы — полигон алаңы. Тек содан қозған сырқат қашан тиылады, кім оны тоқтатады?..

*«1989 жылғы 22 сәуірде КПСС ОК-нің кезекті пленумы шақырылып, оған облыстық, өлкелік және республикалық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары да қатысты. Қаралған мәселе — «КСРО халық депутаттарының кезекті құрылтайы туралы». Сол жиынға мен де шақырылдым. Мәскеуге келген күні М.С. Горбачевтің қабылдауына жазылдым. — депті Кешірім Бозтайұлы естелік*

кітабының 46-бетінде. — Пленум аяқталған соң өзіне сұранған алты бірінші секретарьды Михаил Сергеевич бір мезгілде қабылдады. Бәріміз де нендей мәселемен сұранғанымызды мәлімдедік. Сосын өзі сөйледі: қайта құрудың жай-жапсары, агросаясаттың көкейкесті жайттары, кейбір өлкелер мен облыстағы кезек күттірмейтін мәселелер туралы Бас секретарь үш сағат бойы бізге дәріс оқыды. Содан бір сәтте Михаил Сергеевич маған қарап:

— Сіздің маған жолдаған ақпарыңызбен таныспын. Сол мәселе туралы сұрау салдым. Бұл мәселені жуықта Саяси бюро мүшелерінің талқылауына ұсынамын, сізді де сол мәжіліске шақыртамын, өз ойыңызды сонда айтасыз... — деді.

«Саяси бюро біздің көкейкесті мәселені қашан қарайды, талқылаған кезде мені соған шақыра ма?..» — дегендей күдікке бой алдырдым да:

— Михаил Сергеевич, қымбат уақытыңызға қиянат жасасмаймын, менің айтарымды бүгін тыңдаңыз, өтінемін?!.. — дедім.

Бас секретарь тілегіме ден қойып, кабинетінде екеуміз ғана қалғанда көкейімдегі күпті жайттарды тұжырымдап баяндадым: полигонның ә дегеннен аса қолайсыз жерге, халық жиі қоныстанған өңірге ірге тепкенін, қырық бір жыл бойы жасалған бес жүздей ядролық сынақтар Ертіс жағасындағы аймақты радиация бөлшектерімен шектеусіз зақымдағанын, сол алқаптағы жан-жануардың жаппай қырылып, тірі қалғандары ауыр дертке ұшырағанын, ендігі сынақтар халықты қиын жағдайға душар ететінін ашына ескерттім. Семейліктерді радиофобия атанған үрей билегенін, жарылысты тиып, ауыру елді тезірек емдеу керектігін, сол шерменделерге тартқан азабы үшін төлемақы тағайындап, зейнетке шығар жасын да кеміту қажеттігін баса айттым...

Михаил Сергеевич сөзімді бөлмей, тым-тырыс тыңдады.

— Бұл мәселені бюрода арнайы қараймыз, — деді ақырында».

Семейдегі ахуал сол кезде шынында да ауыр еді. Мәскеулік комиссия аттанған соң-ақ полигон төңірегіндегі ауыл-селолардың тұрғындары да жаппай дүрлігіп, өтемақы сұрап, дімкәс елді емдеуді талап еткен өтініштер күн сайын обкомға топтап келетін болды. Ақпан айында өріс алған өрекпу бір күн толастамай, арыз жолдаушылардың саны үш мыңға жетті. Сең козғалды деп өрекпуге түскен, жақсылық күткен, жаппай еліккен жұртты жалған уәдемен тыныштандыра алмайтын төтенше жағдай қалыптасты...

Үкімет комиссиясы ұсынған шаралардың бірі — ядролық сынақтардың Отан қорғанысына қажеттігін бұқара халыққа түсіндіру. Демек, семейліктермен бетпе-бет кездесуге генерал-лейтенант Ильенко да мәжбүр болған: бірнеше мәрте жергілікті телестудияға келіп, өзі басқаратын ұжымның бұрынды-соңғылы жұмыстары туралы көл-көсір әңгіме айтқан; облыстық активте сөйлеп, бірнеше өндіріс орындарына барып, жұмысшы қауымның алдында есеп берген. Бәрінде де айтары: Семей полигонының Отан қорғанысына тигізетін зор пайдасы жайында, Кенес Одағын мекендеген көп ұлтты халықтың алаңсыз еңбек етіп, 1945 жылдан беріде таңғажайып тыныштықта, шат-шадыман тұрмыста өмір сүріп отырғанын көзір етіп, саяси мәнін тәптіштеп түсіндіру...

Әскери генералдың дәрістері туралы естіген соң Ильенконы көріп, дәлел-уәжін тыңдауға ықыласым ауды. В.Н. Пигаваевтың нұсқауымен өзім инженерлік кәсіпке шыңдалудан өткен Цемент зауытындағы кездесуге барып, Аркадий Даниловичтің құлаққа жағымды қоңыр дауыспен мінбеден төпеген уағызына құлақ түрдім.

Орта жасты әлдеқашан дендеген генералдың кімге не айтуды жап-жақсы меңгерген шешендік қабілетке ие екенін бірден байқадым: саяси ұстамы мығым, өзі өмір бойы шұғылданған әскери кәсіпке жан-тәнімен берілген фанатик сияқты (Ол кісі туралы бертінде кейбір жазармандар, Кешірім Бозтайұлы да оның күллі тұрпаты, сөзі, ісі, әскери полигон мүддесін жан-тәнімен қорғауы – идеолог үгітшінің, тіпті әскери генерал сипатынан да өзгереді, Семей полигонында он жылдан астам уақыт бастық болып, мансабының ерекшелігіне мардамсыған сен иесі, оның қарауында сол жылдарда 30 мыңға таяу әскерилер мен ғылыми мамандар еңбек еткен, соған орай ісі де, сөзі де өктем деп сипаттаған-ды). А.Д. Ильенконы ұрымтал жерден көргенде-ақ мінбеде қасқайып тұрған генералдың бітім-болмысы дара жаратылғанын, сөзді түйе сөйлейтін өктем әлпетінің де ерекшелігін бірден байқадым...

– Адамзаттың хас жауы империалистермен тайталас ерекше күшейген бүгінгі уақытта Отан қорғанысы ерекше мәнді іс екені сіздерге түсінікті екеніне мен титтей де шүбәланбаймын, қымбатты цементші жолдастар. Демек, ядролық қарулар әрдайым мүлтіксіз даяр қалпында, сындарлы жағдай туған сәтте солардың біреуі емес, әрбір сериясы жау күшіне қолма-қол тойтарыс беруге сакадай-сай әзірлікте болуға тиіс! Біздің ұжымға осы міндет жүктелген. Ядролық жарылысты біз жер астында жасаймыз. Сіздер талап еткендей, солардың санын азайтып немесе қуатын кемітуге біздің де, Қорғаныс министрлігінің де ешқандай қажы жоқ... – деп генерал-лейтенант біршама уақыт жосыды. – Ал, Семей облысының басшылары бізге: «Еңбекші халық талап етіп отыр, жарылысты азайт, қуатын қайтсең де кеміт, полигон атырабындағы тұрғындар зардап шегуде...» – дейді. Жә, зардап шеккенде құлаған үй бар ма? Немесе аққан, иә радиация таратқан дерттер көп дегенде – олардың жалпы саны қанша? Қай ауданда? Сол байғұстардың дерті, тегінде, мен сіздерге құпияның кілтін ашайын, жарылыс ауада, жер бетінде жасалған жылдарда жер-көкке тараған радиацияның әсері. Ал, 1963 жылдан беріде барлық жарылыстар жер астында, кем дегенде 300 метр тереңде, көбіне одан да төменде жасалады. Жә, содан кім зиян шекті? Өйткені, солар бейтарап деген атынан-ақ түсінікті, ешкімге залалы жоқ газдар. Бұл енді мейілінше қарапайым, мектеп оқушысына да түсінікті химиялық реакция. Мені ерекше қынжылтатын гәп, қымбатты жолдастар, осы жайтты облыс басшылары түсінгісі келмейді. Олардың неге сөйтетіні маған мәлім: облыстың экономикалық жағдайы өте ауыр, тұрғын халықтың әл-қуаты да төмен, сол жайтты азық-түлік дүкендерінің сөресінен-ақ аңдауға болады; осы олқылықты түзетуге дәрменсіздігін байқатпау үшін облыс басшылары кінәні әскерилерге аударуға тырысады. Мұны мен коммунистік ар-ожданыммен сіздерге ескертуді парызым деп білемін...

Ильенконың күрделі істі жұмыскер қауымға қарапайымдап түсіндірген сөзі шынында да әсерлі болды. Әсіресе қаладағы ахуалды «Қайта құру» саясатына бұрмай, дүкен сөрелерінің жұтандығына аударғаны.

Көпе-көрінеу бұрмалауға тойтарыс бермейсіз бе деген оймен кездесуді жүргізуші партторгке қымсына қарадым.

Сол сәтте залдың соңғы қатарынан орта жастағы жұмыскер көтерілді.

— Аркадий Даниловичке сұрауым бар, — деді де қызыл бұрыштың мінбе тұсына жақындады. — Жолдас генерал, жарылысқа түсінік берген сөзіңізді мен бұрын да тындадым. Ақпан айында, Семей облыстық партия комитетіндегі талқылауда сіз ауаға тараған газдар туралы мүлдем басқаша түсінік айтқансыз. Ал, бүгін?...

— Ғапу етіңіз, сіз кімсіз? Обкомдағы жабық жиынға қалайша тап болғансыз? — деп генерал қабағын түйді.

— Менің фамилиям Белоусов, осы зауыттың слесарьлар тобының бригадирімін, оған қоса обкомның бюросына және КПСС Орталық Комитетіне мүшесімін. — деді Валентин Сергеевич полигон бастығына тура қарап. — ...12 ақпандағы жарылыста сіздің адамдар технологияны өрескел бұзған, Бозтаев жолдас пен генерал Бредихин ұтылап сөйлеп, жалған ақпарыңызды бетіңізге басқанда сіз өзгеше түсінік айттыңыз... Бүгін сіз басқаша сайрап тұрсыз. Есіңізде болсын, жұмыскер қауымды қисынсыз ертекепен сендіре алмайсыз. Сіздің мәртебелі шеніңізге бұл мүлдем жараспайды..

Залдағы жұрт дүркірей қол соғып, бригадирге қолдау көрсетіп, «Валентин, айда, бас!», «Қайда келгенін генерал білсін!» — деген дауыстар әр жерден естілді.

— Сіздің жалған ақпарыңызға айқын мысал... — деді Белоусов. — 12 ақпандағы жарылыс күрс еткенде-ақ сіз дозиметрлік бақылауды тоқтатып, Курчатовқа қайтқансыз. «Ауа кіршіксіз таза, жарылыс сәтті өтті, газ атаулы жер астында бұқтырылды» деген акті жасағансыз. Сол ақпар Мәскеуге жөнелтілген. Ал, бұқтырылған газдар саңылау тауып, жер бетіне бұрқырап шығып, екі тәулік бойы иен даланы емін-еркін шарлап, ақырында Ертіс жағасына жеткен. Сіз әлгінде бейтарап деген газдар мына отырған жұртты екі тәулік бойы зақымдаған. Рақмет дейміз, сол пәлекетті біржарым тәуліктен кейін Шағандағы дивизияның сізге бағынбайтын дозиметрлік бақылауы нақты анықтаған. Сол гәпті сіз обкомдағы талқыда мойындаған жоқсыз. Екінші өтірікті 17 ақпан күнгі сынақта қайталапсыз... Осыдан соң, жолдас Ильенко, әлгінде төндіре айтқан Отан қорғанысы туралы сөзіңізге, біз, жұмыскер қауым, зор күдікпен қараймыз. Көп жылдан бері атом күлінің астында отырып, тәжірибе сынағына көжек болған біздің кіріптар жайымызды үкімет назарына жеткізген басшыларымызды сіз әлгінде жөнсіз кінәлап, қаншама ауыр сөздер айттыңыз. Әрине, соны естіген аңқаулар: «Ойпыр-ай, біздің басшыларымыз оңбаған екен-ау?» — деп те ойлауы кәдік. Мен сізге турасын айтайын: осы залда отырған жұмыскер қауым М.С. Горбачев жария еткен өзгерістерді жүз пайыз қолдайды; Аркадий Данилович, кәперіңізде ұстаныз, Отан қорғанысына ертегі сипатты уағызыңыз бізге керек емес...



Залдағы жұрт Валентин Белоусовтың уытты сөзін колдап, дүркірей кол соқты. Мен де алақаным қызарғанша демеу білдірдім.

Айтып-айтпай не керек, дандайсыған генерал кердеңдеген қалпы жөніне кетті.

*«Семей зауытының жөндеушілер бригадирі В.С. Белоусов – ашық мінездің адамы, кімге болсын ойындағы сөзді бетіне айтатын өжеттігін қағида еткен, полигон туралы да ол өзі иланған ұстамнан ешқашанда айныған жоқ. КПСС ОК-не мүшелікке сайланған күннен ол полигонды жабу турасында өткен жиындарда семейліктердің көкейкесті мүддесін әрдайым батыл қорғады. Әлбетте жұмыскер қауымының атынан сөйлеген соң оның сөзі өтімді болды. Облыс жасақтаған делегация құрамында Мәскеуге де барып, семейліктер мүддесін қорғау ісіне айтарлықтай үлес қосты. – деген сипаттаманы мен К. Бозтаевтың «Семей полигоны» кітабының 142-143 беттерінен келтіріп отырмын. – КПСС-тің XXVIII құрылтайына делегат құқығымен қатысқанда Валентин Сергеевич сөз сұрап, мінбенің іргесінде құздып ұзақ тұрудан айнымады. Ақырында Горбачевтің өзіне өтініш жасады. Михаил Сергеевич ә дегенде оны елемегенсі-ді. Семей регионның делегатына микрофон тисе полигон туралы тіл безеп, өздерін ығыр еткен мәселеге делегаттар назарын аударарын сезген тәрізді, семейлік жұмыскерді көрмегенсіді. Белоусовтың табанды талабына шыдамай, ақыр аяғында сөз беруге мәжбүр болды. Валентин Сергеевичтің жарқын лебізбен, барынша өткірлеп, Семей полигонын тап биыл жабу туралы саңқылдаған үнмен мінбеден төпеген сөзіне құрылтай делегаттары қол соғып, құптау білдірді...».*

\* \* \*

Семей полигоны туралы мәселені Саяси бюрода талқылаймыз деген уәдесін М.С. Горбачев түсініксіз себеппен кейінге жылжытты. ВПК басшылары соны арқаланып өз дегенін істеуден жанылмады. Осы жайтқа мазаланған Кешірім Бозтайұлы бюро мүшелерімен қайыра ақылдасқан. Олардың пікірі ақырына дейін айқасуға сайды. Содан бір күні полигон туралы Орталық Комитет қаулысының жобасы әзір деген ақпарды естіп, Мәскеуге аттанды. Сөйтүіне себеп өз-өзінен орайласты: Орталық Комитеттің пленумы шақырылып, КСРО Жоғары Кеңесінің жаңа құрамы КСРО жүйесін демократиялық негізге бейімдеп қайта құру жобасын талқыламақ; бұл енді Горбачевтің «Қайта өрлеу» идеясына қатысты мәселе...

«Мәскеуге келген күннің ертеңінде, кешкілік мезгілде «Октябрь» мейманханасының оңаша бөлмесінде отырғанымда телефон шылдырлады. Іздеуші КПСС ОК-нің секретары О.Д. Бакланов екен. Ол маған кездесуіміз қажет деді. Іздегенге сұраған дерлік жағдай, келесі күні кабинетіне бардым...» – деген ақпарды «Семей полигоны» кітабының 47-бетінен оқимыз.

Оңаша әңгіме полигон сынағын тоқтатпау турасында болған: Орталық Комитет сол турасында арнайы қаулы қабылдамақ; Алматыға жолданған жобаға Г.В. Колбин қарсылық білдірмеген (Семей обкомының 29 наурыз күнгі ұсынысын қолына ұстап отырса да сормандай елдің жағдайын түзеуге пейілі де болмаған), ал, Н.Ә. Назарбаев сол жобада жазылған жайтпен келіспейтінін ашық айтқан; ең шатағы, Қазақстан КП ОК-нің секретариаты қаулы жобасымен семейліктерді таныстыруды қажет деп білмеген... Бұл да тегінде қазақстандық бірінші секретарьдың өзімбілемшіл үстемдігінен туған әрекет (Кешірім





Бозтайұлы кітабында сол қастандықты кімнен естігені туралы ләм-мим демейді. Ал, біз, ойша долбарлап, екі қайраткерді нұсқаймыз: бірі Н.Ә. Назарбаев, екіншісі ОК-тің өндіріс саласы жөніндегі секретары Е.М. Асанбаев; екеуі де семейліктерді жүдеткен экологиялық ауыр жағдайды жете білетін азаматтар, сондықтан да Семейге телефон шалып, «Біз пікірімізді айттық. Кешеке, сен енді өз бетінше қимылда!..» – деуі әбден ықтимал). Ескерту парыз: Нұрсұлтан Әбішұлы өз тарапынан қаулының Алматыға жолданған нұсқасына қосымша екі тармақ қосуды талап еткен; алғашқысы. Семей облысындағы халықтың денсаулығын жаппай және жан-жақты тексеру; екіншісі. облыс орталығында полигонның жер-жаһанға. адамзат қауымына зиянды әсері туралы аймақаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу...

Міне енді О.Д. Бакланов семейліктерден жасырылған жобаны К. Бозтаевтың алдына қойды.

«Көңілім қатты құлазыды. Қаулы жобасы жалпылама жазылыпты; әр тармақ сайын ядролық жарылыстың Отан қорғанысына қажеттілігін «еңбекші халыққа түсіндіру барынша күшейтілсін», «сынақ жасалатын облыс тұрғындарының денсаулығы тексеріліп, қосымша азық-түлік бөлініп, өзгедей де тұрмыстық қажеттері ескерілсін» деген жалпылама бопсалар қосылып, жарылыстарды тоқтату, өтемақы туралы ештеңе айтылмаған. Ал, Қазақстан үкіметінің төрағасы ұсынған екі тармақ «қазақстандықтардың өтініші бойынша» деген ескертуден енгізіліпті...» – деген авторлық тұжырым «Семей полигоны» кітабына КПСС ОК-індегі төтенше кездесуге байланысты жазылған.

«Құпия» деген ескертуі бар, полигонды жабу мәселесі кейінге ысырылған жобамен танысқан соң-ақ семейлік секретарь өздері ұстанған тұжырымнан айнымауды жөн көріп:

– Биылға жобаланған жарылыстардың саны екі есе азайып, қуатын кеміту, оған қоса ядролық сынақтардың бұл өңірде біржола тоқтайтын мерзім қаулыда нақты аталуға тиіс. Өтемақының көлемі көрсетіліп және ауру халықты емдеу шаралары жеке тармақпен дараланбаған. Бұл шаралар полигон төңірегіндегі мүсәпір халдегі халық үшін ең ділгер, ауадай қажет шаралар... – дейді.

– Бұл ұсынысыңызды, Бозтаев жолдас, енгізе алмаймыз, кешіктіңіз. Мен сізге мәселенің тоқетерін айтайын: Саяси бюро мүшелері жобамен түгел танысып, қолдайтынын білдіріп, қол қойды. Соңғы нұсқа Михаил Сергеевичтің алдында жатыр... – дейді Бакланов. – Таяу арада сол жоба бюро қарарымен бекиді...

Амал не, «Баяғы жартас – бір жартас, Қаңқ етер түкті байқамас» деген кепті нешінші рет мойындап, Мәскеуге зор үмітпен барған азамат тағы да нәумез қайтады. Әрине, ВПК басшылары өз дегендерінен айныған жоқ, әзір тұрған ұңғымаларды зарядтап, ежелгі кәсібіне қайыра кіріскен...

Сол жылғы 8 маусым мен 8 шілдеде полигон қуатты сынақты тағы да екі мәрте дүңкілдеткен. Семейліктер үшін солар әскери көршілерінің: «Сендердің наразылықтарың біз үшін жас баланың емшек тілеген әлсіз қыңқылындай, қажет етсек тағы да жарамыз...» –

деген сайқымазаққа ұқсады. Шынында да солай болды: 2 қыркүйекте, 4-і және 19 қазан күндері ядролық сынақтар қайталанды. Сонымен, осы атыраптағы атомдық сынақтардың жалпы саны 42 жылда 470 болды (26 сынақ жер бетінде, 87-і ауада, 231 жарылыс жер астында жасалған, қосакталып жарылған 126 зарядтың техникалық сипаты – бізге беймәлім). Осыдан-ақ ВПК жүйесінің қауіпті сынақтарды баяғыша жалғастыра беруге рұқсат алғаны мәлім болды. Генерал-лейтенант Ильенко бұйрықты мүлтіксіз орындаушы. Балапан қыртысының күрделі жынысы кездейсоқ сәтсіздікке ұрындырмауынан сақтанып, заряд қуатын тек 50 килотоннаға кеміткен...

Күші әлей әскери жүйеден күйрей жеңілгенінді мойындамасқа шараң қанша? Семей обкомының бюро мүшелері тағы да ақылдасып, ВПК ғана емес, пәрмені күшті Саяси бюроны да иліктірудің ең өтімді жолы – халық наразылығын күшейтіп, сол акциялардың өрісін де жан-жаққа кеңейту қажет деген тұжырымға тоқтаған.

Ақыл азып, жегі ой тұқыртқан маусым айының орта шенінде КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты Олжас Сүлейменов бастаған қарамды топ, «Невада-Семей» қозғалысы штабының мүшелері Семейге топ ете түссін. Айтуларынша, Ертіс өңіріндегі халықтық қозғалысты Одақ аренасына шығару ниетімен келген-міс...

Олжас тобын обкомның үгіт-насихат бөлімінің жауапты қызметкерлері М. Шайжүнісов, В. Пигаваев және семейлік әдебиетшілер әуежайдан қарсы алып, Ертістің оң жағасындағы «Ертіс» мейманханасына орналастырдық. Түскі астан кейін қонақтар Абай алаңына барып, сол жерде өздерін күтіп тұрған жастармен кездесіп, ақынның зәулім ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Қаперімізде болмаған, яки жобаланбаған оқыс оқиға сол жерде туды: семейлік әдебиетшілер ескерткіштің тас тұғырына көтеріліп, өлең оқыды; Әміре Қашаубаев атындағы облыстық филармонияның әншілері домбыраларын күмбірлетіп, ән шырқады; тек ешқандай сөзжарыс болған жоқ... Ақындық шабыты еліктірген тәрізді, Олжас та жұрт алдына шығып, «Арғымақтар» жинағына енген екі-үш өлеңін жатқа оқыды. Сол жайт та алаңда тұрған үлкен-кішінің жігерін жанығандай әсер туғызды. Олжас Омарұлы бір жосын қуанышты пейілмен:

– Қадірменді семейліктер, сіздерге мен өзімді көптен бері толғандырған мәнді мәселе – қасиетті даламызды мейілінше ластап, халқымызды ауыр дертке шалықтырған ядролық полигонның тарсылын біржола тоқтату мақсатында құрылған «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысының сіздерде құрылған бөлімшесіне көмектесу үшін келдім. Сол шараға арналған жиын бүгін, сағат 17-де Ленин алаңында өтеді. Барлықтарыңызды митинге шақырамын. Естеріңізде болсын: осы күресте біз бір білек, бір тілекпен қимылдасак – сөзсіз жеңеміз, ұлы Абайдың рухы бәрімізге жебеуші болсын!.. – дегенде ақынды қошамен теген көпшілік жан-жақтан дуылдап, жаппай ұрандап, кең алаңды біршама уақытқа азан-қазан етсін.

Мейманхана Абай ескерткішінен екі-үш орам жерде еді. Ескерткіш іргесінен ұзаған соң мен Олжас Омарұлына:

– Обком ғимаратының алдындағы алаңда 8-маусымдағы сынаққа наразылық ретінде аштық жариялаған бірнеше адам палаткалар астында отыр. Ас ішпегеніне үш-төрт тәулік болды. Соларға соға жүрейік... – дедім.

Қонақ абыржып, маған сұстия қарады.

– Бағанадан бері неге айтпадың? Келе сала баратын едім. Олардың әрекеті біздің ісімізге үлкен демеу. Алматылықтар мұндай қарсылыққа әзірше жеткен жоқ... – десін.

Біз алаңға келгенде Лениннің қоладан құйылған зәулім ескерткішінің (құдырет-күші әлсіреген көсем бейнесі бертінде басқа орынға көшірілді) іргесіне тігілген екі палатканың біреуі жиналыпты. Сірә, акцияға қатыскандар үйлеріне қайтқан. Соның жұртында аштық жариялаушылардың есімдері, жасы, тұрғын мекендері жазылған тақтайша ғана сақталған. Екінші палатка орнында екен. Мандайындағы тақтада: «Ядролық тажалды ауыздықтауды талап етемін! Сол үшін ашығып отырмын» деген сөздің астына қарттың есімі жазылған. Ол болса «Түріксіб» кеншарының тұрғыны, омырауы марапаттарға толы майдангер Ораш Бекішов. Палаткаға Олжас екеуміз ғана кірдік.

– Ассалаумағайлейкум, ақсақал!

Олжас тізесін бүгіп, қарттың мол денесін қос қолдап құшты.

Ақсақалдың сорайған бойы маған сәл-пәл кішірейген сияқтан-ды, иық сүйектері одырайған, қарақоңыр сакалы белуарына түскен, әжімге толы мандайы ашық, қарасұр өңі кешегіден де жүдеген. Қарт бізге тамырлары шодырайған қолын ұсынды. Тас еденнің үстіне матрас төселген. Қасында түкіргіш сауыт пен минераль шөлмегі тұр. Тізесінің үстінде қалың дәптер мен қалам. Онда келушілердің тізімі. Ораш ақсақалдың аштық жариялағанына бүгін бесінші тәулік екенін білетінмін.

– Мына жігіт, Олжас інііңіз, ақсақал. Алматыдан әлгінде келді. Әскерилердің жарылысын тежеу үшін атқа мінген інііңіз осы азамат... – дедім даусымды көтере сөйлеп.

Қарт күректтей алақанымен көзін көлегейлеп, Олжасқа мейірлене қарап, ақынның шықшытынан, шашынан, ең соңында иығынан мейірлене сипады.

– Рақмет, іздеп келіп сәлем бергеніңе! Мерейің үстем болсын!.. – деді болар-болмас жымыып. – Менен де бойшаң екенсің. Сені жұрт қыр еліне есімі мәлім сардар Жаяу Мұсаның ұрпағы дейді, рас па?

– Рас, ата, немере інісімін.

– Сендім. Жаяу ағаң нағыз ер еді. Ердін де сойы! Олжас ұлым, ат жалын тартып мінген ісінді қолдау үшін ас ішуден бас тартып отырмын. Әлі де отырамын...

– Алла қолдаса біз жеңеміз, ата. Үлкен кісі екенсің, омырауыңызда самсаған белгілерден шамаладым, кешегі соғыстан да аман-есен қайтыпсыз. Рақмет, ата! Ауырып қаласыз. Үйіңізге қайтыңыз, інілік жөніммен өтінемін!.. – деді ақын әр сөзін үзе, қинала сойлеп.

– Қарағым, мені аяма, еркек тоқты құрмалдық деген, осы жерде отырып өлім құшуға бел буған жанкешті ағаңмын. Өз әулетімнен осы тажалға 17 адам

бердім. Солардан жаным артық па? Сендерге көздемеу болсын деп отырмын, әлі де отырамын. Жарылысқа бұйрық беретін жандарал алдыма келін, қарт солдатқа «тілегіңізді қабыл алдым» дегенше ашығуды үзбеймін... – дегенді ақсақал үзіп-үзіп айтып, қолын сермеді.

Олжас маған қарады. Бірдеме десейші дегендей. Ал, мен кешеден бері екі-үш мәрте келіп, айтарымды әбден түгескемін.

– Ата, тағы да өтінемін. Ас ішіңіз. Бір сағаттан кейін осы жерде митинг өткіземіз. Мына орныңыз сізге өте қолайсыз... – деп қонақ қайыра үгіттеді.

Ақсақал басын шайқады. Сыртқа шыққан соң осы шараны ұйымдастырушы Жаңасемей аупарткомының жігіттеріне: «Қартты енді мұнда ұстамаңдар, кешке таман осы жерге неше мың кісі жиналып таптауырын болады. Құдай жөні ақсақалды ауруханаға апарып, денсаулығын тексертіңдер!..» – дедім.

– Апыр-ай, біздің халықтың төзімі неткен мықты. Ақсақалдың әлгі сөзі жан-жүйемді елжіретті. Мұндағы елдің қасірет-мұны ақырғы шекке жеткен екен. Әлгі кісіден қапылыста айрылып қалмайық... – деп Олжас Омарұлы да мені қостады.

Қала басшылары әскездеп дайындаған митинг ойдағыдай өтті. Шамалауымша, 15 мыңдай адам қатысты. Осындай кезде жұрт назарына ілігуді ойлап, тіл безегендер де болды. Неше жылдан бері көкірегінде қордаланған ыза-кекті төпеп, полигон зардабын тартқандардың ашулы сөздері аланды күңіретіп, ашық аспанды дірілдетті десем артық емес. Сол жиында мен де сөйледім. Осы ланды 1949 жылдан бері көзбен көріп, 1953 жылғы сутегі бомбасының алғашқы сынағында Абыралы-Қайнар тұрғындарымен бірге Күйік бұлағына көшіп, күн астында он шақты тәулік жатқанымды, Алматыдағы оқуыма кешігіп барғанымды ескертіп, «Менің туған жерім – осы өңір. Басқа облысқа қоныс аударуға мүмкіндігім болса да, ядролық жарылыстар зардабын еліммен бірге кешіп келемін. Соған да міне 37 жыл болды...» – деп жүрек түкпіріндегі өкініш пен кекті, жерлестерім тартқан ауыр михнатты шерттім («Невада-Семей» қозғалысының 25 жылдығына байланысты Семей мұрағаты шығарған деректі кітапта микрофонға еңкейе түсіп, сөйлеп тұрған суретім жарияланған).

Сол күнгі жиын КСРО Жоғары Кеңесі мен КПСС ОК-не Семей полигонындағы сынақтарды тоқтату туралы жеделхат мәтінін қолдаумен аяқталды. Депутат Сүлейменовке де осы тақылеттес тапсырмалар жүктелді. Ол да: «Қадірлі семейліктер, сіздерге қарыздармын. Маған жүктеген сенімдеріңізді ақтаймын!..» – деген сипатта уәде беріп, сөзін өлең оқумен аяқтады.

Көктемнен бергі осындай үшінші жиын 7 тамызда орталық аланда өтті. Оған да Олжас депутат қатысып, күллі Одақ өңірлерінде өзі басшы қозғалыстың өрістеуі жайында мыңдаған семейліктер алдында есеп беріп, Ертіс жағасындағы дүмпу тиылғанша күресті тоқтатпауға шақырды. Орталық Комитетке ескертпе жеделхат үшінші мәрте жөнелтілді.

Наразылық акцияларын өткізуден семейліктер әсілі кенде болмаған. Солар өткен сайын саяси бағыт өткірлене түскен. Ең ғажабы, сол күреске алматылықтар да айтарлықтай үлес



*«Дәрігерлер — ядролық соғысқа қарсы»  
Халықаралық қозғалысының төрағасы Б. Лаун  
жұбайымен. 27.05.1990 жыл*

ларының тұрғындары ядролық полигонды жабуды талап етіп, көшеге сан мәрте шықты. Өздері тұратын ескі үйлердің әлей жарылыстардан шөгіп, қабырғалары сөгілгенін теледидар арқылы әйгілеушілер де көбейді. Солардың бәрі де халық рухын көтеріп, жеңіс күнін жақындатты...

Шынтуайтын айтқанда, қарағандылық көршілеріміздің, әсіресе шахтерлердің мындаған адамы Қарағандының орталық алаңына шығуы, наразылықтар дүмпуі Қазақстан шекарасынан асып, Одақ көлемінде зор әсер туғызды. Қарағандылықтар қозғалысын ұлттық намысы көтеріңкі, қызу қанды Мараш Нұртазин ұйымдастырған. Сүйсінерлік гәп: оның әрбір шарасы жан-жақты ойланған және бірінен-бірі асқан дүрлігуге ұласты. Қыруар жұртты еліктіріп, Ел мен Жер қамы үшін жанпида дескен үлкен акциямен аяқталған. Шахтерлер өкілдері Семейге келін, сынақ алаңдарын аралап, бүлінген жерді көрді. Сол шеру бірер апта бой көрсетіп, шу жасап, сыпыра ұрандаумен тоқтаған жоқ. Күреске қатысушылардың делегациясы Мәскеуге барып, Бас секретарьдың қабылдауын талап етіп, Қызыл аланда бірнеше тәулік тапжылмай отырып, наразылық себебін мәскеуліктер назарына жеткізді. Әрине, сол акцияны үкімет адамдары, баспасөз мамандары, демек шетелдік жазармандар да біліп, хабарлар берген. Естуімізше, солардың колдарына ұстаған ұрандарында: «Қазақ жерін радиациямен ластауды тоқтатындар. Қазақстан — тең құқықты республика» деген сөздер болған-мыс. М. Нұртазин халыққа өрлігі һәм белсенділігімен танылып, Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланды.

косты (Ескерту парыз: Алатау баурайындағы экологиялық қозғалысты бастаушы, құрылыс инженері Амантай Хантемірұлы Асылбеков. Өжеттігіне кикар мінезі сай және ешқашанда ешкімнен именбейтін, ұлттық рухы ақжүрекділіне парапар Амантай қажы «Аттан» деп атаған қоғамдық қозғалыс құрып, қазақ даласын түрлі химикаттар мен радиациялық залалдан қорғау үшін республика халқын бәз-баяғыдай аттаныс жасауға шақырып, талай мәрте ұран көтеріп шықты. Кейбір көшеге аумақты ұрандар да ілді. Өзіндей қызу қанды азаматтарды ертіп, Семей облысына да жаяу аттанып, 1200 шақырым алыс жолға шеру жасады. Мында бір рақмет ат жалын тартып мінген қайсар ерге! Үнемі сөйткің, қайсарлықтан тайма, қайсар бауырым!..

Өскемен мен Павлодар қала-



М.ӘБІШЕВ, Халықаралық «Невада-Семей» қозғалысының вице-президенті, «Мысль» журналы, № 10, 2004 ж.:

«Қазақ КСР ҒА-ның жас ғалымы Рысбек Ыбраев 1970 жылы республика алқабында радиоэкологиялық зерттеуді тыңнан ұйымдастыру жөнінде ғылыми жоба жасап, академияның төралқасына ұсынған. Одақтың жер қыртысымен және радиоэкологиялық зерттеулермен шұғылданатын академия институттарының сарабынан сол жоба сәтті өтіп, жер мен оның бетіндегі тірлікті ластайтын радиациядан сақтануға аса мүдделі Қорғаныс министрлігін де қызықтырып, жас маманның тың идеясына қолдау көрсетілген. Ұзақ сараптаудың соңында, яғни 1974 жылы сол жобаға негізделіп, «Таңбаланған атомдар» зертханасы ұйымдастырылған. Біршама уақыт тың идея іс жүзінде тексеріледен соң Алматы облысында тәжірибелі-экспериментальдық полигонның құрылысы басталады. Идея бойынша, нақ сол алаңда радиациямен ластанған жер қыртысы мен өсімдіктерді тазарту сынағы жүрмек. Сол үшін темірбетоннан құрастырылған бірнеше ғимарат бой көтереді, әр алуан техникалар мен ескі қару-жарақ түрлері әкелінген. Сонымен, тәжірибе полигоны Орта Азия мен Қазақстанда бұрын-соңды болмаған сынақты бірнеше жыл жүйелі түрде жүргізуге тыңғылықты әзірленген. Келешек тіршілік үшін оның ауадай қажеттігі кімге болсын түсінікті. Алайда? Жоғары биліктен осы зерттеу бізге қажет емес, бос әуре... деген ой туып, зертханаға одан әрі қаржы бөлу кенеттен тоқтап, полигон алаңында тұрғызылған ғимараттарды басқадай қажетке пайдалануға бұйрық түседі. Р. Ыбраевтың қарсылығын ешкім тыңдамайды, жұмысынан босатылып, Компартияға мүшеліктен де қуылған. КСРО ҒА-ның осы зерттеуді қолдағанына да ешкім құлақ қоймаған. Өйткені, жас ғалымның зерттеуін ә дегеннен жасырын бақылаған КГБ агенттері оның ядролық жарылыстардан тұатын залалдарды ғылыми негізде шұқшия зерттегенін біліп, әр қадамын хаттап отырған; мысалы, бір сауыт уран тұзын жасырын иеленіп, соның өсімдіктер мен тірі экспонаттарға әсерін ұзақ уақыт бақылағанын басты айғақ еткен. Ең ғажабы, сол зерттеудің келешекте керек болатынына ешкім ойланбаған.

Айтып-айтпай не керек, дарынды ғалымның одан кейінгі тірлігі жантүршігерлік: ұзақ уақыт жұмысқа орналаса алмай, қудалауға тап болған, тіпті дүкенге күзетші болып та қабылданбаған...»



Кеңестік және американдық бейбітшілік шеруінің мүшелері — Семейде. Қыркүйек, 1990 жыл

Рысбек ЫБРАЕВ, Халықаралық радиологтар одағының және Экология академиясының мүшесі, «АПАТ» (Сол ДАТ, 25 қаңтар 2000 жыл) :

*«Экологиялық зардаптан қазірде халқымыздың үшінші буыны зардап шексе алдағы уақытта табиғи болмысы бүлінген сол өлкелерде туған 4-ші және 5-ші буындағы ұрпағы биологиялық тұрғыдан әлсіз, генетикалық жаратылысынан жарамсыз, яки келешегі қараң ұрпақ болатыны әлдеқашан дәлелденген. Яғни, олардың келешек тағдыры үмітсіз. Біздегі жағдай бұдан әрі осы бетінде өрістейтін болса, саясаткерлер үміттендіріп отырғандай, тұрмысымыз күрт оңалып, экономикалық ахуалымыз үрдіс жақсарып, біз ескерткен қатерлі жағдай оп-оңай түзелмейді. Өйткені, табиғат пен адамдарымыздың денсаулығы төмен. Үкіметтің экологиялық дағдарысты ойламай, сол мәселені ВПК-ға тапсырғанына мен қатты шошып отырмын. Бұл енді алдындағы малды сенімді бақташыға емес, аш қасқырға жүктеумен бірдей қателік деймін... Тегінде Шығыс Қазақстан облысының Дегелең атырабындағы, Батыс Қазақстандағы Азғыр («Галит», «Лира») полигондарын ондаған жылдар қалауынша пайдаланып, ойына келгенін істеп әбден бүлдірген ВПК-ның әрекетін жасыру – мемлекеттік қылмыс. Сөйту үшін ҚР-ның мемлекеттік саясатынан экология тысқары қалып отыр. Соның салдарынан экологиялық апаттың сыры ашылмай, соны егжей-тегжей зерттейтін ілім құғынға тап болды. Нәтижесінде күллі халықты шалған ауыру-сырқау мен олім әртүрлі амалдармен бүркеліп келеді. Сол дерттің нақты себебін білмей оны қалайша емдейсің? Дүйім халық уланған суды ішеді, әртүрлі нуклидтермен ластанған ауаны жұтамыз. Секіріп, секеңдеп спортпен айналысып, биологиялық, генетикалық*



*Қарауыл, Абай ауданы. 1990 жылдың жазы*

өзгерістерді белінен баса жүріп, экологиялық жағдай түзеліп келеді деп өзімізді-өзіміз алдаймыз<sup>1</sup>.

...РФ 1990-98 жылдары өздерінің қайта өңдеуге жарамсыз жоғары радиоактивтік жүздеген, әлде мыңдаған тонна қалдықтарын Семей, Азғыр және біздегі басқа полигондардың территориясына әкеп көмді. Тек қана Челябині төңірегінде белсенділігі сөнбеген, яки бір миллион кюри қалдық жеткізілген. (...) Тегінде осындай қалдықтарды қауіпсіз жерге көму – бүгінде күрделі мәселе. АҚШ, Канада, Жапония және Ресей өз жерін ластағысы келмейді. Сондықтан да сол қалдықтарды алатын мемлекет болса, әрбір килосына 1000 долларға дейін төлеп, оп-оңай құтылуға әзір. Соған қоса ұстанар шарты – өңдеуден соң бөлінетін трансплутоний элементтерін қанша болса да өздеріне қайтару. Олардың салмағы көп болса өткізілген қалдықтың 10 пайызы. Демек, зиянды қалдықтардың 90 пайызы соларды сақтауға алған мемлекетте қалады. Ал, олар бұрынғыдан да зорайған, жүздеген есе зиянды бөлшектермен зақымданған. Олар және 1590 жылға дейін сөнбейді. Кезінде мен Челябинідегі «Маяк» өндірістік бірлестігінің басшыларына: «Белсенділігі бір миллиард кюри радиоактивті қалдықтарды қайда көмдіңдер?» – сұрау жолдап, нақты жауап ала алмадым. Өйткені, сол қалдықтардың Азғыр мен Семей полигонына жеткізілгенін білетінмін. (...) Енді біздің халықтан жасасырылған бір шындықтың бетін ашайын: Кеңес заманынан бері ВПК Қазақтың кең байтақ даласын ядролық-ғарыштық бағдарламаны жүзеге асырудың тәжірибе алаңы етті. Сол іс соңғы он жылда да өзгерген жоқ. Байқоңырдың ғарышқа аттанатын зымырандарының отыны гептилдің қазақ даласына тонналап шашырайтыны, Варшава шартымен біріккен Еуропа елдеріндегі және Ресейдің өзіндегі барлық атомдық стансалардың радиацияға бай қалдықтары тек қана біздің жерге көмілгені шындық. Сол «дәстүр» бертінде де өзгерген жоқ. Тек ақша төлейді және сол саясаткерлер үшін ұпай түгендейтін тактикаға айналды...

Осы жайт бірнеше мәрте баспасөз бетінде, әредік парламент мәжілісінде депутаттар сұрауымен талқыға түсті. Сол қалдықтардан біржолата бас тарту туралы ешқандай қарар қабылданған жоқ. Амал не, «Невада-Семей» қозғалысын халықаралық күрделі мәселелерде бетке ұстап, қитұрқы спектакль еткеніміз тәрізді саяси «ойын» қалпында қалды. Сол «қалдықтар» ақырында бізге опық жегізеді...».

Семейден де 1989 және одан кейінгі жылдарда әскери көршілерімізбен тайталастың алдыңғы легінде жүріп, халықтық күрестің ұйымдастырушысы, қолдаушысы, белсенді күрескері ретінде танылған белсенді топ қалыптасты. Солардың біразы «Невада-Семей» қозғалысының біздегі филиалының жұмысына қатысып, кейбірі аудандарда жұмыс істеп, облыс халқын күреске көтерді. Семей медицина институтынан ғалым-медик Марат Оразалин және профессор Майра Жангелова осы жанталаста айрықша еңбегімен жұртшылыққа

<sup>1</sup> Эколог-ғалымның осы топшылауына біз өз тарапымыздан Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы уран кентасын өндіретін үш кеніштің – Кос Карамұрын және Иіркөл елді мекендерінің байырғы тұрғындары жер қыртысы әртүрлі кышқылдармен ластанған суды ішпей, ауыз суды шалғайдан тасып отырғанын қосымша ескертеміз.

танылды. Азаматтық ерлік десек те рауа: семейліктердің полигонға қарсы күресіне Курчатов қаласының атқару комитетінің төрағасы, ғылыми қызметкер Евгений Чайковский де белсене қатысты. Наразылық акциялары кезінде ой-пікір бірлігімен, ар-ожданмен тіл табысқан екі азамат – Оразалин мен Чайковский қозғалыстың үйлестіру кеңесіне мүше болды. Бұл болса дүние жүзілік аренаға шығып, ядролық жарылыстарды тиюды Жер планетасы көлемінде жүргізу деген сөз. М. Жангелова Семейдегі қозғалыстың басқарушы тобында жүріп, Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланды.

Осы топтың жуан ортасында жүріп семейлік акындар Николай Алексеев, Кашаф Туғанбаев, Мұрат Сұлтанбеков, Евгений Титаев, Төлеген Жанғалиев, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Еділ Асылбеков те болды. Мен де халықтық күрестің бастапқы кезеңінде полигонды жабу жолында күресушілердің алдыңғы легінде болдым. Әділін айтқанда, біздің бәрімізден де белсендірек қимылдаған Вячеслав Кобрин күрес әбден қызған кезде, 1989 жылғы жазда Мәскеуге барып, Кеңестік бейбітшілік комитетінің төрағасы, атакты журналист Генрих Боровикті Семейге шақырған. Генрих Аверьянович біздегі Ленин аланында, соңынан Абай ауданындағы Қарауыл төбеге жиналған, неше мың адам қатысқан митингілерде сөз сөйледі. Содан беріде одақтық комитеттің жетекшісі Қазақстанның зиялы қауымы, күллі халық жұмыла қостаған наразылық акцияларында өздеріне нысана еткен мәселені, ядролық сынақтарды әуелі Кеңес Одағында, соңынан күллі Жер планетасында тоқтату туралы күреске белсене кірісті. Олжас Омарұлымен де бірден-ақ тіл табысып, екеуі тізе қоса қимылдап, Ертіс бойындағы халықтың көкейкесті мүддесін күллі Одаққа және дүние жүзіне таратуға атсалысты. Мәскеуге қайтып оралған соң Генрих Аверьянович бірнеше мәрте пресс-конференция ұйымдастырып, «Невада-Семей» қозғалысын әлемдік аренаға шығуына септігін тигізген; біздің ел тартқан азапты ол Чернобыль апатынан да асыра сипаттап, «Ертіс бойындағы бірнеше облыстың тұрғындары және Алтай өлкесіндегі ел сол кесапатты қырық екі жыл бойы көріп келеді, неғылған төзімпаз жандар? Осынау момын жұрттың аянышты тағдырын кім ойлайды, сол қатерден оларды кім құтқарады?..» деген сөзі ТАСС арқылы жер жүзіне тарады. Ескерту парыз: Г.А. Боровик біраз жыл бұрын АҚШ-та тілші болған, ағылшын және бірнеше шетел тілдерінде еркін сөйлеп әрі жазатын білгір, оның ой-пікірімен КПСС Орталық Комитеті, М.С.Горбачев те әрдайым санасқан...

Менің кіші отаным Қайнар кентіндегі орта мектепте 1989 жылы алты жүздей оқушы болған. Сенесіз бе, полигон зардабын шаш-етектен тартқан ауыр жылдар осы мектептің де тәлім-тәрбиелік игі дәстүрін айтпарлықтай өзгерткен. Маған мәлім одағай бір оқиға солай деуге мәжбүрлеп отыр: оқу жылы басталған қыркүйектің алғашқы жанысында мектеп оқушылары дүниежүзілік бейбітшілік күнін өткізіп жатқанда мектеп ауласына ұрымтал жерге әскерилердің тікұшағы қонып, одан бір офицер түсіп, оқу ғимаратына жақындай бергенде топ ішінен жұлқынып шыққан оншақты бала қолдарына тас алып, әлгі шолғыншыға: «Кет, сені мектепке кіргізбейміз!» деп тап береді. Қолдарындағы тасты сол балақандар офицерге ғана емес, тікұшаққа да лақтырады. «Балалар, қойындар! Бұлардың оспа-

дарлық, әскери адам бізге әлдебір ақпар айту үшін келді» деген мұғалімдерінің ескертуін әлгі балақандар тындамайды. «Жоқ, әскерилер бізді құрту үшін ғана келеді, ертең тағы да сынақ жасамақ...» – десіп шабуылды күшейтеді. Әскери өкілге өшіккен балалардың қарамаы әлгіден бетер көбейеді...

Қысқасы, жасөспірімдер қарсылығына тап болған офицер қарақан басын сауғалап, аспанға қайта көтерілген. Ал, арнайы келген шаруасы: келесі күні, яки 2-ші қыркүйекте болмақ жер астындағы сынақты ескерту екен...

Осынау тағы дерлік оқиғадан туар тұжырым – мейілінше түсінікті: қайнарлық жасөспірімдер үшін әскери адамдар ерекше жеккөрінішті әрі адам жанын алатын әзірейіл болып көрінген; сол жылы Қайнарда 2600 жан иесі тұрса, солардың 34-і анасы құрсағынан ақыл-есі кем болып туған бүлдіршіндер екенін ұмытпалық (мен осы жерде онжылдық мектепті тәмамдағанда, яки 1953 жылға дейін күллі Абыралы ауданында ақыл-есі кем жан бір ғана Жұмағазы Дөкімбаұлы еді. Ол болса 1932 жылғы аштықтан соң сондай дел-сал күйге ұшыраған). Байқасаныз, қайнарлық балалар көзінде әскери көршілердің бейнесі жаналғыш адамдар болып қалыптасқан...

1989 жылдың көктемінен беріде Семейде, Қазақстанның бірнеше облыстарында жүрген ядролық сынақтарды бұдан әрі жасатпауға бағытталған қозғалыс жаз бойы және қоңыр күзде ерекше өрбіп, уақыт ұзаған сайын оған қатысқан адамдардың қарамаы, наразылық аумағы мен күрескерлік екпіні де зорая түскен. Қосымша дерек: сол қозғалыс Семейге ұрымтал Рубцов пен Барнаул қалаларында өрбін, одан әрі Новосібір мен Кемерово-Кузнецк аймағына дейін таралды.

\* \* \*

«Ертіс» мейманханасындағы Олжас Омарұлы тоқтаған люкске барсам, қонағым жолға жиналу камында. Мәскеуге ұшатын рейстің уақыты ертең және кешкі сағат 21-де болғандықтан 150 шақырым жердегі Саржал аулына барып, полигоннан ерекше зардап шеккен мекеннің тұрғындарымен бетпе-бет жүздесуге



келісіпті. Апаратын кісі — «тұрақты адъютантына» айналған Маркен Жақияұлы (біздегі әзілкештердің атауы).

— Олжас, Саржалға барған соң оның аржағындағы Абыралы өңіріне де соғу керек... — Көңілімді сол сәтте шат-шәлекей еткен сапардың шатақ мәнін қонаққа аштым. — Ертеңгілік сағат жеті шамасында аттансақ Қайнарға да барып, лездеме жиын өткізіп, қайтарда жол үстіндегі Саржалға да бірер сағат аялдаймыз. Екеуі де полигон зардабынан мейілінше қауіп отырған қазақ ауылдары. Өлім-жітім екеуінде де көп. Оған қоса Қайнар кенті — полигон 1955 жылы тарқатқан Абыралы ауданының әкімшілік орталығы. Мен сол жердің тумасымын. Шешем мен інілерім сонда тұрады. Саржалға барып, аржағындағы Абыралы еліне соқпай кетсең — дүйім Абыралы елін ренжітесің. Олжастың мұнысы несі, қасындағылар неге айтпаған дейді...

Көңіл қыжылымен жеткізген сөзге Олжас елгезектік аңғартты.

— Онда тура сөйтеміз. Маркенге телефон шал, тура қазір...

Маркен Жақияұлы бірден қыбыжықтап:

— Ой, Медеке, қайнарлықтар қадірлі қонақты қарсы алуға дайын емес. Оған қоса Қайнар кенті едәуір қашықта, қонақты шаршатамыз... — деп тағы бірдемелерді көйтті.

— Оның әншейін сөз. Қайнарлықтар әлгінде маған телефон шалды: Мәдениет үйінде жиын өткізбек, ал, Абыралы кеншары Жаңғызтаудың бөктеріне, тура жол бойына киіз үй тігіп қойыпты, түскі асты сонда береді. Олжас аған, міне, баруға құлшынып, қасымда отыр, трубканы өзіне беремін... — дедім.

— Жол ауыр, машина біреу, сіз көлікке сыймайсыз, — деді меңгеруші.

— Сенің көлігіңе шақырсаң да отырмаймын. Өз машинамады шығарамын...

Келесі күні ертеңгілікте екі «Волгамен» жолға шықтық.

Қайнар кеншарының басшылары бізді Тоқатұмсығы аталатын бұлақ басында қарсы алды. Биіктігі бір мың метрге таяу Абыралы тауы сол жерде ерекше сұстанып, Сүтбай қуысы, Қаратұмсық атанған теріскей бөктері де сом қабырға түзеп, үйілген жүктей текшеленіп, көрген жанды таңғалдырар сурет түзейді. Кент орталығының орталық көшесімен жүргенде сол әсер одан әрі күшейе түседі. Түстігін Сұлушоқы биігі көмкеріп, одан әрі Қалыбай қуысы көлденендеп, екіге жарылған биік жартастан сом қабырға түзеген. Екі таудың кіндік ортасындағы жалғыз көшені бойлап төменге құлдилаған қайнар бұлақтың суы сол жылы тіпті мол екен, соны жағалап жоғарыға өрледік. Байқаймын, одырайған тау келбеті, сылдыраған бұлағы, ақ шаңқаң шатырлы үйлер Олжас ақынға керемет ұнады, Мәдениет сарайының алдына келіп тоқтағанда маған қарап: «Медеу, шынында да сен осы жерде тудың ба? Мынау керемет сурет қой!..» — деді таңданғанын жасырмай. «Менің Отаным — осы жер, он жеті жасыма дейін осы жерде өстім. Полигон пәлекеті 1949 жылдан бері осы төңіректегі қалың елді быт-шыт қылды...» — дедім.

Қайнарлықтар Олжасты шашу шашып, Мәдениет үйінің алдында қарсы алды.

Демалыс бөлмесіне дастарқан жайылған екен, шай мен қымызды қоса-

меткей ішіп, шөлімізді басып, залға келдік. Сөз сұрағандарды екшеп, төрт-бес кісіні ғана сөйлеттік. «Олжас шырағым, Мәскеуге бара жатыр екенсің, жер шалғайлығын елемей, ат басын бұрғанына шексіз рақмет! Қайда жүрсен де жолың болсын. Жер-жаһанды тітіретіп, бізді де тентіреткен жарылыстарды тоқтатсаң – Сұлушоқының етегіне саған ескерткіш қойып, осы істегі ерлігіңді жүрегімізде ұстаймыз. Осы сөзді саған кешегі соғыста қан кешіп жүріп, елге аман-есен келген ағаларың айтып отыр. Әне, солардың бәрі алдыңғы екі қатарда тізіліп отыр, сенің осы ісіңе, ел мен жер тыныштығы үшін күресіңе алғыс айтамыз!..» – деп ағынан жарылды бата берген Нұрғазы Құсатаев ақсақал.

Сөз кезегі Олжасқа тиді. Кібіртіктеп бастап, бірте-бірте сөз нөпірін ағытты. Семей еліне ат басын бұрғалы қазақшасы түзелін, мәтелдеп сөйлейтін болған. Тек бастауыш пен баяндауыштарды алмастырып айтады. Он минуттай сөйлеп:

– Осы залда ауруханадан дәрігерлер бар ма? Біреуің маған жақындандар... – деді.

Аурухананың бас дәрігері Секен Жұмагелдин мінберге көтерілді.

– Медеу досымның айтуынша, дәрігерлердің шопандарға жиі баруына қиналатын себебі автокөлік сияқты. Сол жайтқа септігі тисін деп, «Невада-Семей» қорының атынан сіздерге мен су жана «Уазик» көлігін сыйлаймын. Міне, соның кілті. Ауылкенестің сенімхатын алып, осы кілтті қалтасына салып, таяу күндерде Алматыға, Жазушылар одағына жүргізуші куәлігі бар бір азамат барсын. Штабтағы жігіттер гаражда тұрған су жана машинаны шығарып береді...

Жұрт дүркірей қол соқты.

Абыралы кеңшары тас жолға ұрымтал беткейге тіккен киіз үйде ас ішуіміз де ұзаққа созылған жоқ. Сол шаруаны тап-тұйнақ ұйымдастырған іскер азамат, кеңшар директоры Саркыт Құлмағанбетов еді. Қысқасы, уақыт жөнінен шұғыл болса да сол сапар Олжас ақынның көңілінен шықты. «Медеу, ауданың тарап кетсе де естияр азаматтар бар екен. Иншалла, орнында бар оңалар деген, мына күрестің келесі кезеңінде Абыралы ауданын қайта құру мәселесін де көтереміз!..» – дегенде мен көңілім босап: «Ойпыр-ай, Олжас, мына сөзді құдай тағала аузыңа салды ма? Оны енді күрестің баяны біледі. Полигонды құртпай, әрине Абыралының шаңырағы түзелмейді...» – дедім.

Келесі аялдау Саржал кентінен отыз шақырымдай ұзап барып, Ащысу өзенінің жағасында аялдап, осы ауылдың атқамінер тобымен кездестік. Мұнда да дастарқан жайылған. Тек ұзақ отыра алмадық. Өйткені, кешкі рейске үлгеруге асыққан едік...

Сол сапарында Олжас Омарұлы Жоғары Кеңес сессиясының мінбесінен әскерилердің Қазақ даласына жасаған ұзақ жылғы экологиялық қасіреті мен Ертіс бойындағы қалың елді жаппай қаусатқан зардабы жайында көсіле сөйлеп, сол келенсіздікті жедеғабыл тоқтатуды талап етті. Ауру мендеткен халықты емдеп, басынан кешкен зардап үшін өтемақы төлеу мәселесін де көтерді.

Төлеген ЖАНҒАЛИЕВ, ақын, «Матаев» кітабының 248-250 беттерінен:

*«1989 жылдың тамыз айының бас кезі. Аупарткомның бірінші секретары Хафиз Матаев ағай аудан орталығына активтерді шақырды.*

*– Полигонның азабын да, ажалын да алдымен тартқан бізбіз. Оны біз айтпағанмен бүкіл әлем біледі. Қане, кім не дейді?..*

*Мұратхан Қорғанбаев орнынан ошарыла тұрып, дене бітімі сыптығыр басшыдан гөрі, баяғының батырларына ұқсас ағамыз күжілдеген үнімен даурыға сөйледі.*

*– Қорқа-қорқа болдық емес пе? (...) Әйтеуір бір өлім, одан да айқайлап қалайық...*

*– Ендеше, ертеңнен бастап «наразылық» акциясын өткізуге дайындаламыз. Олжас ақын «Невада-Семей» қозғалысының әйдік мүшелерімен келе жатыр. Тіпті сонау Москвадан әйгілі саясаттанушы Генрих Боровик және осы комитеттің белсенді күрескері, академик-дәрігер Левон Бадалян деген қайраткер бар. Қысқасы, халықты көтеру керек...*

*Шыны керек, сол күні біздің бойымызды белгісіз бір алапат күш биледі. Жылдар бойы бойға жиналған ашу-ыза алқымға кептеліп, атылуға әзірленгендей күйге түстік. Бүкіл аудан халқы табанынан тік тұрды. Әсіресе Қарауыл жұрты. Бірі әкесін, бірі анасын, бірі баласын жоқтаған қамкөңіл қаралы жұрт алдынан арыстан шыға келсе тайсалар емес. Қарауыл төбенің басына отқа күйіп, әбден құраған кәрі ағаштың бойшаң діңгегі орнатылды. Оның маңына таудың тасы үйілді. Бейбіт шерудің жүру жоспары жасалды. Қарауылдағы әуесқой суретшілер электр бағандарының барлығына «НС» қозғалысының эмблемасын, тіршілік атаулыға лағнет білдірген ұрандарды ілді.*

*...Олжас тобы келген кезде Қарауыл төбе басына аудан жұрты жаяу ағылды. Жайдан-жай емес, бес қатар боп бой түзеп, бейнебір нөсерден кейінгі теңіздей толқып топтана аттанды. Сол күні оларды тежейтін күш те, тосқауыл да жоқ еді. Біз соған тек қана еруші болдық.*

*...Акцияны ақиық ақын Олжас Сүлейменовтің өзі ашты. Алла тағала бір басына келбет пен көрікті, ой мен бойды, үн мен тілді шектеусіз бере салған халқымыздың аяулы ұлы күмбірлеп, ешқандай қағазсыз төгілте сөйлегенде Қарауылдың тау мен тасы қоса шыңылдап, шілік-талына шекті аңырап үн қосқандай әсер туғызды.*

*Қарапайым халыққа ұзақ жылдар бойы жасалған жасырын қастандықтың беті ашылды. КСРО атанған ұлы Отанның абыройы аяқ астынан айрандай төгілді. Айдай әлемнің алдында өз халқын өзі өлтіруші болған қылмысы әшкереленді...*

*Сол гәпті естияр бала, еңкейген кәріге дейін ұқты. Келген қонақтар да, бізден сөйлеушілер де соны естіріп, лағнет айтты. Ақырында қасірет белгісіндей болған қара ағашқа қара шүберек байланды. Айналасына қорым тас үйілді. Сол жиынға қатысушы мыңдаған адам бір-бірден, иә екіден лас тастады. Бұл енді – атом деген тажалға көрсетілген халық сесі, бүкіл адамзат баласының ашулы айбары еді.*

*Халық алдына дене бітімі үш жасар сәбидей құртақандай 16-17 жасар немере қызын көтерген соғыс және еңбек ардагері, ұлағатты ұстазымыз Ұлықбек Байырбеков шыққанда бүкіл ел ауыр күрсініп, өздері ажал аузында тұрғандай шошыды.*



– Мына балақан менің немерем Еңлік, – деді ол ентіге сөйлеп, – Тұрмыс құратын жасқа келсе де түрі осы. Бұл сорлыны осы кейіпке душар еткен – іргеміздегі ядролық сынақтар. Айтыңдаршы, айналайын халқым? Бейкүнә қызымды не деп уатам, не деп жұбатам? Мен жарты жанымды беріп, Отанымды зұлым жаудан қорғадым. Ал, сол Отан менің ұрпағымды атом бомбасымен азапқа душар етті. Осы да, жараңдар, әділеттілік пе?

Соны айтып, аяулы қарт солқылдап жылады. Соған да үн қосқан күллі халық зар еңіреді. Сол күңіреністі одан әрі үстемелеп мен де өлең оқыдым...

*...Хиросима, Нагасаки, Чернобыль,  
Қайнарым да көрінеді көзге күл.  
Мұның бәрін біле тұра қоймасаң,  
Ей, адамзат, атомыңмен корге кір!»<sup>1</sup>*


\* \* \*

Содан бері ширек ғасыр өтті. 1989 жылдың жазында Қарауыл төбенің күншығыс іргесінде әп-сәтте тұрғызылған тас оба сол қалпында тұр. Іргесіне қойылған мәрмәр тактада: «Абай елінің ядролық полигонға пәрменді күресінің белгісі ретінде тұрғызылған 1989 жылғы белгі...» деген жазу бар. Біле білгенге бұл да тарих. Аудан халқының қырық екі жыл басынан кешкен азаптан ауыр күреспен құтылғанына қойылған айрықша белгі. Сол үшін де Абай елі Олжас ақынға шексіз риза!..



<sup>1</sup> Т. Жанғалиевтің кітапқа енген өлеңі 18 шумақ. Бәрі де атомдық жарылыстар зардабын ешбір қиналмай осы алқапқа таратушыларға лағнет айтуға арналған. Біз соңғы шумағын ғана келтірдік...





## ОН ЕКІНШІ ТАРАУ ЗАМАН ОЗЫП, ЗАҢ ТОЗҒАН ЖЫЛДАРДА

**Ж**азақстан КП ОК-нің 1989 жылғы 22 маусымда шақырылған XV пленумы Г.В. Колбинді басқа жұмысқа ауысуына байланысты деген желеумен босатып, республика партия ұйымының бірінші секретары міндетін атқаруға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты сайлады. Күллі қазақстандықтар осы таңдауға: «Бәрекелді! Ақ түйенін қарны ақтарылды! Осы тағайындауды 1986 жылы-ақ жасаған жөн еді, амал не, М.С.Горбачевтің сол мәртебені қазаққа қимай, сірә, сенбеуінен туған өрескел қателігі Желтоқсан дүмпуін туғызып, қаншама қыршын жастың өмірін үзді, қаншама қыздар мен жігіттеріміздің түрме азабын тартуына тура келді. Демек, солардың келешегіне зор қиянат жасады!..» — деген де тұжырым айтты.

Сол өзгеріс екі жарым жылға кешігіп жеткенімен халық көңілінен шықты, ел билігі келімсекке емес, өз тумамызға тиді. Рас, көптеген күрделі мәселенің шешуі, әсіресе материалдық қор мен қаражат — Одакүкіметінің құзырында. Тәубе дерлік жайт — ішкі істердің шешімі, ел тірлігінің тізгіні — өзімізде. Тек ұзағынан болғай!..

1989 жылғы 3 мамырда КСРО Медицина ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, осы құрылымның Радиология институтының директоры, медик-доктор А.Ф. Цыб басқарған ғылыми экспедиция Семей облысына келіп, полигон зардабын жан-жақты зерттеумен шұғылданды. Мәскеулік мамандардың қарамды топ болып, Дегеленге ұрымтал атыраптағы тұрғын халықты, жер-суды, жайылымдағы төрт түлік малды, асыранды иттеріне дейін зерттеуі бұрын да жүрген-ді. Сол тексерулердің нәтижесі тек «сынақ көжегі» болған шерменделерге жарияланбай, шойын сейфтерде жабулы қалған-ды. Бұл жолғы зерттеу, айтуларынша, ашық түрде жүрмек, медик-ғалымдар анықтаған нәтиже шілде айында Семей қаласында өтпек ғылыми-практикалық конференцияда жұртшылыққа жарияланады-мыс. Сөйту үшін комиссияға шартараптан 200-дей білгір мамандар шақырылған. Солардың санатында Барнаул, Новосібір, Алматы, Павлодар, Өскемен және Семейдің өзінен де қосылған ондаған дәрігерлер бар, оған қоса қоғамдық ұжымдардың, әсіресе «Невада-Семей» қозғалысының өкілдері қатыспақ...

Тағы бір игі жаңалық: экспедиция мүшелерінің сарабына полигон мұрағатында сақталған бұрынғы жабық материалдар – жарылыс кезіндегі радиациялық өлшеу мен жергілікті тұрғындардың денсаулығын тексеру нәтижелері, осы атыраптағы радиозкологиялық бақылау, яғни ядролық сынақ жер бетінде және ауада жасалған кездегі барлық деректер берілмек. Сенесіз бе, сол материалдарды ғылыми-практикалық конференция мінберінен жариялауға да рұқсат етілген. 8-ші шілдеде жасалған кезекті сынақты бақылауға зерттеу сарапшылары шақыру алған. Мысалы, газет тілшілері; даукестігі мәлім – байырғы семейлік В. Кобрин де қатысқан. Әлбетте барынша әскездеумен әзірленген, қуаты жартылай кемітілген сынақ «төтенше оқиғасыз» сәтті өткен.

«Полигон осы өңірге орныққаннан бергі ұзақ тарихында тұңғыш рет шынайы ғылыми негізде және семейлік мамандардың қатысуымен жүрген ашық тексеру екі айға созылды. Содан-ақ біз ядролық сынақтардың жер бетіндегі тіршілік атаулыға тигізетін зардабы ашылып, шілдедегі конференцияда жұртшылыққа жарияланады деген үмітте болдық. Күллі халық та нақ сондай әшкере тұжырымды асыға күтті. Өйткені, экспедиция жетекшісі Анатолий Федорович Цыб алғашқы кездесуде-ақ өз ісінің кәсіби білгірі, Гиппократ антына адал адам сияқты әсер туғызып, кабинетімде болған ашық-жарқын әңгімеде мен де сондай пікірге иланған едім... – деген тұжырым айтыпты К.Б. Бозтаев «Семей полигоны» кітабының «Өмір шындығын әділ бағалау тұрасында» деп атаған тарауында. – Цыбтың бізбен танысуға келген күні: «Осы атыраптағы халықтың бет әлпетінен-ақ полигонның қатерлі әсері байқалады. Соны енді нақты тексерумен анықтаймыз...» – дегені де есімде...»

\* \* \*

Шілде айының 17 күні Семей облысындағы тұрғын халықтың денсаулығы және осы аймақтағы экологиялық жағдайды талқылауға арналған ғылы-

ми-практикалық конференция жұмысын бастады. Оны ұйымдастырушы – Семей облыстық партия комитеті мен облаткомы.

Сол жиынға КПСС ОК-нің, Қазақ КСР-ның үкіметі мен Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты қызметкерлері, ВПК жүйесін қадағалаушы Мемлекеттік комитеттің жетекшілері қатысты. Семей облысының партиялық-кеңес аппараты және денсаулық сақтау мекемелерінің облыстық, аудандық басшылары шақырылған. Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарынан, Алматы қаласы мен Ресейдің Алтай өлкесінен де ондаған медик-ғалымдар, қоғамдық «Невада-Семей» және «Әлем дәрігерлері ядросыз тірлік үшін» қозғалыстарының белсенді мүшелері де келіпті. 1949-1962 жылдардағы жер беті мен ауадағы ядролық сынақ астында болғандардың, содан зардап шеккен мұнлықтардың тірі жүргендері, наразылық акцияларында белсенділік көрсеткендер де алдыңғы қатарда сап түзеп отыр...

«Ашық есік» дәстүрімен жүрген конференцияға «Семей қасіреті» кітабының авторы да тындаушы болып, үш күн ұдайы жиын өткен залда тапжылмай отырғанын ескертемін. Сол жиында сөз ұстағандардың бәрінің емес, дәптеріме сұрыпталып түскен жазбаларымды ақтара отырып, жан-жүйемді дір еткізген дорекі оқиғаларды немесе өзіме ерекше әсер еткен ұтымды ойларды төменде қайыра жаңғыртамын. Осы жиын туралы жергілікті «Семей таңы», «Иртыш» газеттері 1989 жылғы 22 шілде күнгі сандарында көл-көсір есеп берген, кейбір шешендердің оқшау пікірлерін даралап та жазған. Оған қоса Мәскеудің «ИздАТ» баспасы 2002 жылы шығарған «Ядерные полигоны СССР» кітабының 547-610 беттерінде конференция материалдарын ғылыми түрде сараптаған, тек сорақы айғақтарды ашпай, өздерінің ғылыми пайымдауына икемдеп, полигон мүддесін қорғап та, ақтап та көрсеткен хаттама жасаған.

Үш күнге созылған жиында сөз ұстағандардың жалпы қарамы – отыз шақты адам. Дені семейлік жанкүйерлер. Ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты – Ертіс өңіріндегі халықтың байырғы тірлігіне, денсаулығына әсер еткен атомдық, ядролық сынақтардың залалы немесе залалсыздығын ғылыми сараптау. Сол қатерді жан-тәнімен түсінген, кейбірі отбасымен бірге кешкен Семей облысының басшылары қатерлі сынақтарды біржола тоқтату туралы мәселе көтерді. Сол ұсыныс ну орманға от қойғандай өрбіп, наразылық акциялары жер-жерде жиіледі. Полигон ұжымы, ВПК басшылары, алайда, сол дүрбелеңді кәперіне ілген жоқ. Әрбір сынақ жобаланған режим бойынша жасалды, ауа да, жер де таза деуден айнымады. Өйткені ядролық полигонды сақтау – олар үшін ауа жұтқандай ділгерлік болатын: жоғары деңгейде енбекақы алады, тұрмыстары жайлы, жасыл желекке оранған әдемі қалада тұрады; оған қоса әскери шендері өседі, зерттеушілер ғылыми атактарды да оп-оңай иеленеді; ал егер полигон жабылса? Жаңа Жердегі алаңда мұндағы көңтерімді жағдай жоқ. Адам тұрғысыз суық аймақ. Цивилизациядан да жұрдай. Олай болса?...

Семейліктердің пайымдауынша, осы өңірде қалыптасқан ауыр ахуалды ғылым иелері нақты анықтап, жергілікті халық тартқан тауқыметті жүрек

ділімен түсініп, алдағы тіршілігін қауырт ондауға жәрдем етуге тиіс. Сөйтуге тек әскерилердің адами пейілі жетсе? ВПК мен полигон жетекшілері арнайы шақыру алған соң ғылыми ашық талқыдан бас тартудың жолын таппаған. Әрине, жел сөз қуған даукестерге тойтарыс беруге тыңғылықты әзірлік жасап, қарамды топ болып келген.

Зардап шеккендер мүддесін жоқтаушылар да осал емес (кем дегенде жүз шақты адам). Мысалы, жергілікті дәрігерлер тобын облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Т.Т. Токтаров пен оның орынбасары Б.Н. Түменова бастаған, айтысқа әзірленген топ – кілең ығай мен сығай дерлік профессор-медиктер М. Жангелова, Г.С. Архипов, М.М. Кобрин, тері-венерологиялық ауруларды зерттейтін қазақстандық институттың директоры З.В. Кошелева, республикалық Иммунология институтының аға ғылыми қызметкері А.Д. Черноусов, көз ауруларының ірі маманы Т.П. Тетерина, Семей облысының бас гинекологы А. Қабижанова және басқалар. Қазақстандық дәрігерлер тобының мінбеден жария еткен тұжырымдары мен нақты айғақтары – жантүршігерлік дәлелдер, жүйкелері тозған, тамақ безі шошыған, аққан мен обыр дерттеріне шалдыққан науқастарды он-ондап келтіріп немесе анасы құрсағынан шала-жансар туған нәрестелер, радиофобия салдарынан асылып өлген бозбалаларды да ауылдары бойынша санап, осы дерттер Қазақстанның өзге облыстарымен салыстырғанда, Семей өңірінде неліктен екі-үш есе көп деген күпті сауалмен бекемделген. Басты дәлел: сорақы айғақтарды біз пәленше жыл солай болды немесе түгенше мың кісі ажал құшты деп, кесіп-пішіп айта алмаймыз; өйткені, сол мүскіндердің өлімі туралы актілерде нақты сырқаты КГБ жүйесінің қатаң бақылауымен ашық көрсетілмей, жалпылама дерттерге бұрмаланып жазылған; көптеген шатақ деректер Семейде ірге тепкен, КСРО Денсаулық министрлігінің 4-диспансерінің сейфінде сақтаулы; шамалауымызша, осы диспансер Абай, Абыралы, Бесқарағай және Жаңасемей аудандарының полигонға ұрымтал жердегі, радиациямен ластануы өте жоғары болған әлденеше мекендердің 10 мың тұрғынын бақылауға алған (1956 жылдан беріде 40 мың науқасты тіркеген-мыс). Солардың қаншасы 1989 жылы тірі екенін, қаншасы ажалынан бұрын өлім құшқанын осы диспансердің бас дәрігері Гусев жолдас, өзін шынайы дәрігер санаса – бүгінгі жиында жұртшылыққа мәлімдеуге тиіс. Амал не, біз соған да күмәндіміз. Әскерилердің дәрігерлік бақылауы: «Семей облысындағы 740 мың халықтың денсаулығы күллі Қазақстан, иә Кенес Одағының еңбекші қауымымен бірдей және қалыпты деңгейде, өлім-жітімі де өзгеше емес...» – деген деректер конференция мінбесінен кешелі-бүгін айтылды, сол ақпарды біз жалған дейміз; сыпыра болжаумен жасалған өтірікті мәскеулік ғалым-медиктер де естіртті. «Семей қаласындағы немесе облыс аймағындағы радиацияның жылдық мөлшері КСРО-ның кейбір орталық қалаларындағы көтеріңкі деңгейден екі есе кем; семейлік дәрігерлердің: «Жергілікті тұрғындардың жартысына жуығының ағзасы радиация әсерімен әбден әлсіреген, сол мүскіндердің ауыруға қарсы тұрар әл-қуаты мүлдем азайған-мыс...» деген тұжырымына біз сенбейміз, мүлдем жаңсақ пайымдау...» –

деп біздің дәрігерлерді жазғыра сөйледі. Осы тұжырымды ғылыми айғақ ретінде қымсынбай келтірген мәскеулік әріптестерімізге нақты ұсыныс айтамыз: Семейдің бір көшесінен, немесе Қайнар, Саржал, Долон сияқты полигон зардабын көбірек тартқан елді мекендерден және полигон шебінен кашықтағы Үржар мен Маканшы аудандарынан 100-150 тұрғынды тексеріп, денсаулықтарын салғастырайық. Сол тексеру біздің болжауымызды дәлелдейтініне кәміл сенімдіміз...

«Ведомствоаралық экспедиция мүшелері – белгілі ғалымдар мен білікті мамандар әзірлеген 70 баяндама мен хабарламалардың бәрін емес, сұрыпталған 18-і алғашқы екі күнде тындалды да, өзгелері конференция материалдарын жинақтаған екі том жинаққа енгізілді. (...) Сөз әуені қатқылданып, жергілікті мамандардың, иә жанкүйер адамдардың ұтқыр сөздері шекелеріне тиген сәттерде комиссия мүшелері мінбеге көтеріліп, жауап беруіне тура келді. Сондай ауыр сәтті жиын төрінде отырған А.Ф. Цыб та сезініп, орнынан бірнеше мәрте тұрды... Әділін айтқанда, конференцияны ашарда және үш күнге созылған тартыста Анатолий Федорович шынайы ғалымдық қалпын сақтап, семейліктер ашына айтқан айғақтарды түсінікпен қабылдап, риясыз жауап беруге тырысты. Амал қанша, Мәскеуге қайтқан соң ол кісі де, билік иелерінен қысым көрген тәрізді, Семейде айтқан пікірлерінен оқыс айнығаны – сол күндердің күйкі шындығы. Мысалы, ол Саржал тұрғындарының жағдайы өте күрделі, бұл ауылды басқа жерге көшіру қажет деген ұсынысты мінбеден өзі айтқан еді. Мәскеуге қайтқан соң сол пікірінен жата танып, саржалдықтардың хал-күйі көңтерімді дегенін не деуге болады? Бұл да көз көріп, құлақ естіген құбылу...» – деп қынжылыс білдіреді «Семей полигоны» кітабының авторы.

Төменде жарыс сөзге қатысқандардың қайсыбірінің сөзін ықшамдап келтіремін.

Бошай КІТАПБАЕВ, Еңбек Ері, Өскемен қаласының тұрғыны:

*«Мен екі аяғымның біреуін Гитлер әскерімен соғыста майдан даласында қалдырған адаммын. Сөйте тұра қырық жылдан астам уақыт ауыл шаруашылығы саласында, Қазақстанның екі облысында еңбек еттім. Зейнетке шыққан соң үкімет маған Алматының «Самал» ауданынан жайлы пәтер үй сыйлады. Соны да тастап, байырғы отаным Шығыс Қазақстан облысына көшіп келдім. Имандай шыным, сөйткеніме қазірде өкінемін. Өйткені, осы жаққа келгелі мазалы ұйқыдан айрылдым. Ол болса полигонның тарсылы... Апыр-ай деймін, жарылыс алаңынан кем дегенде төрт жүз шақырым қашықта тұрсам да қайран жердің жан біткендей қалшылдауы жаныма батады. Солардың бірі 8 шілде күні жасалды. Біздің көшеге шыққан наразылығымызды генерал Ильенко шыбын шаққан құрлы көрген жоқ. Естуімше, қыркүйек айында тағы да сынақ жасамақ... Неғылған бейбастық адам, оған қой дейтін қожса бар ма? Бозтаев жолдас, осы генералды партиялық жолмен тәртіпке шақыруға болмай ма? Не үшін ол біздің төбемізден таяқ ойнатады? Үкімет халықтың жағдайын ойлайды деген де әншейін сөз. Сірә, бәз-баяғыдай сойыл ұстап, төбелеске шығамыз ба, қайтеміз?!...»*

Ю.Я. КОЗЛОВ, жазушы, Барнаул қаласының азаматы:

«Мен құдайы көрші әрі зардап шегуші ретінде семейліктердің ядролық полигонды біржола жабу туралы талабын толық қолдаймын, осы мәлімдемені Алтай өлкесінің тұрғындары атынан айтып тұрмын. Қырық екі жыл ұдайы әскери полигон үшін біз көзге шыққан сүйелдей болдық, сөйтіп жүріп жарымжан адамға айналдық. Полигон мені көзімнен шалды, аққан дертімен ауырғандар Барнаулда көбейді. Ең ғажабы, біздің үкімет сөз жүзінде халықшыл, сөйте тұра залалды сынақтан зардап шеккен халыққа соқыр тиын төлеген жоқ. Ал, Невада аймағында тұратын үнділердің шошана тобы жыл сайын бір миллиард доллар өтемақы алады. Сондықтан да олар сынаққа наразылық білдірмей, сол қаржымен денсаулығын күйттеуде. Ал, біз?..»

Ғаббас МҰСАЙЫНОВ, Жаңасемей ауданының «Шаған» кеңшарының директоры:

«Мен жұмыс істейтін кеңшардың орталығы сынақ алаңына ұрымтал, әскери зонаның шекарасынан небәрі 12 шақырым жерде, Қарасу мекенінің теріскейінде ірге тепкен. Мәскеулік дәрігерлер жуықта бізге ат басын бұрып, аппаратурасын құрып, 6 сағат жанталаса жұмыс істеп, кеңшардың 1200 адамын тексеруден өткізді. Тексеру нәтижесін тек айтқан жоқ. Содан-ақ денсаулығымыздың мәз емесін ұқтық. Мен мал маманымын, алты сағатта ең жуас түлік 1200 бас қойды сірәда тексере алмаймыз. Екі отар қойды тексеру үшін кем дегенде бір апта уақыт керек...»

Біздің кеңшар Шаған өзенінің Ертіске құятын ұрымтал жағасында. Полигон мамандары осы өзеннің ежелгі арнасына эксперимент жасап, ескі арнаның жолын бөген, «Атом көлін» бір минутта түзеді. Содан былай өзенге ұрымтал жердегі қыстақтарымыздағы шыңырау құдықтар табиғи су көздерінен айрылды. Кеңшардың 20 мың қойы сусыз қалды, мал қыстақтарына ғана емес, орталықтағы Шаған аулына да ауыз суды 70 шақырым жердегі Ертістен таситын болдық. Соңғы 6 жылда тереңге бұрғыланған 15 құдық істен шықты. Солар үшін біз 126 мың сом төлегенбіз. Оған қоса 400 мыңның мал қоралары мен тұрғын үйлер бүлінді. Зияны осыншама экспериментті өздеріне қарамайтын территорияда жасауға әскерилерге кім рұқсат берген? Жауабы жоқ сұрау. Соны жасаушының есімін білсем, кеңшар тұрғындары мен төрт түлік малға жасаған қиянаты үшін сотқа берер едім. Амал қанша, бұл да құпия, Отан қорғанысы үшін қажет шара деседі. Күмәнді сынақ? Кім соған жауап береді? Осы жайтқа генерал Ильенкодан жауап күтемін...»

Н.А. МЕШКОВ, КСРО Қорғаныс министрлігінің әскери-медицина басқармасының зерттеу орталығының бастығы:

«Біздің мамандар жуықта Абай ауданынан 264 адамды арнайы зерттеді. Тексерілгендердің обыр ауруына ұшырауы күллі Кеңес Одағы бойынша бізге мәлім деректен әлдеқайда төмен. Демек, аудан басшылары мен жергілікті дәрігерлердің шу көтеріп жүргені әншейін даңғаза... Семей-21 мен Шаған қалашығындағы тұрғындардың 20 пайызы аллергиямен ауырады, семейліктер арасында тамақ безі шошығандар көп...»



С.Н. ТКАЧЕНКО, КСРО Жоғары Кеңесіне Павлодар қаласынан сайланған депутат:

*«Бүгінгі сөзінде генерал-лейтенант Ильенко атом өндірісі және оның сынағы жыл сайын жетіліп келеді, одан бөлінетін зиянды заттар да әрдайым азаюда дегенді зор мақтанышпен мәлімдеді. Иә, технология жетілген сайын адамзат қауымының ақылман перзенттері мың-мыңдап азайып, ақыл-есі кеміген өңкей жарымжан жандар саны көбейетінін Аркадий Данилович біле тұра ләм-мим деген жоқ. Мен дәрігер ретінде осы мәселенің немен аяқталатынын айтайын: атомдық сынақтарды тарсылдатуды доғармасақ — сол процессті ақылмен басқаратын ұрпақ туу біржола тоқтайды...»*

М. ХАМИЕВ, Қарағанды, Көмір институтының құтықана менгерушісі, «Невада-Семей» қозғалысының осы қаладағы бөлімшесінің бастығы:

*«Соңғы 10 жылда Қарағанды облысында тұратын халықтың қанында түсініксіз өзгерістер пайда болды. Он адамның біреуі обыр дертіне шалдығуда. Әрбір жарылыстан соң «Жедел жәрдем» көмегін тілеушілердің саны әдетте 40 пайызға көбейеді. Атомдық сынақтар тоқтамаса осы өңірдегі адамдардың келешегі мүшкіл. Шахтерлер қаласының тұрғындары жаппай зардап шегуде. Сондықтан да біз семейліктер күресін қолдадық, әлі де қолдап, жеңіске жеткенше тоқтамаймыз...»*

Жағыпар ЖҮНІСЖАНОВ, майдагер, енбек ардагері, Абай ауданының тұрғыны:

*«Естуімізше, ресми мекемелерде Саржал ауылының 240 адамы «Негізгі топ» деген жұмбақ атаумен арнайы бақылауға алынған. Осы бейшараларды Семей қаласындағы жабық диспансер жылма-жыл тексереді. Бірақ, денсаулығы туралы өздеріне ештеңе айтпайды. Неге? Мен Абай ауданның байырғы тұрғынымын. Жыл сайын, ай сайын қаза болғандардың және сол марқұмдардың неден өлгенін нақтылап, дәптеріме жазып отырамын. Бізде қазір обыр дертінен, аққан мен әлсіздіктен, аллергия мен өкпесі семуден, жүрек талмасынан, ақылы шатасып жүріп асылып өлуден, денесі қышып азап шегуден, емделмейтін жанды жаралардан көз жұму жиіледі. Менің бала кезімде обыр дертіне тек қана қартайғандар шалдығатын еді, енді орта жастағылар, өрімдей жастар да жер жастанып жатыр. Соңғы 9 жылда Саржал аулында 22 жасөспірім, аудан бойынша 147 адам асылып өлді. Полигонға ұрымтал елді мекендерде ақыл-есі шатасқан нәрестелер өмірге келді. Дәрігерлер оларды жүйкесі зақымданғандар дейді. Тек не себепті сондай қасіретке шалынғанын айтпайды. Менің есебімше, биыл, яғни 1989 жылы сондай бейшаралар Саржалда — 17, Қайнарда — 36, ал, аудан бойынша — 218 науқас бар. Міне, соңғы алты айдың соны дерегі: аудандық перзентханада 448 нәресте дүниеге келді; игі қуаныш, алайда солардың 11-і мүгедек болып туды; бұл енді бір ғана Қарауыл кенті бойынша. Солардың да күнәкары — полигон таратқан радиация...»*

*Менің сұрауым Ильенко жолдасқа: Сіз де, мен де партия мүшесіміз, менің стажым көбірек; жолдас генерал, сізде адами сезім бар ма, әлде қазақ халқын тұқымымен құртуды көздеп отырсыз ба; есінде болсын, біздің халыққа жасаған зұлым-*

дығыңды қоймасаң — бір күні ақыл-есі адасқан, әлде қаны қарайған біздің жігіттердің қолынан жазым боласың...»

Н.А. ХЛОПОВ, Қарағанды медицина институтының ректоры, ғылым докторы:

«Біздің қаладағы некеге отыратын жастардың 45 пайызы белсіздік дертіне шалынған. Бір жасқа дейінгі нәрестелердің өлімі де көбейіп келеді. Полигон іргесіндегі Егіндібұлақ ауданындағы тұрғын халықтың өсуі тоқтап, өлім саны артып отыр. Қарағанды мен Семей облыстарында Радиация институтының тұрақты зерттеу жасайтын бөлімшелерін ашу керек. Түбегейлі зерттемей бұл мәселенің кілтін таба алмаймыз. Ең алдымен ядролық сынақтарды тоқтату керек...»

С.Г. ВАСИЛЬЕВА, КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты, дәрігер:

«Профессор Хлопов айтқан жағдай, яғни өзіміз өмір сүретін табиғи ортаның ластануы Шығыс Қазақстан облысын да шалды. Бәлкім көбірек. Өйткені, біз, Алтай тауын мекендеушілер алды-артынан радиация нәсерін тоқпен екі тажалдың ортасында отырмыз — теріскейден Семей және түстіктен Қытай еліндегі Лобнор полигондары кезекпе-кезек ауа мен жер-суды бірдей тұншықтыруда. Нәтижесінде Өскеменде де обыр дертіне шалдыққандар көбейіп келеді, әсіресе жастар арасында...»



Балапан бұйратынан атқылаған газдар шоғыры

М. ИМАШЕВА, «Шақаман» кеңшарының қойшысы, Жаңасемей ауданы:

«Мен полигонның іргесіндегі Үшаша аулының тумасымын. Атом жарылысын бала кезімнен кешкен жанмын, жарылыс боларда әскерилер біздің ауылға келіп, күллі тұрғындарды ұраға қамап қоятын-ды. Сол бейшаралардың бәрі де өлім құшты. Ендігі азапты мен тартудамын: ауырумын, нәрестелерім екі-үш жасқа келгенше жүре алмай, мешел болып өсті. Түрлері сүзектен тұрғандай, әлсіз, жиі ауырады. Соларды емдейтін аудандық аурухананың жүдеу сиқын көрген боларсыздар, оны енді ауырухана емес – алдебір мекеменің отын қоймасы деуге болады...»

В.М. ПОПОВ, Мәскеу, Ядролық соғысты болдырмауға біріккен әлемдік дәрігерлер қоғалысының өкілі:

«Семей полигонының бастығы бүгінгі сөзінде өзі басқаратын ұжымды жабуды шешетін сіздер емес, қолдарыңнан келмейтін әрекет... дегендей өктемдік көрсетті. Ал, мен дәрігерлердің әлемдік қозғалысының өкілі ретінде, осы істе басты күш – халық, тек қана халық деймін. Сондықтан да, семейліктер, күресті тоқтатпаңдар, бір білек, бір тілекте болсаңыздар Ильенко сияқтыларды оп-оңай тәртіпке шақырасыздар...»

М.Б. ЖАНГЕЛОВА, профессор, бейбітшілікті қорғау комитетінің төрағасы:

«Біздің облыс жарық дүниеге келген нәрестелер мен аналар өлімі жөнінде КСРО бойынша ең алдыңғы орында. Жүкті әйелдердің сырқаты жыл сайын көбейіп келеді. Түсік тастау немесе олі нәрестелер туу, шалажансар сәбилердің өмірге келуі де жиіледі. Босанған аналардың қанын тоқтату да – гинекологтар үшін үлкен проблема... Ең масқара айғақ: анемия, яки қаны сұйылған деген диагноз қойған дәрігерлер дереу қуғын көреді. Неге? Осы мәселені медиктер жиынында көтерген дәрігерлер жұмыстан кетуге мәжбүр болды... Мен сіздерге тағы бір өрескел шындықты айтайын: біздің облыста ұзақ жылдар тұру қауіпті іске айналды; соны аңдаған дәрігерлер, білім-танымы жоғары мамандар бізден алысырақ қалаларға кетуде...»

Сайым БАЛМҰХАНОВ, академик, радиолог ғалым, Алматы:

«1949-1953 жылдардағы сынақтардан соң Долон, Белтерек, Саржал, Қарауыл және Қайнар елді мекендерін зақымдаған радиацияның деңгейі сағатына 150 радий болған. Бұл әскери мамандардың дерегі. Ал, біздің зерттеуімізше, зақымдану 240 р. жеткен. Айырмашылық себебі: әскерилер өлшеуді аспанда, ұшақта отырып жасайды, ал біз жерге түскен, батпақтарға жабысқан радиация бөлшектерін мұқият зерттеумен 1957-1959 жылдарда қосымша анықтадық. Сол жылдары біздің экспедицияның тексеруінен 6 мың адам өтті. Солардың 67 пайызы сырқат екені анықталды. Ал тексерме талдау үшін таңдалған, полигоннан едәуір қашықтағы Шадыра аулындағы (Баянауыл ауданының күнбатысындағы елді мекен) сырқаттар небәрі 16 пайыз болды.

...Біз шұқшия зерттеген Қайнар кентінде сол кезде 2500 адам болды, солардың 40 пайызы – балалар. 1961 жылдан беріде, яғни 28 жылда қайнарлықтардың 240 адамы өлім құшты. Бұл енді күллі Одақ бойынша ең жоғарғы және сорақы көрсеткіш...»

Н.Г. ПАНКРАТЦ, инженер, Алтай өлкесінің Славгород қаласының тұрғыны:  
*«Адам өлімі жөнінен Алтай өлкесі Ресей федерациясы бойынша бірінші орында. Биылғы 14 және 15 ақпанда Құлынды даласы мен біздің Славгородтағы радиация мөлшері сағатына 200-250 микрорентген болды. Ал, біз сынақ алаңынан жүздеген шақырым қашықта тұрамыз...»*

*Қымбатты көршілер, тізе қоса қимылдап, ядролық жарылысты мүлдем тоқтатмайық. АҚШ агрессорларына жалтаңдап қарауды қоялық. Олардың орташа ғұмыры КСРО азаматтарынан 7-8 жыл артық. Атомдық сынақтарға жұмсалған миллиардтаған сом шығынды ғұмыр жасымызды ұзартуға жұмсайық. Осы жиында күллі дүние жүзі халықтарына ядролық сынақтарды мүлдем тоқтату туралы үндеу қабылдайық. Өйтпесек, ертең, сірә, кеш болады...»*

Б.В. ЛИТВИНОВ, Атом министрлігінің ғылыми қызметкері<sup>1</sup>, Москва-Курчатов:

*«Қазақстандықтардың наразылығына мен түсінікпен қараймын: сірә, полигон төңірегіндегі елдің 42 жылға созылған тарсылға шыдамы түгесілген; өйткені, шыдамның да үзілер шегі болады... Сондықтан да жасөспірімдердің өзіне қол жұмсауын немесе қарапайым еңбек адамының оғаш әдетке ұрынуы да осыдан, яғни психологиялық қысылтаяң жағдайға төзімі жетпеуінен. Полигон орнын таңдаушылар осы жағдаятты ту баста ескермеген, ескеру қайда, өздері де ештеңе білмеген. Су жолы іргесінде, темір жол мен әуежайға ұрымтал орын екендігін тиімді көрген де шашыраңқы орналасқан қыстақтар мен қазақ ауылдарын ұзағырақ жерге көшіруге мәжбүрлеген. Сайып келгенде сол таңдау бізді бүгінгі тығырыққа тап етті...»*

---

<sup>1</sup> Борис Васильевич Литвинов – атомдық қару жасайтын өндірістің Бас конструкторы міндетін атқарған ірі маман, атомдық техниканың білгірі. Ол өзімен етене таныс К.Б. Бозтаев және К.Б. Қабдрахмановқа жолдаған дербес хаттарында ядролық жарылыстар бүлдірген жер мен содан жүдеген жергілікті халық туралы қынжылысы мол алуан ойлар айтқан. Мысалы, Қанат Баянұлына 1991 жылғы 25 қарашада жолдаған хатында: «Оружие делается только для насилия. Но что прикажете делать с человеком, который избрал в качестве способа утверждения себя именно насилие? Другого ответа, как «применить к нему ответное насилие», по-видимому, быть не может. Этот принцип заложен в основу юриспруденции, а оружие узаконено во всем мире. Самыми крупными поставщиками атомного оружия являются как раз те страны, которые иначе как цивилизованными их не называют. Эта самая цивилизация утверждалась в основном только оружием...» – десе, Кешірім Бозтайұлына бертінде Новосібір қаласынан, зейнетке шыққан кезде жолдаған жолдауында: «Сынақ кезінде біз адамдар тағдырын шат-шәлекей етер жағдаяттарды көперімізге алғамыз жоқ, бізге қойылған талап та сол туралы ойлауға мұрша бермеді, сақтандық шараларын жасауға мүмкіндігіміз болса да көпе-көрінеу тәрк еттік. Бұл енді «айда, бол» мен «айда, тездеттін» салдары!.. (...) Тегінде ядролық сынақтардан мүлдем бас тартуға болмайды. Тек барлық жарылыстарды дегенімізге бағындырып, бейбіт өмірдің салтанаты үшін, адамзат қауымын техникалық арзан қуатпен керегінше қамтамасыз етуге болады. Мен осы саладағы маманмын, күш көрсетуге, тек қана бұйрық беруге дағдыланған, өздерін жер кіндігі санайтын бастықтарымды сол ойға илкітіре алам ба, білмеймін, күдігім көп. Осы істен аста-төк жәбір көрген сіздің халыққа жаным ашиды. қапа боламын. соны түзевге. көмек беруге тек шама-шарқым жоқ...».

**Бақыт ТҮМЕНОВА:**

*«Генерал-лейтенант Ильенко бізге бүгін ешбір қымсынбастан: «Жер астындағы жарылыста түзілетін газдардың бәрі де инертті, ешқандай қосылысқа түспейді, адамға да, мал мен аңға да, яғни табиғатқа залалсыз деді. Аркадий Данилович, сізге химия оқулығын қайыра оқуға кеңес беремін: біріншіден, сіз инертті газдардың немене екенін білмейсіз; екіншіден, сол газдар әуе кеңістігінде әрлі-берлі «қыдырудан» соң ғарыш кеңістігіне тарайды дегеніңіз өтірік; үшіншіден, солар адам баласына, жануарларға да залалы жоқ дедіңіз, жерге түскен болмашы бөлегі топыраққа сіңіп, сіздің болжауыңызша, тып-тыныш жатады-мыс. Бұл да әншейін бопса...*

*Ядролық жарылыс ауада, жер бетінде жасалған жылдарда полигон аймағында және одан сыртқары өңірде радионуклидтердің 200-дей түрі жерге сіңген. Ал, жарылыс жер астында жасалғанда кей жағдайда ауаға тарайтын, Ильенко жолдас инертті деп атаған газдардан радиоактивтік қабілеті сөнбеген элементтердің бөлшегі, яғни стронций-90, цирконий-95, цезий-137, көміртегі-14, плутоний-239 және қорғасын-210 изотоптарының қаншасы жерге түсіп, топыраққа сіңеді. Әсіресе плутоний мен қорғасынның изотоптары ауыр металл болғандықтан адам организміне тап болса, бірден-ақ жұлынға жиналып, ағзамызды мүжі бастайды. Медицина ілімі әзірше оны залалсыздандыру жолын тапқан жоқ, адамды мүгедек ететінін ғана біледі. Зерттеушілер «ауа—топырақ—өсімдік—мал—адам» тізбегімен тірі пендені зақымдау үздіксіз жүретінін анықтады. Мысалы, Батыс Австралияның халқы кенгуру мен қой етін жейді. Олардың етінде*



*Ядролық полигоннан 200 шақырым теріскейдегі екі жүз үйі бар байырғы Қоянбай ауылының қазіргі тіршілігі осындай*

алгі изотоптар мүлдем жоқ. Ал, Семейдегі ет комбинатына тапсырылатын жүз мыңдаған қойда (яғни полигон төңірегінде бағылған малда) жаңағы изотоптар мың-мыңдап бықып жүр, өйткені, сол малдың бәрі де радиациямен ластанған аудандардан тапсырылған. Дала халқының негізгі қорегі — ет пен сүт. Біздің мамандар соңғы жылдары полигонға ұрымтал жерде тұратын халықтың қанын тексерді, оған қоса күресінге тасталған сүйекті мұжыған иттерді өлтіріп, олардың сүйегін мұқият зерттеді. Аркадий Данилович, біздің мамандар ашқан осы жайт сіздің инертті газдар жан-жануар әлеміне, табиғатқа да ешқандай зияны жоқ деген пікіріңізді теріске шығарады. Сол себепті сіз күллі халықты қисынсыз өтірікпен малдандырған мәлімдемеңізден бас тартыңыз. Құдай жөні жер астындағы сынақты біржолата тоқтату...»

**И.Я. ЧАСНИКОВ**, Қазақ КСР ҒА-ның Қуатты физика институтының директоры:

«Американдықтар Бикини атоллсында термоядролық жарылыс сынағын жасардан бұрын жүз шақырым төңірегіндегі аборигендерді үш жыл мерзімге қашық жерге көшірген. Мен АҚШ-та болғанымда физик әріптестерімнен сол байғұстардың қазіргі тағдырын сұрадым: солар осы күнге дейін бұрынғы мекеніне қайтарылмапты, таяу жылдарда қайтпайды деді. Бұл енді американдық сынақшылар қолданған сақтық шарасы. Сүйсінбеске шараң қанша?!.. Семей полигонындағы сынақ алаңына ұрымтал отырған дала тұрғындарын 1949 жылы-ақ басқа жаққа көшіру қажет еді, амал қанша, сол гәпті ғалымдар да, үкімет те ойламаған?!..

Мен 1986 жылғы шілде айында шақырылған дүние жүзі физиктерінің Пагуош конференциясына қатыстым. Сол жиында әлемнің озық ойлы ақылмандары бір ауыздан осы ғасырдың аяғына дейін атом қуатын қаруға айналдыру әрекетіне біржолата тиым салуға шұғыл шара қолданбасақ — сол сынақтардың Жер планетасына жасаған зардабын ешқашанда, ешбір мемлекет түзей алмайтын зауал өрбитінін ескерткен қарар қабылдады. Сондықтан да, жолдастар, атомдық сынақ бізге Отан қорғанысын нығайту үшін қажет... деген ығыр сөзді мүлдем тоқтату керек. Мені осы конференцияға ешкім шақырған жоқ. Кезекті демалыста едім, соны үзіп, Семейге өз қаражатыммен келдім. ВПК басшыларына айтарым: Семей полигоны өзіне жүктелген міндетті артығымен атқарды, Дегелең мен Балапан аймағына, оның төңірегіндегі қалың елге де демалыс беру керек!..»

**В.П. СТРИХИНИН**, КПСС ОК-нің қызметкері:

«Қымбатты семейліктер, жыл басынан беріде сіздердің сан мәрте қайталаған өтініштеріңізді ескеріп, Орталық Комитет сынақтардың санын екі есе кемітіп әрі қуатын да шақтап жасауға қарар қабылдады. Сонымен бірге осы облыстағы медициналық қызметті мейілінше жақсартуға, емдеу орындарын жаңа аспап-құралдармен қажетінше жабдықтауға нақты көмек беріледі. Қосымша айтарым: сынақ полигонын басқа жерге ауыстыруға дайындық жүруде, сол орын дайын болғанша жобаланған сынақтар осы атырапта жарым-жартылай қуатпен сыналуда тиіс...»

М.А. БУЛЬБУЛЯН, Бүкілодақтық онкологиялық ғылыми орталықтың маманы:

«Семей облысындағы обыр дертімен ауырғандардың саны 1970 жылғы деңгейден 1988 жылы 1,7 есе көбейген. Бұл енді күмәнсіз дерек, асқазан обырына ұшырағандар 1970 жылы 3,9 пайыз болса, 18 жылдан кейін 6,7 пайызға көтерілген...»

Әнуар ӘЛІМЖАНОВ, жазушы  
(ықшамдалған нұсқа):

«Менің алдымда мінбеге шыққан генерал-лейтенант Ильенконың айбынды сөзіне қайран қалдым. Сіз, генерал, халық алдына не үшін шықтыңыз? Сізге бұйрық берген маршалдың әмірі бір басқа, ал халықтың талабы — мүлдем өзгеше емес пе? Халық сізден полигонды басқа жаққа әкетуді талап етуде. Қарауыңыздағы мамандардың айтуынша, полигон ғана емес, оның төңірегінде миллиондаған тажал уы жасырынап жатыр. Олар жер бетіне шыққанда не күй кешеміз? Балаларымыз бен немерелеріміз осы тажалдан аман қала ма? Біздің оларға қалдыратынымыз — уланған ауа, бүлінген топырақ пен ласталған су. Тап-таза қайнарларымызды ластадық. Соларды батпақ пен сорға айналдырдық. Беті де, асты да — радиация бөлшектері. Байырғы қазақ даласы осындай қасірет ошағына айналды. (...) Бүгін осы мінбеден бір әйел сөйледі. Ол байғұс көпшілікке көріну үшін сөзге шыққан жоқ. Отанды қорғаушы ұлдарының ертеңіне алаң болғандықтан жүрекжарды тілегін тебірене сөз етті.



Әнуар Әлімжанов

...Осыған орай басымнан кешкен бір жайтты сіздерге жеткізбекпін: былтырғы желтоқсанды мен Америкада өткіздім. Ол енді басқа әңгіме. Алайда, осыдан бір ай бұрын Алматыға келген АҚШ сенаторы Мюллен Берлих менімен кездесуді өзі қалап, үш сағат емін-еркін әңгімелестік. «Невада-Семей» қозғалысы туралы сұрауыма жауап берерде ол: «Екі полигонды салыстырып, бірінен-бірін артық, иә кем деп санауға менің қақым жоқ...» — деген ескертуден соң өзі жақсы білетін Невада туралы көсіле сөйледі. Сондағы айтқаны мынау: «Невада жерінің құрылымын мамандар 15 жыл ұдайы, тіпті қуаты шағын сынақ жасап та мұқият тексерген. Жер қыртысы қандай? Жарылыс дүмпуіне төзе ме? Ұзақ зерттеуге білгір ғалымдар да қатыстырылған. Қуат беретін атом стансаларының да қалдығын не істеу керектігі де 15 жыл бойы зерттелген. Ақырында Невада штатында сынақ жүргізуге сенат рұқсат еткен...». Айтуынша, сол жердегі ядролық сынақтар 500 жылға дейін айналасына ешқандай залал келтірмейтініне кепілдік берілген. Жә, осындай тексе-

ру Семей полигонын таңдарда жасалды ма? Кім соған ойланды? Жоқ. Бес жыл өткен соң-ақ полигонның төңірегіндегі қалың ел мен жерді жаппай бүлдіргені мәлім болды. (...) Бұл турасында, сол кезде-ақ кемеңгер ағаларымыз Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов кейбіреулер құсап үндемей қалған жоқ, алқалы жиындарда тебіріне сөз еткені жұртшылыққа мәлім. Мысалы, Семей өңірінде, яки халық жиі қоныстанған аймақта жасалып жатқан ядролық сынақтар туралы екеуі де Мәскеу университетінде және Одақ жазушыларымен жүздескенде, Алматыда өткен ғылыми жиындарда сөйлеген сөздерінде қынжыла сөз еткенін мен жақсы білемін. Амал не, сол ескертулерге біздің басшылар мән бермеді, естімеген қалып аңғартты. Шындығында КСРО үкіметіне шығуға шамалары келмеді.

Жә, тағы бір шындықты айтайын. Семей полигоны Қазақ даласының кіндік төрінде пайда болған кезде біздің еліміз атомдық сынақтардың не екенін білмейтін еді, мойындау парыз, о кезде электр қуатын беретін атомдық стансалар некен-саяқ болатын. Біздің үкіметтің, осы саладағы мамандар мен халықтың көзін ашқан жайт — Чернобыль атом стансасы тап болған қайғылы оқиға. Соған дейін біздің атомистер де, олардың қожасы ВПК да, демек, полигон бастықтары да Семей атырабындағы экологиялық жағдай ойдағыдай, қауіптенетін ештеңе жоқ деп, жаттанды сөзді қайталаудан сірәда жаңылмады. Өкінішті жайт: нақ солар, полигон бастықтары мен мамандар Жер-ананы оңдырмай бүлдіріп жатқанын нақты білді. Сөйте тұра бет-аузы қызармай әлгі өтірікті жыл сайын қайталады, қазір де көйтуде. Мен өзім нақ осы өтірікті жергілікті жұртты қорлау, мазақ ету, адам деп санамаудың салдары... деп білемін. Менің іңкәр уәжім: қаншалықты қымбатқа түссе де полигонды тездетіп жабу керек! Полигон құрбандарына бас иетін уақыт жетті! Ал, олар мыңдаған жан...»

Канат ҚАБДРАХМАНОВ, дәрігер, жазушы, «Қазақстандағы ядролық қарудың адамзатқа зауалы» кітабынан үзінді, 204-б.:

«Конференцияның алғашқы екі күні бәз-баяғы кеңестік жиналыстарға ұқсап, мінбеге көтерілген шешендер күні бұрын дайындап әкелген сөздерін оқып, тыңдаушылар соған бас шұлғып дегендей... мамыра-жай қалыпта өтті. Әредік бытырлата қол соғып, кезекті шешенді жым-жырт тыңдағанымен әлдеқандай бір сілкініс күткендей жағдай таяу екенін мен күллі діліммен сездім. Тыңдаушы жұрт баяндама жасағандарға сұраулар жолдайды, олардың жауабын тыңдап, қанағаттанбағанын бастарын шайқаумен білдіреді. Мәскеулік ғалымдар да жарыса сөйлеп, «полигонның жағдайы көңтерімді, ғылыми сынақтар сәтті өтіп жатыр, әредік газ бұрқыраса — ол енді техниканың ақаулығы, меншік автомобиль де әредік тоқтап қалмай ма ?..» — дегендей мимырт жағдай» қалыптасты.

Қысқасы, шектеусіз сынақтан әбден запы болған бейкүнә семейліктер өздері үміт еткен ғылыми мәслихаттың дағдылы жиынға айналып, көл-көсір және өтірік уәдемен тарқайтынын сезіп, үнжырғасы түсіп отырғанда, мәскеулік бір білімпаз мінбеден кезекті өтірікті көйтіп тұрып, жұрт көңілін өзіне аударғысы келді ме, кім білсін, «Семей полигонында біздің мамандар жиі кездескен зобалаңды, яғни радиация күлінің таралуын зерттеуден алған мол тәжірибе Чернобыль апатының зар-



*дабын тезірек ауыздықтауда әжетке асты...» — дегенде залдағы қауым, құдды бір ұйқыдан ояғандай селт етіп, әлдекім ортасына от тастағандай дүрлігіп, мінбеде тұрған шешенді түтіп жеуге шақ қалып, айқай-шу көтерді. Байқауымша, зиялы қауымға тән сыпайылық қана мәскеулік «білгішті» жабыла дүрелеуден құтқарды.*

*Осы сәттен бастап залда отырғандар екіге жарылды. Әлгіден кейін мінбеге көтерілген бірде-бір мәскеулік шешендерді тыныш отырып тыңдаған жоқ, ысқырып, айқай салып, «Өтірігіңді басқа жерде айт!» — десіп, қуып тастау машық іске айналды. Ығыр сөзден, өтірік уәдеден қажыған семейліктер сол күні ащы шындыққа көзі жетіп, баяғыдан бері сынақ алаңының экспонаты болғанына қапысыз сеніп, кешелі-бүгінде ғылыми терминдерлі үйдек-түйдек шұбатып, өздерінің білімпаздығын көрсетіп баққан ғалымсымақтардың бет пердесін сыпырып, ашық күреске шыққанына куә болып, ішімнен тәубе деп ризалық білдірдім.*

*Меніңше, үш күнге созылған ғылыми-практикалық конференцияның басты тағылымы — осы, біздің адамдардың көзін байлаған перде жыртылып, полигонмен күрестің жаңа белесі басталды деуге пейілмін...»*

Конференцияның екінші күні генерал-лейтенант А.Д. Ильенко да сөйледі. Жергілікті газеттерде оның сөзі берілмеген, «Полигон аймағы радиациядан таза, төңірегі де солай, жағдайды қасақана ушықтырып отырған облыс басшылары...» деген бәз-баяғы уәжін қайталағаны ғана атөтті айтылған. Ғылыми-практикалық конференцияның өздері үшін қолайсыз тұжырыммен аяқталарын білген соң-ақ А. Ильенко мен полигонның саяси бөлімінің бастығы генерал-майор Г. Солдатов екеуі 21 шілдеде КСРО Жоғары Кеңесінің Қорғаныс комитетінің төрағасы В.Л. Лапыгин мен осы комитеттің мүшесі, КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты К. Бозтаевқа көлемі төрт парақ наразылық хат жолдаған. Төменде біз сол хаттың жергілікті дәрігерлер мен медик ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын теріске шығарған (көлемі 2,5 бет), бәз-баяғы жаттанды пікірін қайталаған сөзін аттап өтіп, нақты ұсыныстарын ғана келтіремін...

1. В связи с примененной формой организации конференция не достигла научно-практических целей. Она проведена как митинг по закрытию полигона под видом ознакомления с общественности с результатами работы межведомственной комиссии.

2. Конференция нанесла ущерб объективному изучению экологической обстановки, состояния здоровья населения Семипалатинской области и выбору эффективных оздоровительных мер для критической группы населения. Одновременно заложены традиции тенденциозного зависимого подхода к анализу научных материалов местными специалистами и негативное отношение к продолжению работ у объективно мыслящих ученых.

3. Вместо того, чтобы положить начало разъяснительной работе по безопасности проведения и необходимости осуществления подземных ядерных испытаний, что предусмотрено пунктом 3 постановления Политбюро ЦК КПСС от 9 июля 1989 г., конференция сыграла противоположную роль по достигнутому влиянию на формирование общественно мнения. Это произошло из-за позиции местных органов партийного и советского руководства, которая проявилась в форме и содержании работы конференции.

4. Морально-политическая обстановка в г. Семипалатинске крайне накалена, к моменту открытия конференции через средства массовой информации сформировано у населения нетерпимое отношение к полигону. Созданное до конференции и обостренное в

процессе ее проведения негативное общественное мнение, если оно не будет преодолено в дальнейшем, затруднит выполнение полигоном поставленных задач.

В сложившейся ситуации дальнейшие подземные взрывы возможны лишь при условии проведения глубоко продуманной на всех уровнях разъяснительной работы с населением и местными партийными работниками. В противном случае после очередного ядерного испытания события могут принять непредсказуемый характер...

#### НАШИ ПРЕДЛОЖЕНИЯ :

1. Потребовать от местных партийных и советских органов взять под действенный контроль разработку и проведение системы мероприятий по формированию у населения общественного мнения в соответствии с постановлением Политбюро ЦК КПСС СССР № 160 от 9 июня 1989 г. В свете этого документа изменить содержание организаторской и воспитательной работы по лояльному отношению населения к полигону, проводимой местными партийными и советскими органами и средствами массовой информации. Прекратить угрозы, травлю, оскорбления и нападки на полигон, его работников и всех проживающих на полигоне. Создать нормальные условия вокруг полигона для выполнения задач, поставленных партией и правительством.

2. При рассмотрении вопроса о дальнейшем существовании полигона в Семипалатинской области опираться на материалы и выводы комплексной межведомственной комиссии. Оценки и рекомендации конференции, как продиктованные субъективными факторами, при решении вопроса не учитывать!..

\* \* \*

ВПК ежелгі машығына басып, сол жылғы қыркүйектің 2-жанасында жер астындағы жарылысты қайталады: қуаты бұрынғыдан күштірек заряд, жаз бойы көптеген аймақта өршіген наразылық акцияларына полигон басшылары, аңдауымызша, жаңа сынақпен жауап берген...

«Сол гәпке біз де ойландық: не істейміз, қандай әсерлі шарамен наразылық білдіреміз деп, әрі-сәрі көңілде қамығып отырғанымызда, Мәскеуден, КПСС ОК-нің жауапты қызметкері Семей обкомына телефон шалып, көктемнен бері Алматы мен Мәскеу арасында сөзбұйдаға түскен полигон туралы қаулының жобасы қайыра дайындалғанын ескертті. – дейді Кешірім Бозтайұлы «Семей полигоны» кітабының 48-бетінде. – Айтуынша, бұрынғы жобаға аса мәнді өзгерістер қосылыпты. Мысалы, бұл аймақтағы жарылыстың біржола тоқтауын 1995 жылдың бірінші қаңтарына белгілеген». Сол хабарды ескертумен бірге мәскеулік шенеунік Семей атырабында жыл басынан беріде тынымсыз жүрген наразылық акцияларын біржола тоқтату қажет деген де нұсқау берді...

ВПК-нің кезекті озбырлығы көк желкеменен пышақ сілтегендей болды. Бойымды билеген ыза мен өкініштен жанымды қоярға жер таппай азап шектім. Залалы сұмдық сынақтарға әлі де бес жыл төзуге халықта шама бар ма? Адамдарымыздың төзімі үзілер шекке жетті, жер қыртысы да нақ сондай дәрменсіз жағдайда. Кем есеппен айтқанда, бұл – 30-40 жарылыс. Соншама дүмпуге қайран жер қалай тозеді? Осы шара, жанарған, жарасымды реңге өзгеруге тиіс деген социалистік қоғамның салтанат құруымен қиыса ма? Шындығында бұл Горбачев жариялаған «Қайта құру» қағидаларын сайқымазақ ету... – Бірінші секретарь сол күні-ақ бюро мүшелеріне өзін мазалаған күдігін естір-

теді. Әріптестері де ешбір бұлталаксыз сізбен біргеміз деген. — Ой-пікіріміздің бір жерден шығуы маған канат бітіргендей болды. Іс-әрекетіміздің онды екендігіне сенім нығайды, қандай жағдайға тап болсақ та ар-ожданмызды адами қалыпта сақтауды жөн көріп, халық мүддесін ақырында дейін қорғауға келістік...»

*Уважаемый Михаил Сергеевич!*

*Считаю своим долгом информировать ЦК КПСС о положении дел в Семипалатинской области Казахской ССР в связи с продолжающимися на ее территории ядерными испытаниями.*

*Как известно, ядерный полигон в районе Семипалатинска действует свыше 40 лет. Все эти годы область оказывала необходимую помощь и внесла свой вклад в совершенствование ядерного оружия и укрепление обороноспособности страны. Вопрос раньше о полигоне не поднимался по ряду известных причин. Сейчас обстановка иная. Мы стали более открытыми перед народом, называя вещи своими именами.*

*В соответствии с постановлением Политбюро ЦК КПСС 17-19 июля текущего года состоялась научно-практическая конференция, обсудившая вопрос «Здоровье населения и экологическая обстановка в г. Семипалатинске и Семипалатинской области Казахской ССР». Конференция выявила многие ситуации, которые ранее не были известны народу и местным органам. За 14 летних активных наземных и воздушных ядерных испытаний в 1949-1963 годах и 1965 году, проведены сотни взрывов, население прилегающих районов подвергалось воздействию ионизирующей радиации, чем нанесен значительный ущерб здоровью.*

*От облученных родилось уже второе поколение детей, которое подвержено, вследствие утраты иммунных свойств, заболеваемости. В области в целом, особенно в прилегающих к полигону районах, продолжается рост заболеваемости детской, материнской и общей смертности. Возрастают смертность, число врожденных уродств, умственно отсталых лиц.*

*Подземные ядерные взрывы, которые официальные ведомства считают безвредными, вызывают обострение хронических заболеваний, стресс. Уже в первые дни после взрыва люди жалуются на головные боли, сердцебиение, плохой сон, утомляемость, усиление чувства тревоги, резко увеличивается обращаемость населения в медицинские учреждения.*

*Особенно беспокоит нас возрастающий у населения от подземных ядерных взрывов психоз. С этим не считается очевидно нельзя. Здоровая психика — это основа рождения и развития здоровых людей. Полигон расположен на земле, давшей казахскому народу великие умы и ставшей национальной святыней.*

*В зависимости от мощности заряда ядерные испытания вызывают подземные толчки силой до 3-4-5 баллов в Семипалатинске, построенным без учета сеймики. Каждый подземный взрыв — это порывы инженерных сетей и трещины в жилых домах, исчезновение воды в сотнях трубчатых колодцах, снабжающих поселки и скот.*

*Обо всем этом соответствующие министерства и ведомства знают. Но они, активно развивая деятельность ядерного полигона, нисколько не заботились об ока-*

зании помощи населению. За 40 лет не построено ни одного объекта социального назначения для населения. Не было какой-либо компенсации за нанесенный ущерб здоровью людей и экономике области. Все это порождает чувство национальной обиды. В текущем году обкомом партии получено более трех тысяч писем, телеграмм и обращений, в которых люди требуют закрытия полигона. За немедленное закрытие его так же единодушно высказались участники региональной научно-практической конференции Семипалатинской, Восточно-Казахстанской, Павлодарской, Карагандинской областей, города Алма-Аты Казахской ССР и Алтайского края Российской Федерации.

Все это вызывает взрыв социального протеста населения. Однако ведомства не прислушиваются к голосу людей. У них по-прежнему подход к полигону как к объекту военному. Между тем он давно стал острой национальной проблемой. Объяснение должностных лиц — «чистый полигон», «инертные газы», «обеспечена радиационная безопасность» — все это защита ведомственных интересов. Полигон никогда не был чистым и вряд ли станет. За 27 лет подземных взрывов земные недра получили значительную деформацию. Вопрос о необходимости переноса испытательной площадки по причине увеличения трещиноватости горного массива, сложности выбора новых площадок проектным институтом был поставлен еще в 1986 году.

К сожалению, соответствующие отделы ЦК КПСС поддерживают позиции военных ведомств и готовят материалы руководству партии без участия и учета предложений области. Нам стало известно, что без нашего участия подготовлен проект постановления, направленный по существу на продолжение ядерных взрывов на Семипалатинском полигоне. Обком партии считает требование населения, узнавшего горькую правду о столь тревожном соседстве, обоснованным. Должны быть приняты меры по оздоровлению сложившейся обстановки в Семипалатинской области, чтобы у людей появилась вера в свое будущее и в социальную справедливость.

Люди просят компенсации ущерба, нанесенного за 40 лет активной работы полигона. Это было бы глубоко объективно и человечно, помогло бы снижению социальной напряженности. Уважаемый Михаил Сергеевич, излагая Вам ситуацию в Семипалатинской области, полагаюсь на Вашу мудрость и понимание».

*К. БОЗТАЕВ, первый секретарь Семипалатинского обкома КП Казахстана  
23 сентября 1989 г.*

М.С. Горбачев осы хаттын бірінші бетіне 1989 жылғы қыркүйектің 28 күні: «Зайков, Язов, Бакланов жолдастарға! Мына хаттағы мәселелерге тағы бір мәрте оралуды өтінемін!..» — деген андатпа жазыпты. Бұл енді сен қозғалды деген сөз. «Сол андатпаны ОК-нің жалпы бөлімінен естіген соң-ақ өз хатымның ізін шалып, кімдердің қолына жеткенін, олардың не дегенін қадағаладым...» — депті Кешірім Бозтайұлы өз хикаятының «Текетірес» тарауында. — ...Ақырында жазған құлда шаршау жоқ жорасымен Мәскеуге аттандым. Барған бетте-ақ Мәскеу қалалық партия комитетінің бірінші секретары, Саяси бюро мүшесі Л.Н.Зайковқа жолықтым».

Ол болса ОК-тің құзырымен қорғаныс саласын қадағалайтын хатшы.

— Лев Николаевич, мына қаулыда аталған 1995 жылды әзірше сіз бен мен, иә, сонсоң Семей обкомының бюро мүшелері ғана біледі. Ал, облыс халқы мына мерзімді естісе Ертіс жағасында қандай жағдай өрбитінін сізге мен нақты айта алмаймын. Биылғы жазда бізде мың қаралы жаяу «Невада-Семей» қозғалысының шақыруымен Курчатов қаласын Семеймен жалғастыратын темір жол мен автомобиль жолына шығып, әскерилердің бірде-бір көлігін, пойызды да әрлі-берлі өткізбей, ереуіл жасады. Сол наразылықты қала басшылары әрең тоқтатты. Біздегі тұрғындардың қаржысы ауыру, әрбір отбасының ядролық жарылыстар таратқан кеселден жоғалтқан адамдары бірді-екілі емес, әлденеше мың кісі. Осындай жағдайда біз не істейміз? Сізге мен шынайы ахуалды айтып отырмын, 1949 жылдан беріде жойқын тарсыл астында, зәре-құтын алған үрейде өмір сүрген бейкүнә жандарды неге сөйттің деп кінәлауға бола ма? Біз ғана емес, сеніңіз, Шығыс Қазақстан, Павлодар мен Қарағанды облыстарындағы жағдай да осындай. Соған енді Ресей федерациясының Алтай өлкесінің тұрғындарын қосыңыз, яғни 2,5 миллион халық 1995 жылға дейін радиация бөлшектері күні-түні төбесінен жауған тірі экспонатқа айналады. Осы қатерді ВПК-ның басшылары біле тұра ескергісі келмейді. Мен сізге партиялық әріптес ретінде ағымнан жарылып, өзім туып-өскен өлкедегі халықтың мүсәпір жағдайын жеткізіп отырмын. Ауыру меңдеп, бас көтерер адамдарын жоғалтқан өлермен халдегі жұртты қандай пәрменді шарамен тоқтатасыз?..

Л.Н. Зайков қаулының жобасын қайыра оқиды. Содан бір тармақтан ілгешек тауып:

— ВПК-ның талабы шынында ұзағырақ сияқты, белгіленген мерзімді екі жылға қысқартуға әрекет жасап көрейін, келісесіз бе? — дейді. — Сол меже тек соңғы шек, одан беріге ешқандай мүмкіндік жоқ. Сіз мені ауыр жағдайға әбден иландырдыңыз. Сөйтелік, қымбаттым, 1993 жылғы қаңтарда Семей полигонындағы сынақты біржола тоқтатуға келісейік. Сынақты уақытша тежеп, біржарым жылдық мароторий жариялауды Саяси бюрода ұсынған мен едім, соған да генералдарды әрең көндіргенмін. Михаил Сергеевич бекемдеп берген мерзімді тағы да екі жылға қысқарт деуге тура келеді. Есіңізде болсын, ВПК жүйесінде екі полигон ғана емес, қосымша өндірістерінде бір миллиондай адам жұмыс істейді. Сынақты тоқтату немесе санын азайту — қалыпты технологияны бұзу, сол шара еңбекақыға да әсер етеді. Көрдіңіз бе, біздегі жүйе ядролық сынаққа байланған... Ал, бізбен бәсекелес — АҚШ атомистері бір жылға да үзіліс жасаған жоқ, Невада штатының астын тоқтаусыз дүңкілдетуде. Солардан біз кем дегенде үш-төрт жылға кейіндеміз... — деп кабинет иесі семейлік хатшыға мұңая қарайды.

— Жолдас Зайков, сізді Семейге шақырамын. Семейліктердің тұрмысын, ауыру меңдеген жандардың дәрменсіз халін көріңіз. Сол кезде сіз менің неліктен келіспей отырғанымды түсінесіз... — деді ақырында.

— Жана Жердегі полигонды көрмекпін, одан кейін сіздерге де соғуға пейілмін. Мәскеудің күн сайынғы күрделі проблемаларынан босай алсам? Әй, біл-

меймін... — деп ағынан жарылады кабинет иесі. — Қысқасы, қымбаттым, зор өтінішпен келген екенсіз, жағдайға иландым, 1993 жылды меже етейік. Одан беріге мүмкіндік жоқ...

Кешірім Бозтайұлы Семейге оралған күні-ақ Мәскеуде болған әңгімені бюро мүшелеріне жариялап, не істейміз деген. Партиялық әріптестері ақырына дейін тұралық, ВПК-ға ешқандай ымырашылдық жасауға болмайды десіпті. Бірінші секретарь қазан айының 11-ші жаңасында Зайковке жағдайды баяндап, «Лев Николаевич, облыстағы серіктерімді сіз сұраған мерзімге илік-тіре алмағаным кешірім сұраймын, біздегі қалыптасқан жағдай өте ауыр, халық ерекше ашулы және төзімдері әбден таусылған. Сіз де біздің тығырыққа тірелген жағдайымызға түсінікпен қарап, тұрлаусыз тағдырымызды түпкілікті шешуге жәрдем етіңіз. Жарылысты біржола тоқтату үшін біз ақырына дейін күресеміз...» — деген сипатта хат жолдаған...

Сол күндерде Кешірім Бозтайұлы мені үйіне жиі шақыратын-ды. Әлдебір жағдаяттар бөгет болып қатынаспай қойсам, телефон шалып: «Мені ұмыттың ғой...» — дейді. Телефонмен сөйлесуді жаратпайды. Бетпе-бет кездесуге ынталы. Түсінікті ахуал: жұмысы ауыр, күн сайын 11-12 сағат кенседе болады, ел аралап, дағдылы жұмысымен ертелі-кеш айналысқан шаруашылық директорларына, иә аудандарды ұршықша үйіріп отырған азаматтарға жонсіз әкірендеп, «өйт, бүйт» деуге құмар емес... Ал, полигон зобаланын қайткен күнде тежеуді мұрат еткен соң, сол іске жан-тәнімен беріле кіріскенін мен әдегеннен ұнатып, хал-қадерімше рухани демеуші болғанмын.

Қарағай ішіндегі облаткомның моншасында отырғанымызда көкейдегі мәселені тағы да сөз еттік.

— Сен өзі, Кешірім, батыл дегенге тіпті батырсынып, Мәскеудің дөкейлерімен текіреске түстің, бір күні тоңқалаң асуың да кәдік? ВПК — оңай жанғақ емес...

— Оның рас, бір күні шынында да сөйтемін. Жоғары жақтың әуре-сарсаңы көбейді. Мақтаулы Бас хатшы қандай мәселені болсын кесіп-пішіп шешпейтін сөзбұйданың адамы. Маған да айтары бір сөз: «Ойланайық, Саяси бюрода талқылаймыз»... Ал, ВПК-нің дөкейлерімен, сірә, маймөңке саясат ойнайды. Ақпаннан бері жеті-сегіз ай өтті. Қаулының жобасын үш мәрте өзгертті. Бірде-бірін бюрода талқылаған жоқ. Әскерилер, әрине, Горбачевтің солқылдақтығын әжетіне жаратып, өз білгенін істеуде. Соңғы сынақтар — соның нәтижесі. Басты көзірі — АҚШ-тан көш кейін қалдық деген желеу. Бакланов та, Зайков та іскер де байыпты қайраткерлер, тек кесіп-пішіп айтар билікке ие емес...

— Әлбетте мен билік иелерін білмеймін, саясатта да шаруам жоқ адаммын. Сол дөкейлер күндердің күнінде: «Бозтаев можантопай семейліктерді әлденеге емексітіп, дүрліктіруін қоймады, оңдырмай жазалау керек...» дейді де сені домалатудың амалына кіріседі... — деп едім, Кешірім маған одырая қарады. — Жасың алпысқа ентелегенде тау басынан ылдифа құлау оңай емес, байқа!..

— Қызмет пен мансап қолдың кірі сияқты нәрсе. Кәнігі металлургпін. Өскеменге қайтып барып, өзімді өрге көтерген комбинаттың қорғасынды тазалау цехына сұранамын. Бастығы емес, технолог, иә ауысым мастері болып еңбек етемін. Сөйтіп жүріп зейнетке шығамын. Балалар өз жөндерін тапты, менің демеуімді қажетсінбейді... — деп досым рақаттана күлді. — Әрі кара, жоныңды соғып берейін!..

— Бұл сөзің маған ұнайды. Обкомның бірінші секретары арқамды қағамын деп тегінде күнде айтпайды, ал, қимылда! — деп қарқылдап күліп жонымды төседім.

Досым қайын сыпыртқымен аркамды біршама уақыт шабақтады. Сонсоң мен соқтым. Содан бір мезетте дем алатын бөлмеге шықтық.

Кешірім кенет әлгі сөзді қайыра сабақтады.

– Не көрсем де бұл істі ақырына жеткіземін. Мен үшін бұл – өмірлік мұрат! Бір тәуірі, күн сайын тықақтаған мазасыз Колбиннен құтылдық. Полигонмен аяқасты ашық дабырамен бастадық, соны енді ойлағандай етіп аяқтау керек...

– Бұл ойыңды құптаймын, достым. Сәтті аяқтасаң – дүйім елдің батасын аласың, полигон деген айдаһарды жеңген көзсіз батыр атанасың. Евгений Штраус деген Ресей драматургінің «Айдаһар» деген драмасы бар. Ертегі жанрымен жазылған тамаша шығарма. Алматыдағы Лермонтов атындағы әкедемтеатр көп жылдан бері қойып келеді. Қала тұрғындарын әзірейілдей қорқытатын қаһарманы – құбыжық айдаһар. Ел ішінен суырылып шыққан жас жігіт сол пәлекетті жекпе-жекке шақырып, көзін жояды. Әлқисса содан әлгі рыцар ерлігіне масаттанып жүріп айдаһардан бетер диктаторға айналады. Байқайсың ба, сол ертегі біздің социалистік жүйенің дөрекі билігін тұспалдап әшкерелеуге арналған...

– Қызық драма екен. Цензура соны қалайша байқамаған?

– Сірә, ертегі деген шығар? Әлде қасақана көрмеген?.. – деп портфелімді аштым. – Кел, бас амандығы үшін, мына істе жеңіске жетуің үшін бірер рюмке коньяк ішелік!..

– Ойлаймын, жыл аяғына дейін бұл істі бір жағына шығарамыз...

– Тіпті жақсы! Ендеше мынау соған жора болсын!..

Шынтуайтын айтқанда, заман да сол қарсаңда күн сайын құбылып, Жоғары Кеңестің сессиясы өткен сайын неше түрлі жаңалықтар жария болып, дүйім жұрт таңдай қағып, бәрежелді дескен дүрбелең уақыт болатын. Орыс ойшылдары сол кезеңді «Аялдамада тоқтаған уақыт» деп те атады. Өйткені, жетпіс жыл бойы социализм қоғамын жеделдетіп құруға жұмыла еңбек еттік, қаншама қақтығыс пен қантөгістен соң жеңіске жеттік дескен тұжырымдар сайып келгенде әншейін бопсаға айналды.

21 қаңтар 1989 жыл. Мәскеу партконференциясы, М. Горбачев: «Маскүнемдікпен күрес бастадық... өткен жылы бюджет 49 миллиард сомды кем алды. Сөйтсе де Кеңес қауымы күрестен бас тартпайды...»

Жыл басында Волгоградта азық-түлік талонмен берілетін болды; Мәскеуде талон тізбегін плакат етіп мойнына ілген ереуілшілер көшеге шықты; Балтық бойындағы республикалар КСРО-дан бөліну туралы мәлімдеме жариялады;

8-9 сәуір. Тбилисидегі халық демонстрациясы қантөгіспен басылды; КСРО депутаты, академик А.Д. Сахаров «Оралмаш» зауытының ұжымымен кездесуде: «Алматы және басқа қалаларда ереуіл жасағандарға сапер күрегін қолдану – ерекше дөрекілік, менің санам ешқашанда қабылдамайтын қаталдық!..» – деген сөзіне жұрт дүркірей қол соқты.

18 шілде. Кузбас пен Донбас шахтерлерінің жұмысқа шықпаған наразылығы зор дүмпуге ұласты;

4 қыркүйек. Вильнюс тұрғындары: «Горбачев, Кеңес әскерін Литвадан әкет!», «Әлім-жеттік тоқтатылсын!» және КСРО-дан бөлінуге шақырған ұрандар көтеріп көшеге шыққан;

12 желтоқсан. КСРО халық депутаттарының 2-құрылтайы. Попов: «Жалған уәдемен қашанға дейін өмір сүреміз? Біздің жүйе қарапайым еңбекшіні ешқашанда қорғаған

жоқ...»; Ельцин: «Жарым-жартылай шаралар мен батылсыздық халық сенімін біржола жоқ етті. 1956, 1966, 1979, 1983 және биылғы реформалар дайындықсыз жасалғандықтан экономиканы тығырыққа тіреді. Жағдайды сауықтырудың бірден-бірі амалы – идеологиялық әкіреннен бас тарту. Басты сәтсіздік – КПСС программасы. Құрылтай делегаттарын үкімет ұсынған жобаны бекітпеуге шақырамын...»;

29 желтоқсан. Свердлов қаласының жұмысшылары: «Азық-түлік дүкендерінің сөресі неге бос?» деген талаппен демонстрация жасады. Сондай дүмпу Мәскеу көшелерінде де өрбіген...

1990 жылғы 28 ақпанда О. Сулейменовтің шақыруымен Алматыда өрбіген ядролық полигонды жабу туралы халықтық күрес зорая келе Семей, Қарағанды, Өскемен, Павлодар қалаларын камтып, жыл аяғында Алтай өлкесі, Кемерово, Новосібір мен Барнаул тұрғындарын да алаңдарға шығарды.

Ертіс жағасында зор дүмпумен кенеттен өрбіген халық наразылығының шынайы себебін ВПК-ның өзінбілемі мығым басшылары көп уақытқа дейін түсінген жоқ. Олардың ойынша, Бозтаев пен Сулейменов эгоистік мақсатпен Отан қорғау ісін құрбандыққа шалған. Жарылысқа қарсылықтың қауырт өрбіп, Қазақстан мен Ресейдің полигонға ұрымтал облыстарындағы тұрғындар жаппай көтерілген қозғалысқа айналуы өздерінің көп жылдар бойғы қатерлі әрекетінен өрбін, бітімге келмейтін тайталасқа жеткенін көкірегі соқыр адамдар ғана сезбейді. ВПК қожалары сол шындықты мойындаған жоқ. Бәз-баяғы өктем қалпына тартып, «Отан қорғанысы – күллі ел мүддесі әрі қасиетті борышымыз» деуден сірәда жаңылмай, Балапан қыртысын бұрынғыдай дүңкілдете беруді жан-тәнімен қалады.

Ең ғажабы, біздің күрес Мәскеуден де тілеулестер тапты. Қыр елінің мүн-мұқтажын жақтаушылар көбейе түскен күндердің бірінде Мәскеуге, КСРО Жоғары Кеңесіне жолдаған арыздарына жауап ретінде КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты Ю.Н. Шербак бастаған депутаттар тобы Семейге келетіні мәлім болды.

Осы мәселені де жадында ұстап жүріп, Жоғары Кеңестің комиссия жіберуіне ой салған Кешірім Бозтайұлы еді. Бірде ол мені кабинетіне шақырып, қойын дәптерін маған қарай ысырып: «Кәкімбек Салықовпен сөйлес. Жуықта ол Нүкістен Мәскеуге қайтып оралып, Жоғары Кеңестің Экология және табиғи қорды тиімді пайдалану комиссиясын басқаратын болды. Біздің мәселенің бір кілтипаны соның қолында. Олжас Омарұлының сессия мінбесінен не дегенін білесің. Алайда, ол өзін дара тұлға санап, қасындағы депутат қазақстандықтарға иілмейтін тәрізді. Қысқасы, Кәкімбек Салықұлын да біздің күреске тарту керек...» – деген ой айтты.

Кәкен – Жезқазғанда қызмет істеген жылдарында Қаныш Имантайұлының сол өңірдегі он бес жылғы ізін шалған ұзақ сапарларымда маған шын көңілмен қолғабыс еткен жанашыр адам, Мәскеуде, КПСС ОК-де инспектор болып отырғанда да «Сәтбаевтың» «Молодая гвардия» баспасының «ЖЗЛ» сериясынан жарық көруіне септігін тигізген. Кешірім Бозтайұлы сол жайтты білетін-ді. Бірақ, мен: «Кәкене телефон шалуға қарсы емеспін. Тек мен қарапайым жанкүйермін. Ал, өзін айтсаң...» – деп едім, кабинет иесі: «Оның да жөн. Сыйлас досы ретінде сөзді өзін баста, мен қостаушы болайын...» – деді.

Ақырында солай істедік. Кәкен орнынан табылды.



Мен амандығын сұраудан соң полигонмен күрестің шешуші кезеңге таянғанын, экологиялық комиссия осы дауға араласса тіпті жақсы болар еді, өзің де ел мүддесін қорғаушы азамат және акын ретінде Абай елі тап болған ауыр жағдайға қолғабыс етуге тиіссін деген ойды басымырақ ескертіп едім. Кәкімбек Салықұлы:

– Медеу, ойың дұрыс, семейліктерге көмектесуге өзім де пейілмін. Жә, осы ойды сендердегі бірінші секретарь неге айтпайды. Әлде мені бөтенсіне ме? – десін.

Мен рақаттана күлдім де:

– Кәке, Кешірім Бозтайұлы менімен өзіндей ескі дос. Тағы бір жайтты айтайын: екеуің түйдей құрдас, бір жылғы төлсіндер, тек өзара таныс емессіндер. Сол олқылықты түзетуге пейілмін. Міне, қазір трубканы досыма беремін,... – деп трубканы кабинет иесіне ұсындым.

«Адам тілдескенше, жылқы кісінескенше...» деген мәтел өмірден алынған. Екі қайраткердің ел мүддесі үшін тізе қоса қимылдауға келісуі көкейкесті істің пайдасына ойысты. Искерлік қабілеті Мәскеудің өзінде, Орталық Комитетте шындалған Кәкімбек Салықұлы Семейдегі құрдасына: «Кешекте, бұл ойынды толық құптаймын. Сірә, орынбасарымды жетекші етіп сіздің облысқа комиссия жасақтаймын. Оның фамилиясы – Щербак Юрий Николаевич, украин жазушысы һәм дәрігер. Ең ғажабы, Чернобыль апатын көзімен көріп, басынан өткізген адам (Сол жылдары Ю. Щербак «Чернобыль» деп атаған деректі кітап жазумен шұғылданған – М.С.). Қысқасы, Юрий Николаевич сіздер үшін ең тиімді адам. Тегінде Украинаның депутаты семейліктердің көкейкесті мүддесін қорғаса әлдеқайда өтімдірек болады...» – депті.

Күткеніміздей-ақ Щербак комиссиясы бір апта бойы полигон төңірегіндегі ауылдарды аралап, ядролық жарылыстар таратқан індеттен сұлдері құрып отырған бейшара мұңлықтарды әр жерден көрді. Курчатов пен Семей аралығын машинамен жүріп, жол бойын, сынақ алаңдарымен шектескен ел қоныстарын дозиметрмен радиация деңгейін өлшеген. Бұл жайында қандай тұжырымға келгенін Мәскеуде, сессия мінбесінен ашына айтқан. Ал, кедейшіліктің сорақы кейпін, ауыл-селолардың қаусаған сұрқын, сонда тұратын адамдардың тұрмыс халін, әртүрлі дерттер ерте қартайтқан адамдарды, жас күнінен мүгедек болған жасөспірімдерді көргенде, сірә, дәрігерлік болмысы төзбеген болар, Юрий Николаевич қатты қамығып: «Апыр-ай, мен осы жасыма дейін мынадай көзге ұрған мүсәпір тұрмысты көрмеген едім. Неткен шыдамды адамдар, мұндағы өкімет қырық жылдан бері не істеген?..» – деп кәдімгідей налыған. Әділін айту керек, сол сөзін ол комиссияның мәжілісінде де айтыпты. «Шынында да Щербак комиссиясы бізге келген барлық тексерушілер көрмеген, көргісі де келмеген сорақы жайттарды түре ашып, полигон қызметінің зардабын бүкпесіз және барынша әділ бағалады. Ең ғажабы, көзімен көрген сорақы ахуалға зығырданы қайнаған ашулы сөздермен білдірді. Есімде қалған бір жайт: «Біздің мақтаулы үкімет осы жайтты көрмедік, білмедік дегеніне сенуге бола ма?..» – деген сөзі. Ескерту парыз: осы ойын ол Жоғары Кеңестің екі комитеті (экология және қорғаныс) біріккен мәжілісінде ашық мәлімдеді...» – деген тұжырымдаманы мен Кешірім Бозтаевтың кітабынан келтіріп отырмын.

Сөйтіп полигонмен тайталасқа түсушілер КСРО Жоғары Кеңесінің депутаттары тарапынан да айтарлықтай қолдау көрген.

Ғажапты қараңыз: соған дейін қойдай жуас, ақыл-есі можантопай деп жүрген Семей халқы 1989 жылы ешкім күтпеген қиянқы қылық аңғартты. Сөйтсек, сол қылықты көрсету үшін жетекші болмаған. Ең ғажабы, сол әрекетті облыс басшылары ғана емес, республика үкіметі, партия басшылары қолдайтын болды. Әлей тартыс күннен-күнге өршіді. Екі жақ та дауды тұншықтырудың күйкі амалдарына ден қойды. Әскери зона басшыларының ашу-ызасы бұқара халыққа емес, дауды қоздырушы обком мен облаткомдағы «жалған коммунистер» — К. Бозтаев пен А. Еременкоға, «әсіре ұлтшылдығы» «АЗИЯ» кітабынан әйгілі О. Сүлейменовке бағытталған.

Курчатов қаласындағы әскери қызметкерлердің отбасы мен азаматтық міндетін өтеуші жауынгерлерден құралған қарамды топ Семей облысы басшыларының полигонды жабу туралы әрекетіне наразылық жариялап, 1989 жылғы қараша айының алғашқы аптасында орталық алаңда митингі өткізген. Әлбетте түсінікті наразылық... Сынақты қайыра өрістету үшін қиыр шеттегі елсіз жерде жана қалашық тұрғызуға тура келеді. Сол қонысты жөндем қалыпқа келтіру үшін кем дегенде бес-алты жыл керек. Сірә, атомдық сынақтар жуық арада біржола тоқтайды? Халықаралық жағдай да сөйтуге икемделе бастағанын ақыл-есі дегдар оқымысты қауым әлдеқашан сезген...

Қысқасы, қос генерал А. Ильенко мен Г. Солдатов ойлап тапқан қитұрқы амал жүзеге асты. Наразылық білдірушілер мақұлдаған жеделхат Мәскеуге жөнелтілген.

Москва, Кремль,  
В Президиум Верховного Совета СССР

*Крайне возмущены демагогическими выступлениями и откровенной клеветой депутата О. Сулейменова на съезде народных депутатов. Возмущены разнузданной лживой кампанией, проводимой Семипалатинским обкомом партии в отношении полигона и правительства. Все это приводит к агрессивным экстремистским действиям местного населения против жителей полигона. Кто ответит за это? Требуем немедленного проведения гласного расследования всех фактов, приводимых Сулейменовым и областным руководством, назначения компетентной комиссии с полномочиями Верховного Совета по установлению истинного положения дел с целью нормализации обстановки вокруг полигона. Сомневаясь в чистоплотности целей, преследуемых Бозтаевым и Сулейменовым, выражаем им наше недоверие, как народным депутатам и требуем огласить на совместном заседании палат Верховного Совета текст данной телеграммы и нашего письма Рыжкову Н.И. от жителей г. Курчатова и совета трудовых коллективов».*

Әлбетте сол шараны естіген семейліктер де үнсіз қалмаған. Нәтижесінде облыс пен ВПК тайталасы өзара бітімі жоқ текетіреске айналады. Қорғаныс министрлігінің 12-ші басқармасының Саяси бөлімінің бастығы генерал-майор И.Д. Солодилин Семейге келіп, екі жақтың да талап-тілегін тыңдайды, тек ымырағаға келтіре алмаған.

Бозтаев-Сулейменов тобы полигонмен айкасты ақырына дейін, өздері әу бастан ұстаған денгейден айнымай, табанды түрде жүргізген; сүйсінерлік гәп — қаншама қысым қорсе де бастапқы талабынан бас тартпаған, күндер ұзарып, айлар ұзаған сайын наразылықты күшейтіп, халықты күреске көтеруді түрлендіріп баққан...

ВПК-ның сол кездегі бірегей бастығы әрі КСРО Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары — Игорь Сергеевич Белоусов, аңдауымызша, нағыз екіұрт адам. Қулығына такаппарлығы мен зәрлі сесі пара-пар. Сөйтуіне, сірә, жұмыс кабинетінің Кремльде, яки үкімет төрағасына ғана емес, Бас секретарьдың да кабинетіне ұрымтал орналасуы да айтарлықтай әсер еткен. Кешірім Бозтайұлы онымен кабинетінде бірнеше мәрте кездескен. Саяси бюро мүшелері О.Д. Бакланов пен Л.Н. Зайковке қарағанда Игорь Сергеевичтің қабылдауы әрдайым «Сен кім, мен кім? Семейлік хатшы орныңды біл!..» дегендей ұстемдік көрсетумен өткенін ол «Семей полигоны» кітабында қынжыла қайталаған. Әрі кездескен сайын ол «Тайталасты қоймасаң — опык жейсін!..» деуден де жанылмаған. Ең ғажабы, В.А. Букатов комиссиясының қортындылары, А.Ф. Цыб басқарған экспедицияның тексеру нәтижелері Мәскеуде өзгеріп, қайтадан жазылатын себебі де — сол Белоусовтың талабынан өрбіген...

Міне енді, ВПК-ның бірегей билеушісі басқарған, құрамында әскери генералдар мен атомист ғалымдардың қарамды тобы 1989 жылдың қараша айында Семейге келді. Келерден бұрын сол комиссия Алматыға да ат басын бұрған...

Орталық Комитеттің бірінші секретарының кабинетінде бас қосқанда КСРО Қарулы күштерінің Бас штабының бастығы, армия генералы М.А. Моисеев: «Семей облысындағы жағдайды ушықтырушы — Бозтаев. Оның мақсаты — полигон туралы теріс-қағыс пікір туғызып, еңбекші халықты бізбен бітіспес күреске жұмылдыру арқылы өзіне бедел жинау...» — дегенде, Қазақстан КП ОК-нің екінші секретары В.Г.Ануфриев қонақ генералға: «Әділдікке қиянат жасамаңыз, жолдас. Обком да, Бозтаев та емес, Семейдегі жағдайдың ушығуына — ВПК-ның басшылары кінәлі...» — дейді. «Сіз, қымбаттым, Орталық Комитеттің екінші секретары бола тұра осындай ұшқары мәлімдемені қалайша айтасыз? Ядролық полигон — Отанның қорғаныш қалқаны. Мұндай ойдан дереу арылыңыз!..» — деп қайыра жекиді Моисеев. «Екінші секретарь болғандықтан да қайталап айтамын: Бозтаев халықтың мүддесін қорғап отыр, әмбе ол сізге бағынышты ефрейтор емес...» — деп Ануфриев те қатқыл үнмен тойтарыс береді.

Сол тайталасқа Н.Ә. Назарбаев төрелік айтып:

— Семей регионында қырық жылдан астам уақыт жүрген ядролық жарылыстардың бәрі де — адамзат қауымына қастандық, жер үстіндегі тіршілікті жою. Шындығын айтқанда, біздің халыққа жасалған геноцит! Семейге барыңыз, менің осы сөзіме өзіңіздің де көзіңіз жетеді!... — деген.

Кешірім БОЗТАЕВ, «29 тамыз» кітабынан («Атамұра» баспасы, А. 40-41 бб.)

*«Бізге келе жатқан мәртебелі комиссияның тізіміне көзім түскенде-ақ бәрі де ВПК-ның жақтастары екенін ұқтым. Соларды қарсы алу шараларын қамдағанда*

<sup>1</sup> «Сол күні Нұрсұлтан Әбішұлы маған телефон шалып: «Сіздерге Белоусов бастаған комиссия бара жатыр. Халықпен бетпе-бет кездестіруге дайындық жасаңыз, ешқандай жасандылық болмасын, арлы адамдар шынайы жағдайды түсінуге тиіс, басқаша болуы мүмкін емес. Кешекте, өз сеніміне бекем бол...» — деген ескертуі бізге үлкен сүйеу болды. Біз де бұрынғы ұстамнан айнымауға өзара келістік...» — деген естелік айтыпты Кешірім Бозтайұлы «Семей полигоны» кітабының «Текетірес» тарауында.

Жаңасемей ауданының басшыларын шақырып: «Белоусовқа Знаменка селосын көрсету керек. Сол жердегі ауыруханаға осы ауылдың жарымжан балаларын түгел жинаңдар. Мәскеуліктер көзімен көрсін...» — дедім.

Знаменкаға келген бетте ауыруханаға бардық. Осы мекендегі әртүрлі жастағы 29 жарымжан балаларды аналарымен бірге көргенде, қонақтарды білмеймін, мен өзім қатты шошып, не дерімді білмей, ерекше қобалжыдым. «Небәрі үш мыңдай тұрғыны бар мекен үшін осыншама мүгедек балалардың тууы неліктен? Тағдыр шіркінде аяушылық болсайшы?!..» — деген оймен бет-аузы адам шошырлық кейіптегі сәбиін омырауына еміне құшқан анасына жақындап барып:

— Мына нәрестеңізді жаныңыз шошымай қалайша емізесіз? — дегенім есімде.

Әлбетте жарымжан сәбиді жарық дүниеге келтірген анасы да, құбыжық бейнемен туған бүлдіршін де зәредей кінәлі емес. Жаратылыстың да бұған ешқандай қатысы жоқ. Ата-анасы да сау адамдар. Демек, өмірге аяқ-қолы сау, он екі мүшесі түгел, ақыл-есі дұрыс перзент келтіруге тиіс-ті. Амал қанша, небәрі жүз шақырымдай жердегі ядролық полигоннан тараған радиация ата-анасының біреуін кездейсоқ шалып, мынадай құбыжық нәрестені туғызған.

Байғұс әйел аузымнан қапелімде шыққан дөрекі сауалға ренжіген жоқ.

— Көп жылдар аңсаудан кейін көрген сәбиі құбыжық болып туса да анасы байғұс оны ерекше құмарлықпен сүйеді. — деді төмен қарап. — Жарымжан болғанына байғұс бала кінәлі емес, кінәлі тегінде біз, ата-анасы...

Ауыруханадан бәріміз де қатты шошыған кейіпте шықтық. 29 мүгедекті бір жерден көру — шынында да ауыр. Мәскеуліктер — алда ілбін, біз, жергілікті әкімдер соңдарынан еріп келе жатқанымызда, Белоусовтың кенет қасындағы серіктеріне: «Байқадыңдар ма? Бізге осы сұмдықты көрсетіп, қарадай шошыту үшін бірінші секретарь әдейі ұйымдастырған...» — дегенін құлағым шалды. «Жантүршігерлік ештеңе де жоқ. Дәрі-дәрмек алғызып, көмек береміз» — деді қасындағы генералдардың бірі. «Арақтың кеселі. Төсекке жатарда ішкіліктің зиянды екенін ескермеген...» — деп тағы біреуі артына сүстия қарады.

Менің шыдамым одан арғыға жеткен жоқ.

— Сіздер бізге осыны айту үшін келгенсіздер ме? — дедім.

Ызалы үнімнен-ақ жоғары шендерінен сескенбей, өз ойымды ашық айтуға әзір екенімді шамалаған тәрізді. Бір де біреуі, Белоусов та қайыра үн қатқан жоқ.

— Біздің облыста әлгіндеі жарымжан нәрестелер жиі туған бір жүз елді мекен бар. Сіздерге біз солардың ең сорақысын көрсеттік. Знаменко селосы — сынақ алаңына ең ұрымтал екі мекеннің алғашқысы... — дедім.

Сол бетімізде үкімет комиссиясын кеңшар клубына апардық. Ал, онда село тұрғындары тосып отырған-ды. Мінбеге алдымен шыққан әйел жолшыбай айтылған текетіресті сөзді естіген кісіше бізге қарап тұрып, арбада отырған сәбиін нұсқап:

— Әне, менің кішкентай балақаным. Тумысынан жүре алмайды. Оның кінәсі не? Бейшара баланың мүгедектігін дәрігерлер арақтан дейді. Бос сөз. Мен де, күйеуім де ешқашанда бір грамм арақ, иә сыра ішкен емеспіз. Бізге осындағы елдің қойған қосымша атауы — пірәдар ерлі-айыптылар... Демек, бар пәле — іргеміздегі полигон

*тарсылынан. Бейкүнә ана жөнімен сіздерден жалбарынып сұраймын: сол тарсылды тоқтатсаңдар – адам баласын аздыру сап тиылады... – десін*

*...Шынтуайтын айтқанда, ВПК-ның бастығы мен оның бұйрығын бұлжытпай қолдаушы шенеуніктерге өзге ауыл-селоларды емес, ядролық сынақтан көбірек зардап шеккен Знаменконы әдейі көрсеткен едік. Сол ойымыз толық ақталды: үкімет комиссиясы жан шошырлық тірі аруақтарды көзімен көрді. Тиісті қортынды шығарар деген үміт те баяғы...*

Армия генералы Семей облысына келіп, сынақ алаңдарын, полигон шекарасына ұрымтал жердегі тұрғын елдің жүдеу тұрмысын, жаппай сырқат сұқытын көрген соң-ақ бұрынғы пікірін түбірімен өзгерткен. Соған айғақ, облыс басшыларымен бірге тікұшаққа отырып, Семейге қайтып келе жатқанда А.Д. Ильенко бәз-баяғы әдетімен жосыла сөйлеп, жобаланған сынақтарды жасауға сақадай саймыз дегенде, Бас штабтың бастығы кенет: «Жап аузыңды! Бұл жердегі сынақты біржола тоқтату керек!..» – деп дүрсе қоя беріпті. «Тәубе демеске шараң қанша, М.А. Моисеев сол жолы, одан кейін де біздің талабымызды жақтайтын болды...» – деген тұжырым айтады Кешірім Бозтайұлы өз жазбасының жоғарыда аталған тарауында.

Мәскеулік комиссия жарылыс алаңын ғана емес, сол төңіректегі елді мекендерді аралаған. Облыс орталығындағы ауырухана, емдеу орындарын да көреді. Әртүрлі буындағы қала тұрғындарымен сұхбаттасқан. Бәрінің де ахуалы дәрменсіз екенін, Одақ региондарынан көш кейін қалғанын, халықтың денсаулығы, тұрмыс күйті төзгісіз шекке жеткеніне иланады. Ерекше қатыбас дегенмен Белоусов та пенде емес пе, көзі көрген ауыр жағдаятты қынжыла қабылдағанын қасында жүргендер айқын сезеді...

Облыс басшылары И.С. Белоусов басқарған шенеуніктер тобын аттанып қарсаңда халық өкілдерімен кездестіруді жобалаған. Сол үшін қаладағы ең үлкен залға ие Саяси оқу үйін дайындаған. Екінші қабаттағы залдың кіреберіс фоесі де бірер жүз кісі еркін сиғандай кең. Оған енді үшінші қабатқа және төменге түсіретін гранит баспалдақты пайдалансаң екі жүздей адам жайғаса алады. Бірінші қабаттың кіреберісі де сондай. Соның бәріне желі тартылып, репродукторлар қойылады. Орындықтар да мол. Қысқасы, біржарым мың тыңдаушы сиятын орын дайындалады. Сол күнгі кездесуге тыңдаушылар да сұрыпталған: Абай мен Жанасемей аудандарынан, Семейге ұрымтал Знаменка, Шаған, Саржал, Долон, Бөденелі, Новопокровка, Шакаман, Түріксіб сияқты елді мекендердің естияр тұрғындары шақырылған. Әрине, көпшілік тыңдаушылар – Семей қаласының тұрғындары, наразылық акцияларына белсене қатысқандар. Токетерін айтқанда, жыл басынан бергі күресте тіл ұстартып, қайда, не айтуды білетін, орысшаға да жүйрік, таным деңгейі әйдік шешендер іріктелген. Облыстық комитеттің секретариаты мен «Невада-Семей» қозғалысының жергілікті бөлімшесі бүгінгі кездесуде ВПК төрағасы мен оның қасындағы лауазымы жоғары үкімет шенеуніктері ұзақ уақыт естерінде сақтағандай наразылық әзірлеген. Кешірім Бозтайұлы осы кездесу жайында оқырманға

мәлім кітабында: «Кездесу басталғанда мен Белоусовпен қатар отырдым. Бірден-ақ өзімен иық тіресе жайғасқан Моисеевке: «Көрдің бе, нағыз спектакль дайындалған, кімнің не деуін де әзірлеп қойған. Тек шыдай біл!..» – деп сыбырлағанын анық естідім. Моисеев үндеген жоқ...» – деген ескерту жазыпты.

Осы комиссиямен кездесуден бір күн бұрын мені В.Н. Пигаваев шақырды.

– Медеу Сәрсекевич, ертенгі жиында сіз алдыңғы қатарға, мінбеге ұрымтал жерге жайғасыңыз. Сөйлеушілердің тізімі жасалды, бәрі де дайын. Осындай алқалы жиындарда шешендігін, белсенділігін көрсеткісі келіп, мінбеге ентелеп, микрофонға жабысатын белсенділер аз емес. Солардың айтары – әншейін даңғаза. Кешірім Бозтаевич сондай пысықтарды қақпалап, микрофонға жақындатпаңдар деді. Мінбенің алды-артында біздің көмекші жігіттер тұрады, мен өзім де сол манатта боламын...

– Түсінікті. Ал, маған қандай міндет жүктейсін?

– Сіз запастағы шешен боласыз. Бұл да Кешірім Бозтаевичтің нұсқауы... – деді жымыған Пигаваев. – Тартыс қызып, Белоусов әкімдігін көрсетіп әкірендей бастаса – орныңыздан тұрасыз, біздің жігіттер микрофонды қолыңызға әкеп береді, Абыралы ауданының тумасы, жазушы екеніңізді ескертіп, ашулы әкімге: «Сен өзі кімсің, еңбекші халықтың ортасынан шыққаныңды ұмытып, бізге айқайлауға қандай қақын бар...» дегендей ызбармен тойтарыс бересіз. Жеку сөзді қалай естіртесіз, әрине, өзіңіз білесіз...

Мен рақаттана күлдім де:

– Жарайды, келістім, Владимир Николаевич. Тек сол міндетті менен де артығырақ атқаратын бір ақсақал бар. Қарапайым зейнеткер әрі майдангер, Знаменка, яғни қазіргі Қарасу кентінде тұрады. Фамилиясы Тұяқбаев. Орысшасы да мығым, қандай айбарлы әкімді тұқырта білетін қабілетке ие, шешендігі де ерекше, – дедім. – Жаңасемей аупарткомының үгіт-насихат бөлімін маған қосып бер...

Пигаваев істің адамы, тілегімді орындады. Аупарткомның қызметкеріне мен ақсақал туралы айта бастап едім, ол: «Медеке, ол кісіні шақырдық. Сөйлеуге де дайындалып келеді. Сіз енді ол кісіні басқаша пайдаланғыңыз келсе – оны да ескертеміз», – десін.

– Рақмет, жігіттер. Тура сөйтіндер және ақсақалға айтындар: менің қасыма отырсын және жарым сағат ертерек келсін; өзара ақылдасатын жайттар бар... – дедім.

Бұл ақсақалды биылғы көктемде өз аулында, Олжас Омарұлын сайлаушылармен кездестіруге апарғанда сөзін тыңдап, риза болғанмын. Ойы сергек, ақыл-есі ұтқыр адам екенін де байқағанмын. Соғыстан бергі жылдарда Новопокров, яғни қазіргі Жаңасемей аупарткомында қызмет етіпті. Тек дипломы болмай, шаруашылық қызметке ауысуға мәжбүр болған...

Сонымен келесі күні сағат тілі күндізгі екіден ауа бергенде Саяси оқу үйіне келсем, оның алды иін тірескен тобыр. Кезекшілер (милиция қызметкерлері де бар, кейбірі азаматтық киімдерімен келген) есік алдын қорып тұр. Сірә, іштегі орындар лық толған. Мені әлдекім жетектеп ішке кіргізді. Бірден залға кірдім. Алдыңғы екі қатар бос екен, сірә, сөз ұстайтындарға қойған. Тұяқбаев ақсақалды да сол жерден тауып, сәлем беріп, үй-ішінің амандығын сұрап, екінші қатардың мінбеге ұрымтал тұсына жайғастық.

– Мені не үшін іздедің?

– Іздегенім, Жәке, екеуімізге осы жиынды дайындаушылар ет комбинаты-

ның мыңдаған қойды конвейерге бастайтын провокатор-текесінің міндетін ұсынып отыр. — Ақсақал әзілімді бірден ұғып рақаттана күлді. — Сөзіңіз дайын болар? Андауымша, сіз: «Үй-ішімнен пәленше адамды полигонның радиациясы күртты. Менің тұқымым өсуден қалды. Күллі елдің көргені осы. Жарылыс жасауды тоқтатындар, болмаса күллі аулыммен түстік жердегі Балапанға барып, ұңғыма түбіне көлденен жатамын. Мықты болсандар мені және аулымның кәрі-жасын сол жерден сүйреп тастандар, иә АҚШ-тың жалдаулы тыңшысы деп соттандар. Бізге енді бәрі бір, өйткені таяу жылда радиация күліне тұншығып жер жастанамыз...» — дейсіз, солай ма?

— Даудың басы «Дайрабайдың қызыл сиыры» дегендей, жарылыс ланы сол емес пе. Ертелі-кеш еститініміз — дамылсыз тарсыл...

— Сол сөзді, Жәке, сізден басқалар да айтады. Сондықтан сіз Белоусовка басқа қырынан тиісіңіз. Сонда сөзіңіз өтімдірек болады. Тура өзіне! Ол да пенде әрі жасы зейнетке баяғыда келген адам, өзіңіз шамалас...

— Мұның енді, Медеу, қиын шаруа, жөппелдемде аузыма егер сөз түссе...

Бозтаевтың бастауымен Белоусов пен Моисеев төрге көтерілді. Біздің секретарь сол екеуін таныстырды да ВПК бастығына сөз берді.

И.С. Белоусов бірден-ақ үкіметтің соңғы қаулысын жариялады: «жыл сайынғы жарылыс саны төрт есе кемімек, қуаты да 20 килотоннаға дейін азаяды; ең соңғы сынақ 1992 жылы жасалады; семейліктердің наразылығы үкіметке мәлім; үш жылға шыдаңыздар; басқадай амал жоқ; Семей полигонын ауыстыратын алан әзір емес; ал, АҚШ атомистері бізден озып кетті, жыл сайын 30-40 сынақ жасайды; бұл болса біздің қорғанысты тікелей әлсірететін шатақ әрекет; сайып келгенде бұл да сіздердің ертеңгі тірліктеріңізді ойлау...

Ширек сағатқа созылған сөзін Игорь Сергеевич залға қарап бас иіп, әлгі өтінішін қиыла қайталаумен аяқтады. «Сіздер келісім берсеніздер, ВПК-да қарап қалмайды, қала құрылысын және аудандардағы аурухана ғимараттарын жеделдетіп салуға жәрдем береді, тұрмыс-ахуалдарыңызды кешелі-бүгінде аралап көрдік, өте ауыр, сол жағдаятты таяу жылдарда түзетуге қолғабыс етеміз...» — деуді де ұмытпады.

Қасымыздағы жұрттың кейбірі: «Қайтсін, мына сабаз, ағынан жарылды. Отан қорғанысын да әлсіретпеу керек!..» — десіп еді, Жаныс ақсақал кейбірін желкесінен түртіп: «Әй, аузыңа келгенді оттамай тыныш отыр. Мынау нағыз түлкі қылықты адам. Көрдің бе ішімізге кіре сөйлеуін!..» — деп ызбар көрсеткендей болды.

Біздің ежелгі шешендер мінбені таласа иемденіп, сөз тасқынын ағытты: «Бірде-бір сынақ жасатпаймыз! Төбемізден күні-түні дүңкілдету жетеді. Әуелі ауыру халықты емдендер. Өтемақы туралы не себепті бір ауыз лебіз айтпадың, жолдас Белоусов. АҚШ-тың екі штаты жыл сайын екі миллиард доллар алып отыр, ал бізге соқыр тиын жоқ. Құрылысты жуықта бастаймыз деп, өтірік уәдемен жарылқап келесіндер. Семейдің түрі мынау, ал, ауылдардағы жағдай тіпті сорақы. Семей халқы жаппай дертті. Соның бәрі сендер тарсылдатқан сынақтан...»

Сахнаға бірден-ақ екі-үш кісі тайталаса барып, мінбенің жанына тізілсе, зал жақтағы баспалдақтың маңында 10-15 шешен кезек күтіп тұрады. Үгіт-насихат бөлімінің тәртіпті қадалауға әзірлеген жігіттері сөйлеушілерді реттей алмады. Кешірім Бозтайұлы да қонырау соғуды жиілетті. Тек секретарьды тыңдаған жұрт шамалы. Кәдімгі базар аланындағы даңғаздай у-шу көбейді. Жиын басталғалы бір сағаттан асты. Мына қалпында әлі де бірталай уақытқа созылатын тәрізді. Кейбір шешендердің сөзі әредік нысанаға дөп тиіп, Белоусов орнынан тұрып түсінік берді. Байқауымша, шешен адам, жауабы орнықты, көпшілік көтерген даулы жайттарды қарапайым тілмен түсіндіргенде залдағы жұрт кәдімгідей ұйып қалады...

Содан айтыс-тартыс бірде қызып, бірде солғындап, екінші сағатты түгесуге ауғанда мінбе іргесіндегі топ қатарынан В.Н. Пигаваевтың маған еміне қарағанын аңғардым. Мен басымды изеп, жұдырымды аузыма ұстадым. Микрофонды жеткіз дегенім ғой. Әбең ақсақалға да иек қақтым. Ол кісі қоразша комданып дайынмын дегендей болып жымын қақты.

Мінбедегі шешен сөзін аяқтаған кезде бір жігіт микрофонды маған әкелді, мен оны Жаныс ақсақалға ұсындым.

— Игорь Сергеевич, сіз екеуміз кеше біздің ауылда танысып, менің үйімде құрметті қонақ болдыңыз. Жөн сұрасқанда екеуміз құрдас болып шықтық, солай ма?..

— Дәл айтасыз, Жаке. Сізге менің құрметім ерекше, біржосын ақылды қартсыз...

— Ұлы Отан соғысына қатысушымын, өзіңіз кеше ат басын бұрған Знаменка аулында өмір бойы тұрамын. Яки сіз басқаратын полигонмен көрші болғаныма қырық екі жыл болды. Содан тартқан залалым басымдағы шашымнан көп. Жә, соның бәрін көйтпей, қадірлі қонақ деп, сізге кеше айтпаған тілегімді бүгін естіртпекпін... Игорь Сергеевич, өзіңізге сауал: кемпірім бар дедіңіз, әлі де тың ба? — Белоусов аң-таң қалпы орнынан тұрып, біздің ақсақалға жайрандай қарады: «Әйел затынсыз өмірдің қызығы болмайды ғой. Қосағым әзірше тың, немерелерін бағып отыр... Жә, оны неге сұрадыңыз, ақсақал?». «Сұрағаным, — деді Тұяқбаев. — немерені бағу — шынайы бақыт! Немерең нешеу, Игорь Сергеевич? .. — Әлгінде араның ұясындай болып, ыбыр-жыбыр сөздер көбейген залда өлі тыныштық орнады. Белоусов шокша сақалы аппақ, өңі қызылшырайлы, майдангер ақсақалға мейірлене қарап, Жәкеңнің тосын сөзінің аяғын тосты. Үстел басындағылар қыбыр еткен жоқ. — «Үшеу, ақсақал. — деді ВПК бастығы. — Екеуі әлі мектепке барған жоқ, кенже қызымның балалары...». «Рақмет, ілтипатына, құрметті қонақ! Үш немерең болса бақытты атасын. Мен де сорлы шал емеспін, он екі немерем бар!..» «Оһо, сіз менен де бақыттырақ екенсіз, шын көңілден құттықтаймын!».

Залдағылар осы сөзге де дүркірей қол соқты. Әлбетте біздің қарттың осы сөзді не үшін бастағанын бірде-бірі түсінген жоқ.

— Қымбатты Игорь Сергеевич, көкейкесті сөзге көшемін. Әлгінде сіз жиынды бастарда: «Полигонның өзі де, айналасы да тап-таза, ешқандай қа-



уіп жок. Қой жайсаңыз да, қора-жай салсаңыз да ешқандай қатер жок. Қазіргі сынақтар жер астындағы қыртысты бүлдіргенімен сыртқа ешқандай зиян келтірмейді, алда-жалда одан шыққан түтін, иіс-қоқыс болса ауа мен жерді сірәда бүлдірмейді дедіңіз. Солай ма? — деп Жакең әлі де үстел басында қақшиып тұрған Белоусовқа еміне қарады.

Игорь Сергеевич майдангер қарттың осы сөзінің астарындағы қырқа шалуды аңғарған жок. Әлде әдейі байқамағансыды?..

— Бек дұрыс айтасыз, ақсақал. Әлде сіз соған сенбейсіз бе? — деді Белоусов сәл-пәл езу тартып әрі таңданған пішінмен.

— Әбден сендім, сіздей дәрежесі үлкен кісі айтып тұрған соң сенбеуге бола ма? Сол себептен де, Игорь Сергеевич, сізге мен аса тиімді ұсыныс айтпақпын. Бұл енді сізге де, маған да, осы залда отырған көпшілікке де ерекше пайдалы ұсыныс...

— Айтыңыз, ақсақал, құлағым сізде! Өзіңіз ақылды ардагер екенсіз...

— Екеуіміз немере айырбастайық: сіз маған мектепке бармаған екі немереніздің біреуін бересіз, ең кішісін, иә үлкенін; ал менен өз қалауыңызша немерелерімнің біреуін, иә екеуін алыңыз; әрине, уақытша, бір жылға... Мәскеуге барып бір балам орыс болып кетеді деп мен қорықпаймын, қайта тіл үйреніп қайтады; сіз де қорықпаңыз, кемпірімнің тың екенін көрдіңіз, сіздің ұрпағыңызды титтей де жүдетпей, өз баласындай бағады...

Залдың әр тұсынан мырс еткен дыбыс естілді. Кейбіреулер: «Мына шалдың сөзі шатақ. Ана дөкейді аранға жыққалы тұр. Бұл сондай кісі, кімді болсын мақтамен бауыздайды...» — десті.

Жакең титтей де қымсынған жок. Маужыраған қалпы сөзін аяқтады.



*Полигонға қарсы күрестің белсенді қайраткерлері,  
Знаменко кентінің тұрғындары — Жазира және Жаным Тұяқбаевтар*

— Игорь Сергеевич, мен қалжындап тұрғам жоқ. Сіздің бүгінгі сөзіңізге орай ұтымды ұсыныс жасап тұрмын. Біздің жер радиация қоқысынан, басқадай залалдан әбден тазарған болса ұрпағымызды өзара айырбастаудан сіз екеуіміз зиян шекпейміз. Ең ғажабы, мына отырған жұртты өзіңіздің әлгіндегі мәлімдемеңізге шүбәсіз сендіресіз. Сүйікті немереңізді шерлі Знаменкаға жіберген соң сенбеске шарасы қанша?! Бітті шаруа... Сіз сынақтарды одан әрі жасауға бізден рұқсат аласыз. Біз де: «Е, жыл бойғы айғайымыз әншейін екен-ау» деп малымызды бағып, бала-шағамызды алаңсыз өсіреміз...

Зал дүркірей қол соқты. Тұс-тұстан: «Жарайсың, Жаныс! Қай-қайдағыны ойлап табады, ақылды неме!..» — деген үндер естілді. Мен де сүйсіне қол соқтым.

Ақсақал отырған жоқ. Микрофонды да кеудесіне тосып үнсіз тұр. Әлденеге қамығып, иә тағы да бірдеме айтқысы келгендей, төрдегі дөкейге ұмсына қараудан айнымады.

Белоусов сөзуар шалдың өзімен тең сөйлесіп, байырғы әңгіме айтқансып тұрып, жар жағасына әкелгенін кеш ұғып, тым-тырыс тұрып қалды. Қасындағы штаб бастығы алдына тілдей қағаз тастағанда ғана есін жиып, кенет жөткіріне тамағын кенеп:

— Ақсақал, тәнір жарылқасын, сізге кө-көп рақмет! Көп жайтқа ұғындырдыңыз... Менің не істейтінімді алдағы уақыт көрсетеді. Ойлаймын, өзіңде де, бала-шағаңыз да тыныш ұйықтайсыз. Сеніңіз, сіз арқылы осы ойды күллі Семей халқына айтып тұрмын. Жуық арада полигон мәселесін оңды шешеміз. Мен сіздерге туар жылдың басында нақты шешіммен қайта келемін... Жаныс ақсақал, немере айырбастау қиын емес, сөйтсе де ондай әбестікке бармаспыз деген ойдамын. Біздің балаларымыз бақытқа шомылып, алаңсыз рақатта өмір сүруге тиіс!.. — деп Игорь Сергеевич жұртшылыққа басын иіп қоштасу рәсімін жасады.

Біз де көкірек түбінен жарып шыққан сөз-ау деп мәртебесі зор шенеунікке дүркірей қол соқтық. Әбекен кенет толқып, көзіне жас алып, кемсендеген шырай байқатты.

Кешірім БОЗТАЕВ, «Семей полигоны», «Текетірес» тарауынан:

*«...Келесі күні ертеңгілікте комиссия жұмысын қортындылаған ВПК мен облаткомның біріккен мәжілісінде И.С. Белоусов кешегі момақансыған қалпын шұғыл өзгертіп, халыққа берген уәдесін де тарс ұмытқан мінез аңғартты. Залдағы көптің ашу-ызаға булыққан қатерлі жағдайын байқап, жалған уәдені көл-көсір бергеніне титтей де қаймықпай, жүз сексен градусқа өзгерді. Сонымен-ақ өзінің қандай адам екенін айқын көрсетті.*

*Амал не, әділеттен ауғанына басын қатырмай, бірден-ақ шабуылға көшті. Өзіне-өзі сенімді кейіпке түсіп, қарсы пікір айтқандарды жайпап тастайтын әдетімен бұйыра сөйледі. Оның мінез-құлқын білмейтін біздің адамдар — бюро мен облатком мүшелері абыржығандай қалып аңғартты.*

— Бізге ядролық тепе-теңдік керек, — деді Белоусов. — Біз НАТО-ның әскери зор қуатын ұмытпауға мәжбүрміз. Қазірде біз сіздердің наразылық салдарынан ядро-

лық қаруды жасау мен сынауда АҚШ империалистерінен көш кейін қалып қойдық. Семей полигонындағы сынақты біржола тоқтататын болсақ — оңбаймыз, Кеңес Одағы біржола сорлайды...

Сол сарында ол ұзақ сөйледі. Біздің адамдар не дерін білмей үнсіз отыр. Мені ыза биледі. Үндемей қалуға дәтім жетпеді. Кремльдегі кабинетінде де бірер мәрте қарсы сөйлеп екпінін басқанмын. Қазір де именбеуді ойлап, қарсы шабуылға шықтым. (...) Біздің өзара жиренішіміз сол күні де ашық жаулыққа ұласты (Ескерту парыз: соған дейін де, Қазақстан үкіметінің төрағасының кабинетінде отырғанда осындай тәжіке өрбіген-ді. Төраға Ұ.К. Қараманов пен Орталық Комитеттің хатшысы Е.М. Асанбаевтың көзінше біраз жерге барғамыз-ды. Боқтасқан жоқпыз, даудың ызбары содан кем емес-ті)...

И.С. Белоусов зардап шеккен халықпен кездескенде бірнеше қап уәде беріп, ал, бізге, облыс басшыларына ашу-ызасын аяусыз төкті. Оның қоқан-лоқысынан: «Тегінде байқаңдар, текетірес райдан қайтпасаңдар — сорлайсыңдар!» деген ескертуді аңғару қиын емес-ті. Ол өтірік уәдеден де тайсалмайтын еді: келесі жылғы бірінші тоқсанда Семейге қайта келемін дегенін де ұмытты; сірә, уақыт оте келе бәрі де ұмыт болады деп ойлаған; әйткенмен, маған Мәскеуден телефон шалып, «Жыл аяғына дейін сіздерде ешқандай жарылыс болмайды...» — деді. Мен «Рақмет!» дедім.

...Не дегенмен өзгерген жаңа уақыт оны да жұмсартты. 1991 жылы, ВПК төрағасы міндетін атқарудан босарда Игорь Сергеевич мені кабинетіне шақырып, мүлдем күтпеген жайдары райда сөз бастады: «Менен сіздерге нендей көмек керек, қымсынбай айтыңыз. Билік қолымда тұрғанда қолғабыс еткім келеді...» — деді. Осы сөз мені таңғалдырды. Қысқасы, мен оған аса ділгер шаруаны айттым. Ол болса полигон территориясындағы «Юбилейное» аталған, аса алып көмір кенішін облыс қарамағына алу еді. Жер бетіне жақын жатқан сапалы көмірді молдап қазып, экономиканың кемтігін қамдау ойымызда болатын. Қорғаныс министрлігінің қарсылығын тізеге салып илкітіріп, Белоусов сол кенішті бізге бергізді».

1989 жылғы жанталасқан тынымсыз күрестің арқасында Семей халқы жобаланған сынақтың қақ жармысын жасатқан жоқ. Ең ғажабы, 1990 жылы бірде-бір ядролық жарылыс біздің жерде жасалмайтын болды. Біз үшін бұл таңғаларлық жеңіс болды!

\* \* \*

Семей полигонын біржола тұншықтыру мерзімі үкімет қарарымен 1993 жылғы қаңтарға белгіленді («ВПК сол мерзімді бір күнге де шегіндіруге келіспей, қасарысып бакты. Біз де өз пікірімізді бекем ұстап, 1989 жылғы 19 қазандағы 470-сынақ ең соңғы, Ертіс атырабында содан кейін ешқандай ядролық эксперимент жасатпаймыз деуден жанылмадық. Дауласып жүріп, ОК қаулысының төртінші рет өзгерген жобасына Семей облысындағы экологиялық ахуалды оңдау туралы қосымша тармақ енгіздік», — деген уәжді де мен «Семей полигоны» кітабынан суырып отырмын). Сол тармақты қаулы жоба-

сына енгізу үшін тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылған (В.В. Калинин, Н.Ә. Кенбаев, А.И. Березин, Н.М. Софронов, Т.Т. Тоқтаров және В.И. Караваев). Комиссия мүшелері 1989 жылдың күзінде Мәскеуге аттанып, екі ай бойы сонда жұмыс істеп, облыс экономикасын сауықтыратын шараларды сұрыптаумен шұғылданды. Одақ қорынан бөлінетін көмек түрлерін, көлемін және орындалу мерзімдерін анықтады. Мысалы, құрылыс жұмыстарына қажет материалдарды, металдар көлемі, медикаменттермен жабдықтау, құрылыс техникаларын мен автомобильдер бөлу, әрине, Семей халқын азық-түлікпен жүйелі түрде жабдықтау шараларын шешті...

Солар да тек қана Мәскеуде шешілетін шаралар. Ертіс жағасындағы қалың ел бұрын-соңды білмеген, түсінде де көрмеген, ешқашанда қолы жетпеген игіліктер. Ең ғажабы, соншама ділгер қажеттер КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР-ның Семей облысын экономикалық және социальдық өркендеуін тездету шаралары» деп аталған, 1989 жылғы 4 қазанда қабылданған 1159-санды қарарында белгіленген. Сол игіліктер Семей қаласы мен облыс өңірін ауыр жағдайдан таяу жылдарда сауықтыруға арналса игі?!..

Тағы бір игілік: Одақтық үкіметтің осы қарарына қосымша, 1989 жылдың 27 қазан күні КСРО Жоғары Кеңесі «КСРО-ны экологиялық сауықтырудың кезек күттірмейтін шаралары» деген атаумен арнайы қаулы қабылдады. Сол қаулы бойынша Атом-энергия өндіру мен Қорғаныс министрліктері бірлесе отырып, КСРО үкіметіне «Жер астындағы сынақтарды жүргізу рәсімі туралы» деген атауға ие жаңа жоба ұсынған. Ол болса 1990 жылды тыныш өткізіп (сірә, наразылық білдірген халықты дүрліктірмеу үшін), оның есесіне 1991-92 жылдарда Семей полигонындағы сынақтар санын бұрынғыдан төрт есе қысқар-



*Қарауыл етегіндегі наразылық жиында қолдан тұрғызылған ескерткіш-оба*

тып, жарылыс қуатын 7 есе кемітіп, 1993 жылдан бастап мүлдем тоқтатып, одан кейінгі эксперименттерді Солтүстіктегі полигонда жасау жобаланған. Алайда, сол жоба Жоғарғы Кеңес сессияларында қаралмай, түсінікті себеппен бір жылға қасақана созылып, 1990 жылдың 30-шы қазанда ғана бекіген.

1990 жыл, қаңтар айы. Әзербайжан республикасына қарасты Нахичеван АКСР-да төтенше жағдай өрбіген. Армяндар қоныстанған Таулы Қарабахта көтеріліс ошағы бұрқ етті. Горбачев Литваға барып, КСРО-дан бөлінбеуге үгіттеген, тек содан не шықты?..

Горбачев 5 ақпанда сөйлеген сөзінде Одақ шаруашылығы экономикалық дағдарысқа тап болғанын жариялады... Елцин: «Көп партиялы жүйеге көшуді ұсынып, Атазанның 6-бабынан бас тартуға шақырды.

28 ақпаннан бастап КСРО-ны Президент басқаратын болды.

15 наурызда тұңғыш президент болып М.С. Горбачев сайланды. 6-бап жойылды. Литва «Тәуелсіздік декларациясын» қабылдады. Бұл болса КСРО-дан бөлінбекке алғашқы қадам.

1-мамыр күнгі шеруге мәскеуліктер екі түрлі ұранмен шыққан: «Горбачев саясаттан кет!», «Литваға бостандық берілсін!».

17-мамырда РСФСР-дің 1-ші құрылтайында Ельцин төралқа төріне конжиды

8-маусымда Варшава одағындағы елдердің еркіндігі жарияланды.

2-шілде. КПСС-тің XXVIII ең соңғы құрылтайы ашылды. Ельцин, Собчак, Попов (соңғы екеуі Ленинград пен Мәскеудің мэрі) партия билетін тапсырып, Компартиядан өз қалауымен шықты.

18 тамыз. Молдаван республикасына қарайтын гагауыздар жеке дара бөлініп, КСРО қарамағына алуға өтініш жолдаған.

8 қазан. «Правда» газеті «КПСС сақтала ма?» деген редакциялық мақала жариялады. 16 қазанда тағы да «КПСС-ті кім қорғайды?» деген көлемді көсемсөзді бірінші бетіне басты.

17 қараша. КСРО Жоғары Кеңесінің сессиясында Горбачев: «Жағдай ауырлады. Билікке үміттілер ашық күреске шықты. Наразылық митингілері жиіледі. Ал, біз, қорғанумен келеміз, енді шабуылға көшейміз. Сөйту үшін Президент құқығын күшейту керек!...»

19 қараша. Горбачев Италия мен Францияға кеткенде РСФСР-дің төтенше құрылтайы шақырылып, Ельцин жерді жекеменшікке беру туралы заң қабылдануға мұрындық болған.

24 желтоқсан. Халық депутаттарының 4-құрылтайында КСРО-ны сақтау үшін бүкілодақтық референдум өткізіп, Одақтық келісім қабылдауға қарар қабылданды.

Жыл аяғында Оңтүстік Осетия Грузиядан жеке дара бөлінуге қарулы әрекет бастады.

Одақ газеттерінен алынған осы оқиғалар 1990 жылдың Кеңес халқы үшін ерекше ауыр болғанын, «мызғымас берік достықтамыз» деген бұрынғы уәждің әншейін сөзге айналып, әрбір республика, иә автономия мен облыстар жер-жерде бас көтеріп, тәуелсіз ел болуды талап еткен кеңпейіл уақыт туғанын әйгіледі. Ең ғажабы, И. Сталин, Н. Хрушев. Л. Брежнев заманындағы қауіпсіздік пен жазалаушы органдар бәз-баяғыдай саяси қылмыс байлай алмайтын кеңшілікке жеттік, демократиялық үрдістер дүйім елге етене болып, сөз бен ар бостандығы ашық аренаға шықты. Жер-жерде Ерікті Ел болуды тілеген қозғалыстар өрбіді.



ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

## ЖАРАЛЫ ЖЕРДЕ ЖАҢҒЫРҒАН АУДАН



**К**ешірім Бозтайұлы 1990 жылғы маусымда мені кабинетіне шақырды.

– Өткен айда мен Абай ауданының «Қызылту», «Ақбұлақ», «Абыралы» кеңшарларын аралап, екінші күні сенің «Қайнарына» да соғып, ініннің үйінен түстік ішіп, Шұбартау ауданына аттанғанымды білесің. Сол сапарда бір ой туды, соны ақылдасуға шақырдым... – деді. – Әлгі кеңшарлар төрт түлікті молдап өсіруге ерекше қолайлы байтақ жерге ие. Орталықтары да көпкөрім, тұрғын үйлері мол, бәрінде де орта мектеп, клуб, моншалары, сауда орындары, балалар бакшасы мен дәрігер қосындары бар. Бәрі де бұрынғы Абыралы ауданының жері...

– «Қызылту» кеңшарының едәуір жері Абай ауданына тиесілі, Тоқтамыс батырдың атаконысы...

– Шұбартау ауданы мен Қайнар кентінің аралығы 180 шақырым. Соның да қажармысы, тас жолдың екі жағында кең көсілген қисапсыз мол жер бұрынғы Абыралы ауданына қарапты. Шұбартаудың «Алғабас» кеңшарына тақағанша тек бірде-бір қыстақ көрмедім.



Құлазыған байтақ дала... – Бұл әңгіме маған ерекше ұнады, демалыс бөлмесінде отырғамыз. – Абай ауданының жері ерекше үлкен, кішігірім облысқа тең, кейбір кеңшарлардың орталығы Қарауыл кентінен 200 шақырым. Соларды басқару да онай емес. Қысқасы, Медеу, полигонмен күрестің бір тармағы етіп, Абыралы ауданын қайта құру туралы мәселе көтерсек деген ойға тоқтадым. Бұл мәселені саған ғана айтып отырмын. Өйткені, жағдай ауыр, қаражатқа тапшылық күннен-күнге зорайып келеді. Сөйтсе де байқап көрмекпін...

Бұл енді мен ғана емес, Абыралының жүздеген азаматының көкейіндегі арман. Соны өзге емес, облыстың бірінші секретарынан естігенде мен ерекше әсерге бөлендім.

– Неге үндемейсің?

– Өйткені, бұл шаруа соңғы 15 жылда үш мәрте сөз болып, орта жолда тоқтады; оны қозғаушы түбі абыралылық министр ағаларымыз Шырақбек Кабылбаев, Рымбек Байсейітов болатын. Басты қарсылық ВПК-дан өрбіген... Ал, қазір жағдай өзгерді. Осы мәселені Абай аупарткомының бірінші секретары Хафиз Матаев жуықта облыстық партконференция мінбесінен сөз етті. Енді міне полигонды өз дегенімізге икемдеуге айналдық. Жедел кіріс! Халық колдайды, Абыралының үлкен-кішісі тәнір жарылқасын дейді. Онды шешілсе ел тарихына жазылатын қайраткер атанасың!..

– Жел сөзді қоя тұр. Сол шаруаға біршама ойландым: бұл істі мен қозғасам – республика мен Мәскеудегі дөкейлерге жеккөрінішті боламын; экономика құлдырап тұрғанда қияпат іс қозғадың деушілер табылады; қысқасы, сен Қайнарға барып, Михаил Сергеевичтің атына ұжымдық хат ұйымдастыр!.. Соғыс пен еңбек ардагерлерінен кем дегенде 40-50 адам қол қойсын. Ел тарихын баяндап, ауданның не себепті жойылғанын тарқата жазу керек. «Қайта өрлеу» заманында Абыралы ауданын қалпына келтіру – саяси мәні өткір іс екенін де



ескерт. Токетерін айтқанда, қаламыңды еркін сүйкектет. Тек әдеби емес, халықтық қарабайыр тілде жазылсын...

Сол тапсырманы бір аптада орындадым. Жолшыбайғы үш кеңшарды ақтап, Қайнарда аяқтап, алпыс шақты ардагер қол қойған хат сол жердегі поштадан Мәскеуге, М.С. Горбачевтің тура өзіне жөнелтілді. Әлбетте қыруар кісі қол қойған соң «Абыралы ауданы қайтадан шаңырақ көтереді» деген қауесет дүйім елге «сымсыз телеграфпен» тарады. Ғажапты қараңыз: ардагерлер хаты КПСС ОК-нің Бас секретары М.С. Горбачевтің «Мәселенің шешімі жергілікті өкіметке тапсырылсын!..» – деген нұсқауымен Семей обкомына жолданыпты. Бұл енді «Қалай шешсең де – ерік өздеріңде!..» деген сөз. Кешірім Бозтайұлы бюро мүшелерімен ақылдасып, облатком төрағасының орынбасары Зарықбек Күзетаев пен Абай ауаткомынан Қадыр Қонысбековті Абыралының ежелгі жерін қоныстап отырған жеті кеңшарға барып (солардың үшеуі Қарағанды облысының қарамағында болатын), ішінара сұхбат откізген. Бәрі де Абыралы аудан болып қайтадан шаңырақ көтерсе ел біргесін бекемдеуге әзірміз десіп, айран-асыр қуаныш білдіріпті...

Оны мен білмеймін. КСРО Жазушылар одағының кезекті құрылтайына делегат болып қатысып, одан кейін шығармашылық шаруаммен бірер апта Мәскеуде аялдап, елге оралған мезгіл еді, хатшы тағы да шақырды.

– Абыралыны қайта құру әзірлігіне кірістік. Қырдағы ел түгел хабарланды... – деді Кешірім Бозтайұлы.

– Бәрекелді, қайырлы болсын!..

– Бүгін үкімет төрағасы Ұзақбай Қарамановпен сойлестім. «Абыралысыз да менен қаржы сұрағандар аз емес деп қынжылыс білдірді. Сол ауданды қайткен күнде құрамын десен – барлық шығынын өзің көтересін...» – дегенге сайды. Ал, облыстың экономикасы өте ауыр, өз бетімізше аудан құрып, оны бюджетте ұстау шығынын көтеру қиын...

Кеудемде тыпырлаған шымшық құс аспанға шарықтап:

– Әй, Кешеке, осы іске әу баста қозғау салған өзің. Біздің шалдар шетінен көреген, менің осы әрекетке құлшына кіріскенімнен-ақ бастапқы ойдың кімнен өрбігенін бірден сезді. Қысқасы, дүйім елдің өзіне деген іңкәр сенімін ақтап, тәуекелге бас! Жеті кеңшардың үлкен-кішісі, облыстағы зиялы қауым өзіне үміт артып отыр... – деп еліктіре сөйледім.

– Қысқасы, тәуекелге бел будық. Алдағы аптада мәселе Абай аудандық кеңесінің сессиясында қаралады...

Сөйтсем, Абыралы ауданын қайтадан құру мәселесі облыстық атқару комитетінің мәжілісінде қаралып, облыстық басқармалардың бастықтары шақырылып, жан-жақты талқыланған. Аудан құрылған кезде қай басқарма не істейтінін, қандай көмек беретіні ойластырылған. Кейбір мәселені республика үкіметінен сұрауға пәтуаласқан. Ең бастысы, сол іске Қазақстанның Жоғары Кеңесі не дейді? Тиісті қарармен бекіте ме?..

Сол қарсаңда Қазақстан Компартиясының XVII құрылтайы шақырылған-ды. Кешірім Бозтайұлы жиынның аяғында Семей облысының бір топ

делегаттарын ертіп Н.Ә. Назарбаевқа барып, Абыралы елінің жанды жараға айналған өксігі мен өкінішін, әскери зонадан тартқан қасіретін төндіре айтып: «Нұреке, егілген елді бұдан әрі жылатпай, көз жасын құрғатыңыз, мына делегаттар – сол елдің азаматтары, Сізге сол үшін сұранды. Абыралы ауданын қайтадан құрайық. Сіз соған кіндік ата болыңыз. Бұл енді ядролық полигонмен тайталастың мәнді тармағы...» – дегенде, біздің ел тарихының полигонмен астасқан құса ісіне жан-жүйесі елжіреген бірінші хатшы: «Жарайды, азаматтар. Қалап келген шаруаларың осы болса, келістім. Қарамановқа ескертемін, мына есеп-қисаптарыңды үкімет басшысына беріңдер. Мен Абыралы ауданын қайта құруға құштармын, бұл енді тарихи әділдік болады...» – дейді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Сонымен, тамыз айының 25 жаңасында дайындық жұмысына облыстық мекемелерден қатысқандар Қайнар кентінде бас қосты. Абай аупарткомының бірінші секретары Хафиз Ыбрайұлы алдағы жиынның тарихи мәнін ескеріп, аудандық сессияны Қарауылда емес, Қайнарда өткізуді жобалап, соған депутаттардың түгел қатысуын қамтамасыз еткен. Содан-ақ қауым үшін дүдәмалы мол мәселенің оңды шешілуіне үміт оты тұтанған. Бюро мүшелері дайындық жұмыстарын тыңғылықты жүргізген.

Семейден біз үш-төрт автомобильмен бардық. Жүректі тебіrentкен қуанышқа мен сол күні тап болдым: Қарағанды облысының Қарқаралы, Қарағайлы мен Егіндібұлақ аудандарының бірнеше елді мекендерінен бір топ азаматтар келіпті, бәрі де бұрынғы Абыралының тумалары... Мәдениет үйінің залында бас қосқан қауымды сүйсіндірген сөзді Хафиз Матаев ағамыз бастады: «Толғағы жеткен көкейкесті осы мәселе бұдан әлденеше жыл бұрын күн тәртібіне қойылуға тиіс еді. Амал қанша, қатыбас уақыт соны сәтті шешуге мүмкіндік бермеді. Ал, биыл? Шер арқалаған ел тілегін бетке ұстап, полигонмен күрестің мәнді тармағы ретінде әлеумет қайыра қозғады. Әскерилер 1955 жылы тарқатқан Абыралы ауданын қайта құруды талап етіп, Мәскеуге хат жолдаған ардагерлерге шын жүректен рақмет айтамын. Сіздердің сол хаттарыңыз, ағайын, дүйім жұрттың, біздің де көңілімізді алабұртып қуанышқа бөледі... – деп залда отырған қауымның көңіліндегі іңкәр тілекті жаңғырта сөйлеген аупартком секретары абайлық депутаттарды бүгінгі жиында талқыға түспек мәселеге тарихи мән беріп, жылаулы ел мүддесін ескеріп, жүрек қалауымен шешуге шақырды... – Абыралы ауданы бұрынғы шекарасында шаңырақ көтерсін. Аудан орталығы Қайнар кенті болуға тиіс. Сөйткенде тыңнан салынатын күрделі құрылыс көлемі азаяды. Үкімет қаржымен, құрылыс материалдарымен көмектесе Абыралыға қоныс аударғандар қажет баспананы бір жазда-ақ тұрғызып алады. Абай ауданынан төрт кеңшар бар малымен, жерімен, адамдарымен Абыралыға беріледі. Көкшетау қолатынан және қазіргі Самай аулы төңірегінен екінші кеңшар құрылса – аудан бірден-ақ алты шаруашылыққа ие болады. Бұл енді неше жүз мың қойды өріске шығарып, жылқы мен сиырды да жүз-жүздеп бағып, аудан экономикасын екі-үш жылда қауырғандайтын игі шара...»

Мінбеге көтерілген абайлық депутаттар осы ойды жаппай құптады. Мен қарсымын деген егер сөз тумады. Жаппай құптау жарыса айтылды, қуана қошаметтеуден алақанымыз қызарды.

Қарқаралы мен Қарағайлы ауданында тұратын абыралылық азаматтардың қарамды тобының өкілі, Бақты кеңшарының орта мектебіндегі мұғалім жерлесіміз Зекен Қасымбекұлы да тілек айтуға сұранды.

— Өзіміз туып-өскен, білімге сусындаған Қайнарда мынадай дүбірлі жиын өтіп жатқанда, біз, Абыралының байырғы перзенттері үйімізде тыныш жата алмадық. Бүгін таңнан тұрып, Қайнарға жетуге асықтық. Түтіні өшті, ғұмыры үзілді деген ауданымызды Хафиз Матаев ағай бастаған абайлық азаматтар қайтадан тірілтпек болыпты, сол істі Семей облысының партия комитеті, әсіресе Бозтаев жолдас белсене қолдапты, бәріне де, ағайын, рақмет айтамыз. Осы істеріңізге ризалық білдіріп, басымызды иеміз. Қажет болса ауданның шанырақ көтеруіне хал-кадерімізше көмек көрсетеміз. Кейбіріміз көшіп келеміз, болмаса шанырақ түзеген балаларымызды жібереміз. Тұрғын үй салуға да көмек береміз. Оған қоса байырғы Абыралы жерінен Қарағанды облысына жарлықпен берілген Көкшетау атырабындағы «Прогрес», «Еңбек» және Жаксы Абыралының күнбатыс сыртындағы «Доғалан» кеңшарлары жерімен, күллі малымен, халқымен ежелгі әкімшілікке қайтарылуға тиіс деген тілегімізді айтамыз. Бұл да тегінде тарихи әділ іс болады... — деп желдей есіп, біршама жо-сығанда Зекен замандасымның сөзіне залдағы жұрт дүркірей қол соқты.

Сессияны жүргізуші азамат қолындағы қағазға қарап тұрып, Абыралы ауданы қайтадан құрылатын болса туған жұртының іргесін бекемдеуге «Бақты» кеңшарынан — 108, «Қырғызия» кеңшарынан — 82, Қарағайлы кенті мен Қарқаралы қаласынан — 72, Егіндібұлақ кентінен — 48, Семей облысының Жарма ауданынан — 283, Шар ауданына қарасты «Белтерек» кеңшарынан 72 отбасы көшіп келетіні туралы өтініштер жолдағанын хабарлады. Осы ақпар да жұрт көңілінде ерекше өрепту туғызып, «Қайран туған жер, кімді болсын магниттей тартады. Елге деген сағыныштың әсері!..» — дегендер болды.

Хафиз Матайұлы төтенше сессияны қорытқанда: «Бүгінгі жиын тарихи мәнді іске айналды. Баршаныңға рақмет!..» — дегені де жұрт көңілінде сүйсініс туғызды. Өзгедей пікір болмаған соң күн тәртібіндегі мәселе ашық дауыспен шешілді. Абайлық депутаттар Абыралы ауданын бұрынғы аумағы бойынша қайтадан жаңғыртуға қаулы қабылдады.

\* \* \*

Осы шаралардың бәрі айналасы екі айда жобаланып, іске асқанын сәттілікке жорығанбыз. Бекерге қуаныппыз. Сол қарсанда кенеттен өрбіген, біз сірәда күтпеген одағай оқиғалар өрекіген көңілді су сепкендей басты. Абыралы, Абай, күллі Семей жұрты қызу құптағанымен даулы мәселені шешуге Алматы асыға қоймады. Сірә, арада өткен 35 жылда жері ғана емес, елі де азып-тозған ауданды қалпына келтірудің қиындығын үкімет басындағылар іле аңғарып, ойланайық, асықпайық деген-мыс...

Біз күтпеген кереғар сөз Қарағанды облысының басшыларынан өрбіп, тағдыр жазуымен кездейсоқ иеленген үш шаруашылықты олар Семей облысына қайтарудан үзілді-кесілді бас тартты. Басты дәлелдері: «Еңбек» пен «Прогрес» кеңшарлары шахтерлерге жыл сайын миллион пұттап астық беріп отырған үлкен шаруашылықтар және бидайдың аса сапалы түрін, сол төңіректе ғана өсетін, Абыралының агрономдары 1950 жылдары шығарған үлкендігі арпадай «Татанның ақ бидайын» өсіреді, шахтерлерді сондай нәпекадан айыру деген – шектеусіз зорлық!.. Тағы бір айғағы – екі кеңшарға даңғыл тас жол тарттық, тұрақты электр қуатын да жеткіздік – не үшін, Семей облысын жарылқау үшін бе?..

Екі кеңшарға жол түскен жазғы сапарымызда «Прогрестен» біз байырғы абыралылықтардан небәрі 35 шаңырақты кездестіргенбіз; «Еңбектегі» тұрғындардың 40 пайызы ғана біздің елдің тумалары болып шықты. Екі шаруашылықтың өзге тұрғындары Қарқаралы мен Қарағайлы кенттерінен бертінде көшіп келгендер, әлбетте олар қайтадан шаңырақ көтеріп жатқан, елі мен жері азып-тозған Абыралыға қарауға аса құлықты болмады. Шаруашылық директорлары, ауылдық кеңесі мен партком секретарьлары, аудан басшылары да бізбен сыпайы сөйлесіп, «Бастамаларың игі іс, біз соны қолдаймыз!..» – дегенімен жеме-жемге келгенде өздерінің ішкі тірлігіне жеңсік берген...

Сондай қыжыр сөзді Егіндібұлақ ауданының басшылары да өрістеткен: «Абыралыдан бізге берілген Молотов атындағы, Алғабас және Чапаев есіміндегі шағын үш колхозды қосып, «Доғалан» кеңшарын құрдық; тың жерден қалашық салып, мындаған гектар иен даланы егістікке айналдырып, мал басын мың-мындап өсіретін іргелі кеңшар көтердік; сол мекенді «Қарқаралы-Қайнар-Аягөз» жолына қостық, электр энергиясын тарттық; кеңшар орталығына соңғы екі жылда 464 оқушы білім алатын орта мектеп үйін, 140 орындық балабақша тұрғыздық; орталық жылу қазандығын орнатып, тұрғын үйлерді қажетінше салдық. Соның бәрін жер иесі деп, Абыралыға қалайша береміз?..» – деседі.

«Доғалан» кеңшарының жаңа орталығы Қайнардан 50 шақырым жерде, сол шаруашылықтың Қызылжар бөлімшесі Абыралы тауының күнбатыс сыртында, небәрі 8 шақырымда, шабындығы көксайса шалқар өлкеге, тал-шілігі сыңсыған, табиғаты тұнған жерге ие (Шілде айының орта шенінде-ақ мен балаларымды ертіп, Шынқожа сайынан әрі асып, Тоңаша мен Шименшал беткейінен тау бүлдіргенін теретінмін). «Доғаланның» бөлімшелері, оның ондаған қыстақтары да Қайнарға ұрымтал орналасқан. Басқа облысқа қарағанымен сол өңірдің тұрғындары Абыралының байырғы адамдары. Бәр-бәрі «Қайнар», «Абыралы» және «Ақбұлақ» шаруашылықтарындағы ағайындарынан іргесін бөлмегендер. Өлім-жітімде, отбасының тойында үнемі араласып тұрады. Сауал-есеп тілімен айтқанда, осы шаруашылықтың 99 пайыз халқы Абыралы ауданына қосылуға іңкәр болды. Амал не, сол қауымның ішінен Егіндібұлақ ауданынан іргемізді бөлмейміз деушілер де шықты. Ал, аудан әкімшілігі орныққан Егіндібұлақ кенті «Доғаланнан» 130 шақырымда, оған қатынау да оқунда оңай емес, даңғыл жол жоқ...

Қысқасы, аудан басшылары жұмыс қолы көп, төрт түлігі мен егістігі мол «Доғаланнан» айрылғысы келмей, бізден барғандарға: «Жігіттер, күрестерінді қолдаймыз, аудан шаңырағын тезірек көтеріңдер!..», — деп, сол елге атқамінер пысықтарын жасырын жұмсап, қарсы әрекеттер ұйымдастырған...

Алматыдағы шаруа күтпеген кедергіге тап болып, мәселенің шешімі созылған соң-ақ біздің жігіттер де әртүрлі әрекеттер жасады. Сонын бірі — республика үкіметіне ардагерлер делегациясын жіберу.

Кешегі қанды қырғыннан аман-есен қайтқан майдангерлер — Хасен Раев, Әбеуғали Бейсекеев және Нығмет Әбдікәрімов медальдары мен ордендері самсаған костюмдерін киіп, үкілі үмітпен Алматыға аттанды. Іздеп барған әкімдері — Назарбаев пен Әбділдин қалада болмай, ақырында үкімет төрағасы Ұзақбай Қарамановтың қабылдауына сұранды. Әр сағаты, минуты есептеулі үкімет басшысы үш ардагерді тындауға жұмыс аяғын белгілеген...

Жазмыштың жазуына қараңыз: Егіндібұлақ аупарткомының тапсырмасымен «Доғалан» кеңшарынан белсеніп шыққан үш абыралылық та нақ сол сағатта үкімет төрағасының қабылдау бөлмесіне тап болады (Ұзақбай Қараманұлы, сірә, екі топты да бір мезгілде қабылдап, даулы мәселені біржола тиянақтауды ойлаған. Әлбетте дала қазағының неше түрлі одағай мінезге бейім екенін ескермеген).

Әлкисса содан «Доғаланнан» келген үшеу Абыралының үш шалына ізет білдіріп:

— Ассалаумағалейкум, асыл ағалар! — деп сәлем беріп, құшағын аша ұмтылған.

Сол шіркіндер Ныған мен Әбекеңнің қолын құшырлана қысып, Хасен ақсақалға жеткенде (шалт мінезді, кімге болсын ойындағы сөзін тура айтатын, қиқарлығы да мол кісі еді, қазірде Павлодар қаласында тұрады), өзінің балдызы Қ.Ә.-нің қолын қағып: «Кет әрі, найсап, не бетіңмен маған сәлем бересің, сенде өзі ұят пен намыстан ештеңе бар ма?..» — деп дүрсе қоя береді. Қ.-ның қасындағы екі доғаландық кейінге шегіншектейді. Ақсақалдың қасындағы екі кексе: «Хасеке, дауыс көтерме, бұл үкімет үйі...» — деп басу айтса, неше күнгі нәтижесіз күтуден төзімі мен жүйкесі әбден жұқарған майдангер әлгіден бетер айкайға басып, алдында бүгешектеп тұрған балдызының жағасына жармасады. Арашалаған серіктеріне бой бермей, қилы жас кіші туысын шықшыттан, әлде мұрнынан жуан жұдырығымен төпелейді. Секретарь әйел не істерін білмей, алдындағы түймені басады. Коше емес, онаша үй де емес, үкімет төрағасының қабылдау бөлмесінде отырып төбелес бастаған оқиғаны секретарь да, көмекші де ешқашанда көрмеген...

Біздің екі ақсақал шынымен абыржып:

— Қарақтарым, кешіріндер, мына кісі өзін тежей алмай қалды. Қол жұмсағаны — бөтені емес, өзінің етжақыны... — деп жуып-шайған болады. — Екі облыстан келсек те біздің шаруаңыз — бір мәселе, соры бес батпан Абыралы ауданының талапайға түскен жер тағдыры...

— Әй, екі шал, неменеге сыпайы кісі құсап, менің қылығымды маймөңкелеп тұрсындар? — дейді Хасен Раев алқынған қалпында. — Мені сөйтуге мәжбүрлеген осы кабинеттің иесі емес пе? Мына үшеуі сонау Доғаланнан не үшін келді Алматыға? Мына соғындылар Егіндібұлақтағы дөкейлердің итаршысы, ел намысын, туған жерін бір күндік тірлігіне сатып, өздерінше ұпай түгендеп, майдангер үшеумізді көрге тезірек көму — бұлардың мақсаты... — Ақсақал жұдырығын қайта түйіп, бірдеме деуге шамалары болмай, қарсы алдында төмен қарап бүгежектеп тұрған үшеуге зәрлене қарайды. — Ал, мен ел мен жер намысын бір күндік мансапқа айырбастаған осындай малғұндардың жымысқы қара-

кетінен ерте қартайған адаммын. Мұндай сатқындармен майданда ешкім сөйлескен жоқ, бір-ақ оқпен жайратты...

Көмекші жігіт басын шайқап, төрдегі кабинетке беттегенде Хасекен оған да:

– Әй, балам, тоқта! – дейді. – Төре ініме тілегімді жеткіз! Бізді майдангер һәм егде кісілер деп сыйласа – Абыралыдан келген үшеумізді мына сұмдарға қоспай, жеке дара қабылдасын. Үшеуміз де атом күлінің астында отырған бақытсыз жерден келіп отырмыз. Қажыған жайымызды ескерт Ұзақбай ініме!..

Үкімет төрағасы да есік алдында болған жанжалдың мән-жайын ұққан тәрізді, қабылдауды Хасекен айтқан жөнде жасапты...

Осы қабылдаудың мән-жайын мен сол кісілер елге қайтқанда өздерінен естідім. Ұзақбай Қараманұлы қайнарлық үш ақсақалға: «Абыралы ауданын қайта құруға өз басым қарсы емеспін, құжаттары әзір, Жоғарғы Кеңеске таяуда ұсыныс түсіремін. Аудан тағдырын мен емес, депутаттар шешеді. Сол себепті, қадірлі ағайлар, үйлеріңізге үкімет басшысының уәдесін алдық деп қайтыңыздар...» – депті.

Ал, доғаландық үш пысық көздеп барған мәселесін так-тұқ дәлелмен айта алмай, төрағадан да жеку естіген-мыс. Ауылға келген соң өздерін осы маскараға жұмсаған әкімдерге: «Жердің үстімен барып, астымен қайттық. Сірә, бір таудың екі бөктерін үш ғасырдан бері ың-шыңсыз бөлісіп отырған ағайынды елді екі облысқа ажыратпақ болғанымыз маскара іс екенін үкімет төрағасының кабинетінің алдында ұқтық, амал не?..» – деген уәж айтқан-мыс. Хасекен ақсақалдың кенеттен өрбіген ашуы сол шіркіндерге ем болған. Өйткені, «Доғалаң» аулындағы пысықтардың астыртын әрекеті содан кейін сап тиылды. Доғаландық үш арызқойдың есімдерін сол себепті ашпай отырмын.

Менің мұрағатымда 1990 жылғы 13 қыркүйекте Егіндібұлақ аупарткомының бірінші хатшысы Тілеубек Зейнешұлы мен ауатком төрағасы Рүстем Мәтеліұлына жолдаған, көлемі 5 бет «Ашық хатымның» көшірмесі сақтаулы. Онда мен екі ел арасындағы егер тартысты егжей-тегжей баяндап, «бүлінген елден бүлдіргі алмаңдар» деген халық мәтелін келтіре отырып, «Доғалаң» кеңшарын байтақ жерімен иемденіп қалу ниетінен бас тартыңыздар, ағайын...» деген өтінішімді білдіргенмін. Рүстем Мәтеліұлы сол ұсынысыма 10 қазанда: «Доғалаң тұрғындары Егіндібұлақ ауданында қалсын деген біржақты ниеттен біз адамыз, Медеке. Мәселені сол жердегі тұрғын халық өз қалауымен шешсін. Бастаған игі істеріңіз сәтті аяқталуына тілек білдіреміз!..» – деген сарында жауап беріпті.

Мұндай игі пиғылға рақметтен өзге не дейсін?..

Сол жазда, әсіресе күзге таман Абыралының жанкүйерлері күрестің әсерлі түрін бастады. Ол болса баспасөз бетін пайдалану. Өйткені, таралымы әр облыста 25-30 мың немесе республика көлемінде бірнеше жүз мың дана болып шығатын газеттердің беделі де, түрліше жарияланымдары о күнде ерекше өтімді. Әсіресе басшылар алдында. Сондықтан да біз «Социалистік Қазақстан» мен Семейде шығатын «Иртыш», «Семей таңы» газеттерін қажетінше аста-төк пайдаландық. Ескерту парыз: осы басылымдардың бас редакторлары біз ұсынған материалдарды тежеусіз басты; соның бәрі ядролық полигонға ха-

лық наразылығын айшықтау айдарымен жарияланды; Абыралыны қайта құру ұраны да сол күрестің пәрменді тармағы ретінде насихатталды...

«Социалистік Қазақстан» газеті 1990 жылдың қоңыр күзінде «АБЫРАЛЫ – АТОМ ҚҰРБАНЫ» деген тақырыппен 9 мәрте (кейбірі бір бет шамасында) топтама материалдар берді. Сол топтамалардың ең соңғысы 13 желтоқсанда, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің кезекті сессиясы осы мәселені талқылауға екі күн қалғанда жарияланды: ол болса «Өспейтін ұл өнбейтін дауды қуады» деген дабыра тақырыппен Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы «Енбек», «Прогрес» кеңшарларының енбекшілеріне және осы дауды белсене қолдаушы Қарағанды облыстық Кеңесінің төрағасы И.Ф. Мүсәлімов мырзаға жолдаған менің «Ашық хатымның» толық мәтіні<sup>1</sup>. Төменде мен сол хатта кынжыла сөз еткен, жер үшін туған күйкі таластың түп себебін ашып, «бөліп ал да билей бер» ұйғарымына бой алдырған замандастарымның жершілдік пиғылын ашқан азаматтық, жазушылық көзқарасымды қайталамай (өйткені, сол тайталас та уақыт сынына орай бүгінде ескірді әрі кегежін уақыттың өткенші ісі деп білемін), даулы мәселеге өз пікірін ашық білдірген редакциялық тұжырымды ғана келтіремін. Ол болса «Абыралылықтардың арманын қолдаған хаттарда толас жоқ» деген айдармен берілген тұжырымды сөздер...

*«Ядролық сынақтардың құрбандығына ұшырап, тағдыр талқысына түскен, қырық екі жыл бойына алапат апаттың астында өмір сүріп келе жатқан, ата-анасынан, атпал азаматтарынан, аяулы аруларынан, балаларынан ерте айрылған, көбісі туған жерден пана таппай, жан-жаққа тарап кеткен абыралылықтардың қайғысына, арман-мұңына бүкіл республика жұртшылығы ортақтасуда. — делінген редакциялық тұжырымдама сөзде. — Міне, бірнеше ай бойына облыстық, республикалық газеттердің беттерінде, радио мен жиындарда Семей полигонын жауып, ядролық сынақтарды біржола тоқтату, тікелей және ең көп зардап шеккен Абыралы еңбекшілерінің талабын қанағаттандырып, әскери ведомствоның әрекетімен жойылған ауданды қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар айтылып, талаптар қойылуда.*

*...Сөйтіп, Хиросима мен Нагасакиден кейін жиырмасыншы ғасыр апатының құрбандығына ұшыраған абыралылықтардың көкейкесті арманы мен тілегі әділетті екендігінде ешқандай күдік пен күмән болмаса керек еді. Амал не, «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» демекші, адамзат басына түскен ортақ апатқа қарсы күш біріктіріп, іс-қимыл жасаудың орнына іліктен бүлік туғызып, жер дауын бықсытушылар пайда бөлып отыр. Бұлар кімдер дейсіздер ғой? Айтуға аузың бармайды. Бірақ, амалың кәне, күні кеше Абыралының талапайға түскен жерінің біраз бөлегін оп-өңай қосып алған көрші Қарағанды облы-*

<sup>1</sup> Сол жарияланымға «Прогрес» кеңшарының 4-5 жұмыскері Қарағандыда шығатын «Орталық Қазақстан» газеті арқылы «Жалғандық жазушыға жараспайды» деген атаумен «Медеу Сәрсекевке ашық хатпен» жауап берді. Хаттың айбынды атауынан-ақ сол жарияланымды қарапайым жұмысшы Ж. Шолаков, бақташы К. Жетібаев емес, қарағандылық журналист жазымпаздар облыс басшыларының тапсырмасымен ұйымдастырғаны түсінікті амал. Тек не үшін?..

сына қарасты Қарқаралы ауданының бас көтерер азаматтары сол несібені сірәда бермейміз деп дау айтуда.

Жуықта Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті Ақтайлақ селолық Советінің кезектен тыс сессиясы қабылдап, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы И.Ф. Мүсәлімовке жолдаған «Ашық хатын» жариялады. Осы хат Семей облысы халық депутаттары Абай аудандық Советі сессиясының Абыралы ауданын бұрынғы қалпына келтіру жөніндегі шешіміне сенімсіздік жариялаған. «Бұл ұсыныс, — делінген «Ашық хатта», — «Еңбек» совхозының еңбекшілерін, Ақтайлақ селолық Советіне қарасты мекендердегі халықтың наразылығын туғызды». Ең ғажабы, наразылыққа басты себеп — «Аудан орталығына дейінгі тас жол. бөлімшеге дейін қатынайтын автобус, ауданнан аптасына үш рет жеткізілетін нан. жоғары кернеулі электр желісі, көгілдір от, телефон-радио байланысы Қарағанды облысынан пайдаланып отырған игіліктер. Совхозды Абыралы ауданының құрамына беру — бізді осы игіліктерден айырады», — дейді кереғар пікір айтушылар.

Демек, тарихи қалыптасқан бұрынғы Абыралы тұрғындарының заңды талабына осы мекендегі адамдардың жеке мүддесін қарсы қоятын сыңаржақ пікір үстем болған. Апатқа ұшырап, жүдеген жұртқа қолдау көрсету, қайғы-қасіретіне ортақтасу қай халықтың болса да арғыдан келе жатқан ізгі дәстүрі. Басқаның бәрін былай қойғанда, осындай зұлмат апаттың орнында қалған, жүрегі жаралы, көңілі сынық адамдарға салқын қабақ танытып, айбат көрсетудің өзі имандылыққа жата ма? «Өспейтін елдің ұлы өнбейтін дауды қуады» деп халық даналары тегін айтпаған...».

«Семей таңы» газетіне (29. XI. 1990 ж., жариялаушы Кәкен Сейілханов) жолданған хаттардан үзінділер:

«Мен, Қайнардың тумасымын, бес бала тәрбиелеген анамын. — дейді Зейнеп ЖЕТІБАЕВА. — Балдәурен балалық шағымды өткізген қайран жерім маған ерекше қымбат. Бұрынғы Қайнардың көркі әлі күнге дейін түсіме кіреді. Абыралы аудан болып тұрғанда қазірде көркейген елді мекендердің ешбірінен кем емес еді. Қызыл Қайнар, Орта және Аяқ Қайнар болып болініп, әрбірі жасыл кілемнің түгіндеі жайнап тұратын-ды, сылдырап аққан бұлақ суы, көкмайса көгалында әңгіме-дүкен құрған әжелер мен аталар, көбелек құған балалар, түнде ақсүйек ойнаған қыз-жігіт, жас жеңгелер — бәрінің әзілдері жарасатын маз-мейрам мезгіл-тін. Әр Қайнарда қыста түзілетін мұз айдыны қандай еді. Сол кездегі адамдардың мінез-ниғылы да ерекше мейірімді болатын! Соғыстан кейінгі тапшылық жылдардағы адамдар тату, бір уыс бидайды бөліп жеген сыйластығы бүгін қайда кетті деп армандайсың.

Сойқанды соғыстың азабын тартқан ел есін жия бастағанда біздің елге төтенше келген зауалдың не екенін момын халық ә дегенде сезген жоқ. 19 колхоз таралды да қайран ел «Балапан басына, тұрымтай тұсына» деген босуға ұшырады. Содан бері 42 жыл өтті. Абыралы халқы сол қасіретті әлі де кешуде. Әр ошақтан кем дегенде екі-үш адамынан айрылып зарлап қалды, қанша адам бүгінде айықпас дерт-



ке шалдықты. Бұл күнде Абыралы бөктерінде сау жүрген адам некен-саяқ. Мысал келтірейін: құрбым Дәмегүлдің зайыбы Мықышев Тельман рак ауруынан 43 жасында қайтыс болды; бір баласы кемтар болып туып, ол да кетті; екінші баласы 26 жаста, бойы өспейді, тілі жоқ... Сорлы ананың өзі де ауруға шалдықты. Бұл енді бір шаңырақтың тартқан азабы...».

«Талабым мынау: сынақтарға, полигонға жұмсалған және әлі де жұмсалмақ қаржы түп-түгел Абыралы ауданын қайта құрып, оның жаралы жерін емдеуге, содан зарлап шеккен халықтың денсаулығын түзеуге, осындағы жарымжан халық тұрмысын көркейтуге берілсін. Біздің елдің қырық екі жыл бойы басынан шеккен тауқыметі үшін де төлем жасалсын...» – деген үзіндіні біз «Абыралы» кеншарының тұрғыны Мұхтар Оспановтың хатынан келтіріп отырмыз.

«Осы хатты атом полигонынан 50 шақырым жердегі қоныстан жолдап отырмыз. – делінген М. ТӨЛЕГЕНОВ, Ш. ДАСТАНОВ, Р. ОСПАНОВ, Р. АҒЫБАЕВ, С. ЖҮНИСОВ, Қ. ЖҰМАДІЛОВ және басқалар (барлығы 94 адам) бірігіп жолдаған ұзақ хатта. – Бүгінгідей жеттік, жетілдік деген кемел заманда біз қайғы мен қасірет шегіп, көз жасын көлдетіп зар еңірген аналарды көргенде қу жанымызды қайда қоярға білмейміз. Абыралының әйелдері өмірге нәресте әкелуге қорқады. Өйткені кемтар болып немесе өлі туған бейшара сәбилерді көрудің өзі қасірет. Адамдардың мінезі өзгерген, ерте қартаяды, жас балалардың шашы ағарады. Тағдыр бізге неліктен қатал? Жанашыр, арашашы неге жоқ? Отан қорғау үшін полигон, сынақ, жарылыс керек екенін түсінеміз-ау. Бірақ, Абыралының аядай жерінен басқа Кеңес Одағында орын жоқ па? Елсізге, шетке неге әкетпеске? Біз қырық жыл зардап шектік, қаншама туыстарымыздан айрылдық».

«Абыралы ауданында бір кезде 30 мыңға жуық адамы бар берекелі ел болатын. Қасіретті Қайнарымызды қайтадан аудан орталығы етіп, Абыралы атын қайтару керек. Тозған елге сондай таяныш пен қамқорлық керек!.. – делінген Батыр атағын иеленген 14 ананың хаты (Несіп Аюпова, Нүрипа Алматаева, Күлшатай Жұмаділова, Орынжан Айтбаева, Ркен Алтынбаева, Зайра Мусина, Тұрсын Үсенова, Бәтима Нарымбаева, Қайныш Ысқақова, Рәзия Калиева, Зейнеп Дүйсенбаева, Самалай Мұқанова, Саркытқан Қалиева және Амалия Оспанбаева).

«Редакцияға арыз айтқан аналар жиі келеді. Солардың бірі – ДӘНЕНОВА Рымкеш. «Мен, – деді ол, – он екі перзент көтердім. Солардың жетеуін жер қойнына бердім. Өзім де, жұбайым да ауырамыз. Жалғыз ағайым, шешем, жеңгем рак ауруынан қайтыс болды. Біздің отбасы тартқан қасіретімді жоғары жаққа жеткізіңдер...» – деген редакциялық тұжырыммен аяқталған «Әділеттілік талабы» мақаласының авторы. – «Он екіде бір гүлі ашылмаған құлыным, Мейрамгүлім, сені жұтқан ядролық сынақты жасаушыларға қарғыс айтамын!..» – деп еңіреді Наурызбаева ана баласын ақтық сапарға шығарып салып тұрып.

Ең шатағы, осындай бейкүнә жандар Абыралы атырабында жүздеп саналады.

Республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті 1990 жылдағы қазан, қараша және желтоқсан айларында жарияланған мақалалар мен хаттардан:

Нұрақым РАЙХАНОВ, Қазақ ССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетінің бөлім меңгерушісі: *«Ауданым құрылса ол жердегі өмірді қалыпты арнасына түсіруге күш-қайратым мен білімімді аямай жұмсауға әзірмін. Бұрынғы Абыралы ауданының жеріндегі аса ірі 7 шаруашылықта 1,2 миллион гектар жер бар, оның 67,5 мың гектары егістік. Мал да қисапсыз көп. Бұларда төрт мыңға тарта адам еңбек етеді. Осы жеті шаруашылық өткен жылы 34 миллион сомның ауыл шаруашылығы өнімін берді. Демек, Абыралы ауданын қайта құру — тақыр жерге жұртты жинау емес, іргелі шаруашылықтардың есебінен ауқымды аудан ұйымдастыру».*

Семей облысы, Жанасемей ауданы, Бөкенші ауылының еңбек ардагерлері: *«Біздер, бұрынғы Абыралы ауданының тұрғындарымыз. Егер аудан қайта ашылса, Қайнарға қайтқымыз келеді. Бұл жерде мәселе Абыралыны қайта ашуда ғана емес, қырық екі жыл бойы атомнан зардап шеккен халыққа бір жерден тиімді медициналық, әлеуметтік және рухани көмек беру екенін есте ұстайық...»*

К. СМАҒҰЛОВА, көп балалы ана, Қарағанды қаласының тұрғыны: *«Абыралы ауданы қайта құрылса, менің балаларым ата мекендеріне оралуға әзір. Бұл мәселені газет әлі де көтеріп, ауданды қайта ашады деп сенемін...»*

Семей облысы, Қарауыл кенті, Т. ЖҰМАДІЛОВ, С. ЫСҚАҚОВ: *«Абыралы ауданы таратылғанда бұл жердің тұрғындарынан ешкім рұқсат сұрамаған. Егіндібұлақ ауданының «Доғалаң» және Абай атындағы, Қарқаралы ауданының «Еңбек» «Прогрес» совхоздары — Абыралының байырғы шаруашылықтары. Ендеше, Қарағанды облысындағы бүгінгі басшылардың көктен түскендей болып кеуде қағуы неліктен?»*

Р. БАЙСЕЙІТОВ, А. МАНСҰРОВ, Т. ЖЫЛТЫРОВ, Т. БАЛАҚАЕВ, М. ХАСЕНОВ (Отан соғысының және еңбек ардагерлері, Алматы қаласының тұрғындары): *«Абыралы ауданын жабу — атом трагедиясын ел көзінен жасыру мақсатынан туған. Бұл — онсыз да қасіретке белшесінен батқан абыралықтарға ғана емес, бүкіл қазақ тарихына жасалған қиянат. Тарихи шындықты қалпына келтірудің бірден-бір жолы — ауданды қайта ашу. Оның үстіне бұл — Семей ядролық полигонын жабудың төте жолы».*

Ж. САДЫРБАЕВ. Рига қаласының тұрғыны («Абыралының ақтабан шұбырындысы» аталған топтамадан): *«Қазақстаннан келетін хабаршыдай көретін «Социалистік Қазақстан» газетінен мен Абыралы ауданын қайтадан қалпына келтіру жөнінде жиі қайталанған жұрт талабын сүйсіне оқудамын. Бала кезімде және жасөспірім шағымда сол аудандағы туыстарымды сағалап жиі баратынымын. Бұл елдің халқы керемет қонақжай болатын. Семей қаласына қарағанда сол елде үнемі ас-су молырақ еді. Майлы еті, бал қымызы, сары ірімшігі қандай дәмді. Сол жақтың бауырсағы пен шелпегін әлі күнге түсімде көремін. Абыралының ересек адамдары мені «Садырбай қажының тұқымы», «Әулиенің көзі» деп қатты қадірлейтін-ді. Қазір Садырбай қажы тұрмақ, өл жақтың адамдары өздері туып-оскен жердегі ағайындарының атын да білуден қалды деседі. Бұл да — іргедегі атом қаруын сынаушы полигонының залалды кесірі. Қазақстан үкіметі ауданды бұрынғы қалпына келтіреді деп сенемін».*

Сахия ҚҰСАЙЫНОВА, Батыр ана. Алматы қаласының тұрғыны, «Жаспен жуылған жер еді», («Социалистік Қазақстан» 7.XI. 1990 ж.):

*«...1955 жылы Абыралы ауданы таратылды. Сөйтіп, отыз жылғы теріміз текке төгілгендей болды. Күн көру үшін, жан сақтау үшін сорлы ел жан-жаққа тарды. Бір-бірімізді, небір жақсы көршілерімізді, абзал азаматтарымызды қиып кетпе алмай, сол күндері көз жасымыз көлдей ақты. Соны кім ескерді? Халық қатты күйзелді, жылап-сықтады. Қарапайым елдің қолынан не келсін? Бәріне көнді, бәріне мойын ұсынды. Ата қонысынан кетті. Ауданның таратылуы бұл өңірдің мәдени және рухани өміріне орасан зор нұқсан әкелді.*

*Он баламызды етегіме орағандай болып біз де коштик. О кезде әр шаңырақта осыншама балалар болатын-ды. Көп баламен кошіп көргендер біздің қандай бейнетті бастан кешкенімізді түсінуге тиіс. Ұлы Отан соғысында ел қорғап, аман қайтқан ерім Қабыкен бұл сыннан да сүрінбеді. Партия жүктеген міндетті қайыспай көтере білді. Халық алдындағы қызметін мүлтіксіз атқарды. Қазақстан комсомолының Орталық Комитетінің мұражайына оның суреті қойылғаны — еңбегін бағалағаны, рақмет!*

*Отыздан астам немере, сегіз шөбере сүйіп отырған Ардақты-ана ретінде мен Қазақ КСР Жоғарғы Советінен Абыралы ауданын қайта қалпына келтіруді сұраймын. Ақ шашты әзиз ана ретінде Қарағанды облысының, Қарқаралы ауданының және сол жақтағы совхоздардың басшыларынан Абыралыны бұрынғы деңгейіне көтеруге кедергі болмауды өтінемін. Сендер, жас азаматтар, бір уақ біз сияқты қарт аналарды тыңдаңдар! Абыралы — өздерің сынды азаматтар жатпай-тұрмай еңбек еткен, біз сияқты аналар ұл-қыз өсірген қасиетті мекен. Тек, «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» дегендей аяқ-астынан атом пәлесіне душар болғаны — біздің жігерімізді құм етті. Сол елді қайтадан көркейтуге кедергі болу азаматтық тұлғаларыңа жараспайды. Қазақ тілін, ол жақта орыс жоқ — ана тілдеріңді ұмытпасаңдар, менің осы тілегіме ынта қойыңдар, қарақтарым!*

*Жоғарғы Совет Абыралы ауданын қайта құрып, атом бомбасының жарылысы жығып кеткен елдің туын қайта көтереді деп сенемін. Ауданның қайтадан ашылуы — елдің рухани байлығының жаңа бір қайнары болар еді...».*

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне жолданған хаттардан:

*«Біздер — Қайнар орта мектебінің 1960 жылдардағы түлектеріміз. Ядролық полигон ашылуы кесірінен тарап кеткен бұрынғы Абыралы ауданы, халқының тағдырына ерекше алаңбыз. Ел аман, дүние тынышта босқынға айналған аудан тұрғындары атамекеніне оралып, жабылып қалған Абыралы ауданы қайта ашылуы керек. Сөйткенде тарихи әділеттілік орнамақ» — М. ОМАРБЕКОВ, Қ. ШӘЙКЕНОВА және 4 адам қол қойған, бәрі де Қарқаралы ауданының тұрғындары.*

*«Егіндібұлақ ауданындағы «Доғалаң» совхозының бір топ тұрғындары — ядролық полигон ашылуына орай тарап кеткен бұрынғы Абыралы ауданын қайта құрсаңыздар деген өтініш айтамыз!» — Б. ИМАНАҚЫШОВ және 50 адам қол қойған, Қарағанды облысының тұрғындары.*

Жаппар ИМАНАҚЫШОВ, Семей қаласының тұрғыны: «Семей пединститутын тәмамдаған соң 1947 жылдың қыркүйегінен бастап, Абыралы ауданында жұмыс істедім. Орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор қызметтерін атқардым. Атом және сутегі бомбаларын жер үстінде сынаудың зардабын бүкіл әулетіміз болып тарттық. 1949 жылғы қаңтарда үйленген едім. Сол жылдың күзінде алғашқы бомба сыналғаны белгілі. Қосағым екеуімізге Алла тағала сегіз перзент көруді бұйыртқан екен. Алайда, әскерилер жасаған қылмыс солардың кейбірін ержеткізбеді. Бір баламның ақыл-есі кем болып туды. Біреуінің аяғы кемтар. Біреуі басынан ауырды. Тағы біреуі екі жасында өлді. Осыншама қасіретті көтеру үшін жүрегің тас болып жаралуы жөн екен. Бәйбішемнің жүрегі мен жүйкесі соған төзбеді, өзім де қан қысымының қауіпті түріне шалдықтым. Әке-шешем, әкемнің үш інісі қылтамақтан қайтыс болды. Жаза берсем зарым көп. Соны біздің ел қайыспай көтерді. Талай ақын-жазушының, ғұлама ғалымның, қисапсыз еңбек иелерінің отаны болған Абыралы ауданының шаңырағын қайта көтеруді Жоғары Кеңестен өтінемін...»

Әбуғали БЕЙСЕКЕЕВ, Нығмет ӘБДІКӘРІМОВ, Хасен РАЕВ, Қайнар кентінің соғыс және еңбек ардагерлері: «Біздің қазіргі күнімізден, кешегі соғыс кезіндегі жағдайымыз артығырақ па деп ойлаймын. Қолыңда — қару, алдында — фашист, не сені ол өлтіреді, не оны сен өлтіресің... Ал, мына полигон деген жеті басты жалмауызбен күрестің тәсілін таппай қарадай сенделіп отырмыз. Радиацияның да исі сезілмейді, не түсі көрінбейді, қай топырақта, қай суда, қандай таста, қай дәнде ажал тосып тұрғанын білмейсің, үрей билеген соң адам өзінен-өзі ауыру болады екен. (...) Қазақстанның еркі байлаулы заманда, озбырлық пен жаны ашымастық тақа таусылған шақта жойылып кеткен Абыралы ауданы қайыра құрылмаса, осыны жасауға ел билеп отырғандардың, халық депутаттарының шамасы келмесе — одан кейінгі дүние қызығын біржола жауып қою керек. Түңілген көңіл, өлген үміт құшағында тұншыққаннан басқа не қалды?»

Төлеукадыр НЫСАНОВ. ҚР журналистер одағының мүшесі, Егіндібұлақ ауданы: «30 мың халыққа құтты мекен болған Абыралым (Әбір және Әлі деген батырлар мекендеген кезден сақталған атау) дүз тағысы сияқты жон-арқасы омырылғанымен қыранның қияғындай қанат қағар уақыты тағы да туар деген ойдамын. Тек кейбір азаматтары пендешілік жасап, «бүркіт қартайса тышқан аулайды» демекші, ұсақталып кетпесе деген қауіп бар. Несіне жасырамыз, ондай пысықтар бұрын да болған, қазір де қылаң беріп жүр. Демек, осындай өтпелі кезеңде барға қанағат, жоққа салауат етсе игі. Амал не, менің кейбір жерлестерім бір күндік пайдасын ойлап, бас қосып бірігуді тәрк етіп, Абыралыны қайта көтеру күресінен қашқақтап жүр. Мен соған да налимын...»

Біздің халықтың сорына айналған Семей полигонының салдарынан таратылған Абыралы ауданының азаматтары тарыдай шашырап кетті. Абыралы тарағанда бозбала жігіт мен бұл күнде он баланың әкесі атанып, он екі немере сүйіп отырмын. Бізді қазіргі жерімізден ешкім құдалап отырған жоқ. Дегенмен, туған жерде ту тіккенге не жетсін. Ауданым құрылса елге қайтпақпын...»

И. ӘБІЛАНХАНОВ, аға шопан, Қарқаралы ауданы: «Қарқаралы ауданындағы «Еңбек» совхозында еңбек етемін. Тұрмысымыз жақсы, еңбегім жемісті, еш-

*теңеден таршылық көрген емеспін. Тек қайда жүрсек те туған жер ыстық, оның қиын тағдыры бүйірімізге батады. Ежелгі Абыралының қалпына келіп, дербес аудан болуы – менің де көкейкесті арманым...»*

Сейітжан ТӘБЕРІКОВ, Компартия ардагері, Новошұльба селосы: *«Дауасы табылған дерттің ақыры қайыр» деген сөз бар. Абыралының қайтадан аудан болу құқығына самарқау қарай алмаймын. (...) Абыралы атом жолына құрбандыққа шалынып, елі тоз-тоз боп тараған, үлкен-кішісі ұлардай шулаған жылдарды көзбен көрген, көкіректе шер етіп сақтаған адаммын. Туған елімді, Жақсы Абыралы тауының күнбатыс жонындағы Тәберік қыстауында туып, сол таудың жуасын теріп, бүлдіргенін жеп ержеткен ұланыңмын. «Қайнарым менің, Жылдарым менің, Алыстап кеткен балғын шақ, Төгіле тасып, Төсіңе басып, Бір ған сәтке жай құшақ!.. – деген мәтіні бар әннің иесімін...».*

*«Құрметті Әнуар Әлімжанұлы!*

*Қазақ КСР халық депутаттары сессиясында Абыралы ауданының құрылуын жақтап және қасыңыздағы әріптестеріңізге біздің қасірет шеккен ауыр жағдайымызды түсіндіріп, дауыс беруіңізді өтінеміз. Сөйткеніңіз тәуелсіз Қазақстан үшін, әсіресе Семей полигонын жабуға мұрындық болар еді. Бұл мәселеге сіз қаламы жүйрік һәм ойлы, намысқой азамат ретінде ат салысады деп сенеміз!..»*

*«Қайнар» совхозының еңбекшілері атынан А. АҒЫБАЕВ, Ұ. ЖАБАҒИНА, М. ЕСЕМБАЕВ, Н. ФАЙЗУЛИН, Б. ЖӘКІШОВ.*

*Хат мәтіні «ҚӘ» газетінің 1990 ж. 30 қараша күнгі санында жарияланған<sup>1</sup>.*

Абыралы перзенті, әдебиетші ғалым-жазушы Рымғали НҰРҒАЛИҰЛЫНЫҢ «Социалистік Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 4 қаңтарда жарияланған «Абыройың арта берсін, Абыралы!» деп атаған мақаласынан үзінді:

*«1949-53 жылдардағы жарылыстарды көрсек те, ол кезде баламыз, мән берген жоқпыз. Университетті бітірген соң, 1963-64 жылдары Белоруссияда офицерлік курста жүргенімде «өте құпия» деген айдары бар деректі фильмді көрдім. Әуелі қуанғаннан айғайлап жіберіпін, өз ауылым, туған жерім, Тайлан, Балапан, Шөладыр, Тасбасқан, Мәремік, Таңбалытас, Жаңғызтау, Мыржық, Абыралы, Дегелең, Шаған, Қарасу, Ащысу өзендеріне бала күнімде шомылғанмын, таныс көлдер мен сулар көзіме оттай басылды. Басына шыққан төбелер, таулар. Жайылып жатқан мал: жылқы, сиыр, қой. Бір мезетте біздің жақта жоқ көп қабатты үйлер, машиналар, танкілер көрінді. Кенет атом бомбасы жарылды да, аспанға қызыл от шықты, саңырауқұлақ көтерілді. Келесі кадрдағы көрініс: бағанағы үйлер, қару-жарақ күл боп ұшып, мал жарықтық бырысып-тырысып бір уыс күйген тері болып, не түк қалмай жанып жатқанын көрдім де ағыл-тегіл жы-*

<sup>1</sup> Жоғарыда біз үзін келтірген көптеген жарияланымдарды Алматыда отырып қадағалап, газетке ұсынған әдебиетші ғалым Рымғали Нұрғалиев пен ғалым-экономист Нұрақым Райхан. Семей атырабынан солардың кейбірін ұйымдастырған мен едім. Әрине, маған түбі абыралылық тілеуқорлар көмектесті. Олар да ондаған адам. Ескерту парыз: біздің осы еңбегімізді екі-үш ай бойы қадағалап, реттеп, дер кезінде газет бетінде жарық көруіне «Социалистік Қазақстанның» сол кездегі қызметкері Қайнар Олжай үлкен азаматтық көрсетті. Тәңір жарылқасын дейміз!..

лады. Қасымдағылар: «Вот дурак, зачем плачешь?» — десті. Олар менің туған жерімдегі қасіретті қайдан сезінсін?..

Осы ауылда тудым. Осында мектепке бардым. Мен жұмыс істегелі отыз жыл болды. Атом бомбасын сынаудың барлық қасіреті көз алдымда өтті. Менімен бір партада отырған жоғары білімді азаматтар, бірі зоотехник, бірі инженер, бірі мұғалім, бірі совет қызметкері, тепсе темір үзетін, кешегі Кәден Айқымбаевты, Бақтияр Жөкебаевты, Орынтай Жексенбаевты, Орынғали Садуақасовты қыршынынан қиып түскен атом бомбасының кесепаты емес пе? Солардың ажалының сұрауы қайда? Жазықсыз олтірілген ер азаматқа құн төленбеуші ме еді? Қасымызда жүрген көкөрім жастар Арқарбай, Сапыш, Мәкен, Нариман неге қартаймай олды? Тұтас шаңырақтар неге құрыды, ағайын? Бәрі атом бомбасының құрбаны. Полигон жабылмай, көзіміз ашылмайды.

Осыдан табаны күректей қырық екі жыл бұрын Сталин мен Берияның қылышынан қан тамып тұрған заманда Сарыарқаның төсінде, қазақ рухының кіндігі іспетті топырақта өмір сүрген бейбіт елдің төбесінен тұңғыш атом бомбасы жарылды. Бертінде ғасырлық қылмысқа айналған трагедияның басы еді бұл.

Көлдерінде аққу-қаз қонған, көгінде қазбауыр бұлттар қалқыған, үйір-үйір жылқысы шұрқырап, отар-отар қойы жусап, келе-келе түйесі маң-маң басқан еркебұлан өлке әскери күштердің тепкісімен, бастарын сауғалаған боркемік басшылардың құлдық психологиясы кесепатынан атом бомбасының жын ойнақ, топалаң полигонына айналды.

Елден ел ажырады. Абыралы ауданы быт-шыт болды, жан жаққа босубасталды. Кесепаты мол ауырулар қаптады. Қаз дауысты Қазыбекті, Жанақ ақынды, ұлы Абайды, Мұхтарды, Әміре, Байғалиды, Бибігүлдей дүлділ әншілерді туған киелі жер қорлық пен зорлыққа тап болды.

Осы әділетсіздікті түзетуде Қазақстан баспасөзі, ең алдымен бас газетіміз «Социалистік Қазақстан» батырлық жасады. Жылаған елдің көз жасын сүртіп, маңдайынан сипады, үміт шырағын жағып, сенім байрағын көтеру үшін тек қана 1990 жылдың жазы мен күзінде ондаған мақалалар жариялады. Бұл күресте «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Семей таңы», «Иртыш» газеттері де айтарлықтай демеу көрсетті. Бұл күресте мемлекет қайраткерлері, халық депутаттары, ғалымдар, жазушылар, ең бастысы еңіреген елдің кәрі-жасы бір кісідей атқа қонды. Сол күрес тоқтаған жоқ. Одан әрі жалғасуда. Бәріне де Абыралы елі мен Семей жұртшылығының атынан рақмет айта отырып, күресті жеңіске жеткенше жалғастыруға шақырамыз! Абыралы ақиқаты — әлі айтылып бітпеген күрес алаңы. Ел үніне құлақ салыңыз: бір қасірет, бір қайғы, бір үміт, бір тілек дейміз...

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: қырық жыл шайқастық, ар-ұждан, адамгершілік, иман шайқасының жеңіс туы желбіреді, атом бомбасының ажал тырнағында қалған жұрт енді кеудесін котерер, тәңір жазса, полигонның да ұзамай көзі құрыр. Абыройың артсын, жан мен тән жараң жазылсын, Абыралы! Енді сенің телегей-теңіз коз жасыңды көрмесін жаңа ұрпақ, жас буын».

Желтоқсанның екінші аптасы орталаған кез еді. Таңғы сағат сегіз шама-сында үйімдегі телефон ұзақ шылдырлады. Трубканы көтерсем – Семей обкомының идеология бөлімінің меңгерушісі Қабидолла Шотанов, әкесі Шотан ақсақалмен Қызыл Қайнарда ондаған жыл құдайы көрші болдык, ерекше сыйластықта өмір сүрдік.

– Медеке, тезірек келіңіз. Бірінші хатшы тосып отыр.

Оразамды ашпай жеттім. Қала іргесіндегі «Киров» кеншарының директоры Дүйсенбай Қошқарбеков екеуі қабылдау бөлмесінде күтіп тұр, секретарьға бірге кірдік.

– Небәрі екі апта демалысқа кетіп едім, жаз бойы әзірлеген шаруамыз қатерге тап болыпты. Қарағандылықтар бүлдіріп жатыр... Шотанов нұсқаусыз сірәда кимылдамайды. Ал, мына Абыралының жанкүйері Сәрсекке шалдың баласы кербез қатынының қасынан бір адым ұзағысы келмейді. Қошқарбеков сен де... – Біршама жекуден соң хатшы аптығын басты. – Қысқасы, Қарағандыға қосылған үш кеншардың еңбекшілері мақұлдаған, Абыралыға қосыламыз деген хат керек! Жоғары Кеңес мәселені 15 желтоқсанда қарайды. 12 күні сол тізім Қарамановтың қолына тиюге тиіс. Осы қазір Қайнарға аттанындар, сылтау айтқан сөз маған қажет емес. Хат, тек қана хат керек!..

Хат мәтінін жедел дайындап, о күнде ксерокөшірме аппараты Семейде жоқ, обкомның роторына хаттың 40-50 данасын көбейтіп алып, екі уазикпен Қайнарға аттандық. Бір көлікті обком гаражынан міндік, екіншісі – Дүйсенбайдың машинасы. Қайнарға келісімен ауылдың бас көтерер азаматтарын және «Абыралы» кеншарынан да пысық жігіттерді алғызып, ілездеме мәжіліс өткіздік. Екі кеншар директоры Арқалық Ағыбаев пен Сарқыт Құлмағанбетов бес автомобиль дайындады. Сонымен 7 машинаға бөлінген жиырма шакты азамат келесі күні таң сәріде Абыралы сыртындағы үш кеншарға аттанып, дайын хатқа қол жинауды бастады. Жеті топ та екі тәулікте Қайнарға қайтып оралып, не бітіргені жайында есеп беруге тиіс...

Дүйсенбай екеуімізге жұмыстың ең ауыры тиді: «Доғалаң» мен «Бакты» кеншары, одан арғы Қарағайлы, Қарқаралы кенттеріндегі абыралылықтармен кездесу...

Бірде-бір елді мекенде жиын өткізген жоқпыз. Әрбір мекендегі беделді, өзімізді сыйлайтын үйлерге тоқтап, тиісті адамдарды сонда шақырып, қол жинадық. Әділін айтқанда, бірде-бір мекенде: «Әй, бұларын не?» деген реніш естімедік. «Жарайды, азаматтар, ел тағдыры деп келген екенсіңдер, Абыралыға көшер-көшпесімізді Алла біледі, бірақ ел намысы үшін қол қоямыз...» – десіп, сұраған тізімді әп-сәтте дайындап берді.

Желтоқсанның 11 күнгі кешкілікте Қарағанды облысына қоныстанған абыралылықтардың 1862 азаматы қол қойған (солардың 538-і: «Ауданымыз құрылса – Семей облысына қайтамыз...» – деген) тізім пакетке түсті. Қабидолла Шотанов дереу Семеймен сөйлесіп, Қайнардың үш азаматына ертеңгі ұшақтан орын дайындатты. Олар жана тізімді алып, таңғы сағат 8-де Семейде болуға тиіс...



Алматыға бұл жолы ақсақалдар емес, жасаң азаматтар аттансын деген пәтуаға келдік. Бастаушы Қайнар орта мектебінің сол кездегі директоры Болат Жәкішов, оған көмекші Абыралы ауылсоветінің төрағасы Жақсыберген Бейсекеев және қайнарлық акын Сейтқали Қалыбеков баратын болды. Үшеу де алғыр, ешкімнен қарызға сөз сұрамайтын пысық азаматтар. Сейтқали марқұм ғана акындарға тән елгезек, тілі де қыршанқылау. Мен осы азаматтың барғанын жөн көрдім, «Қажет сәтте бастықтың шымбайына тиетін қыңыр сөз айтудан тайынба, Хасен ақсақалдың шалт мінезі пайдаға шыққанын ұмытпа!..» — деген де ақылмен біршама жаныдым.



Қысқасы, үш азамат та кешкі астарын ішкен соң обкомның машинасымен, Шотанов бас болып аттанып кетті. Дүйсенбай екеуміз келесі күні қайтық. Үш жігітіміз сол күні-ақ үкімет төрағасының қабылдауына тап болып, өздері апарған тізімді Ұзақбай Қарамановқа тапсырыпты. Үкімет басшысы басын шайқап, «Жарайды, жігіттер, тізіммен үлгергендеріңе танмын, мәселені 15 күні шешеміз...» – депті.

Арнайы барған соң біздің жігіттер сессияға катысатын семейлік депутаттарға жолығып, өздері үкіметке тапсырған өтінішті қолдауды ескертіпті. Олар да «Қолдаймыз, қажет болса шу да көтереміз...» – десіпті. Шынында да шаруа керіскен даумен шешілген.

**Абыралы ауданын Семей облысының құрамында  
құру туралы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің  
қаулысы**

*Қазақ социалистік кеңес республикасының Жоғары Кеңесі қаулы етеді:*

1. Абыралы ауданы Семей облысының құрамында бұрынғы 22 қаңтар 1955 жылғы шекаралық шебімен, әкімшілік орталығы Қайнар кенті болып (Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына ертеректе берілген Ақтайлақ және Томар ауылкеңестеріне қарасты жерден басқасы), қайтадан құрылсын.

Абыралы ауданына Семей облысының Абай ауданында болған Абыралы, Ақбұлақ, Қараелең, Сарғалдақ және Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданы иеленген Алғабас ауылкеңестерінің жері түгелдей берілсін.

2. Қарағанды мен Семей облыстық халық депутаттары Кеңесіне осы ауылкеңестер аймағындағы барлық шаруашылық, өндірістік және ауыс-беріс шараларын ұйымдастыру жүктелсін.

С. Әбділдин Қазақ КСР Жоғары Кеңесі төрағасының орынбасары  
Алматы, 18 желтоқсан 1990 жыл

Тарихи қаулыны Семейде тұратын абыралылықтар сол кеште-ақ дастарқан жайып, жаппай қуаныштаумен қарсы алдық. Әлбетте бір-бірімізден сүйінші сұрап, өзара бас қосып, мәз-мәйрам болдық. Біздің үйде де сондай төтенше отырыс өтті. Әлкисса содан желтоқсанның 19 күні, таңғы жетінің шамасында үй телефоным дамылсыз шырылдап бақсын. Сөйтсем, Зарықбек Күзетаев, облыстық атқару комитеті төрағасының өндіріс пен қатынас саласын басқаратын орынбасары.

– Ояңдыңыз ба?.. Абыралыға барып, сүйінші сұралық, аға. Жер-жерде жиын жасап, Жоғарғы Кеңестің қаулысын әйгілеу қажет. Жарым сағатта аттанамыз...


– Әй, бауырым, жаз бойы мен осы шаруамен Абыралыға алты мәрте бардым. Барған сайын апталап жүріп, елге қозғау салып, үкіметке арыз жинап, шаршаған да жайым бар, денсаулығым да мәз емес... – деп бас тартып едім.

— Ой, аға, қыныр сөзді қойыңыз, жетінші мәрте барып, қуанышты хабарды тау арасында радио, газетсіз отырған шопандарға естіртесіз. Мұндай игі сапардан бас тартуға болмайды, бір мезгіл інілеріңізді де тыңдау керек!..

— Жарайды, қойдым. Жарым сағатқа мұрсат бер, ең құрғанда ұйқымды ашайын...

Сонымен, жарым сағаттан соң аулаға шықтым. Сөйтсем көлігі — «Волга». Орныма жайғасқан соң портфелінен алып, бір парақ қағаз ұсынды: алты-жеті мекеме тізілген: байланыс, автобаза, электр жүйесінің басшылары, тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары, тағы сондай халыққа қызмет ететін жүйелердің адамдары. «Осылардың бәрі бірер сағаттан кейін жолға шығып, түс ауа Қайнарда болады. Түнде бәрімен сөйлесіп, тапсырма бердім. Жаңа ауданның көкейкесті мәселелерін сол жерде отырып шешеміз. Облыстың екі басшысы осы шаруаны қыр елінде тындыруды маған тапсырды. Сізді де оятқаным содан...» — деген соң жайлы төсектен суырып алғандағы ренішімді ұмытып, көңілім көншіді.

Суыт жүріп түскі сағат екі шамасында Қайнар кеңшарының директоры Арқалық Ағыбаевтың кабинетіне жеттік. Ол бірден-ақ үйіне бастап, Валентина келіннің әзірлеген түстігіне отырдық. Шаруаны да дастарқан басында ақылдастық. Ақыры, үшеу ара «жә» дескен пәтуға келдік: ауданның қайта құрылғанынан бейхабар отырған, Қарағанды облысынан қайтарып алатын «Доғалан» кеңшарына Зарықбек екеуміз дереу аттанып, сол жерде жиын өткіземіз; ал, Арқалық Семейден келетін жеті машинаны кабинетінде күтеді және бәрін де «Доғалан» кеңшарының орталығына кешке таман бастап барады; өйткені түйткілді көп мәселе, дау-дамай сол шаруашылықтан өрбуі мүмкін...



*Абыралы ауданының орталығы — Қайнар кенті*

Іле-шала Доғалаңға аттандық. Айналма тас жолмен емес, әлдеқайда ұрымтал төтеге түсіп, ширек сағат жүйткуден соң Доғалаңның Абыралымен шектесетін шеткі қыстағының тұсына келгенімізде, жол бойындағы тақиядай төбенін басында ербиіп тұрған сарғыш түсті «Волга» машинасын көрдім. Ол да бізді көріп тұр. Жүргізушіге: «Сәл, аялда», – деп машинаны тоқтатып, сыртқа шықтық. Қарауылшы да бөгелген жоқ, бізге туралай түсті.

Қарауылға шыққан Доғалаң кеңшарының атақты шопаны Ахат Есімханов екен, әлденеше орден иегері, партия съездерінің делегаты, жолшыбайғы қыстақтың бас шопаны, талай мәрте үйінде қонақ болған сыйлас інім. Амандасудан соң екі бейтанысты бір-біріне таныстырдым да: «Зарықбек, бұл аған жай шопан емес, сезігі күшті жігіт, – дедім. – Құрметті қонақтың қашан келетінін, қай жолмен жүретінін алдын-ала біліп, алдынан шығып, қарауылдап жүреді...». Зарықбектің сезігі ерен күшті: «Ахат аға, сізден сүйінші сұрағалы тоқтадық. Ауданыңыз құрылатын болды, Жоғарғы Кеңес кеше арнайы қаулы алды! Қайырлы болсын!..» – деп шопанның қолын құшырлана қысты. «Апырай, рас па? Түнде ұйқым бұзылып әлденеге елегізіп жаттым, радиосы құрғырдың батереясы істемей қалыпты. Біреу-міреу өтер деп жол тосқаным да содан... Сірә, рас болар, облисполкомның өзі айтып тұрған соң сенбеуге болмас?.. – деп абдырай сөйлеп, Ахат інім екеумізге аңтарыла қарады, – Жә, сендім. Ал, бауыр, сүйіншіге не қалайсың? Не қаласаң да беремін, менің жайымды мына Медекен біледі...».

– Күздік сойып па едің? – дедім төрелік айтуды өзіме икемдеп.

– Е, тай сойғамын, сендерге тағы біреуін жығамын...

– Артымызда жеті машина кісі бар, бәріде сенің ертеңгі камынды ойластыруға келе жатқан мамандар. Қысқасы, сүйіншіге бір қазан күздік тайыңның жыл-жұмсағын асқыз. Аудан тойын бүгін кеште сенің үйіңнен бастаймыз. Кеңшар орталығында жиын жасап, сол машиналардың екеу-үшеуімен кешкі қонаға қайтып келеміз. Сүйіншіден онай құтылатын болдың... – деген төрелігіме екі жақ та бас иді.

Кеңшар орталығына жетісімен кеңсеге жиын шақырттық. Қауырт жиналған жұртқа игі хабарымызды мәлімдеп, жарғыны оқып бердік. Бірақ, кеңсеге келген жұрттың қуаныштауынан гөрі түйткілді сұрағы молырақ болды: Егіндібұлақ ауданы бізден кеттіңдер деп, электр жарықты ертең-ақ үзіп тастайды; телефонның басындағылар да сөйтеді; наубайханаға ұн бермей, шөміштен қаққалы екі ай болды; дүкеннің де сөрелері қант пен шайдан босағалы неше апта; ал, Қарқаралы мен Қарағандыда оқитын бала-шағаға қалай қатынаймыз, Семейдің автобазасы бір аптаның ішінде арнайы автобус жүргізбесе – жағдайымыз мүшкіл... деген сипатты сұраулар тұс-тұстан өрістеп, жұрттың бәрі Зарықбек Күзетаевтың бетіне ожырая қарасты.

Менің тоқтау айтқан сөзіме ешкім құлақ асқан жоқ. Бетіме тура айтпаса да: «Жазушы жолдас, сенің қолыңнан сылдыраған сөзден өзге не келеді? Жаз бойғы үгітіңе тойғамыз...» – дейтінін сезіп тұрмын. Сол себепті батырып ештеңе айта алмай, Зарықбекке иек қақтым.

— Бұл сауалдарды сіздерден күткеніміз, ағайын, облыстық партия комитеті мен атқару комитеті сол мәселелерді жедел шешу үшін жаңа ауданға облыстық жеті басқарманың жетекші азаматтарын аттандырды, олардың ішінде электрді, телефон байланысын, жол қатынасын, нан мен шай жайын да қамдайтын азаматтар бар. Бәрі де жолда, сабыр етсеңіздер, бірер сағатта олар осында болады... — деп Зарықбек сәл аялдап, дәліз жақтан дабырды естіді-ау деймін, есікке қарап еді, залдың есігі айқара ашылып, бір топ азаматтар кірді. — Міне, солар, әлгі сұрауларыңызды осы азаматтар ертеңнен қалдырмай шешеді. Әрине, электр жүйесін мен телефон сымын тарту үшін кем дегенде бір ай керек. Оның да жай-жапсарын ойластырдық, қысқасы, сіздерді тарықтырмауға тырысамыз. Мамандар осы ауылдағы ахуалмен танысқан соң нақты ұсыныспен маған келеді. Күллі Семей облысының екі басшының тікелей бақылауында. Сол кісілердің тапсырмасы: аудан ресми құрылған күнге дейін, яки алдағы қаңтардың онына дейін тұрмыстық мәселелер толық шешіледі. Жә, тағы қандай сауалдарыңыз бар?..

Залдағы жұрт мұндай жедеғабыл әрекетті күтпеген тәрізді. Күпті сұрауларының бәріне жауап берген бейтаныс азаматтың сөзіне иланар-иланбасын білмей, біршама уақыт үнсіз отырып қалды. Содан бір уақытта орта тұстан, зейнеткер қарттардың бірі, алакөлеңкеде жете танымадым, бізге жақындап келіп:

— Әй, біздің ауылдың үлкен-кішісі, сендерді бүгін бүйі шаққан ба? Мына азамат не айтып тұр? Әншейінде ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін тілмәр шешендер қайда? Мына ініміз: «Абыралың қайта құрылды, полигон тажал жұттым деген ауданың қайтадан шаңырақ көтерді!» деп сүйінші сұрап тұрса — сендер қол соғып қуанып, рақмет айтудың орнына, «Нан жоқ, отын жоқ, жарық жоқ» деп мың жокты түгендеп, қайдағы-жайдағыны сұрайсындар... Менің ұсынысым: бұл жайсандарға дастарқан жайындар, әрбірі бір-бір малдың басын мұжысын, жеті машина кісі екен, жеті үйден дәм ішсін! Ал, төре жігіт, әке-шешен иманды болғыр, сені зарығып көрген-ау, шамасы, есімінді Зарықбек көйса?! Сен өзің қасындағы Медеу ініммен біздің үйге қонақ боласың!.. Қалғандарыңды Марат директор бөледі... — деп, қолындағы ырғай таяғымен тактай еденді түйгіштеді.

Сірә, естияр ақсақалдың ұтымды сөзі саналарына жетті-ау деймін, залдағы жұрт жапа-тармағай шуылдап, кенет дүркірей қол соқты.

— Біздің ақсақал жөн сөз айтты. Бірақ, жеті үй емес, екі-үш үйге бөлінесіздер, екі машина кісіні мен өзім көтеремін. Бұл кісілер ту Семейден келді, әуелі ас ішіп, әлденіп алған соң шаруа жайын жата-жастана сөйлесеміз... — деп кеңшар директоры Марат Смағұлов (Шаруашылықтың жай-жапсарын білетін пысық азамат еді, кісілігі де мықты жігіт болатын, бертінде кездейсоқ бір жағдайдан опат болды, амал қанша?!) жиынды ойға қонымды ұсыныспен аяқтады.

Қонақжай ақсақалға рақмет айтып, қасымызға тұтынушылар одағы төрағасының орынбасарын ертіп (заты шешен, қартандау кісі еді, аты-жөнін ұмыттым) Ахат Несіпқановтың қыстағы Қаратұмсыққа қайтып оралдық...

Абыралы ауданының 1955 жылы құлаған шаңырағын көтеру 36 жылдан кейін 1991 жылғы қаңтар айының 4-жұлдызында жүзеге асты. Игі шараны атқаруға К. Бозтаев, А. Еременко бастаған бірқанша облыстық басқармалар мен трестердің басшылары келін, жана ауданның алғашқы сессиясына қатысты. Әрине, бәрі де атом күлінің орнында қайтадан құрылған ауданның іргесін бекемдеу шараларын Қайнар кентінде жан-жақты ойластыру қамымен келген...

Алғашқы кезекте облыстық партия комитеті бюросының ұсынысы жарияланып, жана аупарткомның бірінші секретары және аудандық кенестің төрағасы болып Дүйсенбай Қошқарбеков сайланды. Ол болса осы елдің тумасы, еңбек жолын ветеринар санитары болудан бастап, «Қайнар» кеңшарының директорына дейін өсіп, одан кейін Абай мен Ақсуат аудандарында екінші секретарь, ауатком төрағасы болып та еңбек еткен, соңғы жылдары Шар ауданының өндіріс басқармасында және «Киров» кеңшарын басқарып, миллионер шаруашылық деңгейіне жеткізген тәжірибеге ие, неше алуан еңбек сатыларынан өткен, жасы да жігіт ағасы деңгейіне тақаған білікті басшы.

Ауатком төрағасының орынбасары міндеті Қадыр Қонысбековке жүктелді. Қаншама азаматтар аудандық деңгейдегі мекемелерді басқаруға сайланды.

К. Бозтаевтың Абыралы ауданының бірінші сессиясындағы сөзінен:

*«Қымбатты жолдастар! Ондаған жылдар бойы арман болып, атом құрбандығына шалынған Абыралы ауданының қайта қалпына келтірілуі — күллі облыс, республика жұртшылығы үшін зор қуаныш! Біріншіден бұл елім деп еңіреген халық ежелгі атақонысына қайтып оралуына мүмкіндік туғызса, екіншіден, осы төңіректі көп жылдар бойы торлаған атом алапатына мықты тосқауыл қоюдың амалы. Міне енді Абыралы біздің облыстағы 15-ші аудан болып өмірге келіп, шаңырағын көтерді. Қуаныштарыңыз ұзағынан болғай, Абыралы елі!..*

*Енді «істі неден бастау керек?» деген сұрақ туады. Меніңше, «тас түскен жеріне ауыр» дегенге сай, басты қиыншылық өздеріңізге түседі. (...) Облыс басшысы жөнімен айтарым: өз қалауларыңызбен бүгін сайлаған азаматтарға сенім көрсетіңіздер, аудан экономикасын жедеғабыл үдету үшін сіздерде жан-жақты ойластырылған нақты жоспар болуы шарт. Жаңғырған аудан сонда ғана оңалып, әлеуметтік жағдайы да қайыра түлейді, халық тұрмысын қауырт көтеру ісі де соған байланысты орлейді.*

*Қайтадан құрылған Абыралы ауданының жер аумағы 726 мың гектар, оның 25 мың гектары егін егуге жарамды, 10 мың гектар жерінде табиғи шабындық бар. Ауданда 16000 бас ірі қара, 200 мыңға таяу қой-ешкі, 4000 жылқы, 5 кеңшар қаратылды. Әлбетте 40 жылдан астам уақыт атомдық дүмпуден тозған жердің қайтарымы күрт азайды. Амал не, ауданның бұрынғы жерін түгендей алмадық. Сонсоң да жуық арада «Социалистік Қазақстан», «Самай» елді мекендері төңірегінен қосымша екі шаруашылық ашамыз. Кеше біз сол төңіректі арнайы араладық. Сол алқапта тұратын халықпен де ақылдастық. Біріншісінде 35, екіншісінде*

небәрі 25 үй бар екен, осы ауылдарды кәдуілгі кең салалы шаруашылыққа айналдыру үшін алуан жұмысты тыңнан бастау керек. Бір тәуірі, екеуінде де мектеп, сауда орталығы бар. Әлбетте соларға қосаметкей әлеуметтік нысандар салу қажет. Екі ауылдың да тозығы әбден жеткен. Бүгінгі жиынға облыстық басқармалардың бірнеше басшылары келіп отыр. Өлар да жаңа аудан үшін көмек беруге әзір. Қысқасы, алдағы жазға жұмыс жеткілікті. Тек соны тыңғылықты атқаруға сіздерде ынта болсын!..

Сіздердегі басты байлық — байтақ жер. Қолдарыңызға тиген осы жерді тиімді пайдаланып, мал басын барынша көбейту қажет. Сол үшін де ауданның еңбеккер қауымы биылғы жылы толді мол алуға, мал басын аман сақтауға жұмсауы керек.

Тағы бір үлкен мәселе — аудан орталығын көтеру. Кешегі-бүгінде бізге ұсынған айтқан, иә бүгінгі сессияда сөйлеген кейбір жолдастардың пікірі ауданның әкімшілік орталығын тың жерден салу қажет деген ойға ауысты. Біз соған да ойландық. Біріншіден, Абыралының ежелгі орталығы Қайнар кенті, соны өзгертуге қақымыз бар ма? Екіншіден, аудан орталығын бір жылдың ішінде тыңнан тік тұрғызу — қазіргі жағдайда өте қиын шаруа. Біздің ойымызша, қымбатты қайнарлықтар, көп үйлі Қайнар кентін қайтадан жаңғырту тиімдірек. Өйткені мұнда іргелі мектеп, Мәдениет үйі мен кеңселер бар. Меніңше, осы мекендегі шатырсыз тоқал үйлерді түгелдей қайтадан салу керек. Солардың ара-арасынан оқтай түзу көшелер тартып, сәнді де бойшаң жаңа баспаналар тұрғызып, жаңарған орталық жасауға болады... Биылғы жылы ауырухана ғимараты салынса, оған қоса кинотеатр, универсам, қонақүй, аудандық партия комитеті мен ауаткомның әкімшілік үйлерін салуға біз қаржы да, күш те бөлеміз. Соларға қосымша қарамы бір жүздеу тұрғын үйлер бой көтеруіне қолғабыс етеміз. Әрине, кеңселер мен үйлер жаңа, жарасымды үлгілермен салынуға тиіс. Қысқасы, үлгілі аудан орталығын тұрғызу ниетіндеміз. Бұл жұмысқа осында отырған облыстық басқармалардың басшылары түгелдей қатысады. Мысалы, мына алдыңғы қатарда отырған облыстық «Семмелиорация» бірлестігінің бастығы Жақан Ысмағұлов жолдас өздерінің қолындағы күш-көлігімен, жұмыскерлерімен Абыралы ауданына алдағы екі жылда 70 үй, оның 30-ын биыл салып беруге уәде беріп отыр. Біздің ойымызша, осы басқарманың өнегесін басқа жолдастар да қызу қолдайды деген үміттемін. Өздеріңіз де жаппай үй салыңыздар. Сол үшін мемлекеттен қарыз бергіземіз. Қаражат қана емес, құрылыс материалдарымен қажетінше көмектесеміз...

Сіздерге ескертер тағы бір қуаныш: полигонда биылша тыныштық; тегінде ол мүлдем тиылады. Әскерилер қарамағында сіздердің әлі де бірқанша жер бар. Алдағы уақытта сол жерді облысқа қайтаруға күш саламыз. Сол алқапта аса құнарлы және қоры қисапсыз мол көмір бар. Оны жер бетіне шығару үшін шахта салу қажет емес. Бір тонна көмір алу үшін, небәрі екі тонна жер жынысынан айыру қажет. Бұл енді аса тиімді іс. Сол сияқты біздің жерімізде ағат тастарының қоры да мол. Полигонды жабуға қол жетсе — ол да біздің несібемізге бұйырған шылқыған байлық...»



*«Абыралы — Дегелең» қоғамдық қорының президенті, ата-бабасының кіндік қаны жуылған Абыралы, Көкшетау атырабына деген перзенттік іңкәр сүйіншісін көп жылдан бері көрсетіп, қыр төсінде алуан ескерткіштер қойылуына мұрындық болып, ел қасіретін тарихи тұрғыда белгілермен айшықтаушы қайраткер азамат Марат Серікжанұлы Құрманбаев*

1991 жылдың жазында Абыралы елі көп жыл бойы зарыға тосқан ұлан-ғайыр өзгерістер басталды. Саржал мен Қайнар аралығында он шақты жыл бұрын салынған, Шаған өзенін іргесі бекем көпірмен ауыздықтаған тас жол қайыра жөнделіп, бетіне асфальт төсеу басталды. Бұл болса қиырдағы ауданға жеткен алғашқы және ең ділгер игілік. Өйткені, жолына қарап ел тірлігін шамалайтын заманда өмір сүріп отырмыз. Соған ілесе Қайнар мен келешекте ірге көтермек Таңат және Бегалин атындағы кеншарлардың тыннан таңдалған орнында тұрғын үйлердің құрылысы басталды. Оған да қосымша тас жолдар тартылды.

«Алғашқы екі жылда күллі аудан көлемінде 222 тұрғын үй, аудандық емхана, үш жерде дәрігерлік қосын, үш шаруашылықта тыннан орта мектеп пен оқушылар жататын жатақхана, кітапхана, пошта, сауда мен кеңсе үйлері, 12 елді мекенге телемұнара орнатылып, құрылыспен кәсіби шұғылданатын мекеме ашылып, техниканы жөндеу, бөлшек саймандар сақтайтын шеберханалар бой көтерді. Әскери зонаның өзімізге ұрымтал қалашығы «Г»-де әскерилерге жатақ болған төрт қабатты төрт үйі түп-түгел бізге беріліп, оның да кірніші мен бетон плиталарын, терезе-есіктерін сыпырып алып, аудан құрылыстарына жараттық...» — депті Дүйсенбай Қошқарбеков «Толағай тағдырым» атты естелік кітабының 308-бетінде.

Бұл болса тозған елдің қайтадан ірге көтеріп, шаңырағын түзеудің жорасы. Ең ғажабы, аудан үшін күрес кезінде газет бетінде жария еткен уәделеріне сай көптеген абыралылықтар Қайнар кенті мен жаңадан ірге көтерген кеншар орталықтарына көшіп келіп, жаңа құрылыстарға атсалысты. Білім деңгейіне орай қызметтер атқарды. Бәрі-бәрін түгендеу ширек ғасыр өткен соң қиын міндет. Сөйтсе де жадымда сақталған кейбіреулерін атаймын: Қайнар мектебінде он жыл бірге оқыған досым Төлеуақыр Нысанов Егіндібұлақтың атқару комитетіндегі мазалы жұмысын тастап, ержеткен балаларымен тік көтеріле көшіп келіп, «Жаңғырған Абыралы» газетіне редактор болды. Қазынадан тиген жөндем үйде бір жаз отырып, әкесі салған атақыстауына ұрымтал жерден, Қайнарбұлақтың көкмайса жағасынан шатыры әдемі қыстау үй тұрғыз-



*Дүйсенбай  
Қошқарбеков*



*Әбугали  
Бейсекеев*



*Нығмет  
Әбдікарімов*



*Хасен  
Раев*



*Қадыр  
Қонысбеков*



*Жұмағазы  
Смағұлов*



*Төлеутай  
Қамашев*



*Сүлеймен  
Медеуов*



*Тұрсынғали  
Тілеуленов*



*Жақсыберген  
Бейсекеев*



*Сейтқали  
Қалыбеков*



*Болат  
Жәкішев*



*Нұғман  
Сәдуақасов*



*Серікқазы  
Мейірханов*



*Нұрақым  
Райханов*



*Сарқыт  
Құлмағамбетов*



ды. Сондай үлгіні «Қызылту» кеңшарындағы орта мектепте директор болып, Қарауыл кентінде аудандық деңгейде мықты шенеунік атанған Серікказы Мейірханов та зейнеткерлік ғұмырын туған елінде өткізуді қалап, Қайнарға көшті. Менің бір сыныпта оқыған достарымнан Төлеутай Камашов, Ораш Әбдіқанов көрші елдегі мазалы жұмыстарын тастап, «Танат» кеңшарының кеңсесіне ауысты. Мал баққан, жанкешті еңбегімен абыройлы болып, омырауы орден мен медальдарға толған құрдасым Төлеукадыр Мұқашев Сарғалдақ өзенінің жағасындағы Ақтасты тастап, «Танат» кеңшарына көшіп, сиыршы кәсібін кенже ұлымен қайыра жалғастырды. «Доғалан» аулында бас экономист атанып, ел басқарудың алдыңғы легінде жүрген, Абыралы ауданын қайта құру күресінде ерекше белсенділік танытқан қайраткер ініміз Бейсен Иманақышов Қайнарға орнығып, ауаткомның белді бір бөлімін басқарды. Сол қатарда Бекен Көпбаев та болды. Әлбетте елім деген жанкүйерлер жүздеген адам (Бәр-бәрін түгендей алмағаныма кешірім сұраймын)...

Сол күндерде көңілді карадай көркейткен бір жағдай: Монғол елінің Баянөлгей аймағынан 376 отбасының (1800 жан иелері бар) Абыралыға қоныс аударуы аудан экономикасын күрт сауықтыруға үлкен көмек болды; әлбетте сол қауымның дені мал шаруашылығымен шұғылданды.

Тағы бір сүйсінерлік оқиға: Абыралы банкінде көмек қоры ашылып, оған күллі республика мен облыс аймағынан алуан молшерде қаржы құйылуы; сол істе өнеге көрсеткен бұрынғы қаржы министрі Рымбек Сымақұлы Байсейітов ағамыз; ол кісі сырқаттанып жатып, Абыралының басшысына: «Дүйсеш, мен қазір төсек тартып жатқан зейнеткермін, елге барып, туған жеріммен қауышуға дәрменім жоқ, сөйтсе де зейнетақымнан бір мың сом шашу қосып, күйеу



*Туған елінің жанкүйер азаматы — Аман Қапақов*

балам Насырды жіберіп отырмын. Ауданымыздың іргесі бекем болсын, айналайын!..» — деген сыңайда хат жолдапты. Хатты жеткізуші азамат сол кезде «Кендала» бірлестігінің (бұрынғы «Казсельхозтехника») бірлестігі бастығының бірінші орынбасары еді, Абыралының шанырақ көтерген тойына су жаңа ГАЗ-69 машинасын қайын атасының төберігіне қосқан үстеуіміз деп, өзі мініп келген көліктің кілті мен құжатын ұсынды (Осы бірлестіктің бас директоры да Абыралы тумасы, Мыржық бауырында өсіп өнген Бектеміс аулының кіші ұрпағы Аманкелді болатын, оның екінші орынбасары қайнарлық, әуесқой тарихшы Болатбек Нәсенов еді).

Ескертер бір гәп: сол жылғы жазда аудан халқы жан-жақты дайындық жасап, Жаман Абыралы тауының Қайнарға қараған шалқар төскейінде 40-50 киіз үй тігіп, палуан күрестіріп, ат жарыстырып аудан тойын жасады. «Той болған соң қу бас та домалайды» жорасымен жер-жерден байырғы абыралылықтар, немесе солардың бертінгі ұрпақтары шақыру алған, кейбірі шақыру болмағанына мән бермей, жаппай ағылған. Олар да жүздеген адам. Тек егде жастағыларын ғана атаймын: МҚК ардагерлері Шаймұхан Мұханов, Мұрат Исин, қаржыгер Айтқазы Дайырбеков, кинорежиссер Ораз Әбішев, Сапарғали Бегалиннің үлкен ұлы, адам дәрігері Хамит ағай, ағартушы Роза Есенжолова, Компартия арадагерлері Нұриден Қабышов, Сейтжан Төберіков, менің қатарлас замандастарымнан Мырзекен Құсымжанов, Нұрақым Райханов, Зейнолла Жұмаділов, Қарқаралы мен Қарағайлы атырабынан Қарлығаш Бәкенқызы мен Жәніс Құспанов, Зекен Қасымбеков, Зура Бекетаева, Теңізбай Әуесбаев, Серікбай Хамзин, Биғазы Іргебаев, Шәкен және Ажар Быхиналар, Максим мен Шәкіжан Омарбековтер, Қожагелді Жаныспанов бастаған қарамды топ, олардан да бергі жасаң абыралылықтар. Әрине, бәрі де құрқол емес, хал-қадерінше шашумен келген...

ЕСКЕРТУ: жыл басынан беріде Абыралы қорына Семей, Абай, Шұбартау, Жарма аудандарында қоныс еткен байырғы абыралылықтар бір айлық енбекақы, иә зейнетақыларын шашуымыз деп жарыса аударған; мен де былтырғы көктемнен бастап, биылғы 4-5 айда қаңтардан жыл ортасына дейінгі мерзімді баспасөзде жарияланған, кем дегенде жиырма шақты (облыстық «Семей таңы» мен «Иртыш» газеттерінің бірнеше сандарында берілген «Абыралының шерлі тарихы» немесе «Боль родной земли» аталған тарихи очерктерім үшін және өзгедей материалдар) мақала, естеліктеріме төленбек қаламақымды түгел аудардым... Байқасаныз, сол көмектердің бәрі де қайтадан шанырақ көтерген Абыралы ауданына ақадал жорамен әркім хал-қадерінше жүрек қалауымен қосқан, «тамшыдан теңіз құралады» деген жорамен жасалған ізгі ниеттен туған-ды. Мысал келтіремін: байырғы абыралылық Топанбай Әбдіқанов ақсақалдың шаңырағына ие болып отырған қосағы, өзі де біздің елдің тумасы Бибі апай 1991 жылдың басында Қарауыл кентінен Д. Қошқарбековке жолдаған хатында: «Дүйсен қарағым, Топанбай ағанның атұстар жалғыз ұлын қарауына жіберіп отырмын, талабына қарай қызмет бер, өзіне қолғанат болады. Аудан үлесіне бір айлық зейнетақымды жолдадым, оны да шашу ретінде қа-

былда!..» – деген сөздермен хат жолдапты. Кіші Топанбаев сол жылдан бастап, аудан тарағанша осы өңірдің коммуналды шаруашылығын басқарды...

Әрине, Абыралы ауданының шаңырақ көтерген тойы зор дүбірмен өтті.

Жадыраған шілде күні де нұрын аяусыз төгіп, шаңырақ көтерген елдің айран-асыр қуанышын құптаған шырай аңғартсын. Соған орай ондаған елді мекендерден, бірнеше облыстардың орталығынан, иә аудандарынан, әсіресе Семейден арнайы келген құрметті қонақтар мен байырғы абыралылықтардың жүздеген нөпірі бірін-бірі қуана құшып, мәз-мәйрам болған шаттық күн арқан бойы көтерілген сәттен басталып, қас қарайғанша созылғанына куә болдық. Сол той Жосалы бұйратының етегіндегі кең алаңда басталды. Сөз нөпірі тоlassыз төгілді. Бәрі-бәрін қайталау қажет болмас, көңілді селт еткізген, жаппай қуаныш туғызған кейбірін ғана еске аламын...

Талдықорған облысының Кербұлақ ауданының аупарткомының бірінші секретары Толеужан Садықұлов Абыралының «Социалистік Қазақстан» ұжымшарында туып, соғыстан кейінгі жылдарда Алматыда жоғары білім алған азамат. Ол да мінбеге көтеріліп, туған елін игі қуанышпен еміне құттықтап: «Кербұлақ ауданы сіздерге көмек ретінде 10 мың сом қаржы, 50 түйе, 10 тұрғын үйдің жабдығын сыйлайды...» дегенде, қасымда тұрған байырғы қайнарлық Аман Қапақұлына қозғалып аударып едім, асық ойнаған досым көз жасына ие болмай: «Жайсан інім, сені тапқан ананнан айналдым. Әкең де қалтасы тесік жомарт жан еді. Сенін елсүйер азамат болғаныңды өттен көре алмай кетті...» – деп кемсеңдеп тұр.

Әлбетте қайтадан шаңырақ көтерген ауданға тартылған сыйлықтар әр алуан. Соларды аз, иә көп деп бөліп-жарудың жөні жоқ. Мысалы, Семей атқару комитетінің атынан Менсапа Усманова «Жедел жәрдем» автомобилінің кілтін тапсырса, қаланың Ленин ауткомы төрағасының орынбасары А. Қасенов құны 60 мыңдық компьютерлік жабдықты Қайнар мектебіне тарту етті. Егіндібұлақ ауданынан қонақтар келіпті. Сол ауданның



*Қуаныш Бақытбекұлы Есекеев — алғырлығымен, ата-бабасынан дарыған үздік қабілетімен 21 жасында ғалым атанған Абыралы азаматы*

«Абай» кеншарының директоры Қайнар кентінде салынып жатқан бір үйдің жабдығын сыйлайтынын мәлімдеді.

Қайталауға мәжбүрмін: мұндай сыйлықтар аз болған жоқ. Шындығын айтқанда, сол тартулардың аз, иә көптігі емес, әрбір жоралғының ядролық жарылыстар қаусатқан елге алыс-жақындағы ел атынан ұсынылуы көңілді көншітіп, тәубе дегізгені еді...

Сондай шаттық өзге қонақтардың да жүрекжарды сөздерімен жалғасты.

– Айналайын ардақты елім! Менің сексен жастың сеніңіріне жақындаған қартаң көңілім бүгін баладай жасарып тұр. Бойымды қуаныш кернеуде. Бала күнімде қозы

бағып, жуа терген немесе алтыбақан теуіп, тайжарысқа қатысқан бағзы ауылдастарыммен қауышып, шексіз бақытқа кенелдім. Көптен көрмеген туыстарыммен кездестім. Менің айтып тұрған жерім – әне, Жаксы Абыралының ту сырты. Осы қуанышты маған сыйлаған азаматтар – Бозтаевқа, мына Дүйсенбай балама, облыстан келген обком хатшысы Нәсен Сембаевқа, милиция бастығы генерал Мұрат Қалматаевқа, кәсіподақ бастығы Нығмет Жотабаевқа, тағы каншама жайсаң іні-қарындастарым, бәріне де рақмет айтамын, менің жасымды жасандар!.. Осы қуанышымды мен енді әнмен білдіремін. Мені жұрт банкир деп біледі, бірақ Абыралының теріскей баурайында қозы бағып жүрпін ән де салған пақырмын... – деп Айтказы Тұрсынбайұлы Дайырбеков ағамыз микрофонға еңкейе түсіп, сөзін жалғады. – Домбыра, гарьмонсыз-ақ Баянаула жақтан біздің елге ертеде тараған, атақты Шорман әулетінің ауыл ағасы Сәдуақас Мұсаұлының «Ардақ» әнін айтамын. Бұл әнді өзіміздің Әміре дүлділ Қашаубай баласы келістіре шырмаушы еді. Мен болсам сол дүлділдің кішкентай шәкіртімін. Аузыма түкіртіп, бұл әнді өзінен үйренгенмін...

*«Ой, Ардақ, сен ақ қоян шыңнан қашқан,  
Артыңда мен ақ сұңқар түлеп ұшқан...»*

Ғажапты қараңыз: Айтказы ағаның саяси жиынды сөзжарысқа емес, кенет әнге айналдырған үлгісі өзге де шешендерге үлгі болды.

Сөз кезегі Жаныс Тұяқбаев ақсақалға тиді. Ұйымдастыру комиссиясы полигонға қарсы күресте бел шешіп аянбай кіріскен қайраткер ақсақалды бәйбішесімен шақырыпты. Жосалы бауырындағы киіз үйлердің қайсына жақындаса-ақ Жакеннің алдынан шығып, ақ кимешегі төгіліп, кең етек көк көйлегі жер сызып, үстіне қызыл барқыт жеңіл камзол киген бәйбішесі екеуін үй иелері алдынан шығып, төрге шақырудан жаңылмаған. Өйткені, нақ осы Жакен былтырдан бергі алқалы жиындарда, Алматы мен Мәскеуде өткен конгрестер мен конференцияларда халық атынан сөз ұстап, менменсіген талай шенеунікті, әсіресе Ильенко сияқты генералдардың жағасынан алған айтқыш та, адуын шешен. Естуімізше, Жакеннің ең соңғы айқасы КСРО үкіметінің төрағасы Н.И. Рыжковтың кабинетінде биыл болған: Семей полигонының тағдыры қаралған үлкен жиында, күллі семейліктердің атынан сөйлеген ол шексіз көп жарылыстардан әбден қажыған, жұтаған елдің мұңын, жердің құнын жоқтарда көз жасын төгіп тұрып, көсіле сөйлеген (Бұл тұрасында маған Кешірім Бозтайұлы біржосын тәнті болған ризалықпен сүйсіне айтып, «Нағыз кеменгер адам, оқымаған қазақтың данышпаны. Сөзді түйдектеп төккенде, әрине, орыс тілінде сөйлеп тұрып, титтей қымсынбайды. Бастауыш, баяндауыштарды белінен басқанын ескермей, ойын нақты жеткізеді. Баяғы заманның билері сияқты. Сірә, арғы тегі де осал емес...» – деп ризалық білдірген-ді).

– Абыралы – біздің Сарыарқаның шығыс пұшпағына орныққан қасиетті тау. Демек, оны жайлаған ел де осал емес. Соңғы қырық жылда осы жер мен

ел тағдыры үшін басын қатерге байлап, аянбай еңбек еткен барша азаматтарға ризашылық білдіріп, бас иемін. Біз жеңдік. Тәубе деймін! Бірақ, жайбаракаттық жараспайды. Бел шешу де әлі ерте. Біз, қазақ халқы, жанартаудың үстінде отырмыз, ағайын! Күндердің күнінде осы өңір жарылысқа түсуі әбден мүмкін. Мұны мен биыл Мәскеуде бөлғанда айқын сездім. Америка ғалымы Лаун мен мәскеулік кемеңгер Кузин өздерінің жүрекжарды сөздерінде бізден кейінгі адам баласының алтыншы, иә жетінші ұрпағы осы күнгі бейнесінде сақтала ма, әлде тұқымы азып маймылға айнала ма... белгісіз деген қауіп айтты... — деп еміне шалқыды Жаныс карт. — Мен өзім қазақтың қажартысын жұтқан ашаршылықты да, соғысты да, атомдық жарылыстың да азабын шаш етектен тартқан адаммын. Асарымды асадым, жасарымды жасадым. Ендігі тірлігім ұрпағымның келешегін қамтамасыз ету жолында... Осы жайтты ойласам әрдайым ұйқым қашады. Мүлік те, дүние де, машина да тозады. Ал, бізге тозбайтын ұрпақ өсіру керек!.. — деген соң қолындағы микрофонды қасында тұрған бәйбішесіне ұсынды.

Ол кісі де «ағама жеңгем сай» дегендей, өнерге қаражаяу кісі емес екен.

— Мен Қарқаралыға — келін, Абыралыға — құдағи кісімін. Жаныс ақсақалымның арқасында бүгін сіздерге құрметті қонақ ретінде келіп тұрмын. Аудан болып шанырақ көтергендеріне көңілім тасыған қуаныштамын. Соны енді ақын болмасам да өлең сөзбен кестеледім... — деп Жазира ана ашық дауыспен жүрегінен суырған өлеңі шумақтарын төкті...

*«Абыралының тасы биік, шөбі сұйық  
Ойнаған бауырында марал-киік.  
Кешегі тай-құлындай ойнақ салған,  
Жігіттер келіп отыр басын иіп...»*

*Тойларың құтты болсын, балаларым,  
Құттықтап келіп жатыр аналарың.  
Құт берекені халқыңа қайта оралтқан,  
Жарандар арта берсін бағаларың!..»*

Сөз нөпірі тоқтап, алқалы жиында бас қосқан жұрт үйді-үйге тарап, түстік астан соң палуандар белдесетін, сайгүліктер бағы сыналатын кең алаңға ойыстық. Бұл жораның да қызығы-шыжығы аз болған жоқ. Оның бәрін сөз ету қажет пе? Сол күні кездейсоқ аңдап, жадыма түйген бір жайт мені осы күнге дейін таң қалдырады. Абыралының егде карттары ат шабысын тамашалап тұрып, кенет: «Әне бір атқа қарашы, Сәлменнің «көкаласына» ұқсайды, ал мына бір қылаң Ешмағанбеттің «құласы», ал анау көмірдей жылтыр қара «Шәріпханның қарагері» деп таңдайларын қағады. Айтып тұрғандары — 1937-38 жылдардағы аласапыран уақыттан немесе кешегі қантөгіс майданнан қайтпаған ел азаматтарының кеңседе ұстаған сайгүліктері. Шәріпқан болса Орджоникидзе атындағы колхоздың басқарма бастығы, оның қарагері Абай-

дың жүз жылдық тойында екінші боп келген қылап жүйрік. Сол естелікке елігіп, мен де соғыстан қайтпаған Төлеу ағамның қарагер атын есіме алдым. Естуімше, ағатайым оны құлын күнінде өзіме меншік ат болады деп, Семей базарынан сатып алып, мәпелеп өсірген. Шынында да ол мініске мықты ат болатын. Сайгүлік аттарды да әскерге алғанда аудандық әскери комиссар соны майданға жібермей, өзіне мініс ат еткен. Қарагер ат байлаудан босасақ-ақ Қызыл Қайнардағы біздің аулаға шауып келіп, өзі жем жейтін астауды иіскеlep тұратын-ды. Малсақ әкем көзінен аққан жасты сорғалатып жүріп, мөлііп тұрған атқа жем де, су да беретін-ді. Содан бір сәтте: «Маған енді қайт дейсін, сорлы жануар, иең саған да, маған да жоқ...» – деп аттың жалынан сипап, ауладан қуатын-ды, болмаса мені жайдақ мінгізіп, комиссариат кеңсесіне апар дейтін-ді...

Жұрт соңында Дүйсенбай Қошқарбеков сөйледі. Айтуынша, жыл басында шаңырақ көтерген Абыралы ауданына биыл табиғат та аса мейірімді болып, бес шаруашылықтың басшылары көп жылдан бері қолы жетпеген өзгеше табысқа ие болыпты: қой отарларына 120379 қозы қосылыпты, яғни әрбір жүз саулықтың соңынан 101-ден қозы өрген; яғни жобаланған мөлшерден 13 мың төл артық туыпты; соның есебінен аудан биыл бір мың тонна етті мемлекетке артық тапсырмақ... Кеңшарлар бойынша алдыңғы орынға «Абыралы» шаруашылығы шығып, әрбір жүз саулықтан 106-дан төл алыпты, екінші орында «Ақбұлақ» кеңшары 102-ден қозы алған; жер көлемі мен төрт түлігі молырақ «Доғалаң» мен «Қайнар» кеңшарлары да бағымдағы саулық соңынан төл ерткен. Кешірек шаңырақ көтерген Бегалин атындағы және «Таңат» шаруашылықтары да алдыңғылардан қалыс қалмаған. Қысқасы, өзге түліктің өсуі мен өнімі де көңіл көншіткендей. Түйіп айтқанда, аудан шаруашылықтары алғашқы алты айда мемлекет жобалаған табыс қорын 1,9 миллион сомға арттырған. Күллі аудан атырабында қауырт басталған құрылыс жұмыстары да ойдағыдай жүріп жатыр, асфальт жол да аманшылық болса күзге дейін аяқталмақ...

Соның бәрін тізе келіп аудан басшысы жоқтан бар болған Абыралы ауданына қамқорлығы мол ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа, облыс басшылары К.Б. Бозтаев пен А.С. Еременкоға, қолында бар мүмкіндіктерді пайдаланып, аудан қажетін өтеуге, әсіресе құрылыс жұмыстарын жаз шыға қауырт өркендеткен басқармалар мен трестер басшыларын түгелдей атап тұрып, осы атыраптағы ел атынан рақмет айтты. «Жаралы жерді қайта жаңғыртпақ болған елді мәнгу ұйқыдан оятып, ауыр күреске жебеген сіздердің батыл да нақты көмектеріңізбен, міне, Абыралы ауданы қайтадан көтеріліп, еңбек қазанын қайнатуды бастады. Сол оқиғаны күллі көршілерімізбен бірге, облыс болып қуаныштап отырмыз. Осы қуаныш тек ұзағынан болғай!..» – деген сөз де той иелері атынан айтылған еді...

Бірнеше мың адамның ниет-пиғылы бір үміт, бір тілекпен қосылып, іргесі бекемделген Абыралы ауданы, амал қанша, ел тарихына рынок атты төтенше науқан 1997 жылы сап еткенде, алғашқы кезекте таратылып, бес ауылкенес болған қалпында, күллі шаруашылығымен Семей қаласына қосылды. «Сол қарсаңда аудан шаруашылықтарында 58 мың бас қой-ешкі, 4.200 бас жылқы, 3 мыңға жетер-жетпес сиыр бар еді. Әрине, мұндай «байлықпен» күллі аудан халқын асырау қиын шаруаға айналған-ды...» – депті Дүйсенбай Қошқарбеков шер мен мұңға толы естелік кітабында.







# ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫН КІМ ЖАПТЫ?



**В**ПК бастығы, КСРО үкіметі төрағасының орынбасары И.С.Белоусов 1990 жылдың басында К.Б. Бозтаевқа телефон шалып, «Сіздерде биыл сынақ жасалмайды», – деген (ВПК сол жылы Семей полигонында 9 жарылыс жасауды жобалаған, КПСС ОК-пен тек рұқсат ала алмаған). Соны біз халықтық күрестің жеңісі деп ойлағанбыз. Тек бекерге қуаныпшыз.

Мәскеуден сап еткен тосын оқиға жағдайымыздың құбылмалы екеніне еріксіз мойындатты: «Правда» газеті 12 ақпандағы санында радиолог-ғалым А.Ф. Цыбтың редакция тілшісімен «Семей полигоны. Аңыздар, лақаптар және шындық» деп атаған, ғылыми айғақтармен өрілген едәуір көлемді сұхбатын жариялады; анығында сол да Орталық Комитеттің тапсырмасымен жазылғаны сөзсіз... Өйткені, мақаланың әр тармағы осы сұхбатта баяндалған тұжырымға қазақстандықтардың сенімеіздік жариялауын мүлдем қажетсізбейтін ғылыми ақиқат... дегендей өктемдігі зор топшылаумен баяндалған. Ең шатағы, сол «үкімді» жариялаушы – Бүкілодақтық Радиология институты-

ның директоры, КСРО Медицина академиясының корреспондент-мүшесі, профессор А.Ф. Цыб. Ғажап гәп: мәскеулік білімпаз Семей конференциясында былтыр өзі көпшілікке мінбеден мәлімдеген: «Жиі жасалған сынақтар салдарынан жергілікті тұрғындардың ауыр дертке жаппай ұшырағаны – ақтауға болмайтын өкінішті шындық. Семей полигонын біржола жабу мәселесін мен жүз пайыз колдаймын...» – деген өктем тұжырымынан мүлдем айнаған Анатолий Федорович: «Полигон территориясы, оның төнірегіндегі аймақтың радиация бөлшектерімен ластанғаны бекер, семейліктердің дертке шалынуы – мүлдем басқа себептен...» – деп, өзі басқаратын институт мамандары осы мәселені қайыра зерттеп, өзгеше тұжырымға келгенін, яғни алты ай бұрын Ертіс жағасында, конференция мінбесінен жұртқа естірткен пікірінен айнап, басқаша жайттарды сөз еткен. Неге? ВПК-нің, әлде ОК-тің өкімі күшті шенеунігі: «Әй, ғалымсымақ, су ішіп отырған құдығына түкірме!..» – деген айбарынан сескеніп, ғалымдық ғана емес, дәрігерлік борышына да сатқындық жасаған...

Осы тұжырымның дәлеліне Анатолий Федоровичтің 1989 жылғы 19 шілдеде Семей конференциясын жабардағы қорытынды сөзінен үзінді келтіремін:

*«Қымбатты семейліктер, обыр сырқатынан шетінегендердің есебі сіздерде өте-мөте дәйексіз жүргізілген, өйткені, жергілікті дәрігерлер өздерінің басты міндетіне жауапкершілік сезінбей, өлім туралы сараптамаларға үнемі жалған деректерді тіркеген. Сондықтан да онкодиспансердің есебі мен ЗАГС-тегі өлім туралы деректер өзара сәйкеспейді. Сол себептен де Радиология институтының мамандары Семей қаласы мен облыс тұрғындарына радиацияның қалыптан тыс шоғырланған зиянды әсері ұзақ мерзімге созылғанын, осы аймақта онкологиялық ауырулардың қауырт өршігенін нақты деректермен байланыстыра алмады. В.И. Степаненко ғана біздің экспедиция мұрағаттан суырған ескі есептерді қайыра сараптап, полигонмен іргелес аудандардағы халықтың онкологиялық ауыруларға шалдығуы одан алысырақ жерде қоныстанғандардан 2,5 есе көбейгенін анықтады. Бұл енді кімді болсын шошытатын сорақы дерек! (...) 1954 жылдан беріде обыр сырқаты Семей тұрғындары арасында өзімен іргелес Павлодар мен шалғайдағы Петропавл қалаларына карағанда, үш есеге жуық көлемде зорайған. Тағы бір өрескел жайтты мәлімдеуге мәжбүрмін: Денсаулық сақтау министрінің құпия бұйрығымен Семей қаласында онкологиялық дерттің кенеттен өршу себебін зерттеуге соңғы жылдары тиым салынған. Неге? Бұл мәселе де жан-жақты тексерілуге тиіс...»*

Семей облысы тұрғындарының денсаулығын екі айға жуық уақыт зерттеген одақтық экспедицияны басқарған, сол істе білімпаздығын аңартумен қоса азаматтық болмысымен шынайы ғалым екендігін аңғартқан А.Ф. Цыб конференция мінбесінен жергілікті дәрігерлерді бейшара етіп аяусыз мінеген сөзін ұмытып, алты айдан кейін «Правда» газетінде өзгеше сарында сайрауы түсініксіз құбылу. Анығында бұл өзіне жүктелген міндет пен парыздан бас тарту.

Одақтың бас газетінде жарияланған сұхбатының кіріспесінде Анатолий Федорович өзі басқарған экспедицияға Совет Одағының радиация білгірі атанған 50 шақты жетекші ғалымдары және жергілікті мамандардан 140 адам қатысканын, сол ізденіске қоғамдық сипат беру үшін әртүрлі қауымдастық өкілдері мен «Невада-Семей» қозғалысының белсенді мүшелері де өздерімен тізе қоса жұмыс істегенін арнайы ескерткен. Сол мамандардың 1957 жылдан беріде жабық мұрағаттарда сақталған деректерді, Семейдегі 4-диспансердің материалдарын қайыра сүзгенін де арнайы сөз еткен. Нәтижесінде нақ солар ядролық жарылыстар ауада және жер бетінде жүрген алғашқы 14 жылда полигон төңірегіндегі халықтың 10 мыңы радиация сәулелерін алып, әртүрлі мөлшерде зақымданғанын нақты анықтаған (Полигонға ұрымтал аймақта сол қарсаңда 85 мың адам тұрыпты).

«Демек, сынақ алаңына ұрымтал мекендердегі тірі пенденің бәрі де зақымданды деген пікір жаңсақ. Біз шұқшия караған құжаттарда әрбір 10 кісінің екеуі ғана (?) радиация шоғырына тап болған... – дейді Цыб газет тілшісінің сұрауына қайтарған жауабында. – 4-диспансер тексерген 10 мың адамның бәрі бірдей радиациямен зақымданбаған, солар қабылдаған сәуле шоғыры да бірдей емес, ала-құла, 2-ден 160 бэр шамасында. Ал, Семей облысының халқы жарылыс жер бетінде жүрген жылдарда небәрі 2 бэр сәуле қабылдаған. Әлбетте сынақ жер астына түскен соң сол залал мүлдем жойылып, ауа да, жер де радиациядан құлантаза тазарды...». Цыб экспедициясы 10 мың тексерілушінің 1949 жылдан беріде небәрі 55 адамы обыр ауыруымен жер жастанғанын хаттамаға тіркеген-міс. Және ол 824 науқастың осы күнге дейін тірі жүргенін де ескертеді. Радиолог ғалым 1949-1989 жылдар аралығында жергілікті КГБ жүйесінің талабымен облыстық денсаулық сақтау бөлімі ақ қан және обыр дертімен ауырғандар мен радиофобия салдарынан өзіне қол жұмсағандардың сырқаты ресми есептерде қасақана өзгертіліп, яки басқа дертпен тіркелгені туралы ләм-мим демейді. Яғни кім-кім, тап өзі Семейде өткен былтырғы жиынның хаттамасына жазылған, жергілікті дәрігерлердің шейіт болғандардың дерттері ресми актілерде бұрмаланып көрсетілгенін өз сөзінде қынжыла сынағанын мүлдем ұмытқан.

Рас, 1949-1963 жылдар аралығында жер бетінде, ауада жасалған жарылыстардың сәулеліктер үшін аса қатерлі болғанын ол ішінара мойындайды. «Алайда, арада өткен жылдар сол қатерді айтарлықтай бәсеңдетті. Обыр дертінің осы аймақта өршуі қазірде тоқтады. Радиациямен зақымданған ошақтар облыс жерінде жоқ. Енді мынадай дерекке назар салыңыз: Семей облысындағы әрбір жүз мың адамның 99-ы немесе 216-ы ғана ауыратынын біздің мамандар шүбәсіз анықтады; осы айғақты Кеңес Одағындағы әрбір жүз мың жан иесінің 235-і ғана обыр дертіне шалдығатын айғақпен салғастырыңыз; осыдан-ақ Семей облысындағы онкологиялық ахуалдың көңтерімді екендігі түсінікті...» – дейді Анатолий Федорович.

Радиология институтының жетекшісі одан әрі: «Семей облысы мен оның төңірегіндегі қалалар мен аудандарда, Алматыда, Алтай өлкесінде соңғы жылдары ерекше өрбіген наразылықтың себебі неде?» – деген сауалға да түсінік беріпті. Сөйтсек, басты себеп – осы өңірдегі радиологиялық білім-танымның төмендігі, байыпты зерттеу жүрмей, жұрт арасында жолды болған үрейдің салдары-мыс. Сол себептен де ол: «Алматыда осы іліммен түбегейлі шұғылданатын Экологиялық және радиологиялық медицина институтын жедеғабыл ашып, оның филиалын Семей қаласына орналастыру қажет. – дейді мәскеулік ғалым. – Біріншіден, бұл Ертіс атырабындағы жүздеген мың адамның денсаулығын тұрақты бақылауға, радиация туралы түсінікті кеңейтуге септігін тигізетін игі шара болады. Екіншіден, осы атыраптағы жұрт көп жылғы тарсылдан үрейге ұшыраған. Сол қатерді бірер жылда жою қиын іс. Тарсыл басылды-ақ құдықтағы су әлдеқайда жоғалып кетеді. Су ғана емес, тышқандар да... Соның бәрі осы өңірдегі тұрғындардың ұйқысын бұзып, «Жарылысты тоқтат, қу жанымызға тыныштық бер, әскерді де әкет!..» – деген жанай-

қайымен күллі халықтың ереуілге шығуына түрткі болуда. Мен семейліктердің ашу-ыза-сын қасында отырғандай түсінемін, заңды талап!...».

Қитұрқы сауалдарға қайтарылған ғылыми байсалды сияктанған түсіндірменің түп мақсаты мейлінше айқын. А.Ф. Цыб сол гәпті мынадай көлгір тұжырыммен бүркеген: «Семей полигонындағы сынақты бірнеше есе азайтып, солардың қуатын да кеміту қажет; соларды тек мүлдем тоқтатуға болмайды; өйткені, бұл – Отанымыздың қуат-күшін нығайтудың бірден-бір амалы: жергілікті халықтың заңды талабын қанағаттандыру үшін оларға жыл сайын төлемақы беріп, ауру тараған аймақтағы емдеу орындарын түбегейлі түрде ондау қажет. Сөйтетін болсақ барлық проблема оп-онай шешіледі...».

«Правда» тілшісімен сұхбат әлбетте сол үшін ұйымдастырылып, ВПК-нің сойылын соғу мақсатымен жазылғаны – көлемді ғылыми түсіндірменің әр жолында атойлап тұр.

\* \* \*

Осы сұхбат КСРО Жоғары Кеңесінің көктемгі сессиясы ашылуға бір ай қалғанда жарияланған. Өйткені сол сессияда ядролық сынақтардың келешек тағдыры шешілмек. Депутаттар ортасынан «Союз» деп аталған топ құрылған. Оның бүркеулі міндеті – ВПК мүддесін қорғау, яғни Кеңес Одағының әскери қуатының күшеюіне аса мүдделі жанкүйерлер ынтымағы. Шығысқазақстандық депутаттар полковник Петрученко, дәрігер Васильева – сол одақтың сойыл соғар белсенділері. Ал, депутаттар корпусының К. Салықов пен Ю.Н. Щербак басқаратын экологиялық комитет соларға қарама-қарсы ниеттегілер. Сірә, қарамы молырақ, белсенділігі де күштірек «Союз» тобы ВПК-мен өзара келісімге келіп, А.Ф. Цыбтың «сынақ алаңы да, төңірегі де радиациядан таза» деген «концепцияны» депутаттар санасына ғылыми деректермен сіңіріп, М.С. Горбачевті де сол пікірге жақтас етіп, Семей халқын ядролық сынақты қайыра бастауға қайткен күнде илкітіру жобаланған...

Сүйсінерлік гәп: Одақтық газеттің «Семей полигоны. Аңыздар, лақаптар мен шындық» деп атаған, аты да, мәні де сорақы жарияланымының ғылыми дәйексіздігін ең алдымен әшкерелеуші – жетпіс жастың межесінен әлдеқашан асқан, зейнеткер атанған, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның корреспондент-мүшесі, полигон шекарасына ұрымтал жердегі тұрғын халықтың денсаулығын өзі басқарған ғылыми-дәрігерлік экспедициямен 1957-1960 жылдары жан-жақты тексерген паталог ғалым, сол кезде-ақ шынайы білгірлік көрсеткен жанкүйер ұлт азаматы – Бақия Атшабаров.

Профессор А.Ф. Цыбтың тұжырымдарын теріске шығарған оның мақаласы небәрі 20 күннен кейін, «Невада-Семей» қозғалысының «Аманат» (орысша нұсқасы – «Избиратель») газетінің 1990 жылғы 4 наурыз күнгі санында екі тілде бірдей жарияланған.

Мәскеулік әріптесі Ертіс жағасындағы қалың елдің жапа шеккен ауыр жағдайдың өңін айналдырып, өзінше бопсалаған өтірігін әшкерелеу үшін Бақия Атшабарұлы дерек іздеп ақыл тауыспаған. Бұдан отыз жыл бұрын по-

лигон төңірегіндегі ауыл-селоларда тұратын халықтың денсаулығын, баққан малы мен солардың өрісін сарыла жүріп мұқият тексерген экспедицияның 3940 парақ, яғни 12 том құраған еңбегін Өлкелік патология институтының жабық қорынан суырып, мәскеулік ғалымның нақ сол аймақты 1989 жылы қарамды топпен қайыра сүзіп, «екі ай бойы мұқият зерттедік, бүлінген ештеңе жоқ, жарылыстардан туатын зардаптар жер астында бұқтырылады, ауа таза, жер жарасы жазылды...» – дегенге сайған, «Правда» газеті жариялаған сұхбатында мәністеп баяндаған ғылыми тұжырымын патолог зейнеткер өздері төрт жыл ұдайы сарыла жүріп, шүбәсіз анықтаған айғақтармен жоққа шығарған. Әрине, наразылық сарында жазылған жауаптың әрбір айғағы, ғылыми тұжырымы – бұлтартпас деректермен бекіген. Жә, сонда ғылыми айғақты саяси әуенге тәуелді ету қаншалықты қажет, нәтижесінде сол бопса өмірлік шындықты белінен басып, ВПК-нің бәз-баяғы өз әміріне құлдық ұруға мәжбүрлейтін дағдысынан өрбігені анық. «Ғажапты қараңыз, – дейді қазақ ғалымы. – 1961 жылғы емес, былтырғы, Семейде шақырылған ғылыми конференцияда көпшілікке жария еткен қорытынды ойларын, мысалы, әрбір жана сынақ – бұл атырап үшін өте-мөте қауіпті дегенін мәскеулік ғалым-медик тарс «ұмытып», жарылыстарды бірнеше есе кеміген қуатпен әрі санын да сирете жасап, сақтық шараларын күшейтіп, жер астына тереңірек түсіп, бақылауды күшейтіп, бәз-баяғыдай жалғастыруға болады дейді. Өйткені, бұл да бүгінгі таңда сол экспериментке ділгерліктен, шындығын айтқанда, сынақтарды Отан қуатын әлуетті қалпында сақтауға қажеттіліктен туындап отыр» (Ескерту парыз: сол жиынға профессор Б. Атшабаров әлдекімнің қастандығымен әлде ұмытшақтығымен шақырылмаған).

Бақия Атшабарұлы мәскеулік әріптесіне газет арқылы жолдаған «Ашық хатында» өзі басқарған экспедицияның бірнеше жылғы зерттеуін қорытқан қазақстандық 62 ғалым 1990 жылы емес, бұдан отыз жыл бұрын 6 мыңға таяу далалықтарды мұқият қарап, солардың 60 пайызы радиация зардабын қыл кеңірдектен тартқанын бадырайтып көрсеткен. Сондықтан да біз анықтаған сорақы тұжырым жұртшылыққа жария болмай, жабық қорға түсті. «О күндегі талап пен уақыт мейірімсіз болатын. Иә, көзге түртіп тұрған тажалды жоқ дедік, ортақ Отанды қорғау мүддесі де солай дегізді. Мысалы, мен Компартия мүшесі ретінде, оған қоса республикадағы үлкен институттың директоры ретінде қарауымдағы бес жүзден астам ғылыми қызметкердің күнбе-күнгі тірлігіне жауапты болғандықтан Мәскеуден түскен қатаң әмірге бойсұнуға мәжбүр болдым. Ал, қазір? Күллі қауым зарыға күткен кембағал уақыт туғанын жүрек ділімен сезінген соң, күні кешегі осалдығымды, үкімет талабына бас игенімді тарс «ұмытып», жадым түбінде манаурап жатқан «эттегенайларлы» қайыра жаңғыртуға ден қойдым» – дейді қазақ ғалымы. Сол-ақ екен бір кезде көреген көзді тұмандатқан, көңілді қарадай шошытқан айғақтар қағаз бетіне топтана түсіп, А.Ф. Цыб-тың дегбірін қашырап, өтірік көлгірсіген тұжырымдарын теріске шығарар ғылыми трактат небәрі бірер аптада өмірге келген.

Құрамында 190 маман бар одақтық ғылыми экспедиция «небәрі екі айда 40 мың адамның денсаулығын тексеріп, оған қоса 30 мың науқастың сырқаты туралы ескі құжаттарды екшедік...» – деген анықтамаға Бақия Атшабарұлы «Ашық хатында» сенімсіздік жариялап, «Бұл енді естияр адам мысқылмен қарайтын нанымсыз дерек... – дейді де өздерінің жүзден астам зерттеушіні қатыстырып, алты-жеті ай бойы жаз айларында, үш жыл жүріп, бір жыл бойы нәтижесі қорытылған ұзақ ізденісте қазақстандық экспедицияның үш ауданның (қосымша тексерілген полигоннан қашығырақ және үш ауданның) небәрі 5592 адамын ғана дәрігерлік бақылаудан өткізгенін ескертеді.

Патолог ғалым осы трактатында 4 түрлі кесте келтірген. Соның екеуінде мынандай деректер бар: медицина ғылымына жаңа дерттің атауы ретінде қолданысқа өзі енгізген, қыр елінде полигон зардабынан өрбіген жаңа аурудың танымал белгісін даралап, «Қайнар синдромы» деп атаған, радиация бөлшектері туғызатын дерт бойынша, Абай ауданының тұрғындары көбірек үш мекенінен 1375 адамды ғана мұқият тексеріп, солардың Қайнарда – 46,7; Саржалда – 53,6; Қарауылда – 38,4 пайызы осы ауыруға шалдыққанын шүбәсіз анықтаған; ал, тексерме есеп үшін таңдалған Баршатас елді мекенінің (Шұбартау ауданы) 486 адамының 26,3 пайызы, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында 572 адамынан 8,6 пайызында ғана «Қайнар синдромының» болмашы белгілерін тапқан. 1959 жылғы тексеру нәтижелері де осындай: Қайнар мен Саржал ауылдарынан 724 адамын екінші мәрте тексергенде, солардың 54,9 және 57,4 пайызы «Қайнар синдромымен» ауыратынын анықтаған. Ал, Баянауыл ауданының Шадыра аулындағы 414 тұрғынның 14,9 пайызынан ғана әлгі сырқаттың танымал белгілерін тапқан.

Бұл енді кімді болсын көзге шұқып мойындатар сорақы айғақтар!..

Бақия Атшабарұлы «Ашық хат» атаған осы жауабында профессор Цыб басқарған экспедиция Семейдегі 4-диспансер есепке алған 10 мың науқастың 55-і ғана қайтыс болғанын ескертіп, обыр дертіне ұшырады деген 824 науқастың бертіндегі тағдыры туралы ештеңе демегенін және солардың тұрғын мекенін, жасын, жынысын, сырқатын бұлдыратып атағанына да сенімсіздік байқатады. Соны айта келіп ол обыр дертінен марқұм болғандардың саны осы ауылдарда бұдан бірнеше есе көп дейді.

Зейнеткер профессор өзін ерекше тандандырған кейбір жайттарды ашына сөз еткен. Радиология институтының директоры ғылыми айғақтарды теріске шығарған биылғы әрекетімен аға әріптесі, Мәскеудегі Биофизика институтының жетекшісі, академик А.В. Лебединскийдің 1961 жылы Гиппократ антын тарс ұмытып, жарылыстар дертті еткен сырқаттарды қасақана көрмеген, көзге түртіп тұрған себебін де көпе-көрінеу басқаша түсіндірген дөрекі қылығын қайталады дейді де, өзі қиялмен топшылаған «тұжырымын» мемлекет саясатына бейімдегеніне таң қалып, наразылық білдіреді.

Бұл енді мәскеулік ғалымдардың ар-инабатына, ғылыми діліне сенімсіздік жариялау және соны нақты айғақтармен білдірген сорақы қаралау. «Ашық хат-

тың» көзі ашық, көкірегі ояу қауымға әсері ерекше өтімді болған. Сондықтан да оны бірнеше мерзімді басылымдар екі тілде бірдей жариялаған...

И.Я. ЧАСНИКОВ, Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, «Туған жердің жан жарасы», «Қазақ әдебиеті», 6 сәуір 1990 жыл (әңгімелескен Досымхан Қапасов):

САУАЛ: Семейде шақырылған былтырғы конференцияға қатысқаныңыз бізге мәлім. Сол жиыннан алған әсеріңіз өзгерген жоқ па? Сол жайтты сұрауымызға Мәскеу радиологы Цыбтың былтырғы тұжырымынан оп-оңай айнуы себеп болып отыр...

ЖАУАП: Анатолий Федорович «Правда» газетінің тілшісімен сұхбатында: «*семейліктердің обыр дертіне ұшырауы статистикалық есепте көрсетілген ортақ шамадан әлдеқайда төмен дейді, сол айғақты өзі «жиған» деректермен нақтылайды. Сол жиында сөйлеген семейлік профессор М. Жангелова Абай, Жаңасемей және Бесқарағай аудандарындағы обыр дертіне шалдыққандардың саны Шұбартау ауданындағы сырқаттардан 3-4 есе көп дегені есімде. Тағы бір өрескелдік атом стансаларында жұмыс істейтіндер жылына 5 бэр радиация алып, өмір бойына 150 бэр сәуле жұтады, яғни қауіпті емес деп, өзі ойдан шығарған тұжырымға бізді иландырмақ болады. Цыбтың жауабында полигон төңірегіндегі дала халқы жыл бойы 0.5 бэр, яғни жетпіс жас жасаған абайлық малшы өмір бойы 35 бэр радиация жұтады-мыс. Кеңес Одағында бұл шама қалыпты саналады. Амал не, осы деректерді мәскеулік ғалым ойдан шығарған. Шетелде қабылданған нормаларды айтайын: АҚШ-та қолданылатын шектеулі норма — небәрі 10 бэр, ал жапондықтар 5 бэрден артық шаманы адам ағзасына қатерлі санайды. Жапондықтар өздері зардап шеккен зауалды айтып отыр. Яки дәлелдері сенімді. Семей полигонында сыналған 470 жарылыстың қаншасы ауа мен жер бетінде жасалғанын Анатолий Федорович білмей ме? Сөйте тұра ол сол туралы ештеңе деген жоқ. Неге? Түсініксіз ұмытшақтық!..*

САУАЛ: Радиофобия, яки үрейлену сырқаты туралы не дейсіз?

ЖАУАП: Цыб бұл мәселеге тереңдеп бармаған. Өйткені, радиофобиядан мерт болған адамдардың статистикасы ерекше сорақы. Жарылыстың ұзақ жылдар және жиі жасалуынан полигон маңындағы халықтың үрейленуі түсінікті жайт, демек, сынақты сиретіп, қуатын да азайту керек, халық арасында насихатты жиілету қажет деген тәрізді бипаздаумен аяқтаған. Бұл да Қазақ сахарасын емін-еркін жайлаған індеттің себеп-салдарын бүркеудің амалы. Мен сізге басқа жайтты айтайын: біздің елде дозиметр жетіспейді, соны көбейтіп, әр үйге тегін тарату керек: бос сөзбен сау басты ауыртатын жалаң үгітті тектен-текке арамтер болып көйтудің орнына қатерлі аймақтағы халыққа дозиметр сыйласақ — үрейленбевдін амалы болар еді, амал қанша?!..

САУАЛ: Семейдегі диагностикалық орталыққа жапондықтар 7 миллион доллар тұратын аппаратуралар сыйлапты. Сол шәрдегі онкология мен радиология диспансеріне біздің үкімет әлгіге қосымша құны 1,3 миллион доллар тұратын жаңа жабдықтар берген. Соған қарап семейліктерді емдеу шаралары күрт жақсартылады деуге бола ма?

**ЖАУАП:** Мен бұл мәселелермен шұғылданбаймын. Ең басты шара, менің ойымша, дүйім жұртты ауыр дертке ұшырататын ядролық сынақтарды Семей атырабында мүлдем тоқтату. Озіңіз ойлаңызшы, сау адамды радиациямен зақымдап, соңынан қатырып емдейміз дегенге кім сенеді? Балалар ғана. «Правда» газетіндегі сұхбаттың түпкі мәні шатақ: біздің елдегі экологиялық апатты жою үшін емес, сол қасіретті жалғастыра беруге ұйымдастырылған. Осы гәпті халыққа түсіндіріп, Цыб сияқты шарлатан ғалымсымақтардың зұлымдық ниетін әшкерелеу қажет...»

Радиолог-ғалым, академик С.Б. БАЛМҰХАНОВ та А.Ф. Цыбтың сұхбатына өз пайымдауын «Аманат» газетінде (4.03 – 17.03. 1990 ж.) жария еткен (хаттаушы Бейбіт Исабаев):

**БАЛМҰХАНОВ:** 1961 жылғы Мәскеу конференциясына полигон мамандары бұрынғы пайымдауларын сәл-пәл өзгертіп, әскери зонаның өзі де, төңірегі де түрліше қалдықтан мүлдем таза деген «ертегілерін» әдейі ұмытып, Абай ауданының жерінде радиация мөлшері кейде 110-160 рентгенге уақытша көтеріледі деген тұжырыммен барды. Бұл болса адам ағзасы уақытша төзетін мөлшер, түпкі залалы шамалы десті. Біз сол пайымдауға келіспей, Қайнарда, Қарауыл, Саржал және Егіндібұлақ елді мекендерінде 170-250 рентген радиация шоғыры тұрақты болғанын зерттеумен айғақтадық. Осы уәжге, амал не, 1961 жылғы конференцияға қатысушыларды сендіре алмадық. Абай ауданының тұрғындарында радиациядан зардап шеккен адамдар жүздеген емес, әлдеқайда көп деген қортындымыз да қарсылық туғызды. (...) Биофизика институтының директоры А.В. Лебединский радиация туғызған дерттің Қазақстанда барлығын мойындады, тек соны әлі де зерттеу керек деді. Сол бұрмалау да ядролық сынақтарды одан әрі өрістету туралы үкімет талабына орай жасалғаны айқын...

**ТІЛШІ:** Мәскеуліктер сонда «Қайнар синдромы» Семей облысында бар екенін ресми мойындаған ба?

**БАЛМҰХАНОВ:** «Жабық есік» жағдайында жүрген конференцияда біз өзіміз көп жылғы зерттеумен дәлелдеген қортындыдан айныған жоқпыз. Одақ биофизиктері Қазақстанда өршіген радиация залалы туралы нақты дерек алды. Алдағы мақсат — сол зерттеуді одан әрі өрістету. Амал не, әскерилер осы мәселемен одан әрі шұғылануымызға шектеу қойып, жолымызды кесті. Біздің мамандарды полигон атырабына жолатқан жоқ. (...) Семейдегі күпия диспансер радиация тараған аудандардан тіркеген 10 мың адамнан қазірде 3 мың наукас калыпты. Сол байғұстарды диспансер емдеген жоқ, бойындағы жылма-жылғы өзгерісті бақылап, тәжірибе көзге етіп, кейбірін Мәскеуге апарып қосымша тексерген...

Біздің мамандар өздері жинаған деректерге сүйеніп, ядролық сынақ ауада және жер бетінде жүрген жылдарда Семей облысында 100 мың адам радиациямен әртүрлі мөлшерде зақымданғанын шамалады. Олардың қаншасы обыр, аққан және басқадай дерттермен ауырғаны белгісіз<sup>1</sup>. Менің кәміл сенімімше, Абыралы ауданының шұғыл

<sup>1</sup> Осы тұжырымды академик С.Б. Балмұханов, байқайсыз ба, 1990 жылы мүлдем өзгеше әрі ерекше батыл түрде түсіндірген. Сөйтуінің нақты себебін мен келесі тарауда сөз етемін — М. С.





*Семейдегі әкімият кеңсесі*

*таратылған себебі де осыдан: ауыру-сырқау көбейгендіктен біз сияқты зерттеушілерді есептен шатастыру үшін де сол елдің тұрғындарын алыс аймақтарға жедел көшіру шарасы жүзеге асқан...*

Қазақстанның Денсаулық сақтау министрі, Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне Семей облысынан депутат болып сайланған Т.Ә. Измұхаметовпен 1990 жылғы көктемде, Алматыда, депутаттар форумы кезінде арнайы кездесіп, «Правда» газеті жариялаған, шындыққа кереғар тұжырымдар жайында ашық түрде пікірлесіп, түйткілді мәселелер туралы ақылдасқанын Бозтаев өзінің «Қайнар синдромы» кітабында сөз еткен (Ескерту парыз: екеуі Өскеменнен таныс; Кешірім Бозтайұлы сол кезде Шығыс Қазақстан облаткомының төрағасы, ал, Талапқали Әбішұлы облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі).

«Т. Измұхаметов менің жүрекжарды ойыммен бірден келісті. «Семейдегі ядролық кешенмен ғылыми мәні жөнінен теңесер дүние жүзінде бірде-бір полигон жоқ. — депті ол («Қайнар синдромы» кітабының 105-106 беттері, бұл туынды 1994 жылы «Қазақстан» баспасынан орыс тілінде жарық көрді). — Өйткені, сынақ алаңы — халық жиі қоныстанған аймақтың кіндік ортасына орналасқан. Ең ғажабы, осы алаңда 14 жыл ұдайы жер бетінде және ауада ядролық сынақтар жасалды. Сонымен тоқтаған жөн еді, амал не, біршама үзілістен кейін бұрынғыдан да қуатты сынақтар 25 жыл ұдайы жер астында дүңкілдеді. Қайран жер соншама дүмпуге қалай шыдаған? Әрине, төзген жоқ. Дегелең тауының гранит пен мәрмар тастары қолға ұстауға келмей, қарша уатылған. Зарядтың қуаты аса күшті болғандықтан сом жартастарды жарып, үстіге атқылаған газдар құйыны бей-берекет тарап, жел бағытына орай табиғат пен ел қоныстанған аймақты емін-еркін ластаған...».

– Айықпас дертке жаппай ұшыраған сормандай жерлестерімізді қолдан жасалған кесепаттан қалай емдейміз? Менің шамалауымша, Абай, Абыралы, Жанасемей және Бесқарағай аудандарының тұрғын халқы радиация шоғырын тежеусіз мол алған. Семей тұрғындарының да ахуалы осы... Оларды сауықтыру полигонды жабумен сірәда шешілмейді. Бойға сінген дертті ағзадан айыру қиын іс екенін білемін, сөйтсе де сол байғұстардың шектеулі өмірін аз-маз ұзартар амал бар ма?.. – депті Бозтаев өзін қинаған жайтқа министрдің ойын білгісі келіп.

– Сәуле шоғырын алған адамдарды ұзақ уақыт емдеу қажет. Осы дерттің шетелдік білгірлері, жапондық дәрігерлердің айтуынша, аққан, обыр дерттерінің клиникалық өрістеуі ерекше ауыр, ондай науқастарға дәрі-дәрмек, әншейінгі емдер әсер етпейді. Кешеке, ядролық полигон Ертіс аймағындағы тұрғын халыққа «сый» еткен неше түрлі жаңа дерттерді біліп, ауыру жандардың жан азабын жеңілдету үшін осы заманғы жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілген зерттеу орталығын Семейде жедеғабыл ашу қажет. Андауымша, радиация залалын жеңілдетуде жапон елі едәуір тәжірибе жинақтаған. Әлбетте ең үздік ем-дом соларда<sup>1</sup>. Француздар да аққан дерттің жұлынға әсер ету арқылы сәтті емдейді деседі. Қысқасы, Радиациялық медицина орталығын Семейде ашып, сол клиникада жұмыс істеуге жапондарды, француздарды шақырсақ

<sup>1</sup> Медицина саласын басқаратын сол күндегі министрдің осы ойы полигон жабылып, Семейде Радиология институты ашылған кезде жарым-жартылай жүзеге асты. Алайда, семейліктерді жедеғабыл емдеу шарасына жапондық ғалымдар араласып, өз қаражаттарына институт ғимаратын салып, сонда жұмыс істейтін дәрігерлер мен медбикелерді, тағы қаншама мамандарды Жапониядан әкеліп, Ертіс жағасындағы дімкәс жұртты өздері игерген жаңа әдіспен емдеуге ұсыныс жасағанда, біздің «білгірлер» елдік намысымызды қорлау десіп, сол көмектен бас тартып, емдеу аппараттарын ғана тегін беруді сұраған. Естуімше, сол ұсынысты тәрк етуде, «Радиация залалын жапондарсыз-ақ өзіміз емдейміз, олардың не істейтінін өзіміз де білеміз...» деген өктем ойды академик, радиолог ғалым С.Б. Балмұханов айтып, бәрі-бәрін өзіміз білемге салған-мыс. О кезде Сайым Балуанұлы осы саладағы ірі ғалым, өзі бекемдеген мектебі бар ғұлама атанған. Амал не, оның дегеніне Денсаулық министрлігінің радиологтары да қарсы тұра алмаған...

Әлбетте мен қарапайым қаламгермін, дәрігерлер әрекетіне төрелік білдіруге қажым жоқ. Сөйтсе де? Осы жайтты мен жуықта өзімді емдеуші, Семейдегі онколог дәрігерлер мен ғалымдардан ежіктеп сұрадым. Олардың айтуынша, Сайым Балуанұлы осы істе ерекше өктемдік жасап, сірә, радиология саласындағы өзінің үздік беделін сақтауды ғана ойлап, жапондық радиологтардың ұсынған көмегін қасақана тәрк еткен. Қ... есімді онколог менің нақты сауалыма: «Егерде жапон дәрігерлері Семейге келіп еңбек етсе – бізде қаражаяу маман емеспіз, солардың тәжірибесін үйреніп, бірер жылда әлемдік деңгейге көтерілер едік, не дейміз, сол нәсіпті қазірде марқұм болған академик Балмұханов бізге қимады.. .» – деп зор өкінішпен қынжыла жауап берді.

Нақ осы жайтты мен дәрігер-академик, мемлекет қайраткері Төрегелді Шармановпен 2014 жылғы жазда, Алматыдағы Тамақ институтындағы дербес кабинетінде кездескен әңгіме үстінде ежіктеп сұрадым.

– Сайым Балуанұлы радиолог әріптестерінен тірі пендені алдына шығармауды өмір бойы өзіне мадақ тұтып, сөйтуден ешбір қымсынбаған өркөкірек адам. Қазақстанның бірінші радиологы атағын ол отыз жылдай уақыт дербес иемденді, сол биіктен түспеген қалпында өмірден озды. Жапондықтарды да Семейге жолатпауы сол өктемдіктен өрбіген. Әлбетте бұл туған халқына жаны ашыған адамның ісі емес... – деген жауап естідім.

деген ойдамын. Тегінде біз бәсіре бұқпантайлықтан тезірек арылып, аса ауыр жағдайды жария етіп, БҰҰ-нан көмек сұрау қажет... Менің кәміл сенген ойымша, Ертіс алқабында радиация зардабы ерекше өршіген, соны жаңа инфекция деуге болады. Өйткені біздегі радиация шоғыры қазірде аса қауіпті деңгейде. Өзге жұрт соны білмейді. Ең шатағы, сол кеселден өз күшімізбен арыла алмайтынымыз айқын. Өйткені сол істі нақты өрістетуге бізде тәжірибе жоқ, қолымыз да, ниетіміз де байлаулы болды. Бұл енді «Ауруын жасырған адам арам өледі» дерлік жағдаят. Алда-жалда радиологиялық емдеу орталығы ашылып, ауыру жандардың нақты мөлшерін анықтасақ, сол іс жергілікті тұрғындар ғана емес, әлем халқы үшін пайдалы өнеге болып, ғылым да тын жаңалықтармен байыр еді...

— Осы мәселені мен әр жерде айтып, Мәскеу мен Алматыда бірнеше лауазым иелеріне ескерттім. Бәр-бәрі де ойланатын шаруа екен деп даусыз мақұлдады. Әңгіме нақты іске ауысқанда тек ешкім белсенділік көрсетпеді... — деп Кешірім Бозтайұлы көкейінде жүрген қыжылды министрге естіртеді.

— Қазақстанда радиологиялық сауықтыру орталығын құру жөнінде Цыбта «Правда» газетіндегі сұхбатында қадала айтыпты... — дейді Талапқали Әбішұлы. — Анатолий Федорович соны тек дәрігерлік парызын өтеу мақсатымен ескерткен. Одақтағы Радиология институтының директоры біздің сормандай халыққа жаны ашыса, сынақтарды аз қуатпен және сирегірек жасауға үгіттеудің орнына, өзім басқарған институтта семейліктер үшін кадрлар дайындап, нақты көмек беремін дегені жөн еді. Амал қанша, Анатолий Федорович ВПК-ның тапсырмасын орындауды өзіне абырой санаған. Радиолог ғалым үшін бұл бейшара адамның тірлігі!..

«Пікірлесу мақсатында ашық жүрген әңгіменің соңында мен дәрігер депутатқа көкейкесті бір ойымды айттым... — дейді Кешірім Бозтайұлы сұхбат соңында. — Талапқали Әбішұлы, сіз «Семей полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен адамдарды әлеуметтік қорғау заңы» аталған жобаны дайындайтын Жоғары Кеңес құрған арнайы жұмыс тобына мүшесіз. Осы заң жобасына Семей облысынан біз ұсынған кейбір сауықтыру шаралары кірген жоқ. Неге?..».

— Бір ғана заңмен, Кешеке, Семей облысында қырық жылдан астам уақыт қордаланған шаруаларды шеше алмаймыз. Сол жобада халық зарыға күткен бірнеше күрделі мәселелер бар. Мысалы, полигонды біржола жабу, ауыру дендеген халық денсаулығын тезірек сауықтыру... Өзіңізге мәлім: семейліктердің дені тез шаршайды, басы мен-зең болып айналады, ұйқысы қашады, ана құрсағындағы нәресте сырқатқа шалынады, көптеген жандар қырық-елу жасында күрт қартая бастайды... «Қайнар синдромының» белгілері аудандарға ғана емес, Семей тұрғындары арасында да көбейді. Радиация залалына тап болғандарды жапон елі «хибакуся» дейтінін маған өзіңіз айтқансыз. Естүімше, сол елдің халқы «хибакуся» атанғандармен некелеспейді, сол шара ресми заң арқылы қатаң шектелген. Өйткені, солардан туатын ұрпақ ерекше әлсіз болып, түрліше ауыруға бейімделген калпында өмірге келетінін

жапондар ұзақ зерттеумен анықтаған. Соған орай радиация тарататын дерттердің жолын кесудің әртүрлі шарасын белгілеп, қатаң сақтаған. Бұл болса жапон ұлтын сауықтырудың алғышарты... Ал, біз? Біреудің жалғыз баласы, ұл ма, қыз ба, бәрібір – артында ұрпақ қалдыру үшін ата-анасы соның үй болғанын қалайды. Ал, ол бейшара аққан дертімен ауырады немесе он екі мүшесінің біреуі, иә екеуі кемшін... Әрине, қиын сауал. Осындай жайттар семейліктерде бар. Әлсіздік белгісі байқалған әйелдер мен еркектердің өмірге ұрпақ келтіруі немесе сол жайтты ескермей, Аллаға сыйынып, өмірге әлжүас нәресте туатынын ресми заңмен тия алмаймыз. Байқайсыз ба, дарқан өмір бізге күн сайын жаңа проблема ұсынуда...

Сұхбат соңында Кешірім Бозтайұлы дәрігер депутатқа өз қолындағы соңғы деректі естіртінті: сынақ алаңынан небәрі тоқсан шақырым жердегі Қайнар кентінде соңғы ширек ғасырда қатерлі ісіктен 214 адам қайтыс болған. Осы көрсеткіш Қазақстандағы орташа деңгейден 2,5 есе жоғары. Аққан ауыруынан соңғы жылда 14 қайнарлық көз жұмған, бұл да республикалық деңгейден әлденеше есе көп. Нәрестелердің кемтар болып тууы 20 есе көбейген. Соны біле, қоре тұрып полигонды жапқысы келмей, сойқанды жарылыстарды дүңкілдете беруді тілеген ВПК басшыларының, соларға тиым салудың орнына бір қаулыдан соң екіншісін қабылдап, рұқсат беріп отырған үкімет пен Компартия басшыларының келісімпаз саясатын түсіну қиын. Радиациямен ластанған қайран жерге тыныс беріп, табан астыңнан дүңкілдетуді тоқтату қажеттігін түсінетін, соған батылы жетіп, «Тоқта, жер иесі біз!..» дейтін қайраткер азамат бізде бар ма?..

Тәубе дейміз, «Аманат» – «Избиратель» апталығы, Қазақстанның барлық газеттері осы наразылықты жаппай қолдап, «Правда» жариялаған солақай сұхбатты жоққа шығару көктем мен жазда үздіксіз жүрді. Бәр-бәрі жантүршігерлік ауыр жайттарды сан алуан айғақтармен әйгілеп бақты. Телестудиялар да талқы ұйымдастырып, оған мамандар мен дәрігерлер қауымы белсене қатысты.

Нәтижесінде КСРО Жоғары Кеңесінің көктемдегі және одан кейінгі сессияларына ядролық сынақтарды жалғастыру мәселесі талқыға түспеді. Соны да біз халықтық күрестің жеңісі дейміз!

\* \* \*

Полигонның құлаққа ұрғандай жым-жырт тыныштықта тұрғанына бір-жарым жыл болды. 1990 жыл солай болып еді, 1991 жылы да, иншалла, сөйтетін тәрізді. Ең ғажабы, сол үнсіздік бізге аспаннан түскен жоқ, әупірімі күшті Мәскеу түрліше айла-шарғы жасағанымен Ертіс жағасындағы уақытша тыныштықты үкімет те, ВПК да бұза алмады. Бұрғыланған шыныраулар зарядпен оқталмады. Сөйтсе де? Жым-жырт үнсіздік қисапсыз жарылыстардан зәтте болған семейліктер көңілінде күмән туғызғаны сөзсіз. Өйткені, осы өңірдегі сынақ 1993 жылғы қаңтарда тоқтайды деген үкімет қаулысын әзірше ешкім де

өзгерткен жоқ. ВПК басшылары Ертіс жағасында сынақтар мүлдем тоқтайды деген тұжырымды қабылдамады. Полигондағы әскерилер мен сынақты дайындаушыларға өкімі пәрменді әлдекім: «Ал, қане, бастандар, пәленше сынаққа рұқсат!..» – деуі әбден ықтимал...



*ҚазКСР ҒА-ның Өлкелік патология институты 1957-1961 жылдардағы зерттеу нәтижесі сипатталған 12 том ғылыми еңбектің Бақия Атшабарұлы дайындаған томы жапон онкологтарының қолына жасырын түсіп, сол еңбекті Шуничи Ямаширо Алматыға 1998 жылы әкелген. Суретте: жапондық радиолог, қазақстанның медицина профессорлары Б. Атшабаров пен Ж. Аблаевқа сол кітапты сыйлаған сәт*

Кешірім БОЗТАЕВ, «Семей полигоны» кітабының «Шешуші кезеңде» тарауынан:

*«Күресті әлсіретпедік. Талабымыз айқын, мақсатымыз дәйекті, айтарымыз бір сөз – өлі тыныштыққа жеткенше тоқтамаймыз... 1991 жылдың ақпан айында жымысқы И.С. Белоусов ВПК басшылығынан біржола кетті. (...) Атом энергетикасы және өнеркәсібі министрі болып В.Ф. Коновалов тағайындалды. Виталий Федорович бізбен байланысқа өзі шығып, полигон төңірегінде ушыққан текетіреті бөлдырмауға тырысатынын ашық мәлімдеді. Соған да қуандық. ВПК-ға бастық болып Ю.Д. Маслюков тағайындалды. Мен сол қайраткермен КСРО Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің төрағасы міндетін атқарған кезінен танысып. КСРО Министрлер Кеңесі 1988 жылғы 4 қазанда қабылдаған «Семей облысының*

*экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету шаралары туралы» қаулысын тізе қоса дайындап, сонда көрсетілген басты шаралардың жүзеге асуына қолғабыс еткен-ді. Юрий Дмитриевич ВПК-ны соған дейін де басқарған. Демек, сол жүйенің күш-қуатын мүмкіндігін жақсы біледі. Үздіксіз жарылыстардың жергілікті халыққа жасаған залалын да көзімен көрген адам. Олай болса?.. Юрий Дмитриевич күткеніміздей-ақ әлімжеттік жасаған жоқ, көкейкесті шаруаны бипаздап отырып, КСРО Президентінің жарлығын, яғни Министрлер Кеңесінің «Семей полигонында ядролық сынақтарды тоқтату туралы» қаулысының жаңа жобасын ақылдасып, бірге дайындауға шақырды. Бұл енді біздің адамдар бұған дейін көрмеген, білмеген ізет...»*

Кешірім Бозтайұлы өздеріне ұсынылған жаңа жобаның негізгі тармақтарын одан әрі тәптіштеп түсіндіреді: ВПК басшылары республика халқының талап-тілегін ескеріп, 1992 жылғы 1-ші қаңтардан бастап, осы атырапта ірге тепкен өндіріс ошақтары одақтық-республикалық ғылыми-зерттеу орталығы атанып, қайтадан құрылады-мыс; оның мәртебесі мен міндеті шектеліп, атомдық ғылымның ең соңғы жетістіктерін өндіріс әжетіне жарату үшін түрліше тәжірибе жасаумен шұғылданбақ... Қаулы жобасының келесі тармағы тіпті тамаша: Семей, Қарағанды, Павлодар облыстарының және Ресейдің Алтай өлкесінің полигонға ұрымтал орналасқан елді мекендеріндегі тұрғын халықтың денсаулығын кешенді әдіспен жан-жақты тексеріп, сырқат адамдарын емдеуге полигон ұжымы қолғабыс етпек; сол үшін жобаланған әлеуметтік-экономикалық іргелі құрылыстарды тездетіп салуға нақты көмек береді, бұл үшін жоғарыдағы облыстар нақты жобалар әзірлесін... ВПК қарауындағы алып өндіріспен мыңдаған қол күші сол шараларды таяу арадағы екі-үш жылда жүзеге асыруға белсене қатысады-мыс. Ең ғажабы, жарылыстан зардап шеккен халыққа Кеңес үкіметі бір мезгілдік өтемақы да төлемек...

Сондай кешенді істің бірі – КСРО үкіметінің былтырғы, № 1159 қаулысына сай Семей шәрінде ірге көтермек, бір тәулікте 1000 науқас қабылдайтын, 1080 төсекке ие, құны 100 миллион сом, көп салалы емдеу-диагностикалық орталықтың құрылысы. Ол болса қаланың күншығыс бөлегінде, жергілікті тұрғындар «Жасыл шеп» атандырған қарағай орманы жағалай көмкерген, бергі шеті теміржолшылар мекенімен шектескен, оңтүстік шебінен Сібірге қарай екі жол шығатын (біреуі – байырғы Түріксіб темір жолы, екіншісі – Семей-Новосібір даңғылы) кең аланда былтыр басталған үлкен құрылыс: бір өзіне 54 мың текшеметр құрастырмалы темірбетон құймасы қажет, Семейдегі құрылыс материалдарын дайындайтын бірнеше зауыттардың жылдық қуаты – небәрі 4,5 мың текшеметр; осы құрылысты жеделдетін жүргізуге полигон басшылары көмек бермек; бұл енді екі жақ үшін де тиімді іс – жобаланған кешен жедеғабыл салынады, жаңа емдеу орталығына қажет темір-бетон құймаларын әскери құрылысшылар дайындайды береді, оған қоса полигон аймағындағы жұмыстардан босаған құрылыс батальонының жауынгерлері де осы іске жегіледі...

Кешірім Бозтайұлы осы мәселе туралы «Семей полигоны» кітабында: «Жағдайды шиеленістірмей, екі жақтың да мүддесін ескере отырып, өзара тиімді келісімге келдік... – деген. – ВПК қарауындағы құралдар мен жұмысшы

күшімен Семей ғана емес, полигонмен іргелес аудандарда да жалпы қарамы 15-17 іргелі құрылысқа қатыспақшы. Әскерилер қыр төскейіндегі елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуді, бірнеше ауылдарға өздеріндегі стансадан жоғары кернеулі электр жүйесін тартуды міндетіне алды. Олардың да жалпы сомасы – ондаған миллион сом, бәрі де қомақты істер. Ең ғажабы, сол жұмыстар жаз шыға жедеғабыл басталды...»

Үкімет қарарымен жуықта бекімеқ жобада Курчатов қаласында тұрақты жұмыс істеуге тиіс ғылыми-зерттеу ұйымдарын қаржымен қамтамасыз ету де ойластырылған. Өйткені, ядролық полигонның сынақты дайындайтын, жүзеге асыратын басты ісі тоқтағанымен сол мекенде жүзеге асуға тиіс ғылыми жұмыстар, мысалы, Отан қорғанысын қамтамасыз ететін зерттеулер үзілмеуге тиіс. Осы ұжымда Кеңес Одағының техникалық элитасы шоғырланған, нақ сондай мығым ұжымдарды тарату (олардың әрбірінде бірнеше жүз, кейбірінде одан да көбірек ғылыми қызметкерлер бар, бәрі де әлемдік деңгейдегі ірі мамандар) – өзінді-өзін тонағандай күпір іс болмақ. Өйткені, атом ядросына байланысты ізденістер бір ғана бомба жасау емес. Ядролық жарылыспен қарсыласынды тұншықтыру, соны көзір етіп күштілігінді көрсету, саясаткерлер тілімен айтқанда, «үлкен шокпар» ету – мәселенің тағылықпен парапар жиренішті түрі. Егерде соның орнына ядроны электрондармен атқылаудан түзілетін энергия қуатын жер-жерге тасымалдап, жер-жаһанды гүлдендіру, ең арзан әрі аса тиімді қуат көзімен өз елінді (келешекте күллі адамзат қауымын) жүздеген жылдар бойы қажетінше қамтамасыз ету – қиял жетпес алыста емес, таяу келешектегі игі іс (Сөйтуге тек өзара дұрдараз ел басшыларының ақыл-ойы жетсе?!). Әлбетте Украинадағы Чернобыль стансасы тап болған кездейсоқ-жарылыс – өз міндетіне жауапсыз қараған шалағай мамандардың көрсоқырлығынан болған апат. Атомдық стансалар – ең тиімді, ең арзан әрі ондаған жыл тоқтаусыз жұмыс істейтін қуат көзі, тек сактану шараларын қатаң ұстау керек! Мысалы, Курчатов қаласының атомист-энергетиктерінің қарауындағы «Байкал» атанған атомдық екі реактор қырық жылдан бері тынымсыз жұмыс істеп келеді, әлі де істейді. Оның құрылысын, бабын да тұрақты режімде ұстауды, жөндеу жұмыстарын да жергілікті мамандар мүлтіксіз орындаған...

Олай болса «Байкалдағы» екі реактордың тамаша тәжірибесін күллі Одаққа, энергия қуатын молдап алуды көксеген жер шарына неліктен таратпаймыз? Немесе «Байкалдың» қуат беруін үлгілі мектеп етіп, атомист мамандар дайындауға? Иә, осы өңірдегі ядролық қуат көздерін одан әрі жетілдіру орталығы етіп, күллі Одаққа неге ұсынбаймыз?..

Өзара келісілген жобада бұл жайттар да ойластырылған.

Ю.Д. Маслюков басқарған ВПК мамандары біржосын «мырзалықпен» ұсынған тамаша жобаға қосымша ұсыныс та ақырында семейліктерге мәлім болды: 1991 жылдың соңында осы полигонда, әрбірінің қуаты 20 килотон мөлшерінде, 600 метр тереңде екі жарылыс жасау көзделіпті; 1990 жылғы қазан айында КСРО Жоғары Кеңесі АҚШ пен Кеңес үкіметтері жер астындағы ядролық сынақтарды тежеу және содан кейінгі барлық жарылыстарды бақылауға

келіскен екі жақты шартты арнайы қарармен бекіткен-мыс; АҚШ физиктері Семей полигонында жасалмақ екі сынақты бақылауға шақырылған; бұл болса алып екі ел үшін ғылыми, саяси және халықаралық мәні ерекше оқиға; ВПК басшылары семейліктерге өздері үшін аса қажет болған екі жарылысты бір мезгілде, араларына 40-50 секунд салып қосаметметкей жаруға рұқсат сұраған. Айтуларынша, осы аймақтағы ұнғымаларды жабуды содан кейін іле-шала бастайды-мыс...

*«Жаңа жарылыстардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмек, сынақты бақылауға қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатыспақ, оған қоса сол тәжірибеге көптеген елдерден халықаралық бақылаушылар да келмек... — депті Кешірім Бозтайұлы осы мәселе туралы кітабының «Шешуші кезеңде» тарауында. — Сөйтсе де ә дегенде сол шараларға келіспедік. Айтқан дәлеліміз — ашынған халық көнбейді. Жарылыс болады десең-ақ ұйқысы қашып, қан қысымы көтеріліп, бастары зеңіп, көшеге шығуға әзірлене бастайды... ВПК басшылары біздің наразылығымызды кәперіне алмады, Одақ үкіметінің демеуімен тізеге салды, мысалы, жыл аяғында береміз деген өтемақы белгісіз уақытқа кешеуілдемек, сол төлем де екі сынаққа рұқсатқа байланысты... деген де ескерту айтылды. Не істейміз?.. Президент Горбачевтің жарлығымен КСРО үкіметі қаулысының соңғы нұсқасы қабылданса — біз ділгер болған көптеген мәселе оңды шешілмек, полигон ұжымымен алдағы байланысымыз да соған байланған...»*

Шынында да 42 жылда 470 жарылысты өткізген Дегелең мен Балапан қосымша жасалмақ екі дүмпуге де төтеп береріне ешқандай күмән жоқ. Жарылыстың екеуі де жер астында сыналмақ. Полигон мамандары соларды тым



*Бейбітшілік шеруі. Семей, 1990 жыл*



күшейтпеді ойлап, қуатын 15 килотонға дейін кемітпек болды. Семей қалалық атқару комитеті мен полигонмен іргелес 4-5 ауданның атқару комитеттері зардап шеккендердің тізімін дайындауға кірісті. Сол тізім бірер аптада тек әзір болмайды. Оған 1949 жылдан осы күнге дейін полигонға ұрымтал орналасқан ауыл-селолардың, Семей тұрғындарын, еңкейген кемпір-шалымен қоса барлық ересек халықты тізу қажет...

Жә, семейліктер негесі мол осы келісімге не дейді? Екі жылдан бері тылсым тыныштыққа үйренген халық бір минутта екі мәрте бұрк етер жарылысқа көне ме? Әлде көшеге шығып, наразылық акцияларын үдете ме? Жүйкесі жұқарған халықты әбігері мол әрекетке көтеруге ынталылар аз емес. Шынтуайтын айтқанда, аудандық немесе облыстық әкімдердің аузына қарап тым-тырыс отыратын бұрынғы үндеместер немесе «Әміріңізге құлдық» дейтін момақан жұрт қазірде өзгерген уақыттан ұпай түгендеп, тілі ұзарып, ба-тыл азамат атанып, республика парламентіне депутат болып сайланып, демократиялық үрдіске орай мінбеден түспейтін белсенділер жер-жерде жауын құртындай көбейді. Ең ғажабы, олар да өздерін халық мүддесін жоқтаушы санайды. Болмаса да да ұқсап бағады. Дәлелге айтары: жан басына тиер бірнеше мың соммен халықты алдай алмайсың, құрылыс, иә тұрғын үйлер, емханалар салғызамын немесе жұтаудың ақырғы шегіне жеткен семейлік мүскіндерді күні ертең жарылқаймын... деп сірәда ойлама! Әрине, халық мұнын жоқтаған жел сөздер тектен-текке айтылмайды. Солардың үгітіне еліккен жұрт тағы да көшеге шығады.



Семей, 1991 жыл

«Андауымша, біздің адамдар өтемақыдан бас тартпайды, сол төлемнің қандайда бір жыртығын жамауға келмейтін болмашы нәпақа екенін тек түсіне ме? Ақша – су, қолына ұстаған кезде-ақ жоқ болады. Әлбетте бір жолғы өтемақы ел мен жерге полигон тартқызған ауыр зардаптарды жоя алмайды, сырқатыңды да емдемейді. Тек қана шарасыз көңілге дем болғандай әншейін бопса. Шынайы байлық – адамның денсаулығы мен өмірі. Қырық екі жыл бойы Семей полигоны өзіннің ғана емес, келешек ұрпағынның да өмірін қысқартып, дүние қызығынан айырып бақты. Соны енді әуірімдеп ондауға мүмкіндік туды... – деген ойын ағынан жарыла түсіндіреді Кешірім Бозтайұлы кітабында. – Полигонға іргелес аудандардың бәрінен де көретінім – жаппай жоқшылық пен жүдеу тірлік. (...) Ауыру жұрттың денсаулығын күйттеу қайда, соны тексеретін емханалар да тозған. Білгір дәрігерлер атымен жоқ, болса да санаулы. Облыс орталығында да әлеуметтік мәселелер түпкілікті шешілмей, үнемі кейінге ысырылған. Соларды түзеудің бірден-бір амалы – рухани жаңару, оған да күш пен ниет керек. КСРО үкіметі төлеуге келіскен қаржы, әсіресе материалдық қор мен құрылыс қуаттары бізге сол үшін қажет. Соны тек екі жарылысқа байлау түсініксіз талап? Келістік десек – сұрағанымызды түгел аламыз, ал, халықты тағы да көшеге шығарып, тізеге салсақ – бір тиын да берілмейді-мыс, басқадай көмек те болмайды! Таңдау өзіннен, қымбатты семейліктер!..»

Облыстық комитеттің бюро мүшелері осы жайтты өзара ақылдасып, түйткілді мәселені ушықтырмауға келіседі. Айтқан уәжі: қуаты шамалы, жер астында жасалатын екі жарылыстың зияны шектеулі, газдар шоғыры бұл жолы жер үстіне шықпайтынына тек кепілдік берілсін; келешек тіршілігімізге қажет көмек те кешіктірілмесін; ол болса уәде еткен 5,1 миллиард сомнан бір тиын да кем болмауға тиіс...

Сол ойымызды жұртқа жария етпей құпияда ұстағаны жөн еді. Амал не, сөйтуге облыс басшыларының дәті жетпеген. Демократия өрістеген кезеңге іліктік деген үміт пен сенімге иек артып, әскерилердің жаңа ұсынысын республика үкіметіне хабарлаған. Олар да сол істің немен аяқталарын болжай алмай, одан да гөрі жауапкершілігінен сескенін, маусым айының бас кезінде шақырылмақ Жоғары Кеңестің сессиясына ұсынуды жөн деп білген...

Сол мәселе ақырында республика парламентінің талқысына түседі және нәтижесі баспасөзде жарияланбайтын жабық мәжілісте қаралған. Біздіңше, осы гәп, қандайда мәселені ушықтыруды тілегендерге майдай жағып, кейбір депутаттардың тіл безеп, ел мүддесін қызғыш құстай қорғайтын шынайы жанашырлар екенін әйгілеуге мүмкіндік ашқан. Қысқасы, әйгілі тілмәрлар мінбеге таласа ұмтылып, жарылысқа рұқсат жоқ, ядролық полигонды біржола жабу керек, үкімет қорынан жыл сайын төленуге тиіс өтемақыны екі жарылысқа байлау – әскерилердің шектен шыққан астамшылығы, олардың бейпіл аранын тежейтін уақыт жетті десіп айқай-шу көтерген.

Сол талқылауға Семей облысының екі басшысы да қатысыпты. Облыста қалыптасқан жағдайды түсіндіруге әуелі облатком төрағасы А.С. Еремен-

ко шығып, ВПК-мен келісімді бипаздап түсіндіріп, Одақ үкіметі бермек материалдық көмекті тезірек алу үшін шегініс жасау қажеттігін ескерткенде-ақ, әр жерден айқай естіліп, мінбені босат деген дәрекілікке тап болған. Кешірім Бозтайұлы «Семей полигоны» кітабында сол күнгі талқы туралы: «Біз ұсынған мәселе кенбағал талқы қайда, балық үлеске ұқсаған айқай-шуға айналды. Залдың әр тұсынан дауыс көтерген депутаттар, кейбірі еденді тепкілеп, Еременконы сөйлетпеді. Маған да кейбір жанашырларым: «Мынадай жағдайда сөйлемей-ақ кой, осы істен ұпай түгендеушілер сені де тындамайды...» – деген-ді. Ал, мен өз пікірімді депутаттар санасына жеткізуге тырыстым. Көкейкесті ойларымды толық айта алмадым, тұс-тұстан айқайлағандар сөйлеткен жоқ, ақырында микрофонды өздері иемденді...» – деген өкініш білдірген.

Осыдан-ақ республика парламентінде қалыптасқан күйкі жағдайды шамалауға болады. Сол шіркіндерді әулекі деу – қисынсыз түйін. Бірақ, үлкен облыстың екі бірдей басшысын көздеріне ілмей, семейліктер тағдырына байланысты шаруаны байыппен талқылаудың орнына айқайға басып, микрофонды тартып алған топты кімге балаймыз? Бәрі де халық сайлаған депутаттар. Сену киын, кешегі өмірде бұл да жүзеге асқан дәрекілік...

Жоғары Кеңес сессиясын өз дегеніне бұрған топ ақырында ВПК-мен келісімді мүлдем тәрк ете алмай, оның орнына референдум жариялап, екі жарылыстың тағдырын Ертіс жағасындағы үш облыстың полигонмен іргелес аудандарындағы тұрғын халықтың өздері шешсін деген мәмлеге келген. Бюлетеньдегі небәрі екі сұрауға олар: «Иә» немесе «Жоқ» деп, жауап беруге тиіс...

\* \* \*

Маусым айының үшінші аптасында (1991 жылғы 19 маусымда және одан беріде) алматылық газеттер КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты Олжас Сүлейменовтің Қарағанды, Семей және Павлодар облыстарының, яки ядролық полигонмен іргелес елді мекендердің тұрғындарына арналған, «ӨТЕМАҚЫНЫ АЛАМЫЗ, ЖАРЫЛЫСТАРҒА РҰҚСАТ ЖОҚ» деген айқайы мен дабырасы зор атаумен Ертіс өңіріндегі еңбекші халыққа жолдаған «Ашық хатын» жариялады.

Жолдау хатында Олжас Омарұлы өзін Ертіс жағасындағы қалың елдің жанашыры, халық мүддесін жоқтаушы екенін тағы да әйгілеп, облыс пен аудан басшылары бұқара халық тілеген «әділдіктен» оп-оңай айнып, еңбекші қауымның мүшкіл жағдайымен санаспай, ВПК мүддесін жақтауға ауғанына наразылық білдірген ойын (автордың төл сөзін қаз қалпында сақтау үшін тәржімасыз келтіремін): «...стало известно – партийное руководство некоторых областей и районов подбивает население дать согласие на проведение «последних взрывов»... Есть основания сегодня заявить – если референдум одобрит продолжение испытаний, значит, результаты голосования будут фальсифицированы...» Бұл енді күні кеше өзіне сенім мен құрмет көрсетіп, ауыр міндет артқан ел басшыларын дәлелсіз кінәлау. Оған қоса ақын: «...В этом случае я официально прерываю свое членство в Коммунистической партии и призы-

ваю активистов движения «Невада-Семипалатинск» последовать моему примеру...». — деген де таңғаларлық ескерту жасаған.

Семей облыстық партия комитетінің жауапты қызметкері В.Н. Пигаваев бертінде жариялаған «Шындық бәрінен де қымбат» деп атаған мақаласында («Казправда», 19 шілде 2010 жыл): «Олжас Омарұлының референдум туралы сайлаушыларға жолдаған үндеу хаты жарияланған күннің ертеңінде менің кабинетіме Евгений Владимирович Чайковский келіп, «Иртыш» газетінің тілшісімен кездестіруді өтінді. «Не жайында?» дегенімде ол: «Олжас менің құшағым айқасқан һәм тіл табысқан досым болса да «Ашық хатында» жұртшылыққа ұсынған меңмендігі оқшау пікірлерімен мен келіспеймін. Өз ойымды газет арқылы айтуға бекіндім... — деді. — Нендей ойлар екенін тындап, аса өтімді, қауым үшін мәнді жайттар екенін аңдадым. Сондықтан да оны облыстық газеттің редакторының бірінші орынбасары, қаламы ұшқыр Эльвира Киммен кездестірдім. Екеуінің сұхбаты «Иртыш» газетінің 1991 жылғы 27 шілдедегі санында жарияланды...» — деген түсіндірме айтқан.

Е. Чайковский мамандығы бойынша — атомист-инженер, Семей полигонында 22 жыл еңбек етіп, қатардағы ауысым инженерінен реакторлық қондырғының бас технологы болып, аса жауапты жұмыс атқарып жүргенде қоғамдық қызметке бейімдігін, тілі мірдің оғындай өтімді әрі өз ойын ұтымды жеткізетін қабілетін ескеріп (КПСС қатарына түспеген, сөйтуді мүлдем қажет деп білмеген. Бұл да оның билеуші партияға мүше болып, мансабын өсіруге құштарлық көрсетпегеніне — айқын дәлел), Курчатов тұрғындары 1990 жылы өздері тұратын шәрдін атқару комитетінің төрағасы міндетін атқаруға шақырған. Өмір жолына таңдаған мамандығына адалдығымен, көкейіндегі сөзді кімге болсын тура айтатын, тапсырылған істі тиянақты атқаруымен де өз ортасынан дараланған Евгений Владимирович ойда жоқта мойнына артылған жана міндетті атқаруға құлшына кіріскен. Сөйтсе де?



*Ядролық полигонның теріскей шекарасын елу шақырымға көмкерген — атақты Мыржық*

Бұрынғы өктемдік заман ағысына ілесе алмай, тұрмыс-тірлігі қожырай бастаған әйдік қаланың шаруашылығы сол кезде аса мәз емес-ті. Демек, жаңа мәрге белді бекем буып, қала шаруашылығын, үйлерін, дүкендерін, мәдениет ошақтары мен емдеу орындарын көнтерімді деңгейде сақтау үшін күні-түні еңбек етуге тура келген. Евгений Владимирович облыс тұрғындары, негізінен семейліктер екі жылдан бері тынымсыз жүргізген күреске де іштартқан пікірінен айнымай, батыл жақтап, ядролық сынақтарды бұл өңірде тоқтататын мезгіл жетті деушілердің санатында болған. Сөйтіп жүріп Олжас Сүлейменовпен танысып, өз сөзімен айтқанда, «күшәктәры айкаскан» дос болып, көптеген игі істерді тізе қоса атқарған. КСРО Жоғары Кеңесінің 1990 жылғы 7 наурызда ашылған сессиясына Семей облысының делегациясы құрамында Мәскеуге барған Е. В. Чайковский ресми бастықтары ядролық сынақтарды бұрынғыдай жалғастыра беруді жанталаса қорғаған жиында, яғни парламент жүйесінде жұмыс істеген Қорғаныс және Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жабық мәжілісінде: «Егерде сіздер ядролық сынақтарға жарияланған соңғы мараторийды тәрк етіп, жер астындағы жарылыстарды қайтадан бастауға бұйрық берсеңіздер — Курчатов қаласының мәрі құқығын мен әжетіме жаратып, сол шәрдегі атомист мамандарды кәсіби міндетін атқарудан бас тартуға шақырамын. Сөйтуге менің беделім де, «заматтық ожданым да толық жетеді. Байқаныздар, менің сөзім сіздерге жай ғана қоқан-лоқы емес, Семей полигонындағы жарылыстардың қатерлі шектен баяғыда өткенін маман ретінде сезінуден туған қатан ескерту!» — деген. Бұл енді сессия депутаттарының ортасына гранат тастағандай өтімді сөз. Курчатов мәрінің сол күнгі мәлімдемесін, тәубе дейміз, академик-физик С. П. Велихов, Бүкілодақтық бейбітшілікті қорғау комитетінің төрағасы Г. Боровик, дәрігер-депутат Ю. Н. Щербак және бірнеше қауымдық қозғалыстардың қайраткерлері қызу қолдаған. Қызу қолдаушылардың бірі — пікірлес досы Олжас Сүлейменов.

«Евгений Владимировичтің сол күнгі батыл мәлімдемесі ол үшін текке өткен жоқ. ВПК тарапынан ашық та, жасырын да қуғын туды. «Сен нақұрыс өзіңе нан жегізіп отырған іске қарсы шықтың, мұныңды күллі полигон ұжымы саған кешірмейді, байқа!» — деген де жекіру естіген. Бірақ, Курчатовтың мәрі адами ұстамынан айныған жоқ... — дейді В. Н. Пигаваев жоғарыда аталған мақаласында. — Содан кейін де ол бірнеше рет Алматыда, БҰҰ-да өткен мәжілісте, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің сессиясында мінбеге шығып, нақты айғақтар келтіріп, полигонды біржола жабу жөніндегі бекем ұстамынан айныған жоқ. Курчатовтық күрескер ядролық жарылыстардан зардап шеккендерге өтемақы төлеу және полигон атырабындағы елді социальдық-экономикалық көмекпен тезірек сауықтыру мәселесін КСРО Президентінің Жарлығына енгізу үшін де тынбай күресіп, үкімет қаулысының жобасын дайындауға да белсене қатысты...».

*«Имандай шыным, Олжас Омарұлының үндеу хаты мені таңғалдырды. Аң-таң етіп қана қойған жоқ, ең жақын адамым жағамнан алып, бетіме шапалақ ұрғандай өкінішке душар етті. — деген қынжылумен басталыпты Е. В. Чайковскийдің күрес жолында тіл табысқан досына газет бетіндегі жауап хаты. — Ал, мен Одақ Президенті қол қоймақ Жарлықты дайындаушылардың бірімін, күні ертең дау-дамай туғызбас үшін сол жобаны Олжасқа көрсетіп, кейбір жайттарды тәптіштеп түсіндіріп, пікірін сұрағанымда, ол: «Бәрімізді діңкелетіп тым ұзақ дайындалған, қаншама өткелектен өтіп дау-шармен әзірленген, оған қоса еліміз аса ауыр экономикалық дағдарысқа тап болған сыңдарлы кезеңде ұсынылған жоба тек қана осындай болуға тиіс, маған ұнады, кідіріссіз жүзеге ассын!» — деп ерекше шаттанып, қолымды қысып ризалық білдірген-ді. «Жобаның бір сөзін де озгертпей, Горбачевқа*

ұсыну керек!» — дегенін де Олжас Омарұлы тарс ұмытып, мінекей, наразылық хат жариялап отыр. Түсінбеймін. Оның үндеу хаты маған айтқан тамаша ойына мүлдем қарама-қарсы іс, түпкі мәні де шатақ...» (...) Сенің үндеуің халыққа әлбетте ұнайды. Қырық екі жылғы дүңкілден зәтте болған, неше түрлі дертке ұшыраған, әрбір отбасы етжақын адамдарын жоғалтқан сормаңдай халық, әрине, бізге ешқандай жарылыс керек емес, аты да, өзі де өшсін деуі қақ. Референдумдағы ашық сұрауға «Жоқ!» деп жауап берері де түсінікті! (...) Менің болжауымша, мінбеде тұрып ұранды сөздерді оңды-солды төпеуге үйренген, қарапайым халықтың мұң-шерін жете білмейтін, бір бөлше нан мен бір литр сүттің қандай бейнетпен табылатынын түсінбейтін, оның есесіне сол жұрттың жүрек қалауына әсер етер ұтымды сөз айтуды меңгерген ақын-трибун осы жолдауында бар мен жоқты мейлінше шатастырған. Нақты мысал келтіремін: ВПК екі жарылысты сұрауына ілестіре семейлік шерменделер үшін қаншама игі істер жасауды жобаға қосып отыр. Ол болса — бір мың кісілік жаңа емдеу орталығы, ауыл-селоларға тартылатын электр жүйесі, жиырма шақты құрылыстар; соларға қоса 5,1 миллиард сом өтемақы... Олжас досым осының бәрін білсе де қасақана елемейді. Экономикалық дағдарыс кезінде Кеңес үкіметі бермек қыруар ақшаны алуға ол тіпті де қарсы емес.

Жоқ, қымбатты Олжас, алмақтың да салмағы бар, сенің айтып отырғаның — бәз-баяғы қызыл үгіт. Үкімет ұсынған екі жақты тиімді қарарды тәркі етіп, өжет азамат, қызу қанды қайраткер атағыңды сақтағың келеді. ВПК-ның ұсынысына келісіп, солар ұсынған игі шаралармен жаны жаралы еліңді сауықтыруға жедеғабыл кірісудің орнына, ежелгі қарсылық амалына бұрмақсың. Бұл енді туған халқыңа жаны ашыған жанның әрекеті емес. Жә, референдум шешімі қисынды жөнге ауса — құба-құп, Семей елі екі жарылысқа рұқсат десе, ВПК уәде еткен құрылыстар жедел жүре бастайды. Ал, халық шешімі басқаша болып, «Жоқ» десе — сол шешім сенің туған еліңе көптеген қиыншылықтар туғызады. Оны мен осы өңірдің жиырма екі жылғы тұрғыны болғандықтан ап-анық көріп те, біліп те отырмын...»

ТІЛШІ: Үндеу хатында Сүлейменов «Бес миллиард сомды Халықаралық әскери-ядролық кешен төлейді, екі жарылыс үшін емес, мараторийды сақтамай, ядролық сынақтарға қарсы жобаны бұзғаны үшін» — деген. Тағы бір жерде ол ақшаны бізге американдықтар береді дейді. Қысқасы, сыпыра жұмбақ жарияланым...

ЧАЙКОВСКИЙ: Олжас Омарұлы нендей шаруаны болсын бадырайтып айта білетін қызу қанды публицист, бұл жолы да ол әлденеге ашуланып отырып, әскери кешеннің «мырзалығын» құдай тағала халыққа сый еткен ризықпен шатастырған. Онысы жаңсақ байлам. Бұл ақшаны семейліктерге американдықтар емес, Кеңес үкіметі төлейді. АҚШ үкіметімен біздің ел текетірес пиғылдан әзірше бас тартқан жоқ, екі жақ та ядролық қаруды қайткен күнде тепе-теңдікте сақтау бәсекесінде. Қазақстандағы полигон сол «жарыстың» бірден-бір және ең қажет тетігі. Ядролық қаруларды тепе-теңдікте сақтау — мемлекеттік қана емес, бүкілхалықтық міндет. Семейліктерге төленбек өтемақы да осы саясаттың әсерінен туып отыр. Біздің үкіметтің кенеттен «жомарт» болғаны да содан. Ақырғы баяны беймәлім

биылғы экономикалық дағдарыста 5,1 миллиард сом ақшаны табу оңай емес. Әділдікке жүгінсек, ядролық жобаны жүзеге асыру ісінде жүдеп-жадап отырған Челябин мен Том облыстарына да сонша соманы үлестірген жөн еді. Жоқ, Одақ үкіметі сол соманы Семей облысының ядролық сынақтардан зардап шеккен тұрғындарына ғана төлемек. Байқайсыз ба, уақытша «мырзалық». Оған қоса қаулы жобасында Семей облысының экономикасын жедеғабыл сауықтыруға бірталай құрылыс нышандарын, медицина орталықтарын тұрғызып, жолдар мен су тұрбаларын, үйлер де салу қарастырылған. Менің Олжас досым халыққа жолдаған хатында осының бәрін теріс-қағыс түсіндіреді: «Туған халқымның көңіл күйін, рухани сұранысын мен жақсы білемін. Қиын кезде ұсынылған қандайда көмекке сол себепті қайыршыға тасталған садақа деп бағалаймын. Мұндай жораға бас иію — біздің ұлтқа ежелден жат қылық. Жоқ, қазақ халқы қайыр тілегендей мүсәпірлікке әзірше құлдилаған жоқ, тәубе деймін, ұлттық намысын, рухани ділін болмашы тиын-себенге ешқашанда айырбастамайды. Денсаулығын құртар жарылысқа келісіп, болмашы өтемақыға олар малданбайды. Бес миллиард сомды аламыз, тек бірде-бір жарылыс Қазақ даласында енді жасалмайды...» — дейді.

Осы тұжырымда қандай логика.яки есеп бар? Бір сөзіне екінші сөзі үйлеспейді...

Аңдауымша ол өздерін ерекше нысық та іскер санайтын саясаткерлердің сойылын соғып отыр. Ондай «білгіштер» тоқшылық тұрмысына мардамсып, дала халқы да тап өзіндей шат-шадыман тұрмыста деп ойлайды. Жүдеу халыққа өтемақы он жылдан кейін емес, тап биыл керектігін Олжас депутат кәперіне алмайды.

Ертіс атырабындағы тұрғындардың заңды талабын ескеруге үкімет пейіл бұрды. Демек соны ешқандай шарт қоймай алу қажет. Олжас Омарұлы сол көмекті қайыршыға берген садақа санайды, бүгінгі дағдарыс қандай зобалаң екенін ескермей, талабымызды орындайсың деп күш көрсетеді. Соны тегінде Дала халқының «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады» деген мазақ мәтелімен түсіндіруге болады. Байқауымша, ВПК-мен ол ешқандай келісім жасағысы келмейді. Иә, өзінің саяси беделін сақтау үшін радиация зардабын шеккен қандастарын құрбандыққа шалып, аяушылық қайда, жалған намысқа шақырады. Бұл енді жадап-жүдеген қалтыңда әзірше қала тұр, шыда деген сөз...

ТІЛШІ: Сіз ядролық қарудың кәнігі маманысыз әрі Курчатовтың мәрі болғандықтан полигон мүддесін қорғауға міндеттісіз. Президент Горбачев қол қоюға тиіс қаулы жобасында айтылған екі жарылыс жергілікті халық үшін қаншалықты қатерлі? Олжас Сүлейменов: «Сол жарылыстарға келіссек — әр елдің еркіндігі туралы Декларацияның басты тармағын құрбандыққа шаламыз», — дейді. Яғни ол екі жарылыстан соң ВПК тағы да сынақ жасауға ой туады деген қауіп айтады.

ЧАЙКОВСКИЙ: Сол себептен де Олжас Омарұлы жобадағы аса мәнді тармақты теріске шығарады. Ал, онда, міне, оқимын: «1992 жылдың 1-қаңтарында Семей полигоны жабылып, оның орнына одақтық-республикалық ғылыми зерттеу орталығы құрылады» — делінген. Бұл енді, қымбатты Эльвира Михайловна, сіз екеуміз жасап отырған сұхбат емес, мемлекеттік актімен бекітін қарар. Шындығында ол өкілетті адамдар өзара жә дескен, арнаулы қаулымен бекіген

*келісімге көзін жұмып, қасақана елемей, өзі жария еткен даңғазасы мол жалған тұжырымды дабыралап, көсемдік беделін көтере түсуді ойлаған. Апыр-ай деймін, соншама күпір атақ үшін Олжас Омарұлы өзіне имандай сенген жұртты жұтаған қалпында ұстаудан қалайша қымсынбаған?*

**ТІЛШІ:** Сүлейменов үндеу хатында облыстық және аудандық басшылар референдум нәтижесін өздері қолайлы көрген оңғақ нәтижеге бұрмалауға тырысады дейді. Оның ойынша, ВПК сұраған сынақтарды халықтан емес, жергілікті партократтардың көмегімен алады дейді де, сөйткен жағдайда өзінің Компартия мүшелігінен шығатынын, өзі ғана емес, «Невада-Семей» қозғалысының белсенді мүшелерін де сондай байкотқа шақыратынын ескертеді. Осы мәлімдемені сіз қалай бағалайсыз?

**ЧАЙКОВСКИЙ:** *Біріншіден, Олжас Омарұлы облыс жетекшілерін бекер кінәлап отыр. Өйткені, полигонға қарсы күресті Олжастан бұрын солар бастады. Бастап қана қойған жоқ, сол қайраткерлер күресті екі жарым жыл бойы табанды түрде жүргізіп келеді. Дүйім жұртқа мәлім сол шындықты мойындамау — Олжастың ар-инабатына мін. Екіншіден, референдумды Кеңес органдары жүргізеді, соған да басталмай жатып бұрмаланады деп байбалам салуы — келеңсіз мәлімдеме. Үшіншіден, Олжас коммунист болғым келмейді дегенін неге пұлдайды, ең ғажабы, мен сықылды партияда жоқ әріптестеріне сол жайтты не себепті көзір етеді. Ол болса әрбір адамның жүрек қалауындағы іс... Мысалы, мен партия мүшесі емеспін. Сөйткенім үшін мақтануға, иә билеуші партияны даттауға қақым бар ма? Әрине, жоқ. Олжасты партияға түс деп ешкім қинаған жоқ, содан енді бас тартарын не себепті көзір етеді? Кім үшін?*

**ТІЛШІ:** Евгений Владимирович, «Невада-Семей» қозғалысына сіз белсене қатыстыңыз, республикалық ақылмандар кеңесіне мүшесіз, Олжас Омарұлының сіздермен ақылдаспай, өз бетімен жариялаған үндеу хатында сөз еткен жайттарды, әсіресе эгоистік пиғылын референдум қарсаңында жария етуін қалай бағалайсыз?

**ЧАЙКОВСКИЙ:** *Ол бастаған қозғалысты халық қолдады, ядролық қаруды жоюды жақтаған көптеген елдерден белсенді жақтастар тауып, солардың қатары жедеғабыл көбейді. Бұл істе Олжас Омарұлының көшбасшылық еңбегі ересен зор, халық оған күмәнсіз сеніп, жаппай қолдады... Алайда, алғашқы кезде қозғалыстың басшылығында болған бірталай белсенді, адамгершілік ұстамы берік қайраткерлер қазірде содан безе бастады. Олардың орнын кездейсоқ адамдар иемденіп, өздерінің беделін көтеру үшін даңғазасы мол, қозғалысқа пайдасы жоқ істермен шұғылданатын болды. Полигон атырабындағы халықтың жүдеу тұрмысы олардың жүректерін сыздатпады, ал, ядролық жарылыстарды тоқтату — саяси беделін биікке көтеретін шара. (...) Олжас Омарұлы былтырдан бері шетелге жиі шығып. «Невада-Семей» қозғалысын планеталық етуді жарнамалап, туған еліндегі, әсіресе Семей атырабындағы нақты ахуалды нақты сезінбейтін болды. Халық атынан сөйлеу үшін ол туған жұртының көкейкесті шаруаларын нақты білгі шарт. Иә, соны айқын сезіну үшін Олжас полигонмен іргелес қазақ ауылдарының бірінде бірер ай тұрып, бір сиыр, бес ешкімен күн көріп, қалт-құлт тұр-*



*мыс кешкен кандастарынын мұн-шерін көргені жөн еді. амал канша?!.. Қайталап айтамын: жаңа қаулы жобасында осы жайттар жан-жақты ойластырылған... Ал, Горбачевке: «Өтемақыны қолма-қол төле, тек сынақ жасатпаймыз!..» – дегуі, турасын айтайын, қазіргі халықаралық текетірес жағдайында сыпыра құмнан үй тұрғызумен бірдей қисынсыз талап... Шынтуайтын айтқанда, семейліктерді осындай мүсәпір жағдайға келтірген Горбачев емес, одан бұрынғы басшылар. Енді соны түзетуді, қайткен күнде қыр елінің қолдан жасалған апаттан құтқару жолын ойластырып, сол жұрттың үлкенді-кішілі тілегіне түсінікпен қарап, Семей полигонын жабуға арнайы Жарлық дайындатқан Ел басшысына, жергілікті бастықтар мен республика билеушілерінің жә дескен шешімін де тәрк етіп, халықты наразылық акциясына шақыруын мен түсінбейтін, сірәда келіспейтін наразылық. Байқауымша, соның бәрі Олжас Сүлейменовтің өзімбілем пиғылынан туып, батыр атанып, даңққа бөлену ойынан туған әншейін даңғаза...*

Е.В. Чайковскийдің ашық наразылығын Олжас Омарұлы елемей, ауызша да, газет бетінде де жауап бермеген. Семей облысының басшылары тек республика парламенті ұсынған референдумды мал азығын жинап, егінді оруды аяқтаған күзде өткізуге келіскен.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ, «Мы в мире», («Казправда». 20 сәуір 2012 ж.) :

*«1989 жылғы 7-ші сынақтан соң Қарағанды шахтерлері өзара бас қосқан митингіде: «Жетеді! Әскерилер келесі жарылысты жасайтын болса мерзімі шектелмеген забастовка жасаймыз. Біз ғана емес, күллі Қазақстан жұмыскерін солай етуге көтереміз...» деген қарар қабылдап, сол үндеуге 130 мың шахтер қол қойды.*



*Қырық екі жылғы үздіксіз дүмпуден аман қалған Дегелецтің теріскей жотасы*



*Мен осы құжатты Кремльге әкеліп, Одақ парламенті құрған «Ядрсыз әлем үшін» аталған топтың мәжілісінде жария еттім. Одан соң парламент сессиясында жарияладық. 500 депутат сол шешімді жақтап дауыс берді. Бұл енді сол күнде өте сирек болатын қолдау! Сонымен Семей полигонында ешқандай жарылыс сыналған жоқ. Жобаланған жарылыс Жаңа Жерде жасалды. (...) 1992 жылы АҚШ пен Англияның сынақтары тоқтады. Француздар Тынық мұхиттың Мурора атолла-сындағы сынақ алаңын жапты. 1996 жылы күншығыстағы көршіміз Лобнордағы полигонды уақытша құлыптады.*



*...1991 жылғы мамыр мен маусым айларындағы оқиғалар, мысалы, Әскери-өндірістік кешеннің бастықтары мен маршал Язовпен ұзақ сонар келісім бүгінгідей есімде. Солардың бәрі де Президентті және Республикалық парламенттің басшыларын және біздің қозғалыстың төралқа мүшелерін АҚШ-пен өзара келіскен қуаты шектеулі екі жарылысты өткізуге рұқсат сұрап, сол үшін 5 миллиард сомды қолма-қол төлеуге сендіріп, ерекше үгіттеп бақты. Біздің парламент «Өтемақыны аламыз, жарылыстарға рұқсат жоқ!» деген талабымызды қабылдамады. Осы іске Назарбаевтың ішінара қатысқаны маған мәлім. ВПК да сол шешімге шу көтерген жоқ»*

\* \* \*

1991 жылғы тамыздың алғашқы күндерінде Мәскеу іргесіндегі Ново-Огарево елді мекеніндегі үкімет резиденциясында КСРО-ның төрт республикасының президенттері кездесіп (РСФСР, Украина, Белорусия және Қазақстан), КСРО Одағын таркатып, Ерікті Елдер Одағын (Союз суверенных государств) құру туралы Келісімнің негізгі шарттарын талқылап, сол құжатқа 20 күні кол қойып, халыққа әйгілеуге уәделескен. Ол болса әрбір республикаға бұрынғыдан көбірек құқықтар беріліп, қажет деп білсе – дербес мемлекет атануға ерікті, экономикалық мәселелер жөнінде де өзінше әрекет жасауға жол ашқан құжат. Саяси мәні жөнінен де жана Келісім әр республиканың дербестігін, тілін, тарихын, шекарасын, табиғи байлығын сақтайтын, яғни күллі тірлік күйтін өз бетінше өрістетуге ерікті болған...

Келісімнің негізгі баптарын жә дескен соң-ақ М.С. Горбачев Қырымға, Форостағы сауықханаға отбасымен тамыздың 4-күні демалуға аттанған.

Жетпіс жылдан астам уақыт Ресей федерациясы, онымен одақ құрған 15 республика және ондаған автономдық құрылымдар өзара біріккен саяси Одақ құрып, Еуропа мен Азия құрлығындағы алып мемлекет атанып, социалистік қоғам құрдық десіп, мызғымас бірлігімен, жұмыла еңбек етуімен де жер жүзіне танылған даңқты КСРО-ны таратып, Ерікті Елдер Одағын құрмақ болған М.Горбачевтің осы бастамасы, сол істегі белсенді әрекеті үкімет пен Компартия басшылығындағы бір топ қайраткерлерге мүлдем ұнамаған. КСРО-ның Қорғаныс министрі Язов, Қауіпсіздік комитетінің бастығы Крючков, КПСС-тің Саяси бюросының мүшелері, биік лауазымдарға ие Бакланов, Шенин және Болдин КГБ-ның Мәскеу іргесіндегі құпия лагерінде 5 тамызда бас қосып, жана Одақтың жолын кесуге озара жә дескен. Бертінде жарияланған тергеу материалдарына қарағанда («Новая газета», «ГКЧП-24», 27.08 – 03.09. 2015 ж.), 6-8 тамыз күндері сол пәтуаға КСРО Жоғары Кеңесінің төрағасы А.И. Лукьянов, КСРО-ның вице-президенті Геннадий Янаев, премьер-министр Валентин Павлов, Ішкі істер министрі Борис Пуго және бірнеше қайраткерлер алғашқы бесеудің ұсынысын мақұлдап, Михаил Горбачевтің КСРО-ны «опонай таратпақ болған қастандық әрекетін» жүзеге асырмау үшін Төңкеріс комитетін құруға келіседі. Ескертер жайт: астыртын жүрген осы әзірлікті Ресей

федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин білмеген; Украина, Белорусия және Қазақстанның президенттері де сол қастандықтан бейхабар болған...

Төңкерісшілер 18 тамыздың кешінде сол шараны іске асырап іс-қимыл жобасын мақұлдаудан кейін нақты әрекетке жедеғабыл кіріседі: арнайы делегация Форосқа барып, М.С. Горбачевке КСРО-ның Президенті міндетін атқаруды тоқтатып, «төтенше жағдай» жариялауды талап етеді; Михаил Сергеевич үзілді-кесілді бас тартқандықтан іле-шала жобаның екінші тармағы жүзеге асып, Фороспен үкімет байланысы үзіледі; Президент отбасымен «үй тұтқыны» болып, жүріс-тұрысы шектелген мүләйім пендеге айналады...

19 тамыздың таңында төңкерістің басты іс-қимылдары жүзеге асқан: Мәскеуге әскер бөлімдері (бірнеше дивизия және танк колонналары) кіргізіліп, Кремльді, РСФСР үкіметі орныққан «Ақ үйді», телеграф пен темір жол бекеттерін бақылауға алған. Ертеңгілік мезетте Г. Янаев, О. Бакланов және В. Павлов қол қойған Төтенше мәлімдеме халыққа жарияланып, «Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және ерекше режимді жүзеге асыру мақсатымен КСРО-ның «Төтенше жағдайдағы Мемлекеттік комитеті» (ГКЧП СССР) құрылып, билікті қолына алғаны күллі Одаққа мәлім болады. Төтенше комитет құрамына Бакланов, Крючков, Павлов, Пуго, Стародубцев, Тизяков, Язов және Янаев кірген. М.С. Горбачевтің кенеттен «сырқаттанып» қалғаны, ел басқаруға әзірше шама-шарқы жоқтығы, Ел билігін КСРО-ның вице-президенті Геннадий Янаев атқаруға кіріскені халыққа хабарланған...

Мәскеуден үш мың шақырым шалғайдағы Семей жұртшылығына сол хабар 19 тамыздың кешінде жетті. Бір танысым телефон шалып: «Тезірек теледидарды аш, Мәскеудегі нояндар өзара қырқысып жатыр...» – десін. Күллі елде «Төтенше жағдай» жарияланғаны көңілімде абыржу туғызды. «Апыр-ай, осының арты немен тынар екен?» – деген ой тынышымды алып, телеэкран алдында таңға дейін телмірдім. Тек ұққаным шамалы.

Әсілі, мен саясат әлеміне, билік маңынан да қашық жүретін пендемін. Маған керегі – тыныштық, ел бірлігі, әрине, дастарқанымда ас-су болуы... Билеушілердің әкіренін де, әлжуазын де көрдік. Бір облыста екі обком құрып, өз құзырына тиген аймақтағы билік пен табысқа, өткінші данққа таласып, еңбекші халықтың қай әкімге бағынарын білмей, алаң болған заманды да бастан кештік. Төбемізде күн сайын әңгір таяқ ойнатқан Никита Хрущевтің әкіренін де он жыл бойы үнсіз көтердік (Шығыс Қазақстанның Зайсан мен Тарбағатай аудандарындағы өндіріс басқармасын 1960 жылдары Құдайбергенов деген семейлік ақсақал басқарды. Өзімдігі мол адам еді. Сол кісі ресми хаттарға қол қойғанда, «Құдай» деп жазатын да, одан кейінгі сегіз әріпті иректтей салатын-ды. Бірде мен: «Мұныңыз не, күш көрсеткеніз бе?» – дегенімде, ақсақал рақаттана күліп: «Можантопай жандарға сес көрсету үшін...» – деп жауап берген-ді. Бұл енді жергілікті «құдайлардың» әрекеті).

Қазақстанды бір кісідей билеп-төстеген, «нағыз Ильич» атанған Л.И. Брежневте 18 жыл бойы, яғни ақыл-есі әбден алжығанға дейін Бас секретарь болғанда қайсымыздың көсемізді көгертті?

Сондықтан да «қойдай жуас, түйедей төзімпаз» қазақты, ауыр еңбекке көндіккен күллі Кенес халқын әлденеге үміттендіріп, «Қайта құру» соңынан «Қайта өрлеу» атандырған саясатын Ел тірлігіне жедеғабыл енгізбек болған Михаил Горбачевтің кенеттен сырқаттанып қалғанына қаһа болғаныммен, сол шіркінді ауыру деп жариялап, өзі билік басы-

на келтірген ізбасар серіктері ат жалын тартып мініп, үкімет билігін төтенше қимылмен иеленгеніне күдігім әлбетте мол еді. Олардың түп мақсаты – «Ерікті Елдер Одағы» емес, КСРО-ны бұрынғы қалпында сақтау екені сол күнгі мәлімдемелерінен айқындалды. Демек? Неге сөйткенімді білмеймін: басты қауіпміз өзіміз соңғы екі жарым жылда күллі халық болып күресіп, қазақ жеріндегі ядролық полигон атты тажалды тұншықтырар сәт жақындады деп үміттеніп отырғанда, төбемізден төнген «Төтенше жағдай» мен «Төтенше комитеттің» әуірімі мығым, түп мақсаты түсініксіз мәлімдемесі әлбетте мені әр алуан ойға түсірді...

Мәскеу көшелерінде сап түзеген әскерилерге қарағанда жағдай онша емес. Теледидар алдында уақыт ұзатқан мен 19 тамызда, Мәскеу уақытымен таңғы сағат төрттен бастап, алып елдің басты қалаларында алты ай мерзімге төтенше жағдай жарияланғанын естідім, саясатпен тікелей шұғылданатын қоғамдық ұйымдардың қызметтері тежелін, «Правда» бастаған барлық газеттерді таратуға қатаң шектеу қойылыпты. Орталық телестудияның «Хабарынан» өзге программалары да жұмысын тоқтатқан.

«Спидоланын» құлағын бұрап отырып, біздің елге арнаған шетел ақпарынан ұққаным: мәскеуліктер «Төңкеріс комитетіне» наразылық білдіріп, мың-мындап көшеге шыққан; солардың қарамы кешке таман ондаған мыңға жеткен-мыс және солар негізінен «Ақ үйдің» алдындағы алаңға тоғысқан. Кешке таман РСФСР Жоғары Кеңесінің депутаттары Янаев басшылық еткен «Төтенше комитетке» бағынудан бас тартып, «Ақ үйден» шықпай, бойшаң да алып ғимаратты бекініске айналдыруда... деген де ақпарды естідік. «Төтенше комитеттің» құрамында Ресей Федерациясының Президенті Борис Ельциннің есімінің аталмауы ә дегенде күдік туғызған еді, шетел радиосы жариялаған ақпарда оның ГКЧП-ға қарсы екені нақты айтылды. «Ақ үйде» отырып, ол жұртты «төтенше жағдайды» тәрк етуге, комитет мүшелерін «сатқындар» деп, Кеңес халқын өзі таратқан әмірге бағынуға шақырыпты-мыс...

Қым-қуыт ақпарлардың қайсысына сенерімді білмей, көңіл шіркін әр саққа ауып елегізіп отырғанда, «Төтенше комитет» мүшелерінің бір тобы телеэкраннан көрінді. Шамасы бір сағаттай уақыт «Төтенше жағдайдың» мақсат-мүдделерін түсіндіріп, Горбачев жүргізген «Қайта құру» саясатының ел экономикасын құрдымға құлатып, ондаған жылдар бойы қалыптасқан кеңестік жүйенің дағдылы үрдісінен жаңылғанын ашық ескертіп, сол жағдаятты комитет мүшелері желеғабыл түзеу шараларын ойластырып, ахуалы күрт төмендеген енбекші халықтың тұрмысын ондауға кірісетінін комитет мүшелері жарыса қайталады. Әйтсе де?..

Үкімет басшысы Павлов, Бакланов және кімдер (кейбірін мүлдем түстей алмадым) телеэкран алдында телміріп отырған мен сияқты миллиондаған көрермен ынтыға күткен түйткілді жайттарды нақты түсіндіре алмады. Бәрінен де Геннадий Янаевтың өз ойын тақ-тұқ айтудың орнына әлденеге алаңдап, бір жайтты айтып, тек аяқтамай, екінші мәселеге ауысып, кейбірін қайыра пысықтағаны көңілімді қарадай суытты. Сұхбатты жүргізушінің:

«Сіз өзі қандай еркексіз?» деген, әлденені оспақтаған қитұрқы сауалына: «Оның жөнін менің әйелімнен сұра!» — деп түлен түрткендей ашулағанын естігенде, қасымда отырған қосағыма қарап: «Мына дүлейдің не дегенін естідің бе, бұл неме ешкімді жарылқай қоймас!...» — дедім. Бәйбішем де күдігімді қостап: «Пәлі, қолына кара! Дірілдеп отыр. Сірә, ауыру адам...» — десін. Шынында да Михаил Горбачевтің бірегей орынбасары болған, яғни төтенше жағдайда оны ауыстыруға тиіс вице-президент мәртебесіне ие қайраткерсымақ халық алдына шыққанда өзіне-өзі ие бола алмай бас шайқатқаны, шынымды айтайын, қарнымды қарадай ашырды...

Келесі күні-ақ Мәскеу, Ленинград, Киев және Балтық бойындағы бірнеше қаланың еңбекшілері «Төтенше жағдайды» қабылдағанын, жүз мыңдаған адам орталық алаңдарға жиналып (Көшеге шыққан мәскеуліктердің жалпы қарамағы бір миллион десеңді), наразылық білдірген. ГКЧП-нің төтенше шешіміне қарсылықты басқарған РСФСР Президенті Б.Н. Ельцин үлкен федерацияның бірегей басшысы құқығымен Жарлық жариялап, ГКЧП шешімін мемлекетке қарсы төңкеріс деп бағалаған, одақтық әскери күштер мен билікке ие атқарушы органдарды өзінің өміріне бағынуды талап еткені мәлім болды; әлбетте «Төңкеріс комитеті» сол жарлықты залалсыздандыру үшін Ресей президентін тұтқындауға бұйрық берген. Сол операцияны жүзеге асыру Крючков, Язов және Пугоға жүктелген. «Ақ үйдің» алдындағы алаң тек бос емес, Борис Николаевичтің шақыруымен онда жүз мыңдаған мәскеуліктер иық тіресіп сапта тұр. «Ақ үйге» кіру үшін ең әуелі алаңды сол тобырдан тазарту керек. «Найзағай» атанған операцияға ОМОН мен жаяу әскер күштері дайындалады. Оларға КГБ-ның «Альфа» тобының жауынгерлері жәрдем беруге тиіс. Ресей федерациясының үкіметін тұтқындау операциясы 21 тамыздың таңғы сағат 3-те бастау жобаланған. Алайда, сағат түнгі бір шамасында шабуылға дайындалған үш топтың командирлері өздерінің келешек тағдырын шамалаған тәрізді, кең алаңда иін тіресе тұрған халықты сапер күректерімен, иә оқ жаудырумен ысырып, өліктерін баса жаншып, «Ақ үйге» кіруден бас тартқан (Нак сол заматта Жаңа Арбат алаңындағы демонстраттарды күшпен таратуға тиіс Таман дивизиясының 8 танкеткаларымен шайқаста мәскеулік үш жігіт өлім құшады. Нак осы жайт «Ақ үйді» шабуылдау ниетінен үш топтың командирлерінің бас тартуына түрткі болған-мыс).

Қысқасы, маршал Д. Язов 21 тамыз күні ертеңгілікте өз бетінше шешім қабылдап, ГКЧП-ның талабымен Мәскеуге енгізген әскери күштерді қаладан әкетуге бұйрық берген. Осы оқиға мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырушылардың күйрей жеңілгенін мойындауға мәжбүрлеген. Соны жасаушы Горбачев, иә Ельцин емес, миллиондап көшеге шыққан еңбекші халық. Сол гәпті түсінген ГКЧП тобы 21 тамыз күні түсте Қырымға барып, үй тұтқынында отырған Михаил Горбачевтен кешірім сұраған.

Сонымен Одақтың ең жоғары билігіне ие нояндары екі апта бойы әскездеп дайындап, Кеңес елінің билігін уысында ұстамақ болған ниетпен төңкеріс ұйымдастыруы сәтсіз әрі дөрекі оқиға болып, КСРО тарихына енді (Кешегі өмірімізде басымыздан кешкен тарихи оқиғаларды еске алайық: Н. Хрущев пен Л. Брежнев те КПСС-тің Бас секретары атанарда жедел шақырылған пленумның қарарымен бірегей билікке ие болған-ды). ГКЧП-ға белсене қа-

тысқандардың кейбірі – КПСС-тің Саяси бюросына мүше болғандар, қайсыбірі – атағы таудай маршал немесе армия колбасшылары, Одақтық министрлер. Бәрі де нақты іске келгенде қауқары шамалы әрі әлжуаз «көсемдер» екенін небәрі үш тәулікке созылған іс-әрекетінде нақты көрсетті. Алда-жалда сол шіркіндердің тотенше билігі үш күн емес, үш айға немесе үш жылға созылса – халық тірлігі нендей күйге ұшырар еді?..

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ республика халқына жолдаған ресми мәлімдемесінен (ықшамдалған нұсқа), Алматы, 20 тамыз 1991 жыл<sup>1</sup>:

*«Кеше мен Қазақстан халқына арнап сөз сөйлеп, байсалдылық сақтауға шақырдым. Республикадағы жағдайға қарағанда біздің тұрғындар Мәскеудегі дүрбелеңге елікпей, менің шақыруымды түсінікпен қабылдады. Сол үшін де шексіз ризалық білдіремін! (...) Жағдайымыздың қатерлі шекке тақағанын мен КСРО Халық депутаттарының 4-ші съезінде М.С. Горбачевті саяси енжарлығы және өзі етене еткен «қайта құру» бағытын бекем жүргізуге қабілетсіздігі үшін сынағанмын...*

*Енді міне, төтенше жағдайды конституциялық, праволық баптарға сүйеніп отырып жариялаудың орнына... небәрі үш адамның ынтасымен КСРО Жоғары Кеңесі мен республикалардың бірде-бірі қатыспаған «Тотенше комитет» заңсыз құжаттарды ойдан бопсалап, республикалық Декларацияларды аяқасты етпек. (...) Егерде біз заңсыздықтың қиралаң жолымен жүретін болсақ, халық кешірмейді. Ең алдымен олар осынау қиын-қыстау күндерде Михаил Сергеевичтің пікірін естігісі келеді, ол болса өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыра алмайтын халде екенін ашық мойындауға тиіс... Саяси ахуалды КСРО Жоғары Кеңесінің төтенше мәжілісінде жедел қарауды ұсынамын. Он күн мерзімде КСРО Халық депутаттарының төтенше съезін шақырып, КСРО Президентінің бүкілхалықтық сайлауын барынша қысқа уақытта өткізуді белгілеу керек!.. Төтенше жағдайдан туындайтын тағы бір маңызды мәселе – 8 республика парламенті мақұлдаған Одақтық шартқа қол қою...»*

КСРО Президенті тамыздың 22 күні Мәскеуге оралып, Кремльдегі кабинетіне қайыра ие болды. Демократиялық үрдістерді қорғап көшеге шыққан миллиондаған ереуілшілер үйлеріне қайтты. Төңкеріс жасаушылар «Матросовская тишина» түрмесіне апарылып, өздері ешқашанда болжамаған тақтай нарларға қисайды. (Бір жылдай уақыт сонда отырып, бірде-бірі сот алдына жетпей, кешірім алып, отбасына оралған. Ішкі істер министрі Б.Пуго мен ОК-нің ішкі шаруашылығын басқаратын Н. Кручина ғана тұтқындалар қарсаңда өздеріне қол жұмсап, мерт болған).

ЕСКЕРТУ: Мәскеулік «Новая газета» жариялаған, кеңестік хунтаның сол күндердегі пасық әрекетін тергеу материалдары негізінде нақты айғақтармен әшкерелеген «ГКЧП-24» материалының тұжырымдалған қорытындысында мынадай ой айтылған:

<sup>1</sup> Осы мәлімдеменін түп нұсқасы 19 тамызда республика газеттерінде жарияланған

«М.С. Горбачев 29-30 шілдеде Ново-Огаревода Қазақ республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен оңаша кездескенде Одақтың кейбір басшыларын ауыстыру туралы ақылдасқан. Негізінен Павловты пен Крючковты, сәл кейініректе Язовты мәртебелі қызметтерінен босатқысы келетінін ескерткен. Мысалы, Павловты Назарбаевпен ауыстырмақ ойын айтып, Нұрсұлтан Әбішұлынан келісім сұраған. Вице-президент мансабын да қысқартпақ екен... Сірә, осы ақпар жасырын жолдармен жоғарыда есімдері аталған билік иелеріне жеткен. Демек, көтерілісті ұйымдастырушылар халық тіршілігіне жаны ауырғандықтан емес, өздерінің биік мансабын сақтау үшін төтенше қастандықты жобалаған... – дей келіп газет редакциясы мынадай тұжырым айтады. – КСРО-ның орнына «Ерікті Елдер Одағы» құрылатын болса орталық үкімет бұған дейінгі барлық өктемдік билігінен айрылып, өздері осы уақытқа дейін иеленген шектеусіз құзырынан ада болады. Тек қана әмір беруге дағдыланған жандар үшін бұл – өліммен парапар жаза. Сондықтан да олар төңкеріс жасауға уағдаласқан-мыс...»

\* \* \*

Тарих донғалағын ешкім де кері айналдыра алмайды. Бұл аксиома! Десек те Кеңес еліне етене бола бастаған демократиялық үрдісті оқыс әрекетпен тежеп, билік басында қала беруді көксеген топтың күйрей жеңілуі – күллі Қазақстан халқын, әсіресе бейнеті мен соры жүз батпан семейліктер зарыға күткен тарихи оқиғаның туар сәтін ерекше жеделдеткені анық. Иә, өмірде сондай да сәтті жағдаяттар болады. Қылшығын алам деп былшығын суыратын одағай оқиғалар тарих дөңгелегін шыр айналдырып, күткен ісінді кенеттен қолына ұстатады. Шынтуайтын айтқанда, біз, семейліктер, сол қуанышты 29 тамыз күні телеэкран арқылы, оған қоса КазТАГ-тың арнайы ақпарынан естідік. Сол-ақ екен бірі-бірінен сүйініші сұраған жұрт төтенше хабарды аудандарға, шалғайдағы ауылдарға таратты. Көпшілігі дастарқан жайып, сол жарлықты жаппай тойлады...

19-21 тамыз. «Төтенше жағдай» жариялаған ГКЧП-нің омақаса құлаған әрекеті КСРО халқын әр алуан ойға қалдырып, мызғымас бірлігімізге қауіп төнгеніне иландырап шекке жеткізген.

19-20 тамыз. Алматы. Қазақ КСР-ның президенті Н.Ә. Назарбаевтың Мәскеудегі ГКЧП туралы наразылық білдірген ресми мәлімдемесі жарияланды.

20 тамыз. Алматы. «Соц.Қазақстан» мен «Казправда» газеттері 23 тамыздағы сандарында Н.Ә. Назарбаевтың КПСС ОК-нің Саяси бюросына жолдаған хаты «КПСС ОК-нің секретариаты өзін біржола масқаралады» деген мәні шатақ атаумен берілген. Нұрсұлтан Әбішұлы сол хатында ГКЧП-ның ұсыныстарын қабылдамағанын, КПСС ОК-тің төтенше пленумын шақыруға да үзілді-кесілді қарсы екенін мәлімдеп, осы сәттен бастап өзінің КПСС ОК-не және Саяси бюро мүшелігінен шығатынын мәлімдеген.

24 тамыз. Алматы. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің сессиясы шақырылып, Н.Ә. Назарбаев депутаттар назарына Мәскеуде 18-21 күндері болған төтенше оқиғаларды түсіндіріп, республика басшылығы, өзінің де ГКЧП ұсынған заңсыз нұсқауға тойтарыс бергенін, Ерікті Елдер Одағын демократиялық негізде нығайтып, Б.Н. Ельцинмен жуықта, Алматыда келісілген шараларды бұлжытпай орындауға шақырған.



26 тамыз, Алматы. Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің кезектен тыс шақырылған төтенше сессиясындағы сөзінде: «Одақтық шарттың болашағын өзгеше көзқараспен талдау қажет. Жағдай елеулі түрде өзгерді. Жаңарған Одақ – бұрынғы федерация емес. Украина өз тәуелсіздігін жариялады. Белорусия да солай етуге әзірлік жасауда... Бұрынғы Одақты тең құқықты республикалардың Достық ұжымы етуді ұсынған академик А.Д. Сахаровтың таңғажайып ұсынысына біз кезінде құлақ асқамыз жоқ. Соған енді кеш болса да бет бұрудың қажеттігін өмір көрсетті... Таяу уақыттағы үрдіс – дағдылы Министрлер кабинеті емес, қауымдастықпен бірігетін тең құқықты экономикалық кеңес. Қазақстан бұдан былай бірде-бір аймақтың «айыл-тартпасы» болмайды, ешқашанда әлдекімнің «кіші інісі» аталмайды. Біз жаңа Одаққа тең құқықпен кіреміз...» – деген.

28 тамыз, Алматы. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан КП ОК-нің төтенше шақырылған пленумындағы мәлімдемесінен: «Қазіргі ауыр жағдайда мен өзім үшін ерекше қиын таңдау жасауға мәжбүр болдым: бүгіннен бастап Қазақстан КП ОК-нің бірінші секретары міндетін атқаруды доғарамын; Орталық Комитет те қызметін тоқтатады. Пленум мүшелері осы шешімді қолдайды деп есептеймін. Компартияның тағдырын коммунистер конференциясы, иә съезі шешуге тиіс. (...) Қазақстан халқын, коммунистерді, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды бүгінгі төтенше оқиғаларға байсалды түйсікпен қарауға, өмірімізге қауырт енген демократиялық қозғалыстарға мән бере бағдарлап, интернациональдық негізде бірігуге шақырамын, заңды сақтап, ұйымшылдық пен ішкі тәртіпті нығайтып, көп ұлтты Қазақстанның жарқын болашағына әрбір қазақстандық азамат зор жауапкершілікпен таңдау жасауы қажет!...»

29 тамыз. Қазақ КСР-ның Президенті күллі республика халқы зарыға күткен Семей полигоны туралы тарихи Жарлығын жариялады...

«Семей полигонындағы ахуал туралы ақиқат жариялылық кезінде ашылды. Оған дейін Орталық Комитет хатшысының да, үкімет басшысының да, СОКП ОК-і Саяси бюросының мүшесі болып отырған қайраткердің де полигон жұмысына араласу тұрмақ, сол аймаққа баруға да рұқсаты болған жоқ. (...) Полигон қайда, Байқоңырға табаны тиген бірінші Қазақстан басшысы мен ғана. Ол кезде бәрін Орталық шешетін-ді, бәрін де Мәскеу билеп-тостейтін. Ядролық полигон өзінше бір мемлекет ішіндегі мемлекет сияқты еді. Сондықтан да полигонды жабуға жол ашып бергені үшін де біз «Қайта құруға» ризалық білдіруге тиіспіз... – деп өзі республика билігіне келген жылдарға талдау жасаумен көкейкесті жайттарды ағынан жарыла сыр шертеді Нұрсұлтан Әбішұлы «Тажалды тұншықтыру» деп атаған, «Егемен Қазақстан» газетінің сол кездегі президенті Сауытбек Абдрахмановпен жасаған кезекті әңгімесінде<sup>1</sup> (газеттің 2011 жылғы 27 тамыз күнгі үш бетінде жарияланған, 2015 жылы осы сұхбаттар жеке кітап болып жарық көрді). – ...Полигон ақиқатының ашылуына 1986 жылғы Чернобыль апаты түрткі болғаны анық. Сол апатта атмосфераға тараған радиациядан 4 мыңнан астам адам (?) обыр ауыруына шалдыққан деседі. Семей жеріндегі ядролық сынақтардың ауыр салдарын есептеген мамандар екі Чернобыльды қайталады деген қорытынды жасаған. (...) 1963 жылы атом қаруын атмосферада, жер бетінде және

<sup>1</sup> «Тажалды тұншықтыру» атанған сұхбаттың мәтінін толық келтірмеймін. Хикаятымыздың тақырыбына орай әрі полигонды жабу туралы Нұрсұлтан Әбішұлының өзі жасаған нақты әрекеттер баяндалған тұсын ғана ықшамдап қайталағанымды ескертемін.



*Семей қаласындағы Абай театры*

суда сынауға тыйым салу жөніндегі шартқа қол қойылды. Содан кейінгі жарылыстар жер астында жасалған. Талай жылдар бойы жерасты жарылыстарының залалсыздығы жөнінде аңыз тежеусіз таратылған. Соның да қатерлі сырын түре ашқан жайт – жариялылық. «Қайта құру» жылдарында радиоактивті элементтердің атмосфераға шығу деректері ашылып, қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығына зиян келтіргені жазыла бастады.

Чернобыль апатынан кейін, бірнеше айдан соң Семей сынақ полигонының аумағын қосымша кеңейтуге тапсырма алғанымда мен не дерімді білмей, қатты қапаландым. Сөйтсем, Талдықорған облысының іргелес аймағынан Семей облысына жер бөлу жөнінде бірінші хатшымен келісім жасалыпты. «Полигонға қосымша жер керек! Сол жерді нақты көрсететін генералдар мен мамандарды қарсы алыңдар...» Қорғаныс министрлігіндегі шенеуніктің сөзі осы. Қаным басыма шапшыды. «Немене, Орталық Комитет пен үкіметтің қаулысы шығып па еді? Неге мен, Қазақстан үкіметінің басшысы мұны білмеймін?» – десем, «Қаулы жуықта шығады. Жоба әзір, Орталық Комитет келіскен...» – деп түйеден түскендей сөйлейді әлгі әкімсымақ. «Кешіріңіз, ондай құжатқа мен қол қоймаймын. Қол қоймайтыным былай тұрсын, сол шешімді өзгертуге тырысамын», – дедім. Колбинге хабарласып, «Бұл не жағдай, сіз келісім берді деген сөз рас па?» – десем, «Сондай әңгіме болған, жана полигон салу туралы емес, бұрынғының аумағын кеңейту туралы. Немене, Қазақстанның жері аз ба?...» – деп қарап отыр. Проблема бар екенін, полигон төңірегінде өрбіген қатерлі жағдаятты түсіндірдім. Колбин: «Есінде болсын, ВПК-мен жағаласу онай емес, олар екеумізді де орнымыздан алғызбай тоқтамайды...» – дегенімен, менің қосымша түсіндірмемнен соң, «Жарайды, өзін біл, мені тек бұл іске араластырма...» – деді. Не істеу керек? Жариялылық уақыт, демократия-

лық үрдіске бет бұрғанымыз септігін тигізді. Сейілбек Шаухаманов деген досым Талдықорған облаткомының төрағасы болатын. Сейілбекке: «Қайткен күнде полигон құрылысы туралы қырсық-қыныр сөзді жұртқа тарат, бірнеше күннен соң осы жобаны жүзеге асуына қарсылық білдіретін митинг ұйымдастыр...» – дедім. Сейілбек қатты шошып: «Өйтетін болсақ екеуміз де жұмыстан айрыламыз», – десін. «Мен емес, алғашқы кезекте сен қуыласың. Соны және мен істеймін», – дедім. Сол шараға септігі тиер деген оймен Денсаулық сақтау министрлігінің Семей өніріндегі рак ауруына шалдыққандардың ерекше көп екендігі туралы құпия мәліметтерін баспасөзге жариялаттым. Қоғамдық қарсылық дереу күшейді. Мәскеуге де қара аспанды төндіріп, қара суды қаптапты, 1986 жылғы желтоқсандағы жағдай қайталануы кәдік әрі сол күллі республиканы қамтуы мүмкін... деген үрейі мол қызметтік жазбалар жолдадық. Ақыр аяғында Мәскеу шатағы мол жобадан бас тартты»<sup>1</sup>.

Байқауымша, «Тажалды тұншықтыру» сұхбатының авторы Сауытбек Абдрахманов Елбасымен әңгімелесуге дайындықта полигон тарихына көбірек шұқшиған. Журналистің сауалдары мен оған ҚР Президентінің жан-жақты жауабы соны аңғартады. Бұдан әрі мен осы сұхбаттың әрбір дерегіне түсіндірме жасап немесе өз ойымды қыстырмалаудан тиылып, күпті мәселенің сан тарам күрмеуін тарқатқан тұсын ғана қайталаймын.

«– Нұрсұлтан Әбішұлы, ядролық полигонға жер таңдауда тек қана Қазақ даласына, Абай мен Әуезов туған жерге түскеніне түсіндірме берген артық емес сияқты...

– Мәскеудегілер сол аймақты таңдауы Кеңес одағының халық сирек қоныстанған жер болған соң, негізгі коммуникация желілерінен қашық еместігі де себеп болды деген түсінік айтатын-ды. Сөйтіп, ядролық полигонға облыс орталығынан небәрі жүз елу шақырым жерді таңдаған. Тым ұзаққа теміржол тартпайды. Сынақ аланына ұрымтал жерде қазақ ауылдары қоныстағанын да ескермеген... – дейді Нұрсұлтан Әбішұлы. – Сол гәпті өз атымен айтқанда, қаншама елді мекендер мемлекеттің әскери-саяси мүддесіне са-

<sup>1</sup>1957-58 жылдарда Абай мен Шұбартау аудандарын таратып, Қайнар кентін және оның төңірегіндегі ауылдардың кен байтақ жерін әскери полигонға беру жайында, абайлықтарды Жарма ауданына, негізгі бөлегін Сарыөзек бекетінің іргесіндегі зымырандар сыналатын шөл далаға көшіруге Қазақстан үкіметі қаулы дайындағанын ҚР Президенті, сірә, білмеген (О кезде Нұрсұлтан Әбішұлы – мектеп оқушысы). Күллі абайлықтарды ерекше дүрліктірген сол оқиғаны мен осы хикаятымның «Қорғаушысы жоқ ел жетім» тарауында нақты деректермен тарқатқанмын. Екі ауданның жабылудан аман қалуы – Н. Хрущевтің жер бетіндегі сынаққа уақытша мароторий жариялауы, одан соң біздің ел 1963 жылы АҚШ үкіметімен жасасқан «Атомдық сынақтарды ауада, жер үстінде және су бетінде жасамауға» жә дескен келісімнің нәтижесі. Сірә, Қазақ даласын қалауынша иемденуге қымсынбаған ВПК басшылары 1986-87 жылдары сол жобаны сейфтен суырып, Г.В. Колбиннің көмегімен полигон аймағын кенейту-ді ойластырған?

Нұрсұлтан Әбішұлының Ел мүддесін, туған жұрты ғасырлар бойы иемденген атақонысын қызғыш құстай қорғайтынын ВПК мен Кеңес үкіметі, сірә, ескермеген. Тәубе демеске шараң қанша?!..

налы түрде құрбан етілген. Ядролық сынақтар сол маңаттағы адамдардың денсаулығына қатерлі екенін олар жақсы білген. АҚШ-тың атом қаруына монополиясын тезірек жоюды мақсат еткен кенестік билік іс жүзінде жүз мыңдаған адамдардың өмірін, келешек тағдырын түкке тұрғысыз бірдене деп қараған. Жарылыс жасалатыны жөнінде халыққа ескерту 1953 жылдан ғана басталған. Соған дейін, яғни төрт жыл бойы соны біздің адамдарға алдын ала хабарлау, жарылыс орнынан алыс жерге уақытша көшіруді кәперіне алмаған. Әсіресе алғашқы жарылыстың зардабы ерекше күшті болған. Радиоактивті заттектер сол маңайдағы барлық елді мекендерге жанбырша жауған. Сол пәлекеттен хабары жоқ ауыл тұрғындары радиациялық сәуленің мол дозасын алған. Сұмдық емес пе? Өз халқына жаны ашымаған, адамдарды эксперимент нысаны ретінде кәдімгі тәжірибе жасайтын қоян көжектеріне айналдырған үкіметке осыдан кейін қалай ішін жылиды?!

– Нұреке, шыдамның шегінен асқан оқиға 1989 жылғы қыста кезекті жарылыс кезінде атмосфераға радиоактивті заттектердің тарап кеткендігі ғой, солай емес пе?

– Мұндай жағдай бұрын да болған. Ал осы оқиғаның Чернобыль апатынан кейін қайталанғаны біздің қанымызды қайнатты. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары сол күні-ақ хабар таратып, шулатып ала жөнелді. Бізге де керегі осы болатын...

– Орталық Комитеттің хатшысы болдыңыз, республика үкіметін басқардыңыз. Сол кезде Семей полигонындағы жағдаймен танысудың мүмкіндігі болды ма?

– Полигон проблемасын жоғары жақта қозғауыма КСРО Жоғарғы Кеңесі депутатының мандаты кең жол ашты. О кезде республика Министрлер кеңесінің төрағасы едім. Сондай айтыстарда әскерилердің маған айтпаған сөзі қалмады. Елдің стратегиялық басты нысанына қастандық деп те бағаланды, «Кеңес одағының қорғаныс қабілетін бүлдіру әрекеті» дегендер де аз емес. Мені «үйден коқыс шығарған», «саяси ұпай жинаған» адам етіп көрсеткілері келді. Генералитет үшін әлбетте полигонды жабу деген түсіне кірмейтін сұмдық оқиға болатын.

– Семей полигонын жабу генералитетке биік лауазымнан қағылып, үстемесі мол жалақыдан айыратын қолайсыздық туғызады...

– Бұл да қисынды байлам. Әйтсе де Әскери-өнеркәсіптік кешен тек қана генералдар емес. Мысалы, Курчатов қаласында кезінде 50 мыңдай адам болған, полигон жабылып, ғалымдар мен әскерилер кеткеннен кейін сол қалашықта 10 мыңға жетер-жетпес адам қалды. Желеғабыл көшкен 40 мың адамның Ресейге тарап, жұмысқа орналасуы, баспана алуы да онай ма?.. Солай болатынын білсек те біз халқымыздың амандығы, еліміздің ертеңі мен тәуелсіздігіміздің бекемдігі үшін осы қадамға тәуекел еттік. Тәуекел еттік те мақсатымызға жеттік.

1990 жылғы 22 сәуірде Жоғарғы Кеңес мені Ел Президенті етіп сайлады, осы сенім де полигонға қарсы жүргізген күресімде маған тың серпін дарытты.

Сол кезеңде қолға алған алғашқы шаруаларымның бірі «Әлем сайлаушылары ядролық қаруға қарсы» деген тақырыпта конференция өткізуге дайындық болды. Конференция 24 мамырда басталып, 3 күн бойы жүрді. Әлемнің отызға жуық елінен делегациялар келді. Сол жиынның соңы Алматыдағы «Бейбітшілік шеруіне» ұласты. «Семей-Хиросима» телекөпірінің өткізілуі, оның таспаға жазбасы соңынан күллі Кеңес одағына көрсетіліп, миллиондаған адамдардың көңілінде ерекше қобалжу туғызды. Қайда барсаң да жұрттың сұрайтыны – полигонның келешек тағдыры. Содан өрбіген радиофобияның күшейгені сонша, бір кездесуде маған: «Полигон зардабынан Семейдің жер астына түсуі мүмкін бе?» – деген де сауал қойылды. «Саржалда тұратын барлық туыскандарым науқас. Сол да радиацияның әсері ме?», «Бізге жер астындағы сынақтардың зияны жоқ деп еді ғой. Бізді кім, неге алдаған?» – деген де сұрақтар әрбір кездесуде қайталанды. Ашынған халықтың ашу-ызасы үзілер шекке тақағаны анық. Әсіресе, «Невада-Семей» қозғалысының Абай ауданының орталығы Қарауыл кентінде өткізген, неше мың адам қатысқан митингісінің маңызы ерекше әсерлі болды. Оған қатысқан адамдардың әрқайсысы бір-бір тас алып, Абай атамның балалық шағы өткен Қарауыл төбенің іргесінде биік оба тұрғызды. Сондай қозғалыс әр жерде өрбиді. Қарағандылықтардың наразылық петициясына 130 мың шахтер қол қойған. (...) Осы арада мен, парадокс болса да айтайын, полигонды жабу жолындағы күресімізге... тамыз бүлігі ерекше «көмектескенін» айтуға тиіспін...

– Қалайша?

...Тамыз бүлігінен кейін орталық билікте бедел қалмады. Ельциннің Ресей Жоғарғы Кеңесінің жиынына Горбачевті кабинетіне шақырып, Ресей компартиясының қызметін тоқтату туралы дайындаған жарлыққа оның көзінше қол қойғанын бүкіл ел телеэкраннан көрді. Республикаларға бұрынғыдай «олай ет», «бұлай ет» деп нұсқау беруге Мәскеудің шамасы жоғын бүкіл ел көрді. Мен де осынау өлара сәтті пайдалануды жөн көрдім. Сөйтіп, 1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойдым. Дәл сол күні КСРО Қорғаныс министрі Евгений Шапошников жыл аяғына дейін Семей полигонында дайындалған соңғы жарылыстардың Арктикадағы Жаңа Жер аралында жасалатынын хабарлады. Басқадай амалы болмады. Сөйтіп, біз қырық жылдан астам уақыт қазақ жерін тітіреткен таялды тұншықтырдық. Ажалдың аузына өз қолымызбен құм құйдық...

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ, «Бейбітшілік кіндігі», Астана, «Елорда», 2001 ж. 85-86-бб.:

*«Алдымен полигонға барып, жер қойнауындағы соңғы жарылыс жасалған жердің нақ ортасында тұрып қайтқан соң (жер қап-қара болатын, быт-шыт болған, әлі қызу қайтпағандай, қиыршық тас қаптап жатыр), КСРО басшылығының келісімін сұрамай, парламенттің ядролық полигонды жабу туралы мәселені талқылауға арналған арнайы сессиясы ашылатынын жарияладым.*

*Сессияға әскерилер мен ядрошы ғалымдардың үлкен бір тобы қатысуға ынта білдірді. Олардың депутаттарды полигонды жаппауға үгіттейтіні түсінікті. Уәдені үйіп-төгетіні, ядролық жарылыстың зиянсыздығы туралы, тағы сондай*

әңгімені көбейтері анық. Бірақ мен мәселені қазақстандықтардың өздері шешуге тиіс екенін ескертіп, қысқасы, оларды сессияға қатыстырмауға бұйрық бердім.

Ертеңгілікте басталған талқылау кешке дейін созылды. Сөз тимей қалған адам жоқ. «Ядролық лоббидің» депутаттарымен белсенді түрде үгіт жүргізгенін сезіп отырмын. Сайып келгенде кейбір депутаттар ғана емес, Семей облысының басшылары да (кезінде жарылысқа жанталаса қарсы шыққандар) аймақ үшін елеулі материалдық өтемақы алу мақсатымен бірнеше жарылысқа рұқсат беруімді ашық мәлімдеді. Ондай бос сөздер, орындалмайтын уәделер бұрын да талай мәрте берілгенін олар, әрине, ескерген жоқ... Кортынды сөзімде мен жауапкершілікті өз мойныма алатынымды ескертіп, ресми құқықтарымды пайдаланып, полигонды арнайы Жарлықпен жабатынымды жариялады. Сол істің немен аяқталғаны халыққа мәлім. Ядролық тарихтың бір беті және ең оңай емес беті, осылайша біржола жазылды...

Күллі халықтың қолдауына ие болған біз ядролық қарудың адамзат қауымына зиянды жарылыстарына тыйым салатынымызды, барлық қазақстандықтардың шын мәнінде бас ауруына айналған Семей полигонын жабатынымызды жұршылыққа жариялап, туған еліміз бұдан былай ядролық қару мен оның сынақтарынан мәңгі бақи арылған аймақ болады деп әлем халқына жар салдық.

Осынау тарихи күндерді ұмытуға бола ма? Семейдің және ядролық жарылыстар кіндігіне жапсарлас аймақтың тақсирет тартқанын егіле көтерген бейнетқор халқымыздың иығынан ауыр жүк түскенін білгенде бойы жеңілейіп, психологиялық езгіден біржола құтылғанын сезген жұртымыздың қуанышын шамалау қиын емес. Ядролық монстрға «жоқ» дегенді бекем айтқан Қазақстан халқының өктем сезімін мақтан еткеніміз жөн болар?!.. Ядролық қаруы бар Қазақстанның әлуетті айбарын ауыз көпіргенше дәлелдеу, соны халық еркіне кесе-көлденең тұрумен басу тегінде тарихи ессіздікпен, иә арсыздықпен паранап ауыру. Ядролық әзәзілге төтеп бере алмасақ, бізді, ел басшыларын Қазақстан халқы ешқашанда кешірмес еді. Біз халықтың қалаулы тілегін орындап, үмітін ақтадық. Бұл болса тәуелсіздікті арман еткен Қазақстанның ең алғашқы еркін қадамдарының бірі. Біз тоталитарлық кеңестік жүйенің қателіктерін дер кезінде ұғынып, соны түзеуге қадам жасадық. Соның арқасында демократиялық даму жолына бет түзедік және осы қадам сол істің іргетасы болып, ядролық қарусыз Қазақстанды тарихи шешіммен нақтылады...».

\* \* \*

Семей полигонындағы тұңғыш жарылыс 1949 жылы алғаш дүңк еткен, біз үшін өміріміздегі ең қаралы күн саналатын 29 тамызда жер мен көкті сапырып, мыңдаған тонна жер кыртысын аспанға атып, шағырмақ күн бетін қап-қара бұлт иә топан нөпірімен торлап, басымызды көтере алмай, қара жерге жабысып, тәңірге жалбарынған, алдағы өмірімізге қара түнек әкелген сол оқиғаның не екенін білмей, әп-сәтте мәңгу болған мыңдаған көптің бірі – мен, осы хикаятты жазушы. Бүгінгідей есімде: күллі Қайнар кентінің үлкен-кішісі қарақошқыл бұлт қоршауынан отты құйынды айналасына бүркіп, найзағайдай



жарқылдаған, алып саңырауқұлақ төбемізден салбырап, Абыралы тауын жанамалап, Шыңғыстау үстінен түстікке қарай құлаған таңғажайып құбылысты қалай ұмытасың (Сөл жылы мен 14 жастың шебіне іліккен, 7-сыныпқа баруға әзірленген мектеп түлегімін)?.. Әлбетте сол пәлекеттің не екенін Дала халқы ә дегенде білген жоқ. «Адам жаны сірі, көрге де үйренеді» демекші, содан бері жиілеп те, саны да үдеп, қуаты күшейіп, артық-кемі жоқ 470 мәрте қайталанған жойқын дүмпулер туғызған ядролық сынақтарға шарасыз көндіккен мүсәпір жан едік...

29 тамыз біз үшін содан бері тамұққа парапар қаралы күн болатын. Кездейсоқ түйісті ме, оқиғаның сәт сағаты соққанын түсінген Елбасы соны енді жыл сайын ынтыға күтіп, қуана қызықтайтын мереке етіп, біріге білсек, қандайда әлуетті тажалды түншықтыра алатын күш пен қажырға ие қайратты халық екенімізге сендіріп, тамыздың жұлдызды түнін сәулелі күнге айналдырды. Содан бері 25 жыл өтті. Мен, 1949 жылғы жасөспірім, бүгінде сексен жастың шебінен тоқсанға көтерілген байырғы абыралылық, Ертіс жағасында жарты ғасырдан астам уақыт тұратын кексе семейлік, 29 тамыздың әрбір таңында Нұрсұлтан Әбішұлының осы еңбегін зор мақтанышпен есіме алып, осындай қажырлы һәм ер қайраткердің өз ортамыздан шыққанына тәубе деп ризалық білдіремін!..

1989 жылдың ақпан айында өрбіп, артық-кемі жоқ екі жарым жылға созылған, жай ғана айтыс-тартыс, иә әншейінгі тәжіке емес, КСРО үкіметінде, КСРО мен Қазақ КСР Жоғары Кеңестерінің сессияларында, әлденеше қалаларда шақырылған ғылыми конференцияларда, бірнеше тәулікке созылған айтыс-тартыстарда, мындаған адамдар көшеге шығып, наразылық митингілерін Семейде, Қарауылда, Өскеменде, Ақсуда, Қарқаралыда, Қарағандыда, Алтай өлкесінде, Алматыда, тағы қаншама елді мекендерде зор дабырмен өткен наразылық акциялары, әскерилердің тежеусіз жасаған қылмыстарын әшкерелеумен жүрген жиындардың бәрі де ақыр аяғында Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВТЫҢ ешкім күтпеген, шынтуайтын айтқанда, одан өзге бірде-бір билеушінің өресі жетпеген батыл да батыр билігімен 1991 жылғы 29 тамызда қол қойған небәрі 30 жол Жарлығымен Семей полигоны, өз тілімен бейнелеп айтқанда, «ТАЖАЛДЫ ТҰНШЫҚТЫРҒАН» әрекетімен біржола жабылды...

Жазушы ретінде, туған елімнің бұрынды-соңғылы тарихына енжар қармайтын мазасыз жаратылысыммен бағамдар бір жайтты оқырман қауымға зор ықыласпен және осы ойыммен зиялы қауым да келісер деген үмітпен айтар қорытынды уәжім: халқымызды көп жылдар жүдеткен полигон тажалды ерте де, кеш те емес, 1991 жылғы 29 тамызда батыл әрекетімен тұншықтыру Нұрсұлтан Әбішұлының ЕРЕСЕН ЕРЛІГІ Ең ғажабы, үш айдан кейін соған ЕКІНШІ ЕРЛІГІ жалғасты. Ол болса 16 желтоқсанда жариялаған ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ! ЕКЕУІ ДЕ ЕЛ ТАРИХЫНА ӨШПЕЙТІН АЛТЫН ӘРІПТЕРМЕН ЖАЗЫЛАР МӘНГІ ИГІЛІКТЕР. Ең бастысы, екеуі де, міне, ширек ғасырдан асты күллі Қазақстан халқы қызығын көруде. ҚАЗАҚ ЕЛІ атанғаннан бергі жылдарда аумалы-төкпелі оқиғаларды бастан кештік. Тұрмыс тауқыметіне тойған да, тоймаған да жылдарымыз болды. Әлі де болады. Соның бәрі де тек ЕРІКТІ ЕЛ атанған құдыретті сезімнің сабағатымен тарихқа жазылары сөзсіз. Ел іргесі аман болсын дейік!..

Сол жайтты бар діліммен, жарқын үніммен қайталай отырып, сыпыра шерлі оқиғаларға толы осы хикаятымның «Семей полигонын кім жапты» тарауын қаны басқа, діні өзге, адами нұсқа, үлгісі әлем халқына танымал, қажырлы шетелдік қайраткердің Семей жерінде, Дегелеңнің құмшекерге айналған тасын басып тұрып айтқан екі ауыз уәжімен аяқтаймын.

Пан Ги МУН, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы, 2010 жылғы сәуір айы:


*«Қазақстан Президентінің атомдық сынақ алаңын жауып қана қоймай, тұтас өңірде ядролық қарудан ада аймақ құрғанына зор қолдау білдіремін. Оның бұл қадамы біздің ядролық қарусыз әлемді құру ісіміздің ең берік іргетасы іспетті. Барлық елдердің басшылары Нұрсұлтан Назарбаевтан үлгі алып, оның жолымен жүруі тиіс. Мен БҰҰ-ның Бас хатшысы ретінде ядролық сынақ алаңының қақ жүрегінде тұрып, барлық әлем елдерін Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын.*



*Кеше мен Семей қаласында болдым. Осы өңірге жасаған сапарым – мен үшін баға жетпес игі өнеге. Семей полигонындағы сынақтар барысында зардап шеккен миллиондаған адамдардың қасіреті мен сол аймақтағы экологиялық ахуалдың қиындықтарын суреттеуге тіл жетпейді. Тіпті оны елестетудің өзі аса ауыр. Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің көрегендігіңіз бен басшылығыңыз болмаса, кім білсін, қазір де миллиондаған адам сол қасіретті бастан өткерер ме еді, кім білсін? Семей ядролық сынақ алаңын жапқан және Қазақстан аумағында барлық ядролық инфрақұрылым-дарды жойған батыр ұлттың басшысы ретінде Сізге мен шексіз ризалығымды білдіремін. Ядролық сынақтарды тоқтатып, ядролық қарулардан ада бөлу қажеттігін әлемге жар салып айтушы жөнінен де Жер бетінде Сізден өзге қайраткер болған жоқ».*

Қазақ Елі 1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болып іргесін, шекарасын бекітуге жедефабыл кірісті. Ұлан байтақ жерге ие, он бес миллионнан астам (2017 жылдың басында 17 миллион болды) халқымыз бар республикамыз. Кіші жүздің билеушісі Әбілқайыр ханның Ресейдің Анна патшайымына бодан болуға ант берген 1731 жылды, Орта жүздің басты билері де сөйтуге жә дескен 1740 жылды, ең аяғында Кенесары Қасымұлы бастаған қарулы көтеріліс 10 жылға созылған қантөгіс айқастан соң, 1850 жылдан беріде Ұлы жүз қазақтары да Ресей патшасына бағындық деген уақытты межелесек – әріде 240, беріде 140 жыл өзімізден саны да, қонысы да қомақты, қарулы күші де жүздеген есе молырақ, білім-танымы да артығырақ болған алып елге кіріптар жұрт атандық. Көңілге медет іс – қайсыбір бұратана елдер құсап есімімізді өзгертіп Иван, иә Маша атанбай, дінімізді, ділімізді, тілімізді сақтадық. Әрине, руханият жөнінен де кейіндеп қалғамыз жоқ. Ең бастысы, ежелгі қазақ қонысында алаңсыз отырмыз. Рас, жоғалтқанымыз да аз емес. Сөйтіп жүріп демократиялық үрдіс өмірімізге қауырт енген жылдарда енген қарсаңда АЗАТ ЕЛ екенімізді өзіміз жариялап, дербес «ҚАЗАҚ ЕЛІ» атандық. Шүкір демеске шаран қанша?! Тек сол азаттық ұзағынан болғай!..





## ОН БЕСІНШІ ТАРАУ «АДАСУЛАР, ӨТІРІК ЖӘНЕ АҚИҚАТ»<sup>1</sup>



**Т**арих иелігіне өткен XX ғасырдың аяқ шенінде ерекше «батыл» болып, кейбір әрекет һәм пәрменді істерімен жұртшылыққа кеңінен танылған оқымысты азамат — қазақ топырағында рентген-радиология және радиобиология ғылымдарының негізін қалаушы атанған ғалым, ҚР ҰҒА-ның 1967 жылдан толық мүшесі, қоғам қайраткері С.Б. Балмұханов. Сайым Бадуанұлы осы саланың докторы (1959 ж.) және профессоры (1961 ж.) атанған соң-ақ білімдарлығымен, менмендігі басымырақ қабілетімен де өз әріптестерінің алдына шыққан көшбасшы орнын 2014 жылға дейін, яки 92 жасында опат болғанша ешкімге десе бермеген. Бір ғасырға жуық өмірінде ол КСРО-ның аса мәртебелі марапаттарының әрбірін екі мәртеден (Қызыл Жұлдыз, «Отан соғысы» және Ленин ордендері), яки алты рет иеленген.

<sup>1</sup> Профессор Б.А.Атшабаровтың 2002 жылы, Алматының «Қаржы-қаражат» баспасы орыс тілінде жариялаған ғылыми трактатының атауы. Толық нұсқасы: «Заблуждения, ложь и истина по вопросу оценки на здоровье людей испытания атомного оружия на Семипалатинском ядерном полигоне».

Жапон елінің Нагаи Такачи атындағы Халықаралық Бейбітшілік сыйлығының жампозы атанған әрі «Ядролық соғысты болдырмау үшін күресетін әлем дәрігерлері» қозғалысының қазақстандық ассоциациясының президенті, Невада-Семей қозғалысының, тағы қаншама қоғамдардың төралқа мүшесі. Қазақ онкология және радиология институтын басқарып, Құрметті директоры атанған дара санлақ...

Радиолог дәрігердің 400-ден астам және 6 монографиядан құралған ұланғайыр еңбектерін талдау – менің ой-өрем жетпейтін әрекет. Десем де осы ғалымның жұртшылыққа мәлім «Ядролық полигон менің көзіммен» атты естелік-эссе түрінде орыс тілінде жариялаған ғылыми трактатын (автордың өзі очерк деп атаған), көпшілікке ұғынықты сүреңде баяндаған еңбегі туралы ойымды оқырман ретінде әрі ядролық полигон тарихын зерттеуші жөніммен бүкпесіз білдіруге пейілмін. Қазақстандық «Простор» журналы осы трактатты 1990 жылғы 11-санында жариялады. Сайым Балуанұлының айтуынша, сол еңбегі ағылшын, жапон тілдеріне іле-шала аударылған-мыс. «Учитывая большой интерес публики к Семипалатинскому полигону, я подготовил брошюру нынче в расширенном виде для того, чтобы издать ее в виде небольшой книги. По разным причинам мне не удалось опубликовать ее в свое время... – деп сыр шертеді автор 1998 жылы жеке кітапша түрінде жарық көрген еңбегінің кіріспесінде. – Только после многих лет мог предложить широкой публике то, что я думал в те годы, чем я и мои соратники жили и за что боролись...». Байқайсыз ба, пайғамбар жасына жеткенде жарық дүниеге келтірген ғылыми-эссесін академик қайғы-шерді белшесінен тартқан елі аса ділгер еңбек санайды деген өктем ойын күмәнсіз жария еткен. Сонсоң да кітапшаның беташар бетіне ол: «Жителям Кайнара и Саржала, постоянно проживающим рядом с логовищем дракона – полигоном, испытавшим все беды ядерных взрывов, получившим самую высокую дозу радиации, но, несмотря на полувековую трагедию, сохранившим достоинство и оптимизм посвящая!..» – деген арнап сөзімен де ғалым Шыңғыстау мен Абыралы елінің ауыр тағдырына жанашыр ниетін де ағынан жарыла аңғартқан...

Сайым Балуанұлы ғылыми трактатында кейбір оқиғалар мен айғақтарды ойжотамен долбарлап әрі ерекше әсірелеп баяндаған. «Сірә, академик автор жазбаша жарияланған көкейкесті ойларын кім теріске шығарады?..» – деген де өктем бопсаға жеңік берген. «Дегелең мен Мыржықта жасалған жойқын сынақтардың салдарынан екі таудың да табиғи келбеті үшті-күйлі жоғалып, быт-шыты шыққанын көріп қарадай шошымдым», – дейді ғалым осы еңбегінің «Кіріспе» бөлімінде. Дегеленнің биік шыны аласарып, құрдым астының да бүлінгені рас. Ал, одан әлдеқайда аумақты Мыржық тауы туралы болжамы – мүлдем жаңсақ тұжырым. Сайым ақсақал сол таудың қай жерде екенін де білмейді. Полигонның күнбатыс шетіндегі Мыржық бөктеріне әскерилер дендеп кірмеген (Дегеленнен ол 50 шақырымдай шалғайда, сол өңірдегі тұрғын халық та жарылыс жасалған жылдары ешқайда көшірілген жоқ. Осы таудың қойны-қонышын мен 1994 жылы уазик машинамен бір тәулік бойы емін-еркін араладым. Мыржыққа ұрымтал Сарыөзен аңғарында өндірістік сынақ жасалып (атомдық емес), тек қана шағын жарма қазылған. Осы сынақ туралы «КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабында ғылыми сипаттама бар).

Жансақ долбарланған деректер очерк-трактаттың күллі мәтiнiнде тарау сайын кездеседi. Андауымша, Сайым Балуанұлының тарихи дерекке деген жауапкершiлiгi ерекше бәсең. Айғақ келтiремiн: кiтапшаның 90 және 111-беттерiнде «Абыралы ауданы 1953 жылы тарады» деген анықтама екi мәрте қайталанған; шындығында Абыралы ауданы 1955 жылғы 22 қаңтарда Қазақ КСР Жоғары Кеңесi төралқасының Жарлығымен тарқатылды. Кiтапша авторы кейбiр замандастарының есiмi мен фамилияларын үнеми өзгертiп жазады: есiмi жұртшылыққа мәлiм, қоғам қайраткерi Мұрат Әуезовтi – Марат десе (116 б.), Қазақ КСР Жоғары Кеңесiнiң депутаты, профессор-дәрiгер Майра Жангелованы Жұматовға (75 б.) айналдырады. 43-бетте: «Қарауыл мен Саржал ауылының тұрғындарын күшiргенде жан басына небәрi 50 сом өтемақы төлеген» деп, үкiмет қарарындағы қомақты соманы бiр нольге кемiтiп әрi соған ерекше қынжылыс бiлдiредi. Кiтаптың беташар бетiндегi карта-схемада Балапан бұйратындағы тұзды көлдiң аты Қаражүрек делiнген (шындығында сол жердiң аты – Қаражыра және сол атырапта ешқандай көл жоқ. 1957 жылы ашылған, Семейдегi «Бруцеллезге қарсы № 4 диспансер» аталған медициналық кұпия ұжымды радиолог-ғалым 1960 жылы ашылды (22 б.) әрi 2-диспансер дейдi. Академик автор осы еңбегiнiң 26-бетiнде: «В 1953 году повторился взрыв такой же мощности, но на этот раз за два часа до испытания в Кайнар прибыла колонна военных автомашин, в которые насильно посадили жителей. В каждый кузов забросили по две бутылки водки, буханке хлеба и несколько банок консервов. Людей отвезли на 80-100 км и бросили на открытой местности. Многие возвратились спустя несколько дней и застали поселок засыпанным мягкой на ощуп мелкой порошей. Животные, особенно дойные коровы были вялые, не паслись...». Осы сүреңде бопсаланған оқиғаны ғалым 50-бетте қайталап, «Эвакуация людей была осуществлена за один день до испытания термоядерной бомбы» – деген де қисынсыз ақпар айтады. Ойдан бопсаланған осы ақпар да әскер бастықтарының жергiлiктi халыққа көрсеткен дәрекiлiгiн әшкерелеу үшiн жазылған. Шындығында тұрғын халықты көшiру алдын-ала жасалған жоспар бойынша, жергiлiктi өкiмет адамдарының көмегiмен ұқыпты түрде бiр апта бойы жүзеге асқанын мен Қайнар тұрғындарының 1953 жылғы көшуiн және өзге ауылдардың қайда, қалай қоныс ауыстырғанын кiтабымның «Мамыра-жай жаз едi» тарауында тәптiштеп жаздым. Және сол туған елiммен бiрге он жетi жасымда басымнан кешкен оқиғалар... Сайым Балуанұлы кiтабының 30-бетiнде «Әскерилердiң жер астында жарылыс жасайтын шахтыларын Саржал кеңшарының мал фермаларынан небәрi 6-10 км жерден қазған» – деген жорамал ойын өмiрде болған мейiрiмсiз және одағай iс етiп көрсеткен. Анығында Саржал ауылы да, оның мал қыстақтары да сынақ алаңынан кем дегенде 30-50 шақырым қашықта болды, сол мекендердiң бәрiн де мен бертiнде сан мәрте көрген пендемiн...

Жетпiс жастың өрiне көтерiлген кезiнде қаламы толғаған осы еңбегiнде ғалымның дабыра атағымен мүлдем қиыспайтын оғаш қателiктер де аз емес. Мысалы, төмендегi сiлтеме: «1952-1954 жылдарда бiз Семей обкомының бiрiншi секретары М. Сужиков арқылы КПСС ОК-не бiрнеше мәрте мәлiмдеме жасап, 50 рентген дозаны адам ағзасы, әсiресе жасөспiрiмдер көтере алмайтынын ескерттiк...» (67-б.). – дейдi трактат иесi. Мұхамедғали Сужиков Семей обкомына бiрiншi секретарь болып 1958 жылдың көктемiнде сайланған (1952-1958 жылдары ол кiсi Алматыда және Қызылорда облысында еңбек еткен).

Ғылыми очерктiң «Iшкi зақымдану» тарауына кiрiсерде автор мынадай дерек келтiредi: «1951-1959 гг. министерством здравоохранения КазССР и АН

КазССР были организованы комплексные научные экспедиции в районы, прилегающие к полигону, в работе которых принимали участие специалисты Института биофизики Министерства Здравоохранения СССР. В состав казахстанской группы ученых, входил и автор этой книги. Исследования показали, что значительная часть Центрального и Восточного Казахстана подверглась радиоактивному заражению. Больше всего пострадали Кувский, Каркаралинский, Коунрадской (?) и Абайский районы Семипалатинской и Карагандинской областей. Радиация была обнаружена повсюду: в почве, пище, воде, одежде выделенных людей и животных, в домах и хозяйственных постройках. Для сравнения такие же исследования проводились в населенных пунктах Шубартау и Актогай Карагандинской области...»

Осы тарауда бірнеше қателік бар: Баянауыл ауданындағы Тендік пен Шадыра ауылдары және Актоғай ауданының мекендері, радиациямен зақымданған аудандар тізіміндегі Семей облысының Бесқарағай, Жанасемей аудандары мүлдем аталмаған; Семей облысында Шұбартау деген елді мекен жоқ, ғалымның нұсқап отырғаны – осы ауданның Баршатау кенті. Зерттеу жүрген елді мекендердің кейбірін шатастырып атауы немесе атамауы әсілі ұмытшақтықтан емес...

Нақосы жайт турасында қоғам қайраткері Сейдахмет Құттықадам «Аргументы и Факты» апталық газеттің 1997 жылғы № 30 санында жариялаған «Чужие лавры» деп атаған, С. Балмұхановтың ғылыми қызметін күйрете сынаған әшкере мақаласында «Руководителем экспедиции назначается директор Института Краевой патологии АН КазССР Бахия Атчабаров, а заместителем – главный радиолог Минздрава КазССР Саим Балмуханов. Атчабаров постоянно работает на месте испытаний, а Балмуханов бывает там изредка – наездами» – дегені кешегі өмірдегі шындықты әйгілеу.

Ең ғажабы, «Ядролық полигон менің көзімнен» очеркінде ғалымның «Полигон төңірегіндегі елді мекендерде 1951-1959 жылдары экспедициялық тексеру жүрді» дегені де ойдан шығарылыған бопса. Сол зерттеулер жайында мен осы кітаптың «Мүсәпір елдің тірлігін кім ойлайды?» деген тарауында нақты айғақтарды тізе отырып, егжей-тегжей сөз еткенім. Сайым Балуанұлы мына еңбегінде әртүрлі экспедицияларды, кейбірі бірі ай мерзімде сәтсіз аяқталған, ұзын ырғасы тоғыз жылға созылған жүрдім-бардым зерттеулерді өзара біріктіріп және бәрін де бір экспедиция етіп сипаттап, «өзім де сол жылдардағы кешенді зерттеуге бастан-аяқ қатыстым, кейбіріне басшылық еттім» деген ойды оқырман санасына бекемдеп сіңіреді. Әлбетте сол өтіріктер де себепсіз емес...

Шындығында зерттеу мүлдем басқаша жүрген: бірінші экспедиция Семей облысына 1951-1953 жылдарда жасакталған, қарамаы шағын топ. Оны С. Балмұханов басқарған, ғылыми зерттеумен анықтадық деген айғақтары полигон мамандарымен айтыста бекімеген (сол шындықты Сайым Балуанұлы еңбегінде өзі де мойындаған); ал, 1957-1959 жылдардағы қазақстандық екінші экспедицияны патолог ғалым Б. Атшабаров басқарған, С. Балмұханов оған орынбасар болған; Мәскеудің Биофизика институтының мамандары экспедиция жұмысына соңғы жылы ғана қатысып әрі қазақстандықтар үш жылда анықтаған сорақы деректерді теріске шығару үшін ғана қосылған...

Академик Балмұханов ғылыми трактатында үш кезеңге бөлінген ізденістерді өзара біріктіріп, тоғыз жылдық кешенді зерттеуге айналдырады. Өзінің сол ізденіске бастан-аяқ қатысып, басшылық еткенін отыз бір жылдан соң жұртшылыққа тәптіштеп әйгілеген. Трактатты медициналық басылымға емес, таралымы мол «Простор» журналына ұсынған. Нәтижесінде кешенді ізденістің қыры-сырына қанық еместер: «Апыр-ай, неткен батылдык! Қасымызда жүрген ерлерді білмейді екенбіз. Сайым ер – нағыз қаһарман!..» – деушілер көбейді. Сол даңғазаға еліккендер Семейден де шықты. Оның да есімін ілгеріде атаймын.

Әлбетте арада өткен жылдар керуені кейбір оқиғаларды ел жадынан ұмыттырды. Әмірі мығымдардың жөнсіз нұсқауымен 1961 жылғы ақпанда жабық мұрағатқа алынған конференция материалдары, Мәскеудің Биофизика институтында ерекше қызу жүрген үш күндік талқының 120 парақ хаттамасы, тағы сондай әшкере деректер құпия қорға түсті... Демек, жеті құлып астында қалған айғақтарды қалауынша бұрмалап, қандай бопса айтсаң да жариялылыққа құмар жұрт талғаусыз әрі ынтыға қабылдайды. Баспалар мен газет атаулы сондай дерекке сусап отыр, бұл да халықтық демократияның тамаша жемісі. Ең ғажабы, не десен де тежеусіз, тексерусіз жариялайды. Рақмет айтады, ерлікке балайды.

Сайым Балуанұлы жариялылық заманы кенеттен сый еткен еркіндікті әрі қатыбас цензураның жойылғанын әжетіне емін-еркін жаратқан. 1960 жылдарда-ақ замандастарының алдына шыққан ол өзінің көшбасшылық рөлін, ғұлама атағы мен үздік мәртебесін арқаланып, «Ядролық полигон менің көзіммен» деп, көзтүрткі дабырамен атаған ғылыми еңбегін шытырман оқиғалармен қалауынша «байытып», кейбірін ерекше зорайтып әрі ойдан бопсалап тежеусіз толғаған...

Сайым БАЛМҰХАНОВ, «Ядролық полигон менің көзіммен» (51-53 бб.):

*«1960 жылдың қара күзі. Мәскеудің Биофизика институтымен бірлесіп жүргізген зерттеу аяқталған кез. Семей облысының далалық бөлегінде жаз бойы жүрген тексеруде медик-профессорлар Р. Бабаянц, А.Г. Гускова (КСРО Медицина академиясының корреспондент-мүшесі) және танымдық деңгейі өте жоғары мәскеулік бесаспап мамандардың күн сайынғы қиыншылықтарды елемей, дәрігерлік парыздарын адал атқарып, ғылыми жоғары деңгейде жүргізген ізденістері бізді ерекше таңғалдырды. Институт директоры, академик А.В. Лебединский биохимиялық зерттеуге қажет құрал-жабдықтың жаңа түрлерін тауып беріп, солармен жұмыс істейтін білікті мамандар жібергені де аса күрделі жұмысты дер кезінде аяқтауға септігін тигізді. Мысалы, ғылым докторы Л.Н. Туточкина бастаған дәрігерлік квалификациясы өте жоғары білікті мамандар көмекке келіп, қажет анализдерді тездетіп жасайтын болды. Соншама білгірлердің Мәскеуден келуі, орталықтың біз бастаған зерттеуге назар бөлуі, әділін айтқанда, бұрнағы жылдардағы осы іске немқұрайды пиғылын күрт өзгертуі жергілікті мамандарға да әсер етіп, еркінірек жүріп-тұратын болдық, тірлік-тұрмысымыз да оңалды.*

*Бізге сол жылы полигонның авторотасы ертелі-кеш қызмет етті. Бұл болса іздеген адамдарды тексеру орнына жеткізуді жеңілдетті...*

*Ақырында профессор Атшабаров екеуміз төрт жылдық ізденіс туралы есеп жазуға отырып, жиналған деректерді екшегенде аса жағымды деуге болмайтын оқшау қортындыға келдік<sup>1</sup>. Әлбетте сол түйін полигонның медициналық бөлімін басқаратын полковник С.В. Турапинге ұнаған жоқ, біз мәлімдеген радиологиялық талдауды ол бірден-ақ теріске шығарды. Оның қарсылығы сырқат тараған мекендердегі радиацияның мөлшері турасында туды. Полковниктің айтуынша, біз даралап көрсеткен елді мекендер жоғары деңгейдегі радиацияны ешқашанда алмаған. Алғашқы дау Саржал ауылының тұрғындары алған доза турасында өрбіді. Турапиннің қызметкерлері ең көп дегенде саржалдықтар 20 радий радиация алды десе, біз сол жерден алынған топырақ үлгілерінде сақталған нуклидтер қалдығын нұсқап, міне, залалдың көкесі, осылардың салдарынан бұл мекенде қаншама адам аққан және басқа ауыруларға ұшырады дейміз, ал олар саржалдықтардың тағамдары нәрсіз, көкөністі білмейді... деп, бәз-баяғы дәлелін қайталады. Ақырында біз мәскеулік мамандар анықтаған соңғы дозаны көрсеттік. Қысқасы, біздің дауымыз базардағы жұрттың қайткен күнде пайда түсіруді көздеген саудасына ұқсап зықымыз шықты. Әрбір елді мекен турасында дауласуға тура келді. Қайнар мен Қарауыл мекендерінің тұрғындары зақымданған радиация мөлшері турасында да солай болды.*

*...Ядролық жарылыс ауада, жер бетінде жасалған жылдарда полигон аймағында және одан тысқары өңірде радионуклидтердің 200-дей түрі жерге сіңген. Солардың көпшілігінің радиоактивтік қасиеті толық сөнген немесе табиғи ыдырау жолымен бірер айда зым-зия жоғалып кетеді. Алайда, солардың ішінде белсенділігін жоғалтпайтын изотоптар бар, кейбірінің ғұмыры мың жылдан астам. Ең шатағы, солар топыраққа сіңіп, өсімдік тамырларын шалады. Мысалы, стронций-90, цирконий-95, цезий-137, көміртегі-14, плутоний-239 және қорғасын-210 изотоптары сондай залалды қасиетке ие. Қайсыбірі, әсіресе плутоний мен қорғасынның изотоптары ауыр болғандықтан адам организміне тап болса, бірден-ақ жұлынға жиналып, болмаса одан да өзге жайлы орын тауып, ағзаны мүжиді бастайды. Медицина ілімі сол пәлекеттен құтылу жолын әзірше тапқан жоқ, адамды мүгедек ететінін ғана біледі. Биолог зерттеушілер сол изотоптардың «өсімдік-мал-адам» схемасы бойынша адам ағзасына өтетінін анықтады. Дүние жүзілік ғылыми әдебиеттерде осы кеселдің адамды шырғауы беймәлім түрде жүзеге асатыны сипатталған. Қысқасы, жұмбақ жайттар көп. Батыс Австралияның халқы кенгуру мен қой етін жейді. Солардың етіне әлгі изотоптар сіңбейді. Ғажап жайт! Ал, Семейдегі ет комбинатына тапсырылатын мыңдаған қой етінде жаңағы изотоптар мың-мыңдап бықып жүреді. Осы кеселді біз ғана емес, Мәскеу биологтары да анықтап, қауіпті изотоптар мол жиналған жердің картасы жасалды...*

*Полигон қалашығында отырғанымызда полковник Турапин өздері жасаған жаңа картаны көрсетті, Абай ауданындағы радиацияның жалпы мөлшері 37 ра-*

<sup>1</sup> Бұл да ойдан шығарылған жалған мәлімдеме. Экспедиция есебін Өлкелік Өлкелік патология институтының 62 ғалымыжарты жылдан астам уақыт сарыла отырып дайындаған.



дий деп жазылыпты. Біз, әрине, кем дедік. Аяқ астынан дау өрбіді. Ол да айқай-ға басты, біз де аянбадық. Оның мақсаты — Қайнардың, Саржалдың, Қарауылдың зақымдануы өздері баяғыда анықтаған мөлшерде болғанын біз қол қойған актімен бекіту, ал біз соны бес есе көтер дейміз. Қысқасы, ұрыс-керіспен тарқадық.

Кешке таман полигонның әскери бастығы Гурий (Жаңсақ атау, дұрысы — Иван Николаевич Гуреев — М.С.) Бақия екеумізді асханаға шақырып, қонақасы берді. Түпкі есебі бізді өз дегендеріне көндіру... Біз илікпедік. Түннің бір уағында мені әскер бастығы оңаша әңгімеге шақырды. Сөйтсем, үкімет байланысы арқылы КСРО Денсаулық министрінің Одақ территориясындағы радиациялық ахуалды бақылайтын орынбасары А.И. Бурназян іздепті. Тізеге салудан тайынбайтын әпербақан адам, маған ол біршама зіркілдеп, соңынан жаймашуақ созге көшіп, әскерилер ұсынған мөлшерге келіс деді. Жергілікті халықты емдеуге ерекше ықыласты екенін қайталап, көл-көсір уәделер айтты. Мен келіспедім. Министрдің орынбасары таңертеңге дейін ойлан, телефон шаламын деген ескертумен трубканы тарс жапты.

Мейманхананың оңаша бөлмесінде Атшабаров екеуміз шам жақпай, ұйқымыз қашып, кіржиген қалыпта ұзақ отырдық. Сөйтіп отырғанда үстімізге көрші бөлмеден екі мейман келіп, КГБ жүйесінен біздің жүріс-тұрысымызды бақылаушылар екенін сезетінбіз, олар да әртүрлі жайттан әңгіме қозғап, Сібірдегі тұтқын лагерьлері туралы жантүршігерлік оқиғаларды естеріне алды. Көптеген зиялылар аңқаулықтан, Отан қорғанысын жете түсінбегендіктен оғаш әрекеттерге ұрынып, өмірлерін түрмеде өткізетінін қынжыла әңгімеледі. Солар кеткеннен кейін түн ортасында полигон мамандарымен біріккен экспедицияның жетекшісі А.Ф.Кобзев келіп, КГБ жүйесінде полковник шенімен қызмет еткенін естігенбіз, ғылыми зерттеудің нәтижесін табанды түрде қорғау қажет емес, сыңаржақ қылық онық жегізеді... деген сыңайда көл-көсір ақыл айтудың соңында екеумізді штабқа шақырды. Мезгіл таң ағара бастаған уақыт. Генерал-лейтенант Бурназян менімен қайыра сөйлесіп: «Жазылған есепті бүлдірмей, Кобзев дайындаған актіге қол қойыңдар. Ал, егерде ұстанған түйіндеріңнен айнымасаңдар — өз ойларыңды қосымша тапсырыңдар...» — деді.

Бақия екеуміз өзара ақылдасып, ақырында сөйтетін болдық...

1989 жылдың жазында мен бұдан 27 жыл бұрынғы есепті мұрағаттан көргенімде жағамды ұстадым: екеуміздің қолымыз актіде тұр, тек қосымша пікіріміз үшті-күйлі жоқ. КСРО азаматтарының денсаулығын қадағалайтын министрлік осындай жымысқы әрекет жасаудан қымсынбаған...

Жуықта мен «Үкімет хабаршысы» журналынан өзімді таңғалдырған дерек оқыдым: Семей облысының полигонмен іргелес үш ауданының тұрғындары (Абай, Бесқарағай және Жаңасемей) 1949-1963 жылдардағы сынақта ПДУ-ден (предельно допустимый уровень радиации — М.С.) әлдеқайда жоғары мөлшерде радиация алғанын бадырайта жазып, зақымданғандардың жалпы қарамы 10 мың адам депті. Сол санды кезінде біз де айтқанбыз. Осы мәселе турасында Семейдегі № 2 (4-ші — М. С.) диспансердің бас дәрігері Б.И.Гусев «Біз үш ауданның барлық халқын емес, солардың 20-30 пайызын ғана тексердік» деп ащы шындықты мо

иыноағанын білетінмін. Борис Ивановичтің болжауынша, жер бетінде және ауада жасалған сынақтардан кем дегенде 40 мың адам зақымданған. Яғни, алғашқы екі құжатта сөз үш ауданның тұрғындары турасында ғана болған. Анығында полигонға ұрымтал жерде орналасқан Қарағанды облысының Қу және Қарқаралы аудандарының ондаған мың халқын Гусев кәперіне алмаған. 1958-1960 жылдардағы дозиметриялық зерттеуімізге сүйеніп, біз полигонмен іргелес атыраптағы 200 мыңнан астам халық ПДД (предельно допустимая доза – М. С.) мөлшерінде радиация алған деген қортынды жасадық.

Осы тұжырым әскерилер тарапынан наразылық туғызды. Бұл болса Дала халқына жасалған қастандық. Әскери ведомство сынақ зардабын әрдайым кемітіп көрсетті. Ең шатағы, осы жалғандықты бюрократтық жүйе, үкімет құрамында еңбек ететін, ядролық ведомствоның іс-қаракетін қадағалауға жауапты шенеуніктер ВПК ұсынған жалған деректерге қолдау білдірді. Шынтуайтын айтқанда, Чернобыль апаты жұрттың көзін ашып, күллі Кеңес қауымы наразылық білдіріп ашық күреске шыққанға дейін осы көзқарас өзгерген жоқ. «Семей полигонының өзінде және төңірегінде қауіпті ештеңе жоқ» деген желеу көп жылдар бойы дәурен сүрді. Біздің экспедиция анықтаған деректер жарияланбай, отыз жылдан астам уақыт сейфте сақталғаны да содан...».

Халықтық демократия нышаны өмірге енген айқын жаңа заман, өзгерген уақыт атакты академиктің кешенді зерттеуді тоғыз жылға «ұзартып», сол ізденіске оқта-тек қатысқан еңбегін көп жылдан кейін шексіз зорайтып, айрықша дабыралап көрсетуін, шынын айтқанда, ғылыми әріптестері жаппай қабылдамаған. Түсінікті ахуал. Рухани ділі, білім-танымы ғасыр аяғында шарықтап өскен казак қауымы әншейін бопсаға, жалған атакқа сыни көзбен қарайтын өскелең деңгейде екенін аңғартты.

Сол «пенделердің» бірі – Бақия Атшабарұлы. Патолог ғалымның біз осы тараудың атына шығарған ғылыми еңбегінің «Адасулар, кателерді түзеу және өтірік» деп атаған 3-бөлімінде Сайым Балунұлы ерекше әсерлеп, қауіпкерді төндіре сөз еткен, Мәскеу-400 қалашығында 1960 жылы кездейсоқ тап болдық деген шытырманды оқиға мүлдем өзгеше баяндалған...

*«Полигон қалашығының мейманханасында Бақия екеуміз түнеген кеште басымыздан кештік деген оқиғалар С. Балмұханов тәптіштеп жазғандай емес, шындық пен отірік аралас баяндалған. Шындығы – екеуміздің әскери-өндірістік кешен өкілдерінің шақыруымен әскери қалаға бірге барғанымыз. Одан өзгесі, әріптесім әлдебір себеппен мәністеп суреттеген қорқытулар мен үгіттеулер, түнгі шақырулар мен бейтаныс полковниктермен оңаша сұхбаттар түп-түгел ойдан шығарылған. Солардың бірде-біріне мен қатысқам жоқ, менімен ондай әңгіме болған емес. Кешен бастықтары тегінде кімді үгіттеуді, өз дегендеріне қалай көндіруді біледі. Тоқетерін айтқанда, маған олар сондай «ізет» көрсеткен жоқ...»*

*Балмұхановтың сол түнде басынан кешкен оқиғаны бипаздап түсіндіруінше, әлдекімдер оны репрессиямен қорқытқан, 1960 жылы осындай әрекет қан-*

*шалықты мүмкін? Түсінбеймін. Айтуынша, мәртебелі қайраткер, өктемдігі зор, елдің бәрі қорқатын А.И. Бурназян мен Биофизика институтының директоры, «кемеңгер Андрей Лебединскийге қарсы шыға алмай», екеуінің дегендеріне көнген-міс. Соған мені де көндірді дейді. «Бақия екеуіміз өз пікірімізді даралап жаздық» дегені де өтірік, сол құжаттың кейіннен жоғалып кеткені де бекер. Өйткені, мен полигон медиктері ұсынған тұжырымдамада ғылыми айғақтар өрескел бұрмаланған дегенімді көлденең тартып, қол қоюдан үзілді-кесілді бас тартқанмын. Әскерилер дайындаған қортынды хаттамада менің қолым мүлдем жоқ....».*

Өлкелік патология институтының дардай екі басшысының 1960 жылы бастарынан кешкен, иә кешпеген шытырманды оқиғаны екі түрлі сипаттауы және соны қырық жылдан кейін естеріне алуы әлбетте себепсіз емес...

Мысалы, Мәскеудің Биофизика және қазақстандық Өлкелік патология институттары биологиялық-медициналық зерттеуді келесі жылдарда бірігіп жасағаны да – ойдан құрастырылған өтірік. Өйткені, екі институттың мамандары бұл мәселеде өзара қиыспайтын, біріне-бірі карама-қарсы ұстамда болған. «Ал, 1959 жылы бірігіп жасауға уақытша келіскенде ортақ мәмлеге келе алмай, бірігуіміз ақыры айтыс-тартыспен аяқталды. Сондықтан да Сайым Баллуанұлының қисынсыз жайттарды ойша бопсалауы – мүлдем түсініксіз байлам...» – деген уәжді мен Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Б. Атшабаровтың оқырманға аты мәлім кітабынан келтіріп отырмын. Сол еңбегінің 26-бетінде Бақия Атшабарұлы тағы бір өрескел жайтты үлкен өкінішпен сөз еткен: «Патология ұжымының экспедициясы ғылыми ізденісті бастаған 1957 жылы Мәскеудің Биофизика институтының мамандарынан құралған шағын топ Семей, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында құпия түрде зерттеу жүргізіпті. Алайда, сол ізденіс туралы біздің Академия, иә Денсаулық сақтау министрлігі ештеңе білген жоқ. Ал, қазақстандық экспедиция үш жылғы ізденісті тәмамдаған соң өзіміз анықтаған сорақы айғақтарды полигон басшыларына 1959 жылы мәлімдегенде, Әскери-өндірістік кешеннің ғылыми сарапшылары қыр елін дендеген сырқаттар туралы біздің қорытындымызды бекер деп тағы да теріске шығарды. Сөйтсек, сол үкімді айтушылар КСРО Медицина ғылым академиясының Биофизика институтының жоғарыда аталған облыстарды өз бетінше тексерген топтың мамандары екен...».

\* \* \*

Ә дегеннен ортақ мәмлеге келе алмай, әрқайсысы өз бетінше зерттеу жүргізіп, әртүрлі нәтижемен тұжырымдаған екі ұжым – Мәскеудің Биофизика және Қазақстандағы Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институттары 1961 жылғы ақпан айының 17, 18 және 20 күндері Мәскеуде бас қосқан ғылыми конференцияда соңғы рет кездескенін мен осы хикаяттың 6-тарауында егжей-тегжей сөз еткенмін (Соңғы дейтінім – бұдан кейін ВПК кожалары қазақстандық зерттеушілерді полигонға жолатпаған. Биофизика институты 1991 жылға дейінгі 30 жылда сорақы айғақтарды қалауынша бұрмалап, әскери мамандар

жасаған қылмысты қисынды-қисынсыз желеумен үнемі өздері ойдан шығарған жалған тұжырымдармен бүркеумен шұғылданған. Сол мамандарды осыдан соң шынайы ғылым иелері деуге бола ма? Өз басым шүбәлімін).

1961 жылғы 27 алматылық ғалым төрт жылғы ізденісте өздері іздеп тапқан, солардың дұрыстығына шүбәсіз иланған 19 баяндамамен Мәскеуге барғанын, ғылыми талқылау қызу жүргенін де мен көлемі 120 бет конференция хаттамасы бойынша сол тарауда тәптіштеп баяндағанмын. Ал, қазір? Сол тарауда бүге-шігесін әдейі ашпай, шерлі хикаятымның соңына сақтаған, әрине, себепсіз емес, конференцияның үшінші күіі қазақстандық зерттеушілер есінен таңа жаздап, таяз қайранда тоқтап қалған кемедей шарасыздыққа кездесіп, не істерін білмей, бір-біріне қымсына қаратқан төтенше оқиғаға тап болғаны туралы ілгеріде сөз етемін...

Сайым БАЛМҰХАНОВ, 1961 жылғы конференция хаттамасының 116-беті:

*«Радиациямен зақымданған аудандар мен одан таза ауылдар тұрғындарын экспедиция мамандары тексерген кезде сол аймақтағы адамдар организміндегі «С» және «В» дәрумендерінің ерекше азаңдығы бірдей болып шықты. Осы жайтқа біз ұзақ ойланып, ақыр аяғында кейбір ауданға сәуле дозасы көбірек тарап, Дала тұрғындарын жаппай зақымдап, табиғаты беймәлім ауыру түрлері содан өршіді деген болжауымыз мүлдем қате екенін білдік. Демек, «Қайнар синдромының» ерекше өршуіне ядролық жарылыстардың ешқандай қатысы жоқ. (...) Біздің клиникада ашқанымыз, сөйтсек, өлкелік патологияға тән құбылыс. Сондықтан да біз тексерген аймақта тыңнан өршіген ауырулар радиацияның залалды әсері деген тұжырымды түбірімен өзгертіп, сырқатқа шалдыққандардың ерекше көбейген себебін сол байғұстардың тұрмыс күйінің жүдеулігінен іздеу қажет. Олардың дерттері – жергілікті жағдайдан өршіген, яғни дала тұрғындары қорек еткен тамақтың әлсіздігі, нақтырақ айтқанда, дәрумендердің жетімсіздігі...».*

Демек С.Б. Балмұханов Биофизика институты мен полигон дәрігерлерінің 1949 жылдан бері ойдан шығарған «ертегісін», жергілікті өкімет адамдарына ғылыми түсінік ретінде таратқан ақпарын қаз қалпында қайталаған. Сол сөзімен ол қазақстандық әріптестерінің, яғни өзінің де тыным көрмей, қыр елін кезін, қыруар бейнет тарта жүріп зерттеумен анықтаған жана дерттердің себеп-салдарын жоққа шығарған. Сайым Балуанұлы сол күнгі тосын мәлімдемесінің соңында: *«Экспедиция мүшелері үш жыл бойғы тексерісте өздерінің кереғар тұжырымын бекітетін айғақтарды ғана іздеді. жергілікті халықты біз жаппай тексергеніміз жоқ...»* – деген де мәлімдеме жасаған.

Бакия АТШАБАРОВ, «Семей полигоны туралы адасулар...» кітабының 69-беті:

*«Сайым Балуанұлы Мәскеулік конференцияда кенеттен жария еткен оғаш пікірін әскери медиктердің ойдан шығарған ежелгі бопсасын қолдау мақсатымен айтқан. Сөйтіп ол Өлкелік патология институтының ұжымы бірауыздан мақұлдаған пікірді тәрк етіп, әскери-өндірістік кешеннің солақай пиғылына бізді жығынды етті. Сөйтуге оның ресми де, азаматтық та қақысы жоқ-ты. Сол қарсаңда*

ол Патология институтының директорының, яғни менің ресми орынбасарым болатын. Ол өзі экспедиция құрамында болған жылдарда және соған дейін де ұстанған ғылыми концепциядан жата танып, полигон төңірегіндегі халық радиация залалынан зардап шегіп, әртүрлі сырқаттарға ұшырады деген әріптестерінің пікірін Мәскеудегі конференция мінбесінен ешбір қымсынбай теріске шығарды.

Ең ғажыбы, 1990 жылы жариялаған «Ядролық полигон менің көзіммен» деп атаған еңбегінде ол түсінікті себеппен сол сатқындығы туралы ләм-мим демей, мүлдем басқаша сайраған...».

Айдар Бақияұлы АТШАБАРОВ, естелік:

«Бертінде, Мәскеудегі сатқындығы туралы сұрағанымда әкем маған мынадай түсінік айтты: конференция аяқталған кеште Сайым Балуанұлы өзі мен экспедиция мүшесі Ә. Т.Алданазаровты қонақ үйдегі оңаша бөлмесіне шақырып, дастарқан жайып, ішімдік те ұсына отырып, өзінің мінберден мәлімдеген оқыс әрекетіне кешірім өтінді. Ол ерекше қайғырып, аса қамыққан жүзбен: «Оңбай қателестім, ағалар, ғылыми ұстазым Лебединскийдің арбауына түсіп, әбден шатастым, не дерімді білмей қымсынып отырмын...» — дегенде, қонақтары: «Жарайды, болар іс болды, сен солай демесең де Лебединский мен Бурназян біздің тұжырымды теріске шығарудың айла-шарғысын жасағалы отыр еді. Сенің сатқындығың да — солардың талабы. Оны біз бірден түсіндік...» — деген. Шынында да қателескенін мойындап отырған іні есепті әріптесіне әкем де, Әмір Тұрлыбайұлы да мейірімділік жасаған. Оған қоса сол қастандықты Алматыда айтпауға уағда еткен. Нәтижесінде экспедицияның екінші басшысының сатқындығын К.И. Сәтбаев мүлдем білмеген. Аңдауымша, Академия президенті де Балмұхановты білгір ғалым деген пікірінен айнымай, оған үнемі қолдау көрсеткен...»

«С.Б. Балмұханов өзінің 1959-1961 жылдардағы опасыздығын ұзақ уақыт жасырып бақты. «АиФ» апталық газеті (№ 30, 1997 ж.) масқара қылығын жұртқа әшкерелеген соң ғана сол кездегі оғаш ісін ақтап әртүрлі дәлелдер айта бастады. — деген айыптаумен жалғастырады Бақия Атшабарұлы осы оқиға туралы пікірін өз кітабының «Адасқанын мойындау, қателескенін ақтау және тағы да өтірік» деп даралап атаған тарауында (83-88 бб.). — Мысалы, «Ядролық полигон менің көзіммен» кітабында Сайым Балмұханұлы: «Сол кезде, шындығын айтқанда, құпияны түре ашуға ынтымаз жетпеді, өйткені, бәріміз де КГБ-ның қатаң бақылауында жүріп еңбек еттік, қайдағы бір қайнарлықтар үшін басымызды қатерге тіккіміз келмеді. Академик А.В. Лебединский мені үйіне шақырып: «Әлі жассың, байқа, шырағым, жап-жақсы өрістеп келе жатқан ғылыми жолыңды бүлдірме. Мынау іс те сондай, тектен-текке батыр болам деп омақаса құлайсың...» дегені де мені ойландырды. Ғұлама ұстазымның ескертуі тегін еместін түсіндім, шынайы жағдайды ол кісінің білетініне шүбәсіз сендім...» — деп те ақталған. (...) Ағынан жарылса да бұл ақырына дейін арылу емес. ВПК өкілдері, меніңше, оны қармағына мықтап ілген. Өйткені, Мәскеуде болғанымызда солардың адамдары біздің ұжымның кейбір мүшелерін әртүрлі амал-

дармен арбап, оңаша әнгімелескенін білетінмін. Тек бірде-бірі жалған ма-  
дакка қызыққан жоқ, ғылыми жұмысына адалдығын сақтады. (...) Сайым  
Балуанұлын Мәскеудегі жиынға бара гөр деп ешкім зорлаған жоқ, бертінде  
өзі жік-жаппар болып ақталғандай, «Қаракан басын қатерге тіккісі келме-  
генін білген соң-ақ ол сол талқыға қатыспағаны жөн еді, амал қанша?! Барды  
да, «білгіштік» жасап, ВПК құдайларының айтқанын істеді. «1990 жылғы. сы-  
пыра өтіріктен құралған еңбегін айдаһардың аузында өмір сүрген Саржал мен  
Қайнардың бейшара тұрғындарына арнаймын...» деген арнауына осыдан соң  
не дейміз? Құрмет. иә ізет емес. өлмесен өме қап деген мазақтау емес пе? (...)  
Тағы бір ескертер гәп: Балмұхановтың сатқындық әрекетін сыпыра ақтаған  
кітабында ол «эффeкт-доза» деген терминді ойлап тауып, үш жарым жылға со-  
зылған зерттеуімізде осынау, зиянды сәуленің көтеріңкі мөлшеріне ерекше  
мән бергендіктен «шатасыппыз», соны ол отыз жылдан кейін ғылыми дәлел-  
деуге тырысқан. Бұл да ғалым-радиологтың бертінде ойлап тапқан иланым-  
сыз сандырағы. Біз жүздеген адамды әлденеше айлар сарыла жүріп зерттегенде  
ешқандайда доза іздемедік, радиациялық зақымдаудың қалдығы адам ағза-  
сында бар-жоғын тексердік. Бар болса бар дедік, жоқты қуған жоқпыз. Тегінде  
бұл ғылымның ертеден қалыптасқан сара жолы...»

С.Б. БАЛМҰХАНОВ, «Ядролық полигон менің көзіммен», «Сенім  
жоғалғанда» тарауынан (ықшамдалған аударма) 89-90 бб.:

*«Правительственный вестник» (шілде 1990 ж. № 27) газетінің дерегіне қа-  
рағанда, Семей облысында тұратын халықтың обыр дертіне ұшырағандарының  
саны 7 пайыздан аспайды-мыс. Мен сол шіркіндерге: «Аспанға ұшып, бұлт арасында  
қалықтаудан дереу тиылындар. Әсем қаланың жылы пәтерінде отырып теория-  
лық қияли есептеулермен өздерінді де, семейліктерді де алдауды қойындар деймін!  
Сендер неге өмір ұсынған шынайы деректерді көрмейсіңдер? Апыр-ай, Семейдегі  
«бруцеллезге қарсы диспансер» атанған дәрігерлік ұжымның соңғы ширек ғасырда  
денсаулығын бақылаған 10 мың кеңестік «хибакусяның» аянышты тағдыры сен-  
дерге мәлім емес пе? Сол бейшаралардың қазірде 3 мыңы ғана тірі жүргенін, олар-  
дың да күні санаулы екенін білмейсіңдер ме? (...) Осы диспансердің ерекше бакы-  
лауындағы тұрғындардың шалғай аудандардағы далалықтармен салыстырғанда  
35 пайызы обыр дертімен сырқат...*

*Ал, радиациямен зақымданған аймақта тұратын адамдардың негізгі бөле-  
гі үкімет назарынан, полигон бақылауынан тысқары қалған. (...) Биофизика инс-  
титутының мұрағатында қазақстандық экспедицияның 1957-1960 жж. арнайы  
зерттеуінің есебі сақтаулы. Сол есептерде Семей облысының біз тексерген, поли-  
гонмен іргелес аудандардағы тұрғын халықтың обыр дертімен ауыруы көршілес  
аймақтармен салыстырғанда 30 пайыз көбірек екені бадырайта көрсетілген. Бұл  
болса сол кездегі кеңестік еңбекшілердің арнайы тексеруден соң мәлім болған ая-  
нышты тағдыры. Газеттер сол бейшараларды көрмей, теориялық болжамдар-  
мен дүйім жұрттың көзін байлауда. Міне, менің алдымда небәрі 2500 тұрғы-  
ны бар Қайнар кентінен соңғы жылдары тек қана обыр дертінен қайтыс болған*

*214 адамның есімдері жазылған тізім жатыр. Бұл енді күллі Қазақстан бойынша 100 мың адамға есептегенде 2,5 есе көп сорақы көрсеткіш...»*

Б.А. Атшабаров 2002 жылғы еңбегінде 4 кесте келтірген. Солардын екеуінде көрсетілген деректер: медицина ғылымына жаңа дерттің атауы ретінде қолданысқа өзі енгізген, қыр елінде полигон зардабынан өрбіген жаңа аурудың танымал белгісін даралап, «Қайнар синдромы» деп атаған, радиация бөлшектері туғызатын дертті ол Абай ауданының үш елді мекендерінің 1375 адамын мұқият тексеріп, солардың Қайнарда – 46,7; Саржалда – 53,6; Қарауылда – 38,4 пайызы осы ауруға шалдыққанын анықтаған; ал, тексерме есеп үшін таңдалған Баршатас елді мекенінің (Шұбартау ауданы) 486 адамының 26,3 пайызы, Ұлытау ауданында 572 адамынан 8,6 пайызында ғана «Қайнар синдромының» болмашы белгілерін тапқан. 1959 жылғы тексеру нәтижелері де осындай: Қайнар мен Саржал ауылдарынан 724 адамын екінші мәрте тексергенде, солардың 54,9 және 57,4 пайызы «Қайнар синдромымен» ауырады. Ал, Баянауыл ауданының Шадыра ауылындағы 414 тұрғынның 14,9 пайызынан ғана әлгі сырқаттың танымал белгілерін тапқан.

Бұл енді соқыр адамды да мойындатар сорақы шындық!..

Профессор Б. Атшабаров радиация зардабынан өрбитін ауруды 1957-59 жылдардақ ғылыми есептерде «Қайнар синдромы» деп атаған ғылыми жаңа терминді әріптесі С.Б. Балмұханов мәскеулік академик А.В. Лебединскийге «байлап», сонынан өзі де иемденбек болғанын, сол үшін де оны «Қайнар құпиясы» деп түрлендіргенін 2002 жылы жариялаған кітабында сұғанақтық ретінде әшкерелейді...

Сайым Балуанұлы сексен жастың шебіне жақындағанда: «Мен не жазсам да, не десем де – кім түзетеді, кім маған қарсы шығады? Радиологтардың Қазақстандағы ғылыми мектебінің негізін қаладым. Менің алдымнан жиырмаға таяу ғылым докторы, жүзден аса кандидаттар өрбіді...» деген өктем ойға ден қойғаны айқын. Сондықтан да ол ядролық полигонмен тайталаста көргені мен білгенін өз қалауынша бұрмалаған, түймедей істі түйедей етіп зорайтып, болмаған істі болды... деген қиялмен бопсаланған ғылыми трактатын 1998 жылы ешбір түзету жасамай қайыра жария еткен.

«Семей полигонында атом бомбалары жарылып жатқанда халқым тағы да қасіретке шалдығатын болды-ау деп те киналдым. Қанекен жарықтық (Қ.И.Сәтбаевты айтып отыр – М. С.) сол туралы әңгіме қозғалса тұнжырап, «Апыр-ай, апыр-ай!» дей беретін-ді... – депті Сайым Балуанұлы «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі, жазушы Сүлеймен Мәметпен сұхбатында (31 қазан 2007 жыл). – ...Атом бомбасы жиі жарылған өңірдегі халықтың денсаулығы 2-3 есе төмендеп кеткеніне көзіміз шүбәсіз жетті. Бұған Мәскеу қарсы шықты. Ақыры, экспедицияны жауып, бізді тарыдай шашып жіберді. Үш жылғы қыруар еңбегіміз тәркіленді. Бұл жұмыс тәуелсіздік алған соң ғана қайта жалғасты. Жеріміз кең болғанмен халқымыз аз. Өзгенің емес, өз есебімізден қазақтың санын арттыруға ұмтылып, соған ерекше құлшынуымыз керек...»

С.Б. Балмұхановтың «Ядролық полигон менің көзіммен» атты еңбегі, біздің аңдауымызша, ғасыр аяғында биік даңқы пен зор мадағын бұрынғыдан да көтеріп, жаңа марапаттарға бөлейтін төте жол деген мақсатпен жазылған. Сонсоң да автордың «Мен, тек қана мен...» деген өзімшіл ойы сол туынды-

ны ойдан шығарған оқиғалармен өрнектеуге түрткі болып, өзін дарабоз тұлға ретінде көрсеткен. Әрине, сол әрекеті де елеусіз қалмады. Оны қажырлы һәм ұлттық қаһарман санаушылар көбейіп, сонау жылдарда қыр еліне екі мәрте экспедиция бастап шығып, радиация залалын шұқшия зерттедім... деген бопсасына сүйсінушілер көбейіп, ғажап ерлікке балады.

С.Б. БАЛМҰХАНОВ; «Ядролық полигон менің көзіммен», 84-беттен үзінді:  
*«В исследованиях других ученых, проведенных в 1989 и 1990 гг., получены доказательства того, что индуцированные радиацией генетические изменения могут спровоцировать развитие опухолей в последующих поколениях. Предполагают, что причинами отсутствия такой тенденции у потомков лиц, переживших атомную бомбардировку Хиросимы и Нагасаки, могут быть различная чувствительность зародышевых клеток и индуцирующим опухоль факторам, различная стадия зародышевого развития, на которой произошло воздействие радиации, различие агентов, активизирующих в постнатальном (после рождения) периоде возникновение опухолей...»*

Радиолог-ғалым «радиация залалына тап болған адамның келешегі қаран, өзі ғана емес, ұрпағы да зақымданады, сол кесел одан кейінгі ұрпағына да тарайды...» деген шатақ тұжырымды жорамал түрінде емес, ғылыми анықталған аксиома ретінде ескертіп отыр. Сайым Балұанұлы осы қатерді трактатының 86-87 беттеріндегі «Залалдың бағасы» деп атаған тарауында одан әрі тереңдете сипаттайды: «1970-1985 жылдарда Жапония халқының орта жасы – 79,5 жылға көтерілсе, шведтер – 76,7, АҚШ-та – 75 жас болды... – дейді. – Ал, біздің Қазақстан халқының орташа жасы – небәрі 69,4 жыл. Ал, семейліктердің ғұмыры одан да төмен – 66,6 жас. Бұл енді полигонның әсері...». Ғалымның топшылауынша, Семей облысындағы халықтың табиғи өсуі, яғни нәрестелер тууы күллі республикамен салыстырғанда екі есе кем. Ең шатағы, біздегі өлім деңгейі басқа облыстарға қарағанда, әрбір мың адам бойынша 9 адам, ал республика көлемінде 7 кісі. Сол көрсеткіш те, Балмұхановтың болжауынша, «1949-1963 жылдар аралығында ауа мен жер бетінде тежеусіз жүрген жүзден аса ядролық сынақтардың тікелей зардабы... Әсіресе, нәрестелер өлімі, анасы құрсағынан шалажансар болып тууы немесе түсік тастау дерттері ерекше көбейген-міс. Мысалы, 1960-1988 жылдар аралығында бір ғана Абай ауданынан жарық дүниеге келген нәрестелердің 15,2 пайызы өлі туған. Осы аудандағы сәбилер өлімі – 34%, республика бойынша 6,1–12,5 пайыз..» .

Сол ақпарды академик-ғалым мынадай жантүршігер тұжырыммен аяқтаған (122-б.): «Есть твердая уверенность в том, что нарастающее число случаев умственной отсталости, самоубийств и других психических заболеваний, ранее не типичных для этого региона, все чаще и чаще проявляющихся во втором и третьем поколениях местного населения, является прямым следствием вредоносного действия радиации. Всемирно известный ученый Ротблат, председатель Пагуошского движения, предостерегает, указывая, что глобальные



масштабы генетического ущерба в результате облучения больших групп населения непредсказуемы; нарушения хромосомного аппарата организма человека фиксируются надолго, а насколько длительно, мы еще не знаем...»

Балмұхановтың ғылыми трактатындағы тұжырымын К.Б. Бозтаев та 1994 жылы жариялаған «Қайнар синдромы» кітабында қайталап, өзіне мәлім айғақтарды топтап келтіруден сон: «Иондаушы радиация әсерінен тұқымдық белгілерді сақтаушы хромосомдар бұрынғы қалпына келмейтін дертке душар болады, яғни хромосомдық аппарат істен шығады. Демек, радиациялық сәулемен зақымданудың салдары ұрпақтан ұрпаққа, баланың баласына көшеді. Нәтижесінде нәрестелер сан түрлі кемістікпен, кемтарлықпен өмірге келеді. — дейді автор «Семей полигоны» және «Қайнар синдромы» кітаптарының біріккен, «Қазақстан» баспасы 1997 жылы қазақ тілінде жариялаған нұсқасының 217-218 беттерінде. — Ионданушы радиацияның болымсыз мөлшері адам ағзасының торшаларына генетикалық бүлдірулерді тежеусіз көп жасайтыны мәлім. Мұндай жағдайда сау торшалардың биологиялық мөлшерде көбеюі тежеліп, оның орнына сәулемен зақымданған торшалардың тежеусіз өсуі молайып әрі хромосомдардың табиғи қасиеті түбірімен өзгереді. Генетик ғалымдар осы бүлінуді «Соматикалық мутация» деп атаған. Сол өзгеріс акыр аяғында жарық дүниеге келмек нәрестелерге керісінше әсер етеді. Яғни сәбидің патологиясы өзгеріп (кескін-кейпі, иә бірер мүшесінің кем болуы), шалажансар бүлдіршіндер туады. Радиация зардабынан өрбіген соматикалық мутациялардың залалды әсерінің ұзақтығы ғасырларға созылатын кесел. Яғни ұрпақтар ауысканда да жойылмайды деседі. «Ең шатағы, тізбекті реакцияға ұқсаған осы залалды табиғи жағдайда түзету, емдеу — далбаса әрекет, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысатынын ешкім тоқтата алмайды...» — дейді-мыс осы патологияны семейліктер арасында жиі таралуын зерттеген ғылым иелері. Жапон ғалымдары да осы мәселені ұзақ зерттеп, соматикалық мутацияның пайда болуын сәулемен зақымдану мөлшеріне байланысты екендігін анықтаған. Мысалы, 10 бэр сәуле жұту жеңілірек те, ал 15-20 бэр сәуле алу 3-4 есе зияндырақ. Семей облысының полигонға ұрымтал жердегі тұрғындары әрбір сынақ сайын ауадан 150-250 бэр, кейде одан да көп сәуле шоғырын алған...»

**АНЫҚТАМА:** Кешірім Бозтайұлы — инженер-металлург. Алайда, үкімет мойнына артқан қызмет жөнімен ядролық сынақтардан семейліктердің әл-қуаты әлсіреп, денсаулығы күрт төмендеуін ВПК-мен аяқасқа түскен жылдарда өзі танысқан алуан деректерден оқып-білген. Әлбетте осы мәселенің білгірі саналған С.Б. Балмұхановпен де сан мәрте мәслихат құрған. Сайым Балуанұлы да билік иелерінің небір мықтыларына өзін ықыласпен тыңдата білетін, қажет деп білсе кокейіндегі ойына илкітіре алатын қабілетке ие ғалым. Кешірім Бозтайұлы да радиология, рентгенология ілімдерінің үздік білгірі саналған академикке ерекше сеніп, оның көл-көсір әңгімесі мен халықты емдеу туралы оқшау ойларын, талабын, ақыл-кенесін тәнті көңілмен қабылдап, ақсақалдық жолын да ескеріп ерекше сенім артқан.

Сол әсердің залалды салдарын мен К. Бозтаевтың «Қайнар синдромы» кітабындағы ел сырқатын сипаттау мен сол дерт туралы өзгеше пайымдауынан аңғардым. Бұл енді ба-

йырғы қазақтың «сынықтан басқанын бәрі жұғады» деген мәтеліндей жағдаят. Токетерін айтқанда, радиолог-ғалым мен Бозтаев кітапшасындағы зиянды сәулелердің адам ағзасына әсері туралы пікірлері бірдей және екеуі де: «Радиация сәулелерінің күшті шоғыры әкесін, иә шешесін зақымдаса, балалары ғана емес, немере, шөберелері де ауырады, содан ғұмырбақи жазылу жоқ...» – деген тұжырымға шүбәсіз сенеді; сол ойды С. Балмұханов 1990, 1998 жылдарғы ғылыми очеркінде төндіре айтса, К. Бозтаев 1994 жылғы кітабында өзгеріссіз қайталаған. Екеуі де тек осы тұжырымды нақты дерекпен дәлелдемейді. Жорамал түйін екенін де ескертпейді. Бұл енді металлург Бозтаевқа кешірімді қателесу, ал радиолог-ғалым Балмұхановтың ғылыми болмысымен қиыспайтын әншейін бопса...

Бақия АТШАБАРОВ, «Адасулар, өтірік және ақиқат», «Радиацияның генетикалық әсері туралы ғылымға жалған бопсалар» тарауынан (90-114 бб.):

*«Генетикалық мутацияның зиянды зардабын дүйім елге таратушылар (С. Балмұханов, К. Бозтаев, И. Часников және басқалар) кітаптарында немерсе баспасөзде жариялаған толғамдарында ғылыми дәлелденбеген, оздері ойдан шығарған жантүршігерлік қатерді күллі Қазақстанға әйгіледі. Олардың шамалауынша, сәуле ауыруы бір ұрпақпен үзілмейді, баласынан немересіне, одан шөбересіне, бәлкім содан да кейінгі ұрпақтарына қан, иә ұрық арқылы тарап, келешекте миы кішірейген, ақыл-есі кеміген тұқымды дүниеге келтіреді-міс. Осы тұжырымның бәрі де ойдан шығарылған, ғылыми негізі жоқ фантастикалық әдебиеттен суырылған отірік болжамдар.*

*Осы авторлар айтатын түйсік: полигон атырабындағы төрт облыс тұрғындарының 60 пайызының генетикалық коды айтарлықтай бүлінген; солардың мутациялық торшалары алғашқы ата-тегінен 10 есе көбірек зақымданған ұрпақтарды өмірге келтіреді; қазірдің өзінде осы аймақта тұқым қуалайтын белгілері анық, радиация әбден зақымдаған 20 мың ауыру бар дейді; солардан туатын ұрпақтың күллі Қазақстанға тарайтыны да түсінікті.*

*Сол «білгіштердің» тұжырымы түбірімен қате екенін мен «Семей полигонынан зардап шеккендердің басына тағы бір қауіп төніп тұр» және «Радиация әсерінің адамдар денсаулығына генетикалық салдары туралы» деген мақалаларымда нақты айғақтармен ғылыми дәлелдеп жазғанмын. Қайыра ескертемін: АҚШ ғалымдарының Жапониядағы жағдайды ұзақ зерттеуден кейін жариялаған пікірлері менің болжауыммен бірдей. Сол еңбектерде екі атом бомбасының жарылуынан қырық жыл өткен соң Хиросима мен Нагасакиде өмірге келген екінші, үшінші ұрпаққа радиация сәулелерінің әсер етпегені нақты айтылған. (...) Амал не, біздің елде жолды болған жаңсақ болжам, ойжотадан өрбіген зиянды насихат тежеусіз өрістеді. С. Балмұханов «Ядролық полигон менің көзіммен» атты төл еңбегінде 1990 жылы жариялаған жаңсақ пікірін 1998 жылы қайыра қайталады. С. Балмұханов пен К. Бозтаев БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 55-сессиясына ұсынған жолдауында осы ойды екінші рет жариялады. Сол тұжырымды К. Бозтаев 1997 жылы жарық көрген «Семей полигоны» және «Қайнар синдромы» кітаптарының біріккен басылымында тағы да қайталады.*

*...Шынтуайтын айтқанда, радиация шоғырына тап болған бейшара жандардың дертін сол байғұстардың келешек ұрпағына тарайды деген болжам ай-*



Мұратбек Жанболатов. Ауғаныстаннан елге оралмаған семейлік жауынгерлерге ескерткіш



тып, мүсәпір ету әрі сәуле ауруын таратушы деу қандай ұйғарымнан туған (ҚР үкіметінің арнаулы қаулысы бойынша, солардың бәріне тиісті құжат беріліп, өмірбақи ақшалай жәрдем және әртүрлі жеңілдіктер жасалады), яғни сол әулет ресми түрде «миы ерекше шағын, өйткені ауырудан әбден кепкен, ақыл-ойы да кемшін» жандар саналады. Оған қоса Балмұханов сол ауыру қала емес, дала қазағы арасында ерекше көп дейді. Кейбір әсіре «білгіштер» осы дертті жұқпалы санап, соған ұрынған біздің халықты Жер шарына дерт таратушылар деген де насық ойды газет бетінд дабыралап жариялап жүр.

Сондықтан да мен сәуле ауыруы ұрпақтан ұрпаққа таралады деген жаңсақ концепцияны кім айтса да ғылыми жөнінен сауатсыз ұйғарым деймін. Сол дертке шалдыққан біздің халық үшін де жуса кетпейтін жала әрі жүрегіне қадалған қанжар деп есептеймін. Сол себепті даңққұмар пенделердің ойлап тапқан жаласынан, яғни радиация залалы тұқым қуалайды деген концепциядан тезірек арылуымыз керек!..»<sup>1</sup>

«Қайнар синдромы» кітабының алғашқы басылымының 41-бетінде К. Бозтаев: «Қ.И. Сәтбаевтың тапсырмасымен Қазақ КСР ҒА-ның Онкология және Радиациялық медицина институтының жас ғалымы, қазірде академик атанған Сайым Балмұханов басқарған арнаулы экспедиция Семей облысына аттанды...» деп басталған сипаттама зор сүйсініспен баяндалып, ғылыми экспедицияның үш жыл ұдайы қыр төсінде жұмыс істеп, Қайнар, Саржал, Қарауыл, Долон, Сарапан, Знаменка елді мекендерінің тұрғындарының денсаулығын, малын, жерін мұқият тексергенін тәптіштеп сипаттайды. Мадағы мол мәтіннің орта шенінде радиация көбірек те жиі зақымдаған ауылдарда өмір сүрген халық арасында шашы түскен, әл-қуаты кеміген, қан құрамы өзгерген, денелерінің ашық жерінде қыста да өзгермейтін қоңырқай дақтар, тағы сондай өзгерістер білінгенін, табиғаты түсініксіз дерттілер жиі кездескенін де ол мәністеп суреттеген. Көреген радиолог көптеген далалықтарды қинаған сол дерттің немене екенін де қатесіз анықтап, тек соны даралаудың жөн-жосығын кішіпейілдік жасап, Мәскеудің Биофизика институтынан осы дертті зерттеуіне соңғы жылы қосылған білікті мамандарға мәлімдеген. «Бұл енді жарылыстар салдарынан туған «сәуле ауыруы» еді — дейді Бозтаев. — Алайда, біздің зерттеушілердің сол белгілерді ғылыми даралап атауға ділі жетпеген. Жаңа дертті академик А. Лебединский «Қайнар қасіреті» («Синдром Кайнара») деп атапты...».

Кешірім Бозтайұлы осы кітабында қазақстандық экспедицияны басқарған С. Балмұханов дейді, әрі «Қайнар синдромы» аталған дертті алғаш корін, патологиясын анықтап, жұртшылыққа әйгілеу атағын да Сайым Балуанұлына «сый» еткен (Ұзақ сонар осы баяндауында автор бір рет те Б. Атшабаровтың есімін атамайды). Ал, біз сол дертті тұңғыш анықтаушы, даралап атаған да осы хикаятымыздың «Мүсәпір елдің тағдырын кім ойлайды?» тарауында Бақия Атшабаров дегенбіз. Әрі ол экспедицияның бірегей бастығы. Бұл енді бірде-бір зерттеуші қате дей алмайтын, ресми бұйрықпен бекіген тарихи айғақ. Алайда, Кешірім Бозтайұлы 1997 жылы жариялаған кітабында соның бәрін мүлдем басқаша баяндаған. Неге? Демек, сол бұрмалаудың бәрі де Сайым Балуанұлының ынтасымен,

<sup>1</sup> Осы еңбегінің 24 параққа созылған айыптау мен адақтау аралас баяндалған тарауында Бақия Атшабарұлы 6 түрлі ғылыми дәлелдеме келтіріп, егжей-тегжей түсіндірген әрі сол келенсіздікті түзетуге нақты ұсыныстар айтқан. Соның бәрін қайталауды біз қажет деп білемдік. Сол ұсыныстардың кейбірі бүгінде жүзеге асты, өзгелері де бірте-бірте іске асады деген үміттеміз...

яғни кітап авторына соңғы экспедицияын үш жарым жылдық тарихын өз еңбегі етіп бұрмалап түсіндіруінен өрбіген. К. Бозтаев та жалған ақпарға шүбәсіз сенген. Өйткені, 1960 жылдарға дейінгі, одан да кейінгі зерттеу материалдарының бәрі де жабық қорда; солардың тиымы 1998 жылы ғана алынғаны оқырманға мәлім...

Осы жайт, амал не, Атшабаров пен Бозтаевтың өзара ұғыса алмай, өзара дауға түсуіне себеп болған.

«1996 жылы Алматыда өткен бір жиында мен Бозтаевқа: Ғылым академиясы жасақтаған экспедицияның бірегей басшысы және «Қайнар синдромы» дертінің ресми авторы мен екенімді сіз қасақана бұрмалап, екеуіне де басқа адамды ие етіп, менің еңбегімді не себептен жоққа шығарасыз? Қысқасы, сол әділетсіздікті менен кешірім сұрап және жазбаша түрде түзетпесеніз – өтірік ақпарыңыз үшін сізді сотқа беремін дедім. – Б. Атшабаров осы ескертуді кітабының 250-бетінде келтірген. – Бозтаев менің дүйім жұрт алдында естірткен ашулы сөзіме қымсынған жөк. Айтқан дәлелі: «Сот шешімімен мені қорқытпаңыз, өйткені менің қолымда академик С. Балмұхановтың өз қолымен жазған түсініктемесі бар. Сол жазбаларда Сайым Балуанұлының экспедицияны үш жыл ұдайы дара басқарғаны айтылған. Оған қоса «Қайнар синдромы» терминінің авторы Биофизика институтының директоры, профессор А.В. Лебединский екендігі де ресми айғақталған...»

Андауымша, 1949 жылдан беріде туған жұртының «тәжірибе көжегі» болған дәрменсіз халіне жәрдем беруді ойлап, шынайы һәм рухани ділгерлікпен бастаған ісін тарихи жаңғырту үшін Бақия Атшабарұлы сексен жастың өріне таяған кексе жасына карамай, Өлкелік патология институтының мұрағатын қайыра ақтарып, жоғарыда біз сан мәрте үзінді келтірген «Семей полигоны туралы адасулар, өтірік және ақиқат» кітабын жазуға кіріскен. Сол еңбек 2002 жылы орыс тілінде жарық көріп, тарихи еңбектің авторлығы өз иесіне қайтарылды (Әлбетте оны Кешірім Бозтайұлы оқыған жоқ, 1999 жылы өкпесін шалған обыр дертінен небәрі екі ай ауырып, бір өкпесін алдыртса да сеп болмай өмірден озды).

Думан АНАШ, «Егемен Қазақстан», «Бейбітшілік бітімгері», 3.09. 2015 ж.:

*«Жапондық қонақтар Семей қаласындағы мемлекеттік медицина академиясының базасында өткен профессор Б. Атшабаровтың қажырлы еңбегін еске алуға арналған, «Экология. Радиация. Денсаулық» атты XI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты. (...) Осы ғалымның өткен ғасырдың орта шенінде экспедициялық зерттеумен анықтаған еңбектері қазіргі замандағы онкологтарға радиациядан өрбитін ауырулар түрлерінің осу, иә азаю деңгейін салыстыруға таптырмас құнды еңбек болып отыр. 1957-1959 жылдарғы ғылыми тұңғыш экспедиция қапысыз анықтаған деректер, әсіресе медицина іліміне тыңнан енгізген «Қайнар синдромы» сырқатының таралу көлемін анықтауға септігін тигізуде. Шындығында Атшабаров тыңнан салған сара жолды осы өңірдегі шәкірттері жалғастырып, сәулелену залдарынан адам ағзасында өрбитін дертті қатесіз анықтап, емдеу шараларын тездетіп қолданатыны жайында, сол іске лайықталған жаңа аппаратуралар да жәрдемдесетініне бірнеше хабарлама, баяндамалар әзірлеген (...) Осы жиынға арнайы қатысқан Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Камохара Масаесидің айтуынша, ядролық бомбалау мен ұзақ жылғы ядролық*

*сынақтардан зардап шеккен екі халықтың мұңы да, қайғы-қасіреті де ортақ. Осы жайт жапон мен қазақ халқын өзара жақындатты. Жапония үкіметі соңғы жиырма жылда Семей өңіріне күллі әлем қауымдастығының бәрінен де бұрын көмектесіп, 10 миллион АҚШ доллары көлемінде жәрдем берді. Өздері игерген озық емдеу техникаларымен бөлісті...»*

Б.А. Атшабаров өткен ғасырдың 60-жылдарында дәрігерлік парызын өтеу мақсатымен шұғылданған тың іс — радиация залалын кешенді түрде ұзақ зерттеп, Дала тұрғындарын жаппай шалған жана ауыруды шүбәсіз анықтап, «Қайнар синдромы» деп даралаған дертті сырт белгілері бойынша даралап, сүйсінбеске амалын қанша, сол еңбегі ғасырдың аяқ шенінде, одан соң үшінші мыңжылдықтың басында-ақ көшелі іске айналып, зерттеу нәтижелерін қорытындылайтын ғылыми конференциялар әрдайым Семейде өтетін болды. Ғажапты қараңыз: сол жиындардың 11-ші басқосуы Семей Медицина академиясында 2015 жылдың күзінде шақырылған. Демек Бақия Атшабарұлы бұдан алпыс жыл бұрын көрегендікпен ашқан ғылыми жаңалығы қырық жылға кешігіп, әлбетте бұл өкінішті жағдаят, енді міне туған халқын сол дерттен тезірек сауықтыруға қызмет етуде.

\* \* \*

Олжас Омарұлы екеуміз 1936 жылғы төлміз (мен 2 қаңтарда, ол 18 мамырда туған), сексен жастың төріне де қатарлас келіп, өткен өміріміздің қилы кезеңдерін әдеби, қауымдық еңбекпен шұғылданып, мандайымызға жазған сыбаға-құрметті әр алуан деңгейде иеленіп, хал-қадерімізше сыйластықпен өткізген пендеміз. Бір-бірімізге бергеніміз бен алғанымыз да аз емес. Рас, соңғы ширек ғасырда, Олжас Сүлейменов шетелге қызметке аттанғалы қарым-қатынасымыз үзілді деуге болады. Алда-жалда кездескенде сәлеміміз түзу, бір-бірімізге ықласымыз да көңтерімізді...

Кем дегенде алты-жеті атамызға іргелі мекен болған Ертіс өңірін ядролық сынақ алаңы етіп, күні-түні жанымызды түршіктірген зұлым тарсылдан ада болдық. Оның да сан алуан оқиғалары, Кешірім Бозтайұлы марқұм және екеумізге ғана мәлім кейбір жайттар түп-түгел есімде. Жиырма жылдан кейін, 2011 жылы Сауытбек Абрахмановпен жасаған, «Тажалды тұншықтыру» деп аталған сұхбатта Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өзіне нақ осы күресте сенімді серік болған Кешірім Бозтайұлы мен Олжас Омарұлының тізе қоса атқарған еңбегі мен ерлігін даралап атапты. Сол сөздер, меніңше, кімнің кім екенін таразыға тартқандай нақты, шынайы азаматтық көзқараспен жоғары бағалау деген ойдамын.

ҚР Президентінің 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығы ядролық полигонның халықты ығыр еткен жарылыстарды біржола тұншықтырды. Полигон әрекеті туралы ұзақ сонар хикаятымды енді тежесем де болар еді. Өйткені күллі халық белсене қатысқан ауыр күрес жеңіспен аяқталды. Сол күресті бастаушы,

колдаушы болғандардың бәрінін де еңбегі, ерлігі қауымға мәлім. Әркім еңбегіне орай Ел тарихына енді. Соны да аз, иә көп деп, таразыға тарту қажет пе? Артымызда қалған 25 жыл сол гәпті тарихи екшеді. Сірә, әлі де сөйтеді. Әлбетте соңғы сөзді халық айтады. Уақыт та барынша екшеп, Тарих тезіне тартады.

*Уважаемый Кешрим Бозтаевич!*

*Мы знаем Вас как крупного общественного и государственного деятеля, очень много сделавшего для процветания народов Казахстана. Вся Ваша жизнь — это добрый и назидательный пример для молодого поколения. Особенно ярко Вы проявили силу и волю Вашего характера как активный участник международного антиядерного движения «Невада-Семипалатинск».*

*В те нелегкие годы борьбы за прекращения ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне Вы проявили стойкость борца за интересы народа и мудрость истинно народного лидера. Мы знаем, что в эти трудные годы Вам пришлось особенно нелегко и на Вашу долю выпали тяжелые испытания, но Вы сумели найти верный путь и сделать немалый личный вклад в долгожданную победу — закрытие Семипалатинского ядерного полигона.*

*В день Вашего шестидесятилетия, дорогой Кешрим Бозтаевич, мы выражаем Вам глубокое почтение и говорим благодарное спасибо!*

*Олжас СУЛЕЙМЕНОВ, Алма-Ата, 23 июня 1993 г.*

*«Уважаемый Нурлан Сраилевич!»*

*7 августа 1999 года безвременно ушел из жизни Кешрим Бозтаевич Бозтаев. (...) В период господства тоталитарной власти нельзя забыть его смелый шаг в неравной борьбе с воротилами ВПК СССР, рьяно защищавших право на существование ядерного полигона в Казахстане.*

*С Кешримом Бозтаевым наше Международное антиядерное движение «Невада-Семипалатинск» связывала общая борьба за закрытие Семипалатинского ядерного полигона. Кешрим Бозтаев одним из первых поддержал антиядерное движение, многократно приумножив силу общественности республики. Волею судьбы мы оказались плечом к плечу в борьбе против могущественного монстра — ВПК за закрытие ядерного полигона, в которой одержали победу. (...)*

*Я отношусь с глубокой симпатией к Кешриму Бозтаевичу — истинному Сыну казахского народа. Память о нем должна остаться у благородных потомков.*

*Уважаемый Нурлан Сраилович! Прошу Вас содействовать присвоению имени Кешрима Бозтаевича БОЗТАЕВА одной из улиц города Семипалатинска. Это было бы достойной акцией со стороны официальной власти и общественности Казахстана.*

*С уважением Олжас СУЛЕЙМЕНОВ, Президент МАД «Невада-Семипалатинск»  
Рим, Италия. 5 июля 2000 год*

Участникам международной научно-практической конференции «XXI — безъядерный век. Устойчивое развитие Семпалатинского региона»

*Дорогие друзья!*

*В день памяти видного общественного деятеля, писателя, моего друга и соратника (?) по антиядерному движению — Кешрима Бозтаева, мы вспоминаем о сотнях тысяч казахстанцев и россиян, чей век сократили ядерные испытания.*

*Мы не забываем, что наше Движение десять лет назад остановило Семипалатинский и Новоземельский полигоны, положив начало международному мораторию. Молчание полигонов —*

<sup>1</sup> Н. С. Омаров Семей каласынын сол кездегі әкімі. Қазірде Семейде тұрады.

это сотни «хиросим», это надежда на то, что в первое десятилетие XXI-го века человечество избавится от этого средства массового самоуничтожения, что, наконец, многие миллиарды долларов, сохраненных для мирных программ. Мы добились того, что часть этих средств была направлена мировым сообществом на реабилитацию пострадавших районов.

Кешрим Бозтаевич одним из первых поддержал международное движение «Невада-Семипалатинск», и поднял вопросы тяжелого социально-экономического положения в Семипалатинской области, много сделал для того, чтобы мир увидел истинную жизнь людей. В своих книгах Кешрим Бозтаев показал ужасы ядерных испытаний, отразил боль народа. Отдавая дань памяти Бозтаева, надеюсь, что на этой конференции будут рассмотрены пути решения проблем, стоящих перед нами. Наш опыт еще пригодится!

Олжас СУЛЕЙМЕНОВ, Президент МАД «Невада-Семипалатинск»  
Париж, штаб ЮНЕСКО, 11 июля 2003 год

Осы хаттарды оқыған сайын, құрметті Олжас, «Жарайсың, азамат! «Шынайы ер кебенек кигенде танылады» деген мәтелді есіме аламын. Кешірім Бозтайұлының кісілік тұлғасын, қайраткерлік қажырын күрес үстінде танып, әжетіне жараттын. Ең ғажабы, тізе қосып бірге атқарған еңбегін мәртебелі қызметін тапсырып, зейнеткер атанған шағында да семейліктерге зор ілтипатпен паш еттің! «Достыққа адалдықтың тамаша үлгісі, мәрттіктің шынайы белгісі!..» демеске шараң қанша...


Арада жылдар керуені өтті. Заман өзгерді, көшелі зор істерді бағалау мен саралау саяси таразыға түсіп оқыс құбылатын болды. Амал қанша, кейбіреулер үшін уақытша мадақ пен дабыра атак өмірлік ділгерлікке айналды. Мысалы, Олжас Омарұлы, арада 21 жыл өткен соң (К.Б.Бозтаев қайтыс болғаннан 11 жылдан кейін), 1989-1991 жылдардағы ауыр күрес кезінде қайраткерлік пен азаматтық ісімен танылған, жоғарыдағы хаттарыңда «азаматтық ерлік» деп бағалаған замандасың туралы өзіңнің мүлдем ағат және иланымсыздығы оғаш пікіріңді газет бетінен оқығанымда аң-таң болғанымды ескертуді өзіме парыз санап отырмын. Түсініксіз құбылу, Олжас Омарұлы, Сенің дүйім елге танымал биік тұлғана жараспайтын мәні шатақ әрекет...

Олжас СУЛЕЙМЕНОВ, «Казахстанская правда», 30 шілде 2010 жыл, «Еще раз об исторической истине»:

*«Все началось 12 февраля 1989 года. Объявили по радио из Москвы о проведении планового испытания ядерного заряда на Семипалатинском полигоне. Испытание прошло хорошо, как и намечалось. А мы особенно не волновались. (...) Но после того взрыва в моем кабинете в Союзе писателей Казахстана, где я работал первым секретарем, раздался звонок. Молодой мужской голос, негладкая речь, с запинками. Сообщил, что над поселком Чаган после сегодняшнего взрыва прошло облако радиоактивных газов фронтом в несколько десятков километров. «Все дозиметры заклинило!»*

*...Пользуясь своими полномочиями (я был тогда депутатом Верховного Совета СССР), из нескольких источников получил подтверждение сообщению анонима...*





*Семей қаласындағы Әлихан Бөкейханов ескерткіші*

*Зная возможности республиканских партийных и советских органов, я к ним не обращался: полигоны в подчинении Министерства обороны СССР. Собрал в своем кабинете весь депутатский корпус нашего Союза писателей. Зачитал проект письма, которое мы все должны были подписать. Там содержалась и формальная мотивация, почему именно писатели первыми поднимают голос против полигона. Абайский район, где проводится испытания, — это земля, где творили великие поэты — Абай, Шакарим и другие. Оттуда вышел великий писатель Мухтар Ауэзов — первый наш лауреат Ленинской премии. А взрывать в тех местах для нас все равно, что для россиян взрывать в Ясной поляне»<sup>1</sup>.*

Андауымызша, «басқалар емес. тек кана мен. мен...» деген ой Олжас Омарұлына таңғаларлық және мәні өрескел тұжырым жасауына түрткі болған. Жоғарыда мен үзінді келтірген «Тағы да тарихи шындық туралы» мақаласында ол: «Мәскеуге, КПСС ОК-інің Бас секретары М.С. Горбачевке Семей облысынан 20 ақпан күні жіберілген құпия хат қиялдан өрбіген өтірік, ойдан құрастырылған...» — деп соған дәлелге мынадай бопса айтады: «Я был членом ЦК Компартии Казахстана и до сих пор помню эти правила. И утверждаю, что шифрограмма не могла быть авторским произведением секретаря обкома. Он должен был получить не разрешение, а твердое указание на создание текста именно такого содержания и с такими выводами. Указание такое ему мог дать только ЦК КП Казахстана или член бюро ЦК по поручению его первого секретаря, каковым тогда был Колбин. Но зная уровень самостоятельности, дозволенной Москвой республиканским руководством,

<sup>1</sup> Олжас Омарұлы Мәскеуге осындай мазмұнда хат жолдағанын 2007 жылдан беріде баспасөз бетінде бірнеше мәрте қайталады. Сол хаттың мәтінін, айы-күнін түсінікті себеппен нақты келтірмейді. Мен осы хаттың мәтінін «Казахстан за безядерный мир» жинағынан таптым. Жинақтың 105-б. О. Сүлейменов, С. Муратбеков, Д. Снегин және Қ. Мырзалиев қол қойған хат «12 және 17 февраля проведены очередные подземные ядерные взрывы на полигоне в районе г. Семипалатинска...» — деген хабармен басталады, одан әрі: — ...Ради здоровья сегодняшних и будущих поколений, ради жизни на Земле, выражая волю много национального Казахстана, мы требуем — закрыть атомные полигоны на территории республики!..» — делінген. Ешқандай Абай, Шәкерім, Әуезов, яки Ясная поляна да жоқ. Хаттың жазылған күні жинақта көрсетілмеген, тек 1989 ж. деген белгі бар. Хаттың алғашқы сөйлеміндегі аталған күндерге қарағанда ақпан айының аяқ шенінде жазылған. Яғни, Семей обкомының хатынан бірнеше тәуліктен соң жолданған (Бертінде мен сол хаттың 24 ақпанда жолданғанын анықтадым).

Осы уәжге нақты дәлел — К. Бозтаевтың «Семей полигоны» кітабы мен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тажалды тұншықтыру» деп аталған естелік-сұхбатында даралап айтылған уәждер: Олжас Омарұлы ядролық полигонды жабу күресіне Семей обкомы КПСС ОК-нің Бас секретары М.С. Горбачевке 20 ақпанда шифрлі құпия жеделхат жолдап, сол бойынша Ертіс жағасына ВПК бастығының орынбасары В.А. Букатов бастаған қомақты комиссия келген күні, яғни 28 ақпанда Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасына орай О.О. Сүлейменов телестудиядағы сөзінде семейліктердің ядролық жарылыстардан тартқан мүшкіл халін ескертіп, Жазушылар үйінде өтпек жиынға алматылықтарды шақырған. Сол жиында «Невада-Семей» қозғалысы туып, ВПК-мен күрес бүкілхалықтық наразылыққа айналған. Алайда, Олжас Омарұлы сол күреске мұрындық болғанын місе тұтпай, өз еңбегін көп жылдан соң ерекше даралауды қажетсінген. Айтары — Мәскеуге хат жолдап, полигонмен күресті бірінші болып мен бастадым деген мадақ уәж...

не могу допустить мысли о том, что Алма-Ата, без подсказки Москвы, указала семипалатинскому секретарю направить Москве предложение приостановить испытания и задуматься о переносе полигона в другое место (Если бы К. Бозтаев сам вгорячах додумался до такой самостоятельности, он в тот же вечер лишился бы своего поста!)...

Олжас Омарұлы 21 жылдан соң сенімсіздік жариялап отырған құпия хат туралы Нұрсұлтан Әбішұлы не дегені жұртшылыққа мәлім: «Тажалды тұншықтыру» сұхбаты («Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2011 жыл): «Кешірім Бозтаев кезекті бір жарылыстан кейін СОКП Орталық Комитетіне «Семей қаласы маңындағы ядролық полигон туралы» деп аталатын шифрлы жеделхат жолдады. Әрине, сойқаны мол жеделхаттың мәтіні бізбен бейресми түрде келісілген-ді. Әйтпесе ол кезде облыстардың Мәскеуге тікелей шығуы кешіріле қоймайтын күнәға жататын еді...» – деген.

Екінші дерек: Мәскеудің «ИздАТ» баспасынан 2002 жылы жарық көрген «Ядерные испытания СССР» атты жинақтың 116-бетінде, М.С. Горбачевке Кешірім Бозтайұлы 20 ақпанда жолдаған жеделхаттың мәтіні толық келтіріліп, «Приведенная выше шифрограмма Семипалатинского обкома партии в ЦК КПСС, по существу была первым официальным документом с требованием о прекращении ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне» – делінген.

Үшінші дерек: осы жеделхаттың мәтінін «Невада-Семей» қозғалысының атқарушы директоры, яки Олжас Омарұлының сенімді серігі, ширек ғасыр тізе қоса еңбек еткен Виталий Ерохин «Опасное наследство» деп атаған мақаласында қайталапты (Мақала қозғалыстың 20-жылдығына орай, яғни 2009 жылы жазылған, көлемі 16 парақ). Сол мақалада автор: «Такова правда тех дней. Таков был вызов ВПК СССР, такой был вызов Центру – Москве...» – деген мадақ сөздер дараланып жазылған.

«Тағы да тарихи шындық туралы» мақаланың авторы Невада-Семей қозғалысы ресми бекіп, қоғамдық құқыққа ие болғанын, 11 наурызда шетелдік баспасөзде сол жайында хабар таратқанын ескертіп, жер-жерде Семей полигонын жабуды талап еткен митингілер мыңдаған халық қатысуымен өткенін мәлімдеп, мынадай қисынсыз ақпармен аяқтайды: «Невада-Семей» қозғалысының филиалын құру және наразылық шарасын өрістетуге арналған екінші митингі наурыз айының алғашқы күндерінде Семейде өткізілді, сол шараға обкомның бірде-бір қызметкері қатысқан жоқ, кабинеттері біз үшін жабық болды...». Ескертү парыз: бұл шара наурызда емес, сәуір айында өтті: Олжас Омарұлының алаңға жиналған семейліктер менің шақыруыммен келді дегені де өтірік; сондай-ақ Семейдегі үлкен алаңдағы митингіні, әскери полигонмен екі жарым жылға созылған ұзақ та ауыр айқасты тек қана өзінің және «Невада-Семей» қозғалысы атқарған шара етіп, семейлік тілеулестерін, бізді және обкомдағы тілектестерін сол мәртебеден біржола аластағасы келгені – мүлдем түсініксіз, сол ниетімен ол Ертіс жағасындағы мыңдаған тілеулестері мен полигонға қарсы күресушілерді екі жарым жылдық айқастан тысқары қалдырғанын ескермеген. Алғашқы митингіні жүргізген Семей қалалық партия комитетінің бірінші секретары Н.М. Ульянов болатын. Сол жайтты да ол бекер дей ме?

Жә, сол күндердегі семейліктер тірлігін баяндайын: оншақты мың, кейде 15 мың адам қатысқан, халықты ерекше дүрліктірген, полигон тарсылына ашу-ыза білдірген алғашқы митингі, кейініректе сан рет қайталанған наразылық жиындардың бәрі де обком, қалалық партия комитеті мен кеңес қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өткеніне куәлік айтар азаматтар Семейде жүздеген, бәлкім мыңдаған адам. Шынтуайтын айтқанда, сол күресте Алматыдан және бізге іргелес қалалардан, Ресей мен шетелден де ағылған журналистер, қоғамдық ұйымдар өкілдерін обкомның үгіт-насихат бөлімінің қызметкерлері, қала басшылары әуежайдан қарсы алып, сынақ алаңдарын көруге, аралауға автомашиналар ұйымдастырып, мейманханаға орналастырумен де жыл бойы шұғылданған. Соларды тамақтандыру, халықпен кездестіру, митингі ұйымдастырылса – адамдарды алаңға шақыру, сөйлеушілердің тізімін іріктеуді де осы бөлім атқарды. Соған тікелей жауапты бөлім менгерушісі Маркен Шайжүнісов болатын. Ол Олжас Омарұлын қарсы алған сәттен бастап, үнемі қасында болып, кімдермен қатысып, қайда баруын, Семейдегі әрбір сағаты мен минутының пайдалы қаракетке жұмсалыуын жобалаумен де шұғылданды. Екеуінің тіл табысып дос болғаны сонша – қозғалыс делегациясы құрамында АҚШ-қа да бірге барғаны жұртшылыққа мәлім. Ал, ұйымдастыру жұмыстарын оның орынбасары В. Пигаваев атқарды.

«Казправда» газетіндегі оғаштығы көзге ұратын, иланымсыздығы мектеп жасындағы балаларды ғана сендіргендей ертекке ұқсаған Олжас Омарұлының оғаш мәлімдемесін мен бастан-аяқ жалған деймін. Әсіресе «Обкомның бірде-бір қызметкері бізге қолғабыс еткен жоқ. Есігі тарс жабық болды. Терезелері пердемен тұмшаланды...» – дегені ойдан құрастырған өтірік. Халық жазушысы Олжас сол жылдарда Семей өңірінен көрген қолдауы мен депутаттық мандатының шынайы қадірін ұмытпағаны жөн еді. Қандай сыңдарлы қиын жағдайда Семейге шақырылғанын да жадында ұстағаны абзал. Қандай жағдай иә өтірік десе – есіне салайын...

Олжас Омарұлы Семейге наурыз айында келген жоқ, сөйтуге мұршасы да болмады. Өйткені сол кезде ол КСРО Жоғары Кеңесіне Алматы қаласының Калинин ауданынан депутат болу додасына түскен-ді. Тиісті дауыс жия алмай, Алматыдан түніліп отырғанда, яғни сәуір айында Семейге шақырылды (Сол іске қатысымды ілгеріде тәптіштеп баяндадым). Амал не, «Казправда» газетіндегі мақаласында ол соның бәрін тарс «ұмытып», басқаша түсіндірген және өзінің сол кезде бастаған күресін шырқау биікке көтеріп, «полигон тажалды тұншықтырған менмін, тек қана мен!..» – деу үшін. Шындығында сол ойы акынның қайраткерлік тұлғасын, игі еңбегін, күресі мен халыққа мәшһүр атағын да төменге құлдилатқан күпір іске айналдырған. Жә, сонда, ОК-тің Бас секретарына алғашқы хатты К. Бозтаевтың 20 ақпанда жолдауын жалған деп, сол күреске өзінің небәрі он күннен кейін қосылуы Олжас акынның күрескерлік атағын, биік мәртебесін кеміте ме? Жок! Түсініксіз мардамсу. Әлде мен аразмыздан небәрі 66 жасында, 1999 жылы опат болған Кешірім досымның намысын, қайраткерлік еңбегін бекерге жоқтап отырмын ба?..



*Қазақстанның осы заманғы жетекші ядрошы-физиктері —  
Қайрат Қадыржанов және Насырролла Бөртебаев*

«Мен осы тарихи оқиғаға ден қойып, Кешірім марқұмның аруағын құрметтеу мақсатында «Центральная Азия Монитор» газетіне «Он первый» деп мақала жазған едім. Соған да Олжас Сүлейменов қатты шамданып, бірнеше газет тілшілерімен сұхбат жасап, «Бозтаев обкомның бірінші хатшысы ғана болды... Полигонға қарсы күрестің алдыңғы қатарынан оны ешкім көрген жоқ, болған да емес...» деген ойын сан мәрте қайталады. — деп қынжылыс білдіреді алматылық зейнеткер жазушы Ғаббас Қабышұлы 2007 жылғы 23 наурызда ҚР Президентінің кеңсесіне жолдаған хатында. — Полигонды жапқызыған менмін, тек қана мен...» деуден Олжас Омарұлы титтей де қымсынбайды. (...) Ақиқаттан, аруақтан аттап кетті...»

Ғаббас қаламгер сол мәселені екі жылдан кейін қайыра қозғап, 2009 жылғы 19 маусымда екінші рет, бұл жолы «Ашық хат» деп атап, «Егемен Қазақстан» және «Семей таңы» газеттерінің редакцияларына мақала жолдаған. Көтерген мәселесі — Кешірім Бозтаевтың Семей полигонын жабудағы бастаушылық еңбегін орта жолдан қосылған жолбикелердің иеленіп, өздерін-өзі мадақтап, ақиқатты өрескел бұрмалаған әрекетін әшкерелеу. «К. Бозтаевтың «Семей полигоны», «Қайнар қасіреті» және «29-тамыз» кітаптары халыққа кеңінен мәлім. Сол үш кітап — полигонның қасіретті шежіресі. (...) Олжас болса сол кітаптарды елеп-ескермей, «Казправда» газетінің тілшісімен сұхбатында (2005 жыл, 20 қыркүйек) Кешірімнің қажырлы еңбегі туралы мынадай жалған ақпарат айтудан ешбір қымсынған жоқ: «Да, он был первым секретарем обкома, но не более того. И уже во всяком случае, среди первых борцов за закрытие полигона его не видели». Осы сөздерді оқығанда жағамды ұстап, «Астапыралла!» дедім. (...) Мен Олжаспен дос та, қас та емеспін. Жазушылар Одағында екеуміз көп жыл қызметтес болдық. (...) Маған керегі — шындық: қазіргі атак-абыройы

бір басына жетерлік Олжас Семей полигонына қатысты мәселеде ақиқаттан аттағанын мойындап, пендешілік жасағанына Кешірім Бозтаевтың аруағынан кешірім сұрауға тиіс. Бұл – оның азаматтық арына сын!..»

Ғаббас Қабышұлының осы хатына жауапты ҚР Мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаев сол жылғы 9 қарашада Астанадан, үкімет үйі Ақордадан қайтарыпты: «Халқымыздың: «Біткен іске сыншы көп, соны бітірген ердің кемі жоқ» деген сөзін сіз, құрметті Ғабеке, жақсы білесіз. (...) Бұл жайында Сіз мерзімді баспасөз беттерінде, бас қосуларда жазудай-ақ жазып, айтудай-ақ айтып келесіз. Жұртшылық өмірде болған нақты іске толық хабардар. Соны енді одан әрі қаузап, аруақты қорлап, тіріні мазалап айта берген жөн бе? Сынақ аланын бір адам жапқан жоқ, халық қолдап, Елбасының арнайы жарлығымен жабылды. Бұл тарихи ақиқат! Әділ сөзге тоқтаған халықпыз. Белгілі жайтардың белгісіз қырларын тәптіштей бермей, осымен тоқтап, ортақ мүддеге қызмет етейік...» – деген сипатта, ешкімді жығынды етпеген мәні жадағай жауап алыпты.

Атомист-ғалым Евгений Велихов КСРО ҒА-ның вице-президенті міндетін атқарған кезде Семейде болып, Мәскеуге қайтқан соң да Семей полигонын жабу мәселесіндегі айтыс-тартыстарда өзі жөн көрген сорақы жайттарды кімге болсын ашық мәлімдеуден тайынбаған қайраткер. Ғаббас Қабышұлы сол маманның Интернет-газета («Zona. Kz. 07.12.2008 г.) жариялаған сұхбатынан мынадай үзінді келтіреді: *«Все переговоры с Госдепартаментом, Конгрессом и Пентагоном вел он и высшие офицеры КГБ, ГРУ и ВПК. И никакого Олжаса Сулейменова там не было. То есть все решалось на оси Москва-Вашингтон, а движение «Невада-Семпалатинск» было не больше чем цветок на обочине дороги».*

Осы мәлімдеме де өзін-өзі көп жылдан соң қолпаштаған көптеген «қаһармандарды» ойландырса игі! Өйткені, бізде қазір сондай жазымпаздар аз емес, әзірше оншақты адам...

Кешірім БОЗТАЕВ, «Семей полигоны» кітабынан (143-144 бб.):

*«Полигонды жабу күресіміздің басталуынан аяқталуы әлдеқайда қиын болды. Әу баста жұртшылыққа арқа сүйен, өзімді қолдайтынына бекем сеніп, құлшына кіріскен едік. Сол жылдарда біз «Невада-Семей» қозғалысымен тізе қоса қимылдап, ортақ мүдде үшін зор ынтымақпен жұмыс істедік. Түпкі мақсат – сынақтарды тоқтату. Өкінішті гәп: полигонды жабу мәселесі оң шешілуге айналғанда, «Осы жеңісті өміршең етуде кімнің еңбегі көп, кім соны ұтымды ұйымдастырды?» деген, қозғалысқа орта жолдан қосылған кейбір мысықтілеу адамдардың пасық ойынан туған әрекеттер жиіледі. Сол мәселені баспасөз бетінде қоңырсытып, осы жеңістің бірден-бір иегері «Невада-Семей» қозғалысының пәрменді күресі деген пікір ерекше үдеді.*

*Қоғамдық қозғалыстың жер-жерде өткізген әртүрлі акциясы шексіз мақталды. «Невада-Семейдің» басшылары да өздерінің әрбір қимыл-әрекетін жарнама-лауға құмар болды. Сол күреске қатысқандардың кейбірі кездейсоқ адамдар болатын, басты міндет митингіге кісі жинап, жұрттың делебесін қоздырып, болмаған*

*істі болды деп, мейілінше дабыралаумен шұғылданды. Жалған сыбыстар да көбейді. Біздің қызметкерлер арасынан Олжас Омарұлына жанашыр, іскер қайраткер сияқтанып, өздеріне ұнай түгендегендер де молайды.*

*Шындығында облыс басшыларына жұмыстың ең ауыры тиді. Оны тегінде әлдебір үлкен ғимараттың іргесін қолмен қазған жұмысшылардың маңдайынан ащы тер тамшылатқан ауыр бейнетімен ғана салыстыру ғанибет. Әлбетте біз сол бейнетімізді дабыралаған жоқпыз. Үкімет адамдарының қитұрқысы көп шырғалаңдары мен амалдары арасынан жол тауып, бетке ұстаған ісімізді жеріне жеткізуге тырыстық. Әрбір қиыншылықты митинг шақырып, у-шулы дабыра айқаймен шешкісі келген сөзуарлар көкейкесті мәселені жолшыбайғы кедергілерден айналып өтіп, ұтымды шешкенімізден бейхабар болды. Оның есесіне сол жеңісті өздерінің талабын қанағаттандыру дегенге сайды, солай деп жұртқа жариялады.*

*Наразылық шаралары ерекше екпінді жүрген оқиғалардың басы-қасында болған адам ретінде мен Семей ядролық полигонын жабу жөніндегі тарихи жеңісте қоғамдық қозғалысқа белсене қатысқандармен бірге Ел президенті, республиканың Жоғары Кеңесі, Семей обкомы мен облыстық атқару комитетінің жауапты қызметкерлерінің жұмыла қимылдауы айтарлықтай пәрменді болғанын ескертуді парызым санаймын».*

Осы жерде бір жайтты, Олжас дос, есіне салуды қажетсініп отырмын: күрестің екінші жылында біздің Семейдегі кейбір пысықтардың жолбикелік әрекетімен Кешірім екеуінің араларынан мысық жүргендей дүрдеараз суықтық пайда болды; сол жайында Кешірім Бозтайұлы бірде маған: «Олжас соңғы сапарында маған жолықпай кетті, біздің бір-бірімізге шынайы ықыласымызға қызғанушылар бар, осыған не дейсің?..» – деді. Мен аз-кем ойланып: «Жуықта Олжас Омарұлы Семейге келеді. Сол кезде бастығымды үйіме шақырайын. Өзінді де. Үшеуіміз оңаша отырып, кәдуілгі ер адамдар құсап бас қосайық. Араларындағы шаншу сияқты өкпе-наз бірден тарқайды...» – дедім.

Шынында да солай болды. Біздің үйде кешкі сағат сегізден таңғы төртке дейін оңаша сұхбат құрдық. Қаншама тілек айтылды, қаншама ащы да, тұщы да су ішілді. Желбуаз соғындылар араға сөз жүгірткен жайттар әп-сәтте тарады. Кешірім екеуін неше мәрте құшақ айқастырдындар. «Жақсылардың араздығы қолдың суы кепкенше ғана...» дерлік жағдай туды. Сол кездесуге куә Кешірімнің бәйбішесі Күлзия мен менің қосағым Клара еді. Басқадай кісі болған жоқ. Амал қанша, қазірде Кешірім арамызда жоқ, екі бәйбіше де аттанып кетті. Сол күнгі кештегі бесеуден екеуіміз ғана қалдық, қымбатты Олжас...

Шынымды айтайын: мен қазірде аумағы айтарлықтай кең үйімде жападан-жалғыз сопиып отырып, сол түнгі сұхбатты да сағынамын. Есіме алсам-ақ көңілім босайды. Қатыбас тағдырға не шара? Өзінді, мені, Кешірім марқұмды полигонмен күреске Алматыда отырып, сара да дара ақылымен демеген, күрес майданына рухани еліктірген қайран досымыз Санжар Оразұлы Жандосов та ортамызда жоқ. Жазмыштың жазуына не дейміз! Тірі жүрген екеуіміз аман болайық!..

Владимир ПИГАВАЕВ: «Бәрінен де шындық қымбат», естелік, 2014 жыл:  
«Невада-Семей қозғалысының Семейдегі филиалымен біз тізе қоса қимылдап, қала ұжымдарын жаппай ұйымдастырумен әзірлеген 1989-90 жылдардағы барлық митингілер мыңдаған адамдардың қатысуымен өтті. Обком мен облаткомның

жауапты қызметкерлері, қала басшылары қыруар жұмыстар атқарды. Ең ғажабы, солардың тапсырмасын күллі халық, шаруашылықтар мен өндіріс ұжымдары екі айтқызбай зор ыждаһатпен орындады. Өйткені, дүйім жұрт көмейіне шыққан сүйел сияқты тарсылдан қайткен күнде құтылып, полигонды жабуға тырысқан әрекеттен аянбау қажеттігін түсінген еді. Шынында да семейліктер үшін бұл күрес тыныс алатын ауадай ділгер іске айналды. Мақсат-мүддесі айқын қозғалыстың есеп шотына өндірістер мен кеңшарлар жүздеген мың сом (о күндегі 10 сом – 8 \$) аударса, жеке тұлғалар да мың-мыңдап қаржы берді. Тіпті сөйтіңдер-ау деп үгіттеудің қажеті болмады.

...Олжас Омарұлы бертінде, әсіресе жылдар керуені қатерлі кезеңнен ұзаған сайын бірнеше рет, әсіресе Кешірім Бозтаев ауыр сырқаттан опат болған соң тарихи шындықты белінен басып, өзінің жетекшілік, көшбасшылық еңбегін көтере әйгілеп, «полигонды мен тарқаттым, үкіметке де мен шықтым, Горбачевті де сол іске иліктірген менмін...» – дейтін болды. Мысалы, 2010 жылы «Казахстанская правда» газетінде жариялаған естелік мақаласында: «Я уверен, что имело место по такому сценарию развивались события: 1) Письмо депутатов-писателей (после 12 февраля) с требованием закрыть полигон; 2) Вероятная реакция Горбачева, – его разговор с Колбиным. Указание Колбина Семипалатинскому обкому подготовить письмо в Центр с предложением приостановить испытания и в дальнейшем перенести полигон в другое место. Подписать и отправить Горбачеву...» – деген. Қысқасы, түйіп айтқан сөз де, дәлел де жоқ, тек қана жорамал. Осы сөздерден де Олжас Омарұлының өзінің әрекетін алға шығарып, Кешірім Бозтайұлының барлық бастамасын әлдекімдердің ақылымен ғана жүріп-тұрған әншейін орындаушыға айналдырады...

Мен, осы күреске қызметтік парызыммен әрі азаматтық ұстаныммен ең алғашқы күннен аяқталуына дейін қатысқан қызметкер ретінде Олжас Сүлейменовтің соңғы жылдардағы құбылуын түсінбеймін, өзіне арзан мадақ іздеуге саямын...»

Ядролық полигон тұншыққан соң-ақ О.О. Сүлейменов ҚР-ның елшісі мандатымен Италияға аттанды, бірнеше жылдан соң Қазақстанның ЮНЕСКО штабындағы тұрақты өкілі болып Францияға коныс аударды. Содан беріде жиырма шақты жыл өтті. «Невада-Семей» қозғалысының алғашқы жылдардағы екпіні, ел аралап, шетелге жиі шығып, ядролық сынақтарға наразылық акцияларын өткізгені туралы хабарлар да сап тиылды. Қозғалыстың тірлігін, әр жерде бөлімшесі жұмыс істейтінін, біз, семейліктер, тек қана мерекелік жылдарды атау кезінде ғана еститін болдық. Мысалы, 2014 жылы қозғалыс Семейде және Алматыда өзінің құрылғанына 25 жылдық мерекесін ерекше дабыралап өткізді. Естуімізше, сол мерекеге арналған кітаптар шығарыпты. Алайда, соның бірде-бір данасы полигон зардабын тартқан Семей жұртшылығына таратылған жоқ. Неге? Шынуайтын айтқанда, сол кітап полигоннан жәбір-жапа шеккен семейліктер үшін жазылды емес пе, әлде сол тажалмен күресте өзінің басты тұлға болғанын нешінші мәрте жұртқа әйгілеу мақсатымен?.. Мен сол кітапты осы хикаятымды жазу үстінде Семейдегі, Алматыдағы штабынан не-



ше мәрте сұратып ала алмадым. Демек, санаулы таралыммен шығарылған немесе Ертіс жағасындағы көпшілікке таратуды қаламаған? Өйткені, өтірігін бетіне айтар куәгерлер Семейде жүздеген емес, мыңдаған адам...

\* \* \*

Әрбір қоғамдық қозғалыстың туу, өркендеу немесе тоқталуы — өмір қағидасы. Ертіс жағасындағы қалың ел ядролық қатерден әбден қажыған кезде Невада-Семей қозғалысы сарғайып атқан таңдай болып, ядролық полигон Ел мен Жерге таратқан қасіретті, яғни қатерлі сынақтарды тежеуде өлшеусіз зор қызмет көрсетті. Бұл тарихи шындық! Оның басты қызметі Қазақстанның орталық өңіріндегі миллиондаған еңбекшіні, Ресейдің Ертіс бойына ұрымтал мекендерінің тұрғындарын күреске жұмылдырып, наразылық акцияларына мың-мыңдап қатысуына еліктірді. Көп түкірсе көл деген қағида әрқашанда өміршен, дүйім елді сорлатқан атомдық жарылыстардың ауыр зардабы үкімет назарына ілікті. Шын жүректен рақмет дейміз! Шектеусіз ризалық білдіреміз.

Сол кездегі дүрмекті оқиғалар тарих еншісіне өтті. Күрес шежіресін ай, күнімен саралай бастасаңыз — неше алуан тағдырлар тоғысын көресіз, биік лауазым иелерінің ашық та, жасырын да жүргізген қитұрқы амалдарын, қарапайым еңбек адамдарының өз құқығын, тірлік-тынысын, ұрпағы болашағын қорғау жолында кешкен жанкешті арпалысын танысыз. Таң қаласыз, сүйсінесіз!

Қарсы тұрғандар — полигонның имансыз нояндары, ядролық қаруды жасаушы кейбір ғалымдар мен КСРО Атом энергетикасы мен өндірісі министрлігінің басшылары, КПСС ОК-нің хатшылары — Медведев, Бакланов, Разумовский, шенеунік Белоусов, маршал Язов... Олардың мақсаты — Семей іргесінде ірге тепкен әскери кешенді қаз қалпында сақтау, иен даланы қалауынша түйгіштеп, зиянды сынақты баяғыдай жалғастыру. Отан қорғанысын күшейтеміз деген желеумен мәртебелі мансабын сақтау. Өздерін жарты патша сезінген шенқұмарларға қарсы шыққан халық қолында әскер де, билік те болған жоқ. Десек те солардың қарамы — жүз мыңдаған адам, күллі Семей, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының үздіксіз дүмпулерден зардап шеккен сормандай шерменделері...

Кешірім Бозтайұлының туған еліндегі жеті жылға созылған тындырымды жұмысы тарихи өлшеммен шамалағанда пәлендей көп мерзім емес, ғасырлар көшінде қасқағым сәт. Сөйтсе де елім деп еңіреген азаматтың осы мерзімде қаншама игі істер істеп, ел жадынан өшпес ерлік жасағанын мойындау шарт. «Жалғыз сарбаз — майданға шыға алмайды, шықса да еңбегі еш...» — дейтін нақыл бар. Бастай білсең — жалғыз болмай, сол ісіне ден қойған қалың ел үлкен күшке айналатынын қысқа ғұмырында айқын дәлелдеген қайраткерлердің ол алдыңғы легінде болды.

Туған елі қайраткер азаматының қарақан басын қатерге тігіп жасаған ерлігін ұмытқан жоқ. Марқұмның Алатаудың Кеңсай шатқалындағы зиратының басына Ертіс жағасынан апарылған еңселі үш құлпытастың ортаңғысы-

на «СЕМЕЙ ЕЛІ САҒАН РИЗА!» – деген төрт сөз жазылған, қара түсті габро тастың бетіне, әлгі сөздердің жоғары тұсына аспанға шудаланып көтерілген саңырауқұлақ іспетті ажал бұлты, оның астына жан ұшырып атой салған ашулы дала тұрғындары кескінделген (Габро тастарды дайындау шығынын ұйымдастырған – ШҚО әкімінің орынбасары, оған дейін Жарма аупарткомының бірінші секретары болған Алдаш ҚАЛИЕВ марқұм еді). Құлпытасты көркемдеп шабушы семейлік мүсінші, Абыралы тумасы – Балтабек ОРЫНБАЕВ ел еңсесін тірілкен қайраткер азамат тұлғасын қаз қалпында, әсірелеусіз нақты бейнеледі. Еңбегі үшін ол бір тиын да қаламақы алған жоқ. Айтқан уәжі – «Кешірім ағаның Ел үшін еткен ұлы еңбегіне ризалығым!..». Амал не, аруаққа деген ризалықты Семей қаласының билігін ұстаған, кезінде бірінші секретарьдың көлеңкесі сияктанып жанынан қалмайтын серігі болған әкімнен, біз, қайраткер досымыздың жанкүйерлері, екі жыл ұдайы тынбай сұрап, ақыры сол шіркін билік тізгінін Н.С. Омаровқа өткізген кезде ғана жана көпірден Алматы даңғылына шығаратын кең көшеге К.Б. Бозтаевтың есімін қоюға әрен жеттік. Бұл да кешегі өмірдің күйкі шындығы...

\* \* \*

Атом бомбаларының соққысына ойда жоқта ұрынған жапондықтар үкімет шақыруын күтпей, 1945 жылдың тамыз айында Хиросима мен Нагасаки қалаларына мың-мындап барып, күл-талқаны шыққан екі қаланың тірі қалған, иә ауыр жарақат алған тұрғындарына көмек беріп, жарақат алғандарды қамқорлыққа бөлеп, қираған үйлерді қайыра тұрғызғаны – жапон халқына ғана тән жанкештілік. Зардап шеккендерді емдеу ширек ғасырға созылған. Жапония үкіметі қабылдаған жаңа заң бойынша әрбір «хибакуся» (атом сынағынан зардап шеккендердің төл атауы) 1945 жылдан өмірінің ақтық минутына дейін ерекше қамқорлыққа бөленеді: мысалы, олар тегін емделеді; жылына төрт рет дәрігерлік бақылаудан өтуге тиіс; сол үшін әрбірінің қолында аты-жөні мен көмек түрі жазылған арнайы құжаты болады; олардың регистрі күллі жапондық медицина қосындарда сақталады; қандай мекенге барса да кезексіз емделіп, дәрі-дәрмекті тегін алады; өмір сүруіне жеткілікті мөлшерде жәрдемақымен қамтамасыз етілген...

ЕСКЕРТУ: АҚШ үкіметі 1990 ғана жылы «Радиациямен зақымданудан қорғану» туралы заң қабылдаған. Соның түсіндірмесінде Невада полигонында жасалған ядролық сынақтар таратқан радиоактивті бөлшектер сынақ алаңына ұрымтал аймақтағы байырғы тұрғындардың денсаулығына, баспаналары мен жеке шаруашылығына, өңір табиғатына елеулі залал келтіргені ресми мойындалып, АҚШ Конгресі сол үшін зардап шеккендерден кешірім сұрап, ақшадай көмек тағайындап, бүлінген мүлкі мен шаруашылық шығынын өтеуге жыл сайын бір миллиард доллар төлеуге, денсаулық күйтін оңдауды да үкімет мойнына алған.

Ресей үкіметі де 1992 жылғы маусым айында Алтай өлкесіндегі тұрғын халықтың Семей полигонынан тартқан залалы үшін қарымта жасауға қаулы қабылдап, байырғы тұрғындардың денсаулығын тексеріп әрі емдеуге нақты шаралар белгіледі. Осы өңірдегі радиация бөлшектері тараған 72 ауданның полигонға ұрымтал 31 ауданы мен қалаларында 1949 жылдан беріде тұратын тұрғындарына, яки бесіктегі сәбиіне дейін 1992-1993 жылдары 9 миллиард сом (яғни 97 миллион АҚШ доллары мөлшерінде) төлеп, 1993 жылға да қосымша өтемақы беруді жобалаған...

Жә, атомдық, ядролық сойқанды ұзақ жылдар басынан кешкен ең сорлы ел, біз, Қазақстан халқы әсіресе Семей жұрты қандай жәрдем мен қамқорлыққа бөлендік?

Семей полигонында жарылған 470 сынақтың жиынтық қуаты жапондардың екі қаласына тасталған қос бомбадан 2500 есе артығырақ. Амал не, Ертіс атырабындағы аумақты жер, саф ауа, соңғы екі жарым ғасырда ешқандай соғыс көрмеген елді мекендердің тұрғындары сол пәлекеттің азабын 42 жыл тартты. Тәуелсіз Қазақстан үкіметінің тапсырмасы бойынша 1992 жылы Ертіс атырабында бірнеше ай жұмыс істеген өкілетті комиссияның Семей, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстары бойынша анықтаған деректері, яғни төрт облыстан 1,5 миллион адам радиация зардабын тартты деген анықтама бойынша, солардың ең көбі – семейліктер, 200 мың сырқат, яғни біздің шәрдегі 340 мың тұрғынның 60 пайызы радиация дертіне шалдыққан...

1992 жылдың күзінде біз, Беспәев көшесіндегі бес қабатты 22 үйде тұратындар жаппай тексеруден өттік. Дәрігерлер комиссиясына шақырылып, семейлік «хибакуся» екендігіміз туралы дөңгелек мөр басылған, екі тілде бірдей толтырылған куәлік алдық. Ресми атауы – «Семей полигонында жасалған ядролық сынақтар салдарынан зардап шегушіге жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын К У Ә Л І К». Аты-жөніміз, тұрағымыз, қайда, қай күні, қашан туғанымыз көрсетілген. Маған тигені – 02-001916 санды құжат. 1949-1953 жылдарда Абыралы ауданының Қайнар кентінде тұрғаным, 1959-1989 жылдары Семей қаласында еңбек еткенім ескертіліп (1953-1959 жылдары Алматыда білім алудан соң бір жылдай уақыт сол қалада қызмет еткенім есепке кірмеген), қысқасы, ядролық сынақтан зардап шегуім «37 жыл және 2 ай жоғары радиациялық қатерлі аймақта тұрақты болған» деген анықтама. Осы куәлік бойынша маған 1996 жылдың қаңтар айынан бастап зейнеткерлік ақыма 11985 теңге қосымша төленетін болды (Төлемнің соншама уақытқа кешіктірілгені – экономикалық дағдарыстың салдары).

Осындай тексеру мен тіркеуден әрбір семейлік өтті. Әлбетте сәуле дертіне шалдыққандар саны бір ғана Семейде 1992 жылы 200 мың адам болса, сырқат мұңлықтардың қарамағы содан беріде табиғи кеміді, қазірде солардың үштен екісі жоқ. Сол өкінішті мен өз қатарымның ерекше сиреуінен де шамалап отырмын. Мысалы, мен тұратын бес қабат үйдегілерден де жеті-сегіз адам қазірде тірілер санатында жоқ, небәрі үш адамбыз...

ҚР-ның Жоғары Кеңесі 1992 жылғы 18 желтоқсанда «Семей полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау туралы» заң қабылдады. Ядролық сынақтардан зардап шеккендер бес топқа бөлінген: алғашқысы – радиация залалына алғашқы ретте, яғни 100 бәрден аса мөлшерде зақымданғандар (Саржал, Долон, Бөденелі, Иса және Сарапан ауылкентестеріне қарасты тұрғындар); екінші топ – радиация тозанын 35-100 бәр аралығында, яки мейілінше мол сімірген жанкештілер (бұл топқа Абай, бұрынғы Абыралы, Бесқарағай және Жаңасемей аудандары мен Павлодар облысының Мамыр ауданына қарасты Ақжар және Молдар мекендерінің тұрғындары); үшінші топ – радиация тозанын 7-35 бәр алып, яки көтеріңкі мөлшерде жұтқандар (Шұбартау, Аягөз, Новошұльба, Бородулиха, Шар, Жарма аудандарының барлық елді мекендері, Семей мен Курчатов қалаларының тұрғындары; Қараған-

ды облысының Егіндібұлақ, Қарқаралы, Павлодар облысының Мамыр ауданы, Шығыс Қазақстан облысының Таврия, Глубокое, Шемонайха, Ұлан аудандары, Лениногор (Риддер) және Өскемен қалаларының байырғы тұрғындары; осы заңның 1995 жылғы қосымша тармағы бойынша Зырян, Самар, Серебрянка қалалары қосылған; төртінші топ – радиация тозанынан окта-текте зардап шеккендер, яғни 0,1-7 бэр мөлшерінде зақымданғандар (Семей облысының Мақаншы, Үржар, Таскескен, Көкпекті, Ақсуат аудандары; Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының шеткергі мекендері, Павлодар облысының Лебяжі, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан мен Тарбағатай аудандарының тұрғындары); бесінші топ – ядролық жарылыстар салдарынан тұрмыстық-экономикалық жағдайының төмендеуіне байланысты көмек қажет еткен аймақ ретінде Павлодар облысының Баянауыл ауданының тұрғындары енгізілген...

Осы заңның бес тобына енген барлық аймақтарда 1949-1989 жылдарда тұрған адамдарға, содан беріде туғандарға бір мезгілдік өтемақы берілді. Төлем мөлшері зақымдану деңгейіне қарай есептелген. Зардап шегуші куәлігін иеленгендер зейнетке ертерек шығуға қақылы әрі еңбек еткен жылдарына үстеме жылдар қосылып, түрліше жеңілдіктерді иеленеді; мысалы, қосымша еңбекақы, зейнетақы, стипендия мен арнайы жәрдемақы алады; осы аймақтарда туған балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер санаториялық-сауықтыру ұжымдарында денсаулығын ақысыз түзеуге қақылы...

Әлбетте менің сөз етіп отырғаным – ҚР Президентінің Семей полигонын жабу туралы Жарлығынан соң бір жылдан кейін қабылданған алғашқы заң. ҚР үкіметі осы мәселеге кейіннен екі мәрте қайыра оралып, 1995 және 1997 жылдары түрліше өзгерістер енгізді. Бәрі де пәрменді әрекеттер. Амал не, сол шаралар жаралы жер мен қайғы-мұңы жүз батпан шерменде елді ауыр дерттен біржола сауықтырған жоқ. Емдеу шаралары ерекше баяу жүрді. Басты себеп – жаналқымға алған рынок қыспағы. Онкологиялық диспансерлер мен ауыруханаларды, Радиация орталықтарын салуға қаржы болмаған соң кімді кінәлаймыз? Рас, үкімет 1996 жылы бір мезгілдік өтемақының алғашқы бөлегін төледі. Бірер жылдан кейін тағы бір мәрте. Өзге жәрдемдер бертінде там-тұм өтелді...

Амал не, табиғаты беймәлім, көзге көрінбейтін радиация ұшқындарының ағзамызды күні-түні мұжудан арылтар шараларын жапондарша үрдіс қимылдап, жедеғабыл жүргізе алмадық. Экономикалық ахуалдың төмендігі, қаражат тапшылығы бөгет болды. Менің ойымша, бәз-баяғы керенаулығымыз, Алла сақтасын дегенге саятын енжарлық та кеселін тигізді. Әлбетте осы кесепаттың көп жылдарға созылар ауыр зардабын түсінуге үкімет шенеуніктерінің де білім-танымы, қажыр-қайраты жетпеді. Сауықтыру шарасын жедеғабыл бастамай, көп жылдарға создық. Дер кезінде тиісті ем алмаған сырқаттардың өмірі үзілді, бойға тараған кесел де жойылмай, бұрынғы тізімдерге тыңнан ауырғандар қосылды (Қазақстандық онкологтардың 2015 жылғы жиынында Семей қаласында обыр дертіне шалдыққан 30 мың науқас бар делінген). Осы дерекке мен сенбеймін, сірә, жорамал сан. Біздегі ауырулар бұдан әлдеқайда көп..

Шынтуайтын айтқанда, Ертіс жағасындағы елді мейілінше иектеген радиация залалын үш мәрте қабылданған қаулымен сірәда жоя алмайсың. Жер қыртысына терең бойлаған, батпақтар мен шалшық суларға сіңген радиоактивті элементтер әлбетте мінбеден тіл безеген немесе көл-көсір нұсқау жазғыштардың қарарын немесе ғылыми монографиялар арқылы өйту керек, бүйту керек... деген ақыл-кеңесіне тегінде бағынбайды. Сол пәлекеттер адам ағзасына ауа арқылы, ауызсумен немесе мал етімен, сорпасымен, иә жілік майымен кіреді де мүжі бастайды. Зақым алған бейшараның ағзасы күш-қуаты ғасырлар бойы сөнбейтін сәулелердің мүжуіне қарсы тұра алмай, бойын әбден еңсерген кезде қолқаннан, әлде ұлтабарынан, жұлын, иә қанынан, тізен мен буынынан, болмаса бүйрегіннен обыр ісігі болып білінеді...

Әсілі сол да қаулы сайын қағаз бетінде қайталанған медициналық көмектің кешігуінің салдары, атөтті тексерудің шалағайлығы біздегі «хибакусялардың» сорын қайнатты. Жапония үкіметі 1992 жылы бізге ұсынған медициналық көмекті дереу қабылдап. Семейде дербес емхана салуға жер бөліп, сол елдің дәрігерлері баяғыда менгерген төте де сенімді емдеу әдістерін егер де әжетке жаратсақ? Амал қанша, шалағай «білімпаздардың» ықпалымен сол көмектен бас тарттық. Бұл енді туған халқының тағдырына жан ашу емес, өзгедей, мейілінше күйкі мақсаттан туған әрекет...

Әлбетте өзіміздің онкологтар қол қусырып қарап отырған жоқ. Алматыдағы Онкология және радиологы институты Абай даңғылындағы екі орамды тұтас иемденген алып та бойшан ғимаратында зерттеу жүргізіп әрі науқастарды бұрынғыдай емдеуден жаңылған жоқ. Семейдегі обыр дертін емдейтін емхана мен аурухана да әл-қуаты әбден құрып өлусіреп келген шерменделерге хал-қадерінше көмек көрсетті. Десек те?..

Осы заманғы типтік жобамен салынған, ең озық аппаратуралармен жабдықталған еңселі емдеу орнына семейліктердің қолы 2013 жылы ғана жетті (Сол емдеу орнын жедеғабыл салу туралы қарар 2003 жылы қабылданған). Үш қабатты көлемді ғимаратты біздің құрылысшылар он жылдан кейін тұрғызып, емханасы, ауруханасы және зертхана, өзгедей де ділгер қажеттері түгенделген мекен жайға ие болып, несін айтамыз, айран-асыр қуандық. Сол ғимараттың кең бөлмелерінде осы заманғы медициналық аспаптар, түрліше аппаратуралар орнатылған. Естуімше, кейбір сырқатты тексеруге күні кеше үш-төрт тәулік жұмсалса, соны енді небәрі төрт сағатта анықтап, бірден-ақ ем қолдануға мүмкіндік туған. Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен жоба бойынша, осы ұжым келешекте Онкологиялық медицина орталығы атанбақ. Оның үшінші кезектегі құрылыстары да бой түземек...

Ядролық қаруға қарсы халықаралық қозғалыстың («Невада-Семей» емес, шетелдік ұжым) бір топ өкілдері, жапондық дәрігерлер тобы Орта Азиядағы бұрынғы кенестік республикаларды аралаған 1995 жылғы сапарында Қазақстанға да ат басын бұрып, Семейде көбірек аялдаған. Әрине, осы өңірдегі онкологиялық диспансер мен ауырухананың ем-дом шараларымен танысады. Көзге ұрып тұрған оғаш жағдаятты делегация жетекшісі, Нагасаки универси-

тетінің профессоры, онкология білгірі Шуничи Ямашито бірден-ақ аңғарған (О кезде біздің дәрігерлер кеңес өндірістері 1950-1970 жылдары шығаратын аппаратурамен жұмыс істеген. Әлбетте обыр ісігінің таралу көлемін, қаншалықты қатерлі екенін дәлірек анықтайтын аспаптардың дүниеде бар екенін сірәда білмеген...

Профессор осы жайтты көргенде, сірә, дәрігерлік парызын өтеуге құлшынған тәрізді, өзін осы сапарға аттандырған JACA қауымдастығының емдеу жобасы туралы сөз қозғап, семейлік онкологтарды Жапонияның ең үздік емханалары мен медициналық орталықтарында дәрігерлік тәжірибеден өтемақсыз өтуге шақырады. Аса тиімді ұсынысты Семей әкімшілігі мен денсаулық сақтау бөлімі Алла тағаланың көктен түсірген жәрдеміне балаған. Қысқасы, жергілікті онкологтардың алғашқы тобы, одан кейін екінші, үшінші легі жапон еліне аттанады. Мейірімандығы мол Ямашито Жапонияда қолданылатын ең үздік аппаратураларды қажетінше сыйлауды ұйымдастырған. Ең ғажабы, гуманитарлық ілтипат, радиация залалынан азап шеккен семейліктерге қайткен күнде көмектесу артық-кемі жоқ жиырма жылға созылды (Профессор Шуничи Ямашитоның қалтқысыз көмегі үшін бізден иеленген марапаты – «Семей қаласының құрметті азаматы» деген атақ пен қазақ халқының шынайы досысың деп арқасына жапқан оқалы жалғыз шапан мен қазақы бөрік)...

Семейде бертінде ашылған Радиациялық медицина және экологиялық зерттеу институты да өткен ғасырдың соңғы жылдарында-ақ Хиросима университетінің медик ғалымдарымен байланыс орнатып, 2002 жылдан беріде сол ұжымға өздері барып, радиациядан айығудың жапондық тәжірибелерін үйренген, сол шаралардың бірі – ауыру шалған семейліктердің медициналық регистрінің автоматты жүйесін ашуы. Бұл болса дерт шалған пенделерді үнемі бақылауда ұстаудың алғышарты. Осы ұжымның директорының ғылыми-клиникалық жұмыстар жөніндегі орынбасары Талғат Молдағалиев «Семей таңы» газетінің тілшісі Мирас Құсайынға: «Ядролық сынақтардан зардап шеккендер регистріне енген семейлік сырқаттар үш буынға бөлінеді: біріншісіне сынақтар әуеде жүргізілген уақытта полигонға ұрымтал елді мекендерде туғандар; екінші және үшінші буынға солардың бертінгі ұрпақтары және сынақ жер астында жүргізілген жылдары осы аймақты мекен еткендер жатады. Әлбетте регистрге радиациялық залалды жұрттың бәрінен де көбірек және тұрақты алды деп есептелетін Саржал, Знаменко, Қайнар сияқты он мекеннің тұрғындары енгізілген. Оларды біздің мамандар «тарихи мұндастар» дейді. Сол топты зерттеп, қан тамыры жүйесінің бұзылуын және онкологиялық ауыруларға бейімділігін шүбәсіз анықтадық...» – депті.

Талғат Жұмасейітұлы радиациядан өршіген қатерлі дерттің тұқым қуалайтынын немесе қуаламайтынын анықтауға да арнайы зерттеу жүргізу қажеттігін де сөз етіпті. Бұл болса С. Балмұханов пен Б. Атшабаров өмірінің соңғы жылдарында бір-біріне қарама-қарсы ұстанымнан айнымаған әрі өзара келіспеген даулы мәселе. Семей радиологтары осы дауға да нақты зерттеумен жауап берер деген үміттеміз...

2015 жылдың жазында емдеуге қолданылатын жаңа әдістерді әрі жаңа аппаратураларды тиімді пайдалану турасында республика онкологтарының кезекті семинары Семейде өткен. Сол да тегін емес, диспансердің патоморфология бөлімі әлем дәрігерлері қолданатын FISH әдісін игеріп, сүт безі мен өкпе обырындағы мутацияны бұрынғыдай екі-үш тәулікте емес, бірнеше сағатта жедел анықтайтын заманауи жаңа қондырғыда жұмыс істеуді игерген. Бұл енді цитогенетикалық күрделі мәселе. Ең ғажабы, дерттің табиғатын білген соң ақ емдеу желеғабыл басталады. Сол семинарға Қазақстанның жеті диспансерінен мамандар келіп, жаңа әдіспен танысып, шетелдік аппаратурада жұмыс істеуге үйренген. Анығында осындай үздік тәжірибелер, тәубе дейміз, соңғы жылдары молая бастады.

Семейдегі мемлекеттік Медицина институты Жапония университеттерімен тұрақты байланыс орнатқанына, оқу орнының ректоры, профессор Төлебай Рақыпбековтың айтуынша, жиырма жыл болған. Академияда жапон тілінде дәріс тыңдайтын арнайы топ бар. Олар жапондық ұлттық өрнектермен безенген аудиторияда отырып, білімдерін көтереді. Осы елдің тілін меңгерген семейлік 23 студент Нагасаки және Шиман университеттерінде дәріс тыңдаған. Кейбірі Жапонияның магистратура мен докторантурасын тәмамдапты. Семей академиясының Фармокология факультетінің студенттері ағылшынша сөйлеуді, жазуды үйренумен қоса жапон тіліне де жаттығады. Демек, таяу уақытта Семей дәріханаларында жапон елінің экологиялық таза, пәрмені күшті дәрі-дәрмектері сатыла бастайды деп күтуге болады...

Тәубе дейік, жапон онкологтарымен байланыстың нығаюы семейлік дәрігерлерге, әсіресе Медицина институтының тәжірибе алмасулары онды болды. Обыр дертінің асқынған түрі болмаса, көптеген сырқаттар Семейдің Тау үсті аталатын аймағында ірге тепкен Онкология ауыруханасынан шипа іздеп келіп, үйіне сауығып қайтатын қуаныштар жиілей бастады. Ең ғажабы, бірер күнде тұңғыш келушіге диагноз қойылады. Одан әрі бірер аптада сырқатына ота жасалады. Әлбетте ұлтабарының жармысын немесе екі бүйрегінің біреуінен айырылу оңай емес. Ота үстелінен тұрған соң да үнемі қатан бақылауда боласың... Қуанышты ақпар: жуықта мен мәскеулік «Новая газеті» шетелде обыр дертінен құлантаза жазатын амал табылғаны туралы, сондай дәріні жасаған оқымысты дәрігер Нобель сыйлығын иеленгені жайында хабар оқыдым. Бұл енді күллі адамзат қауымы үшін тамаша жаңалық, илайым рас болсын!..

\* \* \*

2012 жылдың жазы, шілде айының соңғы аптасында тынысымды тарылтқан беймәлім дерт жиі шашалтып, ауа жетпей тұншығудан жаңылмадым. Үйдегі жағдайым да онды емес-ті: жарты ғасырдан астам уақыт жансерігім атанған бәйбішем Клара Дүйсебайқызы бір-ақ апта ауырып, жүрек талмасынан опат болғанына небәрі екі ай өткен-ді; ержеткен бала-шаға Семейден шалғайда,

амал не, жалғыз өзім кең пәтеріме сыймай, екі-үш тәулік әрлі-берлі тыпырлаудан соң емханаға бардым. Қараушы дәрігер сырқатыңыз демікпе деп, ем тағайындады. Оншақты күнде тұткиылдан шалған тұншығудан құтылғандай болдым...

Қыркүйек айының орта шенінде ҚР жазушыларының кезекті құрылтайы шақырылды. Ертенгілік мәжіліске сергек көңілмен барғанмын, сағат 12 шама-сында кенет демікпем қайыра козды. Дем ала алмай түшкіре берген соң залдан безіп, кезекші қыздарға мандатымды бердім де, такси жалдап, Алматыдағы жекеменшік аурухананың бас дәрігері, профессор Б.Ш.-ға бардым. Бұдан екі жыл бұрын қуығымды шалған ісікті ота емес, лазермен алғызып, небәрі алты тәулікте сол дерттен құлантаза сауығып шыққанмын.

Профессор анализ жасатуға пәрмен берді. Соны келесі күні адақтап, қайыра соқтым.

Аурухана иесі солармен қоса рентген съемкасына ұзақ үніліп:

– Медеке, оң жақтағы бүйрегіңізде болмашы кінәрат бар. Әзірше жай-жапсары түсініксіздеу. Мына дәрілерді үш ай ішіңіз. Төртінші айда қайтадан келіңіз... – деді.

Демікпем сауықпаған калпымда Семейге қайттым. Күн суытып, ағаш атаулы жапырағын түсірген кезде тынысым түзелді. Сірә, колданған дәрілер де жәрдемдесті. Қазан айы тыныш болдым. Қарашаның екінші жартысында тағы да тұншыға бастадым. Уколдар көмектеспеді. Өзім тұратын үйдегі құдайы көршім – Нина Ильинична кәнігі терапевт. Сол кісіге жайымды айтып едім, «Ертең, таңғы сағат сегізде оразаңды ашпай және кіші дәретінді төкпей, Орталық клиникадағы 301-ші кабинетіме кел...» – деді. Амал не, бардым. Дереву құтыханаға апарып, тиісті анализ тапсыртты. Сол күні кеште көршім пәтеріме келді. Мінезі қатыбастау кісі еді. Кімге болсын өктем көрсете сөйлейтін-ді.

– Анализін жақсы емес, Медеу. Ертенгілікте Диагностикалық орталыққа барып, анализдің күрделі түрлерін жасат. Күллі іш құрылысыңа он екі қатпарлы съемкадан өтесін. Біздің клиниканың бастығы Қайноллан Мусинмен келістім, міне, рұқсат қағазы...

Нина Ильиничнаның айтқанын үш күнде адақтап, кеш әлетінде өз пәтерімде кездестік. Мен ұсынған анықтамаларға ол шұқшия қарады да:

– Нешедесің, Медеу? – деді.

– Алдағы қаңтарда 77-ні бастаймын, егер соған жете алсам?

– Сен ондай шатақ сөзді доғар! – деді көршім қатқыл үнмен. – Мына анықтамаларды онколог дәрігерге көрсет. Білгір онколог болсын. Оның не дегенін өзіме айтасың, тек қана өзіме!.. – деді. – Не істеу керекін содан кейін айтамын...

Сол кеште дәрігер келінім Әсия Сәттарқызына тапсырма бердім. Келесі күні ертенгілікте ол: «Аға, барлық анықтамаларды алып, есік алдына шығыңыз, онколог дәрігерге барамыз...» – деді.

Бардык. Орта жасқа іліккен сымбатты жігіт. Ізетпен қабылдады. Семейдегі Медицина институтының проректоры Тасболат Әділханов, ғылым докторы,



профессор әрі онкология кафедрасының меңгерушісі. Мені сырттай біледі екен, әрине, «Сәтбаев» кітабым арқылы. Әкесі Алпысбес Әділханұлымен де таныспын, байырғы баянауылдық, өлкетанушы, Қарағанды университетінде ұстаздық ететін оқымысты азамат. Ал дәрігер ұлы онкологиямен біздің оңірде түбегейлеп шұғылданған...

Тасболат Алпысбесұлы кабинетіндегі аппаратураны электр жүйесіне қосып, рентген съемкасына шұқшиды. Содан бір сәтте экран бетіндегі жылт-жылт еткен жарық шоғырын қарындашпен нұсқап:

– Медеу аға, міне, сырқатыңыз, оң бүйрегіңізді қатерлі ісік шалған. Полигонның зардабы. Ота жасамай болмайды. Дәрі-дәрмек сізге енді жәрдемдеспейді... – деді кесіп-пішкен қатаң үнмен.

– Ісікті ме, әлде бүйректі?

– Құдай жөні бүйректі тұтас алу керек.

Мен түсі бұзылып, қабағы тарс түйілген келіміме қарадым. Ол тек ләм-мим демеді.

– Сол бүйрегім қандай? Сау ма? Сонда бұл кәдімгі бүйрек обыры ма?

– Міне, қараңыз. Сау. Ал, ауыру бүйректі тездетіп алу керек! – Профессор Әділханов обыр жөніндегі сауалымды естімегенсіді. Қағаздарда жазылған «Cansel» деген латынша атаудың обыр дертін бүркеу екенін бірден сездім. – Кешіктіруге, ағатай, болмайды!..

– Бауырым, сырқатымның нендей пәлекет екенін күмәнсіз нұсқап отырсың. Өзің осы отаны маған жасаймысың? – дедім. – Өзіне келуім де содан: қандай дәрігер екенінді, ота жасап жүргенінді білемін. Жасым сексенге таянды, маған сөздің төтесін естірт!..

– Егерде маған қолы жеңіл оташы деп сенсеніз, жасаймын, аға.


– Жарайды, жайымды ұқтым. Хабар өзімнен болады. Қабылдауыңа рақмет!..

Сол кеште Нина Ильиничнаны пәтеріме шақырып, онколог профессордың тұжырымын естірттім.

– Медеу, сексен жастың шекарасына іліккен құдайы көршімсің. Мен саған турасын айтайын: сырқатың мейілінше ауыр, сөйтсе де отаға тәуекел ет! Менің әкем бір бүйрекпен жиырма бес жыл өмір сүріп, тоқсанға келіп басқа дерттен ажал құшты. Сенің кардиограмманда түсініксіз иректер бар. Бәлкім мына дертіңе қобалжудың салдары. Соны қайтадан жасат. Жә, сол қандай болса да отаға тәуекел етпей болмайды. Бұл енді сондай дерт. Және отаны Алматыда, Онкология институтында жасат. Олардың отадан кейінгі емі мен күтімі ерекше жақсы. Мен соны әкемді апарғанда көргенмін. Тек қана Алматыда!.. – деп көршім ағынан жарылды.

Ұйқым қашқан толғаныс екі тәулікке созылды да, үшінші күні тәуекелге бел будым. Дәмеленген жалғыз үміт: екі мәрте отадан аман қалдым, үшінші де, сірә, сәтті болады деген үміт; наркоздан оянбаған күнде де сексеннің шебіне енгенім – тәубе дерлік жайт...

Әлқисса содан Онкологиялық диспансер арқылы Алматыға шығып, облыс орталығынан рұқсат-квота алып, Алматыға аттанып, қарашаның 22 күні



*Евгений Велихов*



*Генрих Боровик*

*Осынау маскеулік қайраткерлер біздің полигонды жабу күресімізге белсенді түрде және нақты іспен көмек көрсетті*

ертенгілікте Онкология институтының бүйрек бөліміне орналастым. Барған күні-ақ қайыра жасалған тексеру семейлік онкологтардын тұжырымын өзгеріссіз құптады. Бір ғана гәп – жүрек дүрсіліндегі кібіртік және қан қысымым едәуір жоғары. Емдеуші дәрігерім Мағжан Сәлімұлы жүрек маманын шақырып, алты күн ұдайы жүрегімді отаға дайындады. Ең ғажабы, бесінші күні қан қысымым түзелді. Ота жасау 28 қарашаға белгіленген. Соған бір тәулік қалғанда кексе жастағы қазақ әйелі палатаға келіп, наркоз беруші маман екен, «Наркоздан оянбасам – ешкім жауапты емес, өз еркіммен отаға келістім» деген актіге қол қойғызды. Мен үшін сол жайт ауырлау болды, сонынан естідім, Алматыда тұратын қызым мен ұлымнан да сондай қолхат алыпты. Сірә, жүрегім дүрсілі шынында да қатерлі болған...

28 қарашаға ауған түнді мазалы ұйқымен өткіздім. Рас, палатаның жарығын өшірерде медбике қыз ұйықтататын дәрі берген-ді. 1983 жылы Қайнар кентінде, 86 жасында опат болған әкем Сапа таңға жақын аян беріп: «Медеу-жан, ота шарасы біздің әулетке жағады. Ұлтабарымның қас жармысын алғызғаннан кейін де отыз үш жыл өмір сүрдім. Балаларымның алды едің, әлі де алдында боласың...» – деп, маңдайымды иіскеп, арқамнан қасқандай болды. Сірә, сол да күпті көңілімді жайлады білем, қайыра ұйықтадым.

Сол күні біздің палатадан екі кісі отаға түспекшіміз. Екінші сырқат Манғыстаудан келген, Қазидеген кісі, менен мүшел жас кіші. Кеше кеште қиырдағы түбектен әйелі келген-ді, орта жастан асса да өңі таймаған сұлу адам екен. Таңғы сағат жеті шамасында палатаға келіп, тізесін бүгіп сәлем беріп, хал-жағдайымызды сұрады. Мазасы кетіп, жөнді ұйықтамай келгенін аққұба жүзінен аңғардым да:



*Семей өңірінің қайыра өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан мемлекет қайраткері  
Бердібек САПАРБАЕВ*

– Келіп, бері жақында. – дедім қияли ойға жеңсік беріп. – Қазі інім екеу-міз бір сағаттан кейін отаға қатарлас жатамыз. Тан алдында отыз жыл бұрын өмірден қайтқан әкем аян беріп, ота үстелінен екеуің де аман-есен тұрасындар, қайғырма деді. Бүгін кешке таман той жасайсың, текке үрейленбе, қарағым. Бәрі де жақсы болады...

– Ойпырмай, ағай, түні бойы көзімді ілгем жоқ, балаларымыз жас еді... «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген рас. Рақмет сізге!.. – деп байғұс әйел қолымды құшырлана қысты.

Қазі екеуімізді палатада тыр жаланаш шешіндіріп, өлген адамды киіндіргендей ақ дәкеге орады да, сүйретпе арбаларына салып, үстінгі қабаттағы ота палатасына жеткізді. Ота қаз-қатар қойылған екі үстелде жасалады екен. Бір-бірімізге амандық тілеп, екеуіміз қатар жаттық.

Екі бүйректің біреуін мүлдем алғызу, әрине, онай емес, Беттері дәкемен тұмшаланған ақ халатты бірнеше адам үстіме төніп, сегізкөздің басынан, тағы қай жерімнен укол салғанын білемін, аузымнан, бүйірімнен әлдебір жіңішке түтіктер кіргізді. Ота жасаушы дәрігер, бөлім менгерушісі Нұржан Серікұлы Нұрғалиевтің «Бисмилла!» дегенін де ап-анық естідім. Сол сәтте төбемдегі жарық жалп етті. «Мұнысы несі, ток үзілді-ау» деп қамыққаным есімде. Одан әрі ештеңе сезгем жоқ... Әлден уақыттағ сірә, бір сағат шамасында: «Ақсақал, көзіңізді ашыңыз. Ота сәтті жасалды. Диагноз толық анықталды. Наркоз беруді тоқтаттық, бес-он минут ауырлау болады, ішіңізді тігудемін...» – деген үнді естіп: «Е, жүрегім шыдаған екен, демек, тірімін...» – деген қиялға беріл-

дім. Көзімді тек аша алмадым. Әлдене деп ернімді жыбырлаттым. Содан бір мезетте жансақтау палатасына апарды. Ол болса ота бөлмесінің іргесіндегі екі кісілік орын екен,. Есім кіресілі-шығасылы. Қасымда оташы медбике. Нина көршімнің айқаны рас болды: отадан кейінгі күтім ерекше баппен жасалады екен, оңаша бөлмеде екі тәулік жаттым, Қазі інімнің сырқаты жеңілдеу ме, әлде жасандығы ма, бір тәуліктен кейін палатаға ауыстырылды. Оның да отасы сәтті болыпты. Ал, менің өз-өзіме келуім бес-алты тәулікке созылды. Қалай десем де сол жолғы отадан да аман қалып, желтоқсанның 18-і жаңасында Алмалыбақ елді мекенінде тұратын қарындасымның үйіне шығып, он шақты күн қосымша күтімде болып, қол-аяғымды жидым.

Ең ғажабы, төсекте байлаулы жатып, әртүрлі қиялға түсіп зеріккен күндерімде демікпеге тап болуымның түп себебін оймен таптым: сөйтсем, менің осы дертім көптеген жыл атомдық тарсылдың астында өмір сүруімнің салдары, өзім ғана емес, күллі семейліктер, Ертіс бойындағы қалың ел зардап шеккен, сексен қайда, елуге де жете алмай, әсіресе жастарды жаппай отаған кеселге қарымтам – сол қырғынды қолдан жасаған ядролық полигонның Қазақ даласында ірге теуіп, қырық екі жыл ұдайы Ертіс алқабындағы қалың елді жаппай жаусатқан шерлі жайтты айқара түріп, зардап шегуші мен жазбағанда – кім таркатады деген қиялға түстім... Содан Семейге қайтып, ағайын жұртпен, дос-жарандармен қаңтардың екінші жаңасында (бұл менің туған күнім) өз үйімде, дастарқан басында қауышқан сәтте көкейімді торлаған шаруаны жария еттім. «Ой, ағасы, қатты жүдепсіз, кем дегенде 15-20 кило салмағыңыз кеміген, әуелі денсаулығыңызды оңданыз, ортамызға аман-есен оралдыңыз – біз соған да қуаныштымыз!..» – деген де тілектер жан-жақтан айтылды. Жазушы үшін қиялын шырмаған тақырыпты қағаз бетіне түсірмей демалыс болмайтынын олар білген жоқ. Қамқор көңілмен қу жанымды күтуге жебеп отыр...

Қысқасы, бойымдағы кеселден құлантаза құтылғанымды сезінген соң-ақ көңілімді тербеген, өмірге деген құштарлығымды қайта оятқан сол ойға еліккенім сонша, келесі күнгі ертеңгілікте компьютерімді ашып, «Семей қасіреті» атауына бірден-ақ тоқтаған деректі хикаятты толғауға кірістім. Алғашқы тарауларға қажет әдебиеттер үйімде еді. Жетпейтінін Алматы мен Мәскеуден алдырдым. Қолымда бары да аз емес-ті...

\* \* \*

2009 жылғы тамыз айы күнтізбектен сызылуға жақындаған кез еді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Шығыс Қазақстанға ат басын бұрған сапарында Семейге де соқты. Жадыраған жаз қызулы шуағын аяусыз төгіп, барынша жарылқаған мерейлі шақ. Ертістің қалаға кіреберісте екіге жарылып, ұзындығы 5-6 км, ені екі шақырымдай табиғи арал жасаған, қалың орман қаулап өскен, жергілікті қазақтар «Түйемойнақ аралы» дейтін демалыс жайына семейліктер ертеңгілік сәтте-ақ жаяу-жалпы ағылды. Сағат 10 шамасында солардың қарамы 15 мыңдай болды. Өйткені, семейліктер үшін 29 тамыз – ерекше күн әрі атомдық



*Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.К. Ахметов Семейде. 2015 жыл*

тажалдың үні өшкеніне 20 жыл болды. Нұрсұлтан Әбішұлы сол мерекені аралдың күншығыс төрінде, бойшаң қарағай орманы көмкерген кең алаңда 15 метр биікке бой түзеген, «Өлімнен де күшті» атанған тас монументінің іргесіне гүл шоғын қойып, бері бұрылып, өзіне ентелей қарап тұрған халыққа тағзым етті. Содан соң ғана ескерткіш іргесіндегі микрофонға жақындап келіп:

– Ардақты ағайын! Осыдан алпыс жыл бұрын әлемдегі ең ірі Семей полигонында тұңғыш атом бомбасы сыналғаны мәлім. Мен қол қойған жарлықпен нақ сол күні, яғни бұдан 18 жыл бұрын ядролық сынақ алаңының жабылғанын білесіздер. Сол жеңіс бізге әлбетте онайға түскен жоқ. Соған да біз халқымыздың қайсар өжеттігін, күш жігерін, ауызбірлігі мен әлденеше жыл жүргізген табанды күресі арқылы жеттік. Полигонды жабу тәуелсіз ел атануымыздың алғышарты болып жүзеге асты... – деп сол кездегі күрестің кейбір сәттерін еске алумен жұрт көңілін өзіне баурады.

Шынында да бағзы заманда «Қазақ елі» атанып, артық-кемі жоқ, бұдан бес жарым ғасырға таяу уақыт бұрын дербес хандық құрып, кең байтақ жерге ие болып, бір миллионға жетер-жетпес халқымыз болса да, нақ осы күнге дейін сол оқиғаны діл-рухымыз жетіп, мақтаныш етіп, тап бүгінгідей бар даусымызбен айта алмадық. Өзімізді-өзіміз төмен ұстадық. Тарихи жағдай ахуалымыз солай етуге мәжбүрледі. Ол уақыт келмеске кетті. Құдайға шүкір, міне, тәуелсіз Қазақстан Республикасы атанып, жер жүзіне танылды. Еркіндігімізді

паш еткен тарихи оқиғаларды ашық түрде айтатын болдық, дербес ел екендігімізді күллі әлем таныды. Атазаңымыз бар, Елтаңбамыз, Әнұранымыз, көкшіл туымыз жер-жерде, БҰҰ-ның алып ғимаратының алдында да желбіреп тұр. Шұрайлы, сөздік қоры мейілінше бай, дара тіліміз мемлекеттік үнге айналды. Сол тілмен БҰҰ-ның Ассамблея мінберінен де сайрайтын болдық. Күні кешегі ядролық полигонның да дамылсыз тарсылы төбемізден дүңкілдеген қапалы күндер мен жылдар келмеске кетті...

1989 жылдың қара күзінен бері Ертіс жағасында мүлгіген тыныштық орнады.

Бұл күн семейліктер үшін – ерекше қуаныш. Сол мереке жайында Абыралы тумасы, менің жерлес де жеделдес інім, алпыс жасқа да жете алмай, полигон дертінен шейіт болған Сейітқали Қалыбекұлы артына мынадай осіет-өлен қалдырған...

*Айтпа сен, атом жайын, сырын маған,  
Айтпа, қаншама қырылды адам!  
Мен жанмын жарылыстан жапа шеккен,  
Жерім бар жараланған, жырымдалған.*

*Айтпа сен, атом жайын, жарылысты,  
Атомнан атамекен жалын құшты.  
Айрылған қосағынан арулардың,  
Боламын естігендей зарын күшті.*

*Айтпа сен, атом-ажал, атамашы,  
Жаныңа тауқыметі бата ма шын?  
Ботадай боздап қалған балалардың,  
Жарылыс жалмап кеткен ата-анасын.*

*Саралап, салған ізін сұрыптайық,  
Ажалдың аузын мәңгі құлыптайық!  
Рухтары марқұмдардың разы болса,  
Атомның құрбандарын ұмытпайық!..*

Жұдырықтай қарлығаш құсы қазақ ұғымында – қуаныштың жаршысы, тыныштық пен игіліктің хабаршысы. Исі қазақ тинәмдай осы құсты құт-берекенің, ырыс пен ынтымақтың, бейбіт өмірдің жаршысы санайды. Түйемойнақ аралында бой котерген «Бейбітшілік стелласының» ұшар басына ілінген киіз үй шанырағын айнала жеті қарлығаштың ұшуы сол ырымды үлгі етуден туған. Илайым солай болғай, жеті қарлығаш жеті жебеушіге айналып, Ертіс атырабындағы елдің тыныштығына нұсқа болсын деген үкілі үміт те содан өрбіген...

Әлем тарихында біздің ел бірінші болып ядролық қарудан бас тартты. Бұл енді Жер планетасындағы екі жүзге таяу мемлекеттер алдында беделімізді кө-

теріп, түп мақсатымыз – бейбіт өмір екенін дүйім жұртқа әйгілеген үлгісі мол игі іс болды. Қазірде біз сол бағыттан айнымай, ешқандай әскери одақтарға қосылмай, жаһан жұртшылығын жаппай күйрететін ядролық бомбалар мен соларды таситын зымырандардан да бас тарттық. Бейбіт өмірді ұлықтаған осы әрекеттен соң Нұрсұлтан Әбішұлы 29 тамызды «Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күрес күні» деп жариялауды ұсынды. Бұл ұсыныс та іле қабылданып, бейбітшілік пен тыныштықты, ынтымақты баға жетпес байлық, басты құндылық деп бағалайтын бейбіт ел екенімізді күллі әлемге паш етті.



Семей қаласының әкімі Е.Б. Сәлімов

АҚШ үкіметіне және ядролық қаруларға ие өзге елдерге де қырық жылдан астам уақыт әзірейілдей көзтүрткі болған, адамзат қауымына тек қана ажал мен ауыру таратар алапат күштің жынойнағы сияктанған әскери полигонға, зымырандар шоғыры жинақталған кешегі Семей облысының әкімшілік орталығында, қарлығаштар мен көгершіндер ұя салған, тиындар мен қояндар емін-еркін ойнақтаған Түйеойнақ аралының төрінде бой көтерген «Бейбітшілік бәйтерегі» Қазақ Елінің тек қана бейбіт өмірді жақтайтын саясатын



әлемге әйгілейтін нұсқамен жобаланған. Өйткені ол кешегі атомдық бомбалардың жүздеген, мыңдаған түрі сақталған қоймасымен іргелес аймақта бой көтерді. Кешегі ядролық полигоннан қол созым жерде «Өлімнен де күшті» атанған бейбітшілік монументі мен мұндалап тұр (Бұл ескерткіш 2002 жылы тұрғызылып, 29 тамыз күні ашылған-ды. Осы ескерткіштің иілген доға тәріздес, аса бойшаң астында, кіндік ортасындағы ашық тұсында кішкентай немересін бауырына алып, еміне құшқан ақ кимешекті ана бейнеленген. Оның мейірімге толы бейнесі жөргекке оралған сәбиін от пен судан, сірә, атом бомбасының қатерлі шарпуынан қорғауды меңзейді).

Түйеойнақ аралындағы Үлкен кешен жиырма мың адамды сыйғызғандай кең көлемде жобаланған. Алаңның кіреберісі ұлттық ою-өрнектермен айшықталып, алды-арты түсті металмен өрілген биік қорған. Оның ту ортасында екі автомобиль қатар өткендей айшықты қақпа. Одан әрі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Аллеясы басталады. Екі қатар жарыстыра салынған, бетіне ою өрілген шақпақ тастармен өрілген жолдың ұзындығы үш жүз метр. Екі жолдың жиегі біртегіс қырқылған, жапырағы ұзақ уақыт түспейтін ағаш түрлерімен көмкерілген. Осы маңаттағы табиғи орман қаз қалпында сақталған. Жаяу соқпақ саяхатшыны әуелі «Өлімнен де күшті» монументіне әкеледі. Одан соң оңға қарай жүріп, шағын алаңқайдан өтсеңіз – «Бейбітшілік стелласына» тап боласыз. Соның ортаңғы тұсына сегіз қырлы текше алаң мәрмәр тастармен өрілген. Бұл текшеге митинг болғанда сөйлеушілер көтеріледі.

Соңғы жылдары осы алаң шетелдерден арнайы келетін мәртебелі лауазым иелерімен семейліктер кездесетін дәстүрлі орынға айналды.

Осы алаңда 2015 жылы да он мыңдай кісі қатысқан митинг өтті. Оны Семей қаласының жуықта тағайындалған әкімі Ермак Сәлімов ашып, сөз кезегін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Жақсылық Омарға ұсынды. Екеуінің де қысқа да тұщымды сөзі «Бейбітшілік стелласына» гүл шоқтарын қойып, полигон құрбандарын еске алумен аяқталды. Әншілер хоры шырқаған «Заман-ай» әні де осы шараны мұңды сазды әуенмен кестеледі. Одан кейін Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және өкілеті елшісі Камохара Масаси мырза семейліктерді дәстүрлі мерекемен құттықтап, өзінің қандас әріптесі, «Хиросиманың бейбітшілік тасы» қауымдастығының төрағасы Мичио Уемото мырза сонау Қиыр Шығыстан осы мерекеге арнайы келгенін жария етті: көп жылдан бері жапон елінде дәстүр болып қалыптасқан тамаша рәсім бар екен; Хиросима қаласының орталық алаңына түскен алғашқы атом бомбасы бір минутта жасаған алып шұңқырдың айналасында әп-сәтте тасқорым пайда болыпты. Солардың дені қала көшесіне төселген бетон тақталар күшті жалыннан балқыған сәтте жүздеген тастар түзеген. Қоғамдық қауымдастық осы тастардың әрбірінің бетіне қайырымдылық құдайының суретін ойып, бейбітшілікті насихаттаушы елдерге сыйлайтын болыпты. Биылға дейін солардың 107-і таратылған. Жапондық қонақтың айтуынша, 108-ші тасты (салмағы 100 кило, биіктігі астындағы тұғырымен үш метрдей) ядролық қарудан бас тартқан, бейбітшілікті тұрақты жақтаушы Қазақ еліне тартуға қауымдастық



төралқасынан шешім болған-мыс. ҚР Президенті осы сыйлық тасты Семейдегі Түйемойнақ аралына, сол жерде келешекте қанат жаймақ «Бейбітшілік мұражайына» орнатуды жөн деп білген.

Сол тастың келешек мұражайдың мұрағаты болғанына, біз, семейліктер, сол күні қуана қол соқтық. Түйемойнақ аралындағы дәстүрлі жиын семейлік әншілер мен бишілердің шат-шадыман сауығымен аяқталды.

2011 жылы ресми бекіген жоба бойынша, осы жерде он жыл бұрын ірге тепкен «Өлімнен де күшті» монументінің құнбатыс және теріскей бетіндегі табиғи алаң көкжасыл орманмен қоршалып, оған кіреберісте түрлі-түсті тастармен өрілген кең қақпа орнатылды. Оның өрнегі Дегелең атырабындағы «Сынақ алаңын» бейнелейді. Кең алаңның орта тұсына ҚР Президентінің ядролық полигонды жабу туралы Жарлығы мәрмәр тасқа ойылып жазылды. Онымен іргелес «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымының үшбұрышты белгісі алып таспен шегенделді. Одан әрі, бұл енді алаңның түстік беткейін тұтас алған алып құрылыс, яғни сол жерде «Бейбітшілік стелласы» орнады...

Шынтуайтын айтқанда, біз жоба ретінде сипаттаған нысандардың біразы 2012-2013 жылдарда ШҚ облысының сол кездегі әкімі Бердібек Сапарбаевтың ынтасымен бой көтерді. Бейбітшілік салтанатын әйгілеу мақсатындағы игі шаралардың бәрі де жана аланда өтетін болды. Ядролық қарусыз әлемді қолдаушылардың жыл сайынғы халықаралық форумы тек қана осы жерде өткізілетін дәстүр қалыптасты. Биылғы жиын – соның кезекті іс-шарасы.

«Бейбітшілік мұражайы» да таяу жылдарда ірге көтермек осы алаңдағы іргелі де еңселі ғимарат. Ол болса хрусталь шыны түстес жаңа материалдардан Жер шары тәрізді домалақ кескінде өрілмек. Алып ғимараттың ұшар төбесі 35 метрге көтерілсе, диаметрі – 24 метрге құлаш сермейді. Оның домалақ келбеті адамның қос алақаны аймалап ұстаған допқа ұқсайды, сәулетшінің асқақ ойы: «Жер-ананы аялайық!» деген үмітін ақтауға шақырғандай. Шынында да күллі адамзат қауымының інкер тілегі, аялаған арманы, тынымсыз күресі: «Шар тәрізді Жер планетасының тағдыры оны мекен еткен адамдардың алақанында, жұмыр Жерді қырғын соғыстан, түрліше жарылыстардан сақтау – бәріміздің перзенттік парызымыз!..» – деген асыл ойға меңзейді. Шар тәрізді мұражай бес қабаттан тұрады: іргетасы пен екінші қабат түрліше техникалық жабдықтарға арналса, үшінші қабат түгелдей «Семей полигоны, 1949-1991 жылдар» аталған тақырыпты ашатын түрліше мұрағат, фотографиялар мен әртүрлі картиналармен безендіріледі. Төртінші қабат көшпелі көрмелерге арналған, 200 орыны бар мәжілісі залы да осында орналаспақ. Бесінші қабат осы өңірдегі қысқы табиғатты орманымен, Ертіс арнасын бейнелеуге арналмақ...

Әлбетте бұл Ертіс атырабы көрмеген, білмеген тамаша құрылыс. Басты ой өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін дүйім жұрт осы өңірге іссапарға, иә жұмыс істеуге келуден шошитын байырғы Қазақ даласының шығыс түкпіріндегі қатерлі аймақтың қайта түлеген, бәз-баяғы берекелі, құтты қоныс болған атағына оралмақ асыл ниетінен туған асқақ шаралар. Илайым тезірек жүзеге асын!..



*Полигонға қарсы күрестің белсенді қайраткері  
Марат Оразалин және жапондық медик-ғалым*

ЕСКЕРТУ: Ядролық қарудан бас тартқан Қазақ елінің саясатын Жер жүзі және БҰҰ ерекше жоғары бағалап отыр. 2010 жылдың сәуір айында Семейге арнайы іс сапармен келген БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги МУН сынақ алаңында өткен әлденеше мың семейліктер қатысқан жиында: «Қазақстанның жолы – бейбітшіліктің жолы. Осы жайт мені ерекше сүйсіндіреді. Сондықтан да мен: «Ядролық қаруға ие барлық мемлекеттерді ҚР-ның жолын өздеріне игі мақсат етуге шақырамын!..» – деген-ді.

Сол сапарда Бас хатшы Дегелен тауының күл-талқаны шыққан үймесінің үстінде тұрып, әр елден келген журналистерге берген сұхбатында:

«Мен қазір ядролық сынақ алаңының нөлдік нүктесінде, сынақ жасалған жерден екі шақырым қашықта тұрмын. Осы аймақта атом бомбасының 470 түрі сыналды. Солар жасаған қасіретті өз көзіммен көрген соң-ақ күллі адамзат баласына мен: «Жер бетінде ядролық қарусыз әлем құратын мезгіл жетті! Сол тажалды сынауды тоқтатайық!..» – деп бар даусыммен айқайлағым келеді. Курчатов қаласындағы мұражайға қойылған жантүршігерлік экспонаттарды көрген соң өзімді ерекше шошытқан сұмдықты нақты бейнелеуге теңеу таппай қатты қиналып тұрмын, ғапу етіңіздер. Осы шәрдегі ғылым иелері мен дәрігерлер маған адам ағзасы мен иен табиғатқа ядролық сынақтардың қандай қасірет туғызатынын тәптіштеп түсіндірді. Жер мен өзен, көлдер түгелдей уланған. Сынақтан кейін туған сәбилер қатерлі ісік ауыруларынан, оған қоса туа біткен дерттен әлі күнге дейін арыла алмай бейнет тартуда. Осының бәрі адамзат қолымен жасалған қасірет. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сынақ алаңдарын жауып, Қазақстан атырабында ядролық қарудан құтылған аймақ құруға шақырған үндеуіне мен барынша қолдау көрсетуге бел байладым...» – деген мойындауын сол күні тебірене айтыпты.

\* \* \*

А.Д. Сахаровпен қазақстандық журналист В. Рерих Мәскеуде, КСР Халық депутаттарының Екінші құрылтайы кезінде, «Москва» қонақ үйінде, «Қазақ фильм» студиясы «Полигон» атты деректі фильмге түсірген кезде сұхбаттасқан.

Төменде сол сұхбаттың соңғы тармағын келтіремін...



*Нагасаки университетінің профессоры Шуничи Ямашиито және «Хиросима-Семей» қоғамының президенті Шотаи Кобаяши. Семей, 29 тамыз, 2013 жыл*



*«Хиросима-Семей» қоғамының хатшысы Кобатаке Чиеко, Семей мемлекеттік медицина университетінің ректоры, профессор Төлебай Рақыпбеков және осы қоғамның басшысы Салаки Кенчи, оның әйелі Кейко*

САУАЛ: Жиырмасыншы ғасырда ғылым, әсіресе ядролық физика керемет дамыды. Ғылымның шарықтап осуі ХХ ғасырдың саяси ахуалына айтарлықтай әсер етті. Ғылым мен саясаттың былайша қатерлі түрде мимырт араласуына не дейсіз?

САХАРОВ: *«Жиырмасыншы ғасыр ғылымның шарықтаған дәуірі. Барлық салада қоғам дамуын өзгерткені даусыз шындық және ілгерілеу. Адамзат тарихының шиеленіскен кезеңіне дәп келгендіктен де сол дамуға пәлендей деп баға беру өте қиын. Жер бетіндегі қазіргі тірлікке қатер төндіретін екі жайт бар: термоядролық соғыс кезінде мүлдем құрып кету немесе қайыра оңалмайтын экологиялық апатқа ұшырау; екеуі де ғылым мен техниканың дамуына байланысты. Алайда мен адамзат қауымының ізгілігі мол ақыл-ойына сенемін, капиталистік, иә социалистік деп те айырмаймын, екі жүйе де қатар дамысын. Өзара текетірес қақтығыстар туғызуы мүмкін. Сөйтсе де адамзат тоқтаусыз өсу, алға ілгерілеу жолында. Өмірлік сұраныс та сондай. Сондықтан да екі жүйе де дамуды ядролық қақтығыссыз өткізуге тиіс. Бұл болса бүгінгі қауым үшін сыңдарлы сынақ. Жер бетіндегі тіршілікті қаз қалпында сақтаудың бірден-бір амалы...».*

Бейбітшілік жолындағы Нобель сыйлығының иегері, академик А.Д. Сахаров осы сұхбаттан кейін екі сағаттан соң, 1989 жылғы желтоқсанның 14-күні Мәскеудегі пәтер үйінде жүрек талмасынан қайтыс болды. Күрескерді жерлеу 16 желтоқсанда күллі депутаттар және бір миллионға таяу мәскеуліктер қатысқан шерумен өткен. Қазірде сол алаң Сахаровтың есімімен аталады. Саяси шерулер де көбіне осы алаңда өтеді...

Бернад ЛАУН, АҚШ-тің Гарвард университетінің кардиолог-профессоры, Халықаралық «Дәрігерлер ядролық соғысты болдырмайды» қозғалысының жетекшісі:


*«1963 жылы жер-жерде тасқын судай көтерілген наразылық біздің саяси көшбасшыларды ядролық сынақтарды ауада жасаудан бас тартуға мәжбүрледі. Сол келісімнің өзімізді қоршаған, дем алдыратын ортаны дегдіткеніне куә болдық. Енді біз атомдық қаруды күшейтеміз деген сылтаумен жер астындағы сынақтарды дүңкілдетуді біржола тоқтату үшін күресуіміз қажет. Соғысқұмарлардың аждаһаға ұқсаған аранына тежеу қоймай адамзат қауымына тыныштық жоқ. Қысқасы, Жаңа ғасырға біз тіршілік пендесін жоятын геноцит қарусыз енетін болайық!..».*

*Бұл шақыруды мен дәрігерлер қозғалысының 69 елдегі 250 мың белсенді мүшелерінің атынан жолдап отырмын. Біз, дәрігерлер қауымы, тыныштық үшін тізе қосса қимылдасақ — қырғын тілегендерді әрдайым ауыздықтаймыз!..».*

7 сәуір 1990 жыл, Алматы—Гарвард.

Күн сайын, ертелі-кеш жүріп, артық-кемі жоқ үш жыл бойы жазылған, содан берідегі үш жылда сан мәрте екшеленіп, әр тармағы қатан түзетумен сомдалған еңбегімнің үшінші басылымы, қадірменді оқырман, қолыңызда. Мен осы бетте үзігін келтірген, адамзат қауымы туған екі бірдей ұлы перзенттері – Андрей Сахаров пен Бернард Лаунның өсиет іспетті ұлағатты сөзіне бас иемін, табынамын, жадымда ұстап, өз ұрпағыма, замандастарыма өсиет етемін. Бейбіт өмірге уақып болайық, ағайын!..

*3 қаңтар 2013 – 16 қыркүйек 2015 жылдар,  
22 наурыз – 30 маусым 2017 жыл,  
20 ақпан – 3 наурыз 2019 жыл,  
Семей – Алматы*



## ОСЫ ХИКАЯТТЫ ТОЛҒАУҒА СЕПТІГІН ТИГІЗГЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Весь Казакстан». Казак АКСР-ның 123 аудандары туралы «Справочная книга», шығарушылар – Ғ. Мүсірепов, Б. Майлин, А. Жиенбаев, Ж. Сыздықов; А. «Казиздат», Л., 420 бет, 1931 жыл,
2. Назарбаев Н.Ә. «Бейбітшілік кіндігі», Астана, «Елорда», 2001 ж. «Елмен сырласу». Сөздер, сұхбаттар. II том, Астана, 2009 ж.
3. Бозтаев К. «Семипалатинский полигон». А. «Қазақстан», 1992 г.; «Синдром Кайнара», А., 1994.; «29 августа». А, «Атамұра», 1998 г.
4. Несис Е. И. «Путешествие внутрь атома». Ставрополь, 1958 г
5. Гольдшмидт Б. «Атомная проблема». М. Атомиздат, 1964 г.
6. Лоуренс У.Л. «Люди и атомы». М. Атомиздат, 1967 г.
7. Сәрсекеев М, «От және атом». Ғылым туралы хикаяттар. А. «Жазушы», 1965 жыл.
8. Буллок А. «Гитлер и Сталин». 2-том. Смоленск, «Русия», 1994 г.
9. «Ядерная и радиационная физика», жауапты редакторы К. Қадыржанов, ғылыми мақалалар жинағы, А. А. 1997 г.
10. Гранин Д. «Зубр». Документальная повесть, М. Профиздат, 1989 г.
11. Морозов Н. «Взгляд в прошлое», Воспоминания, Семей, 2000 г. «Горькая правда», М. «Новые черемушки» және Семейдегі № 16 баспахана, 2002 г.
12. Жучихин. В. «Первая атомная». Записки инженера. М. ИздАТ, 1993 г.
13. Сахаров А. «Воспоминания». «Альфа-книга», М. 1280 стр. 2011 г.
14. «Ядерные испытания СССР», Факты, свидетельства, воспоминания. М. ИздАТ, 2002 г.. 15. Жариков А. Журнал «Простор», Воспоминания «Полигон» № 6 1991 г.
16. Кабдрахманов К. «470 бомб в сердце Казахстана», А., «Казахстан», 1994 г.; «Человеческое последствия испытаний ядерного оружия в Казахстане». А. «Өлке», 2003 г.
17. Балмуханов С.Б. «Ядерный полигон моими глазами», «Простор» № 11, 1990 г. А. 1998 г.
18. Аққозин Мадат, «Вернуть из забвения», А. 2008 г.
19. Қорғанбаев Мұратхан. «Азаматтық антым бұл», естелік кітап, Семей, 2008 жыл
20. «Казахстан за безъядерный мир», сборник документов и материалов. А., 2011 г.
21. «Противостояние». Сборник документов, Семей, 2011 г.
22. Атчабаров Б. «Заблуждения, ложь и истина...», А. «Қаржы-қаражат», 2002 г. 2-изд. А. 2012 «Біртуар ағамызБақия Атшабарұлы». А., Нурай Принт-сервис», 2012 г.
23. «Ядролық отқа қарсы» – «Против ядерного полигона». Қазақша және орысша, фото-суреттермен безенген мерекелік жинақ, жауапты редакторы Г.Т.Қасымова, Құрастырушылар – М. Перебеева, Л. Қадырова және М. Құрманғалиева. Семей, 2014 ж.

24. Нәсенов Болатбек. «Абыралы тарихы», құжаттар, А. I, III, VI, VIII томдар, 2002-2006 жж.
25. Жанболатов Молдабек, «Тобықты-Шыңғыстау шежіресі», 3 том, А., 2004 ж.
26. Оразалин К. «Абай ауылына саяхат», естеліктер, А. «Жалын», 1994 ж.
27. Энциклопедиялар: БСЭ, М. 30 т., 1969-1978 гг.: ҚСЭ. А.12 т. 1972-1978 жж. Қазақстан ғылымы. 2 том, «Қазақ энциклопедиясы», А. 2009-2010 жж.

**ЕСКЕРТУ:** Жұмыс үстінде мен 1989 жылдан беріде республикалық, облыстық және әртүрлі қоғамдық газеттер мен журналдарда жарияланған естеліктерді немесе өмірбаяндық кітаптарда жазылған полигон туралы әр алуан деректерді әжетіме жараттым. Әлбетте оқиғасын өзгертпей, бәріне де әдеби редакция жүргіздім. Көптеген деректерді Қазақстан КП Семей облыстық комитетінің жабық қорынан суырдым. Соларды іздеуде маған қолғабыс еткен Семейдегі «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» ұжымының қызметкерлеріне рақмет айтамын...

**Медеу СӘРСЕКЕ**



**Медеу  
Сарсеке**

**СЕМИПАЛАТИНСКАЯ  
ТРАГЕДИЯ**





# ПОЧЕМУ Я НАПИСАЛ ЭТУ КНИГУ-ИСПОВЕДЬ?

**М**естом, радующим сердце каждого из нас, является родная земля. Для меня такой обителью является уникальный по происхождению южный склон горы Жаксы Абралы, в каждой ложбине которой бьют неиссякаемые родники. В чем же его особенности? Первая в том, что скот, который пасется на его склонах почти весь год, не остается без подножного корма. Причина простая: четыре горы — уже названный мною Жаксы Абралы и его отроги — Маремик, Жалгызтау, Жаман Абралы — близко расположенные друг от друга, постоянно притягивают сюда северные буйные ветры, они и очищают от снега пастбища. Во-вторых, население, постоянно обитающее возле этих полноводных родников, всегда ощущает их благотворное воздействие. Да и название их — сплошная история с легендами: Сутбай, Калыбай, теснины Шынгожи, склоны Атархана, Уштобе и Кызылшилика. В-третьих, в тальниках возле каждого родника произрастает смородина, на южной стороне можно собирать дикую землянику. Четвертая особенность — если желаете подняться на гору, высота которой составляет без малого тысячу метров, а возвышенность растянута на двадцать километров, можно повсеместно наткнуться на заросли камнеломки, колючих кустарников и можжевельника.

Мы, мальчишки, как только начиналось лето, забирались на эти отвесные скалы, чтобы собирать дрова. Таволга и тamarиск Абралы, густые заросли кустарников на северных плодородных окраинах всегда были надежным источником топлива для населения степи, перешедшего на оседлый образ жизни.

У Абралы с суровой зимой и благодатным летом, если воспользоваться с умом, есть что взять и есть чем воспользоваться: вода, густые леса, благодатные земли. Не разрушая, используя их толково, можно было бы обеспечить беспечную жизнь поколениям на многие века, но увы!

Одним из нововведений Советской власти в 1926–1928 годах было то, что степной народ, веками ведший кочевой образ жизни, казахские шаруа, разделенные на тысячи частных хозяйств, насильственно сгонялись в административные центры. Так, к лету 1931 года число организованных районов в Казахстане достигло 130. Одним из них был наш Абралинский район.

Руководители той поры в качестве административного центра нового района выбрали ущелье Калыбай в горах Жаксы Абыралы. Место удобное, самый центр четырех волостей. С северной стороны расположились горы Кииккашкан, Каратау и Дин, чии<sup>1</sup> Жумана, поближе аулы, занимающие территории с увлажненной плодородной почвой и непроходимыми лесами. На западе — горы Кокшетау и Айгыржал с густыми лесами, где вперемешку водятся звери и пасется домашний скот, имеются пригодные для земледелия угодья, на южной стороне — густонаселенная холмистая местность, протянувшаяся до Чингистау. Расположенные между тремя горами урочища Караулена и Келдыбая, аулы, у подножий Маремик и Борли, чуть дальше — Дуана и Дегелен, южный склон горы Муржык, — все это издревле заселенный людьми благодатный край постоянно кочующих людей. Они и создали в те годы новый Абралинский район и намеревались начать новую счастливую жизнь. Было лишь одно неудобство — центр большой и богатой области, названной Восточно-Казахстанской, находился слишком далеко от Абралы. Путник, следовавший верблюжьим караваном, добирался до тогдашнего областного центра Семипалатинска лишь на седьмые сутки.

В стихотворном обращении к Абылай-хану мудрого старца Умбетаяжырауа, жившего в XVIII веке, сказано: «Баянаул, Кызылтау, Абралы и Шингистау, Козыманрак и Койманрак, эти места заселял калмык, ты калмыков всех изгнал, в Акшаули установил свой шатер и собрал к себе всех казахов. Переправил их через Черный Иртыш, довел караван до горного Алтая. Аргынам и найманам эти земли отдал на поселение» (подстрочный перевод — мой, М. С.). В книге «Каркаралинский уезд», подготовленной экспедицией русского ученого-статистика Ф. Щербины, изданной в Воронеже в 1902 году, рассказывается и о моих предках — ауле Акана, который в 1860 году переехал в местность, именуемую взгорьем Матай. Это были потомки Али и Сары от 12 сыновей Кармыса из рода таракты. Видимо, род был многочисленный, по-

<sup>1</sup> Метровые в длину степные тростники злаковых диких культур.

сколькx аулы, заселявшие окрестности Дегеленской горы, первоначально назывались Таракты-жагалбайлинской волостью.

Во вновь образованном Абралинском районе к лету 1931 года проживали 29 тысяч человек, которые составляли аулы пяти бошанов, родов жалыкпас и камбар, а также пришлые люди из других родов. Основное пропитание – домашний скот четырех видов. Земледелие особо развито не было. На стороне приобретали только сахар, чай да одежду. Свои потребности удовлетворяли за счет продажи мяса, масла и шерсти домашней живности.

Хозяином ущелья Калыбай на Жаксы Абыралы был почтенный бай Байторе. По словам, его жилище располагалось на самом видном месте ущелья. Бурлящий, полноводный до поздней осени родник, брал начало в этом месте. Как я помню, родниковая вода в своем течении достигала двух верст, до крайних домов аула. С подножия вершины Сулушоки, опирающейся на слоистые скалы, выбегал еще один родник. Главные дома райцентра выстроились вдоль этих двух родников. Если немного пройдетесь по длинной улице на запад, то непременно наткнетесь на лужок, где влага не высыхает до середины лета. Вместо растущего здесь высокорослого тальника в те годы, когда организовывался район, были густые заросли леса, среди которых можно было не заметить всадника. Первые поселенцы за какие-то десять лет вырубili их на дома. В низине располагался еще один аул. На гребне горы, у задворок домов, есть еще третий и четвертый источники воды. И они не высыхают зимой и летом. Землестроители, выбиравшие место под райцентр, территорию, где неиссякаемо бьют четыре-пять родников, назвали Кайнар, что значит бурлящий, клокочущий.

Поселок Кайнар строился как город со строгим рядом улиц, все же он делился на Главный, Средний и Нижний Кайнар. Четвертый аул – мой Кзыл Кайнар. Живительная влага родника протекала возле самого сеновала нашего дома, где я родился. Ручей был глубок, в него можно было окунуть ведро, вода, сколько бы ни брали, никогда не иссякала. И вода, скатываясь по склону горы, стремительно катилась по арыкам, доходя до самых отдаленных мест. Влага, накопленная в низинах, зимой превращалась в ледяной каток. Мы, сорванцы Кзыл Кайнара, зимой катались здесь на коньках. Девочки скользили на санках. Кататься наперегонки с ветром для нас было незабываемой забавой и отличной возможностью закаляться на природе.

Сейчас я с грустью вспоминаю те дни. Никого из друзей конькобежцев тех лет не осталось в живых. Не дожили даже до шестидесяти лет...

В 50-х годах прошлого века в Кайнаре насчитывалось около пяти тысяч человек, а население Абралинского района составляло шесть-семь тысяч. Как же получилось, что за каких-то двадцать лет 29-тысячное население уменьшилось на 24-25 тысяч человек? Куда же оно подевалось? Почему вместо роста произошла убыль населения? Может быть, наши женщины Абралы перестали рожать? Ответ на эти вопросы, мой читатель, я постараюсь дать в следующих главах, наберитесь терпения дочитать книгу!

Удивительный случай: по всей степи шла слава о поселке Кайнар, слухи о том, что он является одним из лучших населенных пунктов республики, что добился особенных успехов в образовательных процессах, всегда впереди других, на виду. Пресловутая красная пропаганда внушала нам, что это счастливая обитель, осиянная лучом социализма. Мы восторженно воспринимали подобные утверждения. Рассудительные взрослые успокаивали нас: «Все еще образуется. Ничего, что нас осталось мало, главное не выродились. Дай бог, чтобы дети наши не испытали того, что испытали мы!».

Что поделаться, облако глубокой скорби, заволокшее Абралы (если бы только Абралы!), не рассеялось и после войны. Весь народ Семеня, соседние районы Павлодарской и Карагандинской областей, а также исконные земли обитания казахов: Кулундинская степь Алтайского края, — население всего Прииртышья в 1947 году вновь затмила зловещая тень беды. Дальше больше. 29 августа 1949 года над нашими головами прозвучал гром первого атомного испытания, проведенного в этом регионе. Трудно поверить, но этот гром грохотал ни много, ни мало 42 года, хотя некоторые ошибочно называют цифру 40.

В истории человечества была тридцатилетняя война в Европе. Кровавая бойня Первой мировой войны продлилась пять лет. Вторая мировая шла семь лет, последние четыре из них достались на долю народов Советского Союза. Пламя войны опалило и народы нашего горного края. Из Абралы всего с пятидесяти тысячным населением на эту кровавую ВОВ ушли 1300 человек, не вернулись домой из них восемьсот!

Самым страшным проявлением новой трагедии стало то, что в 1947 году 18500 квадратных километров казахской степи были отобраны под военную зону (территория, превышающая половину площади Бельгии). Для чего понадобилась им такая обширная территория? А для того, чтобы в целях укрепления обороноспособности Родины проводить атомные испытания и губить все живое. Разве не нашлась земля для усиления обороноспособности страны в огромной по территории России? Что тут скажешь, в результате этого злодеяния огромный регион Прииртышья — земля, растения, поверхность водоемов были покрыты смертоносным пеплом, насыщенным радиоактивными изотопами цезия, стронция, трансурановых элементов, плутония, заразив огромные пространства на века, а то и на тысячелетия. Как все это произошло?

Книга, которую вы держите в руках, посвящена ответам на эти и другие вопросы.

Честно говоря, сведения по распутыванию этих душераздирающих событий я начал скрупулезно собирать еще до 1990 года. Часть из них в 1989-1990 годах, в ходе борьбы за восстановление Абралинского района, опубликовал в периодической печати. С тех пор прошла четверть века. Каждому времени свойственны свои задачи и своя ответственность, это — закон жизни. С наступлением времени гласности было опубликовано немало материалов-воспоминаний очевидцев, переживших откочевки в 1953-1955 годах, и их взрос-

лых потомков. Все эти истории, копившиеся в глубине души, не давали покоя, лишали сна и, в конце концов, принудили меня взяться за перо. В нашем писательском деле и такие обстоятельства бывают. Накопившиеся заветные материалы, факты, взятые из архивов, однажды могут заговорить: «Хватит держать нас под семью замками!». И я достал с полки шкафа кипы документов по истории полигона. Выложив на стол научные данные, книги воспоминаний, изданные в Москве, Алматы, Астане, Семее и Караганде, документы из архивов, записи врачей, альбомы, газетные публикации, связанные с жизнью и деятельностью военной зоны, обращаясь время от времени к услугам Интернета, пропустив все это через свою душу, я, наконец, сел за стол.

В ходе работы мне стали ясны многие доселе непонятные события. Я содрогался, читая ужасные сведения из материалов ранее закрытых архивов, изучая вопиющие отчеты специалистов полигона. Открылись ранее скрытые от глаз тайны атомных, ядерных взрывов. Оказывается, когда казахская интеллигенция знала и молчала о трагедии века, постигшей население Семее, небольшая горстка людей не могла делать вид, что ничего не происходит. Были настоящие люди, которые душой и сердцем печалились за судьбу своего народа, они пытались изменить ситуацию. Мухтар Ауэзов, Каныш Сатпаев, Бакия Атшабаров. Все трое — члены АН Казахской ССР. В их числе были и министр здравоохранения Казахской ССР Сибугатулла Карынбаев, первый секретарь Семипалатинского обкома Компартии Казахстана Мухамедгали Сужиков. Спустя 30 лет борьбу этих выдающихся людей продолжили Кеширим Бозтаев и Олжас Сулейменов. Эта борьба, как известно широкой общественности, завершилась 29 августа 1991 года, когда Президент РК Нурсултан Назарбаев издал Указ о закрытии Семипалатинского ядерного полигона.

Скажу, когда задумывалась эта книга, мои планы были несколько скромнее. Полагал, что изложу печальную историю Абралы, подноготную которого знаю с детских лет, чтобы люди, прочитав книгу, подумали: «Какие муки и страдания пережили мои земляки, как они смогли выжить?!». При этом только лишь малая часть из них. Однако в ходе повествования эта история не поддавалась ограничению, а увлекла меня вглубь. Не только Абралы, а народ всего пострадавшего Иртышского региона, родная земля, превращенная в отвал атомной золы, беспредельные злодеяния военных предстали перед моими глазами, просились на бумагу. Таким образом мне открылась вся правда атомных и ядерных взрывов: мы оказались беспомощными жертвами гонки вооружений; заражение радиацией 2,5 миллионного народа в регионе Прииртышья (в том числе и населения Алтайского края РФ) для Советского Союза со 170-миллионным населением ничего не значило, даже если бы мы все исчезли с лица земли... Будучи писателем, искушенным в документальном жанре, я не давал воли фантазии. О ком бы или о чем бы не писал, строго придерживался фактов. Однако оговорюсь, некоторые воспоминания, написанные с множеством повторов, небрежным языком, со стилистическими погрешностями, пришлось приводить в норму, сокращать и править.

Слова Асан Кайгы – вечного печальника моего народа, который на своем верблюде искал землю обетованную, о том, что земли Абралы и Жалаулы богаты и плодородны, что «даже кустик твоей полыни сравним с упитанной яркой», ныне потеряли свой первоначальный смысл. Вот что пишет о сегодняшнем дне края наш акын из Семей Тыныштыкбек Абдыкакимулы: *«В этом краю нет ни волков, ни архаров, все вымерли; в этом краю вбил клин в землю Атом. Обитают здесь люди несчастные, с белой кровью...»*. Тяжелые слова, вызывающие горькие, невыплаканные слезы. Это непреходящая, жгущая душу печаль каждого семейца. Это – проклятие почти столетия не смолкавшему грохоту бомб. Приговор варварству и злодеянию, чудовищному преступлению против человечества, которому нет прощения. Проклятие жителей Семей и всего Казахстана тому обществу и тому времени, вчерашним «вождям», сотни раз инициировавшим эту трагедию: Сталину, хрущевым и брежневым, в ком беспроектное невежество сочеталось с непроходимой спесью.

Уважаемые читатели! Предлагаю вашему вниманию плод, созданный под осень моей жизни – книгу «Семипалатинская трагедия», рожденную из глубин памяти и сердца, основанную на потрясающих душу фактах о ядерном полигоне.

В завершение хотел бы сказать еще об одном. Спустя небольшое время после развернувшегося повсеместно и принявшего всемирный размах антиядерного движения, у истоков которого стоял первый секретарь Семипалатинского обкома КП Казахстана Кеширим Бозтаев, работавший в этой должности в 1987-1993 годах, в начальную пору нашей Независимости, в 1996 году, был принят Закон РК «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне». В соответствии с законом в официальном списке пострадавших были зарегистрированы 1,5 миллиона казахстанцев. Из города Семей в этот список вошли 176135 человек. Две трети из них сейчас покоятся в земле. Одним из пострадавших от ядерных испытаний семейчан был и я – автор этой книги.

Поэтому я посчитал священным долгом запечатлеть в строго документальном повествовании в назидание потомкам все, что вынес мой народ всего четверть века тому назад. Я счастлив, что все-таки завершил этот скорбный, подвижнический труд...<sup>1</sup>

**Медеу САРСЕКЕ**  
*31 ноября 2018 года, Семей*


---

<sup>1</sup> Авторское предисловие к изданию «Семипалатинской трагедии» за 2016 г. издательством «Фолиант»



MEDEV SARSEKE

THE BIGGEST MADE  
CATASTROPHE.  
SEMIPALATINSK TRAGEDY.





## WHAT MADE ME TO WRITE THIS CONFESSION BOOK?

**T**he place pleasing for each person's heart is the native land. For me, such an abode is the unique southern slope of the Zhaksy Abraly Mountains with its inexhaustible springs in every hollow. What are the grounds for the uniqueness? Firstly, the cattle grazing on its slopes have pastures almost all the year round. The reason is simple, as four mountains, those including the aforementioned Zhaksy Abraly and its offshoots, Maremik, Zhalgызtau, Zhaman Abraly, are located close to each other and constantly attract northern riotous winds that clear the snow off the pastures. Secondly, the people inhabiting the areas near the ever-flowing springs feel the beneficial effects of the latter. Moreover, their names breathe with history and legends, such as Sutbay, Kalybay, the Shyngozha ravines, the slopes of Atarkhan, Ushtobe and Kyzylshilik. Thirdly, thawed out spots around each spring are overgrown with currants, and on the southern side, wild strawberries can be picked. The fourth feature is as follows: if you want to climb either the mountain having almost a thousand meters of height or the hill stretching for twenty kilometers, you will come across thickets of saxifrage, tumbleweeds and junipers everywhere.

At the very beginning of summertime, we, when we were a boys, used to climb these steep cliffs for gathering firewood.

The dense thickets of bushes on its northern fertile outskirts, spirea and Abraly tamarisk, have always been a reliable source of fuel for those living in the steppe after having chosen a passive lifestyle.

If used wisely, the Abraly with harsh winters and fertile summers can provide and offer a lot: water, dense forests and fertile land. Without destroying the area, while using its resources reasonably, we could have provided a carefree life to many generations inhabiting the region, but alas that was not to happen! One of the innovations introduced by the Soviet authorities from 1926-1928 was forcing the steppe people, the Kazakh sharua<sup>1</sup>, who had lived a nomadic lifestyle for centuries, to form into the administrative centers. By the summer of 1931, the number of districts organized in Kazakhstan reached 130, one of which was our Abraly district.

The Kalybay ravine in the mountains of Zhaksy Abyraly was selected by the authorities at that time as the administrative center of the new district formed. The place was convenient, it being the very heart of four regions. On the northern side, there have been the mountains of Kiikkashkan, Karatau and Din, Juman Achnatherum<sup>2</sup>, and somewhat closer there have been the auls<sup>3</sup> occupying the territories with moist fertile soil and impenetrable forests. In the west, there were the mountains of Kokshetau and Aygyrzhal overgrown with dense forests with wild beasts and grazing cattle interspersed, as well as the lands suitable for farming; on the south side; there was a densely populated hilly area stretching up to Chingistau. The natural boundaries of Karaulen and Keldybay, both of them located between three mountains, the auls on the foothills of the Maremik and Borli mountains, a little further on there were Duana and Degelen, the southern slope of Murzhyk mountain. All the areas were a lands of plenty, populated by nomadic peoples from time immemorial. These people created the new Abraly district and intended to start a new happy life. There was only one problem, East Kazakhstan, the center of the abounding region, was too far away; even a traveler with a camel caravan could reach it in no less than seven days! In his poetic appeal to Abylai Khan, the sage elder Umbetei Zhyrau<sup>4</sup> who was living in the eighteenth century stated: «Bayanaul, Kyzyltau, Abraly and Shingistau, Kozymanrak and Koymanrak - these places were inhabited by the Kalmyks; you exiled the Kalmyks, set up your tent in Akshauli and gathered all the Kazakhs. You took them across the Black Irtysh, drove the caravan to the proud Aitay. You gave these lands to the argyns and naimans to settle there» (the translation is mine, M.S.). In the book «Karkaraly Uezd», arranged during the Russian statistician F. Scherbina expedition and published further on in 1902, my ancestors were also mentioned in the aul of Akan, which had been moved to the Matai highland in 1860. They were the descendants of Ali and Sarah from the 12 sons of Karmys of the Tarakty family. Apparently, the family appears to have been numerous since the auls in the vicinities of the Degeleni Mountain were originally called the Tarakty-Zhagalbaily volost.

<sup>1</sup> Sharua is a category of dependent cattlemen (kedey) and farmers (zhataki) in Kazakh feudal society.

<sup>2</sup> One-meter-long steppe reeds of wild cereal crops.

<sup>3</sup> Narrator (a representative of certain genre in Kazakh historical poetry)

<sup>4</sup> Clan territorial residence

By the summer of 1931, there were 29 thousand people living in the auls of five boshans<sup>1</sup>, belonging to Zhalykpas and Kambar families, as well as newcomers from other families in the newly formed Abraly district. Their main food source came from the four species of livestock they ranched, as agriculture was underdeveloped. Only particular goods, among them tea and clothing were purchased outside the community. The needs were met by selling meat, butter and wool of the domesticated livestock. The owner of the Kalybay ravine of the Zhaksy Abraly was a respectable Baytore bay<sup>2</sup>. His house as people said to be located in the most prominent place of the ravine. The head of a spring that flowed fully until late autumn could be found here. As far back as I can remember, the spring flowed for two miles all the way to the end houses of the aul. Another spring ran from the foothills of the Sulushoky summit, the latter leaning on layered rocks. The main houses of the district center were lined along these two springs. If you walked a little along the main street to the west, you would most certainly come to a meadow where the water does not dry up until the middle of summer. When the district was organized, there abounded thickets of forest, in which a rider could not even be spotted, instead of the tall willows growing there now. The first settlers cut the woods down within ten years of the settlement's founding, in order to build the houses. In the lowland, there was another aul. On the mountain crest near the backyards of the houses, there was the third and the fourth sources of water. They didn't dry up in winter and summer. The land surveyors who chose the place for the regional center called this territory Kainar, which means murmuring or bubbling, due to four or five springs flowing inexhaustibly.

The town of Kainar was built as a village with a rigid street arrangement, but according to the customary tradition, it was divided into the Main Kainar, the Middle Kainar and the Lower Kainar. The fourth aul is of mine, Kzyl Kainar. The life-giving spring water flowed near the hayloft of the house where I was born. The stream was deep, a bucket could be immersed in it, and the water never dried up, no matter how much of it was taken. Rolling down the mountainside, the water flowed swiftly along the irrigation ditches reaching the most remote places. The water accumulated in the lowlands turned into an ice rink in winter. Kzyl Kainar hellions skated there in winter. Girls sledged downhill. Racing against the wind was an unforgettable fun for us and an excellent opportunity to temper ourselves in the nature. Now I recall those days with sadness. None of my friends, ice-skaters, from back then are still among the living. They didn't even reach sixty...

By the 1950s, there were about five thousand people in Kainar, and the population of the Abraly district was around six to seven thousand people. How did a population, numbering 29 thousand, decrease by 24-25 thousand in just twenty years? Why did they vanish? Why did the population decrease instead of growing? Maybe, the women of Abraly stopped giving birth to children? Dear readers, I shall try to answer these questions over the following chapters, but please be patient and keep reading the book!

---

<sup>1</sup> Clan territorial residence

<sup>2</sup> Large land owner (in Central Asia)

It was an amazing case: the town of Kainar was known across the steppe as one of the most populated places in the republic, achieving outstanding success in educational processes, always ahead of the others, always in the public eye. The outstanding soviet outreach described this happy abiding-place surrounded by the shining rays of socialism to us. We perceived such statements enthusiastically. Reasonable adults reassured us: «Everything will be fine. There is no problem in the scarce number of us left, the main thing is that we haven't died out altogether. Just let our children avoid going through what we have experienced!» Being young, we didn't agree, while repulsing immediately. That was the pattern of Soviet, Komsomol, Bolshevik blind faith! We exulted in building socialism further on, living to see communism promised by Khrushchev and reach the state of bliss.

The cloud of deep sorrow that enveloped Abraly (and not only Abraly!) didn't clear away after the war. The ominous shadow of disaster involved the population of the entire Irtysh region in 1947 again, affecting all the people from Semey, its neighbouring districts of the Pavlodar and Karaganda regions, the Kazakh ancestral lands of the Altai Krai Kulunda steppe. From bad to worse, on August 29, 1949, the howl of the first atomic test carried out in this region sounded over our heads. It is hard to believe, but this thunder went on rumbling for 42 years, although some people mistakenly mention 40.

The history of mankind includes a thirty-year war in Europe. The bloody slaughter of the World War I lasted for five years. The World War II took seven years, and the peoples of the Soviet Union participated in the last four of them. The flame of the war singed the peoples from our mountainous region as well. Abraly, having the population of just five thousand people, sent 1300 to this bloody conflict and 800 never returned home!

It is known that the Russian tsars had fought against mountaineers in the 19th century to conquer the Caucasus for 100 years. The atomic explosions at the Semey test site are nothing like these bloody massacres, but it goes without saying today that they exceed all the wars put together by the harm inflicted. Indeed, no one was aimed guns at on this front. Still, hundreds and thousands of men and women, children and old people, and invisible death took her tithe of all the alive for many years.

The most terrible manifestation of this tragedy was the fact that from 1947 on, 18,500 square kilometers of the Kazakh steppe started being used as a military zone (the area exceeded a half of Belgium in its territory). What is the reason for such a vast territory to be needed? It was done in order to strengthen the defense capability of the Motherland; while carrying out the nuclear tests and destroying all the life around. It was not there another area in the vast territory of Russia to strengthen the country's defense capability? Because of this atrocity, the huge Irtysh region including the land, plants, even the surface water was covered with deadly ash, saturated with the radioactive isotopes of cesium, strontium, transuranium elements, plutonium, which poisoned vast areas for centuries or even millennia. How could this happen?

The book in your hands is devoted for answering these and other questions. To be honest, I started with collecting information on these heartbreaking events

scrupulously even before 1990. Some data were published in the periodical press in 1989-1990, during the struggle for the Abraly district remediation. Since then, a quarter of the century has passed. Every time period has the tasks and responsibilities appropriate to it; this is the law of life. With the advent of publicity, a lot of memoirs were published by witnesses who had survived the migrations of 1953-1955, and their adult descendants. All these stories, while getting accumulated in the depths of my soul, tied me up in knots, they deprived me of sleep and eventually forced me to take up my pen. Such things tend to happen to writers. The accumulated cherished materials and facts from archives can articulate the ideas in a one day, «No more of keeping us behind the seven locks!» And I took stacks of documents on the test site history from the bookcase shelf. Having put the scientific data, memoirs published in Moscow, Almaty, Astana, Semey and Karaganda, archive documents, medical records, albums, newspaper publications related to the life and activities of the military zone onto the desktop, sometimes using the Internet, and having passed all of this through my soul, I finally sat down to the writing desk.

While working, many of these previously obscure events became clear to me. I shuddered when reading the terrible information from the previously closed archives and studying the blatant reports by the test site specialists. I have discovered previously hidden mysteries of atomic and nuclear explosions. It turned out that a small group of people could not pretend that everything was fine while Kazakh intellectuals knew and kept silence about the tragedy of the century happening to the people of Semey. There were true men feeling sorrow deep in their hearts and souls - for the fate of their people, while trying to change the situation. Their names are Mukhtar Auezov, Kanysh Satpaiev, Bakiia Atshabarov. All of them there were the members of the Kazakh SSR Academy of Sciences. Among them, there were the Kazakh SSR Minister of Health Sibugatulla Karynbaiev, the first secretary of the Kazakhstan Communist Party Semipalatinsk Regional Committee Mukhamedgali Suzhikov. 30 years later, the struggle of these outstanding people was continued by Keshirim Boztaiev and Olzhas Suleimenov. As known by the general public, this struggle ended on August 29, 1991 when the President of Kazakhstan, Nursultan Nazarbaiev, issued the Semipalatinsk nuclear test site closing Decree.

I shall not try to hide the fact that there were many people who were mainly concerned with their peace of mind, maintaining their position or social status. It turned out that some people were engaged in fraud by making false reports instead of honest fulfillment of their medical duties during the radiation victims examinations; they exchanged tears and grief of the suffering people for shiny medals and honors. Of course, there were those who getting their «scores» later, that they claiming to be active fighters for extinguishing the radioactive hell. I don't promise to mention absolutely everyone, but I will name those who took treacherous actions through neglecting the interests of the people and the country...

I should say that my plans were expected to be leaner when I conceived the idea of this book. I believed that I would describe the sad history of Abraly since I knew its background from childhood, so that people would think after reading the book, «What

torments did my fellow countrymen suffer, how was it possible for them to survive?!» However, the narration did not stop at the limits set, it carried me deep. Not only Abraly, but the people of the entire affected Irtysh region, the native land turned into a dump of nuclear ash, the extreme wickedness of the military stood in front of my eyes asking for being set out. Thus, the truth of atomic and nuclear explosions carrying out was revealed. We were the helpless victims of the arms race. Radiation contamination of 2.5 million people in the Irtysh region (including the population of the Altai Krai in Russia) meant nothing for the Soviet Union with its 170 million people even if all of us disappeared from the earth. Being an experienced writer in the documentary genre, I did let my imagination to manifest itself. Whoever or whatever was written about, I strictly adhered to the facts. Nevertheless, I should make the notice that some memories, full of multiple repetitions, informal language and stylistic errors, must be corrected, cropped and edited.

The words by Asan Kaigy, the eternal poet of my people who was looking for the promised land while sitting on his camel, now have lost their original meaning; he stated that the lands of Abraly and Jalauly are rich and fertile, «even a wormwood bush is comparable with a well-fed sheep». Our Semey akyn Tynyshtykbek Abdykakimuly wrote about the region's current state: «There are no wolves or argali in this region, all of them died out. Atom drove a wedge into the ground of this region. People here are unhappy, they have white blood...» These are bitter words causing bitter tears. This is enduring, soul-sorrowing grief of every person in Semey. This is a curse of the deadly bombs, a sentence of unreasonableness and atrocity, the crime against humanity. This is a curse of Semey and all Kazakhstan inhabitants of that society and that time, as well as those «leaders» of yesterday who initiated this tragedy once and again, hundreds of times: Stalin, Khrushchev and Brezhnev, whose hopeless ignorance was combined with the impassable arrogance.

Dear readers! I offer «The Semipalatinsk Tragedy» book to you; it is an offspring created in the autumn of my life, a book borned in the memory and depths of my heart and based on the stunning facts on the nuclear test site.

In conclusion, I would like to say one more thing. A short time after the worldwide spread of the antinuclear movement started by the first secretary of the Kazakhstan Communist Party.

Semipalatinsk Regional Committee Keshirim Boztaiev who occupied this position during the period of 1987-1993, the RK Law.

«On the social protection of the citizens affected by nuclear tests at the Semipalatinsk nuclear test site» was adopted at the dawn of our Independence, in 1996. According to the law, 1.5 million Kazakhs were registered in the official list of victims. 176,135 people from the city of Semey were included in this list. Two-thirds of them are now six feet under. I'm, the author of this book, was the of the Semey nuclear test victims.

Therefore, I consider it as my sacred duty to record everything that my people have endured only a quarter of a century ago in a strictly documentary narrative aimed at edification of our descendants. I am happy to have finished this mournful selfless toil...

**Medeu SARSEKE**

*October 7, 2015 – July 31, 2016, Semey*

Деректанушы жазушы Медеу Сәрсекенің «Семей қасіреті» атты өте үлкен энциклопедиялық деңгейдегі кітабы өткен жылы жарық көрді. Бір институттың атқаратын жүгін бір өзі көтерген ақсақалдың осы еңбегін қалай бағаласақ та жарасады. Қисапсыз мол материалдар мен айғақ-деректерді пайдаланып, оны философиялық, тарихи тұрғыда тамаша тұжырымдаған еңбек. Радиация күлінің қырық екі жылдық науатына тап болған Семей қасіретін тұтас дәуір қасіретімен ұштастырып, әлемдік масштабта көтерген білімпаз қаламгердің жанкешті еңбегі тегінде үлкен сыйлыққа лайық туынды».

«Қазақ әдебиеті» 17 наурыз 2017 жыл

## МАЗМҰНЫ

Бір үміт, бір тілек, бір білек ел едік .....	7
БІРІНШІ ТАРАУ	
Жапон халқына қымбат «сыйлық» .....	15
ЕКІНШІ ТАРАУ	
АҚШ қырғиларымен тайталаста .....	47
ҮШІНШІ ТАРАУ	
Қазақ сахарасы – сынақ алаңы.....	81
ТӨРТІНШІ ТАРАУ	
Мамыра-жай жаз еді.....	125
БЕСІНШІ ТАРАУ	
Қорғаушысы жоқ ел жетім.....	165
АЛТЫНШЫ ТАРАУ	
Мүсәпір елдің тағдырын кім ойлайды? .....	203
ЖЕТІНШІ ТАРАУ	
Мұхамедғали Сужиков не үшін қудаланды? .....	255
СЕГІЗІНШІ ТАРАУ	
Қисапсыз көп жарылыс кім үшін? .....	299
ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ	
Радиация күлінің астындағы тірлік.....	347
ОНЫНШЫ ТАРАУ	
Жазаның ауыры – кешіккен шындық .....	405
ОН БІРІНШІ ТАРАУ	
Еңіреген ерлер қайда атқа мінген? .....	443
ОН ЕКІНШІ ТАРАУ	
Заман озып, заң тозған жылдарда .....	505
ОН ҮШІНШІ ТАРАУ	
Жаралы жерде жаңғырған аудан .....	541
ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ	
Семей полигонын кім жапты?.....	575
ОН БЕСІНШІ ТАРАУ	
«Адасулар, өтірік және ақиқат» .....	617
Осы хикаятты толғауға септігін тигізген әдебиеттер .....	668
Почему я написал эту книгу-исповедь?.....	671
What made me to write this confession book? .....	679